



Медеру
СӘРСЕКЕ

ТАҢДАМАЛЫ

IV



84ка37
С 28

Медеру
СӘРСЕКЕ



ТАҢДАМАЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ

IV

СӘТБАЕВ ПЛАНЕТАСЫ

ғұмырнама роман



„Фолиант” баспасы

Астана-2006

ББК 84 Қаз 7-4

С 28

С 28 Сәрсекке М.

Таңдамалы шығармалары. Төртінші том.


Сәтбаев планетасы. Ғұмырнама роман.

– Астана: "Фолиант" баспасы, 2006. – 624 б.

ISBN 9965-35-041-8

Ұлтымыздың кемеңгер перзенті Қаныш Сәтбаевтың ғұмыр жолын айшықтауға Медеу Сәрсекке қырық жылдан астам уақытын сарп етіп, осы жолда толғаған тартымды да тұрлаулы еңбегімен қазақ қауымына мәшһүр болғаны – ақиқат. "Нартұлға" сериясымен жарыққа шығып отырған "Сәтбаев" ғұмырнамасы – деректі жанрдың айтулы шеберінің осы саладағы көп жылдық еңбегінің жиынтығы, әрі ол тың айғақтармен толықтырылып, Мәскеудің "Молодая гвардия" баспасының, әлемге әйгілі "Жайсаң адамдар өмірі" ("ЖЗЛ") сериясымен 2003 жылы екінші мәрте шыққан соңғы нұсқасымен мәтіні бір ең толымдысы.

Бұған дейін құпияда ұсталып, "ақтаңдақ" қалпында қалып келген архив құжаттары, хаттар мен естеліктерді пайдаланып, ұлы ғалымның замандастары мен туыстарының, үй-ішінің жүрекжарды әңгімелерімен қиял-қоспасыз өрілген һәм ғалым өмірінің бел-белестерін бүкпесіз ашып, ұлағатты ғұмыр жолын саралап та, даралап та ұлықтаған айшықты ғұмырнама тарих, сірә, Қаныштай асылымызды ардақ тұтқан қауымды бей-жай қалдырмас деген үміттеміз...



С 4702250201
00(05)-06

ББК 84 Қаз 7-4

ISBN 9965-35-041-8

ISBN 9965-35-037-X

© Сәрсекке Медеу, 2006

© "Фолиант" баспасы, 2006

БІРІНШІ
БӨЛІМ

КЕРІМСТАЙ



Баянаула
аясында



Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе — дүниедегі жақсы-жаманды таниды-дағы, сондайдан білгені, көргені көп... адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі... де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса — сонда іске жарайды."

Абай ҚҰНАНБАЙҰЛЫ,
19-сөз, 1893 жыл

"Әлемнің отыз алтыдан бір бөлігін бостандық сүйгіш қазақ халқы жайлап отыр. Қазақ деген сөздің өзінде еркіндік рухы атойлап тұр. Сол үшін де біздің халық талай ғасырды үздіксіз күреспен өткізді. Оның сана-сезімінде бұл сөз киелі де ұлы ұғым болып қалыптасқан..."

Қаныш СӘТБАЕВ,
1949 жыл





КЕНЖЕТАЙ

I

Мезгілдің көктемге ауған мерейлі шағы: қар кетіп, сай-сала суға көлкіген; төңірек күншуаққа кенелген; көк қылтиып, жер беті жасыл реңмен түрленген; қырда құлын ойнақтап, аулада қозы-лақ маңырап, бота боздап, ауыл үсті мәз-мәйрам болып қуанышқа бөленген; бала-шағаға дейін үйде отырмай, күнгеиге жүгірген...

Сәтбай ауылы көктем лебі білінісімен-ақ қыстау үйлерін тастап, Қарамұрын қырқасына көшіп қонған. Қыраттап шыққан ауылдың ұранқай үйлері ғана. Ас-су, қазан-аяқ қорада. Жайлауда, күн қызған шақта тігілетін үлкен үйлер де қоймада, буулы қалпында қозғаусыз жатыр. Бұлар қора іргесінен аулақ қонып, жұрт ауыстырып жатқанда, төңіректегі ауылдар көшу қамына кіріскен. Соның алғашқы белгілері қыр астындағы үлкен қара жолдың бойынан белең беріп, кешелі-бүгінде боздаған түйелер даусы мен арбалар шиқылы, үрген ит, дабырлаған адамдар үні естілген. Иісі қаржас ауылдарының жайлауға аттанған шеруінің алды бұл...

Сәтбай ауылы бірақ қыбыр еткен жоқ, жайбарақат отыра берді: күннен-күнге қызуы зорайып жадырай түскен күншуақты сезбегендей; иек астында тұрған жаз күнін, жайлау қызығын елемегендей; бірер апта осылай бейғам отырса: қоңсы ауылдардың қалың көшінен қара үзіп, күллі Ақкелін атырабында сопиып оңаша қалатынын білмегендей...

Сәтбайдан екі ауыл тарайтын. Бірі — қажының қара шаңырағы орнаған Обалыдағы Үлкен ауылда; екіншісі — Қарамұрын дөңінің түстік етегінен ірге тепкен Кіші ауыл — Имантай қыстауы. Екі ауылдың арасы қозы көш жер. Ортада шалғыны белуардан келетін өлке жатыр, оны қақ жарып, күнбатысқа қарай Айырық атты жіңішке өзен ағады.

Айырықтың арғы жағасына Имантай ауылы шаңырақ көтергенде екі түтін еді — Имантайдың отау үйі мен алыс ағайын Қасеннің отбасы. Бертінде бұларға екі-үш үй қосылды. Айналасы бес-алты жылда жатаған қырқаның етегі өріске шығарар қараң-құраңы бар, көрікті мекен-жай болып шыға

келді. Бүгінде Кіші ауылдың түтіні бұрынғыдан да жоғары. Екі ауылдың үлкен-кішісінен бір жан Имантайға келіп: "Би, мұның қалай? Топырақ жалап ескі қыстауда қашанғы отырамыз?" — дей алмайды. Сұрау қайда, қайсысы болсын, алдына шақырса — бидің қабағын бағып, не айтасыз дегендей қол қусырып қарап тұрады... Бұл күнде ол — Сәтбай қажыдан тарайтын екі ауылдың көшбасшы, көш-қоны ғана емес, өзге жөніне де билік айтатын, жол нұсқайтын бірегей басшысы. Шынтуайтын айтқанда, Имантай бидің қадірі өзіне қарасты екі ауылмен ғана шектелмейді, оның бір ауыз сәлемін ат шаптырым төңіректегі қаржас, бабас, атығайда, бүкіл Ақкелін болысында екі айтқызбай орындау — рәсімге айналған үлгі.

Имантайдың өмірдегі зор өкініштерінің бірі — бала зары. Бәйбішесі Нұрым Тасболатқызына ол алпысыншы жылдары үйленген. Содан бері аттай отыз жыл өтті. Жастай қосылған жарына өкпесі жоқ, өмірдің небір қызық, бақытты кезеңдерін жарастықпен тату-тәтті өткізіп келеді. Бірақ тағдырдың қатал жазасына не шара, ертеректе көрген Күнше есімді бүлдірінің қыз бала ғұмырлы болмады, жүгіріп жүргенде дүниеден өтті. Бала зары жасы егде тартқан сайын зорайып, жүрегін сыздата беретін...

Имантай би мен Нұрым бәйбіше осы өксікті сәби үнімен басу үшін ырым етіп, бала баланы шақырады деген жорамал үмітпен жастары елуге еңкейген шақта, тетелес інісі Жәміннің Әбсәләм есімді ұрпағын жәрмеңгін құрғатпай асырап алады. Үлкен ауылдан бөлініп, өзеннің теріскей жағасына, Қарамұрын қырқасының етегіне қыстау салып, жүрт ауыстырады. Екі-үш жыл өтті. Бүкіл әулет сол күнде қазақ қауымына етене бола бастаған орыс рәсіміне бағынып Сәтбаев атанғанда, Әбсәләм балақан Имантаев болып жазылады (Осы кісіден тараған неше ата әулет күні бүгінге дейін сол уәжді бұзбай, Имекең есімін иеленіп келеді). Әбсәләм мұсылманшылық парызын өтеп, сүндет атына ие болды. Кіші ауылдың еркетотайы атанса да соңынан не іні, не қарындас ертпеді. "Баласыз үй — қу мазар, ұрпақсыз ата — жұртқа азар" қаупі жас ұлғайған сайын көңілді құлазытып ұлғая түсті.

Құса күндердің бірінде Имекең әлдеқайдан келе жатып далаға түнейді. Айдалада жалғыз жатқаны көңілін елегізгітті ме, кім білсін, әлден уақытта ақбоз атты, ақ сәлделі, ақ шапанды әулие кейпіндегі жан иесі үстіне төне түсіп: "Ей, адамзат пәндесі, құла дүзде жападан-жалғыз жатқаның қалай?" — деп шүйіледі білем. Жолаушы аң қуып жүріп, серіктерінен адасып қалғандығын айтады. "Е, байғұсым, жоққа жеткен жүйрік

көрдің бе, сағым қуған адамда ырыздық болмайтынын білсең керек-ті... Бұдан былай жалғыз жүріп бекерге налыма, жарқышым, қойныңа жарағылыстың үш шаранасын салдым, мауқыңды бас!" — деп ғайып болады. Күсталанған жолаушы олай-бұлай қарманса — түлкінің, қасқырдың және барыстың (кейбір айтушылар арыстанның деседі) көзін енді ғана ашқан күшіктері екен, бейкүнә мақұлықтар қашудың орнына қолтығына кіре түседі-міс...

Таң сызат бере біржола оянған би өрепкіген қоңлін баса алмай, әлгі бір ғажап көрініске жан дүниесі елжіреп біраз жатады да, едәуір бұрыс тұрса да, Төртуыл¹⁷ жұртының батағой қарты Құрманғай абыздың ауылына ат басын бұрады. "Жақсылықтан үмітіңді үзбе, Сәтекем ұрпағы! — дейді абыз Имантайдың түсін қуанышқа жорып. — Ауылыңа барған соң әке-шешенің алдынан өтіп, төсек жаңғырт. Алла хош көрсе — үш перзент көресің, біреуі түлкідей сылаңдаған көрікті қыз бала болар, екеуін бөрідей айбарлы, арыстандай қайратты ұлдарға жорыдым... Аққа оранып келіп аян берген, сірә, Қыдыр атаң болар, өзің ұзақ жасап, бақ-жұлдызың жарқырап, перзенттерің атыңды алты алашқа таратып, бақытқа шаш етектен кенеледі екенсің. Тәубе айтып, хақ тағаланың шексіз құдіретіне құлшылық етуден тек жаңылма..."

Астындағы торы атты батағой абызға атаған Имантай ауылына жеткенше асығады. Келе-ақ көрген-білгенін со күнде жетпістің қырқасына шыққан әкесі Сәтбай мен шешесі Күнсұлуға жеткізеді. Олар да мұны құп көріп, боз бие сойғызып, құрмалдық жасаудың соңында ибалы қылығымен өздеріне сүйкімді келін болған Нұрымға сөз салып һәм еріне кіші қосақ таңдауды өзіне міндеттейді. Шарасыз жағдайды жүрек ділімен түсінген Кіші ауылдың бәйбішесі төсек күндес жанды алты шақырым жердегі жақын ағайын Шорман ауылынан таңдайды: ол болса — күйеуі Қанафия (Қашапеддин) Мұстафаұлы жастай өліп, жесір қалған Әлима, имандылығымен елге танылған Иса қажының қызы еді...

Имантайдың төсек жаңғыртуы — 1890 жыл. Әлиmanın жасы со күнде жиырма сегізде болса керек. Ақсарының әдемсі, тостағандай үлкен қой көздері адамға жылы шыраймен жымы қарайтын тәрбиелі Әлима жаңа жұртында да үлкен-кішіге бірдей сыйлы болып, жұғымды қылығымен танылады. Үлкен шаңырақтың қадіріне лайық ибалы мінез көрсетіп, кең пейілді,

¹⁷ Аргын тайпасының бір тармағы Сүйіндіктен тарайтын төрт ру елді жұрт Төртуыл деген, түп негізі — төрт ауылдың қысқарған түрі.

қолы ашық, абысын-ажынға жағымды жан болған. Ауыл-аймағы оны "Тоқал", "Кіші қатын" деп кемсітпей, "Ақ жеңеше" атандырып, жаппай сыйлайды. Әлиманың қадірі өсіресе перзент көтеріп, ауыл ағасының өзегін өртеген өмір бойғы заркүйігін іңгәлаған бала даусымен тарқатқаннан беріде өзгеше арта түседі. 1882 жылы туып, ақсақалы төртінші мүшеліне тақаған шағында сүйген тұңғышының есімі — ҚАЗИЗА. Екі жылдан соң Әлима тағы да перзент туды. Жасы қырық тоғызға шыққанда, төртінші мүшелінде зарығып та, сағынып та көрген ұлына Имекең ерекше қуанып, ат жарыстырып, палуан күрестіріп той жасаған деседі...

Қасиетті Құран кітабын қолына ұстап отырып, азан айтып, аузы дуалы Құрмантай абыздың нәрестеге еншілеген есімі — ҒАБДУЛҒАЗИЗ, арапшадан аударғанда, Ғабдул — құл, Ғазиз — адал деген ұғымның баламасы, демек, ол — адамның емес, Алланың адал құлы болуға тиіс. Алайда адам баласы долбарлайды, ал жазмыш өзінше жасайдының кері болды. Имантай шаңырағына мол қуаныш әкелген сәби анасының аузына оралған Бөкеш деген байырғы қазақы есіммен ауыл-аймағына танылды. Тек ресми құжаттарына азан аты қысқарып, Ғазиз деп жазылмақ.

Көшіп-қонумен күн өткізген қазақ ауылының ежелгі тірлігімен аттай бес жыл өткі. О күнде жұрт алға асығуды тілемеген, уақыттың шабан өгіздей сылбыр жылжығанына қуаныш білдіріп тәубәдеген. Тұла бойы тұңғышы Қазиза жетіге шықты. Қолаң шашы екі бұрым боп өріліп, үкілі тақия киіп бұлақ өскен, кезек әлпештеген екі анасының қойнына алма-кезек жатып жүрген еркекетотай бұлдірішін де қазақтың етене ғұрпынан құтылған жоқ, жасы беске жетер-жетпесте Мырза ауылынан құдалар келіп, баланың шашбауына жіп тақты: сірә, Әлимаға әмеңгерлік құқын сақтамай, Сәтбай ауылына жол берген есесін қайтаруды ниет еткен; сол күннен бастап Қазиза қыз Шорман биден туған "төрт асыл тастың" (Біржан сал Қожағұлұлының Сара ақынмен айтысында қолданған теңеуі) бірі — Әужанның (Әбу-Сина, Әбуғали атанған) Ақыш деген жасөспірім ұрпағына атастырылды. Ал бір өзі екі есімге ие Ғазиз-Бөкеш болса бұл кезде сундет атына мініп, екі ауылдың ортасында жүріп-тұруға жарап қалған-ды.

Брымшыл Имантай әулие абыздың баяғы жорамал сөзіне имандай сеніп, нәресте күтуден жаңылмаған. Қос қосағынан сол ойын жасырмай, "Құдай берерінен жазбасын деңдер, тағы бір мәрте бала сүйемін. Біздің әулеттің атағын тегінде шартарапқа жаятын нағыз барыс сол болады!.." дейді екен.

Әлиманың алғашқы күйеуі Қанафия өкпесін дендеген құрт ауруынан опат болған-ды. Құдай қосқан жарына марқұмның қалдырып кеткен "мұрасы" да — кеудедерт. Солдерт байғұс әйелді жаңа жұртында да босатпай, балалы болып, бағы жанып, қадірі артқан сайын бойын меңдеп, шыр айналдырып баққан. Әсіресе биылғы қыс. Бір күн сау болған жоқ, ыңқыл-сыңқылы көбейіп, көші-қонды, жол тауқыметін көтере алмайтын қиын халге жеткен. Оның үстіне байғұс әйелдің аяғы ауыр, босанатын мезгілі таяу-ды. Сол сәт жақындаған сайын қажыға қарасты екі ауыл жүкті ананың қасына кексе әйелдерден күтуші қойып, шыдамсыздана тосып отыр...

Көкектің туарына бір тәулік қалғанда ақ түйенің қарны ақтарылды. Әлима ұл туды.

Бұл жолы да Құрмантай абызға хабаршы жіберіледі. Жайлауға ұзап кеткен жолынан батагөй қарт кейін қайтады. Екі ауылдың үлкен-кішісі Имантай бидің қонақ үйіне жиналып, алқа-қотан отырады. Енесін арда емген жабағының астаутолы еті желінгеннен кейін дастарқанға бата жасалады. Исі қаржастың үлкені саналып, дүйім ел қадір тұтатын Құрмантай ақсақалдың (Біздің шамалауымызша, бұл кісі — Бұқар жырау Қалқаманұлының ақындығы дарыған ХІХ ғасырдағы Құреке аталған ұрпағы болса керек) алдына құндақтаулы нәресте келтіріледі.

— Қадірменді Имеке, — дейді абыз ауыл иесіне қарап. — Мына балаңды ел билейтін бек, нә болыс, мырза, тіпті батыр... атамаймын. Мұның да есімін ат ұстар үлкенің Ғабдулғазизге ұқсатып, Ғабдул қоямын. Тәубәшіл көңілің разы болсын, жадағай-жабы құл емес, еңсесі биік хәм мәртебелі құл болғай деген үмітпен Ғабдулғани атаймын... — Қарт абыз нәрестенің бетін ашып, ашық маңдайын еміне иіскеп, құлағына тақай түсіп, — Ей, бейкүнә балақан, бұдан былай сенің есімің Ғабдулғани, Ғабдулғани, Ғабдулғани болады!.. — деп үш мәрте қайталап, дұға оқып, рәсімді батасын жасап, бетін сипады.

Нәресте қыбыр еткен жоқ. Өзі үшін өзгеше оқиға болғанын сезбеген, маужыраған қалпы Нұрым шешесінің алдына қайтарылды.

— Ғабдулғани, Ғабдулғани! — деп қостады үйдегі үлкендер.

Өз шаңырағындағы айтулы оқиғаны Имантай ақсақал қастерлеп ұстайтын Құран кітабының қалың мұқабасының ашық жеріне: *"Доңыз жылында, жаңа есеппен 1899 жылы, наурыз айында, яки марттың 31-жұлдызында мейірімі мол Жаппар Жаратушы Имантай есімді құлына ұл сыйлады. Есімін Қасиетті кітаптан қарап, Ғабдулғани қойдық"*, — деп тәптіштеп жазып қойыпты.

Есімге ие болған балақан сәлден соң туған анасының қасына апарылады. Алды-артына тау ғып үйген құс жастықтардың қымтауында, үлкенді-кішілі абысындарының қоршауында отырған бақытты Әлима кішкене бөбегін мейірлене ніскей:

— Мәртебелі құл деді ме, абыз ата? — деп қайыра сұрайды да кенет ойнақы қылықпен сәл жымылып, басын шайқайды. — Жоқ, Биатаң перзенті ешқашанда ешкімге құл болмайды, тіпті құлдың мәртебесі биік еңселісі де... Ең абзалы, бұл шіркінді F A H И дейміз. Қысқа, әрі нұсқа! Әлде FАНЫШТАЙ дейміз бе? Иә, тап солай, есімнің құтты болсын, Ғаныштайым менің, ұзақ жаса, таусылмас мәңгі қызығым!..

Ерке Әлима үстем қылығын үлкен-кішіге түгел көрсететін болған. Онысы өзіне жарасып та тұрады. Өзгені қойып, күллі ауыл кінәмшлде қатыбас мінезінен ығып жүретін Имекеңнің өзіне де наз көрсетуден тайынбаған, биязы жымылып отырып кексе еріне де өз дегенін істеткен деседі. Содан ба, мерейлі кеште, орауда отырған анасы аузынан шыққан оғаш есім нәрестеге біржола бекіп қалды: ауыл-аймағы баланың азан атын ұмытып, Ғаныштай деп, келе-келе оны да қысқартып, Ғаныш дейтін болды. (Шамалауымызша, мектепке қатынап, орысша жазу үрдісіне түскен кезде сол есім сәл өзгеріп, ҚАНЫШ болып түрленген)...

Сәтбай ауылы кішкентай Қаныш пен оның дімкәс анасы Әлиманың бабын ойлап қыстаудан көкекті ұзатып көшкен. Жолшыбай да үдіре қозғалмай, әлденеше жерде еру болып, ат-көліктерін тынықтырып баппен жүріп отырып, мамырдың аяғында ғана Шабақай өзенінің жағасына жеткен. Бұрынғы жылдары олар Нияз тауынан да әрі асып тоқтайтын. Ақкелін биінің қалауы биыл өзгеше болды: кішкентай бөбегінің шлдехана тойын осы арада, исі қаржас ауылдары жиын отырған төр жайлаудың иен ортасында өткізуді мақұл көрді... Әкеден олар төртеу болатын: Имантай, Әмін, Зейін, Жәмін. Төртеуі де балалы-шағалы. Енші алып, бөлек ауыл шыққан Имантай ғана. Тетелес екі інісі кенже болғандықтан қара шаңырақ несі атанған Жәміннен ірге бөлмей, бірге отыруды жөн көрді. Ағайынды үшеуінің өріске шығарар малы — осы төңіректегі төрт түлікті мыңдап айдаған жұрағаттардың алдына жеткен жоқ, бірақ кейіндеп қалған сорлысы да емес...

Ф.А.Щербина экспедициясы 1897 жылғы санақ деректерін пайдаланып жарыққа шығарған "Павлодар уезі" кітабының 152-бетінде Ақкелін болысының 1-ауылында тұратын Сәтбай Шотектің (кітапта солай, әрі "ауыл ақсақалы" деп көрсетілген) қарауында 8 түтін болыпты; адам саны — 60, олар 9 үйде қыстап (біреуі ағаштан бұралған), жайлауға 11 киіз баспанамен көшкен; ортақ малы — 265 бас жылқы, 119 ірі қара, 30 түйе, 611 бас қой мен 95 бас ешкілері болған; соны бағу үшін отбасымен екі малшы жалдаған, жаз бойы екі ауыл 650 шөмеле шөп шапқан; қыстауында суы кермек татитын екі құдығы болған, ал қыста қар суын пайдаланған.

Имантайдың Кіші ауылы еншіге тиген бірер айғыр үйір жылқы мен жүз қаралы ұсақ малды көбейткен де, кеміткен де жоқ. Шақтап ұстаса, ел арасындағы дау-дамайға билік айтқан сайын өз жөнін, құлқын қамын ұмытпаса — бөлек ауыл шыққаннан бергі оншақты жылда қолындағы дәулет қаншаға көбейер еді? Алайда Имантай би парамен мал жиып, шіріген бай болуды ту бастан тәрік етті; алдына жүгініске келген даугерлерге әділ төрелік айтып, тура қазы болуды мақсұт көрді... Содан да шығар, қаржастың мың айдаған байы болмай, қолы ашық, сері көңілді, аузы уәлі, билігі баянды әділ азаматы атануы. Қанағатшыл кексе би бұған да тәубә дейді. Дүниеден перзентсіз өткенде қайтер еді?..

Бұл жолы да би аянған жоқ. Жасы елудің төртеуіне шығып, ел ағасы атанып, егде тартқан шағында үшінші мәрте балалы болып, көңіл марқайып жатқанда, несіне тартынсын, Шабақай жағасындағы қонысында кішкентай Қаныштың шидехана тойы өтетінін жариялады: сөйтіп, төр жайлаудың кіндік ортасы сойыстан құр болмады; думан-қызықтан екі ауыл да жаз бойы арылмады; белдеуден ат, жерошақтан от кетпеді...

II

Ресей империясы өзіне қараған бодан халықтардың жер иелігін шектеп, ақыр аяғында біржола тартып алу саясатын бекем ұстағаны әлімсақтан бері мәлім. Соның жол-жобасы қазақ даласына күнбатыс пен теріскей шебінен кіріп, бекіністер мен іргелі қалалар сала бастағанда-ақ жасалған. Ал біржола иеленуге бұғалық 1822 жылы "Сібір қазақтарын басқару Уставы" аталған жаңа нұсқаның өмірге енуімен түскенді: Орта жүздегі хан билігі жойылып, оның орнына сегіз дуан

құрылады; солардың бірі — 1833 жылы ашылған Баянауыл дуаны, оған 11 болыс ел қараған... Жаңа дуанның әкімшілік орталығы 1826 жылы ірге тепкен Баянауыл станицасында орныққан. Станица атанғандықтан да оның негізгі тұрғыны казак-орыстар болуға тиіс. Соған орай нулы-сулы өңірдің ең шұрайлысы мемлекет қарамағына алынып, жаңа қоныстанушылар иелігіне беріледі. Ал олар Ресейдің ішкі өңірінен мың-мыңдап көшірілетін крестьяндар мен казактар болмақ. Ақыры, солай болды. Қазақ сорлы неше атасынан бері құтты мекен болған құнарлы жерінен айырыла бастады. Шорман бидің әулеті орныққан ата қонысы Мырзашоқының да күндердің күнінде қазына жері атанып, станицадан алысырақ өңірден жер іздеуге мәжбүр болуы — соған айғақ. Кім-кімнің де Баянауыл дуанына әлденеше жыл билік жүргізген полковник шеніндегі Мұса Шормановтың өзі иеленген жер-суды емін-еркін пайдалануға құзыры жетсе керек-ті. Жоқ, жетпеген!..

ҚР-ның Мемлекеттік архивінің 345-қор, 329-ісінде Қаржас болысының 18 азаматының Батыс Сібір генерал-губернаторына өтініші сақталыпты: *"Біз төменде қол қойып... таңбаларымызды бердік. Ұшбу хатны қазыға Баянаулаға, Диуан махкәмәсән жері Ақкелінге ағаш үйлер салып, егін екпекші болдық, соның бәрін біз бес жылға келтірмекшіміз есептеп бізге ұшбу бұйрық болғаннан бастап. 1851 жылдың октябрьдің 17 күні. Управитель Мустафа Шорманұғлы, Әбуғали Шорманұғлы... Сәтбай Шөтікұғлы қолым қойдым..."*

"Егін екпекшіміз..." деген уәждің астарында жайылым мен шабындығы мол Ақкелін қорығын иемдену амалы тұрғандығын ескерту лазым: себебі, үкімет егін салмақ шаруаға жер бөлуге күштар болған, алғашқы жылдары алым-салықтан босатқан, құрал-жабдық сатып алуға қаражат та берген... Әсілі, бұл амалдың орыс заңына жүйрік Мұса Шорманұлының ақыл-кеңесімен жүзеге асқаны сөзсіз. Сірә, "Павлодар уезі" кітабының 122-бетінде жария болған мына дерек те осы әрекеттен туған: *"54 года тому назад (анықтама кітаптың мәтіні ХІХ ғасырдың аяқ шенінде жазылған — С.М.) потомки Малкозы были вытеснены из Аккелинских гор, которых захватил Муса Чорманов, добившийся к этому времени звания старшего султана, благодаря своей энергии и выдаче двух киргизских героев, братьев Тайжана и Сейтена (ағайындардың әкесі — Сәтти мырзаның туған ағасы Азнабай Ақмырза баласы. Мырзарәудан тарайтын алты ұлдың үкөні. Демек, Мұса Шорманов Ресей әкіметіне жатты емес, немесе ағаларын ұстап берген — С.М.), принимавших очень видное участие в движении Кенесары... Богатый, влиятельный хищник*

нередко захватывает пастбища, принадлежащая другому роду. Муса Чорманов, например, в бытность свою султаном, поселил на кочевьях рода Тайкельтыр свыше ста кибиток своих родичей из рода Каржас... — деп алма-ғайып уақыттың өрескел қиянатын бүкпесіз жария еткен.

Жоғарыда келтірілген құжат Шорман әулетімен қоса, Шөтікұлы Сәтбайдың да Қызылтау қолатындағы алғашқы қонысын тастап, 1851-1853 жылдар аралығында Баянауланың күнбатыс бөктеріндегі Ащы өзенінің кең қолтық бойына түпкілікті орныққанына куәлік етеді. Шорман бидің қара шаңырағы суы көктемде айран-асыр жайылып, қаулап өскен шөбінен ұсақ мал көрінбейтін кең қорықтың ту ортасындағы Аралтөбе қолатына, ал Сәтбай ауылы алты шақырым түстікке ұзап, көктемгі суы Ащыға қосылатын Айырық өзенінің жағасындағы Обалы биігінің етегіне қоныстанады. Сірә, Баянауладан кесілген қарағай үй де сол кезде бұралған. Сәтбай Шөтікұлы бұл қарсаңда отыз жаста, бірнеше баланың әкесі атанған шағы.

Обалыдағы жаңа қоныс Сәтбай отбасына қайырылы болды: 1855 жылы ол төртінші мәрте әке атанып, нәрестенің есімін Жәмін қояды. Шәмшіқамар атты кенже қызы үш жылдан соң туыпты. Сәтекеңнің шөбересі Ғалымтай Ғазизұлы Сәтбаевтың (1912-1999) осы кітап иесіне жазып берген естелігінде үлкен атасының бұл балаларды екі әйелден көргендігін ескертіпті...

Осы ауылдың көшбасшы ақсақалы туралы бірер дерек Қ.Исабай мен С.Байжан жариялаған "Қажыға барған қазақтар" кітабында келтірілген: алғашқысы баянауылдық тәуеш етушілердің 1901 жылдың 31 желтоқсан күні Ресейдің шекара кеденіне берген ресми қолхаты; екінші құжат — Аққелин болысынан Меккеге аттанған сегіз адамның тізімі үшеуі — 75 жастағы Иса Шорманов. 80 жастағы (сірә, бір жасы кем көрсетілген) Сәтбай Шөтікұлы САТАЕВ және 74 жастағы Алтыбасар Жылқыбаев сол сапардан оралмаған.

III

Әлиманың денсаулығы ораудан тұрып, жайлауға шыққан соң да оңала қоймаған. Әрине, дімкәс ананың омырауы нәрестені жарыта алмаған. Балпаңдай толық, ұзара өскен қарын шашы қалың ұйысқан, басы бақырдай үлкен, көзін аша алмай, жарыққа сығырая қараған қызыл шақа нәрестені

тұңғыш рет жерден көтеріп, кіндігін кескен Кіші ауылдың байырғы қоңсысы, жылқышы Қасеннің келіншегі Мейіз деген кісі екен. Ауыл иесінің айтуымен сол ана омыраудан қалмаған өз перзентінің аузынан жырып, кішкентай Қанышты да қоса емізген.

Әкесі көксе, шешесі саркідір тартқан шағында жарық дүниеге келген сәби, әрине, бүкіл ауылдың сүйіктісі болған. Шыр еткен дыбысы шықса-ақ қолдан-қолға көшіп, үлкен кіші жабыла өбектеп, есі қалмай күтеді. Әсіресе анасы байгүс. *"Өз шешемді жете білмеймін, тіпті есімде жоқ. Үлкендердің айтуынша, керемет балажан кісі болыпты. Әсіресе, "Кенжетайым" деп мені тым жақсы көрсе керек. Адында жатқанда ұйықтап қалсам — оянып кетеді деп тырп етпей, қол-аяғы ұйығанын елең қылмай отыра береді екен..."* — деп сыр шерткен балаларына ғалымның өзі.

Сәтбай ауылының өткен ғасырдың 80-жылдарына дейін өмір сүрген егделерінің жадында Әлима жайында бірлі-жарым айғақтар сақталған: ойлау қабілеті өте күшті, сөзге ұста болыпты және орайын тауып сөйлеген; әсіресе ертең пен ескі жырларды сүйсіне шырқаған; жұмбақ, жаңылтпаш айтқанда қарсыластарын көп білетіндігімен, тапқырлығымен жеңеді екен. Ақ жеңешенің ауылдастарына өз жанынан шығарып айтқан көп жұмбағының бір үлгісі мынау: *"Алыстан қара көрінді, қарайғанмен қара емес қампайғанмен бері емес; арқасында азық көп, ірімшік емес, құрт емес, сарымай емес, жент емес; жерге түсті, ін қазды, қарны өсті, сыздады, тиген жері қызарды; бұл не зат?.."* Қапелімде ешкім шеше алмайды. Имекеңнің кіші қосағы кенет іргені нұсқап: *"Әне, бұні кетіп барады, біреуің өлтіре салындаршы!"* — деп, жұмбағын шешіп, жұртты күлдіреді.

Бергі жылдардағы сұхбат үстінде ғалым туған анасынан гөрі үлкен шешесі Нұрымды көбірек есіне алған. Нұрым бәйбіше ақсақалының кіші әйелінен туған балаларына ғана емес, барша ауыл-аймаққа мінезі жайлы, қабақ шытуды білмейтін сабырлы, сонысымен де үлкен-кішіге сыйлы, қолы ашық, мейірімді кісі болған. Ауылдастары бұл кісіні де "Нұр-апа" атандырып ерекше құрметтеген. Әлимаға да салқын қабақ көрсетпеген, әсіресе сырқаты мендеген соңғы жылдарда бағыш-күтіп, одан туған балаларды бауырына салып қағажусыз өсірген.

Екі шешенің ортасында тел өскен, бүкіл бір ауылдың сүйіктісі болған еркеототай кенже ай санап жетіле берді. Қаз тұрды. Жүрген соң кешіккен жоқ, былдырлап тілі шықты.

Үлкен-кішіні сәби қылығымен алдайтын болды. Ат көрсе мінем деп ұмтылады, тұғырдағы құсқа да алам деп талпынады, қозы-лақты ұстаймын деп қуады. Сонымен-ақ ұзақты күнге дамыл көрмей тымпыңдап жүгіруден жалықпайды.

Көп жылдар өтсе де, ауылдастары жадынан кішкентай Қаныштың кейбір балалық қылықтары ұмытылмаған.

"Қанкежан біржосын тыныш бала болды, — деп әңгімелейді оны бесікте тербеткен Нұрлан ҚАСЕНОВ. — Басы бақырдай үлкен еді, көп ұйықтайтын. Жер басып отырған шағында, тіпті жүре бастаған кезінде басы ауған жағына құлай кетіп, зәремді талай алғанын қалай ұмытайын... Би атам сол күннің өзінде-ақ: "Менің осы балам сөз ұқпайтын маубас, не едден асқан данышпан болады. Әйтеуір, бас бітімі бөлек, өзгеше зор жаралған дейтін". Тағы бір ауылдасы САДЫҚ қарт: "Менің білетінім — Қаныш бала болып өскен жоқ, кішкентай кезінен онда үлкеннің мінезі болды", — деп таңырқаса, Иген БАЯЗИТОВ есімді замандасы: "Ойнап өспейтін бала бола ма? Қанышпен асық та ойнадым, алысып та ойнадым. Бізден ерекшелігі — бір ойынды көп ойнамайтын, тез зерігетін. Ойын үстінде әр әуан тапқырлық жасап, зейінімен ұтып кететін.." — деген куәлік айтады. Ғалымның дербес архивінде мұндай естеліктер әлденеше. Мұқыш ШӘДЕТОВ естелігінде мынадай бір оқшау ой айтылған: "Жайлауға шыққанда спырдың өлі жүнінен доп жасап қақпақыл ойнайтынбыз, ал бұдан жалықсақ, әдеқандай бір тақырды меншіктеп алып асық соғамыз. Қаныш та бізден қалмайды, бірақ ойнап жарытпайды. Өзен табанынан ақ тас іздеп, көбіне өз бетімен лағып жүреді..."

Әлбетте, ойын баласының бұл қылығын оның келешек кәсібімен байланыстыру қисынсыз талап. Әрнеге әсершіл бала ақ тасты, сірә, бір ғана қасиетіне бола қызықтаған. Ойткені қараңғы түскенде, соған дейін шыдамы жетпесе атасының күпісін бүркеніп алып, ақ тастарды бір-біріне соққыласа — көк жасыл ұшқындар шашып, айналаны от жаңбыры орап, таң-тамаша қызыққа кенелер еді... Есейе келе баланың талғамы өзгерді. Жуа іздеп тауға шықса, сасыр алу үшін сайға құласа, көбелек қуып өзен жағаласа — әлдебіреу жолына әдейі шашып кеткендей-ақ небір әдемі тастар кезіге қалады: жылан жонды шұбар ала, аспан реңдес жасыл кок, сынған беті шырша кескінді ирек-ирек, иә қолдан қиғандай қошқар мүйіз өрнегі бар ақшағыл, мөлдірлігі шыныдай опырымалы жұп-жұқа тастар — соның бәрі де даланың қарақошқыл жертасына ұқсамайды, өзгеше жұмбақ мүсінді жыныстар... Қалай

тастап кетесің? Көтере алса сол күйінде, әйтпесе бір мүртып сындырып өкетеді. Кішкентай Қаныштың қалтасын тесетін құрт, ірімшік, асық емес — даланың түрлі түсті жабайы тасы. Үлкен апасы аузын бүрмелеп берген асық қалта да ақыр аяғында тас салатын дорбаға айналған.

Сезімтал бала көңілі өзгеше ермек іздейді. Сайын даланың бұйығы тірлігінен жалығып, канат біте бастаған қиялы қияға самғар кең өріс тілейді. Өттең, жүріс-тұрысына тұсау көп. Оған себеп — екі ауылдың оған деген ерекше ілтиматы, әсіресе әкесінің өзгеше қамқорлығы. Көзінен тигтей таса болса, өзінен қарға адым қашық жүрсе, биден маза кетеді: кіші баласы жүдеп-жадап, пә әлденеге ұшырап қағажу көретіндей, қапылыста айырылып қалатындай... Қаныш — соңғы қызығы, әрі шаңырақ несі. "Кенжетайым" деп марқұм анасы біліп атаған екен, бұл күнде ол — шыныда да кенже... Қаныш екіге толғанда Әлима дүниеден қайтты. Ара ағайынның тағы да төсек жаңғырт деген қамқор сөзіне Имантай құлақ асқан жоқ, қалған гұмырын үш қарғасының жолына бағыштап, өмір кешуді жөн көрді...

Ойын баласына ермек көп. Қаныш та жас күнінде барлық бала атаулыға тән шалағайлық, шалдуарлық қылықтың талайын көрсеткен. Ұйықтап жатқан Қазизаның қойшына құрбақа салып жіберіп, пә торға түскен жарқанатты қазандағы сүтке тоғытып, әпкесін шошытқаны — Сәтбай ауылының үлкендері кейіннен қызықтап, ертеңдей тамсана жыр ететін еркелік салдары. Қыстаудың желкесінде бір беті түйетайланып оқшау біткен жалпақ тас бар. Балалар асықты көбіне соның үстінде ойнайды, ал қыста бұл жер — қолдан құйғандай тамаша сырғанақ. Шошақ төбенің желкесіне көтеріліп, шанаңды ылдига қарай қоя берсең — қарсы алдыңнан тымық күнде жел саулап, көзіңнен жас парлап күйындай ұнасың, ақыры өзен жарына барып бір-ақ тірелесің...

Қаныштың Алыпсоқ дейтін иті болатын. *"Бір күні қызық болды, — деп өңгіме шертеді Нұрлан ақсақал. — Күзеуден қораға келіп қонғанбыз. Шаруаның көбейіп, үлкен-кіші түгелдей әбігерге түсетін мезгіл. "Пәлі, Кенжені қараңдар!" деген дауысқа жалт қарасам, қолында сүйреткен бірдемесі бар Қанкежан Қарамұрынның үстінен бері түсіп келеді, соңында арсалаңдаған Алыпсоқ. Тұра жүгірдім. Қырдың сұр қояны екен, тамағынан ит қысып тастаған... Біз шаруа қамдап жүргенде, Қанкежан жаз бойы көрмеген үйреншікті ойын төбелерін аралауға шығады. Ажалы ғой, қалқан құлақ сорлы қараған түбінен тұра қашыпты. Жүйрік Алыпсоқ қоя ма, дөң*

асырмай бас салған. Не керек, күздің қара суығында бүрсендеп жүрген бізге аяқ астынан себеп табылды. Балаң аңшы болды, өз бетімен қоян алды деп, Нұр-апаның еркiне қоймай, марқа сойғызып, етке бiр тойдық..."

Түз аңына әуес тiк әкесiнен құртақандай Қанышқа да жұққан тәрiздi. Әдiлiн айтқанда, бұл өнер оған үлкен ағалары Әбсәләм мен Бөкештiң әсерiмен дарыған. Ауылға қонақ келсе, иә қар жауса, жiгiттер аттарын суытып, тазы, құстарын баптай бастаса-ақ, кенжеден маза көтедi — үлкендердiң соңынан қалмай елпiлдеп жүтпрумен болады; аңшы меймандар неше түрлi өңгiме айтып, жоқты бардай етiп өгiрiк соғып жатса да, құлағы делдiiп, аузы ашылып тыңдап отырады. Әсiресе Бөкештiң Қарашащырақ аталған қыран қаршығасын айналсоқтан, құсты жемдеуге көмектесiп, ағасы жоқта "Көл, көл!" деп шақырып, тұғырда мүлгiн отырған қыранды елеңдетiп қояр едi.

Көктем шыға ауыл жайлауға көшедi. Қаныш үшiн бұл сағынып күтетiн ерекше күн! Бұл сәттi балалар қыс бойы шыдамсыздана күтедi. Төр жайлауға жеткенше иенне тәулiк жол жүру керек. Үрдiс көшпей, жолшыбайғы бұлақ, суларда екi ауыл бес-он күн тоқтап, мал мен жанға тыныс берiп бiртiндеп жылжып отырады. Көбiне қонатын жерлерi — Батпақкөл, Шыбындыкөл, Шөлтiкөл, Айнабұлақ, Шабақайдың басы, Нияз таулары.

Жомарт табиғаттың сезiмтал балаға әсерi өзгеше. Шыр өтiп жерге түскеннен берi ол соның аясында. Даланың шыжыған ыстығын да, қарлы боран, қақаған суығын да қаршадай кезiнен көрiп келедi. Соның бәрiне де етене болып көндiгiп, күн санап қанаты қатайған қыран бүркiттiң болат тұяқ балапанына ұқсап жетiлiп келедi.

"ҚАШАҒАН ҚҰЛЫН ҚАСҚЫРҒА АЛҒЫЗБАЙДЫ"

I

Сол күндегi қазақ ауылының тiрлiгi көшiп жүрiп, алдындағы малына жайылым iздеп сыпыра бейнет шегу десек — әншейiн сөз болмақ. Ертеңiн ойлаған қамкөңiл ел жақсылары жан сақтау әрекетiмен қоса, замана көшiне оймен қарап, келешек өмiрiне рухани азық болар кәсiп iздеп, әрнеге iцкөр көңiлi тояттар суаттар да тiлеген. Осы жолда қанағат көрiп қатты ұстаған ұсқасы — жасөспiрiм ұрпағының мұсылманша тiлiн сындыру. Шама-шарқы жеткен ауыл бұл үшiн молда

ұстайды, балаларын ұрымтал жердегі медіреседе оқытып жүргендер де аз емес.

Әсілі, бұл үлгі Баянауыл атырабындағы қалың елге дуан боп ұйымдасқан кезде тараған. Сірә, сол Баянауыл станицасында қазына қаражатына ағаштан қиылған алғашқы мешіт шаңырақ көтергенде-ақ басталған. Бірақ ғұмыры оның ұзақ болмапты. Бәлкім, келімсек казак-орыстар өшпенділікпен от қойған ба, кім білсін, 1844 жылы өртеніп кеткен. Мұса Шорманов дуанбасы болған кезде сол жерге тастан қалатып, кең де сәнді етіп жаңа мінәжатхана, оның ауласында бала оқытатын медіресе үйін де тұрғызған. Мәшһүр Жүсіптің Мұса мырзаны жоқтаған қазанамасында: *"Дін шырағын жандырдың Баяндайын қалаға, Медіресе, мешіт садырдың. Нұр бақып раушан жүзіңнен, жұртыңның мейірін қандырдың..."* – дегені өз басынан кешкен жәйт. Өйткені Көпей баласы сол медіресеге бес жасында, 1863 жылы тап болып, үздік оқып, он алты жасынан былай өзі туған Әулиелі Қызылтауда бала оқытуға кіріскен. Сол жасөспірім Түркістанға барып, одан Тәшкент, Самарқан, Бұқараны кезіп, ақырында мұсылман жұртына атағы мәлім Көкелташ медіресесінде жеті-сегіз жыл білімін көтеріп, Баянауылға сақа жігіт атанып есейген кезінде қайтып оралған. Өз ауылында медіресе ашып, бала оқытқан, өлең кітаптарын жазған, "Қазақ шежіресін" толғаған, ел мен жер тарихын қағазға түсіріп, қолжазба жиыр "Қара месіне" тоғыта берген тамаша өнегесі Төртуыл жұртының үлкен-кішісіне үлгі боп тараған.

Оқу-білімнің тіршілікке пайдалы кәсіп екендігін, тегінде, Шорман бидің ізбасар тұяғы тумысынан алғыр, аса зерек Мұса мырза да көрсеткен. Оның оқуы бірақ – "өмір мектебі", би әкесінің Тұзқаладан (Ертістің арғы жағасындағы Жәміш бекінісі) шақырып, өз ауылында екі жыл ұстаған Александр Лукин деген казак-орыстан үйренген орысша жазу-сызуының арқасында ол орыс тілін әжептәуір меңгеріп, өзі араласқан орыс ұлықтарымен тілмәшсіз түсінісіп, қазына қағаздарын да өзі оқитын білімдарлыққа жеткен. Соның арқасында он алты жасынан бастап болыс управителі сайланып, одан әрі Баянауыл дуанында қазы, аға сұлтанның кандидаты болып жүріп, ақыры он бес жыл бойы, яки 1869 жылдың аяғына дейін дуан тарағанша аға сұлтан міндетін үздіксіз атқарып, зейнетке шыққан. Әрине, орыс оқуына деген ынтызарлықты ол өзі ұриағына ғана емес, құзырында болған ағайын жұртына да тарата білген. Мысалы, әр болысқа қарауындағы елден

жыл сайын бірер баланы Павлодар мен Омбыда оқытып, қаржатын көтеруді міндет қылған...

Шорман бидің естияр баласын орыс тіліне үйір еткен үлгісі — онымен заманы бір рубасыларына, сол уақытта атқа мініп, ел билігіне шыққан игі жақсылардың бәріне дерлік өнеге боп тараған. Соң, Қазанғап билердің, Сүйіндік-Айдаболдың сол замандағы ірі шонжарлары Боштай, Айтбақы сияқты байларының ізбасар ұрпақтары Омбы қаласына барып, кейбірі одан да өрі ұзап, орысша білім алуға құлықты болған. Кейбірі Троицкідегі мұсылман медресесінде оқыған. Сол үлгіні Сәтбай ауылының да жас құрақтай жетіліп келе жатқан жас толқыны қызу қолдаған...

Әрине, бастапқы жол-жоба Сәтекеңнің ізбасар үлкені Имантайға түскен. Ауылда жүріп мұсылманша сауатын ашқан соң-ақ ол 1862 жылы, он жеті жасында ту қияндағы (салт атты жолаушыға үш күндік жол) Омбы шәріне аттанып, Әбдірахим есімді ғұламаның медресесінде үш жыл дәріс тыңдап, араб, парсы, шағатай тілдерінде кітап оқитын сауатқа жетеді. Орысшаға да тілі жаттығып, аз-кем түсінік алған (1897 жылғы санақтың арнайы сұрауына Имантай Сәтбаев: *"По-русски понимаю, читаю"* — деп жауап бергені мәлім).

"Омбыда оқыған кезінде Шоқан Уәлихановпен танысып, тіпті жақын араласып, бір пәтерде біраз уақыт бірге тұрады", — депті академик Ә.Х.Марғұлан "Қазақстан мектебі" журналының 1969 жылғы 4-санында жарық көрген естелігінде. Соған қарағанда, Имантай жас жігіт күнінен Шоқандай білімпаздың кімді болсын өзіне баурай білетін игі әсерін сезінген. Шоқанның білімдарлығына өмір бойы тәнті болып, өз ұрпағына сүйсіне әңгімелеуден жаңылмаған. Ал сол азамат 1865 жылы дүние салғанда, әкесі Шыңғыс төре Жетісұта, марқұмның мүрдесі жерленген Алтын-Емелге мінәжат етуге қарамды топ аттандырған. Солардың санатында нағашы жұртынан (Шоқанның анасы Зейнеп — Шорман бидің тұңғыш перзенті) да бірнеше кісі болған, алыс сапарға ықылас білдіргендердің бірі — жиырма жасар Имантай Сәтбайұлы.

Тегінде, Имантай Омбыдағы үш жылғы оқудан өзге мектеп көріп, білім алмаған. Бірақ, өз бетімен ізденуді өмір бойы тоқтатпаған, ескі тарих, шешендік сөздерге, өлең-жырға, батырлық дастандарды тыңдауға құмар болыпты, кейбір өндерді домбыра сүйемелімен өзі де көп-көрім шырқаған деседі. "Зарқұм", "Қызыл табан Хасен", "Шәкірат" сияқты ұзақ қиссаларды әлденеше кеш жырлайтын дүдділ жыршыларды ауылында апталап ұстап, сый-сияпат беріп, құрмет көрсе-

теді білем. Жасырақ кезінде Имекең аңшылық, құсбегілік өнерді де едәуір меңгеріпті. Алайда ән-жырды қастерлегендей ұзақ елікпеген тәрізді. Бәлкім өз ауылынан бұл өнердің Мағаз (Жәмін Сәтбаевтың баласы), өз балаларынан Әбсәләм, Бөкеш тәрізді хас білгірлері жетілген кезде, құс салып, тазы жүгіртуді соларға артып, өзі қызықтаушы болып қалған...

"Жас кісінің Имекең алдынан өтуі оңай болмайтын. Тезге түскендей, не профессорға емтихан бергендей сезім кешетін, — депті академик Ә.Х.МАРҒҰЛАН естелігінде. — Өйткені Имекең жастарға сын көзімен қарап, олардың болашағына зор ынтамен ден қоятын... Бұл туралы мынадай жайды еске түсіруге болады: 1916 жылы, жаз күні, Имекең мен Сәкең (Сәдуақас Мұсаұлы Шорманов — С.М.) әңгімелесіп отырғанда, екеуінің үстіне Қазанда оқып жүрген бір топ студенттер кіріп келеді. Олардың ішінде заң факультетін бітіргелі жүрген Мұқыш пен Базарбай бар. Студенттердің мінезі, сөйлеген өрескел сөздері Имекеңе ұнамайды. Ол кісі көзінің қырын Сәкенге тастап:

— Мырза, осы балалардың оқуы, білімі Шоқанның оқуынан қалай? — депті.

— Шоқанның оқуы бұлардан төмен еді. Ол тек қана кадет корпусын бітірді. Бұлар университет бітірейін деп жүр. Арасы жер мен көктей.

— Менің ойымша, бұлар мен Шоқанның арасы да — жер мен көктей сияқты. Шоқанның ойына жете алмаса, бұлардың көп оқығанынан не пайда? Шоқан аз оқыса да көп тоқыған. Оның білімі, ойы, бұларға қарағанда асқар таудағы емес пе! Шоқан сөйлегенде кәрі де, жас та, білімпаз да оны тыңдауға құмартып, бар ынтасын салып құлақ түре қалушы еді. Шоқанның қасында бұлар немене? Екі сөздің басын құрап сөйлей білмейді, ешкімді Шоқандай өзіне тарта алмайды. Тек тірі болып жүре берсін, — деп ойшыл қарт сол кездегі жастарды қатты сынады...

Имекеңмен әңгімелесудің өзі бір ғанибет еді.

Ол кісінің XVIII-XIX ғасырларда қазақ даласында болған оқиғаларды жүйрік білуі, оны төңдіре айтуы, жас кісіні білім сарайына кіргізіп жібергендей әсер қалдыратын..."

Қазақ даласын ғылыми зерттеу мақсатымен XIX ғасырдың екінші жартысында Баянаулаға келгендердің Шорман мен Сәтбай ауылдарына ат басын бұрмағандары кемде-кем. Оның түп себебі — мұнда өз заманының білгірлері Мұса, оның үлкен баласы Сәдуақас (Омбы қаласында орысша оқып, гимназия тәмамдаған), солардың қақ қасында зерделі білімпаз Имантай Сәтбайұлына жолығып, сұхбат құру...

Ш.Уәлихановтың шығармалар жинағының бірінші кітабының 653-бетінде "Жоқтау жырларының үлгісі" жазбасына мынадай түсінік берілген: "Бұл нұсқаны Бұхар жыраудың ұрпағы, баянауылдық белгілі жыршы Қүрекенің аузынан Имантай Сәтбаев 1880 жылы Г.Н.Потанин үшін жазып алған. Бұхар жыраудың осы жоқтауына белгісіз біреудің қазақ тілінде... хаты беріліпті. Оның орысша аудармасы мынау: "Привет г-ну Имантаю. Прошу записать от Куреке (внука певца) отдельные эпизоды и повествования Бухар-Жырау об Аблае, в частности: осуждение Аблая, восхваление его коня, эпизод об отправлении сына своего Адила вместе с Жарылгапом в Китай; на какую тему его послания вели разговоры с императором Китая? Рассказы о войне с калмыками — сколько раз воевали? Как именовали калмыкских ханов? Для записи этих рассказов (песни Бухар-Жырау) приехал товарищ Чокана Г.Н.Потанин с супругой..." Ш.Уәлиханов бұл жырларды 1855 жылы, қазақтың халық поэзиясының үлгілеріне ерекше құмартып жүрген шағында жазып алыпты. Имантай нұсқасы қағазға Шоқан жазбасынан 25 жыл кейін түскен. Екі нұсқаның да айырмашылығы жоқ, көшірмелердің мәтіні мен тілі айна қатесіз бірдей, кейбір шумақтар мен өлең жолдары бірін-бірі толықтыра хатталған. Сөйтсе де қазақ сөздерін нақтылап дұрыс жазуы жөнінен И.Сәтбаев нұсқасы анығырақ, Ш.Уәлиханов жазбасындағы жете танылмаған кейбір сөздерді ажыратуға кілт ретінде құнды болмақ."

Имантай ақсақалдың бұл — ғұмыр бойы тірнектеп жинаған мол ізденістерінің бізге мәлімі. Ал белгісізі қаншама! Айталық, ол жазған "Қаржас руының ата таралымы" қолжазбасы, немесе "Олжабай батыр Толыбайұлы" дастанының И.Сәтбаев көшірмесін қай қаладан, қандай ескі мұралар қоймасынан іздейміз? Болмаса сегізінші атасы Олжагелдіде қосылатын түп қаны бір туысы Бұхар жырау Қалқаманұлының ол жинаған асыл жырларын? Бүгінде бұл — сыпыра жұмбақ жойт. Айталық, орыс зиялыларына өз қолымен тапсырғандары сол жандардың ұқыптылығымен ескі архивтер қорына өткізілген, кейбірінің ізі бар. Ал өз қолында қалғанының тағдыры?.. (Имекең өз жазбаларын арнайы сандықта ұстаған, бұл қойма ол кісі дүниеден озғанда өзге мұрасымен қоса үлкен баласы Ғазизге ауысқан. Рухани мұраның одан арғы шерлі тағдырын филология ғылымның докторы, Шәмшиябану Қанышқызы СӘТБАЕВА "Сәуделі әулет" кітабында зор өкінішпен сыр ғып шертеді: "1937 жылы НКВД қызмет-

керлері Ғазиз ағаны Омбыда ұстағаннан кейін үйін тінтіп, бірсыпыра кітаптарын, қағаздар салған бумаларын үш жәшікке толтырып... саңдыққа салып алып кетті... "Естелік иесі сол кезде тоғыз жаста, алды-артына зердемен қарайтын шамада. Демек, "Халық жауы" боп шыққан бейкүнә жанның ескі кітап, қолжазба қазынасы "баяғы өмірді көксеуші" иесімен бірге құртылғаны сөзсіз).

Сәтбай ауылының білімге құштарлық өнегесі құнарлы жерге түскен дәңдей өнікті болды. Осы жолда бұл әулеттен оза шығып оқыған Зейіннің үлкені Әбікей еді. 1881 жылы дүниеге келген ол Үлкен ауылдағы молда алдынан өткен соңақ, Омбыға аттанған. Сонда жүріп орыс оқуына құнығып, 2-басқышты орыс-қазақ училищесіне ілігеді. Оны бітірген соң тоқтап қалмай, шалғай қала демей, Семейдегі мұғалімдер семинариясында оқып, оны да 1908 жылы тәмамдаған. Бұдан әрі жас білімпазды сайын даланың өр жерінде ашыла бастаған бастауыш мектептерде сабақ беретін алғашқы мұғалімдер қатарында көреміз.

Әбікей Зейінұлының игі үлгісі қажының өзге де немерелеріне дарыды. Жәміннің Мағазы (1888-1944), сол шаңырақтың ән-әуен әлеміне аса дарынды тұяғы Әбдікәрім (1894-1937) де оқуды мұсылманша бастап, соңынан Омбыдағы орыс мектебінде бірнеше жыл оқыған. Күндердің күнінде оқу кезегі Имантай ауылының өлкелі жердің құрағындай бойлап өскен жастарына да дариды: ең әуелі Әбсәләм, одан кейін Қазиза мен Ғазиз Нұрым шешесі оюмен көмкеріп, әдемілеп тігіп берген боқшаларын арқалап, Үлкен ауылдағы молда алдына жаяу-жалпылап қатынай бастайды; бұл болса қыстауға қонған қара күзден көктемге дейін, жайлауға шыққан жайдары күндерде де үзілмейтін мезі тірлік; Сәтбай атасынан бастап ауыл ағасы Имантай, өзге де үлкендер, жеті-сегіз жасқа іліккен бала атаулы мұсылманша хаттанып, Қасиетті Құранның бірнеше аятын жатқа білу — парыз; ал одан әрі оқуыңды қай тілде, қанша жыл оқысаң да — талабың мен зейінің шешер іс...

1910 жылы аймақтық көші-қон басқармасы жүргізген қосымша санақ деректері жарияланған анықтама кітапта ("Материалы по обследованию хозяйства и землепользования киргиз Семипалатинской области", 1 том, 2-3-бб., Семей, 1912 ж., "Плещеев және К." баспаханасы) екі ауылға бөлінетін күллі Сәтбаев әулетінде 26 қыстау-қора (жайлауға олар 11 киіз үй және 9 қоспен шыққан), ат жегіп шөп шабатын 3 машина, 3 тырмауыш, 53 арба мен шана болып, ал төрт мүлік малдан — 474 бас жылқы, 256 бас сиыр, 1240 қой, 111 ешкі мен 36 түйеге иелік еткендігі нақты көрсетілген.

Ауыл дәулеті бұдан он үш жыл бұрынғы санақ деректерімен салыстырғанда айтарлықтай өзгермеген, сол деңгейде сақталған. Оның есесіне бұлар өзімен көрші тұратын төрт тұлғі қомақтырақ ауылдар тұрғындарынан рухани жоғары деңгейімен дараланғанын аңғарасыз: Сәтбай қажының екі ауылында 1910 жылы 69 жан болыпты (34-і ер кіндіктері), олардың 55 жастан асқаны — 7 адам, 18 бен 55 жас аралығындағы — 34 жан, 18 жастан төмендегілер — 28 жасөспірім. Солардың ішінен 8 балақан санақ жүрген жылы болыстық орыс-қазақ мектебінде білім алыпты. Көші-қон басқармасының есепшілері ресми хаттаған анықтамада Сәтбай әулетінің 21 адамы, осы атадан тарайтын қомақты ұрпақтың әрбір үшіншісі "орысша, не мұсылманша сауаттымын, жаза да, оқи да білемін" — деп нақты жауап берген. Бұл болса, XX ғасыр басындағы қазақ қауымы үшін — сирек те тағылымы мол дерек!..

Имантай ақсақалдың жас ұрпақ тәрбиесіне талабы да аса қатаң болған: ес біліп, етек жиған бала ертеле-кеш ойын қумай, пайдалы қаракетпен айналысуға тиіс; молдалыққа жалдаған адамдары да — әсіре шариятшыл, немесе шала сауатты дүмшелер емес, оқуы озық қалаларда медіресе төмамдаған оқымысты жандар... Талабына қарай сұрауы демекші, олар да алдындағы шәкіртке Құранның түсініксіз аяттарын күнітүні жаттатудан гөрі, оқығанын ұғып, жаза да білетін сауатқа жетуін көбірек қадалаған. Арап, парсы тілдерінде басылған кітаптарды оқи білу — шәкірттердің бірінші парызы, ал аятты мақамдап жақсы оқу — екінші, үшінші жылдардың еншісі... Бір жәйт анық: Обалыдағы мектептен сауатын ашқан бірде-бір шәкірт кейінгі ғұмырында дін жолына құлай беріліп, молда атанып, басына сәлде салмаған; көбі Имантай мен Әбікей ағаларына еліктеп үлкен қалаларда, білікті мектептерде оқуға құштарлық аңғартқан.

Имантай бидің кенжесі Қаныш та мұсылманша "тіл сындыру" мектебінен қалыс қалмайды. Шәкірт бала ұстаз алдында тізесін бүгіп, жазу тақтайын көлденең ұстап, қағаз-қарындашын сайлап, төмен қарап мөліген қалыпта тым-тырыс отыруға тиіс. Молдакең кітабын қолына алады да, қарсы алдында қойдай жусаған балалардың бірін таяғымен нұсқап: "Бәтшағар, сен бастайсың!" — дейді. Таңдау түскен байғұс бала тамағын кенеп алып, молдакең қолына ұстатқан кітапты мақамдап оқи бастайды. Өзге шәкірттер біреу қуып келе жатқандай-ақ іле оны қостай жөнеледі. Сол-ақ екен, там үйдің іші жамыраған дауыстан у-шу болып күңіреніп шыға келеді.

Еркі өзінде болса, Қаныш бір күн де бұл үйде отырмас еді: Қарамұрынның басынан сырғанақ теуіп, тіпті құла тайын

ертетіп алып, екі ауылдың ортасында желмен жарысып жүруі хақ; ал Бөкештің оқу кітабын тізесіне қойып, оның тасқа басылған терідей қалың беттерін санап, суреттерін тамашалау қандай қызық!.. Иә, оның кітабы өзінікіндей емес, әдемі де өзгеше безенген. Әсіресе суреттері керемет! Шауып бара жатқан құлын, жайқалған тоғай, сауыт киген орыс батыры айна қатесіз дәл бейнеленген. Оның мұғалімі өздерін оқытатын молдадай қатыгез емес, қолында таяғы да жоқ. Қашан көрсең де: "Әйін, малай қазақ, мінің мәктәбіме син қашан киләсің?" — деп күліп тұрады. Бірақ, амал қанша, бала мұны білмейді. Әкесінің құзыры солай. Бөкеш бастаған ересек балалар Мырза ауылындағы бастауыш орыс мектебіне қатынайды. Олар атпен барады, ал өздеріне қар бірер жауғанша жөнді көлік те тимейді, екі ауылдың арасында жаяу-жалпы малтығып жүреді...

Қаныштың бірақ жолы болды: ол оқуға барған кезде Обалыда Троицк медресесін тәмамдаған Жұмаш Жолдыбайұлы есімді жас білімпаз молдалық қылған (қазақ қауымына ол кезде мұғалім түсінігі енбеген, болса да ондай жандарды учитель, немесе бұрынғыша молда деп атаған). Жұмаш молданың алдында Қаныш екі жыл отырады. Көп жылдар Имекең тәрбиесінде болып, Кіші ауылда өскен Тармыз Әбсәләмұлы Имантаев бұл жайында: *"Қанкенің оқуға зеректілігі сонда-ақ мәлім болған. Ол біз құсап ескі оқуды әлденеше қыс мыжыған жоқ, сөзді де ежіктемей бірден оқып кетті. Мұхтасар мен биданды (Арабша оқудың алғашқы басқыштары) тез меңгерді. Сол себепті, би атам оны молда алдында көп ұстаған жоқ..."* дейді.

Нақ сол жылдарда кішкентай Қаныш тағы бір ұстаздан дәріс алған. Әдетте, бұл сабақ өз үйінде, әкесінің алдында өтетін. Әмбе оның кесулі уақыты болмайды, қысы-жазы бірдей, екеуінің көңілі қалаған кезде жүре беруші еді.

— Балам, жыр сабағын ұмытпалық. Кітабыңды әкел. Бығарымен тысталған қалың кітапты құшақтаған Қаныш атасының алдына келіп отырады да, саңқылдаған ашық дауыспен оқи бастайды. Оқуы аса жатық емес, әредік дұрыс оқып отырмын ба дегендей күдікпен әкесіне жауаңдап қарап қояды. Кейде әлдебір сөзге тілі келмей, кібіртіктеп те қалады. Кітаптың тілі балаға аса ұғынықты емес, түркі-шағатай, кейбірі парсыша жазылған. Ақындардың есімі де бейтаныс: Руми, Сағди, Хафиз, Жәми, Науаи... Сөйтсе де бұларды оқу — молдекең алдында шарт жүгініп отырып, Құранның түсініксіз аятын жаттағаннан әлдеқайда қызық... Көбіне оқитындары ұзақ жырлар: "Жүсіп-Зылиқа", "Ләйлі-Мәжнүн", "Гүлстан", "1001 хикмет", "Диуана пәни".

...Әкесі солардың бәрін де жатқа біледі. Кенжесі әлдебір қиын сөзді ажырата алмай ежіктей бастаса, тұтас бір шумақтарды жатқа айтып, әмбе солардың мазмұнын бірден қазақшалап береді. Тек екінші қайтара оқығанда ғана:

— Қане, балам, енді өзің айт, — деп сабырмен тосып отырады.

— Науер — қорқу, үрейлену. Пақыр — бейшара. Ал хәль... хәль?.. — деп Қаныш кібірттіктей қалса, әкесі жалма-жан "бір уақыт, сәт мезгіл, қас қағым" деп сүйемелдеп жібереді.

Осылайша бірде парсыша, кейде арабша жүретін сабақ талай күн, талай сағаттарға созылып, айлап, жылдап жалғаса береді. Бірақ оны зеріктіру де оңай емес. Баланың ұғымталдығы ғажап. Небір қиын сөздерді, тұтас сөйлем, шумақтарды екі айтқызбайды, естіген сәтінде қағып алады. Оқуға құштарлығы да өзгеше. Білсем, көрсем деп ынтығып тұрады. Сыншыл әке перзентін әлде қызықтап, әлде болашағынан үміт күтіп: "Осы баламның зейіні бөлек, мұны анау-мынау жеңіл сөзбен шығарып сала алмайсың!..." — дейді екен...

Әке еңбегі зая кеткен жоқ. Талапты шәкірт ескі заман ақындарының асыл мұраларын өз бетінше оқитын болды...

(Арада көп жылдар өтеді. Демалыс орнында жатқанда, досжарандарымен бас қосқан мәжілістерде, оңаша қалып, ойға түскен сағаттарда Қаныш Имантайұлы парсы тілінде мақамдап сөйлеп кетер еді. Әдетте, бұл Қожа Хафиздің, иә Омар Һайямның ғазалдары болады. Қасындағылар аң-таң. Қай уақытта оқыған, қалай үйренген?.. Шынында, ол парсы, араб ақындарының кейбір жырларын ғана білетін. Шаршаған, әлденеге қамыққан кезінде солардың мөлдір қайнарынан ләззат алып, бойын сергітіп, өзінше демалып отырар еді).

Баланың өлең-жырға, ән-думанға құштарлығын ауылдастары ерте аңғарған. Ауылға қонақ келсе, әсіресе домбыралы, қобызды меймандар топтап түсті ме — кішкентай Қанышта ес қалмайды. Бүйтетін себебі — қонаққәде алу. Оның өтеуі — ертек, жыр, ән. Әкесінің бір тізесіне жайғасып алып, жыршының аузына кеш бойы телміреді де отырады. Есейе келе өзі де Бөкешке елгіп домбыра шертетін болды. Үлкендер мадақтап: "Біздің Қанкежан да әнші болады, айналайын, айта ғой!" — деп көтермелесе шырқап та жібереді.

Ақын-жыршылардың Айырықтағы Кіші ауылға ат басын көбірек бұрып, жиілете еру болуы кездейсоқ емес-ті. Тегінде, бұл ауыл иесінің ел сөзін ұстап, би сайланғаннан бергі машығы

емес, бойына ежелден біткен қалыбы. Сөз өнерін құдірет тұтқан сері де сауықшыл қауымға оларқашанда құрметпен қарайтын. Әсіресе шешен сөйлеп, ел шежіресін төндіре шерткен зиялылармен сұхбат құруға... Ал даулы іске билік айтқанда өзі де ескі билердің нақыл сөздерімен мақалдап сөйлейтін-ді.

Әрнеге еліктегіш кішкентай Қанышқа туған ағасы Бөкештің ізгі өнегесі де айтарлықтай әсер еткен, Ғазекең келіні Шәрипа Смағұлқызының ауызекі әңгімеде бізге: *"Ағатай қағазға өте ұқыпты кісі еді, әсіресе кітап жинауға. Семей мен Омбыға жолаушылап барғандарға ақша беріп, ылғи бір жаңа кітаптар алғызатын, — деген-ді. — Күн сайын бір беті ажырайтын күнтізбек алдырып, бірақ оны жыртқызбай, өткен күннің бетін жіптің астына қыстырып қоятын. Сол бетке ауа райын, желдің бағытын жазып, жауын-шашын, нә боран келе жатқанын күн ілгері есептеп шығарып, ел-жұртқа ескертіп отыратын-ды..."*

II

Орыс патшасының қазақ елін бодандыққа алғалы бір ғасырдан асты: ұлан-байтақ жеріміз бен мал-жанымызға пана болады дегенбіз. Жүз жылдық қитұрқы һәм езгілеу саясатының нәтижесінде хан мен билердің өктем құзырынан ада болдық, бөтен жұртқа тәуелділік қамытын кидік, ақырында рухани азуға ұшырадық. Байырғы қазақ атымыз киргизге айналды, тіліміз татаршамен шұбарланып, дініміз байлауға түсті, ежелгі тарихымыз да тонауға ұшырап, өмірден өше бастады.

"Орыстандыру саясатының зардабы қазақтардың мұсылманшылық парызын өтеуге де кеселін тигізуде, әкімшіліктің рұқатынсыз олар ешқайда тырп ете алмайтын халге жетті, — делінген 1905 жылдың 26-маусым күні Қоянды жәрмеңкесіне жиналушы 12767 қазақ қол қойған, Ресейдің Министрлер Кеңесінің төрағасына жолдаған құзырхатта. — ...Сол себептен де мешіт салу, медресе мен мектеп ашу туралы арыз-хаттарымыз әрдайым жауапсыз қалып келеді. Халықтың мүддесімен де, оның тарихи құқықтарымен де санаспай, бәрі-бәрі соның орыстандыру саясатының жолына құрбандыққа шалынып отыр".

Жә, сонда билеуші үкімет бодан халыққа қандай қам-қарекет, рухани тірлік ұсынған?

XIX ғасырдың аяғында Павлодар уезінде 185787 адам тұрған, оның 169804, яғни 91,4 пайызы осы өңірдің ежелгі мекендеушілері — қазақтар екен. Казак-орыстардың тұрақ-

тағандары — 9031 адам, келмсек мұжықтар — 1839, мешандар деп дараланғандар — 3685 жан, яғни уездегі орыс тілділердің жалпы үлес салмағы — 7,83 пайыз. Татар мен өзге бұратана ұлттар өкілі — 1429 адам, яки 0,76 пайыз.

Ояз орталығында сол жылдарда 14534 тұрғын болыпты. Бұлардың көпшілігі орыс ұлты, сөйтсе де бұл есепке бірлі-жарым қазақтар мен қала іргесіндегі "Көкжатақты" мекендеушілер де енген. Павлодарда сол кезде 3-сыныпты қалалық училище, қыздардың кәсіби гимназиясы, ауыл шаруашылығының төменгі сатылы мектебі, бастауыш қыздар училищесі, жиыны 6 оқу ұясы тұрақты жұмыс істеген. Бұларда шамасы үш-төрт жүздей шәкірт болған. Ояз есебіне 16 казак-орыс станицасы тіркеліпті, солардың үшеуінде ғана шағын піркеу болған, демек, соншама приход мектебі де ашылған... Қысқасы, бүкіл уездегі 27 оқу ұясында 45 мұғалім еңбек етіп, осы өңірге тұрақты қоныстанған халықтың 7,83 пайызын құрайтын орыс тілді жұрттың рухани ділін қанағаттандыруға қызмет атқарған. Ояз орталығындағы ауыл шаруашылығының төменгі сатылы мектебінде ғана оншақты қазақ шаруасының балалары бастауыш оқу бағдарламасы көлемінде орысша сауат ашып, көбіне жер өңдеу кәсібiне үйренген. Ал билеуші өкіметтің бодан халықтарды сауаттандырып, дүниеге көзін ашуға ниеті болмаған, бұрынғыша қараңғы қалпында ұстауды көздеген. Керісінше, шен-мансап үшін өзара таластырып қойып, молырақ қамтып пара алуды ойлаған шенеуніктер шығылы үстемдік құрған...

Әлбетте, дала тұрғындары ортасынан заман ағымына бейімделіп, балаларын Омбы, Семей, Ақмолаға апарып, мұғалім жалдаған қазақтар да болған. Алайда бұған Шорман, Айтбақы, Боштай, Сәтбай әулеті сынды әділдердің ғана шама-шарқы, әділін айтқанда, ақылы жеткен. Ғасыр басында осы елдегі тұлпар руынан шыққан Сұлтанәлі Жуанышбаев мұғалім болып келіп, қазақ балаларын орысша оқыта бастапты. Өз ортасынан оза шығып, орыс оқуын ертерек меңгерген Рахметолла Ақтайұлы Барлыбаевтың да есімін атау қажет, бұл кісі де көп жылдар ағартушылық еңбекпен шұғылданған...

Сөйтсе де заман өзгерді. Шорман ауылында 1903 жылы қазақ жеткіншектерін орысша оқытатын мектеп ашылады. Ғажапты қараңыз: дала халқының талап-тілегімен емес, мәртебелі губернатор кеңсесінің арнаулы жарлығымен... Осындай оқу ұясы Павлодар оязының тағы екі жерінде — Қараоба, Маралды болыстарында шаңырақ көтерген. Келесі жылы тағы үш мектеп — Баянауыл, Тереңкөл, Шақшан болыс-

тарында ашылды. Бәрінде де сабақ орыс тілінде жүреді, ал шәкірттері — қазақ балалары. Ойда жоқта аспаннан түскендей таң қаларлық қамқорлық? Кеше ғана емес пе еді, "Семи-палатинский листок" газетінің сайқымазақ бір тілшісінің: "...Ояздарда тұратын киргиз жақсылары Орынбор, Омбы және Семипалат шәрлерінде ұлттық гимназия ашу үшін ақша жия бастапты. "Тауыққа бидай неге керек, тары тұрғанда?" дегендей, киргиз сорлы алдындағы бес ешкісі мен жалғыз тайын қасқырға жегізбей, барымтаға алғызбай бағып, үйінде тиыш отырса қайтеді екен?" — деп қазақ оқығандарының игі талабын әжуа еткені?

Нақ сол жылдарда Ресей халықтарының қамқоры атанған патша ағзам Екінші Николай Романов Торғай облысының әскери губернаторы Ломачевскийдің "Киргиздар үшін оқу орындарын ашудан ешқандай пайда жоқ" деген ұсынысына: "Келісемін, Халық ағарту министрінің назарына!" (М.Касвинов. "Двадцать три ступени вниз". М., "Мысль", 1978, 136-б.) — деп қол қойған соң, кімге өкпелеу керек? Алайда қараниет тоғышарларға бай Ресей заман талабына қарай бейімделе білетін іскерлерден де кенде емес-ті. Бұлардың ниеті жоғарыдағы шенеуніктердің кереғар пиғылынан сөл бөлегірек: "Киргиздарды ұтымды басқарып, өзімізге пайдасы тиетін көмекші етеміз десек — тезірек сауаттандыру керек. Олардың ортасынан хат танитын адамдар өзірлеп, шаруашылық, әкімшілік жұмыстарды солар арқылы жүргізу қажет." Ал, Н.И.Ильминский сияқты ағартушы-миссионер ғалымдардың ойынша, татар, башқұрт, мордва, бурят және киргиз балаларын орыс әліппесімен сауатын ашып, тек қана орыс мектебінде оқыту — оларды православие дініне тартудың төте жолы. Бұл болса осы халықтарды ежелгі рухани мұра, байырғы жазуларынан тезірек ажырататын — басты амал. Демек, бәрінің де түп есебі — бұратана елдің көзін аз-маз ашып, соңынан сауын сиырдай мәңгі бақи сауу...

Губернатор кеңсесі де осы ақылды құп көрген. Сол себепті өткен ғасырдың соңғы жылдарында ояз орталықтарында ашылған арнаулы пансионаттарға әрбір болыстан екіден бала жіберіп, орысша оқытуға жарлық еткен. Оқуға алынған шәкірттердің жасына бірақ қатаң шек қойған: 15-16 жастан кем болмауға тиіс және тек қана ер балалар... Өйткені бұл мектепті олар қысқа мерзімде бітіріп, бірден кеңсе қызметіне кірісуге тиіс; оқу бағдарламасы да болыс хатшысы, тілмәш, іс жүргізуші сияқты жеңіл-желпі қызметтер атқаруға бейімделген; төрт жыл оқып, жасы жиырмаға келген шәкірттің,

әрине, әрі қарай оқимын деп басын қатырмайтыны, тезірек үй болып, мал табуға ұмтылатыны да ескерілген...

"Мектеп деген аты ғана, анығында бұлардың бәрі де алғашқы жылдарда ағарту орнына ешбір ұқсамайтын. Әлдекімнің ауыз үйінде, не бұрынғы қозы үйшігінде қысылып-қымтырылып отырып, сабақ бастадық... Алғашқы мектептер болыс ауылында ашылды. Сол себепті онда ең алдымен мырза балалары оқыды, олардан қалған аз орынға жақын маңдағы ауылдардан ат-көлігі бар ересек шәкірттер қамтылды, — деп куәлік етеді ұстаздық қызметін 1904 жылы Тереңкөл болысында ашылған ауылдық мектепте бастаған Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Н.Е. АЛЕКСЕЕВ Павлодар облыстық өлкетану мұражайында сақтаулы естелігінде. — Сабақ орыс тілінде жүреді. Ал шәкірттеріміз орысша сөйлеу тугілі, туғаннан бері тірі орыс баласын көрмеген. Оқулық атымен жоқ, негізгі қолданатынымыз — орыс мектептерінің алғашқы бақыштарына арнап шығарылған кітаптар. Не, тағы бір алданышымыз — Семей, Ақмола облыстарындағы халық училищелерінің директоры, әрі инспекторы А.Е.Алекторовтың қазақ балаларын орысша сөйлеуге жаттықтыру үшін арнайы жазған "Әліппесі" мен "Хрестоматиясы". Мұндағы сөздердің қазақша баламасы орыс әріптерімен басылған, сондықтан әліппені меңгерген балаға оны оқу қиын емес. Оқу мерзімі төрт жыл. Төрт жылда біз алдымыздағы шәкіртке орыс тілі мен грамматикадан, жат оқу, арифметика, табиғат тану, жағрафия, орыс тарихы және көркем жазу пәндерінен, яғни осы заманғы бастауыш мектеп бағдарламасы көлемінде білім беруге тиістіміз... Оқудың төртінші жылында шәкірттерге болыс кеңсесі шұғылданатын іс қағаздарын сауатты толтыру үйретіледі. Қысқасы, барлық ынта, тәрбиеміз — дала үшін тілмәш, хатшы, іс жүргізуші кадрлар әзірлеу".

Басқа мектептерге қарағанда Ақкелін болысындағы білім ұясы көнтерімді жағдайда болған. Оның себебі Мырза ауылының белді ұрпағы Сәдуақас Шормановтың қырдағы тұңғыш мектепке қамқоршы болып тағайындалуында. Әлбетте, өзі тұратын ауылда мемлекет қаржысымен шаңырақ көтерген тұңғыш орыс мектебіне ол зор ілтипатпен қараған. Бұған дәлел — ауыл-аймағын жинап той өткізгендігі; сол жиында ол оқу ұясына туған інісі Біләддің ізбасары Көкеннің ағаштан қиылған, қала үлгісімен асты-үсті тақтайланып, еңсесі биік, терезелері әйнектелген екі бөлмелі отау үйін Шорман өулетінің атынан сыйға тартатындығын мәлімдеген...

Адуын қарқынмен жылнамаға кірген жаңа ғасыр, ішкі

Ресей мен Еуропадан құйылған қомақты қаржы иен даламыздың жер байлығымен қоса, қойнында қорланып жатқан қисапсыз мол пайдалы қазынасын тезірек игеруге жол ашты. Қалалар қауырт өсті, даланың небір алыс түкпірінде кен қазатын, оны қорығатын өндірістер пайда болып, соның бәрі арзан жұмысшы күшін талап етті. Айталық, Баянауыл дуанының иелігіндегі 37 мыс және 10 көмір кеніштеріне негізделіп, 1860 жылы шағын болғанмен бақандай 9 зауыт металл қорытқан. Ал 1899 жылы құрылған, Павлодар көпесі А.И. Деров пен Киевтің қалталы байы Л.И. Бродский иелік еткен "Воскресен тау-кен өндіріс қоғамы" Екібастұзға Ертіс айлағынан темір жол тартып, тоғыз шахты қазып, әмбе мыс қорығатын зауыт тұрғызғанда, оған Баянауыл мен оның төңірегіндегі тоғыз кеніштен — Көктас (Крещенский), Екітөбе (Царице-Александровский), Елемес, Күмістөбе, Балақоянды, Жуалы, Жанғабыл (Покровский), Сарыадыр (Успенский) және Қазанауыз деген жерлерден кен тасын түйемен тасыған...

Қарқынды заман іскерлікті, орысша сауаттылықты, кеңсе қағаздарын тез жазатын жылпос шенеуніктерді қажетсінген. Болыс басқарушыларының да бұрынғыдай ата даңқымен, иә мал-пұлымен мөрге иеленіп бармағын сүйкеуші емес, жазу-сызуға жетік болуын талап етті. Ауылдық мектептер осы мақсат үшін ұйымдастырылғанды...

III

Имантайдың өз шаңырағынан бұл мектепке тұңғыш барған түлек Бөкеш еді. Бұл 1907 жылы. Екі жылдан соң оған Қаныш та қосылады. Тоғызыншы жылы ол он жаста. Ал губернатор кеңсесінің "болыстық мектептерге тек қана 15-16 жастағы киргиз балалары қабылдансын!" деген қатаң бұйрығы ше? Избасар ұрпағынын жастай орысша оқып, өнер-білімге талпынуын ойлаған Шорман ауылының иелері шәкірт жасына шек қойған бастапқы ережеге бертінде өздерінше "түзету" енгізген. Соның пайдасы кішкентай Қанышқа да тиді.

Жалбыраған кекілі ұйпаланып маңдайын жапқан, қоңыр көзі кісіге томсырая қараған, құлағы қалқиғандау, тәмпиш мұрын, талдырмаш бойлы, аққұба бұлдірішін ересек балалармен бірге дайындық бөлімінде отыр. Әлсін-әлсін айналасына жаутаңдап аңтарыла қарайды, бұл жерге қалайша тап болғанына таң сияқты. Балалардың кішісі болғандықтан оған тағанның алдыңғысы тиген (Әрине, ол кездегі ауылдық мектепте парта болмаған, көпшілігі үстелге де жарымаған). Құла тайдың құлағынан әрең көрініп, жұдырықтай Қаныштың

мектепке келе жатқан кейп де бір түрлі қызық. Қаршадай болып осыныкі не азап деп жаның ашығандай...

Ақкелін мектебінде бұл қарсаңда Григорий Васильевич Терентьев сабақ беретін-ді. Шыққан тегі татар, бірақ жас кезінен Еділ бойындағы орыс арасында өсіп, православие дініне кірген, жоқшылық көре жүріп Қазандағы мұғалімдер семинариясын бітірген білімпаз азамат.

"Мұғаліміміз Григорий Васильевич тамаша кісі еді. Қазақша өлең айтатын, қарттармен кеңес құратын. Бірақ класқа кірісімен қазақшаны "ұмытып", тек қана орыс тілінде сөйлейтін, — деп әңгімелеген ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ 1949 жылы туған еліне келген сапарында күйеу баласы, жазушы Қайнакей Жармағамбетовке. — Григорий Васильевич атбаз кісі еді. Алғашқы жалақысына сатып алған, сырт тұлғасы өте көркем көк аты болды. Жұрт оны "Қрыша көк" дейтін. Григорий Васильевич атына: "жат" десе — жатады; "тұр" десе — тұрады; "шап" десе — далаға шаба жөнеледі. Ауылдағылар соған да таң болатын. "Тілсіз жануарды дегеніне көндіріп алған кісі балалардың орысша сөйлемеген еркіне қоя ма? Оқу қонған адам, мұның айтқанын бұлжытпай орындау керек" деп бір-біріне уәж айтып көтермелеп отырушы еді".

Ересек шәкірттердің, олардың дені сол күнде үйленер межеге жақындап жүрген жас жігіттер, аюдың қонжығынша қорбаңдаған кішкентай Қанышқа жаны ашып мүсіркей қарауы жыл өтпей-ақ сап тыйылып, көбіне бас шайқап таңы-рқайтын болды.

— Шәкірт Сәтбаев, тақта алдына! — дейді Григорий Васильевич.

Қаныш жан-жануарлардың суреті ілінген тақтаға келеді.

— Мынау не?

— Жеребенек.

— Дұрыс, балақан. Оның түсі қандай?

— Саврасый.

— Осы құлынды қасқыр жеп кетті дейік. Соны енді Имантай атаңа қалай айтасың?

Бала томсырайып тұрып қалады.

— Қане, қасқырды орысша қалай айтасың?

— Білсем де айтпаймын! — деп шәкірт теріс айналады.

— Әй-әй, сірә, ұмытып қалғансың, ә?

— Потому что не мог жеребенка съест волк. Наш Касен-ага — шибко смелый табунщик, не дал бы ему...

Ересек балалар ду күледі: мына шіркіннің құртақандай бо-

лып қиқарлығын қара! Терентьев те қолын жайып, жап-жас шәкіртінің тауып айтқан ұтымды жауабына сүйсініс білдіреді.

— Сөйтсе де, Қанышжан, мысал үшін айтып көрсеңші. Қане, не дер едің? — деп түсін суықта, үнін де қатайта қайыра сұрайды.

Қасқыр сияқты жыртқыш аңның атын туралап айтуға болмайтынын білмейтін ұстазына томсырая қарап тұрады да:

— Отец, саврасого жеребенка не съел хищник, потому что... потому что он далеко ускакал, — дейді...

Балғын шағындағы ұмытылмас қымбат күндері жайында ғалым ауызекі естелігінде былай деп әңгіме шерткен: *"Шорманның немересі Зында малды кісі болды. Оның түйелері де бірталай еді. Жүні тықыр, ұзын сирақ, қара легі болатын. Тентектігі сұмдық. Әсіресе көктемде, келеге түсер кезінде, екі көзі от шашып, езуінен көбігі бұрқырап, құйрығын шабақтап, көзіне түскен жанды шайнап тастауға кұлшынып тұратын. Көбіне ол кісендеулі болады... Біздің ауылдың балалары мектепке өзен бойындағы тура жолмен келуге бурадан қорқып, жар астымен қиғаш жүріп қатынаушы едік. Ауылға асыққан қу балалардың бірі кейде жарысып қайтуды ойлап, кенеттен "Қара жыңды келіп қалды, ойбай!" деп айқай салып шаба жөнелетін. Біз де атымызға қамшы басамыз. Осылайша күліп-ойнап ауылға жеткенімізді білмей қаламыз..."*

Болыстық мектепте бір ғана мұғалім сабақ береді. Ал сынып саны — төртеу. Оның алғашқысы — дайындық бөлімі. Ауыл тіршілігіне орай сабақ бір мезгілде, күндіз өтеді. Демек, соңғы сыныптағы оқушы мен мектепке тұңғыш келген дайындық бөлімінің шәкірті бір бөлмеде қатар отырып сабақ оқиды. Қолайсыз жай, әсіресе шәкірттер үшін: төрт жыл бойы оқитын сабағыңды бірінші күннен тыңдап отырасың...

Бір күні мынадай оқиға болған.

Жоғары басқыштың оқушыларына арналған тексерме есепті тақтаға жазып қойып, Григорий Васильевич төменгі басқыштың балаларымен сабақ бастайды. Әжептәуір күрделі есеп, "сақалды" шәкірттерінің оны бірер сағат мыжитынына сөз жоқ, сондықтан да дайындық бөліміндегілермен алаңсыз шұғылданып жатқан-ды. Григорий Васильевич кенет екі оқушының өлденеге келісе алмай, таласып отырғанын аңғарады. Құлағын салса, Қаныш пен Зында болыстың баласы.

— Жоқ, оның дұрыс емес, — дейді Қаныш сыбырлай сөйлеп. — Өзің бері қарашы, мне, екі-ақ амалмен шығады.

— Өй, сен, не былшылдап отырсың. Сендердің есептерің ғана оңай шығады. Ал біздікі — қиын, амалы да көп болады.

— Көп болғанда шаруаң қанша. Дұрыс шықса болды емес пе, өзің қызық екенсің, ойлансаңшы. Мә, тезірек көшіріп ал!

— Қой, әрі жайыңа отыр. Танауың сүрте алмай жүріп, ақыл айтады ғой, — деп намыстанған жігіт теріс қарайды.

Григорий Васильевич екеуінің қасына келеді. Болыс баласы соңғы басқышта оқиды. Қаныш болса, мектепке екінші жыл ғана келіп жүр, ал істеп отырғаны мынау: есептің төрт амалын жуықта ғана үйренген; сөйтсе де өзінен едәуір үлкен, үйленгелі жүрген ересек жігіттен артық меңгерген; күрделі есепті оп-оңай шығарып қойыпты...

Осы оқиға себеп болды ма, әлде зерек шәкіртінің ерекше қабілеті ойландырды ма, 1911 жылдың көктемінде Григорий Терентьев Имантай биге келіп, тосын әңгіме бастайды.

— Мына балаңыз, би, зерек қана емес, тума дарын, жаратылысы бөлек жан, вить. Сөзіме ден қойсаңыз, Имеке абзи, Қанышты қалада оқыту керек! — дейді.

— Жагор шырақ, әуелі сенің оқуыңды тауыссын да. Әлі екі жыл оқуы керек...

— Тауысты деп есептеңіз, ақсақал. Менің берерім енді шамалы. Білгенімді беріп болдым, вить.

— Апырай, көп-көрім оқуың бар сықылды еді, шынымен түгесіп қойдың ба?..

— Бәлкім, таусылмаған да шығар. Бірақ, абзи, көреген көңілім айтады: мұндай зерек баланы болыстық мектепте ұзақ ұстау болашағына обал... Қазірдің өзінде ол орысша жап-жақсы сөйлейді. Ал егер кем-кетігі болса, қалада түзеп алады. Ең бастысы оқуға зейіні, ынтасы керемет! Имеке абзи, Қаныш балақанның болысқа хатшы болғанын мен қаламаймын. Сіз ақылды адамсыз, баланың бағын байлап, ауылда ұстамаңыз, абзи! Жас күнінде оқып алса әйбат болады вить!..

— Япырай, Жагор шырақ, бұл енді оңай шаруа емес...

Терентьев бос уақытын өзі тұратын болыс мекенінен де гөрі, Сәтбай ауылында өткізетін-ді: Мырза ауылы қашаннан оспадар қылығымен атағы шыққан, небір оғаш қылыққа үйір, кішілеріне дейін соны мақтан көретін кердең жандар; дәрежесі тең кісі болмаса — өзіндей жалғыз-жалқы нашармен сөйлеспейді. Ал, Сәтбай қажының күллі жұрағатының рәсімі мүлдем бөлек: ешқашанда қыдырма қонақтан бос болмайды; Сібірден қашып келе жатқан шеркес, шешен, үңгіштер де, атасы басқа жарлы-жақыбайлар да бұл ауылда айлап жатып, әл жияды, кейбірі тіпті астына ат мініп аттанып жатады... Олардың өнерге де құрметі өзгеше: оқу-білімге үйір, үлкен-кішісі түгел аңшы; жүйрік ат ұстайды, қыран құстың да неше түрін асырайды. Сауықшыл ғұрыптары қандай!..

Григорий Терентьевтің өзі де мұндай өнерден құр алақан емес-ті. Қолы босай қалса-ақ, осы ауылға келіп, ителгі, қаршыға салған құсбегі жігіттердің қасында болады. Дүние танымы терең ауыл ағасымен де қона жатып, әңгіме-дүкен құрады. Балаларының сүйікті ұстазы, мінезі биязы татар жігітінің ауылында жиі болуын Имекең де жек көрмейді. "Жанассаң жақсымен жанас. Әңгімелессең — жаның жадырайды; әрі, өнегесі жұғады" деген сөзді кексе би, әсілі, осындай өнерлі кісілерге балап айтқан.

Сол жылы Имантайдың жасы алпыстың алтауына шыққан. Төрінен көрі жуық шама. Зарығып, сағынып көрген үш қарғасы желкілдей өсіп, жетіліп келеді. Өмір заңына не шара, екі ұлдың алдындағы Қазизасы жат жұртқа жаралған бала, енді бірер жылда құтты орнына қонады. Ал мына егіз қозыдай екі ұлы? Екеуі де еркіне жіберсе, қала асып, ұзағырақ оқуды тілегендей. Оқыған інілері де сол жолды жөн көреді. Бірақ?.. Иә, бұл туралы ойлай бастаса-ақ, қарт бидің жүрегі елжіреп, ет-бауыры езіледі: екеуін тезірек аяқтандырып, немере сүюді қалаған құрғыр көңілі пендешілікке де бұрғандай. Құлазыған көңілге кім демеу, дәтке қуат не? Бөкеші ересек, мінезі алғыр, өмірге өзінше танымы бар. Ал Қанкежаны?.. Тірі пәнденің момыны, ерекше жуас. Денсаулығы да жақсы емес, терісі сүйегіне жабысқан қатпа бала. Бейтаныс қалада бір күні ауырып қалса?.. Көз алдынан тасаға, жат қалаға жіберіп, ауылда өзі қайтып отырады? Көктемде он екіге толды, ес білмейтін өңгүдік шағы емес пе, тәйірі?..

Алайда оқытпай болмайды. Жагордың ақылы көңілге қонады. Дені сау болып, тірі жүрсе, бұл баласының бір биіктен көрінерін жүрегі сезеді. Жүріс-тұрысы, сөз саптауы, ақыл деңгейі, оқуға ынтасы — соны танытқандай, еріксіз мойындатқандай.

Жазғы демалысқа келгенде Қанышты қалада оқыту жайында Әбікей де айтатын болды. Бұл кезде ол Керекуге ұрымтал жерде, Ертіс бойындағы мектепте бала оқытатын.

— Қанкежанның ендігі тәрбиесін маған жүктеңіз, би аға. Оқуына өзім басшы боламын, - деп ол да қолқа салып отыр.

Жаз бойы әр қилы толқуда болған әке көңілі ақыры осы уәжге тоқтады: Бөкеш қолында қалады, үйленіп өзіне қолғанат болады; ал Қаныш бақталайына жазғанын байқап көрсін... Онда да алысқа емес, ояз орталығы Керекуге барады.

...Тамылжыған жаздың соңғы күндерінің бірінде Шілерті өзенінің жағасында, жайлауда отырған Сәтбай аулынан пар ат жеккен, соңында бір тон салт аттылар ілескен жеңіл арба

Ертіс жағасын бетке ұстап, жолға шықты. Делбеде Бапай палуан, жолаушысы — әкелі-балалы Сәтбаевтар. Бөкеш, Нұрлан бастаған жігіттер бұларды күншілік жерге ұзатып салып, ұзақ қоштасып, Қанышты қайта-қайта бетінен сүйіп, кейін қайтты. Қос ат сар желіске түсті. Қалаға асыққан балаға солар тек қана аяңдап келе жатқан сияқты: алып ұшқан көңілі елегізіп, алабұртқан жүрегі де бүгін өзгеше дүрсілдеп дегбірсізденіп келеді; "Қашан, қашан жетеміз? Неғылған ұзақ жол!.." деп қобалжығандай, қобалжыған сайын делебесі қозып, сағым ойнаған ұшы-қиырсыз иен жазыққа жабырқай қарайды; амал не, асыға күткен қала бірақ жуық маңда жеткізер емес...

Үшінші күннің кешінде жолаушылар қала оттарын көрді.

БИГЕ ШЫҚТЫ ДӨҢГЕЛЕП

I

Семейлік өлке зерттеуші Н.Я.Коншин 1901 жылы жариялаған "Павлодардан Қарқаралыға дейін" атты кітабында ояз орталығының келбетін былайша сипаттайды: *"Оқушы, өсімдік атаулыдан жұрдай, сарғыш топырақты тақыр жазықты көз алдыңызға елестетіп көріңізші; Ертіс жағасы мұнда да тіптік, кей тұсында құлама жар болып біткен; жазықтың өзенге еңкейген шетінде ағаштан қиылған жатаған баспаналар сап түзеп тұр; солардың ішінде еңсесі көтеріңкі, әрі көзге толымдысы — түрме үйі, оны аумақты тұрпатына қарап Сарай дегуде болады... Дала өлкесінің барлық қалаларындағы сияқты мұнда да сурең тіршілік жайлаған: клубтары бар екен — карта ойнап, кейде билеп тұратын; білімдар қауымы өзара қоғамдасып, оқу залы мен шағын кітапхана ашыпты..."*

Он жылдан соң уездік шағын қаланың қаншалықты өскенін шамалау қиын емес. Әрине, жылан жалағандай жалаңаш жазықтың жүдеу келбеті пәлендей өзгермеген. Көшелері лас, аттылы болмаса, жаяу кісі өрең жүргендей — қыста қарға омбылап, көктемде толарсақтан саз кешіп, жазда балағымен топырақ сыпырып... Тротуар салу, көшеге тас төсеу — бұл қала үшін аспандағы жұлдызға қол созғанмен бірдей орындалмас қиял. Рас, келбеті біршама өзгерген. Көшелер ұзара түсіп, кірпіштен қаланған үйлер көбейіп, солардың қатарында банк, көпестер жайы, делдалдар клубы тәрізді еңселі ғимараттар пайда бола бастаған.

Темір жол әлі жеткен жоқ-ты, ішкі қалалармен жалғасты-

ратын бірден-бір қатынас — Ертістің сеңнен ашылған кезі: Семей көпестері Төменге жіберетін заттарын осында үйеді; Орталық Ресейден Омбы, Тобылдан келетін алуан жүктер де Коряков айлағына түсіріледі; өйткені өзеннің суы төмен болған жылдарда Семей мен Павлодар арасындағы кеме қатынасына сенім жоқ, көбіне жаз ортасынан аса тоқтап қалады; сол үшін мұндағы кең үйлердің ауласы, жарқабақтың ат шаптырым жайдақ үсті де жүк қоймаларына айналған. Дала түкпірінен түйемен келетін жүн-жұрқа, мал терісі, Ертіс бойындағы казак-орыс станицалары беретін мол астық, Коряков көлінің ат көпір тұзы, Екібастұздың көмірі, Баянауылдың (Сарыадыр және басқа кеніштердің) мысы дейсіз бе, бәр-бәрінің тоғысар жері, жан-жақтан құйылар орны — осы, Керекудің биік даңғазалы кең қоймалары... Тегінде, жергілікті кәсіпшілер қойманы көптеп салып, жалға беруден де пайда табуға машықтанған. Бірақ қаланың өзінде қолөнер кәсібі шамалы өркендеген. Тек қана майда-шүйде ұсақ кәсіпорындар — былғары илейтін екі зауыт, сабын, май қайнататын, кірпіш күйдіретін шағын екі өндіріс, мал соятын қасапхана; иә, соңғы жылдары бұларға Гиссен мен Герценнің бумен жүретін диірмендері, миллионер Осиповтың тұз ұнтақтайтын фабрикасы мен қаладағы ең қалталы капиталист мордуа Деровтың тау-кен өндірістері қосылған-ды.

...Мың шақырымдық Ертіс қорғаныс шебінің бекіністерін күшейту мақсатымен жеті жерден аралық форпостар (қарауыл күзеттері) тұрғызу жобаланған-ды, солардаң бірі — 1720 жылы ірге тепкен Коряков станицасы. Бертінгі жазбаларда Коряковты көпес деп атаушылар бар. Анығында ол — Ертіс өңіріне әскери міндетін өтеуге көшірілген казак-орыстардың бірі, жүздік шені болған, форпост салынған кезде соның іргесіндегі көлден (бұрынғы аты — "Апай көлі", Павлодар қаласы орныққан жер арғынның Бәсентиін руының Апай бұтағының атақонысы) ас тұзын өндіруді алғаш ұйымдастырған адам. Сол үшін Ертіс жағасынан салынған елді мекенді жұрт Коряков атандырған, жергілікті қазақтар оны Кереку деген. 1770 жылы Ертіс бойын аралаған саяхатшы ғалым П.С.Паллас бұл өңір туралы: *"Коряков форпосты тұрғызылған Ертіс жағалауы қатынасқа өте қолайлы. Ал Коряков көлінде ас тұзының мыңдаған пұт сарқылмайтын мол қоры жатыр"*, — деп тамсана жазған. Тұз кеніші туралы Сібірді түбегейлі зерттеген саяхатшы Ипполит Завалишин 1862 жылы Мәскеуден шығарған "Батыс Сібірдің сипаттамасы" атты көлемді еңбегінің 369-373 беттерінде: *"Коряков көлі қасиеті асыл тұзы-*

мен тек Батыс Сібірді ғана қарық қылып отырған жоқ. Оның дақпырты Орал тауының арғы бетіндегі Орынбор, Пермь губернияларының талай жеріне жетіп, мол тұзбен жарылқай бастады. Көлдің тұзы ет, балық, көкөніс, саңырауқұлақты кептіруге пайдалы. Оның тұзы сіңген тағам ешқашанда бұзылмайды. Көлдің ұзын тұрқы — он, ал көлденеңі — екі шақырым. Азиаттарға ол ертеден мәлім болған. Тобыл қаласы ірге көтерген соң бұл көл орыстардың да назарын өзіне аудара бастады. Көлді 1747 жылы генерал-майор Киндерман мүқият зерттетіп, үш жылдан кейін тұз өндіруге әмір берген. Ал одан бұрын оның тұзын Коряков форпостын күзетуші казактар нәряд бойынша алыпты. 1812 жылға дейін тұз кеніші жалға беріліп келді, қазірде ол — Тобылдың қазына палатасының құзырында... Соңғы екі жыл ішінде, яғни 1857-1858 жылдары Коряков көлінен миллион пұттан астам ас тұзы өндірілген..." — деп әспеттеп сипаттаған.

Кеме жүруге қолайлы Ертіс өзені мен дәмі ерекше тұзды көл қарапайым елді мекеннің бағын ашты да, 1861 жылы небәрі 602 тұрғыны бар жөнең станица елгі адамдардың жылпостығымен тіркеуден тысқары қала құқығын алып, сол кезде бір жастағы тақ мұрагері Павелдің құрметіне Павлодар атанады. Жеті жылдан кейін қала жаңадан ашылған ояздың, ал жетпіс жылдан соң үлкен облыстың орталығына айналды.

Уездік жөнең қаланың ағарту орындары мүлдем мардымсыз, әрі кедей. Өткен тарауда біз түстеген алты оқу ұясына жаңа ғасырдың алғашқы он жылында екі-ақ мектеп қосылған. Соның бірі — 1909 жылы ашылған екі басқышты орыс-қазақ училищесі. Ол болса Орал тауының арғы бөктерінен кәсіп қуып келіп, осы өңірдегі тау-кен кеніштерін шұқылап жүріп қалтасы қалыңдаған мордуа алпауыты А.Деров сый еткен, Ертіс жағасындағы екі қабат, кең де сәнді тас ғимаратқа орналасқан (Сол қарсаңда Артемий Деров банкротқа ұшырап, қалған-құтқан қаржысымен Мәскеуге қоныс аударарда, жаратылысынан жомарт, рақымшылығы мол жан өзі тұрған үйді дала түкпірінен келетін қазақ шаруалары мен орыс мұжықтарының жеткіншектеріне білім беруге тиіс жаңа училищеге тарту еткен). Бұл училище болыстық мектептерді тәмамдаған, оқудың бастауыш бағдарламасын толық өткен шәкірттерді қабылдаған. Мұнда олар төрт жыл оқып, осы күнгі педагогика колледжі деңгейінде білім алуға тиіс. Училищенің мұғалімдері әр түрлі пәндер бойынша маманданған ұстаздар. Олардың білім дәрежесіне де ерекше талап қойылатын. Тағы бір өзгешелігі — бір сыныпта орыс, украин, қазақ

балалары тізе түйістіріп қатар отырады. Болыстық мектепте сауатын ашып, орысша тіл сындырып келген ауыл перзенті орыс балаларымен бірге жүріп тілге жаттығады.

Бұған дейінгі өмірі сайын даланың қиян шет түкпірінде өткен, үйінен қарға адым ұзап шықпаған балаға, өрине, уездік шағын қала дүниенің кереметі болып көрінген. Әсіресе жыпырлаған көп үйдің бір жерде жиын отырғаны. Соның бірінде пішен, иә мал қора жоқ, болса да көрінбеуі. Өйткені әрбір үй биік дуалмен қоршалған, кеш батты-ақ есік-терезелерін мықтап жауып алады. Жер жетпегендей, бір үйдің үстіне екіншісін мінгестіре тұрғызғандары тіпті ғажап! Мұндай үйлер бірақ көп емес, бірнешеу. Соның ең биік, әрі әдемісі — өздері тоқтаған көшедегі Гирбасов көпестің екі қабат тас үйі. Шымқай қызыл кірпіштен қаланған. Ал базар алаңындағы жыпырлаған дүкендер ше! Солардың бір-бірімен көз арбасып, айналасына жұтына қараған піркөшіктері бала түгілі, үлкеннің өзін есінен тандырғандай. Тағы бір үлкен үйді "Айтықовтың мануфактура дүкені" дейді екен — тақтай сөресінде ақ, қызылала, көк, жасыл түсті гүлдер шегілген маталар үйіліп жатыр, бір-бірінен өткен әдемі. Оның ішіне ертеңлікте бас сұға алмайсың. Үлкендерге ілесіп келген кезде Қаныш та барған, базар күні еді, бірақ сөреге жете алмады, топырлаған көп қаршадай баланы іп-лезде қақпа сыртына ығыстырып тастады. Осынша көп адам бір жерге қалай сыяды, немен күнелтеді, қайда жатады?.. Бір ғажабы, бәрі әлдеқайда асығып, сіңбіруге мұршалары келмей жүгіріп жүреді. Бір-біріне тіл қатса айқайлап, тіпті даурығып сөйлейді. Мұндағы қазақтардың мінез-құлығы да бөлек сияқты: қыр адамының байсалды, сөйлесе қалса кеңінен толғайтын ұзақ сонар қалыбы жоқ; амандасулары да тым келте, көбіне бас изеп өте шығады.

Қанышқа осының бәрі қызық, бәрі таң; алыстан лезде хабар алып, қасында отырғандай тілдестіретін телеграф үйі де; соның күні-түні ызыңдап ән салып тұратын бағандары да; қара қошқыл түтіні шүйкедей шұбатылып, Ертіс айдынында қаздай қалқып кетіп бара жатқан, иә Төмен, Омбы жақтан келе жатқан ақ шағала тәрізді кемелер де; тіпті анау соқа, шөп шабатын машинаны жөндейтін ұста дүкендері мен бумен жүретін тас диірмендер де...

II

Оқу басталуға екі-үш күн қалғанда Әбікей ағасы інісін училищеге ертіп апарған. Меңгерушісі Овсянников шашы

едірейген, ұзын бойлы кісі екен. Қаныштың Ақкелін мектебін екі жылда бітіргендігі туралы куәлігін қолына алып:

— Үздік бітіргенің бек қуантады, шәкірт Сәтбаев! — деп, қарсы алдында монтиып тұрған жасөспірімге барлай қарайды. — Ал, қане, қымбаттым, бір өлең оқып жібер.

Қаныш жазалы болған кісідей қызараңдап ағасына қарайды. Әбікей Зейінұлында үн жоқ, жайбарақат отыр.

— Мұныңыз қалай, қымбаттым? Ұмытып қалдың ба? Түсінемін, жаз қызығы, жайлауға шыққан ауыл, кеңдала...

— Қандай өлең тыңдауға ықылас етесіз, мәртебелі мырза, — дейді Қаныш кенет Овсянниковке жасқана қарап.

— Мені Яков Игнатьевич деп атауыңызды өтінемін. Кімнің шығармасын жатқа білесіз, рақым етіңіз, соны оқыңыз.

Ұстазы Григорий Васильевич үйреткендей, Қаныш қақшиып тұра қалып, самбырлаған ашық дауыспен:

— Русский стихотворец Федор Иванович Тютчев, "Весенняя гроза", — деді де, рұқсат күткендей ересектерге қарады.

— Неге бөгелдіңіз?

— *"Люблю грозу в начале мая,
Когда весенний, первый гром,
Как бы резвяся и играя,
Грохочет в небе голубом", —*

балақан мүдірген жоқ, зулата жөнелді, әр ырғаққа, тыныс белгісіне мән бере, мәнерлі үнмен оқыды. Әр сөзін тақ-тұқ, мәнін жеткізе айтады. Әлгінде қаһарлы сияқтанған меңгерушінің жүзі де жылы бастады.

— Алғашқы таныстық үшін жарап тұр! Ризамын, қымбаттым, бек ризамын!..

— Тағы кімді оқинан? Пушкинді білемін, Тургеневтен үзінді оқуға болады...

— Бүгінге жетер деймін. Сіз маған енді қазіргі билеуші патша әкеміздің аты-жөнін айтып беріңіз.

— Жоғары мәртебелі ұлы патшамыз Николай Александрович Романов, бүкіл ресейлік өктем құқықты билеуші.

— Дұрыс, мұны да білдіңіз, — дейді Овсянников шынымен риза болып. — Жоғары мәртебелі ұлы патшамыздың есімін жадыңызда ұстауға кеңес беремін. Екінші, біздің училищеді дін сабағын Павлодар шіркеуінің уағызшысы Василий әкей оқытады. Әрине, сізге оның қатысы жоқ. Дегенмен ескертемін: балалық жасап, шіркеу адамының уағызын қорлайтын әлдеқандай оғаш мінез көрсетпеуіңізді өтінемін. Үшінші, тілесеніз де, тілемесеніз де — сізге осындағы мұсылман мешітінің бас имамы Каримов мырзаның діни дәрісін тыңдау пәрыз. Жұма күні мешітке барып тұрасыз.

– Түсінікті.

– Олай болса, барыңыз. Училищенің дайындық курсына қабылдандым деп біліңіз. Үлгілі шәкірт болады деп сенемін...

Бұл мектепке ол Ақкелін болысының пансионатқа жіберген шәкірттері есебінде тіркелген. Қаныш бірақ пансионатқа жатпайды, нақ сол жылы болыстық мектептен осы училищеге ауысқан Әбікей ағасының пәтеріне орналасады. Әкесінің қалауы солай: денсаулығы төмен баланың жүдемегені жақсы; өрі бейтаныс қалаға үйренгенше оған жанашыр көз керек...

Әбікей Зейінұлы Владимир көшесінен (бертінде Ленин көшесі) татар байының ескі үйін жалға алған, үш бөлмелі жұпыны мекен. Соның бір бөлмесі Қаныштың еншісіне тиді — темір төсек, дербес үстелі бар. Бірақ Әбең үйіне қонақ көп келеді, көбіне ел адамдары. Ондай кезде шәкірт бала төсегі ғана емес, бөлмесінен де айырылып қалады. Керекуде оқитын қыр балалары да бұл үйге тым үйір. Көңілдері ақ жарқын, қолы ашық аға-жеңгесі Қанышқа еріп келген шәкірттерге: "Балалар, қарындарың ашқанда, үй дөмін сағынсандар, келіп жүріңдер!" — деп әрдайым шақырып отырады. Сөйтіп кішкене үйге сыймай, кейде бастасып-аяқтасып жататын күндер де жиі болып тұрады.

Н.Е.АЛЕКСЕЕВТИҢ естелігінен:

"...1911-1912 оқу жылының бірінші жартысында училищенің дайындық бөлімінде оқыған Қаныш Сәтбаев білімге құштар, ынталы шәкірт екенін аңғартты. Барлық пәндер бойынша әрдайым үздік бағалар алудан танбады. Сол себепті училищенің ұстаздар кеңесі екінші жарты жылдықта оны бірінші сыныптың келесі басқышына бірден көшіру туралы қаулы қабылдады. Шәкірттің ынтасы мен зеректігіне білдірген сенім еді бұл. Қ. Сәтбаев ұстаздарының сенімін толық ақтады. Тағы да үздік оқып, жазғы емтихандардан өте жақсы бағалар алды. Сөйтіп ол... училищенің бірінші бөлімін екі жыл оқудың орнына бір жылда бітіріп шықты".

Әбікей Зейінұлы осы оқу ұясына орыс тілінен сабақ беруге шақырылған-ды. Семейдегі мұғалімдер семинариясын тәмамдағаннан бергі екі-үш жылда ұстаздық өнердің бүгешігесін біліп қалған жігіт ағасы жасындағы мұғалім, әрине, ояз орталығына тап болған соң осы шәрдегі өзі құралыптас әріптестерінен олқы түспеуді ойлап, өз пәніне ықыласты бұрынғыдан да күшейткен. Әмбе ол жаратылысында қатаң тәртіпке үйренген адам, міндетті ісін ұқыпты да тиянақты атқаруға дағдыланған. Ал бала тәрбиесі болса, қашаннан

ыждаһат қана емес, ұстаздан босаңсуды, жүрдім-бардым қарауды көтермейтін жауапты жұмыс. Сірә, содан да шығар, немере інісінің келешек тағдырын өз міндетіне алған Әбекен Қанышқа да қатаң талап қойып, алдындағы жеткіншектерден оқшауланбай, барлық ынта-жігерін білім деңгейін көтеруге жұмсайды. Інісі де келген күннен-ақ орыс тілін үйренуге ерекше құмартып жанын сала кіріседі.

Көркем әдебиет кітаптарын оқуға ынтасын аңғарған Әбекен інісін бір күні халық үйіне ертіп барды. Бұл үй өздері тұратын көшеде. Бұрын онда төменгі сатылы ауыл шаруашылық училищесі болған, кейіннен бұқара халық бас қосатын мәдени орынға айналыпты. Жексенбі күндері мұнда көркем-өнерпаздар үйірмесінің хоры концерт береді, кейде "Жанды ойын" қояды, спектакль көрсетеді. Соның бәрінен де балаға халық үйінің кітапхана мүйісі ұнаған-ды. Қашан барсаң да неше түрлі газет-журнал тігінділері үстел үстінде тізіліп тұрады. Тек үйге бермейді, сол жерде оқисың. Мүйістің кітап қоры көп емес, бірақ Қаныш үшін жарап жатыр. Ағасының есеп карточкасымен алатын ұзын тізбеге көп ұзамай жаңа авторлар қосылды: Толстой, Максимов, Сервантес, Жюль Верн... Ауылда жүргенде қолына түскен кітапқа мәз еді, қазір таңдап, талғап, авторларына қарап алады.

Сірә, әдеби шығармаларды көп оқудың әсері шығар, екінші жылдан бастап Қаныштың мазмұндамалары училищенің үлгі тақтасынан түспейтін болды: жазу мәнері аса көркем болмас, ал тақырыпты сипаттап, орыс тілінде қатесіз, еркін жазуы жөнінен училищеде тең түсер шәкірт некен-саяқ...

Есеп пәнін Ахметолла Ақтайұлы Барлыбаев оқытады.

— Есепсіз өмір жоқ, есепсіз адамзатқа өсу де жоқ, балалар, — деп бастайды ол сабағын. — Өздерің ойлаңдаршы, жеке-дара алғанда — бес, иә он деген не сөз? Ешқандай мән-мағынасы, салмақ, құны жоқ, әншейін бір атаулар тізбегі. Мысалы, бір, екі, үш, тіпті жүз дейік. Осыдан не ұқтыңдар?.. Ал енді осылардың қасына әлдеқандай зат тіркеп айталықшы. Мысалы, үш өгіз, бес тауық, жүз сом делік. Немесе біздің сыныпта он бес оқушы бар, оларға бір мұғалім сабақ беріп тұр десек? Бірден түсінікті: сан сапаға айналып, санамызда сыныптың көлемі, онда неше кісі отырғаны жайында нақтылы ұғым пайда болады...

Сол жылдарда Ахметолла Ақтайұлынан дәріс алған баянауылдық Пәуен Жүсіпбаевтың айтуынша, есеп пәнін ол кісі өзінше даралап, оқушыларды екі топқа бөліп оқытқан: бірінші топ — "әлсіздер", яғни ұғымы керенау, есепке қыры жоқтар;

бұлардан зиялы білгірлер шыға қоймас, бірақ есеңгің төрт амалын олар білуге міндетті; оқытушының жігер, күші негізінен соларға жұмсалады; ал екінші топ — "күштілер", яғни есепке ынта, ұғымы зерек балалар... Бұлар "әлсіздермен" қосылып, жеңіл-желпі есеп шығарып, қымбат уақыттарын зая өткізбей, күрделі бағдарлама бойынша оқуға тиіс. Әмбе бұл топтағы шәкірттер үздік қабілет танытқан сайын есеп те күрделене береді. Мұны ол "Шәкірттердің миын шынықтыру" деп атайды...

Ал, Николай Ермилович Алексеев — біржосын балажан адам. Қашан кормесін, кімге болмасын, "әкебас, көкебас!" деп құрақ ұшып елпіден тұрады. Қыр дәстүрін жақсы біледі, қазақшаға да судай. Сол себептен де қиыр шеттен келген, бұған дейін кең далада еркін өскен ауыл, село балалары Николай Ермиловичке көбірек үйір. Үйір болатын тағы бір себебі: Алексеевтің гармонь, сырнай, балалайкада бірдей ойнап, орыстың, қазақтың, татардың неше алуан халық әндерін музыка бөлмесінде сыңсытып отыратын өнерпаз қабілеті; қалайда онымен бірге жүрсең — ешқашанда зерікпейсің; ең құрығанда, ертегі айтқызып, болмаса жұмбақ айтысып отырады; ал оның "Кодак" деген фотоаппаратын сатып алғаны тиітті тамаша болды. Шәкірт атаулы түгелдей фотоәуесқой болып кетті...

Өзі оқытатын жаратылыстану пәнін Алексеев шәкірттеріне ұғынықты, мейлінше ұтымды жолмен жеткізуге тырысады: Ертістің кең шалқар жағасын кезеді: жағалауда шоқтанып өскен тоғай ішнен гербарий жинатады; Павлодар мешандары әжуә етіп күле қарайтын әуесқой астроном Гришка-кезбенің шатырына ертіп апарып, жұлдыздар жымыңдаған аспан әлеміне телескоптан сығалатады; жүрген жерінен түрлі түсті тас жинату да — Николай Ермиловичтің ойлап тапқан ермегі; олардың әншейін тас емес, ғылымға пайдасы зор қымбат зат екенін, әмбе минерал деп аталатынын да шәкірттер тұңғыш рет сол кісіден естіген-ді; соның бәрінен де, сірә, ең әсерлісі — қала іргесіндегі Коряков тұз кәсіпшілігіне саяхат болса керек...

Осы арада шегініс жасап, ғалымның жол дәптеріне түскен жазбаларына назар аударайық, әсілі, ҚАНЫШ ИМАНТАЙ-ҰЛЫ мұндай естеліктерді оқта-текте, геологиялық саяхаттар кезінде бірінші жақпен баяндап, кейде бөгде бір адамның әңгімесі құсатып жазған: *"Қоңыр күз. Даланың шөбі сарғайып, төңірек реңі қуқыл тартқан. Ал көлге қарасаң — нағыз қыс, бүкіл жағалау жаңа ғана жауып өткендей аппақ қар. Дөң басында қараша киіз үйлер, жантайма қостар қаптап тұр.*

Олардың көптігі сонша — құдды бір қала тұрғыны тік көтеріле көшіп келіп, қоныс теуіп жатқандай... Тұз шабу маусымы кезінде мұнда бір мыңнан астам жұмысшы істейді екен, барлығы да қосіп іздеп келген қыр қазақтары. Жағадағы мұз тауларының іргесінде белуардан жалаңаштанып, терлеп-тепшіл жұмыс істеп жүрген қазақ жігіттеріне қайран қалып, келге жақындаймыз. Қызықты қараңыз: қар деп мадданианымыз — тұз екен... Көздің ортасына дейін тақтай көпірлер жасалған. Соларды жиектей жүріп жүздеген кісі тұз шауып жатыр. Олардың шапқан тұзын жүздеген кісі төшкемен жағаға тасып жүр. Жағадағы мұз таулары да солардың жаздағы маңдай терін сорғалатып, бейнетімен тұрған тұз үймелері болып шықты. Қанша артель болса — сонша үйме. Табыстары да — сол үйменің аумағына байланысты. Бір жылда Коряковта біржарым миллион пұт тұз шабылады. Оны төшкемен тасып жағаға шығару керек, одан соң арбаға тиеп, Черноярдағы айлаққа... Неткен сор, бейнет десеңізші! Біздің халықтың ас тұзын қасиетті санап, аса қастерлейтін себебін мен сол жолы ұқтым..."

— Мына шыбыққа қараңдаршы, балалар, — дейді де, Николай Ермилович қолындағы тал шыбықты көлге малып, олай-бұлай былғап, жоғары көтереді. Сәлден соң шыбық бойына жиналған тұз кеуіп қабыршақтана қатады. — Жаратылыстану ілімінде бұл құбылысты кристалдану дейді. Мына тұз кені осылай түзілген: жазда жауған жаңбыр суы, қыста түскен қардың ылғалы жердің тұзын ерітіп, қанық ерітінді түзеді; күн қызуымен су буға айналып әуеге ұша бастағанда, тұз кристалдары қабат-қабат болып көл табанында шөгіп қалады...

Ұстаздар құрамы қаншама ұлағатты, ізгі ниетті жандардан құралғанымен ашылғанына небәрі екі-үш жыл болған төменгі сатылы оқу орнының олқылығы да аз емес-ті: әсіресе оның оқу құралдарымен, қажетті аспаптармен қамтамасыз етілуі мүлдем жұтаң; ән-әуен, спорт жабдықтары туралы айттып та қажеті жоқ... Өйткені соның бәрі там-тұмдап бөлінген жетімсіз қаражатқа, көбіне қалталы мырзалардың рақымына байланысты болатын. Ал олар көшпелілер мен мұжықтар ұрпағына нота үйретіп, ән-әуенге сауатын ашудың қажеті қанша деп есептейтін. Қайсыбірі тілті: "Дене шынықтыру тәрбиесінің мүлдем қажеті жоқ, дарқан өмір ол бейбақтарға бұл сабақты туған күнінен үйретіп, мейлінше шыңдап келеді..." — деп келемеждер еді. Сол себепті училищенің спорт ойындары Ертіс жағасында өтетін. Балалар онда ойынның екі-ақ түрімен шұғылданады: сол жылдары бүкіл Ресей жұрты әуестенген — футбол мен городки...

Сөйтсе де кездейсоқ бір жағдай училищенің қаражаттан кіріптар халін біршама түзеуге себепкер болды.

Сол қарсаңда Оңтүстік Сібір темір жолы салына бастаған. Оның бір тармағы Павлодарды Ақмоламен қосуға тиісті. Құрылыс басқармасына машиналары мен жүктерін қоятын қойма қажет екен. Соны естіген дене шынықтыру пәнінің оқытушысы Терентьев училище меңгерушісіне күтпеген ұсыныс жасайды: "Бір қысқа мектеп ауласын жалға берейік, шаш етекпен олжалы боламыз". "Владимир Никонорович, бізден де гөрі аула сізге қажеттірек емес пе?" — дейді таңданған Овсянников. "Әлбетте, дұрыс айтасыз. Бірақ Ертіс аңғарындағы кең алаң не үшін? Сабақты сонда-ақ өткіземін". Ақыры, солай болды. Жалақыдан түскен қаржыға гимнастика снарядтары, шаңғы, коньки, тіпті бірталай музыка аспаптары сатып алынды.

Керекудің зиялы қауымы жарқабақтың үстінен қоршау тұрғызып, Ертіс арнасынан су тартып сырғанақ құятын-ды. Үлкендер мұз айдынына кешке таман, көбіне жексенбі күндері келеді. Күндіз онда жан болмайды. Іскер Терентьев мұның да қисынын келтірді: мұз айдынын тазартып тұруға міндеттенді, есесіне шәкірттері тегін сырғанайды...

Коньки тебуге Қаныш та үйреніп алды. Мұз айдынға ол дене шынықтыру сағатында ғана емес, жексенбі күндері, кейде кешке де келеді. Жалғыз емес, ағасына еріп. Әбікей Зейінұлы бұл өнерге шәкірт кезінде әуес болған, қазір ол — Керекудегі маңдайалды конькишілердің бірі.

Владимир Никаноровичтің тағы бір өнері ән-әуен саласында танылған. Кесулі сағатта, сабақ кестесі бойынша шұғылдану бір сәрі, Терентьевтің бұл өнерге жан-тәнімен берілгені соншалық — демалыс уақытын түгел дерлік училищенің ән-күй бөлмесінде өткізеді. Тынымсыз еңбек зая кеткен жоқ, көп ұзамай-ақ ішекті аспаптар оркестрі дүниеге келді...

Оркестр құрамында екі скрипка болатын. Е.Алексеевтің куәлігіне қарағанда, оның бірінде Қаныш Сәтбаев ойнаған. Рас, алғашқыда ол мандолина тартуға құмарланыпты. Алайда *"скрипканың жан-жүйенді шымырлатар сиқырлы үніне еліккен. музыкалық қабілеті өзгеше шәкірт тынбай шұғылданып, ақыры оркестрдің бірінші скрипкасын иеленеді"*.

Жаз шығысымен соның бәрінен сап тыйылады да, оқудан мезі болған, қаланың өлшеулі қатаң тұрмысынан жүдеп-жадаған балалар ауылдарына қайтады. Қанышты алып қайтатын кісі күні бұрын келіп, Керекуде тосып жатады. Кенжетайын сағынған қарт әкенің әмірі солай. Көбіне келетін Те-

ңізбайдың Бапайы — қолы темірдей қатты, өңі суық, зор денелі адам. Ауылдағылар оны әлде сыйлап, әлде сескенгендіктен Бапаң дейді. Бидің өзі де оны ерекше құрметтеп, "Біздің Бапаң жөпшенді ұры-қарыға алғызбайтын жүректі, батыр кісі!" — деп көпшік қойып мадақтап отырады. Онысы рас та: төр жайлауға дейін үрдіс тартса, үш күншілік ұзақ жолға шәкірт бала мен Бапаң ештеңеден сескенбей, екеуден-екеу салт шыға береді. Бапаң батыр ғана емес, біржосын сөзуар кісі. Ұзақ жолда неше алуан әңгіме айтып, кейде шырқата ән салып, жас серігін зеріктірмейді. "Оқуды тым көбейтіп барасың, Қанкежан. Осының бітетін күні қашан?" — деп сұрайды кейде ол. Шәкірт ағынан жарылып: "Әзір бітпейді, мұны бітірген соң тағы да оқимын" десе, Бапаң кәдімгідей ренжіп: "Ой-бой, Әбең ағаң құсап біздің қолға түспей кетеді екенсің ғой, қалада қаламын десеңші! Несіне арамгер болып, сені ерсілі-қарсылы тасып жүрмін? Қой, айналайын, осы жерден қалаңа қайта ғой..." — деп, атының басын тежеп кенет тұра қалады. Шәкірт бала сенер-сенбесін білмей, жол серігіне жаутандай қарайды, аң-таң. "Рас-ау, мен, осы, не үшін оқып жүрмін? — деп ойлайды, албырт көңілі қиял толғап әлденеше саққа жүгіреді. — Шіркін-ай, оқуымды тезірек бітірсем! "Халық мұғалімі" деген куәлік алып, ауылға қайтсам. Төңіректегі ауылдардың балаларын жиып алып, Григорий Васильевич сияқты мектеп ашсам..." "Бапай аға, қорықпаңыз. Ауылға қайтып келемін. Сіздің, Қасен ағаның немерелерің оқытамын", — дейді, әлі де тоқтап тұрған серігіне жымия қарап. "Онда жүрелік, Қанкежан. Би атаң да екі көзі төрт болып, жолға қарап отырған шығар..."

"Шынында да, мұғалім боламын. Әбікей ағам бізді оқытса, мен елдегі балалардың көзін ашамын, — деп ойын түйеді Бапаңа ілесіп, қоян шоқыраққа көшкен шәкірт бала. — Қайда барсаң да көрерің — теңсіздік, қорлау, кемсіту. Оқымай, қалың елдің көзін ашпай бұдан құтылмайсың, тегінде. Мәшһүр Жүсіп атамыз: *"Өнерге ғылым-білім болсаң жерік, Берілер ақыр бір күн басыңа ерік..."* — деп қай заманда айтқан! Олай болса?..."

Жасы есейіп, ақыл тоқтатып қалған шәкірт жолсыздықтың алуан түрлерін аяқ басқан сайын көріп жүр. Соған мысал іздеудің қажеті жоқ, екі сыныпты училищенің өзі-ақ теңсіздіктің үлгісі: қаладағы мектептердің ең сорлысы, ең аяғы оқу құралын сатып алу да — әлдебір қалталының мырзалығына байланысты; мұғалімдерінің жалақысы да келесі көшеде тұрған үш сыныпты қалалық училищенің оқытушыларынан

әлдеқайда кем. Өйткені бұлар — семинаристер, ал ана мектепте университет, институт бітіргендер сабақ береді. Ол мектептің оқушылары да "құдайдың қалаулылары" — көпестер мен мещандар мұрагерлері. Екі мектептің айырмасы — шәкірттердің киімінен-ақ көрініп тұр: қалалық училищенің ақсаусақтары біркелкі формамен, бойларына шақтап тігілген әдемі киімдермен жарқырап жүрсе; бұлардікі — ала-құла, ұсқынсыз бірдеңелер; алауылдан келгендердің киімі тіпті кісі күлерлік — қолпылдаған сірі тон, көбінің етегі жер сыпырғандай ұзын тігілген; өйткені, әлденеше қыс киюге, тон иесінің өсуіне есептеп, әдейі кең пішілген; көбінде бұл да жоқ — жыртық күртелер, аяқтарында қонышы қолқылдаған саптама, қайқы бас пималар...

Әбікей ағасынан осындай айырмашылықтың себебін сұраса: "Оқуыңды қадағала, Қанышжан, — дейді. — Ғылым киім талғамайды, көкірегі ояу, ынта қойған кісіге қонады. "Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады" деген сөзді шығарма жадыңнан!"

1914 жылдың қысында, Қаныштың соңғы бөлімде оқып жүрген кезі, халық үйінде тағы бір үйірме жұмыс істей бастады. Неше түрлі бал билерін үйретеді екен. Шәкірттің көңілі бұған да ауады. Бірақ оған қатынасу үшін жасы жетпейді, әмбе жарна төлеу керек... Тағы да, амал бар ма, ағасынан көмек сұрауға тура келді.

Әлкей МАРҒҰЛАН естелігінен:

"Музыкамен қатар, Қаныш биді де артық қадірлейтін. Краковяк, подспан, полька, мазурка, вальс билерін ол кездегі қазақ жастарында Сәтбаевтардан артып ешкім билемеген. Соңғы жылдардың өзінде Кисловодта демалып жатқанда, бұл билерді Қаныш өте әдемі билеуші еді. Сондықтан Горький атындағы санаторийдің карнавалында бірінші жүдені әрдайым оған тартатын. Қаныштың бұл өнерді жақсы көруі сонша, демалысқа барған сайын осы күнгі фокстрот, танго, халигали, ча-ча билерін үйреніп, оларды да әдемі орындайтын. Тіпті бір жылы твист биін үйренуге күмартып, оның да ырақтарын келістіре, тым әдемі билеп кеткені есімде".

...Осылайша жебедей зымырап үш жыл өте шықты. Он екі жасында Керекуге келген шәкірт бала он беске толды. Бойы ғана емес, ойы да өскен. Үлкендермен кәдімгідей жайланып отырып әңгіме шертеді. Сауық құрған мәжілістерде скрипка, нә домбыра тартып, өн де шырқап жібереді. Оқыған кітабының оқиғасын майын тамыза әңгімедеп, қайыра айтып беруі қандай! Сөз саптауы салмақты, жүріс-тұрысында мол

парасат бар. Ауылда жүргенде Нұрым апасы өбектеп, жылы болады деп еріксіз кигізіп қоятын түйе жүн күпісі меп сеңсең тымағын, саптама етігін баяғыда тастаған. Қазір ол қалаша киінеді; қайырма жағалы, жез түймелері жарқыраған қара пальто; шәкірттер аса ұнататын сәнді китель; аяғында қисық табан қызыл етік; бұтында галифе шалбар; шекпелі кең көйлектің сыртынан жібек белбеу буынады; басында мақпал қара бөрік. Қатпа денесі де ширап, бойы ұзара түскен, шаш қояды. Шашы бір түрлі әдемі, толқынданып тұрады.

Ой жүгіртіп сараласа, үш-ақ күндей боп зымырап өте шыққан үш жылда қаладан көрген-білгені, көкейіне түйгені аз емес. Павлодардың басты көшесі Владимирскаяның бойында Митя Багаевтың (өлкетану мұражайын ұйымдастырушылардың бірі — С.М.) фотошеберханасы бар. Керекуге тап болған алғашқы жылы Қаныш соған барып, суретке түскен; Ертіс жағасындағы тұз үйілетін алаңда "Заря" және бір жерде "Фурор" деп аталған кинематограф ашылғанда, аппақ мата керілген қабырғада түрлі фотобейнелердің жан біткендей би билеп, ерсіл-қарсылы жүгіруін бақылап, өзімен бірге оқитын қазақ жастарымен соны неше мәрте қызықтап, таң-тамаша болған-ды; базар алаңындағы ағаштан қиылған даңғаздай кең үйде Коромысловтың көшпелі циркі өнер көрсететін; бір жылы көктемде соның алдындағы тақтай сөкіге атақты қазақ палуаны Қажымұқан Мұңайтпасов шығып, жуандығы білектей сым темірлерді сымша бұрап, одан соң нешеме пұт кір тастарын төбесіне көтеріп, ақырында көп кісі тиелген арбаны тісімен сүйреп... жиналған жұртты қызыққа кенелткенді; Шмидт деген бай көпес тұрғызған "Ливадия" мейманханасының алды да кешке таман неше түрлі ән шырқалып, би биленетін ойын-сауық алаңына айналатын...

Сірә, соның бәрінен де елікпе көңілді жасөспірімдерге Әбікей ағасы мен Қамила жеңгесіне еріп, зиялы қазақтардың үйіне қонаққа барғанда, кейде қала іргесіндегі "Көкжатақта" тұратын сері көңіл жамағайындар шаңырағындағы ойын-тойларға шақырылғанда, сол жылдарда атақ-дақпырты дүрілдеп Ертіс атырабына кең жайылған Жарылғапберді, Жаяу Мұса, Акеділ, Майра, Естай сияқты дүлдүл әншілерді тындау өзгеше әсерлі болатын. Жан дүниесі рақатқа бөленіп, ұмытылмас ләззат алып, өзі де соларға қосылып ән салғандай сүйсіне тыңдайтын-ды...

Сонымен, оқу жолындағы екінші басқыш, тағы бір мектеп тәмам болды. Мұны да мерзімінен бір жыл бұрын және үздік бағалармен бітірді. Сөйтсе де қанағатсыз жас көңіл тояттар емес. Бұдан да гөрі биігірек, қияндарды тілегендей...

III

Әбікей Зейінұлы сол көктемде Семейдегі мұғалімдер семинариясынан шақыру алған: орыс тілі мен әдебиеттен сабақ беру ұсынылыпты; еңбекақысы мұндағыдан көтеріңкі; әмбе пәтер үймен қамтамасыз етеді... Әбең үй-ішімен, елдегі үлкендермен ақылдасты. Сірә, көңілі ауса керек, "Семинария — екі сыныпты училище емес, дәрежесі жоғары оқу орны... Семей де — уездік қала Кереку емес, облыс орталығы. Орыс зиялылары, оқыған қазақ азаматтары жиналатын жер..." деп толғанып жүрді де, ақыры жазғы емтихан бітісімен көшуге жинала бастады.

— Ал, Қанышжан, екеуіміз ертең екі жаққа жүргелі отырмыз. Оқу жөнін не істейтін болдың? Әлде үйге барған соң ойланасың ба? Би атаң бұған не дейді?

— Өзіңіз қандай кеңес бересіз?

— Меніңше, сенің алдында үш түрлі таңдау бар. Оның біріншісі — Омбы қаласы. Сәті түсіп бара қалсаң — әрине, үлкен шәр, мақтаулы оқу орындарының біріне түсіп кетуің хақ. Дайындығың жаман емес. Бірақ ол — елден қашық, таныс кісі жоқ, қатынасқа да қиын. Би аға да соны айтып, ол жаққа сені, сірә, жалғыз жібере қоймас... Екінші оқу — осы Керекуде. Мұнда да биыл екі жылдық мұғалімдер курсы ашылғалы отыр. Оны бітіріп шықсаң — болыстық мектепке мұғалім болуға жарап тұрсың... — деп, ағатайы сәл тоқтады да, — өзінмен қатар оқыған баянауылдық ағаларың Сәлемхат Күленбаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сүлеймен Ержанов, Жафар Әбдіхалықов, Хабиолла Барлыбаев, Пәуен Жүсіпбаевтар осы курсте оқимыз десіп, өтініштерін беріп те қойды. Олардың жөні бөлек: жастары жиырманы алып қойған марқа жігіттер, тезірек бір куәлік алып, бас құрап, шаңырақ көтеруді ойлағандарын, сірә, пәлендей деп сөгуге болмайды... Ал сен үшін үшінші жол — көңілің қаласа, Семейдегі мұғалімдер семинариясына бару керек. Ашылғанына біраз жыл болды, оқытушылары өте білікті жандар. Би аға да мен бара жатқан соң бұған қарсы болмас деймін...

— Өзім де осыны жөн көріп отырмын.

— Онда уәде осы болсын, Семейде жолығайық...

Алайда жасы сол жылы жетпіске ілінген Имантай кенже баласының шалғайдағы Семейге кетуін аса жарата қоймаған. Қаныш оқу жайында сөз бастаса, естімегенсіп, әңгіме тәркінін басқа жайға аударып жібереді. Немесе "Бір жыл ауылда бо-

лып, дем алсаң қайтеді, мынау соғыс дақпырты да жақсы емес-ау... Ел жайы не болады?" — деп қамығып отырады.

Қарт бидің ойлаған қатері расқа шықты. Қыс бойы елді дүрліктірген соғыс өрті бір-ақ күнде, 19 шілдеде бұрқ етті. Соның шарпуы іргеде тұрған Баянауыл станицасындағы халықтың улап-шулаған күйзелісінен-ақ танылғандай: жап-жас казак-орыстар үй ішімен жылап қоштасып, майданға аттанып жатыр. Каланың халі қандай десеңші, қыр елінің жайы не болады — ал егер бұл өрт тым созылып кетсе?..

Бұл оқиғаның жалғасын Сәтбай ауылының болашақ күйеуі (Раушан Әбікейқызының), қарт бимен талай мәрте мәжілістес болған ӘЛКЕЙ ХАҚАНҰЛЫ былай деп әңгімелейді:

"...Байқасам, Қанышжан не тамақ ішпейді, не жарытып кісімен сөйлеспейді, бүгіліп ойға түсе бастаған, — деп есіне алған-ды сол жылы Имекең менімен әңгімелескенде, — Әбенмен сөйлесіп, ақылдасуға болмады. Ол кісі Өскемен-Зайсаң шығып кеткен. Бірнеше күн ойланып, толғанғаннан кейін. — Қой, баланы бұлай жүдетуге болмас. Не де болса бір жалғызға тапсырдым, — деп, тамыз айының басында Қанышты ертіп, Керекуге аттандым..."

"Имекеңнің қасына айнымас достары Бапай мен Қозыбағар ереді. Төртеуі бір жұма жүріп, Ертіс бойына келгенде Қаныш:

— Әке, мен Керекуге бармай-ақ қояйын, онда барсам, тағы да кешігіп қалармын. Мені осы Қызылшырпыдан (қазіргі Ақсу қаласы — С.М.) кемеге отырғызып жіберіңіз, — дейді.

Жолаушылар Семейге баратын кемеңіз келуін күтіп, Қызылшырпыда бір апта жатады.

— Бір күні шай ішіп отырғанда, — деді Имекең әңгімесін жалғап, — келе жатқан кемеңіз даусы естіді. Жүрегім су ете түсті. Қаныш бұдан былай жалғыз кетеді. Өргеніп тұрған соғыс өрті мынау, көңіл жүдеу, ел арасында ауру-сырқау көбейе бастаған. "Он бес жасар баланың тағдыры не болады?" деген ой кеудені кернеп барады. Ауылға қайтадан алып қайтуға болмайды. Оған баламның көнетін түрі жоқ. Бұл екі ортада Қозыбағар атты жегіп, нәрсені артып қойған. Қанышжан алдымда мөліпп, тез шығуды өтініп тұр. Арбаға үнсіз отырып, кемеге келдік. Қанкежан ішке кіріп кетті, бізді кіргізбеді. Біраздан кейін кеме жүруге айналды. Қанышжан кемеңіз үстіне жүгіріп шығып, бізге қолын бұлғады. Қасымдағы Бапай мен Қозыбағар көздерінен жас мөлтідетіп, аман болғай деп тұр екен. Өзім де ішімнен соны айтып, елге қайттық..."

ҚАНАТ ҰШҚАНДА ҚАТАЯДЫ

I

Мұғалімдер семинариясы Семейдің теріскей тұсында, қаланың даламен шектесетін шетіне орналасқан. Көше де Степная аталған (қазірде Шоқан Уәлиханов атында).

Семинария үйі — сол күннің өзінде қаладағы еңселі, іші-сырты ою-өрнектермен безенген, қақпа, шатыр жиектеріне дейін неше түрлі нақыштармен көркемделген екі қабат әдемі тас ғимараттардың бірі. Қаныш келген кезде бұл ұя шаңырақ көтергеніне он жылдан асып, өзіндік дәстүрі, ұстаздық үлгі-өнегесі қалыптасқан салиқалы білім ошағы болатын. Семинарияның оқытушылары да аса білікті жандар — ағайынды Н.Н. және А.Н. Белослюдовтар, Н.Я.Коншин, ерлі-зайыпты Нәзипә және Нұрғали Құлжановтар, Н.П.Ильинский, В.М.Морозов, Ә.З.Сәтбаев, Н.Сулима-Грузинский, В.Н.Попов...

"Николай Николаевичтің (Белослюдов — С.М.) жарқын бейнесі алдынан өткен шәкірттердің жадынан ешқашанда ұмытылмақ емес, — деп куәлік етеді семинарист Мұхтар ӘУЕЗОВ. — Бір ғана өз пәнін оқытумен ол тынбайтын. Оның әңгімелері ой қозғап, қиялыңа қанат бітіретін. Бұл кісінің дүние танымы, ұстаған бағытының ізгілігі мен прогрессивті көзқарасы, әсіресе шәкірттеріне деген шексіз бауырмалдығы шын ниетпен құрметтеуге себепші болатын..."

Бұл жерде әңгіме Белослюдовтардың ең үлкені туралы болып отыр. Олар төртеу еді: Николай, Алексей, Виктор, Федор. Төртеуі де жан-жақты білімді жандар. Соны және әлеумет ісіне, бұқара халықтың көзін ашуға жұмсаған. Сол үшін де ағайындылар жергілікті жандармерияның астыртын бақылауына түседі... Белослюдовтардың көбірек танылған саласы — ағарту жұмыстары, әсіресе өлкетану, археология, фольклор жинау. Замандастарының куәлігіне қарағанда, ағайындылардың Крепостной көшесіндегі (қазіргі Достоевский) екі қабат меншік үйінде 1906 жылы ашылған дербес мұражайда төрт мыңдай мұрағат болған. Онда геология, минералогия, палеонтология, археология, көне заттар (қолжазбалар мен ескі кітаптар, сирек ұшырайтын мүліктер), этнография, нумизматика, картиналар мен суреттер бөлімдері бар-ды. "Сібір музейлерінің ішжуі" атанған, Омбыда өткен бірінші Батыс Сібір көрмесінде (1913 ж.) Кіші күміс медаль алған ағай-

ындылардың мұражайына, әрі үйіне Семейдің сол күндегі зиялы қауымы өзгеше ықыласпен қараған. *"Киргиз ертегілері туралы дәріс оқымақпын, Семей жұртшылығын Николай Максимович Ядринцев мадақ тұтқан тамаша ғалым Шоқан Шыңғысұлымен де таныстырғым келеді. Жас өрендерге ол туралы әңгімелеу — тамаша өнеге, көкіректеріне сәуле құяр игі іс болар еді,* — деп хабарлайды Алексей Белослюдов 1915 жылыдың қазанында Г.Н.Потанинге жолдаған хатында. — *... Семейдегі оқу орындарына дала жастары қазір көптеп келе бастады. Олардың ішінде білімге құштар шынайы ынталылары аз емес".*

Семейлік өлке зерттеушінің белгілі саяхатшы Г.Н.Потанинге жолдаған келесі хатынан біз қаладағы қазақ оқығандарының үйірме ашқанын, аптасына бір мәрте бас қосатынын, шәкірт жастардың соған қуана жазылғанын білеміз. *"Үйірме қазақтың халық шығармашылығы жайында материалдар жинап, фольклор және этнографиямен шұғылданбақ,* — деп жазады одан әрі А. Н. Белослюдов. — *Ертекке жүйрік адам іздеп жүрміз. Ұқыптап жазып алып, орыс тіліне көркемдеп аудару. Абай Құнанбаевтың өлеңдерін орыс тіліне тәржімалауда бірінші кезектегі міндет болып тұр..."*

Сапарғали БЕГАЛИН, жазушы, ("Қазақ әдебиеті" газеті, 10 желтоқсан 1971 ж.):

"Нәзіпа жеңгей қуана қарсы алды.

— *Жақсы келдің... Сауық кешіне рұқсат берілді. Соған дайындық бастадық. Бүгін осы үйге біраз жастар келеді, кешті жүргізу тәртібін жасаймыз. Сен де ішінде бол,* — деп күлімдей тоқтады. Біктіяр болып, үйдегі анадай-мынадай дайындыққа болысып, кісілерін күттік.

Бір мезгілде семинария формасын киген екі жас жігіт келді. Ол екеуін өткен күзде осы үйде бір мәрте көргенім барды. Бірі ашаң, ұзын бойлы жасөспірім, сәл ұяңдау... Екіншісі домбыра тартып, ән салатын, аласа, шымыр денелі семинарист. Оларды ықыласпен қарсы алған Нұрекен де, Нәзіпа жеңгей де:

— *О, Жекей, дайындық қалай? — деп іле сұрай бастады. Анау шымыр денелі, маңдайлы, сарысұр семинарист:*

— *Қаныш екеуіміз дайындық істеп жатырмыз,* — деп жауап берді. *Мен аңғармаппын, бұл екі жігіт ауыздағы киім шешетін бөлмеге бір домбыра, бір мандолинді сүйеп қойыпты..."*

Ерлі-зайыпты Құлжановтар әзірлеген бұл кеш 1915 жылдың 13 ақпаны күні Семейдің делдалдар клубында өтеді. Бұл

туралы "Айқап" журналы сол жылғы бесінші санында "М.М." деген тілшінің "Қазақша бастапқы ойын" атты хабарын жариялаған:

"...Семейдің тіркәшік клубында қазақша әдебиет кеші болды. Ойнаушылар қазақтың оқыған жастары, оқыған әйелдері еді. Ойын төрт бөлімге бөлініп, қазақтың бұрыннан сауықшыл, өлеңші, әнші ақындары, ескі кемеңгер билердің шешендігі әр түрлі сөздермен тақпақтап, өлеңдетіп айтылды... Қазір ойналатын "Біржан мен Сара" турасында Нұрғали Құлжанов жұртқа мағлұмат берді... Залдың бір жағына қолында үкілі домбырасы, торғын шапанды, ақ камзолды, орта бойлы, дөңгелек кішкене қара сақалды, камшат бөріктің шоқпардай үкісін бұлғақтатып, айқайды сала ән шырқап Біржан шықты... "Бұл үйде Сара бар ма, шықсын бері, Іздеген келіп тұрмын Біржан сері..." — деп шырқаған Біржан дауысын естіп, қасында жеті-сегіз қыздары бар, бұрала басып, былқылдап Сара шықты... Біржан рөлін алған Жүсіпбек Аймауытов та, Сараның рөлін алған Тұрар ханым Қозыбағарова да ойлағаннан артық шығарды..."

(Демек, Жүсіпбек те облыс орталығындағы іргелі оқу орнына келген. М.М-ның хабарламасы бойынша, ол сол кеште домбыра тартып, кейбір әншілерді мандолинамен де сүйемелеп, бұған қоса надандық туралы тақпақ оқып, ақырында "Ғалия" әнін келістіре шырқап, "Бастапқы қазақша кештің" сәтті де көңілді өтуіне айрықша мол үлес қосқан).

"...2-ойында Нәзипа Құлжанова Ыбырай Алтынсариннің жазды суреттеген сөзін сөйледі. Әнші Әлмағанбет "Ырғақты", "Татьяна", "Жарқ етпес" дейтін өлеңдерді домбыраға қосып айтты. Екі домбыра мен бір мандолина қосылып, ұлт күйін тартты. Т.Жомартбаев, Қ.Сәтбаев, М.Малдыбаев (біздің жорамалдауымызша, "Айқапқа" басылған хабардың несі осы кісі — С.М.) декламация оқыды..."

Ерлі-зайыпты Құлжановтар мұғалімдер семинариясында ұйымдасқан кезінен ұстаздық еткен.. Нұрғали Құлжанов — Торғайда Ы.Алтынсарин 1864 жылы ашқан тұңғыш қазақ мектебінің түлегі, ал жұбайы Нәзипа Сағызбайқызы — өткен ғасырдың аяқ шенінде Қостанайдағы орыс-киргиз прогимназиясында оқыған бес қазақ қызының бірі. Прогимназияны ол аса үздік бағамен, бірінші оқушы атанып бітіреді де, Торғай қаласындағы қызбалалар училищесіне ұстаз-тәрбиешінің көмекшісі болып тағайындалады. Сірә, сол қарсаңда Торғайда қызмет істейтін Нұрғали мұғаліммен кездескен.

Оқыған зиялылар бірін-бірі сүйеді, бірақ үй болып бірден шаңырақ көтере алмайды... Оның себебін біз Нәзипа Сағызбайқызының Торғай облыстық губернатор кеңсесіне жолдаған арызынан білеміз. Қазақ жолымен танымайтын кісіге жастай атастырылғанын; кедей ата-анасының сол үшін ертеде алып қойған қалыңмалын қайтара алмайтынын; ал өзінің сүйген жігіті учитель Құлжановқа заңды түрде тұрмыс құруды қалайтынын... айтыпты Санкт-Петербург архивінде сақтаулы тұрған шағым хатында ол. Ескі ғұрыпқа қарсы шыққан қазақ қызының өтініші жерде қалмайды.

Неке куәлігін патша әкімдерінің қолынан алған Құлжановтар бірақ Торғай қаласында тұра алмайды, қиырдағы Ертіс жағасына жылыстап кетуге мәжбүр болады. Тап осы уақыттан былай ерлі-зайыптылар күллі өмірін туған халқының ізбасар ұрпағының көзін ашып, жаппай сауаттандыру жолына жұмсайды. Сол жолда жүріп Нұрғали Құлжанов 1919 жылы Колчак жендеттерінің қолынан қапылыста қаза тапқан. Ал Нәзипа Сағызбайқызы — 1937 жылғы, ел оқығандарын жаппай отаған "Қызыл қырғынның" құрбаны.

Семинария шәкірттеріне сол жылдарда заң мен құқық пәнінен дәріс оқыған оқытушының есімі — өткен тараудан оқырманға таныс Николай Яковлевич Коншин. Ол болса XIX ғасырдың 90-жылдарында Петербург университетінің заң факультетінде оқыған білімпаз... Ертіс бойына ол жер аударылып келген. Біраз жыл Өскемен оясында айдауда болып, ақырында облыс орталығында тұруға рұқсат алып, журналистік және ағартушылық жұмыспен шұғылданған. *"Мен Абай Құнанбаевпен тұңғыш рет Коншиннің үйінде кездестім. Семейге келген сайын Абай Құнанбайұлы Николай Яковлевичке соқпай кетпейтін..."* деп-ті семейлік ұстаз А.А.Брюханов ұлы ақынның әдеби-мемориалдық мұражайына тапсырған естелігінде. Осынау шағын куәліктің өзі-ақ Н. Я. Коншиннің рухани өмірі жайлы біршама дерек бергендей...

II

Қаныш келген жылы Семейде қырық мыңнан астам тұрғын болатын. Екі жүз жылда қарапайым бекіністен облыс орталығы болып өскен жасамыс қалаға бұл айтарлықтай жетістік емес. Бірақ өзімен қатарлас ірге тепкен Өскемен, Павлодар, Верный, Жаркент, Аягөз, Қапал тәрізді уездік қалалармен салыстырғанда пәлендей аз да емес.

О күндегі Семей — Алтайдан Алатауға, Ертістен Есілге

дейінгі орасан зор аймақты алып жатқан ұланғайыр өлкеңің әкімшілік орталығы. Алты ояз, жүзге тақау болыстың басын құраған қалың ел бағынатын генерал-губернатор кеңсесі де осында. Соған орай Ертіс жағасындағы қала тез өсіп, көркі де айтарлықтай келбет ала бастаған. Еуропа мәнерімен салынған еңселі ғимараттар, іші ғана емес, сырты да неше алуан әлемішпен безеніп, орталық көшенің екі жағында сап түзеп тұрады: губернатор кеңсесі, генерал шеніндегі ұлықтың өзі тұратын әдемі үй, өткен ғасырдың орта шенінде ірге тепкен Қытай консульствосы Шығыстық сәулет өнерінің ең озық үлгісімен салынған, банк ғимараты, ер балалар мен қыздар гимназиясы, көпестер клубы, қалталы саудагерлердің өзара бәсекемен тұрғызған, сән-салтанаты бір-бірінен асқан дүкендері мен тұрғын үйлері — бәр-бәрі Сібір мен қазақ даласының өзара түйіскен шебінде тұрған жаңа қаланың айырықша орнын, тарихи мәнін паш еткендей. Бұл қаланың мешіттері мен шіркеулері де өзара бой жарыстырып, бір-бірінен даңқын асыру үшін ғана емес, бұқара халыққа дарытар уағызын қала мен дала тіршілігінің әр саласына кеңірек тарату үшін де тайталасқа түскендей. Жаңа ғасырдың басында Семейде он екі мешіт, алты шіркеу мен жебірей халқының діни құтбасы — синагоганың жарыса қызмет істегені облыс орталығының рухани ділін айқын аңғартса керек...

Ол кездегі Семей — Сібір мен Шығыстың өзара пұл айырбастап, сауда-саттық жүргізетін шекаралық алтын қақпасы. Қалада ғасырдың екінші жылында ашылған Айырбас алаңы жұмыс істейді. Арғы жылдарда оған он бір мың түйе келіп кетеді екен. Он бір мың түйе Ташкент пен Бұхараның жібегі мен мейізін, Құлжа мен Шәуешектің шайы мен кәрлен ыдыс-аяғын, ішкі Қытайдың күмістелген неше түрлі асыл бұйымдарын Ертіс жағасына тасыған. Орал мен Сібірдің өнерлі шәрлері — Тобыл, Омбы, Ірбіт, Новониколаев (осы күнгі Новосібір), Томның темір-терсегін, әр түрлі қолөнер заттарын, бағалы аң терілерін Семейден Орта Азия шәрлеріне жеткізетін де осы жануарлар. Жаңа ғасырда тасымал құралы өзгерді, тауар айналымы да жүздеген есе өсті.

Семейдің өзі де бұл кезде бірталай бұйымдар өндіреді: шегірен былғарысы жәрмеңкелер сәресінде бір күн жатпайтын өтімді пұл; қала зауыттары өзара бәсекемен күйдіретін кірпіштер беріктігімен әйгілі; даланың ділір қажетін өтеу үшін сабын қайнатылады; балауызы мен сырасы да шартарапқа жақсы мәлім... Семейге темір жол 1915 жылы тартылған. Ал пароход бірлестігі "Меркурийдің" қызметін қала тұрғындары екі ғасырдан бері пайдаланып келеді.

Облыс орталығының мәртебелі дақпырты мәдени-рухани деңгейін де күрт көтеріп, уездік қалалардан көш ілгері шығуына жағдай туғызған. Он бес жасар жасөспірім бұл айырмашылықты келген бетте-ақ аңғарған. Бұдан үш жыл бұрын, Павлодарды алғаш көргенде он төрт мың тұрғыны бар қаласымақты ертегі шәрдей көріп, соған да аузын ашып таңырқай қарағаны — әншейін нәрсе болып шықты. Нағыз өркеніетті де өскелең қала деп мына Семейді айт! Оқу залындағы даңғарадай терезелер көпес үйлерінің қақпаларындай керемет үлкен, Халық үйінің сән-салтанаты қандай! Ал орталық тұстағы облыстық кітапхана ше? Қаншама мың кітап бар онда, журналдар ше! Тіпті шетелдік басылымдар да келіп тұрады деседі. Тек соған көкірегің жетіп оқи алсаң?!.. Шаңырақтай көзәйнектері қушық бетін тұтас жауып, ертелі-кеш кітапқа шұқшия оқып отыратын оқымыстылар бұл жаққа қайдан келген десенші? Үлкендердің айтуынша, көпшілігі өз еркінсіз келген, өкіметке жазалы жандар деседі. Әрине, әлдебір қылмысы үшін. Ал газет-журналға үңілуіне қарасаң — қылмыс жасаған бұзақы адам деп сірәда ойламайсың.

...1856 жылдың жаз айының жаймашуақ күндерінің бірінде унтер-офицер Достоевский казарма үйінен шыға бере, қақпа алдында, ат жақты, маңғұл пішінді нұрлы көзі күлімдеп, өзіне қарай жіті адымдап келе жатқан әскери киімді қазақ жігітімен ойда жоқта ұшырасып қалды. Апырау бұл кім дегенше поручик жігіт өзін қапсыра құшты.

— Федор Михайлович! Қымбаттым, сізді іздеп келемін!

— Вали-хан! Қайдан жүрсің? Көктен түстің бе? Ай-ай, Вали-хан достым!

Екеуі дабыралай сөйлеп, жазушының уақытша пәтеріне жеткенше ауыздарын жапқан жоқ. Сірә, бір-біріне айтары аз емес. Шоқан болса Тянь-Шаньға саяхатқа аттануға өзiрлік жасап жүр екен. Ол сапарға осы қаладан аттанбақ. Ыстық көлдің арғы-бергі жағасын түгел шарламақ. Федор Михайлович те жан досына осы өңірдегі қазақтар тарихынан жиған-терген деректерін мақтана көрсетті. Қажет десе соның бәрін досына сый етпек. Өйткені, Шоқандай жас білімпаз туған халқы жайында аса құнды этнографиялық материалдарды көштеп жариялап, Еуропа жұртын хабардар етуге тиіс...

1858 жылы Семейге екінші мәрте келгенінде де Шоқан Ұелиханов тұтқын қамытынан босаған жазушыны іздеп тауып, алыс та қатерлі сапарға, Қашқар еліне саяхат жасауға біржола бекінгенін досына құпиялап мәлімдеген. Бұл саяхатқа оны қадірменді П.П.Семенов-Тянь-Шанский көндіріпті.

Өйткені сол елдің қатаң заңы Еуропа тұрғынын енгізбейді екен. Жуықта бір шетелдік ғалым сол елге жасырын кіргені үшін жер жастаныпты-мыс. Ал, өзі сауда керуеніне ілесіп, Әлімбай деген көпестің атын жамылып, жасырын бармақ... Әрине, бірін-бірі айырықша қадір тұтқан екі дос бұл жайында, тағы нендей оқиғалар турасында неше күн, неше түн өңгіме шертті. Бәлкім Бұзау аралға барып, ұзақты күн серуен де жасаған болар-ау. Бір жолы атқосшы алып, мықты аттармен Шыңғыс бөктеріне, оның түстігіндегі Арқат тауына салт атпен неше күн қыдырып қайтты. Тағы бірде Тарбағатай бөктеріне, Аягөз өзеніне дейін барыпты...

Міне, сол аурухана орныққан Больничныйдан (қазіргі академик Павлов атындағы) бергі Крепостной көшесі. Өздері тұратын үлкен Владимир көшесінен теріскейге қарай екі жүз қадам жүрсең-ақ соған тап боласың. Рас, ол көшеде тас төселген тротуар жоқ, әдейі төгіп қойғандай сусыма құм. Қаныш бұл көшедегі жұпыны бір үйді жақсы біледі: астыңғы қабаты қызыл кірпіштен қаланып, үстіңгісі жуан бөренеден қиылған; күнбатыс жақ бұрышында ақ мәрмардан шабылған әдемі тақта бар; ал онда: "1857-1859 жылдары бұл үйде орыстың ұлы жазушысы Федор Михайлович Достоевский тұрған" — деп жазылған. Тақтаны көрген сайын Қаныштың қиял құсы қанатын қомдап көкке көтеріледі де, бұдан 50-60 жыл бұрынғы оқиғалар керуенін кешкендей болады: әскери кителін иығына желбегей жамылып, Ертістің екіге жарылған аралығындағы кең аралға қарай аяндап бара жатқан, жазушының жүдеу бейнесін таниды; енді бір сәт әлгі үйдің ауласындағы ағаш сәкіде Федор Михайловичтің жас досы Шоқанмен әңгімелесіп отырғанын аңғарады; әрине, арманшыл жасөспірім одан әрі туған ауылына жетіп, Шоқан Шыңғысұлының бір кезде тамылжыта айтып, жас көңілін елендеткен, ертегі сияқты алуан хикаяттарын әңгімелеген әкесін көреді... Орыс әдебиетінің кемеңгері Достоевский, өз әкесі жігіт күнінен ұстаз тұтып, парасатты тұрпатын жүрегінде сақтап қалған қайран Шоқан!.. Енді міне араға көп жыл салып, жазмыштың жазуын қараңыз, екі ұлы перзент кездескен, бірін-бірі қалтқысыз сүйіп, мәңгі табысқан Семейге тап болып, талай күн, талай кешті бірге өткізген ескі үйдің қасынан өзі, семинария шәкірті, сабаққа бара жатып та, келе жатып та жанай өтеді...

Семейдегі өлкетану мұражайы мен Н.В.Гоголь атындағы көпшілік кітапханасы 1883 жылдың күзінде ашылған. Ал

Жағырапиялық қоғамның Семей бөлімшесі 1878 жылы ұйымдасып, осы өңірдің ескі-жаңа тарихын жүйелі түрде зерттеп, тіпті сол мақсатпен кітаптар да шығара бастапты. Копшілік кітапханасындағы кітап қоры ту баста шамалы болған, алайда Ресей Ғылым академиясы бір жолы 283 том ғылыми басылымдарын сый еткен соң-ақ алып империяның жер-жерінен алуан әдебиеттер жиі-жиі түсетін болған. Мысалы, Санкт-Петербургтің табиғатты сүюшілер қоғамы өздері шығаратын журналдар мен ғылыми кітаптарды жыл сайын жіберіп тұрыпты. Нәтижесінде мұражайдың кітап қоры күрт молайды. Қала тұрғындарының да білім шамшырағына деген ынтасы ерекше зор: қыр елінен кітап алдырып, ие жиі келіп, білім қорынан сусындауға ынталылар да аз болмаған, солардың бірі — Шыңғыстау қазағы Абай Құнанбайұлы... Ұлы ақынның мұражайындағы естеліктердің бірінде Баянауылдағы оқымысты замандасы Сәдуақас Мұсаұлы Шорманов пен Абай ғұлама Семейдегі Бас мешіттің жұма намазында танысып, осы кітапхананың оқу залында табысқандығы айтылған. Демек, жер шалғайлығына қарамай, Баянауылдың ат төбеліндей білімпаз қауымы Семейдің кітап қазынасын әредік болса да рухани әжетіне жарата білген.

1885 жылы Ресейдің Сібір атырабындағы түрмелерін аралап, саяси айдалғандардың тұрмыс жағдайын көріп, сипаттап жазу мақсатымен сапарға шыққан американ қаламгері Джордж Кеннан Семейге де соғып, бірнеше тәулік шеру болған. "Сібір" деп атаған жолжазба кітабында сол білгір осы қаладан көрген-білгені туралы былай депті: *"Қала кітапханасынан мен Спенсер, Бокль, Дарвин, Льюис, Милл, Тэн, Леббок, Тейлор, Гексли, Лапель, Тиндаль, Альфред, Рюссель Уэллес, Мэкензи Уэллес және Генри Мэн сэрдің шығармалары мен Скотт, Диккенс, Мариэтт, Жорж Элиот, Жорж Мак-Дональд, Антони Троллеттің романдары мен хикаяттарын көріп, ерекше таңғалдым. Мынадай мол қазынаны жия білген қала зиялылары осал емес, олардың рухани деңгейін осыдан-ақ шамалауға болады. Айтылмыш тізбені көрген кезде Семей шәрі жөніндегі бұрынғы естіген қауесетке, солардың ықпалымен қалыптасқан теріс-қағыс пікірім де күрт өзгеріп, өте жақсы әсерге ауысқанын мойындауға тиіспін..."*

Американ қаламгерінің тәптіштей сипаттап отырғаны — бұдан отыз жыл бұрынғы жағдаят. Жаңа ғасырдың екінші онжылдығында қаланың рухани ділінің көш бойы ілгерілеп, одан да жоғары деңгейге көтерілгені сөзсіз. Мұндағы оқу ұялары, гимназиялар мен кәсіптік училищелердің білімі де, оларда сабақ беретін мұғалімдердің білімпаздығы, әрине,

уездік қаладан іккі жоғары. Соның бірі — Қаныш Сәтбаев тап болған, Семей облысының иелігіндегі бірден-бір, орта дәрежелі білім беретін мұғалімдер семинариясы. Дүние таныуға құштар боп келген жасоспірімге соның бәрі өзгеше әсер еткені даусыз. Бұл қарсаңда ол да өзгерген: талғамы өскен, ады-артына оймен қарайды; оны енді городки ойнайтын балалар арасынан сирек көресің; мұз айдыны мен би алаңына да күн сайын бармайды, таңдап, талғап қатынайды... Шәкірт Қаныш өнер қадірін қазірде жете аңғарған, білімін қорландырар құшяның да қиятін енді тапқандай. Семинарияның шағын кітапханасын місе тұтпайтын болды. Алғашқы жылдан-ақ көпшілік кітапханасының тұрақты оқырманына айналды. Ағайынды Белослюдовқа ұқсап, қолына басы артық тпын-төбен түссе кітап сатып алуға жұмсайтын болды. Тіпті тамағынан жырып та...

Кітап оқуға құнығын жүріп, бір күні, сірә, бұл Семейге тап болуының үшінші жылы, көпшілік кітапханасынан "Семейдегі құм жалдарының сыры" деген жұқалтаң кітапшаға семинарист жіттің көзі түсті. Авторы профессор Владимир Афанасьевич Обручев, Том шәрінде 1915 жылы жарыққа шығыпты. Семей деген сөзге көңіл жылы ұшырап, оқып көріп еді, таң қалдырған ғажап дерекке кезікті: кітапшаның авторы Ертіс жағасындағы қалада бір емес, бірнеше мәрте болыпты. 1905, 1906 және 1909 жылдары шекара шебіндегі Жоңғар жотасына саяхатқа аттанып бара жатып, әрдайым аялдап отырыпты; алайда мына ғылыми еңбекте сөз ол туралы емес, Семей тұрғындарын жаз шыға, қыр жақтап қара дауыл тұрғанда, құм боратып, зықысын шығаратын табиғи апат жабында жазылған; шындығында жұрт сол кесепатпен қалай күресуді, қандай амалмен қала көшелерін басып қалатын құм жалдарынан құтылуды білмейтін-ді; профессор сол құбылысты жан-жақты зерттеген... Ғалымның сипаттауынша, қыр төскейінен, Ертістің арғы-бергі жағасынан, арадан, қарағайы сыңсыған орман ішнен, тіпті көшенің де әр жерінен құм алғызып, заттық құрамын анықтаған. Бірнеше жыл бақылаудан соң мынадай тұжырымға келген: *"Өзен арнасының үстіне келгенде дала төрінен көтерілген құм кпыршықтары молылғаға тап болып салмағы ауырлайды да, біраз бөдегі суға түсіп, ағысқа ілесіп төменге кетеді, ал өзгесі оң жағалауға жеңкіліп, қала көшелеріне, орман ішіне төселеді. Бұл құбылыс мыңдаған жылдар бойы үздіксіз жүрген..."* Құм атжалдарының жаралу тегін анықтаған ғалым онымен күресудіңде амалдарын ұсыныпты: ол үшін өзенмен жарыса түскен ұзын көшелерге жаппай тас төсеу керек, ал

үйлер ығына, көшет ағаштардың маңына үйілген құм тауларды үнемі қала сыртына тасып, екі жағаға да неше қатар ағаш егіп, табиғи қорған жасау қажет...

Жұқалтаң кітапшадан оқыған дерек Қанышты қатты таңғалдырды. Рас, сонда жазылғанның бәр-бәрін толық түсіне қоймаса да, ғылыми еңбек несінің профессор деген дабыра атағы, одан да гөрі, сондай ғұлама жанның өзі оқитын қаланың шешуі күрделі мәселесімен ерінбей шұғылданып, өмбе соны қарапайым түрде түсіндіргені көпке дейін ойынан кетпей ерекше қызықтырған-ды. Қарап тұрса табиғаттың күрделі құпиясын байыппен зерттеп білуге болады екен. Ол үшін көп білу керек, терең біліммен қоса ғылыми көрегендік те қажет. Өйтпейінше табиғаттың тылсым сырын, өзінді қоршаған ортаның да бап-күйін тани алмайсың. Олай болса?..

Семинарияның оқу мерзімі төрт жыл. Алғашқы жылдан-ақ шәкірт Құдайға құлшылық ету пәнінен (басқа діндегілерге бұл міндетті емес), ұстаздық тағылым (педагогика), орыс және шіркеу-славян тілдері, есеп, алгебра, пішіндеме (геометрия) тарих, жағрафия, жаратылыстану, физика, сурет пен сызу, көркем жазу, өн сабағы, қосымша ғылымдарды тану (құқық, заң негіздері, ресми қағаздарды жазу рәсімі және басқалар) сияқты түрлі ілім негіздерін жүйелі біліп, тыңғылықты білім алуға тиіс. Әлбетте, шәкірттің білім деңгейі көтерілген сайын оқу бағдарламасы күрделене түсіп, жаңа пәндер қосылады. Жыл аяғында ауызша, жазбаша емтихандар ұсталып, шәкірттің білімді игеру деңгейі тексеріледі де, келесі басқышқа көшіру, нә көшірмеу турасында ұстаздар алқасының шешімі қабылданады. Бағдарламаны толық үлгере алмаған шәкірттердің бір курсты екі жыл оқитындары да жоқ емес, оқудан шығып қалатындар да бар. Үздік оқығандар жыл қорытындысында мақтау қағаз бен сыйлық алады. Жылдан жылға жақсы үлгерген таңдаулы жиырма шәкіртке земствоның арнаулы стипендиясы тағайындалады. ҚР-ның Мемлекеттік архивіне көшірілген семинария құжаттарының бірінде 1916 жылдың бірінші қаңтарында земство жәрдемін алған 20 шәкірттің санатында Ғабдул-Ғаний (құжатта солай жазылған) Сәтбаев, Жүсіпбек Аймауытов және Мұхтар Әуезов есімдері аталған.

Семейде де Қаныш үздік оқиды. Алғашқы жылдары ол немере ағасының үйінде тұрған. Семинария ғимаратына жету үшін Омбы (қазіргі Ю.Гагарин атындағы), Крепостной және Больничная көшелерін қиыстап жүріп, Степной даңғылына түседі. Жаяуға бұл едәуір жер. Әсіресе шыжыған жазда ыстық құмды толарсақтан кешіп жүру оңай емес. Үскірігі

бет қаратпас шыңылтыр аязды күндерде, нә боран түтеген қыс аяларында тіпті қиын...

Бәлкім осы жәйт түрткі болды ма, әлде есейіп қалған шәкірт жігіт өз бетімен өмір сүруді жөн көрді ме (оның үстіне Әбікей ағасы балалы-шағалы адам, әмбе бәрі де шиеттей жас), кім білсін, үшінші жылы жеке үйге шығады. Ауылдастарының айтуынша, Мұхтар және Жекей деген достарымен қосылып, Ханиса есімді татар әйелінің бір бөлмесінде пәтерде тұрған...

(Бізге мәлім бірқанша естеліктер мен ауызекі әңгімелерде фамилиясы көрсетілмей, Жекей есімімен ғана аталған шәкірт, Жүсіпбек Аймауытов па... деген жорамал айтамыз. Кеңес өкіметінің қас жауы ретінде 1932 жылы атылып кеткен Ж. Аймауытовтың есімін бадырайтып айта алмағандықтан Қанекеңнің өзі де, басқа айтушылар да марқұмды осындай лақап атаумен бүркемелеген тәрізді. "Сәтбаевтың" Мәскеуде, "Молодая гвардия" баспасының "ЖЗЛ" сериясында 1980 жылы жарық көрген алғашқы басылымында мен өзім де сөйткенмін: көркем сөздің асқан зергері Жүсекеңді ашық жаза алмай, цензорды алдап, бір әрпін өзгертіп далдалап, Айсауытов деп көрсетуге мәжбүр болғам-ды (қараңыз: сол кітаптың 27-бетін)...

Облыс орталығына жаз айларында көшпелі цирк келіп өнер көрсетеді. Қала тұрғындары әсіресе күрес ойындарына өзгеше әуес. Қызды-қыздымен солардың кейбірі цирктің атақты палуандарымен белдесуден тайынбайды. Мұндай жүректілер көбіне жүкші, кеме айлағында жұмыс істейтін қазақтардың арасынан шығады. Әлбетте, шәкірт жастар ондай думанды жерге жоламайды, бірақ қол соғып, қошамет білдіріп қызықтаушылардың жуан ортасында болады. Кейде олар Ертіс жағасындағы көкке шығып, Бұзау аралдағы қымызханалар алдындағы құмжайда күш сынасады. Ондай тайталаста басым түсетін жоғарыда айтқан Жекей екен. Күреске ол ересек досы Мұхтармен барған. Ахмет Омарқанұлы Әуезовтің жазушы ағасы туралы естелік кітабында екі достың сол жылдарда Семейде тұрған күрес жаттықтырушысы Николай Николаевич Куприяновтан күрес тәсілдерін үйренгенін ескертті...

Этнографиялық үйірме. Жоғарыда сөз болған "Бастапқы сауық кеші". Абайдың дүниеден қайтқанына он жыл толуына байланысты Семейде өткен әдебиет кеші. Қазақтың ескі әдебиет нұсқаларын, фольклорын жинау. Абай өлендерімен орыс зиялыларын таныстыру... Бәрі де сол кезде Семейде тұрған ат төбеліндей зиялы қауымның өз халқын өрге сүйреп, дүние жаңалығына еншілес ету мақсатынан, замана көшнен кен-

желеп қалмау ниетінен туған әрекеттер. Солардың қайсысы болсын қаладағы қазақ оқығандарының белсенді көмегін талап еткен. Бір кеште, айталық, ақындарды айтыстырып, "Батырларды" сайыстырып, іле-шала ән салып, шешендер сөзін жатқа оқу үшін қаншама актерлер керек? Кешті ұйымдастырушылар өздеріне көмекшілерді семинария шәкірттерінің арасынан тапқан. Солардың бірі — Қаныш Сәтбаев, көбіне ол маңдолина тартып, иә ақындар жырынан үзінділер оқиды; кейде "Топайкөк", "Баянауыл", "Көзімнің қарасы" әндерін келістіре орындаған; ойынның соңғы бөлімінде бойшаң шәкірт сауыт киіп, қолына айбалта, найза ұстап, қазақтың этнографиялық ескі салт-үлгілерін бейнелеуге қатысқан.

Осы топтың жуан ортасында жасы әлі жиырмаға толмаған Мұхтар Әуезов те болған. Сол қарсаңда ол семинарияның үшінші басқышының тыңдаушысы. Үшінші шәкірт — бір өзі "әрі молда, әрі етікші, ағашшы, әрі шимайшы, әрі домбырашы, әнші болып өскен..." (қаламгердің "Өз жайымнан мағлұмат" атты ғұмырнама жазбасындағы төл сөзі), шындығында тақыр кедейдің баласы — баянауылдық Жүсіпбек Аймауытов. Кедейлік салдарынан ол Павлодардағы 2-басқышты училищеге жиырма екі жасында түскен. Білім алуға құштарлық Семейге де келтірін, жиырма бес жасар сақа жігітті мұғалімдер семинариясына шәкірт етті...

Таңғаларлық мына жәйтке қараңыз: 1914-1918 жылдар аралығында ескі Семейдің Степной көшесіндегі екі қабат сәулетті ғимаратында халқымыздың ұлттық мерейін шырқау биікке көтеріп, дүние жүзіне танытқан тұлғалы үш арысы кездесіп (Мұхтар Әуезов бір басқыш ілгері оқыған), әмбе бір пәтерде бірге тұрып, білім дариясынан сусындаған. Бұлардың алғашқы екеуі ХХ ғасырдың денінде ұлт мәдениетінің, әдебиетінің, ғылымының асқар шыңы мәртебесіне ие болып, халқымыздың ұлы перзенттері аталмақ. Ал, Жүсіпбек Аймауытовтың, амал қанша, сом дарын иесінің ғұмыры қырық екі жасында нақақтан қиылған...

Күресті қызықтап, иә аяқ доппен әуестену — болыстық бастауыш мектептерге мұғалім болуға әзірленіп жүрген семинария шәкірттерінің жастық желеңмен ойынға, жаңалыққа аңсары ауған кездегі ермегі. Ал сауық кештеріне қатысу, көркемөнерпаздар үйірмесіне мүше болып, әдеби шығармалардан "Жанды ойын" көрсету, үш достың Ханиса ханумның төргі бөлмесін басына көтере дауласып, қыстың ұзақ кештерінде жетілік шамның сығырайған жарығына жақын

отырып, қазақ өмірінен шағын драма жазып, күлкілі көріністер, әзіл-оспақтар әзірлеуін не дейміз?..

"...Әнге бай, ақын-жырауы, эпос, қисса, жыры мол, салсерісі, бақсы-балгері де әр ауылдан шығатын өнерлі сахара Еуропа мәдениетінің озық үлгілерінен өзіне лайықтысын неге үйренбейді? Даланың марғау тірліктен оянып, отырықшы ел атанып, мәдениеті ілгері, ілімі озық халықтармен терезе теңестіретін мезгілі жетті. Иә, біздің болашақ мәдениетімізге Еуропаның цирк өнері, театры, әденеше музыка аспаптары бір сазды қосылып орындайтын оркестрі, көп дауысты хоры да керек. Тіпті футболшы, волейболшы, палуан спортшылар да керек. Жаппай сауат ашар бастауыш мектептер, тілмаш дайындайтын курстар ғана емес, терең білім беріп, саиқалы өнерге баулитын семинария, гимназия, кәсіби училищелер керек. Оянған қазақ өлкесінің мұндай өнерге, білімге, ғылымға құштар болғаны қашаннан... Оны жаңа жағалауға бастайтын көшбасшылар — мына біздер, қазақтың жас оқығандары. Демек, алдағы мұрат-мақсатымыз, өміріміз осы жолға арналуға тиіс. Ол — ағарту жолы! Туған халқыңа қалтқысыз қызмет ету. Өз білгеніңді, бойыңдағы барыңды салып өнер жолына сүйреу!"

Жас өрендердің көкейін тескен ойлар осындай асқақ та өрелі. Дарқан өмірдің аңы-тұщысын татып көрмеген, маңдайына тас тиіп, шөгір де қадалмаған, арман жетегінде шалқып жүрген шәкірттер, тегінде, құрғақ қиялға малданған утопистер емес-ті, хал-қадерінше нақты іспен шұғылданғысы келетін ойлы жастар. Сол үшін де Мұхтар Әуезов сауық кештерінің бағдарламасын әзірлей жүріп, шағын пьеса жазумен әуестенеді. Түпкілікті ойы — Халық үйінің көркемөнерпаздар үйірмесіне репертуар әзірлеу. Семинария шәкіртінің осы жолдағы игі талабының алғашқы нәтижесі — 1917 жылы Абай ауылының жайлауы Ойқұдықта ойналған "Еңлік-Кебек" трагедиясының алғашқы қойылымы. Актерлері — ақын ауылының оқыған жастары.

1916 жылғы қазақтан жұмысшы алудың артынан пьеса жаза бастадым. Алғаш жазған 5 перделі пьесам (Нұрғали Құлжанов ұнатпаған соң) жарыққа шықпады, — депті Жүсіпбек АЙМАУЫТОВ ғұмырбаяндық жазбасында. — ... "Рабиға", "Жебір болыс", "Қанашы. Шәрбану" — 1916-17 жылғы жазған пьесаларым. ...Ең алғаш баспа жүзіне шыққан сөздерім — 1917 жылғы "Сарыарқада" (Семейде шыққан қазақ газеті — С.М.).

Ал Қаныш нендей өнерді мансұқ еткен?

Төр жайлауға ауылдың қонған кезі. Қыс бойы шаруа қамымен жүріп бір-біріне қатыса алмаған жұрағат қонысқа құтты болсын айтуға келіп, жапа-тармағай қауышып жатқан мәресәре мезгіл. Күн қызылиектеніп батып барады, төңірек түгел жайқалған көк, ауыл іргесінде жалтыраған айдын көл. Кенет отау үйлердің бірінің алдынан жайлаудың саф ауасын діріл қақтырып желпігендей, маужыраған табиғатты, шаруа күйлеген ауыл адамдарының назарын өзіне еріксіз қаратқандай сазды үн құйқылжи шығып, жан-жүйеңді елітіп тарта жөнеледі. Желсіз тымық кеште азан-қазан болып шулап жататын қотан да бүгін әсерлі саз әуеніне елгін жым-жырттына қалған, қыбыр еткен жан-жануар болсайшы. Ал жұртты ұйытқан ойын қыза түседі.

Кенет тыңдаушылардың бірі қатты дауыстап: "О, бәрекеді! Тусаң ту, Сәтекеңнің төрт арысы! Өнер деп осыны айтыңдар, оқысаңдар осылай оқыңдар!" — деп қошемет білдіреді. Төрт арыс дейтіні — өнер көрсетіп тұрған ағайындыларға білдірген қошамет мадағы: Әбікей — гармонияда ойнаса; Әбдікәрім (Кәрім) — скрипканың дүлділі; Бөкеш — домбыраға жүйрік; ал Қаныш — мандолина мен гитарды бірдей тартады... Ағайындылардың сауық-сайраны, әдетте, түннің бір уағына дейін созылады: ән-әуенге қоса қаладан көргенбілген жаңалықтарын майын тамызып әңгіме айтады; дауыстап Абай, ескі ақындар өлеңдерін оқиды; ауыл өмірінің көлеңкелі жақтарын әжуалайтын сықақтарды ойнап, жиналған жұртты күлкіге қарық қылады...

(Жылдар өтеді. Кешегі шәкірттер ер жетіп, өмір ағысына шыққан. Бірі — инженер, бірі — қаламгер. Күні кешегі арманы жүзеге асып, ұлт театры шаңырақ көтерді. Сол театрдың шымылдығын ашқан қойылымның бірі — "Еңлік-Кебек", авторы — кешегі "Қазақша баспапқы ойынның" белсенді қатысушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезов. Ал ұлт театрының алғашқы қадамын, табысы мен кемшілігін жанашыр көңілмен қуаныштап, әрі сәт сапар тілеп тебірене жазған тұңғыш сыншысы — кен инженері Қаныш СӘТБАЕВ. "...Қазақ ұлт театрының келешегіндегі жолына төменгі үш бағыт негіз болуы керек деп білеміз: бірінші, театр — ел өмірінің түзу айнасы; екінші, театр — ел міндетінің құрулы тезі, төреші ұстазы; үшінші, театр — қазақтың салт-сана, күйі, сарыңдары сияқты мәдениет, өнер кендерінің терең ошағы, ұйтқысы", — деп ой толғаған ол, "Еңбекші қазақ" газетінде 1927 жылғы 24 қаңтарда жарияланған "Қазақстанның ұлт театры" атты шолу мақаласында).

III

Шәкірттік жылдар зымырап өтіп жатыр, Қаныш қоңыр күз бен қытымыр қысты Семейде өткізіп, жаз елде, көбіне жайлауда болады. Соғыс тауқыметі де қала халқын әбден титықтатып, еңсеріп барады. Дүние түгел қымбатшылық. Рас, пұлың болса, базардан іздегенің түгел табылады. Шәкіртке қанша бап керек? Үсті-басы бүтін, тамағы тоқ болса — жетіп жатыр. Соның бәрі бірақ қыруар бейнетпен келеді. Семинария ай сайын он бес сом стипендия төлейді. Бұл, әрине, айналымға жетпейді. Барлық үміт — арымайтын ауылда: қысқа қарай өткен-кеткеннен қоржындап ет, қарындап май жібереді; стипендияға сеп болсын деп қаражат да жөнелтін тұрады. Баянауылдың Семейден салт аттыға алты күн жүретін жырақ орналасқаны қатынасқа қиын-ақ...

Шәкірттер өзара қоғамдасып, бір-біріне жең ұшынан жалғасып, сенікі-менікі демей, қоржын түбін бірге қағысып, қоңыр төбел тіршілікпен өмір сүреді. Сөйтсе де қаланың жүдеу тұрмысы оларды тоғыз-он айға созылатын оқу жылында мейілінше титықтатып, әбден қажытып шығарады. Содан да шығар, шәкірт атаулы тезірек ауылға қайтуға асығып тұрады... Мұхтарға бұл қиын емес — атақонысы жолшыбай бір-ақ қонып баратын Борліде тұр. Ал Қанышқа жайлаудағы ауылына жету үшін жеті-сегіз күн жол жүруі керек. Сол себепті оқудан босайтын күнін әкесіне алдын ала хабарлап қояды. Бұл кезде оған ауылдан қос атпен келетін адам — елгезек Нұрлан. Межелі күні ол қалаға түсіп, Әбен үйінде тосып жатады. Әрине, сонау қиыр түкпірден үлкен шәрге келген соң оған жүктелген тапсырмалар да аз болмайды. Бәрі де қырда табылмайтын қат нәрселер... Базардағы сауда трашмөңке арба алумен тынады. Содан соң-ақ жолаушылар күнбатысты бетке ұстап, жолға шығады.

Жас Қаныштың әр жылы, оқудан келген сайын міндетті парызы санап, ыждаһатпен орындайтын бір рәсімі — өздерімен қоңсы отырған, Арқаның атақты әншісі һәм сазгері Жаяу Мұса Байжанұлына арнайы барып, сәлем беру. Бұған Қаныш қана емес, қарт әншінің өзі де құштар. Мерзімді күнінен кешіге бастаса, "Имекеңнің кенжесі келіп пе екен, нәзік бала еді, оқудан ауырып қалмады ма екен?" деп сұрау салып отырады. Шыдамы түгесілсе сипаң торысын өкпеге тепкілеп, Далбадан өзі-ақ жетіп те келеді.

Сол әдетін Қаныш 1916 жылы да бұзбады. Үйінде бірер

апта болып тыныққан соң сенімді серігі Нұрланды алып, өншінің қыстауына аттанады. Жаяудың бұл сексенге енте-леген шағы, қос-қостап айдайтын малы болмаған соң жайлауға бұрын да шықпайтын, ал қазір біржола тиылған. Жолаушылар келгенде ол сырқаттанып төсекте жатыр екен. Үй іші жүдеу, төрде бір-екі тәйтеріден өзге лыпа жоқ...

Бұдан арғы әңгімені сол кездесудің куәгері Нұрлан Қасенов ақсақал жалғастырсын:

Қанкежан сырқаттың көңіл-күйін ежіктеді.

— Оны менен сұрап қайтесің, анау құсымнан білсеңші, — деп өнші тұғырда мүлгіп отырған көк қаршығаны нұсқады.

Қаныш қыранның қасына барып, бөтегесін сипап, топшысын басып көрді де:

— Өнші ата-ау, құсыңыз ашулы ғой. Жаз шыққалы емін-еркін бір ұшпадым деп көк тілеп отыр екен, — деп еді.

Қарт риза болып қолын соғып, мәз болды.

— Пай-пай, тумысыңнан айналайын, асыл Имекемнің ұрпағы! Айнытпай таптың, құсбеглік өнерге ден қойған тегіңе тартуыңа болайын. Көк қаршыға ұшпағанына жүдесе, мен ұша алмағанымға құсамын, ей, қайтесің, қарағым... — деп сері мұңайып қалды. — Жә, Қанкежан, қалаң не дейді, мына соғыстың салмағы қайыстырып болды ғой елді?

Қаныш қала жаңалықтарын әңгімеледі. Қазақтан окоп жұмысына қыруар азамат алмақ деген соңғы қауесетті де жасырған жоқ.

— Е, патша әкеміздің жайы онда мәз емес екен. Мынаның сөзі өтірік болды, — деп өнші тізесінде жатқан ескі газетті лақтырып тастады. — Зобалаңның көкесі алда десеңші.

— Жағдай ауыр, — деп шәкірт төмен қарады.

— Балам, бері жақындашы. — Әлдене ойына түскен қарт өнші кенет Қанышқа сынай қарады. — Былтырғыдан бойыңа қосыпсың, тіл-аузым тасқа!.. Ал ойың ше, оған да қосқаның бар ма?

Қаныш қызараңдап:

— Оны енді... не деуге болады?.. Оқудың тағы бір жылын бітіріп келдім, — деп күмілжіген.

— Бәрекелді, ризамын. Имекеңнің ақыл-ойын ғана емес, сыпайылығын да алғаныңды көріп тұрмын. Ал енді бұйымтайыңды айт, менен не қалайсың?

— Бұйымтай жоқ, өнші ата.

— Шынымен көңіліңде ештеңе жоқ па?

— Жоқ, шыным.

— Жә, үш қайтара сұрадым, сен де жоқ деп үш қайырдың. Шынында да, сәлем бере келісің, ризамын. Қане, қолың-

ды жай, балам!.. Әлгіңде өзің топшысын құмарта сынаған Көк қаршығам — менің аяқтыға ұстатпай, тұяқтыға қақтырмай қастерлеп, бабында сақтап келе жағқан асылым. Сен де, Қанкежан, Имекеңдей өл жақсысының жастай баптап, ертелекеш бағып отырған балапан қанат сұңқарысың. Көк қаршығаны саған байладым. Екеуіңнің бұдан былайғы тілеуің бір болсын, қос қыран! Қайда ұшсаңдар да мерейлерің үстем болып, жолдарыңа нұр жаусын, аумин!.. Бұл қазір нағыз бабында, алып кет те, демалысыңа ермек ет, саят құр! — деп, қарт өнші көзіне жас алды.

Мен қызыққанмен, Қанкежан құсты алудан үзілді-кесілді бас тартты.

— Аты менікі болып, заты сізде қалсын, өнші ата! Сауыққан соң менің қаршығамды алып, жайлауға келіңіз. Бұйырса саятты да сонда көрерміз, — деп, өншінің өзіне міндет артып, оп-оңай құтылып кетті.

Жақсылар о күнде жұмбақтап сөйлеседі ғой. Аттанарда Жаяу бізді есік алдына дейін шығарып салды.

— Бара қалсам, Қанкежан, базарлығың бола ма? Сонша жерге барғаныма тұра ма? — деп тақпақтады. Қаныш та сауыққой қарттың көңілін бірден түсініп:

— Көп емес, аздап. Сіз үшін бірер өн табармыз, — деп жымыды.

— Жарайды, балам, сенің аздабыңды білемін. Барамын аулыңа, әкеңе сәлем айт! Уәде осы болсын.

Ауылға келген соң жастар болған әңгімені биге айтады.

— Бәрекелді, құсын алмай келгендерің дұрыс болған. Ол бір дауы көп қырсықты қаршыға еді... — дейді ауыл иесі. — Жақында сол құсты қолқалап, Біләл болыс барыпты. Мырза аулының кекірейген мінезі қалған ба, аттан түспей, Жаяудың үйіне шабарманын жұмсапты. Шабарманға өнші атаң кісі деп қарамаған, төсектен басын көтермей, газет оқыған қалпы, тіл қатпастан сазарып жата берген... Большқа бермеген сүйікті қыранын саған атағаны таң қаларлық мінез! Иә, жарықтықтың пейілі солай. Біреуге қолдей жомарт, біреуге шөлдей сараң... Уағда етсе, келеді өнші атаң. Одан, саят емес, дүние әңгімесін естіп, өнер көру абзал, — деп Имантай қарт сөзін түйеді.

Бірақ сол жылы саят құрып, серуенге шығудың сәті келмеді. Көп ұзамай жария болған Ресей патшасының 25 маусым жарлығы мал бағып, шаруа күйлеп тыныш жатқан қыр елін әрі-сәрі күйге душар етеді. Ер-азаматтың ат үстінде ұйықтап, сәйгүлік ауыздығымен су ішкен қиын-қыстау күндері басталды...

ТӨҢКЕРІС ТОЛҚИНЫНДА

I

1917 жылының таңы атты.

Жоғары мәртебелі Николай патшаның құдірет-күші бұқара халықтың жаппай көтерілген кекті дүмпуіне төзе алмады. Аяғы аспаннан келгенін қаһарлы ақпанның аязды таңында бір-ақ білді. Ақпан төңкерісінің жаңғырығы ту қиырдағы Семейге он бес күн көшігіп жеткен-ді. Аңсаулы бостандық бірақ "көшіктім" деген жоқ, бодан елдің көңілін дүр сілкіттің, желіндіре қолды.

Ар бостандығы. Ел бостандығы. Жер бостандығы. Сөз бостандығы. Еріктісің, теңсің! Дін мен ділге де азатсың! Алақандай Семейде аз уақыттың ішінде толып жатқан комитеттер мен одақтар, партиялар ұйымдасып, олардың атқару, басқару мекемелері — газеттер мен листоктар бір-бірімен тайталаса туып, көктемдегі көктей қаулап шыға келсін. Күнде жиын, күнде митинг. Дуылдаған жұрт, гуілдеген сөз. Көтеріңкі көңіл, желсіне сойлеген шешендер, ергежейлі "көсемдер"...

Мұғалімдер семинариясының сабағы көп жиын, көп комитеттің оңды-солды сүйреген дүрмегіне тап болды. Сабақ мезгілінде өтпейді. Үзілістер кейде әлденеше күнге созылады. Шәкірттер ішкінен "көзі ашық білгіштер", "орақ тілді тілмарлар" шықты. "Өзің ғана оқымай, өзгені де оқыт!" күн сайын талқылайтын өзекті тақырыбына айналды...

Айтып-айтпай не керек, 1822 және 1868 жылдардағы реформадан кейін, ең шұрайлы, құйқалы, нулы-сулы, өзенді-қолды атырабына жат жұрттың адамдары шегірткеше қаптап, көшпелі халықтың мал-жанын құмайт та тақыр жерлерге ығыстыру шарасы жүзеге асқаннан бері, сорлы қазақ қыр төскейінде емін-еркін көшуді түсінде ғана көретін болған-ды. Ал олардың қарамы жаңа ғасырдың басында бес миллионнан асқан. Алайда өзінен шыққан билеушісі жоқ мүсәпір халықтың келешегін кім ойламақ?.. Мұндай түйткілге басы ауырмайтын, өз жұтқынын ғана көксейтін тоғышардың жауабы: "Е, оны бір Алла біледі!". Десек те, еркіндік рухы қанында бар халықтың ортасынан бодандық қамытын лақтырып тастауға шақырған ерлер әр жерден жүздеп шықты. Бір ғажабы, солардың бәрі өркениеті озық қалаларда орысша оқыған жастар арасынан атойлап көрінуі еді. Таңданарлық жәйт: тап солар — отарлаушы елдің өкіметі кешегі кер заманда аяр-

лықпен ұсынған мәртебелі мәнсап, биік шендерді қуана қабылдап, туған ұлтына опасыздық еткен, ара сұлтандыққа, болыс, старшын, қазылыққа таласып, өзара қырық пышақ болған бай-шонжарлардың перзенттері. Бұлардың алдыңғы толқыны Қазан, Том, Орынбор, Омбы, Мәскеу, Тарту, Варшава мен Санкт-Петербургтің әйгілі оқу орындарында, кейбірі университеттерінде білім алған. Енді міне, орыс оқуып жете меңгерген жастар ортасынан өмір бақи бодан болуға көнбеген, туған жұртының тілін, дінін, ділін сақтап, ерікті ел атануды мұрат еткен өжет те өрелі ұрпақ саяси майданға білек сыбанып шықты. Түрме азабын тарту, мөңгі қыс жайлаған теріскей қиырға айдалу мехнаты оларды жасқаитпаған. Ұлы мақсат – еркіндікке жету, рухани бостандық! Сол үшін жан пида! Шын-ау, иен жерін сырт көзден қорғап, елдігін, еркіндігін сан ғасыр сақтап келген ұлттың діл-қуаты, жігер-намысы біржола сарқылды деп ойлау күпірлік емес пе?! Жоқ, кебенек көйлегін киген ерлер таусылмапты. "Ертумаса – ел ғаріп!" нақылы әлі де әсерлі екен. Тәубә делік!..

Шынтуайтын айтқанда, бұл ерлердің бел буып шыққан күресі оқшашар қарумен жасақталған патша әскеріне бөз-баяғыдай найза, шоқпар ұстап, садақ пен қылыш асынып, ХІХ ғасырда қарсы тұрған кешегі Сырым, Исатай, Жанғожа, Кенесары, Наурызбай батырлар бастаған қарсылықтан бөлек болатын. Сол күрестің сын-сипатын қаза зиялыларының жаңа толқынына көшбастаушы болған Ахмет Байтұрсыновтың:

*"Жөн сілтедім қазақ деген намысқа,
Жол сілтедім жақын емес, алысқа.
"Өзге жұрттар өрге қадам басқанда, -
Дедім, – Сенде қатарыңнан қалыспа!"*

дегені дәлірек анықтаса керек. Ахандай көрегенге серік болған Міржақып Дулатов 1909 жылы жарық көрген "Оян, қазақ!" атты өлеңдер жинағына мына сөздерді айдар етіпті:

*"Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Өткізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал һарам боп,
Қазағым, енді жату жарамасты!.."*

1905 жылғы алғашқы төңкеріс кезінде бастау алған тәуелсіздік қозғалысы бірге-бірге күш жинап, әдіс-айла жинақтап, ақыр аяғында қазақ жерінің барлық түкпірін қамтыды.

Сіре, соның ең дүмпулі көзеңі 1916 жылғы, бұратана халықтардан тыл жұмысына солдат алу жарлығына қарсы шыққан жалпықазақтық көтерілістер. Сайып келгенде солда 17-жылдың ағышулы дүрбелеңіне ұласты. Қазақтың жер-жердегі ат төбеліндей зиялы пәрзенттері, өсіресе білім жолында жүрген шәкірт жастары бұл жолғы қозғалысты жанпай қолдап, азаттық туын көтеруге өз үлестерін қосқан.

Солардың бірі — Том шәһріндегі Сібір технология институтының кен факультетінің төртінші курс студенті Әлімхан Ермеков. Жас өрен оқуын үзгіп, Семейге асыға жеткен. Жалғыз емес, өзі мен бірге қырық шақты қазақ жастарын ертіп келеді.

Қазақ халқының алғашқы құрылтайы 1917 жылдың 21-26 шілде аралығында Орынборда шақырылып, оған Семейден Әлімхан Ермеков, Халел Раббасов, Жақып Ақбаев қатысып, ел басқарудың жай-жапсарын анықтауға белсене араласқан. Құрылтайда талқыға түскен өзекті мәселе қазақ жұртының көп жылдар көкейін тесіп, көмейіне тас боп тығылып тұрған жойтгерді сөз еткен: олар — Ресей құрамында автономиялық еркіндік алу, келімсектер нөпірін тоқтату, өз жеріне иелік ету, діні саясаттан ада болсын, ойсыз мен еркек тең құқықта өмір сүрсін, қазақша оқытатын мектептер ашу, сот ісін ана тілінде жүргізу...

Сол жиында бүкілресейлік мұсылмандар кеңесіне қазақ жеріндегі алты облыс пен Бөкей ордасынан, Орта Азиядағы қазақтар атынан сегіз адам өкілдік алған. Семей облысының өкілі — мұралымдер семинариясының оқытушысы Әбікей Зейінұлы Сәтбаев...

Алғашқы құрылтайға қатысушылардың зиялы тобы Алаш қозғалысының барыт-бағдарын даралап, ұлттық партия құруға да пәтуаласқан. Іле-шала әр жерде Алаш партиясына жазылу жүрген. Бұл істің иен даланың күншығыс бөктерінде, өсіресе Семей шәһрінде белсендірек жүріп, ақырында нақ осы атырапта ұлттық қозғалыстың қуатты тобы төбе көрсеткен. Солардың жуан ортасында семинарияның оқытушыларымен қоса, кешегі шәкірт Мұхтар Әуезов, соңғы басқышқа шыққан Қазы Нұрмұхаметов, Жүсіпбек Аймауытов сияқты саяқ жігіттер де болған...

1917 жылдың 12-сәуірінде жасы он сегізге толған семинария шәкірті Қаныш Сәтбаев сол күндерде баррикаданың қай жағында болған? Нақты мәлім жәйт: сол жылдың көктемінде ол аяқ астынан сырқаттанып қалып, ауруханаға тап болғаны. Жазғы емтиханға да сонда жатып өзірленеді. Алайда ұстаз-

дар кеңесі оның үш жыл бойы үздік оқығанын ескеріп, төртінші басқышқа сынақсыз көшіруге шешім қабылдайды. Бұл болса күйі кетіп жүдеген шәкірттің, ас-суы, ағы мол туған ауылына жетіп, ақау түскен денсаулығын түзеуді ойлауға мәжбүр еткен...

Көктемгі сырқаттың шынайы сыры күзде мәлім болады: қайткен күнде мүдделі оқуын тәмамдауды көкसेп, қалаға қайтып оралған шәкірт семинария аудиториясын тағы да қоныс аударғандар ауруханасының палатасына ауыстырады; емханада ол ауыр халде, қан түкіріп айдан аса уақыт жатады. Ақыры, бір күні қан тыйылады. Науқасты қараған білікті дәрігер С.Н.Разумов Қаныштың дертін өкпе туберкулезінің ашық түрі екенін, тез арада қаладан кетпесе, өміріне қауіп екенін ескертеді.

Оқуға құныққан, қаланың сол күндегі дүрмек-шуына да қызыққан албырт жас үшін бұл — ауыр жаза кескен сот үкімін тыңдағанмен бірдей кесім...

КАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ Қайнекей Жармағанбетовке айтқан естелігінде аумалы-төкпелі күндер туралы былай депті:

"...Ұмытпасам, 1917 жылдың күзі. Семейдің қара суығы. Үскірік жел ызың қағады да тұрады, өңменіңнен өтеді. Күн еңкейіп қалған кез. Семинариядан елге әкетпек кітаптарымды алып, Әбікей ағайдікіне келе жатқам. Бір айналмадан бұрыла бергенімде, өңі сарғылт, денесі ашаң, орта бойлы кісі қарсы кездесті де:

— Сәлемет пе, інім. Сен осы, Имекең ақсақалдың баласы емеспісің? — деп оқыс сұрады.

— Иә, Имекең баласымын.

— Мен Сұлтанмахмұтпын. Уақытың болса, бүгін кешке пәтеріме келіп кетші, — деп тұрағын айтты.

— Жарайды, Махмұт аға.

Өзіме таныс татар ағайынның үті екен. Кештеңкіреп келдім. Оңаша бөлме, үстел үсті десте-десте қағаз, кітап. Сұлтаекең ескі танысындай қарсы алды, бөтен сөзге келген жоқ.

— Қаныш қарағым, менің көп оқуым жоқ. Әсіресе орысшаға шорқақпын. Мына кітаптың мен көрсеткен жерін оқып шығып, кейбір жеке сөздерін, жалпы сөйлемнің мәнін қазақша айтып көрші, — деді де, сырты сары қағазбен тысталған көлемді кітаптың бір бетін ашып, маған ұсынды. Асты сызылған сөздері көп екен. Көз жүгіртіп көріп едім, алғашында өзім де ұғына қоймадым. Екі рет оқығанда, сол беттің жалпы сарынына түсінгендей болдым. Айта бастадым. Сұлтаекең жа-

зып отыр. Екі сағаттай отырдық. Шам түтіні екеумізді де жарыса жөтелтті. Біраз мұңдасып алдық.

Дәл осы жай бұдан кейін де екі кеш қайталаңды... Сұлтекең соңғы кеште ас дайындатып қойыпты. Ол кісі ауыз үйге шығып кеткенде, жастық шақтың құмарлығы билеп, "Осы неңдей кітап болды екен?" деп, тыстығын ашып қарасам: "Капитал. Критика политической экономии. Сочинение Карла Маркса, том первый. С-Петербург, 1872" деп жазылған екен..."

Өмір талқысы мен кеуде дерті алма-кезек соққылап, мейлінше титықтаған жүдеу көңілді ақын да жас талапқа тезірек елге қайт деп кеңес берді.

— Оқимын дегенің көңілді қуантады, жақсы інім. Тегінде, бұл біздің халықтың кешігіп қуған өнері... Сол олқыны сендей жастар толтырса игі!?! Бірақ оқу үшін денсаулық керек. Қанатсыз қыраннан не қайран, жапалақтай жалпылдап жер бауырлап ұшудың қызығы да болмас.

Екі ойлы болып, қаланы қиып кете алмай жүрген жас жігітке есті ағаның емеуірінмен білдірген ақылы түрткі болады. Ақыры елге қайтуға бел байлады.

Қазан айының орта кезі еді бұл. Ертіс өңіріне қыс сол жылы ерте түсіп, маң дала ұлпа қарға бөгіп, әлдебір тосын оқиға күткендей манаурап жатқан-ды...

Бұл қыста Қаныш екі түрлі шаруамен шұғылданған: бірі — Семейден ала келген оқулықтарын жастана жатып, төртінші басқыштың сабағын әзірлеу; екіншісі — екі ауылдың ересек балаларына әріп үйретіп, өз бетінше сабақ беру.

Кеудесін шалған ауыр дертпен күресуде — осы күнгі тән сауықтырудың алуан емдерімен салыстырғанда әншейін нәрсе, мүлдем қарапайым. Нұрлан Қасенов ақсақал осы жайында былай деп сыр шертеді: "Күнде кешке, жылқы күзетіне кетерде, Би атам орта торсық қымызды қанжығама байлайды. Торсықтың ішінде құмалақтай күшала дәрімен бірге қарыстай шикі қазы, көбінесе соның ішектен сыдырылған үлпілдегі жүреді. Ал таңертең әлгілердің қайда кеткенін білмейсің. Тек қайыс боп қалған қазының қыртысын ғана көресің. Осы сусынды Қанкежан күні бойы ішеді. Қырдың қымызы асыл дәрі ғой, науқасты екі-үш айда-ақ аяғынан тік тұрғызып, өңіне қызыл жүгіртті..."

II

Ақпан төңкерісінде жоғары билікке ие болған Уақытша үкіметтің тарихтан еншілеген мерзімі бітті де, 1917 жылдың

қазан айының 25-жұлдызында (ескі жүйе бойынша) социалист-революционерлердің В.И.Ленин бастаған большевиктер партиясы саяси сахнаға шықты. Империя астанасында жеңіске тез жеткенімен, большевиктер билігі Ресейдің барлық қала, уездерінде оп-оңай орнай қойған жоқ-ты: Мәскеудің өзін талай тәулікке созылған қантөгіспен тізе бүктірген; ал қазақ даласы сияқты алыс түкпірлерді өз құзырына қарату әлі алда болатын...

Ұлттық қозғалыстың Әлихан Бөкейханов басқарған ұйымдастыру комитеті "Қазақ" газеті арқылы қараша айында күллі қазақ қауымына екі мәрте үндеу жолдаған. Соның соңғысында: *"Россия іріп-шіріп жатыр, бір аяғы жерде, бір аяғы көрде, не болары белгісіз, ортасына ойран түсіп, түп қазығы суырылып, әркім бетіне кетіп, білгенін істеп жатыр. Біз де қазақ-қырғыз болып бірігіп қам қылмай отыра алмаймыз. Мұндай лайсаң заманда закон жоқ, жол жоқ, қорғалайтын пана жоқ. Әркім өзін-өзі қорғайды. Әуелі әлмекке, екінші мал-мүлкімізді талауға бермекке, үшінші осы лаңның ішіне кірмекке қолдан келген күшімізді, ісімізді сарп етуге керек. Данышпандар білімін, азаматтар қайратын ұлты үшін аямай жұмсайтын орын осы..."* — деген уәж Орынборда шығатын "Қазақ", Семейде жарық көрген "Сарыарқа" газеттері арқылы күллі дала тұрғындарына таратылған.

Алғашқы үндеу бойынша, желтоқсанның 5-12 күндері аралығында Орынбор қаласында өткен жалпы қазақтық екінші құрылтайға жиналған қауым мән-мағынасы бүгінде де таңғаларлық тарихи қарар қабылдаған. Сол құжаттың ықшам нұсқасы мынау: *"Бокей ордасы, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстарында, Закаспий облысының Ферғана, Самарқанд, Әмудария өңірлеріндегі қырғыз (қазақ) уездері мен Алтай губерниясындағы іргелес қазақ болыстары мәдениеті бір, тарихы және тілі бір жұрт атанып һәм қаны бір ежелгі қазақ-қырғыз халқы жиын қоныстанып біртұтас жерге иеленіп отырғандықтан, ұлттық-аймақтық автономия болып құрылсын; Қазақ-қырғыз облыстарының автономиясы "Алаш" деп аталсын; автономия алған облыстардың күллі жері — үстіндегі байлығы, өзен-көлі бар қазынасымен, астындағы кені — Алаш мүлкі; Алаш облыстарын қазіргі жүргенсіздіктен құтқару үшін "Алашорда" аталған уақытша халықтық кеңес құрылсын. Кеңес құрамына 25 азамат сайланды, 10 орын қазақ-қырғыз арасында тұратын орыс және өзге халықтар өкілдеріне беріледі; Алашорда үкіметі қазақ-қырғыз халқының билігін өз қолына алады; үкіметтің уақытша құзыр етер орны — Семей қаласы..."*

Көктем шықты. Дала тынысы кеңіп, күншуаққа кенелді. Төңірек жадырап, жасыл көкке бөленді. Өріс төлге толды, өзен-көлдерге құс қонды, көштерін шұбыртып он сан ауылдар жайлауға бет түзеді.

Қыстай ауылында болып тән саулығын күйттеп, әл-қуат жиган Қаныштың көңіл-күйі қазір жадыраған көктем шуағымен бірге сәулелі, мерейлі шырайға ауысқан. Жабырқау күйі тарқап, іштегі кірбең, өксіктер ұмытыла бастаған. Жасы сол көктемде он тоғызға толды. Қылшылдаған жігіт шағы. Осы күнге дейін алғанын, ойына тоқығанын еселеп қайырып, ауылы күткен биіктен көрінер кезі. Соны сезбейді емес, сезінеді-ақ. Өзін барар жеріне жетпей, орта жолда аялдап қалған жолаушыдай көреді. Қырда жүргенімен, көңілі қала жақта.

Бұл турасында әкесімен де ұзын ырақ дауы бар.

— Қаланы қайтесің, балам. Мына дерт — қауіпті кесел...
Үйдің күтімі, қыр ауасынан ұзасаң-ақ қайта жығыласың.

— Семинарияны бітіргелі тұрғанымда үйде отырып қалсам, білгендігім қайсы? Заман да өзгерді.

— Әй, балам-ай, бұл заман сенікі емес пе? Бір жылдың әрі-берісі не? Бойыңды күтіп, тағы бір жыл ауылда бол. Оң жақта сарыла күтіп, сенің амандығыңды бір жалғыздан жалбарына сұрап қалыңдығың Шәрипа отыр. Құйрық-бауыр жесіп, баталасып қойдық. Оны қайтіп бұзасың?.. Бұған да ойлан. Жайлауға шыққан соң тойларыңды өткізелік.

— Жоқ, әке, әуелі оқуымды аяқтауым керек.

— Өкінесің түбінде, балам. Опық жейсің!

— Тым болмаса емтиханға барып келейін. Енді кешіксем, біржола қалып қоямын.

Ақыры әкесін дегеніне иліктірді. Ауылы жайлауға асқанда, айнымас серігі Нұрланды ертіп, Семейге аттанды.

Облыс орталығының тыныс-тірлігі, шәкірттің байқауынша, біршама саябырлаған тәрізді. Орталық Ресейді кең жайлаған қазан төңкерісінің дүмпуі бұл жаққа ескі жылды жылнама есебінен шығарып барып жетіргі. Бұрын астыртын жағдайда болған большевик ячейкалары қаңтарда бір ұйымға бірігіп, жұмыскерлер арасында үгітті күшейтіп, Қызыл гвардия топтарын құрып, ақырында ақпанның екісінен үшінше қараған түнде Семейде де Кеңес өкіметін орнатыпты. Қалың бұқараның сол күндегі талап-тілегін, көкейкесті сұрауын дөп басқан бәлшебек ұрандары Ертіс жағасында да жолды болып, Алаш қаласының (сол жағалауға орныққан елді мекен былтырдан бері осылай аталып, Алашорда үкіметі де сонда

орныққан) қалың кедейші, қасапхананың жалаңаш жалшылары, былғары, сабын зауыттарының жұмысшылары, Затондағы кемешілер де бірден-ақ кеңес өкіметін жақтап шыққан. Кеңестендіру науқаны уездерде қауырт жүріпті. Облыстық кеңестің атқару комитетінің төрағасы Я.Шугаев 1918 жылдың көктемінде Бүкілресейлік Орталық Атқару Комитетіне (ВЦИК) жолдаған жеделхатында сәуірдің 20-жаңасына дейін-ақ 262 ауылдық және селолық кеңестер құрылып, жұмыс істей бастағанын хабарлаған. Заманның саяси ахуалына өрісәрі емес шәкірттер үшін көп жәйтті аңғартатын жаңалық...

Бытырғы кара күзде ел тағдырын қолына алған Алашорда үкіметі биліктен шеттетіліпті. Қаныштың Әбікей ағасынан естіген әңгімесі коңілін көншіге қоймады: Әлихан Бөкейханов Орталық үкіметінің қазіргі басшысы В.И.Ленинге сенімді екі серігін Халел және Жаһанша Досмұхамбетовтерді жіберіпті; ал Алашорданың Семей облыстық комитетінің төрағасы Халел Ғаббасов 2-сәуір күні телеграф арқылы Кеңес үкіметінің бодан халықтар ісі жөніндегі комиссары И.В.Сталинмен сөйлесіпті; нақтап айтқаны — Алашорда үкіметі Кеңес билігін мойындайды, бөлшебектермен тізе қосып, қазақтың ұлттық автономиясын құруға барынша күштар-мыс... Алайда жаңа үкіметтің адуын комиссары ұтымды ұсынысты хош көрмейті. Әлде түсінгісі келмеген? Алаш өкіліне саяси сахнадан үзілді-кесілді кетіп, ел билеу ісіне бұдан өрі араласпауды талап етіпті. Жер-жердегі ахуал шынында да солай етуге еріксіз мойындатқандай: В.И.Ленин мандатымен елге оралған Әліби Жанғелдин үрдіс қимылдап, батыс өлкеде ұлттық әскер жасақтаған, Қызыл гвардия отрядтарымен күшейтілген сол жасақ Каспий жағалауын, Үстіртті баса жүріп, Кеңес билігін орнатқан; ақырында Орынбор атырабын өздеріне тәуелді еткен; күні кеше өктемсіген казак-орыс атамандары өзара күш қоса алмай, нәтижесінде қызылдар әскерінен жеңіліс тауыпты; Алашорда үкіметі жасақтаған екі полк атты әскер тәу орталықтан жасанып келе жатқан күшті басым жасаққа, әрине, төтеп беруге қауқарсыз...

— Саяси ахуал мүлдем өзгерді, ақыры соның немен аяқталарын ешкім білмейді. Бір жылдан кейін жиырмаға келесің, Қанышжан. Былайша айтқанда, алды-артыңды байқантын шамадасың, не істеуді өзіңде аңдауға тиіссің. Кім болып, қай салада еңбек етіп, алған білімінді әжетке жаратуға ойлану керек. Ең бастысы, жаңсақ баспай, мына қым-қуыт жағдайдан аман шығу да оңай емес. — деді Әбікей ағасы сол күнгі сұхбаттың соңында. — Ал біз оңбай тұтылдық білем. Әлекең,

Ахаң, Жақаң сияқты ақылғой жақсыларымыз "Оян, қазақ!" ұранын көтерін күреске шақырғанда, ұлтымыз үшін жаншида деп, бұғын қала алмадық. Бөлкім, гұмыры қысқа болған кешегі Уақытша үкіметтің барлық ұлттарға еркіндік деген өсіре үндеуіне шүбәсіз сендік. Сайып келгенде соның бәрі оншейін сөз болды, не шара?! Міне, енді бір үміт, бір білекпен ұлт жолына қызмет етпек болған қанкөйлек тұрғыластарым, мен өзім де кері шығар есік-тесігі жоқ бітеу қорғанға тап болдық. Сірә, қу тағдырдың пешенемізге жазғанын көреміз. Ұстанған бетіміздің оң екеніне имандай сенімдіміз: қараңғы елді жаппай сауаттандырып, дүние жаңалығына көзін ашып, алға шығып кеткен озық жұрттардың қатарына жеткізу — еркіндікке апарар бірден-бір сара жол екендігіне титтей де шүбә жоқ; амал қанша, шама-шарқымыз жетпеді... Тегінде, тарих бізді ақтайды, тек қашан?.. Ал, қапелімде ауырып қалғаның, Қанкежан, Қыдыр-атаңның жебеуі шығар-ау, біз омалған дүрмектен қашыққа кеткенің оңды болды. Бұған да төубө. Денсаулығың көтерсе, саған әлі оқу керек. Қазіргі замандағы өнердің төресі — жоғары дәрежелі білім алу. Білімді болсаң — біліктісің, білегі мықты да сол!..

Бұрынғы тыңғылықты білімі, елде жатып жасаған өзірлігі де сенітігін тигізіп, соңғы емтиханнан Қаныш қиналмай өтті.

Арманына қол жетті, семинарияны тәмамдап, тиісті куәлік алды. Жанын күйзелткен дерттің де беті әрі қараған. Көңілге ұялаған кок шымшық маза бермей, қиялын тербеп, алыс қияндарға жетелейді, оқығысы келеді: көздеген жері — Сібірдің Том қаласы, Семейге ұрымтал тұрған өнерлі шәр; онда университет те, институт та бар; университетті қаласа — математика факультетіне барады; институтты таңдаса — кен инженері болып шығады, екеуі де өрелі мамандық.

Тек алабұртқан көңілін тежейтін бір гәп: екеуінен де математика мен шетел тілінен емтихан ұстау керек және гимназия бағдарламасы көлемінде. Есеп пәніне ынтасы жас күнінде-ақ жақсы болатын, алайда осы күнге дейін игергені — бастауыш мектептің мұғалімі білуге тиіс деңгейде ғана. Жоғары мектеп сынағына онымен бара алмайсың. Ал шетел тілін мүлдем оқыған жоқ. Не істеу керек? Әкесінің тілін алып, сірә, елге қайтқаны жөн шығар. Жан бағып ауылда болады. Шаңырақ көтеріп, түтін түтетеді. Ауыл мектептерінің бірінде жас жеткіншектерді оқытады. Бұл болса бала күнінен көкейіне бекем түйген арманы. Шынында кеудесін ауыр дерт шалған бозбалаға бұдан өзге жол да қалмаған тәрізді...

III

Көктемге қарай Ресейдегі жағдай тағы да күрт өзгерді. Неміс әскерлері Балтық бойын, Украинаны, Белоруссия мен Қырымды жаулап алып, Солтүстік Кавказға басып кірді. Іле-шала ағылшынның экспедиция корпусы Мурманды баса көктеп отіп, Теріскей өңірге ұмтылды, ал жапондықтар Қиыр Шығысқа көз алартсын. Антанта әскерінің Ресейді жан-жақтан қыспаққа алғанын көріп отырып, іштегі жау — Ақ гвардия күштері мен казак-орыс атамандары тыныш қала ма, олар да бас көтерсін. Бұлардың едел-жедел қимылдауына кешегі қыран-кескі соғыста тұтқынға түсіп, Ресейдің түкпір шетінде ұсталған, Чехословак корпусының мамыр айының аяқ шеніндегі бүліншілігі түрткі болды. Қысқасы, 1918 жылдың жазында Ақ гвардияның біріккен күштері Сібірді өзіне түгелдей қаратқан. Нәтижесінде адмирал Колчак өкіметінің билігі орнады.

Семейдегі Кеңес құзыры 11 маусымда құлаған. Оның дүмпуі іле-шала уездерге тарап, бәр-бәрінде ақ әскеріне іш-тартқандардың көтерілісі орттей қауласын. Соның шап-пуы бұған дейін тыныш жатқан түстікке, Жетісу өлкесінде қамтып, казак-орыс атаманының қарауына көшеді. Сөйтіп, небәрі екі айда бүкіл Қазақстан атырабы Ресейден ажырап, ақ әскерінің емін-еркін билеуіне түскен-ді.

Әрине, соның ауыр зардабын ең алдымен қазақ елі басынан кешкен: бөлшебек партиясына мүшелікке өткендер жаппай атылып, іш тартқандар да қосақ арасында қоса кеткен; мал-мүлкіне ара тұрып қарсылық білдірген шаруа, ақ әскерінен қарадай қашып-шысқан да, жайлауда бейғам отырған ауылдар да тонауға ұшырайды; ал "азап вагонында" қыршын өмірін үзгендер қаншама; қыз-келіншектерді зорлап, ер азаматтарды жұрт көзіңше қорлап ойына келгенін істеу — адамшылық ұсқынын жоғалтқан бейбастық әскерилер үшін үйреншікті кәсіпке айналған... Қысқасы, бұдан бір жыл бұрын Алаш қозғалысының көшбасшылары бұқара халыққа ескерткен "жол-жобасы, қорғайтын панасы жоқ лайсан заман туады..." дегені болды. Шынында да енді сол сойқаннан тірі қалып, мал-жаныңды аман сақтау — өмірлік ділгірлікке айналды. Ал соған қатыспай бейтарап отыру да оңай емес-ті.

Әредік болса да Семейде "Сарыарқа" газеті шығып тұрған. 1918 жылдың ақпанынан қазан айына дейін әдеби-қоғамдық "Абай" журналының 12 саны жарық көріпті. Жауапты шығарушысы — бәз-баяғы тынымсыз жазғыш Жүсіпбек Ай-

мауытов. Басылымның алғашқы санында Жүсіпбек деп тек қана есімін қойған басмақалада журнал редакторы былай депті: "...Өнер, ғылым қаражатпен табылады. Өнер, ғылым қаражат табады. Қаражат жан асырайды, халықтың өнерлі болып жетілуіне де байлық керек. Жалаңаш кедейге өнер үйрен деу — өгізбен жарысып, бәйге ал деген сияқты. Надан болсаң да байы десек — ғылымсыз ол да баянсыз болмақ... Ғылым білімге қанады. Ғылымсыз білім сыңаржақ: ғылым білімді ұлғайтады; ғылымсыз білім құрғақ, білімді орнына жұмсау керек... Міне, осылар сияқты тіршілікке керекті терең мәселелерге орын бермек журнал ғылыми, әдеби һәм шаруашылық жолын тұтынды. Бұл жол керуен таңдамайтын кең жол. Терең өткелді, тасты, томарлы қиын жол... Журнал шығарушы бес-алты жігіт не күшіне, не біліміне сеніп шығарып отырған жоқ. "Адамның адамшылығы істі бастағаннан білінеді. Қалай бітіргеннен емес" деп Абай айтқандайын, талабым — таяғым, жігерім — азығым, маңдайыма ұстаған ақын Абай — қазығым деп үмітпен шығарып отыр."

Бас мақалада баса ескертілген бес-алтының бірі — келешек сөз зергері Мұхтар Әуезов. Журналдың алғашқы санында "Абайдан кейінгі ақындар" деген әдеби мақала беріліпті, оның аяғына "Екеу" деген лақап ат қойылған. Қазірде бұл — жұмбақ емес, Жүсіпбек пен Мұхтар екендігі шүбәсіз анықталған. Демек, мұғалімдер семинариясында бірін-бірі тауып, рухани жақындасқан талант иелері әдебиет жолында да бірге қалам тербеген! Ең ғажабы, олар әлеумет ісінде де тізе қосып, бір салада еңбек еткеніне тәнті боламыз.

Ал біз оларды үшеу дегенбіз. Үшінші дос — жасы жөнінен кішірек Қаныш болса, төн саулығын күйттеп қияндағы ауылына сол жазда бармай қалған. Екі ұдай көңілімен әрі-сәрі ойда жүріп, ақыры бір күні облыс орталығындағы Жер басқармасына соғады. Бастапқы ойы — ауылдық мектепке жолдама сұрау...

— Қаныш жолдас, сізді ауылдық мектепке жіберуге болмайды. Сіз мұғалімдердің өзін оқытуға тиіссіз!..

Ойда-жоқта сөйтіп Жер басқармасының қаражатына Семейде ашылған екі жылдық мұғалімдер курсының оқытушысы болып шыға келсін. Курстың меңгерушісі — Троицкідегі медресені үздік бітірген, терең білімдарлығымен сол кезде-ақ облыс жұртшылығына танылған Мәннан Тұрғанбаев. Ал оқу ісін басқарушы — Жүсіпбек Аймауытұлы. Демек, олар оқытушылық жолда қайта кездескен.

Дүйсебай ЕСЕНЖОЛОВ, мұғалімдер курсының шәкірті:

"Қаныш Сәтбаев бізге жаратылыстану пәнінен сабақ берді. Қазақша оқулықтар ол кезде атымен жоқ, ал орыс тіліндегі кітаптарға "тісіміз" батпайды. Сол себепті сабақ үстіндегі бар қарекетіміз — оқытушының аузын бағу. Класс іші сондай суық, жаман тон, жыртық күпілерімізді қаусырына түсіп, тыңдап отырамыз. Бүгінгідей есімде: үстінде шолақ былғары тоны бар, шашы бұйраланған қап-қара, аққұба жүзді, кең маңдайлы, уыздай жап-жас Сәтбайұлы келіп, бәрімізге ізетпен амандасып, ірі тістерін ақсита жымнып алып, сабаққа кіріскенде, бөлмедегілер тым-тырыс тына қалады. Өйткені Сәтбайұлының әңгімесі бізге ертегідей әсер ететін. Керемет қызық дүниелер әлеміне кіріп, жүдеу күйімізді, жарау құрсақ тілеуін де ұмытып кететінбіз. Шынында, бұл пәннің өзі де айтушысы келіссе, ертегіден бетер ғажайып ілім ғой..."

Қалнақпар ТӨРЕБАЕВ, сол курстың тыңдаушысы:

"Менің білетінім: Сәтбайұлы Қаныштың білімі сол кездің өзінде осал болмайтын. Бұлай дейтінім — класқа ол бір-ақ кітап ұстап кіретін еді де, дәріс оқығанда, бір сағат бойы соның бетін ашпай-ақ талмай сөйлеп, шығып кететін. Сонда біз, шәкірттер, аңқау кезіміз ғой. "Апырай, мына Сәтбайұлы қандай көп оқыған, бүкіл кітапты жаттап алған" деп таң болушы едік."

Мұғалімдер курсының тыңдаушылары Семей облысының барлық ояз, болыстарынан жиналған-ды. Жас мөлшері де әрқилы — алды отызға ілінген. арты жиырмаға ентелеген ересек жігіттер. Білім дәрежелері де түрліше, бірер жыл болыстық мектептерде оқығандармен бірге өз бетімен хат таныған шала сауаттылар да бар. Білім деңгейі ала-құла, әмбе өзінен өденеше жас ересек адамдарға ғылым негіздерін түсінікті етіп миына құйып беру де оңай емес. Әр сабаққа тыңғылықты дайындалмаса болмайды. Бір тәуірі, "сақалды" шәкірттерінің оқуға ынтасы ғажайып аузынан шыққан әр сөзге, әр жаңалыққа құлақтарын түрік ұстап қуана қабылдайды; бәр-бәрі білмекке деген ықыластары сондай...

Мұғалімдер курсының тірлік-тынысы заман көшіне ілескен керуен іспеттес. Қаныш болса, сол көптің керек бір көлігі тәрізді. Таңертең ерте тұрып сабаққа барады. Содан кешке қарай үш-төрт бойдақ жігіт бірігіп тұратын пәтеріне титықтап әрең жетеді. Бірақ "шаршадым" деп төсекке құлай кететін еріншек — Қаныш емес. Түннің бір уағына дейін тапжылмай отырып, ертеңгі сабағын әзірлейді. Ертіс арнасы мұз құрсанып, күн суытқалы ол тағы бір келеді іске кіріскен. Шынын айтқанда, білімдар Семейден ұзап кетпей қалып қойғаны да сол үшін...

Сол қыста-ақ ол ұзын арқау, кең тұсауға салмай, білімі олқылығын толтыруға қам жасаған. Математиканы тереңдеп білуге жәрдемдесетін тәлімгерге аса қиналған жоқ: бұрнағы жылы Әлімхан Ермеков Том қаласынан өзімен бірге азаттық таңы атты деп еліктіріп келген жастардың бірі Ғарифолла Нығметуллин сол жақта аса үздік оқыған білімпаз, Қанышты жетекке сол алды; ағылшын тіліне үйретер ұстаздың орайын келтірген жанашырлар да табылды...

Ғарифолламен аптасына екі рет кездеседі, ағылшын тілінің мұғалімімен де екі-үш мәрте сабақ алады. Бір күн, иә бір сағат бос уақыты жоқ. Бар уақыты есептеулі, тіпті әр жексенбі де соның еншісінде. Дайындыққа берілгені сонша, 19-жылдың жазында елге қайтпады. Қарт әкесінің өткен-кеткеннен ренжіп те, қиыла да айтқан сөлемі, ағайындардың үгіті, дем алу қажеттігі... Соның бірде-бірі емтихан әзірлігіне берілген жас жігітке әсер еткен жоқ. Бар ынтасы, бар тілегі — күзге таман Томға жету. Ғарифолла замандасының ықпалы ма, кім білсін, қазір ол ешқандай бұлталақсыз технология институтына, кен факультетіне бармақ. Мұғалімдер курсына жаратылыстанудан сабақ бергелі сол ілімге құмартатын болды. Әсіресе жер бетінде тіршілік пайда болып, жан-жануарлар ғана емес, пайдалы қазбалардың жаралу құпиясына ынтығуы ражап...

Бірақ тағдыр шіркін жолына тағы да кесе-көденең тұрды. Жыл бойғы сарыла отырған күндер мен түндер белгісіз өтпепті, аяқ астынан ауырып қалды. Үйреншікті кеуде дерті.

— Ну-с, жас, жігіт, Аллаға сенуші ме едің? — дейді дәрігер Разумов тағы да қан түкіріп, қоныс аударғандар ауруханасына түскен науқастың өкпесін ұзақ тыңдаудан соң.

— Жоқ, доктор, одан гөрі өзіме сенгенім бекем емес пе?

— Бекер, шырағым, бекер! Сақтансаң сақтаймын деген...

— Сонда, Сергей Николаевич, менің ендігі тағдырым бір алланың ғана қолында демексіз бе?..

Қарт дәрігер тіс жарып үндемеді. Сірә, ендігі жайың солай, шырақ... деп, жас азаматтың көңілін қамықтырып, жіңішкерген үмітін біржола үзгісі келмеген тәрізді.

Бұл жолы Қаныш ауруханада екі айдай болады. Қан түкіргені тыйылып, науқас басын көтерді. Жүруге бірақ халі жоқ, өңі аппақ қудай, бұрын да жүдеу еді, енді құр сұлдері ғана... Сол қарсаңда елден де әкесі жіберген кісілер келіп, сарыла күтіп жатқан. Ауыл ағасының қатаң тапсырмасы: науқас жігітті еркіне қоймай, ауылға алып қайту! Дәрігердің кеңесі де солай: "Оқу қайда, қалада бір күн аялдауға болмайды, жас жігіт! Ендігі үміт қырдың шипа ауасында, тынымсыз күтімде ғана". Енді амал жоқ.

"Қош бол, қимас қала, білімдар Семей! Қош енді барлық арман, мұраттар да!.." Мұғалімдер курсымен есеп айырысып, пәтер үйіне тастап кететін кітап, мүліктерінде қалдырмай, арбаға түгел салғызып, ұзақ жолға қамданды.

Бұдан арғы өңгімені Нұрлан ҚАСЕНОВ ақсақал жалғастырсын:

"Уақыт қатерлі кезең, Би атам Бапаң екеумізді бірдей жұмсаған. Қазанның бас кезінде Семейден шықтық. Күн суымаған жайдары мезгіл. Жайдарылығын қайтесіп, жолды өңдіре алмадық. Қанкежанның жағдайы суыт жүрісті көтермейді. Семейден аттанғанда қыр ауасын ұнатты ма, арба үстінде басын көтеріп отырып, жан-жағына құмарлана қарап, әредік бізге өңгіме айтып, аздап сергігендей болып еді. Орта жолға жетпей-ақ өкпедегі дертіне құрғақ жөтел қосылып, күн өткен сайын сырқаты ауырлай түсті... Бізде зәре жоқ — аман-есен жеткізе аламыз ба деп. Оның үстіне даланың құтырып тұрған кезі. Кеңес өкіметі күш алып тұрақтамаған, ақ әскерінің бөріше жортып жүрген шағы. Кезіге қалса, сенің жағдайыңмен санаспайды, төбеден бір нұқып, атыңды доғарып алып жүре беруді хақ. Құдай оңдап өйтеуір ешкім кезікпеді. Ел шетіне ілінгенімізде, алдымыздан үш-төрт кісімен, тың көлікпен жетіпстен асып кеткен егде жасына қарамай, Би атамның өзі шықты. Бала тауқыметі оңай ма, сірә, ауылдан тосып алуға дәті шыдамаған... Не керек, Қанкенің көрер жарығы, татар дәмі әлі де көп екен. Аман жеткіздік. Тек арбадан өз бетімен түсе алмады..."

ТУРА БИДЕ ТУҒАН ЖОҚ

I

Азамат соғысының алауы араға жыл салып бөсеңдеуге айналды. Большевик өкіметтің басшылары Орталық Ресейден қыруар әскер төгіп, соларға жол-жөнекей қосылған жергілікті жасақтардың көмегі сен болып, 1919 жылдың күзінде олар ақ қосындарын түстік шекараға қарай ығыстыра бастады. Қазан айында Қызылжар, қарашаның соңында Көкшетау мен Ақмола ақ әскерінен тазарды. Содан кейін-ақ адмирал Колчак пен казак-орыстардың осы өңірдегі атаманы Дутовтың жауынгерлік рухы құлдырап, әбден күйреген әскерінің қалдығы қаша соғысып, Семей губерниясына көктемде көбесі сөгілген көшкін қарша тежеусіз жөңкілсін. Әскери тәртіптен жұрдай болған, көбіне құлқын тілеуі мен нәпсі көксеуінен өзгені ойламаған, содан да бейбастық тағы

тобырға айналған өскерилер дегі Қытайға жеткізетін жол өтінде тұрған Павлодар уезін аттап өте алмаған...

Аласапыран уақыттың қилы көріністері жеті жасар балақан, Имантай ақсақалдың тұңғыш немересі ҒАЛЫМТАЙ ҒАЗИЗҰЛЫНЫҢ (1912-1998) жадында күні кеше көргендей жақсы сақталған: *"Бір түні Нұрым әжем шырт ұйқыда жатқанымызда бізді төсектен тұрғызып алып, апыл-гүпыл киіндіріп, әдекайда ала жөнелді, — депті Ғазекен біздің сұрауымызбен бертінде, сексен жасқа тақағанда қағаз бетіне түсірген ғұмырнама естелігінде. — Жерде қар бары есімде, содан таң әбден атқанша ұзақ жүрдік. Содан бір уақытта Керегетас деген жерге, Қазиза өлкеміздің ұзатылған жұрты — Шорман бидің ұрпағы Әужан ауылына жеттік. Сол ауылда оншақты күндей болып, ақ өскері ұзап кетті дескен соң, қыстауымызға қайттық. Би атам, менің әкем Бөкеш, Ағатай (Қаныш — С.М.) да сонда екен. Бірталай қой-ешкі, қара мал қолды болыпты. Болдырған аттарын тастап, біздің жылқыдан таңдаулы сәйгүліктерді мініпті. Соның бәрін жирен шашты ақ офицері жасатқан, солдаттары да біржосын төртінсіз адамдар екен... Көрші ауылда жалғыз атын бергісі келмей, шылбырына оралған Ахметбек деген ақсақалды табанда атып тастапты. Мәди Оспанұлы есімді бір көршіміз өлей өжеттік жасап, ақ өскерінің қаңтарулы тұрған аттарын айдап әкетіп, айдалада жаяу қалдырған ерлігін жұрт сүйсіне айтушы еді..."*

Ғалымтай Ғазизұлының естелік жазбасында мынадай да мәнді ақпар бар: *"Ағатай төсектен басын көтермей жатып алыпты, сосын да оған тиіспеген, сырқат екені рас болатын..."*

Ал өз әкесі Бөкеш жаман-жәутік киім киіп, жалшы кейпіне түсіпті. Әмбе тілі жоқ мылқау боп құбылған. Сөйтіп жүріп ақ өскері не сураса, соны істеп аман қалған. Өйткені ауыл ағасы "қу жанға — бір жұттық мал садақа!" деген. Тек Үлкен ауылдағы Әбдікәрім Жәмінұлы ғана оңбай тұтылып, сірө, кербез жігіт зиялы келбетін бүркей алмаған, отряд бастығы оны жолбасшы етіп зорлықпен ертіп өкеткен. Қажы ауылы дүрлігіп, не істерін білмей, әбігерге түседі. Алайда Жәмін тұяғы бір аптадан соң арып-шаршап, сұлдерін сүйретіп қайтып оралады. Сөйтсе Баянаула атырабынан ұзаған соң-ақ жер-суга ноқай сылқым жігіт жол көрсете алмай, шатаса бастапты. Сәтбай ауылының үлкендері бұған да тәубә, жастай оқу қуғаныңның пайдасы тиді... десіпті.

Жаратылысынан ширақ та есті Ғазиз балақанның жады түстікке босқан ақ өскерінің ізін баса өз ауылына қызылдар отрядының ойда-жоқта өзі сап ете түскенін тәптіштей баян-

дапты: *"Би атама сәлем бере солардың ең үлкен бастығы келді. Еңгезердей, ажарлы қазақ екен, белінде ешкінің басындай нағаны бар. Біздің ауыл оған тай сойып құрмет көрсетті..."* Ғазекең естелігінде қызыл командирдің есімі аталмаған, сірә, нақты білмеген. Нұрлан Қасеновтің айтуынша, ол — дала комиссары Әліби Жангелдин.

Баянауыл дуанына тұңғыш аға сұлтан болған, соған дейін де Төртуыл елін ондаған жыл уысында ұстаған Шоң би Едігеұлының бір өзінен он ауыл ұрпақ өрбіген. Солардың бірі Баянауланың түстік беткейін жайлаған — Айман ауылы. Сол атаның бергі бір ұрпағы — әкелі-балалы Аббас және Шайбай Аймановтар, екеуі де фельдшер болып, Баянауыл станицасында еңбек еткен. Семейлік өлкетанушы Л.М.Власовқа 1968 жылы туу Кавказдан жолдаған естелік хатында Шайбай АЙМАНОВ (1937 жылғы зобалаңда Сібірге айдалып, 60-жылдары суық жақтан қайта оралғаннан кейін бұл кісі денсаулық күйімен Қара теңіз жағасын мекендеген) өзі басынан кешкен, 19-жылы күллі Баянауыл атырабындағы, жалғыз дәрігер Асылбек Жұманұлы Сейітовтің (Том университетінің емдеу факультетін 1916 жылы тәмамдаған) қарауындағы емханада еңбек еткен кезде көрген-білгенін бүкпесіз баяндаған:

"Азамат соғысы жүріп жатыр, дүниенің астаң-кестеңі шыққан қиын уақыт. Дәрі-дәрмек таусылуға айналды, оны енді қайдан және қалай табуды білмей дал болдық. Аурухананың жабдықтары ескірген, тамақ жоқ, еңбекақы алмаймыз. Сөйтсе де, қолда барды әжетке жараттық... Ақыр аяғында ауруханада Асылбек, мен және әскери фельдшер атағы бар Белденинов үшеуіміз қалдық. Азық-түлік алуға қаражат жоқ, сырқаттанғандар тамақты өздері әкелетін болды... 18-жылдың аяғы мен 19-жылдың басында жолыңда кезіккеннің бәрін сыпыра тонап, Баянаула арқылы Дутов әскерінің қалдығы өте бастады. Қалған-құтқан дәрі-дәрмекті таута тығып қойғанымыз оңды болыпты, ақ әскері бізден спирт, дәке, түрлі дәрілер талап етті, бірақ дәнеме ала алмады... Дутовтарды өкшелей қуып қызылдар жетті, елде сүзек ауруы басталды..."

ҒАЛЫМТАЙ ҒАЗИЗҰЛЫ сол кезең туралы: *"Інілі болдым, Би атам ісіміз оңғарылсын деп Аманжол атады. Қыс әлей қатты болып, малымызды науат қылды. Жазға салым астығымыз таусылып қалып, ылғи дәмсіз қуырдақ жейтін болдық. Қала жақтан да жүрек жалғарлық ас іздеген хохолдар, башқұрт пен татарлар жаяу шұбырып келе бастады. Қыр елінде бұрын-соңды болмаған кісі тонаушылық көбейді..."* — деген тұжырымды баяндаумен сол бір алыс күндердің сындарлы сипатын бүкпесіз әңгімелегті.

Алаш қозғалысына белсене атсалысқан зиялылардың жағдайы күннен-күнге ауырлай берді. Кеңес өкіметі әдегеннен-ақ оларға жылы шырай көрсеткен жоқ. Колчак үкіметі түү баста Алашорда кеңесін қолтығына тартып жолбикелік жасағанмен, бірер ұрыста жеңіске ие болып, бөлшебектер үстемдігін Сібір атырабынан тықсырған кезде түп ойын ашып, директория 1918 жылғы 4-қарашада "Алаш автономиясына біржола тыйым салу туралы" жарлық шығарып, "бодан халықтардың төбемізге секіруін тежеп", әсіресе "мардымсыған киргиз оқығандарын тәубәға келтірудің уақыты жетті" деп шешкен-ді. Соған орай, кей жерде ұлт зиялыларының басына қамшы үйіріп, кейбірін түрмеге қамап, енді бірін сот үкімінсіз атудан да жасқанбаған. Мысалы, олардың құрығы Семейде ең алдымен жоғары білімді заңгер, ұлт қоғалысын сонау 1905 жылдан дайындаушы болған Жақып Ақбаевқа, "Сарыарқа" газетінің редакторы Имам Әлімбаевке түскен. Екеуі де біраз уақыт түрме дәмін татып, Жақыпқа тіпті ату жазасын кесуге әзірлік жасалған. Сөйтсе де Сібір директориясының құзыры Ертіс өңірінде аса пәрменді бола қойған жоқ. Сірә, соған Алашорда кеңесі Семейде ұстаған екі полк атты әскердің, қырдағы қалың елдің де мінерге ат, ішерге ас беріп, қызу қолдау айтарлықтай әсері болған. Қысқасы, олар Ертістің сол жағалауында, өздері Алаш атандырған қалада өз бетінше билік жүргізген. Ал оң жағалаудағы ескі қалада атаман Борис Анненков бір жыл бойы әскери штабын және комендатура ұстаған. Сөйте тұра, Алаш өкіметіне ештеңе істей алмаған. Қоқан-лоққы жасағанымен жоғарыдағы екі азаматты да жазасыз босатуға мәжбүр болған.

Сол текетірес майдандағы ахуал күрт өзгерген қарсаңда, Алаш басшылары ақ әскеріне қолғабыс етуден жалт беріп, Қызыл әскер бөлімдеріне жең ұшынан жалғасуға ойысқан. Әккі саясаткер В.И. Ленин де бұл жолы ұлт басшыларының көмегінен бас тартпайды. Сірә, қазақтың шексіз иен даласында соңғы солдаты қалғанша шайқасуды жобалап отырған Колчак пен казак-орыс атамандарының қаскөй ниетін болдырмас үшін де өздеріне жергілікті халықтың барынша қолдауы һәм шексіз сенімі керектігін көрегендікпен аңдаған. Сол себептен де Ресей Федерациясының ВЦИК-і 1919 жылдың 4-сәуір күні Қырғыз (Қазақ) өлкесі кеңесінің құрылтайын таяу арада шақыру жөнінде арнайы қаулы қабылдайды. Алаш

көсемдерін таңғалдырған, бәлкім, күдікті көңілдеріне үміт сәулесін тұтатқан игі лебіз соның екінші тармағында: "Құрылтайға қатысушы барлық қырғыздарға, оның ішінде Бөкейханов (Алашорда кеңесінің төрағасы — С.М.) тобынан келген өкілдердің де бас амандығына кепілдемесі берілетіндігі..." баса айтылыпты. 10-шілде күні Бүкілресейлік халық комиссарлар Кеңесінің төрағасы "Қырғыз өлкесін басқаратын төңкеріс комитетінің уақытша ережесін" бекіткен. Сол бойынша дала өлкесіндегі әскери-азаматтық билік Кирревком құзырына берілген. Ал оған мүше боп енгендер — Әліби Жангелдин, Мұхамедияр Тұнғашин, Ахмет Байтұрсынов, Бақытжан Қаратаев, Сейітқали Мендешев, С.С.Пестковский және большевик партиясының байырғы мүшесі Вадим Лукашев. Жеті адамның бесеуінің қазақ халқының өз перзенті болуы да кеңес өкіметінің ұлттық автономия шаңырағын көтеруге ықыласты екенін айқын аңғартқан. Әсіресе Алаш қозғалысының көшбасшы көсемдерінің бірі Байтұрсыновтың сол топтың жуан ортасында аталуы — ұлт зиялыларының жағдайымыз не болады деген күдік-күмәнін бірден тарқатқан.

Тамыздың алғашқы күндерінде-ақ Кирревком мүшелері Орынборға жетіп, жұмысқа кіріседі.

Орталық өкіметтің осы қадамы, әрине, Алаш жасақтарының әрі-сәрі көңілін кеңеске бұрып, едел-жедел әрекетке көшуіне түрткі болған: олардың батыс шептегі атты әскер жасақтары генерал Толстовтың ту сыртынан шұғыл тиісіп, Елек корпусының штабын қолға түсіреді; Шығыс қанаттағы Алаш милициясының бөлімдері М.В.Фрунзе қолбасшылық еткен Қызыл армия тобына қосылады; сайып келгенде 1919 жылдың желтоқсан айының бірінен екісіне қараған таңда ақ әскерінің соңғы тірегі Семей қаласы Кеңес қолына көшеді... Ескертер жәйт: Кеңес тарихшылары біржақты жазғандай, сол түнгі көтерілісті большевиктердің астыртын ұйымы ғана ұйымдастырмаған; оған эсер партиясы, шаруалардың IV корпусы және Алашорда кеңесі шығарған демократиялық одақ (демкоалиция) өкілдері де қатысқан. Осыдан соң-ақ ақ әскерінің қалдық бөлімдері Қытаймен шекара шепке тоқтаусыз жөңкіледі...

Сібривком жарлығымен іле-шала Семейде де губревком құрылып, Ертіс бойындағы барлық ауыл-село, станицалар мен уездер билігін өз қолына алады. Алғашқы губревком құрамына Алаш партиясының өкілдері (Ә. Ермаков пен Ж. Аймауытов) де тең құқықпен кірген; жиырма екі жасар Мұхтар Әуезов губерниялық атқару комитетінің түрік халықтары бөлімінің

қазақ секциясына бастық болып тағайындалған; Әбікей Сәтбаев губерниялық оқу-ағарту бөлімінің меңгерушілігіне шақырылып, ал Ахметолла Барлыбаев Павлодардағы уездік комитетіне мүше болып сайланады. Әмбе соның бәрі губревкомның өз ынтасымен емес, Орталық үкіметтің тікелей нұсқауымен жүзеге асқан. Әмбе ВЦИК арнайы шешім қабылдап, Алаш қозғалысының мүшелеріне саяси кешірім жариялаған.

Алаш партиясының облыстық комитетінің тұтқындалған кейбір мүшелері сол жарлықтан кейін бостандыққа шықты, бой тасалап жүрген Алаш көсемдері де оқу-ағарту саласында еңбек етуге рұқсат алды. Ахмет Байтұрсынов КирЦИК-тің тұңғыш оқу-ағарту комиссары болып тағайындалады. Тоқ етерін айтқанда, ұлт зиялыларының ең көрнекті тобы ел билігінен шеттетілгенмен туған халқын жаппай сауаттандыру, көзін ашып, білім жолына бастау мүмкіндігінен ажыраған жоқ. Бұл болса ел жақсыларының жаңа ғасыр басталған кезде-ақ үкімет алдына қойған ежелгі арманы болатын.

Десек те, келеңсіз бір жәйт қазақ оқығандарының алаңсыз жұмыс істеп, көкейкесті ой-жобаларын жүзеге асыруға қол-бөгеу болған. Оның түп негізі ВЦИК-тің бір аймақта екі бірдей төңкеріс комитетін құрған, сірә, залал-салдарын жеткілікті ойластырмаған қаулысынан өрбіген. Айталық, Орал тауынан Қиыр Шығысқа дейінгі орасан зор шалқар аймаққа иелік ету құқығы берілген, Омбы қаласында ірге тепкен Сібревком бірден-ақ 1868 жылғы реформадан кейін ресми құжаттарда "Сібір қырғыздары" деп аталатын, негізінен Орта жүз қазақтары қоныстап отырған байырғы Сарыарқаны түгелге дерлік иемденуді мақсат еткен. Нақты айтқанда, бұрынғы Торғай облысына қарасты Қостанай уезі түгелдей сол кезде құрылған Челябин губерниясына берілген; ал Ақмола облысы іле-шала Омбы губерниясы аталып, оның иелігіне осы облыстан Көкшетау, Атбасар, Петропавл және Омбы уездері тиген; сондай-ақ Павлодар, Қарқаралы, Аягөз, Зайсан және Өскемен уездерін біріктіріп отырған Семей облысы да, ВЦИК жарлығы бойынша, губерния құқығына ие болып, Сібревкомның құзырына көшеді... Яғни, 1916 жылы ішінара жүрген санақ бойынша, осы аймақта тұратын біржарым миллионнан астам қазақ Кирревком билігінен тысқары қалған. Әрине, Сібір ревкомы иелігіндегі қазақ жерінде орыс билігін қаз қалпында сақтап, соған орай қазақ жақсыларын ел басқарудан шеттетіп, саяси қуғындауды ту бастан мұрат еткен.

Осы саясаттың айқын мысалын өлке тарихын зерттеушілер Омбы архивінен бертінде тапқан құжаттан айқын көре-

міз: "Семейге мен 28 қаңтарда келдім. Маған дейін Губревкомның басқару бөлімінде түрік халықтары секциясы құрылған екен. Оны басқаруға Мұхтар Әуезов деген пиғыл-ниеті дұдамал біреу тағайындалыпты. Губревкомның мүшелігіне қырғыз зиялыларынан Әлімхан Ермеков, жұмысшылардан Төленов кіріпті. Қырғыздардың мұңын жоқтап, сойылын соғушы осы үшеуі болғандықтан, бұлар туралы өзімнің ойымды ашық білдіруді қажет деп білдім... Ермеков — Алашорда партиясының атақты Бөкейхановтан кейінгі беделді һәм білікті басшыларының бірі... Ал Әуезов — соңғы класта оқып жүрген семинарист /?/, жас коммунист бола тұра Ермековке жан-тәнімен берілген адам. Сол себепті Ермековтің айтқанымен ғана жүріп-тұрады, оның қазіргі қам-қарекеті бұған дәлел. Төленов болса қара жұмыскер, аздап оқып, жаза білгінімен белсенді іске қабілеті мардымсыз, төңкерістік жұмысқа мүддем жарамайтын, босаң адам..." — деген пәле-жаласы мол ақпар жолдапты Сібрревкомның татар-қырғыз секциясын басқаратын Самат ШАРАФУТДИНОВ 1920 жылдың 6 наурыз күнгі баянхатында. Семей ревкомындағы түрік халықтары секциясының жұмысын жаңдандыруға Омбыдан жіберілген лауазымды өкілдің ақпары "Семей губерниясындағы саяси ахуал және Сібір өлкесіндегі кеңес аппаратының пиғылы жат элементтермен былыққандығы туралы" деген айдармен жолданыпты...

II

Қазақ даласының қиыр шетінде, Ресеймен теріскей-батыс шебіндегі Орынборда ірге тепкен Кирревком "күллі қазақ жерін бір орталықтан басқаратын тұтас өлкеге біріктіру" жұмысына ырғалып-жырғалып кіріскенше, сол өлкеге ұрымтал тұрған Омбыдағы Сібір комитетінің төрағасы, қажырлы да аса жігерлі қайраткер деген дабыра атаққа ие, әмбе Ресей Компартиясы ОК-нің Сібірдегі бюросының бірінші хатшысы, өз әріптестері қолпаштап "Сібірдегі Ленин" деп атаған И.Н.Смирнов өз құзырындағы барлық губерния, облыс, уездерді едел-жедел "кеңестендіріп", Орталық үкімет жариялаған қарарларды тезірек жүзеге асыруға жұмылған.

Қалың ел сағына да зарыға күткен түбегейлі өзгеріс Баянауылға да жетті.

Наурыздың бас шенінде шабарман келіп, әкесінің үйінде жан күйттеп жатқан Қанышты станицаға шақырады. Естуінше, уезд орталығынан төтенше өкілдер келген. Осы маңаттағы қыруар елде жаңа билік орнатпақ. Кеудесіндегі дерт

ерекше өршитін, жілік майы түгесілген қатерлі мезгіл болса да тәуекел деп атқа қонды, күйзелген ел тірлігі шешілер сөт тұғанда жан сауғалап тек жатуға дәті жетпегені анық.

Баянаула атырабына келген өзгерістің бүге-шігесін Семей губерниялық төңкеріс комитетіне Баянауыл станицасынан 1920 жылдың 18 наурыз күні жолданған телеграф ақпарынан білеміз: *"Уездік ревкомның жүктеуі бойынша, губревкомның осы жайындағы жеделхаты негізінде мен Баянауылдың аудандық ревкомын ұйымдастырдым. Ревкомның төрағасы болып Богаченко, мүшелеріне Қаныш Сәтбаев, Зарембо, Калачин, Айтбақин жолдастар кірді. Осы құрамды тезірек бекітуіңізді сұраймын. Керейбаев"*.

Баянауыл ревкомы алғашқы мәжілісінде-ақ еңбекшілер арасында мәдени және ағарту жұмыстар жүргізуге екі бөлім ұйымдастырады. Қаныш соның қазақ бөліміне меңгеруші, ал екіншісіне басқарма мүшесі болып тағайындалады.

Станица жаңа тірлікке бет бұрған. Сол күнде ол әлденеше болыстың басын қосқан ірі аймақтың орталығы. Ревкомның міндеті де соған орай сан алуан: "Әр болыста мектептер ашып, әр ауылда сауаттандыру оқулары ашылады, әйелдерге бостандық беріледі, ұрлық пен барымтаға тыйым салынып, жалшы-кедейлердің құқығы мал-мүлік иесімен теңеседі. Жаңа өкіметтің жарлықтарын бұқара халыққа жеткізетін, әмбе соны бұлжытпай орындатуға үгітшілер керек. Олар білімді, көзі ашық, көкірегі ояу азаматтар болсын.

Қаныш та сол дүрмекке елігіп, жан күйттеп, бос жатуды білмейтін, аттан түспейтін беймаза қызметкерге айналған. Ол енді жаңа өкіметтің жалынды үгітшісі.

"О күннің үгітшілері — бүгінгі насихатшылардан мүлдем өзгеше жандар. — деп өңгіме шерткен-ді Белденинов есімді казак-орыстың үйінде Қанышпен бірге тұрған Мәлікаждар ЕСМАҒАНБЕТОВ бізге 1961 жылы. — Бүгін жер бөлісі туралы түсіндірсек, ертеңінде сол ауылға қайта барып, сүзектен сақтану туралы сөз бастаймыз. Күніне кейде неше мәрте жинаймыз, тіпті ығыр етеміз. Ішкі Ресейді аштық жайлаған кез, соларға көмек деп азық-түлік жинаушы агент те болып кетеміз..."

Сол кездің аумалы-төкпелі ахуалы, жайында Ғалымтай ҒАЗИЗҰЛЫНЫҢ естелігінде де біршама айтылған, тек ол сегіз жасар балақанның жады сақтаған жәйттер: *"Бір күні Керекуден уәкілдер келіп, Мырза ауылында көп адам қатысқан жнын шақырыпты. Сөйтсек, болыс сайлауын өткізіпті. Сайлау бұрынғыдан өзгеше болыпты. Болисполком төраға-*

сын жиналған жұрттың өзі атапты. Ақырында көпшілік қалауы бойынша, болыс болып менің әкем Ғазиз Имантайұлы, хатшылыққа Әубәкірдің Мұхтары сайланыпты. Сөйтіп, ойда-жоқта болыс кеңсесі жүз жылдай уақыт бекем орныққан Шорман ауылынан біздің Қарамұрынға ауысып, мұны да жиналған жұрт заманның өзгергені, теңдікке жеткеніміз... деп даурыққан білем, қалайда шат-шәлекей қуаныпты. Со күнде станицада кеңес жұмысында жүрген Ағатайымды жеделхат арқылы Семейге, әде Керекуге шақырыпты. Үй ішіміз бұл хабарға ерекше абыржыды..."

Қыр елінің тірлігі бірте-бірте қалыпты райға көшті. Заман аужайы да көңтөрімді жағдайға ауысқандай. Алайда талай жылғы күйреуден соң кетеуі кеткен шаруаны түзеу де оңай емес-ті. Аяқтан шалған қиыншылық сан алуан болатын.

"Сүзектің ең ауыр, қайталап соғатын, дене бөртіп, іш құрылысты да тұтас қамтитын түріне тап болдық, — депті фельдшер Шайбай АЙМАНОВ семейлік өлкетанушыға жолдаған хатында. — Ауырғандарды әр жерден арбалап әкеле бастады. Асылбек Сейітов күні-түні жұмыс істеді. Өзі ғана емес, жергілікті кеңес қызметкерлерін, партиячейке мүшелерін, бізді де сүзекпен күреске жұмылдырды. Аудандағы жалғыз аурухана тарлық еткен соң 5-6 жерден уақытша емхана ашып, солардың қасынан монша, наубайхана және жархана (бит, бүргені күйдіретін орын) жасатты. Дәрігер — жалғыз өзі, першіл — төртеуіміз, мейірбике — бірнешеу, ал аурулар — жүздеген... Жағдай ауыр болған соң санитарлар санын көбейтіп, оларды жаңа жұмысқа едел-жедел үйретуге тура келді. Мұрнымыздан шаншылып жүріп, ұйқы көрмей еңбек еттік. Еңбек ақы алмаймыз, дәрі-дәрмек жетпейді, қолымызға әдеқалай 100 сом тиісе, оның құны ертеңінде — 1 тиынға түсіп қалады... Асылбек Жұманұлы беделін салып, одан-бұдан дәрі-дәрмек тауып келеді, ауылдарға кісі жіберіп, азық-түлік, отын, басқадай ділгір қажеттердің бәрін де алып, тіршілік отын үрлеумен болды.

Індеттің әлей күшейген қарсаңында мен де мұрттай ұшып, өз үйімде жаттым. Асылбек күн сайын келіп, ем жасайды. Келген сайын: "Хал қалай, сүзек тоқтай ма!" десем, "Беті әрі қарады, өлм-жітім жоқ. Сен ешнәрсеге қамықпа, тиыш жат. Бірер аптадан соң жұмысқа шығасың..." деп көңілді аулап, өзге науқастарға жәрдем беруге аттанады. Сырқатым күшті болып, 18 тәуліктен кейін есімді жиыппын.

Көзімді ашсам — қолыңда шпирц, терлеп-тепшіген, үстінде ақ халат, Асылбек қасымда отыр, еденде — ампулалар сынығы.

Таңдайыма қасықпен су тамызды да: "Сен де құрдымға кетеді екен деп зәрем қалмады. Енді ештеңе етпейді, тек қозғалмай, тыныш жат. Ертең келемін" — деді де шығып кетті. Шынында да оңала бастадым. Бірнеше тәуліктен соң жүріп-тұруға халім келді. Сол кезде Асылбек маған шынайы жағдайды естіртті: сөйтсем, першілдерден — Бельдеников, Размазин және төрт медбике бірдей өліп, ауруханада Асылбектің жалғыз өзі сопылып қалыпты; уезд орталығынан ешқандай жәрдем ала алмаған; өйткені Павлодар мен Ақмолада сүзек эпидемиясы қауырт күшейіп, өздері де дәрігерлік көмекке зәру болған; оларға қарағанда, біздегі өлім-жітім әлденеше есе кем шыққан. Сүзектен құтылып үл дегенімізше, тырысқақ сап ете қалды. Бір ауылда екі кісі мерт болды. Олардың мәйітін өртеп, қора-қолсысын және құртып, маңайындағы құдық, өзен-бұлақтарды түк қоймай тексердік. Асылбек Павлодарға барып 500 адамға төсек орын, палатка әкеліп, эпидемиямен түбегейлі күресетін отряд ұйымдастырды... бірінші сәуірден қыркүйектің алғашқы жаңасына дейін 10 болыс елді түгел ақтап, сауықтыру, тазарту һәм сақтандыру шараларын жүргіздік. Тырысқақ та үш мәрте бұрқ етіп барып, біржола тоқтады..."

Уезд басшылары жас білімпазға сенім көрсетті. Керекуге шақырудың жай-жапсары Қаныш Имантайұлының өмірбаян құжаттарында нақты баяндалған: Павлодар төңкеріс комитетінің тұңғыш төрағасы, теміржолшы жұмыскер П.В.Поздняк орысша сауаты түзік азаматты бастапқыда уезд орталығында ұстап, мәндірек жұмысқа пайдалануды жөн көрген; алайда жас жігіттің денсаулық жайын білген соң, ауасы шипа Баянауылда қызмет атқаруға рұқсат етіпті; сол сапарда-ақ ол халық соты міндетін мойнына артып қайтады.

Ақсақалдар төрелігі мен билер билігінен өзге қазылықты естіп-көрмеген елге енді халық соты үкім айтпақ. Жуанның жұмырығында, өңеші кең кер билердің жемсауында талай заман теңсіздік көрген бұқара халық заң жүзінде де теңдікке жетпек. Кеңес сотының қара қылды қақ жарғандай әділ үкімін естіп, талай жылғы есесін қайтармақ.

Жә, сонда, қандай жол-жобамен?

Билікті қолына алғаннан бергі үш жылды толассыз шайқаспен өткізген жұмысшылар мен солдаттар өкіметінің заңдар кодексі туралы ойлауға мүршасы келмегені түсінікті. Қазақ даласындағы өкімет заң қабылдамақ түгілі, шекарасы белгіленіп, біртұтас республика болып толық құралған да жоқ. Сыр бойы, Жетісу — Түркістанға қарайды; Ақмола мен Торғай, Жайық пен Есіл бойы, Астархан мен Атырау — Орынбордан

басқарылатын төңкеріс комитетіне, ал Ертіс бойындағы қазақ уездері губерния аталғанымен Сібір өлкесіне бағынышты. Ал Бұхара, Қоқан хандықтары иелігінде, Ташкент маңында тұрып қалған қандастарының тағдыры тіпті беймәлім.

Сайын далаға "Есім ханның ескі жөнімен, Қасым ханның қасқа жолымен" төрелік айтып, бұрынғы билердің билігін үлгі етуге болмайтындығы және айқын. Бұған дейін даугерлерді бітістіріп, дауласушы руларды бітімге жүгіндірін келген, өз әкесі Имантай би қолданған ата жолы, ақсақалдар төрелігі де әжетке енді жарамайды.

— Бостандық заңы бойынша үкім айтасыз, жас жігіт. Ақ пен қараны адаспай айыратын көзі ашық, оқыған азаматсыз. Революцияшыл пролетариат қолыңызға берген құқықты өділ пайдаланып, арыңызға сүйенің үкім етесіз... Езілген бұқараның, жалшы қауымның қорғаны болыңыз. Сонда ғана ісіңіз алға жүреді, халықтың сеніміне ие боласыз. Әмбе Кеңес өкіметінің сенімді өкілі, жалынды үгітшісі атану — сізге басты міндет! — деген-ді большевик Поздняк тұңғыш кездесуде.

Бұл міндетті ол қалай атқарған?

Бұл сұраққа нақты жауап беру үшін сол күндегі сот жұмыстарын ақтарып, нақты деректерге жүгіну шарт. Алайда сөдия Сәтбаев 1920-1921 жылдары қараған жұмыстарының дені сақталмаған... Сондықтан көз көргендердің естелігіне жүгінеміз:

— Азан, Сазан деген дәулеттілерден кедей Қоқының неше жылғы еңбегін әперген;

— Найзабекұлы Оспанбайдан, Рақымбайдан еңбекақы даулап келген жалшыларына есе кескен;

— Мұстафа баласы Шәһин болыстан ақы даулаған қоңсыларының жұмысын үлгілі сот мәжілісінде қарап, даугерлер пайдасына шешкен.

Ел есінде сақталған елеулі оқиға — Бәтима қыздың дауы: Қозған еліндегі беделді бір атаның бұла өскен сұлу қызы Бәтима жастай атастырылған жеріне барғысы келмей, өз ауылындағы көрікті, сері жігітпен көңілі жарасады. Қыздың қайын жұрты намыс қуып, Бәтиманы зорлықпен байлап әкетеді. Қыз бірақ барған ауылында да өжеттік көрсетеді. Жәбірленушінің аз-маз оқуы, әрі заман тынысын аңдаған зерделігі де болған сияқты, арызын өжет қыз өлеңмен жолдайды.

*"Бозторғайдай шырылдаған мен бір құс,
Қапылыста тұтқын болған биылғы қыс."*

*Сөдия жәрдем етпесе — күнім қараң,
Құрған торда жатырмын еркімнен тыс.
Сіз — қазы болғанда, мен — тұрымтай:
Қырғилардан құтқарыңыз — сол бұйымтай!.."*

10-учаскенің жас судьясы зорлықшыл ауылға жедел аттанап, ашық сот мәжілісін шақырды. Аяқ жетер жердегі елді жиғызып, қыр сахарасы тәлім-тәрбие алғандай үлгілі жиынға айналдырады. Әрине, Бәтима қыз басына бостандық алған.

"Содан кейін-ақ сот кеңсесіне арыз берушілер мүлдем көбейді. Әсіресе зәбір-жапа шегіп жүрген әйелдер, жалшылар көбірек келетін болды, — деп өңгімелейді Мәлікаждар ЕСМАҒАНБЕТОВ, — солар тіпті біз жататын Петькенің үйін де ертелі-кеш босатпайтын... Қаныш әділ сөдия болды. Ағайын, рулас, туыс деп ешкімге де бұра сөйлеп, теріс үкім шығарған жоқ. Қасындағы жас серіктеріне: "Өкіметтің ала жібін аттамаңдар, жігіттер. Дуние — бір күндік, арың — мың күндік! Ары тазаның алды — ашық, арты — қорған" деуші еді. Онысы рас екен. Сол жылдарда бір күндік билігін пұлдап мал жиған, өз руының сойылын соққан талай сөдияларды көрдік. Не керек, бәрі де дәурені өткен соң күресінге тасталған сүйектей далада қалды..."

Бірақ жас сөдия қараған барлық іс Бәтима қыздың дауындай оп-оңай шешіле бермеген. Көбіне кеңес өкіметінің кімді жақтайтынын дәлелдеп, күш қолдануға тура келген. Қыр сахарасы оған оқыған азаматым деп қарайды. Қаныш та ел сенімін ақтап, кеңседен гөрі ат үстінде көбірек болады.

Десек те жас сөдияның ұшы-қиырсыз ауыр жұмыстан түңіліп, жаңа үкімет адамдары мойнына артқан ауыр міндеттен жүйкесі қажитын күндер де жиілей бастады. Сірә, күпті көңілі өзгереді те, ауқымдырақ биіктерді аңсаған. *"10-учаскедегі жағдайдың күрделі екенін мәлімдеуге тиіспін, — депті халық соты Қ.СӨТБАЕВ 1920 жылдың 20-желтоқсанында губерниялық соттың төралқасына жолдаған хатында. — Қаралған арыздарды есептемегеннің өзінде 300-ден аса жұмыс кезекте тұр. Кеңсе қағазын жүргізетін хатшы бізде атымен жоқ, ал жұмыс істейтіндер — іс қағазының әліппесін білмейді... Сол себепті, бұл міндетті — 10-учаскенің соты, мен өзім атқарамын. Ал менде бұдан әрі хатшы болып, әрі сөдия міндетін атқаруға шама жоқ..."*

Сот кеңсесінің қыруар шаруасы жас сөдияны Баянауыл төңкеріс комитеті жүктеген әлеумет міндетінен, аудандағы мәдени-ағарту жұмыстарын қоса атқарудан босатқан жоқ-ты. Оны да тыңнан бастауға, қыр сахарасының сол күндегі талап-тірлігіне орай сан-салада қатарлас жүргізуге тура келген...

Төкен ОРАЗОВ, "Қаныштың жастық шағы" кітабынан:

"...Есікті тықылдатып қақты да, ашаң жүзді, ұзын бойлы, аққұба жас жігіт кіріп келді. Бәріміз орнымыздан тұрып сәлемдестік. Суықтан өңі қашқан балаларды мүсіркей шолып, басындағы қара папағын қолына алды да:

— Сәлеметсіңдер ме, балалар? — деп, басын ніп амандасты. Рақымжан ағаймен (Рақымжан Сағынұлы — Баянауыл бастауыш мектебінің алғашқы мұғалімі — С.М.) қол алысты.

— Отырыңдар, балалар, — деді де, ол кісі қасымызға келіп, бос орынға отырды. Көк шұға күзен ішігінің түймесін ағытып, қара бұйра елтірі жағасын қайырып тастап, күлмдеген мәддір көзін әрлі-берлі аударып, бөлме ішін тағы да шолып шықты. Терезенің сынық көзіне үңіле карады, қиғаш қасын сәл көтеріп, бізге мұңайған кейіппен бұрылды.

Балалардың басында тымақ, аяқтарында саптама етік, үстеріндегі жабағы жүнді күпі, жыртық сірі тондарының белін қайғыспен буып алған. Суық сорған түріміз бозарған...

— Жағдайларың жақсы емес екен, балалар. Әйтеуір, ауырып қалмасаңдар болғаны. Мен кісі жіберейін, есік-терезелерді бүтіндеткенше, үйлеріңе бара тұрыңдар, — деп ол орнынан тұрды.

Жылы жүзді, тұр-тұлғасына кісі тоярлық бұл адамның кім екенін біле алмай бір-бірімізге қарап калыппыз...

— Біздің ревкомның мүшесі, осы отаудың шаңырағын көтеріп, сендерге қамқорлық жасаған Қаныш Имантайұлы, — деді мұғалім".

...Тамылжыған тамыздың аяқ шені. Ағаштардың жапырақтары түсе бастаған. Бірақ күздің жылымық жаңбыры жоқ. Күн ашық. Мектептің ересек балалары мен мұғалімдері, оларға қолғабыс еткен аудан азаматтары аулада жұмыс істеп жүр. Бір тобы ағаш тіліп, екіншілері оны балташыларға тасып, үшіншілері отындық ағашты бөлектеп үйіп жатса, әйелдер тобы қаз-қатар тұрып қабырғаны сылауда. Павлодардың 2-басқышты училищесін бітірген Пәуен Жүсіпбаев мұғалім партаның қағазға сызған үлгісін балташыларға көрсетіп,

жөндеп түсіндіре алмай, әуре болып тұрған. Бір мезетте әде-қайдан Қаныш келе қалды. Қолына қысқа ара алып, ағаш кесе бастады. Кішкенеден соң даярлаған кесінділерін балташыла-рға көрсетіп:

— Міне, парта деген осындай болады. Осы үлгімен әр бөлмеге кем дегенде он-оннан парта жасау керек. Даярлаған тақтай жететін сияқты, — деп еді, балташылар даурыға күліп, жұмысқа кірісті.

Көп болып жұмылған соң қойсын ба, сол күні-ақ мектептің бірталай жұмысы бітіп қалды. Мектеп ауласы жәрмеңке базарындай той-думан. От жағылып, қазан көтерілген. Жұрт Қанышты қоршап алған.

— Бүгін біз үлкен бір шаруаның басын қайырдық, ағайын, — дейді желпіне сөйлеген жас сөдия. — Өйткені ертеңгі сүйенішіміз — балалар үшін еңбек еттік. Бұл мектепке ертен өздеріңіздің ізбасар ұрпақтарыңыз келеді. Жылы үйде, жайлы партада отырып, өнер-білімге сусындайды. Ал қане, әнші қауым, осы игілікке арнап, аз-маз ән шырқайық. Шаршаған көптің көңілі жадырасын, жақсы ән — жан азығы деген...

Бұл да оның әлеумет жұмысына араласқаннан бергі машығы: қандай жиын өткізбесін, соңын ойын-сауықпен бітіреді; қасына ерген серіктері де сол үшін жүргендей — жас басшысы әдесе-ақ ортаға атып шығып, домбыраларын күйлеп алып, төңіректі ән-күйге бөлеп ойын-сауық бастайды.

"Қаныштың қасына бір жаз жнырма үш жігіт еріп жүрдік. Осы күнгі жөнмен айтқанда, сондағы қызметіміз — ойын қою, — деп еске алады Баянауыл тұрғыны Иген БАЯЗИТОВ ақсақал. — Көбіне көрсететініміз — Мұхтар Әуезов жазған "Еңлік-Кебек" пен өзіміздің Жүсіпбектің "Жебір болысы". Қатысқан жігіттер — Әбдікәрім Сәтбаев, Сапарбек Құдайбергенов, Сәрмен Қариев, Әміржан Әділбеков, ал Қабден деген өнерлі жігіт әйелімен... Еңлік болып соның келіншегі ойнайды. Есмағанбет, Балабек деген әншілеріміз де болатын. Есмағанбет жұрт алдына шығып: "Есмағанбет әншімін Баяндағы, Танып қал өнерімді айтам тағы, Қасымда бір топ жігіт өнер қуған, Тасындай Баянтаудың Арқадағы" деп ұзақ жырмен бізді таныстырып, ойын бастайды. Қаныш оны еркелетіп, Еске дейтін. Мені Иске деуші еді".

Халық сотының қасында жүрген топ сауық жасап, ойын көрсетумен ғана тынбайтын. Әрбінің мойнында тиісті міндеті бар: бірі — сот хатшысы; екіншісі — финагент; үшіншісі — газет, кітап оқып, өкімет саясатын көпшілікке ұғындыратын

қызыл үгітші; төртіншісі — милиционерлер... Ал кешке қарай солардың бәрі де бетіне сақал, мұрт байлап, киімдерін ауыстырып, бірі — молда, екіншісі — болыс, үшіншісі — бойжеткен қыз, төртіншісі — жалшы болып, тіркестіре тігілген киіз үйдің төрінде ойын-сауық бастайды.

Әлбетте төңкеріс комитетінің жұмысы мектепке бала тартып, иә көпшілікке ойын ұйымдастырумен ғана бітпеген.

1921 жылдың басында-ақ Баянауыл комитеті жатақ тұрғындары мен айналадағы жалшыларды біріктіріп, мойынсерік ұйымдастыруға қаулы алған-ды. Пайдалы шаруа екендігі көзге түртіп тұрғанымен, бәлкім аңқаулық салдары, қалың кедей әліптің артын бағып, бірден құлай қоймады. Амал қанша, жер-жерге өкілдер шығарып қайталап түсіндіруге тура келді. Соның бірі — станицадағы халық үйіне шақырылған көпшілік жиыны. Баяндамашы — жас үгітші Қаныш Сәтбаев.

— Бүгінгі жиын кешегіден бөлек, — деп бастаған-ды ол сөзін. — Өйткені әңгіме осында отырған тақыр кедей, жалшы қауым, сіздердің ертеңгі тірліктерің жайлы... Кімге болсын, жарандар, нан керек! Әсіресе шиеттей балалы-шағалы кедей-кешік үшін. Кеңес өкіметі сіздерге оны әлдеқайдан әкеп бермейді, қол қусырып қарап отырсақ — аспаннан нан жаумайды. Ала білсеңіздер, мол астық Баянауылдың баурайындағы құйқалы қара жерден өнеді. Оның қазіргі иесі — сіздер. Кеңес өкіметі Зонов, Дроздов тәрізді әлділерден тартып алып, меншіктеріңізге жер берді. Соны енді қалай пайдаланбақсыздар? Дроздовтардың күш-көлігі, құрал-сайманы сіздерде жоқ. Ал сонда, құрал жоқ деп Баянауыл жұртын асырап келген құнарлы жер әжетке аспай бос жатпақ па, кулактардан оны сол үшін алып па едік? Жоқ, ағайын, бұларың кешірілмес бейғамдық! Қызыл қарын бала қамын ойлаған шаруаның ісі емес... Меніңше, күллі кедей өзара жұмылып, еңбекке кірісу қажет. Айталық, мына отырған Әбең ақсақалдың қолы өнерлі адам, әмбе ол неше атасынан бері егін салып келе жатқан ежелгі диқан. Анау Өмекең, Әбекеңдерде соқа-сайман бар. Ал Садық пен Сағын күш-көлік шығарсын. Осылайша, түстеп айтсам, орталарыңыздан бір емес, әлденеше мойынсерік шығады. Әңгіме тек ауызбірлік жасай білуде. Еңбектеріңіз жанып, егін бігік шықты екен — қыруар астық аласыздар. Демек, одан қарын тоқ. Ішерліктен артқан астықты қайтеміз деп қауіп ойламаңыздар. Кооперативке өткізесіздер. Ал кооператив бүгіннің өзінде сіздерге қарызға тұқым, құрал-сайман бермек. Әрине, кооператив шаруасы мардымсыз жарлы-жақыбаймен әуре болмайды, оған да ертеңгі сенімді, күш-көлігі сай әлуегті мойынсеріктер керек...

Бұлар науқандық жұмыстар. Бәріне қолғабыс етіп, басы-қасында болу керек. Заман талабы солай. Ал, оқыған азамат, көзі ашық жақсылар қырда саусақпен санағандай.

...

Әрине, бозбала атаулыға тән серіліктен де жан-жақты өнерлі, өз қатарынан оза оқыған сәдия жігіт құр алақан болмаған. Сондай бір хикаятты кезінде бізге Нұрлан Қасенов ақсақал майын тамыза айтып берген-ді.

"Қоңыр күздің аяғы-ау деймін, Шорман ауылына әдеқалай шаруамен барғанымда, бидің немересі Зынданың Оспан деген жалшы жігіті мені оңашалап, "Мырзаның еркетотай қызы сені іздеп отыр, жұртқа байқатпай жолық..." деп сыбырлады. Маған қызық керек, алыстан орағытып, терезесі алдынан өтіп едім, іздеген бойжеткенім сыртқа шығып, орамалға түйілген бірдемені жанқалтама сүңгітті де: "Сәдия мырзаның жауабын Оспанға айт, өзің маған енді жолама!" — деді. Бар болғыр жап-жас, оң жақта отырған кезі, ал көркемдігін сұрама, хордың қызындай десем, әй, артық емес; екі көзі тура қарақаттай, белі де тал шыбықтай бұралған... Сезе қойдым: сайтан қыз біздің бозбалаға ынтық болып қалған... Қанкежан қыздың хатын оқыды да: "Ұйықтап қалма, ай туа барамыз", — деді. Жазған құлда шаршау жоқ, Қанкені түн ортасында ертіп бардым. Екі атты қалмақша қаңтарып, өзеннің биік жарының астына қалдырып кеттік. Терезені көрсетіп, бүкеңдеп кейін шегінсем — жас серігім қолын бұлғап, қайта шақырды. Сөйтсем, терезесінің өзі есіктей еңселі ағаш үйдің жақтауына қолы жетпей, діңкелеп тұр екен. Амал қанша, еңкейіп тұра қалдым да арқама мінізіп, ішке қарай ытқытып жібердім, қызы құрғыр терезені ашып қойыпты...

Жастардың құмарлық ісі оңай біте ме, ат қалған жарға сері жігітім таң бозара келді...

— Нұр-аға, мұныңыз енді қисынсыздау әңгіме, — деп, мені осы ауылға ертіп келген ғалымның немере інісі Тәрмізи Имантаев ақсақал үй іесіне дау айтып еді.

Нүрекең кенет қиқылдап күліп:

— Әй, сен, Тәрмізи, қызықсың, сонда сен, Қанкежанды еркектің сорлысы еткің келе ме, өзің сияқты можантопай көресің бе? — деп дүрсе қоя берді. — Бос сөз! Қанкежан біздің өмірдің қызық-шыжығын армансыз көрген, құдай тағала оған адам баласына тән қасиетті мол дарытқан. Ол әуелетіп ән салғанда тыңдаушы жұрт сәлдей тынып, сезімге түсіп ұйып қалатын. Ал, қараңғы үйді жарық қылғандай аппақ борықтай

жүзін, нұрлы келбетін, адамды өзіне баурап тұратын сипатын сірәда айтып тауыса алмайсың. Жүрген жері ойынсауық, білімі болса — ұшан-теңіз, әмбе өкімет сеніміне ие болып жүрген төре жігітке, өзің айтшы, кім қызықпайды?! Жоқ, Тәрмізи шырақ, ажары түзік қыз-қырқынның оған құмартпағаны кемде-кем..."

Демек, сол қарсаңда жиырма үстіне шыққан жігіттің аяғын шырмап, отау үй түзеудіңде уақыты жеткен. Әрине, ғасырлар бойы қалыптасқан ата-баба жолынан ол да тысқары қалмаған. Ол істің жорасы, тегінде, Қаныштың жас күнінде, "Ағаш үйдегі мектепке" қатынап жүргенде қаланған.

Имантай би әлдебір даулы мәселемен Қарқаралы атырабындағы қаракесек ішіне жолаушылап барғанда, сірә, қайтар жолда соқса керек, өзіндей дөңгелек дәулетке ие, балалы-шағалы, шағын ауылға құдайы қонақ болады. Ауыл иесінің есімі — Смағұл, артық-ауыс сөзге жоқ момын кісі екен. Міншл биге қонақжай ауылдың бәйбішесі ерекше ұнайды, сірә, жымырып отырып, отбасының шаруасын түгендеген ебін де аңдаған сияқты. Қысқасы, бейтаныс қонақ аттанарда сыр тарта: "Құсжан бәйбіше, біздің үйде бір асыл кездік бар еді, соған лайық көркем қынды сіздің үйден көрдім. Сабақты ине сәтімен деген, бәйбішемді арнайы жіберсем — жөн-жобасы қалай болар екен?" — дейді білем. Ақылы кемел әйел қаржас биінің тұспал сөзін бірден ұғып: "Жіберіңіз, бәйбішеңіз көңілімізден шықса, бәлкім, нәубез қайтармаспыз..." — десе керек.

Сол жазда-ақ Нұрым бәйбіше ақсақалының ізін суытпай атқа қонып, қарғыбауын артынып та, айдатып та барып, Смағұлдың Шәрипа есімді бүлдіршін қызын Қанышқа айттырып, құйрық-бауыр жесіп, құда болып қайтқан-ды. Содан бері оншақты жыл өтті. Екі ауылдың арасы жақындамағанмен, көңіл ортақтығы суыған жоқ. Тек Қаныштың оқуы түгесілмей, ауыр сырқатқа ұшырауы ғана бұл істі біржола тындыру мерзімін біршама кейіндете берген-ді. Енді міне, ұзақ оқу тәмам болып, қызметке шықты. Ел іргесі бүтінделе бастады. Екі жақтағы ата-ана да баяғы уәделерінен шығып, екі жасты қосуға қам жасаған.

Алайда Қаныштың өзі түрліше сылтау айтып, сол шаруаны кейінге ысыра берген-ді. Қартайған әке-шешесінің көңілін бұзып біржола жоқ демейді. Әлі де оқығысы келетінін айтады, тынымсыз мына қызметін де көлденең тартып, біраз жаттығайын дейді. Кенжесінің сырғақтауын жаратпаған әкесі күндердің күнінде қамығып отырып, жетпіс бестің қырқа-

сына шыққан, төрден гөрі көрге жуықтаған кексе шағында төс түйістіріп, аспен бекіткен құдалықты бұза алмайтынын, ана дүниеге де әкелік парызын өтеп аттануды қалайтынын... төндіре айтып, ақырында "Сен өзі қалыңдығыңды ұнатпай жүрсең — сол жаққа бір мәрте барып, Шәрипаны көріп, ұнатпасаң — басың азат демейсің бе. Біреудің оң жақта үкілеп ұстап отырған баласын жіпсіз байлап қойғанмыз қалай болады?" — деген-ді.

Сол сөз түрткі болып, Қаныш Қарқаралыға аттанды. Қалыңдығын көріп, аз-кем тілдескен білем. Бұрынғы уезд орталығындағы қазақ мектебінде бірнеше жыл оқыған, көрік-жүзі толған айдай көңілге толымды, нәркес көз, қыпша бел, сол күнде он тоғызға аяқ басқан Шәрипаның сұлу келбетіне байыпты мінез-құлқы да сай екеніне тәнті болады. Айтып-айтпай не керек, бұған дейін салқын қабақ аңғартып жүрген сері жігіттің өзі де кенет елігіп, ауылына келген соң әке-шешесіне: "Не айтсаңыздар — сол болсын!" — десе керек. Әрине, қажы ауылының үлкендері жедеғабыл әзірлік жасап, Қарқаралының күншығыс бөктерін қыстайтын Смағұл ауылына сән-салтанатын оңдап, жастар тобын аттандырды.

Осы оқиға жайында сол ауылдың ескі көзі Жұмаш Шәдетов ақсақал бертінде мынадай әңгіме айтқан:

"Шәрипа хор қызындай сұлу болатын, аппақ, бойшаң, қос бұрымы тоқпақтай, әдемі шолпылары жүргенде сылдыр-сылдыр егіп, ақ жібек көйлегі судырап тұрушы еді, үстіне оқалы барқыт камзол киетін. Біздің Қанке де жігіттің төресі. Құдай тағала екеуін тең ғып жаратқаны хақ. Пәуескелетіп ауылға алып келдік, той-думан қызып, беташар айтылды. Неше күн ен жайлауда мәре-сәре болдық. Шырлай ата-енесіне, бәрімізге сүйікті келін болды...

Шырлай атануының да мәнісі бар: жаздың жаннат кезінде шаңырақ көтерген жастардың ақ отауы ауылдың басқа үйлерінен жырақтау тігілетін; қоңсы ауылдардың адамдары, шаруа қамдайтын біздер таң сәріден оянамыз, ауыл тыныштығын қадағалаймыз. Ертемен күн шығар алдында бір өнші құс жас отау тұсында шырылдайды да тұрады, бірнеше күн дәл солай әндетіп бақты. Көргенімізді Қанке мен Шәрипаға айтып едік, олар жымнып күлді де: "Ол құсқа тиісуші болмаңдар, мүмкін ол бақыт құсы шығар, біздің отаудың шаңырағын әдейі таңдап, бақыт өнін, ақ тілегін жырлап шырылдайтын шығар. Әулнем, солай емес пе?" — деп, Қаныш келіншегіне қарады да қапсыра құшақтады. Біз де қуанып, қоштай күлісіп: "Бақыт құсы шаңырағында ғұмыр бойы талмай шы-

рыдасын!" — дестік. Содан не керек, Шәриппа аты қалып, жас келінді үлкен-кіші "Шырлай" дейтін болдық (Шәриппа Смағұлқызы осынау лақап атпен құдай қосқан қосағының өз сөзімен айтқанда, "шаңырағының құты" атанып, 1987 жылға дейін үбірлі-шүбірлі үлкен әулеттің басы болып, ұзақ өмір сүрген).

1920 жылдың жазы Сәтбай қажының үрім-бұтағы үшін ерекше қайырлы, мерейлі болды. Ауыл үлкендері оны Шырлай келіннің құтты жолына жорыған, тек сол ұзағынан болғай дескен-ді: шілде айының басында бала-шағасы мен зайыбы Қамиланы ертіп, ту Семейден Әбікей Зейінұлы келген; бұл кезде ол кісі губерниялық оқу-ағарту бөлімінің меңгерушісі, әмбе семинариядағы оқытушылық міндетін де мойнына қайтадан артыпты... Әлдекімдердің тұртпектеуімен басына бұлт үйіріліп, ақ өскеріне "жол көрсеткен" бытырғы "қылмысы" пәле болып жабысып, Әбдікәрім Жәмінұлы қыстан бері тұрақты жұмыс ала алмай, зықы шығып жүрген. Оған да кешірім болып, туған ауылына аман-есен оралды. Баянауылға есеп бере барған Бокеш те тындырымды әрекетіне мақтау естіп, ат-шапан сыйлық алып, олжалы қайтады.

Соның бәрі жұрттың кеу-кеулеген құттықтауына ұласып, ақыры Сәтбай ауылының көшбасшы ағасы Имекең төр жайлауға қонған соң ағайын-жекжатқа хабарлап, бұрынғыдай үлкен дырдуға айналдырмай, Қаныштың отау үйі болғанына той жасаған.

Орайы келіп тұрғанда жақсылық та, тегінде, үсті-үстіне егіздеп туындайды. Сол жылдың қуанышы ерекше мол және қарымды болған. Ең бастысы, қазақ халқы екі ғасыр бойы зарыға күткен еркіндіктің алғашқы нышанын сезінді. Бұл болса 1920 жылдың 26 тамыз күні Кеңес өкіметі дабыралай жария еткен, Қырғыз (Қазақ) Автономиялық Кеңес республикасы құрылғандығы туралы жарлық. Нәтижесінде соған дейін он тарам бөлікке түсіп, қаншама әкімшілікке бағынышты болып, "өгей жұрт" теперішін тартқан қалың ел автономия алумен қоса, жер бірлігіне де қолы жетті. Ресейдің Сібірдегі әкімшілігіне қараған Семей, Ақмола, теріскей-батыстағы Орынбор губерниясына бағынған Торғай, түстіктегі Жетісу, Сырдария облыстары Түркістан республикасы атанған әкімшіліктен ажырап, ал күнбатыс өңірдегі қазақ уездерінің бәрі енді Кирревкомға қаратылып, шекара шебі де анықталды. Бұл болса — сонау бағзы заманнан ісі қазақтың түсінде көріп, өңінде арман еткен, еркіндік аңсаған талай жайсаңы жанып берген, сол үшін қан төккен іс. Тежеулі еркіндік, құқығы мен ділі шектеулі мемлекеттік құрылым. Бұған да тәубә!

Алайда Мәскеудегі үкімет жариялаған ресми жарлық ежелгі қазақ жерінің біртұтас автономия болып шаңырақ көтеруіне жол ашқан жоқ. Сансыз көп кедергілер әр жерден төбе көрсетті. Солардың кейбірін ұлт пайдасына түбегейлі шешуге, сеніңіз, иә сенбеңіз — шет түкпірдегі Баянауыл төңкеріс комитетінің мүшесі Қаныш Сәтбаевтың да белсене қатысып, табанды түрде күресуіне тура келді...

IV

"Ежелгі қазақ жерін бір автономияға жинау" жұмысын Кирревком бір жылға созды. Әділін айтқанда, сол қарсаңда бұл — оп-оңай жұмыс емес-ті: екі ғасырдан астам уақыт жүйелі түрде жүргізілген отарлау саясатының салдарынан күнбатыс шептегілер — "Астархан қазақтары", "Орынбор қазақтары", "Саратов (Сарытау) қазақтары" және "Царицын қазақтары" атанып, ал түстіктегілер — "Түркістан қазақтары" (оның құрамындағы қомақты ру тайпалары — "Бұхар мен Қоқан қазақтары", немесе "Ташкент қазақтары), теріскей мен күншығыстағы қалың ел — "Сібір қазақтары" деген жасанды атауға ие болып, біртұтас ел болудан үміті үзілген дәрменсіз жағдайда өмір сүрді... Шынында солардың бәрі бір халық болатын — діні, ділі, тілі бір, жері де әлімсақтан біртұтас қазақтар еді. Тек тағдыр жазуымен, түрлі тарихи жағдаяттармен бір-бірінен қоныстары ажыраған, бірлігі де қожыраған. Енді міне сол халық Кеңес үкіметі жариялаған "Ресей қарамағындағы барлық ұлттар тең құқықты" ұранына сай, дербес автономия алды. Алайда ұзақ жылдар емін-еркін жайлаған отарлаушы ел екі ғасыр бойы немденген жерді оп-оңай қайтара ма? Әрине, берген жоқ, сулы-нулы аймақтарды басып қалуға тырысқан...

Ілгеріде аталған "Сібірдің Ленині" өз басқаруындағы өлкені аса қуатты экономикалық аймаққа айналдыруды жатса-тұрса көкसेген қайраткер. Сол мақсат үшін байырғы қазақ жерінен де қомақты сыбаға алуды жөн деп білген: оның ойынша, Қостанай, Петропавл, Омбы, Көкшетау уездері тұтас қалпында, ал Павлодар уезінің кейбір болыстары және Өскемен уезінің күншығыс бөлегі (Кеңді Алтай аталатын, яки кешегі Қатын-Қарағай, Үлкен Нарын, Марқакөл, Күршім аудандары, Зырянов, Риддер және сол қалалардың төңірегіндегі пайдалы қазыналы, ну орманды таулы өңір) Сібір өлкесінде біржола қалуға тиіс... И.Н.Смирновтың айтар уәжі: бұл уездерде орыстар басып тұрады; ал қазақтың саны отыз, көп дегенде қырық пайыздан аспайды; сол өңір Кирреспубликаға берілсе — екі ха-

лық өзара сиыспай, қантөгіс туады-мыс; оған қоса өндіріс ошақтарын, тау-кен жұмыстарын Сібревком жедеғабыл жүргізіп, ортақ Отанымыз — Ресей федерациясын нығайтуға қомақты үлес қосады, ал қазақтар мал бағу болмаса — өндірісті ойдағыдай өркендете алмайды...

Сібір өлкесі басшысының астам ойын қостаушылар аз емес, ең шатағы ондай сатқындар даулы уездерден де шыққан: мысалы, 1920 жылдың қаңтар айының бас кезінде Павлодар ревкомы Семей губерниясынан бөлініп, Омбыға тікелей бағыну жайында ресми өтініш жолдаған; әрине, Смирнов бұл ұсынысты дереу қолдап, уезді түгел емес, тек қана теріскей бөлігін Сібір өлкесіне біржола "қосуға" нұсқау береді. Жыл басында өрбіген кикілжің жазға ұласады. Ревком басшысы П.Поздняк пен оның сенімді қолғанаты, қырғыз-татар секциясының меңгерушісі Асқар Сыздықов уездің Сібревкомға тұтас қосылуын жақтаса, комитет мүшелері Барлыбаев, Балпаңгеров, тағы бір топ қазақ оқығандары Кирреспубликадан ірге бөлуге қарсы шығады. Нәтижесінде тыныш отырған үлкен уезд екіге жарылып, айтыс-тартысқа душар болған.

"Сібірлік Ленин" бұзық ниетінен айнымайды, тамыздың 4-жаңасында "Сібірді аудандарға бөлу" деп атаған қаулыға қол қояды. Ол бойынша, Павлодар уезінің теріскейдегі 10 болысы Омбы уезіне қаратылады. Араны ашылған И.Смирнов үшін бұл да аз. Павлодар уезіне қарасты 12 тұзды көлді — Қарабас, Жақсытұз, Шақшантұз, Үлкен Қалқаман, Кіші Қалқаман, Тайқоңыр, Бестұз, Қарасор, Вишневое, Үлкен және Кіші Табылжын, Коряков, оған қоса Шарлақ пен Ертіс аудандарын Омбы уезіне еншілеп, Павлодар қаласын төңірегіндегі елді мекендерімен, тұз өндіретін көлдерімен, орман шаруашылықтарымен Славгород уезіне меншіктел береді... Сібірдің жаңа шекарасы енді Павлодар уезіндегі Қандыкөлден басталып, Сарыкөл станицасы арқылы осы күнгі Екібастұзды қамтып, оның түстігінен 15 шақырым жердегі Әлгірей сорына дейінгі орасан зор аймақты орап, Ақсу болысын ортан белінен баса отырып шығысқа қарай қиыстай жүріп, ең аяғында Ертісті кесіп өтіп, Жәміш көлінен Славгородқа тіке шығуға тиіс...

И.Н.Смирнов өз ниетін Ресеймен шекараны белгілеуші комиссия мәжілісінде былайша дәлелдепті: *"Аталған көлдерсіз Сібір халқы өмір сүре алмайды, ал Кирреспублика өмір сүреді — олардың иелігінде қаншама тұзды көл қалып отыр... Бұл көлдерден тұз алу үшін біз 125 шақырым темір жол тарттық. Не үшін? Кирреспубликаға тектен-текке бере салу үшін бе? Сол себепті Павлодар уезін Омбыға қарату керек. Біз одан қыруар астық алмақшымыз, ал қазылмақ тұз Орал мен*

Сібірдің қажетін артығымен өтейді. Артылғанын біз Қиыр Шығысқа тасып, валютаға айырбастаймыз..."

Кирревком комиссиясын Сейітқали Меңдешов басқарыпты. *"Сібірліктер көз алартып отырған аймақта тұз ғана емес, ежелгі қазақ ауылдары бар, бұл жерді олар малға жайылым жасап, егінде салып келеді. Кирреспублика бұл өңірде ауыл шаруашылығын өрістетпек. Ал сіздер мәселені тұз алумен байланыстырып, қасақана ушықтырып отырсыздар... — дей келіп, Кирревком мүшесі әріптестеріне мынадай сауал қойыпты. — Федеративті республиканың экономикасы қажет тұзды Сібір өлкесі емес, Кирреспублика өндірсе қандай зиян шегеді? Сіздерге қанша тұз керек — сонша береміз..."*

Сібір делегациясы бұл уәжге көнбейді.

Кирревком делегациясы өнбес дау қуудан беті қайтқан соң ұлттар теңдігін аяқасты еткен сібірліктердің қараниет пиғылын әшкерелеп, Мәскеуге шағым жолдайды. Әмбе бір емес, бірнеше мәрте. Соның бірінде: *"Бұған дейін қарсылық білдіруге құқығы жойылған, үнемі езгіде болған, көшпелі ауыр тұрмыс кешкен халықтың хал-күйін одан әрі төмендету мақсатымен оның байырғы жерін күшпен тартып алу ісі бәз-баяғыдай жүгенсіз түрде өрістеп отыр, бұл болса Халком Кеңесінің Қырғыз өлкесін басқару жөніндегі декретіне мүддем қарама-қарсы әрекет..."* — делінген.

Ең қиыны, осындай әрекеттер жер-жерде белең беріп отыр, ол болса бәз-баяғы "бөліп алда билей бер" саясатының, ұлыорыстық шовинизмнің сарқыншағы: Каспий теңізінен балық аулауды біржола иемдену үшін бергі жағалауынан балықшы қазақтарды сексен шақырым қашыққа көшіріп тастау туралы Астрахань губерниясы ұсыныс жасаса; Маңғыстау түбегіне түрікмендер көз алартады; Ташкент шөріне қитұрқы жолдармен қолы жеткен соң-ақ, оның төңірегіндегі ежелгі қазақ жерлерін қосып алуға өзбектер де жоғары жаққа бірнеше рет тілек жолдаған; ал сібірлік көршіміз бұрынғы талабына қосымша Кирреспубликамен шекара сызығы Ертіс арнасымен жүрсін... деген ұсыныспен Мәскеуге шығуы да үстемшіл пиғылдың, азақ қазақты менсінбеудің салдары...

Осы ретте Кирревком құрамында халқамыздың бүгінгі жарқын болашағын көрегендікпен болжап және соған қалтқысыз сенген шынайы ерлер жұмыс істегенін ескерту парыз. Олардың дені сол күннің өзінде жоғары білімді, әрі экономика мен шаруашылық мәселелеріне білікті жандар. Нақ солар тұған жерінің үстін ғана емес, жеті қат астыңдағы қазына байлығын да бағамдай білген. Ең бастысы, сол жайсаңдар туып-

өскөн өлкөнүн түс-тұстан тоналып, жателдиктер иелігіне қашан және қандай жағдайда көшкен шерлі тарихын өте жақсы билетін-ді. Сондықтан да бұл жайсаңдар Смирнов сияқтылардың жүгенсіз талабына тойтарыс беруден тайынбаған.

Жер бөлістен өрбіген наразылық ақыр аяғында КСРО Халком Кеңесінің 1920 жылдың тамыз айының 9-10 күндергі мәжілісінде талқыға түседі. Оның жай-жапсарын біз осы мәжіліске қатысып, сібірліктер мүддесін қорғаған Сібрревком төрағасының орынбасары В.Соколовтың естелігінен ("Сибирские огни" журналының 1960 жылғы № 4) таптық:

"ЛЕНИН: Сіз біздің жобамызға қарсымысыз? Не себепті осынау кеңпейіл де момын халықты ренжіткіңіз келеді?"

СОКОЛОВ: Ренжіту? Жоқ, Владимир Ильич, атамаңыз. Біз қырғыз бен Сібір казактарының ежелгі ұлттық кикілжіңі қайта өршімеуін көздегендіктен жасап отырмыз бұл шараны.

ЛЕНИН: Сондықтан да олардың арасына шовинистік пиғылмен от тастауды қалайсыз? Ал бұл болса ұлт араздығын мейлінше қоздырудың ең ұтымды және сыннан өткен жолы екенін әлбетте ескермейсіз..."

Естелік иесінің айтуынша, Владимир Ильич қазақ делегациясына жақындап келіп, түр-келбеті бұқара халық өкілі екенін аңғартқандай, кексе ақсақалдан: "Киргиз үстемдігіне казактар қалай қарар еді, ал сіздің халық ше?" — депті. Ақсақал мүдірместен және орыс тілін белінен баса шүлдірлеп, әрі қарапайым да жалпақ тілде: "Быладемер Іліш, ешкімнің билеп-төстетуінің қажеті жоқ. Бәз-баяғыдай қоян-қолтық араласып, тып-тыныш өмір сүреміз..." — деп жауап береді. Кексе адамның ұтымды жауабы бас комиссардың көңілінен шығып, "Қырғыз автономиясын құру ісіне бәз-баяғы сібірлік өктемдікпен емес, тіпті Иван Грозныйдың жаулап алу пиғылымен де емес, Гималайдай құзар биіктен, тек ағылшындарға тән паңдықтан таза, шынайы коммунистік һәм кеңестік әділ көзқараспен қарау қажеттігін" байыппен түсіндіреді. Үкімет басшысының пайымдауынша, даулы мәселеде орыс коммунистері бұған дейін езгіде болған, патша итаршылары мен орыс байлары сүліктей сорған аз ұлттардың қазіргі хал-күйіне мейлінше бауырмалдық түйсікпен қарап, келешек тағдырын интернациональдық принциппен шешу керек. Сол себепті ол Дала өлкесінің терістігі мен шығысын бөлшектемей, Қырғыз автономиясына тұтас қалпында беруге нұсқау етеді.

Сонымен жер дауы Кирревком пайдасына шешіліп, 26 тамыз күні КСРО Халкомының төрағасы қол қойған декрет

жария болады. Десек те Ертіс бойындағы ежелгі қоныс екі жыл бойы Қазақстанға қайтарылмапты.

Сібір ревкомы 1921 жылдың бас кезінде ұлттық-территориялық шекараны белгілеу комиссиясына Павлодар уезін бөлшектеу туралы былтырғы ниетін қайталап, өздері иемденіп отырған тұзды көлдер мен теріскейдегі он болыс елді, Жәміш көліне дейінгі шығыс белдемді Сібір өлкесінде қақтыратынын мәлімдейді. Қазақстандықтар бұл шешімге наразылық жариялап, мәжілісті тастап кетеді.

Комиссияның қайыра бас қосуы 7 сәуір күні өтіпті. Мәжіліс хаттамасынан екі жақтың да тыңғылықты әзірлікпен келіп, аяусыз айтысқаны айқын сезіледі. Сібір тобының сөзін тең құқықты төраға С.Чудкаев ұстап, ал Қазақстан мүддесін С.Меңдешов қорғапты. Сібірліктер баяғы сөзінен танбайды, тек бұл жолы, сірә, қарсыластарын тың ұсыныспен малдандыруды ойлап келсе керек, Баянауыл станицасын жаңа уезге орталық етіп, оның иелігіне төңірегіндегі байырғы қазақ жерінің кең қоныстар "беретінін" жария етеді. Қазақ делегациясы үзілді-кесілді қарсы тұрып, Семей губерниясын 20 сәуірден кешіктірмей, біртұтас қалпында беруді талап етеді. Бұл жолғы мәжілістен енді сібірліктер шығып кетеді.

Даулы жерді түпкілікті шешу ВЦИК қарауына беріледі. Алайда Бүкілодақтық атқару комитеті оны шешуге асықпайды. Нәтижесінде Павлодар уезінің тағдыры 1921 жылы да әрі-сәрі қалпында қалады...

Кирреспублика басшылары ешкімге қарыстай жер бермеуге белді бекем байлап, сол үшін тіпті жер иесі — бұқара халықты көмекке шақырыпты: Омбымен іргелес орналасқан даулы он болыста, қазақ қауымы жиын отырған елді мекендерде мыңдаған адам қатысқан жиындар, Сібір ревкомының біржақты шешіміне наразылық митингілері өтеді. Сол күннен бізге жеткен бір айғақ — Майкөл, Тереңкөл, Мұздықөл және Қызылағаш болыстарының өкілетті жиыны 22 мамыр күні Мәскеуге, В.И.Лениннің атына жолдаған жеделхат: *"Крайне обидно и прискорбно, что мы, природные сыны степи, должны остаться за флагом так долго ожидаемой всем населением свободной Киргизской республики... Сибревком, не будучи знаком с жизнью трудового киргизского населения, не принесет той ожидаемой киргизским народом пользы, как Кирреспублика..."*. Жеделхатта одан әрі дүние жүзі пролетарна-тының жанашыр көсемі һәм езілген аз ұлттардың қамқоршысы Ленин жолдасқа өздерінің ерекше сенім білдіретіні баса айтылып, *"...и наши волости будут причислены к Кир-*

республике" — деген үкілі үміт айқын жеткізілген. Жеделхатқа төрт болыс тұрғындары атынан Арынғазин, Загиров, Нуркин және Байзақов (сірә, соңғы тұлға — атақты Иса ақын) қол қойыпты...

Семей губерниясында қалыптасқан күрделі ахуал, сірә, Кирреспублика басшыларын қатты алаңдатқан. 20 мамырда губерния орталығына КирЦИК төралқасының мүшесі Жанайдар Сәдуақасов келіп, төңкеріс комитетінің төрағасы міндетін өз қолына алатынын мәлімдеген. Келесі күні Семейдегі жауапты қызметкерлерді жинап: *"Екі облысты (төрізі, екіншісі Ақмола облысы?) Қазақстанға жедел қосу мәселесі кезекте тұрғанын, бірақ әлі күнге дейін шешілмегенін, бітімгер комиссияның біраз адамы Омбыға, қалған мүшелері Мәскеуге жүріп кеткенін, экономика ғана емес, әкімшілік мәселелері жөнінен де қиындықтар барлығын, қысқасы, қыс бойы біздің жер-жердегі өкілдіктер табанды қарсылыққа, қасақана ұйымдастырылған қиянатқа тап болып, ештеңе бітіре алмағанын..."* — қынжыла хабарлайды. Жиынның хаттамасында губерния деңгейіндегі басшы қызметкерлер Мұхтар Әуезов, Нығмет Нұрмақовтың және бірнеше қайраткердің ой-пікірі тұжырымдай жазылыпты. Сөйлеушілердің өзара мақұл дескен уәжі мынадай: бұл мәселені келесі қысқа қалдыруға болмайды, халық арасына шығып, үгіт-насихатты барынша күшейту қажет; Семей облысының біртұтас қалпында Кирреспубликаға берілуін Мәскеудегі орталық үкіметтен батыл түрде талап ету керек; бұл үшін қанында қазақ қаны бар, кеудесінде намыс оты лаулаған зиялы қауым жеке басының күйбең тірлігін қоя тұрып, даулы болыстарға аттансын, қазақ жерін жырымдауға қарсы тұруға халықты қайткен күнде көтеру қажет!..

Бұған дейін губерниялық комитеттің төрағасы міндетін уақытша атқарған Мұхтар Әуезов ұзақ мерзімге Қарқаралы уезіне іссапарға аттанады. Тегінде, ол жақта жағдай мәз еместі: Сібір өлкесінен ажырағысы келмеген, ақгвардияшылардың елде қалған сілімтіктері насихатымен жергілікті казак-орыстар жуықта бүліншілік жасап, белсеңді коммунистер мен соларға ниеттес 80 адам опат болған-ды; ұлттық намыс-ождананы сол күннің өзінде айқын сезіліп тұратын жас қайраткер М.Әуезовтің төтенше өкілдіктермен жіберілуі, сірә, осы жағдайға байланысты туған; семейлік азамат Әзімбай Лекерев Қарқаралы уездік ревкомын басқаруға тағайындалады... Нәтижесінде 5 тамыз күні Қарқаралыдан Семейге: *"Осы*

уездегі еңбекші халықтың он мың адам қатысқан жиыны автономия құрылуын ерекше зор қуанышпен, жасампаз іске құлшынған жігермен құптайды!.. — деген мәнде жеделхат жолданыпты.

Павлодар уезінде қалыптасқан ахуал Семей губервкомы басшыларын күні-түні ауырған тістей мазасын алып, ұйқысын қашырған. Сондықтан да бұл уезге олар ерекше назар бөлген: Омбы билеушілері тағайындаған адамдарды ауыстырып, уездік төңкеріс комитетіне төраға етіп, белсенді ісімен белгілі болған Ахметолла Барлыбаевты, орынбасарлыққа жас қайраткер Нығмет Нұрмақовты, ал Баянауыл ревкомына Ысқақбай Балпангеровті тағайындау себебі де, әсілі, осы өңірді бөлшектемей тұтас алу мақсатынан туған; 1921 жылдың жазында еңбекші бұқара арасындағы үгіт-насихат жұмысы айрықша күшейтілген.

Соның бірі — КСРО Халком кеңесінің Қырғыз АССР-ын құру туралы декретінің жария болғанына бір жыл толуын бүкілхалықтық мереке етіп кеңінен тойлау. Өйткені бұл тойдың мерекелік марапатынан да гөрі саяси мәні терең де маңыздырақ: біріншіден, ол қазақ елінің дербес автономия алғандығын дүйім елге жария етеді; екіншіден, әлі күнге дейін бір шаршы метр жері қайтарылмай, қасақана кешеуілдетіп отырған Семей губерниясында Қазақ автономиясының бір жылдық тойын дүбірлетіп өткізу — Сібревком басшыларының көзіне байланған ноқаланы сылып, өздері ушықтырған мәселеге саяси мән бере қарауға түрткі болады; үшіншіден, екі жақты жүрген үгіттен әрлі-берлі толқуға түскен қыр қазағы біртұтас ел боп бірігудің нендей игілік екеніне шүбәсіз иланады...

Сол себепті. Баянауылда өтпек той жарлық жарияланған тамызда емес, маусымның орта шеніне жобаланған. Оны әзірлеуші — Баянауылдың төңкеріс комитеті, ал той комиссиясының төрағасы болып жиырма екі жасар Қаныш Сәтбаев белгіленеді.

Мерзімді күні Баянауылдың күншығыс бөктеріндегі Көбей шілігі деген көгалды кең алқапқа жалпы қарамы үш жүздей киіз үй тігіледі. Бұлар Ақбеттау, Ақкелін, Атақозы, Баянауыл, Бестау, Қарамола, Қызылтау, Далба және Шақшан болыстарынан жиналған үйлер, бәрі де ас-жабдығымен, күтуші адамдарымен мұқият әзірленіп келген. Мерекеге Павлодар, Қарқаралы, Ақмола, Көкшетау уездерінен де ресми қонақтар қатысқан. Ал өнер адамдарынан арнайы шақырылғандар тіпті көп. Солардың қатарында — атақты қазақ палуаны

республике" — деген үкілі үміт айқын жеткізілген. Жеделхатқа төрт болыс тұрғындары атынан Арынғазин, Загиров, Нуркин және Байзақов (сірә, соңғы тұлға — атақты Иса ақын) қол қойыпты...

Семей губерниясында қалыптасқан күрделі ахуал, сірә, Кирреспублика басшыларын қатты алаңдатқан. 20 мамырда губерния орталығына КирЦИК төралқасының мүшесі Жанайдар Сәдуақасов келіп, төңкеріс комитетінің төрағасы міндетін өз қолына алатынын мәлімдеген. Келесі күні Семейдегі жауапты қызметкерлерді жинап: *"Екі облысты (төрізі, екіншісі Ақмола облысы?) Қазақстанға жедел қосу мәселесі кезекте тұрғанын, бірақ әлі күнге дейін шешілмегенін, бітімгер комиссияның біраз адамы Омбыға, қалған мүшелері Мәскеуге жүріп кеткенін, экономика ғана емес, әкімшілік мәселелері жөнінен де қлындықтар барлығын, қысқасы, қыс бойы біздің жер-жердегі өкілдіктер табанды қарсылыққа, қасақана ұйымдастырылған қиянатқа тап болып, ештеңе бітіре алмағанын..."* — қынжыла хабарлайды. Жиынның хаттамасында губерния деңгейіндегі басшы қызметкерлер Мұхтар Әуезов, Нығмет Нұрмақовтың және бірнеше қайраткердің ой-пікірі тұжырымдай жазылыпты. Сөйлеушілердің өзара мақұлдескен уәжі мынадай: бұл мәселені келесі қысқа қалдыруға болмайды, халық арасына шығып, үгіт-насихатты барынша күшейту қажет; Семей облысының біртұтас қалпында Кирреспубликаға берілуін Мәскеудегі орталық үкіметтен батыл түрде талап ету керек; бұл үшін қанында қазақ қаны бар, кеудесінде намыс оты лаулаған зиялы қауым жеке басының күйбең тірлігін қоя тұрып, даулы болыстарға аттансын, қазақ жерін жырымдауға қарсы тұруға халықты қайткен күнде көтеру қажет!..

Бұған дейін губерниялық комитеттің төрағасы міндетін уақытша атқарған Мұхтар Әуезов ұзақ мерзімге Қарқаралы уезіне іссапарға аттанады. Тегінде, ол жақта жағдай мәз еместі: Сібір өлкесінен ажырағысы келмеген, ақгвардияшылардың елде қалған сілімтіктері насихатымен жергілікті казак-орыстар жуықта бүліншілік жасап, белсенді коммунистер мен соларға ниеттес 80 адам опат болған-ды; ұлттық намыс-ождананы сол күннің өзінде айқын сезіліп тұратын жас қайраткер М.Әуезовтің төтенше өкілдіктермен жіберілуі, сірә, осы жағдайға байланысты туган; семейлік азамат Әзімбай Леке-ров Қарқаралы уездік ревкомын басқаруға тағайындалады... Нәтижесінде 5 тамыз күні Қарқаралыдан Семейге: *"Осы*

уездегі еңбекші халықтың он мың адам қатысқан жиыны автономия құрылуын ерекше зор құанышпен, жасампаз іске құлшынған жігермен құптайды!..” — деген мәнде жеделхат жолданыпты.

Павлодар уезінде қалыптасқан ахуал Семей губревкомы басшыларын күні-түні ауырған тістей мазасын алып, ұйқысын қашырған. Сондықтан да бұл уезге олар ерекше назар бөлген: Омбы билеушілері тағайындаған адамдарды ауыстырып, уездік төңкеріс комитетіне төраға етіп, белсенді ісімен белгілі болған Ахметолла Барлыбаевты, орынбасарлыққа жас қайраткер Нығмет Нұрмақовты, ал Баянауыл ревкомына Ысқақбай Балпангеровті тағайындау себебі де, әсілі, осы өңірді бөлшектемей тұтас алу мақсатынан туған; 1921 жылдың жазында еңбекші бұқара арасындағы үгіт-насихат жұмысы айрықша күшейтілген.

Соның бірі — КСРО Халком кеңесінің Қырғыз АССР-ын құру туралы декретінің жария болғанына бір жыл толуын бүкілхалықтық мереке етіп кеңінен тойлау. Өйткені бұл тойдың мерекелік марапатынан да гөрі саяси мәні терең де маңыздырақ: біріншіден, ол қазақ елінің дербес автономия алғандығын дүйім елге жария етеді; екіншіден, әлі күнге дейін бір шаршы метр жері қайтарылмай, қасақана кешеуілдетіп отырған Семей губерниясында Қазақ автономиясының бір жылдық тойын дүбірлетіп өткізу — Сібревком басшыларының көзіне байланған ноқаланы сылып, өздері ушықтырған мәселеге саяси мән бере қарауға түрткі болады; үшіншіден, екі жақты жүрген үгіттен әрлі-берлі толқуға түскен қыр қазағы біртұтас ел боп бірігудің нендей игілік екеніне шүбәсіз иланады...

Сол себепті, Баянауылда өтпек той жарлық жарияланған тамызда емес, маусымның орта шеніне жобаланған. Оны әзірлеуші — Баянауылдың төңкеріс комитеті, ал той комиссиясының төрағасы болып жиырма екі жасар Қаныш Сәтбаев белгіленеді.

Мерзімді күні Баянауылдың күншығыс бөктеріндегі Көбей шілігі деген көгалды кең алаңға жалпы қарамы үш жүздей киіз үй тігіледі. Бұлар Ақбеттау, Ақкелін, Атақозы, Баянауыл, Бестау, Қарамола, Қызылтау, Далба және Шақшан болыстарынан жиналған үйлер, бәрі де ас-жабдығымен, күтуші адамдарымен мұқият әзірленіп келген. Мерекеге Павлодар, Қарқаралы, Ақмола, Көкшетау уездерінен де ресми қонақтар қатысқан. Ал өнер адамдарынан арнайы шақырылғандар тіпті көп. Солардың қатарында — атақты қазақ палуаны

Қажымұқан Мұңайтпасов, өрен ақын Иса Байзақов, ән дүлдiмi Майра Уәлиқызы. Құрметтi меймандар тобын бастаушы — сол күнде сексеннiң шебiне өткен Жаяу Мұса Байжанов пен жергiлiктi тарихшы, ғалым, әдебиетшi, пайғамбар жасына сол жылы жеткен Мәшһүр Жүсiп Көпеев.

Комиссия жасаған жоспар бойынша, бұл мереке — талай жылдан берi ас, той көрмей, аласапыран кезеңдi бастан кешкен, жапа шеккен еңбекшi елдiң еңсесiн көтерiп, жаңа өмiрдiң жеңiсiн, мәңгiлiк салтанатын паш етуге тиiс...

Жұрт шыдамсыздана күткен ойын басталды. Бәйге аттардың мәреге аттанған шаңы басыла бергенде, киiз үйлердiң тасасынан үстiне балалар тиелген дәу арбаны тiсiмен сүйреп Қажымұқан шыға келдi. Арбаның жан-жағына жабу ұсталған, оның етегiне тұс-гүстан "Жасасын қазақ автономиясы!" деген сөздер жазылған. Үгiт арбасы көпшiлiктiң ортасына келiп тоқтаған соң, өзара сайысқа палуандар шықты. Одан әрi ат үстiнде орындалатын ұлт ойындары қызсын — теңге алу, аударыспақ, найза қарғысу... Бiр мезетте өнер көрсету кезегi әншiлер мен ақындарға тидi. Домбырасын төбесiнде ойнатып, мiнбе үстiнде пайыздан тұра алмай жас перi Иса жүр:

*Адам адам болғалы,
Бұл қуаныш болған жоқ.
Жер-дүние орнап тұрғалы
Мұндай сәуле жанған жоқ...*

Өнер көрсету кезегi одан әрi, о күнде нұр-жүзi таймаған уыздай жас, күлiм көз, басына шәлi салып, қолына гармонь ұстаған сұлу келiншек көп алдында майысып тұрып:

*Қызы едiм Уәлидiң Майра атым,
Тартады бозбаланы магнитiм, —*

деп, көмейiне жез қоңырау байлап қойғандай сыңғырлаған үнiмен даланы күмбiрлетiп ән шырқағанда, қол соғып, қамшысын қонышына күшiрлана ұрмаған бiр жан болсайшы. Сұлу әнге елтиген жүргi бұрынғыдан да дуылдай түседi. Ойынды қызықтаушылардың көрiсi Жаяу Мұса да шыдан тұра алмай, қолына домбыра алып:

*Қара басып ерте туып қалғаным-ай,
Күн күлiн, қақ төбеден туганда Ай!*

*Жауыммен белді шешіп айқасар ем,
Түсіріп төбесінен найзағай-жай!.. —*

деп әндетіп қоя беріпті-міс.

Көбейі шылігіндегі тойға жиналған көптің ұлан-асыр қуанышы Семей губревкомына жолданып, "Степная правда" газетінің 1921 жылғы 19 маусымдағы санында жарияланған жеделхатта бейнеленген: "Кирреспубликаның мерекесіне арналған, бес мың адам қатысқан Баянауыл ауданының жиыны ғасырлар бойғы езгі қамытын сыпырған қазақ халқының азаттық тойы үстінде шынайы шаттанған көңілмен, әрі зор мақтанымш сезіммен сіздерге жамынды сәлем жолдайды. Губерниялық өкіметті біздің жиын озінің барлық күш-қажырын Кирреспубликаның гүлденуіне арнайды деп кәміл сендіреді. Жиналыс сіздерге де алда тұрған ұлы істе, жас қазақ мемлекетінің іргесін нығайту жолында автономияға басшылықты табандылықпен жүзеге асырады деп сенім білдіреді. Жиналыс атынан Сәтбаев, Жүнісов, Боштаев, Әдімов, Жантеміров".

Ел мүддесі мен Жер бірлігін қоздеген жанкүйер жандардың тынымсыз әрекеті жеңіспен аяқталды. 1922 жылдың 26 қаңтарында ВЦИК қабылдаған "Кирреспубликаның шекарасы туралы" қаулысына сәйкес, ресейліктер даулап жүрген теріскей-шығыстағы ұлан байтақ жерлер Қазақстан қарамағына біржола көшті. Рас, жоғалтқанымыз да аз емес: Омбы, Орынбор, Астрахань (Астархан), Саратов қалалары ірге тепкен ежелгі ата қоныстарымыздан. Қорған қаласының төңірегі мен Тобыл бойындағы жайлауға шығатын шұрайлы жерлерден, қазіргі Алтай өлкесіндегі Құлынды даласы сияқты шалқар өрістерімізден біржола айырылдық... Десек те саяси ғана емес, тарихи, жағрафиялық мәні жөнінен де ұтысымыз ұлан-асыр. Бұл, тегінде, күні бүгінге дейін игілігін қазақ елі көрген, әлі де ылайым көре бермек әділ шешім болғаны даусыз! Сол тартыста пиғылы тараңда өзіншіл әріптестерін тізе бүктірген алаш арыстарының ерлігі мен біліктілігіне, кемеңгерлігіне еріксіз сүйсінесің. Ленин сынды айбынды, азулы көсемнің алдында қасқайып тұрып, ел мүддесін мәнді айғақтармен қорғаған жандардың қажыр-қайратына, біліктілігіне қайран қаласың (Амал қанша, сол жандардың бәрі де 37-жылдың нәубетінде "Халық жауы" атанып, жер жастанды).

(ҚР ҰҒА-ның Тарих институты шығаратын "Отан тарихы" журналының 1999-жылғы №1 санында новосібірлік зерттеушілер М.П.Малышева мен В.С.Познанскийдің "К.И.Сәтбаев

туралы бір деректі қайыра оқу" деп аталған көлемді мақаласы жарық көрді. "Бұл жарияланымның мақсаты — Сібір ревкомы мен Қырғыз (Қазақ) АССР-ның ұлттық-территориялық шекарасын 1919-1922 жылдарда межеләу тарихын зерттеу кезінде өзіне мәлім болған көптеген айғақтарға сүйеніп, Медәу Сәрсекеевтің көрнекті ғалым туралы 1980 жылы Мәскеуде жарық көрген тағылымды кітабында тұңғыш жариялап, жұртшылық назарына ұсынған соны деректің жазушы сипаттаннан гөрі мән-мағынасы ауқымдырақ екенін ашу... Жазушы өз кітабында тәптіштей жазған қызықты дерек, шынын айтқанда, бізге осы тақырыпты одан әрі тереңдете зерттеуге мұрындық болғанын ескертуге тиіспіз. Ақырында біз өзіміз іздеп тапқан архивтік және баспа бетінде жарияланған өзге құжаттарды саралап, шекара жөніндегі тартысқа қазақ қаламгері даралап көрсеткен Қ.И.Сәтбаевпен қоса бірталай ұлт қайраткерлері белсене қатысқанын анықтадық... — деген кіріспемен басталған мақала Баянауылдан жолданған жеделхат мәтінін осы жолдар иесі ұсынған түрінде қайталап, жедел хабар соңындағы сөздердің мәнін ашуға арналған.

Ресейлік ғалымдар қазақ елі тарихының осы күнге дейін қауым назарынан тысқары жатқан жабық беттерін түре ашып, Қазақстанның шекара шебі үшін жүрген айтыс-тартысты, оған қатысушылар әрекетін нақтылы құжаттар арқылы көрсетіп, ғылыми тұрғыдан нақты саралаған. Әсілі, "Сәтбаев" ғұмырнамасының соңғы басылымдарында қосылған деректердің бәрін біз Новосібірлік екі ғалымның осы мақаласынан және Семей МУ-інің баспасы 1999 жылы шығарған М.П.Малышеваның "Сібір мен Қазақстанның ұлттық-территориялық шекарасын белгілеу (1919-1922 жж.)" атты монографиясынан алғанымызды ескертеміз).

Тынымсыз әрекет үстінде күндер мен түндер шапқан аттай зымырап өтіп жатыр. Бір жылдан аз-ақ асқан қысқа мерзімде қаншама иіліктер жүзеге асты. Жас азамат іс үстінде танылды, әлеумет жұмысына ысылып, едәуір тәжірибе алды, көп алдында қысылмай сөйлеуге тіл ұстартты. Бәрінен де пайдалысы үнемі оқу соңында жүріп әлде елемеген, әлде балалықпен ескермеген — қалың бұқараның, еңбекші елдің тұрмыс-халімен жете танысты, мұң-мұқтажын түсінді. Сахара жұрты өз ауылындағыдай еркін тұрады, еңбек етсе — қарны тоқ, көйлегі көк, көңілі көкте деп ойлайды екен. Дала ны жайлаған теңсіздік пен кедейліктің сыр-сымбатын ол сөдия болып ел аралағанда көрді. Жуандардың, әлділердің озбыр-

лығы мен неше түрлі айуандығын білді. Қиянаттың да алуан түрлері болады екен. Ел өміріндегі жаңалықты кімдердің шынайы жақтап, кімдердің ішінен оқ атып сұқтана қарайтыны да оған енді өзге қырдан танылды.

Денсаулығы бұл кезде едәуір оңалып қалған. Қыр ауасы теріс болған жоқ, көңілі сергек. Біржола сауыққан сияқты. Әсіресе бұған ол 1921 жылдың көктемінде губхалсоттың шақыруымен Семейге барған сапарында мүлдем иланған-ды. Бұрнағы жылы өзінің тағдырын бір Алланың жазуына сайып, үмітсіз санаған дәрігер Разумов кеудесін ұзақ тыңдап, ақырында таңданған жайын жасыра алмай:

— Гажап, гажап! Сірә, көрер жарығың, жас жігіт, өлі де көп екен! — деген-ді. Сол сөзімен-ақ науқастың көңіліндегі барлық күдік, сенімсіздікті айқара түріп тастағанын сезген жоқ-ты. — Өкпең дерттен арылыпты. Біржола демеймін, бірақ бұрынғы кінәрат жоқ. Шіркін, Баянауыл жері... Өкпе дертіне шалдыққандар емделетін жан саясы-ау нағыз!..

Семейден ол әрі қуанып, әрі ойланып қайтады. Қуанышы — кеудесіндегі ауыр дерттен құтылғандығы, көңілін алаңдатып, өрісін ұзатпай жүрген аурудың өрі қараған жайы. Ойланғаны — алдағы өмір қамы. Бүгінгі барлығына, бір күнгі мансап-атағына мез болып жүре беру ме?.. Әлде тыныс-талабы бұрынғы замандарға ұқсамайтын жаңа өмірдің ағысына лайық әрекет іздеп, болашақ ғұмырына қам жасағаны жөн бе?..

Губерниялық сот алқасына өзін текке шақырмапты: "Сіздің орыс тіліне жетіктігіңіз, тапсырылған 10-учаскенің жұмысын ерекше ықтияппен және адал атқарғандығыңыз бізді сүйсінтеді, — деген-ді оған сот алқасының төрағасы сөзін жұмбақтай сөйлеп. — Осының бәрі сізге, Сәтбаев жолдас, ауылдық жерде емес, губерния орталығында, айталық, сот алқасының мүшесі болып қызмет атқаруға міндет артады..."

Жиырма екі жастағы халық сотының көз алдына кенет Баянауылдағы кеңсесінде қаралмай жатқан арыздар кес-кестеп, өлден-ақ қағазбастылыққа көмілген шарасыз жағдайын қамыға есіне алды. Мәнсабы жоғарылап Губхалсотқа ауысар болса, олардың көлемі еселеп өседі. Ал өзі соның бәрінің аққарасын айырып, үштен екісі өтірік жала болып шығатын арызқойлардың қасақана күрмеген дау-шарын шешуге жас ғұмырын сарп етуге тиіс. Жоқ, сегіз жыл ұдайы оқу соңына түскенде, осы үшін... қасқыр жеп кеткен көтерем тайыншасын бақталас көршісінен даулаған пысықтардың арам пиғылын қанағаттандыруға жүрмеген шығар. Сондықтан да төраға ұсынысына ойланайын деп қашыртқы жауап айтып, өрең құтылды.

СОДИЯ МЕН ПРОФЕССОР

I

Том техникалогия институтының профессоры (кейиннен КСФУ ГА-ның толық мүшесі) Михаил Антонович Усовтың Социал-Демократиясының 1901 жылғы жазғы саяхаты, күнде-лешіне өзі жазғанын, "кездең соқ саяхат" емес-ті. Бұдан екі жыл бұрын ол өңірде дертпен ұшырағаны. Емделуші дәрігерлер сөзінде, оған жаз шығы қаладан келіп, қыры емше шырып, қаздақтардың дәріх қымызын ішуге аяқ берген. Соңғы екі жылдың амалсыздығын, сөйлеуге жағдайлы келмегендігін, тұнап өлгендігін айтып бергені барып, ол-қуап жиыды. Ал, өткені қыс Тромпы мекеңдегендер үйінің ауыр болды; жөндеме ас пабу әр күннің құрамына емесіне айналды; суық шапша аяқ-қолында мүзданды; ұсау да құнығы күніне қиындай түсті. Ақырғы аяқ-қолына бастырақ суық қамадан төзірек келудің амалын көріп тұрған, жөндеу болды. Күнделікті жазбана қаранан, ал, құмарырауың өзіннен иеніне жылдөріс тыңдаған зейінділікпен: "Әрбірлікпен іш қаруың күніне, яғни ақарың іш қаруыңбен айналып, Жолың бай бір қаның бейне көріп бес тұрғы жүрсің ("жаныңды, төні мен иені аман қалың" депен сөз де, сире, сол сөзбенің жарыңдан) ақырғы Семениноріне тап болады, бірақ онда мен болмаймын. Олмқан Әбу ұлының аяғы ауыр келіңдері, Рақмимен үшеуіңнің іш қаруындаш. Алай, ақынның күні бағасы: "Ауыл іші орнына; жақсы сөздері, шымы жап, аз орнында, бөделі ауыл". Тұрағуды Қунарағатың ауымында мен болдым. Қонақ қайнауылда; геология профессоры бір жарым ай іш қаруыңның Пәлкәмі одан да, ұзағырақ жатыр ма еді; күні біздің бірақ ауылдағысы сол жылы, қадаға, ұрығым жерден қыстау, сатына аяғы соны қысқа қамдау үшін кері қартыпты; Усовтың іш қаруыңның іш қаруыңның ескі жаны, тұрағудың қолында, әріс сөзіне қолмек үйінің қарығудың оңдан, бауыр басқан, тұрағудың аяғы мен, 7-шіде күні қаруыңның қаруыңның

10-шіде, (жөксебі): "Араш қалағына, Шығыс ақарыңның жаны-шұяқ ашық күні келдік. Үйіңнің жап-жақсы пәтерге ойнауыңның, қалағың да, аяғың шектескен, ақарыңның тек ойнауыңның жарымы ғана іш қаруыңның. Прага (М.А. Усовтың қызы) — С.М. Усовтың аяғыңның іш қаруыңның аяғыңның аяғыңның. Олар да қаладан төзірек келуде қарсы емес. Іш қаруыңның

сындағы станицалардың біріне орналасып, бас сауғалаған жөн болар деседі. Томға жуық маңда оралу жайлы ойлануға болмапты, азық-түліктен мүлдем жұтаған деседі...

11 шілде (дүйсенбі). "Өзеннен қайық жалдап, қалаға шықтым. Қайықшыға 500 сом төледім. Ортадағы аралға қалың ағаш оскен, саясы мол тамаша бақ. Оуелі Ә.З.Сәтбаевқа барғаным жөн болыпты, пәтерінен шығып келеді екен, қарсы кездестік. Денсаулығымды біржола түзеу үшін қыр сахарасында жүре тұруым қажеттігін айтып, мархабатты Ә.З. мені үгіттей бастады. Маған ол үй-шімді алып, өзімен бірге Павлодар уезіне, Баянауылдың арғы бетін жайлайтып туган ауылына баруды ұсынды. Өзі сол жаққа бүрсігүші жүрмек, ...біржарым айға демалыс алыпты. Павлодарға дейін кемемен бармақ, одан әрі земство жолымен Баянауылға түседі, арғы сапар, айтуынша, қиын емес, ал ауылында біз үшін барлық жағдай бар, тек жеті күнге созылатын жол мұхнатына төзсек болғаны...

Ә.З.Сәтбаевпен бірге қырга кетуге Томдағы землемерлер курсы және Сібірді зерттеу қоғамы арқылы жақсы танысым В.И.-ның (Виктор Николаевичтің — С.М. інісі Алексей Николаевич Белослюдовтың да әзірленіп жүргенін естідім. Келген кезде ол маған География қоғамының мұражайын көрсеткен, өзі сонда бөлім басқарады. Ал А.И.Белослюдовқа денсаулығын мықтап нығайту қажет, оның халі бізден гөрі ауырырақ... Ол да... Баянауылдың көркем табиғаты, жомарт елі жайлы болатынын төңіре мақтап, көңілді алабұртыш қойды.

Жолшыбай төтеміз Н.И.Плещееваға соғып, шай іштім. Ол кісі де казак-орыс станицаларында жағдайдың қазір мөз емесін, тыныш заманның өзінде жөпшеңді кісіге қайырым жасамайтынын есіме салып, көңілді қонақжай қазақ даласына бұрып бақты. ...Сонымен, әрі ойланып, бері ойланып, үй-шіммен ақылдаса келе мынадай тұжырымға тоқтадық. 1)Қалада сүзек басталған, демек, күйіп тұрған Алашта қалу мейлінше қауіпті; 2)геологиялық базаның үшңдегі жағдайымыз мөз емес — бір күні көшеге шығарып тастауы мүмкін; 3)ақшада күн жоқ, айырбаспен күн көру — сенсіз тірілік... Сондықтан не көрсек те тәуекел деп қырга кету керек! Но, жол тауқыметі оңай емес деседі. Ама! қанша, құдайды; маңдайымызға жазғанын көреміз".

Семейден шілденің 13 күні кешке таман шыққан жолаушылар Павлодарға небәрі біржарым тәулікте келіпті. Алайда уезд орталығында оиламаған кедергіге кезігіп, едәуір бөгелген. Бұрынғы земство жолының жағдайы төзімсіз қааде: жегін аттары әбден арыған және өте аз, сол себепті бекеттер ара-

сындағы ат айдаушылар ең алдымен үкімет өкілдерін жеткізеді, ал өздеріндей қыдырмашыларға көп күн күтуге тура келеді... Сол себепті бұлар екіге бөлініп, әрқайсысы Баянауылға дейін өз бетімен жетуге уағдаласады. Бір тәуірі, профессор Усовтың Томнан ала шыққан жер зерттеуші деген ресми куәлігінің септігі тиіп, Сәтбаев пен Белослюдовтан оның үй-іші бір тәулік бұрын аттанған...

Қайдауыл бекеті, 19 шілде (сейсенбі): "...Жолға қамдануды сағат 13-ке дейін созды. Бізге қойылған самауыр да сонша уақыт ұзақ қайнады. Ал, шөлдегеніміз сонша, тіліміз таңдайға жабысып қалды. Ми қайнатқан ыстық күшейіп барады, ауаның құрғақтығы қу жанды шыдатар емес. Бекеттің іргесінде тұратын орыс әйелінен Катя (Екатерина Филимоновна — Усовтың жұбайы. — С.М.) сүт сатып алып, ал қазақ бәйбішесіне ине сыйлап, бір тарелка бауырсаққа иемденгені жақсы болды, сонымен оразамызды аштық. Жолға алып шыққан нанымыз көгеріп кетіпті, ендігі қорегіміз — кепкен нан мен ыстықтан ери бастаған сұйық май... Ақыр аяғында қырық құрсау ескі арбамен жолға шықтық. Қозғалған сәтте ақ ортаға жегілген асау ат әденеден үркіп ала жөнелсін. Бір үймеге жеткенде жалт бұрылып, арбаны төңкеріп тастады. Бізді де біраз жерге сүйретті. Дес бергенде мертіккеннен аманбыз. Қол-аяғымыз тырналып, кей жеріміздің терісі сыдырылғанын бастан құлақ садаға дедік. Бесқұдық бекетінде кездескен кешегі жолсерігіміз йод жағып таңып берген соң, қайтадан аттандық..."

Сол күні: "...Жамантүз бекетіне үш шақырым қалғанда арбаның артқы доңғалағы қирап, айдалада шоңқайып отырып қалдық. Мезгіл кешғұрымға тақаған уақыт, әмбе күнбатыс шептен алашабыр бұлт пайда болса да, әуе айналып жерге түскендей қапырық ыстық қайтар емес. Шөл тағы да қыса бастады. Мұндай шарасыз жағдаятқа бұрын-соңды тап болмаған едім, жаным күйреп, қатты қамықтым..." — Усовтың үй-іші кеш бата әупірімдеп Жамантүзге жетеді. — "...Бұл жерде зарықтырмай, атты бөгеусіз жекті. Тіркеу кітабына қол қойғанымда өзімді осы сапарға ертіп шыққан серіктерімнің маған қалдырған хатын тауып алдым: сөйтсем, Ә.З. мен А.Н. Жамантүздан кеше кешкілікте, біз келерден сәл бұрын аттаныпты, ал Қалқаман бекетінде тіпті көп отырыпты... Олар да жегуге ат таба алмай, Ермакта (қазіргі Ақсу айлағы — С.М.) зарыға тосып, ақыры одан 18.06. күні шығыпты..."

21 шілде (бейсенбі): "...Баянаула сілемін таң ағара көрдік. Анығында Қайдауыл бекетінен аттанған кезде-ақ мұнартқан тау сілемін аңғарғанбыз. Енді міне Қарасордан шыққалы

көкжасыл тау реңі айқындала түсіп, соның баурайына тезірек жетуге ынтық болдық... Қарасордан ат ауыстырған Сәтбаев пен Белослюдов қайда тоқтайтынымызды ескерткен хат қалдырыпты. Жәмшік киргизға бізді кешіктірмей жеткіз деп тапсырыпты.

Тау бөктеріне таяғанда, ымырт үйіріле бастаған мезгіл еді, екі ат та болдырды, жаяу жүруге тура келді... Ә.З.-ның хаты бойынша, Баянауылда халық соты болып істейтін немере інісі Қаныш Сәтбаевтың пәтеріне жетіп, ауыр сапардың қиын белегін артқа қалдырғанымызға тәубә дедік..."

Етегіне қалың қарағай өскен биік жартастың желкесінен көлге қараған профессор Усов ойланып қалды. Кеше бір сөзінде жас сөдия: "Жасыбай көлі — халықтың көз жасынан жаралған деп біздің ел аңыз етеді. Жай Жасыбай емес, жасқа бай — Жасыбай" — деп еді. Шынында да, солай ма?.. Сұлулығына көз тоймайды. Қай жағынан қарасаң да — таңғажайып көрік. Жағадағы жартастар мөлдір көл түбінде дірілдеп; ну қарағай қара ормандай сап түзеп; төңкерілген көк аспан тереңнен қайта мөлдіреп; соның бәр-бәрін қаз қалпында қайыра бейнелеп, көз тұндырған айна көл... Бейне бір сырлы аяқтың түбінде тұнып қалған мөлдір тамшы дерсін.

— Бұл көл үшін қазақ пен қалмақ жұрты талай мәрте кескілескен. Көлдің әуелгі аты Шойын екен. Қалмақ елі оны Шойын деген батырына беріп, "аты да, заты да — сенікі" деп күн-түн күзеттіреді-міс. Күндердің күнінде одан қазақтар тартып алады. Кек сақтаған Шойын қайта айналып келіп, ұйықтап жатқан Жасыбай мен оның айнымас серігі Қиік мергенді садақпен атып өлтіреді, — деп сыр шерткен-ді кіші Сәтбаев.

Кеше кеште жаңа танысына еріп, Жасыбай асуына барған. Батыр жерленді деген жертасты да көрді. Шоқтығына бір топ қайың өскен биік асу. Соның үстінде ұйықтап кеткен алып кісіге ұқсаған үйме тас... Әлденеше ғасырлар бойы су шайып, жел ұңғып, осындай пішінге келтірген. Бірақ?.. Өзін мейірман пейілмен қарсы алып отырған бауырмал елдің қиялмен өрген тамаша аңызын ғылыми нанымсыз деп салған жерден жоққа шығаруға дәті бармады. Асудан бері түсіп, көл жағасына қайтып келе жатқанда ғана, жас кезінде, 1906 жылы, ұстазы, атақты жиһангер В.А.Обручевке еріп, Жоңғария даласын кезген саяхаты жайында әңгіме шертті.

— Бір күні біз пәсіз далада таңғажайып қалаға тап бол-

дық. Қала болғанда қандай! Жарыса салынған көшелерде есеп жоқ. Қаз-қатар тұрғызылған үйлері де керемет. Тіпті бойы сорайған мұнаралар да мол екен. Ал аумағы ат шаптырым кең алаңдарда серейген ескерткіштер қаншама десеңші! Қоржиган аю да, жоны күдірейген жолбарыс та бар, қашып бара жатқан дала аңдарын бейнелеген кескіндер ше! Ат басы, дулыға киген адам басы, қарауылда тұрған арқардың құлжасы, сапарға шыққан түйелі керуен... Санап болмайсың, бірінен-бірі асып, сап түзеген алуан мүсіндер. Жер хайуанаттарының түр-түрінен мұрағат жиган зоологиялық мұражай дерсің құдды. Бәрінен де ғажабы сол қаланың өлі күйі еді. Оның тас көшелерінен бірде-бір тірі пенде, иә жәндік кездестірмеуіміз бізді алуан күйге бөлеген-ді. Соның бәрі де әлдеқандай бір опаттан қас қағымда мерт болып, тас бейнеге айналып қатып қалғандай... Шындығында, бұл қаланы миллион жылғы үздіксіз процесте жел мен су түзеген, адамзат әрекетінсіз-ақ табиғат өз бетінше мүсіндеген. Сол себепті оны Эол деп, жел құдайының есімімен атапты...

Профессор әңгімесін Қаныш үнсіз тыңдаған.

— Михаил Антонович, біздің Баянауыл төңірегінде ондай тас қалалар жоқ, бірақ, өзіңіз айтқандай, әр түрлі хайуанаттар бейнесін түзеген тас мүсіндер өте көп. Тілесеніз, кейбірін көрсетуге болады, — деген-ді әлден соң.

— Әлбетте, бүгін емес, кейінірек, Қаныш шырақ...

— Мақұл, өз қалауыңыз билсін.

Профессор жас серігінің сол сәттегі қуаныштан албыраған нұрлы жүзін есіне алды. "Бір көргеннен-ақ өзіне баурап алатын мейірбан адамдар болады. Мына сәдия да сондай жаны жомарт жас, — деп ойлаған-ды Усов. — Сөзіне бекем, тиянақты жігіт сияқты. Жап-жас қалпымен қазылық жұмысқа қалайша келіскен? Түсініксіз гәп. Мұндай жас сәдиялар жазу-сызуы, заң-қарары баяғыда қалыптасқан орыс. Еуропа жұртында да жоқ. Неліктен? Сірә, бұл да сыры өзіне беймағлұм дала халқының жұмбақ мінезінің бірі болар-ау?"

Қапелімде алыс қиянға шығып кетіп, соның азабын апта бойы үй-ішімен тартқанда қаншама қапа болды. Енді міне жол бейнеті артығымен төленді. Кешелі-бүгінде Баянауланың іші-сыртын аралап, Сабындыкөл мен Жасыбайдың мөлдір саф ауасына мейірі қанып, көптен бері көрмеген, кешпеген рахат сезімге бөленуде. Соның бәрінен де қазақ даласынан қаншама жаңа достар тапқанын айтсаңызшы! Семейге көктемде келгенде ат басын тіреген жері — мұғалімдер семинариясының шағын бөлмесі еді. Сонда жатып мейірман

жүзді екі азаматпен кездейсоқ танысты. (*"Губерниялық оқу бөлімін басқаратын Әбікей Зейінұлы Сәтбаев пен губхалсоттың мүшесі Ахметолла Ақтайұлы Барлыбаев — өте-мөте инәбатты зиялылар..."* — деген сипаттама профессордың күнделігіне сол кезде түскен). Енді міне Әбікей Зейінұлының ынта-сымен қиыр түкпірдегі Баянаулаға тап болды.

Орыс қауымының оқымысты тобымен ертеден қарым-қатынасы бар Сәтбай ауылы, сонау Том шәрінен қу жанына сауға тілеп шыққан, әрі денсаулығы дімкөс ғалымға қолдан келгенше жағдай туғызуға тырысқан: *"...оңаша тігілген киіз үйдемін, басынам жұмыртқадай аппақ, тап-таза, кішкене болған соң ба, іші сондай жылы... Таңертең майға былғап бауырсақпен шай ішеміз, одан кейін сыртқа шығып, күнге қыздырынамын, соңынан қымызға шақырады.. Күн сайын 8 кесе, немесе 10 құлақ ішемін, одан кейін — ұйқы... Күн аралатып аңға шығамыз — көбіне арқар мен қоянға. Күн аралатып қонаққа барамыз. Ауыл несін, біздіде — құрметтеушілеркеп-ақ, туыстары да мол. Тек бір жәйтке ғана көңдіге алмай жүрмін: ұйқыға жатарда етке сылқия тою..."* (26 мамыр және 12 маусымдағы күнделік жазбалардан).

Ғажапты қараңыз: Шыңғыстау бөктерінде көрген риясыз ілтипатқа қазақ даласының екінші түкпірінде қайыра кезікті; ой-парасаты, инәбат-қылығы, мейірман пейілі Тұрағұл Ибрагимұлын айнытпай қайталағандай аса ізетті ағайынды Сәтбаевтармен табысты. Иә, осынау аса қайырымды, қонаққа барын беріп, жайлы қызмет ету үшін туғандай кеңпейіл жандар болмаса, биыл өзі не істер еді? Ойлап қараса сонау мамыр айының ортасынан беріде күллі қазақ даласы өзін туған перзентіндей қуана қарсы алып, бар мәзірімен құрмет көрсетіп жатыр. Ал өзі? Сол даланы мекендеп отырған адамдарды жете біле ме? Адамдар дейді, шексіз кең де мынадай көрікті көл, ақар-шақар таулары бар дала сырын ұғуға тырысып қаншалықты ой бөлді?.. Студент шағында, осы ғасырдың бас кезінде білікті ұстазы В.А.Обручевтің қасына еріп, Жоңғар жотасына саяхатқа аттанарда қазақ даласын, Ертіс жағасынан Тарбағатайға дейінгі кең саласын, одан да арғы түкпіріне бойлап, неше мәрте кесіп өтті. Әрине, сапар үстінде көрген-білгенін күнделік дәптеріне түртіп отыратын. Бақса, сол кезде көрдім, білдім, ұқтым дегені әншейін екен. Неше тәулік жүргенде таусылмайтын бұлдырсыз иен жазықта, тігерге тұғыры жоқ сұрықсыз өңірде нақ мынадай тұнған жыныс, мөлдір көл, жер жәннатын кезіктірем деп ойлап па еді? Өз көзімен көрмесе соған сенер ме? Ал егер осы өңірдің жаратылыс құниясына геологиялық тұрғыдан үңілер болса?..

Ымырт үйіріліп, тау ішін қара көлеңке көмкере бастады. Геология профессоры көл айдынына сүйсіне көз тастап, аттары қалған еңіске өзі отырған оқшау жартастан туралай тартты.

Сібірдің ақсүйек қауымы Баянаула атырабына жаз шыға, тіпті сонау Новониколаев, Том, Омбыдан үй-ішімен саяхаттап келіп, бірер апта Жасыбай жағасында тынығуды әдетке айналдырғанына талай жыл болыпты. Тау етегін ежелден қоныс еткен жергілікті тұрғындар да саяхатшыларға киіз үй тігіп беріп, ас дайындап, шәрбат қымыз сатып қызмет көрсетуге дайын тұратын-ды. Өйткені бұл екі жақты тиімді көсіп болатын. Алайда 1914 жылдың көктемінен бері Сібірден келушілер сиреді, ұрымтал тұрған Павлодардың өзінен оқтатекте ат басын бұрады. Ал кешегі аумалы-төкпелі жылдарда көл жағасы мүддем құлазып, көшкен елдің жұртындай болып босап қалған-ды. Тек биыл, Сібірдің зиялы қауымы баяғы әдетін қайыра жаңғыртуды жөн көрсе керек, там-тұмдап келе бастаған. Усовтар отбасы — солардың алды еді...

Қаныш сөзінде тұрды. Бір күні сайланып келіп, қонақтарың серуенге шақырды. Саяхаттың бағыт-бағдарын ғана емес, керек-жарағын да ойластыра келіпті: жетегінде ерттеулі қос ат; қоржын басын азыққа сықап, ішетін сусынға дейін ұмытпаған... Сол жолы олар Торайғыр көлінің жағасына қонып, ертеңінде Найзатас, Мойылдыбұлақ, Айнабұлақты кезеді. Сарыадырдағы ескі мыс кеңішіне дейін барып, келесі күні Степан Попов, Артемий Деровтар қақтырған белгі-қазықтарды көрсетіп, ең аяғында Александровка (Қандықарасу) зауытының жұртына апарып, бір кезде мыс ағызған шарпу пешінің орнын шұқылап, сол жерде шашылып жатқан көк тастардың бірқаншасын тауып берген. Рас, оқымысты қонақ соның бәріне қызықпайды. Қандай бір әдемі тастарды әрлі-берлі аударып көреді де, кейбірінің ғана бір мұртын сындырып тинәмдай бөлігін қағазға орап, қайдан, қашан алынғанын жазып, қоржынына сүңгітеді. Ал "Кемпірбас", "Түйе өркеш" атанған тас мүсіндерді көргенде Михаил Антонович, серіктері күткендей, ешқандай қызығу аңғартқан жоқ, бір айналып өтті де, ерін ұшымен ғана "түсінікті" дегендей болды. Бір ғажабы, кен тасы алынған қазаншұңқырлар табанына түскенде ғалым қонақ сабырынан айрылып, құдды бір алтын көмбесін көргендей қутындап кетер еді. Ол жерді жарым сағат шұқымай сірә да шықпайды.

Қаныш үшін бұ да жұмбақ, әсіресе тас білгірі деген профессордың тау жынысын, жер қыртысын шұқшия зерттегендегі бет құбылысы. Сәдия жігіттің өзі де бала күнінде түрлі

түсті тастар жинауға құмар болатын-ды. Әлбетте, солардың қарабұжыр жер тастарынан өзгешелігіне қызығатын-ды. Иә, сонсоң шымқай ақ тастарды бір-біріне соғып, қараңғы үйде от ұшқындарын жаңбырша шашу үшін. Ал, қазір ол ермектен тыйылды. Қазы атанып, ел дауына төрелік айтып жүрген естияр жігітке бұл — жараспайтын қылық. Алайда саркідір тартқан Михаил Антоновичтің мына қылығы, түрлі түсті тастар ұймесіне балаша қызығуы, ұзақ уақыт құмарта көруі — Қанышты таңғалдырғаны соншалық, ол да бала күнгі құмар ісіне қайтып оралғандай болып, білімпаз қонағының қам-қарекетіне қызыға бастады. "Апырай, үп-үлкен кісі, саиқа ғалым басымен бұл тастардан не іздейді? Не үшін соншама аптығады? Тылсым жаратылыстың қандай құпия сырын білмек?.." — деп те ойға түседі...

Алғашқы сапарда-ақ Михаил Антонович серіктерін таңғалдырған ғажап өңгіме шертті. Баянаула құмға айналып шөге бастаған көрі тау; осы жерде ерте замандарда шалқыған теңіз болған; дәуірлер көшінің алғашқы кезеңінде әлгі теңіз кері қайтқан; бәлкім, әлдеқандай бір жанартаулық құбылыс, иә жер сілкіну өсерінен жақпар тасты қыртыстың жоғарыға көтерілуі де ықтимал; әденеше мың ғасыр теңіз танабында жатқан тастарды су шайып, соңынан жел ұңғып, миллион жылғы эрозиядан соң алуан бейнелі кескінге түскен; Жасыбай төңірегіндегі тас мүсіндердің құпиясы да осында...

Осының бәрін ғалым қонақ ертегідей қызықты етіп, майын тамыза әңгімелеген кезде жас сөдияның көзі жайнай түсіп, Усовқа ынтызарлана қарайды. Тағы да айта түсіңіз дегендей ілтипат білдіреді. Бір өңгіме кезінде ол жер құрылысының жаралу тегі жайында өзінің де аз-маз мағлұматы барын, Семейде білім алғанда, мұғалімдер курсына жаратылыстану пәнінен дәріс оқығанда қосымша танысқан кітаптардан табиғаттың бірталай құпия сырына көзі қанып, көкірегі ашылғанын ескерткен-ді. Сөйтсе де жер жаратылысы мен оның даму тарихы туралы қарапайым тілмен ұғынықты етіп, әмбе соншалықты қызықты өңгімелеуге болады деп ешқашанда ойламағанын мойындап:

— Қоңілімдегі көп күмәнді сейілітіп тастадыңыз. Көп рақмет сізге, Михаил Антонович! — деген-ді тебірене сөйлеп. — Білімді деп мына сізді айту керек! Біздікі не, телегей теңіз жағасынан құдық қазғандай әншейін нәрсе, сауатымызды ашып, екі-үш ауыз сөзбен арыз жаза білгенге мәз болған жалған мадақ...

II

Алғашқы күннен-ақ әңгімелері жарасып тіл табысқан оқымысты қонақ пен сөдия жігіт бірер аптаға дейін кезіге алмады. Павлодардан сот төралқасы келіп қалды да, асығыс қарайтын жұмыстар болып, Қызылтау, Желтау төңірегіндегі ауылдарға жүріп кетті. Ал Белослюдов пен Усов Әбікей Зейінұлына ілесіп, төр жайлауға ұзап кеткен Сәтбай ауылына аттанған-ды.

Ауылды олар Батпақ көлдің күншығыс беткейінде отырғанда, Амантау деген жерде қуып жеткен. Усовтың тәптіштей тізген күнделігіндегі жазбаларға қарағанда, қажы әулеті ежелгі төр жайлауы Нияз тауларына биыл жете алмағты: жүк тиейтін арбалары жетіспеген; жарамдыларын төңкеріс комитетінің дайындаушы агенттері тәркілеп әкеткен; ал қолда қалғандары ұзақ жолға жарамсыз болған; сол себепті Сәтбайға қарасты екі ауыл үлкен үйлерін, ауыр жүктерін қыстауда қалдырып, жайлауға жеңіл-желпі шыққан. Сөйтсе де сырықтай ұзын, жүдеу өңді орыс қонаққа олар дербес үй тігіп, барынша құрмет көрсетеді. Рас, қырдың халі биыл қоңыртөбел. Станицаның қазақ-орыстары былтырғы астығын сатуға шығарған жоқ. Мойынсеріктердің азын-аулақ өнімі өздерінен аспады. Оның зардабын қазақ ауылдары көрді, үн еттен де қымбат болып, жайлауға шамалы қормен аттанған. Мал басы да неше жылға созылған аумалы-төкіпелі заманда күрт кеміп кеткен-ді. Бірақ бір келген сыйлы қонаққа қажы ауылы ет пен қымыз тауып бере алады...

Біртәуірі, қонақтың өзі ауыл иелерінің қысылтаяң жайын сезгендей, сол күйді өздері қиындата түскеніне қысылғандай кішіпейіл қылық танытты. Сәлемдескенде үлкенге де, кішіге де ізетпен бас иіп, әйелдерге жол беріп елілден тұрады... Күн сайынғы айнымас әдеті: ұйқыдан тұра сала, әдетте бұл — күн көтерілген ертеңгілік мезгіл, қозықош жерге қыдырып келеді — ондай кезде атқа мінбейді, тек қана жаяу жүреді; қайтып келген соң белуардан шешінін көлге түседі; іле-шала қаймақ қатқан қазақы шайға отырады; түске дейін ол кісіні мазалауға болмайды, айтуынша, бұл мезгіл өзі үшін — "ең өнімді жұмыс сағаты!.." Киіз үйдің іргесі түрүлі, түңлік көлеңке жақтан ашылған. Оқымысты мейман ертеңгілік серуенде, кешелі-бүгінде жиып әкелген неше алуан тас сынықтарын айналасына тізіп қойып, бар ынтасы соларға ғана ауып сипаттап жазуға беріледі. Жаздың табақтай күні жылжып келіп

тас төбеге шыққанда, үй іргесінен қамкөңіл жұбайының: "Михаил Антонович, қасиетті қымызды тосқызуға болмайды, жүр енді!" — деген жайдары үні естіледі. Ен жайлаудың бал қымызын олар асықпай отырып, әңгімеге де емін-еркін беріліп, мұндай кезде "ертекші Лексей" — Алексей Николаевич те шабыттана сөйлеп, шер тарқатып қалады (бірақ оның халі сол жазда онша болмаған — кеуде дерті мендеп, жатып қала берген), әбден сіңіре ішеді. Түстен кейін бұл қауымды ауылда ұстай алмайсың. Тазы ертіп, құс салып, айналадағы өзен, көлдерді жағалап, қызыл іңірге дейін саят құрып қызыққа батады. Ауылдан еретіндер — Әбікей Зейінұлы, Мағаз бен Бөкеш. Бөкештің Қарашаңырағы сол жазда аса бабында еді. Жұдырықтай қаршыға маңайдағы сулардан құс қоймай қырып салып жүрген. Даланың сұр қояны да сол жазда қойша өрген ерекше жыл еді, бір жолы Үлкен Амантау бауырынан жеті қоян алып, олжалы қайтқаны профессорды ерекше сүйсінткенін 26-шілдедегі күнделігінен оқимыз...

Салт атпен серуенге қонақтарды көбіне Қаныштың ағалары Әбсәләм мен Бөкеш ертіп шығатын-ды, екеуі де көнігі саятшылар. Әрине, қанжығалары үйрек-қаздан құр қайтпайды. Ғалым қонақтың қоржыны жол-жөнекей өзі терген тау жыныстарына толы болады. Кейде осы машықты Михаил Антоновичтің өзі бұзады: ауыл жастары алтыбақан құрып, ойын-сауық ұйымдастырғанда, Алексей Николаевич пен Михаил Антонович ұйқыны ұмытып, солардың жуан ортасында жүреді; Белослюдов қазақшаға судай, епгеп ән де сала біледі; ал Том шәрінен келген қонақ шырқалған әннің сөзін түсінбесе де, әуеніне қосылып, көңіл сергітуді ерекше ұнатады; кейбір сәтте Екатерина Филимоновна екеуі бейтарап тыңдаушы болып қарап тұрмай, ән ырғағына ілесіп билеп те кетеді. Ира Усова болса күні ұзын ат үстінен түспейді, әрине, оған жуас ат ерттеледі...

Профессордың дімкәс кеудесіне жайлау ауасы дару болды, дала төсіндегі мамыражай тыныштық, шипалы қымызды да ертелі-кеш ішуі де пайдаға шығып, қалайда ол кеудесін ауық-ауық шанышатын кінәратын осы жаққа келгелі ұмытып, арық денесіне қоң жия бастады. Сірә, со да көңіл күйін түзеп, биікке әуелеткен тәрізді. Кітап-қағаз ақтаруды азайтып, көгалды жерге мадас құрып отырып, ауыл үлкендерімен сұхбат құрып, көл жағасына қыдыруды бұрынғыдан да жиілетті.

30 шілде (сенбі): *"...Күн кешегіден де ыстық. Қаныштың үлкен ағасының отау үйіне барып, қонақ болдық. Ерекше инабатпен жақсы күтті..."*

2 тамыз (сейсенбі): "Өзенді өрлеп, порфириттер мен фельзиттерден (тау жыныстары – С.М.) құралған жотаның бөктерінен бүлдірген теруге бардық. Әйелдер мен балалар тарантаспен барды, ал еркектер салт атпен. Бүлдіргенді аз тердік, жөнді шықпапты, бірақ едәуір жерге бой жазып қайттық... Түнде күн күркіреп, сіркіреп жаңбыр жауды. Ал, бейсенбі, 4 тамыз күнгі жазу тым қысқа: "Кешке таман Баянауыл ауданының милиция бастығы келіп, құжаттарымыз бен жол қағаздарымызды шұқшия тексерді. Ә.З.-ны әдебір шатақ іс үшін ауданға шақыра келгенін естіп қатты қамықтық...". Келесі күн бұлтты болып, күні бойы жаңбыр жауыпты. Әмбе Сәтбай ауылы сол күні Ақши өзенінің жағасына жұрт ауыстырған. "...Арбаның дертесін көтеріп, оған шаңырақты сүйеп, жан-жағына жүк теңдерін қаумалап үйіп, соның бәрін сыртынан қабаттап киіз жауып, уақытша баспана тұрғызып берді. Үй-ішімізбен түгел сыйдық, қысылмай жатып, рақаттана ұйықтап шықтық..." – депті күнделік жүргізуші.

6 тамыз (сенбі): "Саумалкөл деп аталатын батпағы мол көл жағасына келіп жайғастық. Ауыл іргесіндегі жота жоғарғы карбон дәуірінде жаралған әктастан түзілген, кей тұсы құмға айналып мүжіле бастапты... Түске таман, Баянауылға аттанбақ Ә.З.-дан басқамыз, осы көлдің арғы шетінде отырған Зында Шормановтың ауылына қонаққа бардық. Оны Ертістің сол жағасындағы қазақтардың ең байы деседі, иелігінде – 1500 жылқы, 1000 қойы бар екен, бірақ сараң болса керек, үй жиһазы жұтаң, бізге сойғаны – көрі саулық. Ал бауырсағы мол болды, шай ішкенде одан өзге дастарқанға ештеңе қойған жоқ..."

Бір сүренді күндер мен түндер керуендей жылжып өтіп жатыр. Қонаққа күн сайын барады, өздері де жиі шақырады. Сәтбай қажының екі ауылында қаншама шаңырақ бар, балашаға болмаса, солардың бірде-бірі бос отырмайды, бәрінің міндетті шаруасы жетіп артылады – қолындағы азын-аулақ мал қамы, соны бағу, жиі-жиі мазалайтын бөріден қору. Өйтпесе, тіршілік қорегін қайдан табады? Жат жұрттық қонаққа ауыл иелері әбден үйренді, ауыл адамындай көріп, күйбең тірліктің оны-мұнысын жасырмайтын болды...

9 тамыз (сейсенбі): "Күн ашылды. Қаныш келді, жолшыбай Зында Шормановтың ауылына түнепті, жылы күртешесін ұрлатып алыпты. Кешкі асты соның отауында іштік..."

Кіші Сәтбаевтың келуімен қонақтардың дағдылы тірлігі күрт өзгерді. Содан бір күн бұрын Әбікей Зейінұлы Баянауыл

ылдан аман-есен қайтып оралған, ОГПУ-дың қырағы тергеушілері түкке тұрмайтын іс үшін бекерге әурелеген. Айтуынша, жайлаудағы жұртқа азық-түлік салығын төлемендер деп теріс-қағыс үгіт айтқан-мыс... 12 тамыз күнгі күнделікте: *"Күн күркіреп, найзағай ойнады. Қаныш бізге концерт көрсетті, соңынан бәріміз қосылып, көдімгідей хор жасап, кешкі ас піскенше ән шырқадық"*, — деген ақпар айтылған. Бес күннен кейін өнерпаз жастар өнерін қонақтар тағы да тамашалайды, тек бұл жолы бір бөлімді сықақ ойынды қызықтапты. Оның аяғы Еуропа үлгісінде өзірленген кешкі асқа ұласыпты.

13 тамыз (сенбі): *"Бір қауым кісі боп, әйелдерді де түгел ертіп, Чурмановтардың үлкені, әкесі полковник шенін алған Сәдуақас Мұсаұлының ауылына қонаққа бардық... Өркөкірек Зыңдаға қарағанда, бұл ақсақал аса кішіпейіл, тұрмысы тәп-тәуір, дастарқаны да молырақ. Еуропалық рәсімді сақтауға тырысады білем, үстел басында асты ең алдымен әйелдерге бергізді..."*

15 тамыз (дүйсенбі): *"Үш тәулікке созылатын мұсылмандар мейрамы Құрбан айттың бүгін алғашқы күні. Әрбір шаңырақ құрбандық жасап, еркек қой сояды екен. Соңынан ана дүниеге барғанда осы құрмалдық малына "мінip", жолшыбайғы қылкөпiрден аман-есен өтiп, жаны жұмаққа жетедiмiс. Әр үйге бас сұғып, қымыз iшiп, айт рәсiмiн бiз де жасадық. Ауқатты қазақтар тәуір бешпет, бөріктерiн киiп сәнденiп шықты. Бiз де солай iстеп, iзет көрсеттiк..."*

17 тамыз (сәрсенбі): *"Ауа райы бұлыңғыр. Қаныш келіп, бір бөлімнен тұратын ойын көрсетті. Оған қатысқандар — өз ауылының адамдары, тек екі жігіт сөдия тобынан ойнады. Кешкі асты өз отауында, еуропаша өзірленген тағаммен берді. А.Н.Белослюдов Чормановтарға қонаққа барғаннан бері күйі болмай жатып қалды. Қымыз ішуді тоқтатты, ыстық ас та ішуге болмайды, өйткені қан түкіріп жатыр..."*

18 тамыз (бейсенбі): *"Күн бұлыңғыр. Біздің ауылға Сәдуақас Шорманов пен күйеу баласы, Том университетін... бітірген дәрігер Сейітов (Асылбек Жұманұлы — С.М.) қонаққа келді..."*

Әдетте Қаныш өз ауылында екі-үш күн болып, содан көпке дейін бұл жаққа ат басын бұра алмайтын. Биыл одан айныды. Үш-төрт күнді жұмыс қарауға жұмсайды да, іле-шала қайтып оралып, үйінде көбірек болуға тырысады. Қыр елі, өз ауылы да ескі тарихты көзбен көргендей етіп төндіре айта-

тын шешен де есті қарттардан арыла қойған жоқ. Олармен әңгімелесу — тас қайнардан мұздай су ішіп, мейірің қанғандай боласың... Ал, Михаил Антоновичпен сұхбат құру — Қаныш үшін мүлдем жаңа дүние сырын ашып, ерекше әсерге бөлеп, бел астында қалған кешегі заман емес, одан да туу алыс, миллион жылдар сүреңіне жетелеп, қиял құсын қомдағандай шығандарға көтереді. Иә, сол жазда ол көптен бері кезіктіре алмай жүрген шынайы ақылгөй жанға жолыққанын жан-тәнімен сезіп, соны да тағдыр сыйы деп, іштей тәубә көріп, әрдайым тәтті көңілмен ынтыға тыңдауға асығып тұратын-ды. Бір ғажабы, профессордың тыңдаушысын еліктіріп айтар әңгімесінде шек болмайды. Білімі ұшан-теңіз, соның бәрін қайдан білген, қайда жүріп жиған... деп еріксіз сүйсінесің!?

Сібір түкпіріндегі шағын қала Бараба гимназиясы, Том институты, В.А.Обручев негізін қалаған геология кафедрасында тәлім алып, ғылым жолына түскен. Жасы отызға ілінбей ғылым магистрі атанған, ал 1913 жылдан геология профессоры. Бүкілресейлік Геология комитетінің Сібір бөлімшесін басқарады. Ал мен?.. Дала халқының көзін ашар мұғалім болуға әзірленіп жүріп, атқамінер көп қазақтың бірі атанып, міне ел дауына төрелік айтар халық сотымын. Жаңа заманның адуын жаршысы, езілген көптің қорғаушысы, күштілерден опық жеген шерменделерді әділ үкіммен жарылқаушы болғаным жүрт разы, өзім де мәзбін. Ал, соның бәрі бір күндік оңғақ тірлік...

Бір жолы Усов екеуі серуенге оңаша аттанды. Сарымсақты тауының етегіне жеткен соң-ақ Михаил Антонович аттан түсіп, тізгінді жас серігіне берді де, түйетайлы өрге жаяу көтерілді. Профессордың бұл әдегіне Қаныш үйренген. Жазғытұрым су тасқыны шайған жарқабақ, иә бітімі оқшау жартас сызатын көрді ме — жуық маңда алып шыға алмайсың, әлденеше сағаттар бойы сол жерді шұқшия зерттеумен болады. Жаңа ойыншыққа еліккен бала дерсің құдды: кейбір жердің топырағын көреді; қайсыбірінде балғасын әрлі-берлі сілтеп, сынып түскен тас кесектерін тереді... Айналасындағы алуан тіршілікті ұмытып, өзін етекте тосып тұрған серігін де елемей, бар ынта-сы қарсы алдындағы жер жұлығында болып ұзақ отырады. Ғажап, бұл да ғажап! Тас әлемі, осынау алқа-салқа жөнең тау парасатты, салиқалы ой иесін соншама қызықтырады дегенді көзіңмен көрмесең сірәда сенесің бе?..

Қаншама ой тербеп шыдамсызданғанымен, Қаныш ғалым қонағының ермек ісіне бөгет жасамады, шыбыннан тыпыршыған аттардың ауыздығын алып, алыстан бақылады. Сірә,

шөлдеді білем, түс ауа Михаил Антонович төменге түсті. Әлденеге кіпәлі кісідей жымынып келеді. Жылып кеткен қымызды сыйқылдата жұтқанда титтей де ашырқанған жоқ.

— Қалай, Михаил Антонович, Сарымсақтыдан ештеңе таптыңыз ба?

— Көрініп жатқан ештеңесі де жоқ, бірақ, кім білсін, шын-дап ақтарса...

— Кім оны ақтаратын, кім? — деп күрсінді Қаныш қымыз құйған торсықты қанжығасына қайыра байлаған соң. — Жүрелік, Михаил Антонович, аттар да шөлдеді.

Екеуі енді ат басын ауылға бұрды. Қамау сайдан қозыкөш жер ұзаған соң-ақ самал жел есті. Сол да тұнжыраған көңілдерін сергітті білем, әңгімеге жетеледі. Алды-артында көсілген кеңдалаға шаттана қараған Михаил Антонович:

— Киргиз даласы, киргиз даласы деп тамсана қайталайтын көптің бірі мен едім. Осындай ма едің, енді білдім! — деді толғана сөйлеп. — Бұл өзі осы заманғы ғылыми әдебиетте геологиялық термин болып қалыптасқан кең ұғым. Ал шындығында кеңдігіше көз жетпес, бір қиыры бір қиырына ұқсамайтын орасан зор алқап. Жоқ, олай да емес ұқсайды жалпы келбеті. Бірақ әр төбесі, әрбір пұшпағы түрліше жаралған, әр қиыры өзіндік сипатымен танылады. Құпиясы да ерекше мол дала. Ғажап!.. Сіздің даланы жусан мен бетегеден өзге түгі жоқ, сусыз, нусыз сары жон деп жүретінмін. Бақсам, мүлдем олай емес. Анау нұрлы, сулы көрікті Баянаула, ақар-шақар Тарбағатай, көусар бұлағы мол, өлкелі Шыңғыстау. Немесе өздерің жайлайтын мына Шідерті бойын алайық. Рас, сіздің даладан көргендерім өзірше осылар ғана, ал қазбалы байлығын тіпті де білмеймін...

— Біздің даланы жаюлы дастарқанға теңеуге болады, Михаил Антонович, — деді Қаныш. — Дастарқан болғанда үсті неше алуан тағамға толы: бір жерінде құрт-ірімшік, бір жерінде аткөпір үйілген бауырсақ, бір тұсы қант пен жентке, өрік-мейіз, неше түрлі тәтті жемістерге толған, ал енді бір жерінде шашылған бидай ғана, бір тұсында о да жоқ — тып-типыл тұт жалаңаш.

— Қалай дедіңіз? Түсінбедім, шырақ.

— Түсінбейтін түгі жоқ, Михаил Антонович... Тәтті жемістер үйілгені өлгінде өзіңіз айтқан оазистер — Баянауыл, Қарқаралы, Көкшетау. Ал анау тек қана дәмді тағамдар қойылған тұсы — таулы-тасты, озенді-бұлақты Нияз, Шідерті, біздің Алабас, Ақкелін сияқты құйқалы жерлер. Тақыр дегенім — шөл дала, қылтанағы жоқ құ медиендер.

— Ә, жаңа түсіндім. Бір түрлі бейнелі теңеу! Бірақ мен,

геолог ретінде, Қаныш шырақ, сіздің даланы басқаша сипаттар едім, теңеуім де сол себепті өзгеше болмақ, — деді көнері Усов тізгінін тартып. Астындағы ай маңдай торы кілт тоқтады. Қаныш та атын тежеп профессорға аңыра қарды. — Геолог үшін киргиз даласы — іздесе таптырмайтын, ешқашанда жалықтырмайтын классикалық мектеп дер едім. Қаншама ашық, беті аршылған геологиялық үлгілер! Таулары да тозған, уақыт оларды әбден мүжіген. Сірә, қазына байлығы да аз болмас деймін! Оқымаған, көзі қараңғы Апақ Байжанов, Қосым Пішенбаев сияқты кезбелер суыр індерін түрткіленіп ақ Қарағанды, Екібастұз сияқты алып көмір ошақтарын тауыпты. Ал білімпаз геологтар шындап іздесе не болар еді? Қандай-қандай қазыналы көмбелерге жолығар еді? Ғылым үшін ғажайып жаңалықтар ашар еді-ау! Қаныш, қымбаттым, сіздің орныңызда болсам, мен геолог болып кетер едім. Құдай ақты, сізді ауыстыратын бір сөдия табылар. Сіздің орныңыз — геология! Туған далаңыздың кен байлығын іздейтін геолог болу!.. Сізге оқу керек! Ибрагим Құнанбаевтың бұл жайында не дегенін білесіз бе? Маған оны, әнеугүні Шыңғыстауда болғанда Әлімқан Әбеуұлы жүрегіме құйып берген...

— *"Жасымда ғылым бар деп ескермедім, Пайдасын көре тұра тексермедім. Ержеткен соң түспеді уысыма, Қолымды мезгілнен кеш сермедім"*... — деп тақлақтаған Қаныш кексе серігіне жымия қарап, Абай өлеңінің мәнін орысша жеткізді.

— Иә-иә, дәл айтасыз. Сол өлең! Тегі, Ибрагим Құнанбаев — үлкен ақын! Мен танытын білімді қазақтар бір ауыздан солай дейді. Ақын ғана емес, сірә, данышпан да болу керек. Өйткені, ғапу етіңіз, сіздерден кем оқыса да, көп жәйтті артық түсінген, ұрпақтарын да білімдарлыққа тәрбиелеген. Мысалы, мен білетін Тұрағұл Ибрагимұлы нақ сондай адам, өз бетімен оқып тоқығаны көп, Шығыс қана емес, орыс әдебиетін жап-жақсы біледі... Тегінде, мен танысқан қазақ зиялылары өте талантты жандар, тек тереңдеп оқымаған. Аиталық, сіздің немере ағаңыз Әбікей Зейінұлымен сұхбат құру — мен үшін үлкен тағылым! Жуықта ол кісі маған дала жастары жаппай құлшынып, оқу жолына түсе бастады дегенді мақтана айтты. Мен де ол кісіге: "Бұл бек тамаша құбылыс!" — дедім. — Он он бес жылдан соң, демек, жеміс күтуге болады. Гимназия, семинарияда оқымақ жас түлектерге ұстаздық етеді. Қандай тамаша! Сөйтсе де, шырақ, сіздің халықтың перзенттері техникалық білім алуға да ұмтылса игі!.. Мына даланы жаңа өмірге бейімдеу үшін бұ да керек. Сіздің әулетті мен біршама білдім дей аламын. Жастары шетінен талантты. Әсіресе сіздің

туған ағаңыз Бөкеш?.. Неге оқымаған, түсінбеймін, болыс төрағасы, гапу етіңіз, бұл енді қазіргі жағдайда соншама мәнді қымет емес. Немесе, сіз өзіңіз, әрине, сіздің ұлттың мінез-құлқын жете білем деп айта алмаймын... Сөйтсе де кейбір білімді жастар шенеунік болуға ерекше құмар сияқты...

Михаил Антоновичтің өңгіме қызығына берілгені сонша, тоқтап тұрғанын ұмытып, жас серігіне өредік күлімсірей қарап ақтарыла сөйлесін. Қаныш та өзі үшін қымбат сәтті ешқандай бөгде сөз, қолденең өрекетке қимағандай еміне түсіп беріле тыңдаған ды. Тек өлден соң ғана:

— Сіз, сіз, шынығызды айтыңызшы, маған да оқы дейсіз бе? Әттең, кеш қалдым ғой, Михаил Антонович! — деді даусы дірілдеп. — Әмбе, жалғыз емеспін...

— Оқығың келсе, айналайын, ешқашанда кеш емес!

— Менің жасымда сіз институт бітіріпсіз. Ал мен балалы шәкірт атанып...

— Шәкірт, шәкірт!.. — Профессор кенет атын тебінді. Сірә, өлденеге шамданып қалғандай. Екеуі енді үзеңгі қағыса қатар жүрді. — Біле білсең, қымбаттым, мен қазір де шәкіртпін. Өмір бойы шәкіртпін. Оқуға құныққан адамның ізденісі ешқашанда тоқталмайды. Құдай тағала үйренбеуден, білдім, толдым, болдым деуден сақтасын. Онда тоқтағаның емес, оңбағаның!

— Оқығым келеді, — деді сөдия жігіт біраздан соң. — Әрине, туғандарым, үй-шім бұған қарсы. Оның үстіне кеуде сырқатым да аяғыма оралғы болып, адымымды ұзатпай жүр.

— Шынымен оқығың келсе, Имантай ақсақалмен мен-ақ сөйлесейін, әкең заманды терең түсінетін ақылды адам, — деді Усов қуанып. — Томға келесің. Сібір ауасы екеуміздің дертім-ізге теріс болмас деймін. Тек қымыз жоқ, тамақ та тапшы.

— Әкеймен өзім сөйлесейін. Сіз уездік ревкомға, қайтар жолда губерния басшыларына құлаққағыс етіңіз. Қызметінен босатсын. Қайбір еріккендіктен сот болып жүр дейсіз, ел ішінде сауатты кісілер аз. Кім біледі, ешқайда жібермейміз деп кедергі жасауы мүмкін.

— Жібереді, жібермей көрсін! — деп қатуланған Усов қамшысын көтерді. — Даланың жер асты қазынасын халық игілігіне тезірек жарататын инженерлер сөдиядан гөрі керегірек екенін кеңес өкіметі жақсы біледі. Қам жеме бұған, бо-сайсың! Бұл шаруаны, шырақ, маған қалдыр!..

— Жер өндіріп алсақ қайтеді, Михаил Антонович?

— Мейлін, тек ұзаққа жарамаспын. Бараба шаруасының ұрпағы болғаныммен, кабинетте шалбар тоздырған қағаз кеміргіш екенімді ұмытпаңыз, қымбаттым.

Қаныш төртөбел атқа қамшы басты. Ауыл аралық шолақ жарыстарда бәйге алып жүрген шыға шаппа жүйрік жылқы еді. Шу дегеннен серігінен оқ бойы озып, алға шығып кетті. Қонақтың астындағы аймақдай торы ат ұзыны есік пен төрдей, көлденеңі де бірталай, бір көрерге көрікті жылқы болатын. Жүрісі жайлы, қылтың-сылтыңы жоқ жуас мал болған соң, мейманға әдейі мінгізген, әкесінің төл аты. Ә дегенде Қанышқа елігіп біраз жер шапқанымен, төртөбелдің жуық маңда жеткізбейтінін ұқты да, Усов тізгінін тартып, қояншоқаққа ауысты. Қаныш та атының басын тежеді.

Профессор серігі қуып жеткенде ол төртөбелдің ылпылдаған жол жорғасымен баяу тербетіліп, ән шырқап келе жатыр еді. Михаил Антонович жас жігіттің құйқылжыған көңіл күйін бірден ұқты: сірә, әлденеге қатты төбіреніп, сол қуаныш бебеу қағып, сырлы әуенге айналып, өз-өзінен ән боп көкірегінен төгіліп келе жатқан тәрізді...

*"Бөленген жердің жүзі жасыл жібек,
Күлімдеп күнге қарап қылған тілек.
Қалған жоқ елжіремей тастан басқа,
Жан сәулем, тас болды ма сіздің жүрек?
Жан сәулем,
Бұл дәурен,
Өтер бір күн, дүние-ай!.."*

Ызылдаған шегіртке үні, тас төбеден безілдеген торғайдың шырылы, баяу толқыған бетегелі маңдала... Бәр-бәрі табиғатқа жаны елжіреген жігіттің әуелете салған асқақ әнін тыңдауға пейіл беріп, маңқия тыңдап қалғандай. Жас серігінің әнге толқыған шат күйін бұзғысы келмеді. Жақындай түсіп ынтыға тыңдаранымен, үзеңгі қағысып қатарласпады, құрық бойы жерден құлағын түріп, сүйсіне тыңдады.

Аз-кем таныстықта ол Қаныш бойынан бірталай жақсы қасиеттер таныған. Көп оқитынына, әр нәрсеге құмарланып, білсем, көрсем деп тұратын ынтызарлығына риза болған. Әсіресе аңғарымпаз, сезімтал қабілетіне тәнті. Бір көргенін ұмытпайды, көңіліне әрнені түйе жүретін есті жігіт... Мұның бәрі геолог үшін өте қажет, етене қасиеттер. Ұлағатты тәрбие көріп, тиянақты білім алса — білікті маман болуы сөзсіз. Тіпті қарапайым барлаушы атанған күннің өзінде мына далаға аса қажет кәсіп, ең ділгір мамандық иесі болып шықпақ...

- Гапу етіңіз, қиялға түсіп кеттім, — деді Қаныш әнін үзіп.
- Жо-жоқ, қайта ерекше тәнті болдым. Тамаша ән, әуезі

қандай әсерлі, керемет ләззат алдым! Сөзін ұқпасам да, жан тебіrentкен ділін ұқтым!.. Сіздің жұрт тегінде әнші, сері халық. Әсіресе сіздің ауыл, күллі Баянаула атырабы!..

Қаныш көпе-көрінеу тілмәрсіп ештеңе демеді. Әлде ән әуені толқытқан әсерден арыла алмай келе ме? Усов та соны аңғарғандай өзімен-өзі боп тыныш келеді.

— Михаил Антонович, шыныңызды айтыңызшы, өтінемін, менен кен іздеуші шығады деп ойлайсыз ба? — деп кексе серігінің бетіне тіктей қарады.

— Түсінбедім, қымбаттым.

— Ата-бабамыз өмірі шұғылданбаған кәсіп. Қазақ баласы ешқашанда айналыспаған, білмеген, тумысында кезікпеген іс болған соң, гапу етіңіз, көңілде күмән көп...

— Бәрекедді! — деп рақаттана күлді профессор. — Біле білсең, қымбаттым, ешкім де анасынан геолог болып тумайды. Сол өнердің бүге-шігесіне қанып үйренген соң, білім алып, білікті мамандардың өнегесін танып, әлденеше жыл жердің асты-үстін ақтарып тексерген адам ғана геолог атанады. "With mind and hammer", яғни "Ақылмен, әрі балғамен" дейді геологтар туралы ағылшын жұртының нақылы. Ұғынықты да қысқа айтылған, байқайсыз ба?

— Сонымен, бақытыңды сынап көр дейсіз бе?

— Өмірге жолды, шырақ, өз ақылыңмен таңдау керек. Мамандық — күн сайын ауыстыратын кіршең көйлек емес. Сол себепті қабырғаңмен кеңес, мықтап ойлан!

Жолаушылар қояңшоқақпен бозша белдің үстіне шыққанда, арғы ойдан ауыл түтіні де көрінді.

III

Арада екі-үш күн өткен соң станицадағы сот кеңсесіне қайтып оралған Қаныш Сәтбаев Семей губерниялық халық сотының төралқасына төмендей арыз жолдапты: *"Оқуға баруға бел байладым, сол себепті, сабақ басталғанға дейін, яғни 1921 жылдың бірінші қыркүйегінен кешіктірмей, сот кеңсесіндегі міндетімнен босатуды губсовнарсудтың коллегиясынан өтінемін. Өтінішімнің нәтижесін хабарлауды сұраймын. Халық соты Қ. Сәтбаев. 12 тамыз 1921 жыл"*

Жайлаудағы жұрттың тіршілігі бөз-баяғы қалпында өтіп жатыр. Сол өмірді көзімен көрген жан сол тірлікті айна-қатгесіз дәптерге түсіруден жаңылмаған...

25 тамыз (бейсенбі): "Біздің ауылда жапа-тармағай той. Қожа келіп, ер балаларды жаппай сүнетке отырғызды. Имантай ақсақал осы оқиғаға арнап бір құлын, екі қой сойғызды... Байғағұл Әбікейұлы Сәтбаев біршама ойбайлап, ақырында тырп етпей, тыныш жатуға мәжбүр болды".

26 тамыз (жұма): "Кешке таман қоянға шығып, ештеңе ала алмадық. Біздің Ира шабандоз болып алды..."

30 тамыз (сейсенбі): "КирЦИК мүшесі Жанайдаров Орынбордан келе жатып жайлауға соқты. Айтуынша, Ресейді аштық жайлаған, ал Орынборда оған қоса сүзек індеті басталған..."

3 қыркүйек (сенбі): "Ауа райы түзелді. Жел басылғанмен, тұман тарқар емес. А.Н.Белослюдов қалаға қайтпақ. Қырға шыққаны байғұсқа аса жақпады... Осы жерден Қарқаралыға түсіп, одан әрі Майлықара жолымен Семейге жетпек..."

4 қыркүйек (жексенбі): "...Қасқыр күшейіп, қозы-лаққа қана емес, құлын мен бұзауларға да ауыз сала бастағандықтан, Сәтбайдың екі ауылы да жаңа жұртқа бірге қонды".

6 қыркүйек (сейсенбі): "Күн ашылды, жел батыс бағыттан. Қаныш Том технология институтына оқуға баруға біржола бекінгенін хабарлап, жуық арада аттануға ауылының қам жасауын ескертіп, Баянауылдан хат жолдапты... Екі жасар тайынша сойып, сүр әзірледі: сол үшін етті тұздап күні бойы далаға жайып қойды, кеште қосқа кіргізіп, шаңыраққа іліп, астынан от жағып, түтінмен ыстады".

8 қыркүйек (бейсенбі): "...Кешке таман мен, Әбікей және Бөкеш үшеуіміз Сарымсақты тауының бөктерінен бес тазы, бір ителгімен жүріп үш қоян алдық".

13 қыркүйек (сейсенбі): "Қаныш Томға бізбен бірге аттанбақ болған. Сот кеңсесіндегі жұмысын тапсыру үшін тамыздың аяғында Баянауылға кеткен, одан қыркүйектің 7-10 аралығында келмек-ті. Алайда әлі күнге дейін оралған жоқ. Әбікей Зейінұлы үй-ішін алып, Семейге кеше кетті. Ауа райы бұзылмай, күн жылыда біз де аттануға бел байладық... Имантай ақсақалдың аттарымен сағат 11-дің шамасында жолға шықтық..."

СІБІР ШАМШЫРАҒЫНДА

I

Технология институты Почтамт пен Бульвар көшелерінің қиылысында орналасқан. Оның бірі қаламен қойындасып жатқан тақиядай дөңгелек төбенің етегінен ұшар басына дейін созылады. Университет те, институт үйлері де сол төбенің қала жақ бетінде, бір-біріне иық тіресе іргелес тұрғы-

зылған ғимараттар. Екеуі де Том ғана емес, ұлан-байтақ Сібір өлкесі мен Қазақстандағы бетке ұстар жоғары оқу орындары. Сол үшін де зиялы қауым Томи өзенінің жағасында ірге тешкен бұл қаланы XIX ғасырда-ақ "Сібірдегі шамшырақ" атаған. Кейде тіпті ескі грек жұртының атақты ғылым ордасына теңеп, "Сібірдің Афинасы" деп те құрмет тұтқан.

Шынында да, Том шәрі, айтса айтқандай, сол күнде өнері озық, өнеркәсібі біршама өркендеген, басқа да тірлік-тынысы Сібір қалаларының көбінен ілгері мекен-ді. Ондағы университет он тоғызыншы ғасырдың 80-жылы ашылған, ал технология институтының өмірге келуі — 1900 жыл.

Университеттің оқу корпустары ескі классикалық үлгіде қаланған, аудиториялары, кабинеттері биік те кең. Әсіресе бас корпусы, кітапхана үйі, анатомия мұражайы, микробиология құтыханасы, медицина факультетінің емханасы алыстан көз тартып аңдыздап тұрады. Соларды қоршаған жасыл бақ қандай! Ең гажабы, оны ешкім де отырғызбаған, осы құрылыстар жүрген кезде оталмай, табиғи қалпында сақталған тайғаның жұрнағы.

Технология институтының оқу жайлары да әдемілігі жөнінен университет корпустарынан бір мысқал кем емес. Алғаш көргенде-ақ Қаныш өзін білім ордасы емес, айбарлы губернатор кеңсесіне, тіпті ескі заман гректерінің философтары мәжіліс құратын "құдайлар" храмына тап болғандай сезінген... Құжаттарын кен факультетіне тапсырған. Михаил Антонович ескертіп қойған екен, факультет махалласында қазақ жігітін жылы шыраймен қарсы алды. ГубОНО-ның арнаулы жолдамасы мен мұғалімдер семинариясының аттестатын көрген соң-ақ ілтисат білдіріп, тек қана математика пәнінен емтихан ұстауға шарт қойды.

Математикадан бұдан екі жыл бұрынғы тиянақты әзірлігін ұмыта қойған жоқ-ты. Бұрын-соңды білгенін қайыра пысықтап, ақыры профессор В.И.Шумиловтың алдына келген. Көңілінде аздап қобалжу да бар. Өйткені бұл кісі жайында неше алуан қауесеттер естіген... Шынында солай болды. Үстіне қазақы күпі киіп, елтірі тымағын қолтығына қысқан, кең қоныш саптама етігімен жалтыр паркетті тосырқағандай жасқана басып (емтихан ұстаушының оқшау киімінің өзі-ақ "Мынау жабайы далалыққа мұнда не бар?" дегізгендей күпір ой туғызған), алдына имене кірген ашаң өнді жүдеу жігітке математика профессоры одырая бір қарап, өз ойынан алгебралық тендеу құрай бастады, екі белгісізі бар қарапайым есеп. Қаныш титтей де қиналған жоқ, оп-оңай қағып тастады. Про-

фессор "Әй, мынау, түйеден түскендей түземдік киргиз қайтеді-ей?" дегендей сынақ тапсырушының күнге күйген қоңырқай жүзіне тағы бір мәрте одырая қарап, алғашқыдан едәуір күрделі бірнеше есеп жазып, алдына қойды. Күпілі далалық бұларды да шығарды. Тек соңғы теңдеудің қитұрқы бүкпесі бар екен, оны шешуге едәуір уақыт ойлануға тура келді. Бір мезетте оның да кілтпанын тапты.

— Мына есептің бастапқы шарты қате, Василий Иванович, — деген-ді ол состия қараған Шумиловқа батылсыздау үнмен. — Теңдеу емес, теңсіздік шығады, міне, қараңыз. Сірә, мына жерде қосу емес, алу белгісі тұруға тиіс...

— Оны қайдан білдің?

— Теңелу шарттарын тексеру арқылы...

— Бәрекелді, далалық! Өзің тіпті киргиз даласында қой емес, есеп шығарып жүргеннен саумысың? Бірталай жас осы теңдеуден шатылып еді, ал сен... сүрінбей өттің. Жарайсың, жайсаң киргиз, жайыңды білдім. Оқисың біздің храмда, оқисың! — Әлгінде ғана құрыстанып отырған профессор Шумилов кәдімгідей жадырап, аяқ астынан масаттанып қалды.

Сонымен, Қаныш — технология институтының кен факультетінің студенті. Көптен бергі арманы жүзеге асып, білімнің биік ордасына қолы жеткен бақытты жан!..

Ендігі өңгіме тіршілік ахуалы турасында: институт пен университетте екеуара жалғыз жатақхана бар; одан орын сұрау — үмітсіздің шарасы; өйткені жатақхана кереуеті жоғарғы курстың студенттеріне ғана беріледі... Шынтуайтын айтқанда, соларға да жетпейді. Өзге шәкірттер өзара қоғамдасып пәтер жалдап, жеке меншік үйлерде тұрады. Ал пәтер жалдауға қаражаты жоқтары институттың вестибюльдерінде, аудиториялардағы сызу тақталары мен ұзын үстелдер үстінде түнейді. Институт басшылары бұл гәпті жақсы біледі, шәкірттердің шарасыз күйіне, сірә, көмектескені шығар, көпкөрінеу елемегенсиді. Сөйткен "баспаналары" жылы болса жөн-ау. Оқу корпустарына от жағылмайды. Лекцияны студенттер тон, күпілерін шешпей қожырайып отырып тыңдайды (Әкесінің ақылына құлақ асып, қырда киетін күпі, тері кәзекей, тон, саптама, тымағын ала келгеніне Қаныш мұндай қуанбас). Дәуіттегі сия жарым сағатта қатып қалады. Сол себепті әр студент бір уыс ұштаулы қарындаш дайындап әкеліп, лекцияны сонымен-ақ сүйкектетіп отырады. Шумилов сияқты профессорлардың лекцияларын жазып үлгеруге де еп қажет: оң қолы тақтаға ұшы-қиырсыз теңдеу, формулаларды үрдіс жазып жатқанда, сол қолындағы шүберек үстіңгі жолдағы

жазуларды сүртумен болады. Үлгермедім деп айтып көр — мақау атанасың, болмаса аудиториядан тайып тұруыңды талап етеді... Бірақ қырсық мінезіне Василий Ивановичтің қыруар білімі тең, шынайы ғұлама адам!

Шәкірттердің мезгілінде тамақ тауып ішуі де оңай емес-ті. Төрт жүз грамм қара нан алу үшін институт ләпкесінің алдында әлденеше сағат кезекте тұру керек. 1921 жылы студенттер асханасы жұмыс істемеген. *"Қиыншылықтар қаншама көп, күрделі болғанмен бізді жеңе алмады. Белбеуімізді қаттырақ буынып алып шыдап бақтық, — деп есіне алады сол жылдарда Томда оқыған Қазақ Ұлттық Ғылым академиясының толық мүшесі, профессор И.И.Бок. — Ашпыз деп ешкім де оқуды тастап кеткен жоқ. Өйткені жұтқын тілеуінен гөрі білімге құштарлығымыз артығырақ еді"*.

Қаныш та сондай жарау құрсақ, бірақ сергек көңілді жастардың бірі. Басқа студенттерге қарағанда, оның жағдайы әлдеқайда көнтерімді. Алғашқыда ат басын тіреп түскенімен, сыпайылық ойлап пәтер іздей бастағанда, Усовтың үй іші, әсіресе Екатерина Филимоновна үзілді-кесілді қарсы болып:

— Қаныш, сыйға — сый, сыраға — бал деген... Пәтер іздеп өуре болма, бір бөлмеміз оқу бітіргенше сенікі, — деген.

Азамат соғысының ауыртпалығы мейлінше күйзелткен ескі қалада пұлыңа тамақ тауып алу оңай емес. Оның үстіне оқытушылардың ай сайын санап алып отырған жалақысы уақытша тоқтап тұрған шақ, көпшілігі жергілікті өкімет орындары тағайындаған демеу қорымен күнелтеді. Ал Михаил Антоновичтің профессорлық үлесіне өз үй ішімен қоса, қартайған анасы мен тетелес қарындасы да қарап отыр. Соған енді Қаныштың қосылуы — амалсыздық шарасы. Бір тәуірі, пәтер үйі кең, институт ауласындағы профессорлар корпусында, соның бір бөлмесін еншісіне дербес беріп қойды... Барар жері де болмаған соң, еріксіз келісті.

"Жабдықтау жоспарының қатаң нормасына сәйкес Том студенттеріне биыл 700 паяк бөлінді... — депті губерниялық "Красное знамя" газеті 1922 жылғы 7 ақпандағы санында. — Сібірдің азық-түлік комиссары Калманович жолдастың мархабатты жәрдемі арқасында жоғары оқу орында жұмыс істейтін қызметкерлер мен жұмысшылар үшін қосымша 420 паяк, ал стипендиант-студенттерге 300 карточка берілді. Әмбе қаладағы студенттердің 60 пайызына мемлекеттік стипендия төленбек..."

Технология институтының кен факультетінде 1921-1922 оқу жылында 589 студент білім алыпты. Бұған студент саны

үш есе көп университет жастарын қосыңыз. Ал Тимирязев политехникумы, педтехникум және медицина училищесінде қаншама шәкірт оқиды. Әрине, өкімет бөлген 700 паяк "Сібір Афинасына" білім іздеп келген, үнемі аш құрсақ жүретін неше мың студенттің оннан біріне ғана жүрек жалғарлық көмек. Мемлекет стипендиясының сиқы анау. Газет зор қамқорлық дегендей ишарамен дабыралай жазып отырған арнайы паяк болса, үшінші курсқа іліккен, оның да өте жақсы оқитын ат төбеліндей азаң тобына тағайындалған...

Кен факультеті төрт түрлі мамандар әзірлеген: геология, кен қазу, металлургия және маркшейдер инженерлері. Бес жылда факультет түлектері техникалық білім негіздерін түгел оқып, ал таңдаған мамандығын меңгеретін пәндермен түбегейлі шұғылданған. Инженерлердің қат кезі, технология институтын тәмамдаушыларға "кен инженері" деген әмбебап диплом берілген.

Кен факультеті 1901 жылы ашылған-ды. Тұңғыш деканы һәм ұйымдастырушысы — Владимир Афанасьевич Обручев. Бұл кез оның Сібір өлкесін түбегейлі зерттеуімен, Орта Азияға жасаған ғылыми саяхаттарымен есімі дүние жүзіне мәшһүр болған жұлдызы биік шағы. Кен департаментінде көп жылдар іздеушілік жұмыс атқарған геолог жаңа факультеттің оқу бағдарламасын сол күндегі бірде-бір политехникалық институттың дәстүр, тәжірибесіне ұқсамаған үлгімен мүлдем жаңаша жобалайды: теориялық курстарды мейлінше азайтады; оның есесіне практикалық сабақтарды көбейтеді және олар кеніштердің өзінде өтуге тиіс; кейбір пәндердің оқылатын мерзімі де ауысады, мәселен, С-Петербургтің тау-кен институтында төртінші курста оқылатын "Жалпы геологияны" Обручев бірінші семестрде жүргізеді... Сол заманның білгір мамандары Янышевский, Лаврский, Тове сияқты атақты инженерлердің кен департаментіндегі келелі қызметтерін тастап, Сібірде еңбек етуге, ұстаздық жұмысқа ауысуы — факультет деканының ынтасы.

Обручев факультетпен қоса геология кафедрасының жұмысына да өзгеріс енгізеді: геологияны жалпылама діндеуді тоқтатып, "Жалпы және далалық геология", "Петрография", "Қазба байлықтар" деген сияқты бірнеше курсқа бөліп, оның әрқайсысын кең көлемде, жеке-жеке оқытады; петрография, геология кабинеттерін ашады; тек қана геология ілімі бойынша жазылған ғылыми әдебиеттерден кафедралық кітапхана жинайды; Қаныш келген кезде онда үш мыңнан астам кәсіби кітап қоры болған...

Ұйымдастыру шаралары нәтижелі болды. Аз жылда-ақ Сібірдің қиыр түкпірінде аса күшті, ғылыми дайындығы мол да өзгеше жаңа ұя — Сібір геологтарының мектебі дүниеге келеді. Күткендей-ақ бұл мектептің түлектері Сібірдің небір қиыр шет, шалғай түкпірлерінен қисапсыз көп қазба байлық көздерін табады, геология ілімін де аса ірі жаңалықтармен байытады...

Өз ойын әрдайым ашық білдіруге дағдыланған қайсар профессордың еркін саясатының үнемі жүзеге асып, тыйымсыз қала беруі — сол күннің қатаң цензура жағдайында төзгісіз қылық. 1912 жылы студенттер ереуілінің өршіген қарсаңында шәкірттерін қорғап, жандармерияға наразылық білдіргені үшін В.А.Обручевті оқу министрі А.А.Кассо ұстаздық жұмыстан аластауға бұйрық берді.

Бір жылдан соң оның орнына сол қарсаңда ғылым магистрі атағын алған ғалым-геолог М.А.Усов тағайындалады. Әлбетте, Михаил Антонович ұстазы көп жыл тірнектеп жинап, қыруар еңбекпен етене еткен мектеп дәстүрін одан әрі дамытып, жаңа белеске көтереді. Практика сабақтарын бұрынғыдан да көбейтіп, тау-кен өндірістерімен байланысты тіпті күшейтеді. Нәтижесінде әр студенттің кенішке, иә зауытқа барып, бірнеше ай жұмыс орнында еңбек етіп, қайтып келген соң кафедрада есеп беруі — болашақ инженер үшін елеулі оқиға. Демек, Қаныш оқыған кезде Сібір геологтары мектебінің озық өнегесі барынша кемелденген деңгейге жеткен.

— Геология — тарихи ілім. Тұжырымдап айтқанда, ол жер қыртысының құрылысы мен заттық құрамын, қозғалысын, даму тарихын, қазба байлықтардың жаралу, орналасу заңдылықтарын, олардың қуат-көлемін зерттейтін жаратылыстану ғылымдарының жиынтығы... Жерді планета санайтын астрономдар да бақылайды. Физикалық дене ретінде оны физиктер де зерттейді. Ал геологияның міндеті — бұлардан гөрі өзгеше, — деп бастар еді профессор Усов алғашқы дәрісін.

Аудитория мүздай суық. Кеудесіне қозы терісінен тігілген жылы көзекей, оның сыртынан қалың күпі киіп, сеңсең жағасын тік көтеріп отырса да, Қаныштың бойы жылымайды. Сөйтсе де тақта алдында тұрған профессордың аузына аңыра қарап, бір сөзін зая жібермеуге тырысып, бүрісе тыңдап отыр. Кей сәт естігенін дәптеріне тез-тез жаза бастайды... Біраздан соң жаураған қолы икемге келмей қалады, студент жігіт бірақ қайыспайды. Екі қолын бір-біріне тез-тез ысқылап, кейде жеңіне тығып жылытып алады да, қайтадан жаза бастайды.

— Жоғарыда біз геологияны жер туралы жаратылыстану

ғылымдарының жиынтығы дедік. Енді оның қандай тарамдардан тұратынына келелік. Бірінші, "Далалық геология"...

Тақтадағы түрлі түсті карта, схемаларға қарап отырып Қаныш алуан-алуан ойға беріледі. Туған жерінің кескін-келбетін төсіндегі нуы мен суына, шөп түгіне орай айырып, таулы-тасты, жазық, не ойпат деп қана танитын бұрынғы қарабайыр ұғымға қазір қылау түскен, оған енді өзгеше көзбен, өзгеше түйсікпен қарайды: асқар тау, шексіз жазық, толқыған көлдер өз-өзінен жаралмапты; шөл де, көл де табиғаттың жай ғана болмысы емес, неше ықылым замандар жұмысы екен; жеті қат тереңде қаншама жұмбақ сырлар жатса, көз алдындағы ойлы-қырлы жер бедерінде де соншама құпиялар бар; қарауыл төбешік пен қыран ұя салған биік шың арасы қаншама алшақ тұрса — қатар жатқан екі түсті тастың бір-бірінен айырмасы одан да қашық сияқты...

Қ.И.СӘТБАЕВ пен И.И.БОКТЫҢ "М.А.Усовтың қызметі және геологиядағы озық еңбектері" мақаласында мынадай сөздер бар: *"М.А.Усов керемет шешен адам еді, қандай аудиторияны болсын іп-лезде өзіне баурап алатын. Оның дәрістері, әдетте, екі, иә төрт сағатқа созылатын, арасында аздаған уақытқа үзілістер болады. Оның сөзін жазып алу қиын емес-ті, ал тыңдау, турасын айту қажет, ұмытылмас ләззат! Профессордың аузынан шыққан әрбір сөз шәкірттерін таңтамаша сезімге бөлейтін: таңғажайып тілмәрлығы; қандайда бір күрделі жаратылыс құбылыстарын қарапайым да ұғынықты тілмен қызықты етіп түсіндіру; сөзіндегі логикалық тұтастық; ғылыми тұжырымдары мен болжамдарының мығым дәлелденіп, жинақы бейнелеуі; ең аяғы лектордың өзгеше ізеттілігі мен терең мәдениеті де тыңдаушыларын елітіп, айтып тұрған әңгімесіне еріксіз сендірер еді. Оның дәрістерінде ешқандай лирикалық шегіністер, жалған сөйлеу, айтып тұрған мәселелерінен бөгде жәйттерге ауытқулар болмайтын... М.А.Усовтың уақытқа деген сезігі де бізді әрдайым таң қалдырушы еді. Сөзінің уақыт мөлшеріне дәлме-дәл жүйеленгендігі соншалық — әрбір тарау, яки бөлімді бітірген кезінде үзіліске шақырған қоңырау үні естілетін. Бірде-бір сөзді артық айтпау, бірде-бір минутты зая жібермеу — лекторлық мәнері. Оның әрбір күні, бүкіл өмірі қатаң кестеге бағынып, уақытты тиімді пайдалануға есептелген..."*

Технология институтының студенттері қызыға тыңдайтын тілмәр лектор Усов қана емес-ті. Металлургияны сол кездің өзінде есімі Одаққа әйгілі білімпаз В.Я.Мостович оқыса, фи-

зика кафедрасын дарынды жас ғалым В.К.Кузнецов басқаратын (кейіннен академик, Социалистік Еңбек Ері атанып, әлемдік физика ілімін дамытуда зор жаңалықтар ашады). Ал университеттің физиология кафедрасына атақты А.А.Кулябко жетекшілік ететін. Ол болса, өлген адамның жүрегін клиникада тұңғыш рет қайтадан соқтырған ірі дәрігер-ді. Ботаниканы мұнда Оңтүстік Алтайға жасаған саяхаттарымен атағы шыққан профессор В.В.Сапожников оқиды. "Ол кезде лекция тыңдау – бүгінгідей міндетті емес, студенттердің өркіндегі шаруа, – деп еске алады Томдағы жастық шағын Таисия Кошкина. – Біз университетке, олардың студенттері технология институтына келіп, атақты профессорлардың дәрісін тыңдаймыз... Сайып келгенде, мұндай алмасулар студентті рухани байытып, жан-жақты білім беретін..."

Демек, бір ғана жер қыртысын тану ілімі ғана емес, ғылымның әр саласынан тереңде жан-жақты білім алуға мүмкіндік мол болатын. Тек білуге ынтың болсын! Ал Қаныш сияқты өрнеге ынтызар жас үшін бұл ғажап мүмкіндік емес пе...

Қаныш Сәтбаев қарапайым, мінезі де біртоға шәкірт еді, оның білімге ынтасын мен бірден байқадым, – деп куәлік етеді геология-минералогия ғылымдарының докторы, профессор В.А.Хахлов. – ...Арнаулы әдебиеттерді оқуға ол әбден құнығып алды, көбіне кешкі уақыттарда шұғылданатын. Бірде мен оған кафедрадағы кітапхананы қарап шығуға кеңес бердім. Одан соң Вальтердің "Шөл даланың түзілу заңдары" деген кітабын оқуды тапсырдым. Кітапты қайтарған кезде ол маған көптеген сұрақтар қойды. Өйткені Қазақстанның өзіне таныс бөлігінде жер бедерлерінің қалайша пайда болғанын енді ғана түсінген сияқтымын дегені есімде қалыпты..."

Осылайша шәкірт шақтың естен кетпес қызық та қиын күндері зулап өтіп жатыр. Алғашқы емтихан сессиясы да аяқталды. Қаныш одан қысылған жоқ, күн-түн отырып, көз талғанша, дене қалжырағанша шұғылдануға тура келді. Енді аздап тынығуға да болады. Қаныштың көңілін күпті етіп, жүрегін діттей беретін кеудедегі дерті. Бетіндегі қызыл шырай күзде-ақ жоғалған. Қазір жағы сидиып, ұрт еті сылынып қалғандай күрт түсіп кетті. Жүзі де қуарып сүйектенген шөптей өң-сәлсіз реңге көшкен. Суық аудиторияның зардабы, тамақ та қырдағыдай емес, әлде кітапханада көп отырғанның әсері? Ал қыс ортасы ауғалы жөтел қосылып, қорғаншақ көңілін тұқыртып барады.

Ақыры қыс аяғында төсек тартып жатып қалды. М.А.Усовтың өтінішімен науқасты қараған университеттің профессоры, терапевт М.Г.Курлов шәкірттен сырқатының жай-жапсарын жасырған жоқ.

— Дертіңе шипа бірден-бір амал — тыныштық, таза ауа, күшті тамақ, дәру қымыз... Мұнда өткізген әрбір күннің үлкен қатер екенін ескертемін, жас жігіт.

Бұлардың бірі де Томда жоқ, ауылда. Ауыл болса аяқ жетпес қашықта. Қайтуға көңілі дауаламайды. Қайтпасқа бірақ шарасы да жоқ. Мұндай білім ордасы, өнегелі орта, зиялы қауым, Усовтай ғұлама ұстаз, ғазиз жандар өзіне енді кезіге ме? Әлде дертті жеңіп, сырылдаған өкпесі мүлдем сөне ме?.. Жо-жоқ! Қайтып оралғын келсе, мұрат еткен білім қайнарынан мейірің қанғанша сусындау үшін де — тезірек кету қажет!

Сол күнде бірақ шалғайдағы ауылға жету де оңай емес-ті: бірден-бір сенімді қатынас — темір жол. Алайда Семей мен Том арасында ешқандай жолаушылар пойызы жүрмейді. Ділгір жолаушылар кәдімгі жүк вагондарына отырып, кете беретін. Жолшыбай екі жерде пойыз ауыстыру керек — бірі Тайга, екіншісі Новониколаев стансаларында.

Қаныштың бірге оқитын жолдасы Омар Толыбаев бір жетпей шарқ ұрып жүгіріп жүріп, Семейге тура баратын вагон табады: жүк тиелген кәдімгі пульман; соның бір бұрышынан науқасқа орын тиді; тіпті ойлағаннан артық шықты деуге болады — ортаға "буржуйка" пеш орнатылды; бір жетіге жетерлік отын да тиелді... Бірақ, нақ жүрер сәтте Михаил Антонович шатақ шығарсын: "Науқасты жалғыз жіберуге болмайды, қасына студенттердің бірі ерсін, жол шығынын мен көтеремін!.." Сүйікті профессордың, факультет деканының сөзін жерге тастауға бола ма? Қаныштың жаңа достарының бәрі бірдей бірге жүруге тілек білдіріп, аяқ астынан талас туып қалды. Ақыры, ешкімнің көңілін қалдырмау үшін жеребе тастауға тура келді. Ол Володя Домбровскийге түсті.

Сонымен, наурыздың бас кезінде екі студент Томмен қоштасып, сапарға шығады. Бір аптадай жол жүріп, көп бейнет шегіп, жүдеп-жадап, ақыр аяғында Семейге жетеді.

II

Жазғы тұрымғы көк соқпаға ұрынбай, ауылына жетіп алғаны пайдаға шықты, келе-ақ сыралғы дертпен күрес басталды: ерте құлындаған бірлі-жарым биелердің сүті де, дәмді аста — науқастың аузында; көшу мен қоныс қамы, мал баққан ауылдың тірлік қаракеті де — Қаныштың жолына байланған...

Ақыры, екі-үш айдан соң сырқат бері қарады, бетіне қызыл жүгіріп жүзі нұрлана бастады.

Қорғаншақ болып қалған ба, әлде тезірек сауығуды мұрат көрді ме — бұл жолы ол ауылынан ешқайда шықпай, бұрнағы жылдардай әлеумет жұмысына да араласпай, өз отауында жан күйттеп тыныш жатады. Тек жай жатқан жоқ-ты, Томнан ала келген ғылыми кітаптарды құныға оқумен болды. Құштар көңілі бірақ соған тояттамайды, алыста қалған жаңа достарын, күн сайын табиғат құпиясын ашқан білім ордасын аңсайды. Небәрі алты-ақ ай жанасыпты, мардымсыз мерзім. Соның өзінде көрген-білгені қаншама!.. Шалғайда отырып ойлап қараса — біраз ілімнің басын шалған, ең бастысы, геология негіздерін танып, өз бетінше оқуға жарарлық тағылым алған.

"Бір күні Қанке мені станицаға жұмсады. Екі-үш салт атпен, әмбе арба да ала бардық, — деп куәлік етеді ғалымның туысы Төрмізи ИМАНТАЕВ. — ертерек келіппіз, бір аптадай күттік. Қайтып кетуге ерік жоқ. Өйткені Қанке "Усовсыз қайтпа!" деп шегелеп жіберген. Содан бір күні күткен қонақтарымыз да келді: Михаил Антонович әйелімен және екі профессор орыс үй-ішімен, жиыны алты адам, Семейден бастап келген өзіміздің Кәрім ағай..."

"Усов деген кісі, арықтың тарамыс қатпасы, ұзын бойлының да шаршауды білмейтін біржосын тынымсызы еді, — деп әңгімелейді Нұрлан ҚАСЕНОВ сол күндерді есіне алып. — Екінші келгенінде денсаулығы күйлі болып, бір күн тыныш жатқан жоқ. Қасындағы екеу де дүние оқуын тауысқан дәй кісілер, аты-жөндерін ұмыттым. Әйелдері үйде жатады, күні бойғы ермегі — ұйқы мен кітап, өзен жағалап гүл теру. Ал күйеулерінде дамыл болмайды: тау-тас кезеді; күрек, қайла-ларын көтеріп жүріп, жер қазатын көмекшілері — біздің ауылдың жігіттері. Қанкежанды да қастарынан бір елі тастамайды... Әй, сол жазда біз шықпаған бұл өңірде тау қалды ма екен? Нияздың биік шоқылары, Әулнетас, сонау Қалмаққырған, Үкілі, Жылаңды... Осылардың бәрінің басында Усов қалдырған белгі қазықтар бар..."

Қадірлі қонақтардың демалыс уақыты бітіп, үйлеріне қайтатын болды. Қаныш та жылы жаққа ұшуға әзірленген құстардай қобалжысын: ыстық жар құшағы; тілі шыға бастаған тұңғыш перзенті сүйкімді Ханиса; тыныштығын бағып, құлдық ұрып отырған туған ауылы, қимас үлкендер; бәрінен де жатса-тұрса үнілеп, бір жалғыздан кенжесінің саулығын тілеген қарт әкесінен тағы да оқуға аттануға рұқсат сұрау...

— Бір жылға кеңшілік береміз, студент шырақ. Ауылыңда қалып денсаулығыңды күйттегіз, — деп Томнан келген ұстаздары өз шешімдерін естіртті. — Имантай ақсақалға біз үде беріп қойдық, қадірменді қартты сыйлау керек. Бұл бір. Екінші, Томның тұрмыс жағдайы өлі түзелген жоқ... "Сақтансаң — сақтаймын!" дегенді ұмытпа, тегінде. Ал, өз курсыңнан кейіндеп қалмау жайып бізге қалдыр. Институт ректоры, профессор Н.В.Гутковскиймен бұл жайыңда өзіміз келісеміз...

Сөйтпеске амалы жоқ. Тиісті оқулықтар мен құралдарды ұстаздары дайындап береді. Оларды ауылына жеткізіп алу — студенттің өз міндеті. Тыңғылықты дайындалса екінші курсың теориялық бағдарласын осында, жайлы күтімде жатып-ақ меңгеруге болады. Практикалық сабақтарды, әрине, келесі жылы, институтқа барғанда өтеді.

Әңгіме осымен тәмам болып, Усов серіктерімен суық Томға қайтты. Құстар жылы жаққа... Ал қанаты қайырылған қырандай еріксіз ділгір болған шәкірт шарасыз тағдырына бойсұнып ауылыңда қалды. Қолынан бірақ кітап түспейді, ұйықтаса да соның бір-екеуі жастығының астында жатады. Бұрынғыдай серуенге елігіп саят құруға, ауыл қыдыруға да ынталы емес. Көшпелі ауылдың мезі тірлігіне, мал күтіп, шаруа жайлауға икемі бұрып да шамалы болатын. Ал қазір?..

Кеңес өкіметі аласапыран уақыттың ауыр зардабын жол-жөнекей жойып, күйзелген шаруашылығын, тоқыраудағы өнеркәсібін тірілтіп, қарауындағы қалың елдің рухани тірлігіне де көңіл бөле бастаған. Сірә, В.И.Ленин жариялаған "Жаңа экономикалық саясат" қозғаушы күш болып, Ресей халқы алдағы тірлігіне үмітпен қараған.

Қазақ ел де нұрлы ертеңге бастар сол өзгерістен шеткері қалған жоқ. Халық жаппай сауаттануға көшті. Бірнеше қалаларда мұғалімдер техникумы ашылды, "КИНО" ("Киргизский институт народного образования") аталған институт дүниеге келді, екі ауылдың бірінде бастауыш мектептер мен "Саужой" курстары жұмыс істейді. Ғасырлық ұйқыдан оянып, зымырап бара жатқан уақыт көшпен қалып қоймай, заман үрдісіне ілесуге ұмтылған дерсің қалың елдің білім алуға, етек-басын жинап, игі үрдіске жаппай құлшынған талап-ниетін. Бұл болса Қаныштай жастардың оқу соңында жүргенде ертелі-кеш ойлаған арман ісі. Енді соны алыс ауылда жатса да, көңілге түйіп, көзімен көріп отырғанда, қалайша тып-тыныш бақылауға болады? Жоқ, жата алмады, денсаулығы оңалған соң-ақ,

бүкіл халықтық өрлеутуғызған өрелі іске хал-қадерінше септік жасап, нақты қолғабыс етуге бел байлады. Біз білетін дерек: біржарым жылдай уақыт өз ауылында жан күйттеп жатқанда ол, институттағы оқуына дайындықпен қоса, А.П.Киселевтің жұртқа мәлім ескі оқулығы негізінде қазақша "Алгебра" жазуға кіріскен; нақтырақ айтқанда, бұрын бастаған жұмысын әрі қарай дамытып, қыруар еңбек жасаған; сол үшін де Кир-республиканың Халық ағарту комиссариатымен келісу үшін Орынборға екі мәрте барып қайтқан...

"Оқушылардың алдына тартылып отырған кітап 1919 жылдан былай басталып, оған бері әр түрлі толастар арқылы созылып келіп, 1924 жылдың ішінде аяқталып отыр. Жазылған кезінде пәннің өз жүйесі мен әдістеу тәсілдерінің қиыншылығының үстіне керекті терминдер табылып отыруы да ауыр жұмыс болды. Қай пән болсын, әсіресе есеп пәндерінде әрбір ұғымның жобасы мен атын әрі ықшам, әрі дәл түрінде тауып отыру — аса керекті және ауыр нәрсе... Кітап ішіне кірген пән сөздерінің бәрі де Орынбордағы Білім кеңесінің талқысына салынып, сыннан өтіп шығып отыр. Сөйтсе де, мұндағы алынған терминдердің бәрі де тиісті ұғымдарға үйлес келеді деп кесіп айтуға әрине болмайды. Өйткені тұңғыш нәрсенің іші пен тысы мүлтіксіз, мінсіз және пішінді болып отырмайтындығы мәлім... Қазақ елінің ана тіліндегі мектептерге келсек — ...оқылатын пәндердің тәртібі мен көлемі шәкірттерді толық қанағаттандырады деп айтуға болмайды. Оған түрлі себептер бар, — дейді Қ.И.СӘТБАЕВ "Алғашқы қазақша алгебра" оқулығына жазған "Сөзбасында". — Оқытушылар күшінің тапшылығы, оқу құралдарының кемшілігі, оқытушы адамдарға негіз боларлық ана тілінде жазылған маңызды ғылыми кітаптардың жоқтығы... Жоғарыдағы кемшіліктердің бәрін бір күнде, не бір жылда оңай жоғалтып жіберуге болмайды. Бұл үшін әлі де болса кемінен он, не жиырма жылдық уақыт мезгілі және тынымсыз еңбек керек болмақшы".

Шынында да математика пәні сол кездегі санаулы қазақ мектептерінде жүрдім-бардым өтетін. Әр мұғалім өз түйсігінше, көбіне орысша оқулықты өзінше аударып түсіндіретін. Есеп терминдері мүлдем қалыптаспаған, әркім өзінше қисындастыратын. Нақ осы жәйт, ауылдық жерлерде тұңғыш ұйымдасқан қазақ мектептерінің басындағы қиын хал, бәрінен де төл оқулықсыз бұл шаруаның тағдыры шешілмейтіндігін түсіну, біздіңше, "Алғашқы қазақша алгебраның" дүниеге келуіне түрткі болған.

Ғалымның дербес архивінде оқулық қолжазбасының екі түрлі нұсқасы (екіншісі латын әрпімен жасалған көшірмесі, ұзынша кесілген түрлі-түсті қалың қағазға жазылған, көлемі — 1642 парақ), ал арап әрпімен жазылған алғашқы нұсқа — 700 бет шамасы сақтаулы. Екеуі де, біздің пайымдауымызша, Қ.И.Сәтбаевтың жиырма бес жасында қолынан шыққан тұңғыш оқулық, *"Сөз басында"* айтылғандай, *"шәкірт тұрмысының түрлі қиыншылықтарымен дамылсыз алысып жүрген күрес үстінде..."* туған, соған қарамастан жөндем үлгіде жазған тұңғыш ғылыми еңбегі.

Архив сөрелерінде Академиялық орталықтың білім кенесінің *"Алғашқы қазақша алгебраны"* мақұлдаған қаулысы (620-істің 141-б.) сақталған: *"Азамат Сәтбаевтың қолжазбасы екінші басқыш мектепке арналған алгебра оқулығы боп табылады. Ол қарапайым, түсінуге оңай тілмен жазылған. Есептері мен мысалдарының көбі қазақ тұрмысынан алынған. Материалдарының орналасуы екінші басқыш еңбек мектебі программасының талабына толық сай..."* Алайда кітапты жарыққа шығару бізге беймәлім себептермен кешеуілдей берген. Қолжазба тапсырылған жылы-ақ Ташкенттегі Қазмембаспасына жіберілген, 1926 жылдың 3-тамызында Халағарком *"Сәтбаевтың алгебра оқулығын 3 мың дана етіп басып шығару"* туралы бұйрық жолдаған. Бірақ соның кітап боп жарияланғанын көрген, нә қолына ұстаған жанды біз білмейміз. Академик Қ.И.Сәтбаевтың дербес архивінде сақталған бұл туынды жайындағы ең соңғы дерек қолжазбаның екінші нұсқасының соңғы бетіндегі ескертпе: *"Латынша көшірушіге! Қызыл һәм қара сиямен істелген бұл жазбалардың ішіндегі өзгерістерді (өшіру, түзету сияқтылар) мен қарап, дұрыс деп таныдым (менің өз қолыммен жазылған). Соңдықтан оларды сол өзгерген күйінде көшіру керек. Қ.Сәтбайұлы. 6.ІІІ.1928..."*

III

Қар жөңкіле көшіп, сәуірдің жылымық күндері басталған қарсаңда (1923 ж.) Қаныш Шақабай өзенінің жағасындағы жаңа қыстаудан қиырдағы Том шөріне аттанады. Сірә, қазына жолындағы бекеттер мен жәмшіктердің сыры өзіне мәлім болғандықтан, қасына сенімді серіктер ертіп, қосалқы ат алып, төте жолмен Семейге бет түзейді...

Келген бетте-ақ екі курстың өзі қарыздар емтихандарын тапсырады. Сол оқиғаға куәгер замандастарының естелігінде күрделі ілімнің қым-қуыт жыңғылынан ол сүрінбей өткен. Демек, ауылында болған бір жарым жылда ол тыңғылықты

дайындалған. Ең ғажабы, өкпе ауруының аса қатерлі ашық түрін үшінші мәрте жеңіп шыққан науқасты ұзақ қарап, ауыр кінәраттан құлан таза арылғанын анықтаған профессор М.Г.Курлов пен білікті дәрігер С.А.Адамов өздері ерекше тәпті болған жағдайды медицина тарихында сирек кездесетін құбылыс деп бағалап, бас шайқасады (шынында да содан былай Қаныш Имантайұлы бұл дертпен біржола қоштасқан).

Қаныш қайта оралған қарсаңда қаланың тұрмыс күйі едәуір түзеліп қалған-ды. Базарда іздеген затыңның бәрі бар. Тек қаражатың болсын. Институт пен университет аудиториялары да жылына бастапты: қажет отынды жаз күндері студенттердің өздері дайындаған; қыс бойы кезектесіп от жағатын да солар... Қыздар болса асханада кезекшілік етеді. Нәтижесінде асханадан күніне бір мезгіл ыстық тамақ ішуге болады.

Қаныш бұл жолы Усовтардың дербес бөлмесінен бас тартып, Белинский көшесіндегі 5-үйден пәтер жалдап алады.

Екінші курстың соңында геология бөлімінің студенті кәсіби тәжірибеден өтуге тиіс. Қаныш болса бірінші курстың да бағдарламасын да толық түгендеген жоқ. Демек, оған екі курс үшін әлдеқандай бір барлау партиясында ұзағырақ, жұмыс істеу қажет. Осы жағында ақылдаса келгенде профессор Усов Қанышқа геолог Русаковтың есімін атады.

— Михаил Петрович — сіздің даланы түбегейлі зерттеп жүрген білімпаз геолог. Туған жеріңнің қиырында жұмыс істеуге әзірленіп жүрген азаматқа, тегінде, бұл кісіден көп нәрсені үйренуге болады... Сөйтіңіз, Русаковтың партиясына тезірек жетіңіз. Ол қазір Қарағанды-Ақбұйрат маңында, Нұра, әлде Сарысу жағасынан табасың... Жолшыбай ауылыңа соғасың. Байғұс әкеңнің де ұйқысы қашып, қамығып жүрген шығар-ау?

1949 жылы жария еткен естелігінде М.П.РУСАКОВ сол жолғы кездесу жайында:

"1923 жылдың шілде айының жайдары күндерінің бірінде Бесшоқыда отырған біздің партияға боз атты екі жолаушы келіп, геолог Русаковты сұрайды. Оның бірі Қаныш Имантайұлы еді... Баянауылдан бізге дейін кем дегенде төрт жүз шақырым, серігі екеуі сонша қияннан күн-түн жүріп, жолшыбайғы ауылдардан кен іздеушілерді сұрап, ақырында қиыр даланың күнбатыс түкпірінде зерттеу жүргізіп жатқан барлау партиясын іздеп табу — таң қаларлық табандылық.

...Геологиялық ізденіске арналған, әрі мыс және басқа кен орындарын барлау жұмысы күні-түні тоқтаусыз жүрді. Том-

да геология ғылымының теориясына шұқшия үңілген жас Қаныш енді тау жыныстары мен кен өзектерінің жер қойнында өзара орналасу жұлгесін, чудь (?) халықтарының ескі қазбалары мен ашық жатқан кендер көзін ертелі-кеш зерттейтін болды. Біз отырған жер геологиялық сипаты жөнінен өте-мөте қызғылықты өңір еді: Үлкен Қызылтас су торабының негізгі арналары — Шерубай-Нұра, Жамға және Сарысу өзендерінің аңғары...

Геологиялық саяхаттар кезінде ол жер, су, тау аттарына ерекше көңіл бөліп, мән бере қарайтын: мына тау неліктен бұлай аталған, осылай атау жер бедерімен үйлесе ме, немесе бұған қандай тарихи оқиғалар себеп болған?..

Сөйтсем, қазақ халқы тауды, жотаны, нә әдеқандай өзекті қалай болса солай атай салмай, сол жердің жағрапиялық ерекшелігін дәл және әдемі бейнелеп, өзге де теңеумен даралап, тіпті өсте қалғандай етіп өрнектеп береді екен. Мұның сырына мен кейін түсіндім...

М.А. Усов жас Сәтбаевтың табиғаттану іліміне, әсіресе жер туралы, оның даму тарихын, құрылымын білуге құмарлығын бәрімізден бұрын аңғарды, — деп таңдана сыр шертеді..

Қыркүйекте технология институтының оқу залдары дабырлаған жастарға толады. Бәрі де көңілді: жазғы демалыстан оралған; өндіріс орындарында мамандықтары бойынша жұмыс істеп, өнер шыңдаған; қалталары да құр емес — кем дегенде қыстың ортасына дейін алаңсыз оқуларына жетерлік қаражат тауып қайтқан... Өйтпесең жағдайың мүшкіл: институттың шағын стипендиясы оралымға келмейді; сол себепті шәкірттердің көбі жазда ғана емес, қыста да көмір түсіріп, ағаш кесіп, әр түрлі көтерме жұмыстар алып күнкөріс жасайды. Қаныш болса мұндай ауыр еңбекке жарамайды. Сондықтан да оның бар үміті — елден келетін көмекте. Көбіне сұрайтыны — сүр ет, қарындаған май, ақша... *"Бір жылы Керекуден азық жібердік. Сүйегі сылынған жылы-жұмсақ сүр ет еді, — деп куәлік етеді ғалымның туысы Әбугайыр ЗЕЙІНОВ. — Бейнетімізді қайтейік, сәлемдемеміз жолшыбай қолды болып, орнына ағаш жаңқасы барыпты. Қанкенің соған: "Бізде тамыздық мол, тамақ аз" деп жауап жазғаны есімде".* Бұған қарағанда ту қиырдағы Томға мезгіл-мезгіл азық жеткізіп тұру да оңайға түспеген... Кейіннен бірақ ауыл көмегінен бас тартуға мүмкіндік туады. Оның себебін біз Семей архивінен таптық: шеткері қалаларда білім алып жүрген қазақ жастарына арналы қаржы бөлу туралы Семей губаткомының стипендия комиссиясының 1925 жылғы хаттамасында Москва, Ленинград, Қазан, Омбы және Том қалаларында оқитын отызға тарта жа-

стар аталған. Бұлардың ішінде Қаныш Сәтбаевтың есімі бесінші тұр. Жылына ол губерния комитетінен 420 сом мөлшерінде көмек алып тұрған. Оның үстіне неше жылғы еңбегі "Алгебра оқулығы" баспаға беріліп, қаламақысының алды қолына тиіп, шала-пұла "байып" қалған...

Сол жылы әкесінен қолқалап Ғалымтайды, шаңырақ дәстүрі бойынша, өзіне ізбасар іні саналатын тоғыз жасар жасөспірімді Томға ерте келген. Демек, Белинский көшесіндегі пәтерде үшеу болып тұрған: аға-інілі қос Сәтбаев және Омар Толыбаев...

"Бір айға жетер-жетпесте орысша шүддірлей бастадым... Мен үшін ең қиыны — үйреншікті ауылдан, өзімді ерекше еркелететін атам мен әжемнен, Үлкен ауылдағы Кіші аталарымнан, меншіктеп жүрген тай-құлындарым мен аңшы иттерімнен ажырағаным болды. Алайда біраздан соң қала тірлігіне көндігіп кеттім... — деп Том шәрінде жас күнінде көрген-білгенін тәптіштей жазыпты Ғалымтай Ғазизұлы естелігінде. — ... Бір жылдан соң біздің ауылдың оқу іздеген жастары топтап келе бастады: Тәрмізи, Ғазали, Әбдірахман, ұмытпасам, соңғы екеуі сауда техникумына түсіп оқыды. Пәтеріміз тарлық еткен соң Омар Толыбаев жатақханаға шығып кетті, ал біз, кілең Сәтбаевтар "мойынсерік" болып ұжымдасып тұрдық. Ағатайым тәртіпті қатты ұстады: бастай қыдырысқа ешқайсымызды жіберген жоқ, пәтеріміздің тазалығын, басқадай жұмыстарды кезектесіп атқарамыз; тек маған ғана жеңілдік жасап, "Ғалымтайчиктің жөні бөлек, ол атасының баласы, бұған тиісуге болмайды!.." деп мені үнемі қорғап, еркелететін еді..."

Қыр сахарасында өгіздей шабан сияқтанатын уақыт қалада жүйрік сәйгүлікке мінгендей жылдам зымырайды. Ұзақ күннің кейде қалай өткенін білмей қаласың. Қаныш болса сол тірлікке баяғыда көндіккен. Сөйтсе де әредік бой сергітіп, көңіл көтеру қажет. Ана бір жылдары бұл қалада бірталай қазақ жастары оқыпты. Қазір сиреген, бірен-саран ғана. Солардың басын қосып, қолы бос кештерде, жексенбі күндері өзара сауық жасап, демалыс ұйымдастырса несі бар?.. Елден алыста жүргенде бұлда туған жердің тұнық ауасындай, дәмді асындай пайдалы сергу болмақ...

Ә.Х.МАРҒҰЛАН естелігінен:

"Оқудан бос уақытын студент Қаныш бір ғана іске, ой-санасын байыту мәселесіне жұмсайды. Көп уақытын Том уни-

верситетінің бай кітапханасында өткізіп, қазақ халқының тарихы, этнографиясы, әдебиеті туралы жазылған деректерді үңіле оқиды. Олар жайында бірнеше мақала жазып, кейбір әдебиет үлгілерін баспаға дайындайды. Қаныштың бастауы бойынша университет жанынан Күншығыс мәдениетін зерттейтін ғылыми үйірме ашылып, оған Томда оқитын студенттер қатынасады. Үйірмеде сақа (якут), бурят, хакас, тұңғыс елдерінің халық әдебиеті, этнографиясы, тарихы туралы баяндамалар тыңдалған. Қаныштың өзі де қазақ әдебиеті, этнографиясы туралы баяндама жасайды. Онымен қатар үйірме атынан сауық кешін өткізіп, онда әрбір халықтың ән-күйлерінен, жыр-өлеңдерінен ойын ұйымдастырады. Бұл сауық кештерінде Қанекең қазақ халқының ән-күйлерін жақсы көрсете алған.

Семейде шығатын губерниялық "Қазақ тілі" газеті 1926 жылғы 28-сәуірдегі санында Қаныш СӨТБАЕВТЫҢ "Том қаласындағы ұлттар кеші" деген хабарын жариялапты:

"...Қазақ өлеңдерінен "Екі жирен", "Бір күн көшіп дүние" (айтушы Ғалымтай Сәтбаев), "Қара торғай", "Еркем" (айтушы Омар Толыбайұлы) шырқалды. Декламацияға Мағжанның "Тез барам" (айтушы Ғазали Сәтбаев) өлеңі оқылды... Сауықта айтылған әндердің бәрін де нотаға түсіріп, дыбыс үндестігін (гармония) Александров дейтін шебер профессор жасап берді. Әншілердің бәрі де әндерін рояльға қосылып айтты (буряттардан басқасы). Өлең сөздері орындалар алдында жиналған жұртқа орыс тілінде ұғындырылып отырды. Декламацияларға да осы жол қолданылды... Кешті тамашалауға жұрт көп жиналды..."

Технология институтының студенті Қаныш Сәтбаевтың университет кітапханасында ашқан карточкасында қазақ даласы туралы орыс зерттеушілерінің бұрынды-соңғылы жазған ғылыми еңбектері молдап тізіле бастады: П.Паллас, В.Радлов, П.Мелиоранский, И.Веселовский, Г.Потанин және басқалардың әр жылдары жазған жазбалары, саяхат күнделіктері, түрлі зерттеулері. Сірә, сол ізденістің әсері болар Қаныш Имантайұлы ғұмырбаяндық жазбаларында: "Сирек қолжазбалар бөлімінен Едіге туралы ескі аңыздың Шоқан Уәлиханов жазып алған 3 түрлі нұсқасын көріп, қызыға таныстым. Солардың бірін, әрине, Шоқан нұсқасын 1927 жылы жеке кітапша етіп жарияладым..." — депті.

Құмар ісі әр түрлі, соның бірі — жан-дүниенің рухани байытып отыратын меншік кітапхана жинау. Анығында бұл өз әкесі Имантайдың Шығыс ақындарының асыл мұраларын

ұқыптап сандықта ұстаудан бастау алған. Сол әдет енді, сынықтан басқаның бәрі де жұғады деген тағылымға сай, Қанышқа да ауысқан. Тек оның көбірек қауазайтыны — ғылыми әдебиеттер, әсіресе геология саласындағы кітаптар — К.И. Богданович, И.Н.Мушкетов, В.А.Обручев, Г.Г.Семенов-Тянь-Шанский еңбектері, Д.И.Менделеев сынды орыс ғылымының мақтаныштарымен қоса, сол жұрттың "Алтын ғасыр" әдебиетін сомдаушылары — Белинский, Писарев, Добролюбов, шетел классиктерінен — Вольтер, Анатолий Франс, Шекспир, Диккенс, Гейне, Шиллер шығармалары. Философиялық ой теңізіне сүңгітетін ғұламалардың да бірталайын Қаныш Имантайұлы студент кезінен құмарта жинаған.

IV

Оның студенттік шағы Сібірді геологиялық зерттеудің жаңа қарқынмен жан-жақты өрістеген кезеңіне дөп келгенді. Кеңес өкіметі жария еткен индустрияландыру жоспарын жүзеге асыру үшін сенімді шикізат көздерін табу қажетті. Небір қиыр шет түкпірлерге жыл сайын, көктемде Томнан жабдықталатын барлау партияларына осындай міндет жүктелетін. Соның кейбіріне оқытушы геологтар басшылық етеді. Ал профессор М.А.Усов болса, әлденеше далалық экспедициялар мен шағын зерттеу топтарының ғылыми жетекшісі. Михаил Антонович геологиялық саяхатқа жалғыз шықпайды, оның қасында сарапшы мамандармен қоса, кен барлау бөлімінің студенттері де еріп жүреді. Өйткені ол болашақ геологтардың дау туғызған мәселелерді талқылауда тыңдаушы болуын, тіпті зерттеу материалдарын тексеруге қолғабыс етуін пайдалы деп есептейді.

Профессор Усовтың тағы бір тамаша өнегесі — дала жұмысынан қайтқан студентті өзі басқаратын Геолкомның Сібір бөлімшесінің жексенбілік мәжілісіне шақырып, есебін тыңдау. Бұл болса болашақ кен іздеушіні тапсырылған жұмысқа жауапты қарап, барлау кезінде көрген-білгенін өзінше тұжырымдауға баулыған. Сібгеолком мәжілісінде Қаныш Сәтбаев екі мәрте есеп берген. Оның бірі М.А.Усовтың басшылығымен Анжер-Суджен кенінде өткен өндірістік тәжірибе нәтижесін талқылау...

1924 жылы ол туған даласына екінші рет тәжірибе өтуге келеді. Бұл жолы доцент Н.Н.Горностаевтың қарауында жұмыс істейді. Ертістің күнбатыс төңірегінде, Семейтау деген жерде бір топ студент геологиялық съёмка жасаумен

шұғылданады. Ал келесі жылы ол ұстазы М.А.Усовқа еріп, Екібастұз көмір кенінің қорын қайыра тексеру жұмысына қатысады.

Институт студенттері қыста да дамыл көрмейді. Әр кафедрада сан алуан үйірмелер жұмыс істейді. Дәріс үстінде естімегеніңді осында аласың. Мысалы, бір жолы барлаушылар үйірмесіне осы институттың түлегі Николай Николаевич Урванцев келіп, Енисей төңірегінде жүргізген зерттеулері, мыс, никель кенінің алып ошағы — Нориль көмбесін қалай тапқаны жайында әңгімелеп береді. Қиыр терістікте іздеуші геолог екі жыл тынымсыз жұмыс істепті; Таймыр түбегінде, Дудинка, Нориль, Игарка, Хантайка деген жерлерде болған; әрине, мұндай кездесулер жас тыңдаушыларды неше түрлі қиялға бөлеп, жан баспаған қиырларды кезін, тың жаңалықтар ашуға еліктірген...

Үйірмеге қатысудың бір пайдасы — студенттің болашақта, ізденіске шыққанда әжетіне жарар дағдыларға үйренуінде. Николай Николаевич Горностаев оқитын петрография курсы бастапқыда өте күрделі, түсініксіз атаулар жиынтығынан тұратын, ұғуға қиын ілім сияқтанатын. Ал лектор теорияны оқуды бітіріп, нақтылы мұрағаттарды көруте шақырғанда, немесе сол жылдары дүние жүзілік геология іліміне етене бола бастаған "Академик Е.С.Федоровтың үстелінде" жұмыс істеуге үйретуі осындай тағылыммен аяқталады. Сайып келгенде, ол да өз пәнін қызықты етіп түсіндіре білетін талантты маман болып шықты. Сірә, сол кісінің өсерімен бірталай шәкірттер петрограф мамандығын игеруге құштар болған. Айталық, Қаныштың курсынадағы қыздар түп-түгел петрограф-минеролог мамандығын қалады. Солардың бірі — аспан түстес көкшіл көзі үнемі күлімдеп тұратын, институттағы сұлулардың "періштесі" — Тася Кошкина.

Үйірме мәжілісінде баяндама есепті студенттердің өздері жасаған. Қайсыбірі бұған жыл бойы, кем дегенде екі-үш ай дайындалады. Бұл да берері көп тағылым... Тыңдаушылар — курс студенттері, ал тұжырымдаушы — оқытушылардың бірі.

Сонымен тоқтаусыз зымырап бес жыл да өте шықты. Оқу залдарында көз майын тауысқан, қатерлі дертпен белдескен қиын да, қызықты жылдар. Соның бәрі де енді артта қалды. Таусылмас сияқтанған қызықты ілім құпиялары, ұшы-қиырсыз емтихандар, құлаш-құлаш сызу табақтары мен картакестелер... Алда енді бір-ақ асу бар. Ол — диплом жұмысы.

— Қаныш, қымбаттым, диплом жұмысына Қазақстаннан тысқары жердегі кендердің бірін таңдауға мәжбүрсің. Өйт-

кені сенің еліңде тап бүгінде жан-жақты зерттелген, техникалық құжаттармен жабдықталған бірде-бір кен орны жоқ. Ал онсыз тапсырманы қалай орындайсың? Қысқасы, қайда баруды, геологияның қай саласында мамандануды мықтап ойлан, — деп Михаил Антонович ескерту жасаған.

Қаныш ұстазына келіп, қиырдағы Минусин округіне баруға бекінгенін айтты.

— Мыс кендерін барлауға мамандансам деген ұйғарымға тоқтадым, Михаил Антонович. Тегінде, біздің даланың бағын ашар бір қазынасы — осы металл...

— Көрдің бе, Михаил Петровичтің не істегенін! Орталық Қазақстаннан оның мыс іздегеніне талай жыл болды, демек, өзі құштар боп жүрген зерттеуге сені де еліктіріп қойған. Жарайсың, Русаков!

— Минусин округіндегі Маин кеніне барсам деймін.

— Маин кені — іргелі мыс ошағы. Тек оны асықпай қарау керек! Күні ертең пайдасы тиеді, көрген-білгеніңді жадыға түйіп, кен түзілуінің бүге-шігесіне мұқият үңіл!..

Бес айдан соң Қаныш "Сібір шамшырағына" қайтып оралды. Көп ұзамай ол кафедраның қарауына "Маин кенінен мыс барлау және оны геологиялық зерттеу" деген тақырыпта жазылған диплом жұмысын тапсырды.

1926 жылдың 14 мамыр күні Қаныш Сәтбаев мемлекеттік комиссия алдында диплом жұмысын қорғап шықты. Ол енді кен инженері, жоғары дәрежелі білімдар азамат! Бұл сөздің астарында қаншама сыр, мән-мағына жатыр!.. Семей губерниялық "Қазақ тілі" газетінің өз оқушыларына сол қарсаңда сүйсіне хабарлауына қарағанда, бұл оқиға — дала өмірінде сирек болатын қуаныш: *"Біздің қазақта оқушы аздығының үстіне инженер жоқтың қасы еді... Қазақстанның өнеркәсіп тарихында Қаныш жолдас өндіріске басшылық ету қызметіне кірісіп отырған тұңғыш маманымыз... Сәтбайұлы Қаныш азаматтың жаңа аяқтанып келе жатқан Қазақстан өндірісін көркейтту жолында аянбай қызмет етуіне сеніміміз күшті, әмсе сол істе жолы болғай!"* Хабардың тап ортасына толқынданған шашы кейін қайырылған, кең маңдайлы, келбетті жастың суреті беріліпті. Үстінде қоңырқай костюм, ақ жағалы көйлек. Галстук тағып түскен...

Жас қазақ азаматының кен инженері дипломына ие болып, туған даласына олжалы оралуы, таңғаларлық қуанышты оқиға! Сірә, сол себептен де бұл оқиға кең байтақ өлкенің бір-бірінен алшақ жатқан түкпірлерінде айтарлықтай сүйсіну туғызған. Соның бірі — Алаш қозғалысының көшбасшылары

қатарында болған, 1925 жылдан бері Қазақстанның жаңа астанасы Қызылордада тұратын Міржақып Дулатов. Қаныш інісін ол, сірә, Семейде оқыған кезінен жақсы білген. Бұған дәлел — студент жігіт "Алгебра" оқулығының қолжазбасын тексертуге 1923 жылы Орынборға барғанда, Халық ағарту комиссариатына қарасты Академиялық орталықта ғылыми қызметкер (өзі де "Есеп құралын" жазған) Міржақып ағасының Неплюев көшесіндегі үйіне тоқтап, неше күн қона жатып, барған шаруасын сол кісінің жәрдемімен ойдағыдай тиянақтаған (Бұл жайында бізге әлдекі емес, Гүлнәр апай Міржақыпқызы 1997 жылы өз үйінде болған сұхбатта ағынан жарыла әңгіме шерткен-ді. Әсілі, тума ұстаз Міржақып Дулатов кіші Сәтбаевтың ашық-жарқын мінезін, жастай білім құған талабын, келешегінен үміт күтер дарын иесі екенін танып, өзіне меншіктен "Менің Қанышым" (Г.М.Дулатованың сөзі) деп атаған. Міне енді, 1926 жылдың қоңыр күзінде жан көкесінің сүйікті Қанышы инженер дипломына ие болып, тағы да өздерінің пәтеріне келіп отыр. Гүлнар Міржақыпқызының естелік кітабындағы әңгіме естияр әпкесі Ботагөздің атынан баяндалады: *"Бір күні... ерте оянып, дәлізге шықсам, ұзын бойлы жасаң кісі қабырғаға сүйеніп, қалғып отыр. Әуелде шошып кетсем де, чемоданын көрген соң, бізге келгенін сезіп: "Ағатай, неге бүйтіп отырсыз? Үйге кіріңіз", — дедім. Ол: "Поездан түсіп, тым ерте келгеніме ұялып, Жақаң мен Гая жеңгейді уйқысынан оятуды ыңғайсыз көрдім... деп күмәлді. Үйге кіргізіп, өзім ас үйге барып, самаурын қойдым. Үйге кірсем, Жақаң төтем әлгі жігітті құшағына алып, бетінен сүйіп жатыр екен. Жеңешем де қуанып, институт бітіргенімен құттықтады.. Артынша Міржақып ағасы "Еңбекші қазақ" газетіне көлемді мақала жариялап, Қаныш Сәтбаевтың тұңғыш қазақ инженері екенін, Том технология институтын бітіргенін, келешекте еліміздің үмітін ақтайтынын тәптіштей айтып, бүкіл елге кең таныстырды..."* (Г.М.Дулатова, "Шындық шырағы", 50-б).

Көнді Алтайдың түп төңірегіндегі Зырянов кенішінде туып-өскен Алсексей Кошкиннің артында қалған жалғыз ұлы мен үш қыздың ортаншысы, *"үнемі ақшыл киімдер киіп, першедей сыланып жүретін, аспан түстес көкшіл көзі күлімдеп, адамды өзіне баурап тұратын"* (Қаныш Имантайұлының өз сөзі) Таисия Кошкинамен ол Семейде танысқан. Сірә, Қаныш Иман-

тайұлының мұғалімдер курсына сабақ беріп жүрген шағы. Тансия болса сол қарсаңда губерния орталығына келіп, мұғалімдер семинариясында лаборантка болып еңбек еткен. Тағдыр жазуы, әлде сол күндердегі жастардың білімін көтеруге құштарлығы түрткі болып, екеуі де Томға барып, технология институтының кен факультетінде геолог мамандығын меңгеруді бірге бастайды. Жә, бұл жәйтті дарқан өмірдің кездейсоқ құбылысы делік. Ал, институттың төртінші курсын тәмамдап, Баянауланың күнбатыс бөктеріндегі туған ауылына, онда өзін сағына күтіп отырған кәрі ата-анасына, келіншегі Шәрипа мен Ханиса (азан ағы Хайринисауи, ерекше қайырымды деген арап сөзі) есімді бұлдіршің қызына кетіп бара жатқан шәкірт жігіттің мына хатын қалай түсінеміз?..

"Қымбатты Тася!

Семейде сіз болмаған соң мүддем көңілісіз жүрмін. Мәңсіз де сүреңсіз күндер тіпті өтер емес. Сан алуан ой кешіп, жападан-жалғыз жабыққан жаным Сізді ойлаған сәтте ғана бір уақ жай табады. Тәңір бізді жолықтырып, өзіме лайық Сіздей жансерік тапқанымға кәміл сенімдімін. Сол себептен де қуанышқа толы һәм шексіз ризалық сезіммен аздағы өмірге зор үмітпен қарағым келеді. Сүйіспеншілігіміз шұғыл басталып, бекем негізге бірден көшкеніне мен таңданбаймын, соның өзі-ақ біздің жаратылыс нышандарымыздың жақындығына айқын дәлел емес пе? Иә, шынайы махаббаттың түй қазығы бірін-бірі қалтқысыз сыйлап, жақсы көрумен бекітіліне мен бұрын да сенуші едім, ал қазір мүддем иландым. Әсімі, бұл – екі адамның білімі тең болып, мінезі үйлесіп, қылықтары жарасып, әмбе өздеріне мұрат еткен мақсат-мүдделерінің бірдейлігінен өрістейтін қымбат сезім. Махаббат та, менің түйсігімше, екі тұлғаның табиғатының рухани толық үндесіп, өзара тіл табысқанда ғана мәңгі салтанат құрмақ. Мен осы өмірімде, шынымды айтпайын, бірқанша әйел затын кездестірдім, бірді-бірі бірақ көңілмен шыққан жоқ: кейбірі әсіре білгіштігімен мезі етсе, екіншілері мінез-құлықтарының сәкеттігімен, ал үшіншілері адамгершілік сипатының төмендігімен тез жерітті.

Бұдан көп бұрын, алғаш танысқанда-ақ мен сіздің қарапайым нышаныңызға аса биязы қылығыңыздың жарасып тұрғанына таң болып едім. Ал таңдану, жұрт айтқандай, шындап танудың бастамасы болса игі. Сонымен, таңдана жүріп, Сізді жақынырақ білуге құмарттым. Жақын білген кезде өзімді таң қалдырып жүрген жанның барлық мінез-құлық жасаңды емес, етене қасиеті екенін аңғардым... Сөйтіп, Сізді

әбден танып-білуден соң мен жоғарыда жария еткен шешімге келдім, оның дұрыстығына ешқандай шүбәм жоқ. Сізге мен бір ғана шарт қоямын, есіңізде болар, оны орындау қиын емес...

*Сонымен, Тася, жеребе тасталды, біз ала жіптен аттаған адамдарымыз. Сол тек бақытқа бастағай! Сүйемін. Өзіңіздің Қаныш. 29.VI.1925 жыл."*¹¹

Жоғары оқу орнын тәмамдаған мамандар о кезде қайда жұмыс істейтінін таңдауға ерікті болған. Қаныш Имантайұлы, әрине, туған өлкесінде кен көмбесін іздеуге құлшынған. Таисия Кошкинаға "...бір-ақ шарт қоямын" деп отырғаны да сол — өміріне мұрат еткен кәсіптен айнымай, Қазақстан қиырында кен барлау. Жастық желеңнен құр алақан емес Тася да бұл шартты қуана қабылдаған.

Айтып-айтпай не керек, неше жыл мансұқ болған асыл арманға қол жетті. Алда — асқаралы асуы көп үлкен өмір. Соны қол ұстасып бірге кешуге, қандайда қиыншылық, кедергі кездессе де бірге жеңуге олар өзін дайын сезінген. Сол үшін де бақыттымыз, сол үшін де жанпида деп аянбай еңбек етуге өзiрміз дескен-ді...



¹¹Осы жерде және ілгеріде оқырман назарына ұсынылған Таисия Алексеевна Кошкинаға (Ол кісі 1944 жылға дейін өз фамилиясын сақтаған) Қаныш Имантайұлының хаттары мен қосағының көлемді естелігін маған Мейіз Қанышқызы Сәтбаева сый еткен-ді. Қаныш ғұмырнамасын қиял-қоспасыз орнектеуде өлшеусіз мол мағлұмат берген бұл құжаттарды мен ғалым перзентінің рұқсатымен келтіріп отырмын. Сол үшін де шексіз алғыс һәм ризалық білдіремін! — М.СӘРСЕКЕ.

ЕКІНШІ
БӨЛІМ



Ұлытау
жотасында



"Ұлытау қиырынан алғаш естелетін зауыт дауылпазының алып үні кең-байтақ қазақ даласының әр түкпірінен жаңғырған жауап алары сөзсіз. Себебі бұл жаңғырықты кушейтер қуатқа:

- 1) Ұлытаудың тарихи даңқы;
- 2) оның кіндік ортаға орналасқандығы;
- 3) қазақ халқының әрнені білуге ынтықтығы және ән-жыр шығарымпаз қабілеті де айрықша әсер етпек.

Әлбетте, бұл сарыннан бұрынғыдай қайғы-қасірет, азамұң, иә үмітсіздік әуені емес, мүлдем басқа саз — ерлік пен жасампаздық толғауы естілмек. Ол енді жаңғырған индустриалды Қазақстанның асқақ әні болмақ".

Қ.И.СӘТБАЕВ,
"Қазақстанның халық шаруашылығы"
журналы, 1928 жыл, № 1.

*"Вся жизнь его — исканье и борьба.
Тепла улыбка, и упали кудри
На выпуклость софратовского лба
Как в жизни, — ни усов и не бородки.
Глаза похожи на миндаля слегка,
И ямки доброты на подбородке
И чуть косые скулы степняка.
...Я мысленно всегда Сатпаевградом
Зову тебя, любимый Жезказган".*

Константин АЛТАЙСКИЙ,
1949 жыл



АЛҒАШҚЫ САПАРДА

I

Қ.И.СӨТБАЕВ – Алтай, Зырян, Т.А.КОШКИНАҒА

"Жаным Таиса-тай!"¹. "8 февраль" кемесінің каютасынан жазып отырмын. Сіз аттанып кеткен соң Семейдегі жұмыстарымды екі күнде тындырып, Ертісті құлдап елге қарай жүзіп келемін. Аманшылық болса таңғы сағат төртте Павлодарға ілігеміз. Ал одан әрі – ұшы-қиырсыз, жүрегіме сонша қымбат тұған далам. Өмір шіркін қандай тамаша: ертең-ақ рақаттана сімірер дару қымызға жетемін; желмен жарысқан қылаң жүйріктерге мініп саятқа шығу; қаршығамен құс аулау; еті уыздай дәмді марқалар да – менің сыбағам, қу жанына сая іздеген адамға бұдан артық не керек!? Өзімді шексіз бақытты сезінуге бір-ақ нәрсе жетпейді: ол – Сіз, сүйіктім, Сіз ғана қымбатты сәулем!.. Таисатай, не себептен қасымда емессіз?.. Алайда екі жарым айдан соң кездесетінімізді, әнеугүнгі қоштасар шақтағыдай екі-ақ сағатқа емес, өмір-бақи бірге, қол ұстасып мәңгі бірге болатынымызды есіме алып, өзіме-өзім сабыр тілеп, жұбату айтамын. Сол кезде, жаным, құмардан шығамыз, бақытқа да шексіз кенелеміз. Рас-ау, о күннің мерейлі шуағы қыр астында емес пе! Сонымен, көріскенше деймін, қымбаттым, жан сәулем!..

*Өзіңіздің КИС². 18 маусым 26 ж.,
түнгі сағат 11, №8 каюта".*

Алтай төріндегі Зырянов мекенінде тұратын шешесі мен жалғыз бауырына кеткен Таисия Кошкинаға Қанып серінің келесі хаты екі тәуліктен соң, маусымның 20 күні Павлодар қаласынан жолданған; ауылынан қарсы алушылардың зарыға күткеніне төрт күн болыпты; аттары да, ауылдастары да тыныққан; күн де жайма-шуақ қалпында тұрғандықтан дереу аттанып кетіпті...

¹Түпнұсқада осылай. Қанекең хаттарында қазақ тіліндегі сөздерді даралаған біз – С.М

²Қанып Имантайұлы Сөтбаев.

"*Saulem Taisa-Tai!*"¹

...Ауылыма келгеніме бүгін сегізінші күн, сүйікті туғандарым мен туған даланың мейірімді құшағындамын. Даланың қлыр түкпірінде орналасқан Шыбындыкөл деген табиғи су тоспасының жағасындамыз... Жүз шақырым төңіректе ешқандай тау жоқ, шексіз сары жон, соның әр жерінде мал бағып отырған ауылдардан өзге тірі пенде көрмейсің. Өңкей бір сыпыра құмайт, шөлейтті нен жазық... Сол жерде мал баққан біздің қазақтар. Әрине олар үшін бұл қадірлі де қымбат, әрі жұпыны тірлік. Мен болсам, сығандардың Алексосы құсап, содан да рақат тауып, сахара қызығына қуанған құдайдың еркесімін...

Шыбындыкөл — біздің қазақ даласындағы ірі су қоймаларының бірі, айдынының аумағы — 8х10 шаршы шақырым, оны қоршаған еңістің көлемі, сірә, 20х30 шаршы шақырымға сөз айтпас деймін. Көлдің табаны — майда батпақ, ал жағасы — құмайттау тау жыныстарынан түзілген... Көлдің жаралу, кеңею мен айдыны тарылу тарихы, меніңше, бірнеше кезеңге бөлінген. Тұжырымдап айтқанда, мынадай: ең әуелі аса күшті қатпарлы, күрделі палеозойды көрген; үшінші дәуірде ол пәрменді сығымдауға тап болған; соның артынша, бәлкім, сәл кейінірек түрлі тұнбалармен тола бастаған; жан-жағы алаңқай жерде түзілгендіктен жел айдап келген ұсақ тас, құм және түрлі жыныстар еңіс түбіне шөккен; ақырында тағы да сығымдалу процесі жүріп, ойпаң жаралып, қар суымен осы күнгі шалқар көлге айналған. Көнекөз қарттардың айтуынша, бұдан елу жыл бұрын көлдің аумағы шағын болыпты, ал жағалай қалың қамыс өскен, су айдыны соңғы жылдары ересен кеңейіп, аумағы ат шаптырымға созылған..."

Осы арада Қанекөң хатын үзіп, ғалымның тетелес інісі Төрмізи ИМАНТАЕВ ақсақалдың 1966 жылғы әңгімесін келтіреміз:

"Сол жылы Би атам көл жағасында тұнып тұрған балауса құрағын қимады ма, кім білсін, құдық қаздырды. Өз отауынан ұйқысын қандырып, күн арқан бойы көтерілген кезде сыртқа шыққан Қаныш ағай ми қайнатқан ыстықта құдық қазып жатқан біздің қасымызға келіп, күрекке жұққан қоймалжың сазды тіліне басып көрді де, басын шайқап, "Мына жерден тұщы су шықпайды, жүз құлаш қазсаңдар да — бос әуре!" — деді.

¹ Бұл сөздердің латын әріптерімен жазылғанына қарағанда, қазақ қауымы жаңаша жазуға көше бастағанын шамалауға болады.

Рәсім бойынша, әр үйден құрт, май, ірімшік алғызып, соның бәрін дастарқанға үйгізіп қойып, жөн-жоба айтып отырған үлкендердің бірі: "Оқуың тасып тұрса, тұщы су тауып бер, ал біз өз білгенімізді істеп жатырмыз..." — деп реніш білдірді. Қанке үндеген жоқ, көлге шомылды да, отауына кетіп қалды. Құдықтан шыққан су кермек татып, ауыз суды арбамен алыстан әкелдік. Келесі күні Қаныш ағай мені, Мұқышты, Нұрланды Сұңқарқия биігінің көлге қараған күнбатыс бетіндегі өзекшеге алып келіп: "Тура осы жерді қазыңдар, су көзі тереңде емес", — деді. Айтқаны дәл шықты. Кісі бойы қазғанымызда мол суға кезіктік... Ертеңінде ауылды сол жерге көшіріп, көл жағасында неше күн еру болдық. Сол көз әлі де бар, біздің ауыл қонған жұртты "Қанышқұдық" дейтін болдық..."

Қаныш Имантайұлы осы туралы нақсүйеріне 3-шілдеде жолдаған хатында сөз етіпті:

"...Шыбындыкөлдің батыс жағалауынан жазғытұрымғы су шайған жарқабақтан палеозой жыныстарын көріп, құдықты сол жерден қазуға кеңес бердім. Болжауым дұрысқа шығып, ауыз суға кенелдік. Осы оқиғадан соң беделім күрт өсіп, ауылдастарым маған "Жер сырын білетін көріпкел қабілеті бар..." деген мадақ айтатын болды. Жалпы айтқанда, біздің қазақ даласы, сірә, геологиялық ізденістер жасасақ өте-өте қызғылықты һәм аса зор жаңалықтарға жолықтыруы хақ! Тек соған ынта қойып, рұқсат ала алсақ?!

Уақыттың дені қаршығамен саят құруға, алыс-жақын ағайындарға сәлем беру үшін ауыл аралап, қымыз ішуден артылар емес. Жазға жобалаған зерттеу жұмыстарымның бірде-бірін әлі бастаған жоқпын. Шынымды айтсам, біздің қазақтың көшпелі тұрмысы түк істемей тек жатып, жаныңа бір мезгіл тыным беру үшін — іздесең тапқызбас тамаша тірлік...

Шынында да қам-қарекетсіз өмір мен мазалы ұйқы бойымды сергітіп, қоң жия бастадым. Алғашқы аптада-ақ көпкөрім салмақ қостым... Сірә, бір жолға жетер деймін, қолыңды қатты қысып, құшырлана сүйемін.

Өзіңіздің Қ... Шыбындыкөл. "

Көңіл шіркін жаңа үйретілген көк дөнен сияқты. Алып-ұшып алға ұмтылады, алдында өткізбес оқаптар мен асулар тұрғанын елегісі келмей, көкке шапшыған жас тұлпар дерсің. Өйткені оқу жолында кесе көлденең тұрған қаншама кедергі, қиын бөгетті түгел жеңді. Соған да шексіз төнті көңілі аласұрып алдағы өмірден де тоят іздейді. Мақсат — мамандығын

тезірек игеріп, туған даласының тұнған байлығын армансыз іздеу. Әзірше тек қай түкпірде барлау жасап, қай жерден тәбатынын білмейді. Бірақ, қайткен күнде жолығатынына күмәнсіз сенеді.

Шарқ ұрған арман-қиялын тежейтін бір-ақ жәйт — жүрек ділімен тапқан жан серігімен қарым-қатынасты елдегі туыстарына, үй-үшіне ашық жариялауға дәті жетпей, жасырып жүргені. Шынтуайтын айтқанда, балалы-шағалы жағдайын Таисия да білмейді. Кнә өзінен. Әуелде серілік әуейлікпен байланған махаббат жібі екеуі үшін де ойда жоқта рухани жақындыққа ұласып, өмірлік мұратқа айналды. Енді соны ауылдағы ағайын-жұртқа қалай естіртеді, оғаш қылығын түсіндірер гәп не?

Қартайған әке-шешесінің жүрегіне қаяу түсірері сөзсіз. Құдай қосқан жарың бар, неке бұзғаның қалай деп реніш айтуы хақ. Тегінде, қазақ қауымы о күнде ұлты басқа жұрттан жар таңдауға қатаң қарап, соған тәуекел еткендер болса, қол артқан зайыбын мұсылман дініне кіргізіп, есімін қазақшалап, қалыңдығының бүкіл ділін өз халқының рәсім-тәртібіне баурап алатын-ды. Ал, мына жағдайдағы басты бөгет — өзі қайда кетсе де, сексеннің белінен асып, жүріс-тұрысына тұсау түскен әке-шешесінің көңілінен шығып, баладай бағып-күтіп отырған Шәрипаның кінәсі не... деген күпті сауал. Бұл да бір сәрі, сүйкімді Ханиса алдағы желтоқсанда беске шығады, атын ұстар ұл күткен үміті де биыл қабыл болып, Малыбай есімді перзентінің дүниеге келгеніне екі ай болды... Қысқасы, өз отауының түтінін түтетіп отырған адал қосағы сүйкімді Шәрипаға артар ешқандай өкпе, кінәсі жоқ. Бүлдірген істің күрмеуін шешуге жол таппады. Әзірше бүге түруды жөн көрді...

"Қ. И. СӘТБАЕВ — Т. А. КОШКИНАҒА

Saulem Taisatai!

Соңғы хатты бұдан бір ай бұрын, 8 шілдеде жолдағанымна Сіздің сөгіс жариялап, реніш білдіреріңізді сеземін. Сөйтсе де, жағдайымды түсініп айтыңыз сөгісті... Біздің дала төсінде жеке адамның хат-хабары түгілі, болыс поштасының өзі айына бір-ақ мәрте қатынайды. Міне, мен де шабарманның келгенін пайдаланып, Сізге екінші мәрте хат жолдап отырмын. Оның есесіне Сізден екі хат алдым. Оған жауабым: хаттарыңыз жанымды күйзелтіп, бұрынғыдан да күштірек сағыныш туғызды...

Бір айда жүзден астам қаз алдық, өзге ұсақ құстарды санаған жоқпын. Бұл жақтағы негізгі қарекетімнің жөн-жосы-

ғын осыдан-ақ аңдаған боларсыз. Көңіл-күйім өте жақсы, төн саулығы түзелді... Семейге, сірә, тамыздың 25-і шамасында аттанатын шығармын, қыркүйектің 1-5 аралығында сонда болуға тиістімін...

Өзіңіздің Қ... Жаманқылшылы, 8 тамыз, 1926 жыл."

II

Бір көргенге Ұлытау өңірі сұрықсыз өлке — сусыз, нусыз құба жон, өсімдіктен де жылан жалағандай тұлдыр. Сол себепті оны күзден гөрі көктемде көру оңды. Көктемде бұл өңір адам танығысыз шырайға еніп, құлшырып кетеді: көз жеткісіз кең жазық қызылала орамал жамылғандай, жайқалған гүлге толады; шоқ өскен көкпек жыңғылын ту алыстан қарауытқан орман дерсің; шайыр мен қырмызы, баялыш қаулаған алқаптар көрмеге қойылған кілемдей; боз да бұл шақта тұтаса көгеріп, айрықша көріктеніп тұрады; ал сай-салаға жамырай шыққан жауқазын мен алқызыл қызғалдақтар ше! Тіпті қараған, тобылғы, тікенекті бұта бастарына дейін сәукеле киген қыздардай алқызыл гүлден алқа тағып, жасанып алады. Өлкені тұс-тұстан құлаған өзендер де мейлінше пәрменді, нағыз күшінде. Мың сан бұлақтар бір-біріне қосылып, ағылтегіл сарылдап еңіске қарай жөңкіліп жатады.

Амал не, бұл дәурен ұзаққа созылмайды. Он, иә жиырма күн, асса бір ай. Іле-шала Бетпақтың шөлі мен Жетіқоңыр құмынан, иә Мойынқұм, Қарақұм жағынан үдемелеп соққан ыстық аңызақ басталады. Онсыз да қуаң даланың соры осы. Гүл жарып, енді-енді бой сала бастаған тырбық өсімдіктердің өсуі тежеледі. Сөйтіп, бұл өңірдің құлпырған келбеті сағымдай бұлдырап, бірте-бірте құлдырап, біржола өлеусірейді.

Ұлытаудың жазы да әлей сорақы: өрт шалғандай қап-қара болып күйіп жатқан тақыр дала; өуе айналып жерге түскендей аптап ыстық; болар-болмас жел соқса, оның арты құм боранға айналады... Жазғытұрымғы өзендер тартылып қалған, кеше ғана сылдырап жатқан бұлақтар да құрдымға айналған. Жиде өсетін саздақ ойпаңдар ғана жа-сыл реңін көпке дейін бұзбай, ұшы-қиырсыз жалпақ өлкенің әр жерінде арал сияқтанып желкілдеп тұруы ғана — көңілге уаныш...

Екі жарым айға созылған төр жайлаудағы рақат демалыстың соңында Қаныш салт атпен Семейге жетіп, одан Сібір темір жолының бірнеше стансасында пойыз ауыстырып, қыркүйектің орта шенінде Қызылордаға келген. Қазақ АССР-ының

Халық шаруашылығы Кеңесінің басшылары оған өлке өндірісіне жөн-жоба нұсқайтын бас маман мәнсабын ұсынады. Жас маман одан үзілді-кесілді бас тартады. Айтқан желеуі — өз кәсібін игеру!... Таңдауы — Ұлытау жонында өндіріс ашқан Атбасар түсті металдар тресті. Тек қолайсыз жәйт: трестің басқармасы — Мәскеуде, Бүкілодақтық Халық шаруашылығы кеңесінің (ВСНХ СССР) Главметалл қарауында; демек, Қаныш Имантайұлына сол күзде-ақ Одақ астанасына баруға тура келген.

Атбасар түсті металдар тресті Еңбек және Қорғаныс Кеңесінің (СТО СССР) 1925 жылдың 10 маусым күнгі қарарымен ұйымдасқан. Қарауында екі өндіріс бар: Спас комбинаты, оған Қарағанды көмір кендері мен Өспен (Нілді) мыс кеніші, Спас (Көкөзек және Ақбұйрат) мыс қорыту зауыты қарайды; екіншісі — Қарсақбай мыс қорыту зауыты мен Байқоңыр көмір кені, Жезқазған мыс руднигі және Қорғасын кеніші берілген. Осы күнгі ресми шекарамен шамалағанда, бұл — Қарағанды облысының жармысына жуық жерін, оған қоса Ақтөбе мен Ақмола облыстарындағы бір шетімен бір шеті мың шақырым орасан зор кең алқап.

Атбасцветмет басқармасы жас маманды қуана қарсы алады. Қуанбасқа! Шет елден шақырылған, кеудесі кере құлаш "спец" емес, білім-тәжірибесін бұлдағыш ескі кадр де емес, социалистік Отанның өз мектебінен тәлім алған жас түлек және жергілікті жағдаймен етене таныс, сол ұлттың өзінен шыққан инженер. Бірден-ақ трестің бас геологы, әрі басқарма мүшелігіне кандидат етіп тағайындады.

Тек тұрғын үй жайы шешілген жоқ. Оның себебін Қаныш Имантайұлының Томда қалған Таисия Алексеевнаға 26 қарашада жолдаған хатынан білеміз: *"Мәскеуден пәтералу — ерекше қиын мәселе. Мен сияқты келімсектер бір бөлмеге зар болып жылдар бойы күтеді білем..."* Бас басқарма бірақ жас маманға жағдай жасауға уағда етті, сол үшін қомақты қаражат босатты. Соған тек қолайлы үй табылса? Үй тиісімен Таисия да астанаға келмек. Мәскеуде көп аялдамаған. Таисияны қаңтардың бірі мен он бесі аралығында Қызылордада кездесуге шақырып хат жолдайды да, жолға шығады.

КСРО Халық шаруашылығының Орталық архивінде сақтаулы Атбасар трестінің материалдары Жезқазғанның сол күндегі сырт өмірмен қатынасы туралы бүкілсіз сыр шертеді: *"... Жол атымен жоқ. Ең сенімді көлік — түйе, ол болса жергілікті түземдік халықтың рақымына байланысты, — деп шағым еткен трест басқармасы Еңбек және Қорғаныс Ке-*

несіне жолдаған 1926 жылғы ресми мәлімдемесінде. — Біздің есебіміз бойынша жергілікті қазақтарда бір мың арба, мың жарымдай түйе бар. Соның қақ жартысын өндіріс қажетіне жеге алсақ, тасымал қиыншылығын шештік деуге болады. Бірақ бұған сенімі шамалы. Себебі жергілікті тұрғындар зауытқа кіре тартудан гөрі зорман аулап, тері-терсек жинау агентімен сыбайлас болғанды тиімдірек санайды".

Мәскеуден пойызбен шыққан трест мамандары бес тәуліктен соң, Орынбор-Ташкент жолының Жосалы стансасына келіп түседі. Жосалы мен Қарсақбайдың арасы 430 шақырым, салынып жатқан мыс зауытына ең ұрымтал темір жол стансасы осы болғандықтан да, Атбасар тресті оны аралық база ретінде пайдаланған. Комбинаттың барлық жүгі, жұмыскері, келімді-кетімді кісілері де осы жерден аттанады.

Бұлар келген мезгіл Жосалы стансасының жәрмеңке базарындай жүргіншіге толы, ығы-жығы кезі. Зауыт құрылысының қызған шағы. Жүктер де қауырт келе бастаған. Қылышын сүйреткен қыс қыспағына ілкірмей, ауа райы ашық, жол барда келген жүкгі жеткізіп алу — комбинаттың тасымал бөлімінің басты міндетіне айналған, сол үшін күн сайын бір керуен жасақтап, қарбалас әрекетте болатын. Станса мен зауыт аралығына ертеде салынған 18 бекет қайта түзеліп, барлығында көлікке жем, кірешілер үшін азық өзірлеген. Сөйтіп, Жосалыдан бергі қара жол ерсілі-қарсылы шұбырған түйелі керуендерге толған: бірі келе жатса, екіншісі түстікке қарай кетіп бара жатады; бір-біріне жол беріп бөгемеуі үшін жол да екеу — домбыра ішегіндей жарыстыра тартылған...

Жосалыдан шыққан керуен Қарсақбайға, әдетте жетінші қонақта өрең ілнетін. Жеті күн ұдайы жолаушының көрері: сұрықсыз қуаң дала, біріне-бірі қосылып жатқан жатаған жоталар тізбегі; таң ата бірінен аттанғанда, екіншісіне күн бата зарығып жететін жалғыз үйлі, қорасы жапырайған жүдеу бекеттер... Кей уақ тарғыл дөңдер үстінен, көз ұшынан босып бара жатқан киіктер тобы ұшырайды. Бірақ олар да арбалары шиқылдап, көліктері боздаған мазасыз керуен жолынан жырағырақ қияндарға босып бара жатқан сықылды. Ұзақты күн күйдіргі аңызға қақталып, жол шеккен бейнетқор жолаушы ауыз суға да жарымайды. Жолшыбайғы құдықтардың суы түз қосып қойғандай ащы. Сол себепті байырғы кірешілер жолға азық қана емес, ішерлік суын да ала жүріп, құдықтардан көліктерін ғана суғаратын.

Жезқазған өңіріне сапарларымыздың (1967-1971 жж.) бірінде біз Ұлытау елді мекенінен ДАЛАБАЕВ Шенеу ақса-

қалды жолықтырып, бір кеш өңгімелескенбіз: "Қанышты мен Жосалыда, кіре қағазын алайын деп кеңсеге барғанда көрдім. Бейтаныс қазақ жігіті сыпайы амандасты да, керуеніме сұранды. Тегін адам емесін киім үлгісінен танып тұрмын. Сөйтсе де қазақтың қазымырлығына салып: "Біздің жақтан не жоғалтып жүрсің, шырақ?" — деп тиісе тіл қаттым. "Жұмыс бабымен, отағасы. Мәскеуден келеміз". "Неше айға?" "Сірә, біржолға. Жолсерікке аласыз ба?" — деп жымиды тағы да. "Аламын, тек орта жолдан қашып кетпесең. Ондай серілерден де құр емеспіз, құдайға шүкір. Маманбыз деп оқалы қалпақтарын шекесіне тап өзіндей қисайта киіп, кісіміп келе жатады... Сонсоң бір күні іздесең — өзі түгілі, ізін де таппай қаласың. Біреуінің қалпағы біздің үйде былтырдан жатыр..."

Шабан атандардың мезі изецінен зерігіп, жол бейнетін кешкен жолаушы төзімі әбден жұқарып, көңілі құлазыған аптаның соңында көз ұшынан Қарсақбай зауытының мұржасын көреді. Бірер сағат изеңге шыдасаң — Соцгородок аталған жұмысшылар қалашығына жетесің. Қалашықты қақ жарып өтетін даңғыл керуен келетін жолмен ұласып жатқандықтан Жосалы көшесі аталған, керуен сарайы да соның шыға беріс аузында.

Алтыншы тәуліктің соңында Атбасар трестінің мамандары зауыт алаңына жетіпті.

III

Тап сол қарсаңда Қарсақбай зауытының айналасы кешелі-бүгін көшіп келген ауылға ұқсайтын. Ауыл болғанда — он шақты үй емес, кем дегенде екі-үш мың түтіннен құралған, бір болыс ел бірден көтеріліп, соның бәрі Қумоланың тар танабына таласа келіп, жапа-тармағай қоныш жатқан сияқты. Қайда қарсаңда — жыпырлаған киіз үйлер, қостар мен итарқа жаппалар. Қарсақбай байдың ескі қыстауы тұрған қарсы беттен бастап Балбырауын жотасы жақтағы тарғыл дөңге дейін, Жосалыға шығатын қара жол мен өзеннің арғы-бергі жағасы түгелдей сығылыса отырған қалың ел. Ал зауыт тұрғызылып жатқан биік төбенің алды-арты зор құрылыс алаңына айналған...

Цех корпустары бой көтерген қарсаңда Байқоңыр мен Жезқазған аралығына тартылып жатқан тар табанды темір жол да пайдалануға берілмек. Ағылшын мамандары станса үйлерін тұрғызып, жол танабын бастағанымен, рельс төсеп үлгермепті. Бір тәуірі, Қарсақбай төңкеріс комитеті дер кезінде жұмысшы бақылауын қойып, әкелінген рельстерді сақтай

білген. Соны енді тездетіп төсеу керек. Байқоңырдан шарпу пештерін жемдейтін көмір тасылады, ал Жезқазған — кен беретін негізгі шикізат қоймасы. Жезді өзеннің бойынан мыс қорытуға қажет қосымша заттар тасылады. Қарсақбай ашасы¹ солардың бәрін қабылдап, ақыр аяғында қара мысқа айналдыратын өндіріс алаңы. Демек, қай жерде болмасын қыруар өзірлік жүріп жатыр, қайсібірін тыңнан бастау қажет. Соншама жұмысты атқаратын адамдарға тұрғын жай керек. Сол үшін де Қумоланың бергі іргесінен жұмысшы-техниктер тұратын жаңа қалашық — Соцгородок тұрғызылып жатыр. Байқоңыр мен Жезқазғанда негізінен барактар құрылысы етек алған. Тағы бір қызу еңбек жер астында басталыпты. Өйткені кен де, көмір де — жер қойнында, оны үстіне шығару үшін ағылшындардан қалған ескі шахтыларды қалпына келтіріп, қайыра іске қосу керек. Кен тасын бірден Қарсақбайға тасу — тиімсіз жұмыс, оны бос жыныстан арылтып, байыту қажет. Бұл үшін Жезқазғанда байыту фабрикасын салу міндет...

Осынау сан салалы, әр жерде төбе көрсеткен алуан жұмыстарға үш мыңдай жұмыскер қамтылған. Олардың дені — Атбасар, Қазалы, Қызылорда сияқты Ұлытаумен шектес атыраптағы елді мекендерден келген дала қазақтары. Маңайдағы найман, қыпшақ ауылдарынан ежелгі ата кәсібін тәркі етіп, ұлы дүрмекке елігіп келген жігіттер де аз емес. Көпшілігі ағалы-інілі, әкелі-балалы болып, үй-шімінен көтеріле келіпті. Сауын малын, ешкілеріне дейін айдай көшіп, Қумоланың әр жерде үзілген суын жағалай қоныстап отырғандар да осылар. Бұлардың дені қол күшін ғана емес, түйе, арбаларын да қоса жадап, бейнеті зор кіре тарту жұмысын көтермеге алған.

— Жергілікті халықтың бұл құрылысқа деген ықыласында шек жоқ. Жалаңаш қолмен тау қопарып, тас қашап жатырмыз. Ағылшын кезінде бұлай емес-ті... Ілгері басқан аяғы кері кетіп жүрдім-бардым істейтін, шетінен қырсық еді. Бүгінде солар адам танығысыз өзгерген. Қараңғы деуге бола ма осы жұртты, айтыңызшы? Көкірегі ояу, жарқын көңілді, жомарт халық! Шетінен еңбекқор, көрдіңіз бе, бап-күй талғамай құлшына кірісіп жатқанын, — деп сүйсініс білдірген-ді комбинат директоры Иван Васильевич Деев.

Ұлытауға Деев орталық қалалар мен Сібір түрмелерінің дәм-тұзын біраз уақыт татқан соң, бас-еркінен айырылып, жер аударылып, 1913 жылы келген-ді. Ояз әкімшілігі оны Байқоңыр кәсіпшілігіне фельдшер етіп тағайындады. Қызыл Преснядағы (Мәскеу) 1905 жылғы көше шайқасында шыңдал-

¹Осы жердің ескі атауы.

ған большевик, өрине мұнда да жайдан-жай жүрмейді. шахтерлердің астыртын ұйымға одақтасып, саяси күрес бастауына ұйтқы болады. Қазақ тілін үйреніп, бұқара халықтың мұң-мұқтажына қайырымды болып, әсіресе ауырып-сырқандарын ақысыз емдеуі оны "Перишл Иван" атандырып, жергілікті тұрғындарға жақындата түскен. Иван Васильевич жайында Қаныш Имантайұлы трест кеңсесінде әрқилы қауесет естіген: "Зауыт құрылысын айттып болмас қиыншылықпен бастадық. Шөл дала, ең қиыны — жол қатынасы, бір жәшік шегенің өзін төрт жүз отыз шақырым жерден түйемен жеткізу керек. Қайда барсаң да — қаңыраған ескі жұрт, бұлінген шахты, қаулап тұрған цехтар... Ал соны тез жоңден, мыс береді деп күтп отырған сенімді кісіміз — кешегі фольдшер..." "Бұл қалай, техникалық сауаты мығым басқа кадр болмаған ба?" деп ол таңданыс білдіргенде, Деевті менсінбей мұрнын шүйірген трест инженерлері бұл сұрақтың жауабын Қазақ өлкесінің басшыларынан сұрауға кеңес берген.

Міне, енді өз көзімен көріп отыр. Иван Васильевич таланты ұйымдастырушы болып шықты. Біржосын тынымсыз адам. Қолымнан мұндай зор іс келмейді деп қамығу жоқ. Жоқтан бар жасап, жалпақ елді құрылысқа жұмылдарын, ертелікеш жүтіріп жүреді. Әсіресе жергілікті тұрғындарды кіре жұмысына тарта білгені — трест басқармасының "жергілікті халықтың рақымына байланысты" деп күні бұрын байбалам салған нақақ жаласын алғашқы айларда-ақ теріске шығарыпты. Ұлытаудың байырғы тұрғындары комбинатты көліктен де, кірешіден де тарықтырған жоқ. Сірә, бұл қалыңда зауыт, шахтыға да жасқандай кірісетін тәрізді...

Қарсақбай мыс зауыты — қазақ даласындағы тұңғыш ірі құрылыс қана емес, бүкіл кеңестік мыс өндірісінің алғашқы қарамғашы еді. Тоңкерістен бұрын салынған Оралдағы Калатин, Қыштым, Баймақ, Қарабаш зауыттары, одан соң Кавказдағы Алаверді, Зангезур мыс өндірістері қайта жүргенімен, халық шаруашылығының қажетін өтей алмады. Анығында солардың бәрі қосылып, керек мыстың жартысын ғана берді. Қалған жармысын үкімет алтынға айырбастап шетелден алуға мәжбүр болып отыр. Осы олқылықты түзеу үшін таяу жыларда тыңнан бірнеше мыс зауыттарын салуға шешім қабылдаған.

Қумола жарғасындағы зор қарбаласты көрген сәтте-ақ Қаныш Имантайұлы бір түрлі асқақ сезімге бөленген: алып өндіріс, оның үлкенді-кішілі цехтары, анау төбе басындағы зәулім мұржа, айдыны жарқыраған су бөгеті, жаңа қалашық-

тың еңселі үйлері... Бөр-бөріні оңінде емес, түсінде көргендей; сахараны ұйқысынан оятып, қала салып, отырықшы ел етпек болған бала күніндегі қиял-арманы бір-ақ күнде жүзге асқандай құдды... Бақса, қиялы мен шындық арасы ұзап кетпеген. Ал өзі сол таңғажайып өзгерістің белсенді қызметшісі, тіпті жанды тетігі!

IV

Қарсақбайға келген бетінде-ақ ол Геологиялық комитеттің мамандарымен бірге трест иелігіндегі кен орындарын аралауға аттанған.

Ол күнде бұл да оп-оңай шаруа емес-ті. Ең ұрымтал тұрған Байқоңыр көмір кені — Жосалы жолында, Қарсақбайдан алпыс шақырым жерде, Жезқазған да соңша жырақта. Қорғасын кені екі жүз шақырым — Ақтөбемен шекарада, ал Нілді кеніне бару үшін қиыр даламен төрт жүз шақырымнан астам жол жүру қажет. Ақбұйрат пен Қарағанды одан да өріде.

КҮЗЕУБАЙ ЖИДЕБАЕВТЫҢ әңгімесінен:

"Жайлаудан қайтқан мезгіл. Қара күз. Сымтас деген жерде қыстауымыз болатын, соның іргесінде отырғанбыз. Құдық басында тұр едім, ауылаға қарай сау жемі келе жатқан бесалты салт атты көрінді. Карта сызып жүрген жемтемір болдың деп шамалап тұрмын. Талайы келіп жөн сұраған, талайы бастап жүріп жол нұсқағам.

— Ассалаумағалейкум!

Бәрекедді! Жемтемірлер қазақшаға судай деп кім ойлаған?! Пормалы борашке киген, сырықтай ұзынтұра жігіт жақындап келіп, атынан түсіп, сәлем берді. Үңіле қарасам — өзіміздің қазақ баласы.

— Жол болсын, инім. Танымасам, айыпқа бұйырма.

— Кен іздеушіміз. Мына кісілер — Ленинградтан келген қонақ мамандар. Өзім Мәскеуден шықтым. Нысым — Қаныш.

— Бәрекедді, Қаныш шырақ. Қазақ баласының да жемтемір болып, өз жерін өлшеуге жеткені — қатарға ілінгені десеңші. Қадамың қайырлы болсын!

— Күзекең отағасы сіз боларсыз?

— Шаруанды айтсаң, Күзеубай да табылып қалар.

— Сарысу бойына жер шольш барамыз, жолбасшы болсаңыз деген тілегіміз бар сізге?...

Ағылшынға жолбасшы болғанда, орыстармен тамыр атанғанда, өзіміздей шыққан азаматқа қызмет көрсетпейтін не көрініпті маған. Қуана келістім де:

— Серіктеріңді үйге шақыр. Сусын ішсін, — дедім...

Сол күннен былай Қаныш екеуміз ағайынды кісідей дос болып кеттік. Бұл өңірде табанымыз тимеген тау-тас, ат суармаған бұлақ бар дейсің бе, е, ол да бүгін естен кетпес өткенге айналды... Тобылғылы, Айбат, Миқайнар, Шалқия, Қаражаға дейін, бір шеті Манақа, Қызылтас, Қызылжарды сол сапарда, енді біразын келесі жылдарда шарладық. Қанекен атқа шыдамды. Қасындағы серіктері ұзақ жүріске төзе алмай, Жезқазғанға қайтып кеткенде, сыр берген жоқ сабаз. Ақыр аяғында екеу болып араладық. Екі кісі әденеше күн кең даланы кезгенде айтылмайтын сыр қала ма? Менің айтатыным – ел әңгімесі, оқымысты серігімнің сөзі – жер мен дүние әңгімесі. Осылайша сырласумен күн ұзартып, түн қата жүріп, талай жерді сүздік. "Осы күнгінің саққұлақ тыңшысы – гиолог дер еді Қаныш. Онысы рас. Бұлақ, өзенге кезіксе, аттан түсіп, су жағасын жаяу шарлап, кейде алақанымен күм сүзіп, сағаттар бойы қараудан жалықпайтын. Тауға шықса, балғасын тықылдатып тас қашаумен болады.. Тама еліндегі Жамантауға барғанда айтқанын қалай ұмытарсың! "Күзеке, бұған да соға жүрелік. Жаман тау ма, әлде жақсы тау ма екен, білгеніміз жөн ғой" – деп әдейі бұрылып, бір күн қона жатып, асықпай көріп шыққан соң: "Біздің халық жер атауға шебер, тегінде. Мына тау рас жаман болды. Не үстінде, не астында қазына жоқ, ит байласа тұрғысыз, жел қыдырған панасыз жер екен" дегенін қалай ұмытасың?!.. Мен сонда естілердің бір сөзін есіме алып: "Күлтөбеге қазына көмдім, қымбаты үстінде, арзаны астында" деген екен бұрынғылар. Қаныш шырақ, сен осы қолыңдағыны қомсынып, жерде жоққа қызығып жүрмегейсің. Асыл кен шығып жатқан Жезқазғанды қарамай, қу медіен мына даладан не іздейсің, нендей үміт күтпексің?" дегенімде, айтқыш еді-ау, сабаз, қолма-қол термелеп: "Таза, мінсіз, асыл тас сутүбінде жатады, өлмейтұғын асыл сөз ой түбінде жатады. Су түбінде жатқан тас жел толқытса шығады, ой түбінде жатқан сөз шер толқытса шығады" деп, Бұхар жырау атамыз тектен-тек айтпаған болар, бұл даланың біз білмейтін асылы іздемесе көріне ме?" деп, сөзден тосып еді мені.

Алғашқы сапарда екеуміз, ұмытпасам, толық бір ай, қар бекінгенше ат үстінде болдық..."

Қаныш Имантайұлының жер шолған саяхатында қасында болғандар одақтық Геол-комның мамандары болатын. Ұлытау жонында олар 1924 жылдан беріде барлау жүргізіп келе жатқанды. Жетекшісі – Иван Степанович Яговкин. Ол кісі жайында Қаныш Имантайұлы Мәскеуде бірталай жақсы лебіз естіген. Бесшоқыда бұрнағы жылы өзі геология-лық тәжірибе-тағылым алғанда, Михаил Петрович Русаков та оның есімін құрметпен

атап, Сарыарқа қиырын қажымай аралап, әденеше кен орындарын ашқан аса жолды іздеп-паз геолог деген-ді...

Иван Степанович пен Қаныш Имантайұлы Жезқазғанда кездеседі. Айтулы кісі тәрізді, жас геологты бірден бауырына тартып, жылы шыраймен қуана қарсы алды.

— Хош келіпсіз, әріптес! Қазақ даласы жер-суы, табиғатымен етене таныс өзіңіздей тума маманды күткелі қашан. Біздікі не? Көктемді шығара келіп, күзде қайта кетеміз. Тура-сын айтқанда, жыл құсындай қонақ халықпыз, — деп ілтипат білдіре сөйлеген Яговкин, іле жұмыс жайын баяндады. — Ағылшындар бұл өңірді он жыл шұқылапты, тапқаны мәз емес. 235 ұңғыма бұрғылаған, сірә, жарымаған-ау деймін, тереңге аса бойламапты. Біздің адамдар екі-үш жылда біраз жерді түртпектеп көрді... Жоғарғы белдемде шұқанақ қабаттар бар. Бірақ көңіл толарлық көмбеге жолықпадық... Мына салынып жатқан зауытсымақты жиырма-отыз жыл жемдеуге жетіп жатыр, соны да тек ұқсатып ала алсақ?...

— Неге? Шахтылар қалпына келтіріліп, байыту фабрикасы іске қосылса — алу қиын бола қоймас, — деп қалған еді Қаныш.

— Сіз жас мамансыз, Қаныш Имантаевич, — деді Яговкин кіді үнмен, — аптығы басылмаған, арыны қайтпаған дегендей... Тегінде, бұл өңірден жез түгілі, алтын тапсаң да — оны жер бетіне шығарып, қажетіңе жарату өте қиын, әрі қымбатқа түспек. Өзіңіз ойланыңызшы, ең жақын деген темір жол стансасы төрт жүз отыз шақырым жерде, су мүлдем тапшы, төңірек құлазыған шөл дала, тұрғын халқы түгелдей сауатсыз. Иә, олар көңіліңізге келмесін, ауыр өндірістен ештеңе сезбейді. Бұларға бірдеме сездіру үшін жиырма-отыз жыл қажет... Әлде орталық Ресейден келіп жатқан бірлі-жарым жұмыскерлерге сенеміз бе? Бос әрекет! Мына қу медиен далада олар ұзаса бір-ақ жаз тұрады. Онда да аңдамай келіп қалған соң. Бұл тауқыметті жыл сайын бастан кешіп жүрміз. Жалдап әкелген жұмыскердің екі жаз қатар істеп, келесі жылы қайыра келуі... Жо-жоқ, көрген де, естіген де емеспін. Неге сөйттің деп байғұстарды кінәлауға да болмайды. Қайдан шыдасын, жазы әлей ыстық — аспан айналып жерге түскендей. Қысы ұлыған боран, аязы қытымыр! Көкөніс атымен жоқ, станокке суды түйемен әкелеміз, ауыз суды аты қырдың астынан торсық, сабамен тасимыз. Жарайды, жұмыскер мәселесін шештік дейік. Өндіріске қажет суды қайдан аламыз? Мыс қорытуға қыруар отын керек, қайдан аламыз? Қарағанды көмірін атарсыз. Сонау жеті жүз шақырым қиырдан түйемен тартамыз ба?

— Байқоңыр көмірі ше?

— Байқоңырдың қоңыр көмірі, шырағым, көп дегенде он-ақ жылға жетеді. Әмбе ол көмір деген аты болмаса, боқаты жаныш затынан көп, қызуы төмен, мардымсыз отын. Жоқ, Қаныш Имантаевич! Ағылшын жұрты ақымақ емес, бақырды алтын етуді ертеден білген есепқор халық. Өзіңіз де байқарсыз, олардан қалған геологиялық документация осында бықып жатыр, терең барлауға ағылшын инженерлері әстілі баспаған. Неге? Иә, иә. Үстіңгі қабаттағы тотыққан кеннің құнарлы көмбесін қаймақтай қалқып алып, ойыншық зауытта шала мысқа^{1/} айналдыруға жоба жасаған. Олар мұнда небәрі он екі жыл жұмыс істейміз деп есептеген. Түсіндіңіз бе, баржоғы — он екі-ақ жыл!?

— Жезқазғанға сенбесек, оны қорлы кен орны демесек — жеті миллион сом қаржы жұмсап, Қарсақбай зауытын неліктен қайыра жөндеп жатырмыз? Жол бойы көріп келдім, қаншама жүк тасылып жатыр, құрылыс жұмыстары ірге көтерген!.. Осынша бейнеттің керегі қанша? Даланы мәңгі ұйқысынан оятамыз деп ұран салып жүргеніміз де бос сөз болғаны ғой, — деп кексе әріптесінің сөзін бөлген-ді Қаныш Имантайұлы, имандай сеніп келген кен орынның қадірі көз алдында құлдилап бара жатқанына шыдамай.

— Жассың, шырақ, жассың! — деп салды Яговкин мырс етіп, — Бұл өндірісті негізгі цехтары бұрыннан орнап қалған соң еріксіз салып жатырмыз. Дыбецтің^{2/} есебінше, мұндағы ауыр жабдықты бір жаққа көшіргеннен де кемтігін толтырып, жүргізген тиімді болған. Ал оны неліктен бұрынғы жобасынан үлкейтіп салып жатырмыз, не үшін? Оның жөнін Дыбец жолдастың өзінен сұрағын, шырағым. Ал мен Ұлытаудай қиянға үлкен өндіріс ашуға туу бастан қарсы болғанмын. Бұл — бір. Екіншісі, зауыт тұрғызылып жатыр екен деп мaldанып қалмаңыз, жарқыным. Осы да зауыт па екен? Ойыншық, далбаса көңілдің алданышы! Кеніштермен қатынас — тар табанды темір жол, он тоғызыншы ғасырдың мұрасы. Сырт өмірмен байланыс — түйе, өндіріске пайдаланбақ суымыз — көктемде ұстап қалған қар суы. Үлкен істі бұлай бастамайды. Болашағы зор кенді игеруге бұлай кіріспейді...

Қаныш Имантайұлы әлгібір тәжікеден соң, жасы үлкен, әрі тәжірибелі маманға ештеңе деген жоқ, үнсіз тыңдады.

^{1/}Қара мыстың техникалық атауы.

^{2/}Дыбец С.С. — Атбасар трестінің сол қарсаңдағы басқарма бастығы

Келер күндерде Яговкин жас әріптесіне Геолкомның зерттеу партиясы үш жылдан бері жүргізген барлау нәтижелерімен таныстырды. Одан соң екеуі жолбасшы алып, Жезді өзенінің бойына шыққан, қайтарда Кеңгірдің жағасын шола оралған. Иен даланы емін-еркін аралау, әлденеше күнге созылған ұзақ сұхбат екі геологтың өзара жақындасуына түргкі болды. Жосалыға аттанатын күні геологиялық архивті тапсырып отырып:

— Біраз күн дәмдес болдық. Үлкендік жөнімен бір ақыл айтсам, ренжімейсіз бе, Қаныш Имантаевич? — деп, Яговкин тың өңгіме бастаған.

— О не дегеніңіз, айтыңыз, Иван Степанович.

— Сіздің халықта "Қыран құстың қанаты ұшқанда қатайды" деген нақыл сөз бар екен, жуықта естіп, таң қалдым. Меніңше, ерекше мәнді сөз!... Сізге де тезірек ұшу керек, достым. Иә, иә, қанатыңызды бекем қатайту үшін де биікке самғау керек! Сол үшін де айтамын: Жезқазғанға малданып қалмаңыз, болашағы баянсыз кен. Иә, ащы болса да шындық солай. Сол себепті барлауды бірер жылда аяқтап, басқа бір — қоры мол, сүбелі кенге ауысу керек. Қазақ даласын геологиялық жөнінен өлі күнге дейін аз зерттелген тың өлке деп жүрміз ғой. Бұл рас. Сіздей жас геологқа өзіңізді танытар, бақ сынар қазына аз емес, тек соған салымыңыз болғай!..

— Рақмет ітипатыңызға!

— Жезқазған қыртысы қалай шұқылдасаңыз да еркіңізде. Бұл жаққа мен сірәда қайтып оралмаспын, сізге сол үшін де рақмет ауыр міндетті мойнымнан алғаныңызға!...

Яговкин аттанып кетті. Қалдырған мұрасы — Жезқазғанның кен төбелері Сорқұдық пен Милықұдықты айнала оралған шурф пен жыралар; қағазы сарғайып, шеттері жұлынған ескілі-жаңалы барлау құжаттары. Иә, алдағы жылға жобаланған небәрі бес бет геологиялық нұсқау-кеңес. Иван Степанович ұсынған кеште-ақ Қаныш Имантайұлы оны мұқият оқып шыққан. Оқып қана емес, әр сөзін көкейінде тоқып та алған. Ұққаны: Жезқазған кені — қазақ даласында жиі кездесетін тотыққан кен орындарының бірі; мысы бар, құнарлы, алайда қоры баянсыз — мықтағанда Қарсақбай мыс зауытын отыз жылға шикізатпен қамтамасыз еткендей ғана; сол себепті бұл ауданда колонкалы қымбат бұрғылаумен шұғылдану тиімді емес; кең көлемде және тұрақты жұмыс істейтін барлау қызметін ұйымдастыру да өзін ақтамайтын өтеусіз шығын...

Туған жерінен қазына көмбелерін тауып, ел кәдесіне тезірек жаратуды армандап жүрген геолог жігіт, кексе әріптесінің мейлінше тұжырымдап айтқан, өмбе жазып та қалдырған пайымдауына сенер-сенбесін білмей, екі ұдай күйде қалды.

ІЗДЕНИСТЕ

I

Қаныш Имантайұлы Ұлытаудан аттанғанда жерде қар бар еді. Төңірек түгел мақта төсеп қойғандай аппақ. Аяз сорып қатпаған, боран ұйытқып қаттамаған ұлпа қар. Даланың өрт шалғандай реңсіз сұрқы күрт өзгеріп, жаңа киім кигендей жасаңғыраған келбетке ауысқан. Жаздағы қарбалас — көп жүргіншінің, түйелі керуендердің әрлі-берлі қозғалысы біржола тыйылмаса да едәуір саябырлаған. Барлау жұмыстары тоқтап, Геолком жұмысшылары түгелдей үйлеріне қайтты. Зауыт пен темір жол бойындағы, кеніштер мен Соңгород төңірегіндегі абыр-сабыр жұмыс та жаздағы екпінінен жаңылған: у-шуы азайып, балға-сүймендер салдыры сирек естілетін болды...

Жосалыда ол аялдаған жоқ. Барлау материалдарын, жиған-терген жыныс үлгілерін жүк камерасына өткізді де, күздегі келісім бойынша, Қызылордаға соғып, Таисиямен бірге болып, бірер аптадан соң Мәскеуге аттанып кетті.

Бұл қыста бір ғана іспен беріле шұғылданады: Жезқазған кенішінің ашылу тарихы, ертеңгі тағдыры... Трест кеңсесінде сарыла отырып, алғашқы геологиялық сапары жайында есеп^{1/} жазады; Ленинградтағы Геолком құттыханасынан келе бастаған анализ нәтижелеріне шұқшия үңіліп, Жезқазған кенінің қуат-қорын, мүмкіндігін есептейді; кеңседе үлгірмесе — Қазақстан өкілдігі өреңдегенде тауып берген уақытша жатақтағы екі кісілік аядай бөлмеге ала келіп түнде де істейді; әредік үлкен астананың қазынасы мол кітапхана, ескі архив қорларына кіріп, онда да ұзақты күндер бел жазбай отырады.

— Әрбір кеніштің көптеген жыл жазылатын ғұмыр шежіресі, өзіндік өмірбаяны болады. Тағдырлары осы жерде түйіскен жүздеген адамдар жасайды оны. Қаламмен ғана емес, кейде қанымен де жазады... Жас достар, қандайда бір кенді зерттеуде аттап өтпей, ғұмыр шежіресін өзің жазғандай білу керек, — дер еді профессор Усов.

Ұлытауға тұңғыш сапарында-ақ ол Жезқазғанның арғы-бергі тарихына зер сала үңілген — кен шыққан төбелердегі барлау жырларын аралап жүргенде де, Кеңгір бойындағы

^{1/}Атбасар тресінің геологиялық есептері. КСРО Халық шаруашылығының Орталық архивінде сақтаулы. 8034 ф.

көне қазбаларды, кен үймелерін көрген сәтте де, төңіректегі ерте заман ескерткіштерін тамашалап, ел аузындағы аңыз-әңгімелерге құлақ түргенде де...

Жас зерттеушіні ең алдымен таң қалдырған жұмбақ — кен орнының таңғаларлық аты еді: Алтынқазған, Күмістөбе, Қорғасынды, Темірші, тіпті Жезтөбе де емес, осы заманның геологиялық кеңесі жан-жақты ғылыми талқылап, он ойланып, жүз толғанып шешкендей — Жезқазған деуі (Жез болса — мыс қоспасы, сол себепті қазақтар мыстан жасалған бұйымдарды жез атымен атаған. Мысалы, жез леген, жез самауыр). Демек, "Жезқазған" атауын оған кен көзін ашқан барлаушы геолог емес, халық қойған. Қашан, қай заманда?

— Ұлытау біздің қазақ ұлысының кіндік ортасында тұр. Ілгергі заманда осы жерде ("Күлтөбеде күнде жиын" деген сөз, сірә, содан қалған, біздің пайымдауымызша, ол — Қаракеңгір өзенінің бойындағы Алаша хан мазарына ұрымтал тұрған тақиядай еңселі төбе, Қазақтың игі жақсылары, дана билері осы төбеде бас қосып, ел арасындағы дау-шарға билік айтқан, құрылтай ашып, ақ киізге салып, билеуші хандарын көтерген... — деп сыр шерткен-ді көне көз қарттар Қанышқа ел аралаған сапарында.

Сондай бір басқосу белгісін ол Сарысу бойынан, Таңбалынұра деген жерге тап болғанда көрген: бітімі өзгеше жартастың бұжыр бетіне қазақ руларының түрлі-түрлі таңбалары ойылыпты; сірә, пәтуа сөзін өз елінің төл таңбасымен әйгілеп кетуге келіскен... Кеңгір жағасындағы көне ескерткіштер — Алаша хан, Домбауыл, Жошы мазарлары да жас геологтың көкейінде неше түрлі сұрақ, алуан жұмбақ туғызды. Ал Ұлытаудың арғы баурайындағы Бұланты, Жетіқыз өзендерінің бойындағы тас мүсіндер, тасқа шабылған таңбалар ше?...

"... Егер Әулиеата (қазіргі Тараз қаласы — С.М.) — Қаратау — Жосалы — Қарсақбай аралығын оймен шолсаң, Қазақстанның түстік пен орталық атырабын меридиан бойынша кесіп өткеніме тәнті боласың, — депті Қаныш Имантайұлы Тапсия Алексеевнаға Атбасардан 1927 жылдың 30 тамыз күні жолдаған хатында. — Бұл сапардың мен үшін ерекше маңызды болғанын ескерту қажет. Осынау көз жетпес шалқар қиырдан мен жер бедерінің, топырақтың, өсімдіктің, ауа райының сан мәрте құбылып, сол атырапты мекендеген ел тіршілігінің де ішінара өзгеріп отырғанын аңғардым. Бұл жөнінен әсіресе соңғы сапар маған өте құнды мағлұматтар берді. Қарсақбайдың бір-біріне ұқсамайтын екі түрлі тіршіліктің шекарасында орналасқанына мен осы сапарда біржола тәнті бол-

дым. Оның оңтүстігі — шөл дала мен шексіз құм, ал терістігінде мүлдем өзгеше өмір — шалқар жайылымдар, суы мол, егістікке жарамды жері де мол. Тегінде, күрт өзгерістің шебі Қарсақбайдың терістігінде біршама созылыққырап барып, Жыланды өзенінің аңғарына дейін жетеді. Нақ осы жерде, Алыртау жотасының жоғарғы деңгейінде біз тырбық жусанның бетегелі кедеге ауысып, былайша айтқанда, нағыз дала басталғанын көрдік. Алыртаудың орысша баламасы — “екіге айырылған тау”. Бұл да біздің қазақтардың аңғарымпаз қабілетінен туған атау.

Алыртау Ұлытауға пық тіреп тұр. Ал Ұлытаудың өзі мені маңқирған оқшау кейпімен, алыстан құздып көрінетін ерекше паң биіктерімен таң қалдырды. Ұлытау — біздің Орданың тарихи талбесігі. Аспанға шаншылған биік шыңдары жалаңаш та сұстиған тұрпатымен-ақ шынында да қатпарлы ескі тарихқа кұә, тым көне және сымбаты қайталанбайтын айбарлы һәм ақбас тау екенін әйгілеп, ұлылығына еріксіз мойындатқандай. Меніңше, орыстарға Кремль кашшалықты қасиетті көрінсе, казак жұрты үшін Ұлытау да соншалықты қадірменді. Ұлытаудан өткен соң-ақ арғын тайпасы (Орта жүздегі рулар аға санайтын қауымдастық, мен өзім де соның бір тармағынан өрбимін) мекендеген иен кеңістікке тап болдық... Сірә, Ұлытау ылғал молырақ түсетін алқапқа шекара болса керек... Осы жерден Ұлытауға дейінгі үш жүз шақырымнан астам, ылғал жеткілікті түсетін, егіні мен өсімдігі белуардан келіп бітік өсетін шалқар алқапта біздің қазақтар тұрады...

Жезқазғандағы Кресто-Центральный қазаншұңқыры бұл өлкенің көне тарихының ашылып қалған бір беті тәрізді: кен қабаты мұнда жер бетіне жақын орналасқан; әмбе мысы ағызуда өте қолайлы тотыққан қосылыстардан түзілген... Ескі қазындының жұртына Қаныш Имантайұлы зер сала үңіліп, бірнеше күн әуре болды. Өлшеу де жасады: тереңдігі 6-8, ені 20, ұзындығы 750 метр. Қалдық мыстың құнары да көңілге толымды. Есептеп қараса, алып қазаншұңқырдан ерте заманда ең кемі бір миллион тоннадай кен алынған. Сол жердегі тастанды жыныстар үймесінен ілгеріде түрлі-түрлі қазу құралдары табылыпты. Бәрі де қатты кварциттер мен өте берік тұтқыр тау жыныстарынан жасалған. Демек, ерте заман кеншілері осынау кен көмбесінен мыс тасын қазып, сұрыптап алып, қажет болған жағдайда қыздырып, соңынан сумен шайқап, былайша айтқанда, осы заманғы “кен байығу” амалын жасап, ақырында одан мыс ағызуды жап-жақсы меңгерген. Сол өңдеудің ізін Жезқазғанның ескі кен төбелері

Сорқұдық пен Милықұдық іргесінен, Сарысу бойындағы Сымтас деген жерден тауып, ерекше таң болған-ды.

(Он бес жыл өтеді. Ұлытау атырабының көне тарихын зерттеп, жиған-терген айғақтарын саралап, өз пікірін тұжырымдаған Жезқазған зерттеушісі бұл өңірдің неше ықылым уақыттан талай жұртқа қайырлы қоныс болғандығын мәлімдейді. "Жезқазған өңіріндегі көне дәуір ескерткіштері" атты ғылыми еңбегінде ол былай деп жазбақ: *"Көне мәдениеттің археологиялық ескерткіштерін нақтылы зерттеу, бәлкім, бұл өңірде адамдар тіршілігінің пайда болу, гүлдену мезгілін дәлірек анықтауға себепкер болар. Ал біз бұл мерзімді өзірше адамдар тіршілігінің неолиттен мыс-қола дәуіріне дейінгі (бұдан 2500-3000 жылдар бұрын) аралығы демекпіз"*).

1927 жылдың басында жас маман бұл гәггі білмейді. Бірақ, білуге ынтық. Сол үшін де Мәскеу мен Ленинградтың кітапхана қорларын ақтарып, талай уақытын сарп етеді. Тарихи әдебиеттерге құмарлық ақыр аяғында оны өте-мөте қызық деректерге жолықтырады: сөйтсе, грек тарихшылары Геродот пен Страбон Көк теңіздің терістігі мен шығысында (осы күні сарқыла бастаған Арал теңізінің ерте заманғы аты — С.М.) массагет, сақ халықтары көшіп жүретінін, олардың елі алтын мен мысқа керемет бай екендігін сипаттапты. Олардың қару-жарағы — найзаның ұшы, садақ оғы, айбалта түгелдей мыстан жасалған. Массагеттер мен сақтардың қай халыққа төркін болғаны беймәлім, ғылыми шешілмеген мәселе. Ал, грек шежірешілері сөз етіп отырған теңіздің ар жағындағы жерлер — осы күнгі Қазақстан, нақты айтсақ, Ұлытау-Жезқазған атырабы.

Тынымсыз ізденісте қазақ инженері жолықтырған тарихи деректердің бірі — Мәскеудегі Орталық ғылыми кітапхана қорынан табылған "Капитан Николай Рычковтың киргиз-қайсақ даласына 1771 жылғы саяхатының күнделік жазбалары" атты жолжазба кітабы. Санкт-Петербургтың ғылыми баспасы 1772 жылы жариялаған еңбектен ол мына бір жолдарды көрген сәтте-ақ дәптеріне түртіп алған-ды.

Мамырдың 11 жаңасы, 1771 жыл:

"Бұдан әрі жол... жоғарылай берді де, Ұлы Тау деген биік жотаға көтерілді. Осы таудың шоқтығына шығып, жан-жағына қарасаң — назарыңа талай жер ілінеді, әдемі және әр алуан көрініске тәнті боласың. Таудан асу бізге оңайға түспеді, әсіресе жолшыбайғы неше түрлі тас шөгінділерінен

өту. Ақырында мұны да артқа қалдырып, Ұлы Таудан шығатын Тирсақан (сірә, Терісаққан — С.М.) деген өзеннің жағасына қонаға жеттік.

... Ұлы Таудан бірнеше үлкен өзендер бастау алады: Ұлы Қарағай-Еланшық (тәрізі, Дулығалы Жыланшық, не Үлкен Жыланшық өзендерінің бірі — С.М.). Кеңгір, Сары-Кеңгір, Жезді-Кеңгір, Жезді мен Кеңгір өзендерінің бойында көне халықтар қазған мыс кендері өте көп деседі. Сол жерде өзге кендердің, мысалы, алтын мен күмістің белгілері байқалған. Кеңгір өзендері көп жерді аралап, бір-біріне қосылады да, бір арна түзеп, Сарысуға құяды...

Николай Рычковтың "Күнделік жазбалары" Қанышты жаңа ізденіске құлшындырып, ақырында одан да көне, 1599 жылы, Феодор Иванович патшалық еткен кезде жарық көрген "Книга к большому чертежу" деген ескі кітапқа кез болады. Соның бір бетінде: *"из Улутовой горы протекали три реки одним прозванием Кандерлика. Две из них, соединяясь в одну реку, потекли в Сыр-Дарью, а третья в Сары-Су..."* — депті.

Кандерликтің осы күнгі Кеңгір екені шүбәсіз. Тек неге үшеу? Қара Кеңгір мен Жезді өзара қосылып Сарысуға құятыны анық. Ал, Сырға құлаған өзенді Ұлытаудан көрген де, естіген де кісі жоқ. Ұлытаудың ежелгі "Жібек жолына" ұрымтал тұрғанын ұмытуға болмайды. Оның жез-мысы, кен қорытқан көнігі шеберлерінің даңқы шартарапқа тарап, мыңдаған шақырым қиырлардан жібек бұйымдарын, неше түрлі асыл заттар тартқан жасақты керуендердің бұрылып келіп, мыс құймаларын теңдеп қайтатын береке-құт, шылқыған байлық мекені болуы да ықтимал... Көптеген ғасырлар өтті. Бетпақтан дамылсыз ескен күйдіргі аңызға, біртіндеп қозғалған суыма құм көші бұл өлкенің табиғатын өзгертті. Қуаңшылық жеңді. Өсімдіктер азайып, ну ормандар сиреп, ақыры біржола құрып кетті. Жылма-жылғы ылғал қорынан айырылған өзендер тартыла бастады. Келе-келе арнасына дейін құрып, біржола суалды. Бұл өңірдегі адамдар тіршілігі де өзгерді, керуендер келуі сиреген соң кенші кәсібі де құлдырап мүлдем ұмытылды. Халық жадында ЖЕЗҚАЗҒАН деген аты ғана сақталды. Сол ат ғасырлар керуенімен бірге көшіп, ақыр аяғында қазақ жұртына жеткен, жез қазатын жер атанып шежіреге енді... Ал, "Үлкен сызыққа" енген деректер XVI ғасырдың алғашқы жартысында, Иоан-IV патшаның арнайы жарлығымен жиналған. Олай болса бұдан төрт ғасыр бұрын Ұлытау өңірінің табиғаты басқаша болуы да ықтимал...

Ескі кітаптың терідей қалың беттерін ақтарып отырып Ұлытау атын кезіктіргенде, жер бетінен үшті-күйлі жоғалып кеткен өзендер арнасын оймен қиялдап көз алдына елестеткенде, жас геолог неше алуан сезімге бөленіп, сонау көне замандарға серуендеп қайтқандай әсерге берілер еді. Ойлап қараса, бәрі де қисынды, бәрі де болуға тиіс жәйттер. Тек соны бұлтартпас айғақтар тауын дәлелдей алса? Бәрінен де бұрын тарихы бай, шежірелі өлкенің қайта гүлдеп, нулы, сулы аймаққа айналуын көзі көрсе, соған өзі зерттеу еңбегімен дөңкер болса?!...

Жезқазғанның 60-70 жылдан бергі шежіресі Қанышқа шерлі ертегі сияқты боп көрінді: Ұлытаудың мыс кендерін Алтай кен басқармасына алғаш мәлімдеген Екатеринбургтің 2-гильдиялы көпесі Никон Ушаков екен. Бұл дерек кен округының арнаулы кітабына 1847 жылдың 10 қараша күні тіркеліпті. Үш жылдан соң орыс көпесі кен белгісі байқалған Жезқазған төбелерін Қожас-Ибеске болысының қазақтарынан (сірә, Атбасар дуанына аға сұлтан болатын ағайынды Ерден мен Дүзен Сандыбай балаларының бірі) 400 сом күміс ақшаға сатып алып, біржола иемдеген. Яки 1850 жылдың 11 желтоқсан күні ресми бекіген құжат бойынша, "Джезь-Козгань тауының... бөктеріндегі жалпы аумағы бес мың шаршы қадам төрт төбеге" қожа болып шыққан Никон Ушаков жер бетінде көрініп жатқан, тотыққан кеннің құнарлы бөлігін іріктеп алып, Оралға тасытып, мыс қорытуға кіріседі. Бұл бейнеті көп өнімсіз жұмыс, әмбе сдәуір шығынға түскен. Сол себепті Ушаков компаниясына еншілес болып 1854 жылы Орал алпауыттары Аникий Рязанов, Тит Зотов қосылады. Алайда аттың белі, түйенің қомымен ту қиырдағы Оралға тірнектеп жеткізілген Жезқазған қазынасына заты қомағай көпестердің көңілі көншімеді, турасын айтқанда, тісі батпаған. Сонсоң да "Ушаков және К..." одағы өздеріне тиімдірек Нілді мысын алуды жөн көрді, Қарағандының мол көміріне тақау жерден Ақбұйрат зауытын салып (1864 ж.), азын-аулақ пайданы қанағат етеді. Жезқазғанда олар ешқандай геологиялық барлау жүргізбеген, мысқа құнарлы көрініп жатқан бай жүлгелерді әр жерден шұқылаумен тынған.

Мұның ақыры Лондонда ұйымдасқан "Атбасар мыс кендерінің акционерлік қоғамы" деген кәсіпкерлер компаниясына 260 мың сомға сатумен бітеді. Жезқазғанмен бірге бұл компания Ескөл темір кенін, Ұлытаудағы әк тасы қазаншұңқыры мен Байқоңыр көмірін немденген. Геологиялық архивтегі деректерге қарағанда, бұл сауда 1909 жылы 29 мамырда жүзеге асыпты.

Ағылшын кәсіпкерлері бір нәрсеге көңіл ауса, аспанға құлаш сермеп, омақаса құлағанша тынбайтын аусар да қомағай орыс көпестері емес, тиыннан теңге жасауды әбден меңгерген, жымысқылығы жұрттан асқан мысық қылықты, әмбеазулы арыстандай ерекше сақ жандар. Сондықтан да олар Ұлытау қазынасын жалға алардан бұрын "Сібір синдикаты" деп аталатын кен компаниясының мамандарын жалдап, Жезқазған қыртысында 1904-1905 жылдарда барлау жүргізген. Алғашқы барлауда-ақ синдикат мамандары ерекше құнарлы кен жүлгесіне тап болыпты. Қорытуға жіберілген үлгіден 6-32 пайыз мыс шығады. Ағылшын мамандары кен тасын алысқа тасымай, сол жерде қорыту мүмкіндіктерін зерттеумен де шұғылданады. Геолог Гарвейдің есебінше, бұл — өте тиімді іс. Оның акционерлер алдында жасаған баяндамасы Лондон биржасында едәуір желік туғызады. Американдар сарапшылары Титкомб пен Саймонның, мыс кендерінің атақты маманы инженер-геолог Сидней Боллдың Жезқазғанға сапары — соның салдары. Сірә, олар да құр қол оралмаған тәрізді. Өйткені американдар кәсіпшілері де Атбасар акциясын көптеп сатып ала бастайды...

Шетелдік компанияның Жезқазғанда бұрғылаған 235 ұңғыманың қамтыған ауданы — көп емес, небәрі 90 десятина. Бұрғы жеткен орташа тереңдік — 60 метр. Соның өзінде бірнеше кен өзегі табылған, бәрі де мысқа бай, аса құнарлы жүлгелер. Байқоңыр қыртысына да бұрғы түседі, 54 ұңғыма екі жерден көмір жылғасын қаумалайды.

1912 жылдың желтоқсан айында Лондонда өткен акционерлер жиыны Жезқазған кеніне бейімдеп байыту фабрикасы мен мыс қорыту зауытын салуға шешім қабылдайды. Рас, таңдалған жоба шағын көлемге негізделген: шахтылар да, фабрика мен зауыт та; олар өзара тар табанды темір жолмен жалғасады; пайдаланатын негізгі жұмыскер қолы — "әрі арзан, әрі көп" жергілікті түземдік тұрғындар; барлық барланған кен қоры он екі жылға жетеді-міс; соның өзінде кәсіпкерлер 61 мың тонна қара мыс қорытып, пайдаға шаш етекпен кенелмек... Ағылшын инженерлері зауыт орнайтын жерге, Балбырауын жотасына қарсы беттегі дөңесті. Қумола өзені іргесін күнбатыстан орай ағатын қолатты таңдайды. Жер иесі Қарсақбай — Қожас-Ибеске болысының әлді кісісі екен, ағылшындар ұсынған 14 мың сомға ата қыстауын айналасындағы күзегімен сатуға мәжбүр болады.

1913 жылдың коктемінде Қарсақбайдың ескі қыстауы

тұрған сайдың етегіне 300 жұмысшы келіп (бір жылдан соң 1200 адам болған), Қумола жағасынан кірпіш зауытын тұрғызады. Сол жазда-ақ олар 15 үй, келесі жылы тағы да 20 үй тұрғызады. Зауыт цехтарының іргесі көтеріледі. Жезқазған мен Байқоңырда шахты салынады.

Ағылшын мамандары, тегінде, бір ғана шаруаға ерекше алаң болған. Бұл болса — салмағы ондаған тонна, көлемі де ешбір арба, көлікке тиеуге келмейтін зауыт жабдықтарын, ауыр механизмдерді құрылыс алаңына жеткізу.

Қойшыбай ЫСМАҒҰЛОВ, Байқоңыр кентінің тұрғыны:

"... 1914 жылдың қоңыр күзінде Байқоңырдағы шахты бастығы өңкей қарулы, жас жігіттерді конторға шақырып, Жосалыға жүресіңдер деді. Тез жиналып аттанып кеттік. Қырық ру елден құралған екі жүз жігіт болдық. Жасым сол жылы жиырмаға шыққан, жолдастарым да — "Сен тұр, мен атайын!"... Не керек, қырық жігіт Жосалыдан шыққан қара жолдың алдын тегістеп қыршып отырады. Он екі жігіт ышпалға қағылып, өзара байланған қос рельсті вагоннан түсіріп тұрады. Тағы он екі жігіт оны көтеріп апарып, тегістелген жерге қоямыз. Мен көбіне соңғы он екінші ішінде болдым. Бөркімізді пыққа қойып, "Раи, дуа!" деп іле жөнелгенімізде, сендерге — өтірік, маған — шын, шайқақтағанымызбен құлаған емеспіз. Ағылшын бастық өңкей қарулы, бойлары бірдей жігіттерді рельс көтеруге таңдап қояды.

Осылайша таңнан тұрып, қас қарайғанша істеп, темір жол төсейміз. Барлық рельс төселіп болған соң керуен басы, ағылшын Картоф паровоздарды қыздыруға бұйрық береді. Бес паровоз бірдей будақтап, ышқына айқайлап, соңындағы сансыз көп вагондарды сүйрей жөнелгенде, құдауанда, мұндай күшті кім көрген, жүздеген жігіттің екі-үш ай жер тегістеп, рельс арқалап жүріп азаппен төсеген он үш шақырым жолын екі-ақ сағатта айдап өтеді. Сонсоң керуен-пойыз тоқтайды. Біз болсақ сор бейнетке қайтадан кірісеміз... Не керек, өстіп үш жыл алысып, ащы терімізді шығарған бұл керуенді де ақыр аяғы Қарсақбай ашасына әкелдік... Осы күні немерелеріме "Қарсақбайдың зауытын Қойшы-атаң иығымен көтеріп әкелген" десем сенбейді. Күлкі қылады. Ал шындығында осы сөзімде бір мысқал өтірік бар ма?"

1914 жылдың қараша айының 14 күні Жосалыдан аттанған таңғажайып керуен-пойыз (оның құрамында 278 вагон, 5 паровоз болған. Өндірістің барлық жабдығы, ертеңгі керек-жарақ темірі, тіпті 120 шақырымдық тар табанды жолдың рельстері тиелген құраманың ұзындығы екі жарым шақы-

рымға созылған) 1917 жылдың 8 қазанында ғана Қарсақбайға келеді... Шынтуайтын айтқанда, бұл іс ту бастан күтпеген кедергілерге кезіккен: жабдықтар тиелген көмені немістер теңіз түбіне жөнелтіп, екінші мәрте әзірлеуге мәжбүр болды, демек, жол құрылысын бір жылға тежей тұруға тура келген; "мүлгіген тыныш дала, халқы қойдай жуас" деп жүрген қазақ өлкесінен де күтпеген бөгет кезікті — азықсыз қалған жұмыскерлер аяқ астынан ереуіл жасап, ауылдарына тарап кетсін; амал қанша, оларды жандармдар көмегімен қайтадан жинады; одан соң 1916 жылдың дүрбелеңіне тап болды; ұрымтал тұрған Торғай өңірінде әрекет еткен Әбдіраппар ханның Амангелді мен Кейкі батырлар бастаған сарбаздары керуен-пойызға екі-үш мәрте шабуыл жасап, қаруға жарамды теміртерсегін тонап, жұмыскер жігіттерін де ертіп кеткен...

Алайда соның бәрі алған бетінен қайтуды білмейтін, іскер ағылшындарды тоқтатқан жоқ, жол-жөнекей кезіккен қиыншылықтардың бәрін де жеңіп, зауыт пен шахты жабдықтарын орнатуға кіріскен. Бірақ, түптеп келгенде, со да бос бейнет болды. Милли-ондаған сом қаржы жұмсап, төрт жыл бойы шол дала төсінде салған Қарсақбай өндірісінен олар бір пұт та мыс ағыза алмады. Кенеттен соққан төңкеріс дауылы ағылшын кәсіпкерлерін қазақ даласынан біржола қуып тастады.

Қазіргі міндет — шетелдіктер бастаған құрылысты тездетіп аяқтау. Бұл да оңай емес. Көп жыл бойы бос тұрған соң ішінара істен шыққан бірталай механизмдерді жаңалап, көптеген цехтарды қайта салу керек... Сондықтан да Кеңес өкіметі Қарсақбай мыс қорыту зауытын жүргізуге екі жарым жыл уақыт белгілеп, монтаждау жұмыстарына жеті миллион сом қаржы бөліп отыр.

...

Жезқазған шежіресін ертелі-кеш ақтарып танысқан сайын Қаныш бір жайды таңдана ойлаған-ды. Саралап көрсе, бұл өңірде кімдер болмаған: оның "қисапсыз мол мыс көмбелері" жайында алғаш хабарлаушы Николай Рычков; Орталық Қазақстандағы мыс кендерінің білгірі М.П.Русаков пен А.И.Тиме; немесе Сарыарқа жонында ондаған қазына қоймасына қазық қаққан И.С.Яговкин; Қарағандының "қара алтынын" әлденеше жылдан бері түбегейлі зерттеуімен жұртқа танылған кәнігі инженер (кейіннен профессор) А.А.Гапеев; ағылшын геологтары Уэст, Гарвей, Титкомб және Саймон; кен инженері Нобель, итальяндық геолог Камилло Черути, француз Бауэр, американдық геолог-экономист Сидней Болл... Солардың бәрі де Ұлытауға нақты мақсатпен сапар шеккен.

Кен жүлгесін әр түрлі жағдайда көрген, зерттеген, барлау жүргізген. Бір ғажабы, солардың бірде-бірі "Жезқазғанда мыс жоқ" демейді. Құнарлы кеннің бар екендігін жазады, тек соның көлемі мен қуаты жайында әр түрлі болжамдар айтқан.

Шынында да Жезқазғанның кен тобелеріндегі мыс көмбенің қоры қанша? Қандай тереңдікте? Құнары ше? Әлде ол, Яговкин болжағандай, бар нәлін үстіндегі қабатқа ғана жинаған мардымсыз кен бе? Ағылшын деректері де сайып келгенде соған саяды. Жобалауды олар шағын көлемге жасаған, кең табанды темір жол салу сияқты үлкен де іргелі құрылыстарға баспаған. Құрылыс дейді, бұрғылау ұңғымаларын аса тереңдетпей, бұрғы ұшы кен жылғасына бойлаған кезде дереу тоқтатып отырған. Әлде соған күші жетпеген, әлде әрі қарай тереңдеуді қажет деп білмеген? Бәлкім, мыс көмбенің шын нарқын дабыралап жария етпеуді көздеген? Бұл да қисынды. Кен орнына өз бетімен келген француз инженерлерін жолатпай, барлау деректерін құпияда ұстаған қитұрқысы тегін бе?... Ойланарлық гөп! Сөйтсе де, Геолком мамандары, әсіресе Яговкиндей білгір геолог бұл өңірден неге түңіледі? Қоры мәз емес деп неліктен үзілді-кесілді үкім айтады?.. Геолком партиясының 1924 жылдан бергі зерттеуде бірде-бір ұңғыма бұрғыламауы неліктен? Соны керек болар-ау деп қажетсінбеген де тәрізді...

II

Жұмысқа ден қоя беріліп, архивтерді қазып, геологиялық ізденістің жыңғылына құныға кіргенімен, салт күні, пәгер мәселесінің шешілмей, өзірше құрғақ уәде қалшында келе жатқаны да жас маманның көңілінде әредік қаяу ойлар тудыратын...

Қ.И.СӨТБАЕВ — Т.А.КОШКИНАҒА, Москва, 8.02.1927.
"Сүйікті Тася!

Соңғы хатыңызды алдым. Кеңілімде жабырқау туғызғанын жасырғым келмейді. Өзіңіз жазғандай, соңғы уақыттың, "күту және арқилы шырғалаңдар" Сізді де қажытты, қамығуға дулаш еткенін мен, әрине, түсінемін. Сөйтсе де біз бір жәйтті талассыз мойындауға тиіспіз: өмір — күресу мектебі, оған көрген түстей жеңіл қарауға болмайды; ғұмырымыздың алғашқы кезеңінде осындай жағымсыз "үзілістердің" кездесуі әбден ықтимал. Бұларды мен сөзсіз болуға тиіс "аксиомаларға" балаймын және әлі де кездеседі деп күтемін. Ал Сіз маған "ертекке сенгіш аңғал адамсыз" деп, одан әрі "баяңды болашақтан ешқандай үміт-дәмеңіз жоқ" дегенге саясыз. Бұл

мәлімдемеңіздің мен үшін тың жаңалық екенін мәлімдеуге рұқсат етіңіз. Жаңалық болғанда, Сізге турасын айтайын, жанымды әлем-тапырық еткен. Әңгіме бұған ауса, осы күнге дейін өзара сеніп, әлпештеп те келген "мінез-құлық үйлестігіміз" әншейін сөз болып шыққан. Олар, демек, қарама-қарсы негізде жаралған. Соны сезіну менің көңілімде өте ауыр және жабырқау ойлар туғызды. Сізден бұларды жасырғым келмейді: біріншіден, күзде сіз күтпеген сәтте Оралға кетіп қалдыңыз; қоштасуды да қажетсінбей кете бардыңыз; егер мені шынайы сүйсеңіз — мұныңызды қалай түсінемін?.. Тіршіліктің болмашы сәтсіздігінен шорт үзілетін махаббат берік бола ма? Немесе сіздің сәл нәрсеге шытынай қалатыныңызды ойласам-ақ әрнеге шүбәлана бастаймын. Айталық, маған деген сезіміңізде байыпты мінезден гөрі, қас қағымдық "серпіліс" пен "жарылыстар" соңғы кезде көбірек байқалып жүр. Бұл жәйттерге мен көптен бері ойланудамын, әсіресе күзден бері, ал соңғы хатыңыз сол ойымды сыртқа шығаруға мәжбүр етіп отыр.

Өз ойымды ақырына дейін айтайын, әмбе ешқандай бүкпесіз. Өйткені, біз алдымызға жеңіл мақсат қойып, өзара "өзілдесіп" жүргеміз жоқ. Біз сезім мен мақсаттың өзара үндесіп, үйлескен жағдайында жұмыс істеуге тиіспіз, өйтпейінше болашақта өте қолайсыз реніштерге тап болуымыз кәдік. Сол себепті. Тася, өзіңіздің келешекке деген жоспарларыңызды түгелдей қайыра тексеріп шығуға әлі де мүмкіндігіңіз бар. Оларға "түске енетін ертегілерді" қоспаңыз, өмірден тек қана "әсіре қуаныштар" күту де дұрыс бола қоймас, келешек бір ғана "қара түн" деп те түңілмеңіз. Өмірді қарапайым қалпында қабылдау шарт: айталық, жарқын болашақ үшін күрес деп, бұл жолда "өрлеу" мен "құддилау" да қат-қабат кездесерін, сірә, ұмытпай...

Өзіңізге мынандай сұрау қойып, "Мен онымен бірге жүріп, өмір ұсынар әр түрлі қиыншылық пен шырғалаңдарды бастан кешуге әзірмін бе?" деп ойланып көріңізші. Менің тұлғамды, ойлаймын, Сіз жеткілікті білесіз: мен — қазақпын — жаратылысым да, жаным да қазақы; ой-түсінігім бойынша да қазақпын; алдағы өмірімді тек қана туып-өскен Қазақстанда өткізбекпін; бұл жолда өзіме айға қол созған армандар қойып отырған жоқпын; сондай-ақ сөзсіз кездесер қиыншылықтардан да алабөтен безінгім келмейді; жан тыныштығын да шатшадыман тұрмыстан гөрі рухани күрес жолында өткізгенді жөн көремін; сол үшін тіршіліктің барлық жақсы күйінен бас тартып, Қазақстан қиырында "кезбе" болып, өмір бақи кен іздеуге де әзірмін..."

Қыстайғы ізденіс нәтижесінде жас геолог Жезқазған қыртысына тыңнан бұрғылау жүргізу қажет деген байламға келген-ді. Көкейін тескен көп сұраудың нақты жауабы сонда белгілі болмақ. Қарам-қайшы болжамдар — "бар", "жоқ", "аз" деген долбарлардың жұмбағы да тыңғылықты барлаумен шешіледі. Олай болса?..

Сол қыста-ақ ол Ленинградқа, Геолком басқармасына барған. Ол болса — Кеңес Одағындағы геологиялық барлау жұмыстарын өз қолында ұстап отырған үлкен ұжым. Мамандары да дабыра атағына сай: қарапайым инженер, техниктер ғана емес, қызметінде небір білгір профессор, атакты академиктер бар; сол замандағы геологиялық ғылыми ойдың бірден-бір орталығы да сонда... Сондықтан да Геолкомның пікірі даусыз деп есептелетін. Сәтбаев болса Геологиялық комитетке мәнді өтінішпен келіп отыр. Әмбе қандай? Бұдан үш жыл бұрын осы комитеттің геологиялық кеңесі бекіткен Жезқазғанды барлау жоспарына түзету жасап, қымбатқа түсетін бұрғылау жүргізу үшін. Қандай дәлелмен? Байқап көру үшін. Бетке ұстар беделі?.. Диплом алғанына бір-ақ жыл болған жас маман, ғылыми атағы, ашқан кені де жоқ, геологтар қауымына есімі мәлімсіз бейтаныс қазақстандық... "Жоқ, шырағым, бұл мәселені ең әуелі Иван Степанович Яговкинмен келісіңіз. Орталық Қазақстандағы барлау жұмыстарында оның айтқаны заң!" деген жауап естіді.

— Сөйтін, тереңге үңілгіңіз келеді? — Иван Степанович жас әріптесін жаңа көргендей таңдана қарады. — Ау, қиыр дала жағдайында жер бұрғылаудың қаншалықты зор бейнет екенін білесіз бе? Жезқазғанның мерейін көтеруге құлшынып тұр екенсіз — қарсы тұруға бола ма, көтеріңіз, меселеңізді бір жолға қайтармайын. Оның үстіне трест басқармасы қаражат босатқан соң, шаруам қанша, байқап көріңіз. Бір жазға бұрғылаушылар бригадасымен бір станок беруге қарсы емеспін.

— Иван Степанович, әйтеуір кіріскен соң екі станокпен қатар бастасақ жөн болар еді.

— Жоқ, қымбаттым. Бір станок алғаныңызға тәңір жарылқасын деңіз. Оның өзін де сіз үшін, аптыққан көңіліңізді қимағандықтан. Біле білсеңіз, мұндай мырзалықты Жезқазған тыңында мен өзіме де жасаған емеспін...

Ақыры осыған келісті. Мәскеуден ол бірінші мамыр күні (1927 ж.) пойызбен шықғы. Самарадан өткенін, купенің ысып, оңтүстіктің әсері сезіле бастағанын Таисия Алексеевнаға екінші мамырда жолшыбай жолдаған хатынан білеміз.

Қ.И.СӘТБАЕВ – Т. КОШКИНАҒА, Қарсақбай, 23.05.1927 ж.

"... Қарсақбайға 11 мамырда күндіз келдім. Содан бері осындамын... Құрылыс маусымы едел-жедел басталыпты. Жұмыс қарқыны, әсіресе жан-жақтан құйылып жатқан жұмыскер күші соншама көп, бұлай болады деп ешкім күтпеген. Құрылыс материалдарын жеткізуге ғана күдігіміз бар. Тасымалдау жұмысын жаңдандыруға шаралар жасалып жатыр, бұл жөнінен де тегінде олжасыз емеспіз. Қалайда биылға белгіленген құрылысты толық аяқтауға сенім мол. Шетелден алынбақ жабдықтарға тапсырыс мен Мәскеуде жүрген кезде-ақ берілген-ді. Осының бәрі аздағы тірлігімізге сеніммен қарап, көңілге дег деуге сыйғандай. Қарсақбайдың тағдыры сәтті жолға түсті. Жезқазғанның мыс кеніштері судан құрғатылыпты. Су сорғыштар қойылып, кен қазылатын участоктарды тіреумен бекіту жүріп жатыр. Кен қазу күзде басталады. Күн тәртібіндегі қазіргі мәселе: барлау және флюкстер (технологияға қажет қосымша шикізат – С.М.) табу. Жезқазғанға дейінгі темір жол құрылысы бірінші қазанда аяқталмақ, бірінші пойыз да сол кезде жүреді..."

Геолкомның бұрғылаушылар бригадасы ырғалып-жырғалып ұзақ жиналып, Қарсақбайдан әлденеше мәрте сұрау салып асықтырған жеделхат төпеуден соң, ақыры мамырдың соңғы күндерінде келді. Ағылшындардың жұртында қалған ескі "Крелиустерден" құрап станокты жүргізгенше, тағы бірер апта өтті. Сонан бір күні, шілденің орта кезі еді бұл, трестің бас геологы Сәтбаевтың өзі нұсқаған ескі "Петро" шахтасының оңтүстік қолатынан уақытша жаппа қалқитып алып, жер тесе бастады. Жезқазған қыртысына түскен 236-шы, ал геолог Сәтбаевтың барлаушылық гүмырында тұңғыш рет тұсауын кескен ерекше ұңғыма еді бұл. Нендей олжа түсіреді, әлде бос бейнет болып сенімін құрта ма?

"Әрбір шынайы геологқа бөгде адам түсінбейтін, түсінсе де сенбейтін өзгеше сезік болады. Әлдеқандай бір ішкі түйсік оны осындай шұғыл әрекетке бастап тұрады... Ақыр аяғында соның жетегіне көз жұмып ересіңде, ешкім көрмеген, бұрғы ұшы тимеген кен жүлгесіне болжау айтасың. Қателесуің мүмкін. Бірақ өзіңе сеніп, бірдеме білетіңіңе шүбәланбай тәуекел еткенге не жетсін!" дер еді ұстазы Усов. Жезқазған қойнындағы жасырын көмбеге жас геологтың сенім артқаны рас. Бірақ ағылшындардан қалған картаға көп уақыт шұқшия үңілуден соң, "Петро" қолатындағы құнарлы бай жүлгенің

оң қанатының кенет үзіліп, зым-зия жоғалып кетуіне күдіктеніп, соны бұрғы ұшымен бірнеше жерден тексеру — терең есеп пен ұзақ толғанудан туғаны да көміл шындық.

Үміті алданбағанына көп ұзамай көзі жетті. Ұңғыма отызыншы метрден әріде сұрғылт құмтасқа кезікті. Жезқазған кенінің айрықша ерекшелігі — сұрғылт құмтаста екені даусыз ақиқат. Мұны ағылшын мамандары да, кен қабатын бертінде зерттеген орыс инженері Тиме де: *"Әңгіме құмтастың өне бойына шашыраған мыс құнарының аз-көптігінде ғана"*, — деп атап көрсеткен. 236 — ұңғымадан алынған кен құрамы — біртекті сұрғылт құмайтас. Бетіндегі шашыраған жасыл рең — қалпынша мыс, кәдуілгі халькозин минералы. Демек бұрғы ұшы құнарлы кен қабатына іліккен... Рас, солай деп бекем сеніммен айту үшін кеңді құтыханада мұқият тексеру керек. Химлаборатория болса — Ленинградта. Иә, ұңғыманың нақты құнын айыру қыста шешілмек. Жас геолог бұған да қапа. Бірақ шарасы жоқ. Шамалауынша, керннің құнары ағылшындар зауытқа тасы-мақ болған бай кеннен кем емес.

237-ұңғыма да кен қабатын күткен нүктеде кесіп өтті. Әрі қарай тереңдеп бойлауға геологтың дәті бармады. Қолына өрең тиген жалғыз станокты бірден шыңырау құрдымға салуды қаламаған еді. Сөтімен ілігіп тұрған олжаны аз да болса қанағат етіп, әрі қарай там-тұмдап өсіруді тілеген. Американ маманы Сидней Болл жүз елу метр тереңге дейін бұрғы сүңгітуді жобалапты. Қаныштың көкейінде — бұдан да төменірек белдеулер...

III

Екі бірдей қомақты комбинаттың барлау жұмысын басқару жас геологқа бірталай міндеттер жүктеген-ді. Иә, жұмыс аз емес-ті, әмбе сан алуан, соны жеріне жеткізе атқару үшін тыным көрмей ергелі-кеш жолда болу керек. *"Спас мәселесін тиянақтау үшін 5-10 маусым аралығында Мәскеуге баруға мәжбүрмін,* — деп хабарлайды ол Таисияға Қарсақбайдан 23 мамырда (1927 ж) жазған хатында, — *Одан соң шілденің алғашқы жартысында Спас кәсіпшілігіне жетуім керек..."*

Бір тәуірі, былтырдан бері сөзбұйдаға түсіп келе жатқан пәтер мәселесі сәтті шешілді. Қазақстан астанасының Алматыға ауысуына байланысты Мәскеуде уақытша жұмыс істеп отырған бірнеше мекеме Алатау баурайына көшірілді. Қызылордадан да соған орай өлденеше үй босады...

Осы жәйт, баспана болмағандықтан бір шаңырақ астын-

да бас қоса алмай жүрген екі мұңлыққа көңтеріл дерлік жағдай туғызды: Мәскеудің ту ортасынан, Үлкен Дорогомилловская көшесіндегі 12 үйдің 22 пәтерінен Қанышқа бір бөлме дербес тиді; осы жайында ол 1927 жылдың 19 маусым күнгі хатында Таисияға былай депті: *"Пәтерімді көрдім: мәз емес, лас, сасық иісінде қолқаны атқандай екен, сойтсем, жаз шыққалы терезесі ашылмапты. Әрине, тездетіп терезені алғыздым. Ескі пістен біршама құтылған сияқтымын. Турасын айтқанда, Қызылордадағы бөлмеміз әдекайда тәуір..."*

Сол жылы Таисия Алексеевна да Қызылордаға ауысып, Қазақстан Халық шаруашылығы Кеңесінде (ҚЦСНХ) ашылған Геолком өкілдігінен қызмет алған. Ол болса пәтер болмағандықтан Алматыға көшкен жоқ. Ал Қызылорда — Жосалыға, демек, Қарсақбайға да ұрымтал қала, айында бірнеше рет кездесуге болады. Әмбе Қарсақбай мен Жосалының арасы биыл едәуір "қысқарды". Өйткені мыс комбинаты кеңестік АМО-мен қоса, француздар Сахара шөлінде жүруге бейімдеп жасаған мықты автомобильдердің бірнешеуін сатып алған.

Институт бітіргеннен бері бірін-бірі сирек көріп, сарғайған сағыныштарын, кейде көңілдерін торлайтын өксіктерін хатпен білдіріп, тезірек жолығуға, мауықтары басылғанша қауышуға ынтық жастарға әрбір кездесу — кәдімгідей алданыш, әрі ләззаты мол мерейлі қуаныш:

"Saulem, бекерге қамықпа, өсіресе бір-бірімізден шалғай жүргенімізге, жақын арада тағы да бірге боламыз, тіпті ұзақ уақыт бірге тұратынымызға сенгейсің! — деп қшылады ол 19 маусымда Мәскеуден жолдаған хатында. — Қоштасқан кезде бетіңді жуған ыстық жас осы күнге дейін менің көз алдымда..."

"Жосалыға келген соң сенің қасыңда тағы бір кеш қалмағаныма өкіндім. Ол кештер қандай тамаша еді. Тамашалығыңда шәк жоқ. Қайттеміз енді, әредік емес, әрқашанда бірге болатын күнге де жақындап келе жатқанымыз дәтке қуат. О, ол енді басқаша өмір болмақ! Әлбетте, оны ыстықта қаталап келіп сімірген салқын қымызға, болмаса түскі астан кейін аузыңа түсер дәмді жүзімге теңеу керек. Қаншама қызықтар күтіп тұр бізді! Биімен толқып шыр көбелек айналар кештер де болады!.. Мұның бәрі алда және тек қана екеуіміз үшін. Жұмысты бірге істесек, шіркін, қаңдай тамаша болар еді!.." — деп те қиялдайды кей сәт құйқылжыған жас көңіл (15 тамыз 1927, Жосалы).

Алайда отбасының бақытына кенеліп, бірін-біріне қызыға қарап отыруға мұрша жоқ. Геолог жігітті қоғам алдындағы парыз, әлеумет жүктеген зор міндеттер күтулі. Ұлан-байтақ

қазақ жерінің төрттен біріне жуық атырабындағы барлауға жауапты бас маманның тікелей араласуын талап еткен жұмыстар қаншама.

Қ.И.СӘТБАЕВ – Т.А.КОШКИНАҒА, Мәскеу, ... шілде 1927 ж.

"... Тименің сен сұраған тізбесін өзіммен әкелемін. Біздегі кен орындарын бір жүйеге салып, реттемек болған талабыңа, жаным, табыс тілеймін... Семей және Ақмола губернияларын қамтыған топографиялық сьемканың он шақырымдық өлшеммен түсірілген 18 планшетін, өттең, бары сол болды, жуықта кездейсоқ сатып алдым. Егер жағдайың келсе, мына шаруаларды істеп тастағаның жақсы-ақ болар еді: 1) Қазақстандағы барлық кеніштердің жүйеленген тізбесін жасау (Тименің үлгісі бойынша); 2) оларды он шақырымдық картаға түсіру... Әрине, бұл жұмысты асығыс істеуге болмайды, болашақта озың өте-мөте керек болатын дүние. Бұл үшін ЦСНХ-ның архивіндегі барлық материалдарды сүзіп шығу керек, ал өзге деректерді, оның ішінде баспадан шыққандарын, меңде жинақталғандарын пайдалану – қолдағы шаруа деп есепте".

Қыста да жұмыс аз емес, ден қойып істер болса – бір басына жетіп жатыр. Бірақ жүріс-тұрысқа қолайлы жаз күнінің әрбір сағатын тиімді пайдаланғанға не жетсін!.. Сондықтан да ұзын бойлы, ақ құба, бадырайған үлкен көздері шүңдрейіп кісіге күлімсірей қараған, жақ сүйектері одырайып, ұрты түскен жарау жігітті үнемі жол үстінде көреміз. Мәскеуге қайтып келген еді, келесі айдың жиырмасыншы жаңасында келіншегіне ол *"Шығыстың Әулие қаласы – Әулиеатада отырғанын"* хабарлайды. Қызылордадан Әулиеатаға пойызбен жеткенше оңтүстіктің күйдіргі ыстығынан жапа шегіп, "өліп" қала жаздапты. Тіпті ыстық өтіп мұрттай ұшқан. Бірақ жан бағып жатуға уақыт қайда? Екі-ақ тәулік дем алып (оның бірі жексенбіге тап келген), жүз он шақырым жердегі Сүлеймен-Сай кен орнына жүріп кетеді. "Құдайдың күйіп тұрған күнінде жолға шығуға құлқым аз, бірақ жүрмеске шарам жоқ, ..." – депті хатының аяқ шенінде.

Қазақ геологының сол күндегі тірлік-тынысын аңдап, одан да гөрі заман тауқыметі мойнына артқан ауыр жүкті шама-лау үшін де тағы бір хатын оқып көрелік...

Қ.И.СӘТБАЕВ – Т.А. КОШКИНАҒА, Қарсақбай, 22. 08. 1927 ж.

"...Қарсақбайда бұрынғыша тұрып жатырмын. Шаң-тозаң

мұнда Қызылордадан да сорақы. Қымыз жоқ. Ал әбігершілікті сұрама. Содан да діңкем құрып, қатты шаршаймын... Ертең Байқоңырға жүрмекпін. 24-інде Жезқазғанға барамын, ал одан әрі, тегі, бұл 25-і шамасы болар, Атбасарға аттанбақпын. Тамыздың соңы болмаса, онан беріде үй маңын, сірә, көре алмаспын. Сөйткенмен, көңілге дәт болар аданыштар да жоқ емес: алдымда — ұзақ демалыс, жүрек түбінде — сен, ЖАН-СӘУЛЕМ... Ең бастысы, биыл жаз бойы қыруар жұмыс атқарылды. Қарсақбайда 37, Байқоңырда 10 үй ірге көтерді. Ал сымбаты ғажап: сыңғырап тұр, ішіне кірсең шыққың келмейді. Булар енді өткен қыста бастан кешкен баспана тауқыметін біршама жеңілдетуге тиіс. Бес-алты қазақ отбасының бір бөлмеге үйіліп, яғни зауытта істейтін жұмыскердің әрбіріне 1,2 шаршы метр тұрғын жай келіп, қыс бойы бөшкеге түскен балықтай сығылысып шыққанын көрсең?.. Ал биыл әрбір үйелменге бір-бір бөлме тимек...

Жезқазғанды барлаудың беталысы жаман емес... Алғашқы бес ұңғыманың төртеуі орташа қуаты (қалыңдығы — С.М.) 0,67 метр кен қабаты арқылы өтті... Күзге дейін әлі де бес-алты ұңғыма бұрғыланады. Сонымен, жаңа қолаттан бір миллион пұт мыс қорын қосымша күтіп отырмыз. Көрдің бе, қаншама мол қазынаға ие болғанымызды. Жезқазғандағы барлауға келесі жылы, сірә, ең кемі жүз мың сом сұрайтын шығармыз. Ал флюс мәселесі әзірше қатты қинап тұр: әктасы, пирит те (мыс қорытуға қатысатын шикізат — С.М.) табылар емес...

ЖАНЫМ, сыйт еткен картаң үшін зор рахмет! Күзге дейін бітірмек болған жұмыстарды, өсіресе Қазақстанның алтын кендері жөніндегі өзіңмен келіскен шаруаларды да осылайша сәтті аяқтап шығуыңа тілектеспін".

Сол жазда қазақ геологының назарына тағы бір сүбелі кен орны ілінген. Ықыласы ерекше ауып, шүбәлі жағдаяты көп, даулы Жезқазғаннан да жиірек ойлайтын болды. "Қарсақбайда он күн бойы табан аудармай отырып, Тұрлан кенінің жай-жапсарын талқыладық, — депті Қ.Сәтбаев 15 тамызда Таисия Алексеевнаға жолдаған хатында. — Бұл үшін үш жарым миллион сом қаржы сұрамақпыз. Оның жылдық өнімі жүз елу мың пұт металл, шарпу пешінде қорытамыз. Зауытты бір жылда жүргізуге болады. Тұрлан жайында Тиме де өте жақсы пікірде. ВСНХ үш жарым миллион сомға келіспесе, мейлі, Тұрлан кені Қазақстанның қарамағына біржола көшеді. Тегінде, бұл — келешек мәні орасан үлкен мәселе..."

Ұзақ жасаған көп біле ме, әлде көп жүрген көбірек көре ме? "Жүрген аяққа жөргем ілінеді" деген уәжді өмірден алынған. Қалай да барлаушылық ғұмырының екінші жылын

үнемі жолда, тынымсыз ізденісте өткізген Қаныш Имантайұлы сол жазда бір жерде байыздап отырмай, біресе пойызбен, көбіне машинамен, әредік салт атпен, тіпті өгіз арбамен де бап талғамай жүріп, бейнет тартқан. Бірақ, соған жаны күйзеліп, реніш білдірер әлжуаз — ол емес. Қандай да қиын жағдайға ұшыраса да — соның бәрін күлкілі оқиғаға айналдырып хатқа түсіреді. Көргені де, кешкені де ол үшін — мәнді өзгеріс. Хат әуені де өзгеріп, көңіл үдесі азайып, іскерлік сарынға ауысқан.

Қ.И.СӨТБАЕВ — Т.А. КОШКИНАҒА, Атбасар, 30 тамыз 1927 ж.

"Жезқазғаннан 26 күні шықтық. Жүргізушімізбен алты кісіміз. Жүгіміз ауыр, кузовта бос жер қалған жоқ... Үрдіс жүре алмай ілбіп қана отырдық. Сол себепті алғашқы күні Жезқазғаннан небәрі жүз жиырма шақырым жерде тұрған Ұлытау бөктерінде, далада түнедік. Келесі күні Атбасардан тоқсан шақырым жердегі Артықбай деген елді мекенге қонуға мәжбір болдық. Соңғы күні, Есілден өткенде артқы рессорды үзіп алып, алты сағат несіз далада күнсіп отырдық. Қираған темірді ілекерлеп жамап алып, өгіз аяңмен жылжып келеміз... Ақмолаға аман-есен жете аламыз ба, жоқ, әлде жолшыбай тағы бір жерде шоңқиып отырып қаламыз ба — белгісіз жәйт. Шынтуайтын айтқанда, бұдан да сорақы бейнетке іштей дайынбыз..."

"Сүйікті Тусенька!

Спас зауытына 5/IX күні келгенімді жазғанмын... Таңғы сегізде жолға шықтық. Өспенге дейін 110 шақырым. Жолшыбай үлкен екі өзенді кесіп өтпекпіз. Шерубай-Нұра және Сарысу. Бірінші өткелде-ақ машинамыз өзеннің ортасында тұрып қалды. Оны өгізбен сүйреп шығардық, бес сағат уақытымыз шығын болды. Өспен кенішіне малтығып түнде жеттік. Әрі қарай тыңда: келесі күні бір кісіні әкелу керек болған соң машинаны Спасқа қайта жібергенбіз, қайтып келе жатқанда моторының қырқаяғы сынып, біржола шоңқиып қалыпты. Әрине, қосымша қырқаяқ табылған жоқ, оны өгізбен сүйреткізіп, Спас комбинатына жібердік. Өспенде төрт күн аялдап, ақыры кәдуілгі ырдуан арбамен аттандық. Шаңдақ жолда маң-маң басып баяу қыбырлап келе жатқан, пар өгіз жеккен шаруа фургонын көз алдыңа келтірсең, соның үстінде нық тіресе әрең сиып отырған сегіз кісінің бірі, Тусенька, мен деп біл. Әрине, мәз болғандай жағдай емес, бірақ, ащы шындық осы. Оның үстіне құдайдың күні де аяусыз

шыжғырып тұр. Әредік арбамызды жолға тастап, жолда отырған ауылдарға жаяу барып, сусын сұрап, кепкен таңдайымызды жібітеміз. Осылайша ізендеумен отыз шақырымдай жол жүрдік. Бөрлі мекеніне жақындағанымызда Қарқаралыдан келе жатқан геолог Русаковты кездестірдік. Ақыры, соның машинасымен бүгін таңға жақын Спасқа жеттік. Біздің машинадан енді қайран жоқ. Бұл болса мең үшін нағыз сор болып отыр: осы өңірдегі Алмалы, Қайрақты тәрізді мыс кендерін көре кетпек едім, енді не істерімді білмеймін..."

Қ. И. СӘТБАЕВ – Т. А. КОШКИНАҒА, Спас зауыты, 16. 09. 1927 ж.

"Сүйікті Таисия-жан!

Бүгін түс қайта ауылыма аттанғалы отырмын. Спас комбинаты бойынша жобаланған жұмыстың бәрін көңілдегідей аяқтадық, ал алда — бақандай бір ай демалыс. Мүлдем алаңсыз тынығуға жетпейтін жалғыз ғана кемістік — қасымда Сенің болмайтының. Бұл сөзім әсіре романтикаға ұқсауы мүмкін, ал бірақ, турасын айтсам, сені жиі-жиі есіме алатыным — имандай шыным... Біздің ауыл бұл жерден жүз сексен шақырым. Жолда, сірә, екі тәулік болармын, мықты атпен кетіп барамын. Өзіміздің машина біржола қараң қалды..."

IV

Ай жарымға тақау уақыт елде болып, әлі күнге дейін ата-анасының қолында тұратын бала-шағасымен қауышты. Былтыр туған ер баласы Малыбай қаз тұрып жүре бастапты: жеңгелерінің айтуынша, басы қазандай үлкен, отырған жағына оқыс қисайса, солай қарай құлап қалады екен, сірә, тура өзіндей мұлы болады-мыс; қысқасы, құртақандай кезіндегі кейбір қылықтарын қайталай бастаған; әке-шешесі жыл аяғына таман алтыға толатын Ханисаны иемденіпті де, кішкентай Мәлешті жалғыз жатпа деп Шәрипаның қасында қалдырыпты...

Әкесі биыл сексеннің екеуіне шықты, Нұрым шешесі де сол межеге жақын. Екеуі де көрі қойдың жасындай ақырғы шамаға жеткен, әл-қуаты да жылдан-жылға кеміп барады.

Әне бір жылы Шәрипаны Томға ала кетіп, жеңіл-желпі оқуға түсіріп, әрі қала тұрмысына үйретуге ниет білдіргенде, әке-шешесі қарсылық білдіріп: "Беу, қарағым, өйтсең бізді де қалдырма. Бөкеш пен Мұхтарима балалы-шағалы боп өздерінен аса алмай қалды. Ал бізді жас баладай бағып-күтіп отырған Шырлай келін... Оқуыңды түгескенше бұдан бізді айырма, оған дейін бізде бір жағлы болармыз", — дескен-ді. Содан бері

Қаныш бұл жайында қайыра сөз бастаған емес. Қызметке шыққанымен тұрлаулы тұрағының болмауы, одан да гөрі көңіл-хошының басқа жанға ауғаны қосылып, некелі қосағы Шәрипамен осылайша жылына бірер ай ғана қауышқан жағдайда жүріп жатыр. Таисия мен көңіл қосқанын ауыл-аймағы білмейді. Сірә, соны дәті жетіп, бұл жолы да айтуға зауқы жоқ.

Бөкеш ағасы былтырдан бері ауылдық кеңес төрағалығы міндетінен құтылып, өзінен гөрі белсендірек бір кедей баласына өткізген. Айтуынша, үкімет атынан жиі келетін өкілдердің бабын тауып жұмыс істеу, үнемі ат үстінде шабуылдап жүру қиынға соққан. Қарап отыра ма, "Таң" атаған кәперетіп құрып алған. Шаруаға тиянақты ағасы бұдан титтей де ұтылмапты, қайта ортақ малы күрт кеміп, бұрынғыдан әлдеқайда ортайған қоңыртақы жағдайда екі ауылдағы топты жанды жүдетпей, тоқ қалпында ұстап отыр.

Келген күннің ертеңінде-ақ Бөкеш көкесі ауыл сыртындағы боз дөңге оңаша алып шығып, көңілін алаң еткен жәйттен түсінік сұраған, қырдағы елдің ертеңі түйткілді ахуалынан өзі де аз-маз сыр шерткен. Айтуынша, заман бұзық нышанға көшкен, жұрттың ынсабы азайып, бір-біріне қызғаныш, кек алу, бір күндік есесін қамтып қалу сияқты обыр пиғылмен қарашылар көбейген; ең қиыны, "Қызыл көз" атанған пәлекеттер шығыпты, "Қызыл белсенділер" де солардың жамағайыны; ал олар біреудің тұрмысының тоқшылығын, жақсы ат мінгенін, оңды жерден қыз алғаныңды, тіпті оқуға ілігіп, Кеңес қызметінде көзге түскенінді көре алмайды — аңдып жүріп, мүлт басқан қадамыңды шауып барып, үкімет маңындағы бір шенеунікке жеткізе қояды, ол ол шіркінге керегі сол, тұқым-тұяғыңды өріден қазып, әңкі-тәңкіңді шығарады. Қайда жүрсе де еститіні: "сендер — бай, біз — кедей, заман енді — біздікі!.." Үкімет ниеті бұзық белсендіні не үшін құтыртып қойды?..

— Сен, Қанкежан, одан да маған мынаны айт. — Ағасы кенет тың әңгіме бастады. — Қыр елінің малын жаппай тәркілейді деген не сөз? Лу, қазақтың малын сыпырғаны — жанын алғандай кесепат емес пе? Мына біздің екі ауылдағы жетпіс-сексен жанның қарап отырғаны — қолындағы азынаулақ түліктің сүмесіні, одан айырылсақ — бала-шағаны немен асыраймыз, әлде оларды да қазынаға табыс қыламыз ба? Не білесің бұдан?..

Қаныш шынын айтты. Әлеумет пен саясат ісінен бейхабар екенін, өндірістегі қарекетінің бұған қатысы жоқтығын көлденең тартқан. Ағасын бірақ илаңдыра алмады.

— Сен өзі Айға шығып кеткенсің бе? Әлде біржола аңқау

болып қалғансың ба? Неге білмейсің? — деп реніш білдірген соң, Қарсақбайға қызмет бабымен жуықта келіп қайтқан, түбі Қарқаралының қаракесегі, Қызылордадағы үкіметтің төрағасы, өзімен Павлодар ревкомына төраға болғаннан жете таныс Нығмет Нұрмақовпен бірер сағат оңаша сұхбат құрғанда жадына түйген жәйтті сыздықтап жеткізді: Өлкелік партия комитетінің жауапты хатшысы, Қазақстанды билеуші бәлшебек Голощекин жолдас биылғы бір сөзінде: "Бізге, тегінде, жуық арада Қазан төңкерісін бір мәрте қайталау керек!" — депті-міс; екінші хатшы мәнсабындағы Смағұл Сәдуақасов бастаған қазақ қайраткерлері наразылық білдіріп, әлгі сөзін нақты түсіндіруді қадала сұраған білем; адуын хатшы оған қынбай: "Орыс деревнясында құлаққа нөқта кигізіп жуасытып алдық, ал қазақ байларының мұрты түгілі, бір тал шашы күзелген жоқ. Далада социализм орнатамыз десек, Қазақстанда Кіші Октябрь жасап, байларды тап ретінде жою қажет!" — десе керек...

— Мұның арты неге соғарын құдай біледі, саясат маңындағылардың айтуынша, ірі байлардың малын төркіге салып, кедей-кепшікке үлестіріп береді-міс, бәлкім, қазынаға алуы да кәдік. Қалайда сондай бір қауырт науқан өзірленіп жатқанға ұқсайды... Сіздерге ол науат соқпас деймін, бай атанудан біздің әулет ада болғаны қай заман!.. — деп Қаныш езу тартқан.

— Е, оны құдай білсін, "Өгізге туған күн бұзауға да келеді" демекші, біздің "Қызыл көздер" аман болса, Баянауылдың байларын жүзге жеткізбей үйлерінде, сірә да тыныш жата алмас! Тек сол пәлекеттің бетін аулақ қылсын делік! — Көңілі екі ұдай болған Бөкеш орнынан тұрды. Қыстауға жақындай бергенде інісінің қолынан тартып, — Мына әңгіменді менен басқаға айтпа, "Бөрік астында да бөлтірік бар" дегенді естуің бар шығар? Сенің Мәскеу шығып кеткеніңді қызғанатын ағайын көп, сәлем бере келіп, қолтығыңа кіре көлгірситін жұрттың мадақ сөзіне сенбе, аузыңды бақ, Қанышжан! — деді.

Емін-еркін құс салып сайрандаған былтырғы қамсыз күндері көзінен бұлбұлдай ұшты, саят қайда, алғашқы аптада-ақ өңі түгілі, түсінде күтпеген тосын оқиғаларға тап болып, демалысын әңкі-тәңкі етті. Соның бірі — Семей жақтан "Ұзын құлақ" жеткізген жайсыз хабар: Әбікей Зейінұлы Казпедтехникумның директоры міндетінен босап, абақтыға қамаланған-мыс, сірә, саяси қаралауға ұрынған...

Бөкеш Имантайұлы дереу Баянауылға аттанып, Семейге жеделхатты үсті-үстіне төнеп, бірақ бірде-біріне жауап ала алмаған соң, салт атпен Павлодарға барып, облыс орталығындағы кейбір таныстарымен телефон арқылы сөйлесіп,

оншақты күнде ауылға өрт сөндіргендей болып, қатты түтігіп те, түңіліп те оралды... Айтуынша, өзін де аңдушылар болыпты, сол себепті соңғы күндері жатқан пәтерін ауыстырып, қайтар жолға да іңір қараңғылығында шығуға мәжбүр еткен, өйтпесе өзінің де тұтылып қалуы кәдік екен. Ал Әбекең ісінің беталысы өте қиын, өзі тілдескен танысы да соны аңғартып: "Естерің дұрыс па, Бөке? Шідерті өзенін ежелгі арнасынан қалайша бұрасың?!" — деп жұмбақтап жеку айтып, нақты көмектің жолын тұспалдап көрсетінті. Соған қарағанда асыл азаматтың қол-аяғына темір қақпан мықтап түскен...

Әбекең — Сәтбай қажыға қарасты екі ауылдың бетке ұстары һәм ақылшысы, осы әулеттен білім жолына ілігіп, жұрт қатарына қосылғандардың бәрі де оған қарыздар. Демек, асыл ағаның басына бұл үйірілген ауыр күнде қасында болып, күйзеліп отырған үй-ішіне де көмек беру қажет. Отбасының кеңесінде үлкен-кіші осылай дескен, Қаныш та соны қостаған. Бірақ Бөкеш өзгеше ой білдірді: "Қанкежанға Семейге баруға болмайды, ГПУ-дің пәле іздегіштері мұны келген күні-ақ сандырақ сылтаумен қамауға алады, сонсоң ақталып көр!.. Қанышқа, тегінде, өз беделі жүретін жоғары жақтан әділдік іздеу керек!.. Ал біз ас қамдап, Семейге аттанамыз..."

Ақыры соған келісті. Ауылдағы демалыстың ырың-жырыңы шыққан Қаныш та тез қамданып, сенімді жолбасшы алып, үш атпен жедеғабыл аттанған. Сол бетінде қазанның 28 жұлдызында Омбыға түскен. Сапарының жай-жапсарын Омбының темір жол айлағынан Қызылордада тұрып жатқан Таисия Алексеевнаға жолдаған хатынан білеміз: *"... Демалысым былтырғыдай мазалы болмады, Ә.З.-ның нақақтан істі болуы бастапқы жоспарымды шұғыл өзгертіп, Мәскеуге жедел аттануыма мәжбүр етті. Сірә, Әбекем үшін қажет болса, Қызылордаға да бармақпын... Ол енді Мәскеудің мына мәселені шешуіне байланысты... Баянауылда өзіңнен алты хат алдым. Рақатқа батым, рақмет! Менен қалғысы келмей сұрана берген соң, немере інім, кішкентай Ғалымтайчпкті ертіп алдым, ол енді менімен бірге тұрмақ... Келесі хатты Мәскеуден күт."*

Қ.И. СӘТБАЕВ — Т.А.КОШКИНАҒА, Мәскеу, 10 қазан 1927 ж.

"Қымбаттым менің! Сені көрмегелі үш ай болды, осы үш айды өмірімнен сызып тастауға дайынмын.... Қазіргі көңіл күйімнің құлазыған жайы осындай, Жаным..."

Ә.З.-ның жұмысына қозғау салып жатырмын. ВЦИК-тің жеке адамдарға кешірім беретін комиссиясы бүгін Қызылор-

даға жеделхат жөнелтті. Соған жауап болмаса Қызылордаға бармақпын. Тіпті сол үшін жұмыстан кетсем де орта жолда тоқтамаймын. Өзім жайында, қысты қайда өткізетінім жөнінде, сірә Ә.З. жұмысын бір жайлы етпей, кесіп айту қиын...

R.S.: Сәулем, шақшам босауға айналды. Рақымшылық жасап, бір шиша жақсы насыбайды поштамен жіберсең (Энгельс көшесі жағынан кіргенде 5-ші, әлде 6-шы дүңгешектен аласың), не соны жолаушылардың бірімен, мысалы, біздің Мәскеудегі өкіліміз Төреғожинмен жөнелт, ол кеше ғана Қызылордаға кетті. Оны Исламбек арқылы іздестір".

Көңіл-қошым келмейді деп, жұмысты ақсатудың жөні жоқ, Мәскеуге келісімен-ақ Атбасар трестінің басқармасында өзін күтулі кеңсе қағаздарының нөпіріне тап болды. Солардың көлемі өткен қыстағыдан да көбейе түскен тәрізді. Әлде өзінің тынымсыз қарекеті себеп болып, араласар жұмыс өрісі кенейді ме?.. Еркіне салса солардың бәрін тығыш тастап, жазғы жазбаларын қайыра саралауға отырар еді. Әсіресе жиған-терген материалдарын, тағдыры даулы Жезқазған қойнындағы бұрғылау, барлау нәтижелерін, "Петро" шахтасының төңірегіндегі шағын қолатта жаз бойы 17 ұңғыма бұрғыланды, жалғыз станокпен барлығы 758 метр жер тесілген, бұрғы ұшы жеткен орташа тереңдік — 40 метр. Жыл аяғында Геолком құтыханасынан зарыға күткен деректері де келіп жетті: күткеніндей-ақ мол құнарға кезіккен; есептеп қараса — қуаты көп-көрім жаңа кен өзегіне ие болған. Оған "5-жүлге" деп ат қойып, картаға түсірді.

Бұ да қоңылтақсыған жүдеу күйіне сеп болды. Демек, жаз бойы шыр-пыр етіп дамыл көрмей жүргеніне лайық төлем алды. Енді соны көзір етіп, Геолкомның әсіре білгіштерімен тең деңгейде тілдесуге болады. Сол қуанышқа жыл құсындай алып-ұшып Таисияның келгені қосылды. Бірақ ұзақ жата алмады, бір апта болып, іле қайта кетті.

ҚЫСПАҚТА

I

Ленинградқа келген бетте ең алдымен Яговкинге жолыққан-ды. Өйткені Иван Степановичті бұрынғы пікірінен айнытып, өзіне ниеттес ете алса, ойлап келген шаруасы сәтті шешілетініне шүбәсіз сеніп, кексе әріптесіне үмітпен кірген-ді.

— Оһо, Қаныш Имантаевич, қайда сілтегенсіз?! Бес-он емес, бақандай он бес станок сұрайсыз?! Үш жүз, төрт жүз метр тереңге бұрғылау! Жезқазғанның атағы сонда Одақтағы мыс кендерінің алдыңғы легіне шығады, бәлкім, дүние жүзілік алыптармен теңесіп қалуы да мүмкін?! Қайда, қайда дейсіз? Қандай деңгейге?.. Оһо! — Жас геологтың "Жезқазған кен орнын түбегейлі барлаудың жаңа жобасы" деп атаған түсініктемесіне үңілген сайын, даусы биік таудың бір жықпылынан қызыл түлкі көрген аңшыдай саңқылдай шығып, дабырлай сөйлеген Яговкин, осы сандырақты қағазға күсіріп, есеп-қисап жасап, маған әкеліп отырған шынымен сіз бе, күні кеше Ұлытауда өзіме жолсерік болып, мезі жүрістен сергіте білетін, жабырқауды білмейтін әңгімешіл Сәтбаев па... дегендей, жас әріптесінің бетіне таңырқай қарады.

— Иван Степанович, сіздің адамдар өткен жазда бұрғылаған он жеті ұңғыма түгел дерлік кен қабатын бойлай жүрді. Болмашы барлаумен бір миллион пұттан астам мыс тауып отырмыз. Ал егер жүз он жеті жерден бұрғыласақ ше? — деп Қаныш та кексе әріптесіне состиа қараған. — Тереңнен неге қорқамыз? Оған әуелі жету керек емес пе? Ал жету үшін сіздей білірдің көз жұмған тәуекелі керек! Иә, иә, үстіңгі қабатта бар кен тереңнен де шығады деген...

— Жаным-ау, сіз болжаған тереңге бұрғылау — елу, алпыс, тіпті жүз метрге сүңгу емес қой. Соған қалай жетпекпіз? Бұл үшін сізге арнайы техника, ісмер маман керек!

Яговкин келіспейтін рай танытып, басын шайқады.

— Он шақты станок Жезқазғанның өзінен шығады. Ағылшындардан қалған, олардың кемшіл тетіктерін тек түгендеу керек. Бұларды таяз барлауға саламыз. Ал терең барлауды "Оралгорразведка" конторының мамандарына жасатамыз.

— Он бес станокта қанша адамның жұмыс істейтінін есептеп көріңіз. Кем дегенде жүз қаралы маман бұрғылаушы керек. Оның бәрін қайдан шақырмақсыз? Қаныш Имантаевич, мұныңыз, қияли романтиктердің сағым қуған далбаса үмігі. Сірә, сіз Жюль Вернді бас алмай оқитын шығарсыз? Француздарда сондай бір қияли-елес романдар жа-затын әлей жазушы болған. Мынауыңыз, шырағым, сол жарықтық қиялымен Айға ұшырған адамдарының сөзі, — деп күлді Сарыарқа білгірі.

— Негізгі жұмыс күшін Ұлытаудың өзінен табамыз, — деді Сәтбаев бір түрлі нық сеніммен өктем сөйлеп. — Жергілікті халықтың арасынан... Несі бар, станокта істеуге үйретеміз. Дүз қыранын ертелі-кеш баулып, дегеніне көндірген қазақтың ой

деңгейі шығырдың құлағын айналдыруға жетеді деп білемін...

— Айтып отырғаныңыз мен көрген кірешілер ме? Обалы не, жамандауға қақым жоқ, қайырымды да елгезек, ауыр жұмысқа көнбіс жандар. Сенімді кірешілер, жер танығыш, көлік бабын да біледі! Ну-с, одан арғыға, жо-жоқ, көңіліңізге келмесін, жарамайды. Әлбетте, сушы болып істей алады, иә, сосын, май тасуға, ал станоктың құлағын ұстап, тереңдегі жыныс гәбін бұрғылаушы снарядтың шыр көбелек айналуынан аңдап білуге? Снарядтың белгілеген бағыттан аумауын қадағалап? Тереңнен суырылған керндерді маркілеп, тескен жерін метрлеп өлшеп, оны дәлдеп жазуға? Жо-жоқ, атамаңыз, қымбаттым! Бұл үшін, шырақ, көп-көрім сауат керек, сауаттан бұрын бала күннен қалыптасқан, атадан балаға мұра болып ауысқан тәжірибе, сезімтал көкірек те керек. Жә, мұның бәрін сізге ықтияттап түсіндірудің қажеті қанша?.. Сізді мен, Қаныш Имантаевич, сауатты маман, өзіндік ойы бар, талабы күшті азамат деп білемін. Ал мынауыңыз, кешіріңіз, Айға шауып мерт болған арыстанның әрекетіне ұқсайды. Іштартып жақсы көргендіктен де айтып тұрмын: тым керемет, орындалмас жоспарға жоба әкеліпсіз, қостамаймын. Қарсы болғанмын, әлі де қарсымын. Жезқазғанның нақтылы қоры мұнша шығынды көтермейді. Мықтағанда осы күнге дейінгі мөлiм көлемдi екі-үш есе өсіресіз. Сол үшін әуреге түсудің керегі қанша? Күш-қайратты жаңа алып Тұрланға жұмсау қажет. Былтырғы шұқанақ ізденісте сіз онда әжептәуір қазына барын көрсете алдыңыз. Бірер жыл барлап көріңізші, құдай біледі дейін, он Жезқазғанға тұрарлық кен орнына мәлімдеме жасайсыз!

— Ақылыңызға рақмет, Иван Степанович. Тұрлан жөнінде өзім де сондай ойдамын. Бірақ Жезқазғаннан да түңілгім келмейді. Түңілсем де, не бар, не жоғын адақтап, асты-үстің өбден ақтарып, қарайламайтын болып алаңсыз кетсем деймін...

— Ау, сізді мен сыпайы жан ба деп жүрсем, қыңыр да екенсіз ғой, — деп жымиды Яговкин. — Жарайды, зиялылардың көңіл жықпас шартын ұсынамын: Жезқазған қыртысына екі станок қоямыз, оны да тек қана сіз үшін, меселіңізді қайырмау үшін! Ал Тұрланды не тапсақ та бірігіп іздейміз, азабын да, атағын да бірге бөлісіп... Келістік пе?

— Ғапу етіңіз, соңғы төрелікті сарапшылар айтсын, — болды Қаныштың жауабы.

Геолкомның әрбір жобаға жөн-жосық айтатын сарапшы мамандарының пікірі де осыған сайды. Бірі бірінің аузына түкіргендей бәрі де: "Бүгінгі мүмкіндіктен алшақ кеткен",

"Бұлтқа қонақтап, айға құлаш сермеген", "Өзін ақтамайтын жолсыз шығын", — десіп үзілді-кесілді қарсы шықты. Сәтбаев сөйтсе де Геолкомның бас маманы, профессор В.К.Котульскийдің пікірін кутпек болды. Өйткені Қарсақбай комбинатының шикізат қорын қайыра тексеріп, зауыт қуатын екі есе арттыруға жоба жасауға тығыз тапсырма алған Гипрозем институты Атбасар трестінің геология бөлімі дайындаған деректерді Котульскийдің сарабына жолдаған-ды. Ал ол қазақ даласын бес саусағындай білетін кәнігі геолог. Әсіресе Ертіс өңірін. Соңғы жиырма жылда В.К.Котульский бұл регионды жүйелі зерттеп, оның жер астындағы қисапсыз мол байлығына зор болжам жасаған. Бұл өңірдің "Россияның Калифорниясы" деген бұрынғы дабыра атағына түбегейлі өзгерту енгізіп, "Кенді Алтай" атандырған ғұлама. Сондықтан да шығар, Қаныш Имантайұлы геология білгірінің қазақ даласының екінші өлкесіне де сенім артып, тұсауын кесер әділ төрелік айтады деген үміттен құр алақан емес-ті. Владимир Клементьевичтің беделіне, біліміне, білгірлігіне сенгені сонша!

Амал қанша, профессор Котульскийдің пікірі үмітін біржола кеспесе де мүдделі ісін маңдытқандай оңды болмады. Әділдіктен аумас үшін жас маманның игі талабына айтылған кесікті қаз қалпында келтіреміз: *"Что касается вопроса о возможных запасах Дзержказгана, то они, по-видимому, в лучшем случае, могут превысить вдвое известные сейчас... запасы металла..."*^{1/}

Жезқазған мыс кенінің дүние жүзіне мәлім бертіңгі атақдақпыртын білетін бүгінгі оқырман біз асқан білгір деп отырған, шынында да аса ірі мамандардың білім-танымына шүбә келтіріп, бәлкім миығынан күле қарап, бас шайқауы ғажап емес. Шын-ау, не себепті олар қателесті? Әмбе кісі күлерлік теріс-қағыс болжам айтуының сыры неде?

Сөйтсек, бар гәп өзара бәсеке геологиялық екі мектептің бір-бірінің табысына қызғанышпен қарап, ашқан жаңалықтарын елемей, тіпті жоққа шығаруға тырысқан күйкі де ұсақ пиғылдарында екен... Біз сөз етіп отырған ғалым-геологтардың екеуі де (И.С.Яговкин 40-жылдарда Свердлов (қазірде Екатеринбург) қаласындағы тау-кен институтында профессор болған, сол өңірде өз мектебін түзеген ғұлама) Санкт-Петербург геология мектебінің түлектері. Көптеген білгір ғалымдар шыққан ұлағатты бұл ұя сол қарсаңда Ресей мен Еуропа

^{1/}Қ.И. Сәтбаев. Таңдамалы еңбектері. 1-том, А., "Ғылым", 1967.

көлеміндегі ең озық ғылыми мектеп саналған. Осы жәйт, сірә, мектеп түлектерінің кейбірінің көкейінде "Менің айтқаным — басқалар үшін бұлжымас заң!" деген мадақ туғызған...

Қазақ қауымына да есімі жақсы таныс орыс жазушысы А.Бек 1934 жылы жария еткен "Курако" атты деректі хикаятында профессор Котульскийдің байырғы әріптесі, академик М.А. Усов туралы: *"Мальчишка из бакалейной лавки, а не профессор геологии"* деп әжуа еткенін қынжыла қайталап, өз ойын былайша түйеді: *"Когда образовался Сибгеолком, петербургские геологи боролись против этого. Котульский пришел в ярость. Он отказался подчиняться "соплякам" и не подавал руки..."*.

Сондықтан да Сібір геологтары мектебінің түлегі, әмбе профессор Усовтың сүйікті шәкірті һәм кешегі көшпелі де қараңғы халықтың ортасынан шыққан, Владимир Клементьевичтің ойынша, "Қарапайым инженер, дилетант, соған қарамастан ерекше өркөкірек" қазақтың Геолкомның айтулы мамандарының Жезқазған жөнінде бұрыннан қалыптасқан тұжырымына қарсы шығып, кен орнын түбегейлі түрде, әрі тереңге барламақ жобасына немқұрайды қарағаны түсінікті...

Ақыры солай болды: К.И. Сәтбаевтың жобасы техникалық кеңесте құлап шықты; Яговкиннің ұсынысымен екі станокпен шолғын барлау жасауға рұқсат етілді... *"Ленинградтан 16 қаңтарда қайттым, мәселенің жай-жапсарын кездескенде айттармын, қазір соны тәптіштеп жазуға құлқым жоқ, тым ұзақ та күйкі әңгіме... —* деггі Қаныш Имантайұлы Таисияға жұлдыздың 17 жаңасында жолдаған қысқа хатын. — *Сірә, 22-күні, яки алдағы жексенбіде сендерге қарай шығып қалармын..."*

Жаңа астанада бірақ, өзі жобалағандай, екі-үш апта емес, ай жарымдай уақыт болды: уәде еткен көзтаныстары ағасының ісіне араласуды сөзбұдайға салып, Әбікей Зейінұлының Қазақ АКСР Орталық Атқару комитетіне түрмеден жолдаған арызын қарауды кешеуілдеткен; ақыры іс оңға басты. Біржолда ағармаса да, сот кескен үш жылға кешірім жасалды. Оның жөн-жосығын Қаныш Имантайұлының 18-наурызда Таисия Алексеевнаға Мәскеуден жазған ұзақ хатынан білеміз:

"16-күні түнде келдім... Ғалымтай мені аса жоқтамаған сияқты, хал-күйі жақсы. Хатың мен сыйлық тақияңды бердім. Қатты қуанды. Бірнеше мәрте киіп, айпаға қарап, біраз қоқиланып жүрді де: "кірлетпей тығып қояйын, өзі келгенде ғана киемін" деп сандыққа салып қойды. Кешке таман Досов, Файзолла мен Әзімбай келіп, түннің бір уағына дейін оты-

рып, сәтті аяқталған сапарымды жудық... Келесі күні жайырақ тұрып, трестке бардым. Жұмыстың беталысы бұрынғыдай. Бірақ көңіл-хошым қайта бұзылды: барлаудың қаржысын кесіп тастапты, 4.300 мың сомның орнына 3.500 мың ғана бермек; егер қосымша ақша таппасақ, төртінші тоқсанда жерге қарап қаламыз... Шетелден келмек зауыт жабдықтары түгелдей Жосалы стансасына жеткізіліпті, бұған да тәубә. Тұрланға қажет жабдықтарға шетелге тапсырыс жасалған... Елден бір құшақ хат алдым, ауыл-аймақ дін аман, күйлі де көрінеді. Райханнан (Ә.З.-ның қызы — С.М.) қуанышқа толы жеделхат алдым, демек, Әбекеңді үйіне босатқан..."

Әрине, жазғы барлау маусымы жақындап қалғандықтан жас геологтың ынта-жігері соның жолында болған.

Қ.И.СӘТБАЕВ — Т.А.КОШКИНАҒА, Мәскеу, 22. 03. 1928 ж.

"...Тұрланның барлауы әзірше беймәлім. Геолком барлау мен бұрғылауға бір-ақ келісім-шарт жасағылары келеді, ал трест екі түрлі шартқа отыруды қалайды. Нәтиже мен шығын мөлшері екеуінде де бірдей. Тіпменің айтуынша, бұлда бір-біріне есе беріп илікпеуден туып отыр... Ал оның өзі Тұрланның барлауын "Оралгорконтораға" беруді жөн көреді. Бүгін сол жаққа жеделхат жөнелттік. Оңды жауап болмаса, Геолкомның қырсық шартына конуте мәжбүрміз. Өзге жұмыстар жөніндегі шарттарға қол қойылды. Тұжырымдап айтқанда, олар мынадай: 1)Қайрақты кен орнында жалғыз станокпен әрқайсысы 50 метр тереңге 8 ұңғыма бұрғылау; 2)Өспен төңірегінде бес шаршы шақырым жерді электр барлаумен тексеру; 3)Жезқазғанда екі станокпен 1500 м. жер бұрғылау; 4)Жезқазғанда бес шаршы шақырым алаңға қосымша электр барлау жүргізу; 5)Найзатастан флюстік шикізат іздеу; 6)Малтақ кенорны төңірегінде геологиялық ізденістерді (Бетпақдала, Яловкин былтыр жете алмай қайтқан жер) жалғастыру; 7)Байқоңырдағы барлау (Пригоровскийдің сараптасы және тың ізденістер, бәлкім, бұрғылау жасаумен); 8)Қарсақбай төңірегінен отқа төзімді саз табу; 9)жерасты суын іздеу; 10)Байқоңыр мен Қарсақбай аралығына екі шақырымдық масштабпен топографиялық съёмка жүргізу..."

Ынталы кісіге қашанда жұмыс мол, ал Қаныш сияқты еңбекқор жігітке кеңседе сегіз сағат сарыла отыру аз, кейбір қағаздарды ол үйіне қолтықтай келіп, түнде де, жексенбі күндері де бел жазбай істейді. Алаң көңілін көншіткен іс Геолкомның беругі көп мамандарымен тәжікеге түспей, айналып өтудің орайын келтірді: "Оралгорконторамен" шарт жасасты; рас, барлау

көлемін былтырға қарағанда, біршама шектеуге тура келді. Өйткені Атбасар тресті ВСНХ-дан биылға сұраған қомақты қаржыдан бір миллион сомға жуық кемірек алды. Демек, қысқа жобаланған барлау көлемі біршама азаяды. Басқарма мәжілісінде бұл туралы да сөз болды. Ақыры, әрі толғап, бері толғап, тотыққан мысты көбірек қорытып, соны сатып, барлау қажеті үшін қосымша табыс табуға қаулы алынды. Өзіндей жастардың ынтасын әрдайым қолдап, жұмыс мүддесі үшін қандай да бір тәуекелден бас тартпайтын К. Бронзос (С.С.Дыбец бұл кезде басқа жұмысқа ауысқан) сияқты іскер қайраткердің тресті басқарып отырғаны да септігін тигізді...

Барлау топтары көктем шыға Қазақстанға жүріп кетуге әзірлік бастады. Қайсібірі, әсіресе электросъемкамен шұғылданбақ топ наурыз айының орта кезінде аттанып кетті. Сәтбаевтың өзі де соларға ілесе жолға шықпақ болған. Мәскеуде бөгелгендей шаруасы жоқ-ты, жас маманның аптыққан көңілі барлау алаңдарына жетуге асық. Бірақ "қырсық заңына" не істейсің, күтпеген бір жағдаят оны еріксіз кіріптар етіп, жаз ортасы ауғанша астанада жіпсіз байлануға мәжбүр етті.

II

Айдан асты, елдегі туыстарынан хат-хабар үзіліп қалды. Бұған да қатты алаң болып, көңілі елегізіп, ұйқысы бөлініп жүрген күндерде ол жақтан тағы бір жайсыз жаманат сапетсін. Қыс сұрапыл қатты деп естіген-ді, соның аяғы нағыз жұтқа айналыпты. Ал, өз ауылына жұт тіпті "жеті ағайынды" болып шүйілген. Бөкеш те аяқ астынан жұмысты болып, Баянауылдағы түрмеде жатқан көрінеді: *"Әрине, ешбір кінәсі жоғы маған аян, көзін соған жеткізген кезде босатуы сөзсіз. Бірақ біздің үйдегі естияр жалғыз еркек кіндіктің ауылда болмауы, қыстан жұтап шыққан туғандарымды жүдетіп отырғаны жаныма батады. Әсіресе қартайған әке-шешемнің, шипеттей бес баланың..."* (1928 жылғы 11 сәуірде Таисияға жолдаған хатынан). *"...Ауылдан да, Семейден де хат-хабар жоқ. Үнсіздіктен ауыр не нәрсе бар екен, жанымды әбден күйзелтіп бітті. Қандай да бір хабар беруді талап еткен жеделхаттарыма ешқандай жауап жоқ. Тағы бірдеме болып қалды ма деп жабырқан жүрмін... Менің Ташкентке баруым шешілген мәселе. Бұл жақтан, сірә, 12-15 аралығында шығып қалармын. Қызылордаға тоқтауға онша құлқым жоқ... Вокзал басында кезіксек қайттеді?.. Ғалымтай циркке кетті. Ал мен үйде тағы да жападан-жалғыз жабырқап отырмын. Шөлдеп те отырмын, шай ішер едім, әттең, примусты жаға алмаймын"* (15 сәуірдегі хатынан).

Қаншама асыққанымен Мәскеуден кете алмады. Ташкентте өтпек геологтар құрылтайы күзге қалды. Шынтуайтын айтқанда, Атбасар трестінің бас геологын жайма-шуақ көктемде кеңсеге "қамап" отырған себеп мүлдем басқа жәйт-ті...

Қ.И.СӨТБАЕВ — Т.А.КОШКИНАҒА, Мәскеу, 7 мамыр 1928 ж.

"...Сірә маусымның онына дейін Мәскеуден шыға алмадың. Сөйтуге қызмет жағдайы ғана емес, жеке басымның шаруасы да мүмкіндік бермей отыр. Ауылдың хал бұрынғыдан да сорақы. Соңғы хатымда жазғандарға әкемнің кенеттен қайтыс болғаны қосылыпты, оның үстіне тағы бір немере туысым тұтқындалған. Әкемді жан-тәніммен сүйші едім, қадір-құрметі де мен үшін өзгеше жан... Ол кісінің мынадай жағдайда дүниеден қайтуы мен үшін ауыр соққы. Үйде қалған шиеттей бес баланың, ағамның әйелінің, әсіресе қарт шешемнің халі не күйде екенін білмеймін, міне, екі ай болды, хат жоқ (сірә, поштадан өткізбеген). Туған ағам қазір Павлодарда дейді. Оның тағдыры да әзірше мәлімсіз. Байғұстың жағдайын жеңілдету мақсатымен әр түрлі шаралар істеп жатырмын. Ағайға тағылған кінә — қисынсыз нәрсе, ісінің тезірек қаралатынына шүбәм жоқ. Тегінде, бұл біздің даланың ескі "дәртінен" туған, бас араздықтан пайда болған әншейін жала. Әділ де қатаң кеңес соты әлі-ақ бұл жұмысты ұйымдастырған адамдардың әрекетін әшкерелеп, төрелік айтады. Бірақ соған дейін ағамның үй-іші қаншама қасірет шекпекші, әсіресе қоректік малдан жұрдай болып, әкеміздің қазасын аза тұтып жылап отырған күндерде..."

Жаздың едәуір мерзімі өтті. Қаныш Имантайұлы бәз-баяғыша Мәскеуде тұрып жатыр. Демалысқа шыққан Таисия Зырянов кәсіпшілігінде тұратын шешесіне барардан бұрын астанаға соғып, бірер апта қасында болып кетті. Бұл да жабырқау көңіліне сүйеу болды. Сөйтсе де... Басына үйірілген бұлт тарқар емес. Ғалымтай демалысқа шыққан қазақтарға ілесіп, ауылға қайтқан. Бара сала станицадан жеделхат жолдапты: ағаларының жұмысынан ешқандай үміт жоқ; Әбікей Зейінұлының былтырғы жұмысы қайтадан қозғалып жатса керек; жұттан аман қалған азын-аулақ мал тәркіге түскен; үй ішінің жағдайы ит өлмес, ат арымастың үстінде... Өзі тұратын коммуналды үйдің салт басты тұрғындары жаз шыға жан-жаққа тарап кетті. Бірі демалыста, бірі Қазақстанға ұзақ іссапармен дегендей. "Ал мен жалғызбын. Әсіресе кеш өлетінде қужанымды қайда қоярымды білмеймін, — деп шағынады ол

3-маусымда Кенді Алтайға жолдаған хатында. — *Тап қазір сені қайтадан көрсем ешқайда жібермес едім, ешқайда!.. Бұдан былайғы жалғыздыққа төзе қоймаспын. Адам бәріне көнеді деген қасаң теорияның керегі не, құрып қалсын! Қысқасы, сенің әрқашанда қасымда болуыңды тілеймін, бұдан басқа рақаттың маған қажеті жоқ! Көрдің бе, жол сайын леп белгісін қойып отырғанымды, енді не істейін, дәп қазіргі хал-күйім нақ осындай ерекше әсерлі сөздерді тілеп отырса...*"

Жалғыз ғана алданышы — қиырдағы барлау жұмыстары ойдағыдай жүріп жатыр. Іздеуші топтар екі-үш жерде жұмысқа кіріскен. Тұрланға барағын геолог қана Ленинградтан келмей зарықтырып отыр. *"Ал анау... бұл жақта мені еркімнен тыс ұстап отырған келеңсіз іс... бәз-баяғы мәлімсіз қалпында. Трестің бастығын күтіп жүрмін, сол кісі келген соң сөйлесіп, бір жағына шығармай, сірә, болмайды..."* — депті Қаныш Имантайұлы 12 маусым күнгі хатында.

III

Атбасар мыс трестінің бас геологын кен орындарына жібермей, мәймөңкесіз айтқанда, "үй тұтқыны" етіп, Мәскеуде жіпсіз байлап отырған жәйттің себебі де, ұйымдастырушылар да — бүгінде құпия емес. Алайда соның мән-жайын Қаныш Имантайұлының өзі де сол күнде жете білмеген тәрізді. Сол себептен де Мәскеуден жолдаған шерлі хаттарында ол өз басы мен күллі әулетін жүдеткен жәйтті жергілікті белсенділердің қастандығынан көріп, қыспаққа түскен ахуалын тұспалдап қана жазады. Бәлкім, ашық баяндауға әлдекімдерден сақтанған...

Шындығында бұл іс Қазақстан басшыларының тікелей түртпегінен өрбіген.

1927 жылдың қараша айында өткен Өлкелік партия комитетінің 6-конференциясы Ф.И.Голощекиннің ұсынысымен "ірі байлардың малы мен құрал-сайманының бір бөлегін тәркілеу жайында..." қарар қабылдаған. Өлкелік комитеттің бюросы оны дереу мақұлдап, БК/б/П Орталық Комитеті мен Орталық атқару комитетінің келісімін алған соң-ақ бұл мәселемен шұғылданатын арнаулы топ құрып, әзірлік шараларына кіріскен: соның бірі, сірә, жаз шыға бастамақ саяси науқанның алдында жер-жердегі бас көтерер ел азаматтарын басшы жұмыстан аластап, кейбірін Қазақстаннан тысқары аймақтарға сырғытып, енді бірін әр түрлі қаралаумен еркінен айырып, түрмеге алу шараларын жүргізу болса керек... Әбікей

Сәтбаевтың былтыр күзде, ойда жоқта ағартушылық қызметтен босатылып, түрмеге жабылуы; ал келер көктемде оның Баянауылдағы етжақын туыстарын шырмауы; ақыр аяғында шыр-пыр етіп жазықсыз қудаланған ағаларын нақақ жаладан құтқармақ болған, әмбе "құрығы ұзын" Мәскеуде отырған инженер Сәтбаевты Қазақстанға жолатпау, тәркілеу наұқаны аяқталғанша сол жақта ұстай тұру — ОГПУ-дың зымыян тергеушілері ғана емес, жергілікті өкімет басындағы өсіре сойқан "көсемдердің" алдын-ала жөткірлікпен ойластырған қаракетінен туғаны сөзсіз...

Айтып-айтпай не керек, білімі шалағай (тіс салатын дантист-техник), соған қарамастан өзін кең байтақ Қазақстан жерінің құдайы санаған, Бас хатшы И.Сталиннің сенімді ізбасары атанып, шалғайдағы республикада ойына келгені тежеусіз жүзеге асырған "Қужақ" (көзі қарақты қазақ әріптестері қойған мазақ атау, иегіне түк шықпаған көселігін нұсқаумен бірге, саяси мәнінде "тыр жалаңаш патша" деген мағынамен лақап фамилиясын қазақшалаудан туған сөз) Филипп Исаевич Голощекиннің (төл есімі — Шая Ицком) дегені болып, күллі Қазақстан атырабында "Кіші Қазан" төңкерісі жүзеге асты. Исі қазақтың ғасырлар бойы көшіп-қонып жүріп мың-мыңдап өсірген төрт түлік малы, шынтуайтын айтқанда, бірден-бір тіршілік қорегі — мал шаруашылығы төңкерістік белсенділікпен жүргізілген сыпыра тәркілеудің нәтижесінде құлдырауға ұшырап, оның зардабы таяу жылдарда-ақ қыр елі үшін жан түршігерлік зор апатқа әкелмек...

Қыр соңына шам алып түскен дұшпандары қайыра көтеріліп, Жоғарғы сот үкімімен кешірім алған ісін қайта қозғай бастағанда, сірә, сақтық ойласа керек, Әбікей Зейінұлы Семейден жылыстап кетіп, сол бетінде Мәскеуге жетеді. Әрине, келген күні-ақ оңаша пәтерде, ішқұса боп зерігіп отырған інісіне ел хабарын жасырмай айтқан. Қаныштың да дәрменсіз халін өз аузынан естиді...

Жарым жылдан астам уақыт үкім, иә қаралаусыз түрме азабын тартып, жаны күйзеліп, денсаулығына ақау түсірсе де тісқақты ағасы жасымапты. Қайта мұндай құқайды енді ғана көріп, қатты жәбірленіп отырған сүйікті інісіне толғана қарап:

— Шіркін, Ахаң біздің дүлділ ғой нағыз, Байтұрсынов ағанды айтамын, — деді ақырын ғана, — мына кіріптар халімізді білгендей-ақ, "Жауға түскен жанның сөзі" деген өлеңінде: *"Тағдыр шіркін тап беріп, Тамағымнан алып тұр. Жала деген төбеті, Балтырымнан қауып тұр... Әй, сені медегеннің, Айызы өбден қанып тұр.."* — дегені түп-тура бізге емес,

күллі қазаққа айтқандай болып шықты. Не дейміз, Қанкежан, тағдырдың жазуын көреміз де...

Сөйтсе де шарасыздығына зығырданы қайнаған інісі мәртебелі Мәскеуден әділдік іздеп келген ағасын саяси қудалаудан құтқаруды ойлап, өзінің де кіріптар жайын ақылдаспақ болып, Қазақстанның өкілетті өкілі Әбілқайыр Ысқақұлы Досовқа барды. Әбекең мен ол бір жылғы төл еді, өзі оқу соңында жүргенде құрдасы әлеумет жұмыстарымен шұғылданып, туу бастан-ақ қызылдар күресіне белсене қатысып, ақыры, Кеңес өкіметінің белді қызметкері болып танылған. Әбілқайыр Ысқақұлымен ол Семейде, Губаткомның төрағасы болып тұрған шағында жақынырақ танысып, біліскен.

— Ашуға жеңдірме, құрдас, — деді сырмінез досы жайбарақат қалыпта, — өзің тіпті жұқара бастағансың ба? Жә, рұқсатсыз елге жетіп барғанда не ұтасың? Жосалы стансасына түскен сәтте-ақ қолыңды артыңа қайырып байлайды да, контр деген қаралаумен төркөздің аржағынан бір-ақ шығасың. Бай баласы екенің белгілі — бір, туыстарың да саяси бап бойынша қамауда отыр — екі ме?..

— Әбе, мен кеңес инженерімін, іс атқарып жүрген...

— Білемін, басқалар да біледі. Алайда елде қазір үстем тапқа қарсы саяси майдан жүріп жатыр... Дос адамсың, өтінемін, бекерге күйректенбе, бай тұқымы қайдасың деп қамшы үйіріп жүрген ұрдажықтарға бәрібір, олар қазірде көзіне түскенді аямайды. Ең дұрысы, әзірше осы жақта бой тасалау. Менің де әсіре белсенділерге қарсы тұрар, иә тыйым саларға шамам жоқ. Саған да, туыстарыңа да... Бұл енді біздің дала жұртының ежелгі дерті. Әбекеңді мен қатты сыйлаймын ағарғушы ретінде де, кісілігін де. Науқан дүрілдеп тұрғанда не істейсің, өзің айтшы, желге қарсы түкіруге бола ма?

— Әкемнің орнына барып, құран оқып қайту үшін де рұқсат алуым керек?!.. Мен барсам-ақ халық дүр көтеріледі-міс!.. Тап жауы — мен, кеңес инженері?! Ау, бізден байлық кеткелі қай заман?! Қаптап кеткен жау элементі, түп-түгел контра!.. Бірдемеге ұрынатын шығармын, уақытты қалай өткізерімді білмеймін, — деп Қаныш жан күйзелісін ақтарып ағынан жарыла, ашына да сөйледі.

— Беу, құрдас, мен сені мықты азамат деп жүрсем, бұның жарамдады. Ау, газет-журнал бықып жағыр, қазақ даласының жер байлығын, асты-үстіндегі қазынасын мадақтап, ең құрығанда мақала жазбайсың ба?.. Сенің біліміңді, бар білгеніңді құдай тағала маған дарытса, өттең десеңші!? Қысқасы, доғар ондай күйректікті! Қалмақпен қатты қаржысқан батыр елдің

жұрағаты екенінді осындай қиын-қыстау кезде көрсету қажет! Қиыншылыққа да қайсарлық керек, достым!..

Нақты қол ұшын бермесе де, сеніп барған қайраткер азаматтан Қаныш қайраттанып шықты. Әбікей ағасын сол кісінің жәрдемімен үлкен астанадағы үлгілі ауруханалардың біріне жатқызды да, көптен бері көкейінде жүрген ойына дереу кірісіп, Жезқазған кенін барлаудың бес жылдық жобасын геологиялық тұрғыдан негіздейтін ғылыми еңбек жаза бастады. Мардымсыз көлемде жүрдім-бардым жүріп жатқан барлау қарқыны, оның неңдей нәтиже берерін көперіне алмай, қиялындағы тереңнен және соны әлденеше қабаттан мыс кенін қисапсыз көп тапқандай-ақ шабыттанып, қаламы да күні-түні қағаз бетінде дамылсыз жорғалап, өнімді еңбек етсін! Бірер аптадан соң аңғарды: жоба үшін бастаған еңбегі кенет көлемді мақалаға айналыпты, тек бас-аяғын қайта қарап тұжырымдай жазса — Қазақстан түгілі, беделді Одақтың басылымы шап бергендей мәнді, әрі көпшілікке арналған ғылыми баян туғандай...

Екі-үш аптадай ем алып, денсаулығын біршама оңдаған соң Әбікей ағасы елге аттанды, әрқилы ойға түссе керек, жолшыбай Омбыға соға жүретінін ескертті...

Ағасы аттанып кеткен соң-ақ, әсілі, ол кісінің Мәскеуге іздеп келгені өзіне едәуір ес, қуат та болғанға ұқсайды, уақыт өткізе алмай қоңылтақсыған муң-шері бойына қайтып оралды. Күні-түні жанын жеген бір сұрақ: не істеу керек?..

"...Қызылордағылар, сірә, мені Атбастрестегі жұмысымнан да біржола шеттеуге келіскен сияқты. Жуық арада сол жайында ресми бұйрық келмек. Демек, бұдан былай Қазақстанға бара алмаймын. Биылғы қыс, бәлкім, Мәскеуде қала тұрамын. Жұмыс жөнінде қиналмаспын, мені жұмысқа алуға мүдделі кеңселер мұнда аз емес... Оншақты күннің ішінде бәрі де белгілі болады. Сол кезде толығырақ жазармын. Кеңіл-күйің өзірше осындай, бірақ уайым жеп түңілгеннен аманмын. Қысқасы, Сәулем, биыл сен мен үшін де, өзің үшін де демалуға тиіссің... — депті 20-маусымда Алтайға жолдаған хатында ол. — Мұндағы достар Мәскеуде қалуға кеңес береді. Өзім де сол ойдамын..."

"Өзірше осындамын, сірә, әлі де болатын сияқтымын. Қазақстанға, тіпті ауылыма барып қайтуға қиыла сұрап, рұқсат ала алмадым, — дейді ол 13 шілдедегі хатында. — Демек, қала шаңын жұтқан мезі де күйкі тірлікті қанағат етуге тиіссін. Тұрмыс күйігімде ешқандай өзгеріс жоқ. Жұмыстың беталысы да бәйімәлім. Ешкім ештеңе айтпайды, ең болмаған-

да бірдеме деп түсіндірсе екен. Ал трест жетекшілері менің кетуіме мүлдем қарсы. Бұл да мен үшін рухани сүйбеу. Шынында да, өз міндетіме мен адал болдым, аяптаным жоқ. ... РСФСР-дың ВСНХ-сына (Кен директорына) жұмысқа шақырып отыр, немесе ВСЕКОПРОМСОЮЗФА (пайдалы қазбаларды жөкешелеп қазу бөліміне) орналасуға мүмкіндік бар. Екеуінде де материалдық жағдайым жамап бола қоймас (еңбек ақысы қазіргіден әдеқайда көбірек), рухани жөнінен бірақ бұлар менің қолайыма жақпайтын жұмыстар. Ағашқы мекемеге барсам – мамандығымды біржола жоғалтып, қағаз қотаратын шенеунікке айналамын, өкімдік жолға түсемін. Екіншісі, қара бастың қамын ойлау... Геолкоммен де сөйлестім: "... кез келген уақытта жұмысқа аламыз" десті. Ал Котульский Қазақстанда биыл тұрақты ашылмақ Геолком бөлімшесін басқаруды ұсынды... Мұның бәрін де нақтылы жауап бермей, ойланш жүрмін... Трестен еріксіз кетіретін болса, сірә, Геолкомды таңдармын. Ленинградта бір апта болдым... Жуық арада жағдайым түзелетініне сенімім күшті. Сен енді менің уақытша сәтсіздігіме тым қамықпа. Күзде басымыз қосылып, қайткен күнде бірге тұратын боламыз... Бүгін саған жеделхат жолдап, бір шиша насыбай жіберуді өтіндім. Құрыш қалғыр таусылып қалып, онсыз да жұқарып жүрген жүйкені қажап мазамды ала берген соң, амалсыз сурадым. Төңір жарылқасып, жаным, ең құрығанда, кеуіп жүрген таңдайымды жібітші. Тұтан ағамның жұмысында өзгеріс жоқ..."

Жуық арада дегені тек ұзап барады. Жаз айында, беймаза қалада мәлімсіз күтуден әбден зарығып, әрекетсіз отырған геолог жігіттің тынысы тарыла түскендей.

Қ.И.СӘТБАЕВ – Т.А.КОШКИНАҒА, Мәскеу, 21 шілде 1928 ж.

"...Жағдайым беймәлім қалпында. Көңіл күйім де солай. Не себепті босқа күйректеніп, қайғыруға тиіспін: бойымдағы барлық күш-жігерімді, білімді күні бүгінге дейін тұтан елім – Қазақстан үшін сарқа жұмсап келдім. Ау, сол үшін енді, қиянат құғындауға ұшырап, жалаға ұрынып, өзімді жек көретін қай-қайдағы біреулердің күйкі әрекетінен жапа шегуге тиіспін?!

Трестің жұмысы ойдағыдай деседі: зауытты жылдың аяғында жүргізбек; жабдықтарды монтаждауды аяқтауға жақын сияқты... Электробарлау тамаша нәтиже беріпті: Жезқазған мен Тасқұдықтың аралығынан төрт жерден жаңа кен аномалиясын ұшыратқан! Бұл болса осы участоктарда кен

шоғырлануына сенімсіздік білдіріп жүрген мамандарды иландыру үшін өте-мөте маңдi жаңалық. Электрмен барлау тобы қазірде Өспен ауданына аттаныпты. Яғоқкин қазір Малтақта болу керек. М.Н.Ваганов (Өспендегі бұрғылау партиясының бастығы) пен Тұрландағы барлау тобынан... хабар жоқ... Біз үшін өзiрше қалайсыз болып тұрған жағдаят — ширит іздеудегі сәтсіздіктер. Болаттам шириттің бір партиясын Механобр (Механикалық жаб-дықтар — С.М.) институтына сынауға жібердік. Жайбарақат дегенімізбен, негізгі ісіміз алға басып, Қарсақбай алыбының іргесі қаланып жатыр, ол болса, өзін білесің, Қазақстанды индустрияландырудың алғашқы қарлығашы".

Сәтсіздіктің де шегі бар. Кейде ол жылдарға созылады, кейде бірер айға. Сәтбай әулеті тап болған кесепат бұл жолы, тәубә делік, тым ұзаққа созылмай, сол жылы-ақ саябыр тапты. Үкімет маңындағы игі жақсылардың бірі Қаныш Имантайұлының үсті-үстіне жолдаған арызы мен жеделхаттарына ақырында көңіл бөліп, жазықсыз қуғындауды тоқтатуды талап еткен.

Алғашқы хабар Омбыдан жетті: қала іргесіндегі "Қаржас ауылында" бой тасалап жүрген Әбікей Зейінұлы ел жаққа енді қайтпауға бекініпті; осы жердегі орыс мектебіне мұғалім бол орналасқан... Павлодардан да қуанышты лебіз жетті: Кәрім де, Бөкеш те қамаудан босап, ауылға аман-есен қайтып, отбасының қамына кіріскен, сот шешімімен тәркіге түскен малдың үштен бірін біржола қайтарыпты (Ғалымның дербес архивінде сақталған ресми анықтамада Имантай би мен оның үлкен баласы Ғазиз Сәтбаевтан 1928 жылдың жазында 150 бас ұсақ мал, 50 жылқы және 12 ірі қара тәркіленгендігі жазылған). Қу жанын қоярға жер таппай, Атбасар трестінің кеңсесінде қағаз қотарып отырған геологқа да Қазақстанға баруға рұқсат кешіккен жоқ, тіпті жеделхатпен хабарланған. 28 шілдеде Қызылордаға қайтып оралған Тансияға жолдаған хатында ол: "...Келесі аптада барлаудың жай-күйін тексеру үшін Тұрланға жүремін, одан әрі — Қарсақбайға... Жүрерімде жеделхат саламын, кут, жаным!", — депті.

Қ.И.СӘТБАЕВ — Т.А.КОШКИНАҒА, Мәскеу, 4 тамыз 1928 ж.

"...Күпті көңіл соңғы аптада біржола түзелді деуге болады. Жұмыста да олжа көп: Жезқазғандағы барлау мен нұсқаған қолатқан қуаты үш жарым метр, мыстың орташа құнары 6,5 пайыз кен қабатына жолығыпты; пештің монтажи біткен, 15-

20 қыркүйек аралығында зауытты жүргізуге мүмкіндік туған; менің өндірістерге сапарым шешілген мәселе!.. Тұрландағы партия биылғы барлауды жобаланған мерзімнен бір жарым ай кешігіп бастады. Демек, қалған уақытты пайдаланып, бүкіл жұмысты қысқа мерзімде орындап шығу қажет. Әлгіңде ғана комбинат басшыларынан Тұрландағы партияның Түркістанға қарай шығатын бағыттан, ... небәрі төрт жарым шақырым жерден жаңа кен жұлгесін тапқанын естідім. Не қылған кен? Бара көреміз. Өспен партиясы әзірше үнсіз жатыр... Білмеймін, өзің етінгендей, Қызылордада бірер күн аялдауға мүмкіндік бола ма, болмай ма, белгісіз. Турасын айтқанда, ешқандай жұмыс болмаса, Қызылордада тоқтағым келмейді. Шығарымда телеграфпен хабар беремін. Қалай болғанда да мені қарсы аласың... Денсаулығым қазір жақсы, "сіріңкедей" шілтіп жүдегеннен аманмын..."

IV

Перзенттік парызын өтеуді ойласа ең алдымен туған ауылына барғаны абзал-ды. Өзіне де, ағайын-туғанға сүйеніш болған, күні кеше бүкіл Ақкелін болысының қадірменді биі атанған әкесінің орнына барып мінәжат етуге тиіс еді. Сағынып отырған ауыл-аймағында жүзін көрсетіп, шерменделердің мауқын басу — мұсылманшылық борышы емес пе?.. Бірақ адуын мына заман шалғайдағы Баянауылға бұрылып, жеке басының парызын өтеуін көтере ме, өмбе жаздың саналуы күні қалғанда? Жоқ! Оқыған жігіттен басқа әрекет тілеген-ді. Сондықтан да жолға шыққаннан бергі екінші аптада біз оны түстіктегі барлау алаңынан көреміз.

"Бүгін таңертең Түркістанға келдім, директорымды да осында кезіктірдім, — деп жазады ол 19 тамыздағы хатында, — Тұрланның жағдайы мүшкіл: бұрғылау әлі басталмапты; дайындық жұмыстарына кешігіп кіріскен; не істейсің, қолайлы уақытты өткізіп алған. Директор екеуіміз бүгін сол жаққа жүрмекпіз. Мазам кетіп тұр. Сірә, бұл жақта ұзағырақ болармын, бұрғылауды тездетіп бастауға қалайда бірдеңе істеуім керек... Директорымыз — жаңа адам, бұл жақтағы жұмыстың жай-жапсарын білмеудің салдарынан қолайлы кезеңді өткізіп алған. Бүгін де жолға шыққысы келмей, ертең жүрсек... деп үгіттеп бақты. Ал бізге мұнда түнейтін шаруа жоқ..."

Қарсақбайға ол тамыздың 29 күні келеді. Келе сала құрылыс алаңдарын аралап, кен төбелерін кезген.

Ұлытау алқабының дүбірлі күндерді басынан кешкен айшықты кезі: зауыт құрылысы санаулы күндерде аяқталмақ — ауыр жабдықтар орнатылып болған; қалашық едәуір үлкейіп қалыпты; шахтылар да көктемнен бері кен тасын тонналап шығара бастапты; Байқоңыр мен Қарсақбай, Қарсақбай мен Жезқазған аралығындағы тар табанды темір жол да пайдалануға берілген; байыту фабрикасының құрылысы ғана кешігетін тәрізді, басқарма мүшелері дереу бас қосып, мыс қорытуды құнарлы кенмен бастауға шешім қабылдады... Мұның бәрі біткен істің айқын нышандары. Анығында көптеген айлар бойы мыңдаған адамдардың жол мехнатымен, даланың ұлыған боран, суығымен, баспана, азық-түлік тапшылығымен күресе жүріп, зауыт іргесін көтерген жанқияр әрекетімен дүниеге келіп отыр. Ғайыптан тіл бітсе, Қарсақбайда соңғы үш жылда пайда болған әрбір тұрғын үй, зауыттың әрбір қадау темірі қиыр даланың төскейіне қандай бейнет, ауыр еңбекпен келгенін ұзақты күн әңгімелеп берер еді.

"18 желтоқсаннан бері де Қарсақбайдың сырт өмірмен байланысы мүлдем үзіліп қалды. Нан, азық-түлік, жабдық тасу тоқтап тұр, — деп куәлік етеді комбинаттан Мәскеуге жолданған жеделхат. — Жосалыда отырған басқарма төрағасы Бронзос жолдас жүз түйемен керуен ұйымдастырып, Қарсақбайға жөнелткен еді. Бір мың үш жүз центнер ұн тиеген бұл керуен көк тайғақ мұз басқан даланы кешіп жолда келеді. Қарлы боран тоқтаған жоқ, аяз да қатайып барады. Керуенді қарсы алуға комбинаттан қырық түйемен кісілер жөнелттік. Бронзос жабдықтаған керуен Қарсақбайға 18 қаңтардан беріде іліге алмайды. Ал біздегі нанның қоры тек 15 қаңтарға дейін ғана жетеді. Күннің суықтығы бүгін отыз үш градусқа көтерілді. Байқоңырдағы қазақ жұмыскерлерінің тамақ жоқтығынан жұмысқа шыға алмай үйде отырғанына бірнеше тәулік болды..."

Әйтсе де бір ниет, бір білекпен жұмсалған көп жігері қиыншылық атаулының бәрін де жеңді. 1928 жылғы 16 қыркүйекте шарпу пешіне от қойылды. Ақ түйенің қарны жарылды дерлік ұлан-асыр қуаныш одан әрі кешіккен жоқ.

Бір айдан соң, 19 қазан күні, түнгі сағат он бір шамасында Қарсақбай зауытының конверторынан тұңғыш рет мыс бұлағы ағызыла бастады. Кеңес өкіметі салған тұңғыш мыс өндірісінің өнімі, тұңғыш кеңес мысы дүниеге келді!

"Жұмысшылар мен әкімшілік-техникалық қызметкерлердің ерекше жігер, қуатының арқасында Қарсақбай комбинатының Үлкен мыс зауыты үкімет белгілеген мерзімде өнім бере бастады, — деп хабарлайды Бүкілодақтық Орталық Атқару Комитетінің төрағасы М.И.Калининге жолдаған жеделхатында осы оқиғаға арналған салтанатқа қатысушылар. — ... Қарсақбай кеншілері өте-мөте ауыр жағдайда жұмыс істеді, темір жолдан жырақта, қазақтың Бетпақ даласында жанқиярлықпен еңбек етіп, ақыры барлық кедергіні жеңіп шықты. Үш мың жұмысшылар мен әкімшілік қызметтің ұжымы Сіз арқылы ВЦНК-тің сессиясына пролетарлық сәлем жолдайды. Және үкімет тапсырмасын әрқашанда мүлтіксіз орындауға әзірміз деп сендіреді".

Қуаныш та, тегінде, егіздеп туындайды. Сәті түссе уақыт талғамай оңнан да, солдан да орайласа қалады.

"... Жезқазғандағы барлау өте-мөте сәтті жүріпті. Биылдың өзінде, сірә, 25-30 мың тоннаға кен қорын өсірсек керек. Электробарлаудың нәтижесі де көңілдегідей! — деп шаттана сыр шертеді Қаныш Имантайұлы Қарсақбайдан, қыркүйектің 3 күні Таисияға жолдаған хатында. — Иә, бұл жақтағы барлау жұмыстарының көлемі ұлан-асыр, соның бәріне тек қаржымыз жетсе? Шүбәлімін... Бұған бірақ аса қайғырып отырғаным жоқ, ең бастысы, қазақ даласында кен бар. Екі жылдық шағын барлауда Жезқазған қоры қаншаға өсті?! Биылдың өзінде Спастағы барлау мыс қорын екі миллион пұтқа көтерді. Ал Өспендегі барлаушылар алтын тауыпты. Қайрақты мен Тұрландағы олжалар ше?!"

"Русаковтан ресми емес алған хабарыма қарағанда, Балқаш теңірегінен жалпы көлемі бір миллиард пұт шамасында (!?) мыс кенін тауыпты. Шындық болмай, онда бұл — дүние жүзілік алып! — деп масаттанады жас геолог келіншегіне жолдаған тағы бір хатында. — Тек біздің далаға деген сенімсіз көзқарас өзгерсе екен. Жері қашық, су жоқ... деп күні бұрын байбалам салған, дурысын айтқанда, қиян шалғайлығынан зәре-құты қашқан сақтанымпаз мамандардың теріс пиғылынан ада болсақ десеңші".

Барлаудың едел-жедел шараларын бір жайлы еткен соң, перзенттік парызын өтеуге де мүмкіндік туды. Барар жері алыс, тура қатынас атымен жоқ. Қиғаш болса да айналма жолды таңдады: Шортанды стансасына дейін темір жолмен келіп, Ақмолаға апаратын жолаушылар автобусын күтіп алып, одан әрі Қарағандыға жетсе, ауылына салт атпен түсуі қиын емес...

Қаныш ауылына келген кезде туған ағасы үйінде болатын. Мойнына артқан қылмыстан біржола ағарыпты. Бірақ, сырқат адам сияқты, күні кеше көңіл хоншы сергек, еті тірі жаң, көп сөйлемейтін бұйығы қалыңқа ауысып, иелігіндегі шағын шаруашылықтың жұмысын жүрдім-бардым атқаратын бейжай енжарлыққа түскен. Бәлкім, қыс бойы нақақ жаламен басы шырмалып, ГПУ тергеушілерінен де гөрі, ежелден таныс ауылдастарынан көрген киянатын ұмыта алмай, қатты жәбірленіп, жігер-қайраты мұқалып қалған... Ту-талақайға түскен малының сойыстан аман қалғанын жинап алып, соларды бағып-қағумен шұғылданған. Үй-ішінің айтуынша, көңілсіз атқарады, бала-шағасының күнкөрісінен біржола айырылып қалмас үшін ғана бас-көз болып жүрген сияқты...

Сәтбай қажының үлкен-кіші әулеті өздеріне көшбасшы ғана емес, ұзақ жылдар сүйеу болған би ағасын жоқтап, елдәстүрше сай, қаралы ауыл әлпетін сақтап, жайлауға да шықпай, алыс-жақыннан құран оқуға келушілерді күтіп, қыстау маңында болыпты. Бәлкім сол тауқымет те Бөкештің еңсесін көтертпей, шерлі көңілін езе түскен. Үй-іші де көл-көсір жылаудан арыла қоймапты. Қаныштың келуі туыстарын сол қападан айықтырған жоқ, кенже баласының әке орнына кешігіп жетуі, оған көңіл айта келген жұрт нөпірі де, қаралы жандардың қайғы-шерін, өзегін өртеген өкінішін ауырлата түскендей...

Әкесін аза тұтқан қапа күндерде Қаныш былтыр көрген, өзі жан-жүрегімен құлай сүйген сайын дала тіршілігінің күрт өзгергенін жанымен сезген-ді. Бұрынғыдай ерсілі-қарсылы сабылушы қыдырмалардан сап тиылыпты. Ауылдар қарамы да азайып қалған. Ауыл дейді, күні кеше дала төскейін түгел жауып, өріске мыңғырап шығатын малда оқта-текте көрінеді. Әсіресе, бірнеше ауыл боп өскен, көшкен, нә қонғанда осы атырапты у-шуымен даңғазалап жататын Шорман бидің ұрпағынан кезіктіргені — тіпті шамалы, мыңдап айдаған жылқысы мен қойы да өткен қыста жұтап қалғандай. Зында бастаған малдысы туып-өскен Ақкеліннен аласталып, Қазақстанның батыс өңіріне жер аударылғанын естіген-ді, ал қалың кедей бөлісіп алған көп малдың (Баянауыл дуанының өзге байларының да) қайда кеткенін ешкім оған түстен те, түгенден те айта алмады. Естүінше, құдайдың бұйрығы деп, көпшілігі қолға тигенін сойып алып, көмейден әрі асырған. Ал сол көптің ертеңгі тірлігі не болмақ? Оны енді бір жалғыздан өзге ешкім білмейді.

Келген күні-ақ туыстары Қанышқа қарт әкесінің ауырмай-сырқамай кенеттен опат болған шерлі тарихын дәлтілшедей айтып берген: төңіректегі қызыл белсенді қажы ауылына қарасты төрт түлік малдан тігерге тұяқ қалдырмай жаппай тәркілеген күні әкесін де тұтқындап, станицадағы түрмеге қамапты. Сірә, Шорман тұқымы сияқты туу алысқа жер аудармақ болған. Ара түсер естияр жан ауылда болмаған. Көрім де, Ғазиз де ояз түрмесінде. Жылап-сықтап соңынан ере барған ауыл адамдарына бидің өзі: "Менен көз жазып қалмаңдар, сірәда ұзамаспын, сүйегімді ескі қорымға қоясыңдар!" — деп қатты ескертті. Сөйтіп, ауылдағылар не істерін білмей дағдарып отырғанда, бұл да Алланың бұйрығы, одан да тәрі өмір жолында көпке жасаған игі жақсылығының қарымтасы болар, Баянауыл іргесіндегі Көкжатақтың қалың кедейі атқа мініп, сол маңаттағы ауылдардан да қосылып, жиыны екі-үш жүз адам ереуілдеп шығып, түрме үйін қоршап алады. Енді біразы аудан басшылары отыратын кеңсені қамап: "Қадірменді биді босатпасаң, өкіметі біздікі, қолша шығарып аламыз. Імекең кедей-кепшіктің қамқоры болған абыз адам, әділ қазы, билік айтқанда да жуан тұқымға емес, жәбір-жапа көрген жарлы-жақыбайға жәрдем берген. Әмбе ол дәулет жиған кісі емес, тек қана — орташа, тәркіге жатпайды. Қысқасы, мыналарың — әсіре белсендінің бөрік астынан жау іздеген амалы!.." — десіп шу көтеріпті...

Мұндай оғаш мінез күтпеген аудан басшылары қарт биді Павлодарға жөнелтпек амалдан бас тартып, сірә, таяқтың басын қаттырақ сілтеп алғанын түсінген білем, келесі күні әкесін түрмеден шығарыпты. Сексеннің жуан ортасына тақаған кексе кісі қараңғы каталашқаға қамалған сорақы қиянатты көтере алмаса керек, жарық дүниеге қайта шыққанда, басы мәңгіріп, жүрте жайы келмей, аяғын әрең басып келіп, арбаға қисаяды. Сонда-ақ өзін қоршаған жұртқа: "Ауылыма жеткізіндер..." — депті. Сірә, татар дәмінің таусылғанын сезген, өз шаңырағында, өлең төсегінде көзін жұмуды қалаған. "Алланың жазуы солай болған соң, амал не, ауылға бірнеше шақырым қалғанда, жолшыбай, арба үстінде көзін жұмды, жарықтық .." — деп аяқтаған-ды ауылдастары бидің кенжесіне көзі көрген шерлі тарихты.

Үй-іші әкесінің кенжетайына өсиет еткен соңғы тілегін де жеткізді: сірә, өзін қатты сағынған сияқты, бәлкім, қасына алып, бала күніндегідей қолынан, шашынан сипап отырып, мауқын басқысы келген, әлде сүйікті кенжесімен арыздаса алмай, о дүниеге аттанарын сезген бе, әйтеуір екі сөзінің

бірінде Қанышты айтып, түсі ғана емес, өңінде де жиі шақыратын болыпты; айтуынша, Бөкешті ұзатып оқытпай, бағын байлап, ауылда ұстап қалғанына қатты өкінеді екен, ендігі тірлік — малда емес, оқумен табатын өнерге ауысты; ал Қанкежаным менің — биікке самғайтын қыран құстай түлеп ұшып, өнер-білімге жастай жерік боп жүріп, өз жөнін ерте тапты, өне, көрдіндер ме қандай жерге шығандап шыққанын... деп оқта-текте мақтанса да керек... Әсіресе, кенжетайының өз қатарының алдына шығып, мемлекеттің мәнді жұмысында жүргенін жиі айтады екен. "Қаныштай біздің сонау Мәскеуде жұмыс істейді. Оқудың да оңайын емес, қиынын таңдап, соныға соқпақ салды! Оның меңгерген кәсібі қазақ баласы білмейтін, қазақ түгілі, орыс жұртының өзі енді-енді ғана игере бастаған. әлей қиын, әрі аса қажет өнер болса керек. Сол үшін де, көрдіндер ме, өздері құзыр-мәзір боп Мәскеуге алдырды. Қай жерде болсын, оның ақыл-кеңесіне құлақ түре тыңдайды деседі, үкімет адамдары да жиі шақырып ақыл-сады білем. Бұл, тегінде, Шоқаннан өзге бірде-бір қазақ баласы жетпеген мәртебе! Ресей патшасына бағынғалы біздің қазақ жұрты көрмеген, естімеген абырой!.. Иншалла, кенжетайымның алды — ашық, білімі ғана емес, ақылы да терең, адамның көңіл-күйін бетіңе бір қарағанда-ақ айтқызбай біліп тұрады... Менің осы сөзімді бағындар: Қанышжан біздің әулет қана емес, туған халқын да қуантады; тек мейірімі зор Алла оған бақ пен қуат берсін, денсаулығы түзу болып, іші тар пенделердің қызғанышы мен арам пиғылынан сақтасын!.. Ал, сендер, өз әулетімің үлкен-кішісі, қажы атаң ұрпағы, оның айтқанын еінқашанда бұзбаңдар, біз де бірдеме білеміз... деп қарсы келмеңдер, ендігі жөн нұсқар көшбасшыларың — бал кенжем болады!.." — деп оңаша бас қосуларда үй-іші мен жақын-жақыбайларына өнеге айтады екен.

Бір ғажабы, сөйтіп төбесіне көтеріп, жер-көкке сиғызбай мақтап отырған ақылды кенжесінің екі-үш жылдан бері жасырып жүрген жігітшілік "қылмысын" да біліпті, шынтуайтын айтқанда, қарт шөңге соны өз отбасына сирек келіп, қала жаққа тезірек кетуге үнемі асығып тұратын қылығынан-ақ ұққан сияқты. Сірә, сол жәйтке көп ойланған да сияқты, бұл хақында да, көктемгі аласапыран басталардан аз бұрын, қасындағы үлкеніне мұңая сыр шертіп, өз байламын жария еткен: "Орыс қызына көңіл құлап тұрса — не істеймін, бұ да мына әулекі заманның әуей ісі болған соң?.. Сөйтсе де, Қанышқа қаттырақ айтындар, әке-шешесінің батасын бұзбасын, біз таңдаған, көңілімізден шыққан сүйікті Шырлай ба-

ламды бұл пәниде ренжітпесін. Қос әйел алу — атамыздан қалған ғұрып, екі қосағымен де тұрсын, заман аужайына қалай икемделеді, жөнін өзі тапсын. Жарық дүниеге келген бала-шағасы әке тәрбиесін көріп өссе игі! "Жетім қозы — жетімек, отығар да уанар..." — деген де, өсілі, жетіскеннің тірлігі емес. Балам менің, тегі, осыны да ұмытпасың!..." — депті.

Әке өсиетін айта отырып, Бөкеш ағасы өз ойын да бүккен жоқ, қамыға жеткізді.

— Әкей марқұм оқымағанның ақылдысы, заман аужайын терең аңдаған шынайы да кемеңгер адам еді, Қанкежан, сен енді, осы уәжге деп қой! Сірә, өз отбасың ғана емес, біздің де жай-күйімізді түпкілікті қаузамасаң — мынадай ертеңі беймағлұм, аумалы-төкпелі жағдайда, қыр төсінде баяғыдай мал бағып, қайғы-қамсыз күнелтуіміз екі талай нәрсе екенін түсінген боларсың... Әкей де солай деп кетті. "Қайда жүрсеңдер де бірге болыңдар, іргелеріңді бөлмеңдер, бір-біріңе сүйеу болып өмір сүріңдер, балалар да сонда өзара бауырмал боп тату өседі..." — дегені де қайран әкеміздің біліп те, зерделеп те айтқан соңғы тілегі... Мен де сондай ойдамын. Туған жер деп Ақкелін бөктерін қимай, қыр төсінде ошарылып отыруымыздың енді мәні жоқ, ал жасөспірім балаларды оқыту керек. Қысқасы, бұл істің де жөн-жосығын мықтап ойлағын, Қанышжан!..

Қаныш туған ағасының ойлы сөзіне дау айтпады. Кіпәсін мойындап, әкесі өсиетін шама-шарқыңша бұзбайтынына сендірді. Ал болашақ қоныс пен тірлік жайлы ойлануға мұрсат сұрады. Ағасының меңзеуі дұрыс, өндірісі бар қала маңына жақындағанды өзі де мақұл көреді, "Тек биыл кеш қалдық, қыраулы қыс босағада тұрғанда — қайда көшесіңдер? Өмбе әке-шешеміздің асын беріп (Нұрым шешесі де сол күзде, ақсақалының артынан мәңгі сапарға аттанған-ды), басына бейіт қарайтып, қатым түсірген соң, бұл мәселені жата-жастана шешейік..." — деген-ді.

Қаныш бұл жолы ауылында небәрі бір-ақ ай болды. Оның өзін ырың-жырың жағдайда, әкесін жоқтаумен қоса, би шаңырағының құты болған кәрі шешесін де дүниеден жөнелткен наламен өткізді. Бұрнағы жылғы демалысы шынында да дарқан өмірдің өзіне сый еткен, жұмақтың төріне кіріп шыққандай тамаша қызығы екен, биылғы көргені — соның елесіне де жетпеді, амал не?! Ең қиыны, қадір-құрметі бөлек екі үлкеннен бірдей айырылған туған ауылының азасы жан-жүйесін езіп, соның зардабы болар-ау, етжақын туыстарымен бұрынғыдай ашық-жарқын отырып сұхбат құра алмай, сырлас та мұңдас

жақындығын еш сезбей, құдды бір бөген ауылға келгендей салқың райдан бір сәт арыла алмады. Шөріппамен де солай, қоңыр-тақы күнде күн кешті. Сірә, со да кемеңгер өкесінің жоқтығы, орны толмас шынайы қорғанынан айырылып, жетім қалғандығын жан-тәнімен сезінуден. Сондай налаға естиярағасы да, күллі ауылы тап болып, ауыр қазадан қапелімде есін жия алмай жүргені анық. Тек сол уақытша дағдарыс болғай!..

Ақыры, көрі шешесінің жетісін берген күннің ертеңінде, қасына сенімді серіктер алып, биыл келген қиыс жолмен Ақмола облысы арқылы Мәскеуге аттанды.

"Қымбатты Түсен! Ақмолаға жіберген ақшанды (екі мәрте) және бір хатыңды алдым, көп рақмет. Өзірше дін аманмын, ден-саулығым оңды, тек жол азабын өте көп тарттым, — депті Қаныш Имантайұлы Ташкенттен келетін үшінші поезды тосып отырып, Сызрань қаласынан қарашаның 24 жаңасында Қызылордаға жолдаған хатында. — Спас зауығынан Шортандыға дейін, бұл енді 500 шақырымдай жер, салт атпен өттік, ал Шортандыдан бері төрт тәулік ұдайы пойызбен изеңдедік. Шаршағанымды сұрама, Мәскеудегі пәтеріме жетіп, төсегіме қаныен-қаперсіз құлауды ғана тлеп отырмын, соны арман еткеннен өзге еш нерсе басыма кірер емес. Saulem, сені де ерекше сағындым. Егер Мәскеуде тағы бірдеме сопаң ете түспесе, барысымен шақыру жібертемін, сен енді, Қапыш, ешқаңдай кедергісіз және буданбай бірден келесің. Будан өрі бұғылмақ ойнап, бөлек тұрғанымыз жүйкемізді жұқартып болды, бұл уәжге, сірә, дау айтпассың... Ғалымтай бірге келеді. Оқудан кешігіп қалса да, менен айырылғысы келмеді, тап қазір сорлы балақан үстелге басын сүйіп ұйықтап отыр. Мектебіне қайткенде алғызатын амал ойластыруым керек... Маған күштірек насыбай ала келуді ұмытпа, кем дегенде 5 шиша. Өзіңнің Қ..."

Мәскеуге қайтып келісімен бәз-баяғы барлау үдесіне кірісті; откен жазда төрт-бес кен орнында бұрғылау жүрген; негізгі олжа екі жерден оралған... Бірі — Тұрлан кенінде. Рас, былтырғыдай мол қазынаға жолыққан жоқ, оның басты себебі іздеуші партияның жұмысты кеш бастауынан өрбіді. Сол жерде ірге көтерген өндіріс те қаз тұрып, өрістей алмады. Сірә, трестің ынта-жігері Қарсақбай зауытында болып, соны қайткен күнде биыл жүргізуге тырысып, күш салудан... Қалай да Тұрланнан күткен үмігі ақталған жоқ.

(Қазірде Аңысай, ал басында Тұрлан атанған кен орны осы күнде жұртқа Кентау атымен мәлім қаланың солтүстік-шығыс

іргесінде орналасқан полиметалл кені. Негізгі қазынасы тік жаралған желі, яғни тұрба сынды тікқабат түзегендіктен оның қорғасынға бай, мырышы одан да мол қисапсыз кен қорын бастапқы іздеушілер бірден аңдай алмаған. Бұл кен орынның бағы 1934 жылы, Шымкентте алып қорғасын зауыты салынған кезде ашылды. Оның мырыш кені күні бүгінге дейін қазылуда).

Жезқазған қолатында Геолком партиясы екі станокпен небәрі 28 ұңғыма бұрғылап, барлығы 1570 метр жер төскен, бұрғы жеткен орташа тереңдік 56 метр. Соның өзінде тағы үш жерден кен өзегі табылған... Әрине, Жезқазған көмбесінен трестің геология бөлімі күткен межедеп әлдеқайда алшақ жатқан көлем. Дарияға қосылған бұлақтай аз олжа. Сондықтан да барлау нәтижелерін саралап, картаға қондырып болған соң-ақ, Қаныш геологқа ой түсті: шағын күш-құралды әр жерге шашып, жалпылама барлаудан тыйылып, негізгі назарды, ынта-жігерді Жезқазғанда ұстау шарт; сол үшін Геолкоммен келіссөзге шығып, қайткен күнде ырқына көндіріп, 1929 жылдың барлауында Жезқазған қырғысына ең кемі төрт станок шығару. Олардың жұмыс істейтін орындарын да белгілеп алды: бірі — Раймунд қолатында, екіншісі — Петропавлов, үшіншісі — Николай мен Анненский шахтыларының¹ шығыс бөктерінде бұрғылау жүргізеді. Ал төртінші станок бұрын-соңды бұрғы түспеген Жартас төңірегінде барлау бастайды.

Екі жылдан бергі тынымсыз ізденісте, шыңғуайтын айтқанда, жас қазақ геологы да біршама тәжірибе жинақтап, іс үстінде ысылып, барлау бағытына болжам айтарлық кәсіби деңгейге көтерілген. Жезқазғанға деген сенімі де енді бекем және содан ешкім, ешқандай бедел иесі айныта алмайды... "Народное хозяйство Казахстана" журналының 1928 жылғы 1-санында жариялаған "Қарсақбай ауданы және оның мүмкіндіктері" деген мақаласы — сол сенімнің айқын үлгісі. Сәтбаевтың ойынша, Жезқазғанға бұдан әрі қатардағы мыс ошағы деген уәж жараспайды. Оның қуатына, зор болашағына дүние жүзілік мәні бар қазына провинциясы дегендей шалқар теңеу лайық болмақ. Демек, күні кеше Қарсақбайда ірге көтерген жаңа өндіріс қаншалықты зор сияқтанғанымен, *"Жезқазғанның жерасты қазынасын төрт жүз жылда да тауыса алмайды"* (Қ.И. Сәтбаевтың өз сөзі). Оған тегінде зор қуатына лайық шынайы алып зауыт, үлкен комбинат керек. Зауыт қана емес, сырт өмірмен тікелей байла-

¹ Бұлардың барлығы "Ушаков және К", ағылшын көшімшілерінің атауы бойынша және техникалық құжаттарда жазылған қалпында беріліп отыр.

ныс — даңғыл тас жол, кең табанды темір жол, айдыны шалқар көл-бөгет, ондаған мың адам күші қажет. Мұның бәрін жүзеге асыру үшін қыруар қаражат керек. Ең бастысы, зор сенім қажет! Тоқ етерін айтқанда, Ұлытау қойнындағы мол қазынаны халық игілігіне тезірек жаратамыз десек, оны игеруді алғашқы бесжылдық жоспарға енгізіп, одақтық алып құрылыс деп жариялау қажеттігі туындайды...

Амал қанша, өлкелік жонең журналда жарияланған мақалаға үкімет, иә жоспарлаушы-жобалаушы мекемелерден ешкім де мән бермеген. Түсті металл басқармасы мен Геолкомның қазақстандық геологтың пікірімен санаспағаны анық. Қаныш Имантайұлы бірақ ұстаған бетінен қайтпай, өз ойын жеріне жеткізу мақсатпен жоғарыда аталған басқармаларға, одан да өрлеп, ҚСРО Халық шаруашылығы Кеңесіне ресми хат жолдайды.

Бұл мәселенің неліктен сәтті шешілмегендігі хақында Орталық Қазақстанды зерттеуші М.П.РУСАКОВ мынандай түсінік айтыпты: *"Өкінішті жәйт, Қ.И.Сәтбаевтың Жезқазғанның орасан зор мыс ошағы екендігін, оның мүмкіндігі Одақтағы барлық мыс кеніштерінен әденеше есе артықтығын әйгілеген пікірін бұрынғы Түсті металл басқармасы мен оның жергілікті өкілдері межелей алмады... Бұлардың Жезқазған үшін ой-қиялы жетіп, болжаған мөлшері бірер жүз мың тонна мыс болды, соның өзі табылса, әжетке жарата алсақ... деп шубәланды. Ал Қаныш Имантайұлы 1927 жылдың аяғында-ақ бұл тұжырымның қате, Жезқазған қыртысында бірер жүз мың емес, миллиондаған тонна мыс жасырынып жатқандығын батыл түрде жария еткен-ді..."*

Әділін айтсақ, іс басындағы әріптестерін жазғырып, отырған қадірменді Михаил Петрович Русаков та бұл тұжырымын 1949 жылы (Қазақ КСР ҒА-ның "Хабаршысы", №4) ғана жария еткен. Ал біз сөз етіп отырған кезде ол өзі тапқан Қоңырат кенінің дүние жүзілік алыптығын дәлелдеп баққан-ды. Ақыр аяғында Русаковтың жолы болды: бесжылдық жоспарға алып зауытты Жезқазғанда емес, Балқаш көлінің жағасында, Қоңырат кенінің мол қорына негіздеп салуға үкімет қарары қабылданлы...

(Бұл шараның қате болғандығын қатаң да әділ Уақыт Ұлы Отан соғысы басталған жыл-ақ дәлелдеді. Ал, дүние жүзілік алып деген Қоңырат мысының бір миллиард пұт қоры Жезқазған қазынасының жұлығына келмейтіндігі 50-жылдарда мәлім болды... Амал қанша, қате болды деп Балқаштағы алып зауытты Жезқазғанға көшіре алмайсың, оны тыңнан тұрғызуға тура келді...)

ТҮЙЕДЕН – МАШИНАҒА

1

Жезқазғанның тақиядай екі-үш төбесіне бұрнағы жылы 15-20 бұрғылау қондырғысын қоймақ болып қияли жобамен келген қазақстандық геолог биыл Геолком мамандарын таң қалдырған "сыпайылық" аңғартты. Небәрі төрт-ақ станок сұрап келітті. Біреуі тек терең бұрғылау жасауға тиіс... Сондықтан да тілегенін дау-дамайсыз түгел алды. Тіпті қуаты күштірек станоктың да біреуін беретін болды. Тек тереңге бұрғылау жүргізе алатын шеберді өзі табады...

Бұл болса Жезқазған қолатын жан-жақты және терең қабаттарға зерттеуге жобалаған Сәтбаев бағдарламасының мәнді тармағы. Кен жатқан жердің аумағын шектеу қажет, оның қанша жүз метрге тереңде екенін нақты білмей, қалайша барлау жүргізесің?

Іле-ақ Қаныш Имантайұлы 1929 жылдың маусымдық барлауының қамына кіріскен-ді. *"Әлгіңде ғана Свердловқа келдім... Мейманханасы үшеу екен, бірінен де орын таппадым, тіпті түнеп шығар бұрыш та тимеді. "Жәрмеңке" үйіне барып, жалынып-жалпайып бір түнге төсек алдым, оның өзін ертеңгі тоғыздан кешікпей босатуға қолхат беріп... Қысқасы, мұнда келген шаруамды тезірек тындырып тайып тұруға мүдделімін"* деп шағынады геолог Таисияға наурыздың 22-де жолдаған хатында. Ал шаруасы соншама тез тындырғандай оңай емес-ті, бірақ жолы болып, іздеген кісісін бірден тапты: "Оралгорконторамен" шартқа отырып, Апишерон түбегінде терең бұрғылауға маманданған әйгілі шебер Александровты бригадасымен бір жазға Жезқазғанда жұмыс істеуге келісін қайтты.

Бұл қыста ерлі-зайыптылар Мәскеуде бірге тұрған-ды. Таисия трест басқармасына тұрақты жұмысқа ауысқан. Бірақ жарытып істей алмады... Ерлі барлау топтарын жасақтап, солардың соңынан көктем шуағымен таласа Ұлытауға аттанып кеткенде, Таисия астанада қалуға мәжбүр болды. Күткен қуаныштарына жас үйелмендер жадыраңқы жаздың аяғында жолықты. Келіншегі ұл тауып, әкесінің қалауымен Арыстан атанды.

Ұлытау өңірі бұл қарсаңда еңбек дабылын дүрілдеткен зор қимылға көшкен. Зауыт қалыпты жүріп кетті. Жобалық қуатына жете қойған жоқ, бірақ межелі шекке жақын. Шикізаттан тапшылық көрген емес, тек қорыта біл. Жезқазғанда өзінше

екі-ақ шахты істейді, ал кен өндіруге өзiр тұрғандары қанша-ма! Тұрғын үйлер құрылысы Қарсақбайда ғана емес, Байқоңыр мен Жезқазғанда да жап-жақсы өрiстеп отыр. Барлаушы геологтарға да жыл сайын көшiп, өр жерге шеру болғанды доғарып, өздерiне тұрақты мекен-жай тұрғызып алғаны жөн-ақ. Сәтбаевтың ойынша, Жезқазғанда, Покро мен Крестовоздвиженка шахтыларының аралығындағы Тасқұдық қолатында "Барлау үйiн" салу қажет. Оны айнала керн қоймасы, жөндей шеберханасы, станоктар тұратын парк, құрал-жабдықтар базасы, ат-түйелерге де жеке қорған-жай, олардың шөп, жем қорасы тұрғызылуға тиiс. Қалашықтың бiр шетiнен техниктер, геологтар, бұрғылаушылар, барлау жұмыскерлерi тұратын баспана өзiрлеу қажет. Қысқасы, бұл мекен — уақытша емес, ондаған жылдар Жезқазған мүддесiне қызмет етерiргелi, кең көлемдi, әмбе берiк құрылыс болуға тиiс...

Көктем шығып, жер бетi дегдiген кезде Тасқұдық, Милықұдық пен Сорқұдық үстiнде мосы сияқтанған айбақ-сайбақ бақандар құрылып, солардың iргесiнен дамылсыз тарсылдаған мазасыз дүңкiл естiле бастаған. Станок мотормен жүредi. Ал мотордың жүруiне май керек. Жердi ұңғыған снаряд бөгесiз зырылдасын десең — ұңғыма көмейiне кеңiрдегiнен шүпiлдеген су қажет. Кейде арнаулы саз қосып, жер жарықшағын сылай беру керек. Суды да, майды да, лайлық сазды да таситын жергiлiктi қазақтар. Май Жосалыдан келедi, көбiне машиналар қорабымен, кейде атан түйелер парлап жегiлген ырдуан арбалармен. Су болса жақын маңдағы өзен үзiктерiнен алынады. Жезқазғанның өзiнде су тапшы, ауыз суды мұндағы тұрғын ел бiрлi-жарым шыңырау құдықтар мен кейбiр шахтылардан сорылатын жыламық көздерден алады. Кейде солар да құрып қалып, екi шелек су үшiн таңнан барып, кезекке тұру керек... Демек, сушыларға станок үшiн алты қыр асып, екi-үш бөшке суды азаппен әкелуге тура келген. Сондықтан ба, бұл жұмысқа көлiгi нашар, күш-қайраты шамалы кем-кетiктер жалданады. Әлдi жiгiттер алыс болса да пайдасы көбiрек кiре тартуға сұранып, Жосалы мен Қарсақбай арасында жүрiп тұруды тиiмдi көредi... Тегiнде, жергiлiктi қазақтар жұмысы өнiмсiз, сыры жұмбақ станокқа жолағысы келмейдi. Бұрғылауда iстейтiндер — алыстан келгендер, көбiне олар Оралдан, Украинадан, Ленинград, Мәскеу iргесiнен жалданады. Бұрғылаушы мастер, моторист, немесе аға жұмыскер және бiрнеше станокке жауапкер бұрғылау технигi — бәрi де орыстар. Сушыларға, лай, май тасушыларға қарағанда табысты бiрнеше есе артық алғанымен, бұлар да

тірліктеріне разы емес: жаз бойы табаға салып шыжғырғандай аяусыз күйдіретін күнді қарғайды; Бетпақдаладан күнітүні ескен аптапты сыбап, әрі үнсіз меңіреудей тымырайған қу медиенді өгейсіп, өздері үйренген табиғи саясы мол, сулы, нулы туған өлкесін жоқтаумен болады. Бірақ көнбеске шарасы жоқ. Қысты күні, жыл басында шартқа отырып, несие алып қойған. Онда пәлен ай, пәленше күн осы қиырда жұмыс істеп, пәленше мың метр жер ұңғимын деп міндеттенген. Қазіргі азабы — соның өтеуі, амалсыздың әрекеті. Ынтасыз істеген соң жұмыстары да өнімсіз, жүрдім-бардым. Трест технигі нұсқаған төбеге құралын сүйреп барып, бұрғылау жүргізеді. Ол жерде кен бар ма, жоқ па? Оны ойлап бас қатыруға пейілі жоқ, өйткені кен тапса да қосымша көк тиын алмайды. Еңбек-ақы бұрғы ұшы өткен метрге төленеді... Ал күн суытып, қар ұшқындай бастады-ақ, бұрғылаушы атаулы жұмысын ықшамдап, жол сандығын әзірлеуге кіріседі. Себебі жазы қапырық шөл даланың қысы мейрімсіз қатал да қаһарлы болатынын жақсы біледі. Білгендіктен де "Контракт бітті, қош бол енді, Жезқазған қыры!" деп тайып тұрады. Ұлытау жонында бір жаз жұмыс істеген келімсек бұрғылаушы екінші мәрте қайтып оралмайды. Сондықтан да бұрғылаушылар бригадасы жыл сайын жаңадан жасақталады. Әрине, трест агенттерімен күн ілгері жасалған келісім шартта бұл өңірдің күйдіргі аптабы мен құрдым шөл даласы туралы ешқандай сөз болмайды. Сөйтп, көпшілік жұрт жұмыстың көлемі мен қолына тиер соманың молдығына қызығып алданып қалушы еді де, кейіннен сол күнгі ашықауыздығы үшін өкінумен болатын... Осы гәпті Қаныш Имантайұлы үш жыл ұдайы бақылап келеді. Үш жылда Жезқазған барлауының өзі қабылдаған деңгейден ең кемі үш жүз қадам алға өрістегені анық. Қаншама кен қабаттары тыңнан ашылды. Міне, биылға 1929 жылдың жазғы маусымында 44 ұңғыма бұрғыланып, жалпы көлемі 2557 метр жерге ұңғыма жүрген. Бұрынғы қорға тағы да үш өзек қосылып және терең бұрғылау жүрген қолаттан тұтасып жатқан аумақты кен қабатына кезікті. Барланған кеннің көлемі тағы да бірнеше миллион пұтқа өсті. Соның бәрі қаншама күш-қайратпен орындалды?

Бұдан құтылудың жолы біреу — барлау құралдарына да, жұмыскерге де өзің не бол. Сонда ғана барлауды нұсқаған жерде, қалаған мерзімде, ойлаған көлемде жүргізесің. Әрине, мансұқ ісіне жетуге Қаныш Имантайұлы қолайлы мезгіл күткен-ді...

1929 жылдың күзінде Кеңес үкіметі түсті металға ділгір-

лікті ескеріп, соларды өндіретін өндірістер қуатын жедеғабил өсіру шараларын белгілеген, жергілікті кәсіпорындарға қомақты қаржы, қажет қор да бөлген. Демек, құрал-жабдық сатып алуға мүмкіндік туған. Басқарма кеңсесіз Мәскеуде ұстаған Атбасар түсті металдар тресті таратылып, дербес үш комбинат — Қарсақбай, Спас және Тұрлан (кейіннен Ащысай атанған) комбинаттары ұйымдасқан. Соларды басқаратын дирекция да кен шығаратын, иә металл қорытылатын негізгі өндіріс алаңына көшірілген. Мәскеуді ертеден қоныс еткен қызметкерлердің дені, жетекші инженерлердің біразы қиыр шетке барудан қашқақтап, әрқилы сылтаулар айтып, астанада жайлы орын тауып алысты. Қаныш Имантайұлына да ысылған маман, өрі ауқымы үлкенірек инженер деген жөнмен екі түрлі қызмет ұсынылған: бірі — Мәскеудегі Бурцветмет басқармасының бас маманы болу; екіншісі — Алматыға ауысып, жаңадан құрылған Қазақмыс тресін басқару... Бірақ ол екі астанадағы лауазымды жұмыстардың біріне де келіспей, шалғайдағы Ұлытау өңірін қалайды. Оның да басқарма мәңсабы емес, өндірістік қызметін — геологиялық барлау бөліміне жетекшілік етуді. Дәлелге айтқан желеуі: қазақ даласына қазір өкімнен гөрі, кен байлығын іздеуші керегірек... Басшылар көңілінде ешқандай күдік, лаж қалдырмауды ойлап, өрі қыраулы қысқа ілікпей орнығып алуды көздеп, кішкентай Арыстан мен Таисияны Қарсақбайға іле-шала апарып та салған-ды. Дер кезінде көшіпті: жатақтан емес, мамандарға салынған жаңа үйден бақандай екі бөлмелі пәтер тиді.

Қ.И.СӨТБАЕВ, Мәскеу — Т.А.КОШКИНАҒА, 25 желтоқсан 1929 ж.

"Қымбатты Туся!

Хатыңды бүгін алдым. Арыстанды ойлап алаңдап жүр едім, көңілім жайланды. Мен кетерде басталған аяз үйді мұздатып, балаға суық тиіп қалды ма деген қауіп қой баяғы. Аязға оның мәу демегеніне қуаныштымын. Демек, нағыз жігіт! Инженер Поповпен сәлем-сауқыт жібергеннен кейін хат жазғанмын, ал кеше балалар ауруының профессорында болдым. Оның маған айтқаны мынау: Арыстандыкі "диспенсия" деген кінәрат. Тегінде, бұл... баланың қоректі тым көп алып, соны әлсіз ұлтабарының қорытып үлгере алмауынан пайда болады-мыс. Сен оны тым жиі емізесің, бәлкім, омырау сүтің өте қою... Қысқасы, бала үшін қауіпті ештеңе жоқ дейді, төртінші айдан соң өз-өзінен тарқап кетсе керек...

Мен мұнда өзіңе мәлім жұмыстардың соңындамын. Әзірше пәлендей дерлік шешім жоқ... Ал сен өзіңе ешқандай

міндет алып, өуре болма... Мен саған Арыстаннан өзге ешбір шаруа тапсырмаймын. тіпті тыйым саламын!"

Мәскеуге қайта келген шаруасы — жаңадан ұйымдасқан бөлімге инженер-техниктер шақыру еді. Бұған көп қиналған жоқ, сәтті шешті деуге болады:

"Бөкейхановты (Сергей Әлиханұлы, жоғары білімді барлаушы маман — С.М.) Қарсақбайға баруға көндірген сияқтымын. — деп хабарлайды ол жоғарыдағы хатында, — М.М.Пригоровскийді көрдім... Бурцевті жазға салым Қарағандыны қосымша барлауға жібермек екен, айтуынша, одан өзге тиянақты кісі таппапты. Ал мен Бурцевтің тағы бір маусым Қарсақбайда керек болатынын дәлелдеп бақтым. Сірә, бұған Ленинградта келсетін шығармыз. Сен оған айт: Қарсақбайға мен қаңтардың 10-15 аралығында қайтамын, сол кезде ешбір бөгетсіз демалуға босатамын, үй-ішін көрдім, тегіс аман... Бұрғылау станоктарын табу қиындау болып тұр, сірә, табылған күнде де мамырдың бастапқы күндерінен беріде ештеңе тие қоймас. Басқа тапсырыстар да жүйкеші құртар әншейін іске айнала ма деп қорқамын..."

Бір тәуірі, коллектор, техник, бұрғылау өнерінің көнігі мамандары табылды. Сөйтіп, ерте қамданғанының арқасында, алғашқы айда-ақ бөлімнің негізі қарайып қалды...

Енді екінші мәселеге кірісуге болады. Бұл болса астанада жұмысқа қалмай, қиырдалаға құштар болғандағы түпкі мақсаты: барлау құралдарын қолына алып, Жезқазған қойнындағы қазынаны тездетіп іздеу... Бұл үшін Главметалл (бұрынғы Түсті металл) басқармасының рұқсаты, көмегі керек. Ең алдымен қомақты қаржы, тиісті фонды қажет. Әмбе соның бәрі барлау бөліміне дербес берілуге тиіс. Былайша айтқанда, геология бөлімі жеке шаруашылық есептегі мекеме болып есептелсе — шаруасы түгенделмек.

Оның бүге-шігесін комбинат дирекциясымен келіскен, солардың мақұлдауымен жасап отыр. Тіпті есеп-қисабын әзірлеп, карта-схемасы толық, арнаулы жоба түрінде ұсынған. Әрине, Үлкен Жезқазғанның келешегіне лайықталып, зор көлемге жасалған: биылғы жаздың өзінде 15 станок жүруге тиіс; қақ жартысы қыста да істейтін болады; ал, 2-3 станок терең барлаумен шұғылданады... Геологтар басқарған шағын отрядтар 100-150 шақырым маңайды да барлауға тиіс. Жезқазғанның кен төбелерін ертелі-кеш шыр айналу барлаудың өрісін ұзартпайды. Ұлытау өңірі, Сәтбаевтың шамалауынша,

мыстан да өзге кен байлығынан құр алақан емес. Сайып келгенде, бөлімнің таяу жындарға нысана етер мақсаты — бастапқы қарқынды төмендетпей, Ұлытау атырабында жылына ең кемі 25-30 станок тұрақты жұмыс істеуіне жету...

Сол жоба Главметалл тарапынан дереу қолдау тауып, кідіріссіз мақұлданса керек-ті. Бірақ, олай болмайды. Сәтбаев жобасын қараған шикізат бөлімі бірер күннен соң: "Геолком сарапшыларына апарып келңіз, ақылдасып шешкеннен сізге де, бізге де зиян болмас..." дегенге сайды. Амал қанша, ежелгі барлау нояндарына жүгініске аттанды. Олар болса асығар емес, "Жезқазған барланбаса да жер айналысын тоқтатпайды, өмір алға жылжи бередіге" салып, шыдамдылықпен күтуге кеңес берді. Не істейді, күтпеске шарасы қанша?! Ұлытауға қайтып, тездетіп барлау тобын ұйымдастырып, жұмысқа кірісудің орнына Ленинград пен Мәскеу аралығында әуре-сарсаңға түсіп жүрді де қойды... Ақыры, бір күні Сәтбаев жобасына пікір де айтпай, өйткені ол "пікір айтуға тұрмайтын қисынсыз, өмбе өндіріс мүмкіндігінен алшақ жасалған жослар" деп есептелген, "Жезқазған кенін жан-жақты барлаудың бесжылдық жобасы" аталған қомақты еңбек Главметалл басқармасына келіп түсті. Геолком мамандары өзірлеген жобамен мұқият танысып, барынша әділ төрелік айту енді Қарсақбай комбинатының геологиялық барлау бөлімінің меңгерушісі инженер Сәтбаевтың өзіне жүктелді.

Өзіне қасақана білдірілген сенімсіздік пен қиянатқа ыза-сы қыз-қайнап тұрса да, ашуын тежеп, әділ болуға тырысып шұқшия үңілсе де, одан көргені — бұрыннан таныс бойкүйез ойдың шақтап, барынша сақтықпен там-тұмдап жасаған әншейін жоба болып шықты. Ұстанған ғылыми конценциясы да бұрынғы меже: Жезқазған қатардағы кен орны, қоры да үлкен шығынды көтермейді, демек, оны біртіндеп және асықпай зерттеу қажет... Ең шатағы — жоба пелері комбинаттың геология бөліміне сенімсіздік көрсетіпті, өндіріс мамандары шамасы келмейтін мақсатқа ұмтылмай, кен жүлгесінің рәсуа-сыз қазылуын, Қарсақбай зауытының шикізатпен күн сайын жеткілікті қамтамасыз етілуін қадағалауға тиіс, ал кен іздеу — барлау мекемелерінің ежелден машықтанған сыбағасы...

Дау өрбіп, екі жағы да ымыраға келмес тұйыққа тірелген соң, Главметалл басқармасы арнаулы комиссия тағайындайды. Геолкомнан бұған И.С.Яговкин басқарған бір топ геологтар кіреді. Қарсақбай комбинатынан — К.И.Сәтбаев пен өнеркәсіп директоры Р.А.Дрейман. Бас сарапшы — басқарманың жауапты қызметкері геолог В.П.Симонов. Өз шешімін

олар Жезқазғанда айтуға тиіс. Қаңтардың екінші аптасында комиссия Ұлытауға аттанады.

Аз-кем деректермен танысудан соң комиссия тұжырымын естіртті: бұрынғы қорытынды өзгермейді, Геолкомның пікірі дұрыс!.. В.П.Симоновтың жазып қалдырған пайымдауы тіпті шатақ: *"Геолог Қ.И.Сәтбаевтың әрекеті — бос өурешілік, кең көлемді барлау — Жезқазғанның бүгінгі жағдайында ешқандай орындалмайтын, болмайтын іс!"* Геолком мамандары да қазақстандық әріптесін біржола түңілдіргісі келгендей, өз ойларын дәрекі түрде жариялаудан қымсынған жоқ-ты: *"Күректен өзге темір көрмеген сайын далада өскен сауатсыз көшпеліге сеніп, бір жазда он бес станок жүргізуге талап, келер жылдарда оны екі есе көбейтпек болу — тек қана қияли адамның әрекеті, сірә, бұл да тежеусіз жершілдіктің салдары. Мұндай жеңіл де теріс пиғыл кеңес мектебінде тәрбиеленген Сәтбаевтай жас инженерге жараспайды... Жезқазғандағы барлаудың шырқау биігі — мықтағанда төрт станок, тіпті алтаудың өзін ауызға алуға болмайды! Әмбе оны Геолкомның кәлігі мамандары жүргізуге тиіс..."*

Ескі дау басталмай жатып, барлау тарландарының нешініш мәрте жеңісімен аяқталған сияқты еді. Алайда Бас басқарма мен Геолком мамандары жас геолог деп жүрген Қ.И.Сәтбаевтың алған бетінен қайтпайтын қайсар қылығын білмейтін-ді. Әмбе дау өзі шүбәсіз сенген, Жезқазған қыртысында жасырынып жатқан мыс көмбесі жайында өрбіп отыр. Қысқасы, іле-шала бұл мәселеге (әрине, Қаныш Имантайұлының ой салып, табанды түрде қозғауымен) республика үкіметі араласады. Оның да түбегейлі талабы мығым: *"Жезқазған-Қарсақбай ауданы — индустрия ошақтарын көтеріп жатқан Қазақстанның ерекше үмітті өлкесі, оның келешегіне республика халқы алаң болып, сенім артып отыр. Сол себептен де келемі мәселенің тағдырын кен орнын жеткілікті білмейтін мамандардың біржақты пікіріне жол беріп, жергілікті өндірісшілердің тұжырымын жершілдік деп жариялау қаншалықты пайданы? Біздің соған шүбәміз кел... Сол үшін де бұл мәселеге қайта оралып, шынайы білікті сарапшылар қатысуымен кең түрде талқылау қажет деп білеміз..."*

Жергілікті өкіметтің қапысын тауып қадала қойған талабы ескерусіз қалмады. Ушыққан мәселеге төрелік айту ВСНХ-ның Кен-металлургия секторына жүктеледі.

— Бүгінгі талас Ұлытау алабында мыс кенінің бар-жоғы хақында емес. Оның жөнін барлау шешеді... Сәтбаев жолдаспен біздің көліспеушілігіміз — барлаудың көлемі мен қарқы-

ны турастында. Жезқазған мысының жаратылысы өзірше түсініксіз, жан-жақты зерттелмеген. Сондықтан да біз оны асықпай барлау керек дейміз. Бұл болса мемлекет қаржысын тиімді, әрі шақтап жұмсауға мүмкіндік береді. Өмбе барлау мамандары жетімсіз қиыр дала жағдайында бұл бірден-бір дұрыс шешім болмақ. Ал Қарсақбай геологтары, керісінше, барлауды үрдіс қарқынмен және кең көлемде жүргізгісі келеді. Сәтбаевтың ойынша, Жезқазған — Кеңес Одағындағы ең алып, ең субелі мыс кені. Алыпқа, демек, аршын қадаммен жедел осу керек! Соған лайық назар, сенім, мол қаражат керек. Сол үшін де ол шектен тыс қияли жоба ұсынады... Ешкіммен келіспей, ешқандай ғылыми талқылаусыз "Үлкен Жезқазған" деген дабыра терминді ойлап тауып, дабыра жарнамаға әуес журналистердің көмегімен оны республикалық газет-журналдарға сан қайтара әйгілеп жазуы — осының айғағы. Ең қиыны — осынау әсіре патриоттық ұранмен олар ресми мекемелерді, мемлекет қайраткерлерін иландырығысы келеді. Сондағы уәжі: "Кенді Алтай", "Алып Қоңырат" табылып отырған далада "Үлкен Жезқазған" неге болмауғатис?"... Бұл бізге ертеден таныс дерт: геолог атаулы жасаң кезінде жаппай ауыратын — "алып кен орнын тезірек тауып — атаққа ілігу" мұның аты, яғни "гигантомания..." Ал, шындығында Жезқазғанның үлкен-кішілігін әлі дәлелдеу керек. Бұл — бір. Екінші. өзі жобалаған көлемді барлауды ол қандай күшпен, қандай мамандармен жүзеге асырмақ? Артық кетсек, тағу өтінеміз. Шөл далада осы күнге дейін көшіп-қонып жүрген малшы қазақтардың көмегімен, солардың санасы жанарған биік рухымен, былайша айтқанда, кешегі түйешіге станок құлағын ұстатып, бір-ақ жазда шебер бұрғылаушы тәрбиелемек. Осы да қисынды іс пе? Алшын айтсақ, мұның аты — үкімет қаржысын желге шашу, жауапсыз авантюра!

— Бұған не дейсіз, жолдас Сәтбаев?

— Ең алдымен геолог әріптестеріме алғыс айтуды жөн көріп тұрмын. Себебі бұдан екі-үш жыл бұрын тап осы жолдастар Жезқазғанда мардымды ештеңе жоқ, бұрғылауға жұмсаған қаражат өзін ақтамайды деп дөңгелеткен-ді. Сөйтсек бірдене бар сияқты, тек оны асықпай, жаға-жастанда іздеу керек екен...

— Сіз, жолдас, негізгі мәселеден ауытқалмаңыз.

— Кейбір нәрселерді менің де бүкпесіз ашық айтқым келеді. Біздің далаға менсінбей, қиял-қариясы селқос көзқарыспен қараудан қашан арыласыздар? Кен орнын өзіміздің қарбетеміз кейбір мамандар өзіміз қиял-қариясымен селқос қарай қарай

да осынша мыс болуы мүмкін емес деп пайымдайды. Енді бір сарапшылар Жезқазғанда бар-жоғы бірер апта болып, даланың сусыз, нусыз, сұрықсыз жүдеу келбетінен шошнды да: "Мұндай шөл далада кен барлау қиын болады" деп байбалам салып шу көтереді. Осы да мемлекет шаруасына жанашырлық ниет пе? Жоқ! Әділін айтсақ, ертеңгі жауапкершіліктен өз басын арашалау. Біздің ұзақ дауымыздың түп себебі де осы, жолдастар, қарақан бастың қамы: "Болжанған кен болмай шықса, кім жауап береді?" — барлаушы Сәтбаев па, әлде соған ресми актімен рұқсат еткен лауазым иелері ме?.. Қарсақбай комбинатының геологиялық барлау бөлімі өз иелігіндегі кенді толық және жан-жақты түрде зерттеуге әзір; талап етсеңіздер, кімнің алдында болса да күні ертең жауап беруге дайынбыз! Бізге тек түзу ниетпен қарап, сенім білдіріңіздер; құрал мен тиісті қаражат беріңіздер!..

— Сұрап тұрғаныңыз жүз, иә екі мың емес, миллиондаған сом екенін түсінетін шығарсыз?

— Әлбетте. Бізге биыл неше миллион сом қаржы босатсаңыз — бірер жылдан соң оны он, жүз есе өсіріп, мыс көмбесі түрінде қайтып аларыңыз хақ!

— Барлаушы мамандар мәселесін қалай шешпексіз?

— Менің алдымда сөйлеген жолдас түйесін жетектеп жер бұрғылауға келген шошақ тымақты қазақ туралы сайқымазақ анекдот айтып, сіздерді әлгінде күлкіге қарық қылды. Меніңше, бұл — күлетін жәйт емес, қуаныштан қол соғып, шексіз қошемет білдіретін игі жаңалық! Туып-өскен өлкесінде шаңырақ көтерген өндіріс ошағына дала тұрғыны шын жүректен қуанып, жалғыз түйесін жегіп кіре тартады, пеш аузына келіп мыс ағызуды үйренуге, станок құлағында тұрып, бұрғылаушы кәсібін игеруге де талаптанбақ!.. Сол үшін ол байғұсты мазақ қылудың жөн-жосығын мен білмеймін, жолдастар. Әрине, түйе мінген қазақты бұл өнерге үйрету керек, бір жылда олардың көлігі шеберлерді ауыстыра алмайды. Сөйтсе де неліктен байқап көруге болмайды?..

Жеме-жемге келгенде кен-металлургия секторы да табан тірерлік пақтылы шешім жасай алмады. Амал қанша, тағы да ізденіп, Қазақстан өкілдігінің көмегімен, ақыры, бір күні ҚСРО Жоспарлау комитетінің төрағасы, академик Г.М.Кржижановскийдің кабинетіне тап болды.

— Глеб Максимилианович, сіз бір ғана жайға көңіл аударыңыз: Жезқазған тәрізді шөл даланың қиыр түкпірінде орналасқан мыс көмбесін Ленинградтан жүрдім-бардым қатынап, төрт-бес айға жалданған бұрғылаушылардың күшімен

тиіп-қашып барлаған тиімді ме; әлде бұл істі сол жерде ұйымдасқан геологиялық ұжымның қолына беріп, қатаң табиғаттың сырын жақсы білетін, ыстық-суығына көнбіс жергілікті тұрғындардан маман жұмыскер тәрбиелеп, қысы-жазы бірдей тұрақты барлау жүргізген сенімді ме? — деген-ді ол өнеркәсіптің кілтшанын жете білетін инженер-энергетик, салауатты ғалым, мемлекет қайраткеріне барлық айғақтарын жайып салып. — Бізге республика үкіметі сенім білдіріп отыр, өзімізге етене таныс жергілікті халыққа біз де шексіз сенеміз. Қысқасы, түйе мінген қазақтың бүгінгі заманның техникасын толық меңгере алатынына үмітіміз зор! Тек соған Бас басқарма басшыларын сендіре алмай, әуре-сарсаңға түскен жайымыз бар...

Аз жылғы ізденісте өзі тапқан мыс көмбесін көлденең тартып, бәрінен де бұрын сенген іске жаны ауырған маман екендігін аңғартып, жер мен ел тағдырына мемлекеттік тұрғыдан қарауды өтініп отырған қазақ геологының келелі әңгімесін Мемлекеттік жоспарлау комитетінің төрағасы зейінмен тыңдап, бірнеше сұрақ қойған соң, шикізат бөлімінің меңгерушісін шақырып, жөнсіз тәжікені тоқтатып, кен барлауын жезқазғандықтардың өзіне жүктеуге нұсқау етті.

II

Мәскеуден оралса қысқы барлауға қойып кеткен үш "Крелиус" тоқтап тұр: комбинаттың жабдықтау бөлімі қалқа жасайтын ағаш бермеген... Бергісі келмегендіктен емес, қолдарында ештеңе болмаған. Темір станок түгілі, төбесі жабылмай, едені салынбай, есік-терезелері қаңырайып тұрған үйлер қаншама! Ал баспана күтіп тар барактарда бастасып-аяқташып жатқан жұмыскерлерде есеп жоқ. Соның бәрі жетпегендіктен. Бұл өңірдегі судан кейінгі қатдүние — ағаш. Анығында ағаш жоқ емес, бар. Жосалыдағы аралық қоймада тау болып үйіліп жатыр. Гәп соны жеткізуде. Жеткізер еді — егер күш-көліктің басқа жүктен мойны босап, үлгерер болса...

Бұл да — "ине жіпті сүйрейді, жіп жырттықты бүтіндейдінің" кері. Бір жоқ бір жоқты туғызып, барлығы қосылып, кедейлікті мойындатқан жетімсіздіктің салдары. Ағаш болмаған соң станоктарға дер кезінде — жылы қалқа жасалынбаған. Онсыз мотор жүрмейді, суық күшейіп, аяз қысқан кезде майы қатып тоқтай берген. Мотордың үні өшкен соң жұмыскер шыдай ма, кейбірі ауылдарына қайтып кетіпті.

Тұрақты істетпек болған үш "Крелиуспен" Жезқазғанның келешек тағдырын шеше алмасын Қаныш Имантайұлы жақ-

сы білген-ді, бірақ бұларға артқан үміті өзгереді. Үшеуін кәдуілгі үйрену мектебі жасап, жазда жүргізбек он бес станоктың адамдарын жаңа өнерге баулымақ болған... Амал қанша, Жезқазғандағы барлау партиясына ие етіп кеткен жігіті Саид Сейфуллин осалдық жасап, комбинат басшыларына сыпайы шағым айтқаннан өзге ештеңе бітіре алмапты. Бөлімдегі өзінен кейінгі екінші басшы, аудандық геолог Сергей (Угэдей) Әлиханұлы Бөкейханов та "Ағаш жоқ!" деп қолын қусырып қарап отыр. Комбинаттан қайырым күтсе жаз шығады. Ал жылу ұстар қалқасыз станокты жүргізе алмайсың.

Қаныш Имантайұлы әрі ойлап, бері ойлап, қазақтың көшпелі тіршілігі баяғыда ойлап тапқан ежелгі құрым баспанасы — киіз үйін әжетіне жаратуға бел байлады.

Қ.И.Сәтбаевтың Алматыдағы мұражайында сол күнде шарасыздықтан қолданған амалдың — киіз үйден жамылғы ұстап, бұрғылау жүргізіп жатқан станоктың фотосуреті сақтаулы: қар басқан аспақ дала; төбе басында шошақ ұшы қалқып екі станок тұр; бірі — әріде, көз ұшында; жақындағысы — киіз жаппаның астында. Үй әдеттегіден сәл жатаған тігілген. Төбесінен ағаш мосының үш бұты түсіп тұр. Мосының қосылған басына шығыр орнатылған. Оған ілінген екі болат арқан киіз үйдің ішіне енген. Шаңырақ үстiнен сорайған тұрбаның тұқыл басы қараңдайды. Станоктың бір бұтында байлаулы ат. Киіз есіктің алдында жеңіл шана, үстінде темір бөшке, оның қасында ықшам киінген, шошақ тымақты қазақ жігіті. Тымағының бауын тарта байлап алғанына қарағанда күн үскірік аяз. Аты да желге сыртын беріп бүрісіп тұр...

Қаншама дәрменсіз, әрі тұрпайы сияқтанғанымен, бұл амалдың артықшылығы да бар-ды: көшіруге оңай; ағаш қоршаудай бірер мәрте емес, қашан тозып, сүйегі қирап біткенше сан қайтара тігуге болады; ал киізін ауыстыру тіпті жеңіл — қыр төсінде өзірше қат дүние емес; іргесін көміп, қоғадан тоқылған жамылғыш ұстап, темір пешке көмір, тіпті баялыш салып қойсаң — іші де жып-жылы. Бәрінен бұрын бұл амал Жезқазған барлаушыларын қиын дағдарыстан құтқарды. Тоқтап тұрған өлі моторға жан беріп, қақаған аязда да бұрғылау жүргізуге жағдай туғызды. Жабдықтаушыларға ұнағаны соншалық — келер жылдарда да, қорғаныш материалға дәлгірлік кездескен сайын қолданатын болды.

Әлбетте, қиыншылықтың зоры бұл емес-ті. Басты гәп бұрғылаушы жұмыскер табуда болатын. Барлау ардагерлерінің естелік әңгімелері түрлі жәйттен сыр шертеді...

Саид СЕЙФУЛЛИН, Қазақ ҚСР ҒА-ның корреспондент-мүшесі, геолог:

"Менің туған жерім — Ұлытаудан қашық емес, Атбасардағы татар қонысы. 1924 жылы Қазанға барып, университеттің рабфагында оқыдым. Одан соң Мәскеудегі Кен академиясына түстім. Үшінші курстан соң практикаға шықтық. Журкин деген студент досым Жезқазғанда істейтін. Соның шақыруымен 29-жылдың мамырында Байқоңырға келіп, Геолком партиясына коллектор болып орналастым. Партия бастығы Дмитрий Назарович Бурцев деген инженер екен.

Бір күні жертөледе чертеж сызып отыр едім, күн жексенбі болатын, басында геологтардың формалы фуражкасы бар бейтаныс қазақ жігіті кіріп келді. Әуелі орысша амандастық. Сосын бетіме үңіле қарап тұрды да, әлгі кісі:

— Бәрекедді, син туған татар малайымысың? — деді екі тілді араластыра сөйлеп.

Сөйтсем, Сәтбаев екен. Ескі таныстай шүйіркелесе кеттік.

— Шәкірт екенсіз, аға коллектор етіп тағайында деп Бурцевке ескертермін. Шәкіртке вить ақшаның ауырлығы жоқ, — деді қоштасарда.

Күзде оқуға қайтатын мезгіл таяды.

— Саид, сізге үлкен тілегім бар, — деді бір күні Қанекең маған, — Жезқазғандағы партияның жағдайы қиын. Геолком жұмыскерлері қысқы бұрғылауға қалатын емес. Бір жылыңызды Жезқазған үшін қисаңыз қайтеді?...

О күндегі шәкірт тұрмысының жайы белгілі. Денсаулығым жөнді болмай, қырға жүдеп келгем. Бір жағы сол да себеп болып, Қанекеңнің туған жерің үшін жаныма тие сөйлегені әсер етіп, келісім бердім.

1929 жылдың күзінен Жезқазғандағы бұрғылау бастығының міндетін уақытша атқарушы, әмбе аға коллектор болып еңбек жолын бастадым..."

Халық ТЕМІРБАЕВ, бұрғылаушы:

"Кеңгір бойында азын-аулақ мал ұстап, жазда қыстаудан екі жүз шақырым ұзап, егін салып, піскенше соны бала-шағаға күзеттіріп жан асыраған шаруақор ауыл едік. 29-жылы салған егініміз көктей күйіп кетті. Малды қазынаға одан бұрын бергеніміз... Күн-көрістен үміт үзілген соң, күзге салым Жезқазғанға қарай жосыдық. Сорқұдық басында ағаш мосымен жер тескен орыстарға барып, жұмыс сұрап сенделіп жүргенімізде, орысша киінген, күнқағары жалтыраған қазақ жігітіне кез болдық. Жайымызды айтып едік, ойланып тұрды да: "Кіші жұмыскер етіп алғызайын," — дегені. Қанышпен осылай таныстым. Достығымыз, бір-бірімізге ықылас, сыйластығымыз

сондай — мені Қаныш: "Хал-аға" десе, мен оны: "Қан-аға" деуші едім. Қиында табысып, қуанышта айырылған жанбыз... Мен келгенде бурабайда (буровой — С.М.) он шақты қазақ жігіті істейді екен. Біздің ауылдан қосылғандармен қарамыз көбейді. Кездескен сайын Қан-ағаң, ешкімге жаттығы жоқ жан еді ғой, хал-жайымды, бала-шағаның амандығын сұрайды. Шақшасын суырып насыбай ұсынады, не өзімізден атады. Кейде жымыш тұрады да: "Жігіттер, бір күзге жалдадым деп ойламаңдар. бурабайдан енді құтылмайсыңдар, өңіңді ескіртпей біріңді де босатпаймын. Жұмыстың қиыншылығына көнбей, оңайына жете алмайсың", — дейтін.

Бір күні алденеге түнеріп келді.

— Анау ішкі жақтан келген көңігі жұмыскерлердің қимылынан көз жазбай қарап жүріңдер. Олар не істесе, сендер де соны қайталай беріңдер. Бұлар үйіне қайтқанда, станокқа өздерің не боласыңдар, — деп бізді біраз ширатып кетті.

Сабаз біліп жүр екен. Қар түсе келімсектер кете бастады. Ыстаноктың құлағына өзіміз тұрдық. Ә, дегенде қиын-ақ болды. Орыстардан көргенімізді қайталап бағамыз. Бірақ өндіре алмадық. Сыну көп, тұру көп. Дайын ұңғыманы бұлдіріп, снарядты құрдымға түсіріп алып, неше күнгі бейнетті бір-ақ сағатта зая етіп, қайтадан бастап та жүрдік. Қанекең мені шу дегеннен бір ыстаноктың мастері етіп тағайындаған. Қайбір жетіскеннен қойды дейсің. Кісінің жоқтығы да. Метр ағаштың сызығын айыра алмаймын. Тескен жерімді өлшегенде, піләнке ағашты шегемен сызып белгілеп қоямын да, өзімді ауыстыратын кісіге көрсетіп, қағазға түсіртем. Кілттерді де өзім қойған аттармен айтамын. Разводной кілтті "кіркәділ" деуші едім...

Жұмысты бірақ жақсы істедік. Уақытпен санаспай, ертелі-кеш демей, жүре беруші едік. Қан-ағаң бурабайға келе қалса жатсынбай, жертөле үйде қона жатып, түні бойы әңгіме шертетін. Бойымыз үйрене келе сұрасақ, "өңіңді ескіртпей" дегені — зейнетке шығатын кезімізді нұсқағаны екен..."

ТИМОФЕЙ ЗВЕРИНЦЕВ, бұрғылаушы:

"Біздің әулет қазақ жеріне алғашқы көшпелілер легімен келген. Мен өзім Ақмола төңірегінде туып өстім. 1926 жылы Атбасар тресті Қарсақбайға жұмыскер шақырып, газеттерге хабарлама берді. Сол бойынша, әкем, үлкен ағам және мен — үшеуміз бес жылға шартқа отырып, Қорғалжынмен қоштасып, Жезқазғанға келдік. Әкем мен ағай осы күні барлаушылар конторы тұрған дөңің түбіндегі 1-шахтаға тіреуші болып жұмысқа енді, ал мен жер астына түсуге жасым толмағандықтан комбинаттың шаруашылық бөліміне жалдандым. Міндетім — инженер-техниктердің атын күту..."

Қаныш Имантаевичпен де сол кезде таныстым. Таныстым деу әсіре сөз, ол кісімен жақын жүріп, мәжілісінде болу қайда, сорайған бойым болмаса, жас күнім. Сірә, елгезектігімен көзіне түссем керек, бір күні ат қораға өзі келіп:

– Тимоша, қашанғы ат бағасың. Барлауға ауыс, өмірлік азық болатын өнерге үйретемін, – деді.

Ойланарлық сөз ғой, қолқ ете түстім. Әкем де: "Сәтбаев сөзіне берік азамат, оның көзіне түскенің – бағыңның жанғаны, екі айтқызба, бар!" деп кеңес берді. Сонымен ГРП-ға¹⁴ ауыстым. Еңбек кітапшамда бұл күн 1930 жылдың 25 мамыры деп нақты көрсетілген...

Алғашқыда кіші жұмыскер едім, екі аптадан соң аға жұмыскерге жоғарыладым. Сөйтсем, Қаныш Имантаевич сыртымнан бақылап жүреді екен, қызықты қараңыз, тағы екі аптадан кейін ауылдан келген он шақты қазақ жігітін маған қосып: "Александровтың бұрғылау тәжірибесін үйренесің, өзің де, өзгелерді де соған үйретесің", – деп шегеледі. Келіспекке шара жоқ. Тегінде, мен Қаныш Имантаевичке бір жұмыскердің сол күнде де, кейін де, "Жоқ, олай емес" деп, қарсы сөйлегенін естіген емеспін... Александровтың қасында біз бір жаз болдық. Өнері ерекше, терең бұрғылаудың қас шебері атанған әлей маман кісі еді... Қазақ жұмыскерлерін маған қосқан себебі, ол кезде мен қазақшаға жүйрік едім. Әмбе бес-алты класс мектеп көрген сауатым болатын... Сонымен, әмбе бұрғылаушы кәсіпке үйреніп, әмбе жолдастарыма тілмәш болып, Жезқазған хикаясын бастадық..."

Атағы о күнде дүрілдеп тұрған Қарсақбайға ат тұяғы жетер жердегі Ұлытау, Атбасар, Ақмола, Жосалы ғана емес, сонау Қазалы, Қызылорда, Түркістан, Ташкент, Әулиеата, тіпті шеткергі Қызылжар атырабынан да жұмыс іздеген жұрт шұбыра ағылып, үй-ішімен сабыла бастаған дүрбелең кезең. Солардың ішінен ауыр еңбекке көнбіс, темір-терсекке үйір де ептілерін таңдап алуға болатын. Алайда барлау бөлімінің бастығы туу бастан қарабайыр ересектерден гөрі, аз-кем сауаты бар жастарға көбірек ілтипат жасаған. Оларды және ұлтқа бөлмей, тек білім дәрежесіне ғана көңіл аударып, ГРП-ға топ-тобымен қабылдаған. Сөйткен себебі көп ұзамай белгілі болды: алпыс жасөспірімді ересек басшы қосып, Ленинградқа аттандырды... Олар онда бес ай оқып, арнаулы курстан өтіп, алдағы жазда Ұлытау өңіріне коллектор, лаборант, моторист, токарь, слесарь болып оралады...

¹⁴Геологиялық барлау партиясы

Т.А. СӘТБАЕВАНЫҢ естелігінен:

"Барлаушылар иелігіндегі механикалық шеберхана мен гараждың тұңғыш ұйымдастырушысы Иван Григорьевич Черехович орта жастағы мосқал кісі еді, ескі заманның кейбір оғаш қылықтарынан арыла қоймаған, бірақ міндетті ісін жап-жақсы білетін маман. Машина жүргізушілер курсына ол көшеде жүру тәртібін жете білуді талап етіп, мысалы, трамвай мен автобус қатар келіп қалса, қайсысын бұрын өткізу керек деген сықылды кереғар сұрақтар қойып, шала сауатты шәкірттердің басын қатыратын. Түйеден өзге көлік көрмеген жасөспірім трамвайды қайдан біледі?.. Алайда Череховичті ешқандай желеумен миына әбден сіңген қатаң ережеден ауытқыта алмайсың, айтары: "Жүргізуші әр түрлі жағдайға дайын болуға тиіс!.."

Бір күні Иван Григорьевич Жезқазғанға қайта алмай қалып, біздің үйде қонуда мәжбүр болды. Қаныш Имантайұлы ас ішіп отырғанда шоферлыққа үйретіп жатқан кісілеріңіздің арасында қазақтар неге жоқ деп құлаққағыс жасады.

— Пәлі, сіз білмейді екенсіз ғой. Бұл халықтың бір қолы бір қолынан қысқа жаратылған, ал машинаның рулін қолы кемтар кісі ұстай алмайды, — деп қияштана жауап берді.

Қаныш Имантайұлы екі қолын алға созып, бір-біріне теңестірді де:

— Иван Григорьевич, менің қолым да сондай ма, міне қараңыз! — деді кіді үнмен.

Иван Григорьевич қызараңдап:

— Жо-жоқ, о не дегеніңіз, сіз ондай кемтарлықтан адасыз. Айтпақшы, сіздің ұлтыңыз?.. Кешіріңіз, менің түсінігім мүлдем қате екен, аңдамай сөйлеппін, — деп қатты састы.

— Олай болса, кешіруді де Иван Григорьевич, өзіңіз күпір оймен жасаған саяси қателікті түзеткен кезге дейін қалдыра тұралық. Есіңізде болсын, қазақ шоферлары бізге өте-мөте керек, өйткені әрбір жүргізушіге өзіңізге қосқандай, бір-бір тілмәш ертуте мүмкіндігіміз жоқ. Күні ертең олар айдаланы кезіп жұмыс істемек... Қалай, келістік пе? — деп Қаныш Имантайұлы басын шайқап, абыржыған қонаққа қолын ұсынды".

Қарсақбай мен Жезқазғаннан дайындық курстары ашылған-ды. Ең алдымен "Саужой" сабағы жүреді, соңынан тыңдаушылардың қалауы бойынша, барлау мамандықтарына үйрету басталады. Солардың бәріне де Қаныш Имантайұлы бастаған инженер, техниктер сабақ береді.

Сол қарсаңда екі тілде шыға бастаған Қарсақбай аудандық шағын газеттер "За медь" пен "Қызыл кеншінің" бетте-

рінде жиі жарияланған ұрандар мен шақырулар, насихат пен үгіт мақалаларының айтары да осы, барлау алаңында жүріп жатқан қарбалас әрекеттің тынысы мен көлемін көпке мансұқ ету: *"Сауатсыз жұмыскер бурабайда жұмыс істей алмайды. бурабай — құрықпен қайыратын өріс тегі жылқы емес, қазақ жұмыскері! Ол — білімдіге ғана бағынатын күрделі техника". "Сауатсыз адам — соқырдан да сорлы, көзіңді аш, қазақ баласы!", "Ормантай Елжасұлы сауатын ашып еді, мастер болып жоғарылады. Жалақысы екі есе өсті. Ормантай Елжасұлынан үлгі алыңдар!". "Түйе мінген қазақтың машинаға аяқ артатын заманы туды, оян, қазақ елі!" "бурабайға жазылу әлі де жүріп жатыр. Бүгін келсең — кешікпейсің"...*

Комбинаттың жабдықтау қызметі жыл басында-ақ орталық қалаларды кезіп, бұрғылау техникасымен таныс мамандарды жұмысқа шақырып, екі, не бес жылға шарт жасасқан. Әрине, жазғы маусымға ғана жалданатын ескі бұрғылаушылардың көмегін де пайдалануға тура келді. Биыл олар бұрынғыдан екі-үш есе көбірек керек-ті.

Әмбе көнігі бұрғылаушылармен жасалған келісім шартқа биыл тағы бір тармақ қосылған: әрбір маман өз өнеріне бірден үшке дейін жұмыскер үйретуге міндетті; бұл үшін оған қосымша қаражат төленеді және оның көлемі үйреткен кісінің саны мен мерзіміне орай өсіп отырады...

Аяздың зәрі сынып, "түске дейін — мүйіз, түстен кейін — киіз" болған наурыздың орта шенінде Жезқазған төбелерінде жеті станок күні-түні тарсылдай бастады. Көктем шыға Украина мен Мәскеу іргесінен шақырылған бұрғылаушылар да келіп қалды. Жер тескен станоктың саны онға жетті.

Сонымен-ақ бұл өңір бұрын-соңды көрмеген, естімеген кең көлемді барлау басталды: қайда қарасаң да көрерің — тұрбасы шошайған бұрғылау мосылары; солардың арасында ертегі-кеш шұбырған аттылы-жаяу; түйелерін боздатып су мен лай, май тасыған арбалар легін аңғарасың; кей мезгіл бурабайды жағалай аралап, бірінде көбірек, қайсыбірінде азырақ аялдап, геологтардың соңынан құйын ерткен "Фордик" автомобилі келе жатады; оның жиірек тоқтайтын жері — 1-шахтының жанындағы барлаушылардың жаңа қонысы. Онда да жаз шыға зор қарбалас басталған: керн сақтайтын қойма, шеберхана, геологтар үйі, құтыхана мекені, тұрғын барактар мен меншік үйлер құрылысы үрдіс жүріп жатыр.

АХМЕДИЯ ТӨЛЕКБАЕВ, бұрғылаушы:

"...бурабайға түскен жылым. Кіші жұмыскер болып сақал-

ды бір орыстың қасында жүремін. Бір күні, шығырдың құлағы маған тиген сәт еді, жердің оппасына кезіктім-ау деймін, ыштанғаны үзіп алдым. Сақалды ұстазым мені де, темірді де мейлінше сыбап ойбайға басты да, ГРП-ға кетіп қалды. Қазынананың қат темірін құрттым, сотталатын болдым деп, менде зөре жоқ. Қой, түрмеде шірігенше қырда жүре тұрайын деп, миғұла кезіміз ғой, ауылға жөнөп берейін. Сорыма қарай бел асқаным сол еді, қарсы алдымнан бастықтың жел құйып машинасы шыға келді... Айдалада қайда жасырынасың, құдайға жазып, ұстадым да қалдым. Қанекен, жарықтық, кең кісі еді ғой! Жайымды ежіктеп білген соң ішек-сілесі қатып күлді де, "Бәрекеді, жігітім, қара темір үшін қайғырма, сендей азаматтың ол бір тырнағына тұрмайды!" — деп машинасына мінгізіп, бурабайға алып келді. Содан, не керек, отыз жылға табан аудартпастай етіп, біржола бекітіп кетті".

Жазды орталай барлау қарқыны бұрынғыдан да үдеді. Ленинградқа кеткен жастар қайтып оралып, Бас басқарма қосымша бөлген жаңа агрегаттар әкелініп, тағы да бес станок жұмысқа қосылды. Сөйтіп, алғашқы жылдың сегізінші айында Жезқазған тыңында 15 станок барлауға кіріскен-ді.

III

Барлау тобын тыңнан құрап, еңбекке жұмылдыру — биылғы жұмыстың негізгісі еді, бұл шаруаның басы қарайып, сара жолға түскеніне күмәп жоқ. Енді бір мезгіл алды-артына қарап, келешек ізденістің жай-жапсарын қамдауға мүмкіндік туды: ең бастысы, кен шығып жатқан екі-үш төбесі шұқыланғанға мөз болмай, барлау алаңын кеңіту; ағылшын геологтарының И.С.Яговкиннің зерттеуі анықтағандай, Жезқазған кені тек қана 3-5 қабатқа (горизонт) орналаспағанына қазірдің өзінде шүбәлі; өйткені сол болжамды теріске шығаратын дәлелдер аз емес; жә, сонда ол неше қабат түзейді және қандай тереңде?.. Әсілі, бұл — бүгін ғана емес, ертеңгі, алдағы ондаған жылдар барлаумен анықталар ғәп. Қателессең — қыруар жұмысты текке атқарып, миллиондаған сом қаржыны желге шашқаның. Ал, тап бүгінде, кәсіби танымы, "бірдеме білетіндігі" беделділер алдында сынға түсіп тұрғанда, қателесуге қақысы жоқ. Демек, геология білгірлері келіп, Жезқазған тыңын барлауға сілтеме теориялық нұсқа жасап береді деп күтіп отырмай, өз бетінше қарманғаны жөн болар-ау? Әрине, бұл да бірер жылдың жұмысы емес... Адуын өмірдің

күнбе-күн, сағат сайын бас геологтың араласуын қажет еткен міндеттері қаншама? Міне, комбинат басшылары Қарсақбай төңірегінен тездетіп ауыз су іздеуді жүктеп отыр. Өндіріс жүргелі тұрғын халқының қарамы едәуір өскен жұмысшы поселкасына ішерлік су жетпейтін болған. Амал жоқ, Байқоңырдағы бір станокты комбинатқа жеткізіп, су іздеуге қойды. Қысқы сапарында Мәскеудің кәсіби институтымен Ұлытау төңірегіне топографиялық, геологиялық съемка жасауға шартқа отырған. Геолкоммен де бірнеше мың шаршы метр ауданды электробарлаумен тексеруге келіскен. Көктем шыға топографтар келді, іле геофизиктер де жетті. Бәрі де машина сұрайды, ең болмағанда бастап жүретін жолбасшы талап етеді...

Өткен жылы Болаттам кен орнын біраз шарлап, пиритке бай лигниттерін (жыныс аты) көріп қайтқан. Ленинградта тексерілген кен үлгілері өте жақсы нәтиже көрсетті. Қарсақбай зауытына қажет пирит қиырдағы Оралдан зор бейнетпен жеткізіледі. Ал оны жүз сексен шақырым іргеде тұрған Болаттамнан тасу — бірнеше есе арзанға түсері сөзсіз. Қоры тек өндіріс ашқандай мол болса?.. Демек, жеделдетіп барлау қажет. Жезді мен Найзатастан табылған флюстік шикізаттың қорын анықтау да — бөлімнің міндеті. Железнов деген көпестің ертеде зауыт салып, өндіріс ашқан Қорғасын кенін (қазіргі Ақтөбе облысының жерінде) зерттеуге құлшынып-ақ жүр, әттең, оған қолындағы санаулы техниканы жұмсауға мүмкіндік тапса?!..

Байқоңыр көмірінің дүдәмал жайы да Қарсақбай геологтарының көңілінен бір сәт шыққан емес. Боқаты көп, қызуы төмен отын. Оның үстіне өткен жылдардағы барлау нәтижелі болмады, өздері ойлағандай көлемде, қажет тереңдікте жүрген жоқ. Кеніштің қоры өспей отыр, тыңнан мардымды жылғалар табылмаса — бұл жақтағы күллі өндірістің халі бес-он жылдан соң мүшкілге айналады. Көмірді де қияннан тасуға тура келеді, оған да қисапсыз көп қаржы керек. Сол себепті былтырдан бері ат тұяғы жетер төңіректен Қаныш Имантайұлы қосымша отын көзін іздеген. Ақыры жолы болып, Қияқты деген жерден жаңа көмір жылғасына кезікті. Жобалауынша, келешекте Байқоңырды ауыстыруға жарайтын сүбелі кен. Оны да мұқият барлау қажет. Иә, Қияқтының қыртысын биыл-ақ айнала қаумалап бұрғылатар еді, әттең, қолы қысқа, Жезқазғандағы станоктардың бірде-бірін әзірше оған ауыстыра алмайды. Бұл өлкенің болашағы — бұрғылау мосылары жыпырлаған тарғыл төбелердің астындағы мыс көмбесінің көлеміне байланыс-

ты екенін барлаушы жақсы білетін. Ендеше, бәрін қамтып, бөріне үлгерем деуді қоя тұрып, жұмыс коңілдегідей үдеген жылдың нәтижесін күткені жөн болар...

Сөйткені дұрысқа шықты. Қыраулы қыс түсіп, аяз күшейген қарсаңда алыстан келген мамандарды үйлеріне қайтарып, қалған жұмыскерді қайыра бір іріктеп, он станокты қысқы барлауға көшірді де, жұмыс қарқынын бүкіл бөлім болып, биылғы барлаудың нәтижесін есептеуге отырды: 1930 жылға межелеген жоспар артығымен орындалыпты; 126 ұңғыма, бұрғы ұшы жеткен орташа тереңдік — 82 метр!.. Гелком мамандарының күшімен жүргізген алғашқы үш жылдық бұрғылауда тек қана арман еткен меже! Соның әр жылынан биылекі-үш есе асып түскен! Ал барланған жер көлемі, жаңадан табылған кен қарамы ше!.. Осының қақ жартысына кешегі мамшы, кірешілердің қайырат-күшімен жетті! Биылдың өзінде олар әдденеше станокқа дербес ие болды, келер жылдарда алыстан келетін мамандардың қымбат қызметінен біржола бас тартуға мүмкіндік туды.

Бөлімнің шаруашылық базасы да ірге көтерді. Камералка (барлау материалдары сақталып, зерттелетін орын) екі жерде — Қарсақбайда да, Жезқазғанда да еңселі, кең жайларға орналасқан. Бөлімде ғылыми-зерттеу секторы пайда болды, оның негізгі мұрағаттары — әр түрлі минерал үлгілері, керн қималары Та-сқұдықтағы жаңа қалашықта (күндердің күнінде ол — Орталық Қазақстандағы тұңғыш минерологиялық мұражайға айналмақ)... Барлаушылардың химия құтыханасы да жап-жақсы жабдықталған. Оның тұңғыш меңгерушісі Сергей Рожнов алғашқы топтың қатарында Ленинградқа барып, химиялық анализ жасауға үйреніп келген, әрнеге әуесқой жас еді, минеролог-петрограф болып істейтін Таисия Алексеевнаның басшылығымен ол өз жұмысын тез-ақ меңгеріп кетті. Шлихтер дайындайтын шеберхана дүниеге келді. Нәтижесінде жыныс үлгілерін петрографиялық-минералогиялық зерттеу Қарсақбайдың өзінде жүргізілетін болды.

Бір жылдың барлауын қорытындылау Жезқазған барлаушысын күтпеген тұжырымға ие етті, бекерге шүбәланбапты, Жезқазған кені, бұрынғы зерттеушілер топшылағандай, үш, иә бес горизонт емес, бақандай тоғыз қабатта екен (мұның екеуін Қ.И.Сәтбаев "Подгоризонт" деп кішірейтіп атаған); қуаты да алғашқы зерттеушілер көрсеткен 300-360 метрден екі есе өсіп, 650-700 метрге тереңдеген-ді... Басты олжа — Жезқазған қорының бір жылда жүздеген миллион пұт мысқа өсуі. Шынтуайтын айтқанда, Ұлытау қойнындағы қазына

бұдан былай қазақтың пұт, қадағына көнбейді, әрі ол кен қорын көпе-көрішеу кемсіту болады. Оған енді миллиондаған тонна дерлік зор өлшем, алып қуатына лайық үстеме төлеу қажет! Қазірдің өзінде ол Кеңес Одағындағы ең ірі мыс кендерінің алдына шығып отыр. Ал болашақта?..

Қарсақбай комбинатының геологиялық барлау бөлімі 1931 жылғы бұрғылау жоспарын былтырғыдан екі есе өсіріп, кең көлемге жасады. Әрине, барлау шығыны да сонша есе өспек. Соған орай жазғы барлауға 27 станок қойылды. Оның жетеуі Байқоңыр мен Қияқтыда істейді. Главметалл қосымша сұралған станоктардың бәрін де дер кезінде тауып берді, тескіш бытыра мен шетелден алынатын алмаз тескіштерден де тарықтырған жоқ. Басқарманың биылғы мырзалығы біржосын болып, Отандық автомобиль өндірісінің тұңғышы екі АМО машинасын да сый етті. Соның бірі барлаушылар кеңсесінің алдына күн шыға келіп, бөлімнен аттанатын геологты күтіп тұрады...

Т.А.СӨТБАЕВАНЫҢ естелігінен:

"...Қарсақбайдағы өміріміздің екінші жылында бізге кеңірек үй тиді, еңселі үш бөлме. Поселканың жел көбірек соғатын шетінде еді, қанша жақсаң да жылынбайды. Оның үстіне боран да сол қыста Байқоңырмен қатынасты жиі-жиі тоқтата берді... Боран үдей соққан түндері есік-тереземізді қар басып қалады. Көршілеріміздің бірі келіп аршып алғанша қамалып қалған күндер де жиіледі. Бір күні отын тақа таусылып, тіпті шай қоятын ештеңе таппай, біржола дағдарып қалдық. Не істеу керек? Қарсымыздағы үйде ағылшын инженері, Қарсақбайға контракт бойынша жұмыс істейтін американ инженері Вильсон мырза тұратын-ды. Оның пәтеріне күн сайын зауыттың қоймасынан бір тәшке көмір әкелінеді. Мен соған да, шетелдіктің есігінің алдында бықып жататын көмір үймесіне қызғана қарайтынмын.

Байқоңырдағы барлау партиясының жас бастығы инженер Журкин сол қарсаңда кен орнының қорын есептеуге келіп, біздің үйге қонып жүрген. Үй шаруасына бейім Владимир Михайлович менің ыңғайсызданған жайымды көрген соң, суық үйде тыпыршып отыра алмай, әрлі-берлі жүрді де, Қаныш Имантайұлын қараңғы түскен кезде Вильсонның үлесінен екі шелек көмір әкелуге үгіттей бастады. Ерімнің ондай жымысқылыққа баспасын жақсы білемін. Сөйтсе де балалардың жаураған халі, солардың жайын ойлап мазам кеткен дамылсыз қыңқылым әсер етіп, сыртқа шықты. Терезеден қарап тұрмын. Қарсы үйдің алдына жетер-жетпесте ерім бері сүйреп, қонағымыз әрі тартып, ақыры шелектерін арт-

тарына тығыш тұрып қалды. Жылағым келіп кетті... Сол кезде үйден Вильсонның қызметші әйелі Стюра жүгіріп шықты (біздің үйге келіп, оны-мұныға қолғабыс етіп жүретін қайырымды жан еді), еркектердің қолындағы екі шелекті алып, көмір салып берді.

...Көкөністің жоқтығы ақыры мені де шырмады, діңгенемен ауырып қалдым. Комбинатта істейтін инженер-техниктерінің біразы сол қарсаңда тұрмысқа ауыр, табиғаты аса қатаң Ұлытаудан зытып жатқан-ды. Дирекция соларды қайткенде ұстап қалмақ боп, екі жылға келісім шартқа отырып, келіскендерге қосымша ақы төлеуді ойлап тапқан. Бұл өңірдегі қиыншылықтардың түр-түрін бастан кешкен, өзім ғана емес, балаларды да сан мәрте ауыртып, бейнетке белшеден батқан менің де төзімім жұқарып, өйтеуір комбинат басшылары ұсынған шартқа қол қоюдан бас тарттым. Қаныш Имантайұлы бұл кезде Мәскеуге жабдық сұрауға кеткен-ді. Қайтып келген соң мен оған келесі қысқа мұнда ешқандай шартпен қалмаймыз деген байламымды естірттім.

Қаныш Имантайұлы сөзімді зейін қоя тыңдап, жайдары қалпымен бетіме тесіле қарады да:

— Дұрыс істегенсің, Тася келісім шартқа қол қоймағаның жөн болған, — деді ақырын ғана. — Екеуіміз бұл өңірге шатшадыман тұрмыс тілеп келгеніміз жоқ, солай емес пе? Баянды барлау жасау үшін келдік. Көрдің бе, бір жылда қаншама олжаға қолымыздың жеткенін?! Енді соның бәрін тастап, қаншама елді дүрліктіріп, мәнді жұмысқа қызықтырып, жоғары жақты да мадақ қазынаға елктіріп қойып, аяқ астынан тайып бергеніміз қалай болады?.. Жо-жоқ, бұл туралы сен ойлама да, өзіңді босқа қажытпа. Биылғы қиыншылық келер қыста болмайды. Үйді жылытамыз, көкөністі өзіміз өсіреміз, алыстан да әкелеміз. Әйтсе де солардың орнына ауыртпалықтың өзге бір түрі кездесуі ықтимал. Оны да жеңеміз... Ұлытаудан сені, тегінде, "Жезқазған-Мәскеу" поезының ең жайлы, салон вагонымен әкетемін. Тек күте біл, әй, білмеймін, сол кезде, бұл жақтан ешқайда кетпеймін деп жүрмесең?!..

Шарасыз жағдайыма налыған мен оның әлгі сөздерін естігенде, "Қайран, менің қиялшылым, мұның "Мың бір түннің" қай ертегісінен?" деп күлдім де қойдым... Бір ғана ащы әксік көкейімнен кетпейді: тұңғышымыз ербала еді, бейкүнә сәби дер кезінде дәрігерлік жәрдем ала алмай, дифтериядан опат болды".

1931 жылдың барлауы Жезқазған тарихына ерекше сәтті жыл болып енді. Барлау көлемі шырқау шегіне жетіп, жыл аяғында 32 станок жұмыс істеді; бұлардың үштен бірі тереңге бұрғылау жүргізді; ең бастысы, геолог Сәтбаевтың өткен қыс-

та жария еткен гипотезасы — кен тоғыз горизонтқа шоғырланған, әмбе оның қуаты 600-700 метр тереңге бойлаған ұңғымалармен айғақталды. Алдағы барлауда осы болжамды одан әрі нақтылап, бүкіл кен орнының аумағын анықтау. Шынтуайтын айтқанда, бұл — Жезқазғанды барлаудың ғылыми жаңа теориясы болатын. Бес жыл бойы бел жазбай жүрген тынымсыз ізденістің нәтижесі. Жас қазақ геологының тез ширап, жаса-мыс әрінтестерімен нық теңестіріп, білім мен тәжірибесі өскендігінің нышаны... Алайда жаңа концепцияның иесі өзі туралы мұншама мадақ ойға малданудан аулақ. Күні-түнгі өрекеті, мақсат-мұраты — кен төбелер астындағы мыс көмбені тездетіп іздеп тауып, ел игілігіне жарату! Демек?..

Барлау көлемін бұрынғыдан да өсіру шарт. Ендігі мақсат бұрғылау қондырғыларын шексіз молайту емес, өнімділігін арттыру. Себепсіз тоқтауды тыйып, әрбір бұрғылаушының өнімді жұмыс істеуіне жетіп, шеберлік шыңдау. Бұл үшін жаздың әрбір күні тиімді пайдаланылсын. Бұрғылау қыста да тоқтамайды. Қыстай жүрген былтырғы он станок қанағат тұтар меже емес. Биылғы мұрат — ең кемі он бес агрегат! Одан соң жиырма!..

Барлау тобы бұл қарсаңда біржолата қалыптасып, келуші болмаса — кетушісі жоқ тұрақты да берік ұжымға айналған. Күні кеше темірдің бір басын ұстағанына мәз боп, су мен май тасығанына ризалық білдірген, жұмысқа сылбыр, аңқау тобы емес — әрбірі дербес станокқа ие, өзара смена, бригадаға ұйымдасқан көнігі бұрғылаушылар. Қажет жабдығын тауып беріп, жұмыс орнын нұсқасаң болды — станоктың құлағында ойнаған еңбекқор жандар... Келе-келе олардың ішінен шынайы шеберлер — бұрғылау озаттары шыға бастады. Солардың бірі — Егізек Байсалбаев. бурабайға ауысқанға дейін ауылда ұста болған жігіт. Содан ба, станоктың бүгешігесін көп тұрғыласынан тезірек меңгерді. Терең бұрғылау шебері Александровтың тәжірибесін үйренген алғашқылардың бірі де осы Егізек еді... 1931 жылы Қаныш Имантайұлы оны Ащысай кенішіне жұмсайды. Байсалбаев онда екі ай болып, оңтүстіктегі өндіріске сонау Америкадан келген шетелдік шеберден алмаз кескіштерді қайта ұштауды үйреніп қайтады. Келе-ақ орталық шеберханада "Алмазшылар мектебін" ашады. Келесі жылы Егізек өзіндей озат бұрғылаушы Бекенесовпен бірге қиырдағы Бакуге аттанды. Әрине, жер көріп, ел қыдырып қайту емес, Әзербайжан мұнайшыларынан терең бұрғылау техникасында жұмыс істеуді үйрену үшін...

АХМЕДИЯ ТӨЛЕКБАЕВТЫҢ әңгімесінен:

"Қанекеңнің ғажап бір қасиеті, меніңше, жерасты сырын ғана емес, адам мінезінің бұқпа астарын да жақсы біліп, жұмысқа жарата білуінде... Бір күні ол, қасында қаба сақал, шегір көз, жатағандау орыс шалы бар. бурабайға келіп:

— Жігіттер, мына кісіні өкеңдей сыйлаңдар. Өзгеше өнерлі адам! Геннадий Ильичті барлық станоктардың прорабы, былайша айтқанда, "сырқатын" тауып, емдеп жазатын дәрігері етіп тағайындадым, — деді.

Жігер, қайратымыз мол болғанмен, қабілетіміз шамалы, бурабайдың жұмысына көндікпеген мақау кезіміз. Мақұл десіп қуанып қалдық... Бабаилов ағылшын тұсында да біздің елде істепті. Шәддірік қазақшасы бар ескі жұмыскер-ді. Қарсақбайдың дүбірі гәзиттер арқылы сонау Смолен шәріне де жеткен ғой, жастық шағы өткен Ұлытауда өндіріс ашылып жатқанын естіген байғұсың шыдамаған, сайман жөшігін арқалап жетіп келген. Оның пайдасы, тегінде, бізге тиді...

Жер тесуге отыз жыл өмірімді сарп еткен ғұмырымда өз басым Бабаиловтай қолы шебер, жұмысқа ерінбейтін кісіні естіген емеспін. Марқұмның ұсталығы да біржосын: темірден түйме түйеді; станок тоқтап қалды деп, түнгі екіде жатағына барсаң — қолын созып, бас жағыңда тұрған шөлмектен қылқыладатып бір жұтады да, үн-түнсіз соңыңнан ереді; төрт-бес сағат, кейде тәулік бойы шұқылап отырып бұлнген тетікті түзеп береді... Александров кердең кісі еді, өнерін бұлдап өткізетін. Ал Бабаиловтың қайырымдылығында шек жоқ. Жарықтықтың мінезі де қызық: сөйлемейді, мылқау кісі сияқты; былай жасау керек деп те ештеңе түсіндірмейді, тымтырыс жүріп істейтін. Жұмыскерге сөздің керегі қанша? Көрсетсе болды... Ал кейде... тілі шығып, көзіне көрінгенді балағаттай беретін. Және ол кісі ме, темір ме — есеп емес...

Бір күні қызық болды. Сейтқазы Қарсақбаев деген өр мінезділеу жігітіміз болатын. Қанекең оны туған інісіндей жақсы көріп, қадірлеп ұстады. Әсіресе турашыл мінезін ұнататын, сондай бір өліп кетсе де өділін айтып қарап тұратын сабаз адамдар болады ғой. Иә, сол Сейтқазы марқұм бір нағылеттің нақақ жаласынан 37-жылы "Халық жауы" атанып жер жастанды, соңжарыстың алдын бермейтін Стахановшы болатын, сірә, шайпау тілінен тартты-ау деймін... Е, сол өжет, ұстараның жүзіндей турашыл Сейтқазының бурабайға келген кезі, бейшыл ауыз Бабаиловтың балағат сөзін көтере алмай: "Мына боқтампаз шалға бізді қашанғы қорлатасыз?" — деп Қанекеңе арыз айтты. Шағым емес, күйінгені де. "Долана деген жемісті білесің бе, Сейітқазы?" дегені Қанекеңнің. "Білемін, ағашы тікенекті болады, ал жемісі өте тәтті. Оны неге

сұрадыңыз?" деп бұрғылаушы жігітіміз аңтарыла қарап еді, "Сұрағаным, — деді Қанекең жымияған қалпы. — Геннадий Ильич те сол доланадай жемісі өте тәтті, жүрегі адал адам. Ал тікенегі — әредік ішіп қоятын одағай қылығы. Ондай кезде тілі шұбарланып қалады. Бірақ зілі жоқ, қайтымы тез. Сондықтан бұл кісінің артық-кем сөзін елемей, кешірімді болыңдар. Мұндай өнерлі адамсыз бізге қатарға қосылу қиын!.."

Шынында да, Бабаилов, Александров сияқты орыс шеберлерінсіз біз не істер едік? Жезқазған барлауына олардың сіңірген еңбегі ышсеусіз зор, мұны ұмытуға болмайды!.."

ШЫРҒАЛАҢДА

I

Түсті металл бірлестігі (Главметалдан Қара металлургия өндірістері ажырап, басқарма бұрынғы атына қайыра ие болған-ды) 1932 жылдың жыл қортындысын шығарды: Қарсақбай комбинатының геология бөлімі 20 мыңнан астам погонметр жер бұрғылап, Кеңес Одағындағы барлау ұжымдарының алдына шығыпты; көзге ұрып тұрған ақиқатты мойындап, бөлім меңгерушісіне алғыс жариялап, ал ұжым мүшелеріне түрліше сыйлық, марапат-мақтау қағаздарын жолдауға тура келді; бұл болса шөл дала, қу медиенде, адам айтқысыз қиыншылық пен жетімсіздікте еңбек еткен жас ұжымның бұрғылау ісінің көнігі мамандарымен жұмыс істеген байырғы барлау кәсіпшіліктерімен екі-үш жылда-ақ теңескендігін ресми мойындау...

Отыз екінші қаңтары қақаған аязбен басталды, қар да сол жылы үсті-үстіне жауып, оның аяғы неше күн соққан боранға ұласты. Ақпанда да ауа райы оңдыра қойған жоқ. Соның салдарынан мотордың майы таусылып, қордағы азын-аулақ сақтаманы шығындауға мәжбүр болған. Ал, Жосалы стансасынан май ғана емес, азық-түлік жеткізудің өзі қиынға айналды. Комбинаттың техника паркі күні-түні істесе де, күш-қуаты шектеулі автомобильдерін керуен жолында шашып алып, солардың кейбірін елді мекенге жеткізу де ауыр азапқа түсті.

Бұрғылаушылар жұмысты тоқтатқан жоқ, Жезқазғанның кен төбелерін ертелі-кеш ұңғудан жаңылмады. Бірақ азық-түлікпен жабдықтау қыс түсе қиындап, ал жұмыскер саны комбинат бойынша неше мың адам болатын, күн сайынғы үлес мөлшері тіпті құлдырап кетті. Сол мәселе жол қатынасы түзелген соң да оңала қоймады, Жосалыдағы аралық база-

ның да қащырайып бос тұрғаны мәлім болды. Қашшама үнемдеп таратқанмен, тамақ жетімсіздігі қияндағы өндірісте сыр бере бастады. Гәп, әрине, басқада, қыр елін жаппай шалған аштық кесепагында болатын...

1931 жылдың қоңыр күзінде-ақ Ұлытаудың арғы-бергі бөктерінен өндіріс ірге тепкен елді мекендерге жаяу шұбырған босқындар тобы толассыз ағыла бастаған-ды. Дені Есіл мен Шу бойынан. Сырдария қолатындағы малға шүйгін түгі мол сулы, нулы қазақ ауылдарынан жүрек жалғарлық талға-жау іздеп шыққандар. Қыс түсе солардың саны молая түскен. Шерменделердің көбі өндіріс ошақтарына жете алмай, қарға бөккен оппалар мен терең сай-шатқалдардың астында мәңгі қалғаны да — өмір шындығы...

Бұл да Филипп Голощекин басшылық еткен Қазақстан өлкелік партия ұйымы бюросының бөлшебектік белсенділікпен ұйымдастырған бай-құлақты тәркілеу, араға екі жыл салып, қыр елін жаппай колхоздастырып, "Аулада — аша-тұяқ, көгенде — қозы, желіде — құлын қалмасын!" ұранымен БК(б)П Орталық Комитетінің нұсқауын үш жылдың орнына бір жылда, 300 пайыз етіп екінді орындаудың нәтижесі. Қазақ КСР Жоғарғы Кеңес комиссиясының бертінде анықтаған деректеріне қарағанда, дала тұрғындары "Кіші Қазан" төңкерісі басталған қарсаңда иелік еткен төрт түліктен 1932 жылдың қаңтарына мынадай қарамда шығыпты: 6.509 мың ірі қарадан — 965 мың, 18.566 мың қой-ешкіден — 1.386 мың, 3.516 бас жылқыдан — 316 мың, 1.042 мың түйеден — небәрі 50-60 мың қалған; демек, негізгі қорегі мал сүмесі — еті мен сүті болған қазақ одан тып-типыл айырылған соң — не істеп, қайда барып күн көрмек? Туған жұртынан безіп, Сібір қиырына, Алтай өлкесіне, Еділ бойына, кәрі Оралға, Өзбекстан, Түркменстан, қырғыз Алатауына, Қытай мен Ауғаныстанға ауған; комиссия анықтамасында аштық жайлаған екі жылда 1130 мың адам босқын болып, солардың 454 мыңы үш-төрт жылдан кейін Қазақстанға қайтып оралған; ал сол жылдарда аштан өлгендердің жалпы саны — 2 миллион 200 мың адам (кейбір тарихшылар 3,5 миллион жан дейді, бұл жерде біз комиссия атаған ресми деректі келтіріп отырмыз)... Бұл болса сол күнде жер бетінде бар қазақтың қақ жартысы. "Ақтабан шұбырынды, алқа көл суламада" біздің халық дәл осындай алапат жұтауға түспеген.

Қарсақбай мыс қорыту комбинатының сол қарсаңдағы директоры Р.Дрейман өндіріс ісіне мығымдығымен қоса, тіршілік күйігіне мазасыз адам еді. Жан-жақтан ағын суша жөңкілген босқынға қайткен күнде қол ұшын беруді ойлап,

комбинат жұмыскерінің қарамын екі есеге жуық көбейтіп, хал-қадерінше көмек көрсеткен. Қаныш Имантайұлы да бұрғылаушылар қосының түбіне сұлдерін сүйретіп жеткен аштық тырнағынан құтқаруға тырысқаны анық. Сірә, сол себептен де ол бөлімге қарасты ұжым қатарын 32-жылдың жазында бір мың адамға жеткізген. Алайда бұл шаралар мың-мыңдап шұбырған аш жұртты жаппай құтқара алмаған.

Қазақ елін тұтас жайлаған аштық нәубеті Сәтбай қажының екі ауылын да қармаған. Әрине, оларды ажал тырнағынан құтқару тауқыметі сол ұяның естияр азаматы Қанышқа түскен. Менің үйдегі жазбаларымда осы жайында екі зейнеткердің, оңаша сұхбат үстінде көз жасын төге отырып, өздері басынан кешіп, көзімен көргені туралы жүрекжарды естелігі сақтаулы. Төменде солардан үзінді келтіремін...

Тәрмізи ИМАНТАЕВ ақсақалдың әңгімесінен:

"1931 жылдың күзінде мал-мүлік ортаға түсіп, "Ортақ қазан" заманы басталған кезде Бөкеш аға естияр ағайынға: "Енді қарайлайтын ештеңе қалған жоқ, басымыз аманда өндірісі бар бір жерге жетейік..." — деген-ді. Біздің шаңдар бірақ "Колхоздан қашты" деген пөлеге қаламыз деп... қозғала қоймады. Ал Бөкең алған бетіне қайтпайтын өжет кісі болатын, бір түнде өзінің отбасы мен Қаныш ағайдың ауылдағы бала-шағасын (келіні Шәрипа, оның үлкен ұлы Малыбай мен бір жастан енді ғана асқан Шәмшиябану) алып, аттанып кеткен-ді. Со бетінде Омбы іргесіндегі "Ауыздағы қаржас ауылынан" бір-ақ шыққан. Ерте қамданғаны сеіп болып бір топ жанды аман алып қалды. Ауылда қалғандар опық жедік: 32-нің ақпанына дейін қамбада қалған, етханада сақталған оны-мұнымен талғажау жасап, ақырында ашыға бастадық; "Теңдік" атанған колхозымыздан қайырым болмады, бәріміздің қорегіміз "Ортақ қазанның" қатықсыз су көжесі.

Үмітіміз үзілуге айналған бір түнде, бұлт арасынан шыққан ай құсап, Қаныш ағай кіріп келді. Ит арқасы қияндағы Ұлытаудан машинамен шығып, еш жерге тоқтамай жүріп отырып, жан ұшырып жеткені осы екен. Айттуынша, "Қарашаңырақ құсың қыстауда қалды, бізден дәрмен жоқ, өзің құтқар..." — деген сияқты жұмбақ сөздері бар Омбы шәрінен тилгірәм алған... Бірден-ақ бізге: "Үлкендеріңді әкете алмаймын, ал алыс жолға шыдайтын балалардың бірін қалдырмаймын..." — деп тез қамдануды ескертті. Іріктей келе екі ауылдан 12-13 бала шықты, әкесінің қара шаңырағында отырған мені де үй-ішіммен әкететін болды. Жолға қамдап шыққан азығы бар екен, жармысын ауылда қалатындарға үлестірген соң мешала аттанып кеттік.

Керегаста отырған Шорманның Кіші ауылына соғып, Қазиза әпкеміздің үйіне мені жұмсады. Әпкеміз бес бүлдіршінімен опат болыпты. Ақыш жездеміз Қамар деген ұлымен тентіреп кетіпті. Үйде қалғаны — жеті жасар Кемел мен інісі Рәшат... Соны айтып тасада қалған машинаға қайта келгенімде, ағай көзінен аққан жасты тыя алмай: "Апырай, неткен қатал заман! "Ақыр байдың түбі аштан өледі" деген осы екен ғой. Жылқысы суга құлағанда кел бетін түгел жабатын Шорман бидің тұқымы бір шайнам ас таба алмай, аштан өлгенін де көрдік-ау... — деп қатты қапаланып тұрды да. — Қой, Тәкен, қос тұяғын тастап кетсек, асыл әпкем әруағының қарғысына қалармыз, қайта бар да, екі жнеңді алып кел!" — деді. "Ойбай, оларда әл жоқ жүретін, жолда қалады", — деп безектеп едім, "Әй, Тәрмізи жалғыз әпкемнің көзі ғой олар, әке-шешем баладан зарығып жүргенде құдайдан жалбарынып сұрап алған. Қалайша тастап кетеміз? Арқаласаң да жеткіз!" — деп зекіді маған өзі қоса баруға дәті шыдамады білем, қасыма шопырын қосып берді. Шіркіндердің көрер жарығы таусылмаған екен, жұдырықтай Рәшатты мен, ересектеу Кемелді шопыр орыс арқалап әрең жеткіздік, өздерінде бақайын қимылдағар әл-қуат қалмапты".

Мәрия КОШКИНА — Таисия Алексеевнаның кенже сіңлісі:

"Таңсәріден шақыртқанына зәрем ұшып, әпкемнің пөтеріне жүгіріп келсем — ауызғы бөлме толған бала, түрлері адам шошырлық, күп болып ісіп кеткен. Шошынғаным сонша, босағада сілейіп тұрып қалыппын... Қаныш Имантаевич бұрыштағы орындықта қалғып отыр, Тася пеш түбінде жылап тұр, сірә, екеуі жүз шайысып қалған.

— Марияша! — деді жездем, — мына бүлдіршіндер — менің туыстарым. Үлкендерді жеткізе алмадым, ал балаларын адам санатына қосу, сірә, пешенеме жазылса керек...

Жер еденде сұлап жатқан мүләйім бейбақтардың адам шошырлық сұрқына қарап тұрып, біржосын зәрезап күй кештім. Жездемді ерекше сыйлаушы едім, мезгілсіз уақытта шақыртқанына қарағанда, менен көмек күткен тәрізді. Бір басына осыншама ауыр жүк топ ете түскен Таисияны да аяп тұрмын: қолында әлі бір жасқа толмаған Мейіз-ка бар, оған қоса өткен күзде Қаныш Имантаевичтың тұңғышы Ханиса мен Әбікей ағасының қызы Ханен келіп, мектепке қатынай бастаған; үшеуіне енді міне, топты бала қосылды.

Осы сәтте ас үйге жапсарлас бөлмеден шешеміздің гүрілдеген даусы саңқ етті.

— Әй, қыздарым, сендерге не болған?! — деп есіктен бері аттай бере дүрсе қоя берді. Анамыз, жаны жаннатқа кіргір, Фелицата Васильевна адуын жан еді, үміт күтіп отырған жалғыз ұлы былтыр күзде кенеттен опат болған соң, сонау Алтайдан Қарсақбайға көшіріп әкелгенбіз. — Неменеге естерің шығып кетті? Әлде сендер уайым-қайғы көрмеп пе едіңдер?.. Шиегтей алты баламен жесір қалғанда да өлгем жоқ, жерді еміп, тырбаныш жүріп, құдайға шүкір, бәріңді де оқытып, жұрт қатарына қостым... Жә, көздеріңді сүртіңдер, Қаныштың амандығын тілейік, не істейді бұл енді? Туыстарын тоқшылықта іздеп, жоқшылықта безіне ме?.. Мына шерменделерге қазір жылы мейір керек, ең алдымен ас пен жақсы күтім. Марияша, біздің тұрма, қолыңа қайшы мен ұстара алып, түп-түгел, қыз-ұл демей шаштарын сыпыр, сонсоң моншаны жақ, үстеріндегі киімді де түк қоймай әртейсің!.. Ал, сен, Тася, қазаққа тұрмысқа шығарда күйеумен бірге бір ауыл туысқа да не болатыныңды ертерек ойлауың керек-ті, ендігің көш!.. Тездетіп қазан көтер және ең үлкенін!.. Күйеужан, сен де отырма, қайдан тапсаң да бір орам мата жеткізіп бер, дабы, нә кенеп болса да...

Бәрі де шешеміз айтқандай болды. Қоңыр күзге дейін көтерем балақаңдарды жабыла бақтық. Күн сайын он тоғыз жанға ас пісіреміз. Шамалап қараңыз, Тасяның мойнына қаншама ауыр бейнет артқанын?!.. Күзде жетім қалған Сәтбаевтардың денін пансионатқа беріп, сырттай бас-көз болып қарап жүрдік. Екі жиенін Қаныш Имантаевич өз тәрбиесіне алып қалды. Екеуі де Қарсақбайда оқып, орта мектеп бітірді, кейіннен жоғары дәрежелі білім алды. Рәшат мұғалім боп шықты, ағасы Кемел Ақышұлын Қазақстан түгел біледі — үлкен ғалым-археолог атанды. Әлемді таң қалдырған "Алтын ханзаданы" тапқан сол — біз тәрбиелеген түлек, Қаныш ағаңыздың жиені..."

II

Түсті металл басқармасы сол жылы, дес бергенде, қаржыны көбірек босатып, әрі бөлімді комбинат қарамағынан ажыратып, дербес есептегі геологиялық барлау мекемесі (контора, қысқартып айтқанда, ГРК) етіп қайта құрғанды. Бұл болса оның әрбір тиынды қайда жұмсаудың есебін білетін іскер басшысына "көш қатарын" жүре түзеп, көлемін арттырып, "барлаушылар бесжылдығы" жоспарын зорайтып жасауға мүмкіндік берген...

"Маршрут бойынша саяхатқа шыққанда Қаныш Имантайұлының геологиялық зерттеуге жан-тәнімен берілетіндігі

сонша — алдындағы жер бедерінен өзге дүниені ұмытып кететін, — деп куәлік етеді Таисия Алексеевна естелік жазбаларында. — Жуықта ашылған кен орнына келгенде, нә өзі жасақтаған барлау тобының жұмысын тексеруге шыққанда, егер күн барда жете қалса — ең алдымен барлау шурфтарын, қазылған жыраларды көретін... Ертеңінде ол күн шықпай тұрып, жорта жөтеліп, нә тамағын кенеп, серіктеріне өзінің ояңғандығын сездіреді. Әрине, бұдан кейін ешкім де керіліп-созылып жатпайды. Таңғы асты ол баппен ішетін. Әсіресе кесеге жұққандай қызыл күрең шайды...

Қаныш Имантайұлы барлау орнынан қазылған жыраларды қарағанда ешқашан асықпайтын. Шыңырау шурфтардың сыз түбінде сағаттар бойы тапжылмай отыру — ол үшін түк емес. Мезгіл-мезгіл дала дәптеріне әлдеқандай белгілер түртеді де, тағы да үңіледі. Көңілін елең еткізген мәнді бірдеме көрді ме, әлдебір дала әуенін ұзақ ыңылдып, кейде соны әуелете шырқар еді. Мұндай кезде қасындағы серіктері бір-біріне жымыңдай қарап, бірақ оның шат-шадыман күйін бұзуға дәттері бармай, үнсіз қалыпта үздіге тыңдап тұрады..."

Геологиялық саяхат кезінде ол қас қарайып, төңіректі түн көрпесі тұмшалағанша дала кезеді. Қайсыбір күндері ондаған шақырым жер шолуға тура келеді. Серіктерінің сұлдері құрып, аяқтарын санап басып ілбip келе жатқанда, Қаныш Имантайұлы алдындағы жер бедерінен назарын бір уақ босатпай, сапарға жаңа шыққан кісідей-ақ жіті адымдай беретін.

Далада жүргенде ол бір жұтым су ішпейді. Серіктеріне де ішкізбейді. Ал кеште, қос тігілген бұлақ басына қайтып оралған кезде, "Шіркін, адамзатқа шай ішкізуді үйреткен кісі неткен данышпан!" деп әзілдеп отырып, мосыда тұрған қара шәугімді жалғыз өзі тауысып қоятын.

Жер шолу кезінде күдікті жыра, әлдеқандай жар, нә тауға кезіксе, машинаны тоқта-тып, әрқашанда жаяу барады. Аңғарымпаздығы, көргіштігі де осындай ізденісте танылатын: өсуі бөлек, түсі өзгеше дала шөбі, суыр інінен шығып қалған әлдебір тас түйіршігі, тіпті жер бедерінің шұғыл өзгерісі — геолог үшін жаратылыс құпиясының сырын ашуға жаралған кілт тәрізді, дереу тоқтап, сол төңіректі шұқшия қарауға себеп. Фосфорит кендері табылған Қарағайлы, Досмағанбет көмбелерін ол жол-жөнекей ашқан-ды. Шолу үстінде көргендерін жол дәптеріне жазып отыруға да ол ыждаһатпен қараған. Даланы басып жатқан шексіз құм жалдары мен бықыған тастың жалпылама сипаттамасы кімге керек?.. Жоқ,

геолог Сәтбаев далалық геология жұмысына жүрдім-бардым жеңіл көзқарасты кешірмейтін, ондай жауапсыз маманнан тезірек құтылуға тырысатын қатаң тәртіптің адамы.

Бір жылы Қарсақбайдағы бу қазандықтарына сүзгілік шикізатқа ділгірлік туып қалды. Керек болар-ау деп дер кезінде қамданбағанның салдары. Сасқалақтаған жабдықтаушылар геологтарға жүгіреді... "Қаныш Имантайұлы біздің адамдардың өтінішін естіген соң, сейфтегі жол дәптерлерін суырады, — деп есіне алады комбинаттың кен байыту фабрикасының сол кездегі бас инженері (бөртінде көп жылдар КСРО Түсті металлургия министрінің орынбасары болған) И.А.Стригин. — "Жолдарың болды, тіпті бейнетсіз таптық!" деп жымпаған геологтар жетекшісі тамаша сүзгі — глауконит құмдары кездескен бірнеше жерді сол сәтте-ақ атап берсін..."

Бір ғажабы, дала кезген саяхаттан Қаныш Имантайұлы тынығып қайтатын-ды: у-шудан қашықта, өндірістің тынымсыз қарбаласы жоқ, бурабайдың дамылсыз тарсылын да естімейсің... Шынында да, жусан иісі аңқыған көделі беткейдің дару самалына бетінді төсеп, шырылдаған торғай әнін тыңдап, иә көктемде қылиып шыққан алғашқы қызғалдақты тамашалап, жалқыаяқтанып батқан күннің кешқұрымғы сұлу шапағын көру, төбеде жымындаған аспан шырақтарын санап, бозарып атқан таңды қарсы алу, марғау даланың ұйқыдан ояңған таңғажайып сәтін бақылау... Соның бәрі арманшыл жігітті шат-шадыман күйге бөлеп, жан-жүйесін елжіретіп, әсерлендіре түсетін. Шексіз қуанышқа кенелтіп, шаршағанын ұмыттырып, жаңа ізденістерге бастар еді...

Дарқан өмірдің аумалы-төкпелі толқын, кедергі-тоспаларына қарамастан, тіршілік заңы өз білгенін істеп, шерді 1932 жылда Жезқазғанның қайта түлеу шежіресіне мәнді жаңалықтармен енді. Сірә, соның ең бастысы — кен барлаудың жаңа бағытқа ауысуы. Бөлім бастығы 31-жылы бірер станокты Тасқұдық қолатына көшірген, алғашқы ұңғыма дәмелі ештеңе көрсеткен жоқ, біраз қаржы текке шығын болды... Алайда келер жылдың басында барлау жетекшісі Тасқұдыққа тағы да шүйліп, үш станокпен тереңге барлауға нұсқау берген...

Геологиялық жөнінен ғана емес, қарапайым өмір қисынымен қарағанда да инженер Сәтбаевтың бұл қадамын, әсіресе Сорқұдық пен Милықұдық астынан бұрғы ұшы кен қабатын әрдайым кесіп өтіп, олжаға шаш етекпен кенелтіп отырғанда, барлауды тың жерде бастауын түсіну қиын. Әмбе тап сол жерде геологтардың өндіріс базасы мен тұрғын жайлары орналасқан. Күткен қазынасы молдап шыға қалса, соның бәрін басқа

жаққа көшіру керек. Бұл да шатақ іс: кім-кім, бұрнағы жылы тап өзі осы құрылысты Тасқұдықта салуға жоба берген, демек, қателескенін мойындауы шарт...

Қаныш Имантайұлы 32-жылдың жазында мұрат еткен барлауға батыл кірісіп, тәуекелге бел буған. Әлдеқандай бір сезім, нә сезік күшімен үш-төрт жүз метрге, одан да тереңге құлаш ұрған.

Бұл әрекетін геолог әріптестері көп жылдан кейін зор ерлікке, керемет көрегендікке баламақ. 60-жылдарда мәскеулік геология білгірлері соған ғылыми нақты атау тауып, "Сәтбаевтың көрегендігі" ("Феномен Сатпаева") деп атамақ...

Академик Қ.И. Сәтбаев негізін қалаған металлогениялық болжамдау теориясымен түбегейлі шұғылданған Мәскеулік, геология-минерология ғылымының докторы, профессор Н.А.Фогельман "Знание — сила" журналының 1973 жылғы 2-санында жариялаған ғылыми очеркінде былай дейді:

"Жезқазған кенінің гидротермальдық тегіне қалтқысыз сенген Сәтбаев бұрғылау ұңғымаларын көбіне теориялық қисынға келмейтін, тіпті кен жоқ деп үзілді-кесілді тұжырымдалған тың қабаттарға, құрдым тереңдерге бағыттайды. Таң қаларлық жәйт: геологтың жолы оңғарылып, бұрғы ұшы әрдайым құнарлы кен өзектерін жолықтырып отырған... Алайда мұны Сәтбаевтың ерекше көреген қабілетінің нәтижесі деп қана түсіндіруге болмайды... Жә, сонда Қаныш Сәтбаевтың көрегендік сыры неде? Кен орнын барлауды бастаған кезде-ақ өз ісіне соншама тақуа, әрі әсіре білгіш ағылшын мамандары көрмей кеткен көмбені ол қалайша біле қойды? Он екі жылдық барлаудың әр жылында кен қорын еселеп өсірген тамаша жетістікке, оған оң көзбен қараған әріптестерін де таңғалдырған ғажап нәтижеге ол қалай жетті? Мұны, тегінде, "бағы жанған" деген тәрізді қарапайым түйсіктермен түсіндіре алмайсың.

Әрине, теориялық мығым негізге сүйенген болжаудың септігі тиген. Сәтбаев соған сүйеніп, іздегенін бірден "көрген": тектоникалық құбылыстардың бірнеше дәуірде қабаттасып, Жезқазған қыртысында кен түзген заңдылықтарды ту бастан жете ұққан да, соны бетке ұстап, мыс ертінділері құйылған жарықшақ сызаттарын қолмен ұстағандай нұсқап отырған..."

Тасқұдықтағы тың барлау біршама сәтсіздіктерден соң ақыр аяғында жолды болды. Сол жазда-ақ құрдымға бойлаған бір ұңғыма өзі күткен кен қабатын тереңде кесіп өтеді, іле екінші, үшіншілері... Қысқасы, күзге дейін тоқтаусыз жер

ұңғып, өндіріс ошағы орналасқан қырат пен тұрақ үйлердің ара-арасы қаптаған оқпанға айналады. Жыл аяғындағы есептеуде Жезқазған кен орнының қоры былтырғыға қарағанда тағы да екі есе өсті. Бұл болса Тасқұдықтың алғашқы жылғы барлауда бергені, келешекте ол Жезқазған кенінің ең сүбелі, қорлы кен төбесіне айналмақ...

Сол жылдың аяқ шенінде Қаныш Имантайұлына Мәскеуге баруға тура келді. Жалғыз емес, бір топ геолог-техниктерді ертіп. Сапарлары сәтті болды. Астанада ұзақ жатып, бес жылда Ұлытау атырабынан барланған пайдалы қазбаны ВСНХ-ның Орталық қор комиссиясының (ЦКЗ) алдында қорғап шықты. Комиссия Жезқазған барлауының со-ны деректеріне шұқшия үңіліп, ақыры арнаулы мемлекеттік актімен бекітіп берді.

"Цветметиздат" баспасы инженер Қ.И.Сәтбаевтың "Жезқазған ауданының мыс кені және оның минералдық ресурстары" деген ғылыми еңбегін сол жылы-ақ жеке кітапша етіп шығарды. Еңбек иесінің тұжырымдауынша, *"Жезқазғанмен қоры жөнінен тең түсер Одақ көлемінде тап қазір бірде-бір мыс кені жоқ: әмбе ол игеруге тиімді сипаттарға ие; сонымен қатар Жезқазған ауданы мыс қана емес, темір, марганец, күкірт колчеданы, көмір, қорғасын, асбест, отқа төзімді саз, фарфор, фосфорит, шыны, барит тәрізді құнды қазба байлықтарға, құрылыс материалдарына өте бай. Демек, оның зор мүмкіндіктерін халық шаруашылығының қажетіне тезірек пайдалану үшін мынадай шараларды жүзеге асыру қажет: а) Жезқазғанды Атасу темір кендері арқылы сенімді отын ошағы — Қарағанды көмір бассейніне кең табанды темір жолмен жалғастыру; б) Үлкен Жезқазған комбинатын салуға жедел кірісу; в) бұл аудандағы барлау жұмыстарын одан әрі комплексті түрде дамыта беру — оның қазба байлықтарын көптеп ашуға түрткі болмақ; г) екінші бесжылдық жоспарда Жезқазғанда қара металл және ферромарганец өндіретін ірі комбинаттар салуды жобалау..."*

Ұлытау қойнындағы мыс комбенің мадақ дақпырты ақыры жоспарлаушы мекемелердің назарына ілкті. Жезқазғанда үлкен мыс зауытын салу туралы ВСНХ қарары да жарық көрген. Тіпті бірнеше жобалау, зерттеу институттарының жетекші ірі мамандары Қарсақбайға келіп, айлап жатып, ізденіс, дайындық шараларына едел-жедел кіріскен-ді.

Қаныш Имантайұлының ойынша, бір ғана жәйт күмәнді. Ол — су тапшылығы. Оған дүлгірлік қазірдің өзінде айқын сезілуде. Ал өндіріс іргесі кеңейіп, дүние жүзілік алып комбинат

ірге көтергенде, тұрғын халық саны еселеп өсіп, Ұлытау өңіріне жүз мыңдаған адам жиналғанда жағдай не болмақ? Түптің түбінде осы жәйт басты кедергіге айналса қайтпек?..

Жер астынан су іздеуді Қарсақбай геологтары ерте-ақ ойластырған-ды, бұл үшін қаржы да, техника да аяп көрген жоқ. Бірақ жоққа жетер жүйрік бар ма? Төрт-бес жылдан бергі дамылсыз ізденісте көңіл тыншығандай су қорына жолыға алмады. Әйтсе де бере-келі Жезқазған қыртысына сенім, әсіресе оның жарықшақты қатпарлары, тақтатастан түзілген небір қойнау-оппалары барлау жетекшісінің ойынан кетпей мазалай беретін. Солардың қайсібірінде өндіріске жарамды су қоры сақталуы мүмкін, қар-жаңбырмен келетін су көлемін ертелі-кеш есептеу де осы болжамды бекіткендей... Ендеше, іздей алмай жүрміз, тәжірибе, білім жетпеді. Бәлкім, күш-қуатымыз кем болды? Ал су сақталған оппаны қалайда табу керек! Онсыз Жезқазған тағдыры шешілмейді.

Осы мақсатпен Қаныш Имантайұлы Орта Азияда жер асты суларын көп жыл іздеген кәнігі гидрогеолог Моргуенковты 1929 жылы Ұлытауға шақырған. Ол келген соң ізденіс ғылыми жүйеге түсіп, әрбір күмәнді ойпаң жоспарлы түрде тексеріле бастады. Бірақ жер астындағы бұқпа көл табыла қоймады.

(Шынын айтқанда, нақ осы жағдаят Жезқазған-Ұлытау аймағын ірі көлемде дамыту жобасын екінші бесжылдықта бастауға кеселін тигізді. Ф.П.Моргуенков болжаған жер астындағы су қоймасы туу баста іздеген жерден, Қарсақбай мен Жезқазған аралығындағы Жанай шоқыларынан бертінде, 60-жылдарда құрдым тереңге барлаудың нәтижесінде (демек, ғылыми болжам дұрыс болғанмен, техника күші жетпеген) табылды. Оның су қорының молдығы осы күнгі Жезқазған қаласының іргесін көтеру үшін ғана емес, алып байыту фабрикасын салып, жаңа мыс зауытын жобалауға да мүмкіндік берді).

Гидрогеологтарға сеніп, күндердің күнінде мол сумен жарылқайды деп қол қусырып қарап отыруға бола ма? Әмбе нақты айпақсыз жобалаушыларды маздандыра алмайсың. Оларға мол су көзі керек! Сондықтан да Қарсақбай геологтарының жетекшісі Мәскеуге барған бір сапарында белгілі су маманы, академик Б.Е.Веденеевке жолығып, күні ертең өздері шұғылдануға мәжбүр болатын мәнді мәселені бүкпесіз өңімелеп, көмек сұраған. "Бізді қазір бір ғана жәйт қатты алаңдатып отыр, Борис Евгеньевич, — деген-ді. — Үлкен Жезқазған комбинатын алаңсыз тұрғызуға қар суы жете ме, жет-

пей ме? Мамандар бұл жайында әр түрлі жорамал айтып жүр. Бірақ нақтылы зерттеу жүргізіп, Ұлытауға жыл сайын түсетін ылғал көлемін есептеген бір жан жоқ. Осы мәселеге ғылыми төрелік айтуыңызды өтінеміз!.."

Салауатты маман нақты көмек көрсетті. Өндіріс орындарын сумен жабдықтауға маманданған Мәскеудің Водоканал-проект институты бұл мәселемен шұғылданатын болды.

Отыз бірінші жылдың көктемінде институт мамандары Ұлытауға келіп, Кеңгір өзенінің тасыған шағын бақылаған. Зерттеу жаз бойы, күзде де тоқтаған жоқ...

Қай мәселеге қоян-қолтық араласудан бұрын сол шаруаның ондаған жылдар ілгергі келешегін түбегейлі ойлауға дағдыланған Қаныш Имантайұлы бұл жолы да ежелгі әдетінен айныған жоқ. Айталық, күні ертең Кеңгірдің Наушабай дейтін аяқ саласында тоспа тұрғызылып, Жаңа Жезқазған қаласының іргесі қаланды дейік. Үлкен зауыт та сол жерге жобаланады. Демек, онда жүз мыңдап кісі тұрады. Қала салу, озық технологияға негізделген зауыт тұрғызу — қиын емес, түптеп келгенде, бұл — құрылысты жобалаушы мамандардың міндеті. Ау, сонда жүз мың, екі жүз мың кісіні қалай ұстаймыз? Оларға көкөніс керек, аурухана, балалар бақшасы, мектеп, басқадай да білім орындары қажет. Қала болған соң бау-бақшасыз бола ма? Көшелер, орталық алаң, тіпті қала бағы жалаңаш тұра ма? Жоқ! Бұл қалада жайқалған ағаш болсын, тұрғын жұрт та жапа-тармағай бау-бақша өсірсін! Бірақ, қалайша? Наушабайдың күлгін реңді, құнарсыз топырағы біз жобалаған көк желекті, көкөністі, гүл бағын өсіруге жарай ма, жарамай ма?.. "Жоқ, жолдастар, бүйтіп жүз мың сұрақ қойып бас қатырғаннан да, дереу тәжірибеге кірісіп, қала тұрғызылғанын күтпей өсіре бастау керек. Топырақтың жарамды-жарамсыздығы да сонда ғана мағлұм болады..." КСРО ҒА-ның Қазақстандағы базасы Алматыдағы ботаника бағын осы зерттеумен шұғылдануға міндеттеп, 1932-жылдың көктемінде Кеңгір жағасынан тәжірибе участогын ұйымдастырды. Төрт-бес жыл өткен жоқ, күлгін түсті құмай топтырақты Төрткүл жазығында ағаштың, жемістің, бау-бақшаның, көкөністің шөл далаға төзімді түрлері жап-жақсы өсетіндігі іс жүзінде дәлелденді...

Иә, бәрі де көңілдегідей болатын. Жезқазған қазынасы әлдебір білгіштің өзінше тежеуіне көнбейтін, ешқандай кедергі-қарсылыққа төзбейтін кең өріске шыққан-ды. Біржола танылып, шынайы нарқы мен даңқы жария болған. Ал оның жоқтаушысы геолог Сәтбаев нақ сол кезде Түсті металл басқармасы мен Геолком мамандарын тағы да таң қалдырған

ғылыми жаңа концепция жария еткен: "Жезқазғанның мыс қоры барлау көлемі ұлғайған сайын көбейе береді. Оның қоры Америкадағы Жоғарғы Көл, Африкадағы Катанга, Терістік Родезия тәрізді дүние жүзіне мәлім мыс провинцияларынан ешбір олқы емес, кейбір ерекшеліктері жөнінен артық та..."

III

Жаманат хабар Қарсақбайға 1933 жылғы ақпан айының орта шенінде жеткен-ді.

МЫРЗАБЕК ТҰҢҒЫШБАЕВТЫҢ өңгімесінен:

"Ақпанның ақ ықпасы түтеп тұрған күндердің бірінде Қарсақбайға жедел шақырылды. Бурабайдан ешкім қалмасын, жұмыскер атаулы түгел келсін деген қатаң бұйрық. Қанекең мәжілісқұмар кісі емес, жұмыс адамын жөнсіз мазаламайтын. Аға мастерлер ғана конторға барып тұрады, онда да есеп беруге, пә жұмыскердің жалақысын әкелуге..."

Тайлы-таяғымыз қалмай, темір жолдың кішкене вагондарына тиеліп, Қарсақбайға жеттік. Біз ғана емес, Байқоңыр мен Қияқтыдағы жұрт та қотарыла келіпті. ГРК-ның жұмыскері түгел, жалпы қарамы алты-жеті жүз кісі. Мыс зауыттың сол жылы біткен құлыбына сыймадық, орындық жетпегеніміз еденге, есік-терезенің алдына жайғасып, тымақтың құлағын түрейік. Әншейінде жұрт алдына жайраңдап шығатын маңғаз Қанекенде өң жоқ, жауар бұлттай түнерген қалпымен минбеге келді.

— Жағдайымыз қиын! — деп бастады сөзін. — Биылғы барлауға жобаланған қаржыны Бас басқарма бермейтін болды. Қысқасы, Жезқазған барлауын біржола тоқтауға бұйрық алдық. Барлықтарыңыз да бүгіннен бастап есеп аласыздар... Неге бұлай болды? Оның себебін өз басым білмеймін. Тіпті түсіндіре де алмаймын. Ал, көпе-көрінеу жаңсақ бұйрық екініне шүбәм жоқ!..

Қазақ қысы боранды болып, малы қырылған жылды жұт дейді. Бізге жұт борансыз ашық күнде келді. Желіге байлар тұяғы жоқ тақыр кедей, күні-түні баққаны — бурабай болған жұмыскер нан жегізіп отырған ыстаногынан шеттетілген соң жұтамай қайтседі?.. Қара жерге отырып қалғанымызды білдік. Әй, несін айтасың, ақпанның ашық күнінде найзағай ойнаса бүйтіп есеңгіретпес, төбемізден біреу суық су құйып жібергендей жаппай мәңгу болдық та қалдық. Залдың әр жерінен дәрменсіз қарсылық білдірген сылбыр үндер естіледі. Біреулер "Зиянкестік" деп міңгірлесе, екіншілері "Сталин жолдасқа хат жазу керек!" деп даурығады.

Қапелімде ойлағанымыз — құрсақ қамы. Өйткені кешегі отыз екінің зауалы жанымызды түршіктіріп кеткен...

Ақыры, әрлі-берлі шуласып, Қаныштың өзіне жабыстық.

— Не білгенің бар, жарқыным? Мына жағдаяттан шығар жолды өзің көрсетпесең, бізден не ақыл сұрайсың, — дедік.

Азаматтың арыстаны еді-ау, жұмыскерден жасырын сыры, сырдаң қулығы болмайтын.

— Түптің түбінде шындық жеңеді, барлау да қайтадан жүреді, ағайын! Бірақ соған қашан жетеміз, оның жөн-жосығы маған беймәлім. Өз басым Жезқазғанды тастап, басқа жерден абырой іздемеймін. Ақы-пұл алмай, жұмыс істеуге дайынмын, қысқасы, осы өлкенің жерасты қазынасын ақырына дейін ақтарғанша ешқайда кетпеймін! — деп саба-зың ағынан жарылды.

Мәскеуге жүрмек екен.

— Ізденемін! — деді Қанекең. — Маған сенгенің, Жезқазғанның асыл қазынасына сенгенің — ешқайда кетпеңдер!... Әлбетте, бұрынғыдай ай сайын қолыңа ұстар қаражат бола қоймас. Бірақ, "Көппен көтерген жүк жеңіл!" деген, не ішсек те — бәліп ішеміз, не көрсек те — бірге көреміз, ағайын! Осыған шыдағандарың өл-өлгенше, ақтық демім кеудемнен шыққанша менімен біргесіңдер. Ал кетемін дегенге ешқандай реніш айтпаймын. Балалы-шағалы жансыңдар, олардың да күнкөрісін ойлаңдар!

Сол кеште ешқандай мәмлеге келе алмай, уласып-шуласып үйді-үйге тарадық. Мастерлерден ерлік көрсеткен Бабаилов болды. Ол сабаз ертеңгілікте конторға барып, "Менің тағдырым Жезқазғанмен әдеқашан тоғысқан, Қанеке, қасыңда боламын!" — депті. Халық Темірбайұлы да бригада-сымен қалатын болыпты. Маған да толқу кірді: қиын күнде Қанекеңнен жақсылық көріп, шапағатымен кешегі мақау кезімізде ел санатына қосылдық; жаңа кәсіпке баулып, станоктың құлағын ұстатқан қарызын қалайша ұмытамын?.. Ақыры кешкілікте үйіне барсам, жол жүрмек болып, қағаздарын реттеп отыр екен. "Қанеке, не көрсем де өзіңмен бірге болуға бекіндім! Алыс жолға осы тілегімді арқалап аттанғайсың!" дегенімде, мінезін жасыруды білмейтін аңқылдаған жан еді ғой, жарықтық, қапсыра құшып, қолымды құшырлана қысты. Бетіне қарасам, көзінен аққан жас омырауына тамшылап тұр. Шыдау қайда, менің де жүйкем босады..."

Жезқазған хикаясының сол бір қиын-қыстау күндерінде өз тағдырын бөле қарап, жан сауғалауды тәрік еткен бір ғана Г.И.Бабаилов, нә М.Тұңғышбаев емес-ті. Егізек Байсалбаев, Александр Рожнов, Жағыпар Сейілов, А.Әлмағанбетов, Дүзен

Үншебаев, Павел Прокопьев, Сейитқазы Қарсақбаев, Тимофей Зверинцев, Ахмедия Төлекбаев, Есілбай Бекенесов, Өтепберген Битабаров, Халық Темірбаев, Әбілқасым Омаров, инженер Үгедей (Сергей) Бөкейханов, бұрғылау жұмыстарының бастығы А.Д.Никитин, инженер-геолог И.Н. Богданчиков, Д.Н. Бурцев... тәрізді едәуір қарамды топ болатын. Ат төбелінде аз емес, жиыны — 72 адам.

Қиыншылықтар көп күтгірген жоқ. Түсті металл басқармасының "мырзалық" жасап, Жезқазған конторына қалдырған мазақ қаржысы (былтырғы ұстағанның небәрі бір пайызы, яки үш жүз мыңдай сом барлаудан кеткен жұмысшылармен есеп айырысуға ғана жетті. Ал бұрғылауды өз бетімен жүргізуге келіскен жұмыскер қайтіп күн көрмек? Станоктардың майы мен бытырасын қайдан алады?..

"Гараж, шеберхана, химия құтыханасын комбинат меншігіне көшірдік; станоктардың да санын азайтуға тура келді; әрине, басқа жерден күнкөріс іздеген адамдарды да ұстағымыз жоқ... Бірақ барлау техникасын меңгерген маман жұмысшыларды қайткен күнде сақтап қалу қажет-ті, — деп куәлік етеді Жезқазған эпопеясының қиын күндерін ерімен бірге басынан кешірген Таисия Алексеевна. — Ә, дегенде есеп алғандардың да қайсыбірі артынан қайта оралып: "Сушы болсақ та бурабайда қаламыз!" — деп көңілімізді өсіргені ғой. Үй ішінің ұсақ күйбеңі, менің де қиыншылықтан түңілген кезде белең беретін наразылықтарым жайына қалды. Бәрін де бір мүддемен өзара ынтымақтасқан шағын топтың тірлік-тағдыры жеңді. Белді бекем буып, өзіміз көтерген өңдірістің тіршілік отын сөндірмей, қайта маздату үшін ұзақ айларға созылған күрес бастадық. Барлаушылардың шағын тобын іріктеп, қолда бар азғана жабдық, қорды үнемдеп жұмсаудың шараларын қамдаған соң-ақ Қаныш Имантайұлы аттанып кетті. Кішкентай қызымыз Мейіз де сол кезде аяқ астынан ауырып, қатты жығылған. Көкесі бұған да аялдаған жоқ. Сүлесоқ жатқан сәбілді маңдайынан бір ніскеді де, жолға шықты..."

ҒҰЛАМАЛАР АЛДЫНДА

I

Осы сапарда Қаныш Имантайұлына Мәскеудің небір еңселі кабинеттерінің алдында телміріп отырып, қабылдау күтуіне тура келді. Бірінен сағы сынып, қайта келместей бо-

лып шықса екіншісіне барады. Сөйтсе де тындырғаны шамалы. ВСНХ-ның геологиялық Бас басқармасы (бұрынғы Геолком) да Жезқазған барлаушысының төңдіре айтқан арызын, құшақ-құшақ дәлелін жүре тыңдап, көбіне тыңдамай діңкелетті. Қандай да ірі басшы, келелі маманмен тілге келсе, еститіні: "Дұрыс айтасыз, Жезқазғанда мыс көп, тіпті қисапсыз көп, бұған біздің ешқандай да шүбәміз жоқ!" — дейді, бірақ іле-шала өзі "Ақылға көңіңіз" деп, үгіттей бастайды. Дәлелі — "Сіз тапқан орасан көп мыс қиыр шетте, жолсыз шөл далада. Оны игеру үшін пәленбай жүз шақырым темір жол тарту керек — құны оның жүздеген миллион сом; ал су мүлдем жоқ, демек, Жезқазғанда іргелі үлкен өндіріс тұрғыза алмайсың... Сіз, жоғары білімді мамансыз, өзіңіз айтыңызшы, бір Қазақстаннан екі мыс алыбын бір мезгілде тұрғызуға бола ма? Қарсақбайдағы зауытты шағын деп тым кішірейтпеңіз, қымбаттым, оның одақтағы үлесі өзірше көп-көрім. Мақтаулы Жезқазған кеніші әуелі соған қызмет етсін... Қазірде біз бірнеше жерден түсті металл өндірістерін салып жатырмыз. Бәрі де тиімді технологияға негізделген. Бәр-бәріне көп қаражат, күш керек. Құрал-жабдық, мамандар керек. Ал сіз: "Солардың бәрінен де алып, бәрінен де тиімді — Жезқазған!" дейсіз. Русаковты алайық, ол да білгір маман, өзі ашқан Қоңырат мысы туралы тура солай дейді. Қоңыратқа негіздеп, Балқаш көлінің жағасынан үлкен өндіріс бастадық. Өйткені онда су мол, темір жолы бар Қарағандының мол көміріне ұрымтал орналасқан. Ал Жезқазғанға?.. Білмеймін, жолдас Сәтбаев, таяу арадағы қырық-елу жылда Ұлытау атырабында іргелі құрылыс бастаймыз деп сізді бекерге сендіре алмаймын... Демек, барлауды да өзірше тоқтата тұру қажет, ең аз дегенде жиырма жылға. Ау, сайып келгенде, сіздің міндет — кен барлау емес, Қарсақбай зауытын құнарлы мыс шикізатымен жабдықтау. Ұқтыңыз ба, геология бөлімін де сол үшін қысқартқамыз жоқ. Жолдас Сәтбаев, шама-шарқыңызға қарап, бойыңызға шақ іспен шұғылданыңыз!.."

Қаныш Имантайұлы да бұл қарсаңда өмір теперішін біршама көрген, жасы сол көктемде отыз төртке шығып, өндіріс түтінін "ііскеген" сақа инженер-ді. Ең бастысы, сол күнде оны ешқандай иланымды дәлел, иә күш көрсетіп, Жезқазғанның мыс көмбесін іздеу ісінен бездіру мүмкін емес-ті.

Сонсоң да ол үлкен астанада айлап жатып, әр жерден түртіне ізденуден жалықпайды. Сәуірдің бас кезінде республика үкіметінің жәрдемімен бөлімге қалдырылған болмашы қаржыны екі есе өсіруге рұқсат алады (былтырғы соманың

екі пайызы). Бұл болса тоқтауға шақ тұрған ізденісті мейлінше азайтып, бірер ай амалдауға жетпек. Амал қанша, көмектің өзге көздерін іздеуге тура келді.

Соның бірі — Алтын барлау тресі. Тресте қаржы мол. Бір тәуірі, алыс-жақын деп жер талғамайды. Қаныш Имантайұлы алтын іздеушілермен шарт жасасады: Жезқазған геологтары пәленше жүз мың сом қарыз алады; төлемі — алтынны құнарлы кен көздерін нұсқау... Ұлытау өңірінің мұндай қымбаттардан да құр алақан емесіне соңғы жылдардағы саяхаттар кезінде көзі жеткен. Ендеше, тап соларды қысталаң кезде пұлдап, Ұлытау келешегіне неге пайдаланбасқа?!

Одақтық Көмір институтымен де "Қияқты көмірін зерттеуге..." деп көп-көрім қаржы алды. Рас, ыңғайсыздау "сауда". Себебі Жезқазғаннан өзге жерге содан бір сом жұмсамасы өзіне аян. Көмір институты бірақ ешқандай зиян шекпейді. Екі жылдан бері үш-төрт станок Қияқтыда не себепті жұмыс істеді? Жезқазған геологтары сол өңірге шұқшия үңіліп, не үшін барлау жүргізді? Үйге қайтқан соң инженер Бурцевті бірер ай кабинетке оңаша отырғызады да, бұрынғы барлау деректерін жинақтап, институтқа жаңа барлау нәтижесі етіп көлденең тартады. Әрине, келеңсіз шаруа. Жаяу базардағы делдалдың қарекеті. Іскер пысықтар айтпақшы, "Түпкі мақсат — жол таңдатпайды", не деп бопсаласаң да, аш өзек отырған жұмыскеріне нан жегізетін қаржы тауып беруі керек, станок та тоқтамайды. Ең бастысы, көп бейнетпен басын құраған барлау мамандарын шашпайды.

Құдай дес бергенде ілдебай көмектің тағы бір жолын тапты. Тіпті молырақ та тұрақты көзін. Лак-бояу тресті көкжасыл сыр өндіруге шикізат іздеп, қандай қиянға болсын экспедиция аттандыруға әзірлік жасап отыр екен. "Асқар тау Мұхаммедке келе ме, әлде Мұхаммедтің өзі тауға бара ма?" деп кергігін кісі — Сәтбаев емес. Бояу трестіне өзі барды. "Сіздерге керекті — мыс кенінің тотыққан түрі. Сірә, "медянка" болар? Бізде ол бар. Жай "медянка" емес, "ярь-медянка" аталатын аса қанық түрі..." — деген Жезқазған геологына трест басшылары омырая қарап, ділігір боп іздеген жоғы бейнетсіз табылғанына сенер-сенбесін білмей абыржып та қалған тәрізді. "Сіздерге содан қанша керек?" — дейді Қаныш Имантайұлы. "О, өте көп! Биылдың өзінде оңдаған тонна! Сапасы айтқаныңыздай болса — одан да көп..." "Табамыз, — деді қонақ нық сеніммен. — Тек бұл үшін ағылшындар қаздырған ескі қазаншұңқырларды ақтарып, шурф, жыралар қазып, арнайы зерттеу жасаймыз. Ол үшін?.." "Қанша тілейсіз — сонша аласыз, қымбаттым. Құдай тағала сізді

бізге әдейі жолықтырған болар!" — деп Лак-бояу трестінің басшылары қазақ геологына сүйсіне қарайды.

Ақыры, екі жақты тиімді шартқа қол қойып, биылғы ізденіске бір миллион сом алатын болды. Қаныш тобы мейірімі мол Алланың өздеріне жәрдемдескені деп білді де, білек сыбана ізденіс жасап, сол жазда-ақ ескі қазаншұңқырдың бірінен тотыққан кеннің сүбелі қабатын нұсқады. Әрине, бояу трестінің қомақты қаржысын барлаудың ділгір қажетіне жұмсады.

(Бояушылар ұжымы шаш етектен пайдаға кенелді. Лак-бояу тресті тотыққан кеннің әр тоннасынан 10 мың сом таза пайда тауыпты. Демек, миллиондаған сом кіріс алған. Бұл істің тиімді болғаны соншалық — 1934-1940 жылдар аралығында, яғни Жезқазғанға темір жол келгенге дейін бояу шикізатын трест Ұлытаудан тек қана жүк ұшақтарымен тасыған).

Біре жүз мың сомды КСРО ҒА-ның Қазақстандағы базасы беріпті: әрине, Жезқазғанның жалпы геологиялық құрылымын зерттеуге міндеттеген шарт ұсынып...

Сөйтіп, "түйе сұрап келіп, бие де ала алмай", жыл аяғына дейін демеу болғандай қаржы тауып, Ұлытауға қайтқанды. Келе-ақ қызу жұмысқа кіріседі. Қарамы селдіреп қалған шағын топқа бұдан үш жыл бұрын бекіген бесжылдық жоспарды қайткен күнде орындауды міндет етеді. Қандай күштермен?.. Өткен жылда отыз екі станок барлау жүргізді, қазір оның тең жартысы да істемейді. Сөйтсе де, жеті-сегіз станок жер бұрғылауы қажет. Демек, әрбір станок үшеудің ісін атқаруға тиіс. Әрбір бұрғылаушы да үш жұмыскердің жұмысын істеуге міндетті. Өйтпейінше мұрат еткен межеге жете алмаймыз. Мотордың әр грамм майы қатаң есеппен жұмсалсын. Алмаз ұсағының әрбірі әжетке жаратылсын, қымбат бытыраның да әр kilosы үнеммен ұсталсын!..

Жезқазған эпопеясының сол кезеңін басынан өткізген жанкештілердің куәліктеріне жүгінелік...

Мырзабек ТҰҢҒЫШБАЕВ: *"Бүгінде жұрт сенбейтін ауыр жағдайды бастан кештік. Алты-жеті ай қолымызға көк тиын алмай, асхананың сұйық көжесін талғажау еткен күндер де болды. Ай сайын жан басына елу грамм май аламыз, күндікке тиетіні — екі жүз грамм қара нан. Мотор майсыз қалып, қол станогымен де жер тестік. Не көрсек те шыдап бақтық".*

Халық ТЕМІРБАЕВ: *"Бір жолы Тасқұдық басындағы ұңғыманы бұддіріп алдық. Снаряд жер астында кентеліп*

тұрып қалды, не амал істесек те суыра алмадық. Бабаилов келіп, бәрімізді былапыт тілімен бір-бір сыбап алып, әрлі-берлі айналдырды, бірақ ештеңе шығармады. Амалсыз қан-ағаңа хабар бердік. Ол кісі іле жетіп, көрген соң, бәрімізді кеңсеге шақырды. Киім тозған, әбден азған халдеміз. Қырсыққанда, сол күні тағы бір ыстаноктың пәтшіпнігі ағыпты. Ол аздай киші жұмыскердің бірі мастердің үстінен арыз айтты. Қысқасы, жиналыстың қыбы келмей, әдегеннен берекесі кете бастады...

Бір сәтте қан-ағаң орнынан атып тұрып: "Мен ертең үкімет пен партияның бетін қалай көремін, бізді белсене қолдап отырған Қазақстан басшыларына не деймін, мыналарың не?!" — деп, үстелді жұдырығымен сарт еткізіп қойып қалсын. Үні де жан шошырлық боп үрейлі естіді. Үстел үстіндегі сия дәуіт жерге ұшып түсті... Қан-ағаңмен мен он екі жыл ГРК-да бірге істеген адаммын, кейіннен де арамыз үзілген жоқ. Оны қоссам, сірә, ұзын ырғасы отыз жыл болар... Иә, айтайын дегенім — отыз жылда қатты ашуланғанын көргенім сол жолы. Жүзіне қарасам — көзі шүңірейіп, жақ сүйектері одырайып, қомақты кең пығы да қушынып кеткен... Сірә, соңғы айлардың мехнаты бұл кісіні де титықтатып, жүйкесін әбден тоздырған. Бір адам ләм-мим деген жоқ. Үнсіз мелшидік... Саңден соң бастық сабабына түсті. Не істеу керектігін ақылмен айта бастады. "Кешіріңіздер, сіздерге ұрсайын деген жоқпын, қапылыста ашуға жеңдіріп алдым", — деді төмен қарап... Былай шыққан соң Ахмедия айтты: "Әй, Халеке, саған ғана емес, әлгі сөз бәрімізге тиіді. Сабаз шын қысылып жүр екен. Бұрын көрсетпеген мінезін бүгін көрсетті! Ұят болды. Өлсек те енді бурабайдың басында өлейік. Азаматтың сағы сынбасын, біз деп жанын жалдап жүрген ер емес пе?!". Жігіттерім сайдың тасындай жайсаң еді, не керек, сол айдың жоспарын өлермендік жасап орындап шықтық".

Павел ПРОКОПЬЕВ: "Сол кездегі адамдардың төзімі мен жанкештілігіне мен осы күнге дейін қайран қаламын. Күніне 15-16 сағат жұмыс істейміз, кейде жатаққа қайтпай, бурабай басында түнейтін кезіміз де жиі болып тұрады. Сондағы алатын еңбегіміз қанша десеңізші?.. Бойдақ кезім. Аға коллектордың міндетін атқарып, кіші жұмыскердің еңбегін оламын. Кейде сол да тимейді. Бірақ, сыр бермей, көппен бірге шыдап бақтым. Ал балалы-шағалы жұмыскерлер қалай төзді соған?.. Қаныш Имантайұлында, әрине, маза жоқ. Сол күндерде ол кісі Жезқазғаннан гөрі Мәскеуде көбірек болатын-ды, бурабайға келсе бірімізге темекі, бірімізге насыбай сыйлап, жайымызды сұрап, істеп жатқан жұмысымызды асықпай көреді. Сонсоң "Шыдаңдар, жігіттер!" деп көңілімізді дауалап, бірер күн қасымызда жүреді де, тағы да қаражат қамдауға аттанады. Кейде

Қоңырат, Ащысай сияқты өндірістерге барып, солардан қалған-құтқан жабдықтар сұрап әкеледі. Біздің ісмерлер де құрал жоқ деп қарап отырмай, ескіні құрап, кейде жоқты қолдан жасап, тырмысып бағады. Соның бәрі барлауды тоқтатпаудың амалы, қайткен күнде Жезқазғанды елге таныту!.."

II

Тырбанған тірлікпен 1933 жыл да өтті. Барлау тоқтаған жоқ. Бірақ былтырғымен салыстырғанда қарқыны төменге құлдырап кетті. Былтыр бір ғана Жезқазғанда 196 ұңғыма бұрғыланып еді, қазіргі соның үштен біріне де жете алмады (небәрі 59). Ал мына жылда? Бар үміт — "Биылғы қаржы бөлініп кетті, келесі жылы болмаса..." деп, сырғытпа жауап естірткен мекемелерде. Олардан қайыр болмасына жыл басында-ақ көзі жетті. Бас басқарма қаржы беруден бас тартты.

Өткен күзде әр жерден там-тұмдап түскен қаржымен жұмыскердің жыл басынан бергі еңбегін төлеп, кейбір қосалқы цехтарды комбинаттан қайтарып алып, жағдайды біршама түзегендей болған. Жетіспейтін жабдық, тетіктерін де түгендеп, жаңа жылға тоқ көңілмен шыққан-ды. Соның бәрі зая іс болды: қосалқы шаруашылықтарды қайыра өткізді; бұрғылаушылар тобын да сиретіп, бірталай жұмыскермен есеп айырысты...

Амал қанша, былтырғы кәсібіне қайыра кірісті.

Алтын барлау ұжымы өткен жылғы нәтижеге риза екен. Мық пен Обалыдан алынған ақтас үлгілерінен көп-көрім алтын шығыпты. "Демек, сіздің адамдармен істес болу — бізге тиімді!" — деп, ұжым басшылары Сәтбаевқа ілтипат білдірсін. "Біздің де биылға сақтаған сыйымыз бар сіздерге. Әжім, Ақшоқы деген төбелер іргесінен бірнеше жыра өткіземіз. Шашыранды алтын желісін кескен сияқтымыз. Шүбәсіз анықтау үшін, әрине, шурфтар қазып, әлі де барлау керек!.." — деген мәлімдемесін естіген соң-ақ, Алтын барлау трестінің басшылары бірден қолқ етіп: "Бәлкім, сіз мыспен шұғылдандуды қоя тұрып, күллі тобыңызбен бізге ауыссаңыз қайтеді? Әмбе сіздің бұл саладағы еңбегіңізді Главцветмет елеп-ескеріп отырған жоқ. Ал біз, Қаныш Имантайұлы, қолыңызды қақпаймыз, қаражатты тілегеніңізше аласыз, күллі Қазақстан атырабын кезсеңіз де еркіңіз!.." — деп күтпеген ұсыныс жасаған. Ұлытау атырабының келешек бақыты — алтын емес, күміс те емес, мыспен байланысты екенін Қаныш Имантайұлы жақсы білетін. Сондықтан да келіскеп жоқ. Былтырғыдан

да қомақты қаржы алып, соған лайық барлау жасауға міндеттеніп, шартқа отырды.

Көмір институты мен Лак-бояу трестімен де оңай келісіп, былтырғы шарттарын қайыра ұзартты. Уәдеге бекем, әрі тиянақты ісімен көздеген үмітін ақтаған маманға ілтипат білдіріп, "Қысталаң жағдайыңызда сізге көмектесу — борышымыз!" деп, жадау көңілін демегеніне ризалық айтты.

Әлбетте бұлардан алған қаражат Жезқазғанның кен төбелеріндегі күйбең тірлікті одан әрі жалғастыруға дәнекер болды. Сөйтсе де?.. Өздері тап болған сергелдең қашанға дейін созылады? Кім соған тосқауыл қояды?..

Жыл басында билеуші партияның XVII съезі шақырылған. Жезқазғандағы зиялы көптің назары, әрине, "жеңімпаздар съезі" атанған коммунистер құрылтайының газеттерде жарияланған күнделігіне ауған-ды: *"Жезқазғанның қоры күмәнсіз анықталған, — депті Қазақстан делегаты, республика Халкомының төрағасы Ораз Исаев жиын мінберінен. — ...Алдағы уақытта кен орнын шөлдалада, тасымалға қиын деген әншейін желеумен кейінге ысыру талабына тыйым салып, оның қымбат та аса қажет қазынасын тезірек игеруге дайындық жасауымыз қажет. Сөйтіп, осы бесжылдықтың аяғында-ақ Жезқазғанда мыс қорыту комбинатын салуға кіріскеніміз жөн"*. Ал БК(б)П Орталық Комитетінің есебінен "Түсті металлургиядағы өрескел жолсыздықтарды жедел реттеу" қажеттігін ескерткен жолдарды оқығанда, Жезқазған барлаушылары соңғы жылдары өздері кешкен ауыр бейнеттің түп себебін ұққандай болып, алдағы күндерге үмітпен қараған. Бірақ, зарыға күткен түбегейлі өзгеріске жете алмады. Бәрі де құрғақ сөз қалпында қалды...

Содан да жаны күйзелген Жезқазған жоқтаушысы қиыла өтінуші болуды доғарып, белсенді әрекетке көшудің қажеттігін түсінген-ді. Сірә, БК(б)П Орталық Комитетіне ұжым атынан хат жолдау қажет. Әлде Мәскеуге барып, Политбюро мүшесі, Ауыр өнеркәсіп наркомы Г.К.Орджоникидзенің қабылдауына сұранған жөн бе? Ақылдан қанша білгіштер соңғы амалды құптады.

Ақыры көктемнің жаймашуақ күндерінің бірінде Жосалыға жетіп, "Мәскеу-Ташкент" пойызына отырды.

Жолың оңғарыларда істің орайы өз-өзінен тумағы да — өмір заңы. Мәскеуге келген күні-ақ ауыр өнеркәсіп наркоматынан ол оқу бітіргелі көрмеген (бірақ, хат-хабар алысын тұратын) сүйікті ұстазы М.А.Усовты кезіктірді. Ыстық қауышып, аман-саулық сұрасқан соң-ақ, Михаил Антонович

шәкіртінің былтырдан бергі кәсіби дағдарысынан хабардар екен, "Ал, не бітірдің? Мұнда неғып жүрсің? Ақтар сырыңды!..." — деген.

Қаныш қазіргі жай-күйін бүкпеді. Наркоматқа келген себебін де айтты. "Ойың дұрыс. Мұлт баспас үшін бірақ асықпалық. Сен маған екі-үш күнге мұрсат бер, — деді ұстазы. — Серго жолдасқа жету қиын болмас. Тек не дейтініңді, қалай айтуыңды ойлану керек, Қаныш шырақ..."

Содан бір күні шәкіртін Түсті металдар институтының профессоры В.А.Ванюковтың кафедрасына ертіп барды. Сірә, Қаныштың көкейкесті шаруасын алдын ала түсіндірген сияқты. Владимир Александровичтің Ауыр өнеркәсіп наркоматында ғылыми кеңесші боп қосымша істейтінін, Серго Орджоникидзеге сөзі өтімді адам екенін жолшыбай естігенді.

— Жас жігіт, сізді маған кіріштар еткен шаруаның жай-жапсарын аздап білемін. Тым тереңдеп кеткен, көптеген лауазым несі қатысты болған күрделі мәселе. Сол себепті оның түйінін тек қана Григорий Константинович шеше алады. Бір деңіз, — деді Ванюков бірден-ақ тура сөзге көшіп. — Сізге, тегінде, Жезқазған тағдырын бұдан әрі сөзбұйдаға салмайтын бұталақсыз мықты шешім керек. Солай ма? Екі делік...

Геолог жігіт мақұлдап, бас изегеніне жымыды да, профессор ойын сабақтады.

— Бұл үшін, Сәтбаев жолдас, Жезқазғанның орасан зор мүмкіндігіне Сергоны шүбәсіз иландыру қажет! Онсыз, сірә, ештеңе бітіре алмайсыз...

— Григорий Константиновичтің алдына жете алсам сендірер едім. Айғақ жеткілікті, барлау материалы толық. Орталық қор комиссияның былтырғы актісі де портфелімде, бұл болса — мемлекеттік ресми құжат!..

— Жоқ, қымбаттым, толық деп отырған деректерім әлі де шикі деп есептеңіз. Көңіліңізге келмесін, оны әлі мықтап тұрып пісіру керек. Айталық, үлкен бір беделді мекеменің ғылыми кеңесінде талқыға салып, әбден пысықтап, ғылыми апробация жасап алып: "Міне, Серго жолдас, мен ғана емес, мынадай кеңес те бізді жақтап отыр!" десеңіз — сөзіңіз де, өзіңіз де өтімді боласыз... Ал наркомға кіру жөнінде қам жемеңіз. Сіз үшін, қадірлі Михаил Антонович өтініш еткен соң, Григорий Константиновичке мансұқ ісіңіздің мәнін түсіндіріп, бір ауыз сөз айтуға әзірмін, қымбаттым.

Қаныш Имантайұлының ойына келмеген шаруа. Кәміл сенімді істі, барлау нәтижесімен мәлім болған жәйтті қайыра талқылау қажет деп ойласайшы. Сірә, сонсоң да өзінен жау-

ап күтіп отырған наркомат сарапшысына ләм-мим деп жауап бөре қоймады.

— Сенің халқың, Қаныш, мәтел сөзге өте әуес. Және соны өте ұтымды айтады, — деді Усов шәкірттің ойланып қалғанын көрген соң. — Мысалы, "Жығылсаң — нардан жығыл!" дейді. Қандай мәнді сөз!.. Мен де саған солай демекпін. Не болса да тәуекел деп Ғылым академиясына сұрану керек! Басқа мекеме, институттардың ғылыми кеңесіне сенім жоқ. Өйткені сенің мақтаулы Жезқазғаныңды олар білмейді. Білмеген соң басын қатерге тігіп қолдауы неғайбыл нәрсе. Ал академияның арнаулы сессиясы Үлкен Жезқазғанның мыс қорын жақтап шықса, оның қаулысын теріске шығарар Одақта бірде-бір мекеме болмай-ды...

— Академия бізбен сөйлесе, тым үлкен орын. Ал біздің инженерлердің бірде-бірінде ғылыми дәреже жоқ, атақ-беделіміз де мәз емес... — деп күмілжіді Сәтбаев өзінен қилы жас үлкен қос профессорға алма-кезек мұңая қарап.

— Ал сөйлесе қалса, сөзіңіздің өтеріне сенімдісіз, ә?! — деп қарқылдай күлді Ванюков.

— Асылыққа жорымаңыз, Владимир Александрович, мен соған кәміл сенімдімін. Жиған-терген деректі жайып салып, ағымыздан жарылсақ, ойлаймын, шынайы ғылым иелері даулы істің ақиқатын айтуға тиіс және ол біздің пайдамызда болады! — деді Қаныш кенет сенімді үнмен.

— Бәрекелді, шәкіртіңіз алысқа баратын жігіт, қадірлі Михаил Антонович! — Ванюков сыпайыгершілікті қойып, қазақ геологының арқасынан қақты. — Қысқасы, сессия қарағандай болса, Үлкен Жезқазғанның мыс кенін қорыту мүмкіндіктері хақында, несі бар, зерттеп жүрген мәселе, ғылыми баяндама жасап беруге мен әзірмін!

— Былай болсын, — деді ақырында Михаил Антонович. — Бұл жайында кеше қадірлі ұстазым Владимир Афанасьевич Обручевпен ақылдастым. Ол кісі бұл идеяны бірден ұнатты, барынша қолдауға уәде етті. Тек Жезқазған ғана емес, Кенді Алтай регионын да тыңғылықты әзірлеп, екеуін бірге талқылау керек дейді. Әмбе соны біз емес, академияның Қазақстандағы базасы көтергенін жөн көреді. Қысқасы, Қаныш, саған базаның төрағасы, академик Андрей Дмитриевич Архангельскийге жолығу керек. Бәлкім, республика басшыларынан көмек сұрайсың. Келістік пе? Сөйтп, сен — Қазақстанда, біз — Мәскеуден қаумалып көрсек, ойлаймын, Үлкен Жезқазған тағдырын талқылаудан академия басшылары бас тарта

алмайды... Ал ғұлама білгірлер алдында сөзіңнің өтімді болуы — өзіңе, тек өзіңе ғана байланысты. Тыңғылықты дайындалу керек, талқыда бақ, иә бедел емес, Жезқазғанның мыс көмбесін көрсете білсең — тағдырыңды, шырақ, сол шешеді!..

Ақыры, солай болды. ҒА-ның төралқасы Үлкен Жезқазған мен Кенді Алтайдың кен қазбалар жайын жан-жақты талқылауды қоңыр күзде қарауға қарар қабылдады.

III

Отыз төртінші жылдың жазы мен күзі сөйтіп қызу өзірлікпен өтті: кен орнының тағдыры, Ұлытау геологтарының көп жылғы ізденісі тұңғыш рет салауатты талқыға түспек. Және қандай? ҒА-ның ғылыми сессиясында, есімдері әлемге әйгілі академиктердің, геология білгірлерінің алдында. Безбен табағына Жезқазғанның келешегі тартылғалы отыр, келешек қана ма? Өздеріне имандай сеніп, екі жылдан бері адам төзбес қиыншылық көрсе де тындырымды еңбек етіп келе жатқан жанкешті жандардың үміті мен сенімі де...

Сол үшін Қарсақбайдағы ат төбеліндей іздеушілер тобы күні-түні, айлар бойы тынымсыз жұмыс істеп, баяндамалар әзірлеген. Әзір болғандарын әденеше мәрте тексеріп, өзара талқылап, бірін бірі аяусыз сынап, кереғар сұрақтармен пысықтап, жан-жақты дайындықтар жасаған.

Қаныш Имантайұлының өзі де өресі жеткен баспасөз бетінде Ұлытау қойнындағы қисапсыз мол, әлемде теңдесі жоқ ерекше мыс көмбесі және басқадай да қазба байлықтар туралы мақалалар мен сұхбаттар нөпірін (ұзын саны — 46!) тоғытып баққан. Бәрінің де шекесіне, иә жуан ортасына *"Үлкен Жезқазғанға — даңғыл жол!"*, *"Үлкен Жезқазғанның ғажап қазынасы мақтаулы Американың әйгіл мыс кендерін қанжығасына байлап кетеді!"*, *"Ел қазынасы — Отан игілігіне!"* деген тәрізді айшықты сөздер үлкен әріптермен терілген. Бәрінің де түп мақсаты — Ұлытау қойнындағы мол қазынаға жұртшылықтың назарын аудару!..

Әлбетте, ең қызу өзірлік барлау алаңдарында жүрген. Ең үмітті деген қабагтарға қойылған санаулы станоктар геологтар ұстанған ғылыми концепцияға сәйкес айғақтар іздеп, талай қолатты қайыра тексерген. Бір ғажабы, түрлі кедергі, жегімсіздіктерге қарамастан барлау аса сәтті жүріп, Жезқазған жанкүйерлерінің қоржынын құнды деректермен толтырудан жаңылған жоқ-ты. Әсіресе соңғы екі-үш айда!

Күзге таман Ұлытау геологтары кен орнының осы уақытқа дейін барланған қорына тағы бір мәрте есеп жасап, ЦКЗ-ның қарауына табыс еткен. Бұл жолғының ерекшелігі — кен құрамындағы қорғасын, мырыш, күміс және сирек металдар қоры дара көрсетілуі. Оның да түп мақсаты айқын: Жезқазған — мысқа ғана емес, басқа да түсті металдарға бай екендігін таныту; геологиялық түсініктеме ұсынылды; ол болса — ғылыми сессияда жасалатын баяндаманың ең басты дәйектемесі...

Жезқазғанның мыс пен қорғасынға құнарлы кен өзектері аса ұзақ та күрделі жолдармен түзілген. Оның күмбез сипатты дөңгелек бітімі терең қабаттан магма сұйығы көтерген ортадан, яғни көпіршіген, газ бен ыстық ертіндінің суынуынан пайда болғандығы күмәнсіз. Олар жоғарыға қарай лықсыған жолында үстіңгі қабаттағы кеуек тәрізді құмдауық белдеуде өз бойындағы металл "жүктен" сүзілгені анық, басқа кен орнында кездеспейтін, тек қана Жезқазғанда байқалған бұл ерекшеліктің мәні — айрықша зор. Әлгі "жүктер" ауыр металдардың сыбаралы салмағының пайдалы әсерімен өзара байланып, яғни қабат-қабат "күлшеге" айналған. Оларды біз кені құнарлы қабаттар дейміз.

Кен қабагтары қоймалжың тартып, "жүктері" тұнбаға айналған кезде, сірә, жыныс қатпарлары күшті қозғалысқа ұшырап, әрқайсысы түрліше тектоникалық бұлқынысқа түскен, нәтижесінде терең жарықшақтар, құрдым оппалар пайда болып, ақыр аяғында металл тұнбалары әлгі қуыстарға құйылған деп шамалаймыз...

Осы айтылғандардан мәнді тұжырым туады: қарапайым геолог ғылыми жаңа теория ұсынып отыр; талабы — оңды ма, талқылау үстінде, ғұламалар алдында мәлім болады...

Қор комиссиясы барлаушылар ұсынған жаңа есепті ешқандай өзгеріссіз бекітті. ЦКЗ қарарында мынадай дәйектеме беріліпті: *"Жезқазғанның есептелген қоры, оған қоса берілген геологиялық түсініктеме, сондай-ақ комбинат қарауындағы... барлау бөлімі аз күшпен сәтті орындаған зерттеу жұмыстары мен іздеу әдістемесі ешқандай күмән туғызбайды, өйткені мұның барлығы жан-жақты және өте тиянақты жүргізілген..."*

Қазақстанның геология қауымы, ал олар сол күнде сау-сақпен санарлық азаң еді, шыдамсыздана күткен академия сессиясы қарапша айының (1934 ж.) оныншы жұлдызына ша-

қырылған-ды. Төрағалық еткен академик А.Н.Самойлович КСРО ҒА-ның үшінші құрылтайын ашық деп жариялады да, талқылауға екі мәселе түсетіндігін хабарлады: "Үлкен Жезқазғанның және Үлкен Алтайдың өндіргіш күштері..."

Арнайы шақырылған адамдардың жалпы қарамаы төрт жүзден астам, ғылыми құрамы да олқы емес: Одақтағы барлық геология, тау-кен жұмыстарымен шұғылданатын, оның ішінде Қазақстанға қатысы бар ғылыми, өндірістік, жобалау және қоғамдық 57 мекеменің маңдай алды өкілдері келіпті; мәжіліс залында еңбектері дүйім елге мәшһүр атақты ғалым-геологтар, көрнекті инженерлер, салауатты геологтар отыр. Академиктерден А.Д.Архангельский, А.А.Байков, Н.С.Волгин, Д.Н.Прянишников. Бұлардың бәрі де Жер және оның қазба байлықтары, табиғи қорлары жайындағы ілімнің асқан білгірлері. Бір ғана академик Владимир Афанасьевич Обручевтің өзі үлкен институттың ғылыми кеңесіне тең түсер ғұлама. Мұнай іздеудің асқан білгірі Иван Михайлович Губкин, Днепрогэсті салушы, су маманы Борис Евгеньевич Веденеев, Хибин апатитін ашушы Александр Евгеньевич Ферсман...

Мінбеге ұзын бойлы, ат жақты, көмірдей жылтыр қара шашы кейін қарай толқындана жығылған, үлкен көзді, сұлу да аққұба өңді қазақ жігіті көтерілді. Жете білмейтін адам нұрлы шырайына қарап, отыз беске келген сақа геолог деп ойлауы екіталай. Әлде ұяң, әлде жаратылысы солай — өзіне телміре қадалып, тым-тырыс тына қалған алдындағы көпке жасқана көз тастады. Сонсоң тамағын кенеді.

— Қадірменді қауым! Ғылым иелері және геолог әріптестер! Жезқазған кенінің қоры мен келешегі туралы дау бүгін туып отырған жоқ. Бұл жөнінен ол сақал-шашы ұзарып өскен ескі дау, кеніштің өзі де дүйім жұртты мезі қылған бақытсыз кен! — деп залға барлай қараған-ды, өзілін қабылдаған тәрізді, бірталай кексе езу тартып қозғалақтап қалды. Сол да демеу болғандай, одан әрі бөгелмей, кібіртіктемей, көсіле сөйледі. — Жезқазған қыртысында әртүрлі уақытта көптеген геолог барлау жүргізген; оның кен үлгісін талай білімпаз ту алысқа жәшіктен тасып, қызыға қараған; тіпті шет жұрттардан келіп, мұхиттың арғы бетіне алып өткендер де болған... Алайда тап бүгінге дейін Жезқазған аймағы келелі талқы, түпкілікті кесік естімей, қиыр даланың қалтарыс бір түкпірінде елеусіз жатқан, геологиялық жөнінен табиғаты мәлімсіз, жаратылысы-тегі жұмбақ кеніш болып танылмай келді. Ал бүгін Обручев, Архангельский, Байков, Самойлович тәрізді қадірлі академиктеріміздің тікелей жәрдемімен, жезқазғандық іздеуші геологтардың өтінішіне ынта қойып демеуімен тұңғыш рет беделді

зор жиын алдында ғылыми талқыға түскелі отыр. Бұған да зор ризашылықпен біз тәубә дейміз!..

Бұдан әрі баяндамашы артық-ауыс сөзді қойып, залға жиналған ғылыми қауымның көпшілігі есімін тұңғыш естіп отырған Жезқазған-Ұлытау өңірінің таң қаларлық қазба байлықтары, оның қазіргі күнге дейін барланған кен қоры мен, ғажай мүмкіндіктері туралы егжей-тегжей өңгімеге көшті.

"...Кен орнының геологиялық күрделі сыры әбден анықталды деуге болмайды, өйткені зерттеу аяқталған жоқ. Сөйтсе де оның генезисі — жаралу, тұзлу тегі хақында өзімізше пайымдаған пікіріміз бар. Біздіңше, кен белдемнің түзілуін жер жыныстарының ішінара, пласт бойынша тереңде жүрген күрделі тектоникалық құбылыстармен байланыстыра қарау керек. Әсілі, сол байланысты дәл анықтау — кен қабаттарының ҚАҒДА, ҚАШАН, ҚАНДАҒІ ТЕРЕҢДІКТЕ орналасқанына дәл бастар нұсқа болмақ... Кеңі бөлер бір жәйт: кен белдемі, кейбір зерттеушілер айтып жүргендей, бір мезгілде емес, бірнеше кезеңде түзілгендігі. Тереңде жүрген ұңғымалардың тік қимасын көрген адам бұған шүбәсіз планады. Шынында да, кен қабаттарының орналасу жұлгесі шөгінді жыныстардың дестесін қайталап отырады. Жезқазған структурасының бұл басты ерекшелігі. Соған қарап кен қабаттары көне заман теңіздерінен тұнған шөгінділермен бір дәуірде, яғни мыс еріген қанық ерітінділерден түзілді деп еріксіз ойлайсың. Сондықтан да бізден бұрынғы зерттеушілер Жезқазған генезисін тұнба текті деп жорамалдады. Ал біз бұған мүлдем қарама-қарсы пікірдеміз. Иә, структураның жоғарыдағыдай мойын бұрғызбас айғағын көре тұра солай дейміз. Баяндамашының өзі және оның жезқазғандық әріптестері кен генезисін тұнба емес, гидротермальдық (яғни жыныс жарықшағына көтерілген минерал ерітінділерден түзілген — С.М.) тегте түзілген деп есептейді. Неге? Біздің ойымызша, кен түзуге миллион жылдар көші ғана емес, арғы-бергі замандарда жүрген күрделі тектоникалық процестер де айталықтай әсер еткен. Бұған дәлел: мысқа қанық көне теңіздің шөгінді тұнбаларынан ірі амфибиялар (құрылықта да, суда да өмір сүре алатын қосмекенді жәндіктер, иә өсімдіктер — С.М.) қалдықтарының табылуы... Демек, кен желлері теңіз шөккен кезде ғана емес, құрлық түзілген мезгілде де пайда болған. Кен орнының генезисін қайта қарап, ғылыми жаңа концепцияға көшу бізді бұрынғы зерттеушілер аңғармай кеткен қисапсыз мол олжаға жолықтырды. Қисқасы, тұнба текті теория бойынша ешқашанда болжауға болмайтын "бос" қабаттардан әрқашан кен желдеріне кездесіп отырдық. Жезқазған қыртысындағы кен қорының соңғы жылдарда керемет өсіп, дүние жүзілік

аренаға шығуы да осында. Гидротермальдық тектің пайда-сына осының өзі-ақ жеткілікті айғақ емес пе?..

Даусы саңқылдап естіледі. Жүзі албырап, нұрлы шырай-мен жадырай түскен. Бастапқы кідірісі, үніндегі діріл, әредік тамағын кенеп қобалжуы ұмыт болған. Барын асырмай, жо-ғын жасырмай, қалтқысыз жүректен досжар қауым алдында жан сырын, дұламал күдіктерін армансыз ақтарып тұр...

Қарашаның он бесіне дейін созылған жиында Қаныш Сәтбаев бес мәрте мінбеге көтерілді. Жалпы мәжілістерде, қайсыбірі секцияларда тыңдалған баяндамаларының тақы-рыптары: *"Жезқазған мыс кені ауданының жалпы геология-лық сипаттамасы және оның металлогениясы; кенорнының генезисі, құрамы және қоры"*, *"Жезқазған төңірегіндегі полиметалл кендері"*, *"Жезқазған-Ұлытау ауданындағы кеніштік алтын"*, *"Жезқазған аймағындағы көмір ошақтары"* және *"Үлкен Жезқазғандағы отқа төзімді, флюсттік, құрылыстық материялар"*... Соның бәрі бір ғана сауалға жауап береді: "Бұл ауданның шикізат қоры жөнінен орасан мол және сан алған, ал мыс қоры жөнінен ол — дүние жүзілік провинция". Баян-дамалардан туатын тұжырым да біреу-ақ: "...Жезқазғанға деген енжар қозқарасты шұғыл өзгертіп, жедел өркендеуге тиіс кен ошағы деп қарау керек!"

Келесі кезекте ғұламалар алдында Қарсақбай комбинаты-ның аймақтық геологы С.Ә. Бөкейханов шықты.

Бір өзі бірнеше есімге (Ақтай, Үкітай, Оқтай... деушлердің бәрі де — марқұмды лақап атымен жаңсақ атап жүргенін ескерту парыз) ие, шындығында анасы Елена Яковлевна (тұрмысқа шыққанға дейін Севостьянова, Омбыға жер ауда-рылған орыс ақсүйегінің қызы) — Сергей, Алаш қозғалысын бастаушы әкесі Әлихан Нұрмұхамедұлы — Үгәдей (сірә, түп бабасы Шыңғыс ханның бел баласына ұқсасын деген оймен) деп атаған кіші Бөкейханов 1905 жылы Омбы қаласында ту-ған. Орта білімді ол Омбы қаласында алып, ал 1923 жылдан былай әкесінің саяси сенімсіз адам ретінде Қазақстаннан біржола аласталып, Мәскеуде ғана тұруға және рұқсатсыз ешқайда шықпайтын жазаға душар болғандықтан, Сергей де білімін сонда жалғастырған. Мәскеудің түсті металдар ин-ститутын 1929 жылы тәмамдаған. Қаныш Имантайұлының сол жылдың желтоқсанның 25-күні қосағына хатында: *"Инже-нер Бөкейхановты Қарсақбайға баруға көндірген сияқты-мын..."* деген лебізіне қарағанда, Ұлытау атырабына инже-нер-геолог 1930 жылдың басында қоныс аударған...

Сәтбаевтың басшылығымен іздеушілік қадамын бастаған, әмбе іргелі оқу орнында жан-жақты білім алған Үгәдей һәм Сергей Бөкейханов Ұлытау атырабында еңбек еткен бес жылда кәсіби мамандығының әр қырын көп-көрім меңгергені даусыз. Әр нәрсеге білімдарлығы, техникалық мол сауаты, әсіресе, шетелдік ғылыми әдебиеттерді еркін оқып, есеп-қисапқа, өз ойын еркін жазуға жүйріктігі жөнінен ол геология бөліміндегі инженерлердің көбінен көш ілгері болған. Сондықтан да бөлім меңгерушісі оны аймақтық геолог етіп тағайындаған...

Үгәдей Әлиханұлы Бөкейхановтың академиялық жиынға ұсынған баяндамасы - "Жезқазғанның кендік және структуралық аймақтары". Дес бергенде оның есебі де көпшіліктің көңілінен шықты. Кен іздеуші геолог білімдарлыққа салынып, теория бопсалап, шетелдік басылымдардан теріп алған тіл сындырар ауыр терминдерді оңды-солды бұрқыратып, күрделі болжам-гипотезаларды шұбыртып ұзақ тұрған жоқ, өзі жұмыс істеген өңірдің кен жатқан аумағын, оның структуралық құрылымын өзі дайындаған карталар мен түрлі схемалар бетінен нұсқап тұрып, тақ-тұқ айтып шықты.

Ғылым иелерін бас шайқатып, таң қалдырған үшінші баяндамашы мінберге сессияның төртінші күні көтерілген-ді.

Біздіңше, бұл да Мәскеу мен Ленинградтың маңдайалды ғалымдарын ерекше сүйсінткен жәйт: аты да, заты да әзірше мәлім емес, әмбе иен шалғайдағы кен көмбесі жайында жан-жақты зерттеу жасаумен бірге, соны неше күннен бері тәптіштей әйгілеп, терең мәнді ғылыми баяндама жасаушы білімді мамандардың бірде-бірінің орталықта тұрмауы; ең ғажабы, үшеуі де шеткергі провинция деп жүрген аймақтың, қазақ даласының өз тумалары және сол жердегі өндірісте пісіп-қатқан қарапайым инженерлер. Әмбе солар күні кеші ата-бабасының мал баққанын, өздерінің көшпелі ортадан шыққанын елең қылмай, құдды бір геология жыңғылы өмір бақи шұғылданған етене кәсібі болғандай-ақ, қысылып-қымтырылмай сойлейді. Жаңа заманның шеткергі өлкелерге, бұрынғы бодан жұрттарға әкелген ғажап құбылысы демеске шараң жоқ!..

Ресейдің зиялы қауымын бұл жолы сүйсінткен білімпаз — "Жезқазған кенін байытудың ерекшеліктері" деген тақырыпта келелі сөз бастаған қарсақбайлық инженер Жармағанбет (Жармақ) Төленов болатын...

Жармағанбет Төленұлы — бұрынғы Семей облысының Абралы ауданының тумасы, 1901 жылы дүниеге келген. Әкесі

Төлен байғұс ауыр тұрмыс тауқыметінен үйелмелі-сүйелмелі төрт ұлын асырай алмай, бала-шағасын жаяу шұбыртып, 1909 жылы Оңтүстік Алтайдың Змеиногор қаласының маңына кәсіп іздеп барып, бір жылдан кейін өзі де, бәйбішесі де сол жерде жер жастаныпты. Ағайындылардың кішісі Жармақ тоғыз жасында жетім қалған. Оның бұдан кейінгі он бес жыл бойы көргенін, сірә, Максим Горькийдің "Өмір университеттерімен" салыстырған жөн: орыс деревнясында бақташы, Алтай темір жолын тоссеушілерге қолбала, Ертіс айдынында жүзген кемелердің от жағушысы, Кузбастың Анжер шахтыларында көмір шабушы, сөйтіп жүріп аяғын жарақаттап алып, Семейге келіп, етікшілер артелінде жан сақтауға мәжбүр болған...

— Менің ғұмыр жолыма ағалы-інілі Сәтбаевтардың екеуі де қоян-қолтық араласып, игі әсер етті. Әбікей Зейінұлы мүгедектігімді ескеріп, шала сауатты мені өзі басқаратын Казпедтехникумға қабылдады, үш жылдан соң "Ал, қарағым, сенімді ақтап, оқуды өте жақсы оқыдың, енді сен рабфакқа түсіп, жағары білім ал!.." — деп жөн нұсқап, батасын берді. Ал інісі Қаныш Имантайұлы 1928 жылы, Мәскеудің Жоғары техникалық училищесінің (МВТУ) химия факультетінде оқып жүргенімде, кездейсоқ кездесіп қалып, 1918 жылдан таныс болатынымын, оқуым жөнін білген соң: "Жәке, әбден шатасыпсың, жиырма-отыз жылдан беріде Қазақстанда химия өндірісі болмайды. Демек, игермек кәсібіңнен туған жұртыңа пайда жоқ..." — деп, өзімше маданыш жүрген ісімді тәрк етсін...

— Қанекеңнің бізден артықшылығы, Медеу шырақ, өмір тынысын аңдап, алдағы тіршілік күйтін болжай білетіндігінде еді, — деп сыр шерткен-ді Жармақ ағай маған 1971 жылы, Қарағанды қаласындағы соңғы тұрағында кездескен көктемде. — Қанекеңнің намысыма тиген мәнді сөзі ойымнан шықпай қойды, арызданып жүріп, Мәскеудің Тау-кен академиясының түсті металдар факультетінің екінші курсына ауысып, оны кен байыту мамандығы бойынша 1932 жылы тәмамдап, Жезқазғанға келдім...

Ғылыми сессияға кен байыту тәжірибесін қорытындылап, әрі соны үлкен көлемде зорайту мүмкіндіктері туралы ұсыныс, ойларымен келген байытушы инженер Ж.Толенов те сүрінген жоқ. Рухани басшысы Қаныш Имантайұлы күткен деңгейден көрінді.

Сонымен, алғашқы кезекте тыңдалған баяндамалардың өзі-ақ ғылыми қауымды Жезқазған кенінің жай-жапсары жайында біртаалай мағлұматты мәлім етті. Ал, инженер-петрограф Т.А.Кошкинаның "Жезқазған мыс кенін минералогиялық зерттеу", Қарсақбай мыс зауытының бас инженері

И.А.Стригиннің осы көнді пеште қорыту тәжірибесі туралы, профессорлар В.А.Ванюков, А.А.Ганюев, И.К.Анбица өзирлеген қосымша баяндамалар секциялық мәжілістерге ауысқан (Солардың бәрі де келесі келесі жылы КСРО ҒА-ның басынан жарық көрген "Үлкен Жезқазған" атты қомақты жинақта жарияланған, секциялық талқылаудың мәжіліс хаттамалары да толық берілген).

Сессияның соңғы күні қабылдаған тұжырымды қаулысы көпшілік шікірінің бір жерге тоғысқан жиынтық ойы деуге сыйғандай. Міне, соның кейбір тармақтары: "...*Жезқазған көнінің орасан мол қорын игеруге Қарсақбай зауыты мүлдем жарамсыз деп өсеңтелсін — осы өңірдегі құнарлы байлықты түпкілікті игеруге оның кедергі болары шүбәсіз. Сол себепті, КСРО ҒА-ның сессиясы өзіміздің мысқа дегірлігін тез арада жою үшін үшінші бесжылдықта Үлкен Жезқазған мыс қорыту комбинатын тыңнан салу қажет деп өсеңтпейді...*" Қаулыда Жезқазған көнінің озық орны, яғни Одақтағы ең ірі мыс көні оқендігі (дөмек, ол енді шынында да ҮЛКЕН ЖЕЗҚАЗҒАН) ресми жарияланған: "...*оның шикізат қорларын жедел зерттеп, халық игілігіне жарату қажет; бұл өлкедегі көн қорының зор және ардауан өкеніне де ешқандай күмән жоқ; әмбе-өл барлау көлемі мен қарқыны ұлғайған сайын еселеп өсе бермек...*". Осынау аса мәнді тарихи құжатта Жезқазған көлөшегін алаңсыз шешуге арналған нақты ұсыныс та бар-ды: "*Бұл ауданды тезірек игеру үшін, — деп көрсетілген-ді онда, — Жезқазған — Балқаш — Қарағанды темір жолын жеделдетіп салу керек. Бұл үшін академияның үшінші сессиясы КСРО Жоспарлау комитеті, Түсті металлургия басқармасы, Қатынас жолдары наркоматы және басқадай да мүдделі мекемелерден болашақ болат жоларнасын тез арада жобалау үшін тиісті барлау жұмыстарын бастауды өтінеді...*"

ЖАРМАҒАНБЕТ ТӨЛЕНОВТИҢ ауызекі өңгімесінен:

"*Сессия аяқталған күннің кешінде Академияның Қазақстандағы базасының жетекшілері республиканың Москвадегі өкілдігінің жәрдемімен қабылдау кешін өткізді. Шағын залға бірталай адам жиналды. Құрметті қонақтарымыз — академиктер, жобалаушы, зерттеуші институттардың басшылары. Базаның ресми төрағасы А.Д.Архангельский асаба міндетін атқарды. Андрей Дмитриевич дастарқан басындағы мәжілісті ашып:*

— *Аса сәтті өткен үшінші сессияның басты табысы — Үлкен Жезқазған үшін! — деп бокал көтерген сәтте, оның қасында отырған Сібір геологтарының қарт тарланы Владимир Афанасьевич Обручев әріптесінің сөзін бәліп, зілсіз әзіл айтты.*

— О, достар, тым асыра сілтемеңдер! Үлкендік жөнінен алғашқы кезек көрі Алтайда емес пе? — дегені.

Архангельский қызараңдап жан-жағына алақтай қарады.

Мәрейіміз тасып, ерекше қуанышта жүрген біз, жезқазғандықтар, шеткері үстелде отырғамыз. Кенет шырпыдай тұташып, лып етіп орнынан атып тұрған жас басшымыз Қаныш Имантайұлы үлкендердің үстеліне жақындай беріп:

— Владимир Афанасьевич, сіз өділ адамсыз, шындыққа жүгінеміз: Кеңді Алтай, дауымыз жоқ, үлкен алып!.. Ал Жезқазған оған қарағанда бесіктегі жас бала, бірақ ертегі батырларының минут санап өсетін! Сондықтан да алғашқы кезек баяғыда танылған Кеңді Алтайдан да гөрі, бесіктегі жас гигант Үлкен Жезқазғанда емес пе, — дегенде, бүкіл зал қол соғып, "Браво, браво, жас қазақтар!" десіп біздің басшыға қошемет білдірді.

Ұтымды сөзге тоқтаған Обручев те қолын шапалақтап, бокалын көтерді. Біз болсақ, жасаң кезіміз, бұл тәжікеден де жеңіп шыққанымызға мәз болып, әлде өз ісіміздің ғылыми қазым қалтқысыз мойындаған дабысына қуанып, бар дауысымызбен "Үлкен Жезқазған үшін!" деп даурығып, залды басымызға көтердік..."

Ертеңінде Қаныш Имантайұлына "Правда" газетінің тілшісі Д.Заславский келіп жолықты. "Савой" қонақ үйінің кең бөлмесінде отырып, тілшіге ол қиыр далада қалған жұмыскердостары, кен барлауға қатысқан жанкүйер көмекшілері, өзі іздеу жүргізген өңірдің қазына көмбесі жайында қол-көсір өңгіме айтып берді...

ХАЛКОММЕН СҰХБАТ

I

Қараша айы өтті. Желтоқсан да жылнама ессбінен шығуға айналды. Барлаушылар тірлігі бөз-баяғы қалпында. Ізденбесе келесі жылды да әр жерге тіленумен бастағандай... Қаныш Имантайұлы елге қайтпай, Мәскеуде қалып қойған. Ақыры профессор Ванюковқа барып, уәдесін есіне салуға мәжбүр болды.

Серго жолдасқа кіру де о күнде оп-оңай шаруа емес-ті. Кеңес Одағының сан-салалы, сан тараулы ауыр өнеркәсібін қолында ұстап, соның тірлік-тынысына күнбе-күн араласып отырған бірегей басшы. Тәртіпті сүйіп, талап ете білетін іскер қабілеті үшін "Темір нарком" атанған мемлекет қайраткері,

Саяси бюро мүшесі. Әрине, ол кісінің әрбір сағаты есептеулі. Қиырдағы Қазақстаннан келіп, қабылдау сұраған геологты наркомның ескі жылдың (1934) соңғы күніне, онда да кешкі сағат сегізге шақырғаны да, сірә, сондықтан.

Бұдан бір жыл бұрын Серго жолдасқа операция жасалған. Дәрігерлер күні-түні жұмыс істеуге тыйым салып, мерзімді демалыс уақытын бұзбай, түс кезінде бірер сағат мызғып алуды міндет еткен. Алайда дәрігерлер тағайындаған кестеге нарком өзінше өзгеріс енгізіп, таңертеңгілікте ұзағырақ ұйықтауға әдеттенген еді. Жұмысқа ол күндізгі сағат он екіде келіп, кезек күттірмес жұмыстармен шұғылданатын. Ал түстен кейінгі уақыт Саяси бюро мәжілісінде өтеді. Сол себепті жеке кездесуге кешкі сағаттар тиетін.

Наркомат кеңсесі Ногин алаңындағы бұрын әр түрлі акционерлік қоғамдар мен фирмалардың әкімшілік басқармалары қоныс тепкен, "Деловой двор" деген жария атпен мәлім болған, үлкен терезелері жыпырлап кең алаңның үстінен, туу жоғарыдан құздып тұратын еңселі үйде. Қаныш Имантайұлы қонақ үйден ертерек шыққан-ды. Сегіз жылдан бері сергелдеңге түскен мүдделі жұмысы бүгін өрге шығады, не жарға құлап, көп жыл-дарға жабулы қалады. Көңілінің алабұртып тынышсыздануы да содан. Әсіресе таң атқалы. Қыстың қысқа күні бүгін алабөтен ұзарып кеткендей, батпай қойған...

Үстіңгі кабаттағы қабылдау бөлмесіне жүрексіне кірді. Мұнда оны жасы жер орталап қалған ер адам орнынан тұрып, ізетпен қарсы алды.

— Семушкин.

— Сәтбаев, қазақстандық геологпын.

— Қаныш Эмантаевич? Қош келісіз!..

Зың еткен қоңырау үні естілді. Семушкин ғапу өтініп, төргі бөлмеге беттеді. Келуші кабинетте жалғыз қалды. Шағын ғана төрт таған бөлме. Үлкен жазу үстелі, шынылы шкаф. Босаға жақта аспалы киім ілгіш. Жаңа байқады: үлгілері өзгешелеу екі-үш қалпақ, сырт киімдер ілулі тұр. Демек, өзі ертелеу келген, наркомда кісі бар... Көңілі қоңылтақсып зеріге бастады, манағы бей-жай күйі бойын тағы да шырмады. Қабырғадағы үлкен сағаттың бір қалыптғы тықылы зорая түскендей, дүңк-дүңк тарсылдап тұр. Құлды төбеңнен ұрғандай беймаза үн.

Көмекші кешікті. Ол кідірген сайын Қаныштың тағаты таусылып, көңілі әр саққа ауытқып мазасыздана бастады.

"Қымбатты Григорий Константинович, Жезқазған жайында естіген боларсыз? Бір кезде оны орыс алпауыттары иемденген, одан соң әккі ағылшындар. Ағылшындарды, өзіңіз білесіз, революция қуып тастады..."

— Амансың ба, жолдас!

Қаныш Имантайұлы оқыс дауысқа селк етіп, жалт қараған: шексіз көңілді, соны жайраңдаған жүздерімен де, дабырлаған үндерімен де сездіріп, еңгезердей-еңгезердей мол денелі, келбеттері де бірыңғай мойыл қара үш-төрт адам қасында тұр.

— Сәлеметсіздер ме?

— Сергоға келдің бе?.. Қазір кіресің, қымбаттым, — деп мұртты қара іштарта сөйледі.

— Сен одан именбе, батыл сөйлес. Жалпаңдаған жасық сөзіңді тыңдамайды... Ол сондай адам!

— Рақмет, жолдастар!

— Григорий Константинович босады, жүріңіз.

Бейтаныс кавказдықтармен танысып та үлгермеді, төргі кабинеттің есігін айқара ашқан Семушкинге еріп төрге беттеді.

II

Наркомның кабинеті ерекше сәнді деп ойлаған. Кеңдігі бірталай екен. Қаныш Имантайұлы бұданда зор кабинеттерді көрген, оларға қарағанда мынау шағын сияқты. Сән-салтанаты жұпыны. Төрдегі үстелдің артында, бөлек тағанда бірнеше телефон аппараттары тұр. Терезе жақта тағы бір ұзынша үстел, оны жағалай арқалы орындықтар қойылған. Бұрышта, биік тумба үстінде домна пешінің макеті тұр. Оның алдында жаңа зауыттардың алғашқы өнімі болу керек — шойын, болат құймалары жатыр.

— Сәлеметсіз бе, Григорий Константинович.

Бұйра шашты, қалың қабақ, бет-жүзі келбетті бейтаныс Қазақстандыққа нарком аңыра көз тастап орнынан тұрды да, үстелін айналып келіп қолын ұсынды. Қаныш Имантайұлы фамилиясын атады.

— Білемін, — деді нарком алдындағы былғары креслонның біріне келушіні отырғызып, екіншісіне өзі жайғасқан соң. Қайда тоқтағанын, қалай орналасқанын тәптіштей сұрады. Жауабына қанағаттанды білем, кенет қолына "Правда" газетін алып:

— Мынада сізді Қаныш Эмантаевич депті, ал маған жолдаған хатыңызда басқаша көрсетілген. Қайсысы дұрыс? — деді.

Наркомның айтып отырғаны — "Правданың" 18 қараша күнгі санында жарияланған "Түсті металдар елі" деген мақала. Сергоның қызыл қарындашы соның өзі туралы тұсын баттита қоршап қойыпты: "Ғалым-геолог Қаныш Эмантаевич

Сәтбаев Жезқазған жайында тебірене сыр шертеді. Жезқазған — Алтайдан мүлдем оқшау өңір... Оны көп жұрт білмейді, бірақ жуық арада бұл өлкенің ағағы Қарағанды сияқты керемет дүрілдейтін болады. Мұнда қоры орасан мол мыс кеніштері бар, олар шөл далада орналасқан, онда бұрын қазақтар көшіп жүрген..."

Газетпен бірге қабаттасқан қағаздарды да таныды. Осыдан бірнеше күн бұрын нар-коматқа өзі жолдаған материалдар. Оның да өр бегі қызылданып қалыпты, жуан-жуан сұрақ әр жерде жыпырлап тұр...

— Дұрысы Имантаевич, — деді ол әр сөзін нықтай сөйлеп.

— Газет тілшісі бір әріпті жаңсақ жазған.

Қобалжып отырғанын сездіріп алды. Нарком да аңғарған тәрізді.

— Оқасы жоқ, қымбаттым, кейде солай болады, — деп Орджоникидзе жайдары жүзбен күлімсірей қарады. Қаныш та Сергоның жүзіне барлай көз жүгіртті: суретінен таныс бейне... Портретінде бірақ жасаңырақ, кескіні де сұлуырақ аңғарылатын. Кең маңдайы, қою мұрты, жоталы мұрны, мол төгілген бұйра шашына дейін дараланып тұратын. Ал мына, қарсы алдында, қол созымдай жақында, өзіне қадала қарап отырған алпамса денелі кісі — суреттегі таныс кейіпке ұқсағанмен, соның әкесі сияқты, әлдеқайда кексе, көз алды ісіп, маңдайын ирек-ирек сызықтар шалған, жүзінде аса шаршаулы жанның белгілері мен мұңдалап баттыып тұр. Бадырайған қара көзі ішіне қарай тереңдеп кеткен. Кавказдықтарға тән қараторы оңи де сұрланып, жүдеу де сырқат күйінен хабар еткендей. "Қайдан жүдемесін — осынша жұмыс, бір сәт дамыл жоқ!.." деп тебіренді геолог.

— Сірә, даланың өз түлегі боларсыз?

— Далада көшіп жүріп күнелткен қазақ баласымын.

— Демек, шөл дала сырын жақсы білесіз.

Білемін деп бірден қолқ етуге геологтың дәті бармады. Профессор Ваниюковтың: "Наркомның сізінен сақтан. Әңгімелесіп отырған кісісін ұнатпаса, "сіз" деп кенеттен сызыла қалатын қырсығы бар. Көбіне оны жорта істейді..." деген ескертпесі есіне түсті де:

— Көрген-баққаным сайын дала болған соң, жолдас нарком, оның жай-жапсарын аздап білемін, — деді.

— Қайда оқыдың?

— Бастауыш білімді өз ауылымда, болыстық орыс-қазақ мектебінде алдым. Мамандығым бойынша Сібірде, Том тех-

нология институтында оқыдым. 1926 жылдан бері Ұлытау-Жезқазған ауданында геологиялық жұмыстамын, Григорий Константинович.

— Демек, өндіріс сырына да қанықсың... Тісі шыққан мамансың. — Серго сәл еңкейе түсіп, машық әдеті ме — саусағымен креслоның арқасын бірер мәрте ұрғылап қойды.

— Иә, сегіз жыл болды! Жетерлік мерзім.

— Сонсоңда сегіз жыл бойы Главцветмет білгіштерімен айналып келемін де. Мықтысың! — деді кабинет иесі мырс етіп.

Қаныш Имантайұлы үндеген жоқ. Көзге айтып тұрған шындыққа не десін?.. Орджоникидзе орнынан тұрып, үстелді айналып барып, Сәтбаевтың арызын қолына алды.

— Түсті металл басқармасында өсіре білгіштер әрине, аз емес, — деді нарком орнына қайтып келген соң. — Бірақ солардың бәрін түк білмейді деп бекерге жазғыруға болмайды. Тәубә деу керек, нелер ірі мамандар жұмыс істейді. Өз жұмысын жақсы біледі, біз де оларға шексіз сенеміз!.. Жә, сіз маған, Қаныш Имантаевич, турасын айтыңызшы. Жезқазғанды түбегейлі зерттеуге мұндағы жұрттың қарсы болуы не себептен?

Сірә, өзін сынап отыр, әлде мәселенің мән-жайын білгісі келеді? Геолог та ойын бүкпесіз айтуға бекінді.

— Басқарма мамандарының білгірлігіне менің ешқандай шүбәм жоқ. Бірақ әңгіме онда емес, Григорий Константинович, басқада. Орталықтағы мамандар Жезқазғанның кен қорынан да гөрі, жағрафиялық орнынан, тым шеткері тұрғандығынан шошиды. Күні ертең күткен қор шықпай қалса, жауапкершілігіне қаламыз деп сақтанады. Ал Жезқазған кеніші шынында да шалғайда, шөлейт дала, су тапшы, жол атымен жоқ... Мен өзім солай ойлаймын, жолдас нарком.

— Қисынды сөз, — Серго ойланып, кең маңдайы қусырылып, әжімдері білеуленіп жасаң әріптесіне одырая қарады да: — Сонда сен өзің, қымбаттым, соның бір жыл емес, ондаған жылдарға кетер, жүздеген миллион сомға түсер күрделі іс екенін түсінесің бе? Бұл үшін, бауырым, сенім ғана емес, үлкен кепілдік керек! — деді.

Қаныш Имантайұлы именуді қойып, тебірене сөйледі.

— Сеніңіз, туған жерімнің сырын, өсіресе осы кенішті бір кісідей білемін! Сол үшін тіпті, керек болса, басымды тігуге бармын, Григорий Константинович... Үлкен Жезқазғанды тездетіп игеру — біздің дала үшін де, бүкіл Одақ үшін де аса тиімді іс. Сусыз, нусыз қиырдағы түкпірге жаңа өмір келеді! Бір деңіз. Отан өндірісі қоры мол мыс кенішін пайдалануға алады...

Қазақстандық барлаушының жігерлі үні, өзіне деген

сенімі, әсіресе іс мүддесін жанын сала қорғауға құлшынысы Серго жолдасқа да өсер еткен сияқты, биязы жымнып:

— Мұның енді жөн-ақ, бірақ, қымбаттым, бір ғана сенің сенің аз ғой. Басқа жұртты да соған тура өзіңдей сендіре білу керек, — деді ақырын ғана.

— Жезқазғандағы барлаушылар тобы бұған өлдеқашан сенген! Өзіңіз ойлаңызшы, былтырдан бері қаншама қиыншылық көріп жүдесе де, кен іздеуші топ тарап кеткен жоқ, күні бүгінге дейін шөл дала төсінде, құс ұшпас құла дүзде барлау жүргізіп отыр. Бұдан артық сенім бола ма?! Ал Түсті металл басқармасының мамандарына жігерлі жандардың ерлігін айтып, Үлкен Жезқазған жолындағы қаһармандық күресін көлденең тартып сендіре алмайсың. Сендіру қайда?! Олар үшін жеті жүз кісінің тағдыры, аш құрсақ болып жүдеп-жадағаны түк емес. Өздері аман жүріп, жайлы орындарынан айырылып қалмаса — дүниесі түгел!.. — Геолог өзін ұстай алмай қалды. Сұрланған аққұба жүзі, қатқыл естілген үні де ашынған қамын сездіргендей. Нарком бірақ сыр берген жоқ, байсалды кейіпте, шарадай үлкен басын сәл еңкейте ұстап, әлде ынталанғандай шырайда тыңдады. — Иә, кәсібі мамандарға бұлтартпас айғақтар керек...

— Дұрыс айтқасың, айғақтар керек!

— Қаржыдан қағылсақ та барлауды тоқтатпадық. Оның нәтижесін таяуда ЦКЗ мен Академияның сессиясы қарады, екеуінің де құптаған қаулысы алдыңызда жатыр.

Серго қолындағы қарындашты әрлі-берлі шырып, үн-түнсіз отыр. Кенет геологқа назарын тіктеп:

— Алмалық кені туралы не дейсіз? Оның да мысы мол десеңді. Мысалы, Жезқазғанмен салыстырсақ? — деп төтенше сауал қойды. — Сіз маған, әділін естіртіңіз. Мыс кендерін барлаушы геолог, әрі кәнігі маман ретінде...

"Наркомды арзан сөзбен малдандырамын деп өуре болма, коллега. Серго жолдас көлденең жәйтті сұраса, шыныңды айт, билсеңде, білмесеңде. Ал егер бұлаң құйрыққа салып, мәңсіз бірдемені жобалап соға бастасаң — құрығаның, бірден сезді де тыңдамай қояды..." — деп ескерткен-ді Ваниоков.

— Алмалықты жақсы білемін деп айта алмаймын, барлау деректерімен таныстығым қағаз жүзінде ғана... Тегінде, бізде, Григорий Константинович, тәжірибе алмасу жағы жетімсіз. Әркім өзі іздеп тапқан, не тағдыр айдап тап болған кенді жылдар бойы шұғылаумен уақыт өткізеді. Ал барлаушы геологқа көбірек жүріп, көбірек көргені теріс болмас еді... Әйтсе де маман ретінде мен Алмалықты Жезқазғанмен салыстырмас

едім. Жезқазғанмен тең түсер бүкіл Одақта бірде-бір мыс кені жоқ! Ол сондай уникал!..

Орджоникидзе таңырқағандай оқые үймен:

— Қалайша? Мұныңызды қалай түсінуге болады? — деді.

Наркомның қалың қабағы дүрдіп, жүзі де сұстанып, көңілі суып, мейірімді бадана көзінде реңін ұялап, құдды бір: "Е, білгішім, сенің де жайың белгілі болды, мақтанам деп қайда лағып кеттің!" дегендей налу жайлағанын Қаныш Имантайұлы кеш аңғарды. Енді жуып-шаюға болмайды, айтылған сөз — атылған оқ, қалайша қайырып аласың?.. Сөйтсе де көп жылдан бері көңілін алаңдатып, түн ұйқысын төрт бөліп жүрген жан сырын бүгін қалғысы келмеді.

— Өйткені Жезқазған — табиғаты ерекше жаратылған кен қоймасы! Ондай кен орны, Григорий Константинович, жер қыртысында өте сирек кездеседі! Өзіңіз ойлаңызшы, айналасы ат шаптырым аумақта қалыңдығы ондаған, кейде алпыс-жетпіс метр кен белдеудері қабат-қабат сіресіп жатыр. Және қандай құнармен!.. Мәселен, Американың дүние жүзіне әйгілі Жоғарғы Көл мыс кенімен салыстырып қорқиң. Біздегі құнар екі есе артық! Түсінессіз бе, екі есе!.. Ал қоры жөнінен ол Жезқазғанның жұлығына да келмейді.

— Дәлірек айтқанда?

— Дәл айту үшін, жолдас нарком, барлау жұмысын барынша өрістету қажет. Менің айтып отырғаным — сегіз жылдық барлаудың нәтижесі. Соның өзінде Жезқазған Кеңес Одағының мыс кендерінің алдына шықты. Сондықтан да мен оны барынша жауапты түрде біздегі кеніштермен салыстыруға болмайды, Жезқазған дүние жүзіндегі ең ірі мыс өлкелерімен қатар аталуға лайық кен орны деймін!.. Бұл көмбенің тиімділігін мынадан байқайсыз: бірінші, кенді алу үшін ешқандай тіреу қойып, қосымша бекітудің қажеті жоқ — аралық жыныстың беріктігі ересен; екінші, кен желілерінің қабат-қабат болып дестелене орналасуы оны бір шахтыдан тілеген көлемде, қалаған бағыттан алуға мүмкіндік береді; кен қабатына жетіп ал да, бір шетінен құлата бер, қаншама үнем! Кейбір желілер жер бетіне өте жақын орналасқан, демек, оны қазаншұңқыр әдісімен алуға болады. Әмбе бұлар кен құнары аса бай қабаттар. Үшеу делік. Төртінші, жер астында су атымен жоқ, яғни шахтыдан су соратын құрылыс, күрделі техника керек емес. Тағы да үнем! Бесінші, жыныс құрамындағы кремний қосылыстары қазу кезінде өрт болмайтындығына сенімді кепіл... Бұған қосымша, Григорий Константинович, мыспен бірге қазылатын қорғасын мен мырыш, күміс

пен молибден, сирек және бағалы металдар ешқандай қосымша шығын, бейнетсіз өзі келіп қолға түсетін байлық. Және қандай көлемде десеңізші!..

Наркомның қату жүзі жадырап, көңілді шырайға ауысты.

— ...Жезқазған кенін байыту технологиясы әдеқашан сынаудан өткен. Ал одан шыққан концентратты қорытуды, — деп Сәтбаев сөзін жалғады, — Қарсақбай зауыты алты жылдан бері сәтті жүргізіп келеді. Демек, мыс қорытуға да күмән жоқ. Тек бір ғана күпті жәйт, Григорий Константинович, қиян шетте тұрамыз. Темір жолсыз күніміз қараң. Онсыз бізге жұрт қатарына қосылу, әй, білмеймін, қиын мәселе!..

Алдында отырған маманның өзі атқарып жүрген көкейкесті жұмысы жайлы өсерлі әңгімесін нарком оң қолын жағына сүйеп, креслоға шалқая түсіп ынтыға тыңдады. Бөгде қозғалыс жасап, манағыдан соң ләм-мим деп сөзін бөлген жоқ. Қаныш Имантайұлы да күн ілгері ойлап келген мәнді сөзін ұмытып, ырқынан тыс, көкейіне нақ сол мезгілде құйылған, "Мені айт, мені айт" деп мазалаған жан сырын әңгімелеуге түсіп кеткенін аңғарар емес. Сегіз жылғы сергелденде жүрегінде ұялаған күдігі мен өкінішін, кешкен бейнеті мен зейнетін, жұмыскер серіктерінің сенімін, жер-жердегі тілектестерінің демеуі мен тілегін, Геолком сарапшыларының әр кездегі өзіне жасаған қиянаты мен өктемдіктері жайында да жасырмай, қысқа ғана айтып өтіп:

— Григорий Константинович, сіз мына жәйтке көңіл аударыңыз, — деп қайта шалқысын, — бір тонна мыс алу үшін Қоңырат рудасынан Балқашта 110 тонна, Дегтяркада 74 тонна, Бозшакөлде 156 тонна, Алмалықта 130 тонна мыс тасын қорыту керек. Ал Жезқазған кенінен соған небәрі 68 тонна керек. Өзгені айтпайын, басқарма білгіштері, осы айғақты неге көрмейді, неге ескермейді? Бұдан артық қандай дәлел керек?!

Орджоникидзе кенет қарқылдай күліп, қолын соқты.

— Өзің әлей қу екенсің, — деді геологқа сүйсіне қарап. — Жезқазғанның шашбауын көтергенде, "Салыстыруға болмайды, ол — уникал, дүниеде теңдесі жоқ кен орны!" деп жеркөкке сыйғызбайсың. Ал қолайыңа жағымды болса, қарай гор, цифрларды тақылдатып, шотқа қаққандай жатқа соғып отырғанын! Жә, жә, құштарлық талап!..

Наркоммен әңгіме өзі үшін жайлы сарынға көшкенін сезіп отыр. Сергоның келесі сұрағы да сол ойын құптағандай тосын болды.

— Әлбетте, мұндай айғақтарға дау айта алмайсың, — де-

ген-ді ол. — Жә, сен енді маған, жарқыным, Жезқазғанды дүние жүзілік мыс провинцияларымен салыстыратын себебінді ұғындыр. — деп нарком саусағын шошайтты. — Тек қана шындық, шындықты естірт!

— Оның мәні бар, Григорий Константинович, — деді Сәтбаев әр сөзін ойлана айтып, — Америкадағы Жоғарғы Көл, немесе Африкадағы Терістік Родезия мыс кендері — талай жылдардан бері қазылып, абырой-атағы күллі жұртқа жария болған қазына көмбелері. Демек, әлемге жария кендермен салыстыру Жезқазғанның бағасын бірден көтереді. Жасырып қайтейін, жұртшылық назарын аудару үшін жасаған амалымыз бұл.

— Ау, сонда, кен іздеуші геологтың базарға пұл шығарған саудагерлерге ұқсап, өз ісіне мадақ жарнама жасауы қалай?

Қаныш үндеген жоқ, төмен қарады. Не десін? Шындық, бұл да шындық. Амалсыздың шарасы...

— Жарайды, Қаныш Имантаевич, мен саған сөздің турасын естіртеінін. Сөйткенің жөн болған, — деді нарком. — Қара көбейтер қатардағы ишженер болу жараспайды бүгінде... Мықты ишженер болу керек! Өзің атқарып жүрген істі мақтан етші, дүйім жұртқа таныта білу керек. Өйтпейінше социалистік құрылыстың шынайы басшысы болу қиын, достым.

— Реклама дейсіз, соны біз еріккендіктен жасап жүрген жоқпыз, жолдас нарком, — деп күрсінді Сәтбаев бәсең үнмен. — Қатал өмірдің сабағы! Қарауыңдағы жұмыскер алты ай, жеті ай бойы соқыр тиын еңбекақы алмай, ісіп-кеуіп жүдеп жүрсе, ал үйінде оның қызыл қарын жас балалары нан сұрап шулап отырса — әсіре жарнама ғана емес, одан да масқара әрекетке барады екенсің! Жасыратыны жоқ, Григорий Константинович, саудамен де шұғылдандық. Иә, соңғы екі жылда көрмегеніміз жоқ, не істемедік?.. Басқарма соңғы үмітімізді үзіп, барлау қаражатынан біржола қаққан соң, амал қанша, басқа трестерден күнкөріс іздеген де күндер болды... — Геолог әлденеге қымсынғандай мырс етіп, сөзін сабақтады. — Әділін айтқанда, біз алтын іздеушілер мен көмір институтына, иә бояу трестіне ештеңе де іздеген жоқпыз. Олардың ақшасын Жезқазған барлауына жұмсадық. Сөкпеңіз бұл үшін, жеке басыма содан бір тиын пайда көргем жоқ, бәр-бәрін Үлкен Жез-қазғанды жұртқа танытуға шығындадық.

— Түсіндім жайыңды, оңды болған! — деп басын изеді Серго. — Жә, тағы не айтасың? Іркілме, түгел ақтар!

— Өтініш біреу-ақ, Григорий Константинович. Қаншама мықты дегенмен, бұдан арғы сергелдеңге адамдарым төзбей

ме деп қорқамын. Қашанға дейін сынаймыз? Олардың жігер-төзімінің де үзілетін шегі бар... Қысқасы, жолдас нарком, сізден көмек болмаса, білмеймін. Мәскеуде менің кірмеген есігім, сұранбаған кеңсем кемде-кем...

Орджоникидзе кабинеттің ішінде ерсілі-қарсылы жүре бастады. Қолы артында, өлденеге ойланғандай. Бір сөтте қасына тоқтады да, пығына қолын салып:

— Ивановты білесің бе? Балқашстройдың бастығын? — деді.

— Танимын, өткен жылы Қарсақбайға келіп қайтқан. Өте қабілетті адам. Ондай іскер басшының қарауында жұмыс істеу кімге болсын бақыт дер едім!

— Қабілетті деу аз. Алтын адам! — деді Серго. — Иванов барғанша мұндағы жұрт: "Қазақстанда жерасты қазынасын өндіру тиімсіз, сорақы қымбат", — деп зарлап бақты. Ал ол бұл пиғылды бірден теріске шығарды. Қалай дейсің ғой?..

Геолог басын изеді. Бұл туралы хабардар болатын.

— Еділ жағасынан трактор алыбын тұрғызарда да ол сөйтіп еді. Иә, басқалардай "Қиыр шет, шөл дала" деп байбалам салған жоқ. Қиыншылықпен білегін сыбанып, айқасқа шықты. Қазір Балқашта жолда, суда, кадр да бар. Ең алдымен ол адамдарға қажет жағдай туғызды. Нағыз өндіріс командирі осылай істеу керек, жұмысқа бел буып, Ивановша кірісу қажет!

— Василий Иванович Қарсақбай комбинатында отырса, сіз бен біздің әңгімеміз, Григорий Константинович, мүлдем басқа мәселе жайында болар еді, амал қанша!

— Дәмесін қара! — деп мырс етті Орджоникидзе. — Бұл туралы аузыңды ашпа, Ивановты Жезқазғанға бермейміз. Ал сендерге, менің түсінуімше, іскер басшыдан гөрі тап қазір ақша керек. Солай емес пе?

— Иә. Аз емес, едәуір. Алдыңыздағы сметада оның мөлшері толық көрсетілген.

Орджоникидзе үстел үстінде жатқан Сәтбаевтың мәлімдемесін қолына алды.

— Жарайды, Қаныш Имантаевич. Сендірдің мені далаңның мыс қазынасына! — деді нарком. — Жезқазғанның тағдыры қаражатқа қарап тұрса — табамыз қанша болса да!

Қаныш Имантайұлы орнынан атып тұрды. Қапелімде бірақ не айтарын білмей, қатты тебіреніп, әрі сасқалақтаған үнмен:

— Жолдас Серго!.. Григорий Константинович! Шексіз рақмет! Сіздің сеніміңізді біз еселі еңбекпен ақтаймыз! — деді ағтыға сөйлеп. — Ұлытау қойнынан үкімет миллиондаған тон-

на, ойлаңыз, пүт емес, тонналаған мыс және басқа қазына алады. Бұл тарихи іс, тарих та біздің бұл қарекетімізді ақтайды!..

— Жарар, аптықпа. Рақметіңді де соңынан айтасың, — деді нарком, бірер адым алға жүре түсті де, кенет қасына келіп, сөзін сабақтады. — Бұған әуелі главканың бастықтырын көндіруім керек. Иә, Үлкен Жезқазған үшін басқарманың қор қалтасын сілкіп бағамын... Одан арғысын тағы көрерміз... Байқаймын, бір жығып алсаң, өзінде олардың қыр соңынан қала қоймассың, сыңайыңды аңдадым.

Серго рақаттана күліп, геологқа мейірмен қарады.

— Ал, мынаны, академия қаулысын, — деді Орджоникидзе алдындағы қағаздарды нұсқап. — Бұл мықты тірек! Тек соны әжетке басқаша жаратсақ деймін... Мәселен, осы тіректі көзір етіп, Орталық Комитетке Үлкен Жазқазғанды жоспарлы түрде салу туралы хат жолдасақ, ә?.. Әрине, ең алдымен онда теміржол құрылысын жүргізу керек. Кеніштің құрылысын бастауға да қыруар қаражат керек, аз дегенде бес жүз миллион сом! Әлбетте соның бәрін Жезқазған мысы ақтауға тиіс. Ол енді Одақтағы ең үлкен мыс өндірісі болады. Қаншама мол мүмкіндік, зор игілік! Балқаштан біз жылына жүз мың тонна мыс аламыз деп жоспарлап отырмыз, ал сіз барлаған кеннен одан да көп...

— Оған сөз жоқ, жолдас нарком, Жезқазған комбинатының қуаты Балқаштан кем дегенде екі, иә үш есе асып түседі!

— Иванов жолдастан пікір сұрасақ қайтеді?

— Меніңше, Василий Иванович сөз айтпай келіседі. Жезқазғанды ол кісі жақсы біледі, әділін айтуға тиіс.

— Былай болсын, — деді нарком. — Мына қағаздарың әзірше менде қалсын. Жетімсізі болса тағы сұраймыз. Өзіңе де Москвада екі-үш күнге аялдауға тура келеді, Түсті металдар басқармасымен келісеміз. Политбюроға ұсыныс әзірлейміз. Жалғызбын деп ең, көрдің бе, екеуіміз енді. Ал келістік пе?

— Келіспегенде, Григорий Константинович!

— Олай болса, осымен тоқтайық... Бүйтіп отырып Жаңа жылды өткізіп алармыз! Иә, уақыт жөні солай болды, сен енді бұған гапу ет...

— О не дегеніңіз! Мұншама сыйлық алып тұрғанда...

— Барлаушыларыңа сәлем айт, — деп нарком Қаныштың сөзін бөлді. — Көбіне шыдаған екен, төзімдерін әлі де аз күнге ширата түссін. Сірә, бұдан әрі тарықтыра қоймаспыз!...

Жезқазғандық геологты Серго есікке дейін шығарып салды. Етті, салалы сом саусақтарымен қолын қатғы қысып:

— Өмірде, кымбаттым, әр түрлі қиыншылықтар кезігеді. Жан қиынайтын нағыз кедергілер, картон қағаздай жасаиды кедергілер де ұшырасуы мүмкін. Әңгіме соларды жеңе білуде, сүрінбей өте білуде. Солай, Сәтбаев жолдас! Жаңа жыл құтты болсын.. Өмірде де, еңбекте де табысты, қуанышы мол жыл болғай! — деді.

Ұлытау атырабы ғана емес, күмі Қазақстанның өндірістік күш-қуатын еселеп арттыруда өрекіне мәнді болған, шыңтуайтын айтқанда, индустриалды ел атануына жол ашқан тарихи сұхбаттың ізін біз 1969 жылы Мәскеудің марксизм-ленинизм институтындағы Компартияның Орталық архивінде сақтаулы Г.К.Орджоникидзениң дербес қорынан (85-тіркеме, 29-іс) таптық. Көлемі үш парақ сол деректен шағын үзінді келтіреміз (хаттың біз оқыған екінші данасында "қаңтар, 1935 жыл" делініп, күні қойылмаған).

"БК(б)П Орталық Комитеті, И.СТАЛИНГЕ

...Еліміздің мыс қажетін отаңдық өндірістер өнімімен толық өтеу үшін қазірде салынып жатқан мыс зауыттарының құрылысын үшінші бесжылдықта барынша жеделдетіп, ал жұмыс істеп тұрғандарын қайта құрумен бірге тыңнан үлкен екі мыс комбинатын бастау керек. Олар — Жезқазған мен Алмалық. Бұлардың құрылысын ерте бастайтын себебіміз: екеуі де орасан үлкен қуатқа жобаланбақ және орталықтан қашық аудандарда орналасқан.

Жезқазған кен орынының орташа мыс құнары 1,92 процент, барлық барлау категориялары бойынша, ол — дүние жүзіндегі алып мыс кендерінің бірі. Одақтағы ең ірі кенші те, тегінде, сол болмақ. Соңғы үш жылда тиянақты жүрген нақтылы барлау нәтижелері Жезқазған өндірісін ешқандай күмәнсіз және ұтымды жобалауға мүмкіндік туғызып отыр. Жезқазған қоры тоғыз жүздей ұңғыма мен мыңнан астам барлау жыраларына негізделіп есептелген. Кен өндіру және байыту технологиясы өндірістік сынаудан толық өткен... Бұл құрылысты 1936 жылы бастағанымыз абзал, демек, дайындық жұмыстарын жүргізу үшін биылдың өзінде оған үш миллион сом қаржы беру керек.

Жезқазған кенін игеруде қол бөгер бірден-бір қиыншылық — оның сырт өмірмен темір жол байланысының жоқтығы. Сол себепті дайындық жұмыстарына кірісумен бірге, 1935 жылы ұзындығы 414 км "Өспен кеніші — Жезқазған" темір жолын салу қажет. Сонда ғана жаңа кенші Қарағанды

көмір бассейнімен байланысады. Темір жолсыз Жезқазған құрылысын бастау, опың орасан мол мыс көмбесін жедел игеру мүмкін емес. Ал зауыт пен рудникті кен орнының қуатына лайықтап кең көлемде, әмбе еліміздің мыс өндіру мүмкіндігін жедел арттыру жоспарымен үйлестіре салғанымыз тиімді болмақ. Темір жолды қоса есептегенде, бұл құрылыстың жалпы құны 500 миллион сом шамасында...

С. Орджоникидзе".

БК/б/П Орталық Комитетіне жолданған нарком хатымен бірге Түсті металл басқармасының бастығы А.С.Шахмуратов пен Балқашқұрылыс тресінің меңгерушісі В.И.Ивановтың осы ұсынысты құптаған пікірлерінің көшірмесі де қоса тіркеліпті. Екеуінде де Жезқазған кенінің маңызы мен қоры, оны пайдалану тиімділігі нақтылы айғақтармен дәлелденген. Содан-ақ Қ.И. Сәтбаев өтінішінің ауыр өнеркәсіп штабы тарапынан қандайлық жәрдем, нақтылы қолдау тапқанын шамалау қиын емес: екі жылдан бері қаржыдан қағып, Жезқазған құрылысын ғана емес, барлау жұмысын да тежеп келген басқарма жетекшісі кенет Қаныш Имантайұлының ұсынысын толық құптауға мәжбүр болған; құптап қана емес, Жезқазған сияқты алып кенді қайыра ашқан геологтың жанқиярлық еңбегіне көңіл аударып, қиыр даладағы мысты ауданды тезірек игеруге сүбелі қаржы болу қажеттігін өтініп отыр...

Сонымен, Үлкен Жезқазған төңірегіндегі ұзақ сонар хикая бір-ақ күнде басқа арнаға ауып, мемлекеттік маңызы бар мүдделі шаруаға айналады. Әрине, Серго Орджоникидзенің тікелей араласуымен... ВЦИК-тің кезекті сессиясында (наурыз, 1935) ол: ...*Жуық арада біз Үлкен Жезқазған комбинатының құрылысын бастаймыз. Онда қуаты орасан зор мыс көмбелері бар. Бұл кендер Орталық Қазақстанның қиян шетінде, темір жолдан шалғай орналасқан. Сондықтан да Қарағандыдан Жезқазғанға тартылатын темір жол құрылысын жеделдетіп жүргізу қажет...*" деген.

Сол жылдың көктемінде-ақ Қатынас жолдары комиссариатының мамандары Ұлытауға келіп, болат трасса жүретін өңірде ізденіс-жобалау жұмыстарын жүргізіп, Жезқазған-құрылыс тресті де ұйымдасып, алып өндірістің іргесін қамдауға өзірлік бастады. Ең бастысы, Қаныш Имантайұлы екі жылдан бері ауыр бейнет тартып, қағажу көрген барлау қаржысы қолына тиіп, арман ісіне қайыра кіріскен-ді.

XIV ҒАСЫРДАН ХАТ

I

Хижраның 793-інде^{1/}, қой жылы, осыған дейін жеңіліс көрмей, жиырма бес жыл ат үстінде болып, жүріп өткен жерін қанға бөктіріп оттай жалмап келе жатқан Темір Көреген екі жүз мың әскермен Самарқаннан аттанған. Бұл болса Әмір Темірдің ат тұяғы жеткен төңіректі бағындырып, Азияның Ақсақ Барысы атанған шағы.

Ақсақ Барыстың қанды шеңгел тырнағы бұл жолы Алтын Ордаға ауған-ды. Алтын Орданың сол күндегі билеушісі жау-жүрек Токтамыс батыр еді.

Айбарына сұңғыла ақылы, айласынан кемеңгерлігі асқан Темір Көрегенге, тегінде, қолбасшылық қабілет шексіз дарыған. Соның өнегесін ол осы жолы да көрсетеді. Сейхунды^{2/} кесіп тура көтерілсе, Еділдің төменгі саласында ірге тепкен Алтын-Орданың астанасы — Сарай-Беркеге ай жарымда-ақ барар еді. Сірә, ол жауына күтпеген бүйірден шүйілуді жөн көрген. Бәлкім, табаны тимеген терістік шығыстағы жаңа жерлерді кесіп өтіп, нелігін кеңейте түсуді қалады ма?.. Қаһарлы қолбасшының Сейхунды бойлай жүріп, сәуір айының екісі күні^{3/} Сарыөзенге^{4/} құлағаны анық.

Оның алдында енді жусанға бөккен, бетегесі белден келген, шетсіз-шексіз құлазыған, құба жон, құлама белді ежелгі қыпшақ даласы жатқан-ды.

Моңғол шапқыншылығынан бергі екі жүз жылда мұншама қосын көрмей, ту тыныштықта тусырап жатқан қыпшақ жері тағы да ат тұяғына таптауырын болып, топырағы шығып бей-берекет түтеуге түседі. Көкжиекті шаң қабады. Күн көзін Ақсақ Барыстың ызбары жабады. Көктем көлденмен көгеріп шыққан көгі болмай, көгінде қалықтап ұшқан құсы көлдерге қона алмай, кеше ғана думан салып шуылдап жатқан сахара аз күнде құлазып, адамы босып, аңдары жосып, тағы да жұтауға ұшырайды.

^{1/} 1391 жыл.

^{2/} Сырдария.

^{3/} Бұл күндер және осы тарауда аталатын басқа да тарихи деректер Қ. И. Сәтбаевтың "Таңдамалы еңбектерінің" 5-томында жарияланған "Жезқазған ауданының тарихи ескерткіштері" деген мақаласынан алынды.

^{4/} Сарысу.

Неше күн шеруде көз тоқтатар тұғыр ілінбей, қарауыл салар жалғыз биік көрінбей ішқұсада келе жатқан Әмір Темір шексіз даланың тылсым үнсіздігінен әбден жалығып, беймаза күй кешкен бағзы күні алдыңғы шолғыншыдан хабар келді: *"Көкжиектің теріскейі қиырына көз салсаң — күншілік жерден көкірегің бұлт тіреген биік тауды көруің қақ; оның баурайынан он сан бұлақ, сан тарау өзен құлайды; көлігіңе — ең жайлау, жер қайысқан әскеріңе жайлы қоныс соның саясынан табылады..."*

Сол тау Сарыарқаның кіндік жонында осы күнде де дара тұрған биігі — Ұлытау еді.

Ақсақ Темірдің жиырма түмен әскері сәуірдің 28-күні Ұлытауға жетіп, бас-аяғы ат шаптырым ұзын сайлар мен әрқайсысы бір-бір бұлақ, өзен құлатқан кең қолтық бұйраттарға жайыла қонады. Ұлытауда олар үш күн, үш түн шеру болады. Көлік тынықты. Неше күн бойы шаң қаптырған шөл даланың азабы да ұмытылады. Алда — ұзақ жорық, жаңа асулар!..

Төртінші күні, ертеңгілік мезгілде Әмір Темір қасына қолбасшы, уәзір-кеңесшілерін алып, Кермене ақын және бар, өзінің қыл құйрық байланған, қара туы қадалған биік төбенің үстінде төңірегін шолуға шығады. Әміршінің қысық көзі ешқайда тоқтамай, от шаша аласұрады. Төңіректің көз тұндырған көкжасыл көркін емес, көлемін өлшеп тұрған сықылды. Анау қарауылға шыққан құлжадай оқшау дараланған биік тау да, соның саялы, салқын баурайы да, мына туу сыртындағы сағым ойнап, шеті көкжиекпен шептескен жалпақ жазық та Азияның азулы Барысының қысық көзіне тар болып қомсынып тұрғандай. Әлден уақытта ол қатты дауыстап:

— Әй, Кермене! Табаным тиіп тұрған мына төбеге қандай сый лайық? Бұл енді менің иелігімдегі жер ғой, — дейді.

Кермене ақын сөзден жаңылған ба:

— О, Әміршім! Сенің сыйыңа лайық иығымен бұлт тіреген Ұлытау шыңы емес пе. Әттең, соған жете алмай күйінгендіктен жаза тартқызып тұрсың-ау! — десе керек.

Әмір Темір сонда мырс етіп:

— Кім көрінген шыға алмайтын, ат тұяғы ешқашанда баспайтын, асуы қиын, асқақ шыңның маған керегі қанша? Маған мынау аттылы-жаяудың бәріне таптауырын болар қарауыл шоқы ұнайды. Ұнаған соң сыйым да осыған арналады, — дейді.

— Олай десен, Әміршім, табаның тиген бұл төбеге терең ор қазып, мәңгі өлмес есімің жазылған алтын табақ көмейік, — деп ақыл қосады уәзірлердің бірі.

— Ақымақ, алтындай асылдың ешқашанда жерде жатпай-

тынын білмеуші ме едің. Ертең-ақ сен сықылды бір сұмпайы қазып әкетсін деп қалдырам ба оны?

— Бәрекелді, жөн сөз, ақылы бәрімізден озық, тәңірдей биік Әміршім, — дейді Кермене ақын. — Осы тауда тастан көп қазына көрмедім. Соның біріне атыңды жазып қалдыр. Сен қонған жұртқа мәңгі өшпес сондай белгі лайық!

Әмір Темір шексіз төңті болып:

— Кермене, ақын болсаң да, ақылды сөз сөйлеп тұрсың. Мына ақымақтарға қара тастың алтын табақтан неге артық екенін түсіндір, — деп бұйырады.

Кермене ақын мәнерлеп жазу шеберлерін жұмсап, Ұлытау қойнынан үлкендігі кебежедей қарабұжыр тас алдырады да, қылышын қынабынан суырып, қасында тұрған нояндарға:

— Ал қане, осы тасқа тырнақтай сызат салып көріндер, — деп шаттана күлсе керек.

Шамның¹⁷ атақты шарболаты да, Бағдатта соғылған болат сүңгі де, Самарқанның өлденеше батпан сом балғасы да сандық тасқа иненің жасуындай сызат түсіре алмапты.

— Міне, көрдіңдер ме, мұның алтыннан артықшылығы да осы, — дейді Кермене масаттана сөйлеп. — Керемет беріктігінде. Оның бетіне түскен өміршінің есімі мың жылдан соң да өшпей, жел-судан көшпей, мәңгі сақталады...

Мұнан арғы оқиға Темірдің жорық шежірешісі Шараф ад-Дин Әли Йәдзының "Зафар-Нама" кітабында былайша суреттеліпті: *"Әмірші Ұлытаудың басына шығып, алдында көсіліп жатқан ұшы-қиырсыз пен даланың көкжасыл реңін тамашалап ұзақ тұрды. Сонсоң әскеріне тас тасыттырып, биік оба тұрғызуды бұйырды. Шеберлер текше тасқа осынау бақытты оқиғаның болған мерзімін әйгілеп жазып, оның есімін ұзақ жылдарға сақтайтын мәңгілік белгі етіп қалдырды..."*

II

1935, доңыз жылының тамыз айы. Сонау бір дүрбелең күнде Темір Көрегеннің жер қайысқан қолы шаңдатып өткен ежелгі қыпшақ даласы. Сағым ойнап, бәз-баяғыдай бедірейген қалпында. Бетегелі боз қырқалар, көк торғын мұнар ораған биік таулар, шексіз жазықтар, мөлдіреген көк аспан да ғасырлар көшін, замандар легін кешпеген сияқты... Жоқ, бұл — алғашқы әсер. Әне, боз қырқа үстінен қою шаң көрінді. Со-

¹⁷Осы күнгі Дамаск қаласы.

цында арқан сүйреткендей ақшулаң бұлт, ал шаңның алдындағы қара тең-тез зорайып, құйындай зымырап келеді...

Бұлар Қарсақбай комбинатына қарасты геологиялық барлау конторының бір топ кен іздеушілері еді. Қоліктері — сол күннің жүрдек фордигі. Жүргізушісі — Григорий Мироенко, жолаушылардың өз сөзімен айтқанда, "осы топтың шофері ғана емес, бірден-бір асыраушысы". Ойткені күні бойы ашық далада, күн көзінде жүріп жер қарап, кешке қарай жатар орынға титықтап жететін серіктеріне дуадақ, кейде киік атып, күн ара ыстық сорпа ішкізіп отырады.

Топ жетекшісінің ынтасымен жер шола шыққан жолаушылардың бұл жолғы қарамы шағын, небәрі алты-ақ адам. Шақырайған өтімді күнге осалы — геолог-минералог Таисия Алексеевна. Көбіне ол Жағордың қасында, кабинада отырады. Қораптың үстінде жайғасқан торгеудің үлкені — Қаныш Имантайұлы. Оның қасында қос коллектор, біреуі өйел адам, үшінші серігі — жасаң жұмыскер Шәріп (Қанексең 1932-жылғы ашаршылықта өз ауылынан әкелген балалардың бірі).

Құрал-жабдығын, жағар май, азық-түлік, қазан-ошағына дейін сайлап шыққан жолаушылар осы сапарда бірталай жерді аралаған: Қарсақбайдан шыққан бетінде Байқоңыр, Қияқты өзендерін бойлап, терістіктегі Дулығалы-Жыланшық пен Үлкен Жыланшықтың жағасын асықпай қарап өтіп, Ақсай, Болаттамға дейін барып, Ұлытауға батыс жағынан орағытып келеді. Жолға шыққандарына екі апта болған-ды.

Біз сөз етіп отырған күні барлаушылар тобы Жетіқыз өзенінің жағасына келіп тоқтаған. Қонатын жерге жарықта жетіп, қыр кешін от жағып қарсы алатын. Кеше бұлар қапыда қалды. Оған кінәлі — бастықтың өзі: Жетіқыз өзенінің саласына ілінгеннен-ақ, машинаны әлсін-әлсін тоқтатып, жер шолуды бұрынғыдан да жиілете бастаған; әсіресе қарсы алдынан бұйрат, төбе кезіксе... бұрылып барып, басына шығады; тігті оба көрсе де әбден қарап шықпай алға жүргізбейді...

Сөйтіп жүріп кешкі қонысқа саяхатшылар кенігіп жетті. Күндегідей жерошақ қазып, қазан да көтермеді. Жәшіктері құрғақ асты қажалап, қара торсықтың түбінде қалған суынды бөліп ішті де, жолшатырын қалқитып алып ұйқыға бас қойған.

Қаныш Имантайұлының жігіт ағасы атанып, абырой-атағының толысқан шағы. Сұраған қаражатына қолы жеткен соң-ақ ол барлау бағытын Жезқазған төбелерінен ұзатып, осындай жырақ жатқан қияндарға аударып бастаған.

...Мазасыз жетекшінің бүгін де өздерінен ерте тұрып, дала

кезіп кеткенін серіктері ертеңгілікте бір-ақ білді. Сірә, кешегі ұзақ жүрістен қажып, тұяқ серіппей тым қатты ұйықтаса керек. Күн құрық бойы көтеріліп қалған. Бүгін де аяусыз күйдіріп, мейлінше шырғаратын тәрізді. Аспан ашық. Түңдегі дару самалдың лебі білінбейді. Ыстық аптаппен ауысқан.

Шөріп шелек алып өзенге кеткенде, Рожнов төңіректен тас жынып, қазандық қалай бастады. Мирошенко ежелгі кәсібіне, шай қамдауға кірісті.

Талай күннен бері бір "кемеде" тірлігі бірге болып келе жатқандардың күн сайынғы әдеті осы: үш геолог шыққан күнмен таласа тұрып, жер шолып кетеді; талай белді кезіп, жол дорбаларын үлгі жынысқа толтырып қайта оралғанша, қоста қалған үшеу ас қамдап, ас-су өзірлеп отырады...

Қара шәугім от үстінде быжылдап "өн салғалы" қашан. Біраз жерді шолып, Таисия Алексеевна мен Катя Круглова қайтып оралды. Қай шаруаға болмасын шыдамсыз Сергей Рожнов дастарқан жайылғанын тосқан жоқ, екі құлақ шайды апыл-ғұпыл ішті де, коллекторлық міндетіне кірісті.

Ал Қаныш Имантайұлы болса ұшты-күйлі жоқ...

Бұл кезде ол Жетіқыздың теріскей жағасында — алыстан түйенің өркешіндей шошайған қос шоқының қиыр шеткісін қарап болып төмен түсіп келе жатқан-ды. Геолог бұған да үмітпен шыққан. Етегіндегі тырбиып өскен теріскенге қызығып, өзен жарындағы топырақ түсінен де үміттеніп, әдейі көтеріліп еді. Шоқының арғы-бергі бетін біргалай кезді. Бірақ қара тастан өзге қазынасы жоқ жұтаң төбе екен, жол қапшығына жалғыз түйір минерал салмай, ақыры, міне, бос қайтты.

Сөйтсе де қос жақ шеттегі екінші шоқыға да соға жүрмек болды. Батыс шеті шымқай тақтатас, әрі тік жарланып қатпарлана біткен биік шоқыға геолог ентігіп шықты.

Төбенің үстіне көтерілгенде-ақ ол өзін Ұлытаудың ұшар басына шыққандай сезінді. Көз жетер төңірек алақанға салғандай табан астында сұлап жатыр: терістікте Ханшапқан жазығы бұлдырайды; ту алыста кеше өздері басып өткен қос төбелі Сарлық; оның ар жағында мен мұңдалап Ұлытаудың ұлы шыңы Едіге тұр; алыстағы Кеңгір саласы да осы жердің биіктігіне бас игендей мұнарланып көрінеді.

Шоқының мына кереметіне таңданған геолог: "Бұл қандай биік, алысты жақындатқан қандай шоқы?.." — деген оймен планшетіне қараған. Күткені — биік, ұзын, нәбиіктік өлшеміне лайық тұлғалы сөздер еді. Бұл төбе соның бірін де місе көрмей, өзіне ең қымбат, ең зор атауды иемденіпті: Алтыншоқы!.. Неге алтын?.. Жер-суға ат қойғыш қазақ елі, тегінде, мұндай жөннен жаңыл-

маушы еді. Қолмен көмгендей-ақ көп асылды қатесіз нұсқап беретін-ді. Мынау да соның бірі болмағай?

Көңілінде жыт еткен бір үміт, бір сенім қат-қабат жарысып, дегбірін билеп кетті. Әсіресе, шоқының күнбатысқа құлар жолында теңкиіп жатқан қорым тасты көрген соң-ақ шөлдегенін ұмытып, аптыға басқан-ды.

Қорым тастың бұрын-соңды Арқа тауларынан өзі көрген оба, үймелерге ұқсамайтынын Қаныш Имантайұлы бірден аңғарды. Құрамы да, қаланған жігі де басқарақ. Аумағы он екі қанат қазақы үйге орын болғандай кең үйменің қаланған жігін қуалай қарап тұрып ол тағы бір өзгешелікті байқады: қорым тас іш жағына қарай дестеленіп қаланған; демек, бұл — қорған емес... Тас үйменің құлау жігі де өзгеше құрылыс екенін аңғартқандай... Геолог еңкейіп, қуыстан екі-үш кесек тас алды. Таңданғаны соншалық — тізерлеп отыра қалып, тағы да екі-үш тас суырды.

Қолында бір жақ беті магма жынысына ұқсаған, от қақтап, күшті жалын шарпыған тас кесектері тұрғанына ол енді шүбәланған жоқ. Үлкейткіш шынымен зер сала үңіліп еді, тас бетінен ағаш көмірінің қалдықтарын көрді. Демек, алдындағы үйме — пеш, көдімгі дала пеші! Дөң көлбеуін түтін тартуға пайдаланып, мұржасын биік төбелердің ту басынан шығарған ескі пештердің құлаған орнын ол Ұлытау өңірінен жиі көретін. Мынау да соның бірі. Тек не үшін, қандай ділгірлік себеп болып тап осы жерге қаланған? Металл қорытса, кен көзі қашықта емес. Сондай бір зәру қымбатқа болмаса, жәй ғана қазандық үшін осынша тас жиыл, әуреге түсудің қажеті қанша?..

Геолог қосқа қайтуды ұмытып кетті. Серіктерінің тосып отырғанын да қапелімде есіне алған жоқ. Есіл-дерті айдаладағы жабайы пештің жұмбақ қызметі болып, қорым тасты әрлі-берлі ақтаруға ауды. Ақтарған сайын өлгі жорамалын растағандай айғақтар тауып, сенімі соған беки түссін. Әзірше шүбәсіз анықтағаны: пеш аузы төменіректе болған; түтін тартар қуыс жер астымен көлбей қаланып, осы, өзі тұрған оппада біткен; қорытқаны да — металл емес, басқа зат. Өйткені қаншама ақтарса да бір түйір металл қорытпасын, иә кен тасын таба алмады. Сірә, өлденені ұзақ қыздырғандай?..

Күн сәскеге ауып, көлеңке теңелуге айналды. Пеш орнында едәуір уақыт отырып қалған ба, таңдайы тобарсып сусын тілегенін аңғартты. Машина өзі тұрған шоқының теріскей жақ түбінде. Тура жүрсе бір сағатта-ақ жетіп барады. Бірақ ол "бір жерді екі баспау да — іздеуші геологке жоралғы" дейтін әдетімен шоқының оңтүстік жағын орағыта қайтуды жөн көрді.

Кейін, сан жылдардан соң да тәнтi ризалықпен есiне алатын оқиға оған осы арада, шоқыны алыстан айнала жүрген мезетте кезiктi...

Оқырман, өрине, Қаныш Имантайұлының қандай олжаға тап болғанын сезiп отыр. Иә, барлаушы-геолог Алтыншоқының оңтүстік бетiнен сонау қым-қуыт заманда, хижраның 793-жылында Азияның айбарлы билеушiсi Темiр Көреген Ұлытауда қалдырып кеткен тарихи белгi тасқа кезiккен-дi (Өлгiнде ол шүқшия зерттеген дала пешi де осы тастың бетiне таңба, мәңгi өшпес жазу қалдыру үшiн көне заман шеберлерi қалған қазандық орны едi).

Бұдан бiрнеше жыл бұрын, Ұлытау өңiрiне алғаш тап болған кезiнде ол осы еддiң көнекөз ақсақалы Өмекеңнен: "Жасырақ кезiмде Ұлытаудың арғы бетiндегi көп бұйраттардың бiрiнен жоғалған мал қарап жүрiп, таңбалы тас көрдiм, құдауанда, келбетi соның бiр жосын өзгеше едi" деп тамсана өңгiмелеген-дi қарт, бiрақ тастың жатқан жерiн нақты айта алмай, адастырмас белгiсiне тек Жетiқыз өзенiнiң биiк жарын атаған.

Геологтың кешелi-бүгiнде, Жетiқыз атырабына iлiккен кезден мазасызданып, төбенiк босатпай, оба кезгенi де сол едi. Көрiқұлақ Өмекең көрдiм деген таңбасы ғажап тасты қайткен күнде iздеп табуға құмар болған-ды. Мiне, ендi сол тас қарсы алдында теңкiп жатыр. Тас бетiндегi белгi — өзi күткендей ру таңбалары емес, кәдiмгi арап әрiптерi. Жазуы өшпеген, мәнерлi әрiптер әдемі шабылған. Өзiне жас күнiнен таныс арап, парсы, шағатай тiлдерiнен есiнде қалған түйсiкке бұрып, ежiктеп көрiп едi — шығара алмады. Бастапқы жолын әрең ажыратты. Кәдiмгi мұсылман жұртының ежелгi рәсiмi бойынша, әрбiр сәлем хат, ресми деректердiң алдында қосақтала жүретiн. "Бисмилла, рақыман-рақым" деп басталатын дұға сөздерi.

Қос басында қара шәугiмдi қайната-қайната тосудан шаршап, iздеуге шыққан серiктерi топ жетекшiсiн тас бетiндегi жұмбақ жолдарды ежiктеп отырған сәтте тапты...

Мұнан арғы өңгiменi сол оқиғаның куәгерi Сергей Александрович Рожнов жалғастырсын.

"...Шәрiп екеумiз барғанда Қаныш Имантайұлы таңбалы тастың iргесiнде көлеңкелеп отыр екен. Бiзге жайраңдай қарап: "Қане, жастар, мынаны қозғап көрелiк. Алтыншоқыдан алтынга бөргiсiз қазына таптық бiлем. Менiңше, өте қымбат дүние. Сiрә, тым көне уақыттың белгiсi", — деп түсiнiк бергенi есiмде. Қымбаттығы рас болу керек. Геологтың берiк

болаттан құйылатын балғасымен ту сыртын біраз түйгіштеп көріп едік, сызат түсіре алмадық. Үшеуіміз олай-бұлай ыргап, орнынан қозғай алсақшы. Зілмауырлығы сонша! Қосқа келіп, шай ішіп, біраз дем алған соң, қайта бардық. Мен "Фотокормен" бетіндегі таңбасын суретке түсірдім. Таңбаның анық көрінуін ойлап, суретке түсірерден бұрын кәдімгі тіс ысатын ақ ұнтақпен әрбір әрпін мұқият ағартып шыққамды. Бұл тас туралы жарияланып жүрген еңбектермен қоса берілетін сурет дүниеге осылай келді...".

Өзі тапқан белгі тастың фотосуретін Қаныш Имантайұлы Мәскеуге, КСРО ҒА-на жолдаған. Бірнеше айдан соң академияның хабаршы журналында "Ұлытау тасы" туралы хабар жарияланды. Белгілі ынығыс зерттеушісі, профессор Поппэ тас бетіндегі жазуды ажыратып, оның қонне дәуір белгісі екендігін, Әмір Темір жорығынан қалғандығын, тіпті жазылған жылы мен мәтінін де анықтайды.

Бертінде қазақ ғалымы Ә.Х.Марғұлан оны қайыра зерттеп, былай деп түпнұсқаға жақындата тәржіма жасаған: *"Тәңірі нисбет (несіп) бергей. Тарих йсты юз тоқсан екіде, қой іл, йазаның ара айы. Туранның сұлтаны Темірбек юз мың черік біла... Тоқтамыш хан біла санычмаққа йучді. Бұ нерден өтіп, белгү болсын деп бұ обаны қобарды. Іншалла, тәңірі бұл кішіге рахмат қылғай, бізні дұға біле йат қылғай"*.

...1936 жылдың күзінде Қарсақбайға, Қ.И.Сәтбаевтың атына Ленинградтан хат келеді. Хатты Эрмитаждың сол кездегі директоры, академик И.А.Орбели жолдапты: академияның Ұлытауға арнаулы ғылыми экспедиция жіберуге шешім алғанын, Темірдің жорық жолында қалдырып кеткен тас белгісі бұдан былай Эрмитажда сақталатындығы жайлы ғылыми кеңестің қаулысы болғанын хабарлай келіп, экспедиция мүшелеріне таңбалы тас жатқан Алтыншоқыны көрсетуді өтініпті.

Сөйтп, XIV ғасырдың көне белгісі сол күзде-ақ әлем асылдарының ұлы ордасы — Эрмитаждың 10-залына, екі терезе аралығындағы бірінші тағанға қойылыпты (1969 жылдың ақпан айында мен оны сол жерде көргем-ді).

III

Қаныш Имантайұлы "Ұлытау тасына" геологиялық саяхат кезінде кездейсоқ жолыққан. Алайда оның тарихи аса мәнді ескерткіш екендігін бірден болжамдап, КСРО ҒА-сына хабар-

лауын кездейсоқ қарекет деуге бола ма? Жоқ. Әрнеге әуестік, одан да гөрі ғылым сырына құмарлық оны жиырма жасында есеп жыңғылына қойып кетіп, "Қазақша Алгебра" оқулығын жазуға бастады. Тап сол ынтызарлық студент Сәтбаевты туған халқының ауыз әдебиеті үлгілерін жинауға әуей етіп, бұл істе де тыңға түрен салғандай, фольклор іздеушілердің бірі болғандығын аңғартты. Сірә, сол саладағы алғашқы еңбегі — Семейде шығатын "Қазақ тілі" газетінің 1923 жылғы 13 желтоқсанда "Байшуақ" (Сәтбай атасының есімінің шуақты, сәулелі, сәтті мағынасынан туған сөз) деген лақап атпен "Обаған" өнінің туу тарихын, сол әнді айтушы, қартаң әйел мен тыңдаушы көптің әсерін жариялаушы былай суреттепті:

"...Көз алдыңа Сарыарқа, сайран жер, нулы ел, сары қымыз, саф ауа, сан еркіндіктің ұшқындары елестейді. "Қызықты қайран дәурендер, өттің-кеттің, қайырылар күнің бар ма?" деген сияқты жүрекке бір түрлі тәтті уайым, майда сағыныш түскендей, жіңішке нәзік дауыс бір мезгілде тіпті солқылдай зарлайды.

*"Жарың биік Обаған, суың тәтті,
Үшбу қасірет жаныма жаман батты.
Тобыл өтіп Обаған келгенімде,
Алшаңгер мен Аягөз арам қатты..."*

— деп тұрып өксиді, күңіренеді. Көз алдыңа жаһан далада жүрегін кернеген шерді қайда көмерін білмей, сандалып жүрген адам елестегендей... Шыдай алмай, "Бұл ән кімдікі?" деп сұраймын..."

Бұдан әрі ән айтушы әйел мен ауыл иесі ақсақал екеуі қосылып, "Обаған" хикаятының тарихын көркем тілмен төндіре баяндайды: Обаған өзен аты екен, соның кең саласын жайлайтын Осып мырзаның Ақиық есімді сұлу қызына Жантөрин деген әпесер, оқыған жігіт ғашық болады; ал қыз байғұс Шыңғыс төренің Сұлтанмахмұт деген баласымен баяғыда атастырылған; Жантөрин ғашығына қолы жетпей, Орынборға кетеді, мұңлық қыз төренің ауылына; алайда ол жақта көңілінің басқада екені ашылған соң, төркініне қайтып оралады; ашығы болса Орынборда "Ашық кеуде, сырлы бет, құбылмалы қала әйелдерімен қыдырып". Ақиықты біржола ұмытады; жаны жаралы, көңілі қапалы сұлу сүйгенінің жүрегін оятпақ болып, жігітінің атынан осы әнді шығарған-мыс...

1926 жылдың 13-қаңтарында қазақтың тұңғыш театры Қызылорда қаласында шымылдығын ашты. Сол жылдың күзі мен қыс айларында Қарсақбай мен Мәскеу аралығында

ерсілі-қарсылы сабылып жүрген инженер-геолог жұмыс бабымен Қызылордаға да әредік соғып, ұлт тетрының қойылымдарын қызықтаған тәрізді. Соның бірі жылдық мереке-сіне арнап, 13 қаңтар күні қойған ойын-сауығы — күлдіргі туынды "Малқамбай", соңынан екі бөлімнен тұратын концерт. Ойын-сауық кештеріне, театр ісіне жас күнінен әуей Қаныш Имантайұлы мерекелік қойылым жайында "Қазақстанның ұлт театры туралы" атты көлемді рецензия жазып, "Еңбекші қазақ" газетіне ұсынған.

"Әміре (ҚАКСР-ның халық өртісі Әміре Қашаубайұлын айтып отыр — С.М.) бұл жолы назарын "Қанапия", "Жанбота" сияқты шырқалып, шалқып салынатын қазақтың ескі, ескекті әндеріне молырақ көңіл бөлгендігін көрсетті. Бұл, әрине, сүйсінерлік нәрсе. Мұнан былай да Әміре сияқты әншілер осы бағыттан таймауы дұрыс болар еді. Өйткені: "Қанапия", "Жанбота", "Сырымбет", "Алтыбасар", "Топайкөк", "Шама" сияқты ескі әндер — қазақ елінің саф әуе, сайын дала, сары қармызға емін-еркін өрістеп жүрген дәуіріндегі шығарған сарындары. Сондықтан олардың нақысында еркіншілік, еркелік, өжеттік сезімдер күшті. Бұл жөнінде көрсетерлік аз кемшілік — Әміренің "Қанапияның" аяғын тым шолағырақ қайыратындығы, — дей келіп, сын семсерін тереңірек жәйтке бұрады. — ...Концерт бөліміндегі нашар шыққан Құрманбектің (Жандарбеков — С.М.) хоры. Ол шынында хор емес. Өйткені хор — тенор, альт, бас сияқты әр дауыстың үндестігінен құралған (унисон). Бұған шынында Құрманбек кінәлі емес. Қазақстанның қазіргі мәдениеті, театр күштерінің лебіз жүйесіндегі жалпы жастығы кінәлі... Қалибектің мысқылдары мен Мұхамедидің биі айрықша көз салып, кеңіл бәлерлік нәрселер, өткір, орынды, ұлы мысқыл — көпшіліктің міндерін түзеу жолында ең күшті құралдың бірі екендігі даусыз. Өйткені жабайы сөздер тек сүйектен өтетін болса, ұлы мысқыл оның аржағында бүйректен де тесіп өтуі мүмкін..."

Мақала несі соңында үш түрлі ұсыныс айтқан: "1) Театр — ел өмірінің тузу айнасы. 2) Театр — ел міндерінің құрулы тезі, төреші ұстазы. 3) Театр — қазақтың салт-сана, күйі, сарында-ры сияқты мәдениет өнер кеңдерінің терең ошағы, ұйтқысы. Бұл негіздерді жүзеге асыру жолында ұлт театрына өлі де болса келешекте көп қайрат, қажыр, қазына керек болады..."

"Қаныш Сәтбаев — жас қазақ инженері, Том технология институтында білім алған, — депгі ұлтымыздың ән-күй мұрасын жинаушы Александр Викторович Затаевич "500 қазақ әндері мен күйлері" жинағының 267-түсінігінде (М. 1931 ж.) —

Баянауыл әндерін ол өте көп біледі және келістіре орындайды. Мына жинақ үшін ол көптеген әндер мен әуендерді айтумен бірге, солар туралы өте құнды деректер қосып, әмбе мәтінін орыс тіліне мұқият аударып та берді... "А.В.Затаевич бірде-бір айтушыдан, ал олардың ішінде Әміре Қашаубаев, Майра Уәлиқызы, Қали Байжанов, Ғаббас Айтбаев, Жұмат Шани, Жүсінбек Аймауытов, Ілияс Жансүгіров сияқты белгілі ән-әуен дүлдідері мен білгірлері бар, бірақ, нақ Қаныш Сәтбаевтай ерекше мол (25!) ән жазбаған. Сірә, инженер жігіттің ән қоры, орындаушылық мәнері де айрықша зор болған. Біздіңше, Мәскеуде кездесіп, ұзақ сағаттар жұмыс істеген.

(Ескертер жәйт: Қаныш Имантайұлы А.В.Затаевичтің 1920-1935 жылдар аралығында қазақ халқының ән-күй мұрасын (ұзын саны 2500!) мұқият жинап, көпшілігін біржола ұмыт болудан сақтап қалған ізгі ісін ерлікке балап, ерекше құрмет тұтып, ізденісіне шама-шарқынша қолғабыс еткен. Әсілі, сол құрметтен ол Александр Викторович дүниеден қайтқан соң да жаңылмаған: Мәскеудің Новодевичье зиратындағы қабіріне Қазақстан атынан құлпытас қойылуына мұрындық болған; марқұмның басына жиі барып мінәжат етуден де айнымаған; 1958 жылы Алматыда "Ғылым" баспасында жарық көрген "А.В.Затаевич. Зерттеулер, естеліктер, хаттар және құжаттар" атты академиялық үлкен монография да — Қазақ КСР ҒА-ның президентінің ынта-жігерімен дүниеге келгені зиялы қауымға жақсы мәлім).

"...Том мемлекеттік университетінің Сібірдегі ең ескі және ерекше бай кітапханасынан мен туған халқымның фольклорлық шығармаларының небір асыл нұсқаларын таптым, кейбірін соның жұртшылыққа жария етуге талап та жасадым... Солардың ішінде мені әдеби тілінің шұрайлылығы, кестелі жырының сонылығы, тарихи-этнографиялық деректерінің молдығы жөнінен Едіге туралы жыр қатты қызықтырды. Туу баста оны Ш.Уәлиханов жазып алыпты, кейіннен профессор П.М.Меллоранский жариялапты... Дайын тұрған нұсқаны қазіргі қазақ емлесіне түсіріп, өз атымнан алғысөз жазып, 1924-25 жылдар аралығында бітіріп, Мәскеудегі КСРО халықтарының Орталық Баспасына жібердім... — деген түсініктеме оқимыз Қаныш Имантайұлының 1951 жылы ресми мекемеге жолдаған хатынан. Сөз бұл жерде Қ.Сәтбаевтың 1927 жылы, Мәскеуде жарық көрген "Ер Едіге" кітабы жайында болып отыр. Шындығын айтқанда, бұл — болашақ академиктің баспа бетін

көрген тұңғыш кітабы. Фольклорлық жинаққа инженер Қ. Сәтбаевтың жазған "Сөзбасынан" шағын үзінді оқып көрелік...

"Мелиоранский бастырган "Едігенің" аты қазақша болса да, заты ноғайшаға жуықтаңқырыған түрі. Мұның үстіне әңгіме ішінде келетін түрлі толғаулардың да аяқ алысы тасырқаған малдың тұяғынша, сандыраққа айналыңқырағаны көрінеді. Бұған айыпты, әрине, Шоқан да, Мелиоранский де емес. Әңгімені бірінші рет аққа көшірген Ахмет дейтін ноғай мен өткен ғасырдағы қазақ жақсыларының... "кітапша жазу", "ноғайша сөйлеуді" сән көретін әдеті... — "Ер Едігені" бастырушы мынандай уәж айтады. — ... "Аймақ тану" ұйымдарының қазақ ішіндегі істейтін нысаналы жұмыстарының ең алды елдің ауыз әдебиетін жинау шаралары болуы керек. Әйтпесе қазақ жұрты да қазіргі татарлар сияқты, енді біраздан кейін әдебиетінің деректеріп "Орхон жазуларынан" іздеуі мүмкін. Шоқан бастап жиган осы Едіге батырдың әңгімесінде тарих, тіл, әдебиет жақтарынан қарағанда, қазақ ескі сөздерінің ішінде маңызды орын алуға ылайық деп білетіндігім үшін, оның жыр уәзіндері мен толғауларын тізіп, жазу түрін қазақшаландыруды дұрыс деп таптым (Бұған Баянауыл аймағындағы қаржас руынан шыққан Қопабай дейтін шалдың аузында жүрген Едігенің бір сорабы көмекші болып отырды)..."

Жырды шығарушы одан әрі дастанда аталған сом тұлға Сатемірдің, шындығында Ақсақ Темір аталған әмірші екенін дәлелдеп, оның да, қарсыласы Тоқтамыстың да кім болғанын тәптіштей қазады. Сөз соңында: "Тоқтамыс сыңды "өзі қойған текешігінің" көрсеткен мұндай қоқайын көтере алмай, ашуына мінген Ақсақ Темір 1391 жылы жер қайысқан қолымен Алтын ордаға жөнеледі..." — дегенде, ол, әрине, сегіз жылдан соң кім-кім, тап өзі сол жорықтың ізімен жүріп, Темір Көреген қалдырып кеткен тас белгіге жолығарын білмеген. Шүбәсіз анық жәйт: әрдайым білуге, көруге, жүруге ынтызарлық жерасты қазынасын сәтті іздеумен қоса геолог Сәтбаевты ғылымның өзге саласында да соны жаңалықтарға жолықтырып отырған...

Кен барлаушы жол дәптерлерінде жер жынысын сипаттаумен бірге жол-жәнекей кездескен тарихи белгі, таңбаларды да аттап өтпей, суретін салып, көрген-білгенін тәптіштей жазуды машық еткен. Айталық, Бұлақты өзенінің оң жағасынан, тақтатасты жыныстардан тұратын қима жартас бетінен ол көптеген хайуанаттар суретін табады; нақ осындай тас бейнелерді Қаныш Имантайұлы Тамды, Жетіқыз өзендерінің бойынан да көрген; ал Ұлытаудың ұлы шыңы Едіге үстіндегі, Бала Жезді мен Сары-

суықпендерінің жағаларындағы адам мүскіндері ше; немесе Аллашахан, Жошы, Домбауыл кесенелерінің көне құрылыстық, сәулет өнерінің үлгісі ретіндегі сипаты...

Мұның бәрі де Қаныш Имантайұлын қатты қызықтыратын. Қиялын қозғап, әрқилы ойға салатын. *"Бұл мақала Жезқазған ауданындағы көптеген тарихи көне дүние ескерткіштерін толық және жүйелі түрде баяндауды мақсат етпейді, — деп аяқтапты ғалым 1941 жылы "Народное хозяйство Казахстана" журналының №1 санында жарияланған "Жезқазған ауданындағы тарихи және көне ескерткіштер" деген ғылыми еңбегін. — Керісінше, археологтар мен әлке зерттеушілерге осы ауданда қаншама қызық та, сан-салалы материал зерттеусіз жатқандығын ескерту үшін жазып отырмыз..."*

Зерттеу үшін. Білу үшін. Туған жерінің кен тасын ғана емес, соның ой қырыша түскен әрбір із, таңбаны, бір кезде болып өткен ескілі-жаңамы тарихты, мәнді оқиганы жақсы біліп, жадында ұстау үшін. Ғылым жарағына, ел кәдесіне жарату үшін. Соны жас ұрпақ, кейінгі толқын көкейіне дарытып, биік мұрағаттарға, ілгері мәдениетке жетелеу үшін... Оның жаратылысы сол — іздеу, әрқашанда іздену!..

ОРНАЙДЫ ҚАЛА ӘЙГІЛІ

1

1936 жылдың шілде айы. Шаңқай түс. Кеңгірдің Наушабай аталатын төменгі саласында жайлауда отырған Бекболат ауылының үлкен-кішісі үй сыртынан естілген автомобиль гүріліне елеңдеп, есік алдына жүгіріп шыққан: кішкене фордигімен тағы да келіп қалған Сәтбаев екен; қасында бір топ орыстар бар.

Машина ауылдан аулағырақ жерге тоқтады да, жолаушылар үсті-басын Төрткүлдің майда шаңынан сілкіп болған соң ғана Әбдірахман ақсақалдың киіз үйіне қарай жүрді.

- Ассалаумағалейкум!
- Әлік сәлем, Қанышжан!
- Здравствуйте, ақсақал.
- Ыздрәсти, жоғары шығындар!
- Сіздің ауылдың қымызы ұнаған соң тағы келдік...
- Құдай тағала келгеннен айырмасын, Қаныш шырақ!
- Балалар, іргені көтеріңдер. Таңертсеңнен бері күн өтінде болғансындар, сірә, түтіккен түрлеріңнен көріп тұрмын...

Бөйбіше, сусынды тездет! — деп Әбдірахман ақсақал қонақтарың үйге бастады.

Бұлар жеті түтін еді: Әбдірахман, Сәмет, Балғымбай, Байсымақ, Жәнділді және Әубәкір үйлері. Жетегуі де осы төңіректегі бағаналы найманның Бекболат бұтағынан. Тұрмыстары қораш, кедей ауыл болғанымен — көңілдері жомарт, дастарқаны жаюлы жандар. Еңбегімен жер емген, азын-аулақ мал өсіріп, соның несібесімен күн көрген ауыл.

— Қаныш шырағым, кейінгі кезде Наушабайға келуді жиілеттің. Мұның да астынан бірдеңе таптың ба? — деді Әбдірахман қарт төгене толы қымызды алдына ала беріп.

— Бұл жердің кереметі астында емес, үстінде, Әбе. Білгіңіз келсе, ауыл адамдарын шақыртыңыз. Наушабайда таяу жылдарда қандай өзгеріс болатынын айтып берейін. Мына кісілер соның жобасын жасауға келген мамандар, Мәскеу жігіттері, — деп Қаныш Имантайұлы қасындағы серіктерін таныстырды.

Қонақтар қымыз ішіп шөлін басқан кезде, Әбеңнің алты қанат үйі кісіге лық толды. Ересек балалар мен әйелдер де қалмаған, жапа-тармағай келіпті.

— Бұл жердің Наушабай деген ескі аты сақтала ма, сақталмай ма — ол арасын білмеймін, — деді Сәтбаев көпке қарап. — Анық білетінім — нақ осы дөңеске, сіздің ауыл отырған биік жарқабаққа үлкен қала салынады.

— Қала дейді?! Бізге оның керегі қанша?

— Қандай қала? Қарсақбайдай үлкен бола ма? Әлде ана Жезқазған іргесіндегі Үредник қалашығындағыдай иқы-жиқы жертолесі мен барағы жыпырлаған кішкентай бірдеме ме?

— Жә, тыныш отырып тыңдаңдар! Сөз бөлгені несі, түге! — деп Әбең жекіп тастады.

Жұрт тынышталған соң қонақ әңгімесін жалғады.

— Жоқ, бұл арадан салынатын қала екеуіне де ұқсамайды. Мұның көшелері оқтай түзу, үйлері биік те сәнді, көрген жан келбетіне таң қалғандай сұлу болады. Әр үйдің алдында жайқалып гүл, мәуелеп ағаш өседі. Бұл шәрде кем дегенде жүз мың кісі тұрады!... Қаламен қоса осы жерде, Кеңес Одағындағы, бәлкім, дүние жүзіндегі ең үлкен мыс зауыты орнайды. Ал, сіздің Наушабайда кен тасын ұнтақтап, қайыра байытатын бірнеше ірі фабрикалар ірге көтереді. Сол себепті бұл қаланың негізгі тұрғындары құрылысшылар мен байытушылар, кен қорытушы металлургиялар болады. Сол кезде поселка тұрғындары осы жерге көшіп, онда кен өндіретін өндіріс қана қалады. Ал, кеншілер шахтыларға осы арадан қатынап тұрады...

— Ойбай-ау, салт атпен түсте шыққанда, жұлдыз жамыра-

тып әрең жетіп жүрміз Үредникке. Бұл арадан барып, жұмысты қай уақытта істейміз? — деген күңкіл естіді есік жақтан.

— Бұған да амал ойладық, отағасы. Рудник пен қаланың арасында жүйрік электропоезд жүріп тұрады. Немесе жүз кісілік үлкен автобустар. Былайша айтқанда, жеңгейдің самауырыны қайнағанша сіз рудникте боласыз.

— Жә, Қанышжан, сен айтқан соң сенбеуте болмайды. Ал сенейік десек, мынауың ертегілерде айтылатын дню-перілердің бір-ақ күнде тұрғыза қоятын қияли шаһарларына ұқсайды. Осы айтып отырған қалаң қашан салынады? Біз көреміз бе? — деп сөзге киікті Әбдірахман қарттың өзі де.

— Көресіз, — деді Қаныш Имантайұлы сабырлы шырайда, — сөзсіз көресіз, Әбе! Келесі жылы сіздің ауылдың малы жайылып жүрген жазыққа пойыз келеді. Одан арғысы әрі де-генде бес-алты жыл...

— Айтқаның келсін. жарқыным! Аузыңа — май, астыңа — тай! Сонымен келесі жылы бізге бұл араға қонба, жаңа қалаға орын бер дейсің бе?

— Жайлау ғана емес, сіздер, тегінде, қыстауларыңызды да бересіздер... Өйткені Досмырза моласының айналасы, Кеңгірдің осы жарқабақтан отыз шақырымға дейінгі жоғарғы бойы түгелдей айдыны шалқар кол болады.

— Ә, не дейді?! Қой, қарағым, мынауың да қисын жоқ...

— Сонша су қайдан келеді, аспаннан жауа ма?

— Аспаннан емес, жерден аламыз, отағасы. Кеңгірдің алдын бөгейміз. Бірақ, ол Қарсақбайдағы тоспадан жүз есе үлкен болады. Жаңа қалаға, фабрика мен зауытқа да көп су керек. Әлгінде айтқан бау-бақша, мәуелі ағаштар, жайқалған гүлдер де сонымен өседі.

— Бәрекелді, сөз-ақ!

— Шынында да, мұны көреміз бе, қан, кешірек тумай!..

— Көрмей, өлуте болмайды екен, бәйбіше!?

— Ау, сонда, Бекболаттың жеті түтіні қайда көшеді?

— Оған қайғырмаңыз, ақсақал. Жаңа қаладан пәтер ала-сыздар. Өйткені қарап отырасыздар ма, өздеріңіз де сол қаланың іргесін көтересіздер... Ал, мына отырған кішкене балақандар осы жерде салынған зәулім мектепте, техникум, институтта оқып, мамандық алады. Күндердің күнінде осы жерде орнайтын зауыт пен алып шахтыларды жүргізетін дәй инженерлер осылар болады...

Қаныш Имантайұлы тостағандағы қалған қымызын сарқып ішіп, бата жасады да, үй ішіндегілерге жымия қарады. Ешкім дәм-мим деген жоқ. Сірә, көбі әлгінде естігеніне сенер-сенбесін білмей дағдарып қалғандай...

II

Кеңгір су қоймасы мен Жаңа Жезқазған қаласының орнын белгілеу мәселесі мамандар сарабына әлденеше рет түскен. Соның бірі Мәскеуде, академияның ғылыми сессиясы кезінде, 1934 жылдың 13 қараша күні су қорлары секциясының мәжілісінде болған-ды. Ғылыми айтысты Водоканалпроект институтының жетекші мамандары И.Е.Суров, М.А.Стекольников және М.А.Руффель кезекпе-кезек мінберге шығып өрістеткен...

— Біз жасаған схемаға көз салыңыздар, — деген-ді олар. — Ұлытауда арынды өзендер мол екеніне тәнті боласыздар. Алайда бұл көктемде ғана көруге болатын көрініс...

"Онысы рас, — деп ойлаған-ды Сәтбаев та геологиялық саяхаттары кезінде өзі кешкен Ұлытау өзендерін есіне алып: Қара Кеңгір, Сары Кеңгір, Жылаңды, Үлкен Жезді, Бала Жезді қосылып, Кеңгір атанады да Сарысуға құяды — бұл оңтүстікке ағатындары; терістікке Қыпшақ, Терісаққан, Қара Торғай, Сары Торғай, Кері Торғай, Сөрелі, Жетіқыз, Сарлық, Есқұла, Қайыңды, Бозай, Арғанаты шығады; күнбатысқа құлайтын арналы өзендер — Үлкен жыланшық пен Дулығалы Жыланшық; оңтүстік батыста — Байқоңыр, Қияқты, Қарғалы, Қайдағөл, Түйемойнақ, Ұйтас-Айдос, Қостеңбіл, Дүйсенбай, Қумола, Білеуті, Қалмаққырылған өзендері; картаға түспегенмен көктемде ағыл-тегіл тасып, жаяу-жалпыға өткел бермейтін арналы бұлақтар аз ба?... Иә, көктемде — Ұлытау атырабында өзен көп, тіпті жер бетін тегіс су алып кеткендей көрінеді..."

— Біздің институт екі жыл бойы Ұлытау ауданында зерттеу жүргізді, — деп Суров сөзін жалғады. — Нәтижесінде Жезқазған төңірегінде ешқандай жерасты суы жоқ екендігіне көзіміз кәміл жетті. Үлкен Жезқазған комбинатының құрылысын бастайтын болсақ, бір ғана үміт — жергілікті өзендердің көктемгі суын шама келгенше ұстап қалу. Бұл үшін сегіз, бәлкім он жерден су қоймасын салу керек. Атап айтқанда, Қара кеңгір, Сары Торғай, Байқоңыр, Қияқты, Үлкен Жезқазған тоспаларын және Қумола өзенінің бойынан үш бөгет. Осы тоспалардан кеншілер қаласы секунд сайын екі жарым мың литр су алатын болады. Өндіріс қажетін бұл артығымен өтейді. Жобаланған су қоймалары Ұлытау алқабында бау-бақша өсіріп, әсіресе көкөніс егіп, егін шаруашылығымен де кең түрде шұғылдануға мүмкіндік туғызады. Кешелі-бүгінгі мәжілістердің бәрінде де бұл өлкенің топырақ

құрамы егін салуға қолайсыз, қоректік заттары тым жұтаң деп бағаланды. Біз ұсынған тоспалар жүйесі бұл көзқарасты бүтіндей жоққа шығармақ...

Сәтбаев қолын көтеріп еді, мәжілісті басқарушы академик Веденеев басын изеді.

— Жолдас Суров, Ұлытау алқабы үшін қай сала маңызды деп ойлайсыз? Өндіріс қажеті, әлде ауыл шаруашылығы өнімін көптеп өндіру?

— Жоспарлы өндіріс жүйесі социалистік шаруашылықты "Мынау мәнді, мынау мәнсіз" деп бөлмейді. Ал коммунизм құрылысының түпкі мақсаты — дала мен қаланы теңеу!.. Мұны сіз, қадірменді Сәтбаев жолдас, жақсы білесіз. Сөйтсе де ұғындырып көрейін: бұл өлкеде бір емес, сонша көп қойма жасауды ұсынғанда, біз екі саланың да қаз-қатар өрістеуін ескердік. Ал Ұлытау ауданы, өндіріс қана емес, ауыл шаруашылығынан да кенже қалып отырған жұтаң өлке...

Б.Е.Веденеев қарындашын үстелге ұрып:

— Жолдастар, негізгі мәселе бойынша пікір айтуларыңызды өтінемін. Әңгіме сусыз қаңсып жатқан шөл даланы суландыру турасында, — деп ескерту жасады.

— Суров жолдастың мәнді ұсынысының қажеттігін мойындай тұрып, бір жәйтті ашық айтуды парызым деп білемін, — деді Сәтбаев пікір айтуға мінберге шыққан соң. — Меніңше, бұл жобада дербес екі мәселе бір-бірімен мимырт араласып кеткен: оның бірі — Ұлытау алқабында мыс өндірісін ашу; екіншісі, ауыл шаруашылығын тыңнан көтеру, яғни тоспалардағы суды егіншілік пен бау-бақшаға пайдалану... Ал, біз бүгін не үшін жиналып отырмыз? Үлкен Жезқазған комбинатын сумен жабдықтау мәселесін кеңесу үшін!.. Водоканал-проект жобалаушыларымен Жезқазғанда бұл жайында талай мәрте әңгімелескенбіз. Демек, жергілікті мамандардың пікірі Суров жолдасқа мәлім. Сөйтсе де өндіріс мүддесінен алшақ жасалған, тіпті қиғаш кеткен фантастикалық жоба көріп отырмыз. Неге? Ауыл шаруашылық өнімдерін Жезқазғанға өзірше пойызбен де әкелуге болады... Ал Жезқазған мысын "су жоқ" деп миллиардтаған тонна бос жыныспен қосып, алысқа тасу — мүлдем тиімсіз. Біздіңше, Ұлытау ауданында барлық керекті өзі өндіретін сан салалы шаруашылық жобалау — қате көзқарас! Біз орта ғасырдың натуральдық шаруашылығы дәурен сүрген заманда емес, социалистік құрылыс дәуірінде еңбек етіп отырмыз, жолдастар...

Соңғы қатардан бір-екі кісі қатты күліп, қол соқты. Адыңғы орындыққа жайғасқан академиктердің бірі қасындағы жас инженерге бұрылып, әлдене деп жымыды.

— Қаныш Имантаевич, Үлкен Жезқазған қоймасы секундына екі текше метр су беретініне шүбаланбайтын боларсыз? — деп сұрады инженер Руффель.

— Бұл иланымды болжам. Оны толтыратын Кеңгір — Ұлытаудан бас алатын өзендердің ең суы молы.

— Сол тоспада 237 миллион текше метр су болады. Өндіріс қажетіне соның алтыдан бірі ғана шығындалады. Қалған суды егінге пайдаланбасақ, буға айналып бәрібір ұшып кетеді. Сіздің ұстанымыңызға таңмын, — деді Руффель.

Тағы бірер маман пікір білдірді. Бірақ екі жақ та бір-біріне есе бермеуге бекінгендей-ақ өз ойларынан танбады.

Борис Евгеньевич алдындағы графинді тықпалдатты, айттысушылар тоқтамаған соң орнынан көтеріліп:

— Сәтбаев жолдас бұл ауданда егін шаруашылығын өркендетуге қарсы. Әрине, керек болса, азық-түлікті алыстан тасуға болады. Бірақ өндіріс басында шоғырланатын халықтың қамын неге ойламасақ? Оларды көкөніссіз шөл далада қалай ұстаймыз?.. — деді.

Жезқазған барлаушысы оған да айғақ айтты.

— Астық егуді пайдалы екенін мен өте жақсы білемін. Құдай біледі дейін, бақша жемісіне де, көкөніске де тәбетім жаман емес. Ал, Ұлытау алқабының жан-жақты гүлденуі — менің ежелгі арманым!.. Бірақ мен, тап бүгін, қиялдан гөрі нақты іспен шұғылдануды жөн көремін. Бір ауданнан сегіз, иә он су қоймасын тұрғызу — тамаша іс. Оларды өзара жалғастыратын құбырлар жүйесін қоса есептегенде, бұл жүйе кем дегенде жүз миллион сомға түседі. Жә, сонша қаржыны бізге кім береді? Бірдеңіз... Екінші, бүгін таңда бізге Жезқазғаннан не қажеттірек: мыс, әлде картоп? Меніңше мыс! Кеңгір бөгетін салу үшін де едәуір қаражат керек. Үкімет бұл қаражатты бізге сөзсіз береді. Не үшін? Тек қана жер астындағы мыс көмбесін алу үшін! Ендеше, су тоспасы өндіріс қажетіне ғана қызмет етуге тиіс. Руффель жолдас, әлгінде өндіріс пен қала қажетіне Кеңгір қоймасындағы су қорының алтыдан бірі шығындалады дедіңіз. Бұл жорамал есеп және осы өңірдегі қазіргі өндірістердің шамалы сұранысы мен небәрі отыз мыңдай халықтың суға қажетіне ғана жасалған жоба. Ал мен, Суров жолдастың әлгінде маған үйреткен саяси сабағын еске алып, яғни Жезқазған болашағына социалистік жоспарлы құрылыс деп қарап, Ұлытау алқабында алдағы жиырма-отыз жылда ең кемі үш жүз мың кісі тұрады; онда орасан зор алып кеніштер, карьерлер, фабрикалар, зауыттар жұмыс істейді; әрқайсысында мыңдаған жұмысшылар еңбек етеді демекпін. Демек, "Суы қажет мөлшерден өлденеше есе

артық" деп отырған қойманың өндіріс пен қала шығынын толық өтей алмауы әбден ықтимал. Бұдан шығатын уәж: тоспаның суын жер суландыруға жобалауға болмайды! Бұлай етсек, жолдастар, өзін-өзі ақтамайтын артық шығынға ұшыраймыз. Себебі, біздің зерттеуімізше, Ұлытаудың оңтүстік баурайы, жоғарыда аталған алты-жеті тоспалар салынатын төңіректің топырағы егіншілікке мүлдем жарамсыз. Ал, егін салу үшін шұрайлы, топырағы құнарлы жер іздесек оны бұл өлкенің теріскей өңірінен қарау керек...

...Әңгіме ақырында Гидроэлектрпроект институтынан шақырылған сарапшы маман, профессор А.А.Предтеченский араласты.

— Сәтбаев жолдас ойланатын сөз қозғады, — деп бастады ол. — Мәселенің әділін айту қажет: талқылауға ұсынылған су балансы толық зерттелмеген, бірер жылғы болмашы деректерге сүйенген... Содан-ақ Жезқазған өндірістері қуатын қауырт өсірген кезде ауыл шаруашылығына пайдалануға су қалмайтынын көріп отырмыз. Демек, жер үстіндегі суды жинап, тоспада ұстау мәселесін жан-жақты зерттеп, артезиан қоймаларын іздеуге де күш салу керек!...

Мәжілісті академик Веденеев қорытты.

— Бүгінгі талқы не көрсетті? Көп-көрім жоба тартылды алдымызға. Сөйтсек, ол осы жақта ой-долбармен жасалған дүмбілез дүние екеп. Институт жобалаушыларының бұл іске жауапсыз қарағаны, өткен жазда жасалған бақылауға сүйеніп, сол өңірде жүргізілген бұрын-соңды зерттеулер мен жергілікті мамандардың ой-пікірлерін ескермей, нақтылы жер жағдайына үйлесімі аз, шикілі-пісілі жоба ұсынғаны талқылау үстінде мәлім болды. Топырағы зерттелмеген, өмбе құнарсыз қыртысты ауданда суармалы егіншілік көсібін ұйымдастыруды ұсыну — осының айғағы. Су балансы есебінде де дұдамал жәйттер бар... Ал біз болашақ мыс өндірісін аса ділгір сумен қамтамасыз ету мәселесін шешуге жиналдық... Сол себепті назарларыңызға мынадай қаулы жобасын ұсынамын: *"...Жобалану кезеңіндегі Үлкен Жезқазған мыс комбинаты өзіне қажет техникалық және коммунальдық суды Кеңгір өзенінен алуға тиіс; суармалы егін шаруашылығын ұйымдастыру өте шағын зерттеу материалдары негізінде әзірленгендігін атай отырып, жобаға майдаланылған кейбір деректердің қайыра тексерілуін, бұл ауданнан жерасты суларын іздеп, оның қорын дәлірек анықтау қажеттігінде ескерту шарт"*.

Ұзын ырғасы жеті жылдай зерттеліп, мамандар ұсынған түрлі нұсқалар егжей-тегжей тексерілуден кейін, ту баста

инженер-гидротехник Ф.П.Моргуненков ұсынған жерден, яғни 1928-1931 жылдар аралығында геологтар Гривнев пен Зайцев тоспа табаны болуға гидрогеологиялық құрылымы жарамды деген тұжырым жасаған Досмұрза моласы тұрған дөңесте тасбөгет тұрғызуға мәмлеге келісті. Оның техникалық жобасын әзірлеу Мәскеудің Водоканалжоба институтына тапсырылды...

1936 жылдың жазында дайын болып, жергілікті мамандар назарына ұсынылған жоба бойынша, Кеңгір бойында тұрғызылмақ (қазіргі Жезқазған қаласын шыр айнала түзілген су айдыны) тас бөгеттің ұзындығы 622, биіктігі 26 метр еді, одан ұзын тұрқы — 37,5 көлденең — 1,5 шақырымдай жасанды көл түзілмек-ті.

Сонымен, Жезқазған жайындағы ұзақ сонар айтыс нақты әуенге көшіп, жобалаушы институттардың қарамағына түскен. Өйткені 1936 жылдың 25 наурыз күні ауыр өнеркәсіп наркомы Г.К.Орджоникидзе Жезқазған мыс қорыту комбинатының құрылысын бастау жөніндегі бұйрыққа қол қойған-ды...

Бұрынғы техник Федор ПАСТУХОВТЫҢ естелігінен:

"... Дальний" деген участка, Рудник поселкасынан жеті шақырым жер, құрылыстық материалға барлау жасап, жыра қаздырып жүргенімде жеңіл машинамен Қаныш Имантайұлы іздеп келді. Маусымның (1936 ж. — С.М.) бас кезінде отрядыма бір топ студенттер қосылған. Бәрі де төртінші курсы бітіргендер. Қаныш Имантайұлы жұмысымның жай-жапсарын сұрады, графикалық материалдарды қарап шықты, бірақ бұрынғыдай барлау жыраларын аралаған жоқ. "Көрмейсіз бе?" деп тықақтап едім:

— Мен саған, Федюша, өзімдей сенемін. Саған және Павел Прокопьевке, екеуің де тапсырған істі тиянақты орындайсыңдар... — Қостың іргесінде саз сұрыптап отырған студент екі қызға келіп: — Жұғымды саз сияқты, үлгіні көбірек алыңдар, қайтарда ала кетіп, отқа төзімділігін сынатамын. — Сонсоң маған қарап: — Федя, тез жиналып, машинаға отыр, асығыспын... — деді.

...Жолсыз даламен жарым сағаттай ізеңдеп, Кеңгірдің жағасына келсек, бір топ адам күтіп тұр екен. Қарсақбай зауытының басшыларынан өзгелерін танымадым, бәрі дерлік бір-бір папка құшақтаған ірі мамандар. Өйткені сөз етіп тұрған әңгімелері бөлек: "Жоқ, өндірісті бұл жерден әрірек қою керек, суға түсе келген жұрт түтінге шашалып, газға тұншыққан сайын бізді бәлағаттап отырғанын мен қаламаймын", немесе "Темір жол вокзалы осы жерде қалсын; ал, қала

алысырақ орналассын, паровоз айғайын минут сайын естіп жатқан адамда ұйқы бола ма?" десіп, қызыл кеңірдік болған дауларын тыңдай түскім келіп, әрі соған құлақ түруден қысылып үнсіз тұрмын. Қаныш Имантайұлы Кеңіргінің арнасы тарылып, екі жағалауы да биік жарланып біткен деңестеу жерге келгенде ғана сөзге араласты.

— Анау қарсы жағадағы топырақпен көмілген ағаш қаданы біздің адамдар қаққан. Тоспа-бөгеттің табаны осы жерден түседі... Енді оң жаққа қараңыздар, қарсы алдымызда мидай кең жазық жатыр. Мыс зауытының шеткі қоршауы сол жерге тұрғызылса деймін. Ал қаланы... бұл жерден қолмен нұсқап түсіндіру қиын, картаға жақындаңыздар. міне, мына арадан...

Біреу сағат әуре болып, әр жерге топырақтан үйме жасап, оның үстіне белгі қазықтар қағып, тақтайшаға "Мыс зауыты", "Вокзал", "Аэроплан айлағы", "Қалалық бақ", "Фабрика", "Ленин көшесі", "Сталин көшесі", Қарсақбай зауытының бас инженері Н.А.Стригиннің ұсынысы бойынша, биіктеу бір қыраттың ортасына "Кеңгір мейрамханасы"... деп жазып, құдды бір Жаңа Жезқазғанның іргесін түгел көтеріп шыққандай-ақ бір-бірімізге құттықтау айтып тарастық.

Ақырында Қаныш Имантайұлы екеуміз пен жазықта оңаша қалдық. Батуға айналған күн Қарсақбай жақ ныққа шығып алып, алтын шапағын қиғаштай төгіп тұр. Сағым ойнаған кең дала табиғаттың осы бір кеңпейіл, ыстығы біршама кеміген мазалы мезгіліне бас игендей дамылдап, тым-тырыс мүлгіген тыныштыққа ауған. Қала орнайды деген қыраттың жусаны бұрқыраған бір тұсына келгенде Қаныш Имантайұлы жерге сұлай кетті де, маған "Асықпа, дем ал" дегендей ишарат білдірді.

Екеуміз жусанды далаға тәсімізді төсеп жатып, былайғы жұрт естісе күлкісі келер қызық әңгіме шерттік.

— Солай, Федюша, қияли іс деуші едіңдер, міне, көрдің бе, бәр-бәрі бүгін шындыққа айналды! Күні ертең осы жерге экскаватор келеді де, келешек қала іргесін қопара бастайды. Онан соң зәулім биік үйлер сап түзейді. Екеуміз жатқан қыраттың ортасында фонтан атып, саялы бақ өседі! Жұмыстан қайтып келе жатып, Федя, осы арада, жоқ, сен өітіп күлме, мен саған ертегі емес, шындықты айтып отырмын... Иә, жұмыстан қайтып келе жатып, осы арада бір-біріне су шашып асыр салған балақандарды көресің...

— Соған дейін оқып алсам жарар еді. Көп нәрсені мен жете түсінбеймін, көбіне ойша қорытып, солай болғаны жөн-аудеп долбарлап жасаймын... Шыным бұл, Қаныш аға, оқығым келеді, үй болған соң білесіз, — деп әңгіме сүренін ішімді жеп жүрген көкейкесті арманым бұрамын.

— Оның дұрыс, Федюша, оқу керек. Сенің геологияға деген ынтаң бөлек, өте байқампазсың, — деді Қаныш Имантайұлы бұл ойымды іле құптап, — бірақ сен быылша оқуды қоя тұр, сезесің бе, қанша жұмыс күтіп тұрғанын?... Ертеңнен бастап осы жерге көшесің, не керек — бәрін бергіземін, екі-үш ай бойы қона жатып жұмыс істеп, қала мен өндіріс салынатын алаңдардың астын тексересің. Ал, бұл өте-мөте жауапты жұмыс, күні ертең оқуына кетіп қалатын студенттерді мұндай аса мәнді іске қоя алмаймын. Ұқтың ба, сені неге ертіп келгенімді? Болашақ Жезқазған қаласының іргесіне геологиялық негіздеме әзірлейсің.

...Тамыздың орта шенінде Қаныш Имантайұлы жұмысымызды тексере келгенде құрылыс алаңынан біз жүз қаралы ұңғыма бұрғылап үлгерген едік. Олардың тік қимасын да сызып, калькаға түсіріп қойғанмын.

Қаныш Имантайұлы соның әрбірін асықпай көріп, бұрғылаудан шыққан кернелерді түгел қарап өткен соң:

— Жарадың, Федюша! — деді қолымды қысып. — Жұмысың оңды, зауыт пен қаланың орнын дұрыс белгілеппіз. Бұған енді ешқандай шүбә жоқ. Үсті борпылдақ, жарықшағы көп сияқтанған қыртыстың тереңде жалпақ тасқа айналғаны — үлкен олжа! Демек, Жаңа Жезқазған қандай жер сілкіну, тіпті, небір дүмпу-қопарылыс қозғалта алмайтын берік іргетасқа тұрғызылады..."

1937 жылдың қараша айы. Нілді (құжат бойынша — Өспен) мен Жезқазғанның арасы кең табанды темір жолмен қосылған. Жол жедел қарқынмен салынған, сол себепті көптеген станса мен разъездер толық жабдықталмаған қалпында асығыс тапсырылған-ды. Пойыздар жолшыбай көп кідіріп, әрі сирек қатынайды. Бірақ, соның өзінде үлкен өмірге тікелей жалғасқан Ұлытау өңірі кең тыныс алғандай, құлашын жаңа жазғандай қауырт қимылға көшкен. Жыл аяғында жаңа жолды Қарағанды-Балқаш тармағына қосып, Арқадағы үш алыпты өзара байланыстыру жайында үкімет шешімі шықты. Бұл үшін Жарық стансасынан жаңа жол тарту қажет...

36-жылдың қысына таман Гипроцветмет жобалаушылары Үлкен Жезқазған комплексінің жобасын дайын етті. Жоба әуелі Қарсақбайда талқыланды, соңынан наркоматқа жолданған: өнеркәсіп саласы — кен өндіретін рудниктер мен байыту фабрикасынан, жаңа мыс қорыту зауытынан тұрады; бұлардың барлығы, жұмысшы қалашықтары электр қуатын жасанды көлдің жағасынан салынатын үлкен ТЭЦ орталығынан алады; оған қоса Жезқазғанда механикалық жөндеу зауыты, флюс-

тер өндіретін қазаншұңқыр, құрылыс материалдарын дайындайтын ұсақ өндірістер торабы, зор қуатты тасымал паркі, қала іргесіне жақын орналасатын бау-бақша, жеміс шаруашылығы және тұрғын үйлер қалашығы салынуға тиіс...

Жобалаушылар Балқаш қаласын салуда жіберген қателікті ескеріп, құрылыстың бірінші кезеңінде тұрғын үйлер тұрғызуды белгілеген. Алғашқы бесжылдықтар кезіндегідей барактар жүйесі емес, иә ұсқынсыз жыпырлаған жұмысшы мекендері де емес, мүлдем жаңа үлгідегі, нағыз социалистік типтегі жаңа қала. Жоба бойынша, ірі өндіріс орталықтары шеткергі тұсқа салынып, ал қаланың өзі дербес алаңда, өзіне қызмет ететін тұрмыс шаруашылықтарымен, жасанды көлі және су торабымен, бақ, бақша, мектеп, кеншілер сарайы, спорт комплексі, стадиондарымен шоғырлана орналаспақ.

Сөйтіп, инженер Сәтбаевтың бұдан он жыл бұрын "Народное хозяйство Казахстана" журналында жария еткен бағдарламасы қаз-қалпында жүзеге аса бастаған...

IV

Жұмыс көлемі қайтадан ұлғайған соң геологтардың Қарсақбайдағы кеңсесі едәуір кеңейтіліп, Қаныш Имантайұлы отбасымен тұратын пәтер үйдің екінші жартысы дербес берілген-ді. Онда көп-көрім кең екі бөлме бар-ды, ас үйді қоссаң — кабинеттің саны үшеу. Қалайда бас механиктің кабинетіндегі бұған дейінгі екі үстелмен салыстырғанда, хан сарайындай кең жай!.. Бөлменің ең үлкені — камералка, оған коллекторлар мен чертеж сызушылар ие. Ортада бет тақтайы төрт шаршы метр аңғарадай сызу үстелі орналасқан. Оны жұрт кезектесіп иемденеді: кімге қанша қажет, қанша уақытқа қандай схема, иә, картаны жедел сызу керек, болмаса әлдебір ұңғыманың қимасын асығыс дайындауға тура келеді. Сол үшін кейде түнде де жұмыс істейсің, амал қанша?.. Қабырғаға жабысып, бұрыштарға сығылысып коллекторлар мен геолог-техниктердің тағандары орын тепкен. Бұл бөлмеде сегіз-тоғыз кісі жұмыс істейді. Үстелдердің жиі қойылғандығы сонша, кірген-шыққан кісі солардың ара-арасымен қырындап әрең өтетін. Бірақ мұндағы жұрт соны елең қылмайды: "Кабинетіміз тар болғанымен, ісіміз зор!" дейтін өзідері бар-ды. Камералканың бірден-бір "қожайыны" — аға коллектор Руфа Казанцева...

Тәрдегі шағын бөлмеде үш үстел тұратын. Оны жұрт кабинет дейді. Өйткені оңда барлаушылар мекемесінің бастығы отырады. Кіре берістегі екі таған геологтар мен прорабтар-

дың еншісінде, әрине, қайсысына керегірек болғанына. Ас үйге жобаланған бөлмеде контордың есеп-қисабын жасайтындар, арифмометр құлағын айналдырып, шот қағушылар отыратын. Кеңседегі ең шулы, мазасыз орын — осы жер.

Қысқасы, геологтардың жұпыны кеңсесінде бір мезгілде 18-20 адам жұмыс істеп, Ұлытау атырабының асты-үстіндегі асыл қазынаны таразыға тартып, картаға түсіріп, оның келешек тағдырына өріс берумен шұғылданатын.

Отыз бесінші жылдың барлауы кең көлемге жоспарланғанды. Қаныш Имантайұлының ойынша, соңғы екі жылда тежеуге түсіп біршама кешеуілдеген барлау үлесін таяу мерзімде еселеп қайтару қажет. Бұл үшін отыз екі станок қысы-жазы бірдей істейтін тұрақты жұмысқа көшіріледі, ал жазда ең кемі елу қондырғы бұрғылау жүргізсін. Геологтар басқарған, техниктер жетекшілік ететін шолғыншылар Ұлытаудың арғы-бергі төңірегін шарлап, пайдалы қазбаларға барлау жасайды.

Қияқты көмірін барлау қайтадан өрістеді. Онда бес станок жұмыс істейді. Қыста да бұрғылау жүргізуге дайындық жасалып, жұмысшылар тұратын баспана салынып жатыр. Арғанаты тауының етегінен мыс кендерінің шұқанақ белгілері байқалған, әмбе онда алтын жұрнақтары шапшыраған ақтас желілері бар. Көпес Железнов иемденген Қорғасын кенін түпкілікті зерттеуге Түсті металл барлау басқармасы аздап қаржы бөлген. Соны енді Қорғасын ғана емес, ұрымтал тұрған Арғанатыға да жұмсап, ұтымды пайдалану керек... Бүйректегі Атасу мен Қарсақбайдың өз басындағы темір, марганец кендерін де шола қарағанды қойып, дербес барлау партиясын ұйымдастырып, кендік қорын, көлемін таяу жылдарда анықтау міндет. Нақ осындай назар Ақши мен Ағадырға да керек, бәрінен де бұрын Теректі, Әулиетас, Терісаққан, Жаманайбат, Атбасар төңірегінен табылған мыс белгілеріне шұқшия үңілген теріс болмас еді-ау. Таңданарлық құбылыс: осының бәрі соңғы үш-төрт жылғы шолғыншы барлауда мәлім болды, әмбе әркімнен қарыз алып, атүсті қараған ізденісте, ал егер түбегейлі зерттейтін болса?..

Қарсақбай ГРК-ның жетекшісі сол күндерде-ақ көңілін алабұртқан бір сауалды жиірек ойлап, мазасы кететін-ді: осыншама мыс пен басқа кен көмбелерінің Ұлытау атырабына шоғырлануы неліктен?.. Бұл да — табиғаттың әлдебір заңдылығы. Кім соны анықтайтын? Ол үшін көп уақыт, жылдар керек. Ал қазір?.. Ізденісті барынша күшейтіп, жан-жақты өрістету шарт. Тегінде, Ұлытау қыртысының қазына байлығы, олардың өзара жақын орналасуы — жұмбақ құбылыс. За-

тында ол — іздеуші геологтар шұғылданатын іс емес, ғылым нелерінің, геология институттарының міндеті. Бірер емес, өдденеше жылдың... Болағаттадағы темірге құнарлы ангит жыныстарын зерттеу тамаша нәтиже берді. Оның шығыс белдемнен, Торғай пініне қарай мыс кендерінің айқын белгілері табылып отыр. Бұл да көңіл бөлелік нәрселі. Түстікте кварциттер мен гипс желілері кезікті. Құм жалдарынан өзге ештеңесі жоқ деп жүрген іргедегі Бетбақтың шөлі де қымбат қазынадан құр алақан емес екен: Тасқора деген жерден мысқа бай құмайғты кендердің ұшырасуын не дейміз?.. Өзгелі қойып, Жезқазғанның терістік іргесінен, небәрі жиырма бес шақырым тұрған Айранбай қыстауының алдынан ағатын жыламық өзенінің Жыландының жағасынан құнарлы мыс өзекшелерінің табылуын айтсаңшы!..

(80-жылдардан беріде темір жол тартылып, құнарлы кені миллион тонналап алына бастаған "Северный" кенінің алғаш ашушы Қ.И.Сәтбаев Жыланды деп атаған. Тағы да ғажап көрегендік демеске шара жоқ: 1933 жылдың 24 тамыз күні, яки ізденіске қаражат қарастырып, баспасөз беттерінде дабыл қағып шарқ ұрып қиналып жүрген кезінде "Казахстанская правда" газетінде жарық көрген "Жезқазғанды бағалайтын мезгіл жетті" деген мақаласында ол: *"Үлкен Жезқазғанды біз едәуір білеміз, ал білмейтініміз одан да көп"*, — десе, екі жылдан кейін мерейі асып, мол қаражатқа қолы жеткен шағында тағы да сол газетте (1935-тің 4-маусымы) жарық көрген "Жезқазғанға — даңғыл жол" мақаласында ол үкімет шешімімен салынбақ темір жолдың *"Өспен кеніші — Жезқазған" тармағы туралы сөз қозғап отырып: "Жезқазған ешқашанда түп станса болып қалмайды, тораптық үлкен жолдың орталық ірі мекені атануы сөзсіз"* деп сәуегейлік жасапты. Шындығында солай болды: 50-жылдарда-ақ одан төрт құбылаға бірдей сан тарам жолдар шыға бастады...

Жаз шыға Қаныш Имантайұлы жан-жаққа аттанып кеткен шолғыншы топтардың жұмысын тексеріп, кейде өзі де он-он бес күндік саяхаттарға шығып, жер көріп, аққұба оң күнге күйіп қоңырқай тартып, жаны сергіп, жаңа ізденістерге құлшынып оралады. Контора бастығы далаға саяхаттан қайтқан кезде барлаушылар кеңсесінде өзгеше әуен орнығады: оның келуін күтіп тұрған жұмыстар оп-оңай шешімін тауып; камералқадағы қыздар бойларын түзеп, жұмысқа су жаңа көйлектерін киіп келіп, сыланып-сипанып әбігерге түсер еді... Жұрттың бәрі кенет ширап, міндеттеріне жауап-

тырақ қараған, алдындағы жұмысты тезірек бітіріп тастауға тырысқан нишандары байқалатын.

Қаныш Имантайұлының өзі де кеңседе болған күндерінде ерте-кеш демей, көпті таңға жалған, қайсыбір кезде он бес сағат таалмай отырып өндіре істеуші еді. Мұндай қарбалас күндерде ол кабинетіне таңғы сағат алтыда келетін-ді, екі сағаттан соң құймалас қабырғадағы пөтерине барып, ұйқыдан оянған бала-шағасымен бірге отырып ертеңгілік ас ішеді, қазақы шайға да рақаттана бас қоятын мезгілі осы. Одан соң үстелден бас алмай жұмыс істейді. Түскі астап кейін жарым сағат көз шырымын алу да бұлжымас ридеті. Жазып отырған есебін бітірмесе геологтүнің бір уағына дейін жұмыс орнынан кетпейтін, тек жүйкесі қажыған сәттерде ғана қабырғаны тықыдаттып, шай алдырады...

Өздері оулиеден құрмет тұтатын контора бастығы осылайша күнді түнге жалған беріле жұмыс істейтінін көрген соң қарауындағы қызметкерлер де уақытпен есептеспей еңбек етуші еді. Ешкімге ол "Сен сөйте ғой" демейді, өркім өз жағдайына қарай икемделіп, тапсырылған жұмысты уақытында істеп тастауға құлшынып тұратын-ды. Бүкіл кеңсе қарбалас еңбекке жұмылған кей сәтте төргі бөлмеден Қаныш Имантайұлының "Руфочка!" деген жайдары үні саңқ ете қалады. Руфа Казанцева орнынан лып етіп тұрып, кабинетке еркін кіреді... Ал кейде "Руфина Константиновна, бері келіңізші" деді ме, камералқадағы жүрт тым-тырыс тына қалып, төргі бөлмеге жалтаңдай қарап, кейде жұмыстарын тыйып құлақ түреді. Казанцеваның тікелей өзіне қағысты шақыру болса, бастықтың дауысы қатты шықпайды, оредік қана "Мұныңыз қалай, сізден мұны күтпеп едім?" деген тәрізді ескертудің үзіктерін ғана естисің. Ал, қателік қызметкерлердің бірінен болды ма, Қаныш Имантайұлының үні саңқылдап жетіп, "Мынаны қараңызшы, қарауыңыздағы қызметкердің не істеп қойғанын? Өзіңіз неге көрмегенсіз? Жоқ, мұндай жұмысты қабылдамаймын, қайтадан жасатыңыз!..." — деп, ширатып жатқанын ұғасың.

Құлағына дейін қызарған аға коллектор өлден уақытта кабинеттен сүмірейіп шығады да, жұмысына кіріседі. Бұл уақытта одан ештеңе сұрауға болмайды, сұрасаң да жауап ала алмайсың. Ал, Қаныш Имантайұлы сыртқа шығып кеткенде?... Руфаға да тіл бітіп, жұмысын ұқыпсыз орындаған қызметкерді жүнше түтуге кіріседі. Қорғанып та, ақталып та ештеңе айта алмайсың. Абзалы үндемей, тыныш тұру. Ең дұрысы — қателігінді тезірек түзеу.

Бір ғажабы, "моншаға" түсіп, иә "сілікпе" көргендердің бірде-бірі кек сақтап, болмаса реніш айтпайды. Әділ сынға кім

наразы? Қателеспейтін жан, сүрінбейтін тұяқ бола ма? Қаныш Имантайұлының өзі де кейде камералқаға бас сұғып, дүнім жұрттың көзінше: "Мына чертежді қайтадан жасасаңыз қайтеді. Кінәлі — мен өзім, кейбір деректерін кеш көрдім. Тек ренжімеңіз!.." — деп қиылып тұрғанда, не дейсің? Тегінде, бұл ұжымның ұйымшылдығы осындай ашық сын, өзара ауызбірліктен қалыптасқан. Ағайынды кісілер "Жұмыста — жат, үйде — бауырмыз" десіп еңбек еткен соң әрқашанда солай болмақ.

Үлкен Жезқазғанның дабыра атағы көпшілікке мәлім болғалы, әсіресе 1934 жылғы ғылыми сессиядан соң орталықтағы зерттеу институттарынан, жобалау мекемелерінен, түрлі басқарма, трестерден әрқилы өкілдер, ірі мамандар, есімі жұртқа әйгілі үлкен ғалымдар да Ұлытау қойнындағы қисапсыз мол қазынаны көруге ынтызар болған: Н.Г.Кассин, М.П.Русаков, И.С.Яговкин, В.Н.Крестовников, Ф.В.Чухров, Е.А.Кузнецов, профессор М.М.Пригоровский, соңғы кезде КСРО ҒА-ның корреспондент-мүшесі (кейінірек академик) И.Ф.Григорьев сықылды бәрі-бәрі ұлағатты жандар. Олардың Қарсақбайға келуі, Жезқазғанды, басқа да кеніштерді жата-жастана аралауы — кен іздеуші қарапайым геологтар мен техниктер үшін — әрқашанда ұмытылмас оқиға, білімпаздардың нақтылы көмегі, дер кезінде айтқан ақыл-кеңестері қонақтар қайтқан соң да жыл бойы аңыз ғып жырлап жүретін ұзақ та қызықты әңгіме. Ең ғажабы, бәрі де өздерімен бір қазаннан ас ішіп, бір палатқада жатып, далалық партияның адамдары нендей бейнет шексе қоса көріп, саяхат тауқыметін бірге бөлісетін нағыз инабатты да еңбекқор зиялылар.

Мәселен, Иван Степанович Яговкин соңғы келгенінде Қарсақбай геологтарын жинап, келелі сұхбат жасаған. "Қымбатты әріптестер, көп уақыт Жезқазған туралы жаңсақ пікірде болып, бұл кен орнын мезгілінде барлауға зиян келтіргенімді мойындағым келеді. Ақырында шындық жеңді! Сондықтан да, мен, қымбатты Қаныш Имантаевич, сіздің табаңды күресіңізге шексіз ризалық білдіріп, Жезқазған қазынасын барлауда тереңдегі қисапсыз кеңді болжай білген ғажап дарыныңызға басымды немін!" дегенде, тыңдаушы жұрт ду қол соғып, шындыққа жүгініп, өзі үшін ауыр мойындау жасап тұрған профессор білгірге шынайы көңілден қошемет көрсеткен...

Жезқазған қырына геолог-академиктерден ең алғаш ықылас білдіргендер А.Н.Заварицкий мен А.Д.Архангельский болыпты. Андрей Дмитриевич Ұлытауға әлденеше мәрте келіп, сол жылдары ол КСРО ҒА-ның геология институтын басқаратын, кен жүлгелеріне шұқшия үңілген. 1936 жылы ол геолог Қ.И.Сәтбаевқа арнайы хат (айы, күні қойылмаған) жаза-

ды: "Сізге мен бұл хатты алдын ала жолдап отырмын. Ойткені Ұлытау-Жезқазған аймағындағы келешек ізденістің бағытын және оның жалпы көлемін жете білу — қазірде бізге өте қажет, ал мұны институт адамдары Сіздің көмегіңізсіз ойдағыдай орындай алмайды... Тағы да есіңізге салғым келеді: бұл жұмыстарда Сіз — тек қана жетекші боласыз, біздің қызметкерлер — сізге тек қана көмекші!"

Демек, орыс ғылымының озық ойлы адамдары сол кездің өзінде-ақ Қ.И.Сәтбаевтың ғылыми қабілетін бағалай білген...

Қаныш Имантайұлын іздейтін көптің мол тобы даланың өзінен келетін. "Жеті қат жердің сырын білетін" Сәтбаевқа қайткен күнде көрсету үшін пішін-порымы, түр-түрі өзге тас кесектерін бейнетпен жинап, небір қияннан арқалап келіп, кездестіре алмаса, Қарсақбайда қона жатып жалықпай тосатын да солар — дала кезбелері. Әрине, мұндай тасқұмар жанкүйерлермен сұхбат құруға, тастан өзге де дүниелер жайында неше алуан әңгіме шертуге Қаныш Имантайұлының өзі де кетәрі емес. Олардың жеткізген минерал үлгілері, шынында да, мәнді болып шығады. Кейбір отрядтар солардың ізімен сапарға аттанады. Ту қияннан бос жыныс арқалап келгендер де аз болмайды. Солардың бәрінің қоржынын қайтар кезде дүкенге ертіп апарып, сәлем-сауқатқа толтырып, нә кездеме пұлға сықап жіберу — Қаныш Имантайұлының бұлжымас әдеті.

Геологтың жол дәптерінде қиян шетке шыққан кезде өзіне көмек берген, кен белгілері ашық көрінген мүдделі жерлерді нұсқаған көптеген дала тұрғындарының есімдері аталған. Қырық жылға тақау ізденіс сапарларында Қаныш Имантайұлы қасына ерткен жолсеріктері, ал бұлар Сарыарқаның кең шалқар атырабында, Шу, Сарысу өзендерінің ұзын саласында, Қаратау бөктерінде, тіпті қиян шеттегі Атырау мен Маңғыстау түбегінде ондап саналады. Олардың бәрін түстеу — бүгінде қиын іс. Сөйтсе де кен іздеушімен 1929—1937 жылдар аралығында Бетбақтың шөлін, Шу, Сарысу бойын, Арғаны бөктерін бірге кезген Бекмағанбет Сұлтанғазиев туралы біреп сөз айта кетуді жөн көрдік...

Құдай тағала бұл кісіге табиғаттың тылсым тілін тереңірек түсініп, жүрегімен сезіну қабілетін артығырақ жаратқан сынды. Аңшылық кәсіпті ол кен тасын іздеу ісімен жалғастырған. 1937 жылдың 9-желтоқсан күні Қазақстанның Халық шаруашылығы комиссарлар кеңесі оған мыс, никель және кобальтқа бай кен орнын ашқаны үшін (мемлекеттік құпия іс болғандықтан жердің аты көрсетілмеген) 2 мың сом ақшалай сыйлық берінті. 1945 жылдың қыркүйек айында

Жамбыл облаткомына жолдаған хатында Қаныш Имантайұлы: *"Б.Сұлтанғазиев — Қазақстанның жерасты байлығын жалықпай іздеушілердің бірі, өз бетімен үйреніп, геолог кәсібін жете меңгерген талантты барлаушы. Ізденіс жолында ол бірнеше кен көздерін ашты. Бұл кісіге әрдайым қолғабыс етіп, көмек жасап отырған жөн болар еді..."* — деген лебізді, сірә, бекерге жазбаған...

Геологтың жанкүйер достары, тілеуқор адамдары әр ауылда болған. *"Бір жолы кеңседегі дүйім жұрт таңғалған оқиғаға тәнті болдық — деген куәлік айтыпты Федор Пастухов 1974 жылы, бейдауа дертпен ауырып жүріп, Жезқазған кен металлургия комбинатының тарихи-өндірістік мұражайына тапсырған, сүйікті ұстазы Қ.И.Сәтбаев туралы көлемді естелігінде. — Ертеңгілік мезгілде ақ сақалды қарт кісінің төрдегі кабинетке кіріп бара жатқанын көргенбіз. Одан соң әлгі қарт жыртқы күпісін қолтығына қысып, үстіне Қаныш Имантайұлының шолақ қара тонын киіп шықты. Бізде үн жоқ: бір тонның бір жылқы тұратын қат кезі; оның үстіне далада қақаған қыс; Қанекеннің кеуде дімкәстігін де білеміз; әрі ол дамылсыз сапарда жүретін адам... Біраздан соң кеңсеге Таисия Алексеевна келді. "Тася, үй жаққа барсаң, менің күнайкемді ала келші!" — деген дауыс естілді төрден. Мән-жайды біліп реніш білдірген жұбайына Қаныш Имантайұлының түсіндірмесі мынау болды: "Қайтейін, үлкен кісі екен, үстібасы жүдеп кетіпті. Кіргеннен-ақ менің тонымнан көз алмай қарай берді, сонсоң жаным ашып, еріксіз сыйладым..."*

Жақсылықты, тегінде, ол кімге болсын, пайда көремін деген күйкі есеппен жасамаған. Бақай есеп — Қаныштың жаратылысына жат құбылыс. Әрине, қарапайым халық та оған көл-көсір пейілмен қарап, ауылына келе қалса, өрістегі малға шауып, үйіндегі бар асын алдына тосып бәйек болып, қайткен күнде көңілінен шығуға құлшынып баққан.

Соның бірі Терісаққан өзенінің жоғарғы саласында болған оқиға: Көпқазған маңын (Атбасарға қарай шығатын жолда) аралап жүріп, Сәтбаев тобы бейтаныс бір ауылға соғып, жол сұраған. Бұдан әрі бармақ жері — терістік беткейі, құм жалдары басқан елсіз қиыр. Ащылы маңы. Ауыл адамдары геологтарды алыстағы құдасы келгендей-ақ шын пейілмен күтеді. Бірақ сұрап отырған жеріне жете алмайсың, оның жолын білетін кісіміз — дүкендегі ұстамыз еді, кеше кеште ол байғұс жарақаттанып қалды... деседі. Жол сұрамақ болып Қанекен ұстаға барады. Науқастың халі ауыр сияқты, қолын күйдірген киізбен орап алған, төсек тартып жатыр. Мән-жайды естіген соң ұста киіне бастайды. "Шынымен Қаныш болсаң, есіз да-

лаға қалайша қаңғытып жіберемін? Сендей ел азаматына бір бармақ түгілі, жаншида!" деп, әуелі Қарсақбайға апарып, дәрігерге көрсетейік деген ақылға да көнбей, өмірінде тұңғыш көріп тұрған геологтарды ауылынан екі жүз шақырым шөл далаға бастап кете барған...

ТАҒЫ ДА АЙҚАСТА

I

1937 жылдың 18 ақпаны күні Серго Орджопкидзе қайтыс болды. Елудің беліне енді ғана шыққан көрнекті қайраткер тұлғаның кенеттен қайтыс болуы көп жұртты, әсіресе өнеркәсіп адамдарының қабырғасын қатты қайыстырған. Солардың бірі — Қаныш Имантайұлы. Қайғылы хабарды радиодан естіген сәтте-ақ көзіне жас алып: "Серго жолдастың арамыздан мезгілсіз кеткенін, сірә, біз әлі-ақ сезінеміз. Асқар тауымыз ғана емес, пана боп отырған қорғаушымыз құлады. Біз үшін бұл, шынында да, ешқашанда орны толмас қаза!" — деген-ді. Айтқаны дөп келді.

Арада он күн өткен жоқ. Түсті металдар басқармасы қарлары жеделхат жолдапты: *"Биылға бөлінген барлау қаржысы елу пайызға кеміді. Ешқайда арызданып, қаржы сұрамауыңызды қатаң ескертеміз!.."*

Күні-түні жер тесіп, Жезқазған ғана емес, Қияқты мен Байқоңырда, Атасу мен Атбасарда, Қорғасын кенінде, Жезді мен Найзатаста, Қарсақбайдың өз басында өнімді жұмыс істеп тұрған станоктарды барлаудан қалай тиясың? Алдағы жазға жоспарланған кең барлауды қайтпек? Елу пайыз қаржы мың қаралы адамның қақ жартысын қысқартып, өз жөніңді тап деп қаңғытып жіберу!.. Жоқ! Жезқазған барлаушылары мұнан да зор құқайды көрген, келеңсіз қиянатқа биыл да көне алмас! Орджоникидзе жолдас жоқ болғанмен, мемлекет мүддесін қорғай білетін, бұл өңірдегі барлаудың пайда-залалын айыратын қайраткер Сергоның орнына келетін шығар? Қалайда ізденбей тоқтамайды!

Мәскеуде ол ең алдымен бас басқармаға барған-ды.

"Сәтбаев жолдас, бізді әбден басынып алғансыз, кімнің арқасы екенін білеміз, — болды естіген жауабы. — Қарамағыңызға жарым-жартылай қаржы қалдырғанымызға тәубе деңіз. Анығында қаржыға аса ділгір бүгінгі ауыр жағдайымызда он жылдан бері іздеп тапқан қисапсыз мысыңызды қазып алсақ

та жаман болмас деймін. Ең әуелі темір жолды жеткізіп алайық, комбинатты қаз тұрғызу да — басты міндет!.. Ал барлау содан кейін де өрістейді. Жезқазғанда мыс барын білеміз. Демек, барлауды біршама тежей тұрсақ та ештеңе бүлінбейді. Түсінікті ме, жолдас? Соңдықтан біздіңде, өзіңіздіңде қымбат уақытыңызды зая етпей, ұтымды ақылаға құлақ асыңыз!.."

Амал қанша, бұл жолы Мәскеуде көп жүрмей, ескі таныстары Алтын барлау трестіне соғып, шартқа отырып, қаржы дорбаларын біршама қақты да, жайма-шуақ жаз күндерін тиімді пайдалануды ойлап, Жезқазғанға қайтып кетті.

Федор ПАСТУХОВТЫҢ естелігінен:

"...Көктемнің алғашқы күндерінің бірінде Қаныш Имантайұлы мені Жезқазғанның теріскейінен 45 шақырымдай қашықтағы Шайтантас деген таулы жерге ертіп келіп, ақтас ағараңдаған жотаны нұсқады да:

— Федя, жаз бойы осында істейсің. Көп кісі бере алмаймын, бірақ шурф, жыра қазатын біраз жұмыскер қосамын. Бұл жерден алтын іздейсің, — деп жолшыбай алған ақтасты ұсақтап сындырып, үлкейткіш шынымен соның өне бойында шашыраған алтын түйіршіктерін көрсетті, — Коллектор достарың Вася Солодовников пен Павел Прокопьевке де осындай міндет жүктемеппін. Жазға жететін қаржымыз бар, ал күзгі тірлігіміз — үшеуіңнің салымдарыңа байланысты. Солай, Федюша, Жезқазғанның мысын сендер табатын алтынмен ақтамасақ, жағдайымыз қиын!..

— Қаныш Имантаевич, зиянкестік емес пе? — деп едім.

— Мұның бәрі, жігітім, уақытша кедергі. Түбінде біз жеңеміз. Ал сен тапсырылған жұмысты тыңғылықты орындауды біл! — деп түртінектеген сауалымды ұнатпай қабағын түйді.

Жауапты тапсырма алған соң елгезек Пастуховта ес қала ма?! Қасыма он шақты кісі алып, керек-жарағымды түгендеп, Қаныш Имантайұлы көрсеткен тауға келіп, жұмыс бастадым. Барлауымыз сәтті болды, ә дегеннен-ақ алтын желілері молырақ кезіккен жылғаны қуып, терең жыра, әдденеше жерден шурфтар қазып, жұмысты өндіріп тастадық.

Маусымның орта кезінде Қаныш Имантайұлы қайыра келді. Жыраларды ұзақ қараудан соң, сірә, көңілденді білем, бір мезгілде: "Федя, күн ыстық екен, жүр, өзенге түсіп қайтайық" десіп. "Жоқ, әуелі палаткаға кіріп шығайық!" дегенімде, Қаныш Имантайұлы бетіме таңдана қарап: "Әй, әй, Федюша, менен бірдеме тілеп тұрсың ғой, көзіңнің құйрығы тым жымқырылып кеткен екен, жүр" деп соңыма ерді. Палаткаға кірген соң, мен есіктегі брезент жаппаны қымтап жаптым да, төңкерулі қара қазанды нұсқадым. "Ау, мұның не?" Шыдам-

сызданған Қаныш Имантайұлы қазанға жақындап барып еді, мен: "Ойбай, бұл жаққа баспаңыз! Жарылғыш заттарды сонда сақтап жүрмін!" деп кесе-көденең тұра қалып, қазанды өзім аудардым. "Сенің мынауың барып тұрған қылмыс!" "Қылмыс дейсіз, жарылғыш аммоналды сонда қайда ұстауым керек, қойма салғызуға кісі берген жоқсыз. Ал детонаторды басқа жерде, құлыштаулы темір жәшікте сақтаймын" деп, өрі қылмысымнан ақталып, өрі құшиямды көрсетуге асығып, дабырлай сойлеп, ақыры аммонал қораптарының астында, жерде комулі тұрған шыны құтыны суырып алайын. Қанекеңнің көзі шарадай болды. "Өй, мынауың!.." — деп, құтыға шап берді де, есікке жақындап, жарыққа қарасын... Құтының қақ жартысы дерлік шайылған алтын түйіршіктері еді!..

"Жарадың, Федюша! Құдай-ау, мынауың мол қазына ғой, — деп Қаныш Имантайұлы мені кенет құшақтай алды. — Жарадың, сен! Қанша олжаға қарық қылғаныңды білесің бе?! Мынаны алтын тресіндегілер көрсе, биыл ғана емсс, бізді келесі жылы да асырайтын қаржыны бірден лақтырып тастайды. Көр де тұр, нақ осылай болады!.. Ал мен оірер айдан соң жұмыскердің қақ жартысын қысқартуға ойланып жүр едім..."

Қаныш Имантайұлының өлденеге шаттанған кезіне талай куә болдым. Сол жолы балаша қуанғаны күні бүгінгідей есімде. Өзенге кетіп бара жатқанда да, суға түсіп шомылып жүргенімізде де ол мені мадақтап, өзінің сүйікті өңдерін даусын көтере шырқаудан таңған жоқ... Әншілігі де ғажап еді-ау. Оны суреттеп жазу мүмкін емес. Тек қана тыңдау керек!.."

II

Иә, жұмыстың ауырына төзіп, ертелі-кеш мехнат кешуге әзір жан айран-асыр қуана да білетін. Отыз жетінші жыл болса, оның жан азабына түсіп, мансұқ ісі тағы да тежеу көріп, соның зардабынан әр түрлі қиянатқа ұшырап қиналып жүрген шағы. Жеке адамға табынудың салқыны барлаушылар қауымын да шырмап, барлаудың алғашқы үйрену, өнерге шыңдалу дәуірін басынан өткізген, қиын-қыстау күндерде жарты сықпаны бөліп жескен небір жайсаң жігіттері жазықсыз жалаға ұрынған. Қайсыбіріне ол ара түсіп құтқармақ та болған-ды. Әсіресе өзі ерекше жақсы көріп, туған інісіндей болып кеткен, Одақтағы озат стахановшы-бұрғылаушы Сейітқазы Қарсақбаевтың тағдырына...

Жезқазған тұрғыны Григорий МИРОНЕНКОНЫҢ әңгімесінен:

"Жезқазғанға кеште аттандық. Бұл кезде барлаушыларға

дербес эмка автомобилі тиген, жүргізушісі — мен. Дала жолымен екі-үш сағат ізеңдеп, кешкі сағат он шамасында Рудникке келдік. Геологтар үйінің алдына тоқтағанымыз сол еді, тура аңдып тұрғандай, бір бұрыштан былғары тужуркалы екі кісі шыға келді де, дөрекі түрде: "Сәтбаев сенсің бе?" деп дүрсе қоя берді. Серігім абыржып кідіре жауап берді. "Сәтбаев сен болсаң — машинаға!" — деп жекірді анау. Қаныш Имантайұлы алдыңғы есікті аша беріп еді, екеудің үлкені, мұрттысы қолынан қағып, "Жоқ, артқа!" деп кейін қарай ысырды. Мұртты қазақ менің қатарыма, екіншісі артқы креслоға жайғасты. Менде тіл жоқ, есім шығып, мәңгі боп қалдым. Ойыма күдік кірді. "Өзіміз құдаңдай көріп, үкіметтің де сенімді өкілі деп жүрген азаматымызға да кезек келді. Сірә, мені де қоса қамайды..." "Әй, дөрақ, сенде құлақ бар ма, әлде жүргің келмей ме? Қарсақбайға тарт дедім ғой саған!" деген жекуден селк етіп, кілтті от алғышқа қосайын. Қарсақбай — о күнде өнеркәсіпті үлкен ауданның орталығы... Тағы да үш сағат ізеңдеп, тун жарымда Қарсақбайға келдік. Поселканың ішіне кіргенде, "Қайда?" деймін қасындағы мұрттыға жасқана қарап. "Тоқта! Біз келдік" деп екеуі де машинадан секіріп түсіп, ұзай берді. Қаныш Имантайұлы шыдамады білем, "Әй, жіттер, бұларың не? Жай сұрасаңдар да жеткізіп салатын едік қой?" — деді реніш білдіріп. Мұртты қазақ қайырылып келіп: "Сен, Сәтбаев, шыққан тегіңді ұмытпаған боларсың? Байқап арыздан, жоғарыға. Жаулығы әшкереленген ағаларыңның қасына қосып жіберу — бізге оңай, артыңды қысып жүргенің жөн болар, байдың сілтігі!.." — деп, тағы бірдеңелерді орысша да, қазақша да доңайбат көрсетіп бықырта айтты да жөңдеріне кетті. Сөйтсек мақсаттары — Қарсақбайға жетіп алу екен, әлде біздің бастыққа қоқан-лоқы жасап қоюды қажет деп білген бе, кім білсін?..

Біршама уақыт тым-тырыс отырдық. Түнгі жұмыстағылардан басқаның бәрі шырт ұйқыда. Әлден соң Қаныш Имантайұлы қалш-қалш еткен дірілін басып, білегімнен ұстады да: "Жора, үй-ішімізді бекерге шошытпайық, бензин жетсе — Жезқазғанға жетіп алайық", — деді.

Поселкадан ұзаған соң: "Әнеутүні мен сізге шоферлықтан босатыңыз деп арыз бердім, ештеңе сездіңіз бе?" — дедім. "Білемін, бұлар сені де шыр айналдырып жүр, содан қорқып, менен қашығырақ жүргің келді, сол ма?" — деді бастығым ойымды деп басып. "Маған тыңшы бол дейді, сіз оңашада не сөйлейді, кімдермен кездеседі, қайда боламыз... бәр-бәрін қағазға тұртіп қойып, хабарлап отыруға тиіспін. Мен әрине, бас тарттым..." "Жора, мен саған туған інімдей сенемін, сен де сөйт, — деді Қаныш Имантайұлы. — Шақыра қалса — көрген-білгеніңді жасырмай айт, өз жаныңнан ештеңе қоспа. Шыда тек, не керсек те бірге көреміз. Сірә, уақытша науқан..."

Атышулы 37-жылдың зобалаңы Сәтбай әулетіне ерекше қатты тиген. Үш бірдей бас көтерер азаматынан айырылып, соларға қарап отырған топты бала-шаға мен күллі ағайын-жұрт есінен танғандай боп жер сабап қалған-ды...

Ең алдымен, әрине, есімі қазақ қауымына әйгілі, Алаш қозғалысының белсенді қайраткерлері санатында болғаны үшін Әбікей Зейінұлы ұсталған: кең байтақ қазақ жері пана болмай, әуелі Омбыға, одан да ығысып, 30-жылдары Қырғызстанның астанасындағы мұғалімдер институтында орыс тілінен дәріс оқуға ауысқаны білімдар ағартушыға септігін тигізбеді; жазалаушылар құрығы оны сол жерден шақты.

Екінші кезекте Әбдікәрім Жәмінұлы тұтқындалды. Ол болса немере ағасы Әбекеңдей саяси күреске қатыспаған, ән-әуен өнерін әуей көріп, Ақмоланың мәдениет үйінде қарапайым жұмыс істеп, бала-шағасын асырап жүрген бейкүнә жан еді. Амал қанша, оны көрсетушілер Сәтбай қажының негізгі дәулетіне ие болған Жәмін байдың тұқымы екендігін, әрі Ақмоланың қалталы жуаны (С.Сейфуллин "Тар жол, тайғақ кешу" ғұмырнама кітабында даралап атайтын) Мәтжанның сұлу қызы Үминаға үйленгендігін мұрындық етіп, баяғыда ақ әскеріне өз еркінен тыс жол көрсеткен "күнәсін" қайыра қозғаған...

"Ғабдулғазиз Имантайұлы Сәтбаев 1937 жылы дәрігерге көзін көрсетуге барған жерде ұсталған... Сол кеткеннен Бөкеш аға хабарсыз кетті. Түрмеде, немесе айдауда қайтыс болғаны, қайда жерленгені белгісіз... — деп жазады Шәмшиябану Қанышқызы жеті жасында көзі көрген шерлі оқиғаны есіне алып "Сәулелі әулет" кітабында. — Біз, балалар, не болғанын түсініп жатқан жоқпыз, әйтеуір түстері суық, үстерінде сұр китель, галифе шалбар, жылтыр етік киген қатыгез адамдарға тітіркене қараймыз... НКВД қызметкерлері үйді тінтіп, ойран салып, кітапхананың бірсыпыра кітаптарын, қағаздар салған папкаларын үш жәшікке толтырып, үй жиһаздарын, сәнді шкафтағы әдемі сервиздерді, күміс ақ құмандар мен вазаларды сандыққа салып, тағы басқа бұйымдарды түп-түгел алып кетті..."

Ата қонысынан үрдіс қозғалған бетінде Ғазиз Имантайұлы Омбы қаласының түстік іргесінде, небәрі қырық шақырымдай жерде ертеден қоныстанып, жиын отырған қаржастың Теке бұтағына ("Ауыздағы қаржас" ауылдары атанған) жетін. көшіні тоқтатқан-ды. Шаруаның қыбын білетін, әрі көп-

көрім сауаты бар жігіт ағасы жасындағы пысық жанға өзімен бірге келген етене туыстарының тұрмыс күйін оңдау жаңа қоныста қиынға түскен жоқ. Көпшілігі осы жерде (Азов ауданына қарасты) ұйымдасқан "Қызыл әскер" колхозына кіріп, шама-шарқына қарай еңбеккүн тапты. Ғазиздің өзі осы мекемендегі ауылдық-кеңестің хатшысы міндетін атқарған-ды.

Ғазиз Сәтбаев сол күнде алты баланың әкесі еді. Омбы іргесіне келген жылы бәйбішесі Мұхтарима қайтыс болды да, екінші мәрте үйленген. Мәруа есімді екінші қосағы екі жылдан кейін қыз туып, Зиннат деп атады. Бұларға қоса Ғазиз Имантайұлының қарауында екі кішкентайымен келіні Шәрипа да ірге бөлмей бірге тұратын-ды. Айтып-айтпай не керек, екі шаңырақтағы топты бала-шағаға арқа сүйер һәм асыраушы азаматты әлдекімдер көп көрді, әсілі, соны көре алмады. Сонау 27-жылы, Әбікей ағасына қосақтап қудалаған белсенділердің айызы қанбай қалған білем, солардың жиені, әлде сарқытын ішкендер: "Бұл да бай тұқымы, дәурені өткен ескі заманды көксейді, кешегі аштық нәубетін Кеңес өкіметі қазақты құрту үшін әдейі ұйымдастырды... деушілердің бірі..." деген тәрізді бірдемелерді бопсалап, қауіпсіздік мекемесіне ақпар түсірген...

Бертінде мәлім болған деректерге қарағанда, ағайынды үш Сәтбаев қамауға алынған 1937-жылы нақақ қаралаумен жер жастанған: Әбікей Зейінұлы сол қарсаңда 56 жаста, Ғазиз Имантайұлы — 43, ал Әбдікәрім (Кәрім) Жәмінұлы — небәрі 40 жасқа енді ғана ілінген; демек, үшеуінің нағыз дер шағы, туған елі мен жері үшін аянбай еңбек етер қайратты жасында көк желкеден қиып түскен.

НКВД-ның шалмасы төртінші кезекте Сәтбай тұқымының ең көрнектісі және озық оқыған ұрпағы Қаныш Имантайұлына түссе керек-ті. Алайда ол — жау іздеген жергілікті жауыз топтың, сол науқанды облыс, республика деңгейінде жоспарлы түрде жобалаушылардың құрығы мен құқығы жетіңкіремейтін шырқау биікке шығып кеткен өндіріс қайраткері. Жетер еді, республика басшылығында отырған А.И.Мирзоян, Н.Нұрмақов, О.Исаев сынды мемлекет қайраткерлерін "Халық жауы" етіп, жазалау дүірменінің тас доңғалағына салып, ұнтаққа айналдырып жатқандарға шараң қанша?! Әлде құдай дес берді, одан да гөрі кіші Сәтбаевтың күллі Одаққа мәлім дабыра ісі мен есімі, бәлкім, өндіріс басындағы тұлғаларды тұтқындау үшін республиканың бірінші басшысының, нә наркомның рұқсатын алу қажеттігі (Аса қажет мамандарды сақтау үшін И.Сталиннің сондай да жөткір амал ойлап

шығарғанына тәубе дерлік!) себеп болды ма, кім білсін, жергілікті жазалаушы орган Қаныш Имантайұлына қаншама шұқшиғанмен, басқа шерменделерге көрсеткен әлімжеттігін жасай алмаған. Тоқ етерін айтқанда, әліптің артын баққан. Бірақ, жүріс-тұрысын аңдып, кейде соны дөрекі түрде шектеуден тнылмаған. Сірә, гүптің түбінде көзін жоюды ойластырғаны анық...

Жазушы Фабит МҮСІРЕПОВТЫҢ әңгімесінен:

"1936 жылы, "Социалистік Қазақстанға" уақытша редактор боп қол қойып жүрген кезім, дәлді ай-күні есімде жоқ, бір кеште ертеңгі газетке қол қойып, үйге қайтуға жиналып жатқанымда: "Орден туралы указдан Қаныш Сәтбаевтың есімі сызып тасталсын!" деген жедел хабар түсті. Қанекенді жүзбежүз білмейтін кезім, бірақ мықты инженер деген атағына қанықпын, бір топ қазақстандықтардың алдыңғы легінде Еңбек Қызыл Ту орденін алатын болғанына іштартып, соны өзім алғандай қуанған көңіл қайта суыды. Бұйрықты орындағым келмей, кергіген қазақтың қалпы да, Левон Исаевичке телефон шалдым, түнгі бір-екінің шамасы, ояу екен: "Жолдас бірінші хатшы, газеттің жарым-жарты тиражы басылып кетті, машинаны қалай тоқтатамын, соншама шығын..." — деп бірде-мелерді ойдан бопсалап едім. Мирзоян ұзақ сөзге жоқ кісі еді: "Фабит, түгел басып қойсаңда газетті таратпа, указға түзету жаса!" — деп шолақ қайырды. Солай етуге құлықты болмай тұрғанымды сезді білем, іле-шала. — "Неге?" десең, түзетілген газетіңді алып, маған келгін. Менде бүгін ұйқы жоқ, сірә, сен келгенше ұйықтай қоймаспын..." Қазақстанды жұтатып кеткен бір Исаевичтің орнына келіп, күллі қазақты көтерем хадден қаз тұрғыза бастаған екінші Исаевичтің есігін қақтым. Левон Мирзоян ірі қайраткерлігіне қоса қарадүрсін кісі еді, есікті өзі ашты. Кабинетіне келген соң газетті бір қарап шықты да, маған қадала қарап:

— Сендер, қазақтар бір-біріңді көтке шұқып, аяқтарыңнан шалып жүрмесеңдер, сірә, ішкен астарың батпайды білем! — деді, хатшының әденеге қатты кектеніп отырғанын ұқтым. — Екі жұмыскер қазақ сонау Қарсақбайдан Мәскеуге барыпты. Мұртты көсемге шағым жасап, "байдың тұқымын орденге ұсынғандардың өздері де солардың сарқытын ішкеңдер..." — деген сыңайлы... Сталин жолдастың өзі гүнде маған телефон шалып, саяси қырағылық сендерде төмен деңгейде білем... деп ескерту жасады.

— Левон Исаевич, Сәтбаевтың жанкешті тамаша еңбегі арқасында Жезқазғанға темір жол тартып жатырмыз, қаншама қыруар істің басын қайырдық, соны да халыққа әйгілеп,

елеп-ескеру керек емес пе? — деген желеу айтып едім, бірінші хатшы әлгіден бетер қыржиып, маған тұлдана қарады. Құдды бір әлгі пысықтарды мен жібергендей...

— Сен маған мынаны айтшы: Мәскеуге барған екі жұмыскер Сәтбаевты орденге ұсынғанымызды қайдан білген, демек, соларды айтақтап салған нағылеттер өз қасымыздан шыққан. Жә, солардың арызын Кремльге, дөкейдің алдына кім жеткізген?..

Мұндай қитұрқы ойыма келмепті. Енді түсінікті болды, Мирзоян ежіктеп айтпаса да, мәселенің төркіні нарком Ежовтың, иә, сол кездегі НКВД құдайының Қазақстандағы құйыршықтарынан өрбіген. Оның сағдары Қаныш Сәтбаевты ғана емес, бай тұқымын төбеге көтерушілерді шалмақ. Бәлкім, бірінші хатшының өзін. Ал Нсай баласы пәрменді жұмысымен халық арасында үлкен беделге ие болып, күмі қазақ "Мырзажан" атаңдырған тұлға. Соны да әлдекімдер Мәскеуде күндеген, күн-көсемнің беделіне нұқсан келтіретін қауіп санаған. Сірә, бақ-жұлдызына көлеңке түсіруді жобалаған. Солардың бірі — Ежов. Ол найсап Қазақстандағы жағдайды өте жақсы білген. Семейдің қалалық партия ұйымына 20-жылдары хатшы болғаны — бізге сор болды, қаншама азаматтарды көктей оғанын сен білмейсің, Медеу. Сол кезде онымен қызметтес болғандардың тірі қалғаны некен-саяқ..."

Қаныш Имантайұлына, тегінде, өндірістегі жетістіктері септігін тиізген. Барлау көлемі кемігенмен, кен қорының өсуі тоқтаған жоқ. Үнемі молайып келеді. Соны заңдау үшін де, аяқтан шалған жетімсіздіктің орнын толтыру мақсатымен де бір жазда Мәскеуге екі мөрте барып қайтты. "Жүрген аяққа жөргем ілінетіні" рас. Барған сайын бос қайтпайды. Сөйтіп жүріп Мәскеуде ұзағырақ болуға тырысатынын, ауыл жаққа қайтқысы келмейтінін аңдады: келсе-ақ көңілі бұзылады, қайда барса да, кімді тыңдаса да — үрейі ұшқан жұрт, жылаулы ел, небір жайсаң азаматтар үшті-күйлі жоғалып кеткен; өзінің үй-ішінде қатер жайлаған — бір қабат жұпыны киімін сөмкеге салып қойып, беймезгіл уақытта есік жақтан естілген тықырға құлақ түрген беймаза алаңдау... Амал қанша, елдегі жағдайым солай деп ешкімге шағына алмайсың. Әділдік жолы, адам құқығы аяқ астында қалды. Үнінде жан күйттеп тыныш отырған да, билік қолымда деп әмір жүргізген де тағдырлас болды: бір түнде қамауға алынып, "үштіктің" төтенше сотына түседі; одан арғы хабарын ешкім білмейді — сыпыра мәлімсіздік, өлі-тірісін де естімейсің... Сол себеігген де ол ана жылғыдай, нақақ жаламен абақтыға түскен ағаларына ара-

ша тілеп, әділдік іздеп, ешқайда арызданбайды. Тіпті кімге, не үшін арыздануды да білмеген. Әділін айтқанда, нәтижесіз ізденіс боларын сезген...

Сөйтсе де, амал не, көңіл-хошы болмағанмен өндіріс қажетін ойлап, Ұлытауға қайтады. Өйтпеске шарасы жоқ. Оған қоса асыраушыдан тірідей айырылған ағаларының отбасы көзі қарақты одан ақыл-кеңес қана емес, нақты көмек күткен.

Әбікей Зейінұлының үй-іші Фрунзе (қазірде Бішкек) шәрінде. Ол кісіден алты перзент қалған: үлкені Райхан сол жылы дәрігерлер институтын тәмамдап, Алматыда ординатура өтіп жүрген; ал одан кейінгісі Раушан — Орта Азия медицина институтында оқиды; ал өзгелері — мектепке қатынайды. Жұмыс жасына жетпеген бес баламен панасыз қалып, жылап отырған Қамила жеңгесіне Қырғызстаннан елге көш деп айта алмады. Отағасының тағдырын жете білгенше ешқайда қозғалмасы анық. Көшіргенде де қайда әкелесің, қай жерде сайлаулы үйің бар?..

Дәтке қуат бір сүйеніш — өзі Томға да, Мәскеуге де сүйреп жүріп, білім соқпағына салған Ғалымтай Ғазизұлы 1931-жылы Ташкенттегі Орта Азия геологиялық барлау институтына түскен-ді, Бірақ бір жылдан кейін әлдекімнің байдың тұқымы деп түртпектеуімен оқудан шығып қалған соң, Ленинградтағы кен академиясына орналастырған. Әке-шешесінен де гөрі өз жетегінде көбірек жүрген інісі ойлаған үдесінен шықты: 37-жылдың жазында ол іздеуші геолог дипломын алып, түстіктегі Ащысай комбинатында еңбек жолын бастады, әзірше соқа басы... Жағдайды ауызша түсіндіріп (сірә, хат жазуға сақтанған, естияр қарындасы Ханенді дереу жөнелтті: айтқаны — Фрунзеге барып, Әбікей ағасының үй-ішінің жағдайын біліп, шама-шарқыңша қолғабыс етсін!.. Бірер айдан соң Ғалымтайдан хабар келді: ағатайының өмірін бұлжытпай орындапты, алыстан арбалағаннан гөрі жақыннан дорбалағанды құп көріп, жұмыс орнын Қырғызстанға ауыстырыпты, алтын іздейтін треске геолог боп орналасқан.

Бұл жұмыста ол 1939 жылға дейін, яғни КСРО мен Финляндия арасындағы соғысқа алынғанша еңбек еткен, сол саладағы ізденісі де сәтті болып, бірнеше алтын кенін ашқандығы жайында куәлік алған. Демек, бауырлас қырғыз елінің қазіргі алтын өндірісіне кіші Сәтбаевтың да лайықты үлесі болған...

Қарағанды облыстық құрылтайының кезекті сессиясына (1936-1939 жылдар аралығында Қ. И. Сәтбаев Қарсақбай еңбекшілерінің депутаты болып сайланған) барған сапарында

Кәрім ағасының да үй-ішінің жай-күйін көзімен көріп, көңіл тыншыды: Умина жеңгесін үлкен перзенті Тілеубегімен төркін жұрты қамқорлығына алыпты; ал кішісі Үкібайды Баянауылда тұратын туысы Әкімтай Жәмінұлы өзіне еншілеп, елге әкетіпті...

Ал, Омбы іргесіндегі туыстарының жағдайы ауырырақ болатын: Ғазиз ұсталған соң бірер айдан кейін, сірә, аурушаң әйел төтенше кесенатты көтере алмаған тәрізді, жас жеңгесі Мәруа кенеттен опат болыпты; сөйтіп, "Қызыл әскер" колхозындағы бастауыш мектепте мұғалима боп істейтін Шәрипаның қолында қайнағасының жасы бәлиғатқа жетпеген ширеттей бес баласы, әмбе өзінің екі перзенті қалған; оларды көзден тасада, әрі ат тұяғы жетпес шалғайда тұрады... деп, қалайша ұмытасың?!

Ақыры, сәгі түсіп, Мәскеуде өткен XVII халықаралық геологиялық конгреске шақыру алсын. Соны сылтауратып жолға ертерек шықты да, жолшыбай екі мәрте пойыз ауыстырып, түнделетіп Омбыға жетті.

Шәрипа шешеміздің бертінде, осы жолдар иесіне естірткен әңгімесіне қарағанда, қайғы жұтып, мәңгу боп, өлермен халде отырған өздеріне кеш қараңғылында терезені ақырын тықылдатып Қаныштың кіріп келуі, қалың бұлттың арасынан жарқ еткен күндей аса әсерлі болған. Бірер күн сыртқа шықпай, есік-терезені тұмшаланған үйде тығылып жатып, жадап-жүдеген бала-шағасының бөсең көңілін жұбатып, қаражатпен де көмектесіп, өмірге құштарлығын қайта оятқандай болып, Мәскеуге аттанған-ды.

Алайда негізгі арқасүйерінен айырылған соң-ақ Ғазиз Имантайұлының шаңырағы табиғат апатына ұшырағандай хал кешіп, қайыра оңала алмаған: әкесінен кейін екінші шешесінен айырылып, оның соңынан Бартай мен Майқы есімді екі ұлы опат болып, ал 1941 жылы Ғаниса Қанышқызымен бірге Алматы медицина институтында үздік оқып жүрген Ханен де жүрек талмасынан дүниеден көшкен. Тап сол қарсаңда белгісіз сырқаттан, осы шаңыраққа төл бала боп кеткен Малыбай Қанышұлы да орта мектепті тәмамдауға таянғанда жер құшқан. Соншама қаулап та бой түзеп өскен Ғазиз өулетінен қазірде қалған жалғыз белгі — ата-анасын қоршай отырған жеті жасөспірімнің гүл жайнаған бейкүнә бейнесінің сізге таңырқай қараған фотосуреті ғана...

Рас, тәубе дерлік жағдаят: Ғазиз марқұмның түтіні біржола өшкен жоқ. Оның өсіп-өніп, көркейіп те отырған ұрпағы, тегінде, тұңғышы Ғалымтайдан (1912-1998) өрбіген. Ескертер

бір жәйт: Қаныш ағасының тәлім-тәрбиесінің әсері болар-ау, геолог мамандығын ата кәсіп еткен де осылар; мысалы, Ғалымтай — байырғы алтын іздеуші болса, одан туған Әлішер де, оның балалары — Ғани мен Сұлтан да геологияны әуей көріп, ұлы атасының жолын қуған...

Бас еркінді адамның өзі емес, сұрқылтай заман билеген соң, шараң қанша, Қаныш Имантайұлы Омбы іргесінде тұрған туыстарына көмегін ашық түрде жасай алмай, тіпті Ұлы Отан соғысы жүріп жатқан кезде де оларға қолғабыс етуді әрдайым астыртын көрсетуге мәжбүр болған. Қарымқатынасқа жиі пайдаланған адамы, өзі аштық жылы Жезқазғанға көшіріп әкелген немере туысы Тәрмізи Имантаев. Тәкең ақсақалдың айтуынша, ол жылына екі-үш мәрте Омбыға жүріп тұрған. Көбіне киім-кешек, ақша апарарды. Бір сапарда, Қаныш ағасының Сталиндік сыйлығын жеткізіпті (сіре, сыйлықтың жартысын ғана. Өйткені, Мемлекеттік сыйлықтың қақ жармысын Қаныш Имантайұлы Отан қорғау қорына бергені мәлім).

Тәрмізи Әбсәләмұлының Омбыға соңғы сапары 1946 жылы болыпты: Қанекең тапсырмасы бойынша, "Ауыздағы қаржас" ауылын он бес жыл уақыт қоныс еткен Сәтбаевтар әулетін Алматыға көшіріп әкелген.

III

Қаныш Имантайұлының төзімі бір-ақ жылға жетті. Сайып келгенде, өмірінің мансұқ ісі — Үлкен Жезқазған мүддесін тоғышар шенеуніктердің еркіне беріп қойып, тыныш жүре алмасын түсінген. Әмбе солар жыл басындағы уәделерінен жата танып, келер жылға қаржыны биылғыдан да аз беретінін, дербес конторды таратып, бәз-баяғы Қарсақбай комбинатының геологиялық бөлімі етіп қалдыратынын ашық айтқанды. Жезқазғандағы үлкен комбинат құрылысында да таңғаларлық енжарлық сезіле бастаған. Көңтерлі дерлік қарқын Балқаш-Жезқазған темір жолының құрылысында ғана. Сондықтан бұрнағы жылғыдай дабыл қағып, ең жоғарғы деңгейде әңгіме көтеруге бел байлаған.

1938 жылдың басында ол Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің жуықта сайланған бірінші хатшысы Н.А.Скворцов (А.И.Мирзоян 37-жылғы "Қызыл қырғында" атылып кеткенді) пен КСРО Ауыр өнеркәсіп наркоматының жаңа басшысы Л.М.Кагановичтің атына ашық хат жолдап, Жезқазған комбинатын тездетіп салу жөніндегі екі жыл бұрынғы бұйрықтың өте сылбыр жүзеге асып, елімізге стратегиялық мәні зор

металл беретін алып кеннің мүмкіндігі өлі күнге дейін пайдаланылмап келе жатқанын ашына жазған-ды. Әрине, кен іздеушілер тап болған төзгісіз халін де жасырған жоқ-ты, осы мәселеге мемлекеттік тұрғыдан назар бөлуі өтінген...

Мәскеудің бұл хатқа жауабы Алматыдан да жедел болды. Ақпанның бас кезінде Қарсақбай зауытының директоры Гулин мен Сәтбаев Мәскеуге жедел жетсін деген пәрмен түсті. Қазақстан Халық шаруашылығы комиссариаты кеңесінің басшылары, КСРО Жоспарлау комитетінің жетекшілері, әрине, Мыс басқармасы мен құрылыс трестерінің бастықтары да Ногин алаңындағы зәулім ғимаратқа түгел шақырылған.

Ақпанның 13-ші жұлдызына қараған түнде оларды Ауыр өнеркәсіп наркомы қабылдады. Қаныш Имантайұлына бұл — Серго жолдаспен бұрнағы жылғы емін-еркін сұқбаттан танымал кабинет. Бәлкім, өз ісіне сенімнің мықтылығы, қалайда жаңа нарком Кагановичтің (сол қарсаңда ол Темір жол наркоматын да қоса басқаратын) шектен тыс қатаңдығы, ешкімді ұзақ сөзбұйдаға жібермейтін төзімсіздігі туралы түрліше қауесет естісе де одан қаймығып, тіпті бет қаратпайтын суық айбынын тұңғыш көріп отырса да аса сескенген жоқ. Мәжілістің төтенше жағдайда басталғандығы ғана алаңдатқан: біріншіден, кабинетке түнгі сағат бірдің шамасында шақырылды; екіншіден, Лазарь Моисеевич ешкімге амандасқан жоқ, ұзын үстелдің басына келіп сүлесоқ жайғасты да, көзіндірігін алып, қарсы алдында тым-тырыс отырған жұртқа түйіле бір қарап, әлдекімнің фамилиясын атады; әрқайсысын өзі жауап беретін сала бойынша, Үлкен Жезқазған комбинатының құрылысын бастау жөніндегі бұйрықты алғаннан бері не істеп, не бітіргені жайында есеп сұрады...

Ең алдымен мәскеуліктерді тыңдады. Наркомның Жезқазған қазынасына бүйрегі бұратынын сезген соң-ақ олар өздеріне дейін бұл істі қадағалауға тиіс адамдардың саяси көрегендігі жетпегендіктен, әмбе зиянкестік жасап, құрылыс жұмыстары өріс алмағандығын баса айтып, мемлекеттік маңызы зор ірі өндірісті жедел жүргізуге барлық мүмкіндікті таяу күндерде қарастыратындықтарын мәлім етісті. Әңгіме сөйтіп сыпыра ақталу мен жалпылама уәде беруге ұласқан. Темір жол құрылысын жүргізуші басқарма жетекшісі ғана рельс төселген нақтылы шақырымдарды атап, қажет қаржы уақытында тиетін болса — бірінші пойызды Жезқазған стансасына үкімет белгілеген күннен бірер ай бұрын әкелетінін мәлімдеді. Қазкеңнаркомның басшысы да қазақстандықтар тарапынан жіберілген оқшылықтарды мойындап, зиянкестік

өуеніне түсе бастағанда, нарком қолындағы қарындашты үстелге ұрып:

— Жетеді! Зиянкестер әшкереленген, сазайын тартты! Ал, сіз оларға тас лақтырғанды доғарып, Жезқазғанда не істелгенін, не керегін айтыңыз — тек соларды білетін болсаңыз! — деп дүрсе қоя берді.

Сескеніш қалған қазақстандық әкім жоспарлаушы, жобалаушы басқармалардың бұл іске салғырт қарап, ал қаржы наркоматының тиісті үлестен қағып отырғандығын біраз сынады да, ақырында осы қызметке жуықта ғана тағайындалғанын, нақтылы жағдайды жеткілікті білмейтіндігін мойындап, сөз сыңайын Қарсақбайлықтарға аударумен тынды.

Каганович көздірігін қолына алып, үстелдің қиыр шетінде отырған екі инженерге түйіле қарады: "Қане, қайсың сөйлейсің?" дегендей. Қаныш Имантайұлы зауыт директорын тізесінен қақты. Жуастау адам еді, "Өткен жылдың қара мыстан берешегін қашан толтырасың?" деген сұрақ туса — не айтарын білмей, зәресі ұшып отырса керек, қаһар наркомға тура қарай алмай бүкжиді де қалды.

Қаныш Имантайұлы кенет өз фамилиясын естіді. Көздірігін пісте мұрнының үстіне қондырған Лазарь Моисеевич қолына екі-үш парақ қағаз алыпты, соны шола сүзіп өтті де, қарындашымен өзін нұсқап:

— Мынада жазғаныңызды қайталаудың қажеті жоқ, не істеу керегін айтыңыз! — деді.

Кабинетте отырғандардың дені бүгінгі мәжілістің жезқазғандық инженердің шағым хаты бойынша шақырылғандығын білетін. Сонсоң ба, Үлкен Жезқазғанның дабыра атағын әйгілеуші геолог орнынан тұрғанда, мүдделі ісін тежеуші, иә соған қолғабыс етпеген, қайта өзін тәлкекке салған лауазым иелерін түстеп атап, нақты айғақтармен әшкерелеп, түп-түгел қаралайды деп ойлағанды. Үйімізге аман-есен қайтамыз ба, әлде торкөзді бір жерден шығамыз ба... деп те зәрелері ұшқан.

— Бұрынғы Түсті металдар, қазіргі Мыс басқармасының тап болған қиын жағдайына мен түсінікпен қараймын. Жолдас нарком, — деп бастады Сәтбаев сөзін. — "Не ексең — соны орасың" дегендей болды да шықты: оншақты жерде түсті металл өндірістері тұрғызылып жатыр, не қайта жөнделуде; бәріне де миллиондаған сом қаржы керек, ал зауыттардың қайтарымы мүлдем аз. Сондықтан да басқарма басшылары көңілшек бикештер сияқты, иеленіп отырған қазаннан қасықтап болса да анда-санда бірдеме жалатып, бұйырғанын талғажау ете тұрыңдар... десіп, бізді де, өздерін де қоңыртақы

күнкөріске душар етіп отыр. Нақты түсіндірсем: бүкіл Одақ көлемінде Кеңді Алтай, Алмалық, Норильск, ал Орталық Қазақстанда — Қоңырат пен Жезқазған кеніштері бар; нақ осыларда Кеңес елінің күллі өндіріс қажетін толық өтейтін қорғасын, мыс, мырыш, никель және басқадай да түсті металдардың тоқсан пайыз қоры жинақталған. Наркоматтың Мыс басқармасы осы жәйтті ескеріп, қолындағы қаржы мен қорды осы аудандарға көбірек бөліп, сол жердегі құрылысты жедел қарқынмен жүргізуге тиіс еді. Алайда іс жүзінде біз жоғарыда айтылған теңгерме саясатқа тап болдық. Жә, сонда, Оралдағы, Кавказдағы, Орта Азиядағы күні санаулы ескі зауытсымақтардан, күрделі жөнделіп, қайта жабдықтаған ұсақ өндірістерден не алып отырсыздар? Айталық, қуаты екі есе өскен біздегі Қарсақбайдан, немесе көне Оралдағы Блява зауытынан? Отан өндірісі қажет еткен мыстың екі пайызын ғана...

— Әділдіктен аумаңыз, жолдас. Балқашта біз жүз мың тонна мыс беретін зауыт құрылысын бастадық, жуықта іске қосамыз, — деп қалды. Мыс басқармасының жаңа бастығы (главка бастығы Шахмурадов ұсталып кеткенді, "Балқаш құрылыстың" мақтаулы жетекшісі Иванов та сол дүрмекте нақақ жаламен құрбан болған), тым еркінсіп тұрған әріптесін біршама тежеп қоюға ыңғай аңғартты.

— Сөзді бөлмеңіз, Захаров жолдас! Бұл кісі сендердің өрелерің жетпеген мәнді мәселені айтып тұр, — деп Каганович қарындашпен үстелді тықылдатты.

Қаныш Имантайұлы желпініп, өз ойын одан әрі тартынбай түйе сөйледі.

— Сондықтан да, Лазарь Моисеевич, қаржыны шашпай, бар мүмкіндікті Алмалық пен Жезқазғанға салып, алып комбинатты тездетіп тұрғызып, одан әрі Норильск, Кеңді Алтай сияқты қорлы өндірістерді көтеруді ұсынамын. Шынтуайтын айтқанда, Жезқазғандағы жұмыстың баяу жүргізілуінің себебі де осы — оған деген назар мен көмектің жеткіліксіздігінде. Бұл көзқарас түбірімен өзгермесе, жолдас нарком, сіз өзіңіз де күн сайын, апта сайын шұғылданар мезі іске айналарына шүбә келтірмеңіз!..

— Құрылыс алаңында не істелген? Біткен объект бар ма? Сіз маған, Сәтбаев жолдас, турасын айтыңыз! — деді нарком тура қарап.

Жағдайды аса ауырлатпас үшін Жезқазған барлаушысы бұл жайында терең қазбай, жалпылама ғана айтып еді, енді шегінуге жол қалмады.

— Су бөгеті тұрғызылмақ Кеңгірдің жағасында бірер бульдозер жер шұқылап жүр, ал онда трактордан гөрі шөмішті экскаватор керегірек. Зауыт тұрғызылмақ алаңға қазықтар қағылды, жұмыскерлер уақытша тұратын бірнеше үй салынады. Бар болғаны сол... — деді.

— Ал, мына анықтамада жұмыстың 15 пайызы орындалды делінген. Кімге сенеміз, сізге, әлде қағазда жазылған дерекке?

— Қабырғасы тастан қаланған, төбесі қамыспен жабылған төрт үйді, нә, сонсоң өзен жағасындағы болмашы үйменің неше пайыз болатынын нақты айта алмаймын, Лазарь Моисеевич. Мен сол жерде бұдан он күн бұрын болдым. Әлбетте содан бері әлдеқандай бір төтенше оқиға болмаса?..

— Түсінікті, отырыңыз.

Нарком алдындағы папкадан бір парақ қағаз алды да, жұрт күткендей, ешкімге сөгіс жариялап, нә жекіру айтпай, бірақ әр сөзін шеге қаққандай нығарлап та тақ-тұқ оқи бастады: *"Үлкен Жезқазғанды біз бірнеше кезеңге бөліп, біртіндеп тұрғызамыз — әуелі, 25000 тонна мыс ағызатын алғашқы секциясын; іле-шала сондай көлемдегі екінші бөлегін; сонсоң үшіншісін... Қысқасы Серго жолдастың бұйрығында көрсетілген қуатқа жеткізгенше құрылыс тоқтамайды... Бұл болса қиыр шеттегі алыш өндірісті КСРО халық шаруашылығының айналымына енгізу үшін тиімді де ең төте жол..."¹*

Оқиғаның одан арғы өрбуі жайында Қаныш Имантайұлы өзі он төрт жылдан кейін БК(б)П Орталық Комитетіне жолдаған ресми хатында былай депті: *"Мыс басқармасының жаңа бастығы П.А.Захаровқа нарком бір апта мерзімде КСРО Ауыр өнеркәсіп наркоматының бұйрығының жобасын әзірлеуге тапсырма берді. Бір апта бойы біз күні-түні бас алмай отырып, есеп-қисап жасап, атқарылмақ барлық жұмысқа жөн-жоба әзірледік. Гулинмен менің кейбір мәселеге көзқарасымыз, әсіресе құрылыстың негізгі жұмыстарының мерзімі жайында ой-пікіріміз әрқилы болып шықты. Ал Захаров жолдас үзілді-кесілді шешім айта алмай, ақыры біздің дауымызды наркомның назарына жеткізді. Сол аптаның аяғында, тағайындаған сағатта үшеуіміз де А.М.Кагановичте болдық. Ол кісі Захаровтың тұжырымды мәлімдемесін естіген соң менің де, Гулиннің де пікірін ден қоя тыңдады. Лазарь Моисеевич*

¹Бұл сөздерді және төменде баяндалатын жәйтті Қ.И.Сәтбаевтың 1952 жылдың 20 қаңтар күні И.В.Сталинге жолдаған хатынан алдық.

бізге: "Біз Сәтбаевқа сенеміз, Жезқазғанның жай-жапсарын одан артық ешкім білмейді, әмбе ол осы кенді зерттеген геолог. Сондықтан Сәтбаев ұсынған жобаны нұсқа ету керек!.. Ал саған, Гулин, ешқандай бұлталақсыз және сылтаусыз, Жезқазған жайындағы менің бұйрығымды мүлтіксіз орындауды жүктеймін. Есінде болсын, сен үшін бұл – партия мен халық алдындағы борышыңды ақтаудың ең соңғы мүмкіндігі. Айтқанды орындамасаң – сазайыңды тартасың және соған өзін кінәлі боласың, ұқтың ба?!"

Қоштасар сәтте Лазарь Моисеевич маған кенішті барлауды барынша өрістетуді жүктеді. "Қаражатты қанша сұрасаң – сонша аласың!" – деп, қолма-қол Мыс басқармасының бастығына тиісті нұсқау берді..."

Ақыры күштінің демі диірмен тасын айналдырады дегендей болды, Жезқазған кенін жедел игеру туралы Ауыр өнеркәсіп наркомы жаңа бұйрыққа қол қойды, оның әр тармағы Ұлытау атырабындағы қалың ел көптен күткен игі істің орындалу мерзімдерін нақты атап берген-ді: темір жолдың қашан іске қосылатынын, комбинаттың, үлкен жылу орталығының, қала құрылысының, оның алғашқы кезектегі шаруашылық салаларының, су бөгетінің қай жылы, тіпті айы-күніне дейін...

Жезқазған барлаушылары сол жазда-ақ ерекше қажыр қайрат көрсетіп, Мәскеуден тікелей берілген мол қаржыны тиімді, әрі тиісті орнына жұмсаудың үлгісін танытқан. Әсіресе бұрғылау станоктарының өнімділігін арттыру саласында. Снарядқа бытыраны көптеп салып, тездетіп бұрғылау әдісін ең алдымен Егізек Байсалбаевтың бригадасы меңгерген, соңынан оны бұрғылаушы әріптестері игеріп, ақыры озық әдіс көпшілікке түгел тарасын. Бұрғылау станоктарының жалпы қарамы да бұл қарсаңда едәуір өскен. Олардан алынған кен Жезқазғанның өзінде зерттеледі. Тасқұдық басындағы барлаушылар қалашығы қарамды мекен-жайға айналған. Онда химия зертханасы ғана емес, ғылыми-зерттеу секторы жұмыс істейді. Ал, пробиркалық, минералогиялық, петрографиялық, шлихтік анализдер жасайтын кабинеттер бар, құрылыс материалдарын сынайтын, фото және микрофотолық бөлімдер өз алдына... Минералогиялық мұражай болса түрлі-түсті тас жыныстары ғана емес, күні ертең Жаңа қаланың өлкетану, иә тарихи жайларына керек боларлық алуан мұрағаттарға да ие...

1939 жылдың соңында Ұлытау геологтары Жезқазған кенінің көлеміне жиынтық есеп жасаған. Қор комиссиясы

олардың ұсынған есебін өзгеріссіз бекітті. Бекітіп қана қойған жоқ: "...Бір ұжымда он бес жыл бойы үздіксіз жұмыс істеп, Отан игілігіне жаратар орасан мол пайдалы қазбалар тауып берген геолог Қ.И.Сәтбаевтың үлгілі еңбегін атап өтуді ЦКЗ парызы деп біледі... Бұл жылдарда ол барлау жүргізген кен орнының қоры 457 есе өсті. Ал, бұл жөйт біздің геологиялық қызметімізде теңдесі жоқ тамаша іс!.. Соңдықтан да Жезқазған ГРК-ның, оның қабілетті басшысы инженер-геолог Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың қиыр дала жағдайында, зор қиыншылықтармен күресе жүріп қолы жеткен тамаша нәтижесін лайықты бағалап, ол басқарған үлкен де үлгілі ұжымның озық тәжірибесін түсті металдарды барлау жүйесі ғана емес, бүкіл геология қызметкерлері арасында кең таратылуға тиіс" — деп наркомат кеңсесіне мәлімдеме түсіріпті.

...Жұмыс деп күні-түні жанығып жүріп, ерлі зайыпты геологтар сол жылдарда жан күйттеуді ойлаған емес-ті. Соны ойлауға, шынтуайтын айтқанда, мұршалары да болмапты: әуелі бастары қосылмай, Мәскеу мен Қарсақбайдың, Қызылорда мен Жосалының арасында біраз жылды өткізді; одан соң Үлкен Жезқазған жолындағы сергелдең басталды... Сөйтіп жүріп талай жыл артта қалған. Таисия ғана балаларды қасына алып, қайсыбір жазда жайлауға шығып, Ұлытау баурайындағы қонақжай дос-жарандардың ауылында, оңаша тігілген киіз үйде көкке шығып, әредік демалыпты. Ал өзі? Кен қарап, жер шолған саяхаттарды жанына сая, ғұмыр жолында тап болған айттыс-тартыстардан қажыған жүйкесіне дауа көрген...

Бір күні отбасында "қалыпты адам құсап өмірінде бір мәрте демалу" жайында әңгіме туып қалды да, соған өзін кінәлі екенін мойындауға тура келді: балаларды алып енесі Фелицата Васильевна Жезді өзенінің тоғайлы ну аңғарына, геологтардың отбасылары үшін тігілген жазғы лагеріне жөнелді де, Таисия Алексеевна екеуі Қара теңіздің түстік жағалауына, Ялта қаласындағы сауықтыру орнына аттанды. Бұл 1939 жылдың жазы болатын. "Үй болып шаңырақ көтергеннен беріде екеуміз тұңғыш рет демалысқа бір мезгілде шығып, Қырымда екі ай болдық. Шаршағанымызды сонда ғана, Қара теңіздің саялы жағасында, шуағы мол, құмдауық жағажайда рақатқа батып, шексіз ләззатқа бөленген шағымызда бірақ білдік... Иә, содан соң мен оны Алматыға, "Ақсай"

демалыс үйіне баруға көндіріп, тағы бір мәрте тыныс алғыздым. Осы күні ойлап отырсам, Қарсақбайда ол екі жыл табан аудармай тұрғанда көрген рақатымыз солар ғана екен... — деп есіне алған Таисия Алексеевна естелігінде.

Әрине, геологтың өмірі бір ғана барлау, ертеден кешке дейін созылған дала кезу болмағаны түсінікті: жексенбі күндері балаларды ертіп, Қарсақбай ашасының айналасына қыдыру; қыс күндері соларға сырғанақ ұйымдастырып, өзі де қосыла теуіп бой сергіту; немесе ауылына барғанында ала келген ескі домбыраны кеудесіне қойып, диванда жатып, неше алуан дала саздарын шерту... Кейде домбыра күмбіріне өзі де қосылып кетеді. Әдетте, бұл ескі сарынды мұнды әндер болатын, бірақ бірте-бірте даусы көтеріліп, әуезді де сырлы саздарға ауысады. Бұл да тіршіліктің әрқилы құбылысына қамыққанда алаң көңілін жұбатуға сен, сөйтіп отырып-ақ бойы сергіп, ертеңгі ауыр жұмысқа жігерленіп, көдуілгідей тынығып қалар еді...

"Арғанаты өзенінің жағасынан ескі қазбаларды қарап жүргеміз. Вася Солодовников екеуміз күнделікті саяхатты аяқтап қосқа келсек, Таисия Алексеевна мен Қаныш Имантайұлы өзеннің биік жарқабағында балық аулап отыр. Жас кезіміз, біз де балық аулауға елігіп, шаршағанымызды тез ұмытып кеттік, — деп демалыс сағатын есіне алады Ф.Пастухов естелігінде. — Бір мезетте Таисия Алексеевна бізді қасына шақырып: "Менің қармағым түк түспейді, ал Қаныш Имантаевич шелекті толтыруға айналды, немене балық та кісі таңдай ма?" — деп реніш айтты. "Неменемен аулап отырсыз?" "Кирил Сергеевич (Бабенко — кен технигі — С.М.) қамыр илеп берген, қамырым да тақа бітті, балық қабады да кетіп қалады, түк ұстағам жоқ!..." Жұбайының назына Қаныш Имантайұлы қарқылдап күліп: "Тася, оның есесіне сен масаны қырып салдың, сондықтан есеп тепе-тең", — деп әзіл айтты. Вася шелектегі шабақтың бірінің құйрығынан ет кесіп, Таисия Алексеевнаның қармағына шаншып берді де: "Таисия Алексеевна, сіз қазір бұл жердегі шортанның патшасын ұстайсыз, тек қармақты бірден тартпаңыз", — деп сәуегейлік жасады. Бес минут өткен жоқ, Таисия Алексеевнаның "Ой-ой, құлап барам!" деген айғайы естілсін. Жүгіріп келсек — Қаныш Имантайұлының ішек-сілесі қатып рақаттана қарап тұр, жұбайы баж-баж етіп жағада еңбектеп жүр... Балықшылардың айғайына палаткада демалып жатқан Бабенко да жүгіріп келді. Ақыры, бәріміз жабылып, кем дегенде тұрқы екі қарыс шортанды өзен айдынынан суырып алдық... Бұл оқиға

бізге бір жаз әңгіме болып, әмбе айтқан сайын шортан да үлкейіп, бара-бара тіпті екеу-үшеуге көбейіп жүрді”.

Келесі жылдың басында Жезқазғанды Жарық стансасымен жалғастырған темір жол салынып бітті. Қарағанды-Жезқазған жолының бойындағы аралық станса, пойыз тоқтайтын кішігірім мекендердің тұрғын үйлері де аяқталып, мемлекеттік комиссияның қабылдауынан өтті. Сөйтіп, Сарыарқа жонындағы үш өндіріс алыбы өзара болат жолмен қосылып, бір-біріне нық тіреп жұмыс істей бастады: Қарағанды қызуы әлей күшті, кокстелетін көмір береді; Жезқазған аса құнарлы мыс шикізатын; ал Балқаштың алып пенгтері екеуін де барынша көмейлеп (Қоңыраттың құнары төмен кені оны салған күннен қамтамасыз ете алмаған), мыс бұлағын толассыз ағызбақ... (Жезқазғандағы жаңа мыс зауытының іргесі көтерілгенше Ұлы Отан соғысы басталып, жобаланған өндіріс, амал қанша, тоқтап қалған, оны тұрғызып, жүргізудің сәті тек 1974 жылы ғана түсті).

Сөйтіп, үш алыпты өзара темір жолмен байланыстыру туралы кемеңгер ойдың дер кезінде жүзеге асуының пайдасы екі жылдан соң, Ұлы Отан соғысының ауыр күндерінде, сұрапыл майдан миллиардтаған (бәлкім, триллиондап!), оқ қаптауы — жез гильзаларын сұраған кезде айқын сезілмек. Сарыарқаның үш алыбы майдан үшін ең қажетті қару шығаратын стратегиялық кеніштерге айналмақ. Ал әзірше?..

1940 жылдың қаңтар айында Кеңгір су қоймасының құрылысы басталған. Көктемгі қар суын ұстап қалу үшін сәуірге дейін бөгеттің алғашқы кезегін қайткен күнде бітіру қажетті. Өйткені Төрткүл жазығының түстік шетінде қанат жайған Жаңа Жезқазған қаласының құрылысы орасан мол су қорын талап еткен: бұған дейін Кеңгірден тасылып жүрген су тұстұстан ірге көтере бастаған алуан құрылысқа жұғын болмасы анық. Сол себепті алдағы барлық жұмыстың тағдыры су бөгетінің жобаланған мерзімде ірге көтеруіне байланған...

Құрылыс алаңына көшірілген жылжымалы үш бу станса тоқтаусыз жұмыс істейді. Бірақ жер қазуға қойылған ауыр техниканы қамтамасыз ете алмайды. Оған енді жүздеген жұмыскер білегі қосылады. Тоспа іргесіндегі жұмыс күнітүні бірдей жүреді. Сол жылғы ауа райы да шөл далаға шабуыл жасаушыларға ерегескендей адуын қылық танытады. Күн ерте жылып, қар жылдағы мерзімінен бір ай бұрын ери бастайды. Тоспа тұрғызушылар үшін нағыз қысылтаяң кезең туады. Қарсақбай аудандық партия комитеті: "Барлығың да — бөгет құрылысына!" деп ұран көтереді. Кеңгір жағасына үй

салушылар, кеншілер, жолшылар, металлурттар. кеңсе қызметкерлері келеді. Мұғалімдер ғана емес, жоғарғы басқыш оқушылары да сабақты бірер аптаға тоқтата тұрып, тәшкемен, қапшықпен, жәшікпен топырақ тасиды, жер қазады... Өйткені жұрт биылғы қар суынан айрылып қалса, Үлкен Жезқазған құрылысы тура бір жылға кешігетінін айқын түсінген. Ешкім де уақытпен санаспай, таңды күнге, күнді таңға жалғап, бөгет табанында жан ұшыра жұмыс істейді. Мыңдаған адамның дүлей табиғатпен айқасы түнде де, күшті прожекторлар жарығымен жалғаса береді.

18 наурыз күні кенет тасыған өзен лақ етіп бөгет табанына жөңкіледі. Құрылысшылар үшін сыни кезең енді туады: сағат сайын, минут сайын айдыны кеңейген жасанды көл жөнді бекімеген тоспа іргесін соғып, топырақ үймені ұрғылай бастайды; жан ұшырған жезқазғандықтар бөгетті одан әрі бекімдеп, әлденеше тәулік бойы су деңгейін күзетеді... Жанкештілердің күні-түнгі азапты еңбегі ақыры жеңіспен аяқталды. Тасыған өзеннің солығы басылып, сабасына түскен кезде, бөгет құрылысының бірінші кезегінің өзін екендігі мәлім болады.

Бірінші мамыр күні Кеңгір су қоймасының айдыны (жобадан "Досмырза бөгеті" делінген) жобаланған межеге көтеріледі.

Сол жылдың басында КСРО үкіметі Жезқазған комбинатының құрылысын Ішкі істер наркоматына жүктеу туралы қарар қабылдаған-ды: биік лауазым иелері, сірә, Жезқазған қойнындағы алып көмбенің қисапсыз зор мүмкіндігін ақыр аяғында жете түсініп, оны игеруді жеделдетуді қажет деп білген...

1940 жылдың қаңтарында Қ.И. Сәтбаев Мәскеуге жедел шақырылған (сол үшін НКВД басшылары арнайы ұшақ жіберіпті). жезқазғандық геологты сол күні кеште жаңадан ұйымдасқан Түсті металлургия наркоматының басшысы А.И. Самохвалов қабылдап: "Ішкі істер наркомы Берия жолдас бізге Жезқазғанның жай-жапсарын жете білетін, сол жердегі жұмыстың бүгешігесін түсіндіріп бере алатын шынайы маман, әрі сенімді адам тауып беріндер... деген талап қойды..." — деп, КСРО Ішкі істер наркоматына қарасты ГУЛАГ-тың (Тұтқындар лагерлерінің Бас басқармасы — С.М.) бастығы В.В. Чернышевпен кездестіреді. Бұл жұмыс бір аптаға созылыпты. Тәрізі, нақ сол күндерде Жезқазған атырабында жазға салым өріс алмақ құрылыс жұмыстарының түбегейлі шаралары жан-жақты талқыланған. Ал жұмыс, шынында да аумақты, өрі өте зор көлемде жобаланған. Біздіңше, Қаныш Имантайұлы өзі аса мансұқ болған істің бұдан әрі Отан қорғау мүддесіне қызмет етіп, аса маңыз-

ды стратегиялық мәнге көшкенін сол сапарда жете ұққан. Демек, оны ешкім де, еш уақытта тежей алмайды. Уақыт та енді үлкен Жезқазған үдесіне қызмет етпек.

Шынында да солай болды. Жазға салым кен төбелердің айналасына ГУЛАГ-тың атышулы лагерьлері жыпырлай орнығып, қауырт жұмысқа кірісті. Иә, шөл дала шебіндегі елсіз, нусыз қу тақырға ондаған мың шерменделер айдалып келіп, олардың дені саяси баппен сотталғандар, яки текті тұқымнан туып, ата-анасы бай-құлақ болғаны үшін, иә Күн-көсемнің атына әлдеқалай сын айтып, болмаса жалақор көршісіне әлдебір қылығымен ұнамағаны себепті "Халық жауы" атанғандар еді, жұмыс таң атқаннан кеш батқанға дейін жалғасқан, адам айтқысыз ауыр мекнат кешкен. Ату жазасы сор бейнетке ауысқанға тәубә деген бейбақтар жер астына түсіп, кен шапқан; қызыл шақа тас қыртысты қопарып, зауыт пен фабриканың іргесін көтерген; енді бірі жол төсеп, кірпіш құйған; сөйтіп жүріп мыңдаған адам жер жастанған...

Мәймөңкелеудің қажеті қанша, бүгінде мыс көмбесі дүние жүзіне мәшһүр, алып рудниктері мен еңселі үйлері сап түзген қаланың негізі 1940 жылдың көктемінде бас еркінен айырылған, қарсылық етуге ешқандай құқығы жоқ, ерте дәуірдің құлы есебінде болған сормандай жандардың білек күшімен, сорғалап аққан терімен, тіпті аяусыз төгілген қанымен де салынған-ды. Сол азап және бір жыл емес, 50-жылдардың орта шеніне дейін созылғаны — өмір шындығы. Әлбетте, бұл істе Жезқазғанның жерасты қазынасын әйгілеген кен іздеушілердің титтей де кінәсі жоқтығы түсінікті.

АТТАНАРДА

I

1940 жылдың тамызында дербес республика атанғанына жиырма жыл толуын қазақ елі жер-жерде салтанатты жиындар жасап, шат-шадыман мерекелеумен өткізді. Бұл да сол күнде үстемдік құрған идеологияның қатты қадағалайтын, кеңестік салт-дәстүрге айналдырған айтулы шарасы. Той мәресі қараша айында Мәскеуге ауысты. КСРО ҒА-ның төралқасы, соған орай, өздерінде мерекелік жиын өткізбек-ті. Әрине, ол баяндамалар тыңдауға саяды: олар болса Кеңестік Қазақстанда ғылым негіздерінің жан-жақты өрістей бастағанын әйгілеуге тиіс; сол үшін таңдалған тақырыптар да осы тәркінде

ойластырылған; ал алғашқы кезекте тыңдалмақ және салтанатты жнынның саяси тұтқасы есепті бас баяндама — "Қазақстан ғылымының жиырма жылдағы жетістіктері" аталады; оны және мәскеулік ғұлама емес, республиканың өз перзенті, қазақ ғалымдарының бірі жасасын делінген. Академия президентінің кеңсесінен осы жайында Алматыға телефон шалғанда, республика басшыларының бірі: "Табамыз, таңдаулы бір ғалымды арнайы жібереміз!" — деп қатты сендірген-ді...

КСРО ҒА-ның филиалдар кеңесінің хатшысы В.А.УЛЬЯНОВСКАЯНЫҢ естелігінен:

"...1940 жылдың бірінші қараша күнгі бұлыңғыр кешін көп уақытқа дейін ұмыта алмай жүрдім. Себебі туу алыстағы Қазақстаннан келе жатқан негізгі баяндамашыны дегбірсіздене тосып, қатты қобалжыған едім. Академияның конференц-залына ол кешкі мәжіліс басталуға бірнеше минут қалғанда ғана келді, пойыздан түскені сол екен. Сөйтсем, ғылыми дәрежесі жоқ, әрі Алматыда тұрмайтын қарапайым кен іздеуші инженер..."

— Мен геологпын, туған жерімнің табиғи байлықтары және оны халық игілігіне жарату мүмкіндіктері турасында сөйлемекпін, — деді маған өзін Қаныш Имантаевич Сәтбаевтың деп таныстырған биязы жігіт.

— Баяндамаңыздың тезистері өзір ме? — деп сыр тарттым карталарды ілуге көмектесіп жүріп. — Сірә, оқып берерсіз. Цифрларды көп айтпасаңыз қайтеді, кейбірін болмаса...

Маған ол қолтығындағы қомақты папканы нұсқап, баяндамасы өзір екендігін айтты.

Задағы жұртың күні бойғы ауыр жұмыстан шаршап шыққаны жүздерінен көрініп тұр. Баяндама қызықсыз болып, сылдыр сөзге құрылса, кіршіз тыңдаушыларымыздың аяғын тоспай тарап кетері маған аян. Көңілме тағы да қобалжу кірді, мазаланып отырмын... Ақыры мерекелік жиынның ең алғашқы мәжілісі ашық деп жарияланып, Қ.И.Сәтбаевқа сөз берілді".

— Қадірменді ғылыми қауым! Кеңестік ғылымның бас штабы — академия төралқасына, бүгін осы залда отырған ақбас академиктері — кемеңгер ғұламаларына, дербес республика атанып, қайратты жас жігіт жасына жеткен мерейлі күні, туған елім күн сәулелі Қазақстанның, көшпелі атанса да көшелі жаратылысына бағып қайыра жаңарған қазақ халқының жалынды сәлемін жеткізуді парызым деп білемін!

Ғылым ордасының конференц-залы лық толы. Ғылыми хатшы әлгінде: "Ғылыми қызметкерлер түгел болады, әсіресе

ғалым-геологтар мен географтар, тарихшылар мен әдебиет білгірлері, байқаңыз, ұялып қалмайық", — деп абыржу байқатқан. Бұрыннан жүзтаныс әйгіл ғалымдардың бірқаншасын көріп тұр: алдыңғы қатардан академик Обручев, Комаров, Курнаковты таныды; Ленинградтық достары Кассин мен Русаковты жиналыс басталардың алдында көрген. Екеуі де қолын қысып: "Қаныш Имантаевич, мынандай салтанатқа баяндама жасау — үлкен сенім. Парасатты ғылыми ортаға шығатын мезгіл туды, қымбаттым... Біз, әрине, саған әрқашанда жан-күйерміз! Қысылмай, еркін сөйле. Сөйтіп, бізді де бір қуант!" — деп ақжарқын ниет білдіріп, көңілін марқайтып қойған.

— Жылнама шежіресіне өткен жиырма жылда қазақ елі мал бағып, көшпелі тұрмыс кешкен байырғы тіршілігін күрт өзгертіп, отырықшы жұртқа айналды. Мына деректерге назар аударыңыздар: Қазан төңкерісіне дейін біздегі ауызға алар өндіріс Ембидегі мұнай кәсіпшілігі, Риддердегі қорғасын зауыты мен Қарағанды төңірегіндегі көмір және мыс өндірісі еді — қазіргі жағдай мүлдем басқаша; 1912 жылы Қазақстанда екі мың шақырымға жетер-жетпес темір жол болыпты — биылғы мереке жылында оның ұзындығы жеті мыңға жетті; 1917 жылға дейін бірде-бір жоғары дәрежелі білім беретін оқу орны жоқ елде биыл 18 институт, бір университет жұмыс істейді. Ал жалпылама білім беретін орта және орталау мектепке біржарым миллион жас жеткіншек қатынайды! Нәтижесінде төңкеріс жылы сауат деңгейі 8,1 пайыздан аспаған қазақ халқының хат таным деңгейі 76,3 пайызға көтерілді!.. Осыдан-ақ есеп беріп отырған жиырма жылда қазақ елінің қарыштап өсіп, индустриалды-аграрлы, жан-жақты шаруашылыққа ие социалистік республика болып өзгергенін айқын аңғарасыздар.

Осы да жетер дегендей күмәнді шыраймен алдыңғы қатарда отырған ғылыми хат-шыға жымия қарады да, баяндамашы мінберден түсіп, әлгінде екеуі тақтаға ілген Қазақстан картасының алдына келді.

— Біздің ең басты байлығымыз — ұлан-байтақ жеріміз. Бұл жөнінде Одақта екінші орындамыз, ал халық саны тұрасынан — бесінші. Жер байлығымыздың кеңдігін сіздерге аңғарту үшін Еуропа құрлығындағы аса ірі төрт мемлекет — Германия, Франция, Италия және Англия күллі жер-суымен біздің Қазақстанға пара-пар десем, сенесіздер ме?... — деп сәл аялдап, тыңдаушылар назарын аңдады. Әсер еткен тәрізді. Алдыңғы қатардағы-лардың бет әлпетінен ынталанған шырай аңғарды.

— Сіздер қазақ даласының келбетіне қараңыздар. О, мынау ескірген карта сияқты, нобайы керілген барыс терісіне ұқсаған қазақ жері... жұлым-жұлым, тым жүдеу, тым жұпыны, сусыз, нусыз қуаң өңір түрінде бейнеленіпті. Қазбалы қазынадан да жұрдай өлке сияqtанып кескінделген... Әдейі мұқату мұратым емес, мына картада көзге ұрып тұрған жұтаңдықтың неге бұлайша бейнеленген себебін түсіндіру үшін ғана ескертемін: орыс ғылымының мақтанышы Петр Петрович Семенов-Тяньшанский он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысында, өзі көп-көрім билетін, әлемге әйгілі саяхаттарында әрлі-берлі кесіп өткен қазақ жерін "тұзға бай, пайдалы қазбаға жұтаң өлке" деп сипаттағанын осы залда отырған геолог, географ жолдастар жақсы біледі. Ал, кен ғылымының негізін салушылардың бірі, орыс тіліндегі ең алғашқы "Кен қазбалары" оқулығының авторы, мына картаның дүниеге келуіне мұрындық болған профессор К.И. Богдановичтің: "Қазақстанда ешқандай темір рудасы жоқ", — деп кесіп айтқаны да сіздерге мәлім...

Залдағы жұрт әлденеге тынышсыздану білдірді. Сірә, бір-біріне: "Мына шіркіннің айтып тұрғанын қарай гөр!" — десіп, тамсанып жатқандай.

— Қазақстан үшін бұл карта, асырып айтты деменіздер, тап бүгінде ескіріп қалды. Қазақ даласы үшін енді жаңа карта әзірлеуге тура келеді, қымбатты жолдастар! Бірақ бұрынғыдай ол міндетті өзге жұртқа жүктемейміз, тіпті қолғабыс та тілемейміз. Өйткені бұл жұмысты қазірде Қазақстанның өз мамандары да атқара алады. Оның ғылымы мен ғылыми қызметкерлерінің бүгінгі күші мен білімі өз жеріндегі қазба байлықтар картасын жасауға толық жетеді! Мұны да есейгендігіміздің белгісі, соңғы жиырма жылдың жемісі демекпіз...

Қаныш Имантайұлы көпшілікке бірер қадам жақындай түсіп, кенет даусын кенеп:

— Сіздер таң қалып, бәлкім, сенбеулеріңіз де мүмкін. Сөйтсе де республика геологтарының атынан аса мәнді тұжырым естіртуді өзіме міндет деп білдім... Мына карта үш-ақ түспен бейнеленген, яки жерасты байлығы аса жұтаң... деп кескінделген ұшы-қиырсыз кең аймақта, қымбатты жолдастар, Менделеев кестесінде көрсетілген барлық химиялық элементтерді табуға болады!..

Әлгіңдегі күбір-сыбыр пышақпен кескендей тыйылып, залдағы жұрт қазақ геологына таңырқай қарады.

— Иә, бұл да — менің осы залда сөйлеп тұрғанымдай шындық! Бір ғажабы, — деп қайталады баяндамашы, — сол эле-

менттердің бәрі дерлік кездейсоқ, иә шашыранды күйінде емес, өндірістік мәні бар құнарлы мөлшерде табылып отыр. Осыдан соң "тұздан өзге байлығы жоқ, пайдалы қазбаға жұтан" өлкенің қойнында қаншама зор мүмкіндіктер жасырынып жатқанын өздеріңіз шамалаңыздар... Әншейін мәлімдеме еместігіне сендіру үшін әңгімені көміртегінен бастайын: халық шаруашылығы тілімен айтқанда, өндірістің наны — тас көмір негізінен Орталық Қазақстанда шоғырланған. Оның ең зор көмбесі — өздеріңізге мәлім, қазірде үшінші отын қоймасы атанып жүрген Қарағанды төңірегінде. Соңғы он жылда шағын ғана елді мекеннен бұл өңір іргелі, көп қабатты үйлері самсаған тамаша қалаға айналды, әрі ірі облыстың орталығы. Әлбетте, ол — біздегі бірден-бір қоры қисапсыз мол отын қоймасы емес: игеру кезегін күтіп терістікте — Теңіз-Қоржынкөл, Екібастұз; шығыста — Кеңдірлік, Ұлытауда — Қияқты, батыста — Каспий бойы, Ембі кендері тұр; Доссор мен Мақат — сұйық отынның бай қоймасы екені бұрыннан мәлім еді, барлаушылар жуықта ғана Гурьев төңірегінен мұнай мен газдың, жанғыш тақтатастың құнарлы көздерін тапты; Жайық-Ембі аймағының сұйық отын жөніндегі мүмкіндіктерін тереңге барлаумен анықтау қажет!..

Одан әрі шешен Жезқазған мен Қоңыраттың мысқа құнарлы жерасты қазыналары туралы, Кенді Алтайдың қорғасын, мырыш көмбелері, інжу-алқа атанған неше алуан асылдары жайында, Қалбаның вольфрамы, алтыны мен күмісі, Атасу мен Қарсақбай төңірегінде, Қарқаралы іргесіндегі Кент кенішінде жер бетіне өте жақын жатқан құнарлы, берекелі темір кендері хақында, Қаратау бөктерінен соңғы жылдары мәлім болған, жер нәрі саналатын фосфорит кенін пайдалану жайын да егжей-тегжей баяндап берді...

Көз қиығымен көріп тұр: жүрекжарды әңгімесі көпшілік үдесінен шықты, әсіресе алдыңғы қатарда отырған қадірменді кекселер, соларға нық тірей жайғасып, өзінің аузына қараған, әрбір қимыл-қозғалысын баққан жанкүйер тілектестер мен бейтаныс тыңдаушылар да бір сөзін қақас жібермей, сүйсіне құлақ қойған. Қаныш Имантайұлының өзі де сол мезетте осындай кең әуенді аудитория, зерек те сирек ғұламалар қауымын сағынып қауышқан кісідей ерекше әсерленіп, асқан зор мереймен құшырлана сөйлеген.

— ...Әрине, мұнша байлықты, "Ұшқан құстың қанаты талып, шапқан тұлпардың тұяғы күйетін" шексіз аймақтың табиғи қазынасын сөз болып отырған жиырма жылда, тарихи

өлшемде қас қағым мерзімде, жан-жақты зерттеп, қолға ұстағандай толық барлау мүмкін емес-ті. — Баяндамашы картаны тастап, мінберге қайта келген — жер асты байлығын іздеудегі табыстарымыз ұлы орыс халқының күнбе-күнгі жәрдемімен, оның білімпаз перзенттерінің, қайсыбірі осы залда отырған ондаған ғалымдардың, геологтардың, түстеп айтқанда, академиктер Обручев, марқұм Усовтың (1939 жылы Алтайдағы Белокуриха сауықтыру орнында кенеттен қайтыс болған — С.М.), геологтар Кассин, Русаков, Яговкин, Нехорошев, Гапеев, Григорьев, Тиме сияқты ондаған талантты кен іздеуші инженерлердің шексіз көмегі, зор еңбегі мен жанқиярлық ерлігі арқасында мәлім болды. Қазақ халқы бүгінгі торқалы той үстінде, осынау ізгі жанды, еңбекшіл де білімпаздар қауымына шын жүректен туысқандық сәлем жолдап, шексіз алғыс білдіреді! — деп сөзін аяқтады.

Бірқанша тындаушы жапа-тармағай көтеріліп, ішінде өзі танитын, тіпті бейғаныс ғалымдар да бар, Сәтбаевтың қолын қысты. Бәрі де қызықты әңгімесіне сүйсінген жайларын айтып ризалық білдіруде. Бір мезгілде, көп қошеметінен оңашаланған шақ еді, оның қасына Кассин мен Русаков келді.

— Жезқазғандай шалғай түкпірде он бес жыл табан аудармай отырып, дүние қызығынан тысқары қалуың да мүмкін еді-ау. Алайда сен, Қаныш Имантаевич, әлгіндегі сөзіңе қарағанда, сол түкпірді Қазақстанның геологиялық, әмбе ғылыми ойдың кіндік орталығы етіп алғандай сөйледің. Құттықтаймын, қымбаттым! Әңгімең өте әсерлі шықты! — деп Русаков қолын қысып тұрып қарқылдай күлгенде, әлгіндегі шабытты қызу күйінен суымаған Қаныш Имантайұлы да жайраң қағып:

— Михаил Петрович, дәл айтасыз, біздің Жезқазған, шынында да, Қазақстанның географиялық кіндік ортасы. Нанбасаңыз, картадан қараңыз, — деген-ді.

Жасаң әріптесінің ұтымды өзіліне кексе екі геолог қосыла күлді. Әлден уақытта Николай Григорьевич Кассин:

— Сөйтсе де, Қаныш Имантаевич, бұдан әрі тартыну жөнсіз. Геологиялық орталық мәселесін де осы жолы шешу керек, — деп үлкендік жөнімен үстемдік жасай сөйледі.

Ескі достарының ескертін тұрғаны — Қаныш Имантайұлына мереке алдында ұсынылған жаңа қызмет жайы еді...

Жыл басында ҒА-ның Қазақстандағы филиалы жанынан Геологиялық ғылымдар институты ашылған. Республика үкіметі оған қазақ даласының сырын жетік білетін, ғылыми әзірлігі мол, тәжірибелі геологты жетекші етуді лайық көрген.

Біраз мамандарды іріктеп, жан-жақты саралаудан кейін (институттың тұңғыш директоры Бозшакөл мыс-молибден кенін ашушы ірі геолог Р.А.Борукаевтың бұл міндетті ойдағыдай атқара алмайтындығы алғашқы айларда-ақ мәлім болған) Мәскеудің таңдауына инженер Сәтбаевтың есімі аталған-ды. Алайда оның ғылыми дәрежесі жоқ. Ал тыңнан шаңырақ көтерген ГФИ-да әлденеше ғылым кандидаттары жұмыс істейді. Келешекте олар докторлық атаққа ие болады. Сірә, сол себептен де академия төралқасы ғылыми қауымның Сәтбаевты жете білмейтіндігін желеу етіп, мәселені оңды шешуді созып жүрген. Республика басшыларының Мәскеудегі мәртебелі жиынға сонау Қарсақбайдағы Қаныш Имантайұлының негізгі баяндамашы болып тағайындалғаны да, түптеп келгенде, жоғарыдағы желеуді біржолата залалсыздандыру ниетінен туған. Баяндама да, баяндамашы да ойлаған жерден шықты. Бір сарынды жазылған сыпыра мадақ мінездемелерді қаттап келіп, ресми танысудан гөрі, Мәскеу ғалымдарының алдына жауапты, әрі құрметті есеппен шығуы сәтті болды. Ғұлама академиктер, міншіл ғылыми қауым білгір маманның орнықты да ойлы сөзін әлденеше мәрте қол соғып, зор ыждаһатпен тыңдады: терең біліміне, шешендік қабілетіне таңданып, ғылыми ой-өрісін таныды... Танығаны емес пе, Қаныш Имантайұлы академия төралқасынан сол сапарда-ақ жаңа институттың директоры болып, Алматыға біржола ауысуға нақты ұсыныс естіді...

Қуаныш бұл жолы да егіз болып, мерекеге байланысты КСРО Жоғарғы Кеңесінің төралқасы республиканың бір топ еңбек озаттарын, зиялы қауым өкілдері мен басшы қайраткерлерін орден, медальдармен, түрлі құрмет атақтарымен марапаттаған. Барлық газеттердің бірінші бетінде, көрнекті орында жарияланған тізімнің алдыңғы легінде қарапайым кен іздеуші Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың да есімі аталған: Ұлытау-Жезқазған атырабындағы он бес жылдық жанқиярлық еңбегі — шөлейт өңірді ірі индустрия ошағына айналдырған көшелі ісі бұл жолы әділ бағаланып, Кеңестер Одағының ең ардақты, мәртебелі марапаты — Ленин орденінің иегері атанды...

II

Қырықтың қырқасына шықты. Жер ортаға келдім деп артына қарайлайтын, асқан асуларын, жүрген жолында қалған тауларын шолып, таразыға тартар кезі емес; биікті атанып,

білімі қорланып, күш-қайраты тасыған; алымды да шалымды, нағыз шабытты да адуын шағы. Сөйтсе де бір мезгіл өткен күндеріне үңіліп, басынан кешкенді, көзі көргенді есіне алып екшеу де теріс емес-ау? Көңілің үшін, алдағы өмірің үшін де...

Шынында да, ойлап қараса, өмірін өксіткен, көңілін түңілткен бейнеті, жеке басының қайғы-қасіреті де аз болмапты, сол жолда бірақ қолы жеткен зейнеті қаншама! 1926 жылдың күзінде, алғаш келгенде Жезқазған — ағаш мосылары әр жерде қаңқайған, қыш үйлері мен тар барактары әр жерде жапырайған, кен төбелері де таз қарындай тап-тақыр жөнең мекен еді. Енді, міне, бойшаң үйлері көдімгідей көше түзеіп тұс-тұстан жыпырлаған, кеніш қалқалары алыстан андыздаған, қалың ел мекендеген құтты қонысқа айналды. Артында қалып бара жатқан барлау мекемесі де бұдан он екі жыл бұрын геолком партиясынан қабылдап алған екі-үш станок, жападан-жалғыз технигі бар шағын топ емес — бүгінде ол, мыңнан аса жұмыс адамының басын құраған іргелі ұжым!

Жезқазған қиып кетер жері емес. Амал не, үкімет талабымен еріксіз кетіп барады. Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің хатшысы Алматыға шақырып, ғылыми жұмысқа ауысуды бұдан әрі созбауын жуықта ресми ескертті...

Өз орнына Василий Иванович Штифановты қалдырмақ болды. Жас маман. Рас, жасы ғана емес, барлаушылық тәжірибесі де мұндағы сақа геологтардан әлдеқайда олқы. Жасы жөнінен де, тәжірибе, көргендігі тұрасынан да барлау конторын басқаруға көп жыл өзіне орынбасар болған Саид Шагимарданұлы (Нағымұлы атанған) Сейфуллин лайық-ты, бірақ ол өз бетінше ынта білдіріп ештеңе істемеуге дағдыланған сылбыр кісі, тек қана айтқанды орындаушы. Иосиф Николаевич Богданчиков көңігі маман, жап-жақсы ізденімпаз, бірақ мезі сөзге үйір, ең қиыны ұйымдастыру ісіне қыбы жоқ... 1938 жылдың жазында Алматыдағы кен-металлургия институтының тұңғыш дипломанттарына мемлекеттік комиссияның төрағасы болып барғанда, Вася Штифанов алдында қасқайып тұрып, Жезқазған барлауының өзекті тақырыбынан диплом жұмысын қорғаған. Содан бері осында. Үш жыл — кен іздеу кәсібін игергісі келген маманға жеткілікті мерзім, әмбе соған ғылыми өзірлікпен кіріссең. Штифанов — жас болғанымен алымды жігіт. Мінезі адуын, қадалған жерінен қан алғандай қайсарлығы да жеткілікті. Бұл болса кен іздеушіге пайдалы қабілет...

Аттанардың алдында геолог әріптестерін кеңсеге жинап, В.И.Штифановты орнына отырғызып, алдағы барлау өрісі жайындағы ой-пікірін бүкпесіз естіртті...

— Жезқазған бұрынғыша жедел қарқынмен, кең көлемде зерттеле береді, — деген-ді Қаныш Имантайұлы. — Менің пайымдауымша, кен шоғырланған жердің ауданы ондаған шаршы шақырым. Он бес жылдық іздеуде соның үштен бірі ғана барланды. Көбіне тереңдей алған жопыз. Әсілі, бұрынғы барланған жерлерді терең ұңғымалармен қайыра тексеру шарт. Кен аймағының батысы мен орталығы біршама тексеріліп, шекара-шеті анықталды. Ал оңтүстік пен оңтүстік-шығыс тың күйінде қалып барады... Сөйтсе де өзі теріскей бағытты, әсіресе Жыланды тобына жататын кен жұлгелеріне тереңірек бойлап, көбірек зерттеуге кеңес бермек. Кен қоры барлау ұлғайған сайын көбейе түсуі — Жезқазған үшін заңды құбылыс!

— Металл қорытуда біздің республика қазірде бір-ақ бағытта, түсті металлургия саласында ғана өнімді жұмыс істеп, өндіріс ашып отыр. Бұған ең алдымен біз, геологтар кінәліміз. Соңғы жылдарда біздің ұжым темір кендерінің құнарлы көзін іздеуге күш салды. Нәтижесінде, достар, Қарсақбай ашасы мен Атасу өзенінің жағасынан құнары көңілдегідей, қоры да мол темір кендерін қалдырып отырмын. Осы кендерді қауырт қарқынмен тереңге бойлай зерттеуді бәріңе міндет етемін. Ең жөні, барлауды таяу жылдарда аяқтап, жобалау мекемелеріне ірі өндіріс ашуға ұсыныс жасау керек... Қарағанды көміріне, әйтеуір, өйтіп-бүйтіп қолымыз жетті, темір жол салынды. Десек те ол бізден едәуір қашықта, сонсоң да көмір тасу қымбатқа түсіп отыр. Ал Жаңа Жезқазған қаласы көркейіп, өндіріс базасы бірнеше есе ұлғайған кезде қайтеміз? Демек, тасылмақ көмір көлемі бүгінгіден де ұлғаяды. Бұдан құтылар бірден-бір амал — Қияқтының қоңыр көмірін өндіріске өткізу! Қияқтыда көмір бар және аз емес! Қиыншылық темір жолдан қиян шетте жатқандығында. Оғанда амал — "Жезқазған-Арал теңізі" темір жолын салу; Ұлытауды Ташкент-Орынбор жолына қосып, орталыққа "жақындату" — менің ежелгі арманым!.. Мұндай ірі құрылысты бастау үшін, әлбетте, қуатты шикізат базасы қажет. Ендеше, келешекте сіздер шұғылданар жұмыстың бірі осы салада болуға тиіс...

— Ең соңғы аманатым, қымбатты әріптестер, — деді байырғы барлаушы Штифанов пен Сейфуллинге қадала қарап, — қолдарыңа алтын адамдарды алып отырсыңдар. Мен жұмысқа қабылдағанда бұрғылаушылардың барлығы дерлік хат танымайтын, мал бағып, зорман аулаумен күн көріп жүрген бейнетқор жандар еді. Өздерінің табиғи ыждаһаты мен ынтасы арқасында, біздің де көп уақыт жұмсап, ертелі-кеш үйретуімізден соң, олардың бәрі де барлау өнерін жатсынбай, жап-

жақсы меңгеріп кетті. Солардың жанқиярлық еңбегімен соңғы екі жылда біз Одақтағы ең озық, бірінші барлау ұжымы деген құрметті атаққа ие болып отырмыз. Социалистік жарыстың сан мәрте жүлдегері атандық. Бұл адамдар менің қиын күндерде табысып, жарты сықпаны бөліп жеген еңбектес достарым, өмірдегі ең адал, етжақын жанашырларым. Оларға менің: "Өңіңді ескіртпей, зейнетақыға қолыңды жеткізбей — ешқайда жібермеймін, ешқашанда қағажу көрсетпеймін" деген уәдем бар. Сол уәдені енді екеуіңе парыз етемін. Ескі жұмыскерді ренжітпей, мұң-мұқтаждарын ескеріп, нендей ауыртпалық кездеспесін, солардың өздерімен ақылаулы жұмыс істеңдер. Естеріңде болсын: оларды ренжітсеңдер — мені ренжіткендерің!..

Енді аттануға да болады.

— Жоқ, келіспейміз, Қанеке, — дейді оған әріптестері. — Бір күніңізді бізге қиыңыз. Жұмыс істеуге емес, сізбен бірге демалуға!..

III

Жексенбі күні ертеңгілікте бірнеше жүк машинасына, автобуска мінген барлаушылар ұжымы Жездінің тау арасына еніп бұралаңдай ағатын кең арналы, шалғынды, тоғайлы жағасына (осы күнгі Жезді қалашығына ұрымтал жер) қарай жөңкілген-ді. Күн ашық, жайма-шуақ жаздың есте қалғысыз желсіз, жауынсыз тамылжыған шағы.

Қарабұлақтағы барлаушылардың қосалқы шаруашылығынан әкелінбек ас-су қамын міндетіне алған Халық, Ахмедия, Мырзабектер ерте-ақ қимылдапты, саятқа шыққандардың бас-аяғы жиналғанша, бірнеше жерден қазан көтеріп қойыпты. Әлденеше қос, палатка, киіз үйлер тігілген, оларға жақын маңдағы бірнеше колхоздан қосымша келгендер қымыз, асымен қосылған. Шақырайған күн аса өтімді болған соң киіз үйлердің бірнешеуі емшекте сәбилері бар әйелдерге, кейбірі ересек балаларға дербес берілді. Үлкендер көгал үстінде, ашық жерде отыруды қалады (Федор Пастуховтың естелігінде жиынның шағын жиналыспен басталып, аудап басшылары, колхоз өкілдерінің және Қарсақбай зауыты директорының Қаныш Имантайұлының өзіне, Таисия Алексеевнаға көп жылдық адал да жемісті еңбектеріне рақмет айтып, жаңа қызметімен құттықтағаны айтылған).

Шаңқай түсте дастарқан жайылып, табақ-табақ ет тартылған. Саба-саба қымыз да, шарап пен шампан да құйыла ба-

стаған. Сол-ақ екен, өзен жағасындағы көгалды алаң шырқалған ән мен күйге бөленеді. Қазақшаға татарша жалғасса, бір сәт орыстың құйқылжыған сазды әндері мөлдір көкте қалықтайды. Енді бір уақ тұнған ауаны, тамылжыған табиғатты таң қалдырғандай дара көтеріліп, кең дауысты әншілер шығады суырылып. Нист сөздер де бөгеттен құлаған ағын суға ұқсап, түйдек-түйдек айтылып жатыр...

Бір мезгілде жұрт гулі шырқау шегіне жетіп, қымыз бен шампан қызуы басқа теуіп, жұрт көңілі мейлінше алабұртқан шақ еді бұл, дастарқан төрінде отырған түйеші Сарымолда қарт домбырасын салдыр-күлдір қағып жіберіп:

— Уа-ай жамағат, ағайын! — деп қаттырақ дауыстап қалған. Жұрт сілтідей тынып, қарт түйешіге ынтыға қарасты.

*"Алыс-жақын бауырлар!
Қаныштай ер, арысым,
Етжақыным, танысым
Ортамнан ұзап шығарда,
Алты қыр асып шырқарда
Айтатұғын сырым бар,
Сөзіме құлақ салыңдар!.."*

Жезқазғанға Сарымолда Болманов отыз екінші жылдың тапшылығында келген. Алғашқыда ГРК-да кіші жұмыскер болып жүрді. Одан соң бұрғылау станогына шықты. Кейіннен шаруасы аз-кем түзеліп, қоң біткен соң, Қаныш Имантайұлының рұқсатымен барлаушылардың қосалқы шаруашылығына түйе бағуға ауысқан-ды. Жасаң кезімде Ұлытау өңірі ғана емес, күллі қазақ даласына атағы мәшһүр Қалмағанбеттің Тайжаны (1878-1938, "Қызыл қырғынның" құрбаны), Жылқайдардың Иманжаны (1882-1973) сынды жыр дүлділері, ірі ақын һәм сазгерлердің қасына еріп, өнерлерін үйренуге талпынған. Бірақ тұрмыс тауқыметі биледі де, күнкөріс қамын көбірек ойлауға тура келді...

Жұмыскер ақын едәуір әзірлікпен келген тәрізді. Әдеттегісінен ұзақ жырлады, бұл жолғы сөзі де бұрынғыдай бытыраңқы емес, жинақы ойға құрылған.

— Қарағым Қаныш, қыраным! Айтамын саған аманат, тілеу-қормына жұртыңнан: қайда жүрсең, шырағым, мықты болғай тұрағың; жөне тағы сұрарым, жер астының асылын — алтын, көмір, жасылын; қажымай іздеп таба бер; зор біліммен пайда бер, артыңнан ерген балаға, өзінді сүйген халқыңа — айшықты

мынаушағында!.. — деп термелеп келіп, сәл тынып, терін сүртіп, қымыз ішкен қарт жырын былайша тұжырымдады:

*"Ұлытаудай ұлы жұрттан
Алатауға аттанған
Жезқазғанның асылын
Армансыз-ақ ақтарған —
Қаныш едің зор тұлға!..
Кең даланың сырласы,
Жеті қат жердің мұңдасы —
Халқым туған ер ұлға!
Елін сүйіп, еңбегін арнаған,
Кеңдерін ашып, іздеуден тынбаған
Өнері озған ғаламат.
Ей, Қаныш, арыстандай азамат!
Ғұмырлы болып, тұғырда тұру —
Біздерден саған аманат!.."*

- Жарады, Сары ағаң. Бір сөзінде қателік болсайшы!
- Қанекемнің қадірін дәл айтты. Әділ сөз!

Өз атына таңертеңнен бері ағыл-тегіл айтылып жатқан қошемет лебіздерді сыпайы ғана езу тартумен үнсіз қабылдап, іштей тебіреніп отырған Қаныш Имантайұлы да шыдамады. Шампан толы бокалды қолына алып орнынан тұрды.

— Уа, достар! Қадірменді ағайын! — деп, әлденеге жүрегі қобалжып, сіре, тебірене толқудан үні шықпай сәл аялдады. — Біздің халықта "Құс қанатымен ұшып, құйрығымен қонады" деген нақыл сөз бар. Сол сөзге жүгінсем, ұшатын да, қонатын да құйрық-қанатым менің — мына сіздер; Жезқазған болса — ұшы-қиырсыз қазақ даласының жел қыдырған сайын түкпірі еді күні кеше... Бақталайыма кездескен алғашқы барлау өлкесі осы болды да, аз ба, көп пе — біраз жыл тер төгіп, еңбек еттім. Аянғаным жоқ. Барымды бердім. Осы күні геологтар қауымы мені "Бақытты жігіт", "Жолды барлаушы!" деп мадақтайды. Жолды болғаным — Сіздерден... Бақытты екенім де рас! Иә, менің бақытым — Жезқазған кеніне емес, сіздерге кездесуімде... Жиырма тоғызыншы жылы геолком партиясы тарап кеткенде, мен осы қиырда саусақпен санағандай санаулы адаммен қалдым. Сол күнде бір ауыз сөзімді сыйлап, көмекке келмесеңіздер — жалғыз өзім не істер едім!.. Отыз үшінші жылы барлау қысқарып, қаражатсыз қара жерге отырып қалғанда да осы отырған жұрттың дені: "Сені жалғыз тастап ешқайда кетпейміз!" — деп қолтығымнан демеді.

Иә, сол күні, оған кейінгі жоқшылық көрген қиын-қыстау айларда сіздер болмасаңыздар — бір топ инженер-геологтар сопиып жүріп не бітірер едік? Жоқ, ағайын! Әлгінде Сары ағаң айтқандай: "Жезқазғанның сырын ашып, бір өзі құпияның кілтін басып" десеңіздер — қателескендерің. Мен сіздермен күшті болдым, сіздерге арқа сүйегендіктен де өмір тартысында жеңіп шықтым. Сол себепті, мен бүгін: "Қанатым да, қорғаным да менің — сіздер!" — деймін...

Қаныш Имантайұлы сөйлей бастағанда-ақ қамкөңіл кейбіреулер көзіне жас алып, осалдық байқатқан. Біраздан соң қоштасушы жұрттың дені соларды қостағысы келгендей ыңғай танытты. Әлгі бір өзірдегі көңілді, шырайлы күйдің ізі де қалған жоқ. Жыладың деп сөгуге болмайтын, босандық көрсеттің деуге және келмейтін — қимас сәт еді бұл...

Геолог та соны сезгендей, кенет даусын көтеріп:

— Ей, жарандар! Біздің осы достығымыз, бір кісінің баласындай болып, төрт-бес ұлттың өкілдері өзара бауырласып кеткен туыстығымыз да, біле-білсеңдер — Жезқазғанның арқасы! Сол себепті, мен қоштасу шарабын Жезқазғанның қасиетті топырағы үшін; Ұлытаудай ұлы жұртты ғасырлар бойы мекендеп келе жатқан еңбек сүйгіш, бейнетке төзімді, ер көңілді, мейірман халқым үшін; бүгінде бүкіл ел таныған Үлкен Жезқазған үшін; сол жолда жанқиярлықпен еңбек еткен сергек көңіл қымбатты барлаушылар қауымы — сіздер үшін... көтеремін! — деп жағалай жүріп, бірімен құшақтасып, бірімен бокал түйістіріп, бірімен сүйісіп шықты. Сонсоң бокалынан бірер тамшы шампанды жерге тамызып, қалғанын түгел сіміріп салды.

— Па, шіркін! Туғаңыз-ай! Білімі таудай, ақылың бай. Сендей перзент тапқан халқыма ризамын жай!.. — деп тақпақтады Сары ағаң.

...Барлаушылар тобы Қарсақбайға өңдетіп, гармоньдатып қас қарая оралған. Бірақ бірден тараған жоқ, Таисия Алексеевнаның өтініші бойынша, инженер-техниктердің қарамды тобы Сәтбаевтардың үйіне бет алды. Мәжіліс бұдан әрі Қанағанның өз дастарқанында жалғаспақ. Бұлар келгенде Таисия Алексеевнаның қарт анасы есік алдында, шарбаққа сүйеніп кемсеңдеп жылап тұр еді. Көзі ісіп кеткен, әлденеге қатты қобалжулы. Үйге шам да жақпапты.

— Жайшылық па, шешей?

— Сендер, немене, ештеңе естіген жоқсындар ма? — Енесі Қанышқа бажырая қарады. — Қасірет келді, қандай қасірет десеңші!.. Керман нәлет бізге соғыс ашқан. Соғыс!..

ТАИСИЯ АЛЕКСЕЕВНАНЫҢ естелігінен:

"...Қоштасудың ақырғы сағаты қайғылы хабарға ұласып, алабұртқан көңілімізді әлем-тапырық етті. Сөйтсек, Ұлы Отан соғысының алғашқы күні басталыпты, жеке бастың қам-күйі жайына қалып, мүлдем өзге дүниелерді ойлауға тура келді. Бірер күннен соң Жезқазғанмен біржола қоштасып, баяғыда келген ізімізбен Жосалы стансасына жүк машинасымен аттандық... Қимас Жезқазған, қасиетті Ұлытау – бізге жайлы босаға болған алтын ұя, қадірлі өлке артта қалып барады. "Қош бол, қазыналы кең дала! Қош болыңдар, бірге туған туыстай бауырласып кеткен қадірлі кенші, барлаушы достар, мейірбан ел! – дейміз артымызға егіле қарап. – Саған енді сағынып, шаруа қамымен ғана келетін боламыз!"

Бір кезде осы өңірден тезірек кетпек болған ниетім, сол күнде ерімнің мені жұбатып, "Сен әлі бұл жермен жылап қоштасасың!" деген сөздері есіме түсіп, көзімнен мөлт-мөлт төгілген жасқа ие болсамшы?! Көз ұшында бұлдыраған Ұлытау жотасына қиыла да қимай қараймын..."



ҮШІНШІ
БӨЛІМ



Алатау
баурайында



"Біздің республика ұланғайыр жеріне парапар табиғи байлыққа ие. Оның қойнында неше түрлі қымбат қазына жасырынып жатыр. Оларды іздеп тауып, үнемдеп әжетке жарату, тегінде, халқымыздың тұрмыс күйі мен рухани өсу деңгейін анықтайды. Әл-қуатымыз күшейіп, тірліктің көркеюі де, әсілі, осыған байланысты..."

Академик Қ.И.СӘТБАЕВ, 1958 жыл

"Бүгінгі күннің биігінен қарағанда, мен үшін шүбәсіз шындық: Қазақстан ғылымының жолы әуелден-ақ құтты болды. Өйткені оның негізін бекемдеумен Сәтбаев айналысты. Жазмыш оған алыс келешекті көру қасиетін берген-ді және оның ақ ниеті мен шексіз тазалығы қандай да іспен емін-еркін шұғылданып, ойдағыдай шешілуіне жол ашатын. Тарихтың шұғыл өзгеріске душар ететін елеулі бір кезеңдерінде қауым оқиғалардың алдыңғы шебіне аса көрнекті қайраткер адамдарды шығарады, ал олар туған елінің тағдыр-талайы хақындағы күллі жауапкершілікті өз қолына алудан бас тартпайды. Өз уақытынан көп жылдар ілгеріге озып жүруді маңдайына жазған Қаныш Имантайұлы тап осындай аяулы жан еді..."

ҚР ҰҒА-ның академигі Ш.ШӨКИН, 1992 жыл

"Металлогениялық карталарды жасап, соның басты қағидалары мен әдістерін айқындау ісінде академик К.И.Сәтбаев ғылымға енгізген металлогениялық талдау геология ілімін кезінде елу жыл алға оздырды. Сол деңгей — бүгінде де өзгерген жоқ, әлі де елу жыл алда тұр..."

Ресей ҒА-ның академигі Н.А.ШИЛО, 1999 жыл



БӘРІ ДЕ МАЙДАН ҮШІН

I

Сәтбаевтар отбасы Алматыға шілденің біріне қараған түнде жетті. Жолшыбай жол тауқыметін едәуір шекті. Әсіресе жол үстінде көргендері көңілдерін ерекше түршіктірген: дүйім ел жаппай тік көтеріліп, әлдеқайда ауып бара жатқандай, ерсілік-қарсылық шұбырған жұрттан стансаларда ине шаншар орын жоқ; вагон ішінде де иін тірескен халық; поездар кестесі шымшытырық шатасып кеткен...

Келген күні-ақ Қаныш Имантайұлын Қазақстан КП Орталық Комитетінің хатшысы Ғабдолла Бұзырбаев шақырды.

— Геология институты ғана емес, КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалының жетекшілігін де аласыз, — дегенді ол. — Иә, иә, таңданбаңыз. Жағдай солай. Ресми бастығыңыз академик Григорьев. Иосиф Федорович Москвада тұрады, бұл жақтағы жұмысқа ол кісі араласпайды, астанадағы шаруаларды қозғаушы ғана...

Бәлкім, өзге жағдайда Қаныш Имантайұлы бұл қызметтен үзілді-кесілді бас тартар ма еді, кім білсін? Алайда мынадай дүрбелең уақытта "жоқ" деуге дәті жетпеді. Осы істі міндеттеп отырған хатшының өзі кеше ғана филиал төрағасының орынбасары болатын. Бұрынғы хатшы-идеолог өткен түнде майданға жүріп кетіпті, ал Бұзырбаевқа соның орнына отыруға тура келген (Бұл азамат сол жылдың желтоқсан айында ұшақ апатынан опат болған)...

Осыдан бір жыл бұрын филиал жұмысын академияның төралқасы мен Қазақстан КП Орталық Комитетінің біріккен комиссиясы тексеріп, қанағаттанғысыз деген тұжырым жасаған: негізгі зерттеу тақырыптары бойынша жоспар орындалмаған; өнеркәсіп, ауыл шаруашылық ұжымдарымен байланыс мүлдем әлсіз; ұлттық ғылыми кадрларды тәрбиелеуге көңіл бөлінбеген аспирантурада оқитын 22 адамның екеуі ғана қазақ; қысқасы, филиал республикадағы ғылыми ойдың жетекші орталығы бола алмай отыр... Геология секторының жұмысы да мәз емес. Айталық, тақтатастарды отынға пайдалануды зерттеуді бастадық деп жалған мәлімет берген. Шын-

дығында, бұл жұмыс әлі күнге дейін қолға алынбаған, сол үшін сатып алынған жабдықтар қар астында шіріп жатыр...

"Қ.И.Сәтбаевты тұңғыш рет 1940 жылы, филиал басшыларының есебі талқыланған үкімет мәжілісінде көрдім, — депті ҰҒА-ның академигі Н.В.ПАВЛОВ. — Филиал төралқасының бастығы, академик А.Д.Архангельский 1939 жылы кенеттен қайтыс болғаннан бері біздің жағдайымыз ауырлай түсті... Зиялы жетекшіге жарымай қойдық. КСРО ҒА-нан жұмысымызды тексере келген комиссияларда есеп жоқ, соның бәрі де қожыраған жұмысымызды көрсетіп, хаттама жасайды да, кері қайтады. Ал, тірлігіміз өзгермейді..."

Қатардағы қызметкерлер суға батуға айналған кемеден қашқан жолаушылардай жан-жаққа тарай бастаған-ды. Үкімет шұғыл шара қолданбаса, жағдайымыз мүшкіл болатын. Филиалдың кезекті ғылыми хатшысының жұмыс жайын жақсы етіп көрсетуге тырысқан ұзақ сонар баяндамасынан соң қосымша есеп жасау үшін сөз Қ.И.Сәтбаевқа берілді. Саңқылдаған ашық дауыспен ол филиалда етек алған төртіншісіздіктер мен самарқаулық жайында айта бастады. Сыны аяусыз қатты болды, бірақ әділ еді: ҚазФАН-ның заңда отырған қызметкерлері өздерінің бақталастық етек алып, өсек-аяқ кеулеген жағдайда жұмыс істегеніне, соған ұзақ мезгіл төзгеніне ұялғандай төмен қарасты; Сәтбаевтың сөзі үнсіз тынған мәжіліс залына самал желпіп, тымырсық ауаны жаңалағандай әсер етті: жұрт сергіп, көңілдене бастады... Қосымша баяндамашы филиалдың қажет екендігін, Қазақстан ғылымының жетекші орталығы болу міндетін баса ескертіп: "Бірақ бұл үшін, — деді ол, — сіздерге іскер де зиялы басшылар керек. Филиалды білікті кадрлармен күшейтіп, ұйымдастыру шараларын жасау қажет..."

Қазақ КСР Кеңхалкомы сол мәжілісте-ақ филиал басшыларын түгел дерлік жаңалаған: төралқа бастығының орынбасары болып тарих ғылымының кандидаты, соған дейін Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің идеология хатшысының көмекшісі міндетін атқарған Ғ.О.Бұзырбаев тағайындалғанды; ал жанама сарапшы ретінде тексеруші комиссияға қатысқан инженер Сәтбаев филиалдың ғылыми кеңесіне мүше болып қайтадан сайланған...

Арада жыл өткен жоқ, күні кеше өзі аяусыз сынап, олқылықты тез арада түзеуді талап еткен қосымша баяндамашыға филиал жетекшілігі жүктеліп отыр. Рас, былтырдан бері біраз жұмыстардың басы қарайынпты. Кейбіріне өзінің де қатысы болды. Бірақ басқарушы кеңестің жаңа құрамы көп іске белсене ара-

ласа алмаған. Ғылыми жұмысты қайыра ұйымдастыру, қайсыбірін тыңнан бастау — қашанда күрделі іс. Шынтуайтын айтқанда, қисапсыз қажыр-қайрат, тынымсыз еңбек керек! Ал қазір, соғыс тауқыметіне байланысты бүкіл жұмысты майдан талабына орай шұғыл өзгерту қажет. Зерттеуге ұзақ мерзім тлейтін ізденістерді тоқтата тұрып, қажет болса ғылыми теориялық жұмыстармен шұғылдануды да бейбіт күндерге ысырып, ақыл-ойды, қайрат-жігерді майданға қолғабыс тиізітетін нақты ізденіске жұмсау шарт. "Мысалы, ботаника секторы іргелі зерттеулерін азайтып, кейбірін тежеп, дәрі-дәрмек жасалатын өсімдіктерге көбірек көңіл аударса, — деген-ді Қаныш Имантайұлы өзі өткізген алғашқы мәжілісті қортындылағанда. — Агротехниктер республика жерінің топырақ картасын тездетіп әзірлесін. Өйткені келесі көктемде астық егілетін жер көлемі бірнеше есе ұлғаяды. Ал, зоологтар таяу күндерде үкіметке терісі қымбат аңдарды, немесе тамаққа жарамды дүз тағыларын аулайтын аймақты нақты нұсқаған ұсыныс берсін!.."

"Қаныш Имантайұлына мен кездейсоқ жағдайда жолықтым, — деп сыр шертіпті тағы бір Қазақстандық академик И.Г.ГАЛУЗО. — Екеуміз азық-түлік дүкенінде кезіктік. Кезекте тұр едім, бейтаныс қазақ азаматы менен бір нәрсе туралы түсінік сұрады. Нақты не жайында екені есімде жоқ, алматылық емесін бірден аңдадым.. Бейтанысым геолог екен. ...Зоолог екенімді білген соң ол ерекше ілтипат білдіріп: "Бәрекелді, мұныңыз тіпті жақсы болды!.." деп жымиды. Сонсоң зоология саласынан әрнені сұрай бастады: Қазақстанда аңның қандай түрі кәсіпке пайдалы, олар қалай бағаланады, дүние жүзілік жәрмеңкеге шығарарлық қымбат аңдар бар ма, балық кәсіпшілігі қандай күйде?.. Геологтың өз кәсібіне қажеті шамалы ілімге осыншама ден қойып, ықылас білдіргеніне таңданғаным сонша, келесі күні аса білімдар кен барлаушыға кездейсоқ кезіккенім жайында әріптестеріме сүйсіне әңгімелеп едім, бір жолдас: "Сірә, ол кісіңіз — біздің филиалды басқаруға шақырылған геолог Сәтбаев болар" дегені...

Бірнеше күннен соң филиал жетекшісінің кабинетіне... ресми шақырылдым. Бұл жолы ұзақ әңгімелестік. Қаныш Имантайұлы зоология ғылымдарының түрлі саласына ынтызарлық білдіріп, әр алуан мағлұмат сұрады. Паразитолог екенімді білген соң әңгімеміз бұрынғыдан да қыза түссін... Содан бір күні ол КазФАН-да жұмыс істейтін зоолог, ботаниктердің үлкен тобымен қайыра кездесті. Қаныш Имантайұлы бізге өзіміз шұғылданып жүрген ілім саласында көптеген сауалдар қойды, ақырында өзінің көкейкесті пікірімен болісті: қазақ даласының жан-жануар дүниесін түрлендіру,

олардың өсіп-өнуіне жағдай туғызу жайында біз одан өте қызықты, соны ойлар естідік. Филиал жетекшісі бізден балықты көптен аулау мүмкіндіктерін ойластырып, Қазақстан жеріндегі омыртқалы дүз жануарларын әжетке пайдалану жолдарын қарастыруды да талап етті. Тағы бір өңімелесу үстінде республика фаунасын түрлендіріп, өсімтал аңдарды көбейту, өзен-көлдерге кәсіптік балық тұқымдарын жіберу турасында да пікір алыстық. Қ.И.Сәтбаевқа зоология секторының қойдың жаңа түрі — арқар-меринос тұқымын шығару жөніндегі жұмысы өте-мөте ұнады. Қаныш Имантайұлы филиалға келген кезде бұл жұмыста үміт күттіргендей нәтижелер көріне бастаған. Тәжірибенің жай-жапсарымен жете танысқан соң, ол бұл зерттеуді тікелей өз бақылауына алды.

Арқар-мериностың алғашқы отары өрген Күрмекті базасы Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың ұсынысымен құрылды, сол жерде қойдың жаңа түрін шығару сынағы ақыр аяғында тамаша нәтижеге жетті”.

Қаныш Имантайұлына ихтиологтар да жиі келетін-ді.

— Менің әулетімде балықшы атанып, қолына қармақ ұстаған кісі болмаған. Құдай басқа салған соң, амал не, балық кәсіпшілігі үшін де ұсыныстар әзірлеп, ғылыми кеңесші болуға тура келіп отыр, — деген әзілмен басталған өңгіме кейде бірер саратқал созылады. Өйткені филиал жетекшісі өзінен көмек сұрап келген зерттеу жайында толығырақ білгісі келеді. Өз ойын тықпалап, қайтсем де орындатам деген емеуірінді аңғартпайды. Жасалып жатқан жұмыстың өмірлік маңызын бірақ қазымырлап сұрап, аса тиімді, қажет-ау дегеніне көбірек қадалып, пайдалысын жадында ұстап қалады.

Сол жазда Іле бойына, Балқаш көлінің жағалауына бара жатқан зоологтар экспедициясы филиал жетекшісіне шақырылып, өзгеше тапсырма алып шықты.

— Сол өңірге су тышқанын жіберсек қалай болады? Ойланып көріңіздерші... Меніңше, аса пайдалы жұмыс!

Зоологтар байқап көруге уағда етті... Кейіннен бұл ұсыныс жылына әденеше миллион сом таза кіріс әкелген игі шаруаға айналды. Бірер жылдан соң су тышқандары Балқаш көлі мен Іле бойын ежелгі мекендей-ақ біржола жайлап алды.

Бір күні химбиологтар келді. Жергілікті бір өсімдіктің тамырынан тері илейтін реагент жасап, арнаулы өндіріс ашуға мүмкіндік бар екен. Тек соны тері өңдейтін комбинаттардың бірінде тезірек сынау керек...

Осылайша күн түнге ұласып, ай жылға жалғасып жатыр. Таң ата басталған қызмет (күн шыға төсектен тұру — Қаныш

Имантайұлының өмір бойғы әдеті) кешке дейін бітпейді. Астана кеңселерінің, әсіресе жауапты қызметкерлердің түнде де қызмет істеуі — үйреншікті машық. Жұртпен бірге сапқа тұрып, әскери жаттығуға да барады. Противогаз, винтовка асынып, мезгіл-мезгіл өлденеше шақырымдық шеруте де шығып қояды. Өйткені әскери жаттығу, өзіңді күнбе-күнгі дайындықта ұстау — барлық дені сау азаматтың борышы деп жарияланған...

II

Қаныш Имантайұлының басты назары, әрине, геологиялық ғылымдар институтында (ҚазГГИ) болған.

Институт төңкерістен бұрын архирейдің (епископ) кеңсесі тұрған екі қабат шағын үйде, филиалдың секторлары да осында орналасқан. Орын өте тар, тіпті ғылыми жұмыс түгілі, тізе бүгіп отыратын жер жоқ... Институт аталғанымен сол кезде небәрі 25 ғылыми қызметкер бар-ды, оның төртеуі ғана ғылым кандидаты. Төрт сектор — геология, металдар, бейруда, гидрогеология бөлімдері және аналитикалық химия зертханасы жұмыс істейді. Бұған дейін құрамында мың қаралы кісі бар іздеушілер тобына жетекші болған іскер басшыға бұл сөз бе екен, ойнап отырып басқаратын мекеме. Бірақ олай болмады. Жұмысты мұнда да тыңнан бастауға тура келді — кадр өзірлеуден ғылыми жұмыс жүргізетін орын іздеуге шекті. Ең қиыны, институтты басқаруға үмітті болған кейбір ғылыми қызметкерлермен тіл табысу жүйкесін жұқартты: "Сіздің мына жұмысыңыздың пайдасы қандай?" десе-ақ, шамданған байғұс: "Бұл мәселені сіз жете түсінбейсіз", немесе кейбірі турадан тура: "Қарапайым геологқа мұны бағдарлау қиын, ол үшін сізге теориялық дайындықтан өту керек..." — деп, ғылыми атағы жоқтығын ешбір қымсынбай бетіне айтады. Қарсылықтың астыртын түрлері де көріне бастады. Қысқасы, қатардағы барлау орнынан келсе де, тісі шыққан, тиісті деңгейде жұмыс талап ететін басшы екендігін көрсетуге тура келді...

Бір жолы институттың химия зертханасы жұмысты тым сылбыр істейтіндігі, көптеген анализдер апталар бойы орындалмай кешігіп жататындығы сөз болды. Директордың кабинетіне шақырылған химик: "Анау жоқ, мынау жоқ" дегеннен өзге жартымды жауап айта алмады.

— Сіздің айтып тұрғаныңыз — жұмысқа жауап бермеудің айналасы! Алматы сықылды үлкен қалада отырып, мұнша жоқты тілге тиек ету ұят емес пе? — деп оның шалғайынан алған Қаныш Имантайұлы Қарсақбай комбинатының химия

зертханасының тәжірибесін әңгімелеп берген-ді. — Бір жылы қыста бүкіл Қарсақбайда анализ жасайтын бір грамм да спирт табылмады, жабдықтаушылар дер кезінде жеткізе алмай қалған. Құтыхана меңгерушісі Иосиф Израилевич Гехт сіз құсап, "Жоққа не істеймін?" деп қол қусырып қарап отырған жоқ, комбинаттың қоймасын ақтарып, бірер жәшік техникалық лак тауып келді. Ақыры, зәру спиртті солардан қайта ағызып берді... Міне, көрдіңіз бе, қымбаттым, жұмысқа ынтасы бар адамдар осылай істейді. Ал сіз, маған үшінші мәрте: "Пәленше реактив жоқ, түгенше жоқ! Егер тапқызып берсеңіз..." деп тұрсыз...

— Олай болса құтыхананы өзіңіз мақтаған Гехтқа басқартыңыз, ал мен ғылымда атақ-абыройы бар ғалыммын, сізге қолбала болып, жабдықтаушы-агент, әрі химанализ жасаушы міндетін қосақтап атқара алмаймын. Сіздің айтып тұрғаныңыз — академия жүйесіне қиыспайтын ыңғайсыз талап, мұнда бәрі де сақадай сай тұруы керек... — деп, меңгеруші есікті қаттырақ жауып шығып кетеді.

Амал қанша, ГФИ-дағы санаулы ғылым кандидатының біріне қош демеске шарасы болмады. Оның орнына Қарсақбайдағы білгір химик И.И.Гехті шақырды. Ол келген соң институт зертханасының химиялық анализ жасау деңгейі шынайы академиялық деңгейге көтеріліп, барлау трестерінің тексерме жұмыстары сонда атқарылатын болды; соғыстан кейін Иосиф Израилевич диссертация қорғап, химия ілімінің кандидаты атағына ие болды...

...Қазақ даласын геологиялық зерттеу 1920 жылғы дейін ғылыми экспедициялар жасақтау арқылы жүргізілген-ді. Олар едәуір қазба байлықтар ашты. Бірақ бірде-бірі сайын даланың ой-қырын, өзен-көлін, жер қыртысын жан-жақты сипаттап, кен іздеушілерге нұсқа болғандай геологиялық карта сызып бере алған жоқ.

Жиырмамыншы жылдан беріде даланы жоспарлы түрде зерттеу басталды. Съемкалар жасалды. Әрбір аудан, облысты шаруашылық, экономикалық қажетіне қарай кезекке қойып, он шақырымдық өлшем бойынша картаға түсіру жүзеге асты. Бұл жұмысты Геолком мамандары атқарды. Олардың таңдаулы ғалым-геологтары Қазақстан қиырына барлау партияларын бастап шықты. Қуаң далада бұрынғы экспедициялар сияқты бірер жаз емес, әлденеше жылдар бойы жұмыс істеді. Кен іздеді, су көздерін қарады, геологиялық зерттеулер жүргізді...

Соның нәтижесінде Қарағанды отын ошағының орасан зор қуаты мәлім болды. Тынымсыз іздеуші М.П.Русаковтың Са-

рырқа жонын көп жыл шарлауынан соң "қайталама кварциттер" құпиясы ашылып, нақ солардың тінінде мыс кені шоғырланып, корунд, отқа төзімді шикізаттар жасырынып жататындығы анықталды. Өзі сомдаған теория бағдарымен ол Қоңырат кенін тауып, Балқаш мыс зауытын салуға жол ашты. Нақ осы жөнмен ізденіс жасаған Р.А.Борукаев та 1930 жылы Бозшакөл мыс кенін тапты. Өзге де іздеушілер де қазына көмбелерін көптеп ашты...

Қарағандыкөмір, Алтайполиметалл, Ембімұнай, Арқада Атбастүсті металл трестері тәрізді ірі-ірі өндіріс орындарының ірге көтеріп, онім бере бастауы тұрақты жұмыс істейтін геологиялық қызметтер құруға түрткі болғанды. Геолкомның Қазақстандағы бөлімшесі де осы қарсаңда ұйымдасқан: туу баста Қызылордада ірге көтерген мекеме Қазақтың геологиялық басқармасы атанып, Семейге көшті... Сол қарсаңда оны Ленинградта оқыған, кейіннен Қазақстан барлаушыларының ақсақалы атанған Рамазан Асланбекұлы Борукаев басқарды. Геология басқармасында Г.Ц.Медоев, А.Г.Гакоев, Б.И.Вейц тәрізді білімпаз барлаушылар жұмыс істеді. 1931 жылы Алматыда Қазақ геологиялық барлау тресті ұйымдастырылды. Семейдегі басқарма 1939 жылы Алматыға көшірілді...

Осы шаралардың бәрі, сайып келгенде, қазақ даласындағы барлық барлау қызметтерін бір орталыққа топтап, геологиялық зерттеуді үздіксіз және жоспармен жүргізілетін жүйеге айналдыруды көздеген. Соғыс басталар қарсаңда бұл жұмыспен Қазақ геология басқармасынан өзге Қазақтүстіметалл, Алтайтүстіметалл, Қазақкөмір, Қазақмұнай... тәрізді ірі-ірі зерттеу трестері және барлық кен өндіруші комбинаттарда тұрақты ізденіс жасайтын геология бөлімдері мен барлау кеңселері шұғылданған. Олардың жалпы қарамы — 38. Бәрінде де тәжірибелі, білікті мамандар жұмыс істейді. Зерттеушілігі жөнінен де бұлар ешкімге есе бермейтін іргелі топ. Кен көздері бірінен соң бірі табылып жатыр және әр алуан

Бұл болса орталық қалаларда ергеден шоғырланған геологиялық ғылыми ойдың жетекшілік рөлін әлсіретіп, жер-жердегі барлау орындарының күшеюіне жағдай туғызды. Күнбе-күнгі нақтылы ізденісте тәжірибесі молайған өндіріс мамандары көп мәселелер жөнінде зерттеу орнынан қашықта, тып-тыныш зертхана, жайлы кабинеттерде отырып, жалаң теорияға сүйеніп пікір айтушылардың беделіне көп қыңбайтын, жадағай да жалпылама ақыл-кеңесіне сыни көзбен қарайтын білгірлікке жеткенді. Табысқа тоқмейіلسу емес-ті бұл! Орталықтағы мамандар қаншама терең білімді болғанымен, қашықтағы Қазақстан қырғысын шала-шарпы біледі. Жазғы сапарында көргеніне сүйеніп кесім айту — оларды жаңсақ бол-

жамдар жасауға жолықтыратын. Оның аяғы көбіне кен орнын барлаушы геологтар мен соған төрелік айтуға тағайындалған сарапшыларды бітіспес дауға душар етеді (Жезқазған жайындағы ұзақ жылғы сергелдеңді еске алыңыз!), нәтижесінде аса мәнді кенді игеру әлденеше жылға кешігіп басталады.

Республикадағы барлық барлау топтарына теориялық бағыт-бағдар жасап, ізденістеріне жол ашып отыратын ғылыми орталық ұйымдастыруға ой осындай игі талаптан туғанды. 1940 жылы құрылған Геологиялық ғылымдар институты тәжірибелі геолог Р.А.Борукаевтың басшылығымен бірталай жұмыстар атқарыпты, әсіресе тақырыптық зерттеу топтарын ұйымдастыруда. Зерттеуші мамандар да бірталай: И.И.Бок, Г.Ц.Медоев, И.П.Новохатский, Е.Д.Шлыгин. Г.Л.Кушевтің есімдері республиканың геологтар қауымына жақсы таныс. Бәрі де Қазақстанда практикалық дала барлауымен шұғылданған көнігі мамандар. Алайда олар ғылыми жұмысқа енді ғана ауысып отыр. Әлде институт директоры іргелі міндет жүктеп талап ете алмаған ба, Қаныш Имантайұлы ГФИ-ға тап болған кезде жас зерттеу ошағының шағын тобы не істерін білмей, біздің теориялық ізденуіміз тап қазір кімге керек... дегендей енжар ойда екен. Көпшілігі "Отан үшін — жанпида!" деген ниетпен, қанқұйлы жауға тойтарыс беру міндетіміз... десіп, майданға жіберуге арыз беріпті...

Қаныш Имантайұлы алғашқы аптада-ақ институт шұғылданар жұмыстардың бағдарын жария еткен: батыс шекарада жүріп жатқан алапат соғыс геолог-зерттеушілердің алдына төтенше міндеттер жүктейді; директордың ойынша, зұлым жауға Кеңес одағының барлық өндірісі, шикізат қуаты, әрбір кен тасы оқ, снаряд, танкі, ұшақтар болып қарсы тұруға тиіс! Батыс шептегі өндіріс қуаттары уақытша істен шықты, кейбірі қиыр өлке-лерге көшіп жатыр. Демек, негізгі салмақ бейбіт аудандарға түседі. Яғни Орал, Сібір, Қиыр Шығыс, Орта Азия және Қазақстан бұл жүкті жабыла көтеріп, Отан қорғау мүддесіне қажет шикізатты жоқтатпауға міндетті. Бәлкім, көптеген өндірістерді жаңадан ашуға тура келер. Институт мамандары бүгін таңдағы міндеттеріне осы тұрғыдан қарайтын болсын: шикізат көздерін іздеуге, тез арада аяқтауға болатын жедел барлаумен шұғылдану шарт!.. Қиын міндет, бірақ басқадай амал жоқ. Өйткені таразыға — елтірлігі, Отан тағдыры түсіп отыр... Қысқасы, біз үшін нағыз майдан — кен көздерін көптеп ашу!..

Қаныш Имантайұлының талап етуімен ГФИ-ның жаңа жоспары Қазақ наркомында қаралды да түгелдей мақұлданды. Оларды тездетіп жүзеге асыру міндеттелді, септігін тигі-

зер шаралар да белгілен-ді. Бұл болса институт жетекшісі мәнді мәселені жоғары орындарға қоя білетіндігін, үкімет адамдары да онымен есептесетіндігін айқын көрсетті. Оған қоса институт қызметкерлерінің қарамы үш есеге жуық көбейді: соған орай көпшілік қызметкерлер өндіріс орындарынан шақырылды және олардың ғылыми атағының бар-жоғына мән беріп қараған жоқ; оның есесіне өз жұмысына енжарлығы аңғарылғандар ұжымнан аласталды; жаңадан қабылданғандар жатақханалардан тиген бөлмелерге орналасты, ең ғажабы, ГФИ ұжымына үкімет дүкенінен "спецпакет" аталған азық-түлік босатылатын болды; академия филиалына Киров көшесінен (қазіргі Бөгенбай батыр) екі қабат жаңа кеңсе берілді де, архирейдің үйін ҚазГФИ дербес иемденді...

Осының бәрі Қ.И.Сәтбаевтың жайдары жүзді кішіпейілдігімен қоса, қажет жағдайда пәрменді қимылдан да бас тартпайтын іс адамы екендігін аңғартты. Оған ө дегенде танауын шүйіре қарап, "Е, ғылыми зиялы ортаның тегеуіріне қанша шыдайды дейсің?! Әлі-ақ сүйікті өндірісіне қуып тастармыз..." дескендер жым болып, жан сақтаудың қамына кірісті.

"Сол күндерде ол үйге өте-мөте шаршап оралатын. Әсіресе қарауындағы ұжымның өзі жария еткен тың міндеттерді орындауға аса құлшынбай, жігерсіз кіріскеніне ол қатты күйзелген-ді, — деп есіне алады ТАИСИЯ АЛЕКСЕЕВНА. — Қарсақбайда тұрғанымызда шай үстінде, нә демалып отырып ұзақ әңгімелесетін кештеріміз де ұмыт болды. Тек ертеңгілікте үйден ертерек шығатын едік те, қазіргі М.Төлебаев атындағы көшенің саялы аллеясында ширек сағат таза ауа жұтып, тауға қарап тамашалап отырып, кешегі күннің тауқыметін еске алатынбыз..."

Ұйымдастыру шаралары нәтижелі болды. Түсті және сирек металдар металлургиясы, көмір және тыңайтқыш заттар химиясы, минералогия зертханалары ашылып, шихтар әзірлейтін шеберхана мен спектральдық анализ кабинеті жасақталып, қауырт жұмысқа кірісті. Геологиялық ізденістер кеңейіп, зерттеу өрісі де ұзара түсті.

...Бір күні ғылыми қызметкер В.А.Соколовты институт директоры шақырып:

— Ванадий кенін табу керек, Владимир Алексеевич, — деді. — Үкімет тапсырмасы деп біліңіз. Жедел іздеу қажет, темір жолға жақын, алуға оңтайлы жерде болса тіпті жақсы. Қаржы, адамдар жөнінде қам жемеңіз. Тек уақыттан ғана қысамыз!..

Отызыншы жылдан беріде қазақ даласының ой-қырын ара-

лап, әсіресе түстік әлкесін көп шарлаған байырғы геолог жедел тапсырманың стратегиялық мән-мақсатын бірден түсінген... Сондықтан да экспедиция жасақтап, жан-жаққа дереу аттандырудан гөрі, қайда барып және қалай іздеудің бағыт-бағдарын анықтап алуды жөн көрді. Кеңілін алаңдатқан бірнеше ауданның геологиялық картасын алдына жайып қойып, ванадиймен ағайындас металл белгілері табылған қыртыстарға шұқшия үңілді. Ақыры, ол институт директорына келіп:

— Қаныш Имантаевич, коллектордан басқа көмекші сұрамаймын, — деген-ді, — Оңтүстік жақты шолып қайтуға. Алатауды бөктерлеп, Таласқа дейін көтерілеміз...

Келесі күні жолға шыққан қос барлаушы Шымкент пен Жамбыл аралығындағы Шақпақ разъезінде пойыздан түсті де, бағыттарын компаспен түзеп алып жүріп кетті. Көздеп келе жатқан төбені олар сол күні-ақ, темір жолдан небәрі бірнеше шақырым жерден тапты... Үшінші шурфқа кісі бойы тереңдеген кезде барлаушылардың күрегі алғашқы кен белгісіне жолықты.

— Карнотит! Ванадий жайылған минералдың ең құнарлысы! Мынада кем дегенде оның жиырма пайызы бар!..

Геологтар одан әрі қазған жоқ, Алматыға қайтып оралып, келген бетте-ақ институт директорына кіріп:

— Шақпақ разъезіне экспедиция жасақтауға рұқсат етіңіз... — деді.

(Геологтың болжамы қайыра тексеруде толық анықталды. Талас Алатауының бөктерінде соғыс қажетін өтегендей ванадий кеңінің сүбелі қоры жасырынып жатыр екен. Ғалым-геолог Владимир Алексеевич Соколовқа сол еңбегі үшін келесі жылы Сталиндік сыйлық берілді).

— Барлауға ғылыми оймен қараудеген осы! Көптеген кен орнын барлауға шықпай-ақ, зерттеу деректерін байыптап қарап отырып та ашуға болады, — деп тұжырымдаған-ды Сәтбаев әріптесінің жаңалығын институт қызметкерлеріне жария еткенде. — Шынтуайтын айтқанда, Владимир Алексеевич ванадий шикізатын кабинетте отырып ашты... Бұдан шығатын қорытынды: ғалым атанып, геология институтына келдің екен — бағынды барлауда сынаудан бұрын ғылыми болжаумен шұғылдан!..

Зерттеушілердің қайсыбірі орталық қалалардан келген-ді, тағдыр айдап эвакуациямен Алматыға тап болған көрнекті ғалымдар да жаңа институтқа шақырылған.

Солардың бірі — Орталық Қазақстан қыртысының білгірі Н.Г.Кассин. 1941 жылдың жазын Сарыарқа жонында өткізген

ғалым-геолог Ленинградқа дер кезінде қайта алмай, Қарағандыда кіріптар болып қалып қойған-ды. Осы хабарды естіген сәтте-ақ Қаныш Имантайұлы жеделхат жолдап, Ессинді Алматыға шақыртады. Николай Григорьевич те кідірмей жетеді. Бірақ, көңіл хошы онша емес екен: жұбайы Прасковья Степановна жау қоршауындағы қаладан шыға алмай қалған; соған да ұйқысы қашып, жұмыс істеуі қожырапты. "Сіздің міндет Георгий Цараевич Медоевпен бірігіп, Қазақстанның структура картасын жасауға жедел кірісу. Бұл бізге қазір ауадай қажет! Сіздің де зұлым жауға атар оғыңыз, Николай Григорьевич, осы болады!.. Ал қосағыңыз жөнінде?.. Тілегіңізді республика үкіметінің назарына жеткізейін. Сәті түссе, кім білсін..." — дейді институт директоры білімпаз геолог-ғалымды бірден күрделі зерттеу жұмысына жегіп. Кексе адам тұрмыс тауқыметінен тарықпауын ойлап тиісті жағдай да туғызады. Тұс-тұстан келуші мыңдап көбейген соғыс күндерінде бұл да оңай шаруа емес-ті: сөйтсе де институт қызметкерлерін өзара ығыстырып, дербес бір бөлменің орайын келтірді. Құрылымдық карта жасау — Николай Григорьевичке танымал іс. Үйреншікті кәсібіне кіріскен соң-ақ, ішін жеген уайымнан арылып, тығыз жұмысты өндіре істей бастады. Уәде еткен соң Сәтбаев та қарап жүрмепті, Қазақстанның Мәскеудегі өкілдігінің қызметкерлері қалайда жолын тауып, ғалымның жұбайын Ленинград қоршауынан алып шығудың орайын келтірген: ақырында Прасковья Степановна Алматыға аман-есен жетті. Бұл болса Н.Г.Кассиннің бұзылған көңіл күйін бірден түзеп, әрі өзін Қазақстан үкіметіне, мейірманды Қаныш Имантайұлына қарыздар санап, уақытпен санаспай, жұмысты бұрынғыдан да еселеген жігермен атқаруына мұрындық болған деседі. Әсілі, ол структуралық карта жасаумен ғана емес, институттың барлық зерттеу-ізденісіне қоян-қолтық араласып, оған қоса аспирантурада оқитын жастарға басшылық етуге де барынша атсалысады.

ТАИСИЯ АЛЕКСЕЕВНАНЫҢ естелігінен:

"... Николай Григорьевич кісімен өте тез жақындасатын аса үйірсек жан еді. Мінезі қарапайым, сен-мені жоқ, ақжарқындығы сондай — үлкен де, кіші де оған үйір болатын. Қызмет дәрежеңмен де санаспайды, бастық та, оның жүргізушісі де бірдей.

Сонымен бірге түрлі геологиялық мәжілістерде, ғылыми кеңес, не диссертациялар қорғалған сәттерде ол ойыңдағы сөзді бетің бар, жүзің бар демей тура айтатын және өзінің құлай сенген геологиялық қағидаларын, ойлары мен түйсігін

қорғарда ешкімге көнбейтін, қажет деп білсе ілімес дау-шарға түсуден де тайынбайтын. Көпшілік ғалымдар онымен тәжікелесуге, шындығын айтқанда, тайсақтап жүретін-ді...

Бір жолы әлдеқандай ғылыми мәжіліс үстінде Орталық Қазақстанның геологиялық даулы мәселесі жайында Қаныш Имантайұлы мен Николай Григорьевич пікір таластырып, ақырында екеуі де бір-біріне есе жібермей, ауыр сөздер айтты. Келесі күні Николай Григорьевич маған келіп, түні бойы ұйықтай алмай дөңбекшіп шыққанын, артынан ойланса — өзінің қате пікірде болғанын, бірақ дау үстінде тым қызбаланып, ашуға жеңдіріп, қатты сөздер айттып қалғандығын, сіз мені осы бір ыңғайсыз жағдайдан құтқарып, Қаныш Имантайұлымен татуластырсаңыз екен... деп тілек білдірді. Мен күлдім де: "Сіз бұған босқа қиналмаңыз, өйткені Қаныш Имантайұлы жұмыс жөніндегі айтыста ешкімге кек сақтамайды. Өлдебір шаруаны сылтауратып кабинетіне барыңыз да, түк айтпаған кісі құсап сөз бастаңыз..." — дедім. Бірнеше күннен соң Николай Григорьевичті аулада кездестіріп, әнеутүнгі шекісулерінің немен аяқталғанын сұрап едім, кексе геолог жайраңдай күліп:

— О, Қаныш Имантаевич тіпті де ренжімепті. Келесі күні ертерек келіп, есік алдында тосып отырғамын, Қаныш Имантаевич мені көрді де, бұрылып келіп, бір қолымен қапсыра құшып, жайраңдаған қалпы: "Николай Григорьевич, ашуыңызды бассаңыз, кешегі дауды жайланып отырып кеңседе аяқтайық!" — деп мені қолтықтаған күйде кабинетіне алып барды... Мұндай кешірімді кісінің қол астында жұмыс істеу зор бақыт!" — десін".

Ленинградтың қоршауда қалуы тағы бір геология білгірін үйіне жете алмай, Орада тоқтатуға мәжбүр еткен. Бұл жолы ынта Михаил Петрович Русаковтың өзінен болыпты. Қазақстанда жұмыс істегісі келетінін білдірген хатын алысымен-ақ, Қаныш Имантайұлы дереу шақыру ұйымдастырып, кексе әріптесін Алматыға алдырады...

III

Жедеғабыл басталған ізденістер алғашқы айларда-ақ сүбелі нәтижелер берді.

Бұл жайында ҚазГҒИ архивінде неше алуан анықтамалар сақтаулы. Солардың бірі — "Алтайдың полиметалл кендері" тақырыбы бойынша жүргізілген зерттеу: алты айға толар-толмас мерзімде институт мамандары тоқсаннан астам кен көздерін тексереді (кейіннен бұлар Өскемен қорғасын-мырыш

комбинатын салуға негіз болады)... "Қазақстанда мыс өндіруді арттыру жолдары" және "Жергілікті өнеркәсіп жүйесінде мыс қорыту мүмкіндіктері" тақырыптарына сәйкес жеті жүзден астам ірілі-ұсақты кен көздерін қарап шығып, өндіріс орындары үшін нақтылы ұсыныс әзірлеуге тура келді. Мұның ең қомақтылары, сірә, Ертіс мыс зауытына құнарлы концентраттар беруді ұлғайту, Жезқазғанның ең бай кен қабаттарын таңдап қазып, Балқаш комбинатында қорыту ұсыныстары. Жыл аяғында темір және марганец өндірістерін Қазақстанда тыңнан ашу жөнінде де мәселе көтеруге мүмкіндік туады...

Ең бастысы, зерттеу тобы тыңнан ұйымдасып, бейбіт жағдайда ұзақ ырғалып, көп жылдар бойы біртіндеп қаз тұратын ғылыми институт бас-аяғы алты айда ізденіс тақырыптары жүйеленген, жан-жақты зерттеу бағдарламасы бар, соны орындар ғалымдары да толық іргелі ұжымға айналды. Соның нәтижесі биылдың өзінде-ақ мәлім болды, алдағы жылдарда осынау табыс еселеп өсіп, жан-жақты кеңейе бермек.

(Осы ретте бір ғана ҚазГФИ ұжымынан соғыс күркіреген төрт жылда 160 ғылыми экспедиция жасақталып, Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің (ГКО), немесе наркоматтардың жедел тапсырмасы бойынша Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан жеріндегі әр қилы кен көздерін іздегенін, қайсыбір кен орындарына ғылыми кеңесші болғанын ескерту лазым. Соның кейбірі стратегиялық мәні зор әлденеше кендерді тыңнан ашумен аяқталған. Енді бірі ескі кеніштердің ғұмырын ұзартқан).

КСРО ҒА-ның геология-география бөлімінің 1943 жылғы 5 қазандағы бюро қаулысында: "...1)Қазақстандағы ГФИ-ның Ұлы Отан соғысы қарсаңындағы жемісті жұмысы, әсіресе өте маңызды стратегиялық металдар шикізатын көптеп тауып және оны қорғаныс өндірістеріне тапсыру саласындағы зор еңбегі атап өтілсін; 2)Қысқа мерзімде орындалған ғылыми-зерттеу ізденістерінің көлемі және әр түрлі салада жүргізілуі жөнінен, сондай-ақ ғылыми мамандармен толығуы тұрасында ҚазГФИ-нің... филиалдар жүйесіндегі ең озық та үлгілі ғылыми мекеме екендігі даусыз..." — деген тұжырым жасалыпты.

Теориялық зерттеулердің тежеліп, нақтылы кен барлау, олардың бұрыннан мәлімдерін қайтадан тексеру 1942 жылы-ақ институт қызметкерлерінің қатарын тағы да көбейтуге мүмкіндік берген. Жаңадан ғылыми секторлар мен зертханалар ашылған, аспирантурада оқитын жастар қатары да молая түседі.

"Қаныш Имантайұлын мен тұңғыш рет 1942 жылы көрдім, Орта Азия индустриалдық институтының кен факультетінің

аспирантурасында оқып жүрген кезім-ді, Алматыға жол түскен соң ГФИ-нің директорына келіп, жөнімді айтуыма тура келді. Ұзын бойлы, нұрлы көзі адамға парасатпен қарап мейірім төгіп тұрған аса келбетті адам екен. Менің ҚазФАН-дағы аспирантураға ауысқым келетінін білген соң... бірден құптап, қолма-қол көмек көрсетті..” — деп жазады геология-минералогия ғылымның докторы П.Т.ТӘЖІБАЕВА “Академик Қ.И.Сәтбаев” кітабында жарияланған естелігінде.

ЖЕЗДІ ХИКАЯСЫ

I

Қатерлі қырық бірінші жылдың тамыз айының алғашқы күндерінде Украинаның оңтүстігінде шоғырланған 11-неміс армиясы сегіз дивизия жаяу әскер және оларды сүйемелдеуші танк, авиация күштерімен шабуылға шықты. Кескілескен шайқас бірнеше күнге созылды. Ұрыс шебі тағы да өзгерді: Оңтүстік майданның әскерлеріне енді Херсон мен Никополь аралығында, күші басым өктем жауды Днепрден өткізбес үшін шайқасуға тура келді... Бұл ұрыс 19 тамызда басталған. Алтыншы тәуліктің соңында марганец кенінің ең ірі және негізгі қоймасы — Никополь жау қолына көшті.

Бұл оқиға Шығыс майдандағы әрбір сәтті ұрысты барынша әсірелеп те, дәріштеп көрсетуге тырысқан Германияның насихат министрі Йозеф Геббельстің радио арқылы арнайы сөз сөйлеуіне түрткі болған деседі.

— Фюрердің ержүрек солдаттары, офицер мырзалар! — деп лепіреді, — Никопольдің марганец кені неміс ұлтының иелігіне көшті. Кеңес өндірістері қымбат шикізаттан біржола айырылды. Демек, біздің айбынды әскерлерге құрыш сауытпен қапталған ең соңғы кеңес танктерін құрту ғана қалды. Сол үшін де фюрер сендерге: “Тезірек алға басыңдар, жау танктерін көптеп құртыңдар!” деп бұйырады. Біз сөзсіз жеңеміз! Фюрердің кемеңгер ойы сендерді жеңіске жеткізеді!..

Насихат министрінің сол сөзінің де бұрын-соңды барлық даурықпалары сияқты әншейін сандырақ болып шыққаны тарихтан мәлім. Шындық үшін Кеңес Одағының марганец қоры жөніндегі болжамы нақты деректерге сүйенген қисынды уәж екенін мойындау лазым: марганец шикізаты соғысқа дейін Никополь мен Чиатура кендерінде өндірілетін; Орталық санақ басқармасының 1940 жылғы дерегінде металлургия зауыттары пайдаланатын ферромарганецтің (шикізаттың техникалық атауы) 91,6 пайызы осы екі кен орнынан алынғаны айтылған...

Күзге салым неміс әскерлері Дон бойындағы Ростов қаласын басып алып, Қара теңіз жағасына шығатын темір жолды қиып тастады. Бұдан соң Кавказдағы Чиатурадан ферромарганец тасу да ұзақ мерзімге тоқтады. Ал күн сайын зардабы зорайып келе жатқан алапат соғыс миллиондаған тонна броньдық прокат, құрышқа шымыр касиет беретін қоспаларды керек еткен. Бұл үшін марганец қажет. Жау қолына көшкен стратегиялық қымбат шикізаттың орнын қалай толтыруға болады?

КСРО Халком кеңесінің 1941 жылдың 29 тамыздағы төтенше мәжілісі (Никопольден айырылған соң бес күннен кейін) осы мәселеге арналған. Қабылданған қарар қысқа да барынша тұжырымды: *"Шығыс аудандардан марганец шикізатын өндіруді жедел арттыру керек: бұл үшін қажетінше адам күші, мамандар мен техника бөлінсін; еліміздегі барлық үлкенді-кішілі геология мекемелері өндірістік мәні бар марганец кендерін таяу күндерде темір жолға ұрымтал жерлерден іздеп табуға міндеттелсін!.."*

Қара металлургия наркоматы да қарап отырмай, Свердлов облысындағы Полуночное кенішінен шикізат алуға жанталаса қарекет жасап жатқан-ды. *"...Рудник және темір жол құрылысын жүргізушілер тәулігіне 18-20 сағаттан жұмыс істеп жанқиярлықпен еңбек етті. Ақыры 1941 жылдың соңғы күндерінде еліміздің металлургия өндірістеріне қымбат шикізатты және те бастады"* деп куәлік етеді Ұлы Отан соғысының тарихы ("Воениздат", М., 1961, II том, 153-б.).

Бірақ Полуночное мен бұрыннан да аз-кем өнім беріп келе жатқан Орададағы Аққарға кендері Никопольды ауыстыра алмаған, Чиатураның ширегіне де жетпейтін. Демек, 42-жылға металлургия алыстары мардымсыз қоспа қорымен енген. Оған деген зәрулік бұрынғыдан да зорая түскен. Марганецтің кәдірі бейнелеп айтқанда, негізгі қорек — нанға теңелген.

...

Алапат соғыс басталған қарсаңда Жезқазғандық геолог И.Н. Богданчиков Кривой Рогта іссапарда болатын. Сәуірдің аяқ шенінде Қаныш Имантайұлы оны Кішітаудағы кені іздеуші партиядан шақырып алып:

— Иосиф Николаевич, әрі алыс, әрі қызықты іссапар сыйлағалы отырмын. Және аз емес екі айға!.. Кривой Рог пен Никопольдің темір мен марганец кеніштерін асықпай көріңіз... Содан соң сізді Ұлытау атырабындағы темір кенде-

ріне салмақпын, бұл іспен мықтап шұғылдану керек. Жезқазғанның көктасы бізге қашанға азық болмақ, — деген-ді.

Соғыс дүңкілін Иосиф Николаевич үйінен неше мың шақырым шалғайда, Днепрдің арғы жағасында жүргенде естіді. Жасы сол жылы қырыққа шыққан, Ұлытаудың өзінде жетісегіз жыл жұмыс істеген тәжірибесі бар, сақа геолог Богданчиковтың ойда жоқта тап болған соғыс алапатынан үрейі ұшып, есі шығар жөні жоқ-ты. Әйтсе де алғашқы сәтте ол не істерін білмей ойланып қалып еді: әдейі келген жұмысы біткен жоқ, әлде сапарын үзіп, Жезқазғанға жедел қайтқаны жөн бе?..

Сәтбаевтың жеделхаты оған ойы екі ұдай болып қысылған кезінде келді: "Маусымның 26 күні Жосалы стансасында кездеселік. Кешікпеуге тырысыңыз, өте маңызды өңгіме бар" — дегіті. Богданчиков енді Қазақстанға жетуге асықты. Бір пойыздан, бір пойызға ауысып, өуірімдеп Жосалыға іліккен. Суыт келе жатқан Сәтбаевтар көші де сол күні ымыртта стансаға жетті.

Екі геолог Қарсақбай комбинатының жолаушылар тоқтайтын үйінде кездесті.

— Үлгергеніңіз жақсы болды, Иосиф Николаевич, көп рақмет!.. — деп Қаныш Имантайұлы планшетін ашып, Қарсақбай ауданының картасын жайды. Геологтың қолындағы қарындаш әуелі Қарсақбай ашасын нұсқады. Сонсоң солтүстікке қарай сырғи түсті де, Сарысайды құлдилап барып, Үлкен Жездінің тау қойнына еніп, ирелендей ағатын тұсынан бірақ шықты. Күнбатыс жағынан Бала Жезді келіп, екі өзен өзара қосылатын кең аңғар нұсқап отырғаны.

— Осы жердегі қысаң жоталардың етегінен Нарсай деген бұлақ шығады, Иоске...

Богданчиковтың күткені — күншығыста тұрған Найзатас шоқысы еді... Соңғы жылдары бұл таудың бөктерінде өзі барлау жүргізген, бұрғылау станоктары да сол жерде. Ал мынау — тың орын. Бытырдан бері Федор Пастуховтың шағын тобы сол жерде жыралар қазып, бірдеме шұқылап жүретінін білетін. Ал өзі 36-жылдан бері бұл маңайға ат ізін салған емес. Өйткені табылған темір кенінің құнары мардымсыз болды, флюстік қосымшаға жарамды. Әлденеше жылдан соң Нарсайға қайтып оралып, мынадай қиын-қыстау күндерде жөнең кен сымақты қайыра барлаудың қажеті қанша?..

— Сізді осы үшін шақырдым, — деді ұстазы. — Таңданып отырсыз ба?.. Иә, Найзатас әзірше күте тұрады. Балбырауынды да, Қарсақбайды да, Кішітауды да биылша қоя тұрасың, Иоске. Иә, солай, темір кендерін барлауды уақытша тоқтатып, өз кісілеріңмен осы аңғарға көшесіз. Пастухов тобы да сізге қосылады. Нарсайдан іздейтініңіз — темір емес, марганец!

Солай, Иосиф Николаевич. Марганецке барлау жүргізесіз. Никопольдің кен жүлгелерін біршама көрген шығарсыз?..

— Әлбетте. Бірақ мен...

— Сабыр етіңіз, мен әлі айтып болғам жоқ, — деді Қаныш Имантайұлы қабағын шытып. Богданчиковтың тызетпе қылығын кейде өстіп тежеп отыратын. — Бұл жолғы барлауды жедел жүргізесіз. Сол себепті бара сала кірісіңіз! Қазір күй талғайтын, тынығуға демалыс сұрайтын мезгіл емес. Василий Ивановичке бұл мәселені егжей-тегжей айттым. Жезді аңғарындағы барлаудан еш нәрсе аямауға уәде етті. Қысқасы, қолында барын түгел береді.

— Сұрағанымды түгел алатын болсам, талантты жас бастығымыз, сіз үшін сүйікті Штифанов балақан қырсық етпейтін болса... — Марқа геолог жас жетекшісін біршама сынап, ежелгі шымшымасынан айнымай мысқылмен жауап қатты. — Оған сіз қатал ескертсеңіз — бұл хақында сұрауым жоқ. Ал анау... тың барлау жүрмек алаң туралы ықыласпен тыңдар едім.

— Жездідегі марганец жүлгесін мен 1928 жылы көргенмін, — деді Сәтбаев. Шақшасын алып, ернінің астына насыбай салды да, жолаушылар үйінің ескі еденін сықырлатып ерсілік-қарсылы жүре бастады. — Қарсақбай зауыты үшін флюстік шикізат іздеп жүргенде кездестім. Амал қанша, 36-жылға дейін бұл араға бұрғы салуға қаражат болмады. Жезқазғанның мысынан аса алмадық. Ал, отыз алтыншы жылы, мұны өзіңіз де білесіз, екі Жездінің жағасында бір жаз барлау тобын ұстадық: жеті ұңғыма, он шақты жыралар қазылды. Бұлардың құжатын Қарсақбайдан табасыз. Пастуховтың не бітіргенін өзінен естисіз, ол да құр алақан емес... Менің шамалауымша, нақ осы, екі өзен түйісетін тараң аңғарда ферромарганецтің сүбелі қоры болуға тиіс. Ол болса соғыс өрті күшейіп тұрған күндерде стратегиялық мәні ерекше зор шикізат!.. Нені меңзеп отырғанымды ұқтыңыз ба, Иосиф Николаевич?

Богданчиков басын ізеді.

— Айтқаным айтқан: кісіні де, техниканы да керегінше аласыз. Бұл бір. Екінші, есінде болсын, Жездінің қыртысы Жезқазғаннан бөлек... оған станоктың ең мықтысын, бұрғылаушылардың таңдаулысын салу керек. Үшінші, Жездіде ешқандай баспана жоқ. Демек, барлауды қар түскенге дейін аяқтау қажет.

— Түсінікті, Қаныш Имантайұлы. Тырысып көрейін.

— Тырысу аз, Иося! — деді аға геолог өтінген шыраймен қиыла сөйледі. — Бұл жерден қайткен күнде өндіріс ашуға жарайтындай қор табу керек! Және таяу күндерде!..

— Қалай десем екен?.. — Богданчиков қипақтап жап-жағына қарады. Ұзақ жолдан өбден титықтап, жүк машинасының үстінде ұзақты күн изеңдеп келген балалар ұйықтап қалған-ды. Таисия Алексеевна жол қамымен сыртта жүрген.

— Айта бер, күбіжіктеме!

— Біраз жыл серік болып қасыңызға ердім. Ғұмыр жолыма жетерлік үлгі-өнеге көрдім. Жастық желеңмен, нә ұшқалық мінезім кеселінен ренжіткен кезім болса, даттап еске алмағайсыз, Қаныш Имантаевич, — деді Богданчиков жүйесі босап. — Ал мына тапсырмаңызды... өзіңіздей көріңіз, аянбаспын. Қолымнан келгеннің бәрін де жасаймын! Күні-түні Жезді жағасында түнеуге дайынмын, Қанеке!..

— Рақмет, Иосиф Николаевич! Сол үшін де бұл жұмысты тисқақты өзіңе жүктеп отырмын. Әсіресе жұмысқа ықтияттылығыңа сенемін. Жалған сөзге жоқ жансың, ақ жүректіңді білемін. Тек сылбырлықтан арылу керек, ырғалғанды уақыт көтермейді! — Сәтбаев қоштаспақ болып қолын ұсына берді де, көңілі босап, әріптесін айқара құшты.

Жедел ұйымдасқан Жезді тобы "Қызыл Октябрь" колхозының өзен жағасындағы жалғыз қыстағына шілденің алғашқы күндерінде келді. Станоктарды көшіріп, өздеріне баспана сайлап, оны-мұны шаруамен біраз күн кешеуілдеп, ақыры барлауға кіріскен.

Қаныш Имантайұлының хаты да сол қарсаңда келді:

"...Жездіні барлаудың келісім қағаздарын алған шығарсыңдар, — деп жазыпты ол 19 шілдеде контордың бас инженері С.Н.Сейфуллинге жолдаған хатында. — Қосымша айтарым: а) биыл қайткен күнде бір жарым миллион тонна кен табу керек — оны, сірә, № 2 және № 10 жыралардан шыққан құнарлы қабаттардың өзі-ақ береді; б) жаздың жайма-шуақ күндерін мейлінше пайдаланыңдар, ал қысқа қалсаңдар — ештеңе бітіре алмайсыңдар; в) басы артық станоктың, кісіні де Жездіге салыңдар... Естеріңде болсын: қосымша анализге жіберетін материалдарды тек қана біздің институтқа жолдау керек! Оларды тездетіп бітіру жөнін... өзім шешемін".

Жезді қыртысы бұрғылаушылар асыққан сайын ерегескендей-ақ ырыққа көнер емес... Жұмыс өнбеді. Жезқазғанда стахановшы атанып, соцжарыстың алдын бермейтін шебер бұрғылаушы Халық Темірбаев күні кешегі атағы дүрілде-

ген күндерін енді түсінде ғана көретін болды. Керн толық алынбайды. Браунит (марганец минералының техникалық аты) қабатына кірісімен-ақ болат бұрғы үлгі беруден айнып, қайыра көтергенде бордай үгітіліп, кейде жартыкештеніп шыққан кернді бір-ақ көресің. Богданчиков та тілін тістеп, не істерін білмей дал болды. Бірнеше жерден саз әкеп, ұңғыманы шылап та көрді... Ақыры, бір күні зықысы шыққан бұрғылаушы: "Әй, Иоске, бұл күйбеңді қоялық, Мәшине тап. Қанғаңның бізден жасырған құпиясы бар ма? Кеңгір бойын сүзіп келейін" — деген-ді. Жезқазғанға салт атпен іңірде кеткен Иосиф Николаевич, таң ата бір жарым тонналық автомобиль мініп оралды. Екі тәулік әлдеқайда жоғалып кеткен Халағаң олжалы қайтты: қорапты толтыра сарғыш саз әкеліпті, иі қанған қамырдай бір түрлі созылмалы. Керннің шығымы бұдан соң біршама түзелді. Бірақ жыныстың қаттылығы кермет, тәулік бойы дамылсыз түйгіштегенде екі-үш метр ғана жер өтесің. Кексе шебер бұған да амал тапты: екі станокпен қатар бұрғылайтын болды. Мақсаты — қарқыннан ұтылған есесін көлемнен қайтару! Күй талғап, баптануға уақыт тапшы: соғыс анау — жер-көкті қақыратып өртеніп тұрған; Жезқазған мен Қарсақбайдың небір жайсаң жастары, қимас азаматтар майданға топ-тобымен аттанып жатыр; солармен қош айтысуға да мұрша жоқ...

Марганец кендерінің тың көздерін тез арада іздеп, өндіріске қосу жөніндегі КСРО Кеңхалкомының төтенше қарары Жезқазған ГРК-ның басшыларына қыркүйектің бас кезінде-ақ мәлім болған-ды. Қаныш Имантайұлының кемеңгерлігіне тағы да таң қалысты. Қалайша күн ілгері болжап, қара тасқа ділгірлікті сезген десеңші?! Қайта-қайта хат жазып, келісім шарт та жолдап (Жездідегі барлау ешқандай жоба, рұқсатсыз, бұрынғы ізденістер есебінен басталған-ды), апшыларын қуырып асықтарған-ақ еді сабазың. Қаншама барлаушыны майданға кеткелі тұрғанда бронь бергізіп, жұмысқа алып қалды!.. Соның арқасында барлаушылар тобы бірталай шаруаның басын қайырып тастады, қаншама уақыт, әттең, жайбарғақат ырғалумен өткен. Дегенмен әлі де кеш емес, қар жауғанға дейін бірер ай үрдіс істеу қажет. Жезді жағасына тағы да үш станок жеткізіледі, оларға қосымша жұмыс қолы керек. Санаулы кісіні қайдан аласың? Жезқазғандағы бұрғылаушылар қатарын біршама сиретуге тура келді...

Жұмыс қарқыны сөйтіп біршама қыза түскен-ді. Темірбаев та қарап жүрмей, есте қаларлық ұсыныс жасады:

— Тәулігіне екі мәрте шығып, алты сағаттан жұмыс

істейміз. Майданда жүрген азаматтар жиырма төрт сағат көз ілмей жаумен атысып, жан берісіп жатқанда, біздің он екі сағатқа шыдамауымыз ұят, — деген-ді Халық жігіттеріне.

Жезді жағасындағы барлау ақыр аяғында Сәтбаев күткендей қарқынға түсіп, зор көлемде үрдіс жүре бастаған-ды.

Бір күні, қазан айының соңғы аптасы еді, Қаныш Имантайұлы тағы да хат жолдапты:

"...Жездіге барлау жүргеніне үш айдан асты. Нәтижесі көпкөрім, үміт күттіргендей. Бірнеше жерден субелі кен қабаттары табылды. Демек, қазірдің өзінде ол үмітті кен көздерінің санатына еніп отыр... Олай болса, мәлім болған қабаттардың қорын жедел есептеу қажет. Алдын ала есептеуде екі жүз мың тоннадан асып жығылса, одан арғыға тәуекел деп көз жұму керек. Қысқасы, менің кеңесім: барлаудың толық аяқталуын күтпей-ақ, кен қорының болжаулы мөлшерін өндіріс ашуға тұрғандай көлемге дейін ойша өсіріп, мәлімдеме жолдаңдар. Біріншіден, бұл қырық екінші жылда Жездіде өндіріс ашылуын қазірден бастап жобалауға мұрындық болады. Екіншіден, кен орнын келесі жылы тереңдеп барлауға қаражат алуға септігін тигізеді. Үшіншіден, бұл ең бастысы — Отан өндірістері Жезді марганецін дер кезінде кәдеге жаратып, уақытша зәруліктен құтылады және бұл біз үшін — ең мықты көзір!.."

Контгордың қос бастығы Штифанов пен Сейфуллин дереу Жездіге келіп, Богданчиковты ортаға алып, барланған кен қорын есептеуге отырады. Екшеп көрсе бірталай қазынаның иесі болған...

— Ал, не дейміз? — деп Штифанов алдындағы қомақты санға тосырқай қарады.

— Қанекең тапсырған соң жазбауға болмас. Жаздыртпай ол кісі де, сірә, тынбас, — деді Сейфуллин.

— Алайда, Саид Нагимович. Сол мәлімдемені жазатын да, жауап беретін біз... — Штифановтың сақтанып отырғаны мәлім болды. — Ал Қаныш Имантаевичке Алматыда отырып, нұсқау беру, әрине, оңай.

— Сонымен, қандай қор атаймыз?

Богданчиков барлау бастықтарына ожырая қарап:

— Қандайларың не, есеп не десе — соны жазу керек! — деп төтесінен бір-ақ түсті.

— Иосиф Николаевич, бұл — нақты есеп емес, жорамал қор, — деп Сейфуллин де күмілжіді.

— Аталған шамадан кем шықса, бас кетеді. Асып жатса, ешкім де қателестің деп бізді сөкпейді, — деді Штифанов.

— Уай, сендер, Жезді кенін бастамай жатып құртқалы отырсыңдар. Қыбыжықтаған сөздеріңді Қанекең естісе, төбелеріңді ояды. Соншама қорқақтап не көрінді, Жездінің қара тасы, қара да тұрыңдар, бізді әлі даңққа бөлейді!.. Қысқасы, менің Қаныш Имантаевичке берген уәдем бар: мұны мәлімдеуден қорықсаңдар — мен өзім жеке жазамын, біржарым миллион тоннаға тіктім басты!..

— Оның көбірек! Кем басып, артық шықсақ қайтеді?..

— Олай болса, Жезді қоры таза маргенецке шаққанда бір миллион тонна делік. Мұның алпыс пайызы өндіріске байытусыз-ақ жарамды деп, ондағы металдың орташа құнары отыз бес пайыз екенін көрсетсек, Қанекең де бізге ренжи қоймас, — деп Сейфуллин тәжікеге түскен қос әріптесіне ескерту айтты.

Ақыры осыған келісті.

Қара металлургия наркоматына Жезқазғаннан жолданған құпия мәлімдеменің алғашқы нұсқасы Жезді жағасындағы киіз үйде, қазанның аяқ шенінде жазылған-ды...

Бұл мәлімдемеге жауап Магнитогор қаласынан келді. Хат, жеделхатпен қосымша сұрау да емес, комбинаттың бас технологы бастаған бір топ инженер Жезді қайдасың деп сау ете түссін. Мамандар барлау жыраларын аралады; бірнеше жерден браунит кесектеріне жол қапшықтарын сықап алды; кен табылған төбе мен Жезқазған стансасының аралығын да өлшеп шықты — артық-кемі жоқ қырық бес шақырым!..

Сірә, металлургтер тиісті сөзін мүдделі орындарға тұздықтап жеткізсе керек, арада он бес күн өткен жоқ, Жездіге тағы бір комиссия сап ете қалсын. Бұл жолғы бірді-екілі кісі емес, құрамында бірталай ірі мамандар бар үлкен топ: қара металлургия наркомы И.В.Тевосянның тікелей бұйрығымен Жезді марганецінің тағдырын жедел шешуге тағайындалған сарапшылар; солардың бірі — марганец кендерінің көрнекті білгірі профессор Покровский. Қазақстаннан комиссия құрамына Қ.И.Сәтбаев та қосылыпты. Бірақ Алматыдан аттанатын күні ол ауырып қалды. Қол-аяғын бүрістіріп кенеттен жабысқан беймәлім дерт. Амал қанша, Қазақ геология басқармасына ауруханадан телефон соғып, беделді бір маманды комиссиямен бірге аттандыруды өтінді...

Бірнеше күннен соң наркомат комиссиясы Алматыға қайтып оралды. Айттып келгендері — алды-артына сақтана қара-

ған тайғақ байлам, жарым-жартылай шешім, не бар деген, не кен жоқ деген сөз айтылмаған: *"Жездіде браунит бар сияқты, бірақ әлі де іздей түсу керек. Ал, үш геолог мәлімдеген қор шамалы барлау дерегімен, ойжотамен жасалған, күмәнді жәйттері көп..."*

Әңгіме сөйгіп, Сәтбаев ойлағандай, оп-оңай шешілмеді. Екі ұшты тұжырымға ешкім де өндіріс ашуға бұйық бермейді. Сап-сау жүріп, нақ сол қарсаңда ауырып қалғанын айтсаңшы. Өзі барғанда сарапшылар пікірі, бәлкім, басқаша жәйтке ойысар ма еді? Жездіні барлаушылар да, сірә, артын ойлап, солқылдақ тұжырым аңғартқан; әйтпесе жер бетіне жақын жатқан қара тас қабаттарын пұлдап өткізу қиын болып па?! "Шектен тыс сақтықтың салдары, кейде өстіп қояннан бетер қорқақ қылып қояды талай мықты азаматты? Дардай үш геологтың, Жезқазған қырында от пен судан өткен тісқақты мамандардың өз ойын сырттан келген комиссияға құндап өткізе алмауына не дейсің? Масқара!.." Өкінгеннен енді пайда жоқ. Болар іс болды. Комиссия өндіріс наркоматтары уақытша орналасқан Свердлов шөріне аттанып кетті. Ал өзі? "Қолымнан келгенін жасадым, кен көзін нұсқадым, арым — таза, одан арғысында — шаруам қанша?" деп тыныш жатса да болады. Сауда емес, ауруханада жатыр. Жоқ, Жезді үшін де тәуекелге бел буып шайқасуға тура келеді, сірә...

Дәрігерлер біраз күн айналдырып, ішін түйнеген мазасыз сырқаттың себебін анықтады: ішек туберкулезіне ұқсайды; оған қоса әлдеқандай бір ісік бар; екеуі бірдей асқынып, қол-аяғын бүрістіріп қозғалтпай қойған... Консилиумның шешімі: "Ұзағырақ емделуге тура келеді..." "Жұмысты қайтеміз?" "Жұмыс күте тұрады, адамға бөрінен де денсаулық қымбат!" "Жоқ, бүгінгі таңда одан да қымбаттырақ дүниелер бар, доктор. Мәселен, Отан мүддесі, — деп ойлаған-ды ол. — Ел шетінен жау кіріп, ұрыс майданы күн сайын, сағат сайын броньдық құрышқа қоспа — марганец шикізатын сұрап дгірлеп тұрғанда?! Жездіде ол қат-қабат сіресіп жатыр. Тек сендіре біл өздерінше ақжүрек, мемлекет мүддесін "қорғаушы" маман-сарапшыларды. Өзі соған сенеді. Ендеше бүкіл дүние қарсы тұрып, "Жоқ, жоқ!" деп айқайлап шықса да — марганецтің сенімді қоры Жездіде жасырынып жатқанын дәлелдеп, тынымсыз күрес ашуға ол әзір! Кіріптар болып, ауруханада жатқаны — бұған бөгет емес..."

Сейфуллиннің Жезді материалдарымен, Алматыға тездетіп жетуін талап етіп, Қарсақбайға пәрменді жеделхат жөнелтті. Саид кешіккен жоқ. Камералық барлау деректерін

арқалап, Жезді отрядына бір жылдай бастық, соңынан аға коллектор болған Федор Пастуховты да ерте келіпті. Амандаса келген Жезқазғандықтардан Қаныш Имантайұлы барлау есебін палатаға жеткізіп беруді талап етеді. Екі күннен соң Жезді барлаушылары қайыра шақырылады.

— Өзім де солай ойлап едім, жігіттер, тым сақ болып кетіпсіңдер, мыналарың не? — дейді Жезді қамқоршысы басын шайқап. — Сендерге бекер-ақ сеніпшім... Ау, тап қазір қарақан бастың қамын ойлайтын уақыт па? Жау жағадан алып жатқанда, бірдемеге ілігін кетеміз деп қауіп ойлап... Жә, ақталмаңдар! Тыңдамаймын! Жайларыңды түсіндім. Штифанов жас болсын, ал Федяға кінә қоюға болмайды, қатардағы техник... Ал, Санд, сенікі не? "Өспейтін елдің баласы қырқында да өзін жасын..." дейдің кері мынауың? Көпе-көрінеу қорқақтық жасағансың. Жә, жә, бекерге ақталма!.. — Қос Жезқазғандықта үн жоқ, Қаныш Имантайұлы осы да жетер дегендей сәл тыныстап, жайбарақат шырайға көшті. — Қысқасы, есептерің дұрыс емес... Бүгежектеп отырып ең тиімсіз әдісті алғансыңдар. Нәтижесінде Жездінің қоры екі-үш есе кем шыққан... Есепті қайта жасандар. Сендерге енді сірәда сенбеймін!.. Қор есебін бітірмей ешқайда кетпейсіңдер!..

Геология институтындағы директордың кабинетінен екі үстел алған Жезді барлаушылары "Болдық, құтылдық" деп жүрген есеп-қисапқа қайтадан отырды...

Біреп аптадан соң науқас үйге шықты. Емдеу сәтті жүрді (анығында диагноз қате қойылған, сырқаттың жай-жапсары жазға салым білінбек), қол-аяғын бүрістірген дерт біршама тарқағандай болды, сөйтсе де халі жүріп-тұрғандай емес. Институтта түнеп жүрген Жезқазғандықтарды енді үйіне алдырады.

Қай күнде болмасын айрықша бап тілемейтін Сәтбаевтар Алматыда да коммунальдық жұпыны үйде тұратын: Калінін (қазіргі Қабанбай батыр) мен Мир (Желтоқсан) көшелерінің қиылысындағы үш қабат үйдің астыңғы қабатындағы үш бөлме; ал тұрғындары — бір қауым жұрт, үлкені Ханиса осындағы дәрігерлер институтының екінші курсына, Мейіз бен екі жиені мектепте оқиды, Алматыға келген жылы дүниеге келген кенжесі Мәриям емшекте; өзі мен Таисия, енесі Фелицата Васильевна... бәрі жиналып отыра қалса, дастарқан басына сыймайды (Кемел Ақышұлы геолог нағашысына еліктеп кен барлаушы болуды армандайтын. Бірақ жазмыштың жазуы басқаша болды: келесі жазда өзі тіленіп майданға аттанған жасөспірім ауыр жараланып, 1944 жылы Алматыға қайтып оралды. Геологиямен біржола қоштасып, денсаулығына орай-

орындалғанын ескермей, соның өзінен тілге — тиек, сыныққа — сылтау іздеп, қайткен күнде қулатуға тырысу — ар-ұяттан біржолға безген... жауапкершіліктен, жұмыс үшін жаны ауырудан мүлдем кеткен бейшара қуыскеуделердің тірлігі демекші... Сіз мына сорақылыққа назар аударыңыз: кен қуаты 7-8 сантиметр көтерілген деп, әрине, геолог У... сияқты "білгір" мамандар, анығын айтқанда, солақай да сорлы кәсіпшілер ғана жаза алады. Сол себепті біз ТКЗ-ның қасаң қағидаға сүйеніп... шектен тыс сақтық ойлаудан туған сүйкеме тұжырымын тек қана жалаң формализм, жауакеріліктен қашу деп білеміз. Мұның шынайы аты — өмірдің күнбе-күнгі талабын түсінбеу!.."

II

Хат жедел жөнелтіліп, Свердловтан хабар күтіп жүргенде өмір тірлігі бұл тартысқа мүлдем тосын төрелік жасады.

Соғыс кезінде Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің түсті металлургия бөлімін басқарған Ахмет ӘДІЛОВ Қарағанды облыстың "Орталық Қазақстан" газетінің 1989 жылғы 10 наурыз күнгі санында жарияланған естелігінде осы жәйтті тәптіштей өңгімелепті:

"1942 жылдың басы болатын. Бір күні Орталық Комитеттің бірінші хатшысы Н.А.Скворцов шақырып: "Жаңа ғана И.В. Сталин қол қойған шұғыл жеделхат алдым. Барлық республикалар мен облыстарға, өлкелерге жолдапты: марганецке бай кен орнын жедел таппасақ, хал өте мүшкіл депті; жауға тойтарыс беретін қарулар, әсіресе танкілер шығару мүлдем тоқтауы мүмкін... Ал, не істейміз?" — деді. Ғалымдармен, геологтарға ақылдаспай, қалай жауап бересің? Солармен сөйлесейін дедім. "Ендеше, жедел кіріс!" Алматыда тұратын геолог, металлург мамандарын, ғалымдарды Орталық Комитетке шақырттым. Жөппедемде кім, не айтады? Өмбе басыңды қатерге тігетін қиын шаруа... Михаил Петрович Русаков орнынан көтеріліп: "Бізге бір түн мұрсат беріңіз, архивтерімізді ақтарып, ойланып-толғанып көрейік..." — деген ойға қонымды ұсыныс жасады. Ертеңінде таңертең сағат сегізде қайта бас қостық... Алайда бірде-бір маман нақты ұсыныс естіртпеді, кейбірі ұзақ сонар сөз бастап, марганец болуы ықтимал-ау деген кен орындарына жорамал болжамдар айтты..."

Бұдан әрі естелік несі көңілі алаң болып, білгірлігіне өзі құдайдай сенетін Қаныш Имантайұлына үмітпен қарағанын сипаттапты. Күткеніндей-ақ Қанекең орнынан тұрып, сөйтсе, басқа әріптестерінің алдына гүспеуді жөн көріп, сыпайылық

сақтап үндемей отырған, Жездідегі марганец кенінің барлау жайын, ең ақырында сол істің күрмеуі нақ осы Алматыда, геология басқармасы мен ТКЗ-да тежеуге түсіп, түсініксіз қырсыққа шалынғанын, Орталық Комитет осы мәселеге ықпал етсе — Жезқазған іргесіндегі қаратас қоймасын өрі дегенде екі-үш айда бетін аршып, әрі қанша керек болса сонша жөнелтуге болатынын, өзі бұған басын пігіп, кімді болсын сендіре алатынын мәлімдегенін тәптіштей жазыпты...

"Қаныш Имантайұлы кен орнының қоры шамамен қанша екенін, жерасты әдісімен қанша бөлігін, ашық әдіспен қаншасын өндіруге болатынын, өндірілетін қара тастың өзіндік құны қаншаға түсетініне дейін безбенге тартқандай тақ-тұқ айтып бергенде, кабинетте отырғандар аң-таң қалып, жашпай дүрлігу аңғартты. Біз оны ғажап ерлікке баладық. Қызу қаңды М.П.Русаков орнынан атып тұрып, Қаныш Имантайұлын қапсыра құшып: "Міне, нағыз көрегендік, шынайы білгірлік!.." — деп мээ болғаны есімде. Әрине, бірінші хатшыға естіген жәйтті бастан-аяқ мәлімдеп, сол күні-ақ Мемлекеттік қорғаныс комитеті төрағасының атына жеделхат жолдап, жаңа кен орнын тезірек игеру үшін алғашқы кезде қанша күш-қаражат керек екендігін мәлімдедік. Екі күннен кейін қара металлургия комиссары И.Ф.Тевосьяннан тиісті хабар алдық..."

Сірә, сол жәйт Қазгеология басқармасы мен ТКЗ басшыларынан ойлантқан білем, Жезді жөніндегі бұрынғы қарарын қайта қарап, мәлімденген қорды жарым-жартылай бекітуге шешім алады. Тек тағы да сақтық жасап, одан да гөрі өздерінің де бірдеме білетінін сездірсе керек, қор есебін өзгертіп, "тік қима әдісі" бойынша қайтадан есептеуді ұсынады. Ал, одан бірнеше миллион тонна қор кемуге тиіс. Қаныш Имантайұлы, әрине, "шекпен бүтіндігін" ойлаудан туған қиғаш шешіммен келіспейді. Даулы мәселені жергілікті қор комиссиясы емес, сарапшылардың жоғарғы өкілдігіне жүгінетіндігін мәлімдейді.

Ғажапты қараңыз: марганецке ділгірлік кабинетте отырып шахмат "ойнағысы" келгендердің амалын қажет етпеген. Сол үшін ешбір кепілдік те сұрамаған. ГКО-ның кезекті мәжілісінде Қара металлургия наркомы И.Ф.Тевосьянның Орал өндірістерін ферромарганецпен жабдықтау туралы есебін тыңдайды.

— Магнитогор пештерін тап болған марганец жетімсіздігінен құтқарар бірден-бір шара — Жезді кенін тез арада игеру, — деп мәлімдейді нарком.

— Қоры қанша? — дейді ГКО төрағасы

— Аса көп емес. Бірақ құнары өте жақсы.

- Басқадай амал жоқ па?
- Өзірше болмай тұр, жолдас Сталин.
- Болмаса, не істейміз, марганецсіз құрыш құйылмайды.

Жедел кірісу керек!

Бас қолбасшының БІР АУЫЗ СӨЗІ Жезді кенінің тағдырын шешті. Сәуірдің алғашқы күндеріне-ақ өзеннің тастақты жағасында наркоматтың жобалаушы, кен өндіруші мамандары бас қосты. Қос Жездінің мұзы түсіп, қалың қардың жаппай соғіліп, өткел бермес көксоқтаға айналған аласапыран шағы. Алайда ГКО қарары қаһарлы табиғаттың аса жайсыз мезгілмен де санасқан жоқ: Жезді кенішін ҚЫРЫҚ КҮНДЕ жобалап, әмбе бос жыныстан аршып қана қоймай, Орал өндірістеріне ДІЛГІР ШИКІЗАТТЫ ҮРДІС ЖӨНЕЛТУДІ міндет етті!

Өзен жағасында, барлаушылардың жер үйінде өткен тұңғыш техникалық кеңесте:

— Жезді кенін біз төрт топқа бөліп алуды ұсынамыз, — деген-ді Богданчиков былтырдан бергі жедел барлауда анықтаған браунит қазынасын нұсқап тұрып. — Бірінші, марганеці 35-тен 42 пайызға дейінгі кендер; екіншісі — құрамында 32-ден 35 пайызға шекті құнары бар аралық кен... Екеуі де жер бетіне өте жақын орналасқан, шамалы ғана аршу жасап, қазаншұңқыр әдісімен алуға болады.

— Бұлардың әрқайсының ара салмағы қанша? — деп геологтың сөзін бөлді мамандардың бірі.

— Кем дегенде 300 мың тонна. Оларды тек төрт-бес төбе-ден алу керек. — Таңданыс білдіріп бас шайқаған мамандарда Иосиф Николаевичтің жұмысы болған жоқ. — Үшінші сорт — марганецтің шығымы 28-32 пайыз аралығындағы кендер. Бұлар негізінен төменде және кеннің негізгі қоры. Тегінде, оны рудник салып, шахты әдісімен алған тиімді... Төртінші топтағы 28 пайыздан төменгі "кедей" кендер, аз емес, біздің қазіргі жорамалымыз бойынша, ондаған миллион тонна. Бірақ нақты айту үшін әлі де барлауымыз керек, тек соған қара металлургия наркоматы қаражат беретін болса...

— Оралда біздің қандай құнармен әуре болып жүргенімізді білесіз бе? — деп сөзге араласты әлгі маман, сол қылығымен-ақ Жезді қазынасына қатты қызығып тұрғанын сездіріп алды.

— Жоқ, біздің білетіміз — Жездің қара тасы ғана! — деді барлаушылар бастығы Штифанов.

— Білмесеңіз, бері қараңыз! — Магнитогор металлургия жайрандай күліп, геологтарға жақындай түсті. — Біздің комбинат соғысқа дейін де марганеці 17 пайыздан жоғары қоспа алып

көрген емес, ал қазір Аққарға кенішінің 12 пайыз шала рудасын беріп, шынтауайтын айтқанда, марганец шала-шарпы шыланған топырақпен жемдеп, пештердің отқа төзімді қаптауын құртуға шақ қалып, әбден діңкелеп жүрміз. Ал сіздер мұнда 28 пайыздан төменгінің бәрі "кедей" деп, ғапу етіңіздер, танауларыңызды шүйіріп, иә, сонша қымбат қазынаны төртінші сортқа шығарып, керексіз етіп тұрсыздар. О, жоқ, қадірлі жолдастар, бізге қандай құнды сыйлық жасап тұрғандарыңызды сіздер әлі түсінбейді екенсіздер. Жездінің қоспасын бердік пе, біздің пештер дүние жүзілік рекорд қояды!.. Менің ұсынысым: бұл жердің кенін Магнитогорге тезірек жеткізу және оны сортқа бөлгенді қойып, түп-түгел тақырлап алу!

— Жезді браунитінің күкірт пен фосфордан таза екенін білесіз бе? — деп геологтар да металлуркті тақымдай түсті.

— Оны естідік. Пештерге майдай жағады деп тұрғаным да сол емес пе. Фосфор — отқа төзімді қаптаудың соры, ал күкірт процесті тежейді. Жоқ, жолдастар, мұндай ғажап байлықты дау-шарға салған мамандарды мен түсінбеймін...

... Жер жағдайымен танысып, кен тобелерді көріп, барлаушы мамандар пікірін жан-жақты саралаудан соң наркомат комиссиясы Жезді қазынасын алуды екі кезеңмен жүзеге асыруға жоба әзірледі: ең алдымен жер бетіне жақын жатқан кенді қазаншұңқыр әдісімен алу — бұған ертеңнен бастап кірісу қажет; шикізат одан өрі автомобиль арқылы Жезқазған стансасына жеткізілуге тиіс... Екінші кезекте төменгі қабаттағы кенді шахты салып, бұл да үрдіс қарқынмен істеледі; сонымен бірге қырық бес шақырымдық темір жол тарту да... Кен жөнелту ГКО белгілеген қырық күнде басталады, ал іргелі құрылыстарды алты ай мерзімде аяқтау шарт!

Мамырдың төртінші жаңасында Жезді жағасына құрылысшылардың алғашқы легі келді: олардың дені — Қарағанды, Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарынан Еңбек армиясына шақырылған жергілікті тұрғындар болатын; екі лагерь әскери тұтқындар; олардың біреуі — украин ұлтшылдарының неміс-фашист басқыншыларына сатылғанмыс деген атағы бар "бендеровшылдар" еді; ұсақ-түйек қылмысы үшін міндетті жұмысқа кесілгендер де аз емес-ті — олар күзетсіз жүріп-тұрып, шаруашылық және тасымал жұмыстарын атқарған; Кривой Рог пен Липец кеніштерінде темір, марганец кендерін қазған кенігі кеншілер, техниктер және бір топ инженерлер де жедеғабыл жеткізіліп, дереу іске кіріскен...

Кен басқармасының директорлығына бұрын Никопольде істеген инженер Н.Ф.Михайлов тағайындалды.

Сөйтіп, жатаған жоталар қоршауында сан ғасыр мүлтіген шағын аңғар бір-ақ күнде ара ұясындай құжынаған қарбасқа тап болды: күн-гүн тарсылдаған бұрғылау станоктарының дүрсілінде дамыл жоқ; қазу бірнеше төбеде қат-қабат жүруде — бос жыныс тасыған машиналардың гүжілі құлақ тұндырғандай; кей мезгіл соның бәрі жым-жырт тына қалады да, табан астың зор жарылыс дүмпіуінен солқ етіп, ілешала у-шу, ығы-жығы жанталас қайта басталады... Апандарды жыныстан аршу түнде де тоқтамайды — ай жарығымен, көбіне автомобильдер фарымен жүреді. Электр нұр әлі жете қойған жоқ — бірақ станса үйінің іргесі қаланып жағыр. Тау-кен жұмыстарымен қатар Үлкен Жезді жағасында, Нарсайда тұрғын жай құрылыстары басталған. Жезқазғандағыдай іргелі үйлер емес, уақытша баспана — бәрі де жер барақтар, көпшілігі тікенек сыммен қоршалған...

Мамырдың орта шенінде ГКО-ның фондымен берілген екі жүз жүк машинасы келді, соңынан тағы бір жүз. Оларды күні-түні жүргізу үшін кемдегенде алты жүз жүргізуші керек. Және ертең, емес — тап бүгін! Ұлытау елі Жезді үшін қажет десе мұнан да көп адам шығара алады. Бірақ үш жүз автомобильдің рулін ұстауға?.. Бүкіл ауданнан қолға қалам алып тізімдегенде жиырма шақты ғана кәсіби жүргізуші табылды. Отыз қаралы жүргізушіні Қарағанды мен Балқаш жіберді.

Не істеу керек? Кен тасын стансаға қалайша жеткізеді? Қарсақбай аудандық партия комитеті шартарапқа: "Барлықтарың да марганец қазуға!", "Отан бізге Жезді қазынасын тездетіп алады міндет қылды!", "Майданда жүрген ерлеріңді, әкелеріңді, ұлдарыңды оқ өтпейтін құрыш сауыт қорғасын десеңдер — автомобиль жүргізуді үйреніңдер!", "Жезді кенінсіз танк жасалмайды!" деген ұран көтереді. Мектеп мұғалімдері, жоғарғы басқышта оқитын ересек жасөспірімдер (қыздарда) оқуын, колхозшылар мен үй шаруасындағы әйелдер негізгі жұмыстарын тастап, Жезді жағасына келеді. Қысқасы, жүк автомобилінің рулін ұстауға қарымы жеткені, тормозды басуға аяғы ілінген үлкен-кішінің бәрі де екі-үш күнде жүргізуге машықтанады, техника кілтпаның үйренуге мұрша жоқ!... Он-он бес автомобильден бір колонна ұйымдасады, оның бастығы — тәжірибелі жүргізуші, көш басында өзі жүреді; соңында — көмекшісі. Күнделікті жөндеу, машинаның күтімі, жағар май, су құю — екеуінің мойында. Әрине, жетіскеннен ойлап тапқан амал емес, төтенше қиыншылықтан қиялап шығудың жолы.

Маусымның бастапқы күндерінде кенші дирекциясы тағы да көмек сұрап, жар салуға мәжбүр болды: ГКО белгілеген

мерзімге санаулы күндер қалды, ал қазаншұңқырлар кен беруге дайын емес. Темір жол салушылар, барак қалауда жүргендер, балташылар, ұсталар өз жұмысын, бүкіл аудан кеңсе қызметін уақытша тоқтатып, Жезді жағасына келеді: дүйім жұрт таң қараңғылығынан күн батқанға дейін, сүлдері құрып құлағанша тас тиеуге, апанды бос жыныстан аршуға тұрады; ұйқыға — торт сағат, ас ішуге — жарым сағат; өзге уақыттың бәрі жұмыс алаңында өтуге тиіс...

1942 жылдың маусым айының 12-жаңасында, құрылыс басталғаннан бергі **ОТЫЗ СЕГІЗІНШІ КҮНДЕ** Жезді ферромарганецінің ең алғашқы ондаған, бірер аптадан соң жүздеген тоннасы Оралға жөнелтіледі.

Қазылған кен Жезқазғанның Рудник мекеніндегі жүк стансасына автомобильмен жеткізілген. Бұл жерде дереу вагонға тиеліп, одан әрі өскери жүк белгісі қойылып, курьерлік жылдамдықпен Магнитогор және Кушва қалаларындағы қара металлургия алыптарына аттанады.

Бір айдан соң жедел қарқынмен салынып жатқан Жезқазған-Жезді темір жолының әрбір бес шақырымы рельс төселген сағаттан бастап пайдалануға берілетін тәртіп енгізілді: бұл болса кен тасыған автомобильдердің жолын қысқартып, уақыт қана емес, тонналап жағармай үнемдеуге жағдай туғызды.

Ұлы қазан төңкерісінің жиырма бес жылдық мерекесі қарсаңында Жезді тұрғындары тау аңғарын басына көтере жар салған паровоз даусын естіді...

110-санды Жезқазған-Жезді темір жолы құрылысының сол күндегі бастығы Петр Корнеевич **ЖУКОВСКИЙ** ДІҢ куәлігіне қарағанда, *"Жезді стансасынан Рудникке тәулік сайын ө дегенде жарты вагон, бірер аптадан соң үш вагон, соңынан 15 вагон браунит жөнелтіліп отырған. Әр күн сайын Жезді кенішінің бастығы Николай Федорович Михайлов түнгі сағат жиырмада жедел жиын өткізіп, оған міндетті түрде темір жол құрылысының бастығымен қоса байланыс бөлімшесінің жетекшісі Костяков және кеніштің бас инженері Айзик Абрамович Портнов шақырылады... Түнгі сағат 21-де Михайловты Москва сұрап, жиында отырғандар жым-жырт боп іштен тына қалғанда, еститіндері — ГКО төрағасы И.Сталиннің "Жолдас Михайлов, неше тонна жөнелттің?" деген көмескі үні. Кеніш директоры тоннажды атайды. Қанағаттанған болса Қорғаныс комитетінің басшысы: "Менің алғысымды қарауыңыздағы адамдарға жеткізіңіз!" — дейді, ал әлдеқалай браунит мөлшері кем аталса: "Кім кінәлі, шара қолданыңыз..." деп сөзді кілт үзеді. Одан арғы жағдай түсінікті: кабинетте отырған қауіпсіздік комитетінің өкілі оқшылыққа кінәліні іздей бастайды..."*

Металлургтер өкілінің Жезді жағасында естірткен жорамалы расқа шықты: *"Сайып келгенде бұл ҰАКЕН ҰРЫСТА ЖЕЗІП ШЫҚҚАННА ТЕН зор табыс (даралап жазған біз — С.М.) болды. Сапалы прокат өндіру жедел артты. Магнитогор комбинатын Жезді ферромарганецімен дер кезінде жабдықтау броньдық прокат беруді ҮШ ЕСЕ өсірді..."* деп куәлік етеді "Ұлы Отан соғысының тарихы" бұл оқиға хақында. Мына бір статистикалық деректерге көңіл аударыңыз: Шығыс аудандардың марганец шикізатын өндірудегі үлесі 13,7-ден соғыс жылдарында 84,6 пайызға өскен. Мұның 70,9 пайызын ТЕК ҚАНД ЖЕЗДІ КЕНІШІ берген! Демек, Ұлытау қойнынан алынған Браунит кенінің көлемі немістің Круш зауыттарына Венгрия, Чехословакия, Румыния жеріндегі барлық марганец кеніштері сол жылдарда Германияға жөнелткен өніммен тең түскен; нәтижесінде Кеңес Одағы 1942 жылы танк шығаруды екі жарым есе өсірген, демек, әрбір ОН ТАНКТИҢ ЖЕТЕУІНІҢ құрыш сауыты Жезді браунитінің қатысуымен құйылған!..

Өнімділігі еселеп артқан пештер ферромарганецті, әрине, былтырғыдан әлдеқайда көп сұраған. Бұл болса Жездіге, бастапқыда тағайындалған 1943 жылдың жоспарын төрт есе өсірген. Былайша айтқанда, төрт жүз мың тонна кенді асығыс қазылған кәдімгі қазанауыз апандардан жиырма-отыз метр жоғарыға шығару керек. Қандай техникамен? Сонсоң оны вагондарға жеткізу қажет. Бұл да негізінен қол күшімен атқаралатын өнімсіз де азапты жұмыс!.. Кен алу он шақты төбеде қат-қабат жүреді. Оны тиеуге құрылған бункер-эстакада біреу-ақ, ең алғашқы ашылған Батыс кеніштің іргесіндегі шағын транспортер лентасы оған жетпейді. Оның үстіне ашық далада, аяз өтінде жұмыс істеуге жарамсыз ленталар сағат сайын үзіледі, оларды жамап-жасқауда сор бейнет. Мұның бәрі-бір сәрі-ау, уақыт ұзап, кен қазу ұлғайған сайын үсті ашылған төбелердің қуаты сұйылып барады. Демек, төмендегі мол кенге тездетіп жету керек. Ондағы құнар геологтар көрсеткендей жоғары болса жақсы. Ал сұйылып шықса?.. Байыту фабрикасын салуға тура келеді. Бұл да зор машақат!..

Кеншілер едел-жедел тұрғызылған жер үй, шым барактарда тұрады. Баспана аталғанымен, кісі тұрғандай жайлы мекен емес — тар, сыз, әрі қорадай суық. Сол себептен де кісі өлімі көп, әсіресе тұтқындар арасында... Ыстық ас орталық асханадан беріледі. Оның жұғым-қуаты, мөлшері де шамалы — ащ құрсақ жүрмеудің амалы... Соған қарамастан Жезді кеншілері тәулігіне он екі сағат жұмыс істейді. Ал инженер-техниктерге,

кеніш басшыларына кесулі мерзім жоқ. Уақыт мөлшерін олар кен тиеу алаңынан жөнелтілген вагондар есебімен жүргізеді: тәуліктік тапсырманы орындадың екен — жұмыс басындағы жерүйдің бірер сағат демалуға еріктісің, ал вагондар сап түзен қарап тұрды ма — үйқы, демалыс, тамақ туралы ойлауға да хақың жоқ! Жиырма төрт сағат, кейде қырық сегіз сағат тынымсыз жүріп жұмыс істейсің. Иә, Жезді қойшынан алынып жатқан қара тастың Орал пештерінің жалын атқан тар көмейіне жеткенге дейінгі ұзақ жолы осындай адам төзгісіз ауыр бейнет, шексіз тауқыметпен басталатын. Тегінде, бұған қаратастың болат прокатқа дарығатын беріктік қасиетіндей құрып жігер, тозімі темірдей жанкешті адамдар ғана шыдамақ...

Қырық екінші жылы осылай болды. Жезді хикаясына қатысқан әрбір инженер-техник, әрбір кенші оның тауқыметін иығымен көтеріп, қаншама қиын болса да шыдап бақты. Отан үшін не кеншейсің?!.. Қырық үшінші жылы да солай болмақ, тіпті көрешек бейнетің төрт есе ұлғаятын төрізді. Бұған кім шыдайды, қалай төзеді! Жоспар сөзсіз орындалу үшін беріледі. Ал алда-жалда орындай алмаса?..

Қысқасы, жаңа жылдың ұлғайған жоспары мөлім болған соң-ақ кенші басшылары өзгеше өңгіме бастайды. "Бұл кенші ту баста алты жүз мың тонна сапалы ферромарганец береді деп жобалаған-ды. Оның шерігін былтыр алдық, қалғанын осы жылдың алғашқы жартысында жөнелтеміз. Демек, одан арғы — бос бейнет болмақ, тырбанғанда аларымыз — көп еңбек тілейтін, өнімсіз де шашыранды кендер..." Бұдан шығатын тұжырым: қырық үшінші жылдың жоспары нақтылы кенге емес, барлаушылардың өсіре қиялынан туған болжаулы қорға негізделген, сол себепті оны екі есе кеміту керек!.. Жезді материалдарын ТКЗ және ЦКЗ-ның бір емес, екі мәрте қарап, Алматы ғана емес, Свердловта да толық бекітпеуі — кен басқармасының басты тірек, қарсы айтар айғағына айналады. Иә, аса сақ сарапшылар екінші жолы да деректері жеткіліксіз деген желеумен Жезді қорын қабылдамай қойған-ды. Бұл аздай, И.Н. Богданчиков алғашқы жылғы шағын барлауда қателесіп, асығыс қорытынды жасағанын мойындап отыр: оның пікірінше, кен қабатының негізгі қоры — өзен арнасының астында, яғни шығыс қанатта екен. Ал бір жыл бұрын ол қарсы бағытты, батыс қолатты нұсқаған. Қазатын техника мен тиеу жабдықтары, қатынас жолдары — сол жерде, тіпті үлкен бункер-эстакада да Батыс кеніште орнаған. Соларды енді шығыс қанатқа жедел ауыстыру қажет. Оп-оңай орындалмайтын, қыруар күш, уақыт та тілейтін азапты жұмыс. Кенші дирекци-

ясы мұны да желеу еткен: "Бұл не төлкек? Бір жылдан соң тағы бір білгіштің кен жүлгесі төріскейде екен, қателестім демесіне кім кеші? Барлауы шала кен неге қабылданған?.."

Ақпанның басында Жезді кенішінің бас геологы С.А.Горланов басқарма мүшелерінің тапсырмасымен Мәскеуге аттанады. Оның портфелінде кен құнарының кенет сұйылғандығын дәлелдейтін деректер бар: әлденеше апаннан марганецке "кедей" браунит кесектері төріп алынған; өрине, бұл — жоспар кеміту амалына сөзсіз пландыратын "жаңды" айғақтар...

Жезді қазынасы сөйтіп тағы да дау-шарға душар болады. Мәлімденген кен бар ма, жоқ па? Бар болса, қанша? Жыл өтпей жатып кеншілер кен қорының таусылғандығы жайында пелікпен аңқап көтеріп отыр?

Кімге болсын қолайлы әңгіме емес. Әсіресе ділгір шикізатқа енді ғана қолы жетіп, өнімді еңбекке құлшына кіріскен Магнитогор металлургиялары үшін. Олар, әрине, сенімді шикізат базасын талап еткен. Ал Жезқазған барлаушылары үшін бұл — сот алдында бас қорғау ғана емес, абырой мен ар мәселесі!..

Әңгіме насырға шауып, ақыр аяғында Сәтбаевты табады. Кім-кім, мыс барлап жапымен жүрген әріптестерін осы іске жеккен, беделін салып, жоғары орындарды сендірген де — сол. Еңдене, жауап бер!.. Наурыздың орта шенінде ол кен орнын зерттеуші Богданчиковты Алматыға шақыртады: құдай жөні Жездіге өзі барып, кен жүлгелерін көзімен көріп, дүдәмал қабаттарды қайыра тексертіп, шындап шүкшінганы жақсы-ақ еді, амал не, қыруар шаруалар сойтуге мүмкіндік бермеген...

Жұмыс кабинетінің төріндегі бөлмеге емін-еркін жайғасқан Жезді геологы Алматыда өз бақылауымен сарыла отырып, екі айға жуық уақыт күні-түні жұмыс істеді. Сонау қатерлі 41-жылдың жазынан жүрген тынымсыз барлаудың нәтижесін қортындылап, барды екішеп. бұрғы ұшы жетпеген тереңді де болжамдап, есең-қисап жүргізді. Олжасы қарамды: бытырғы шамалы деректермен долбарлаған кен қорын төрт есе өсірді. Екі жылдық шағын барлау үшін бұл тамаша нәтиже!..

Есептеу біткен күні екі геолог барлау материалдарын алдарына жайып қойып, өзара ой түйген-ді.

— Мениңше, Иосиф Николаевич мұндай іргелі кен орны үшін кімнен болса тайсалмай айтысуға болады. Рақмет, достым! Көп жұмыс тыңдырдың, барлауды да сауатты жүргізгенсің. Кен бағытының өзгеруі заңды құбылыс... Жезді табанында қисапсыз мол қазына жатыр. Геологиялық түсіндірмеге тура солай деп жаз! — деген-ді жиынтық нәтижеге сүйсінген Қаныш Имантайұлы. — Иә, иә, шынайы сы-

рын кен орны енді-енді аша бастаған. Қордың бе, тереңге барлауды терістік-шығыс қанатқа, озеннің табан астына көлбей бойлатын, батыл түрде өрістетуге керек. Тек қана тереңге, көрерсің бұл қолатқан біз өлі оңдаған миллион тонна қаратас табамыз!.. Бұл кенді сен өлі де талай жыл зерттейсің!..

Бүкілодақтық (Орталық аты қайыра өзгерген) қор комиссиясының Жезді қазынасын қарауға арналған төтенше мәжілісі Алматыда, 1943 жылдың 15 маусым күні өткен. Оны өткізуге комиссияның сол кездегі төрағасы, геология-минерология ғылымдарының докторы, профессор П.М. Татарниковтың өзі келген-ді. Бұл жолғы талқыға Алматының маңдай алды ғалым-геологтарымен бірге жер-жерден арнайы шақырылған марганец кендерінің ірі мамандары — геолог-ғалым білімпаздар, барлығы 34 адам қатысқан.

Талқылауға екі түрлі есеп түседі. Оның бірін Қазақ геология басқармасы жасаған. Бұл туралы инженер Е.А. Немов баяндайды. Әмбе ол Жезді кен басқармасының мүддесін қорғаушы. Екінші есеп Қазақ түсті метал барлау трестіне қарайтын Жезқазған барлау конторасы әзірлеген. Баяндаушы — геолог И.Н. Богданчиков.

ВКЗ талқысына екі түрлі әдіспен жасалған қор есебі ұсынылған. Бір жағбабы, екеуі де Богданчиков тобы жүргізген деректерге негізделген. Яғни ойдан қосып, иә жоқтан бар жасады деуге болмайтын жағдаят. Әрине, есептеу нәтижелері — екі түрлі және бір-бірінен жер мен көктей алшақ. Бірі бойынша, Жездіде брауниттің талай жыл қазуға жететін мол қоры бар. Екіншісі бойынша, сол қор күзге таман тақа бітеді...

Екі күнге созылған талқыдан соң, ВКЗ мәжілісі Жезқазған геологтары ұсынған есеңті бекітті. Рас, кейбір айғақтар дүдәмал саналып, есептелген қордың бірер миллион тоннасы екінші, үшінші категориялы кенге ауысты. Соның өзінде кенішлердің қазуына ұсынылған өндірістік қор — үш миллион тоннадан астам. Ең бастысы, Богданчиков тобы алдағы жылдарда бұл жерде жүйелі түрде барлау жүргізуге рұқсат алды. Сарапшылар актісінде бұл жайында: "...барлау қарқыны молайған сайын кен көлемі ұлғая береді" деп нақты көрсетілген.

Осымен Жезді дауы біткен сияқты еді. Бірақ олай болмады. Әр айдың өндірістік тапсырмасын әуірімден әрең-әрең орындап келе жатқан кеніш дирекциясы "құнары сұйылған Жезді" жанындағы қорғаныш лақаптан бас тартқан жоқ. Түпкі мақсаты — келесі тоқсанның, ең құрғанда келер жылдың жоспарын қайткен күнде кемірек алу...

1943 жылы, күзге салым Қ.И. Сәтбаевты қара металлургия наркомы Мәскеуге шақырды.

— Жезді кеніші келесі жылы да биылғы мөлшерде ферро-марганец бере ала ма? Ештеңеден қауіптенбей маған мәселенің анығын айтыңыз, — дейді Тевосян бірден тура сөзге көшіп. — Бұл кен орнын сіздің адамдардың асығыс барлағанын білемін. Қателесті деп кінә қоюға болмайды...

— Иван, Федорович, сізге тиянақты жауап беру үшін бұдан бір жыл бұрын ойлануға мұрсат сұрар едім. Ал қазір, ойланбай-ақ, өзіңізден сұрағым келеді. Келесі жылы сізге Жездіден қанша шикізат керек? Екі, әлде үш миллион тонна?.. Бәлкім, бес миллион? Қысқасы, қанша керек болса, сонша аласыз!

— Қаныш Имантаевич, мұныңыз ғажап мәлімдеме, шексіз рақмет! Демек, Орал ғана емес, Кузнецк комбинатына да Жездіден кен беруге болады десеңізші... Иә, иә, олар да қазір сапалы марганецке аса ділгір.

— Иван Федорович, сеніңіз! Тіпті бәс тігуге әзірмін: Жездінің қоры сіз бен менің ғұмырыма толық жетеді! Одан арғысын барлау көрсетеді...

— Бәрекелді, сөз-ақ! Сөйтсе де ондағы жұрттың кен қоры туралы әрқилы өсек таратып, дүрлігіп жүргені неліктен?

— Ең алдымен өз әріптестерім жайлы бірер сөз, — деді Сәтбаев төмен қарап. — Кейбір жолдастардың Жезді құпиясының байыбына баруға ой-өрісі қысқа, тым келте ойлайды, сөйте тұра білгішсініп бағады... Ежелгі қулық — кәсіби шорқақтығын, ақыл-ой жұтаңдығын неше алуан теориялармен бүркемелеп, көп алдында байбалам салып, мемлекет мүддесін ойлаушы, іскер маман болып көріну...

— Олар да адам баласы, аяңыз, — деп мырс етті нарком.

— Иә, иә дұрыс айтасыз, жолдас нарком, олар да пенде. Және атақ-беделі бар, лауазымы иелері. Сонсоң да, ондай мамандармен айтысу біз сықылды шалғайда жүрген геологтарға өте-мөте қымбатқа түседі. Жүйкемізді құртып, қапшама уақыт, күш-қуат сарп етеміз!.. Ал, Жезді кеншілерінің арызданатын себебі жайында... Оларға ренжіп, тіпті өкпе айтудың өзі қиын. Қуаңдалаға кездейсоқ тап болып, адам төзгісіз қиын жағдайда жұмыс істейді. Жұмыскер қолы жетіспейді, техника жоқтың қасы, тұрмыс жайын, демалыс туралы ойлауға мұрша жоқ... Өндіріс болса — өл-тіріл, шикізат бер деп дікілдейді. Сонсоң не істейсің? Суға батқан тал қармайды дегендей, әртүрлі өсек-аяңға елігіп, сәтсіздігіне желеу іздеу керек... Оның үстіне алғашқы жылмен салыстырғанда, Жездінің кені қазір қиынға түсетін болды. Үстідегі қаймақ кен — бай қабаттар таусылды, кенді құрдым тереңнен, тер төгіп алуға тура келеді...

— Сонымен не істе дейсіз?

— Оларға қол ұшын беріп, барынша көмектесу қажет, Иван Федорович. Бірінші кезекте техникамен жабдықтап, ас-суын да оңдау керек! Меніңше, Жездіге беделді мамандар қосып, арнайы бригада жіберіп, кеніш басшыларын ғана емес, бүкіл кеншілер ұжымына өздері атқарып отырған істің мән-жайын түсіндіріп, тапсырманың нақтылы екеніне кәміл сендіру керек. Әрине, ресми бұйрық жазып, қатаң жазалап та жоспар орындатуға болады. Бірақ соны, жолдас нарком, ақылмен түсіндіріп, кеншілердің өз еркіне жүгініп жасаған да жөн-ау...

— Мұныңыз ойланатын іс, Қаныш Имантаевич, тегінде, солай істерміз.

III

Кен басқармасының орынбасары С.П.Бирман бастаған наркомат бригадасы Жездіге қараша айының аяқ шенінде келгенді. Қазақстаннан оған Сәтбаев пен Штифанов қатысады.

Ұлытау алқабының қыраулы қыс құшағына енген кезі. Мүлгіген ақ дала, таптауырын жолдан бір қадам сыртқары шықсаң, қар омбылайсың. Жаз күндерінде шұбырған машиналар легінен, жер қазған халық нөпірінен базар алаңына ұқсаған кен төбелері де алып ұйқыға енгендей салғырт күйге ауысқан. Шындығында, бұл адамшы көрініс-ті, қызу еңбек жер астында, құрдым тереңге ойысқан.

Наркомат комиссиясы Жездіде бірнеше тәулік болады. Кеніш дирекциясының, геологиялық бөлімнің барлық талап-тілектерін зейінмен тыңдап, солар нұсқаған участоктарда қосымша тексерулер жасайды. Богданчиков тобының соңғы барлау нәтижелері де талқыға түсті. Ақыры, кеншілер мен геологтар қорытынды мәжіліске шақырылған-ды...

Жезді архивінде сол күнгі техникалық мәжілістің көлемді хаттамасы сақталған. Міне, соның тұжырымдамасы: *"...бұдан былай Жездіде кеннің бар-жоғы жайында ешқандай күмән болмасын, ол сәтті барлаумен біржолата шешілген мәселе; ал, марганец қоры осы қарқынмең жұмыс істегенде ондаған жылға сөз айтпайды; кеннің негізгі көлемі — тереңде және барлаушы геологтар кейіннен нұсқаған терістік-шығыс қанатта; таяу күндердің басты мақсаты — браунитті көптеп алуға дайындық жасау; себебі, 1944 жылы жоспар тағы да өседі; Кузнецк комбинаты да марганец шикізатын осы жерден алады; соған орай Жезді кенішіне қосымша берілетін техника жабдықтары және жұмысшы қарамы бірнеше есе артады; ең со-*

ңызда, — деп атап көрсетілген, бүгінде архив құжаты боп қалған, жол арасы өте жиі басылған, көлемі 22 бет хаттамада. — *Кен өндіруді большевикше ұтымды ұйымдастырып, кеншілер ұжымын қарқынды еңбекке жұмылдыру орнына — ұсақтүйек желеу іздеп, еңбес дау ұйымдастырған кенші басшылары Михайлов, Горланов, Курсанцев, Писанко... жолдастардың әрекеті... ақтауға болмайтын қылық! Есімдері аталған тәртеуі де өз кінәларын толық мойындады. Олардан енді нақты еңбек күтеміз. Ал өз сөздерінде тұрмаған жағдайда... майдан талабына сай қатаң шара қолданылатындығы ескертіледі".*

Сол күнгі мәжіліске Жезді кенішінің учаскок бастығы, жас инженер Әбдірахман Тоқтыбаев та қатысқан. Мәжіліс аяқталғанда, Қаныш Имантайұлы кенші инженерді қасына шақырып:

— Әбе, — дейді Сәтбаев өзінен үлкенді ғана емес, кішілерді де сынайы атайтын әдетімен Тоқтыбаевқа қадала қарап. — Жездінің келешек тағдырынан хабардар бола жүрсің деп сізді мәжіліске шақыртқан мен едім. Әлденеше сағат бойы қырық пышақ болған дауымызға қатыспай, артқы қатарда тын-тыныш отырғаныңыз қалай? Туған жердің тағдыры толғанпаған, ол туралы ойланбаған жігітті қайтіп азамат дейміз? Мұныңыз не?

Қақ-соқпен жұмысы жоқ Әбдірахман төмен қарайды.

— Жә, бұл өңгімеден ештеңе ұқтыңыз ба? — деп В.И.Штифанов та кеншіні тақымдайды.

— Мәскеулік мамандар болмаса, әсіресе Бирман мен профессор Каниболоцкий жолдастар қатыспаса, білмеймін, Жездінің жаназасын шығара жаздадық білем...

— Иә, кенші басшылары дала сырын білмейді, оларға кінә жоқ, ал осында туып-өскен сендердікі не? — деді Қаныш Имантайұлы сәлден соң. — Жә, осының бәрін сізге не үшін айтып отырмын. Әңгіменің түп төркінін сездіңіз бе, Әбе?..

— Сезгенде қандай! Тәжірибе жетпей, ойланған жеріңізден шыға алмай қалсам ше?..

Қазақ кен-металлургия институтын Әбдірахман Тоқтыбаев соғыс басталған жылы тәмамдаған. Оған дейін Қарсақбайдың ФЗУ-ын бітіріп, бірер жыл шахтыда істеп, ақыры Қанекеңнің ақылымен институтқа жолдама алып, Алматыға аттанған. Институтты бітірген соң екі жылдай Қырғызстанда, сирек металл шикізатын өндіретін шағын кеніште инженер болып істеді. Биыл күзде ол Қаныш Имантайұлынан хат алған: туған жерінде марганец кені ашылғанын, тілесе сол жерде де еңбек етуге болатынын есіне салыпты...

Ұстазым деп жүрген қадірменді кісі жақын келешекті меңзеп, келелі сөз бастап отыр. Салған жерден не дейді?..

— Басшы болуға тәжірибең кемдеу екені рас. Бірақ өмірден көрген-білгеніңді ескерсең, Әбе, жас та емессің. Тегінде, сендей сақа жігіттерге кішірейе берген де жараспайды. Солай ма, жолдастар? — деп Сәтбаев қасында үнсіз тұрған Жезқазғандық геологтарға тұнжырай қарады. — Қысқасы, Әбе, бұл кеніштің тағдырын қолыңа біржола алуға әзірлен. Жезді — сенің туған жерің. Туған жердің қаратасын мақтан ете білмеген азамат, бөгде жердің алтын тасын да малта демек. Ал мынау — браунит кені, көріп отырсың, алтыннан да қымбат қазына болып тұр бүгінде. Демек, оның тағдырына сендей атпал азаматтар ие болу керек!..

...1967 жылдың 12 маусым күні Жезді кеніші өнім бере бастағанына ширек ғасыр толған мерекесін атап өтті. Салтанатты жиынның алғашқы сөзін кен басқармасының байырғы директоры Әбдірахман Тоқтыбаев бастаған:

— Өзінің жиырма бес жасқа шыққан екінші мүшеліне Жезді кеніші ондаған миллион тонна сапалы ферромарганец өндірумен келіп отыр. Қайталап айтамын, жолдастар, ондаған миллион тонна! Біздің ұжым үшін бұл — соңғы шек емес, алдағы жылдарда шұғылданар өндірістік кең көлемді жұмыстарымыздың бастамасы ғана... Бүгінгі мерейлі кеште мен Жезді тағдырына тікелей қатысты екі адамның есімін ерекше атағым келеді: олар — Қаныш Имантайұлы Сәтбаев пен Иван Федорович Тевосян!.. Отан тағдыры ұрыс майданындағы аумалы-төкпелі шайқастарда шешіліп жатқан қатерлі күндерде бұл екі адам қазақ даласының ту қиырындағы елеусіз қазынаны көп маманнан бұрынырақ және көрегендікпен болжап білді. Білді де, қауішке бастарын тігіп, стратегиялық қымбат кеннің тұсауын кесті. Міне, соның дәлелі: іргелі Жезді ауданының орталығымыз, сән-салтанаты өзіне жарасқан қаламыз бар, темір жолы, асфальт жолы, байыту фабрикасы, кен қоймасы, жер астында шахтысы сай аумақты өндіріске иеміз... Бір кезде маған Қаныш Имантайұлы: "Әбе, бұл кеніште ата сақалың аузыңа түсіп, шал болғанша еңбек етесің!.." деген еді. Шынында да солай болды: сақал-мұрты ағарған кексе атандық; ал кеніште Жезді тұрғындарының екінші ұрпағы жұмыс істей бастады...

Содан беріде оқтай зымыран тағы да ондаған жылдар өтті. Өздерін білір санаған сарапшылар мен шеттен келген кенші

мамандар бірер жылда тақа бітеді... дескен Жездінің қаратасын жергілікті жұрттың төртінші, бесінші ұрпағы қазып, өмірлік кәсіп жасап отыр. Соған да, міне, алпыс жылдан асты. Қаныш Имантайұлы тұсауын кескен кен көмбесі ХХІ ғасырдың өндірісі санатында өмір сүріп отыр...

АЛДЫҒЫЛАРДЫҢ ІЗІМЕН

I

Қазақстан атырабындағы ең алғашқы ғылыми мекемелер Ресейдің императорлық география қоғамының бөлімшелері түрінде ХІХ ғасырдың 90-жылдарында, Омбы, Орынбор, Семей, Тәшкент (ҚР-ның қазіргі оңтүстік облыстары түгел қараған Түркістан өлкесінің орталығы), соңынан Верный (қазіргі Алматы) қалаларында шаңырақ көтерген. Қызметкерлері шағын болғандығына қарамастан, білімді де білуге аса құштар зиялы жандардың жанкешті еңбегі нәтижесінде қазақ даласының табиғаты мен тарихын, этнографиясын, фольклорын зерттеуде жүйелі ізденістер жүргізілген, кейбірі жылдық есептері жинақталған кітаптар да шығарыпты.

Ұлан-ғайыр қазақ жерін зерттеу бұларға дейін де әр жылдарда орталықтан аттанған ғылыми экспедициялар арқылы жүргізілген. Ту баста олар Ресей империясының шеткергі қалалары Орынбор мен Омбыдан жасақталып отырған. Алайда сол ғасырдың екінші жартысында жағдай өзгерді. Кешегі шеткергі қалалар орталыққа айналуына орай ғылыми экспедициялардың мақсат-мүддесі де ішінара өзгерген. Солардың бірі, ең қомақтысы, әрі сегіз жыл ұдайы қазақ даласының теріскей, орталық және шығыс атырабында тұрақты жұмыс істегені — санақшы ғалым Ф.А.Щербина басқарған топ. Бұл экспедиция өздері зерттеуге алған аймақтың жер-суын, малы мен жанын, сонда тұратын халықтың рулық-этникалық құрамын, егістікке, жайылымға жарамды оңірлерін, қашан қоныстанғанын, ауыл-аймағын, қора-қопсы, қыстауы мен құдығын, тіпті қысқа дайындайтын шөбіне дейін көпелеп санап, ұлан-асыр дерек жинаған. Ал, түп мақсаты — ғылыми бағдарында мәлімдегендей, *"...на возможность изъятия земельных излишков под переселенческие поселки"* болыпты...

Қазақ даласын геологиялық зерттеу тек қана ХХ ғасырда өрістеп, әсіресе 20-жылдан беріде жер-жерде жүрген. Нақ осы қарсаңда Қазақстан өлкесін жан-жақты зерттеуге әуесқойлар қоғамы құрылып, оның физикалық, дәрігерлік және

ағартушы-мәдени бөлімдері Орал, Орда, Қызылжар және Көкшетау қалаларында ашылып, соларға тартылған 112 зиялы өздері тұратын өңірдің табиғатын, жағрафиясын, этнографиялық ерекшелігі мен тарихын жүйелеуге кіріседі. Семейдегі географиялық қоғамның бұрынғы бөлімшесі да 1924 жылдан жұмысты қайта бастап, оған ағайынды Н.Н. және А.Н.Белослюдовтар, Н.Я.Коншин және дін қызметкері Б.Герасимов мұрындық болып, қазақ зиялыларынан М.О.Әуезов, М.Малдыбаев, Ә.З.Сәтбаев, Ж.Шанин атсалысқан. Орынборда ірге тепкен Қазақ АКСР Халкомы қарауындағы Академиялық орталық та тындырымды істер атқарған: бұл істің басықасында ұлтымыздың сол қарсаңдағы бетке ұстар ағартушысы Ахмет Байтұрсынов болған; ол болса арабша жазудың қадимше түрін жеңілейтіп, "Төте оқу" жүйесін енгізеді; әлбетте, соған сәйкес "төте жазу" ережелерін шығарып, оқулық та жазады. Жұртшылық оны "Байтұрсын емлесі" атаған. Міржақып Дулатов қазақша "Оқу құралы" мен "Есеп құралы" кітаптарын жазады. Ал, М.Жолдыбаев Академиялық орталықтың төраға міндетін атқарады. Алғашқы оқулықтардың авторлары санатында Жүсіпбек Аймауытов, Мағжан Жұмабаев, Смағұл Сәдуақасов, Әлімхан Ермеков... сияқты білімпаз арыстарымыз болғанын ескерту парыз.

Қазақ өлкесін жер-жерде қаз тұрған өндіріс ошақтары, халық саны қауырт өскен қалалары мен соларда ашылған оқу орындары, ұлан-ғайыр даласы, сан алуан жан-жануарлар дүниесі, үлкенді-кішілі таулары, өзен-көлдері, қорықтық жерлерін, ең аяғында жер-жерден ашылып жатқан қазба байлықтарын жүйелі һәм түбегейлі зерттейтін ғылыми орталықты талап еткен. Бұл жәйт КСРО ҒА-ның 1932 жылдың ақпан айында шақырылған кезекті сессиясында айырықша сөз болып: *"Қайта түлеген қазақ өлкесіне академиялық ұйымдастырушы орган сөзсіз керек, ол болса — бұл өңірдің келешекте оң өрістеуіне жол нұсқайтын ғылыми бағдарламалар жасаумен шұғылдануға тиіс..."* — деген қарар қабылданған.

Соған орай наурыздың 8-жұлдызында Одақтық академияның Қазақстандағы базасы құрылады. Алғашқы екі-үш жылда оңда небәрі екі бөлім — зоология және ботаника секторлары болған. Ботаниктер зерттеуді осы күнгі Алматы бағына көшет отырғызудан, ал зоологтар қазақ даласының жан-жануарлар дүниесін есепке алып, кітапқа тіркеуден бастайды. Үш жылдан соң тағы да екі бөлім — тарих пен геология секторлары қосылады. 1936 жылы қазақ тілі және Жамбыл Жабаев атындағы әдебиет пен халық шығармашылығы бөлімдері ашылып, ғылыми ізденіске ден қояды. Бұл бөлім

ЕОЛ ЖЫЛЫ-АК ҰЛГЫҚ ЖӘДЕНКЕТТІ ЗЕРТТЕЙТІН ҚАЗАҚСТАН ҒЫЛЫМ-
МИ ЗЕРТТЕУ ИНСТИТУТЫ АТАЛҒАН...

Шыныдығын айтқанда, Қазақстандағы ғылымның ірі өлеңі негіздері ауыл шаруашылығы және биология салаларында ертерек дамыған. Алматыда жеміс-жидек стансасы (1919 ж.), өсімдіктерді қорғаудың өкпелік ошаны (1924 ж.), Семей мен Оралда тыңайтқыштар мен топырақтың агрохимикасы институттары (1928 ж.). Бұларға қосымша Алматы, Балқаш және Риддердегі ботаника бақтары қосылған.

1933 жылы — мал шаруашылығын, келесі жылы — дәнді дақылдар, ал тағы бір жылдан кейін Вишневск атындағы жер өңдеу, ветеринария және ауыл шаруашылығының экономикасы институттары шаңырақ көтерген. Олармен қатарлас республиканың әр жерінде Қарабалық, Орал, Шортанды және Жетісу сынды ауыл шаруашылық тәжірибе стансалары жұмыс істеген. Бұлардың ғылыми деңгейі тез көтеріліп, 1940 жылы В.И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылым академиясының (ВАСХНИЛ) Қазақ филиалының ашуға мүмкіндік туғызған.

Медицина ілімі жөнінен де Қазақстан өзі деңгейлес республикалардан кенже қалған жоқты. Бұл саланың үлдіс көтерілуіне 1931 жылы Алматыда ашылған дәрігерлер институты мұрындық болған. 1932-1960 жылдар аралығында Қазақстанда әр түрлі дерттерді емдеп, себеп-салдарын зерттейтін 11 кәсіби институт ашылыпты, ал 1966 жылы республикада дәрігер мамандарын даярлайтын бақаандай бес оқу орны жұмыс істеген...

Сол бір қым-қуыт, дүрбелеңді кезеңде сынып көзбені қарағанның өзінде, Кеңес өкіметі билік құрған алғашқы жиырма жылда республикада ғылым ошақтары шайда болып, зиялы қауымның қарамды ұлттық тобы қалыптасқанынан тыс. Ғалымдар бойы манаураған ұлттық жеткен жанрға тирихті белтеуірінді күш сол жылдарда бұрж етпш, ғылымның ар саласынан көрініс бергенін мойындау мағымы. Сол кезеңде ой жүзіріле қарасаңыз, ғылыммен шұғылданғаны қызметкерлердің қарамы ерекше молайып, зерттеушілік деңгейі де ілкі өскенше тәңгі боласыз. Сол өсу тіпті де қомақпырақ болар ма еді, қим білсін, егер билеуші шарияның әптербақан басшылары, Ф.Голощекин сынды жандылардың ұлт жеткендерінің биліктылі да айтулы билеушілеріне тәптіл ұстаып, кейбірін ақжызып, енді бірін туған елшіне шалғай жерлерге аласпайтас?!... Шерменделердің алғашқы легінде: "Тәрбиеле жепекші",

"Технология", "Жаңа жүйесі және өмір тәртібі" оқу қалыбының жазыны, көркем сөздің зерлері алынған Жүсіпбек Аймауытов атындағы, құлш халқымыздың сауатын ашқан ғұлама Ахмет Байтұрсынұлының ғұламы атына ұйымдастырылған ақал әрі ұстаз Міржақып Дулатов, заңгер Жақып Ақбаев сынды жүздеген саңлақтар Ақ теңіз жаңасына жер аударылып келе барған. Солардан қалағын илі ұлағат қабыра өркендеп, қайтадан қаулап бастағанда, ағал қанша, апышулы 37-жылдың төубеті келді. Жоғары математика оқулығының авторы профессор Ә.Ә. Ермеков, "Қалы тарихын" тудыны әспеттеушілер — дәрігер-профессор С. Аспендияров пен Х. Досмухамедов, мәдениет қайраткері Т. Жүргенов, Мәскеуде 1923 жылдан "үй тупқыны" бол опырған Алап көсемі Ә. Н. Бөкейханов, шежіреші һәм теміржолшы, Түркісип салушы инженер М. Тыныштыбаев, Ақ теңізден кешірімнен оралған А. Байтұрсынұлы пен М. Жұмабаев, Текелі мен Мірғалымсай кешіптеріні ашушы инженер-геолог М. Қадылбеков, "Минералдар әлемі" атты оқулықты қазақша шығарған Қ. Тоғамбаев, "жүздеп — жүзірік, мыңтан — тұлдар" дерек хас әдебиетші, тарихшы, ақын, өмір дерекдері Қ. Жұбанов, Н. Төреқұлов, Ж. Шанин, С. Сейфуллин... ұлымыздың маңдай ына біткен жүздеген зиялы саңлақтар "халық жауы" ағаныш, жер жастанған. Әмбе олар жүздеген емес, мыңдаған. Жалшы қарамы 80 мың деседі. КСРО ҒА-ның Қазақстандық база жүйесінде тудыны ірге келерге тұл мәдениетте зерттейтін ғылым институтта бірде-бір қалыпкер қалыны тұл түрел "жәз зорланты" болал шық-қандықтан қайтадан секторға айналған.

Сөйтсе де дарқан өмір дегенін іспеді. Ұжымдық шаруашылық жүйесі қалыптасып, өндірліш күштер қауырт артып, әсіресе Қазақстанның шикізаттық қорының көптеп өсуі Ғылым академиясы тарақасын осы өмірдегі **базаны келетінін**, филиал етіп (ҚазФАН), 1938 жылы қайта құруға мәжбүр еткен. Сол жылы оған тағы да екі бөлім — топырақ, зерттейтін және жанрафия секторлары қосылған. Ботаникалық тәртіпші бөлімнің ісінші Кереметтің қалыңған.

Қайтып Имантайұлы директорлыққа шақырылған геологиялық ғылымдар институты ҚазФАН жүйесіндегі дербес олау тіккен тудыны зерттеу ошаны еді. Тарих, тіл және әдебиет ылымдері болыныша **ізденіс жүргізбек екінші институт та сол жылы (1941) қайтадан ашылған**-ды.

Филиалдың бұдан әрі өсуі Қазақстан өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығына Ұлы Олап соғысы қауырт жүспеген жаңа талашқа сай өрбіген. Қырық бірінші жылдың екінші жартысында тағы да екі институт ұйымдастырылады оның бірі —

химия-металлургия, екіншісі — астрономия-физика институттары. Яғни соғыс басталған жылы ҚазФАН-да төрт ғылыми-зерттеу институты және алты сектор болған. Оларда 3 ғылым докторы (біреуі қазақ), 14 ғылым кандидаты (үшеуі жергілікті ұлттың өкілі) және жүз қаралы ғылыми қызметкерлер жұмыс істеген... Ғылыми ойдың орталығы деген атағы ғана, зер салып үңілсең — олқылығы ұшан-теңіз, зерттеумен қамти алмай отырған саласы сан алуан. Демек, еңбек етуге құлықты басшыға бұл салада шұғылданар жұмыс аз емес...

Академик В.Г.ФЕСЕНКОВТЫҢ естелігінен:

"...1941 жылдың 21 қыркүйегінде болған Күннің толық тұтылуын бақылау үшін Алматыға келген астрономдар ойда жоқта соғыс дүрмегіне ілігіп, жұмыс орындарына қайта алмай қалды. Алайда Қаныш Имантайұлының қамқорлығы арқасында тап өзіміз болған жағдай ауырлығын сезінгеніміз жоқ... Ақыры, ғылыми жұмысты тоқтатпау ниетімен ҚазФАН жанынан астрономия және физика институтын ашуға ұсыныс жасадық. Бұл ойды Қ.И.Сәтбаев бірден қолдады. Қазақ КСР Кеңхалкомы оның ұсынысын мақұлдап, ... қазан айында-ақ жаңа институтты ұйымдастыруға қаржы бөлуге қарар қабылдады. Іле-шала астрономиялық жұлдызхана ашып, онда жұмыс істейтін мамандарға тұрмыстық жағдай туғызу қамына кірістік. Институт басшылығына Қазфилиалдың кеңсесінен бір бөлме тиді, ғылыми жұмысты өрістетуге орын тарлығы титтей де бөгет болған жоқ. Әрбір жұма сайын ғылыми қызметкерлеріміз сол бөлмеде бас қосып, өз жұмыстары жайында есеп беретін-ді, қайсыбірін тыңдауға Қаныш Имантайұлы да келетін болды".

Ғалым-геологтардың соғыс қажеті үшін зерттеу жүргізіп, стратегиялық мәні зор шикізат қорын іздейтіні түсінікті. Ал астрофизиктер не бітірмек? Аспан шырақтарын Алатау шоқтығынан бақылаудың ту алыстағы әскерге қажеті қанша?.. Архив деректері жаңа институттың зертханасында барлау экспедицияларынан көптеп түскен кен үлгілерінің радиометрлік анализден өткенін, олардың заттық құрамын спектрлерге ажыратып, жедел анықтайтын пайдалы зерттеу жүргізілгеніне куәлік етеді. Негізінде бұл — физиктердің жұмысы. Ал астрономдар ше? Ботаниктермен бірігіп ізденіс жүргізген институт ғалымдары өсімдік тамырларымен тәжірибе жасап, түрлі түсті оптикалық сүзгілер өзірлейді, бұл болса әуе шабуылынан қорғайтын әскер бөлімдерін түнде де "көретін" жаңа аспаптармен жарақтаған...

Осы жұмыс үстінде қоян-қолтық табысқан екі ілім достығы ақыр аяғында күтпеген нәтиже берді: бұған дейін ешбір елде болмаған, зиялы қауым бұрын-соңды естімеген жаңа ілім — астроботаника (қазірде астробиология) дүниеге келеді. Оның кіндік атасы — КСРО ғылым академиясының корреспондент-мүшесі Г.А.Тихов.

Аспан шырақтарын бақылауға өте-мөте қолайлы, Алатаудың биік төрінде орналасқан Алматы жұлдызханасы үшін соғыстан кейінгі жылдарда Ленинград мамандары Максудов телескобын жасап берген-ді. Бұл өте-мөте қымбатқа түскен, бірақ дүние жүзінде теңдесі жоқ "көргіш" жабдық еді. Қаныш Имантайұлы соған да қол ұшып беріпті, астрономиялық сүбелі қаржышың да көзін тапқан. Сөйтіп, Қазақстандық астрономдар ашқан ғылыми жаңалықтар кезінде дүние жүзін таңғалдырып, риясыз танып-білуге мұрыпдық болған.

Химия-металлургия институты, өрине, зерттеу тақырыбына кенде болған жоқ. Сол жылдарда өріс алған жаңа өндірістер металлурггер көмегін өте-мөте керек еткен-ді: Балқаштың мыс алыбында Жезқазғанның құнарлы кен концентратын Қоңыраттың кедей кенімен араластырып қорытуға сынақ жасалады; сайып келгенде, бұл шаруа пештерінің өнімділігін күрт арттырады; институт зерттеушілері Шымкент пен Риддер қорғасын зауыттары үшін байыту фабрикаларының қалдықтарынан сирек элементтер айыру технологиясын жасап шығады; аспанға кетіп жатқан күкіртті газды сүзіп, одан тыңайтқыш жасауға керек күкірт қышқылын өндіру де нақ сол жылдары өмірге келген....

Химиктер де қарап отырған жоқ: сұйық шыны алу; отпен металл дәнекерлеуде аса қажет кальций карбидін өндіру; каустикалық сода, бентонит тәрізді алуан-алуан химия өнімдерін тездетіп шығару; солардың технологиясын реттеу... Бәрінен де сүбелі іс, Қазақстанның ауыл шаруашылығына нақтылы жәрдемін тигізген игілік, минерал тыңайтқыштардың жаңа қоймасы — Қаратау фосфориттерін пайдалануды өндіріске енгізу болса керек.

Қарбалас ізденістер филиалдың алты секторында бірдей жүріп жатыр. Ботаниктер, зоологтар, топырақ зерттеушілер, физиологтар, биохимиктер ғана емес, әдебиетшілер мен тарихшылар, тіл мамандары да соғыс қажетіне еңбек етуде: Кәрім Мыңбаевтың Қаратау тау сағызының каучук тұқымдас өсімдік екенін дәлелдеуі бүкіл автомобиль өндірісін ондаған мың доңғалақтармен қосымша жабдықтауға дәнекер бол-

ды; топырақ зерттеушілер соғыстың алғашқы айларында-ақ Қазақстанның барлық облыстарының агротехникалық картасын жасап шыққан-ды, бұл болса 1942 жылдың көктемінде дәнді дақылдар егісін әлденеше есе арттыруға мүмкіндік берді; сектордың жұмысы ғалым-зерттеуші Әмірбек Оспанов басқарғаннан соң-ақ бұрынғыдан да жандана түсіп, кейіннен дербес институт болып шаңырақ көтеруіне негіз болды; ал ол Докучаев атындағы топырақ тану институтының аспирантурасын бітіргеннен кейін алты жыл ұдайы Жезқазғанда тәжірибе стансасын құрып, шөл далада бақ өсірген кәнігі маман еді... Былай қарағанда әскер талабынан қашық тұрған ылым — қазақ тілінің Отан қорғау ісіне қаншалықты көмегі болмақ? Алайда олар үшін де жұмыс табылды. Тіл мамандары жұмыла қимылдап, бірер айдың жүзінде әскери терминдердің орысша-қазақша сөздігін жасап берді. Санаулы күнде шағын кітапша болып баспаханадан шыққан сөздік қазақ жауынгерлерінің қалтасынан түспейтін көмекші құралға айналды. Ал тарихшылар алғашқы күндерден-ақ Ұлы Отан соғысының материалдарын жинақтауға кіріскен...

Филиалдың құрамы 1941-1943 жылдар аралығында 576 адамға жетті. Бұлардың 230-ы ғылыми қызметкерлер, олардың қатарында 2 академик, 4 корреспондент-мүше бар, 26 ғылым докторлары мен профессорлар, 76 ғылым кандидаттары және аға ғылыми қызметкерлер жұмыс істейді, 65 адам аспирантурада оқиды. Осы уақытта филиал қызметкерлерінен 72 экспедиция (оның 39-ы геологиялық ғылымдар институтынан) жасақталып, Отан қорғау ісіне хал-қадерінше қызмет еткен.

Ғылыми қызметкерлер қабылдау негізінен үш бағытта жүрген: біріншісі, өндірісте жемісті еңбек етіп жүрген білікті мамандарды шақырып, ғылыми атағы болмаса да оларға бірден жауапты міндет жүктеп, батыл өсіру; екіншісі, соғыс жағдайына байланысты батыс қалалардан жедел көшірілген қызметкерлерді пайдалану...

В.А.УЛЬЯНОВСКАЯНЫҢ естелігінен:

"...Тұтқныдан басталған алапат соғыс бұрын түсіңе кірмейтін шаруаларды күн тәртібіне қойды. Бір күні академия қызметкерлерінің балаларын қайда жіберерімізді білмей сасқалақтап қалдық. Тералқада көптеген қалалар аталды. Қазақ достарымның қонаққа барын беретін игі дәстүрлері көңілді бұра берді... Ақыры Қазақстанға жеделхат жолдадық.

Екі күн өткен жоқ, Қазақстанның Мәскеудегі өкілдігінен бір жодас телефон соғып:

— Жолдас Ульяновская, Оңдасыновтың (Қазақ КСР Кең-халкомының сол кездегі төрағасы — М.С.) тапсырмасы бойынша сөйлесіп тұрмын, — деді. Ол кісі маған балаларды ғана емес, қошуге тиіс барлық академиктерді қабылдауға қазақ елінің өзін екендігін ескерт деді, Қазақстанның қай өңірін қалайсыз?..

— Балаларды Бурабай көліне жіберуге болмас па екен? — дедім мен. — Тиісті ақшаны қайда аударамыз?

— Мен сізге Оңдасынов жолдастың сәлемін жеткізіп тұрмын, — деп қайталады оқидіктен сөйлескен жолдас, — Бурабайды қаласаңыз, мейлі, солай-ақ болсын. Оларды Кеңес Одағының республикасы қабылдағалы отыр. Ал, ақша туралы тап қазір сөз қозғаудың қажеті қанша?

Бұл сөзді мен ешқашанда ұмытпаймын. Ұмытуға бола ма?!"

Көп ұзамай егде академиктер ғана емес, ғылым ордасының төралқа құрамы түгелдей дерлік, тарих, экономика, жағрафия институттары да Алматыға қоныс аударды. Орыс ғылымының мақтанш жұлдыздары болған академиктер — металлург А.А.Байков пен И.П.Бардин, ғұлама геолог В.А.Обручев, энергетик Г.М.Кржижановский (соңғы екеуі және бір топ егде ғалымдар Бурабайда тұрған), кенші Л.Д.Шевяков пен А.А.Скочинский, химик Э.В.Брицке, агрономия білімгерлері Д.Н.Прянишников пен Н.В.Цицин, атақты жолшы В.Н.Образцов, топырақ зерттеушісі Л.И.Прасолов және ондаған білімпаздар Алатау баурайында бас қосып, ежелгі жұмыстарымен емін-еркін шұғылданды.

Жас зерттеушілер үшін бұл — іздесе таптырмас жағдай: тілеген көмекті дер кезінде аласың; ұзақ хаттар жазып, иә ақыл-кеңес естимін деп алыс сапарға аттанудың да қажеті жоқ... Филиал басшысы да (Қ.И.Сәтбаев филиал төралқасының жетекшісі болып 1943 жылы ресми бекіген) бұл жайында: "Іздегенге сұраған деген осы, — дер еді өзіл-шыны аралас, — уақытша сәтсіздік бұл кісілерді қолымызға берген екен — оны пайдаланбау ақымақтық болмақ!.."

Әрине, ең алдымен қонақ ғалымдарды қамқорлыққа бөлеу керек. Тұрмысы келіспеген кісі ғылыми жұмыспен алаңсыз шұғылдана алмайды. Тұтқиыл соғыс бұл кісілерді жайлы үйінен, бауыр басқан қаласынан, өмір бақи үйренген ортасынан айырып, кіріптар жағдайға душар етті. Көпшілігі егде кісілер. Оларды бәрінен де ерекше қуту керек! Алматының пәтер жағдайы мәз емес, бірақ қысылып-қымтырылсақ, әрбір қызметкердің үйінен қонақтар үшін жеке бөлме, жағын орын

табылады... Ал академиктерге Медеу шатқалындағы демалыс үйлерінен тұрақты орын бөлінді.

— Жағдайыңыз қалай? Қалай орналастыңыз, бізден нендей көмек тілейсіз? Барын қонаққа ұсыну — қазақ халқының өжелгі дәстүрі. Мұны бұзсақ — елдіктен кеткеніміз!.. Күні ертең ұялып жүрмейік, тегінде, сіз соны ойлаңыз!..

Әлдеқалай бір шаруамен келген ғалым Қаныш Имантайұлының мына сөздерінен соң, шексіз алғыс білдіре отырып, бұйымтайын айтады. Онысы көбіне әлдеқандай ғылыми әдебиетті алыстан алдыру, нәдағи зерттеу жайында. Кейбірі кабинет несінің ақжарқын пейілін арқаланып, әлдебір ұсақ-түйекті қайдан табарын білмей жүргенін айттып, ақыл сұрайды... ҚазФАН төрағасы қонақтың тұрмыс тауқыметіне байланысты отіншіні де аяқасты етпейді. Әлдекімді шақырып, тауып беруге қолма-қол тапсырма береді. Қызметкерлердің қайсыбірі оңашада реніш білдіріп: "Қанеке, осы кісілерге қағаз, қарындаш, темекі, нәқолшатыр іздеп қашанғы жүгірміз?" десе, Қаныш Имантайұлы мнығынан күліп, ойын-шыны аралас: "Әй, жігіттер, қызықсыңдар сендер! Үлкен кісіге қызмет көрсеткеннен бұзылып кеткен қазақты көрген емесші. Мұндай кері кеткеннің сөзін қойыңдар, ақыл білсеңдер, академиктердің ақ батасын ала беріңдер!" — деп жымияды да, тағы жұмсайды.

Қазақстандық академик Н.П.ПАВЛОВТЫҢ естелігінен:

"..1942 жылдың мамыр айында, көктем шуағы молайып, Алматы бақтары сәукеле киген қыздардай ақ гүлге оранып, мейлінше жайқалған шақта бізге әйелімен және бірқатар көмекші қызметкерлерімен... академияның президенті В.А.Комаров келді. Қонақтарды Қ.И.Сәтбаев екеуміз қарсы алып, ең тәуір демалыс үйіне орналастырдық. Әрине, кексе қонақтың бабы тілеген жағдайдың бәрі жасалды. Болкім, сол жәйт, жақсы күтім әсер етті ме, В.А.Комаров Свердловтағыдан гөрі өзіні тәуір сезініп, іле-ақ қауырт жұмыстармен шұғылдана бастады... Қаныш Имантайұлы да сол күндерде президентке жиі келіп, бірталай шаруаларды қолма-қол шешіп жүрді. Меніңше, сондай сұхбаттарда екеуі өте-мөте жақындасып кетті. В.А.Комаров оны ерекше бағалап, менімен әңгімелескенде: "Қазақстанда Қаныш Имантайұлындай елгезек жан болмаса, біз не істер едік? Мұндай іскер де тамаша басшысы бар қазақ филиалын тек қана мадақтау керек!" — деп сүйсіне қайталаушы еді. Шынында да, В.А.Комаров пен Қ.И.Сәтбаев арасында туған берік қарым-қатынас, бір-біріне деген ыстық литипат пен құрмет, қарапайым да жарасты сүйіспеншілік сол жылдарда олар басшылық еткен барлық жұмыстардың тезірек жүзеге асып, баянды болуына әсерін тигізді".

Филиал институттары ғылымның Алматыға тағдыр айдап тап болған ғұлама зиялыларының нақты жәрдемімен тез өсіп, қауырт жетіле бастады. Олардың қайсыбірі жергілікті зерттеу институттарына, біржола жоғары оқу орындарына ауысқан-ды. Қазақстандай келешегі зор, табиғи қазынасы мол және әр алуан, жері бай республикада еңбек ету кімді болсын еліктіретін. Алматыдай табиғаты өсем, ауа райы жайлы да жылы қалада тұру да қызықтыратын...

Қазақстандағы ғылым орталығын жедел нығайтудың үшінші және негізгі бағыты — 1942 жылдан беріде филиал қаражатымен жұмыс істейтін аспирантураға қабілетті жастарды көптеп тартып, ғылыми ізденіске баулу болған-ды. Олардың жалпы қарамы 1943 жылы 120 адамға жетті, дені — жергілікті ұлт өкілдері...

1942 жылдың соңғы айында филиал төралқасы республикада ресми ғылыми орталық құрылғанына он жыл толуын қорытындылап, осы оқиғаны мерекелік сессия шақырумен атап отуді қажет деп білген.

— ...Кеңес үкіметі дәуірен сүрген жиырма бес жылда республика картасында ғасырға парапар ірі өзгерістер пайда болды. Қарағанды, Кеңді Алтай, Жезқазған, Ақтөбе, Балқаш — Қоңырат, Ембі — Гурьев өнеркәсіп аймақтары — Одақтық ғана емес, дүние жүзілік ірі өндіріс ошақтары. Қазақстан қазір мыс, қорғасын, хром, тағы басқа металдар өндіруден Одақтас республикалардың алдына шықты. Бізде қазір мыңдаған мектеп пен кәсіби училищелер, ондаған техникумдар мен жоғары білім беретін институттар жұмыс істейді. Бұлардың бәрінде де ғылым негіздері, кәсіптік білім ғана емес, бүгінгі заманның озық ілімдерінің барлық түрлерінен дәріс оқытылады. Республикада КСРО ҒА-ның филиалы, В.И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы академиясының бөлімшесі, С.М. Киров атындағы (қазірде Әл-Фараби атында — С.М.) Қазақ мемлекеттік университеті, Қазақ кен-металлургия институты тәрізді аса ірі ғылым, білім ошақтары бар. Ширек ғасырда қазақ қауымында дәрігер, биолог, химик, агроном, педагог, инженер тәрізді кәсіп иелері, мәдениет пен өнер саласында жемісті жұмыс істеп келе жатқан зиялылар өкілдерінің жаңа легі өсіп шықты. Олардың ішінде дарынды мамандар, ғалымдар, жазушылар, сазгерлер, суретшілер, актерлер, өнер қайраткерлері бар, — дей келіп, сол жиында жасаған есебінің соңында Қаныш Имантайұлы республика ғылымының алдына үш түрлі міндет жүктеген, — бірінші, бұрыннан жүргізіліп келе жатқан іргелі

зерттеулерді сәтті жалғастыру; екінші, соғыс қажетіне байланысты белгіленген тың ізденістерді қалыптасқан қарқыннан төмендетпей -- сөзсіз орындауға жету; үшінші, "Ондай болмақ қанда?" деген ұшқары ұғымнан тезірек ада болып, шынайы академиялық деңгейде жұмыс істеп, ғылымның шырқау биігіне апаратын көлемі де ірі зерттеуге кірісу.. Сайып келгенде, бұл -- филиалдан дербес академия құруға жеткізетін тура жол және қоғам үшін де, өзіміз үшін де, қазақ қауымы үшін де -- бірден-бір дұрыс та пайдалы іс болмақ! -- деп сөзіп аяқтаған-ды.

Турасын айту керек, филиал жетекшісі 1942 жылдың шыға берісінде көпшілікке жария еткен бұл сөздер кімді болсын қатты сүйсінткен, сөйте тұра әрқилы сенімсіздік те туғызып: "Небәрі төрт институт, алты секторға сүйеніп, дербес ғылым ордасы жайында ой қозғау -- тым асығыс, қиялға жақын мәлімдеме емес пе?.." -- дегендей де кереғар пікірлерге жеңсік берген. Алайда көкейде жүрген асыл ой алқалы жиында жария болды, оны енді кері қайтара алмайсың...

Зиялы қауымды дүр сілкінткен осы мәлімдеме жайында академик Ш.Ш.Шөкин "Жылдың төрт мезгілі" атты естелік кітабында былай депті:

"Ол, әсімі, ұран үшін айтылған қызыл сөз емес-ті. Шындығында Қанекөңнен өзге республика жұртшылығында, ғылым иелері арасында да бірде-бір адам Қазақстан ғылымының өсу көкжиегін нақ сондай жете біліп, болжаған жоқ. Туған халқының рухани қабілетіне, сол қарсаңда қауырт өсіп жетілген қыздары мен ұлдарының дарын күші мен білімі мүмкіндігіне шексіз сенген ол жұрт алдында ешбір қаймықпай, арман-ойын бекем үнмен жария етті де, сол күннен былай мүдделі ісін жүзеге асыруға кірісті..."

II

Қаныш Имантайұлы Алматыға ауысқанға дейін де бірталай ғылыми еңбектер жариялаған. Олардың жалпы қарамы -- 44. Дені геологиялық барлау, кен зерттеу жайында. Бәрі де ғылыми атақ алу үшін емес, зерттеліп отырған кеннің өмірге қажеттілік мәнін көпшілікке жария етуді көздеп, нәдаулы мәселелерге ғалымдар назарын аудару ниетімен жазылған. Аспирантура, докторантура тәрізді жоғары мектептерде оқуға мұршасы келмеді. Ал, білімін көтеруге ерекше құштар еді. Амақ қанша, Ұлытаудағы мәнді ізденістер алды-артына қаратқан жоқ, тіпті мойнын бұрғызбады. Сол себепті дарқан өмірдің қиында қызық "аспирантурасында" білімін тереңдетіп, ауыр

жұмыс үстінде шыңдалды. Енді міне, ғылыми-зерттеу институтында істейді, оған қоса ҚазФАН жетекшілігіне тағайындалды. Қарауында ондаған ғалымдар бар, кейбіреулері — ғылым докторлары, профессорлар, академик, корреспондент-мүшелер. Оларға кейде әкімшілік жолмен жөн нұсқауға тура келмек. Қайсыбірі бетіне ашық айтпаса да ішнен: "Осыны ескертіп тұрған қарапайым инженер емес пе?" деп күмәндануы анық. Демек, ғылыми атақ туралы да ойлану мұрат...

1942 жылы Қ.И.Сәтбаев екі монография жария еткен-ді. Алғашқысы — "Кеңес Одағындағы мысқа құнарлы құмдауық кендер". Бұл еңбекті жазуға Қаныш Имантайұлы он бес жыл әзірленді. Ұлытау өңіріндегі барлаушылық қызметінің қортындысы, әрі бір ғана Жезқазған ауданы емес, бүкіл Одақ көлеміндегі құмдауық мыс кендерін қамтыған іргелі зерттеу. Екінші монография — "Қазақстанда қара металлургия өндірісін ашудың мүмкіндіктері". Ол болса қазақ даласындағы темір кендеріне ғылыми шолу жасап, олардың өндірістік көлем-қуатын саралап, ең сүбелі де үмітгісін даралап көрсеткен зерттеу. Түп мақсаты — атында тұр, республикада қара металлургия комбинатын салуға ғылыми дәйектеме беру...

Бұл да қазақ геологының сонау 1928 жылдан, Ұлытау-Жезқазған алқабының жерасты қазынасын жан-жақты ақтарған кезінен беріде әр түрлі басылымдарда жария еткен ғылыми еңбектерінде, мақалаларында айтып келе жатқан келелі мәселе. Қортынды еңбегінде ол бұл іске кең тұрғыдан келіп отыр: Атасу мен Қарсақбайдың, Жезді мен Кентөбе, Төрткөл, Тоғай (Қарқаралы маңы), Абаил (Оңтүстік Қазақстанда) кендеріндегі темір мен марганец қорларын негізге алып, үлкен өндіріс ашуды сөз еткен... Бұл мәселені ол 1937 жылы да көтерген-ді. Бірақ қолдау көрмеді. Ал, қазір? Батыс шекарадағы қара металлургия алыстары жау қолына уақытша көшіп, ауыр өндірістер сапалы құрышқа ділгірлік сезініп отырған қысылтаяң кезеңде осы мәселенің назарға түсіп, жобалаушы мекемелерді қызықтырарына ол шүбәланған жоқ-ты. Бұл ойын геолог республика үкіметіне мәлімдеген. Үкімет адамдары оны қара металлургия наркомы И.Ф.Тевосянның назарына жеткізеді. Тынымсыз Сәтбаев үшін бұл да аз, "Ұсыныс енгіздім, міндеттен құтылдым!" деп қол қусырып қарап отыруға бола ма?.. Монографиясын қосып, Қазақстанда қара металлургия комбинатын салу мүмкіндігін нақтылы айғақтармен дәлелдеген мәлімдеме жазып, КСРО Ғылым академиясының Орал, Батыс Сібір және Қазақстанның табиғи қорларын қорғаныс қажетіне пайдаланумен шұғылданатын комиссиясына табыс етеді.

"Қалауын білсең қарда жанады" дейтін мәтел, тегінде, осындай өнегеден айтылған. Геологтың ұсынысы бұл жолы бірден мақұлданды. Сәтбаев мәлімдемесі бойынша желел тексеру жүрді де, небәрі төрт айдан соң, яғни 1942 жылдың 25 сәуір күні Халық Комиссарлар Кеңесі Қазақстанда қара темірді құрышқа айналдырып қайта қорытатын зауыт салу, соның негізінде болашақта үлкен металлургия комбинатын тұрғызу туралы қарар қабылдады. Оның құрылысы биыл басталуға тиіс және қысқа мерзімде салынып, соғыс қажеті үшін өнім беруі шарт!..

Сол көктемде-ақ үкімет комиссиясы Қарағандыда бас қосады. Темірді қорыту көмірсіз жүрмейді. Әмбе оған анау-мынау емес, жоғары сапалы кокстелген көмір керек. Сол себептен де болашақ болат алыбының орны — Отанымыздың үшінші отын қоймасы, Қарағандының маңы болсын деп келісілген-ді. Құрыш құятын өндірістің екінші қажеті — су, олда аз емес, мол болуы шарт. Орталық Қазақстаннан, әсіресе Қарағанды төңірегінен ондай дария көзің таба алмайсың... Ескі әдісті, Қарсақбай мен Жезқазғанда қолданған амалдарды еске түсіруге тура келді. ҚазФАН ғалымдары өзірлеген үш түрлі ұсыныстан комиссия Нұраның Самарқан көліне құятын, Қарағанды ГРЭС-іне салынған тоспаның жағасындағы қыратты таңдады. Тоспа түзеген жасанды көлдің желкесіндегі биік шоқы ТЕМІРТАУ деген бейнелі атау (техникалық құжатқа Қаныш Имантайұлының қолымен бұрынғы Жауыртау аты, сірә, жадағай сөз болғандықтан өзгеріп түскен) болашақ комбинаттың атына тіркелді. Бұдан соң комиссия жаңа комбинатқа шікізат беретін кен орындарын аралауға аттанбақ болатын. Алайда?..

Қаныш Имантайұлының аяқ-қолы бүрісіп, ауырып қалды. Бұл жолы тіпті қатты жығылды. Арнаулы ұшақ оны Алматыға алып ұшты. Дәрігерлер консилиумы тез жиналып, ішек ісігі жайлы былтырғы лақапты тағы да қайталаған... Көгер жарығы әлі де мол екен, сол күндерде Алматыда жүрген ішкі аурулардың мәскеулік бір білгірі науқасты қарап: "Кәдімгі соқыр ішектің созылмалы түрі... Тездетіп операция үстеліне!" деген. Шынында да солай болып шықты.

Соғыс басталар қарсаңда Қ.И.Сәтбаевтың "Жезқазған ауданының кен қазбалары" атты ғылыми еңбегі жарық көрген. Оның негізі 1927-1928 жылдарда "Жаңа мектеп", "Народное хозяйство Казахстана" журналдарында жарияланған шағын мақалалар. Содан бері зерттеу еңбек ұлғая түсіп, осы өлкенің пайдалы қазба байлықтарын терең талдап, жан-жақты көрсет-

кен үлкен монографияға айналды. Осы еңбегі үшін Қаныш Имантайұлы 1942 жылы Сталиндік сыйлыққа ие болды.

Соғыстың ауыр жылдарында шынайы бағасы мәлім болған, Отанның сол күндегі ең жоғарғы мемлекеттік сыйлығымен бағаланған ғылыми еңбек иесінің абырой-атағы, әрине, биікке шығандап, үрдіс көтерілген: "Қазақстан түсті металургиясын өркендетуде ерекше еңбек сіңірген Сталиндік сыйлықтың лауреаты Сәтбаев жолдастан үлгі алыңдар!.." — деп шақырғанды Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті, республиканың Кеңхалкомы мен Жоғарғы Кеңесінің төралқасы 1942 жылғы үндеу хатында. Сол үндеуде Қаныш Имантайұлының есімі Мәскеу түбінде теңдесі жоқ қаһармандық көрсеткен жиырма сегіз батыр Қазақстандықтармен бірге аталған...

"ПРАВДА", 17 шілде, 1942 жыл, "Ғылым жарағы" очеркінен:

"...Қ.Сәтбаевтың негізгі мамандығы — геолог, бір адамның басына жарап тұрған өнер. Алайда ол тек қана геолог болуды аз деп біледі. Сәтбаев — мемлекет қайраткері: кен қараумен қатар барлау жүргізген ауданнан болашақ зауыттың іргесін көтерер, оның тіршілігін қамтамасыз етер керек-жарақтың бәрін де күн ілгері іздеді... Қысқасы, Қазақстанда алып металургия комбинатын салу үшін не қажет болса — соның бәрін де іздеп тапты... Бірақ ол алыптарға малданып, жолжөнекей кезіккен ұсақ-түйек кендерді "көрмей" кеткен барлаушы емес. Оның нағыз ғалымға және мемлекет қайраткеріне тән көрегендік, сан қырлы болжампаз қабілеті бүгінде, соғыс тауқыметі талап еткен шикізаттарға ділгір болған қиын уақытта кәдеге асты".

Ғалым өмірінің айшықты жылы тағы бір мерейлі оқиғамен жалғасты: 17 тамызда Жоғарғы аттестациялау комиссиясы геолог Қ.И.Сәтбаевқа ғылыми еңбектерін ескеріп, геология-минералогия ғылымдарының докторы деген атақ беру туралы шешім қабылдады. Бұл да ұзақ жылғы тынымсыз еңбектің, ізденістің жемісі, көп шаршаудың, өзі айтқандай "бойындағы күш-жігерін сарқа жұмсаудың" өтеуі. Анығында қазақ білімпазының ғылыми қабілетін танудың бастапқы жорасы...

КСРО ҒА-сы 1942 жылы құрған Орал, Батыс Сібір және Қазақстанның табиғи қорларын қорғаныс ісіне пайдаланумен шұғылданатын комиссияда Одақтың ірі ғалымдары И.П.Бардин, В.А.Обручев, А.А.Скочинский, И.И.Мещанинов, А.Д.Шевяков, Э.В.Брицке, И.Ф.Григорьев тәрізді ұлағатты ғұламалар жұмыс істейді. Қ.И.Сәтбаев болса бұл міндетті республикалық жоспарлау комитетінің ғылыми-техникалық кеңесінің төра-

ғасының орынбасары қызметімен ұштастыра атқарады (Гелком да оны өзінің байырғы кадры деп есептеп, қазба байлықтар қорын қабылдайтын бүкілодақтық комиссияға енгізген, бұл жұмысты ол өмірінің соңғы жылына дейін атқарған).

1943 жыл да ғалым өміріне шуақты қуаныштар әкелді. Соның ең көрнектісі КСРО ҒА-ның жазда өткен кезекті сайлауы. Осы жиында жасырын дауысқа түскен Қаныш Имантайұлы корреспондент-мүше болып сайланады.

Атақ-беделінің өсуі Қаныш Имантайұлына жаңа міндет, мәртебелі борыштар жүктеген: ҚазФАН басшылығы ғана емес, өзі жетекшілік ететін институт — бір сәрі, оған енді бүкіл қазақ зиялыларының атынан сөйлеп, кейде тіпті туған халқының мүдделі сөзін ұстап, қайсыбірде бүкіл Орта Азия және Қазақстан республикаларының өкілі ретінде де әлеуметтік жұмыстармен шұғылдануға тура келген... *"Өзбек, тәжік, түркімен, қырғыз және қазақ бауырлар! Ұлы Отан соғысының ұрыс даласында бүкіл прогресшіл адамзат ұрпағының тағдыры шешіліп жатқан осынау қаһарлы күндерде..."* деп бастаған-ды Қ.И.Сәтбаев 1943 жылғы 31 қаңтарда Ташкентте өткен антифашистік митингінде сөйлеген сөзін. *"Мен бүгін қазақ халқының зұлым жауға деген ашуын білдіріп тұрмын!"* деп аяқтаған-ды ғалым тәжік еліндегі және бір сөзін.

ҒҒА академигі Қ.ЖҰМАЛИЕВТІҢ "Өнегелі өмір" баянынан:

"1943 жыл... әлемге апат әкелген герман фашистерінің зобалаңынан ығысып, Алматыда уақытша тұрақтаған "Мосфильм", "Ленфильмдердің" Қазақстан әдебиетшілерімен біріккен мәжілісі болады деп, 8-март көшесіндегі "Қазақфильм" үйіне әдебиет пен өнер жұртшылығы жиналған сәт.

...Сөзді "Ленфильмнің" бас режиссері Ф.М.Эрмлер:

— Жолдастар, біз соғыс қырсығынан Қазақстанға, сіздерге қонақ болып отырмыз. Қазақстан үкіметіне де, қазақ халқына да кино ұжымдары қатты риза... "Жақсылыққа — жақсылық болсын" деп, республиканың ірі өндірістері туралы кинофильм жасамақшы едік. Біз мұнда жаңа тұрғындармыз. Қазақ әдебиеті мен өнерінде өндіріс жайлы не бар, не жоғын білмейміз. ...Бүгінгі біріккен мәжілістің мақсаты — осы жайлы пікір алысу, — деп Эрмлер көпке қарап сөз бастады...

Алқалы топ алдында, даңқ пен бедел, шешендер мен шешендіктің түйіскен жерінде көсемсу кімге болса қиын. Нысана айқын болса да, жастар үлкендерге, үлкендер жастарға қарасты. Жұрт дағдарып қалды. Сол сәтте Қаныш Имантайұлы тамағын кенеп, Эрмлерге қайырылып:

— Жазушы, әдебиет мамандары кейін сөйлер, оқушылар атынан бір-екі сөз айтуға рұқсат етіңіз, — деді.

Жазып келген еш нәрсесі жоқ екен. Әйтсе де ол қысылып-қымтырылған жоқ. Таныс аудиторияға лекция оқыған кәнігі профессорларша сөйледі. Қаныш Имантайұлы сөйлеген сайын жұрт ұйып тыңдады. Оның орысша тілдің тазалығына, логикасының мықтылығына, ойының терең, әр сөзінің мағыналылығына сұқтана қарасты. Үлкен зал үнсіз. Шыбынның ұшқаны естілгендей...

— Қазақтың асқар Алатауы, бұйра құмы, кең-байтақ жазығы — алтын мен күміс, жез бен мыс, көмір мен қорғасын. Бір кезде Бетбақтың шөлі атанған, "Ұшқан құстың қанаты талып, шапқан аттың тұяғы күйетін" құлазыған дала қазір сарқылмас кен қазынаға толы. Бүкіл Одақ көлеміндегі сандаған ірі өндірістердің қазығы мен алыбы болып отыр. Ел тағдыры таразыға түсіп, герман фашистері "айдарлымызды құл, тұлымдымызды тұл етпек" болып, елімізді оққа байлап, жерімізді отқа берген сұрапыл кезеңде Қазақстанның кең байлығы — ел тынысы. майдан жеңісі... Кешегі көшпелі ел, шексіз шөл Қазақстан, бүгін ол — кен, ол — сан алыптар ірге тешкен ірі өндіріс, қайнаған еңбек, мың-мыңдаған жұмысшылар бар, жаңа өмірдің ордасы... ұлы Отанымыздың мығым тіректерінің бірі. Бүгінгі қойылып отырған мәселеге біздер осы тұрғыдан келсек, халықтың ғасырлар бойы аңсаған ұлы арманы мен бүгінгі ерен ерлігін, қызықты келешегін экранда көрсету қажет-ақ. Қазақ өмірі, Қазақстанның ірі өндірістері мен онда істейтін сан мыңдаған еңбек ерлері адам баласы тарихында — тамаша құбылыс. — ...Әрі ойлы, әрі мейірімді көзі, рақымды жүзі, кең маңдайы — бәрінде де ерекше бір жылылық бар. Әсіресе, сонау қылау шалған әдемі қарабұйра шашы... айрықша көз тартады. — ...Қазақ, жалпы шығыс фольклорында, әдебиетінде сонау ескі замандардан үзілмей келе жатқан өзек, үлкен бір оптимистік идея бар. Ол табиғаттың мылқау күштерінің сырын білу, оларды өзіне бағындыру. Мысалы, үнді халқының эпосы "Махабхаратаның" бас қаһарманы Рама — жер жаннаты Цейлон аралын жайлап алып, адам баласын аштық апатына ұшыратушы жын патшасына қарсы күрес ашушы..., жер жүзіндегі жауыз күштерді түгел адақтап, көк төңірлерімен майданға шығатын "Осетин-нарт" аңызының денесі құрыштан жаралған қаһарманы — Батрада; жеті жыл жер астында болып, ен байлық, асыл қазынаға кездесетін... теңіз түбінен алтын қазанды атына өңгеріп шығатын, қазақ аңызының бас кейіпкері — Ер Төстік; мәңгі суды өзі ішіп, тірі қалудың орнына сол сумен елін, жерін көгертіп, мерт болған башқұрт аңызындағы "Орал батыр" — бәрі де

халық арманының сәулесі... Орал батырдың сүйегі асыл тас, алғынға, қаны мұнайға айналады. Қандай тамаша мецзеу!.. Кинофильм жасауға негіз боларлық оқиғасы қызық, өндiрiс өмiрiнiң кейбiр жақтарын жақсы бейнелейтiн, жаңа адам, жаңа ой-сезiмдi көрсетiп, ескi мен жаңаның күрестi, психологиялық жәйттерге құрған хикаят, романдар да бар..."

III

Бір күні оны Алматының Фрунзе аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы шақырды.

— Қаныш Имантаевич, мен бір нәрсеге ерекше таңмын. Соның себебін ұят та болса өзіңізден білгім келіп, әдейі шақырдым, — деген-ді аупартком жетекшісі салған жерден. — Зор мәнді мемлекеттік жұмыстар атқарып жүрсіз. Бірақ партияға мүше болу туралы ойланар емессіз. Мұныңыз қалай?

— Сізге не десем екен? — Филлал басшысы басып сипап, күмілжіп қалды. — Әлі де жұмыс істеп, іс үстінде танылғаным жөн ғой. Алматыға ауысқаным жуырда ғана, ал жұмыс — сонша көп, әмбе мен үшін тың шаруа...

— Меніңше, қазірдің өзінде сіз нағыз большевиктерше жұмыс істеп жүрсіз. Кішіпейіл болу жарасымды қылық дегенімізбен, сіз өзіңізді тым кішірейтіп тұрсыз...

— Сөйтсе де саяси өзiрлiгiм әлi де аз деп бiлемiн. Партия мүшесi болу — зор абырой, әрi жауапты қадам!

— Рау етіңіз, Қаныш Имантаевич, соншама бүгежектеп тұрғаныңызды түсінбедім...

Хатшы, әрине өзінің өмір жолын жете білмегендіктен сұрап отыр. Коммунистер партиясының мүшесі болуға ол Жезқазғанда жүрген кезінде-ақ ойланған. Бір жолы аупартком хатшысымен кеңескенде. Бірақ әкесінің ертеректе би болып сайланғанын, кейбір ағайын-тумаларының ауқатты тұрмыс кешкенін ашық айтуы мұң екен, әлгінде ғана өзімен емін-еркін әңгімелесіп отырған аудан басшысы: "Ойбай, онда әуре болмай-ақ қой. Жуаннан өрбіген тегіңмен партияға кіре алмайсың!.." — деп бірден сырт берген-ді. Шыққан тегіне қарап ақ-қарасын айырып жүрген дүрбелең кез... Содан беріде ол бұл жайында ешкімге ләм-мим деген емес, қайыра ойланған да жоқ. Абзалы, жан аямай адал қызмет етіп, бойындағы барын, өнер-қайратын ел мүддесі үшін жұмсауды ғана білген-ді... Бүгінгі әңгіме жүрек түкпірінде бұғынып жатқан күпті сырды есіне түсірді. Сұрап отырған соң, амал қанша, бүгіп қала алмады. Қарсақбайда болған әңгімені бастан-аяқ айтып берді.



Қаныш Сәтбаев ескерткіші ашылған соң,
Алматы, 12 сәуір 1999 жыл



Академик Ш. Шокин, Ғаниса, Шәмшия және Мейіз
Қаныш қыздары "Сәтбаевтың" авторымен, Алматы, 1981 жыл

Сәтбаевтар әулеті ең жақын туыстарымен М. Сәрсекеге
ғалымның қара шаңырағында құрмет көрсеткен күні.
Ортада отырған Әлкей Марғұлан мен Қанекен бәйбішесі -
Шәрипа шешей, 12 сәуір 1981 жыл





Халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың үйінде:



Ақпараттық және әдебиеттік-танымдық порталдарымыздың мақаласын оқып, Сәтпаевтың атымен ұстаған «Сәтпаев» кітабының құрамына кіретіндігіне қызығушылық танытып отырмыз. Қытаптың құрамына кіретіндігіне қызығушылық танытып отырмыз. Қытаптың құрамына кіретіндігіне қызығушылық танытып отырмыз.

Қытаптың құрамына кіретіндігіне қызығушылық танытып отырмыз.

Ғұнбақты
Қара, Анау!

Әзіл (14. Ғ. 99) Өзге маған
сәтпаев мағанға өкел қызықтыңызға.
Анау Анау Өзге.
Анау сәтпаев сәтпаев түркі.

Сәтпаев рәсім
Халима.





Медеу Сәрсекке Париждегі Қаныш тойында, сәуір 1999 жыл

Ханиса Қанышқызы, Медеу Сәрсекке және "Қазақтың Қанышы"
романын шығарушы Мұхтар Құл-Мұхаммед, 5 маң 1999 жыл





ҚР делегациясының бір тобы Жаңа Парижде: Кәкімбек Салықов,
Медеу Сәрсеке, Амаңжол Қошанов және Айтжан Абдулин

"Сәтбаевтың" Мәскеуде қайта шығуына арналған тұсаукесер
тойынан көрініс, Семей, Жастар сарайы, қантар 2004 жыл





Медеу Сәрсөкө - Семей қаласының Құрметті азаматы,
қаңтар 1996 жыл

ҚР жазушылар одағының хатшысы Ғаббас Қабышев мерейтой
несін құттықтады, Семей, 1996 жыл





Медеу Сәрсекені құттықтауға келген Жезқазған облысы делегациясының бір тобы - Серік Төрегелдин және құрдасы Бақбай

Абай ауданының "Қаламқас" ансамблі той иесін өнмен құттықтап тұр, Семей, қаңтар 1996 жыл





Қасым Қайсенов, Семей, 1996 жыл

ҚР Үкіметінің Премьер-Министрі Н. Ө. Балғымбаев, халықаралық
Қ. Н. Сәтбаев қорының президенті К. Салықов және жазушы
М. Сәрсеке, Алматы, Үкімет үйі, 27 наурыз 1999 жыл



Аупартком хатшысы өденеге ойланғандай біршама уақыт үнсіз отырды да, өлден соң ғалымға тура қарап:

— Меніңше, партияға мүше болғысы келген адал адамдарға жасанды тосқауыл қойған солақай уақыт келмеске кеткен сияқты. Сөйтсе де Орталық Комитеттегі жолдастармен ақылдасайын, хабар өзімнен болсын. — деді.

Әсілі, бұл әңгіме тектен-текке өрбімеген. Түйткілді мәселе жайында филиал коммунистері ұйымының бюро мүшесі ШАПЫҚ ШӨКИН "ҰҒА-ның ғұмыр жолы" кітабында былай депті: "1944 жылдың басында Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің екінші хатшысы Ж.Шаяхметов Сәтбаевқа партия мүшелігіне өтуді ұсынды. Оған ОК-тің хатшылары Мұхамеджан Әбдіхалықов, Тихон Иванович Абабков және филиалда қызмет істейтін қарт коммунист Сүлеймен Ержанов (ғалымды жас күнінен білетін, байырғы баянауылдық — С.М.) келіспе берді... О күнде Компартияға мүше болмасаң — басшылық қызметке қоймайды, әмбе КСРО ҒА-ның филиалының төрағасы сияқты өте үлкен мәнсапқа. Ал, партия мүшесі емес адамға қаншама тырысса да сенімсіз көзбен қарайтын кереғар рәсім қалыптасқан. Оның түзу ниетіне тиісті көмек те көрсетпейді, үстінен қарайтын партия шенеуніктерінің көзқарасынан әрдайым такаһар ызбар сезіліп тұратын-ды. Көңілге дық салар осындай одағай да менменшіл мінезге Қанекен де жиі ұшырайтын. Сірә, сол себептен де ол Компартияға мүшелікке өтуге қуана ынта білдірген-ді. Ақыр аяғында сол филиал жұмысын сәттірек қозғауға мүмкіндік туғызды..."

ҒЫЛЫМ ОРДАСЫН КӨТЕРЕРДЕ

I

"Қаныш Имантайұлы шамасы 1944-жылдың екінші тоқсанынан бастап филиалды республикалық ҒЫЛЫМ академиясына айналдыру ісіне біржола ден қойып, сол үшін пәрменді әзірліктер жүргізді... Содан бір күні Қазақстан К(б)П ОК-і мен республика үкіметіне жаңадан 11 ғылыми-зерттеу институттарын ұйымдастыру туралы ұсыныс түсірді, — депті академик Ш.Ш.Шөкин ҰҒА-ның құрылу, қалыптасу кезеңдерін сипаттаған деректі хикаятында. — Алайда басшылар Сәтбаевтың бұл ойын нақтылы жағдайдан алшақ кеткен қияли жоба деп есептеді. Ал, Қаныш Имантайұлы мұрат еткен ісінен бас тартпай, билік басында отырғандарды өз ойына иландыруға қажет деп білген әрекеттердің бәрін де жасап бақты,

соған тіпті КСРО ҒА-ның беделді академиктерін де пайдаланды... Ақырында жоба Алматыда толық мақұлданып, соған енді одақтық ҒА-сы мен БК(б)П ОК-нің келісiмiн алу қажеттiгi туды. Оған Қ.И.Сәтбаевтың өзi аттанды, Мәскеуге жүрерде көмекке менi шақырды.."

Шынтуайтын айтқанда, мәскеудегiлер де қисынды уәж айтып, "бұларын қиялмен шектес ұсыныс" дегендей қарсылық аңғартады. Әсiресе базалар мен филиалдар кеңесi бiр жылда тыңнан 11 институт ашу орындалмайтын iс санап, Қазақстандықтар жобасына түзету жасап, жыл сайын екi, iш үш институт ұйымдастырып, академия мәселесiне содан кейiн оралуға ойысады. Қаныш Имантайұлы жасаң серiгiн ертiп алып, Шапық Шөкiұлы бұл кезде Қазақ филиалының энергетика секторын басқаратын-ды, Орталық Комитеттiң жауапты қызметкерi Б.Н.Мигрейкинге барады. Ол да салған жерден жұрт айтқан уәждi қайталайды. Сөйтсе де соңынан райынан қайтып, ғылым саласын басқаратын бөлiмнiң меңгерушiсi Ю.А.Ждановқа жолықтырады. Кiмдi болсын құлай сенген iске иландыра бiлетiн, ондай кезде тiлмарлықтан гөрi ұтымды ой, мықты айғақты пайдаланатын қазақ ғалымы жасаң қайраткер Юрий Андреевичтi (Политбюро мүшесi А.А.Ждановтың баласы, И.В.Сталинның қызы Светланаға үйленген) өз жобасына елiктiрiп, сұхбат соңында ол "Ұсынысыңызға қарсы емеспiн, тек соған ҒА-ның президентi В.А.Комаровтың жазбаша келiсiмiн алып келiңiз" — деген орындауы неғайбыл қиын шарт қояды...

"Келесi күнi Қазақстан өкiлдiгiнiң нұсқаушысы М.М.Рутман, Қанекең және мен үшеумiз президент тұратын қала iргесiндегi оңаша жайға аттандық, — деп сыр шертедi Шапық Шөкiұлы сол күнi көрген-бiлгенi жайында жарым ғасырдан соң. — Владимир Леонтьевичпен әңгiме бiз үшiн қолайсыздау сарында жүрдi. Президент бiрден: "Он екiде бiр нұсқаларын жоқ, қаншама құрал-жабдық, тексеру, өлшеу аспаптары керек. Жарайды, үкiмет соншама институтқа үй-жай тауып берсiн-ақ, мен көрген Алматы жағдайында бұған да шүбәм бар..." дей келiп, қарсылығының аяғында: "Осы мәселенi үкiмет алдына қойып отырған өздерiңнiң естерiң дұрыс па?" — дегендей сыңайға ойысты..."

Әрине, мынадай ойлы да, планымды уәжден соң Сәтбаевтың серiктерi бұл мәселеден оңбай күйрегенiн сезiп қамыға бастаған сәтте, филиал басшысының алыстан орағытып, сы-

лап-силап отырып, саяжай несiнiң көңiл үдесiнен шыға сөйлеген үнiн естидi...

— Жо-жоқ, қымбаттым, осынша институтты бiр жылда ашу туралы өтiншi жасауға бола ма?! — дептi Комаров қатты абыржып.

— Владимир Леонтьевич, — дейдi жымыған Қанекең, — бұл iске төрелiктi екi жаққа да бейтарап кiсi, әмбе мұндай шаруаның қыбын жақсы сезiнетiн әйел заты айтса деймiн... — Қазақ ғалымы өздерiне шай құйып отырған президенттiң зайыбына умсына қарап, сөзiн қарапайым сауалмен түйедi. — Айтыңызшы, қымбатты қожайым, баспана үйi болмаса — отбасына керектi түрлi бұйым, нә жиһаз жинаудың қажетi қанша?

— Әрине, әуелi үй салу керектiгi ақымаққа да түсiнiктi! — деп Комаровтың зайыбы төтесiнен бiр-ақ түседi.

— Мiне, зайыбыңыз әдiлiн айтты. Шынында да, Владимир Леонтьевич, институттың өзi болмаған соң, соған күн iлгерi жабдық, нә ғылыми қызметкер жинаудың қажетi қанша? Жұмысты, сiрә, үйдiң iргесiн қоюдан бастаған жөн болар...

Сәтбаевтың қапелiмде төндiре айтқан дәлелiнен бас тарта алмаған президент қыбыжықтап, бiзге алма-кезек қарады да... кенет қолын сiлтеп: "Хаттың жобасы қайда?.." — дедi де, алдын-ала әзiрленген құжаттың жоғарғы бұрышына "келсемiн!" деп жазып, қолын кесiлте сүйкедi... — деп куәлiк етiптi Шапық ақсақал "Өмiрдiң төрт мезгiл" атты ғұмырнамасында.

II

1943 жыл филиалға топырақ зерттеу және ботаника секторлары негiзiнде бесiншi институт қосылған. Бiр жылдан соң зоология және тропикалық аурулар институты ашылды. Өлкелiк патология институтының iргесi қалануы да сол жыл. Ал ҚазФАН басшылығына тiкелей бағынатын секторлар саны бұл қарсаңда тоғызға жеткен-дi...

Қ.И.Сәтбаев пен Ш.Ш.Шөкиннiң Мәскеуде ұзақ жүрiп тындырған ұлан-ғайыр iсi сол жылда-ақ жемiс тергiзе бастады. Соның бiрi — КСРО ҒА-ның Президентi В.А.Комаровтың Алматыға, Қазақ КСР үкiметiне жолдаған ресми хаты. "...Қазақ филiaлығының даму қарқыны, зерттеулерiнiң соңғы үш жылда өрiс алған көлемi мен сапасы, сондай-ақ ҚазКСР Халком Кеңесi мен ҚазФАН төралқасы бүгiн таңда сәттi жұмыс iстеп отырған ғылыми мекемелердiң iзденiсiн одан әрi күшейтiп және нығайтуға жасаған нақтылы шаралары, — дептi Владимир Леонтьевич сол хатында, — академияның төралқасы

соған тіпті КСРО ҒА-ның беделді академиктерін де пайдаланды... Ақырында жоба Алматыда толық мақұлданып, соған енді одақтық ҒА-сы мен БК(б)П ОК-нің келісiмiн алу қажеттiгi туды. Оған Қ.И.Сәтбаевтың өзi аттанды, Мәскеуге жүрерде көмекке менi шақырды.."

Шынтуайтын айтқанда, мәскеудегiлер де қисынды уәж айтып, "бұларың қиялмен шектес ұсыныс" дегендей қарсылық аңғартады. Әсiресе базалар мен филиалдар кеңесi бiр жылда тыңнан 11 институт ашу орындалмайтын iс санап, Қазақстандықтар жобасына түзету жасап, жыл сайын екi, не үш институт ұйымдастырып, академия мәселесiне содан кейiн оралуға ойысады. Қаныш Имантайұлы жасаң серiгiн ертiп алып, Шапық Шөкiұлы бұл кезде Қазақ филиалының энергетика секторын басқаратын-ды, Орталық Комитеттiң жауапты қызметкерi Б.Н.Митрейкинге барады. Ол да салған жерден жұрт айтқан уәждi қайталайды. Сөйтсе де соңынан райынан қайтып, ғылым саласын басқаратын бөлiмнiң меңгерушiсi Ю.А.Ждановқа жолықтырады. Кiмдi болсын құлай сенген iске иландыра билетiн, ондай кезде тiлмарлықтан гөрi ұтымды ой, мықты айғақты пайдаланатын қазақ ғалымы жасаң қайраткер Юрий Андреевичтi (Политбюро мүшесi А.А.Ждановтың баласы, И.В.Сталинның қызы Светланаға үйленген) өз жобасына елiктiрiп, сұхбат соңында ол "Ұсынысыңызға қарсы емеспiн, тек соған ҒА-ның президентi В.А.Комаровтың жазбаша келiсiмiн алып келiңiз" — деген орында-луы неғайбыл қиын шарт қояды...

"Келесi күнi Қазақстан өкiлдiгiнiң нұсқаушысы М.М.Рутман, Қанекең және мен үшеуiмiз президент тұратын қала iргесiндегi оңаша жайға аттандық, — деп сыр шертедi Шапық Шөкiұлы сол күнi көрген-бiлгенi жайында жарым ғасырдан соң. — Владимир Леонтьевичпен әңгiме бiз үшiн қолайсыздау сарында жүрдi. Президент бiрден: "Он екiде бiр нұсқаларың жоқ, қаншама құрал-жабдық, тексеру, олшеу аспаптары керек. Жарайды, үкiмет соншама институтқа үй-жай тауып берсiн-ақ, мен көрген Алматы жағдайында бұған да шүбәм бар..." дей келiп, қарсылығының аяғында: "Осы мәселенi үкiмет алдына қойып отырған өздерiңнiң естерiң дұрыс па?" — дегендей сыңайға ойысты..."

Әрине, мынадай ойлы да, планымды уәжден соң Сәтбаевтың серiктерi бұл мәселеден оңбай күйрегенiн сезiп қамыға бастаған сәтте, филиал басшысының алыстан орағытып, сы-

лап-сипап отырып, саяжай иесінің көңіл үдесінен шыға сөйлеген үнін естиді...

— Жо-жоқ, қымбаттым, осынша институтты бір жылда ашу туралы өтініш жасауға бола ма?! — депті Комаров қатты абыржып.

— Владимир Леонтьевич, — дейді жымыған Қанекен, — бұл іске төрелікті екі жаққа да бейтарап кісі, әмбе мұндай шаруаның қыбын жақсы сезінетін әйел заты айтса деймін... — Қазақ ғалымы өздеріне шай құйып отырған президенттің зайыбына ұмсына қарап, сөзін қарапайым сауалмен түйеді. — Айтыңызшы, қымбатты қожайым, баспана үйі болмаса — отбасына керекті түрлі бұйым. иә жиһаз жинаудың қажеті қанша?

— Әрине, әуелі үй салу керектігі ақымаққа да түсінікті! — деп Комаровтың зайыбы төтесінен бір-ақ түседі.

— Міне, зайыбыңыз әділін айтты. Шынында да, Владимир Леонтьевич, институттың өзі болмаған соң, соған күн ілгері жабдық, иә ғылыми қызметкер жинаудың қажеті қанша? Жұмысты, сірә, үйдің іргесін қоядан бастаған жөн болар...

Сәтбаевтың қапелімде төңдіре айтқан дәлелмен бас тарта алмаған президент қыбыжықтап, бізге алма-кезек қарады да... кенет қолын сілтеп: "Хаттың жобасы қайда?.." — деді де, алдына ала әзірленген құжаттың жоғарғы бұрышына "кемісемін!" деп жазып, қолын кесіпте сүйкеді... — деп куәлік етіпті Шапық ақсақал "Өмірдің төрт мезгілі" атты ғұмырнамасында.

II

1943 жыл филиалға топырақ зерттеу және ботаника секторлары негізінде бесінші институт қосылған. Бір жылдан соң зоология және тропикалық аурулар институты ашылды. Өлкелік патология институтының іргесі калануы да сол жыл. Ал ҚазФАН басшылығына тікелей бағынатын секторлар саны бұл қарсаңда тоғызға жеткен-ді...

Қ.И.Сәтбаев пен Ш.Ш.Шөклиннің Мәскеуде ұзақ жүріп тындырған ұлан-ғайыр ісі сол жылда-ақ жеміс тергізе бастады. Соның бірі — КСРО ҒА-ның Президенті В.А.Комаровтың Алматыға, Қазақ КСР үкіметіне жолдаған ресми хаты. "...Қазақ филиалының даму қарқыны, зерттеулерінің соңғы үш жылда өріс алған көлемі мен сапасы, сондай-ақ ҚазКСР Халком Кеңесі мен ҚазФАН төрақасы бүгін таңда сәтті жұмыс істеп отырған ғылыми мекемелердің ізденісін одан әрі күшейтіп және нығайтуға жасаған нақтылы шаралары, — депті Владимир Леонтьевич сол хатында. — академияның төрақасы

Сіздердегі филиалды 1945 жылы Қазақ ҚСР-ның Ғылым академиясы өтіп құру туралы мәселе қоюға мүмкіндік туғызып отыр". Біздіңше, осы хат республика басшыларына ой салып, бұрынғы әрі-сәрі көңілден дереу арылып, жедеғабыл әрекетке кірісуіне түрткі болған. Тамыздың 18-күні Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті Ғылым академиясын құруға өзіндік туралы нақты шаралар белгілейді.

Филиалдың бұдан былайғы жұмысы осы қаулыға орай жүреді: Мәскеу мен Алматы арасындағы ғылыми байланыс күшейіп қана қойған жоқ, мүлдем жаңа кезеңге бет бұрды... Айталық, сол қаулыда есімдері аталған жиырма төрт докторанттың үкімет белгілеген мерзімде диссертацияларын қорғауы маңызды іске айналды. Өйткені солардың барлығы да — ертең шаңырақ көтермек жас ғылым ордасының "уығын шанышпақ", қазақ елі сол жылдары ілім көгіне шығарған үміткер ұл-қыздары. Олардың көпшілігі Алматының жоғары оқу орындарында, филиал институттарында еңбек ететін. Ғылыми жұмыстарын тезірек бітіру үшін республика үкіметі негізгі міндеттерінен босатып, арнаулы стипендия тағайындаған. Бәрі де Мәскеуде, ізденіс қамында, ғылыми жетекшілерінің қасында...

Жан-жақты өзіндік Алматыда да қызу жүріп жатыр. Филиалдың аспирантурасы бұл қарсаңда нағыз ғылыми мектепке айналған. Екі-үш жылдан бергі өзіндіктің жеміс берер, төл төгер кезі. Дайын диссертациялар дереу қорғалуға тиіс. Дайын болуға жақындары жұмыстарын тездетіп, алды-артын жинақтасын, көмек тілейтіндері не керегін айтып, мәлімдеме түсірсін. Ғылыми кеңес жәрдем етуге өзіндік. Тек бір ғана талап қоюға болмайды: мәнсіз жұмыспен, нәтижесі дүдәмал диссертациямен қорғауға сұранба, науқан қызуымен өтіп кетемін деп ойлама. Ғылым — базардағы делдалдар саудасы емес!..

Өндірістен келгендермен жұмыс өзгешелеу талапта жүргізілген-ді: олардың дені "қағазбастылыққа", әсіресе жүздеген бет диссертация жазуға мүлдем дағдыланбаған; ашқан жаңалығы өндіріске баяғыда енп, жүз мыңдаған сом кіріс беріп тұрғандары да бар; соны тек диссертацияға айналдырып, ғылыми жүйеге келтіріп, ресми қорғау ғана керек; ал қайсыбірін бірден-ақ ВАҚ-қа ұсынып бекітуді сұрау қажет.

Мәселен, Қазақстандағы ірі геологтардың бірі Е.Д.Шлыгиннің геология ілімін терең білетіндігі жайында ешкімнің таласы жоқ. Оның Солтүстік Қазақстан аймағын ұзақ жылғы зерттеулері, геологиялық саяхаттары кандидаттық диссертация қорғауға негіз болды. Евгений Дмитриевич көптен бері

ғылым докторының міндетін атқарып келеді, кен-металлургия институтының жалпы геология кафедрасын сәтті басқарып, жүздеген геологтар тәрбиелегені — бұған айғақ. Алайда докторлық диссертациясын жазуға оның уақыты жоқ, бәлкім, ұқыптылығы жетпейді. Филиал жетекшісі осы жайында сөз бастаса-ақ, Е.Д.Шлыгин әртүрлі себеп айтып, тәулігіне он бес сағат жұмыс істейтінін дәлелдеп, сабақ кестесін көрсетеді. Шынында солай. Сөйтсе де геолог әріптесіне қаттырақ ескертуге тура келді, Евгений Дмитриевич сол жолы да: "Қаныш Имантаевич, менің қолыма бір қауым үйелмен қарап отыр... Тап қазір маған ертеңнің қамын ойлаудан гөрі, соларға бір қап бұршақ тауып бергенін тиімдірек!" деп тұрмыс тауқыметін айтып құтылып кетті. Бұл да шындық. Соғыс күндерінің уақытша тапшылығы, ғылым иесін сол үшін қалайша кінәлайсың?.. Арада екі-үш күн өткен жоқ, филиал жетекшісінің жүргізушісі Шлыгиннің пәтеріне бір қап жасымық алып келді... Амал бар ма, Евгений Дмитриевич ұйқы сағаттары есебінен жұмыс істеп, бір жылдан соң геология-минералогия ғылымдарының докторы атағына ие болды (бөртінде ол республикалық академияға толық мүше болып сайланды).

1944 жылдың қараша айында республикалық Халкомы ҚазФАН-ның құрылымы 16 ғылыми-зерттеу институтынан түзелсін деген жобаны бекітіп, қаржы босатқан-ды. Аспиранттар саны 237 адам болып, филиал институттарында енді мың қаралы қызметкер (оның тең жартысы ғылыми жұмыстармен нақты шұғылданды) еңбек етуге тиіс. Бұл шаруаға аз-кем қатысы бар жұрттың бәрі де енді "Көрінген таудың алыстығы жоқтығына..." сеніп, тапсырылған істі құлашына атқаруға кіріскен-ді.

Соған орай даңқты 1945 жыл да ғылым ордасының шаңырағын көтеруге қызу әзірленіп жатқан филиал қызметкерлеріне түрліше әбгігершілік әкелген. Әсіресе Қаныш Имантаев үшін. Сол күндерде ол Алматыдан да гөрі Мәскеуде көбірек болатын. Филиал төрағасы ғана емес, үкіметтің жауапты қызметкерлері де. Қаншама қауырт шараларды жүзеге асыру шарт, жаңадан құрылған ғылыми институттардың күн сайынғы зәру қажеттері — іс жөніне жетік қызметкермен көмектесумен қоса зерттеу жабдықтарын табуға шекті... Бір тәуірі, академияның сексен бес жастағы президенті В.Л.Комаров Қазақстандықтардың мұң-мұқтажын жақсы біледі. Оларды кезексіз қабылдайды және әрбір кездесуде: "Біз сіздерге соғыс жылдарында қарызданып қалдық, әсіресе қонақжай ізеттеріңіз үшін. Міне, енді соның есесін қайыратын кезең туды!" — деп өзіндеп отырып-ақ талай-талай күрделі мәселені оп-оңай шешіп береді...

Сөйтіп, әбігер жұмыстар соңында сабылып жүргенде көктемге де ілікті. Төрт жылдан бері бүкіл Кеңес халқы аңсаған, күллі адамзат зарыға күткен Жеңіс күні туды...

Қазақ елінің Жеңіс мейрамын қуаныштаған дүбірі басылмай-ақ тағы бір мерекенің хабары келіп қалды.

КСРО ҒА-сы 220 жылдығын салтанатты түрде атап өтпек. Мұндай келелі жиыннан жер-жердегі филиал база, бөлімшелер қалыс қала ма? Кім-кім, Қазақстандықтар бұл мерекеге қатысуға белсенді еңбегімен толық хақылы. Сондықтан да үкімет пен партия филиал құрамында жұмыс істейтін 50 ғалымды түрлі дәрежелі ордендермен, 25 кіші ғылыми қызметкерлер мен лаборанттарды медальдармен марапаттаған. ал филиал жетекшісінің жанқиярлық іс-әрекеті ҒА-ның әйгілі ғұламалары қатарында аталып, Ленин орденіне ие болған-ды (Қаныш Имантайұлы сол жылы ерекше еңбегі үшін "Ұлы Отан соғысының" екінші дәрежелі орденімен де марапатталған).

Қазақстанның ғылыми делегациясын Мәскеуге Қаныш Имантайұлы бастап барған. Қосымша міндет — Мәскеу мен Ленинградтың ғылыми мекемелерінің жұмысымен, құрамымен жете танысу. Бұл да ертеңгі ұлан-асыр жұмыстың қамы...

Т.А.СӨТБАЕВАНЫҢ естелігінен:

"...Академияның мерекелік мәжілісі маусымның орта кезінде, Үлкен театрда өтті. Қаныш Имантайұлы маған да шақыру билет әкел берді және өте жақсы орынға: үшінші ярустың бірінші қатары, төралқаға ұрымтал тұрған бүйір балкон. Көршіме қарасам — Михаил Калининевич Коровин, Том технология институтында өзімді оқытқан профессор, арада өткен жиырма жыл ешқандай өзгертпеген. Амандасып, шәкірті екенімді айтып едім, ұстазым үңіле қарады да: "Танямысың, әде Тася?" — деді. Сірә, уақыт көші мені көбірек есейткен, ал Таня деп отырғаны — жан құрбым болатын.

Партерге келе бастаған шетелдіктерді түстеп отырмыз. Көпшілігі қоңыр түсті атластан жамылғы (тори) киген... Бір мезетте шашы аппақ құдай кексе әйел ұзын бойлы, ашаң жүзді еркекті қолтықтап келіп, бірінші қатарға жайғасты. Сөйтсем, бұл екеуі есімдері дүние жүзіне әйгілі Ирен мен Фредерик Жолио-Кюрилер екен.

Салтанатты мәжіліс басталған соң құрметті төрде отырғандарды түстеуге көштік. Оның екінші қатарынан мен тағы бір ұстазым — Социалистік Еңбек Ері, академик Владимир Дмитриевич Кузнецовты таныдым. Ол кісі физикалық зертханада бізбен практика жүргізген-ді. Қасында өзінің шәкірті Қаныш Имантайұлы отыр. Михаил Калининевич оны да сау-

сағымен нұсқап: "Әне бір алпамса денелі, маңдайы қасқа, жүзі парасатты азиатты танысың ба — ол атақты қазақ ғалымы, менің сүйікті шәкіртім! Ұстазынан шәкірті озды деген осы, ол туралы естисің әлі!.." десін біржосын мақтаныш сезіммен және ерекше шаттана лепріп... Мен биязы жымидым да, шақыру билетімді көрсеттім, ал онда ... Сәтбаева деп жазылған-ды..."

Қазақстандықтар үшін дайындықтың ең қызу кезеңі туды. Жобада аталған институттар түгелдей құрылды: алайда көпшілігі қайда тізе бүгіп отырып, жұмыс істерін білмейді; институт директорының іс қағазы әдетте портфелінде жүреді; ақша құжаттарына басатын мөрі — есепшінің қалтасында... Тап болған қысылтаяң жағдайдан өздерінше жол қарастырып, институт директорларының кейбірі үкімет үйіне жиі барады, Қазақстан Қ(Ә)П Орталық Комитетіндегі лауазым иелерін де мазалайды. Ал, олардың да қалтарыста ұстап отырған үй-жайы жоқ; о күндегі Алматы жел бағытына орай жобаланған қиғаш көшелерде сан түзеген тоқал үйлерден тұратын-ды; дені екі қабатты; ал кеңсеге лайық ғимараттар сау-сақпен санағандай; солардың еңсесі түзулеріне үкімет кеңселері иіп тіресе орналасқан... Бір жылда шаңырақ көтерген он бір институтқа ең кемі төрт-бес ғимарат керек. Амал қанша, кейбіріне бес-алты ғылым ошағын тықпалауға тура келді.

Қаншама жанталасқанмен, Қазақстанның 25 жылдық мерекесіне орай ғылым ордасын ашудың ауылы қашық екендігін мойындауға тура келді. Алматыдағы ахуалмен есептескен КСРО үкіметі бұл мәселені кезекті мәжілісінде қарап, "Қазақ КСР-ның ҒА-сын құру туралы" қаулы (26 қазан 1945 ж.) қабылдайды. Сол құжат республика ғылым ордасын алдағы жылдың 1-маусым күні көтеруді міндет еткен...

Ш.Ш.ШӨКИННІҢ "ҰҒА-ның ғұмыр жолы" кітабынан:

"...1946 жылдың наурыз айында Госпиталь (қазірде Жамбыл атындағы) және Ұйғыр (бертінде А.Байтұрсынов аталған) көшелерінің қиылысына салынған 36-мектептің ғимараты басы бүтін филлалға берілді, бізге дейін онда әскери емхана болыпты. Әрине, үйдің қаңқасы ғана сақталған, тамтығы қалмай бүлінген күйде қабылдадық. Басшылардың нұсқауымен осы ғимаратты тез арада жөндеп, әжетке жарату міндеті маған жүктелді, қарауыма құрылыс мекемесі берілді.

Жұмысты екі ауысыммен істедік. Бояушы, сылақшылардың қарамы — 220 адам, барлық құрылысшыларды қосқанда — 300 кісі. Тәуліктің жиырма төрт сағатын сонда өткізетін

болдым, түнге қарай үйден алғызған темір кереуетке қисаямын... Республика басшылары күн құрғатпай келеді. Сәуірдің екінші жартысына ауған күндердің бірінде, сол жылы Қазақстан партия ұйымына бірінші хатшы бол сайланған Жұмабай Шаяхметов келді. Жөңдеу жұмыстарын көрген соң, риза болды білем: "Ертеде бір шал кемпірінен дамбадды тігіп болдың ба?" деп сұрапты, орашалақ бәйбішесі: "біттім, тек бауы мен ауы қалды" десе керек... Сендерде де солай екен", — дей тұрып, қасында жүрген құрылыс басшыларына қалған жұмыстарды аяқтаудың нақты мерзімін атап, қосымша тапсырмалар жүктеді.

Қаныш Имантайұлы да күн сайын соғып тұрады. Жөңдеуді біз Бірінші Май мерекесі қарсаңында бітірдік. Бұл ғимаратқа филиалдың алты институты орналасты: химия, энергетика, зоология, сынақшы биология, өлкелік патология, ботаника және микробиология секторы..."

Академияның ашылу салтанатына шақырылған құрметті қонақтар Алматыға 24-25 мамыр күндері келген-ді. КСРО ҒА-сы делегациясының өзі 19 адам, оның құрамында вице-президент И.П.Бардин бастаған кеңес ғылымының сол күндегі бетке ұстар жарық жұлдыздары, орыс ғылымының мақтанышы деп танылған саңлақ өкілдері бар, бұларды академияның төралқасы ресми атаған. Қазақстандықтар да өз тарапынан да бір топ ғалымдарды және Мәскеу, Ленинградтың және бірнеше ірі қалалардың, республикалардың қайсыбір ғылым-зерттеу институттарының жетекші қызметкерлерін шақырған. Олар болса республикадағы алғашқы білім ошақтарын ашуға қолғабыс еткен, енді бірі — Қазақстанда ұзақ жылдар қызмет істеп, ұлт кадрларын тәрбиелеуге, ғылымға баулуда еңбегі сіңген кәдірменді мамандар, енді бірі — күні бүгінге дейін аспирантураға жіберілген Қазақстандықтарды оқытып, ұстаздық етіп келе жатқан ғылым иелері.

Алматының іші-сыртындағы алма бақтарының гүл атып, мейлінше жасанған жайдары кезі. Күн өлі қызбаған шақ. Қала да ақ бас Алатау шыңдары көмкерген сұлу табиғаттың мейірлі құшағында, жасыл орманның қоршауында тұнып, ерекше жасанып, бар көркімен құлшырып, құшақ жайып тұрғандай...

Күллі қазақ елі туған жерінің кіндік қаласында ғылым ордасының шаңырағын көтеруге келе жатқан қадірлі меймандарын қуана қарсы алған. Пойыздан түскен сәтте-ақ гүл шоқтарын ұсынып, дос құшақтарын айқара ашып, қалтқысыз ашық көңілмен құшып, сөз бен жырдап шашу шашып, әр түрлі ізет-жоралғылар жасап құрмет білдірген. Тау баура-

йындағы ең жақсы демалыс үйлеріне орналастырып, шын жүректен пейіл бідіре күткен-ді.

Келесі күні-ақ комиссия мүшелері мен ресми қонақтар болашақ академияның ғылым ошақтарымен таныса бастады.

Сол қарсаңда филиалда 17 ғылыми-зерттеу институты мен 11 сектор жұмыс істейтін. Оларда бір мың алты жүздей адам еңбек етеді. Бұлардың тоғыз жүзден астамы ғылыми қызметкерлер. Ірі өндіріс орталықтарында ғылыми жеті база ұйымдасқан. Барлық институттар мен секторларда өздерінің өсу жолын, зерттеу тақырыбын, оның нәтижесін бейнелеген көрсеткіш тақталар, әр қилы диаграммалар, фотоальбомдар, арнаулы көрмелер қойылған. Ал геологиялық ғылымдар институтында минералогия мұражайы ашылған. Оның тас мұрағаттары Одақта ғана емес, дүние жүзілік асыл тас көрмелерінің қайсысымен болсын таласқа түскендей, қазақ даласының табиғи минералдар қорын бейнелейді. Қаланың қақ ортасындағы Шевченко мен Артиллерия (қазіргі Құрманғазы атындағы) көшелерінің аралығындағы алаң биік дуалмен қоршалып, академияның бас ғимараты тұрғызылатын орын деп жарияланған...

В.А.УЛЬЯНОВСКАЯНЫҢ естелігінен:

"1939 жылы Қазақстанға тұңғыш келгенімде көргеніммен салыстырсам — өзгерістер, шынында да, таң қаларлық. Рас-ау, сол кезде маған біреу алты жылдан соң филиал осындай түбегейлі өзгеріске ұшырайды, керемет өседі десе — сенбеуім хақ...

Үшеудің орнына — 78 ғылым докторы мен профессор! Он адамның ғана кіші ғылыми атағы бар еді, ғылым кандидаттарының өзі жүзден астам. Олардың дені жергілікті ұлт өкілдері. Архирейдің кеңсесіндегі жұпыны үйде филиалдың барлық секторлары емін-еркін сыйып отыратын еді, оңда еңді бір ғана ГФИ қалыпты. Ал өзге институттар үлкен-үлкен алты ғимаратқа орналасқан. 1939 жылы елу пайыз қана орындалған зерттеу жоспары да ғылымның түрлі саласына жіктеліп, терең де пәрменді іздеулермен ұштасқан... Осы игіліктің басы-қасынан Қазақ республикасының зерек те алғыр, аса ізетті басшыларын көремін. Бәрінен де бұрын әрқашанда тыным көрмейтін, бірақ соншама парасатты Қаныш Имантайұлының жарқын да келбетті, жігерлі тұлғасын танимын..."

1946 жылдың бірінші маусымы, ертеңгілік мезгіл. Қазақстан зиялыларының таңдаулы өкілдері — ғалымдар мен әдебиет, көркем өнер қайраткерлері, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының озаттары мен жетекші мамандары — Қарағанды

мен Жезқазғанның, Ембі мен Кенді Алтайдың, Балқаштың жұмысшы делегациялары, Алматыдағы жоғарғы оқу орындарының оқытушылары, жауапты партия қызметкерлері, Мәскеу мен Ленинградтан, Орта Азия республикаларынан келген ресми қонақтар Абай атындағы академиялық опера және балет театрының залына лық толған. Шынында да, бұл — қазақ елінің рухани өмірінде бұрын-соңды болмаған ұлы оқиға! Қандайда зор мерекеден асып түскендей тарихи елеулі кезең!

Құрметті төрде республиканың үкімет пен партия басшылары, өсімдері дүние жүзіне, Одаққа әйгілі қонақ академиктер, ҚазФАН-ның жетекші акадасы...

— Қымбатты жолдастар! Біз бүгін тарихи мәні ерекше зор, бөрімізді бірдей тебірентер ұлы оқиғаға куә болып отырмыз. Біз бүгін Қазақ Кеңес Социалистік Республикасының Ғылым академиясының шаңырағын көтеруге жиылдық... — деп бастады салтанатты мәжілісті өзірлік тобының жетекшісі Нұртас Дәндібайұлы Оңдасынов.

Одан соң мінберге Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің хатшысы Мұхамеджан Әбдіхалықов шығып, Қазақ республикасының дербес ҒА-сын құру туралы тарихи қаулыны жария етті. Тағы бір үкімет мүшесі академияның алғашқы құрамын атады: республиканың маңдай алды 30 ғалымы ғылым ордасының толық және корреспондент-мүшесі атаыпты.

Мерекелі жиынды жүргізуші сөз кезегін ҚазФАН төрағасы Қ.И. Сәтбаевқа ұсынады.

— Ғасырлар бойғы ұзақ тарихында қазақ халқы қилы замандарды басынан кешті. Бағзы бір уақыпта ол сәулетті шаһарға, сан алуан кәсіпке ие, Батыс пен Шығыс аралығында алыс-беріс жүргізген іргелі ел еді. Қалалары да жүзіктің көзінен өткізгендей әдемі болатын: Тараз, Алматы, Түркістан, Отырар, Сығанақ, Шаш... деген бейнелі аттарының өзі-ақ көп жәйтті аңғартқандай; оларда білім ошақтары өркен жайды, мешіттермен қоса ғылым сарайларынан да кенде болған жоқ. Ал халқымыз өз еншісіне тиген ұшы-қиырсыз кең даланы иемденіп, төрт түлік мал өсіріп, емін-еркін өмір сүрді. Сөйте жүріп бүкіл адамзат өркеніетінен өзіне лайық орнын таба білді, ілгері дамудан да кенже қалмады: бұған дәлелге аса құнарлы ән мен жыр қорын айтсақ та жеткілікті; ән ғана емес, күй де шығарды, батырлар жыры, халықтық эпос, аңыз-дастандары, ертегі, жұмбақ-жаңылтпаштары қаншама; бізде фольклордың алуан түрі қорланған; ең ғажабы, осының бәрі бірді-екілі, жинаушы-зерттеушінің ұқыпты еңбегімен емес, ұрпақтан ұрпаққа мирас боп көшкен өнер иелерінің — ақын, жырау, әнші, күйшілердің жады арқылы XX ғасырға жетіп отыр...

— Енді сіздер күллі өмірі табиғат аясында, тіршілігі де өзін қоршаған жаратылысқа бейімделіп, айналасындағы жан-жануар өлемі мен табиғи өсімдіктер дүниесіне жанасудан қалыптасқан жұрттың түйсік-түсінігіне зер салып қараңыздар: қазақтың естияр қариялары тәңгішген сұрасаңыз — өсімдіктің мыңдаған түрін түстейді, әрбірінің атын ғана емес, пайда-залалын, шипалық қасиетін, қайда өсіп, қашан гүлденіп, иә солатын мезгілін де ғылым иелерінше сипаттап бере алады; ғажап аңғарымпаздық емес пе?!.. Немесе біздің халықтың жер танығыштық қабілетін алайық: өсіресе қайсыбір атауларды байырғы географ, геологтарды таң қалдырып, ғылыми дәл және асқан көрегендікпен атап, ой-қырын, келбет-түсін ғана емес, қойнындағы асыл қазынасын бейнелі сөзбен нұсқап беруі, мені, кен іздеуші ретінде талай мәрте тәңгі еткенін мойындауға тиіспін... Ал, туған жұртымның мал бағу кәсібін, оның тұқымын жетілдіру, індегке ұшырағанын емдеу тәсілдерін шұқшия зерттеген ғалым-зоотехник, ветеринар мамандар аса пайдалы үлгі-өнегеге жолығары сөзсіз. Сондай-ақ біздің құсбегілердің қыран құсты қолға үйрету тәжірибесі, оның бап-күйін келтірудегі таңғаларлық әдістері. Болмаса атбегі қарттардың бөйге атын баптау өнегесі... Осының бәрі қазақ халқының ғасырлар көшінде тоқтап қалмай, үнемі рухани өсуде болғанын, адамзат игілігіне асар ұлағатты тағылымдар жинақтағанын, демек, оның өткен тарихынан, тұрмыс-тіршілігінен де ғылыми сұрыптау, зерттеу арқылы талай-талай игі өнеге, кәдеге асар істер табуға болады...

— Қазақ халқы, Кеңес Одағындағы барлық ұлттар сияқты, өте қысқа мерзімде ғасырға паралап дамуға түсіп, қазір де өркениеттің алдыңғы шебіндегі жұрттармен теңелді. Бұл үшін біз Коммунистік партияға, оның көреген көсемдеріне қарыздармыз... Соның арқасында бізде қазір ғылыми ұжымдардың іргесі қаланды, көркейген әдебиеті бар, барынша өркен жайған өнер ошақтары қаз тұрды. Кәсіби тірлігіміз де сан тарам өсіп, өр алуан шаруашылық пен өнеркәсіп түрлері қанат жайған, бағзы бір кезеңдерде құрып кеткен, топырақ астында қалған білім сарайларының үстінен ғылым ордасын қайта көтеріп отыр.

...Әлбетте, алқалы топ алдында айтары мол, мәнді ойын нақты айғақ, биік мұраттармен, қажет жағдайда асқақ қиялмен де өрнектеп, тыңдаушы жұрттың құлақ құрышын қандыра білетін қайраткер жан бұл жолы да ежелгі қалыбынан жаңылған жоқ. Жатса-тұрса ойынан кетпей, күнді түнге жалғап, жарғақ құлағы жастыққа тимей, тынымсыз қамқарекетке түскен арман ісі жайында, оның бүгінгі тынысы

мен ертеңгі өрісі хақында, ту алыстағы көкжиек пен қол созым берідегі міндеттерін ғылымның сан-салалы жүйелері бойынша даралап та, саралап та айтып берді. Осы жолда өзі кешкен көп бейнетінің төлеуіндей сол күні зор құрметке боленіп, туған халқының күллі оқымысты қауымының, рухани даму жолындағы елінің де атынан сөз ұстап, асқақ көңілі ерекше өрлеген айшықты бақыт сәтін кешіп тұрса да, ежелгі кішіпейіл, мен демейтін қалпынан өзгерген жоқ, байсалды да парасатты әдебінде қалды.

"Қазақстан ғылымының бүгінгі ахуалы мен келелі келешегі" деп атаған баяндамасын бір сағатқа жетер-жетпесте бітіріп, сарт-сұрт қол соғып, қошамет білдіргендерге иле ізет жасап, төралқа қатарындағы орнына бет алды. Дәмді сөздің тәттілігі мен сезімді қозғаған әсер-қуаты әлсіремей тұрғанда, дер кезінде бітіргені де жарасымды болды...

Әрине, ғылымның жаңа ордасын көтеру салтанаты, сол күндегі әрбір жетістікті барынша дабыралап өткізу дәстүріне орай, әлденеше сағатқа созылған. Мәскеу, Ленинград, одақтас республикалар астаналарынан арнайы келген ғылыми делегация басшылары мінбеге көтеріліп, тыңдаушы қауымды шексіз тәтті еткен жан тебіренерлік лебіздер айтқан. Жас ғылым ордасына игі тілектер білдірген...

Мерекелі жиынның елеулі оқиғалары маусымның 3-7 күндері аралығында, үкімет үйінің мәжіліс залында шақырылған жас академияның ең алғашқы жалпы жиналысы мен тұңғыш ғылыми сессиясы үстінде болған. Сол жиынға қатысушылар Қазақ КСРО ҒА-ның ірге көтеруіне еңбек сіңіріп, жан-жақты ізденістер бастауына септігі тиген орыс ілімінің С.И.Вавилов, И.П.Бардин, В.А.Обручев пен И.И.Мещанинов сынды салауатты өкілдеріне шексіз ризалық білдіре отырып, оларды өз құрамына бірауыздан құрметті мүше етіп сайлаған.

Бұдан әрі мәжлісті басқару тізгіні Қазақстандық академиктердің сол күндегі кексесі, белгілі жұлдызшы Габриил Адрианович Тиховқа тиеді.

— Қымбатты жолдастар, академиямыздың тұңғыш президентін сайлауымыз керек. Кімде қандай ұсыныс бар? — деп залға еміне қарайды.

Биология ғылымының докторы, профессор, бұрнағы күні тұңғыштардың қатарында жас академияға толық мүше боп сайланған Илларион Григорьевич Галузо ынта білдіріп, мінберге келді де:

— Қымбатты әріптестер, кеше ғана сайланған бір топ академиктер атынан Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш президентіне бәрімізге жақсы таныс, қадірменді әріптесіміз,

ғылыми ақыл-ойының тереңдігі мен ерекше сонылығы бізді әрдайым таңғалдырып, әрі сүйсінтіп жүрген айтулы замандасымыз, КСРО Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, коммунист Қаныш Имантайұлы Сәтбаевты ұсынамын, — дегенде залдағы көпшілік дүркірей қол соғып қуаныш білдіреді.

Одан кейін мінбеге тілші, әдебиетші, тарихшылар мен қоғамдық ілімдер өкілдерінің атынан академик М.О.Әуезов шығып, ол да Семейдің мұғалімдер семинариясында оқыған кезінен өзіне етене таныс, үзеңгілес әріптесі һәм білімпаз тұрғыласын бейнелі теңеулермен бипазадап, сылап-сипап, небір қанатты сөздермен үкілеп тұрып, ақырында: *"Кім-кім, дәл бүгінде Қазақстан ғылымын Қаныш Имантайұлынан асырып, ілімнің бар саласын өз ділінде танып-білер, әрі жете түсінер, демек, сәтті басшылық жасар үздік ғалымды өз ба-сым білмеймін... Сол себепті, қымбатты жолдастар, осындай дара дарын иесінің өз ортамыздан шыққанына тәубә дей тұрыш, бір адамдай дауыс беруге шақырамын!"* — деген-ді.

Осы ұсынысты қолдап, Жер ілімдерімен шұғылданатын ғалымдар атынан Н.Г.Кассин және Н.В.Павлов сөйледі. Бұра тартқан бөгде пікір туған жоқ, өзге үміткерлер де аталмады.

Жабық сайлау нәтижесі де жұрт күткендей болды. Қарсы болған, қалыс қалған да бір жан жоқ. Бұл хабарды да залдағы көпшілік қол соғумен қарсы алып, қуаныш білдірді. Жиналысты басқарушы Габриил Адрианович әріптестерінің дүрлігуін әрең басып, Қазақстан академиясының тұңғыш президентін бірауыздан сайлануымен құттықтады да, мінберге шақырды.

Байсалды, парасатты дегенмен, жан-дүниесі тебіреніп, көңіл шіркін шарқ ұрған айтулы сәтте Қаныш Имантайұлы бұрынғыдан бөсеңде көмескі үнмен "Ым-ымдап" кібіртіктей бастап, іле тамағын кенеп жігерленіп алды да, өзіне зор сенім, әрі құрмет көрсетіп, ауыр міндет артқан әріптестеріне рақмет айтты, ел үмітін ақтау жолында бойындағы күш-қуатын аямай сарқа жұмсайтынына иландыра сөйледі... Бірге-бірге үні ширап, тілмәр шешен машығына түсіп, сөреге жақындаған сайын суырыла шыққан бәйге атындай дараланып, ой сеңгірін төпеді.

— Кеңес халқына жүктелген ұлы міндеттер ғылым иелерінен орасан зор жігер-қайрат, қыруар еңбек, жарқын ерліктер талап етеді... Біз әрқашанда өмір талабына сай ізденіс жасауға тиістіміз. Халық шаруашылығының өркендеу жоспарының орындалуына, оның аршын адыммен алға басуына өнеркәсіп ұжымдарымен бірге біз де жауаптымыз!.. Сонымен бірге әрбір ғылым саласы күнбе-күнгі күйбең тіршілік тауқыметі тоңірегінде қалып қоймай, түбегейлі зерттеулермен, ілімнің алдыңғы шебіне шығаратын теориялық іргелі

жұмыстармен де шұғылдануды мұрат етсе игі! Түптеп келгенде, бұл Қазақстан ғылымының өрісін кеңейтеді...

— Ғылымға аспирантура, докторантура арқылы келу — бірден-бір төте жол болып, дәстүрге айналды. Бұл негізінен дұрыс та, бірақ диссертация қорғап, мүдделі атаққа жету — ғылым үшін үнемі пайдалы шара емес. Нағыз ғылым жолы — ел қадесіне жарарлық жаңалық ашып, оның шаруашылыққа тигізер әсерін күшейту, ілімді алға сүйреу болмақ. Ғылым жалған мадақты сүймейді, ғылымның биік сарайына біреуді жақсы көріп, иә соған жалпақтап жүріп кіре алмайсың. Ғылым бымырашылдықты, бос мақтан даурықпалықты, өтірік мәлімет, өсек-аянды, көрсеқызарлықты да көтермейді. Оған түзу ниет, таза жүрекпен бару керек. Ұлы Абай айтқандай: "Біз ғылымды сатып, мал іздемек емеспіз!" Бұлай істесек — өзімізді ғана емес, ел сенімін алдап, ертеңгі шығар тауымызды аласа еткеніміз, асыл ниетті қорлап, жермен-жексен еткеніміз. Ғылым әріптестерімді мен кішіпейіл болуға, табысқа бас айналмай, бос мақтан, жел сөзге елікпей, әлеумет үшін зор жұмыстар істеуге, ел есінде қалатын тарихи ұлы игіліктер тұрғызуға шақырамын!..

Сол жылғы көктемде Қаныш Имантайұлының жасы қырық жетіге толған-ды. Ел ағасы атанған, ақыл-ойы кемеңгерлікке ауған шабытты кезі. Ғылымдағы дара салмағы да ерекше сараланып шынайы ғұлама деп танылған, өнер-дарыны туған халқын шексіз сүйсінткен айшықты жылы. Жұлдызы биіктеп барынша жарқырап шыққан шақ!

Жыл басында (ақпан, 1946) өткен бүкілхалықтық сайлауда КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланған. Сегіз айдан соң, 30 қарашада өткен кезекті жиында мерейі тағы да үстем шығып, КСРО Ғылым академиясына толық мүшелікке жетті. Бұл да нұр үстіне нұр болған игі іс, Қ.И.Сәтбаевқа дейін бірде-бір Шығыс перзенті жетпеген жетістік, шықпаған ғылым шыңы.

ТҰМАНДЫ АЛЬБИОН ЕЛІНДЕ

1

Елден шыққалы айдан асты. Ақ бас Алатауда, алмалы Алматы да алыста. Ұзақ сапарға шығуы бір бұл емес, Кавказ бен Қырымға асып кететін, Ленинград, Свердлов, Сібір мен Украинаның қалаларын да талай аралаған. Москвада айлап

жатып, тіпті қыстап қалған жылдары да болған. Бірақ соның бірінде де туған жерін нақ осы жолғыдай аңсаған емес. Әлде тұманы еңсені басқан бұлыңғыр көктемнің әсері? Бәлкім, бөгде елді бөтенсуден шығар?..

Әрі-сәрі күйде жатып қиял жетегіне ерік берді: дала кезін жүрген сияқты, сахараның дару самалын құмарлана жұтқандай; биік тау басынан, әлде тұрықты шоқыдан шартарапқа шола қарайды... Таң кылаң бере оянған. Отельдің оңаша бөлмесі тылсым тыныштықта мүлгін тұр. Күлгін түсті қағаз жапсырылған күңгірт қабырғалар да қалғи бер деп қабағын еріксіз жапқандай. Бірақ ұйықтай алмады. Әрлі-берлі аунап біраз жатты да, тұрып кетті.

Ағылшын жұртының атақты астанасы бүгін де кіреуке тұманның кілегейдей қою тұмшалауына түсіпті. Алыпқашпа жүйрік қиял ғалым көңілін алабұртып, көз алдына Ленинградтың ақ түндерін елестетті. Онда да нақ осылай, терезе алдында, сүттей ақ түнге телміре қарап ұзақ тұрушы еді. Ал қазір таңырқаудан гөрі жабырқауы басым:

Ойына Сарыарқаның ақ жанбыры оралды. Кәдімгі бір жауса күні-түні толастамай сіркіреп тұратын даланың ақ жауыны. Соның астында тұрғандай елес тұла бойын кенет шарпып өтсін. Желкесінен саулаған жаңбыр тамшылары арқа жонын аралап бара жатқандай, мұрнына жусан ісі келгендей, көңілдегі іңкәр тілек те: "Құйшы бір осылай, жауып өтші аянбай!" — деп тілегендей. Не жаумай, не тарқамай, неше күннен бері түнеріп тұрған тұманды альбион елінің тұнжыр аспанына білдірген назы еді бұл.

Кәсіпшілер одағының Орталық Кеңесінің төрағасы В.В.Кузнецов бастаған қарамы отызға тарта, кілең Жоғарғы Советтің депутаттары делегациясын Лондонға келген бетте Ұлыбритания үкіметінің премьер-министрі Эттли қабылдаған. Бұл болса ресми қабылдау, қалыптасқан қасаң рәсіммен өткен сұхбат үстінде не білесің? Ағылшын елін білу үшін аралау керек, сол жұрттың үлкен-кішісімен аз да болса жанасу шарт...

Лондонмен танысуды қонақтар В.И.Ленин тұрған жұпыны үйді көруден бастады. Одан соң К.Маркстің моласына барып гүл қойды. Ағылшын жұртының ұлтшатымен көргендері де аз емес: қорольдер резиденциясы — Тауер замогы; оның Ақ мұнарасындағы орта ғасыр рыцарьларының сауытсайманы. Генрих VIII-нің екінші әйелі Анна Болейн өлтірілген (королева Елизаветаның анасы) тарихи бөлме; әулие Павел соборы, оның қасындағы фашистер бомбалауымен күл-талқаны шыққан парламент үйінің қалдығы...

Күллі дүние жүзінің мәдениеті мен ұлы өнерінің небір асыл мұралары сақталатын Британия мұражайын көру қонақтарды риза етті. Әсіресе ағылшын жұртының өткен тарихына ұқыптылығы, ұлттық дәстүрге беріктігі, тарихи ескерткіштерге, ұлы адамдарының мұрасына деген ілтипаты ерекше сүйсіндірген: 1912 жылы Оңтүстік полюске жетіп, қайтар жолда мерт болған капитан Скоттың мұражайға қойылған жолжазбасының соңғы бетіне ержүрек саяхатшы: *"Осы күнделігімді әйеліме тапсыруды өтінемін"* — деп жазыпты да ақырғы сөзді белінен сызып, *"жесіріме"* деп түзетінті: немесе адмирал Нельсон Трафальгар ұрысында мерт болған "Виктория" кемесінің Портсмут айлағында қаз қалпында сақталуы; корабльді күтімде ұстайтын матростардың Наполеон Бонапарт заманын еске түсіргендей көне үлгіде киінуі... Делегацияның ғалымдар тобы Оксфорд пен Кембридж университеттеріне барып қайтқанды. Мұнда да әркез ағылшындар ескі ғұрыпқа беріктігінен айнымапты: Ньютонның зерханасы иесі қалдырған күннен титтей де өзгермеген...

Британия мұражайын аралаған күні Қаныш Имантайұлы ағылшын саяхатшысы Томас Аткинсонның 1858 жылы Лондонда басылған кітабын көргенді. Қазақ даласынан көрген білгенін, оның тұрғындарының тұрмысы мен әдет-ғұрпын, көшпелі тірлігін, табиғаты мен табиғи байлығын тәптіштей жазып кеткен саяхатшының күнделігі түрлі түсті литографиялық суреттермен безеніп, тамаша басылған екен, сақталуы да ғажап. Сатып алуға қызыққанымен, кітаптың екінші данасы табылмады (Бірақ елге келген соң Ленинградтағы М.Е.Салтыков-Щедрин атындағы мемлекеттік кітапхананың сирек кітаптар қорынан тауып, көшірмесін Алматыға алдыртты).

Ірі өндіріс орталықтары Ньюкаль мен Шеффилд қалаларын көру, әсіресе соңғы шәрдің болат құюшы шеберлерінің өнерімен танысудың аяғы кабинеттегі қабылдауға ұласты. Қала мэрі әрбір қонаққа Шеффилд ұсталары соққан, сабына әрқайсысының есімдері жазылған қарындаш ұштайтын әдемі кездік сыйлады. Ғалымдар тобы көне Уэльске барып, орта ғасырдан көмір шығарып келе жатқан Кардив қазанауыз шұңқырларын да көріп қайтты.

Қалайда бір айда аралаған жерлері аз емес: Лондонның інісырты — Гайд-парк, Ұлттық галерея, Сити мен Пикадилидің көрікті жайлары, Вестминстер аббаттығы; Эдинбург пен Стратфордтың атақты орындары, Вальтер Скоттың ескерткіші, Шотландиядағы Стерлинг замогы, Мария-Стюарт тұрған сарай-

лар, Айрширдегі Роберт Бернс ақынның сабан шатырлы жұпыны үйі, әйгілі Ковент-Гарди театры, оның корольдер ғана тыңдайтын операсы, Пайнвудтағы киностудия... Бәрі де Кеңестер одағының парламент делегациясына айшықты қақпаларын айқара ашып, ескілі-жаңалы тарихтарын, аңыз-ертегілерін жырдай шертіп, ізет көрсеткен. Қысқасы, әрбір сағаты мен минутына дейін есептеулі, бар уақыт кестеге тізулі күндер мен түндер бір-біріне жалғасып жатқан...

Таңертеңгі ас үстінде делегация мүшелеріне күндізгі бағдарлама жария етілді. Темза бойымен серуен жоспарланған екен. Ал қайсыбір қонақтарға дербес саяхат ұсынылады...

— Мистер Сатпаеф, сіздің тілегіңізді кен компаниясы қош көрген. Қашан баруды қалайсыз? — деп сұрады үкімет шеңуенігі.

"Жер шарының қақ жартысына жуығына талай заман иелік еткен, тіпті қанды шеңгел тырнағын қиырдағы қазақ даласына дейін батырған Британия Корольдігінде болып, оның минералдар көрмесін көрмей, таныспай кетуім жөн бе?" деп ойлаған ғалым-геолог, жолбасшы болып жүрген үкімет адамына бұрнағы күні тілек білдірген. Сонда-ақ ол: "Оқу орындарындағы болмашы минерал үлгілері сізді қызықтырмас. Ал кен өндіруге кәсіптенген компаниялардың бірімен тілдесіп көрейін" — деген-ді.

Қисыны келіп тұрған шаруаны қазақ ғалымы кейінге қалдырғысы келмеді. Бүгін-ақ баруға өзін екендігін қуана білдірді.

Оны қабылдауға келіскен "British South Africa Company" деп аталатын (Британияның Оңтүстік Африка компаниясы) кәсіпшілер қоғамы екен. Шетелдік қонақты ізетпен қарсы алған директорлардың бірі компанияның елу-алпыс жылдық тарихы мен бүгінгі хал-жайын қысқа ғана айтып берді де:

— Кен үлгілерінің қайсыбірін табиғи қалпында сақтайтынымыз рас. Бірақ оны минералогия музейі деуге болмайды. Компания мамандары, тегінде, ғылым үшін емес, акционерлерге көбірек пайда түсіруге қызмет етеді, — деді биязы езу тартып. — Біздегі азын-аулақ минерал қорына ілтипат білдіргеніңізге рақмет, Сатпаев мырза. Мистер Билли сізге соның бәрін де көрсетеді.

Кабинеттегі әңгіменің бас-аяғы осымен бітті де, әлгі қызметкерге еріп, тас ғимараттың төменгі қабатына түсті. Кен

үлгілері еңселі де жарық, кең мәжіліс залына ұқсаған ұзынша зал-бөлмеге орналасыпты. Төрт қабырға түгел — шынылы шкафтар, ортада — жарыстыра қойылған ашық-жабық тағандар. Бәрі де неше алуан жыныс үлгілеріне толып тұр: бағасына пұл жетпес небір асылдар қаз-қатар сап түзеген; түр-түсі қаншама мол болса — жаралутектері, шыққан жерлері де соншама өзгеше; әрқайсысы өзінше дара, кескін-келбеті бір-біріне ұқсамаған ғажап минералдар...

Ғалым дән риза болды. Таскөмір мен болмашы темір кендерінен өзге қазба байлыққа жұтаң арада, әрі қуықтай тараң жерде мың жылдан астам уақыт қоныстап, ақырында Орта ғасыр заманынан беріде рухани күрт көтеріліп, халқы да керемет өсіп-өнген тарихын жас күнінен білетін, кейбірін соның осы жаққа жүрерде қайыра пысықтады. Ағылшын елінің өнеркәсіп тарихы да ежелден мәлім, әсіресе жұтқынына қанша көмейлесе де қанағаты жоқ жыртқыш арыстанның айбынды бейнесін мемлекеттік гербіне таңдаған Британия жұртының қомағай пиғылы туралы да естігені аз емес; мына компания болса — сол арыстанның ұябасар күшігі тәрізді, өресі жеткен жердің небір асылын талғамай тартып ала берген бе дерсің... Байырғы геологтың кәнігі көзі залда тұрған минерал үлгілерінен Африка ғана емес, Азия мен Еуропаның, тіпті Америка құрлығының да небір асылдарын ұшырастырды. Өзіне бұрыннан таныс үлгілердің жазбаша түсінігін оқымай-ақ айырып, қызыға қарап келеді. Қайсыбірінің аддына көбірек тоқтайды, қайсыбіріне шұқшия қарап, түсінік сұрайды. Енді бір мезгіл минералдармен ғана тілдесіп, солармен ғана сырласқандай әлпет танытып, тымтырыс тамашалайды. Компания қызметкері де биік мәртебелі қонақтың көңіл күйін ұққандай, аса білгішсініп қазымырлық танытпады, түсінігін шақтап сөйледі...

Содан бір уақытта, ортаңғы ашық тағандағы ат басындай табиғи тұнба мыстың қасына келген сәт еді бұл, қарғіз мейірман қалт тұрып қалды. Билли мырза оның кідірісін өзінше түсініп, алдындағы көрме залының қымбат минералы — қызғылтым хреозолит екенін, ал соның қасындағы аппақ, аршын төс мұрағат — Амазонка ағаты деп түсіндіре бастаған. Екі тас та жаңа аққан қандай алқызыл нұр шашып көз тартады.

— Ал мына кесек мыс — Трансваальдың табиғи мысы...

Сонда ғана ғалым "Сіз не айттып тұрсыз?" дегендей жол бастаушы серігіне жалт қараған-ды.

— Иә, бұл — Трансвааль мысы!...

Қанып Имантайұлы басын шайқады, мұны да еркінен тыс,

әлденеге наразылық білдіргендей кілт тіксінген шыраймен жасады да, табиғи мыстың түбінде жатқан қатырма қағазға еңкейді. Ағылшын тілінде орысшадай жетік сөйлемесе де, техникалық әдебиетті өз бетінше оқитындай сауаты болатын, әмбе осы елге жүрер алдында ағылшын тілінің мұғалімінен бірер ай қосымша сабақ алған... Қағаздағы жазу да жолбасшының сөзін растады. Бірақ әлденеге шүбәланды ма, ат басындай кесек мұрағаттан көзін аударып алсайшы: табиғи мыстың қарамы едәуір болғанмен — бітімі тұтас емес, әсіресе үстіңгі беті шырша шашақтанып сирей жаралған; қызметкер ұсынған үлкейткіш шынымен үңілгенде ғана аңғарды — самородоктың әр жеріне мысқа құнарлы халькозин минералы, қиыршық сұртас жабысқан екен. Қонақтың күдігін сол тарқатты: басқа кеніште нақ осылай табиғи түсте кезікпейтін, өзге кен орнында мұндай жаратылыспен бітпейтін, өзіне ежелден таныс, мысқа қанық құмдауықта ғана болатын белгі...

— Мистер Билли, мына үлгінің тұрағына шүбәм бар, — деді сыпайы езу тартып, әр сөзін бірақ ойлана, нықтай сөйлеп. — Бұл кесек мыс — қазақ даласының қазынасы.

Осы мезетке дейін әдепті кісі сияқтанып, тек қана ізет білдіріп келе жатқан қызметкер шаншу тигендей тыжырынып, мейман сөзін шам көрген қылық танытты.

— Мистер Сатпаеф — білгір геолог, тіпті бұл ілімнің докторы, академигі деп естіген едім. Байқаусызда дәрежесіне тиіп тұрсам, ғапу өтінемін, — деді маңғаз шыраймен. — Бекер күдіктеніп тұрсыз, бұл — Трансвааль мысы!

Соңғы күндерде көңілі әлденеге мазаланып жүрген ғалым, туған даласының ат басындай қазынасын көргенде, біржосын мерейленіп қалған-ды. Көзтаныс мыс кесегі жан-дүниесі елжіреп кетіп еді. Соны енді тәкаппар қылықты ағылшын инженері бекер деп, әмбе өзінің ғылыми танымын қасақана әжуалап тұрғанда, төзе алмады.

— Мен де артық айтсам, Билли мырзадан ғапу өтінемін. Солай деп тура аударыңызшы, — деп тілмәшқа бұрылды. — Бұл самородок қазақ даласында жаралған. Алынған мекенін де айтайын... "Джезь-Козгань" дейтін-ді бұрын. Ағылшын кәсіпшілері Жезқазғанды өте жақсы білген. Лондонның "Atbasar Joint Stock Company of Copper Mine", бізше айтқанда, "Атбасар мыс кендерінің акционерлер қоғамы" онда осы ғасыр басында бірнеше жыл кен қазған...

Компания қызметкері дауласқан жоқ. Қайта тезірек ұмытқысы келгендей ыңғай байқатып, қазымырлық танытқан қонағын келесі тағанға жетеледі. Ал онда Қаныш Имантай-

ұлы бұрын көрмеген, бірақ көргісі келген, тіпті осы көрмеге сұранған себебі десе де болғандай, өзгеше минералдар тобы көздің жауын алып тізіліп тұрған-ды: Н'Чанга кеннің сарғыш нәдді халькопириті, Роан-Антелби кеніндегі ұсақ құмдауықпен қоса түзілген жез таңбалы халькозин, Терістік Родезияда ғана кездесетін бірнеше мыс минералдарының шоғыры — бәрі де Орталық және Оңтүстік Африканың жер қазынасы... Бұлар жайында қазақ геологы ағылшын, бельгия әдебиеттерінен ертеректе көп оқыған, бірақ қолына ұстап көрген емес. Ал тегі жөнінен олар Жезқазған кендерінде кездесетін мыс минералдарымен өте ұқсас-ты, тіпті геологиялық бір дәуірде жаралған деген пікір де айтылып жүрген.

— Ғапу етіңіз, бұл минералдарды көруге мен аса ынтық едім, — деп ғалым шынын айтты.

Били мырза бастапқы ізеттілігіне қайта түсіп, кеңес академигі атаған минералдарды блокнотына жазып алды...

II

Кеңес Одағының парламент делегациясын келесі күні Уинстон Черчилль қабылдады. Ресми емес, ағылшын ақсүйегінің қарапайым ізеті деп шақырған. Бұлай дейтін себебі: жуықта өткен сайлауда оның партиясы жеңіліске ұшырап, әйгілі қайраткер үкіметті басқарудан оппозицияға шыққан... Қабылдау ресми болмаған соң оған делегацияның барлық мүшесі емес, бір топ ғалымдар мен әдебиетшілер және делегация басшысы ғана барған-ды. Танысқан сәтте-ақ дипломатияның ежелгі сырттаны ақ жарқын шыраймен: "Еш нәрседен қымсынбай, ресмилікті ұмытып, еркін болыңыздар. Аспен вискиге де орыстардың шабуыл кезіндегі пәрменді екпінімен кірісіңіздер!" деп әзіл айтқан. Бірақ экс-премьердің кеңкілдеген күлкісінің астарында аярлық тұрғаны анық. Кешегі алапат соғыста күні үшін дос болып, ортақ жауды құртуға атсалысқан сәрдің жуықта ғана Фултонда өткен үлкен жиында өз ниеттестерін "қызылдар екпінін" тоқтатуға шақырып, "қырғи қабақ" соғыс жария еткені мәлім... Содан ба, сұхбат шырайы шу дегеннен жараса қоймады. Үй иесі қонақтарды құттықтап, ашық-жарқын лебіз білдірді. Кеңес делегациясы атынан Украина ақыны, академик Микола Бажан жауап сөз айтып, екінші дүние жүзілік соғыста одақтастар әскерінің жеңілуіне белсенді қарекетімен айтарлықтай үлес қосқан, Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері Мэри Черчилльді құттықтап, дастарқан иесіне зор денсаулық, баянды бақыт тіледі.

Екі жақтың бір-біріне ықыласы осымен-ақ төмам болып, өзара сыпайылық танытқан, артық-ауыс сөзге баспаған қоңыр салқын өуенге көшкен. Қабылдау дәстүрі де тым одағай да қораш еді, ортада үстел, орындықтар да жоқ-ты. Қабырғаны жағалай креслолар қойылған, даяшы қыдыртқан арбадан әркім өзіне керекін құйғызып алады да, көңілі қош көрген кісімен сұхбат құрып тұра береді...

Қаныш Имантайұлы делегация құрамындағы үш ақынды (Константин Симонов, Самед Вургун және Микола Бажан) "Кеңес поэзиясының үш киті" деп атайтын-ды. Мінездері аңқылдақ үшеуіне иштартып жақындау жүретін, өзара жарасымды өзілдері де болатын. Сол сәтте де ол залдың бір бұрышына оңашаланған үш ақынға қосылып, өңгімелесіп тұрған. Үй иесі бұлардың тобына жақындай түсіп, бәрін емес, бетпішіні, сымбат-тұлғасы қасындағы кісілерден өзгешелеу — моңғол өнді, сырт тұрпаты да ерте заманның батыры сияқтанған бейтаныс қонағына қадала қарап биязы жымиды.

— Черчилль мырза сіздің ұлтыңызды айыра алмай тұр, — деп тіл қатты тілмеш.

— Қазақпын, мырза.

— Казак?.. Таңмын, казактардың сіздей де типі бар ма?

— Гапу етіңіз, сэр. Мен көшпелі номадтардың өкілімін. Қазірде Қазақстан аталатын дербес республика, — деп жауап берді Қаныш Имантайұлы, іле туған халқы, оның географиялық орны, тарихы мен тілі туралы қысқа да нұсқа деректер естіртті.

— Солай ма?! — Черчилль байырғы далалықпын деп тұрған, бірақ киім үлгісі, болмыс-парасаты түрік тілдес азиялықтан гөрі еуропалыққа бейім алып денелі қонағына көзінің астымен барлай қарады, сірә, сыр-сымбатын аңдағысы келді білем — Сонда барлық қазақтардың болмыс-бітімі сіздей алпамса тұлғалы ма? — деді кенет жайраңдаған қалпы.

— О, жоқ, Черчилль мырза, халқым менен де еңселі!..

Черчилльге мәртебелі қонағының қарымта өзілі ұнаған болу керек, кеңк-кеңк күлді:

— Таңмын!.. Сөйтсе де, — деп езуін жиып, сөзін қайта сабақтады: — Отандастарым мені Ресейдің билігі деп есептейді, ал мен, көріп тұрсыз, жер ауданы біздің Альбион елінің аумағын, өзіңіз айтқандай, он бір мәрте орап алатын байырғы көшпелі халық жайында еш нәрсе білмеймін. Демек, ағылшындар жер шарын түгел жайлады деген уәж де өншейін...

Қаныш Имантайұлы бұл сөзге де жауап бергенді құп көрді.

— Черчилль мырзаның сөзіне түзету жасауға мәжбүрмін, —

деді. — Сіздің отандастарыңызда қазақ жерін тым жақсы білгендер болған және бірен-саран емес...

— Солай ма?

— Иә, сэр. Лондонда осы ғасырдың бас кезінде құрылған акционерлер қоғамы "Atbasar Joint Stock Company of Copper Mine" қазақ даласының небір түкпіріне талай жыл мыс қазып, табысқа шаш етектен кенелген, — деп Уинстон Черчилль отандастарының Қарағанды, Ақбұйрат, Спас, Екібастұз, Кенді Алтайдағы көсіпкерлік ізденістері жайында айтып берді.

— Ағылшын капиталы сіздің сахараға да жеткен!.. Гажап, қиял жетпес қияндарға шыққанбыз! Тегінде, бізден бұрынғы ұрпақ ақылдырақ та алымды болған сияқты-ау?!

Бұған да айтар жауабы көмеңінде тұрса да, Қаныш Имантайұлы биязылық сақтап, егер сөзге бармады. Сөйткені жөн болғаны тәрзіді... Сол кеште делегация басшысы Василий Васильевич Кузнецов ертеңгі күннің бағдарын жария еткен, соның бастысы ВВС ("Би-Би-Си") радиокомпаниясы өткізетін пресс-конференция. Айтуынша, әдебиетшілер түгел барады, өзі де.

— Әлбетте, шетел дипломатиясының кәрі көкжалымен сұхбатта сөзге ұсталық қана емес, үлкен парасат та аңғартқан майталман, әрі ұтқыр шешеніміз Қаныш Имантаевичті да шақырамыз, — деген-ді делегация жетекшісі. — Шетелдік тілшілермен аңдап сөйлесуге тура келеді, жолдастар. Қысқасы, қитұрқы сұрақтарға өзiр болыңыздар...

III

Шетел қаламгерлерімен кездесуге әзірлік үстінде Қаныш Имантайұлы көңілінде күдік туғызған сол жәйтке қатты алаң болып, делегация басшысымен ақылдасуды жөн көрді. Өзі минерал қазынасын көруге барған Оңтүстік Африка компаниясының Жезқазған кенінен алынған ат басындай табиғи мыстың әлдеқандай мақсатпен жаралған тегін ауыстырып, көпе-көрінеу қате жазып қойғаны туралы күдігін де бүкпеді.

— Мені дұрыс түсініңіз, Василий Васильевич. Бұдан қырық жыл бұрын талан-таражға түскен туған жерімнің асыл қазынасын қайтадан даулауға ешқандай ниетім жоқ. Алайда мен үшін — ғылыми ақиқат һәм нақтылық қымбат! Бұл жайында мен қайда болсын, кіммен болса да айтысқа түсуге дайынмын. Әмбе ол — Жезқазған кеніне ғана тән ерекшелік, дара тұнба!.. Осы жайында журналистерге айтсам қайтеді? Ресми мәлімде жасап, ғылыми ақиқаттың бұрмаланбауын талап етсем?

— Ойланарлық гәп? — деп Кузнецов қасында тұрған Грузия ҒА-ның президенті, академик, математика ілімінің білгірі Мухелишвилиге қарады. — Николай Иванович, не дейміз бұған?..

— Қаныш Имантаевич, соны, бәлкім, сізді сынау үшін ұйымдастырған шығар?

— Не үшін?.. Британия иелігінен кен іздеуге тіпті де құлқым жоқ! Әмбе олар менің қызметімді де керек ете қоймас-ау?!..

— Сөйтсе де... Бәлкім, шынайы геолог па екен, әлде басқа біреу ме... деп тексергісі келген шығар? Бұлардан ондай да зымияндық шығады, — деді кексе әріптесі басын шайқап. — Егер өзіңе сенімді болсаң — айғайшыл газеттер ертең-ақ шу көтереді. Олар үшін бұл — тамаша сенсация!..

— Ойланайық, мән бергендей, саяси оқиға емес... — деп делегация басшысы бой тартқандай болды.

Алайда келесі күні күпті жәйг өзгеше шешілді.

Ертеңгілікте отель қызметшісі Қаныш Имантайұлына тілдей хат әкеп берді: ана жолғы болмашы келеңсіздік үшін компания басқармасы қонақтан кешірім өтініпті, қызметкерлердің бірі үлгілердің орнын ауыстырып алған, соны ыждаһатпен түзеткен мейманға рақмет айтыпты...

Әлде отірік, әлде шын? Бірақ соның шындығына қалай жетпексің? Бүгінгідей ресми сапар үстінде сол қажет пе? Сірә, мерейінің үстем шығып, туған жерінің асыл қазынасының ағылшын астанасында, көрнекті орында тұрғанына риза болады да!..

Пресс-конференция "Дорчестер" отелінің мәжіліс залында өтті. Сәтті болған тәрізді, өйткені кеңестік депутаттар өздеріне қойылған сұрақтарға қайтарған ұстамды жауабын Лондондағы көптеген баспасөз агенттіктері шартарапқа таратқан.

Англияға сапардың да геология ғылымы үшін пайдалы нәтижемен аяқталғанын айту лазым: Алматыға қайтқан соң бірер айдан кейін Ғылым академиясының атына Лондоннан бір жәшік сыйлық келді: әрбірі үлгідегі мақтамен мұқият оралған кен үлгілері екен; сол елде Қаныш Имантайұлы қызыға көрген Терістік Африка кендерінің тау жыныстары. ГҒИ-ның ғалымдары оны Жезқазған кенінен алынған минералдармен салыстыра зерттеп, өз білімдерін тың деректермен байытуға пайдаланды. Осынау кен үлгілері қазірде де институттың минералогия мұражайында сақтаулы.

Қ.И.СӘТБАЕВТЫҢ Англияға сапары туралы есебінен:
"...Бізде қазір гидроэлектростансалар салу ісінде қолданыла

бастаған тоннель қазуда Шотландияның мамандары өте жоғары өнімділікке жеткенін ескерткім келеді. Мысалы, тоннелдің диаметрі 15 фут (5 метр шамасы) болғанда, олар Ингерсоль-Ранд типіндегі колонкалы перфораторларды қолданып, әр аптада 80-100 фут (айына 105-130 метр) жер өтеді. Яки бір погон фут қазбаның құны — 80 фунт стерлинг шамасында. Бұл өнімділікке олар ұзындығы 5-6 миль (8 км-ден астам) тоннельдерді қазуда жеткен. Тегінде, көлденең түсетін ұзын проходка өтуден тартынбайды. Меніңше, Шотландияның гидроэлектростанса тұрғызу тәжірибесін шұқшия зерттеп, әжетке жарату — біздің гидроэнергетиктер мен құрылысшыларға теріс болмас еді.

13 наурыз — 11 сәуір, 1947"

...

"Білу үшін — көру керек, көру үшін — жүру керек" дейтін нақылды Қаныш Имантайұлы жиі айтатын. Көбіне ғылыми шындыққа көзін жеткізу үшін, ойын жаңа дерекпен байыту үшін... Ал шетелге сапарды? Турасын айтсақ, мұндай сапарларға ол аса құмар емес-ті. Нақтылы пайдасы жоқ, көбіне қызықтау үшін ғана қажет, ресми кездесуі, дырдуы көп, сырдаң сөз, жорта сыпайыгершілігі мол, демек, уақыттың дені зая кететін артық жүріс деп есептеген...

Әрине, бұл жаңсақ түсінік. Алайда әділдік үшін сол жылдарда Кеңес елінде үстемдік еткен саяси ахуалды, сол кезде өмір сүрген адамдардың ой-түйсігін де естен шығармаңыз.

Соған айғақ — Англияға барған сапарында Қаныш Имантайұлы басынан кешкен одағай оқиға: Британия мұражайын аралау кезінде болса керек, әлдебір мұрағат туралы түсінік сұраған қазақ ғалымы делегация мүшелерінен кейіндеп қалады білем; сол сәтте парламент тобына әлдебір журналдың қызметкерімін деп Мәскеуден қосылған, үнемі бейтарап тыңдаушы боп тұратын бұйығы серігі қасына келіп: "Сіз неге көпшіліктен дараланасыз? Әмбе әрдайым сөйтесіз?!.." — деп ескерту жасайды. Академик те оның дәрекі қылығына қатты налып: "Сіздің оңда шаруаңыз қанша? Білігім келген соң сұрадым..." десе, анау одан бетер дауыс көтеріп: "Сіздің ниет-пиғылығыз аса күдікті..." — деп, жұрттан бөлінбеуін талап етеді.

Депутат әріптесінің жуық маңда тыншыға қоймаған ренішін Никола Бажан: "Қаныш Имантаевич, ол шіркіннің журналистігі — менің геолог өкендігімдей қисынсыз өтірік, ол бізді аңду үшін жіберілген қауіпсіздік комитетінің қызметкері. Ұқтыңыз ба? Бәлкім, сіз сол сәтте шетел агентіне

құпия материал бермек болған шығарсыз... Сондықтан, қадірменді депутат жолдас, бұдан былай көпшіліктен дараланбауға тырысыңыз. Ал, ол байғұс сізді ғана емес, менің де жүрістұрысымды аңдуға тиіс..." — деген түсінік айтқанда ғана, басын шайқап, ашуын басыпты...

Сірә, сол себептен де Қаныш Имантаұлы шетелге сапар жөніндегі ұсыныстардың көбінен иланымды сылтау айтып, әрдайым бас тартқан. Өзі үшін бұлжымас ереже санаған осы рәсімді ол бір-ақ мәрте, он жылдан кейін бұзып, 1957 жылы Қытай Халық Республикасының ресми шақыруымен барып, толық бір ай болып, Қытай геологтарының бірінші құрылтайында баяндама жасап, соңынан металлогениялық карта түзеудің әдістемесі жайында Пекинде әлденеше күн қытайлық әріптестеріне дәріс оқыған...

ЕЛ ҚҰРМЕТІНДЕ

I

Уақыт керуені алға жылжыған сайын Қазақстан академиясының іргесі беки түскен. Институттардың ізденіс көлемі, тақырып өрісі сан тарамға кеңейіп, жаппай дамуға бет алғаны — өмір шындығы. Соған орай ғылыми қызметкерлердің зерттеушілік деңгейі өскен. Әрине, академиямен бірге оның жетекшісінің беделі де биіктей түскен. Қандай биік лауазым иесіне болсын емін-еркін кіреді. Кірді екен — мүдделі шаруасын ұтымды айғақпен төңдіре айтып, әрдайым сұрағанын алып шығады. Оның бір ауыз лебізі кейде үлкен істің тағдырын сәтті шешуге — дәнекер. Облыс орталығы, Алматы ғана емес, Мәскеуде де солай...

Беделінің шарықтап өсуі Қаныш Имантайұлының кішіпейіл мінез-құлқын титтей де өзгерткен жоқ. Президентке кез келген уақытта кіруге болады, ұзағырақ сұхбаттасуды қаласаң — кешке бар (ол кезде жауапты қызметкерлер кешкі мезгілде де жұмыс істейтін). Оның аузынан ешқашанда "Бос емеспін", "Кейін келсін" дегенді естімейсіз. Қабылдады екен — алдындағы креслоға отырғызады да, шақшасын суырады...

(Насыбай — оның бозбала кезінен машық ермегі: тым ерте үйреніп кетті де жирене алмай қалды; бірақ кәнігі насыбайшылар құсап, шынысын ала жүріп, шырт-шырт үкіріп оты-

ру әдетінде жоқ; насыбайды астыңғы ерніне толтыра салады да, мейірі қанғанша ұстап отырып, әлден соң орнынан тұрып барып, алып тастайды; насыбайы — нағыз көкбұйраның ащысы; тегінде, бұл ғалымның ең пәс қылығы.

Оның көңілін аулау үшін, иә бір нәрсе жайында ұзағырақ кеңескің келсе — әңгімені шақшаңды ұсынудан баста. В.И.Штифанов және Жезқазған геологтарының жаппай насыбайшы болуы — осыған дәлел. Сөкет іс сияқтанғанмен бұл да — шындық, Қаныш Имантайұлы да — басы жұмыр пенде, оған да адам баласына тән мінез-қылықтың бәрі де тән. Ұзақ жылдар бірге істеген геологтар Орта Азияға, түстік жаққа жолға шыққанда шақша ала келетін, болмаса дайын насыбай; бұл жайында әріптестері арасында неше алуан лақап, аңыздар тараған; соның бірі — Қ.И.Сәтбаевқа сыйланған ағат шақшасы жөніндегі әңгімелер. Ғалымның Баянауылдағы мұражайында тұрған жалғыз шақшаны "Мен сыйлап едім" деушілерден біз, мысалы, алты адамның есімін білеміз...

Қаныш Имантайұлына барған кісі, шаруасын ойдағыдай шеше алмай кетсе де, әрқашанда риза болып шығады. Өйткені президент өзінің зерттеуі жайында мағлұмат алды, жадында ұстап, қажет кезінде көмек береді. Уәде еткен ісінен ол ешқашанда айнымайды. Қолында тұрса — бірден шешіп береді; шамасы келмесе — турасын айтады; ең құрығанда, кімге барып, иә қашан келудің жөнін түсіндіріп жігерлендіріп жібереді.

Жұмысқа ол ерте келетін: келе-ақ әлдебір институттың жетекші мамандарын, басшыларын шақырып әңгіме бастаса, бірер сағаттан соң "Академқұрылыс" басқармасының инженер, прорабтарының ғылым ордасының, институттар құрылысының барысы жайындағы есебін, талаптарын тыңдап отырады; түстен кейін өзі директор міндетін қоса атқарған ГҒИ-ға барып, күнбе-күнгі шаруалармен шұғылданады; оның арасында қаншама комиссия, техкеңес, иә алқа мәжілісіне қатысуы шарт... Әрине, өзіне салса, институттың оңаша бөлмесін дербес немдеіп, көкейкесті жұмысына кірісер еді. Геологияның зерттелмеген құпиясы қаншама, әсіресе Қазақстандай шалқар өлкеңің, байлығы сан алуан жер қыртысының. Айталық, металлогения ілімін өрістету? Соның бір тармағы — болжамдау карталарын жасау идеясы? Тіпті зерттеушілер тобын бастап, далаға тартып кетсе!..

Бәріне де уақыт керек. Тәулік — жиырма төрт емес, қырық сегіз сағатқа созылса? Жұмысқа ынталы кісіге, сірә, бұл да жетпес... Бірақ уақыттың денін шексіз жиналыстар, толассыз қабылдау мен ұшы-қиырсыз қағаздар қарауға жұмсайтын кең-

сешіл де мәжілісқұмар әкім Қаныш Имантайұлы емес. Үнемі болмаса да аптаның екі, иә үш күнін геолог-ғалымдар арасында өткізеді. Жыл сайын кем дегенде бір, иә екі мәрте өз институтының зертхана, бөлім, секторларын аралап және үлкен-кіші демеі, әрбір қызметкермен негізгі жұмыс орнында сөйлеседі: зерттеп отырған тақырыбы жайында ғана емес, үй ішінің жағдайын, тұрмысын, длігір қажетін сұрап біледі; тілек-өтінішін тыңдайды; сөйтіп тұрып бірталай шаруаларды шешіп, тілдескен адамның ой-өрісін, ғылыми таңымын да бағдарлап кетеді... Жаз айларында академик ғылыми экспедицияларды бастап, көбіне өзінен әлденеше ай бұрын аттанып кеткен зерттеушілерді қуа барып, талай күнді далада өткізетін. Ежелгі барлаушы үшін бұл — ең сәтті, мерейлі де қуанышты күндер!..

Ғылым академиясы шаңырақ көтерген жылдың қоңыр күзінде-ақ президенттің өзі бастаған қарамды экспедиция Кенді Алтайға аттанған. Мақсат — шикізат қоры сан алуан өлкенің өндіргіш күштерін болжамдап, оны зерттеу және игеру бағыттарын белгілеу. Соңсоң да бұл экспедицияға геолог-ғалымдар ғана емес, су мамандары, энергетиктер, химиктер мен металлургртер, кен зерттеушілері де шақырылған. Олар Өскемен мен Лениногорды, Глубокое селосындағы Ертіс мыс зауытын, Зырянов пен Белоусов, тағы бірнеше кенді аудандарды, "суы шалқыған, балығы бықыған" Зайсан көлін, оның арғы бетіндегі кен орындарын екі-үш апта бойы бел жазбай аралайды. *"...Келесі күні ертелетіп, Кендірліктегі жанғыш заттар кен орнына аттандық. Елу шақырымдай жер жүргесін жолдың азабы басталды — ой-шұңқырлар, таусылмайтын көп бұрылыстар... Кен орнына сұлдеміз құрып әрен жеттік. — дейді Шапық Шөкіұлы осы сапар туралы естелік кітабында. — Шаршағанына қарамастан Сәтбаев бірден шурфтарға қарай беттеді. Түнемелікке осында қалдық. Қайтарда салт атпен Зайсанға төтелей тарттық. Көбіміз атқа міну дағдысынан айырылып қалыппыз, беліміз ауырып, аяқ-қолымыз сырқырап... машақат шектік. Экспедициямыздың соңғы аялдамасы — Төпелеу мүйісіндегі айлақ еді. Біз үшін сол араға Өскеменнен кеме жіберіліпті..."*

"Жүрген аяққа жөргем ілінеді" деген мәтел де, тегінде, өмірлік тәжірибеден алынған. Бұл жолы да солай болды. Экспедиция мүшелері біреудің айтуымен емес, өз көзімен Кенді

Алтайда қаншама байлық шоғырланғанын көрді: тұтасқан ну жынысы, күзге дейін сарқылу түглі арыны басылмайтын арналы тау өзендері, неше түрлі жан-жануарлар дүниесі — аң, балық, мыңғырған малы, оның өнімдерінің сапасы мен қадір-қасиеті де еш жерде қайталанбас ерекшеліктерге ие... Сірә, сол себептен де 1917 жылға дейін Дания кәсіпкерлері Семейде делдал кеңсе ұстап, Ертіс өңірінен Батыс Еуропа елдеріне тонналап сары май мен бал алғызып отырған. Ал, жер астындағы байлығы?.. Зырянов пен Риддер кенінің қазыла бастағанына екі ғасыр болыпты, қазынасы таусылмақ түглі, әлі де талай ұрпаққа азық болғандай және бір ғана қорғасын емес, неше түрлі асылдың — алтын мен күміс, платина мен мыс, мырыш пен кадмий, көптеген сирек металдардың көп жылдарға сарқылмас түп қоймасы. Демек, Өскеменде соғыс жылдарында асығыс тұрғызылған, қазірде қайтадан кеңейтіліп жатқан қорғасын-мырыш комбинаты қырық-елу жылға шикізаттан кенде болмайды, әмбе ол кен тасымен қоса келетін оннан астам түрлі-түсті металдар, одан да өзге қажет заттар шығаратын алыпқа айналуға тиіс (бұл комбинат, шынында да 70-жылдары 26 түрлі өнім шығарған). Лениногор қаласындағы ескі зауыт қайтадан жабдықталып, қорғасын мен қара мыс өндіруді күрт арттырса! Әр жерде сирек металдар беруге жобаланған комбинаттар да! Риддердің, Белоусов, Березов, Зырянов кеніштері, демек, кен шығаруды жедел өсіруі шарт. Ал бұл үшін?

"Алтайдың мол қазынасын тез және тиімді жолмен игеруге бүгін таңда бірінші кезектегі мемлекеттік жұмыс деп қарау қажет! — деген-ді депутат Сәтбаев КСРО Жоғарғы Кеңесінің 1946 жылғы сессиясында сөйлеген сөзінде. — Өлкенің қазба байлықтарын меңгеруде салынып жатқан Өскемен ГЭС-і — негізгі энергия көзі. Алайда оның құрылысы 1939 жылы басталса да әлі біткен жоқ. Өткен жеті жылда жұмыс көлемінің бестен бір бөлігі орындалған. Электр стансалар министрлігі таяу уақытта бұл құрылыс үшін бүгінгіден үш-төрт есе көп қаржы және қажетті құрал-жабдықтар бөлмесе, Алтай өндірісінің көптеген жылдарға кешеуілдеп игерілері сөзсіз..."

Алғашқы экспедиция жинап қайтқан материалдар қыс бойы жан-жақты, түрліше қырынан зерттеуден өтті де, ақыры, 1947 жылдың маусым айында Өскеменде шақырылған ғылыми сессияға ұласты. Академияның оған бірнеше институты қатысқан: ГФИ өлкенің геологиялық құрылымы, қазыналар қоймасының қоры мен құрамы турасында баяндамалар өзірлесе; кен зерттеушілер сол байлықты тиімді жолмен қазу жайында ұсыныстар өкелген-ді; металлургия және кен ба-

йыту институты зауыттар технологиясы хақында; химиктер Алтайда күкірт кышкылын қосымша өндіру мүмкіндіктері туралы; ал энергетиктер Алтай өзендерінің күш-қуатын пайдалану жайында ұсыныстарын талқыға салған. Президенттің өзі, академик Ш.Ш.Шөкиннің пікірінше, *"Кенді Алтайдың алуан байлығын ақыл зердесімен қайыра шолып, Шығыс Қазақстан өнеркәсібінің келешек мүмкіндігі... барынша анықтап берген"* кең ауқымды баяндама жасаған. Одақтық министрліктердің, Жоспарлау комитетінің және жобалау мекемелерінің қатысуы әзірленген ұсыныстардың кедергісіз қолдау көріп, жедеғабыл жүзеге асуына жол ашқан. Қысқасы, Қазақ КСР ҒА-ның жыл бойы тыңғылықты әзірлеген көшпелі жиыны жер-су мен кен байлығы ертеден мәлім болса да игерілмей жатқан Кенді Алтайдың орасан зор күш-қуатына жұртшылықтың назарын аударып, үкіметтің сол үшін қыруар қаржы бөлуіне, өлкенің қарышты қадаммен өркендеуіне дер кезінде қозғау салған...

Алғашқы тәжірибенің тамаша нәтижесі — байлығы қорлы өлкенің табиғи қазынасын игеруге мұрындық болғаны, ғылым иелерінің де ізденістерін өмір талабына қарай бұруға әсер еткені де ой салып, алдағы жылдарда бұл өнеге зерттеу институттары үшін ғылыми деңгейі, ізденіс өрісі мен танымы сыналатын игі сынаққа айналмақ. Академик К.И.Сәтбаевтың тікелей ынтасымен, жетекшілігімен өткен сондай ұлағатты жиындардың мәңгілерін атай кетелік: Батыс Қазақстанның өндіргіш күштерін, әсіресе мұнай өндіру мен іздеу шараларын саралап, жүйелі зерттеуге арналған Гурьев сессиясы (ақпан, 1949 ж.), Орталық Қазақстанның жерасты қазынасын одан әрі жан-жақты барлау және игеру жолдарын талқылаған Қарағанды жиыны (бұл да сол жылы, маусым айында өткен), бертінде Қостанайда шақырылған. Жезқазғанда екі мәрте, Өскемен мен Қарағанды қалаларында қайыра өткізілген ғылыми сессиялар.

Кейбір ғылыми мәслихаттардың қайыра өтуіне Қаныш Имантайұлы ерекше мән берген. Бұл болса, ең алдымен алғашқы кеңесте қабылданған ғылыми ұсыныстардың дұрыс-бұрыстығын, қалай орындалғанын тексереді; қайсыбірін бұрынғыдан да кеңейтіп қарауға, қажет етсең — жол-жөнекей түзеуге мүмкіндік аласың; бұдан зерттеуші мамандардың ғылыми танымы өседі...

Айталық, 1954 жылы Өскеменде өткен екінші сессия: оған қатысқан институттар мен алыстан шақырылған мамандар

құрамы алғашқыдан айтарлықтай өзгерген жоқ; ал Кенді Алтай мәселесі күрделеніп, бұдан жеті жыл бұрын талқыланған қалпынан әлдеқайда өсіп, ғалымдар жиыны тағы бір мәрте талқылауды қажет еткен. Өйткені Ертіс жағасында ірге тепкен елді мекендер мен қалалар ерекше өсіп, көңілді көншіткен сәулетке ие болыпты: мысалы, 1947 жылы жарбиған үйлері тау жотасына жабысып, Ертіс пен Үлбе өзендерінің жарқабағында, қысаң алаңдарда сығылыса орналасқан шағын қала Өскемен еңсесін көтеріп, әсем де тұлғалы жаңа орамдармен ауысқан; сабаудай ұзын сигарға ұқсаған зауыт мұражалары да өскелең мекен тірлігінің тірлік-тынысын сұратпай-ақ танытқандай; алғашқы сессия жергілікті театрдың жөнең залында өтіп еді, енді түсті металлургия алыбы салған мәдениет сарайының үлкен де еңселі тамаша ғимаратында бас қосты; әлбетте, қазыналы өлкенің өндірісі ұлғайған өзге қалалары да осындай игі өзгерістерге ұшыраған — темір жол тартылып, автомобиль жүретін "Шығыс шеңбері" салынып, жұмыс істей бастаған Өскемен ГЭС-і толық қуатына жеткен; Бұқтырма ГЭС-інің құрылысы жедел басталған...

Бұл жолы да ғалымдар жиыны әлденеше күн алқа-қотан отырып, Кенді Алтайдың алдағы он, жиырма жылына өсу, өркендеу бағдарламасын белгілеп тарқаған.

Ерекше мәнді болғандықтан 1949 жылы Қарағанды қаласында өтпек сессияға КСРО ҒА-ның вице-президенті И.П.Бардин арнайы шақырылған-ды. Иван Павлович — қара металлургия өндірісінің асқан білгірі; Кузнецк, Магнитогор комбинаттарын тұрғызып, ондірісін жүргізген маман, сол үшін де 1932 жылы академик болып сайланған, оның үздік еңбектері жеті мәрте Ленин орденімен марапатталған, Социалистік Еңбек Ері. Осындай біліктінің Орталық Қазақстанның ондіргіш күштерін ғылыми саралап, металлургия секциясына басшылық етуі, Сәтбаевтың ойынша, әлі күнге дейін шешілмей, сөзбұйдамен келе жатқан аса мәнді мәселені тындырып, Қарағанды іргесіндегі шағын өндірісті қара металлургия комбинатына айналдыруға көмектесуге тиіс. Ақыры, сөз соған ойысты, сессия Теміртауда жаңа алып тұрғызуды жақтап қаулы алды. Содан кейінгі сапар да Сарыарқа жонында дүниеге келмек комбинатқа шикізат берер темір кендерін көрсету мақсатынан туған-ды...

Саяхатты қос академик Теміртауға келіп, жұмыс істеп жатқан зауытты, оның іргесіндегі Самарқан көлі көруден бастайды. Одан соң темір-марганец кендерінің көмбесі Атасуға түсіп, осы кенді түпкілікті зерттеуші, өздерімен бірге

жүрген геолог-ғалым Б.С.Батищев-Тарасовтың (кейіннен Қазақ КСР Ғылым академиясына корреспондент-мүше болып сайланған) жан-жақты есебін тыңдаған. Келесі күні ғалымдар Жезқазғанға жетіп, мыс қоймасын аралаған. Сол күні-ақ олар Қарсақбайға соғады, іргесіндегі Балбырауын темір кендерін көреді. Одан соң Жезді кенішіне тартты. Жезді марганеці туралы академик Бардинге түсінік берудің қажеті шамалы: 1942 жылдың өзінде-ақ ол кара металлургия наркомы И.Ф.Тевосянға: *"Магнитогор комбинатын төтенше ауырпалықтан құтқаратын — тек қана Жезді кені. Мұндай кен қоймаларын, тегінде, ертерек барлап, қорда ұстау жөн..."* деп ресми хат жазған адам. Міне, сол кен. Жеті жылдан соң, жетпіске таянған кексе шағында көруге тура келді...

Біrer күн Ұлытау өңірінде демалып, кенші, барлаушы қауымның сый-сияпатын көріп, ғалымдар тобы одан әрі Қостанай облысына аттанады. Мақсат Аят пен Лисаков кен орындарымен танысу (Бұл кендер келешекте Қазақстан мен Оңтүстік Оралдың металлургия алыштарының негізгі шикізат қоймасына айналмақ.) Осы жерде саяхатшыларды Магнитогор комбинатының директоры Н.Г.Носов қарсы алады.

Т.А.СӨТБАЕВАНЫҢ естелігінен:

"И.П.Бардин мен Н.Г.Носов бізді Магнитогор комбинатын көре кетуге шақырды. Қазақстандықтар бұл ұсынысты қуана қарсы алды... Орал өзенінің жағасына орналасқан тамаша қала, оның қолдан өсірілген жасыл бағы, сәулетті мәдениет сарайы, кітапханалары, гимнастика залдары бізге таңғажайып бір ертегі шәріне тап болғандай әсер етті. Бұл жерде бізге Иван Павловичтің өзі жолбасшы болған-ды..."

— Сіздерге біз өте-мөте қарыздармыз! — деді комбинат директоры дастарқан басындағы меймандостық қабылдауда. Сөйтсек, комбинат ездеріне қажет ферромарганецті осы күнге дейін Жездіден алады екен.

— Слай болса қарыздарыңыздан құтылатын сәтті кезең туды, — деп әзілмен жауап берді Қаныш Имантайұлы ниет білдіру кезегі келгенде. — Теміртау комбинатын салуға жәрдем беріңіздер! Орталық Қазақстанның темір мен марганец қорлары екі алыпқа да мольнан жетеді...

Бұған дейін де жан-жақсы өрбіп келе жатқан Иван Павлович пен Қаныш Имантайұлының арасындағы достық осы сапарда ерекше бекіп, өзгеше сипатқа бет бұрғандығын ескерту парыз. Өмірге қадамын өндірістен бастаған, ғылымға практикалық жұмыстардан соң келген осынау екі адам сол жолы бір-бірін айрықша танып, рухани жақындасып қоштас-

қан-ды... Қысқасы, И.П.Бардин осы сапардан соң, Қаныш Имантайұлының барлық ынта-бастамаларына бұрынғыдан да зор жігермен қол ұшын беріп, жанын сала көмектесетін болды. Бұл достықтың Теміртау ғана емес, Аят, Лисаков, Соколов-Сарыбай, Қашар кен комбинаттарының жедел салынуына, Үлкен Торғайдағы темір-магнетит кендерін пайдалануға иі әсерін тигізді. Иван Павлович Өскеменде Алтай кен-металлургия, Қарағандыда химия-металлургия институттарының ашылуын бірден қолдап, зор көмек көрсетті...

Қарағандыға қайтып келген соң Қаныш Имантайұлы сәтті басталған сапарын одан әрі жалғастырғысы келді. Бұл жолы ол Сарыарқаның өзі сирек болған терістік-шығысын көре кетуді құп көрген-ді. Бұған Н.Г.Кассин де қуанып, "Жасаң кезімде аралаған Шыңғыстауды тағы бір мәрте көріп қайтайын!" деп, бірге жүрте тілек білдірсін. Сөйтіп, біз осы өңірдегі полиметалл кендерін аралауға аттандық..."

Бұл сапарда олар Гүлшат, Қарқаралы, Саяқ, Жорғаны көріп, Шыңғыстаудың оңтүстік беткейіндегі Ақбастау, Құсмұрын, Мейзек (алтыны молырақ) мыс кендеріне соққан. Бұдан соң Қалба бөктеріне түсіп, Ақжал мен Бөкенің өткен ғасырдан қазылып келе жатқан ескі жылғаларын, Бақыршықтағы барлау жырларын (үшеуі де — алтын кені, соңғы кеніш бертінде дүние жүзілік деңгейдегі қорлы кен орны боп шықты) шұқшия аралап, соңынан Ертіс жағасына ат басын бұрады. Ағысы адуын һәм арналы өзеннің Ескі Шұлбе елді мекенінің тұсындағы оқшау жаратылған биік жарқабағынан қарсы беттегі ну қарағай орманын тамашалап көп тұрып, оның да түп себебі кейінірек ашылмақ, сол жерден жетпіс шақырым иек астында тұрған Семейге жетеді. Сірә, бозбала күндері өткен білімдар қаланы қиыстап өтуге Қаныш Имантайұлының дәті жетпеген...

Келесі күні екі академик облыс орталығынан жолбасшылар ертіп, баяғы "Қарқаралы-Майлықара-Семей" пошта жолының ескі сүрлеуіне түсіп, Ертіс арнасынан екі жүз шақырымдай күнбатысқа туралай тартып, жолшыбай Дегелең, Мыржық тауларының қойнауын шола көріп, Түндік өзенінің жағасына келіп түнейді. Сарыарқа білгірлерінің қиыстап шыр айнала жүрулерінің мәнісі қазыналы Мыржық тауы болған сияқты: ғасырдың бас кезінде нақ осы өңірде ағылшын кәсіпкерлері тіміскі ізденістер жүргізіп, екі жерден шахты қазыпты; 30-жылдарда жарық көрген "Весь Казахстан" анықтамалығында осы таудан 25 жерден мыс кенінің танымал белгілері табылғандығы да айтылған; соғыс жылдарында

жергілікті геологтар нақ осы таудың түстік қолатынан марганец кенінің жер бетіне жақын жатқан қорын да іздеп тапқан-ды, тек күре жолдан қашық орналасуы себепті өндіріс ашылмаған; бұл атыраптан бертінде тез жанғыш таскөмірдің мол қоймасы да кезіккен, ал Майлықара бөктерінен жергілікті қазақтар ерте заманнан арба білігіне жағатын қарамай алып жүрген шұңқырларды шұңқшыя қарап, келешекте мұнай іздеуге де ойлары бар-ды...

Әрине, шола жүрген бір сапарда мәнді ештеңе көре алмайсың. Сөйтсе де қос ғұламаның дара біткен көргіш қабілеті, одан да гөрі болжампаздық дарыны көп жәйді аңғарған тәрізді. Келе-ақ тиісті мекемелерге ресми хат түсіріп, Мыржық қойнын түбегейлі зерттеу үшін арнаулы экспедиция жасақтауды ұсынған. Амал қанша, бұл өңірдің келешек тағдыры сол қарсаңда басқаша шешіліп қойған-ды: Мыржық, Дегелең, Майлықара (қазірде ол Қаражыра аталады, екі жарым миллиард тонна қорға ие көмір кеніші ашық әдіспен Ертіс атырабын арзан отынмен жабдықтап отыр) тауларының өздері ғана емес, айналасындағы ат шаптырым кең дала, бір шеті Ертіс жағасына дейінгі кең атырап әскерилерге беріліп, ядролық сынақ жасайтын полигон ұйымдастыру шарасы құпия түрде, әрі едел-жедел жүзеге асқаны мәлім...

II

Қаныш Имантайұлының қайырымдылығы туралы әріптестері неше алуан хикая шертеді. Бәрінен де дарқан мінезді азамат тұлғасын танимыз.

Он екі жыл бойы президент кеңсесінде хатшы болған Антонина Сидоровна Додонованың ғұмырнама хикаят иесіне бертінде әңгімелеген естелігі мынадай...

"Президенттің қабылдау бөлмесіне қарттар да жиі келеді. Әдетте олар еркіндеу кіреді де, "Қаныш қайда?" дейді. "Бос емес" десең, маған одырая қарайды да, шеткергі орындыққа жайғасады. Жуық-маңда кетпейтінін сезген соң, "Қаныш Имантаевичті қайтесіз?" — деп сөзге тартамын. "Пойызға билет ала алмадым. Қанышжан көмектеспесе, сірә, үйіме қайта алмаппын..." — деп күмілжиді келуші. "Ақсақал, біздің кеңседе касса болмайды" — "Білемін, Қанышжан мен үшін қайдан болса да алғызып береді". "Билетке ақшаңыз бар ма?" — "Бар, ақшасыз кісі жолға шыға ма, мінекей!" деп әмиянын көрсетеді. Билетін алдырып беріп, құтылмақ болып, көмекшінің кабинетіне ба-

рып, Бәпежан Байбалановичті ертіп қайтып келсем, қартым орнында жоқ... Әлден соң төргі кабинеттен шақыру естимін. Сөйтсем, жоғалтқан қартым президенттің алдында сайрап отыр, маған қымсына қарайды. Қаныш Имантайұлы қолыма тілдей қағаз ұстатады. Онда не жазылғанын оқымай-ақ біліп тұрмын: "Менің жалақым есебінен Антонина Сидоровнаға бір жүз сом беріңіз" деген қолхат. "Осы айда бұл нешінші мәрте?" деймін ішімнен. Қаныш Имантайұлының жаратылысы осы!.. Есепшіден қолхатта көрсетілген соманы алып келіп, конвертке салып, президентке ұсынамын. Қаныш Имантайұлы оны қартқа береді, алмаймын деген еркіне қоймастан кейде зорлап ұсынады. Сондағы желеуі – "Бала-шағаңызға сәлем-сауқат ала қайтыңыз!" Қабылдау бөлмесіне шыққан соң шаруашылық бөліміне телефон соғып, ақсақалды пойызға отырғызып жіберуді ықтияттаймын. Қасымда бүгежектеп тұрған қарт: "Қызым, сен маған ренжіме. Алматыға келіп, бесікте тербеткен Қанышжанды бір көрмей қалай кетемін? Ақша емес, аяулы жанның ағалаған бір ауыз сөзін сағынып келдім!.." дейді, оғаш қылығына кешірім сұрап".

Қаныш Имантайұлына бүйтіп еркелей кіретіндер – Баянауыл тұрғындары, ежелгі таныстары, жамағайын-жұрағаты; әрине, Жезқазғандықтар да оқта-текте соғып тұрады; баяғыдай, Қарсақбайда тұрған кезіндегідей қоржын басы тас арқалап, соны қайткен күнде "Жер құпиясының білгірі ғұлама Сәтбаевқа" көрсетпек болып, ту алыстан іздеп келетіндер де бар. Ондай бейнетқорларды қайтін кіргізбейсің? Жоқ, мұндай сәлем берушілерді хатшы да, көмекші де ешқашанда тоқтатпайды; президент орнында жоқ болса, келетін уақытын айтып, нә телефонмен хабарласып, қайткен күнде кездестіруге тырысады. Әсілі, президенттің өзі тағайындаған және өмір бақи бұлжытпай сақтаған рәсім бойынша, өндірістерден келген адамдарды ол бірінші кезекте және ұзақ күттірмей қабылдаған. Әрине, Жезқазғандықтар ерекше құрметте болған...

Қайырымдылықтың, әдетте, шегі болмайды, оны аз-көп деп таразыға тарту – жөнсіз әрекет. Қайырымдылық қасиет адамға, әсілі, туа бітеді. Қаныш Имантайұлының жомарттығы, ізгілігі де әкесі Имантайдан, одан да арғы ата-бабасынан ауысқан. Соның айқын мысалын академик Ш.Шөкин "Өмірдің төрт мезгілі", "ҮГ-ның ғұмыр тарихы" кітаптарында келтіріпті: 1965 жылы Шапық Шөкіұлы КСРО Жоғарғы Кеңесі делегациясының құрамында Канадаға барған сапарында кенет парламент мүшелерінің бүкіл дүние жүзілік құрылтайына жиналған өкілдер ортасынан өзінің есімін орысша бұзып атаған үнді естиді...

"Бұрылып артыма қарадым. Үстінде мінсіз тігілген смокингі бар, қазақтан айнымайтын бір кісі маған қарай тұра ұмтылды. Күлімсіреп келіп, құшақтаған қалпы бірсыпыра сөздерді былдырлап айтып тастады, мен оны біраз мүдіріп, әрең түсіндім: "Шөкин мырза, сіз мені танымай тұрсыз ба? — деді әлгі адам. Мен Қазақстан академиясы құрылысында жұмыс істеген жапондықпын..." Кісі ақылына сыймайтын жәйт! О, тоба, мынау тәкаппар Оттаның орталығында, осыдан жиырма жыл бұрын тағдыр тәлкегімен Қазақстанға тап болған жапон тұтқындарының бригадирін парламент депутаты дәрежесінде көремін деп ойлаппын ба?!.. Іле-шала ол Сәтбаев мырзаның денсаулығын сұрады. Қайтыс болғанын білгенде, көзіне жас алды. "Сәтбаевтың қандай тамаша, қайырымды адам болғанын" егіле айтып, бүкіл тұтқындар жанашыр ниетпен өздеріне қамқорлық жасағаны үшін ол кісіні құрмет тұтыпты, әсіресе ауырып-сырқағанда дәрігерлік жәрдем көрсетуге ерекше ыждаһат танытқанын есіне алып, ал қамықсын..."

Ғалымның дербес архивінде "Қымбатты Қанеке!" деп басталатын жүздеген, мыңдаған хаттар дербес бумаларда сақтаулы. Көпшілігі пәленшекең жерден кен белгілерін көргенін хабарлаған. Болмаса шер-мұңын шағып, кейде ақыл-кеңес сұрап, нә жәрдем тілеген хаттар. Өйткені хат жазсаң — қайырымды Қаныш Сәтбаевтың жауап берерін, қалайда бір көмек жасарын жұрт жақсы біледі. Сол себепті Жезқазғандық ескі жұмыскер Сарымолла Болманов көңілі жабырқаған күні сүйікті Қанышпына өлеңмен хат жолдайды. Сондағы айтары: "Есен-сау жүріп жатыр балаларым, шөбі жоқ, қорада тұр қара нарым..." Қаныш Имантайұлы бұған жауабын В.И.Штифановқа ашық хат арқылы: "Ескі жұмыскерді ренжіткенің жарамған, Сары-ағаң үйіне бір лау шөп жеткізіп бер!" деп сәлемхат жолдайды. Немесе Байқоңыр жұмыскері, қарт шахтер Әбдірахман Жақыпұлының хатын оқып көрелік: "Сәтбаев, сізге жаздым хат, жұрмісіз аман сәлемат!.. Қырық жыл қазған шахтыдан көмек жоқ, көрдім сондай қиянат! Ақылы кең, шырағым, бұл назым — саған аманат!.." Бұл хаттың да жауапсыз қалмағаны түсінікті... Жезқазған өңірінен өзіне жолданатын арыз, хаттардан көкейіне түйген ой-шікірін ғалым, осы жаққа келген бір сапарында мәжліс мінбесінен де бүкілесіз жария еткен: "Жолдастар, жергілікті үкімет басындағы азаматтар! — деген-ді академик әлеуметтік мән бере сөйлеп, — Жезқазған іргесін бекемдеуге атсалысқан кексе жұмыскерлерге қамқорлық және лайықты құрмет көрсету жөнінде ескерткім келеді... Ескі жұмыскерлердің біразы кешелі-бүгінде маған арыз

айтты, кейбірі Алматыға да хат жазып тұрады. Балкім, солардың қайсібірі менімен таныстығын арқаланатын шығар... Сөйтсе де, жолдастар, бір мезгіл "Осы адамдар бізге неге келмейді, ұсақ-түйек шаруаларды неліктен алыстағы Сәтбаевқа айтады?" деп ой жүгіртіп көріңіздерші. Иә, өздеріңізге осындай бір сауалдар қойып. Меніңше, сіздерге олар сенбейді, әлде кабинеттерің алдында ұзақ тосып мезі болған, немесе жүре сөйлесіп, біржола безіндіріп қойғансыздар... Ал, арыз иелері — базар маңында жүрген қайыршы, иә жол аузындағы тіленшілерде емес. Жезқазғанды жанқиярлық еңбегімен алға сүйреген, жаяу-жалпы, күрек-қайлаларын арқалап жүріп, осы күнгі қуатына жеткізген қадірменді адамдар. Бұларды арызқой еткендерің ұят, жолдастар!.."

Қаныш Имантайұлы депутат болып Қазақстанның Кеңді Алтайдан, Атырауға дейінгі жалпақ қиырынан түгелдей дерлік (Лениногордан екі мәрте, Атырау, Жезқазған, Қарағанды қалалық және ауылдық аймақтардан) сайланған. Анығында әрбір сайлау сайын академия президентіне дауыс беретін аймақ өзгеріп отырады, бұл да себепсіз емес — іскерде беделді мемлекет қайраткеріне экономикасын жедел көтеруді, іргелі шаралар жүргізуді тілейтін аудандар жүктелуге тиіс; өйткені ел тілеуіндегі атпал азаматқа — нардың жүгі артылады; бұған қоса академик Сәтбаев КСРО Жоғарғы Кеңесіне де төрт мәрте депутат болып сайланған.

Бұл жәйт те ғалымға жолданатын сайлаушылар аманатын, жеке бастың мүң шері айтылған шағым арыздардың жағрафиясын кеңейте түскен...

"Аса қадірлі Михаил Маркович! (Рутман — Қазақстанның Москвадағы өкілдігінің қызметкері — С.М.) Ерлі-зайыпты геологтар И...дің Кеңді Алтайдың жерасты байлығын барлаудағы еңбегі ерекше зор. Бір ғана өкінішті жәйт, осы отбасының үлкен бақытсыздыққа душар болғаны шымбайыма батады: олардың үлкен баласы Валерий тымаумен сырқаттанып, соңынан мүддем естімейтін болып қалыпты. Алты жыл емделуден соң байғұс бала логопед арқылы оқуға үйренген, кәдімгі мектепке бірақ қатынай алмайды... Сізге мен Павел Викторовичтің баласын Мәскеудегі саңырау балалар интернатына орналастыратын бір амал жасайды деп қатты сенемін!.."

Ғалымның архивінде ерлі-зайыпты геологтардың Ұлы Қазан, Бірінші мамыр мерекелерімен құттықтап, әмбе Валераның Мәскеу интернатында өте жақсы оқып жүргенін, академик атасына шексіз алғыспен сәлем жолдайтынын хабарлаған хаттары сақтаулы.

Бәймен Алтыаяқұлының тағдырына Қ.И.Сәтбаевтың өзі араласқан, оны біз әр кезде жолданған екі хаттан аңғарамыз. Алғашқысы Ұлытауға 1944 жылдың 24 маусым күні жазылған: "...1916 жылғы көтеріліс кезінде Аманкелді батыр мен оның сарбаздарына қару соққан тамаша еңбегіңіз, қадірлі Бәйке, халық бақыты үшін болған ұлы күреске сіздің белсене қатысқаныңызды дәлелдеумен бірге... сол кезде қолданған қарулар түрінен тарихи мағұлмат береді және бұл келер ұрпақ үшін өте бағалы ескерткіш!" десе, 1950 жылдың 25 наурыз күні Қазақ КСР әлеуметтік қамсыздандыру министрлігіне ресми жолдаған екінші хатында депутат Сәтбаев қарт жұмыскер, азаттық жолындағы күрескер Б.Алтыаяқұлына тиісті пенсия тағайындауды талап еткен...

Архивтегі "Депутатқа хаттар" деп дараланған шкафтың сөрелерінде қаттаулы тұрған әрбір қораптан неше алуан адамдар тағдырын аңғаруға болады. Солардың қайсыбірі одақ түкпірлерінен жолданған: Том технология институтының профессоры Н.С.Пенн бұрынғы шәкіртіне дербес зейнетақы ала алмай жүргенін ескертсе; нақ сондай үміт артқан өтінішпен Қарағанды көмір ошағының орасан алып екендігін дәлелдеуші ірі маман А.А.Гапеев те өзекжарды хат жазыпты; осы тарауда есімі аталған Атасу темір кенін (қазіргі Қаражал) түбегейлеп барлаушы Б.С.Батищев-Тарасовтың жұбайы сырқаттанып қалған ерін Мәскеудің арнаулы емханасына жатқызуға көмек сұраған хат та сонда...

Татарстанның Ар кентінен 1950 жылдың 14 желтоқсанында жолданған хатта мынадай сөздер жазылған: "...Сәлем жолдаушы өзіңіздің бұрынғы тілемсегіңіз, Отан соғысының I-дәрежелі мүгедегі Осин В.И., Сіз жіберген 100 сомды алдым, шексіз алғыс жолдаумен бірге, бұл тілектің ішінде кішкентай ұлым мен оның жас шешесі де бар, осы ақшаның 66 сомына біз Юрикке пима мен жылы күртеше сатып әпергенімізді хабарлауды жөн көрдік. Қаныш Имантаевич, Сізге, отбасыңызға денсаулық, бақыт тілейміз!..."

"Сізден нақты көмек сұрауға мәжбүрмін. Үш жыл қатарынан Алматыға барып, электротехникумда оқуға қолым жете алмай жүр. Әкем — неміс ұлтынан, шешем — орыс қызы. Әке-шешемді 1941 жылы Куйбышев қаласынан Қазақстанға жер аударған... Арманым — техникалық мамандық алу, сол үшін 8 класты бітірген құжатымды 1947 жылы электротехникумға жібергемін, шақыру да алдым, бірақ Жездідегі спецкомандатура Алматыға баруға рұқсат бермейді..." — деп қиыла

өтініпті Михаил Раймондович Оберт 1950 жылдың ақпанының 20-жұлдызында жолдаған хатында. Қазақ КСР Ішкі істер министрінің міндетін атқарушы Екешов сол жылдың маусым айының 12-күні М.Р.Обертке Алматыға баруға рұқсат берілгендігін Қ.И.Сәтбаевқа ресми хабарлапты. Демек, М.Р.Оберт арман еткен оқуына түскен...

1946 жылдың 17 қарашасында КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты Қ.И.Сәтбаевқа Қарағанды облысындағы Жаңаарқа стансасының тұрғыны Е.Ф.Ветцельден мынадай арыз жолданған: *"Мен – Украинадан жер аударылған немістердің бірімін. Күйеуім Харьков қаласындағы еңбек армиясында, қолымда 7 балам бар, ең үлкені 17 жаста, кішісі – үште. Пәтер ала алмадым, жолдаған үйімнен шығарғалы жатыр. Балаларымда киім жоқ – тұттай жалаңаш, бәрі жалаңаяқ, нан алатын кәртішке де бермеді, көмір де тимеді. Көмек сұрап бармаған жерім жоқ, ешкімнің көмектескісі келмейді. Балаларымның нан сұрап жылағанын, олардың суық пен аштықтан көз алдында өлуіне мен, туған анасы, қалай шыдаймын?! Әкесінің неміс болғанына балаларымның кінәсі жоқ қой, айтыңызшы, құдай үшін барлық халықтар теңдігін әлемге жария еткен Кеңес Одағында олар қаңғыбас іттей қалайша теңіреуге тиіс? Сіз, қымбатты депутат, менің осы кіріптар жағдайыма бірдеме жасаңыз, ең құрғанда балаларымның жармысын жетімдер үйіне қабылдасын, немесе аман сақтауыма жағдай туғызсын..".* Әлбетте, бұл хат несіне де жәрдем көрсетілген. Тіпті көмектің заңды да тұрақты жөні табылыпты: жеті бала тауып тәрбиеленген Е.Ф.Ветцельге 3-дәрежелі "Ана даңқы" ордені беріліп, соған орай тиісті жәрдемақы тағайындалыпты; қомақты көмек те жасалған.

Ғалым-геолог Н.А.РОЗЫБАКИЕВАНЫҢ естелігінен:

"...Халық жауының қызы болғандықтан ол кезде ізденісіме қажет геологиялық құпия материалдармен танысуға құқыым жоқ-ты. Бізді, бес-алты жас минералогтарды, рәсім бойынша, ғылыми кеңеске шақыратын. Алайда есік алдында 1-бөлімнің бастығы көлденең тұрып, өз тізіміндегілерді ішке кіргізеді де, мені қақпайлап ұстап қалады. Шарасыздықтан жаным түңіліп, көз жасыма ие бола алмай, жұмыс орныма қайтамын да, минералдарыма шұқшиямын... Сол қиянат үш жылға созылды. Ақыры, не керек, геология жыңғылына бүйтіп жүріп, бойлап кіре алмайтынымды түсіндім. Кіргім келсе де мен үшін ол – жабық есік. Үй-ішіммен ақылдасып, қаншама ауыр болса да, институттан кетіп, мамандығымды өзгертуге бел байладым. Өтініш жазып, атша тулаған жүрек лүпілін теспел... институт директорына кірдім.

Қаныш Имантайұлы алдындағы креслоға отырғызып, қолымдағы арызды оқыды да, кететін себебімді сұрады. Шынымды айтуға тура келді. Басын шайқап, түнеріп отырды да, телефон трубкасын көтеріп, мені құпия материалдарға танысуға рұқсат ететін бұйрық дайындауды ықтияттады. Содан соң ғылым докторы И.П.Новохатский мен академик И.И.Бокты шақырып, диссертацияның тақырыбын ойластырып, әрі аспирантураға жедел қабылдауға нұсқау берді. Сөйтіп, баржоғы жарты сағатта Қаныш Имантайұлы келешек тағдырымды тап-тұйнақ шешіп, өз қолыма берді..."

Бұл хаттар Қаныш Имантайұлының ғылыми және мемлекеттік зор шаруалармен қоса қабат дарқан өмір күн сайын алдына тартқан түрліше ұсақ істермен де түбегейлі айналысқанына куәлік етеді...

Әділін айтқанда, президенттің алдына келген хат-арыздың бәрі де әлеуметтік мән-мағынаға ие болып, маңызды іске айналатын-ды. Өйткені Қаныш Имантайұлының көміл сенген ойынша, әрбір арыздың соңында тірі адам бар; ал, әрбір адам — қоғам мүшесі, демек, оған мемлекеттік тұрғыдан қарау керек; депутатқа жолданған шағымның мәні тіпті де өзге болуға тиісті, себебі ол — үкімет мүшесі...

III

М.О.ӘУЕЗОВТІҢ "Қазақ халқының зор ғалымы" очеркінен:
"Қаныштың бір ерекшелігі — ол химикпен де, биологпен де, физикпен де, медикпен де және тарихшымен де, тілші-әдебиетшімен де өздерінің ғылыми тілінде сөйлесе біледі. Мамаңдық тілдерімен үндесіп, ұғыса біледі. Және ол әр ғылымның саласындағы әрбір кезеңде пісіп келген нақтылы, жауапты мәселелеріне қажет болған мәслихатын айтып, мықты басшылық ете біледі. Жұмысқа мойымайтын үлкен ісшілдік те бар. Өз басының білімін өсіруде жан-жақты, кең өрісті ғалым болуда тынымы жоқ, ізденуші Қаныш, Қазақстан Ғылым академиясының ауқымында қызмет ететін ғалымдардың барлығына да анық ұстаз, үлгі боларлық білгіш..."

Сол азамат елуге келді. Ел ағасы атанды, Жезқазғанда жүргенде ол өзін асау үйреткен жасаң жігіттей сезінетін: көп ісі алда тұрғандай, бергенінен — бермегі, өнерінің де ту биігі, Ұлытаудың Едіге шыңындай асқары ілгеріде сияқтанатын...

Қаныш Имантайұлының өзі мерейтойын соншама дабырлап өткізуді қалаған жоқ-ты: ошағының басында балашағасын, дос-жарандарын жинап шағын кеш жасауды лайық

көрген; екі-үш күнге уақыт тауып, Баянауылға барып қайтуды... Бірақ шартараптан келіп жатқан құттықтау хаттар мен жеделхаттар тасқыны, газет-журналдарда жарияланған аткөпір мақала, естелік, очерктер еркінен тыс басталып кетті де, үлкен салтанатқа ұласты...

КСРО ҒА-ның президенті С.И.ВАВИЛОВ, бас ғылыми хатшысы А.В.ТОПЧИЕВ-тың жеделхатынан: *"...КСРО Ғылым академиясы Сізді Қазақстанның кен байлығын түбегейлі зерттеуші кеңестік ірі ғалым деп біледі. Республикаңыздың жерасты қазынасын ашу жолындағы орасан зор табыстарыңыз бен ғылыми тамаша еңбектеріңіз — Қазақ халқының ғана емес, күллі Кеңес Одағының мақтанышы"*.

И.Ф.ТЕВОСЯН, КСРО Қара металлургия министрі: *"...Сіздің Жезқазған ауданынан орасан зор мыс кенін ғана емес, Ұлы Отан соғысының қатерлі күндерінде құнарлы марганец қоймасын тауып бергеніңізді Орал металлургтері ешқашанда ұмытпайды. Бұл ерліктің шынайы бағасын ұрыс майданына шайқасқа шыққан кеңес танктері кезінде айқын дәлелдеген болатын"*.

В.А.ОБРУЧЕВ, академик: *"...Мені жұрт Сібір геологтары мектебінің негізін салушы деседі Қаныш Имантайұлы Сәтбаев болса — осы мектептен білім алған іздеуші. Мұндай қабілетті шәкірттің ғылым кеңістігіне қанат қағып, зор табыстармен көрінуі, мен үшін — әрқашанда зор мақтаныш!..."*

Мұндай ыстық ықыласты лебіздер Қазақстанның түпкіртүкшірінен — ірі өндірістерінен, ауыл-селоларынан, облыстық, аудандық аупаратом мен атқару комитеттерінен ондап, жүздеп түскен. Кеңес Одағының әр жерінен келген құттықтаулардың өзі жүзден астам. Жағрафиялық ендіктермен шолсақ — Мәскеу, Ленинград, Киев, Ташкент, Фрунзе, Нүкіс, Бану, Ереван, Тбилиси, Ашхабад, Сталинабад (Душанбе), Том, Магнитогор, Свердлов... Бәрі де жайсаң азамат, сүйікті де тамаша жан, ғұлама ғалым Қ.И.Сәтбаевқа зор еңбектері үшін шексіз алғыс айтып, оны шын жүректен мақтан ететіндіктерін тебіренерлік жылы сөздермен білдіріп, құттықтау хат, не жеделхаттар жолдаған. Таңданарлық құбылыс: солардың ешқайсысы да өзара келіспесе де Қаныш Имантайұлын құттықтай отырып, бір ауыздан Қазақ КСР Ғылым академиясының аз жылдағы зор табыстарын сүйсіне атап өткен; былайша айтқанда, академик Сәтбаевтың мерейтойы академияның ержеткен, есейген, кемеденген мерекесі деп бағалаған; бұдан туатын мәнді уәж және айдай шындық, барлық

құттықтаулардың жалынды сәлем жолдап, ыстық ілтипат білдірген ой-пікірі де осы — Қ.И.Сәтбаев пен Қазақстанның ұлттық академиясы ажырамас бір ұғым дегенге сайған!

Ғалымның өз басы ешқашанда күтпеген, алайда көңілін өсіріп, шексіз риза еткен, өткен өмірін шолуға, жұмысқа алғаш шыққан кезін еске алуға түрткі болған жеделхаттар да аз емес-ті: *"Сіздің шынайы өмір талабына орай туған ғылыми еңбектеріңізге ерекше сүйсінемін!"* — деген құттықтау жолдапты қарт академик-энергетик, белгілі мемлекет қайраткері Г.М.Кржижановский. Қаныш Имантаұлы сол сөздерді оқып отырып, Геолком мен Түсті метал басқармаларының өсіре білгіш сарапшылары 1930 жылы өзіне шетқақпай көрсеткенде, Глеб Максимилиановичтің, сенім білдіріп, Жезқазғанды түбегейлі барлауға алғаш рет қаржы бөлгізгенін сүйсіне есіне алды. Біле билгенге бұл — қайраткерлік нышаны, әмбе үлкен ізгілік! *"Домна Ефимовна жоне... өзімнен большевиктік жалынды сәлем қабылда, қадірлі дос! Елуге келіпсің, бірақ сен маған әлі де бәз-баяғы, өзіміз алғаш кездескен жылдағы жас жігіт сияқтысың!"* — депті Атбастүстіметал тресінің бұрынғы басқарма төрағасы, дербес зейнеткер К.Бронзос. — *Сүйген халқыңның сүйікті ұлы болуқандай бақыт! Ал сен — бір ғана қазақ емес, кең-байтақ Ұлы Отанның сүйікті перзентісің. Өйткені бүкіл Кеңес Одағының гүлдене беруі үшін жан аямай еңбек етіп келесің..."* *"Гүлдену жолындағы күн сәулелі Қазақстанға Сіздей перзенттер аса қажет,"* — деп қуантқан-ды Ленинградтан, КСРО ҒА-ның корреспондент-мүшесі Н.Г.Кель. — *Сіз өз еңбегіңізбен дүние жүзіне қазақ халқының кім екенін, КСРО халықтарының ұлы достығы қандай жетістіктер бергенін танытып келесіз. Сол үшін де қазақ халқының елуге келген даңқты перзенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаевқа бас иіп, қол соғамыз. Бұл сөзді бір топ орыс достарың — жан-тәнімен Сені сүйетін және өздерінің сүйіспеншілігін ешқандай асылға айырбастамайтын (өйткені саған біржола берілген, өзіңді де солай деп ойлайтын) әріптестерің шын жүректен жолдап отыр".*

Ғалымның елу жылдық тойы 1949 жылдың 14 мамыр күні Абай атындағы мемлекеттік опера және балет театрында өткен-ді. Залда қоғамдық ұйымдардың өкілдері, ғалымдар, әдебиетшілер, геологтар, ғылыми қызметкерлер, Қарағандының, Жезқазғанның, Өскеменнің жұмыскер делегациялары... Қазақстан геологтарының ақсақалы, академик Н.Г.Кассин той иесінің өмір жолы, инженерлік және ғылыми қызметі туралы жасаған келісті баяндамасынан соң мінберге Мәскеуден (академик В.Г.Фесенков пен корреспондент-мүше И.П.Ге-

расимов), Өзбекстаннан (академик А.С.Садықов), Әзірбайжаннан (геология докторы К.А.Әли-Заде), Белоруссиядан (академик Н.Ф.Ермоленко), Қырғызстаннан (профессор Г.Н.Виноградов) арнайы келген делегация басшылары көтеріліп, Қаныш Имантайұлына, сол арқылы Қазақстан ғылымына деген ітипат лебіздерін естірткен. *"Партия мен үкімет өзіңге сеніп тапсырған Қазақ КСР Ғылым академиясының басшысы міндетін Сіз кеңес ғалымына тәп жігер-қуатпен тамаша атқарып келесіз, республиканың барлық еңбекшілерінің қадір тұтар сүйікті азаматы болып отырсыз... Сіздің ғылыми және мемлекеттік қызметіңіз Қазақстандағы озық ғылым мен мәдениеттің гүдденуімен тікелей байланысты..."* деп жазғанды Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті, Қазақ КСР Министрлер мен Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы той иесіне жолдаған құттықтау хатында.

Салтанатты жиын соңында Қаныш Имантайұлы тебірене тұрып, жүрегінен жарып шыққан алғыс сөзін естірткен: *"...Өмірімнің әр түрлі кезеңдерінде атқарған азды-көпті еңбегімді сөйлеген жолдастар асыра атап өтті, мерекелі күні мадақ сөздердің басымырақ айтылатыны мәлім. Оларға бір ғана түзету жасағым келеді: неңдей жұмыста болмаймын, қандай міндет атқармаймын, білімімді мен Отанның барлық халықтары бірігіп құрып жатқан баянды бақыт жолындағы жаңа құрылысқа арнадым; соның бір кірпішін болса да берік, әрі орнын тауыш қалауға тырыстым. Бұл болса әрбір кеңес адамына тән ардақты міндет екеніне менің күмәнім жоқ. Сол себептен де өз еңбегімді солардан артық, яғни өзгеше дара дей алмаймын. Ал бүгінгі құттықтауларда менің атыма айтылған барлық мадақты негізгі иесіне — барлық жеңістеріміздің ұйымдастырушысы және дем берушісі — Ленин-Сталин партиясына арнаймын. Әрине, алдағы өмірімде, қызметімде халқым мен партия мүддесі жолына барлық күш-қуатымды, қабілет-жігерімді аямай сарқа жұмсап, еңбек ете бермекпін!"*

Т.А.СӨТБАЕВАНЫҢ естелігінен:

"...Меніңше, әрбір саналы адамның жүрегінде мәңгі ұялап қалатын... өзіне жер жаннаты сияқтанып көрінетін — өте ыстық, әрі қымбат жер пұшпағы болады. Қаныш Имантайұлы үшін — Баянауыл, оның батыс төңірегіндегі кішкентай Айырық ауылы! Соңғы кезде ол туған жерін жиі-жиі есіне алып, кейде түсінде көріп, "Ақкелін бұйраттарыңда саят құрып жүр екенмін, қолымда ағатайымның қыран қаршығасы..." — деп қамыға да аңсай айтатын, атамекеніне ат ізін салмағанына

жиырма шақты жыл болған-ды... Ақыры, 1949 жылғы жазғы саяхаттың соңында, Екібастұзға түнеп шыққан түннің ертеңінде, қасындағы геолог серіктеріне осы жерден туған ауылына барып қайтуға көңіл ауғанын, биылғы демалысының үш күнін соған жұмсайтынын мәлімдеді.

...Аудан орталығы болғалы қалалық келбетке енген бұрынғы станицада көп аялдаған жоқпыз. Еңбекшілермен жүздесіп, қонақасы ішкен соң, Қаныш Имантайұлының ата қонысындағы "Теңдік" колхозына аттандық. Жерлестеріміз бізді әденеше шақырым жерден қарсы алды. Атақты ауылдасының арнайы іздеп келе жатқанына ерекше қуанған жандар мәресіре, Қаныш та балалық шағына қайтып оралғандай боп бір-жосын шат-шадымнан күй кешті... Үлкен ауылдың алдындағы шалғынға аунап, жылымық өзеннің қалдық суына шомылды, содан кейін өз қыстауына бет түзедік. Ескі қыстау мейлінше тозыпты, қораның әр жері құлап қалған. Осынау жұпыны мекеннің еңселі сарай сияқтанып, бала көңілін биікке діттегеніне қайран қаласың, көрмесең тіпті сенбейсің... Қаныш Имантайұлы қасына екі құрдасын ертіп, өздері асық ойнаған жертасты, шана тепкен Қарамұрын дөңін аралап шықты. Ақырында бастауыш мектеп болған бұрынғы Шорман ауылына, қазіргі Теңдікке келдік... Әрине, біздің келуіміз ұлан-асыр тойға айналды. Қарсылығымызды тыңдаған ешкім жоқ. Туыстарымыздың айтатыны — сүйікті Қанекеңнің ақ жүзін, жайсаң қылығын, жарасты күлкісін, құлақ құрышын қандыратын әнін сағындық!.."

...

Қазақ КСР Ғылым академиясының құрылғанына бес жыл толды. ҚазФАН атанған кезінде-ақ өмірдің талай өткелегінен өткен, есею дәуірі соғыс жылдарына дөп келіп, тез жетілген ғылым ордасының бірден-ақ келелі ізденістерге кіріскені ақиқат. Бұдан үш жыл бұрын (1948 ж.) КСРО ҒА-ның төралқасы оның жұмысын талқылаған. Мәжілісті қорытқанда академияның президентін С.И.Вавилов: "Қазақ академиясының алғашқы қадамы турасында жан-жақты әңгіме еткен академик Сәтбаевтың баяндамасы, меніңше, өте жақсы әсер туғызды. Өндіріске тапсырылған екі жүзден астам ғылыми ұсыныстың өзі-ақ бұл ұжымның республика экономикасын көтеруге қолғабыс жасап отырғандығына айғақ. Үйлестіру кеңесі Қазақ КСР Ғылым академиясының өз жұмысын қарымды адыммен және комплексті көлемде бастағанын атап өтуге тиіс.." дей келіп, республика ғылымының биология және

физика-математика саласында ғана кешендеу өрістеп келе жатқанын ескерткен.

Содан беріде бірталай игі шаралар жүзеге асты. 1951 жылы Қазақстан ғылым ордасында төрт бөлімше, жиырма ғылыми-зерттеу институты және дербес жұмыс істейтін он екі сектор, әденеше филиал, база, түрлі ізденіс ошақтарын қосқанда қырық жеті ғылыми мекеме болатын. Оларда әденеше мың адам еңбек ететін. Әрине, бұл қарсаңда ғылыми қызметкерлердің құрамы, олардың ой-зердесі, тәжірибесі едәуір өскен. Сондықтан да ВАК төралқасы бірталай институттардың, ғылыми кеңестердің докторлық диссертацияларды қабылдауына рұқсат еткен. Солардың бірі академия президенті басқарып отырған ГФИ...

Әрбір институт үшін өндіріс ошақтарымен байланыс — міндет қана емес, алдағы тірлік-тынысын, өсуін, табысын анықтар өмірлік ділгірлік. Өйткені кейбір зерттеулер ірі комбинаттардың ауыл шаруашылығының, министрліктердің талабына сәйкес өзара шарт жасау арқылы, яғни солардан түсетін қосымша қаржылармен орындалады. Бұл болса, институт басшыларын өмірдің сол күндегі талап-тілегіне құлағын түрік ұстап, әрі өзі басқарып отырған ұжымның тірлігін өз бетінше қамдауға мәжбүр етеді... Осының бәрі республикадағы ғылым ошағының үрдіс көтерілуіне, Одақ институттары деңгейіне жетуіне жол ашқан. Бір ғана дерек: зерттеу өрісі мен өндіріске берген нақтылы кірісі жөнінен бес жасқа толған қарсаңында ол бүкіл Одақ көлемінде өзінен отыз жыл бұрын құрылған Украина ҒА-сына ғана жол беріп, екінші орынға шыққан-ды...

Қазақстан коммунистерінің төртінші құрылтайында (1949 ж.) академик Сәтбаев республика ғылымының өрісі жайында қосымша баяндама жасаған. ҚК(б)П Орталық Комитетіне мүше болып тұңғыш сайлануы да сол жолы. О күнде бұл үлкен сенім ғана емес, зор дәреже, мәнсапқор кейбіреулер өзіне бақ санаған мәртебе. Бүкілодақтық жоғарғы аттестациялау комиссиясы сол қарсаңда геология профессоры атағын бекітті. 1951 жылдың басында Қаныш Имантайұлы КСРО ҒА-ның тапсырмасымен Тәжікстанның Ғылым академиясын құру ісіне белсене қатысады. Жаңа ғылым ордасының шаңырақ көтеру салтанатында қазақ ғалымы сол академияға құрметті мүше болып сайланады.

Бүгінгі күннің алыс көкжиегінен қарағанда, мадақ-марапатқа толы, әрі соншама биік атақ-даңққа Қаныш Имантайұлының небәрі алты-жеті жылда жеткенін, сол табыстың бәр-бәрі заңды, өмбе қомақты еңбегіне орай жасалған құрмет екеніне тәнті боласыз. ҰҒА академигі Қ.Жұмалиевтің "Өнегелі өмір" баянындағы сипаттамасымен айтсақ, "Әр адам өз халқы-

ның кішкентай бір бөлшегіне ұқсас... Менің қиялымда Қаныш аға қазақ халқының кеңпейілдік, жомарттық, ақжарқын, аңғалдық, сабыр-салмақтылық, бір нәрсеге берілсе — құлай берушілік, еңбек сүйгіштік сықылды жақсы қасиеттерін түгел қамтып, орыс, батыс, шығыс мәдениеттеріне де емірене барып, етегі толып қайтқан, олардың да тек жақсы жақтарын өз бойына сіңірген және осы қасиеттерін... халық игілігіне жұмсауға өзіне-өзі іштей серт етіп, іске бел буған ұлы адамның бейнесін көзге елестетті..." — дегеніне шүбәсіз иланасыз.

Зерделеп қарасаңыз, заман аужайы да соған бейім еді. Тіпті, қазақ қауымы басынан кешкен тарих көші де. Қай уақытта болсын қазақ елі әлдебір билеуші хан, иә көш бастаушы ақылгөй биді өзіне бас еткен (сол үрдіс бүгінде, тәуелсіздікке жеткен заманда өзгерді ме?) де, сол көсемнің айтқанымен жүріп-тұрған. ХХ ғасырдың басында қазақтың рухани ақылгөйі — Ахмет Байтұрсынов бастаған Алаш арыстары болғаны тарихи шындық. Қатыбас уақыт олардың ісін де, ғұмырын да көктей орды. Көшбасшының бос орнын билеуші партия алға шығарған ұлт қайраткерлері ауыстырса керек-ті. Амал қанша, олардың білімді, білікті тобы "Қызыл қырғында" еркек тоқтыдай құрбандыққа шалынып кете барды. Солардың орнын басқандардың өктемдігі басым болғанмен, ой-өрісі, білім-танымы, ақыл-өресі жетпеді. Сауат деңгейі күрт көтерілген қазақ елі рухани басшыға ділгір боп жетімсіреген жағдайда өмір сүрді...

Сөйтіп жүргенде ұлт аспанында қараңғылықты айқара түрген жарық айдай болып дара тұлға Сәтбаев шықты. Одан да бұрынырақ зиялылардың жаңа толқынын бастап Мұхтар Әуезов көрінді. Екеуі де саяси майданның бетке ұстар көшбасшысы емес-ті, білім мен ғылым саласында, мәдениет пен әдебиет әлемінде өз тұрғыластарынан күншілік жерге ұзап та биіктеп шығып, өнегелі ісімен, баянды еңбектерімен, кісілік биік тұрпатымен де үлгі етер нағыз кемеңгер тұлға, ұлт лидері боп танылды. Кестелі ойды тереңнен суырған ұлы Абай өсиет еткен "Болмасаң да ұқсап бақ..." дегені қолмен қойғандай дөп келіп, ел мерейін көтерген, күллі қазақ халқы мақтан тұтқан бірегей де ғұлама ғалым атанды. Ең ғажабы, осы танымға олар қызыл насихаттың пәрменді үгітімен емес, өздері бекем сомдаған ұлы еңбектерімен жетті. Қос алыптың маңдайымызға біткеніне тәубе делік те мәңгі сүйсінейік!..

ҚИЯНАТТА

I

Ғылым академиясын саяси тексеру, үстемдік етуші идеологияның қасаң талабымен бағыт-бағдарын шектеуге әрекет шаңырақ көтерген жылы-ақ басталған. Сену қиын, тарихи айғақтар соған еріксіз мойындатса, шараң қанша?!..

Сірә, ғылым ордасына сайлануға мүдделі болып, бірақ әлдеқандай себеппен тізімге кірмей қалған ғалым-филологтардың бірі Тіл және әдебиет институтының директоры Есмағанбет Ысмайылов пен ғылыми кеңес мүшелерінің "Саяси соқырлығы және ескі заманды көксеушілдігі" хақында Қазақстан К(б)П Орталық Комитетіне ақпар жолдайды. Әрине, нақты айғақтармен күшейтілген: институттың зерттеу тақырыбында халық фольклорын жинауға, батырлық дастандар мен эпикалық поэма, ескі аңыз-лақаптарды насихаттауға, әсіресе ұлтшыл ақын-жыраулар жырын жариялауға ерекше назар бөлнетіндігі, бұл болса ескі заманды көксеуден тезірек арылып, кеңестік өмір салтанатына шұғыл бет бұру турасындағы БК(б)П-ның, оның ұлы көсемдерінің кеменгер ойларымен қиыспайтындығы бадырайтып көрсетілген.

"Большевик филолог" деген лақап есім қойылған "дома-лақ" арызға ерекше мән берілді. 1946 жылдың қара күзінде қарамды комиссия жасақталып, институттың құрылғаннан бергі зерттеуіне шұқшия үңілді. Белсенді идеологтармен құрамы күшейтілген топ іздегенін артығымен тапты.

Қаныш Имантайұлы ө дегеннен-ақ қаһарлы тексерушілердің олқылықты жанпай тіміскілеген екпінін тежеп, институт бағдарын саяси қаралаудан ақтауға тырысқан-ды. Нысанаға ілінген ғалымдарды да қорғап баққан. "Бұл кісілер талай жылдан бері іргелі зерттеумен шұғылданып келеді, қазақ тілі мен филологияның жетекші ғалымдары, — деген-ді ол комиссия мүшелеріне, — өз басы халықтың мәдени мұрасын зерттеп, жинаудан саяси қателік іздеуді түсінбеймін. Базар мен Мұрын жыраудың, Шортанбайдың, Шангерей мен Мәжілүр Жүсіптің өлең-жырларын, ондаған мың жол толғауларын зерттеуге тыйым салу, рухани мұрамыздың тұтас бір кезеңін жауып қою — қылмыс емес пе?!.." Комиссия мүшелерін иландыра алмаған соң, арыз айта Орталық Комитетке барған. Алайда республика партия ұйымының бірінші хатшысы Жұмабай Шаяхметов академия президентінің мән-жайды әріден баяндаған түсіндірмесін аяғына дейін тыңдамай:

— Әй, Қанеке, танауыңды көрінген іске тыға бермей, тиыш жүрсеңші! Саған тиіспейміз, ал ана гуманитарларды басқаратын вице-президент Сауранбаев пен ескі заманға ерекше құмар Ысмайловтың әкесін танытамыз. Өзің соншама қорғап отырған ғалымдарың тиісті сыбағасын алады... — деп қолын сермеп, орнынан тұрып кетті...

Көңілі құлазыған академия жетекшісі есекдәме үмітпен Орталық Комитеттің идеолог-хатшысы Мұхамеджан Әбдіхалықовқа барады. Бірінші хатшыға қарағанда (Ж.Шаяхметовтің көрген-білген мектебі — екі басқыш орыс-қазақ училищесі ғана, ал дәрекі сөйлеу мәнерін, сірә, ГПУ жүйесінде ұзақ жылдар қызмет еткенде машық еткен), ал Әбдіхалықов — ҚазПИ-ді бітірген жоғары білімді адам, әрі қолынан кітап түспейтін оқымпаз, ізденгіш зиялы. Онымен саясат қана емес, өзге де жәйттер жайында емін-еркін дауласуға болатын.

Өккі хатшы Қаныш Имантайұлының ренжулі кейпің аңдаған соң-ақ дауға түспей, әрқайсының мұқабасына "Қызмет бабында пайдалану үшін!" деген қатаң ескертпесі бар құпия құжаттардың бірнешеуін суырып, алдына қойды. Бәрі де БК(б)П Орталық Комитетінің идеология мәселелері жайында соңғы жылдары қабылдаған қаулылары: 1944 жылғы "Татар обкомының идеологиялық жұмысы туралы" қарарда "Едіге батыр", "Шора батыр" дастандарының соғысқұмарлықты, ел тонаушылықты дәріптейтіні "әшкереленген" — демек, олар түркі тілді халықтардың жауынгерлік рухын асыра мадақтауымен-ақ зиянды дастандар; Саяси бюроның мүшесі, бас идеолог А.А.Ждановтың "Звезда", "Ленинград" журналдарының әдеби бағытын сыпыра қаралаған, А.Ахматова мен М.Зощенко шығармаларындағы өмірден туңілу, жатты аңсау сарындарды бадырайта көрсетіп, кеңестік тұрмыстың айқын сипаттарын қасақана көрмеу пиғылын өлтіре сынаған қатал да қаһарлы баяндамасы да осында екен; соның қасына әлгі журналдарды жабу жөніндегі қаулы да қоса тіркеліпті...

Қаныш Имантайұлы құпия құжаттан "талқылансын", "басшылыққа алынсын", "шетелге табыну, ұлтшылдық пиғылы, ескі өмірді көксеуі... байқалған жат элементтерді аяусыз жазалау, түп тамырымен жұлып тастау" қажеттігі туралы үстеме нұсқауларды жаны түршіге оқыды. Ақылы сұңғыла хатшының өзі үлгі-нұсқа еткен идеологиялық құралмен наразылық айта келген академия жетекшісін де иландырмақ ниетін ұқты. Содан-ақ Қазақстанда бұл жәйтке неліктен сонша мән беріп, кеңес жолынан ауытқушыларды іздеу науқаны өрістегенін түсінуге болатын-ды. Сөйтсе де, не себепті бпыл

шаңырақ көтерген академияны жазалау керек, "ағаш атқа мінгізіп", жұрт алдында "дүрелейтін" адамдары да — Тіл және әдебиет институтының білікті ғалымдары болмақ? Не үшін?

— Мұха, түйсігім жетер емес біздегі тексерудің мыналарға байланысын, — деді құпия құжаттарды хатшыға қайтарып. — Не үшін бастадыңдар осы науқанды?

— Қанеке, осы кикілжіңнің ақыры неге соғарына мән бермей отырсыз. Егер соған біз емес, бізден де жоғарыдағылар кіріссе — не боларын білесіз бе? — Әбдіхалықов сұқ саусағымен төбені көрсетіп, бұлттан асып, түпсіз аспан төрін меңзегендей ишарат жасады. — Өйткен күнде, бетін әрі қаратсын деңіз, қазір сіз қызғыш құстай қорғап отырған кемеңгерлердің шашы ғана емес, басы да қоса кетеді. Әуезов пен Ысмайылов қана емес, олардан да өзге жайсаңдарымыздан түгел айырыламыз... Ал, қазір, институттың кемшілігін әшке-релеп, ғылыми қызметкерлер арасында тәлім-тәрбие жұмысын жүргіземіз. Әрине, қарауылға ілінген бірқанша ғалым жаза тартады, бірер жыл жәбір-жапа шегуі мүмкін. Ну, бейнелеп айтқанда, сақал-мұрттын күзейміз. Қарақан басы аман қалған соң, шашы құрғыр қайта шықпай ма?..

Академия президенті басын шайқады. Көңіл-күйі әлем тапырық болып, өзіне жымия қарап отырған хатшыға не айтарын білмей, дегбірі қашты. Республиканың бас идеологының қалтқысыз түспідіrmесі есін тандырып, екі ұдай ойға түсірді: естігеніне сенгісі келген-ақты, әмбе Мұхамеджан өзіне өтірік айтпайтын адал жан, сөйтсе де салиқалы партия қайраткерінің шынайы жағдаятты біліп отырып, ақылға симас белсенді әрекетке бас ұрғанына түйсігі жетер емес.

— Академияны едел-жедел құрып, Қанеке, біз, дүйім жұрттың бойы да, ойы да жетпейтін Олимп шыңын қолдан жасадық. Соған енді емен де, семен де жаппай ұмтылады. Өзіңіз білесіз, ғылыми дәрежені иелену — қазірде қиын емес, тек соған ынтаңыз болсын... — Сірә, қадірменді академиктің өзіне дүдәмал көңілмен, әлденеге секем алып, тұнжырай қарап отырғанын аңдады білем, Әбдіхалықов ойын әріден тарқатты. — Шынайы ғалымдар соны мұрағ етсе — құбақұп. Алайда дарқан өмір ғылымды өз көдесіне жаратып, сауын сиырдай сауатын пысықтарға да бай. Сол ептілер сіздің де, Мұхтар Әуезовтің де, Әлкей Марғұланның да ғылымда жеткен шыңына мен неге бірге шығып, қатар тұрмаймын... деп көксейді де, ертелі-кеш соның амалын қарастырады. Ұқтыңыз ба, сіз өлгінде науқан деген дүрмектің түп себебін?.. Талабыңызды ескеріп, өлгі жалақордың арызын аяқасты

еттім бе, ол найсап сірәда тоқтамайды. Көрдiңiз бе, өз ойын жүзеге асыру үшін қандай мезгiлдi таңдағанын? — Хатшы үстел шетiнде тұрған құжаттарды нұсқады. — Мен сiзге, Қанеке, ақыл айтып, солармен қалайша күресудi үйреткелi тұрған жоқ. Гапу етiңiз, ондай ниеттен аулақпын. Сөйтсе де, тап осы сияқты бұқлада тығылып тұрып, желкеңiзден соғатын, аяқтан шалатын жымысқы әрекеттерге өзiр болыңыз. Ондай соққылардың өлi талайын көресiз...

— Рақмет, Мұқа! Бұйырғанын көрермiз, — дедi Қаныш Имантайұлы, сонсоң сөл бөсең үнмен сөзiн жалғады. — Шынымды айтсам, ескi мұраларымызды зерттеушiлердiң ұланғайыр еңбегiн мына қарарлармен ұштастырып жоққа шығарудың қажеттiгiне менi иландыра алмадыңыз. Бұл ендi нағыз қиянат, әрi дөрекi түрде жасалған, ешқандай ғалыми жөнге келмейтiн. Тарих та, халық та мұны бiзге кешiрмейдi!..

Әбдiхалықов бүгежектеп қалды. Ақ құба өңi қарауытып, бетiне қарақошқыл дақтар теуiп, көз нұры да көмескi тартты. Ғалымның бетiне қарай алмай, тұншыққан үнмен:

— Көп жәйттi сiз бiлмейсiз, Қанеке, менi де сол үшін жаза-лап тұрсыз. Ал, мен, тек қана нұсқау орындаушымын. Әрине, тиiстi сыбағамды алдым.

— Олай десеңiз, Мұха, бiлгендерiңдi iстеңдер — сот та, орындаушы да өздерiң болып. Ал, мен, бұл былыққа қатыспаймын! — деп орнынан тұрды.

Идеологиялық комиссияның тексеру қорытындысы 1947 жылдың 21 қаңтар күнi Орталық Комитеттiң бюро мәжлiсiнде талқыланып, "КСР ҒА-ның, Тiл және әдебиет институтының саяси өрескел қателiктерi туралы" деген ызғарлы атының өзi-ақ қарадай шошытатын жойқын қаулы қабылдаумен тынды: *"...ҒА-сы мен Тiл-Әдебиет институтының басшылары кадр таңдаудың большевиктiк ұстанымдарын өрескел бұзған, сол себептен зерттеу ұжымы әлеуметке пиғылы жат, әрi ғылыми жұмыстың саяси мәнiн бiлмейтiн кездейсоқ адамдармен былыққан"* деген сияқты ауыр қаралау таңылған қарардан соң — кiмнен және неңдей жақсылық күтесiң? Институт директоры орнынан босап, бiргалай жетекшi ғалымдар жұмыссыз қалды. Олардың ескiнi көксеген "зиянды пиғылы" бiрнеше ай бойы республиканың жоғары дәрежелi оқу орындарында, техникумдар мен орта мектептерде, үлкендi-кiшiлi газеттер бетiнде талқыға түсiп, мейiлiнше "өшкерелен-дi".

Тәубе дерлiк жәйт: шерменделердiң нақақ жаладан көңiлi нала болғанмен, 37-жылдың қанды нәубетi қайталанған жоқ; соны да дес көрген "кiнәлiлер" бастан құлақ — садақа.... десiп,

жер-жерден күнкөріс етер жұмыстар тауып алып, тіршілік қамына кіріскен-ді...

Алайда ертерек қуаныпты. Бірнеше айдан соң күллі Одақ бойынша зиялы қауым ортасынан батысшыл, шетелшіл, ділімен де жатқа табынушыларды іздеп тауып, социализм орнатып жатқан КСРО-ны капитализм қоғамына қайтаруды көздеген "дүшпандық әрекеттерін" өшкерелеу науқаны басталды. Солдүрмекке мұрыңдық болған басты айғақ — талантты сазгер В.Мураделидің "Ұлы достық" операсының баспасөз бетінде жойқын сынға тап болып, соған ілесіп БК(б)П Орталық Комитетінің осы шығарманы күйреткен қаулысы. Қазақстан партия ұйымы, әрине, бұған да үн қоспай, бейтарап қалмаған. Нәтижесінде 1948 жылы "Қазақ әдебиетінің қазіргі ахуалы және келешек дамуы туралы" деп аталған тағы бір партиялық қарар дүниеге келді. Саяси пәрмен-қуаты мейлінше айқын жаңа қаулы қазақ әдебиетінің ахуалы қанағаттанғысыз екенін баса көрсетіп, оны жасаушылар ескі өмірді өскездеп сипаттап, оқырман санасына бұрынғы рухани мұраларды өсіре дәріптеумен шұғылданатынын анықтаған. Демек, әдебиет оқулықтары, бұған дейін шексіз мақталып келген әдеби туындылар, сазгерлер шығармалары, драмалар мен ойын-қойылымдардың... бәрі де қатаң сүзгіден өтуге тиіс.

Орталық Комитеттің жаңа қарарын жүзеге асыру нәтижесінде "ескішілдік індеті" мендеген әдебиет ахуалын жедел түзету үшін мектептер, орталау және жоғары дәрежелі оқу орындарындағы әдеби оқулықтарды пайдалануға тыйым салынып, "Зар заман" кезеңіне жатқызылған барлық ақын-жырауларды зерттеу, шығармаларын жариялап, есімдерін атауға қатаң пәрмен берілді. Сол науқанда көптеген батырлар жыры, лиро-эпостар, сайын дала, саф ауа құдыретін әспеттеген терме, толғауларды оқып, жұрт алдында орындау саяси қылмысқа жатқызылды. Өйткені олар ескі өмірдің еркіндігін аңсау туғызады, бай-шопжарлардың салтанатты тұрмысын паш етеді-міс.. Газет-журнал, барлық басылым редакциялары, мәдени мекемелер атауға, орындауға тыйым салынған ән-күйлердің (ұзын саны 300-ден астамдеседі) ұзын тізбесін алды. Көптеген ән мәтіндері қайтадан қаралып, бұрынғы сөзіне түзетулер енгізілді...

Әрине, осы тақырыпқа қалам тартып, ұпай түгендегендер белсенді әрекетке көшіп, әлей жазғыштарға айналды. Олардың дәрекі сындары есімі мәшһүр әдебиет зерттеушілерін, белгілі ақын-жазушыларды сыпыра "дүрелеген" мақалалары газет бетінен түспейтін болды.

Бұл жолғы сынның сұғы Ғылым академиясының президентін де шалды. Көреген көздер Қаныш Имантайұлының өмір жолының бас кезінде, "рухани зияндылығы" қазірде "әшкереленген" "Ер Едіге" дастанының ең мәнді нұсқасын Мәскеуде, әсіре дәріптеген мадақ кіріспемен жариялаушы екенін біліп қойыпты. Демек, мақтаулы президентіміз де — ескіні көксеуші. Сондықтан да ол көне әдебиет нұсқаларын зерттеушілерді қызғышпай қорғап, қанатының астына алып отыр. "Ер Едігені" жариялауын, сол ісінің қателік екенін баспасөз бетінде мойындаудан бас тартуы тегін емес, олай болса академик Сәтбаевтың саяси ұстанымын тексеру қажет...

Ал, адуын Уақыт жалған ғалымдарды, ғылым әлемін төңіректен күнкөріс жасаушыларды мейлінше құғыртқан шақ еді. Әсілі, олар үшін бәрібір, кімді болсын орнынан тұрмастай етіп соғуға әзір жандайшаптарға емеуірін етсең болды, өмір берушіге жалт қарап: "Қашан, кімнен бастайық?" дейді де, алақанына түкіріп, кең дүниені тарылтып дөңгеленте жөнеледі...

Гуманитарларды бірер жыл сілікпеге салып, бет-бағдарын түзеген соң-ақ кезек жаратылыстанушыларға келеді. Бұл науқан 1948 жылдың тамыз айында шақырылған ВАСХНИЛ-дің кезекті ғылыми сессиясында академик Т.Д. Лысенконың генетика негіздерін жоққа шығарып, өзі ойлап тапқан "Мичуриндік биология" імін ұсынуымен өріс алған. Шынайы биологтардың, байырғы жаратылыстану ілімінің классикалық мектебі түлектерінің қарсылығы пәрменді, әмбе олар айтарлықтай қарамды топ болғандықтан, жаңа ілімнің қамқоршысы И. Сталин өзі жете меңгерген, "қарсыластарына қара күш қолданып, тізе бүктіру" әдісін пайдалану жөнінде тиісті нұсқау түсірген: нәтижесінде орталық жоғары оқу орындарында, ғылыми-зерттеу институттарында еңбек етіп отырған жүздеген кәнігі мамандар — академик, профессорлар, доценттер мен ғылым кандидаттары шеткергі қалаларға, алыстағы тәжірибе стансаларына жер аударылды: ал кейбірі, есімі дүние жүзіне мәлім биологтар бас еркінен айырылып, Сібір лагерьлеріне айдалды. Шынтуайтын айтқанда, көлемі мен ауқымдылығы жөнінен биологтардың басынан кешкен теперіші кеңестік ғылым салалары бұған дейін көрген қуғын-сүргіннің бәрінен де асып түсіп, бірнеше жылға созылған-ды.

Ұлттық академияның биология-медицина ілімдері бөлімшесін Николай Васильевич Павлов басқаратын-ды: ғылым док-

торы, профессор атақтарын жасы қырыққа толмай иеленген, тек қана қазақ даласынан өсімдіктің ғылымға белгісіз 130 жаңа түрін тауып, Қазақстанның барлық таулы аймақтарын ғана емес, Моңғолия, Тибет, Камчатка қиырларын да жаяу кезген тынымсыз іздеуші, нақ сол жылы "Қазақстанның майлы өсімдіктері" монографиясы үшін Сталиндік сыйлықтың иегері атанған, оған қоса республиканың еңбек сіңірген ғылым қайраткері, өлденеше рет мәртебелі орден, медальдармен марапатталған — зиялы қауымға есімі мәлім адам...

Алайда дабыра атағы, ғылыми еңбектері де Николай Васильевичті Лысенконың Қазақстандық шөкірттерінің бүйідей бүрген дөрекі шабуылынан құтқара алмады. Әмбе ол ешкімнің бедел, мәнсабымен санаспай, көкейіндегісін тура айтатын, тілі де удай ащы адам еді. Барлық шынайы ғұламалар сияқты, ғылымның өзі басқаратын саласын академик Павлов кездейсоқ әуесқойлар мен бейнетсіз мал тапқысы келгендерден жанын сала қорғаған. Әрі соны кімге болсын бетіне айтып, бітіспес айқас ашудан тайынбаған. Міне енді, сол мінезінен тапқан дұшпандары, талай жылдан бері оспадар биологтен қағажу көріп, іштен тынып жүрген әріптестері кек қайтаратын сәттің туғанын сезіп, қыңыр да қайсар ғалымды төубеге келтіріп, тіпті академия жүйесінен аластауды жобалап, жаппай дүрелеуге кіріссін...

Бір күні кеште (архивте сақталған нұсқада 1948 жылдың қыркүйегінің 25-і деп нақты көрсетілген) Николай Васильевич президенттің кабинетіне келіп, етектей арыз ұсынды: *"...Ғылыми еңбектерімді вейсманизм негіздеріне сүйеніп жазғанымды қателік деп мойындамағаным, яғни өмірімді сарп еткен күллі зерттеуімді жоққа шығармағаным — қып-қызыл пале болды, қазірде маған жабыла таслақтыру науқаны жүріп жатыр... Ғылыми ортада сенімнен біржола айырылыппын, мұндай масқара жазаға тап болған жерде бұдан әрі қалуға менің қақым да, арым да жетер емес. Сол себепті төрақа құрамындағы міндетімнен босатуды өтінемін.."*

— Ау, бізден кеткенде не істемесіңіз? — деді президент өзімен түйдей құрдас әріптесінің арызын оқып шыққан соң. — Тек турасын айтыңыз, құрдастар арасында бүкпе сыр болмайтынын білесіз, Николай.

— Шатаспа, қымбаттым. Мен ойланбай, тегінде, ешнәрсе істемеймін, ал бұл жолы үй-ішіммен де ақылдасып жаздым. Қияқгүл өсіремін! Алматыдағы ең әдемі қияқгүл түрлері менде болады, бәлкім, дүние жүзіндегі ең тамашасы. Өйткені әріптестерім жек көргенмен, мен солардың бәрінен де арты-

ғырақ ботаникпін. Көресің әлі, оларды сату — маған академиктің айлығын неше мәрте орап алатын табыс әкеледі. Әмбе ол ешқандай дүрелеу, өжуа сөгусіз адал еңбек болмақ...

— Олай десең, Николай Васильевич, мені де көмекші етіп қасыңа ал! Рас, гүл өсірудің кілтпанын мен білмеймін, бірақ күрек ұстарлық қуаттан құр алақан емеспін, — деді президент әріптесіне тура қарап.

— Қалжың емес, шыным, Қаныш Имантайұлы.

— Мен де сізбен қалжыңдасып отырғам жоқ, — деді кабинет иесі. — Қателеспесем, бұдан бес-алты жыл бұрын, сіз мені дербес академия құруға ой салып, сол үшін марқұм Владимир Леонтьевич Комаровпен де достығыңызды барынша әжетке жаратып бақтыңыз. Сөйтіп жүріп ғылым ордасын көтердік. Соның іргесін бекемдеуге қатысқан сіз емей, кім?! Енді соны орта жолдан қосылған біреулердің иемденуіне қалдырып, бұта түбіне жалт бермексіз. "Әдемі қияқгүлдер өсіремін!"... Ұялсаңыз етті?! "Маған жан тыныштығы керек, өзгелерің өлмесең өме қап!.." Кім-кім, дәл сізден осындай опасыздық күткен жоқ, құдайға хақ, сізді мен рухы күшті адам, сүйікті ғылымы үшін ақырына дейін тұратын күрескер... деп ойлағам...

Президент сөгіс сөзін бастағанда-ақ ғалым-ботаник тыныш отыра алмай, әрлі-берлі қозғалып, қыбыжықтай бастаған. Қаныш Имантайұлы тоқтар емес, құдды бір жүрегінде кептеліп қалған шемен-шерден құтылғысы келгендей-ақ, ащы өксікті аяусыз төпей берді. Есі шыққан Павлов бар даусымен айқай салып, "Арызыма қол қойыңыз, бітті шаруа!" деп шыға жөнелуге шақ тұрды да, кенет ақырын ғана:

— Маған неғыл дейсіз? Қорғануға да мұршам жоқ, тіпті сөз бермейді... — деді.

— Сөйткендері дұрыс! Өйткені сіз мінберге шығып алып, жұрттың бәрін күйретесіз. Ақырында қайдан шығарыңызды ойладыңыз ба? Ал, сізді сынағандарға сол ғана керек!.. Құлағыңа мақта тығып алып, тыныш отыруға болмас па?!..

— Төзімім жетпейді. Қанеке! Ғылымды жағалаған өңкей көкезулер аузына келгенін оттап, төбеңді тескендей қисынсыз бірдемелерді сағаттар бойы бопсалап жатқанда, қалай шыдайсың?.. Қаныш Имантаевич, ғапу етіңіз, сіздің де не айттып тұрғаныңызды түсінген жоқпын. Үндеме дегеніңізді айтатын, — деп Павлов әріптесіне мұңая қарады. — Өзің де осы дауға араласпай, тыныш отырсың...

— Ол үшін бас қатырудың қажеті жоқ, сіздің мұныңыз — кеше ғана Ай планетасынан топ ете түскен келісектің сөзі... — Қаныш Имантайұлы болар-болмас езу тартты. — Осындай

у-шүмен басталып, ақыры өзінен-өзі тынатын науқанды жаңа көріп пе едіңіз? Бір жыл, бәлкім екі жыл сабыла жүгіреді де бір күні ұмыт болады... Демек, ештеңе естімегенсіп тыныш отырып, қарақан басыңды сақтау қажет! Ал, ол шіркін, басыңызды айтамын, сізге ғана емес, маған да, Отанға да керек!.. Ұқтың ба, Николай Васильевич? Төзім керек! Жүйкеңіз жете ме соған? — деп академия президенті ауыр сұхбатта меселі үстем шыққанын сезіп, ұнжырғасы түсіп, тұқынып кеткен құрдасына қутындай қарады.

— Білмеймін, қымбаттым, сөйтемін деп сендіре алмаймын. Бір күні түлен түртіп, өзіме тиіскендердің бірін жағадан алсам — сөкпеңіз мені... Ал қазір, ырқыңызға берілдім, тек уақытша. Арызымды қайырыңыз, Қанеке.

— О, жоқ, даукес достым, бұл шпмайыңыз менде қалады. Сіздің өзіл-оспағыңызда аяу жоқ, құрдас деп мені ғана емес, жасы үлкенірек Әуезовті де аямайсыз. Мәжіліс үстінде бәрімізді сыпыра мазақтап, зеріккен жұртты күлкіге қарқ қылып отырасыз. Сол кезде мұңы қарымтаға пайдаланамын... — деп жайраңдаған президент Николай Васильевичтің алдына таза қағаз тастады. — Маған сіз басқадай арыз жазыңыз, осы қазір. Қандай дейсіз бе? Әлдебір ғылыми мақсат үшін, айталық, өсімдіктің жаңа түрлерін дала түкпірінен, әлде Алтай бөктерінен іздеу үшін ең кемі алты ай, бәлкім бір жыл мерзімге экспедицияға аттану үшін. Қысқасы, сізге өшіккен пысықтардың үні де, қолы да жетпейтін алыс қиырға аттанасыз. Аз болса тағы да ұзартамын мерзімін. Тек, Николай, достарыңыз түгiлi дұшпандарыңыз күдіктене алмайтын дәлел келтір. Бітті шаруа, жаныңды күйзелткен дау-шар да соған дейін бір жағына шығады...

— Сенің сұңғыла ойыңа, құдай біледі, найза бойламайды, Қанеке! Оған қоса сен керемет оптимист адамсың, ақиқатқа сеніміңде әлей күшті! — деп шаттанған ботаник қолына қалам алып, сүйкектете бастады.

Бұл дүрмек те Қазақ КСР ҒА-ның президенті болжағандай болып шықты: Рас, Т.Д.Лысенконың жалған іліміне табыну, ол айтқандай, бірер жылға емес, ондаған жылдар бойы үстемдік құрып, орасан зиян келтірсе де, ғылым ордасы жетекшісінің әріден ойлаған амалының арқасында Қазақстан жаратылыстанушыларының білімпаз тобын жөнсіз қуғындаудан сақтап қалды; әлбетте, ғылымның бұл саласының өрісі біршама баяулағаны анық; сөйтсе де биология ілімі республика атырабында ежелгі үрдісінен жаңылған жоқ.

Кім-кім, бұдан Қазақстан ғылымы ұтты: салауатты ботаник Н.В.Павловтың басшылығымен бертінде республика флорасының 9 томы жарық көрді; Николай Васильевич қазақ даласының өсімдік дүниесін зерттеуден өмірінің ақтық сағатына дейін (1971 ж.) танбай, соңынан іргелі ботаниктер мектебін қалдырып кетті...

Айта кетер бір жәйт: "Қазақстан флорасының" 1964 жылы жарық көрген 7-томы сол жылы опат болған, ботаниктердің жанашыр қамқоршысы, академик Қ.И.Сәтбаевтың жарқын есіміне арналған-ды; сол іске мұрындық болушы Николай Васильевич өзі өсірген қияқгүлдің жаңа түрін де өзіл-оспағы жарасқан құрдасының есімімен атаған; ұлы замандасын ерекше ардақ тұтқан ботаниктер ҚР-ның Бас бауында бертінде өсірген сиреньнің де көрікті түріне Қаныш Имантайұлының есімін беріпті...

Қазақ КСР ҒА-ның филиалдар кеңесіне жауапты хатшы бола жүріп, 1948 жылғы шерлі оқиғалар кезінде Лысенкопіл топтан қатты қағажу көрген, академия президентінің ақыл-кеңесімен Алматыны уақытша тастап, Атырауда ұйымдасқан бау-баққа ғылыми жұмысқа ауысқан ғалым-ботаник И.К.Фортунатов академик Сәтбаев туралы бертінде жазған, 60 бет естелігінде сол бір дүрмекті де дүрбелең уақытты қиял-қоспасыз, мейілінше ашық әңгіме еткен...

"...Лысенконың зиянды әрекетіне даңғыл жол ашқан жылдың аяғында Мәскеуге іссапармен келгемін. Қаныш Имантайұлымен уағда бойынша "Москва" мейманханасындағы оңаша бөлмесіне іздеп бардым. Президент маған биологиялық зерттеулерді мичуриндік жаңа арнаға шұғыл бұрудың қиындығын, ал партия органдары осы жағдаймен санаспай, өзінен нақтылы өзгерістер талап ететіндігін қынжыла әңгімеледі... "Мысалы, сіз, Игорь Константинович, мичуриндік жолды бұлталақсыз жақтаймын деп жұрт алдында уәде бердіңіз, күнделікті ісіңізде бірақ Тимирязевтің сара ілімінен ауытқыған жоқсыз. Мен сізді тап бүгін жүз сексен градусқа қолмақол өзгеріңіз деп зорламаймын. Сөйтсе де жаңа бағытты қолдайтыныңызға жұртты сендіретін бірдеме жасауыңыз керек..." — деп, бетіме ұмсына қарады. Мені түлен түртіп, Қазақстанның жеміс-жидек өсімдіктерін И.В.Мичурин әдісімен жедел жақсарту жөнінде ғылыми еңбек бастағанымды айтып едім... Қаныш Имантайұлы бірден құптап, 30 желтоқсанға дейін соны тездетіп аяқтап, осы бөлмеге әкеп беруімді тиянақтады. Шегінерге жол қалмаған соң өзге жұмыстарды қоя тұрып, қолжазбаны тәмамдауға мәжбүр болдым...

"И.В.Мичурин — табиғатты жаңғыртушы" деген айдармен бұл кітапша келесі жылдың басында орыс және қазақ тілдерінде жарық көрді".

И.К.Фортунатов бүкпесіз шерткен оқиға — Қазақстан ғылымы жетекшісінің шынайы жағдайды біле тұрып, "Қасқырларға да жемтік тастап, қойларды аман сақтау" амалына ден қойып, ғылыми жойқын тартыста жер ортада болғанына айқын айғақ. Нәтижесінде ол биология ілімін, жоғарыда айтқанымыздай, біржола күйреуден құтқарған. Алайда турасын айтсақ, нақ осы, ғылыми қауымнан, зиялылар ортасынан үнемі жат пиғыл іздеп, әр жыл сайын қайыра соғып, "сыпыра тазалау" науқаны Қаныш Имантайұлын да қажытып, қатты шаршата-тын-ды. Әбден діңкелеп, үнемі шала ұйқы боп жүргендіктен көз алды бұлдырап сыр бере бастаған. Қан қысымы көтерілетін гипертония дерті президентті жиі-жиі шалатын болды...

Көңіл көксеген тыныштықтың ауылы бірақ қашық екен, қол жетпес арман қалпында қала берді. Ал, "Жат элементтерден тазарту" кезегі бұған дейін тыныш жатқан геологтарға ойысты.

1949 жылдың 31 мамырында қауіпсіздік комитетінің қызметкерлері 1936 жылдан ғылым докторы һәм профессор, Еңбек Қызыл Ту және Отан соғысының бірінші дәрежелі ордендерінің иегері, Сарыарқада Семізбұғы, Қарағайлы, Кентөбе, Тоғай, Қайрақты кен орындарын, дүние жүзілік деңгейдегі Қоңырат пен Алмалықты тұңғыш ашып, түбегейлі зерттеуші Михаил Петрович Русаковты Ленинградқа барған күні тұтқынға алған. Әлбетте, Л.Берия басқарған жазалаушы жүйе ешқашанда жалғыз-жарым жат элементті іздемейді. Қармақты олар тереңге салып, әрдайым қомақты топты қамтиды. Бұл жолы да сөйтті. Одақ бойынша, көптеген белгілі кен іздеушілерге "шет мемлекет пайдасына қызмет көрсетіп, ондаған кен орындарын қасақана көрмей кеткен..." деген қаралау таңып, қылмыс іздеген. Қ.И.Сәтбаевтың таныстарынан солдүрмекке профессор В.М.Крейтер, біраз жыл ҚазФАН-ның төрағасы болған академик И.Ф.Григорьев ілігіпті.

Ал, өзінің байырғы әріптесі Михаил Петровичтің қамауға алынғандығы туралы хабарды ол ғалымның тоқсан жастағы анасының өзіне сонау Балтық теңізінің жағасынан жолдаған хатынан білген. Әрине, *"нақақ жаладан перзентімді құтқаруға*

бірдеме жасай көріңіз, бірден-бір сенерім — сіз ғана...” деген шерлі ананың аһ ұрған өксігі Қаныш Имантайұлын үнсіз қалдыра алмады. Академия президентінің міндет-парызы да қаралындағы ғалымдардың мүддесін жоқтап, азаматтық құқың қорғауды жүктегені түсінікті. Оған қоса Қазақстан атырабында ширек ғасырдан астам мерзім сәтті ізденіс жүргізген, республикадағы геологиялық ілімінің негізін бірге қалаған ғұлама ғалымның, өрі өзіне ұстаз болған, сыйлы да қадірменді адамның тағдыры қатерлі шекке жетіп тұрғанда, қалайша бейтарап қаласың? Қала алмады, әлдебір шаруаны сылтау етіп Мәскеуге барып, бірталай есікті ашты. Алайда әділдік талап еткендерге дес бермеуге дағдыланған, кімге болсын жауап бермей діңкесіп құртуды машық еткен жазалау жүйесі бәзбаяғы мығым қалпында екен: белгілі мемлекет қайраткеріне, КСРО Жоғары Кеңесінің депутатына қайда, кімге барса да (қайсысы болсын академик Сәтбаевты бөгесіз қабылдаған), бір сарынды жауап беріп: “Бекерге мазаланбаңыз, тергеу өнді ғана басталды. Сол себептен біздің араласуымыз жөнсіз болмақ, тергеушілер де ақ-қарасын әділ айыруға тиіс...” — деген уәж айтқан. Ал, жазалаушы орган бұл іспен 18 ай шұғылданып, өз қолдарына түскен ірі ғалымды “Отан мүддесін сатқан” бабына келтіретін айғақ тапқанша азаптап, тергеуде ұстаған. Ақыры, М.П.Русаков та, жоғарыда аталған әріптестері сияқты, 25 жылға сотталып, “Ит жеккенге” айдалып кете барған.

Ауыр жазаның төрт жылын өткерген соң, яки ел билігінде тың өзгеріс туған қарсаңда КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы Г.М.Маленковқа 1953 жылдың 14 мамыр күні Сібір түкпірінен жолдаған арызында ғалым: *“...Социалистік Отаныма мен 30 жыл бойы аянбай қызмет етіп, оның шаруашылығы үшін өнімдік құнына аударып айтқанда 25 миллиард сомның кенін тауып, әрбір тәулікте 2 миллион сом кіріс кіргіздім. Осы айғақтың өзі-ақ — менің адалдығыма айқын дәлел емес пе?.. Егер менің “ісімді” қайыра тексертіп, бостандыққа шығартсаңыз — мен өзіме социалистік міндеттеме алып: 3-4 жылдың ішінде бір ғана Орталық Қазақстан атырабынан бұрынғы барланған қорға қосымша бір миллион тонна мыс кенін іздеп тауып, әмбе соны темір жолға 75-100 шақырым жерден көрсетер едім, бұл болса мені кінәлаушы геолог Шестакова көзір еткен басты айғақ — “зиянкестікпен әдейі көрмей кеткен Краснояр өлкесіндегі 1931 жылғы кен қорынан” кем дегенде 4-5 есе көп мыс...”* — деген мәлімдемесі де бір жыл бойы жауапсыз қалыпты...

Қ.И.Сәтбаевтың Русаковты арашаламақ болып Мәскеуге барып, үкімет мүшелеріне шағынғаны текке өтпеді. Жазалаушы жүйе мұндай әрекетті ешкімге, ешуақытта кешірмеген. Әрдайым жазалап отырған, реті келсе — жер жастандырған...

Т.А.СӘТБАЕВАНЫҢ естелігінен:

"Бір күні кеште, қараңғылық қоюланған шақта... пәтерімізге Н.Г.Кассин келді, қатты абыржығанын бейуақта жүргенінен сездік, түнерген түрі де адам шошырлық еді. Айтуынша, Мәскеуден келген Гостехнадзордың комиссиясы өзін тексеруге тартыпты. "Олардың не іздегенін бүгін білдім: Қаныш Имантаевич, сіздің Қарсақбай мен Атасу темір кендерін барлауды қасақана "кешеуілдетіп", мемлекет мүдесіне зиянкестік жасағаныңызды дәлелдемек; мені де сол мақсатпен, яғни ғылыми айғақ тауып беруге шақырыпты; таппасам баяғы патриот емеспін... — деді ол бізге үрейлене қарап. — Ал менің мұндай пасық іске былғанғым келмейді! Жас кезімде айтпаған өтірікке егде жасымда қалайша барамын? Сізді мен аса талантты, құдай тағала данышпан іздеуші етіп жаратқан нағыз геолог деп білемін. Бұл ойымнан мені ешкім де ешқашанда айныта алмайды!.." — деді ол.

Ішін кернеген ашудан қалш-қалш еткен шынайы досымыз, жаны кіршіксіз таза Николай Григорьевичті біз шайға зорлап отырғызып, көңілін жайлауға тырыстық. Өйткені оның да қан қысымы жоғары екенін білетінбіз....

Комиссияда одан әрі не жайында сөз болғанын білмеймін, бірақ қадірменді Николай Григорьевич екі-үш күннен соң қатерлі кризге ұшырап, ауруханаға түсті. Сөйтіп, тамаша ғалым, Қазақстан жер қыртысының геологиялық тұңғыш картасын жасаушы, КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері Н.Г.Кассин сол құлағаннан қайта оңалған жоқ, ауруханада дүниеден қайтты".

Қысқасы, пәле-жала іздеуші Одақтық комиссия мүддесіне жетті: рас, көздеп келген "күнәкарды" емес, геология ғылымының аса ірі тұлғасы, Қазақстанның геология ілімінің негізін қалаушылардың бірін жер жастандырып, іле-шала қайтып кетті... Алайда көктем шыға қарамды топ болып қайтып оралып, ГФИ жұмысын қайыра тексереді, бұл жолы кен барлауды ғана емес, күллі шаруашылық саласына, ғылыми зерттеуге жұмсалған шығындар көлеміне шұқшияды. Тіпті директордың зайыбы жұмысқа түске дейін келеді, ал еңбек ақыны толық алады деген сыбысқа да қадалады. Таисия Алексеевна үйде зерігіп бос отырмас үшін бір мезгіл институтқа келіп, екі-үш сағат Жезқазған кендерін минералогиялық

зерттеумен шұғылданатын-ды, бірақ соңғы төрт-бес жылда бұл үшін соқыр тиын айлық алмайтын...

Қаншама шұқшиғанмен бұл комиссия да Қаныш Имантайұлының геологиялық ізденісінен ешқандай ілгешек таба алмады. Жезқазған сынды алыпты ел игілігіне жаратуға мұрындық болған, Жездіні ашқан, Атасу мен Қарсақбай кендерін де жетімсіз қаржымен ондаған жылдар бойы зерттеп, Қара металлургия комбинатына шикізат бере алатынын соғысқа дейін-ақ толық дәлелдеген іздеушінің тұрлаулы барлауынан нендей оқылық табасың? Әйтсе де тырнақ астынан кір іздеушілерге бұл — уәж емес. Нысанға алған пендені зиянкес етіп шығару — қызметтік парызы болған соң не шара?!..

II

КСРО ҒА-ның Тарих институты 1941 жылдың күзінде Мәскеуден жедел көшіріліп, Ташкент пен Алматыға қатар орныққан-ды. Тарихшылардың қарамды тобы, институт директорының орынбасары, ҒА-ның корреспондент-мүшесі (кейіннен академик), "КСРО тарихы" оқулығының авторы А.М.Панкратованың ынтасымен, әрі қонақжай қазақ елінің өздеріне көрсеткен қамқорлығына қарымта болсын деген ізгі ниетпен, әрине, жергілікті партия ұйымы басшыларының қызу қолдауымен "Қазақ КСР тарихын" жазуға кіріскен.

Турасын айтқанда, тап сол кезде Қазақстанда өз тарихын ғылыми деңгейде жазатын бірде-бір кәсіби тарихшы қалмаған-ды. Сол салада үмітті еңбектер жазған Халел Досмұханбетов, тұңғыш "Қазақстан тарихын" жарыққа шығарған дәрігер-профессор Санжар Асфендияров та, іргелі зерттеулерімен көріне бастаған өзге тарихшылар да 1937-1938 жылдардағы саяси қуғындау науқанында түп-түгел құрбан болған. Халық ағарту наркоматы (комиссары тарихшы Мұхамеджан Әбдіхалықов) соғыстан бұрын жобалаған "Қазақ КСР тарихының" екі томы да сол себептен жазылмай, қағаз жүзінде қалып қойған-ды...

Енді міне, "Әрбір бақытсыздықтың да көдеге асар сәтті үдесі болады" деген уәж расқа шықты, Қазақстанның зиялы қауымынан (көрнекті жазушылар, мәдениет пен әдебиет зерттеушілері) жиырма шақты білгірлер қатысқан ұлан-ғайыр зор еңбек (көлемі 670 парақ!) білікті орыс тарихшыларының күнбе-күнгі көмегімен (шынтауайтын айтқанда, әр бетін қатаң сүзгіден өткізіп, қолымен көшірген) небәрі біржарым жылда

дайын болып, жергілікті баспахана оның 10 мың данасын бір айда (!) жарыққа шығарған. "Ерте дүниеден осы күнге дейінгі Қазақ КСР тарихының" жауапты шығарушылары — Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің хатшысы М.Әбдіхалықов пен ғылым докторы А.М.Панкратова. Соған қарамастан жаңа "Тарих" жарық көрген күннен-ақ қып-қызыл дауға ұшыраған. Сірә, "Қазақ тарихын" жазушылардың Сталиндік сыйлыққа ұсынылуы түрткі болған тәрізді. Мәртебелі марапатқа ие бола қалса — оның авторлары қарасын көрсетпей, туу алдымызға шығып кетеді деген қызғаныш отыпа іші күйгендер Алматы ғана емес, Мәскеуден де табылыпты. Ең ғажабы, бәрінің де тілге тиек етіп, ерекше шүйілгені — кітаптың 14-тарауы, төре тұқымы Кенесары Қасымұлының басшылығымен 1837-1847 жылдардағы Қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысы егжей-тегжей баяндалған тұсы. Ал оны жазушы — Воронежтегі педагогикалық институттың тарих факультетін 1937 жылы бітірген, соғыс жылдарында Қазақстан К(б)П ОК-нің лекторлар тобында қызмет ете жүріп, кандидаттық диссертацияны осы тақырыпта қорғаған жас тарихшы Ермұқан Бекмаханов. "Қазақ КСР тарихын" сынаушылар Кенесары бастаған қозғалыстың ғылыми сипатталуы мүлдем қате, Қазақстанның Ресейге өз еркімен қосылу тарихын теріске шығаратын уәж, сол себепті саяси мәні жөнінен зиянды... дескен. Айтып-айтпай не керек, тізе қоса қимылдаған өшпенді топ "Тарих" авторларын Мемлекеттік сыйлыққа үміткерлер санатынан алғызып тастаумен тынады...

Бұл жәйт Ермұхан Бекмаханұлын келешек қадамына ой салып, сақтандырса керек-ті. Алайда ол туған жұртының азаттығы үшін қаһармандық күресі айқын көрінген тақырыптан айнымайды. Қаныш Имантайұлы ұлттық ғылым ордасын тездетіп құру жолында жүзеге асырған шаралардың бірі — Мәскеуге докторантураға жіберген 24 үміткердің қатарына ілігіп, ақырында 1946 жылы, 31 жасында тарих ғылымының докторы атағын алуға әзірлеген диссертациясын КСРО ҒА-ның Тарих институтының ғылыми кеңесінде сәтті қорғайды. Кеңейтілген диссертация "XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан" деген айдармен келесі жылы Алматыда жарық көреді. Жас тарихшының сүбелі еңбегін республиканың зиялы қауымы ерекше ілтипатпен қабылдайды. Білімдар дарын несі деп бірден танып, қазақша да, орысша да төгілте жазатын қабілетіне сүйсініп, ел тарихын түбірімен қотарар шынайы талант несі десіп, соған орай құрмет көрсеткен. Қазақстандағы жалғыз университеттің кафедрасын меңгеруге шақырып,

профессор атағын иеленеді. Ұлттық академия президенті де оны ерекше қадірлеп (тарихшы ғалымның қосағы Халима Адамбекқызының айтуынша, "туған інісіндей сүйіп, әрдайым қамқорлық көрсеткен"), Тарих, археология және этнография институтының директорының ғылыми істер жөніндегі орынбасары міндетін қосымша атқаруды ұсынған.

Ермұхан Бекмахановты Мәскеу, Ленинград және Балтық бойының көнігі тарихшылары да ерекше қадір тұтып, өз ортасында тең ұстап, кейде тіпті "жарқ етіп, бірақ құйрықты жұлдыздай тез сөнген" Шоқан Уәлихановпен салыстырып, "Қазақ аспанында ел тарихын түбегейлеп жазатын талантты тарихшы қайта туды!" десіп, сүйсініс те білдірген.

Жас тарихшының тамаша табысына жаппай сүйсінушілер қарамы әлдеқайда мол болғанымен, атақ-абыройы күннен-күнге зорайып келе жатқан дабысын қызғанушылар да аз емес-ті. Бүгін де түсінуге қиын кереғарлықты қараңыз: Ермұханды күндеушілер қарамы сайдың тасындай сирек, ат төбеліндей аз қазақ тарихшыларының өз ортасынан шыққан; әмбе солар жас әріптесінің жолын докторлық диссертациясын қорғаған кезде-ақ кесуге тырысқан...

Алматылық бір топ тарихшы ВАК төралқасына Е.Бекмаханов диссертациясының бастан-аяқ орыс тарихшысы Д.Рязанцевтің бұдан бірнеше жыл бұрын қорғаған кандидаттық жұмысынан көшіріп алғандығын көрсетіп, аты-жөндерін өзгертпін қойып, сірә, шикілігі анықталса — жаза тартудан сақтанған болар, жедел ақпар жөнелткен. Бұл ақпарды тексеру артық-кемі жоқ тура бір жылға созылышты. Ақыры, белгілі тарихшы, академик Н.М.Дружинин басқарған ВАК комиссиясы зерттеу тақырыбы бір болғанмен, екі зерттеушінің ғылыми ұстанымы екі түрлі екендігін, сол себептен де қазақ тарихшысы Кенесары Қасымұлы басқарған қозғалысты тереңнен толғап, көптеген тың айғақтарды ғылыми айналысқа енгізіп, мейлінше толымды да сүбелі еңбек туғызғандығы... туралы қорытындыға келішті.

Алайда жас тарихшының бәсекелестері жеңілгеніне мойып тыншыға қоймаған. Кезекті шабуылға нысана етіп олар Е.Бекмахановтың "XIX ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан" кітабын алады. 1948 жылы бұл еңбек туралы бірнеше ғылыми айтыс өтеді. Соның алғашқысы Мәскеуде, КСРО ҒА-ның Тарих институтында 28 ақпан күні болыпты. Қарсы топтан қазақ тарихшысы Хәдиша Айдарова сөйлеп, иешала оны қостаушы әріптестері Т.Шойынбаев пен М.Ақынжановтың

жазбаша жолдаған пікірлері оқылыпты. Үшеуі де ұстанған уәж: монография — идеясыз еңбек; бастан-аяқ буржуазиялық жалған теориясымақ — "бірыңғай ағым" әсерімен жазылған-мыс... Бұл тұжырымға сол уақыттың беделді білімпаз тарихшылары Н.М.Дружинин, С.В.Вахрушин, М.П.Вяткин, А.П.Кучкин және бірнеше мәскеулік ғалымдар қарсы шығып, тойтарыс береді. Жиынды қорытындалаған КСРО ҒА-ның тарих және философия бөлімінің академик-хатшысы Б.Д.Греков айтыстың ғылыми талқыдан ауытқып, ұсақ кикілжіңге бой ұрғанын ескерте тұрып, өзара бақталастық әуенге түскен қазақ тарихшыларына бір-біріне саяси қаралау жасаудан тиылып, ел тарихының осы күнге дейін қозғаусыз жатқан елеулі кезеңдерін ақтарып, шынайы ғылыми да іргелі еңбектер жазумен шұғылдануға шақырыпты...

Амал қанша, білікті тарихшының ақыл-кеңесі күйкі айтыс бастаған топты ойландырып, ұшқары әрекеттен сақтандырса керек-ті. Өкініш те сонда, бұл ескертуді олар тәрк еткен. Сол жылығы шілде айында Алматыда, Тарих институтында Е.Бекмаханов кітабын талқылаудың екінші кезеңі басталады. Талқы бес тәулікке созылыпты. Оған тарихшылар ғана емес, гуманитарлық ілімнің әр саласының сол кездегі белді өкілдері түгел дерлік (тіпті ғалым-экономистер мен архив мамандары да) қатысқан. Жиында 23 адам сөйлепті.

Осы айтыстың стенограммалық жазбасы 2000 жылы ешқандай қысқартусыз, түзетусіз және толық көлемде (Жауапты шығарушы — ҰҒА-ның академигі К.Нұрпейіс) жарық көрді. Ғылыми айтыс-тартысты сүйюшілер, таңғажайып оқиғалар жанрында жазылған кітаптарға өуескойлар бұл жинақты езу тарта (бәлкім, жиренішке толы сезіммен де) оқуы сөзсіз. Ең ғажабы, сол уақытта беделді де білімді саналған ғылым иелерінің бірін-бірі аяусыз мінеп, ұсақ-түйек жәйттерді ұзақ мыжу үшін мінберге шыққанына таң қаласыз. Ең қиыны, әр сөйлеушінің сөзіне қарап, ғылыми ой-жетесін, шама-шарқын, білімі деңгейін де қатесіз айыруға болады; айталық; кімнің шынайы ғалым, кімнің қосақ арасында босқа жүргенін... Ал басты "күнәкардың" өзі жауап сөзінде бұл жайында: *"Таңданырлық жәйт, қарсыластарымның сөзі негізінен мені қорлау, қасақана тұқыртып, дәрекі және аяусыз түрде жығынды ету ниетімен ұштасып жатты..."* — деп сипай қамшылап өтіпті. Ең бастысы, жас тарихшының ұлттық мерейді көтеріп, елдік сезімге тәнті ететін тамаша еңбегі, Тілеуқажы Шойынбаев мінберден талап еткендей, "Таратуға тным салып, біржолата жою керек!" дегені аяқсыз қалды. Кітап республикадағы зиялы қауымның үстелінде ашық жататын, жаны сусындар шығармаға айналды. Қысқасы, осы айтысты тілегендер зиялы көпшілік

тезімен: "Әй, арайып, ұрдажық белсеңдінің қара санына қылып ұрып, жек көрген кісісін айдатып жіберетін заманы келмеске кетті. Сендер де босқа даурықпай айқайдан тиылыңдар!.." — дегендей қатаң ескертпе естіген.

Айтыстың соңғы күнгі сөзінде Е.Бекмаханов: "Сіздер бес күн бойы талқылаған менің қарапайым еңбегім, сірә, соңғы болмас деген ойдамын. Қазірде мен Қазақстан тарихының ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы кезеңдері жайында жаңа еңбек дайындау үстіндемін. Ғылыми жұртшылық таяу уақытта оны да оқитын болады..." — деген мәлімдемемен аяқтапты. Тарихшы ғалымның үйіндегі мол архивімен танысудан қоңілімізге түйген жәйт: Ерекең туған жұртының Қазан төңкерісіне дейінгі тарихын түгендеуге жиырма-отыз жыл ғұмырын сарп етуге бел байлаған; 1948 жылдың шілдесінде жасаған мәлімдемесі сол ойының бір ғана тармағы сияқты... Амал не, ниет-пиғылы бұзық, тек қана жауыздықты мұрат еткен әріптестері сом талап иесіне сол еңбектердің бірде-бірін жаздырған жоқ, өкінішті жәйт — өздері де жазбады.

"Читали ли Вы в "Вопросах истории" рецензию товарища Кима? На мой взгляд, она свидетельствует о том, что среди ряда историков существует непреклонное стремление ухудшить историю казахского народа вопреки исторической правде. — депті А.М.Панкратова Қазақстан К(б)П ОК-нің идеолог-хатшысы И.Омаровқа 1949 жылдың қазан айында жолдаған хатында. — *Я совершенно не понимаю, почему грузинские цари или узбекские ханы могут считаться при аналогичных исторических условиях прогрессивными деятелями, а казахи должны чернить Аблая или Кенесары Касымова? Я ни в коем случае не могу стать на антиисторический путь оценки этих виднейших деятелей казахской истории..."*

Әйгілі тарихшының "Ерте дүниеден осы күнге дейінгі Қазақ КСР-ның тарихының" екінші басылымына (1948 ж.) өзімен бірге жауапты редактор болған Қазақстандық әріптесіне жолдаған бұл хатын бүгінде де сүйсінбей, тебіренбей оқу мүмкін емес. Өйткені шынайы ғылым иесі өзін қатты қынжылтқан мәселені ішіне сыймаған соң, бәлкім соны түзетуге шама-шарқы жетпегеннен кейін амалсыз жазып отыр. Ал тарихшыны қинаған істің күрмеуі өте күрделі және құзыры жетпейтін тым биікте болатын...

Ұлы Отан соғысы аяқталған жылы-ақ Кеңес елінің бірегей басшысы И.Сталин орыс халқының өткен қантөгістері ерекше еңбегін баса айтып, сол ойын, сірә, бірте-бірте тереңдетіп, КСРО жеткен жеңіс пен табыстар осы жұрттың жанқиярлық ерлігі, төзімділігі, басқа да етене қасиеттері арқылы мүмкін болды, сол себептен оның қошбасшылық рөлі елімізді мекендеуші барлық ұлттарға үлгі-өнеге... деп жариялаған-ды. Ұлы орыс халқы деп даралау да нақ сол қарсаңда тілімізге еніп, ділімізге сіңген. Әрине, "Күн-көсемнің" аузынан шыққан әрбір лебіз сөзсіз орындалуға тиіс. Ол талқыланбайды, жедел түрде жүзеге асады. Үкімет пәрмені, идеология үрдісі, жазалаушы органдардың күллі қызмет, міндеті де осыған бағышталған.

Қысқасы, Ресей патшасының өз иелігін күш-қуаты кем, кісі саны аз халықтарды әлімжеттікпен басып алып, крест сүйгізіп, жат дінге енгізіп, кілең иван еткен үстемдік саясатын баса айтудың енді қажеті жоқ. Демек, өркениеттен, жалпы дамудан кенжелеп қалған халықтар мен ұлттар ұлы орыс жұртына нық сүйен, жер бетінен біржола құрып кетпес үшін Ресейге өз еркімен қосылған. Яки бұ да бүгінгі күннің биігінен қарағанда келешегін ойлаған ел билеушілерінің прогрессивті қадамы болған-мыс... Олай болса Ермұхан Бекмахановтың кандидаттық, докторлық диссертацияларында, жұртты дүрліктірген жаңа монографиясындағы ғылыми ұстаным — түбірімен қате. Кенесары хан бастаған қазақтардың ұлт азаттық қозғалысы қайыра бағаланып, мұрагерлік билігін көксеген кертартпа күрес екендігін өшкерелеу қажет. Мысалы, Кавказды немдену тарихын жазушылар солай істеді. Солтүстік Кавказдағы ежелгі қонысын қорғап, орыс әскерімен ширек ғасыр соғысқан Шәміл имам, әлгі концепция бойынша, сол жердегі халықтың рухани, діни, әскери басшысы емес, ағылшын империалистерінің "жалдамалы агенті" болып шықты. Ендеше?..

III

Қазақ қауымын түгел дерлік қамтыған саяси жаңа науқанның өріс алуына "Правда" газетінің 1950 жылдың 26 желтоқсан күнгі санында, етектей боп екі бетіне жарияланған Қазақстандық үш тарихшы — Т.Шойынбаев, Х.Айдарова мен А.Якуниннің "Қазақстан тарихы мәселелерін маркстік-лениндік тұрғыдан баяндайық" деген атының өзінен-ақ жанынды түршіктіретін мақаласы түрткі болған. Әділін айтқанда, өртеңге шыққан гүлдей қайыра бой түзеп, өркен жая бас-

таған қазақтың ат төбеліндей зиялы қауымы үшін сол күшпен былай баяғы атышулы 37-жылды қайталаған қаһарлы құрындау қайта басталған. Ол болса тарихшылардың, өдебиет пен өнер зерттеушілерінің, ақын-жазушылардың қарамды да көрнекті тобын қамтып, бәрі де ұлтшыл, яки социалистік қоғамға жат адамдар деп жарияланған.

Билеуші партияның бас газеті Алматыға келген күні-ақ Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті жер-жерге тиісті нұсқау түсірген: мақала барлық бастауыш ұйымдарда кең түрде талқыланып, білімпаз қауым арасында етек алған ұлтшылдық пирылдар, ғылыми еңбектерде, өдеби шығармаларда белең берген саяси ауытқулар әшкереленуге тиіс; ал талқылау жиындарының бағыт-бағдарын бақылау, басшылық ету ОК-тің үгіт-насихат бөліміне, оның меңгерушісі И.П.Храмковке жүктеледі...

Әрине, алғашқы жиын ұлтшылдық пиғыл бастау алған ҒА-ның Тарих институтында басталып, іле-шала Тіл және өдебиет ұжымына ойысқан. Ал онда Кенесары мен оның айбынды батырлары жайында ел ішінде тараған дастан, толғау, жоқтауларды жинау тежеусіз жүріпті. "Ұлтшылдар көсемі" Мұхтар Әуезов "Хан Кене" драмасын жазып, оны қазақ театрлары жарыса қойыпты. Бірқанша ақындар халық ауыз өдебиетіндегі көтеріліске қатысушылар бейнесін қайыра жаңғыртып, Наурызбай, Ағыбай, Таймас, Иман батырлар туралы дастандар жазған. Ең сорақысы, Кенесары қозғалысын дәріптеген шығармалар өдеби жинақтарға, оқулықтар мен хрестоматияларға енген, ал өдебиетші ғалымдар оларды асыра дәріптеген. Енді соның бәрін де сыпыра күзеп, дәріптеушілер есімін қара тақтаға жазу керек.

1951 жылдың басында ұлтшылдық іздеу науқаны ҚазМУ мен ҚазПИ-ге, солардың үлгісімен облыстардағы педагогикалық институттарға, келе-келе техникумдар мен училищелерге, тіпті қазақ мектептеріне ойысты. Барлық жерде де бұрынсоңды жарияланған тарихи кітаптардан, өдеби шығармалардан, оқулықтардан дүдәмал ой, солақай пікір айтқандар табылып, түп пиғылы қоғамға жат екендігі әшкерелене бастады. Республикалық, облыстық газет-журналдар бұл тақырыпқа етектей орындар беріп, қыза келе "жау элементтерін" он-ондап тапқан жарыс ұйымдастырсын. Бір өзі ондаған тарихшы мен өдебиетші әшкерелеген пысықтар да көбейген...

Ең қиыны, уақыт ұзаған сайын қауымды жайлаған айқай-шу молая түскені. Тіпті жұқпалы індеттей тез тарап, көпшілікті іштен іріте бастаған. Ау партком нұсқаушыларының қадағалауымен колхозшылармен, еңбек артельдері ұжымдарында

(әрине, қазағы мол ұйымдарда) өткен жиындарда тіл безеген шешендер "қоғамды бұлдіруші қаратаяқтарды" қауымнан аластап, еңбекпен түзеу орындарына жіберуді талап етіп, ал тыңдаушы көп жаппай қол көтерумен қостараны да — өмірде болған шындық. Қарапайым мұғалім (айталық, екі жылдық мұғалімдер институтын тәмамдаған) ғылым докторы Е. Бекмахановтың "қателігін" әшкерелеп, жөнең оркестердің барабаншысы көзі қызарып, араққа бусанып тұрып, сазбілгірі, академик А. Жұбановқа қай тақырыпты баса зерттеуге "ақыл" айтып тұрса — не деуге болады? Әрине, басқарушы органдардың нұсқауымен жер-жердегі жойқын талқының нысанасына тағы да М. Әуезов, А. Жұбанов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайылов, Қ. Бекхожин, Б. Кенжебаев, Ә. Марғұлан, І. Кеңесбаев, А. Ысқақов, Қ. Мұхамедханов еңбектері іліккен. Әлбетте, Бекмаханов ту бастан әрбір сөйлеушінің оңды-солды іреген, әсірелеп айтқанда, "тірдей сойған" еркек тоқтыға айналған.

Әңгіме тек бас бостандығынан қашан айырылып, қандай жазаға кесілетіндігінде ғана. Иә, "бас күнәкар" тарихшы тағдырының жар жағасында тұрғандығына ешкім де шүбәланбаған. Өйткені, жер-жерде қуғынға түскендердің зерттеушілік міндеттеп тайдырылып, кейбірінің қамауға алынғандығы да естіле бастаған. Әлбетте, алдыңғы кезекте 1948 жылы айтыста Бекмахановты жақтаушылар, тарихшы әріптестері — Бержанов, Әділгереев, Діلمұхамедов, Жиреншин, Аспандияров жаза тартқан. Кереғар жәйт десек те рауа: ту бастан Ермұхан Бекмахановтың ғылыми ұстанымына қарсы шығып, докторлық диссертациясының бекуіне де кедергі жасаған қарсыласы Бек Сүлейменов те сол дүрмекте жапа шегіп, біраз жыл түрме дәмін татуына тура келген...

Бірде-бір басылым сынға түскендердің ақталған мақаласын, ғылыми желеуін қабылдамаған. Ал, оларды қаралаушыларға еңбегіне даңғыл жол ашылған. Т. Шойынбаев, Х. Айдарова, М. Ақынжанов және соларды жақтаушылардың "түлкі терісін жамылып, қасқырдың озбырлығын жасаушы", тарихты бұрмалаушылар туралы әшкере сындары өрдайым жолды болып, көрнекті жерге жарияланған. "Күнәкарларды" талқылаған жиындар да солай өткен. Мысалы, ұлт мәдениетінің көрнекті тұлғалары М. Әуезов пен Ә. Марғұланды "дүрелеген" жиында оларды сөйлетпей, залдағы көпшілік айқай-шу көтеріп, мінберден қуып түсіру өздері ұстаздық өткен, салықалы оқу ұясы ҚазМУ-де белең берген. Немесе көрнекті сазгер, академик А. Жұбановтың жеке басының ісі қаралып, Компартия қатарынан аластауға арналған бастауыш партия ұйы-

мынын жиынында, одан соң Сталин аупарткомының бюро мәжілісінде Ахмет Қуанұлына сөз берілмегенін не деуге болады? Сондай қысасты ҒА-ның президенті Қ.И.Сәтбаев та көрген: Алматы қаласының партактиві бас қосқан келелі жиында ол сөзге шығып, академия қызметкерлері ортасында туған ахуалды түсіндіруге тырысқанда, коммунистердің саналы, сауатты дерлік ең озық тобы, балық үлесіне жиналғандай айқай-шу көтеріп, ұлт мақтаны саналатын ғұлама тұлғаның аузын аштырмай, мінберден қуып түсірген. Осыдан-ақ Қазақстан партия ұйымының барынша дем беруімен қызу жүрген "ұлтшыларды аластау" науқаны қандай көлемде, мейлінше дөрекі түрде өріс алғанын шамалау қиын емес. Бүгін Қазақстан ғана емес, КСРО билігі ұлысында ұстаған ат төбеліндей топтың білім-танымның ой-өрісінің таяздығын, обал-сауапты, әділдікті тәркі етіп, ойына келгенін жасағанын айқын аңғартады...

Мезгіл қоңыр күзге ауған мезет еді, Ғылым академиясының президентін Орталық Комитеттің бірінші хатшысы сұхбатқа шақырды.

— Қанеке, Ханеке... дегенге сен өзінді, сірә, хан дәрежесіне жеттім деп мардымсып жүрсең керек, біздің кісілердің ақыл-кеңесіне құлақ асуды қойыпсың, ал олар — Орталық Комитеттің қызметкерлері, байқа, Имантай билің кенжесі!... Сен тау басына шығарған — Коммунистік партия, қажет деп білсе — етегіне қарай домалата салуы да оған оң-оңай. "Аяз бұл әліңді біл!" деген ескі нақылды ұмытпаған шығарсың?..

Хатшылық биік құзырын ғана емес, қайраткерлік қадір-қабілетін де ерекше сыйлайтын Жұмабай Шаяхметовке ғалым бірден дүрсе қоя беріп, дау айтпады. Себепсіз шақырмағанын сезген-ді, жанына батыра сөйлеп, қасақана тиіспіз отырғанына ғана таңғалды. Бұл кісі де шаршаған-ау деш ойлады. Балкім, әлдекім өзін жамандап, пейілін бұзып қойған шығар деген күдікке сайды. Әрине, солай: бірінші хатшы кісіге сенгіш пендешіліктен құр алақан емес; әмбе тез шытынайтын оғаш мінезді адам, бірақ, қарсы уәж айтпай үнсіз тыңдасаң — қайтымы тез, демек, не десе де — шыдау керек... Алайда Жұмекең бұл жолы шындап қатуланған тәрізді, әлі де бірқанша уақыт ауыр да дөрекі сөздерді аяусыз төлгіп бақты.

— Ау, сен, неге үндемейсің? Мен саған тарих пен әдебиетте нең бар? Өңкей сылдыр сөз қуғандардың дау-дамашына

араласпай-ақ тыныш жүрмейсің бе? Білдей академик орын-басарың бар, сал соны қып-қызыл өрттің ортасына! — Нендей қияс сөз айтса да шыбын шаққан гүрлы көрмей, өзіне өрі таңданып, өрі мысқылдағандай шырайда көзінің астымен барлай қарап отырған президентке хатшы түңіде состиып, басын шайқады. — Әй, сен өзі, кімдерді қызыш күстай қорғап жүргеніңді білсең етті, ең құрғанда!..

— Жүмеке, қарауымдағы ғалымдарды кім көрінген тауықша жүндеп, оңды-солды түтіп жатқанда, академияның басшысы емесің бе, қалайша соған көз жұмып, түк естімеген кісі құсап қарап отырамын?!

— Жә, жә, басқа бірдеме айт! — деп, бірінші хатшы тыңдағысы келмейтінін аңғартып, терезе жаққа қарады.

— Жолдас хатшы, бұл даңғазаны тоқтату керек, жұрт алдына шығып, тура қарауға менде бет жоқ. Көп-көрім атақ-даңқы бар, Қазақстан түгілі, күллі Одаққа есімі мөлiм ғалым, жазушыларымыздың абыройынан түк қалмады. Бала-шаға десем — білместігіне саяр едім, ал қазір неше түрлі қағылған-соғылғандар итше үріп жатыр. Бұлар жөне жай қапса жон-ау, талап жемей, тынбайды, сірә... Тоқтатпасақ, Жүмеке, халықтың да, тарихтың да өшпес қарғысына қаламыз! Ал маған, адалын айтайын, кабинетте бұғып отырып, ездiкпен сақтап қалған дәрежелі қызметтің керегі жоқ!..

— Сен, сен өзі, ақыл-зердесі сұңғыла, ойы терең кісі ме деп малданып жүрсем... ештеңеге өлі түсінбесің ғой. Ең құрғанда, өкпек желдің қайдан соққанын аңғарсаң етті, саяси әуенге мұншама кеңе болармысың, тоқтал, жетеді! — деп, кабинет иесі үстелді жұдырығымен сарт-сұрт соқты.

— Сіз де тыйылыңыз, жетеді, жілікше шағатын мен сізге қойдан жуас көмекшіңіз Жілікбаев емесің, он жас үлкендігім өз алдына!.. — Қаныш Имантайұлы да бұдан өрі басынан сөз асырмауға бекінгенін аңғартты. Үні де қаттырақ шығып еді.

Дес бергенде соңғы сөзі ерекше өрекшіп отырған хатшыға дарудай әсер етті. Тақыр басын әрлі-берлі сипалап үнсіз отырып қалды. Әлден соң күрсініп:

— Қанеке, өнбейтін керісті қоялық, құр айқаймен іс бітпейді. "Ойбайымнан үйбайым артық еді" деп байынан оңбай таяқ жеген долы қатынның жуасығаны жайлы қалжыңды естіген шығарсың?.. Турасын айтқанда, Қанеке, бізге сіздің амандығыңыз керек, халыққа да!.. Сынның сұғы тиіп жатқандарды бекерге қорғауды доғарыңыз, бәрібір ештеңе өнбейді. Қысқасы, академияны пиғылы терістерден тазарту керек!..

— Қалайша, не дейсіз? Жолдас Шаяхметов, мұның арты

қазақтың бетке ұстар арыстарын көгенден ұстап беру емес пе, не істе деп отырсыз маған?! — Академияның президенті маңдан бергі төжікеден ситгеңе ұқпаған сыңай танытты. Тіпті ұққысы келмеген қыңырлық аңғартсын. Үні де еркінен тыс ащы естілді. — Бекмаханов кімнің өгініне түскен? Бек Сүлейменов кімнің несібесін тартып алған? Соларды оқытуға, ғылыми атаққа жеткізуге мемлекеттің қаншама қаржысын шығындадық?.. Жұмыстан қу деп отырған ғалымдардың көпшілігі академияға филиал атанған кезінде келген. Ысмайылов, Марғұлан, Кеңесбаев, Жұмалиев... — ғылым жолына көше ғана түскен жоқ, академияның іргетасын бірге қаласқан маңдайалды саңдақтарымыз. Апырай, Жүмеке, өзіңіз айтыңызшы, Мұхаңды, мақтан тұтар ардағымыз Әуезовті, бұрнағы жылы "Абай" романы үшін Сталиндік сыйлық алған дарабозымызды, немесе өз қатарынан қара үзіп шыққан Ахмет Жұбановты қалайша дөтім барып, қолым қалтырамай, ғылыми ортадан аластауға бұйрық жазамын? Қателессін дейік, қателіктен де ғылым туындайды. Ал партияның саясаты адасқанды оң жолға салып тәрбиелеу емес пе, жолдас хатшы. Мен сізді түсінуден қалып тұрмын... Қысқасы, мені зорламаңыз, жо-жоқ, мен мұндай тазартуға жан-төніммен қарсымын! Қарсымын, Жүмеке!..

— Қарсы тұрам деп өзіңнің тазартуға түсіп қалмауыңды ойла, жолдас Сәтбаев! — деген хатшы өрштесін тыңдауды қажетсізбеген ыңғай танытып, орнынан тұрып кетті. — Айтқанға көнбесең, есінде болсын, басқаның құзырымен істейміз...

Қаныш Имантайұлы да аянған жоқ. Неше айдан бері жүрегін тырнап, ұйқысын қашырып жүрген ащы өксікті тежеусіз ағытып, өмбе соны қай жерде, кімнің бетіне естіртіп тұрғанын да ұмытып, ішін кернеген ашу-кекті аяусыз төпеді...

Мәртебелі кабинеттің иесі терезе алдында теріс қарап тұр. Кімге сөйлеп тұрсың деп те ескерту жасаған жоқ. Ұнатпаған сөзге жауап қатпай, бедірейген қалыпта үнсіз отырып алатынын бұрыннан білетін-ді. Сәтбаев та қыңбады, масаты кілем төселген еденді тырп-тырп басып шығып кетті.

Қаншама тығыз жұмыстар күтіп тұрса да, Қаныш Имантайұлы сол күні де, ертеңінде де кеңсеге барған жоқ, тіпті академия маңына қадам басуға дәт! жетпеді. Өз-өзінен қуыстанып, әлдекімнен сескенгендей, әлденеден безгендей бір беймәлім күй кешкен. Өмірінде тұңғыш рет жұмыстан себепсіз қалып, үйінде жатып алуы, сірә, сол жолы шығар-ау?..

Анығында ұйқысыз өткізген сол түннің ертеңінде-ақ қан қысымы көтеріліп, жан-дүниесін бей-жай енжарлық билеп,

қос шекесін сығымдаған дерттен айыға алмай қойған-ды. Министрлер Кеңесінің емханасынан шақырылған емдеуші дәрігері А.П.Владимиrowa бірден-ақ қатерлі жағдайын ашық айтып, ауруханаға әкетпек болған, бірақ науқасты көндіре алмады. Ақырында күн құрғатпай келіп, мейірбикелерді де жіберіп, емдеуді үйден жасайтын болды.

Дер кезінде жасалған көмек қан қысымын үш-төрт күнде қалпына келтірді. Бірақ ұйқысын бұзған іштегі жегі ойды тарқата алған жоқ, солайша шала дегдіген, шала-шарпы емделген қалпы сұлдерін сүйретіп жұмысына қайта шықты...

ЖАР ЖАҒАСЫНДА

I

Кеңседегі жұмыс ғалым үшін бұрынғы мәнді, мағыналы сипатынан айырылып, құдды қымбат затын жоғалтқандай беймаза жанға айналды. Есіл-дерті далаға, алыс бір қиянға, геологиялық саяхатқа кетіп қалуға ауады да тұрады. Бірақ, жаз емес, қоңыр күзде қайда барасың?.. Жеме-жемге келгенде ешқайда кете алмады. Шындығын айтқанда, тағдыры жар жағасында тұрған өріптестерін сөз соқты белсенділердің талауына тастап, жылжып кетуге дәті бармады...

Орталық Комитетке тағы да шақырылды. Академияның ғылыми әуенін жаңарту туралы әңгіме екінші хатшы С.И.Кругловтың алдында қайыра жалғасты. Сергей Иванович біріншідей дауыс көтеріп, қайтсең де айтқанды істейсің деп қара күшке салған жоқ. Барынша сыпайы сөйлесті. Қаныш Имантайұлы бір мақалаға бола соншама шу көтеруді түсінбейтінін ағынан жарыла мәлімдеп еді, хатшы қабағын түйіп:

— Сіз, коммунист ретінде академияның партия комитетінің хатшысы Ефимов жолдастың ғылыми ұжымды жат пиғылды элементтерден тезірек тазарту шарасына қолғабыс беруге тиісті едіңіз, — деді Круглов. — Ал, сіз оның кадрлармен жұмысына бөгет жасайтын көрінесіз. Түсініксіз ұстаным?..

Екінші хатшының да өзін иліктіруге шақырғанын ұқты да:

— Менің жауабым өзгермейді, Сергей Иванович, — деді Сәтбаев. — Ғылыми қызметкерлерді келеңсіз қудалау — партияның сара жолымен қиыспайтын шара. Талқыға түскендердің дені — саңлақ академиктер, ғылым докторлары. Ефимов жолдастың екі жүзден астам ғылыми қызметкерді академия жүйесінен аластауға тізіп отырғаны маған мәлім. Солардың бәрі

ұлтшыл, саяси сенімсіз адамдар болып шыққанына өз басым сірәда сенбеймін. Бұл болса енді ғана бой түзей бастаған ғылым ордасына жасалған қастандық деп білемін, Круглов жолдас!.. Қысқасы, мен президент болып отырғанда, Ефимов жолдас кесепаты мол тазартуды жасай алмайды.

— Қаныш Имантаевич, сізді біз қатты сыйлаймыз. Ал мына істе сіз буынсыз жерге пышақ сілтеп отырсыз, өтінемін, райыңыздан қайтыңыз. Біздің де төзімнің шегі бар!.. — деп кабинет иесі орнынан тұрды.

Осыдан соң-ақ Сәтбаевты сынау күшейіп, әлдекімдердің бағыттауымен жүйелі әуенге көшті.

"Ер Едіге" туралы бұрнағы жылғы сын қайта қозып, оны жариялаушының түпкі мақсатын айқындау жөнінде әңгіме өрбісін. Ғалым бірақ мойымады, қарсы дау көтерді: *"...Насихат және үгіт бөлімі әзірлеген, Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің хатшылары түгел қол қойған "Қазақ халқының Қазақстандық майдангерлерге үндеуінде "Едіге батыр — халық қаһарманы" деп дараланған. Демек, кереғар эпосты бұқара халыққа әсірелеп насихаттаушы мен ғана емес..."* (И. Сталинге жолдаған арзынан).

Бұл айынтың бетін қайтардым дегенше, сол күнде жазғышта, көргіш те атағы дүрілдеп тұрған Т.Шойынбаев бұған дейін үйінде сақтап жүрген әлей "жаңалығын" сопаң еткізіп, жарыққа шығарсын: "Сарыарқа" газетінің 1917 жылғы 9 қарашадағы санында "Алашорда" қозғалысына іштартқан жас қайрат үгітшілердің қатарында Қ.Сәтбаев та аталыпты; демек, ұлтшылдық пиғылға президентіңіз жас кезінен шырмалған; бүгінгі ұлтшылдарды қанатының астына алуы — сол ниетінен әлі қайтпағандығының дәлелі...

Осы жайында түсінік сұраған лауазым иелерінің бірі, сірә, жанашырлық оймен де айтқан болар, "Жас күнімдегі қателігім деп, мойындағаныңыз жөн..." дегендей ақыл берген тәрізді. Алайда академик оны да тәрк етеді. *"Кеше, үстіміздегі жылдың 11 қазан күні ҚК(б)П ОК-нің ғылым және жоғары оқу орындары бөлімінде маған есімі беймәлім біреудің БК(б)П ОК-нің хатшысы М.А.Суслов пен ҚК(б)П ОК-нің хатшысы Ж.Шаяхметов жолдастардың атына мен туралы жазылған хатпен таныстырды. Онда менің барлық қызметімді саяси жөнінен теріске шығарып, өте ауыр кінәлар артып, контрреволюциялық ұлтшылдар тобына қосып, Алашорда партиясына мүше болды, пантүрікішіл пиғылмен уланған... деген тәрізді айыптау айтылған... Мәймәцкесіз айтқанда, бұл айыптардың бәрін де ойдан шығарылған жала екенін мәлімдеуге тиіспін.*

Алашорда партиясына мүше болмақ түгілі, ішгартқан жан-күйерде болған емесіні. Хат иесі тұсқап отырған "Сарыарқа" газетінде мен туралы не жазылғанын бімеймін, ешқандай оқығам жоқ..." (Осы жайында берген басқа түсіндірмесінде ғалым: "газет хабарын мен тұңғыш рет 1951 жылдың күзінде, Алматыда көрдім..." — депті). Ал, жоғарыдағы саяси қаралауды ресми құжаттармен дәлелдеуді талап етемін!" — деген түсіндірме айтыпты Мәскеу мен Алматыға 12 қазан күні қатар жолдаған хатында.

Геология ғылымдары институтының есеп-қисабы тағы да тексерілді, яки бір жылда екі мәрте. Алайда институт директоры "сүттен ақ, судан таза" болып шықты. Ешқандай да кемшілік таба алмай дорменсіздік аңғартқан комиссияның құрамы дереу "өсіре көргіштермен" жаңартылды. Академия жұмысына шүйілген жаңа топтың тексерісі ақыры "олжалы" болды: 1947-1950 жылдар аралығында 196 мың сом заңсыз шығындалыпты; соның 183 мыңы бірақ ғылым ордасы шаңырақ көтергенше ұсталған; және бұл үшін кінәлі адамдар лаиықты жаза тартқан; демек, төрт жылдағы жолсыздық небәрі 13 мың сом, яки президенттің бір айлық жалақысы мөлшеріндегі қаржы...

Академия президентіне ауырырақ тиген "айып" — ғылыми ортаға сенімсіз және ұлтшыл адамдарды көптеп тартқаны жөніндегі қаралау еді. Мәскеуге жолдаған хатында Қаныш Имантайұлы: "...Қазақ КСР ҒА-ысы бүгінде іргесі мығым ұжым, оның құрамында 60 ғылым докторы мен 300 жуық ғылым кандидаттары мәнді зерттеулермен шұғылданады... Маған тағылған "ұлтшылдарды қанатының астына алды" деген кінәні үзілді-кесілді мойындамаймын... оны жоғарыда көлтірілген бұлтартпас деректер негізінде дәлелденбеген және түгелдей жала деп есептеймін..." — депті.

Жалақорлар да бетінен қайтпаған. "Ұра берсең құдай да өледі..." деген мәні сойқанды үлгіге ден қойып, күн сайын дерлік жаңа бір айып ойлап тауып отырған. Сірә, соны ниеті бұзық әдебір биік лауазым иесі басқарып та, бағыттап отырған сияқты.

Ол болса — "Ғылымның нағыз жанкүйері һәм көңбасшысы деп жүрген мақтаулы академигіміз жершідік, әрі рушылдық дертіне шалдыққан адам" деген айып. Айғақ керек пе? Академияның үштен бірі — өзінің Баянаула тумалары, тіпті қандас туыстары. Оны аз десеңіз, ұлтшылдықтың қордасы болған Тарих институтын түгелдей Орталық Қазақстанда туып-өскендер (яки бәр-бәрі арғын қауымдастығынан тарайтын түбі бір руластар) немденген. Бұл енді мән-мағынасы

ауырырақ қаралау және қисынды сияқты... Сол себептен де ОК-тің тапсырмасымен қалалық партия комитеті комиссия шығарып, академияның кадрлар басқармасында сақталатын бас жұмыстарды ай бойы сүзіп, ҒА-сы жүйесінде Баянауыл ауданынан небәрі 33 адам жұмыс істейтінін, бұлардың 17-і ғана ғылыми қызметкерлер (демек, 1785 қызметкердің жүзден бір болғи) екенін анықтаған; ал Тарих институтында ғылыми ізденіспен шұғылданатын 18 ғалым Қазақстанның 14 облысының тумасы болып шықты.

Алайда тексерушілер алғашқы айғақты мәнді санап, "республиканың бірде-бір ауданынан мұндай мөлшерде ғалым шықпаған, демек ҒА-ның президенті жерлестеріне ерекше ілтипат көрсеткен..." деген сынды қиғаш қорытынды жасаған. Нәтижесінде мұндай ақпаратқа құлағы түрік зиялы қауым ортасында академик Сәтбаевтың "баянауизмге" ұрынғаны жайында қауесет сол жылы ерекше жолды болған (Рас, Қаныш Имантайұлының іс-әрекетін Орталық Комитетте талқылау кезінде бұл айып негізсіз делініп, хатталған қарардан түсіп қалған). Сөйтсе де "баянауизмнің" қара тізіміне ілінген ғалымдардың кейбірін түстей кетейік: академиктер — Ә.Х.Марғұлан, Ә.Б.Бектұров (екуі де Ә.З.Сәтбаевтың оқымысты қыздарына үйленген), Ш.Ш.Шокин, А.Қ.Қаюпов, корреспондент-мүше Е.Б.Бекмаханов, ғылым докторлары — Ж.Досқараев, оның тол перзенті Х.Ж.Жұматов және басқалары; осылардың қай-қайсысы болсын, өздері шұғылданған ілім саласында өшпес із қалдырған, кейбірінің дербес ғылыми мектебі бар, алдында Қаныш сынды алып тұлға тұрмаса — бір аудан, иә облыс түгілі, күллі Қазақстан бетке ұстар беделге ие, орі мақтаныш етер көрнекті ғалымдар екендігіне бүгінде, сірә, ешкім де дау айта алмаса керек... Демек, ғылым білгірі Қ.И.Сәтбаев академия жүйесіне өз жерлестерінен де кімді шақыруды білген. Шынтуайты айтқанда, баянауылдық ғалымдардың дені ғылыми ортаға ҚазФАН аталған кезде, тіпті соғыстан бұрын келген-ді...

Ғажап жөйт: Орталық Комитеттің өйдік хатшылары сол күнде өздері алға шығуына мұрындық болған ел мақтанышын оң қолымен сүйеп, ал сол қолымен жарға итергендерге де демеу жасағанына таң қаласың; айталық, бүгін мақұл дескен уәжінен келесі күні қолма-қол айнып, әлдекімдердің жетегіне ерген. Бұған дәлел — екі жылдан бері басынан сөз арылмай келе жатқан академик Қ.И.Сәтбаевтың 1951 жылдың қыркүйек айында шақырылған академияның кезекті сай-

лауында ҚК(б)П Орталық Комитетінің ұсынуымен президент болып қайтадан сайлануы. Бірақ, іле-шала оны қудалау қайтыра өрбіген, әмбе бұрынғыдан да өршіген түрде.

Академик Қ.И.СӨТБАЕВТЫҢ Қазақстан К(б)П ОК-інің хатшысы Ж.Шаяхметовке 1951 жылдың 1 наурыз күні жолдаған түсіндірмесінен:

"...Менің Мәскеу ғалымдарына ордайым банкет ұйымдастырып, кейбіріне сыйлықтар үлестіретіндігім жайында Сізге түскен ақпарға айтарым: тегінде, мен бір мәрте "Москва" мейманханасында 30 кісі шақырып дастарқан ұйымдастырдым. Қазақстанның картасы шегілген, бетіне қазына байлығы бейнеленген аса көркем gobelen-клем сыйладым. Мұны біз 1945 жылы, КСРО БА-ның 220 жылдық мерекесіне барғанда, Н.Оңдасынов жолдас екеуміз республика халқының атынан академияның төралқасына, кексе ғалымдардың көзінше тарту еттік. Барлық шығынды көтерген — Қазақстан үкіметі.

Әрине, жұмыс бабына байланысты бірде-бір қызметкерге ешқандай сыйлық ұсынған жан емеспін. Бәлкім, мені мұқатушылар "сыйлық" деп, Мәскеуге күзде жол түскен сапарларыма өкі мәрте, 1947 және 1948 жылдарда бірнеше кило Алматы апаратын ала барғанымды айтатын шығар. Оларды мен академиктер Усов пен Комаровтың жесірлеріне, тағы бірнеше ескі достарыма сәлем-сауқатқа апарғанмын. Алманы өз ақшама сатып алдым, сыйлаған кісілерім де қызмет жөнінен маған ешқандай көмегі тимейтін жандар".

Академияны тексеру, оның президентінің түрліше қамқарекетін саяси тұрғыдан тергеу де тыйылған жоқ. Президент кеңсесі ғана емес, барлық институттар байыздан отырып жұмыс істеуден қалды. Ең қиыны, салауатты, парасатты ғылым иелері келелі зерттеуін үзіп, партия органдары мен қаржы қызметкерлерінің ұсақ-түйекті қазған, соларға кінәлі еткен айыптауларына көл-көсір түсінік жазуы болды.

Қаныш Иманғайұлының дербес архивінде сақтаулы жазбалардың бірінде: *"...Түрліше жалған айыптарды, күнделікті жұмыста кезіккен болмашы кемшіліктерді басыма үйіп-төгіп, ерскше жөткірлікпен ұйымдастырылған қаншама арандатуларға жауап бердім, қаншама ойдан шығарылған пәле-жала естідім. Тин-әмдай оққылықтар зорая келіп мені табады... 1948 бен 1951 жылдың арасында пайдалы еңбекпен шабыттана шұғылданудың орнына уақытымның денін түрліше түсініктер мен анықталмалар жазуға шығын еттім. Үлкенді-кішілі арызқойлардың жаласынан ақталып, мені қалайда сүріндірмек болған шәддір-шат-*

пақтарға (түпнұсқасында: "по большим и малым инстиуац-иям") жауап қайтарудан зықым шықты..." — деген палу, өсілі, сол кездегі күйіну мен түңілуден туғандығы шүбәсіз...

Емдеуші дәрігер А.П.ВЛАДИМИРОВАНЫҢ естелігінен:

"Қаныш Имантайұлына мен он жылдай уақыт (1951-1961 ж.ж.) емдеуші дәрігер болдым. Алдыма алғаш тап болған көздің өзінде ол түрліше сырқаты мол аурушаң адам еді. Соның ең бастысы — екінші деңгейдегі гипертония болатын, қан қысымы кейде сынап бағанасы бойынша екі жүз миллиметрге дейін көтеріліп, бас зөңіп, құлағы ызыңдап, көруі де төмендеп кететін... Ал 1951 жылы, өсіресе соңғы жартысында ол жиі-жиі кризге ұшырап, жатып қалатын қатерлі шекке жақындады. Мен оған тезірек Алматыдан кетуге кеңес беріп, үзілді-кесілді талап қойдым..."

— Қымбатты Анна Павловна, маған өзіріңе Алматыдан еш-қайда кетуге болмайды... Сіз одан да күңгірек дәрі-дәрмек беріп, қалыпты жағдайда келтіруге бір амал жасаңыз, — дер еді ғалым зорлана жымыш. — Ал әрі дегенде бір айдан соң мен сіздің ақылыңызға біржолата ден қоямын...

Академияның кезекті сайлауы өткен соң-ақ кезекті дема-лысқа кетуге қамдана бастаған-ды, бірақ жіпсіз байланып қал-ды. Орталық Комитеттің бюросы төралқа есебін тындамақ бол-ған, сірә, тым ұзаққа созылып бара жатқан дау-дамайға төрелік айтып, біржолата тоқтатуға ықылас аңғартқан. Бірақ сол сөт тақаған сайын, неге екені белгісіз, жалақорлардың ұсақ-түйекті терген арызы бұрынғыдан да көбейе түсті. Сірә, бұл да қатыбас заманның қан тілеген бұзық әліметінің белгісі, өздері-нен көш ілгері алға шығып кеткен біртуар әріптесіне ит қосып, көзге түсу — кейбір ғылым иелері үшін мансұқ іске айналға-нына не дейсің?! Қысқасы, бұдан екі жыл бұрынғы мерей-тойы үстінде көл-көсір айтылған мадақ сөздер ұмыт болды. Дүрмекшіл қауым масқара қылығымен соның да өткінші құрмет екенін иландыруға тырысты. Әрине, зиялы қауымның бәрі емес, қосақ арасында жүргендер...

Күндердің күнінде академия президентін республиканың бас заң бақылаушысы А.А.Набатов кеңсесіне шақырды. Сөйтсе, бұрнағы жылы Мәскеуге барғанда іссапарын өз бе-тінше үш тәулікке ұзартып, мемлекет есебімен "серлік" жа-сапты-мыс.

— Жолдас прокурор, сіз шұғылданар жұмыс па осы? Мені райбаттауға мәндірек бірдеме іздегеніңіз жөн болар, — деп,

көзтаныс заң бақылаушысына зілсіз қалжың айтты Қаныш Имантайұлы.

— Үш күн жұмыстан себепсіз қалу — аз қылмыс емес, жарты сағат прогул жасаған тоқарыға сот коллегиясы үш жыл түрме жазасын ойланбай кеседі, азамат Сәтбаев! Ал заң — жұмыскер үшін де, президент үшін де бірдей!.. Ақталуды ойлаңыз, болмаса мен үстіңізден іс қозғау жөнінде жарлық беремін...

— Күніне мен он төрт сағат жұмыс істеймін, Александр Алексеевич, соғыс жылдары одан да көбірек жүрдік. Сол үшін де бір статья тапсаңыз деймін. Айына төрт мәрте келетін жексенбінің кем дегенде үшеуін кеңседе өткіземін... Осылардың төлеуі — менің Мәскеуде үш күн артық болғанымға қарымтаға жарайтын шығар!..

Өзін кеңес заңының құдыретті қорғаушысы санайтын заңгер атақты академиктің зілді үнмен естірткен уәжін құлағына ілген жоқ. Таза қағаз алып, алдына тастады да:

— Түсінік жазыңыз. Не үшін кешіктіңіз? Үш күнге артық алған тәуліктік қаржыны да академия кассасына қайтаруды және ұмытпаңыз, — деді состиган қалпы.

Талай жерде, қаншама әріпшіл шенеуніктердің алдында жанын қинап отырып, қисынсыз шәлдір-шатпақтарына түсініктер жазғанда дәл осы жолғыдай қорланбаған еді. Күйкілерге елігіп ұсақтанбайын деп өзін еріксіз тежейтін-ді. Бүгін сол әлпетінен айнып қалды, сірә, жүйкесі әбден жұқарса керек, әмбе қос шекесі солқылдап, қан қысымы көтеріліп келе жатқанын сезген.

— Жазбасам ше? — деді академик сәл-пәл дірілдеген үнмен.

— Жазасыз, жаздыртамыз! Тілесеніз бап та табамыз!

Басына шапшыған қан қапелімде ештеңе ойлантпады. Мәскеуде кешіккен себебі көкейінде сайрап тұрған-ды: ғылыми жұмыстарды үйлестіру кеңесінің мәжілісі екі күн кейінге шегеріліп, ал 23 желтоқсанда ҒА-сының төралқа мәжілісі өткен-ді... Соны жайлап түсіндіріп, қажет десе — үлкен академиядан анықтама алдырып беретінін айтса — әңгіме осы кабинетте бітер еді. Алайда өзіне қасақана жасалып отырған қысымды сезген соң-ақ, соған қарымта қайырудан өзге ешнәрсе ойына келмеді. Есіл-дерті құлап қалмай тұрғанда кабинеттен тезірек кету болды ма, кім білсін?..

— Ал, жазбадым, ендеше! Қолыңыздан келгенді істеп бақ! — Кабинет иесі ұсынған қағазды қақ айырып, алдына лақтырып жіберді де, шыға жөнелді.

Есік алдында тұрған машинаға жете артқы орынға сұлқ

құлады: көз алды қарауытып, құлағы тарс бітіп қалды; жүргізушінің ақылы жетіп, бірден ауруханаға тартқаны сеп болыпты; іле жасалған жәрдем инсультке жеткізбей, қан қысымын төмендетті; емдеуші дәрігерлер бірақ үйіне қайтармай қойды; екі-үш апта оңаша палатада жатып, ем алуға тура келді...

...

Қаныш Имантайұлының әр алуан тайталастарда шындалған алып денесі бұл жолы сыр берген жоқ. Асқан жөткірлікпен жасалған қиянаттың бәрін де көтерді. Бәлкім, инабаты мол, ерекше жағдайдағы аурухана қызметшілерінің күтімі мен ем-домы әсерлі болды. Қалайда екінші аптада-ақ науқастың ұйқысы түзеліп, аяқ-қолына бұрынғы қуаты қайта оралғанын сезінген. Алғашқы күннен-ақ дәрігерлер оған келушілерге тыйым салған, тіпті күнделікті газетті де бергізбеген. Өзінің үй-іші мен күтуші медбикелер жан тыныштығын күзетіп, ешнәрсеге алаңдамай ем алуын қадағалаған. Алайда көкейін тескен жәйттерді ойлаудан оны кім тияды? Жыл бойы азапқа салған теперіштерді қалайша ұмытасың? Жолсыз қиянаттың егесіне тұңғыш түскен Ермұхан иісінің ауыр тағдырын, атпал азаматтың соның бәріне қыңқ етпей, жүргеніне сүйсінсе де жаны күйінеді. Ел мерейін көтеруші асыл Мұхаңның, тағдыры еншілес өзге де әріптестерін қинала ойламай, қалайша тыныш жатады?..

Бір күні мүлгу сағатының аяқ шенінде президент жатқан палатаға Орталық Комитеттің хатшысы Ілияс Омаров пен үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары Бөлебай Исабеков сәлем беріп, имене келді. Қаузай келген шайы бар екен, өздері де қоса ішіп, оны-мұныдан әңгіме қозғады. Сөйтсе де сұхбаттары ө дегеннен-ақ жарасқан жоқ, араларында көрінбей тұрған тас қабырға іспетті бөгет екі жақтың да тілін байлап, емін-еркін сөйлесуге тежеу болғаны анық...

Қаныш Имантайұлы екеуін де жақсы біледі: білімді, саясатқа жүйрік жігіттер, адамгершілік қасиеттеріне де қанық; өсіресе соғыс жылдарында Сауда халкомының орынбасары болған Ілиясты атажұрттарынан қапелімде көшіп, азық-түлік пен тұрмыс қажеттеріне ділгір боп қалған кексе ғалымдарға қолғабыс етуге көбірек жұмсап, қажыр-қайратын іс үстінде таныған; содан бері іштаргып, әр қадамына разы боп, қуанып жүрегін-ді; Шығыс Қазақстан облысының бірінші хатшысына сайланған кезінде тізе қоса қимылдап, сол өлкенің өндірісін

көгеру саласында қаншама қыруар істер атқарды. Ал, Бөлебай Исабековті өз жұмысына тиянақты, екі тілге де бірдей сауатты, Орталық Комитетте істейтін кейбір өнербақан шенеуніктерге қарағанда, кісілігімен де, білімімен де, тіпті кішіпейіл мінезімен де дараланып тұратын азамат... деп білетін-ді.

— Көңілімді сұрай келгендеріңе төңір жарылқасың, көп көрім сергіп қалдым. Енді шаруаларыңды айтыңдар, жігіттер, жайдан-жай жүрмеген боларсыңдар, — деді ғалым жымия қарап. — Академияны талқылаудың беті қалай, тездеткендерің жөн шығар, тегінде, мәлімсіз күтуден де адам шаршайды...

— Талқының керек-жарақ қағаздарын мына ініңіз өзірлеп қойған, бастығы бірақ қайта жазып жатыр, ауырлатқысы келеді білем... Сіздің обден сауығып жұмысқа шыққаныңызды күтеміз... — деді хатшы көкейіндегі сөзін бірден бастай алмай қыбыжықтап, есікке өлсін-өлсін қарап отырды да. — Хатшылық жөнмен емес, інілік ізетпен бір ұсыныс айтсам, Қанеке, мына Ілиясқа не болған деп ұрыспайсыз ба?

Науқас басын шайқады. Сонсоң зорлана жымияп:

— Айта бер, жаңа көрген құқай ма, — деп қолын сермеді.

— Бөлебай, ауыз үйге шығып, қолушыларды тежей тұрсаң қайтеді... — Серігі адыңғы бөлмеге шығып кеткен соң, Ілияс Омарұлы сөзін қайта жалғады. — Мәселе қиындап кетті, Қанеке, сеніңіз маған, қасақана қиындатып Мәскеуден де жебен жатқаңдар да бар... Бұрын сіз президенттің қол-қосыр міндеті геологияға қаратпай жүр, қаншама ғылыми жұмыстар ақсап жатыр... деуші едіңіз. Енді, міне, сырқаттанып қалдыңыз... Осы екеуін бетке ұстап, академия басшылығынан босату жөнінде арыз берсеңіз, Бюро мүшелерін көндіруді маған жүктеңіз...

— Ілеке, бұл ақылды өзің ойлап таптың ба?

— Өзім, Қанеке. Рас, бірінші хатшыдан сыр тартып едім, қарсы емес, — деп күмілжіді Ілияс Омарұлы.

— Сонда қалай?.. Өз еркіммен арыз жазып тайып беремін, ал пәле қуған жалақорлар академияны бетке ұстар ғалымдардан емін-еркін тазартады. Өңкей тоғышпар, ғылымда зәредей де татымды ісі, беделі жоқ су ми сүмелектер, қан тілеген жауыздар ойына келгенін істейді?.. Ал, біз, зиялы қауым, ел билігін соларға беріп, қол қусырып, қарап отырамыз. Бұдан соң менің азамат атанып, жер басып жүруімнің жай-жапсарын ойладың ба, Ілеке?

Хатшы ләм-мим демеді. Осы іске құлықсыз көніп еді, неден қауіптенсе — соған жолықты. Екі оттың ортасында қалды деген де осы болар-ау, сірә, Қанекеңді илкітіре алмады, Жұмекеңе мұны түсіндіру тіпті қиын...

— Қанеке, бізге сіздің амандырыңыз қымбат! Нақтылы жағдайды жете білмегендіктен келіспей отырсыз... Сайып келгенде, бұл да сізді қорғаудың амалы! — деді Омаров тағы бір мәрте ескертуді құп көріп.

Президент таған үстінен дәрі алып таңдайына басты. Әлден соңтамағын көнеп, өзіне тура қарай алмай қырын отырған Орталық Комитеттің хатшысына назарын тіктеп:

— Ілеке, оның бекер. Бұл мені емес — өздеріңнің қарақан бастарыңды, бір күн болса да биік мәнсаптарыңды сақтаудың шарасы! Сізді мен, Ілеке, арлы азамат санаймын, сондықтан өзіңе де, сізді жұмсап отырған анау үлкен араңа да айтарым бір-ақ сөз: дәл мынадай қатерлі, сыни жағдайда менен ешқандай арыз күтпеңдер!.. Мен үшін және отқа күймей-ақ қойыңдар, қымбатты інілерім, үкімет пен партияға олі де керек адаммын, жеме-жемге келгенде мені бекерге күйдірмейді, қанатының астына алады. Мен басқадан қорқамын!.. — деп сәл тыныстап, ойындағы сөзін салмақтады. — Жүмекең екеуің бұл мәселені басып тастайтын уақытты өткізіп алдыңдар, енді міне, кім көрінген, неше түрлі қанден иттер бастарыңа шығып алып, ойына келгенін істеп отыр. Иә, иә, биліктен айырылып қалған сияқтысыздар... Сосын да не істерлеріңді білмей, естерің шығып, шындықты мойындау керек, сасқан үйрек артымен сүңгиді деген, тегінде, осы... Құрмалдыққа шалмақ еркек тоқтыларың — Ермұхан сорлыдан кейін, демек, мен болмақпын, сірә. Одан арғы көгенделер көздер және белгілі: Жұбанов, Әуезов, Ысмайылов, Жұмалиев... Апырай, қазақтың өңкей ығай мен сығай, бетке ұстар зиялыларын тобыр тезіне тартып дүрелеуден тыйылар уақыт қашан туар екен?!..

— Ауыз үйге кісілер келген сияқты, — деп хатшы қыбыжықтап еді, Қаныш Имантайұлы есікке барып қарады да, нығарлап қайтадан жауып қойды.

— Жә, аяқтасақ та болады, — деді ақырын ғана. — Ең соңында құрық өздеріңе түседі, қызметтеріңді беріп құтылсаңдар тәубе дер едім, иә, иә, мына дүрмектің бет алысы солай... Шойынбаев, Храмков, Айдарова... тағы кімдер бізді реттеп болған соң, осы сөзімді бағыңдар, сендерге ауыз салады. Илайым, тек аман болыңдар, менің сәуегейлігім теріске шықсын!.. Мен болдым, Ілеке, өзіңізде басқа айтар бар ма?..

— Қисынсыз жерге пышақ ұрғанымды ұқтырдыңыз, Қанеке, амалым болмай, еріксіз келгенімді түсініп, кешіріммен қараңыз!.. — деп Ілияс Омарұлы орнынан тұрды.

— Сіз де менің жаным қатты күйзеліп жатқанда аузым-

нан шыққан артық-кем сөзге кектенбей, түпкі мәніне ой салып қараңыз. Жасы үлкен ағаның жақсы көретін інісіне білдірген баынасы деп ұқсаңыз, ұтылмайсыз, Ілеке.

Ғалым мәртебелі қонағын ауызғы үйге дейін шығарып салды. Үй-іші тосып тұр екен, төрге өткізіп жіберіп, қоштасар сәтте Бөлебай мен Ілиясқа алма-кезек қарап:

— Екеуіңе де ағалық жолман айтар іцкәр тілегім, жігіттер! — деді. — Менің қамымды жеген күш-қайраттарыңды Мұхаңа, иә, Мұхтар ағаларыңның жолына жұмсаңдар! Асыл Мұхаңның шабыт-жігерін мұқалтып, иә қапылыста жоғалтып алсақ — халық мұны еш уақытта кешірмейді! Мұхаңның халқымызға біздің бәрімізден де керегірек екенін естеріңде ұстандар!..

— Өзіңіздей көріңіз.

— Жақсы күнде көрісейік! — десті екеуі де...

Қандай оймен, иә күдікпен қам жасағанын, кім білсін, сол күннің ертеңінде өзіндей сенетін көмекшісінің қолына екі парақ қағаз ұстатты да, дереу жөнелтуді өтінді. Екеуі де бір сарынды — бірі И.Сталинге, екіншісі КСРО ҒА-ның жуықта сайланған жаңа президенті А.Н.Несмеяновтың атына жолданыпты: 1951 жылдың 5-қараша күні жолданған жеделхаттың мәтіні төмендегідей: *"...Будучи морально растерзанным, я обращаюсь к Вам с убедительной просьбой дать указания о том, чтобы затребовать материалы обо мне в Москву для рассмотрения их с должной объективностью. Преданный Вам академик Сатпаев"*.

Есімі де, ецбегі де күллі Одаққа мәлім ғұламаның жанайқайы дерлік өтінішіне қандай жауап болғаны — беймәлім...

II

КСРО ҒА-нын Тарих институтының ғылыми кеңесі Ермұхан Бекмахановтың "ХІХ ғасырдың 20-40 жылдарындағы Қазақстан" монографиясын "Правда" газетінің сынына байланысты қайыра талқылау үстінде белгілі ғалым-тарихшылар А.М.Панкратова, Н.М.Дружинин және М.П.Вяткин қателескенін "шын жүректен мойындайтынын" жария еткен. Сірә, сол себептен бұл жолғы мәжіліс томаға-тұйық жағдайда дау-дамайсыз өтіп, әрі ұзаққа созылмады. Партияның бас газетінің иашбауын көтерген тарихшылар кеңесі "Ақиқатты бұрмалап отырғанымыз қалай?" деген кереғар сауалға баспай, кеңес ғылымы тарихына масқара оқиға боп енген, қатал да мейлінше қиянат шешімге қол көтеріп (мәжіліс хаттамасында академик

Н.М.Дружининнің қарсы болып, қалыс қалғандығы атап көрсетілген), Е.Бекмахановтың кандидаттық және докторлық атақтарын қайтарып алу туралы шешім қабылдайды.

Әрине, мәскеудегі қорғаушылары өлгіндей осалдық көрсеткен соң, туған елінде сормандай кісіге айналған Ермұханды ашық қорғайтын ер шықпады (өлбетте астыртын қорғай, қол ұшын бергендер болған. Мысалы, ҚазМУ-дың ректоры Төлеген Тәжібаев, Алматыдағы марксизм-ленинизм институтына ғылыми жұмысқа ауысқан Мұхамеждан Әбдіхалықов; алайда талантты тарихшының жазасын жеңілдетуге тілеуқор жұрттың шама-шарқы жетпей, өздері жәбір-жапа көрген).

Жазмышқа шара қанша, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бюросы "Правда" сынын талқылауды қасақана бес айға созып, бұқаралық айыптау ұйымдастырып, Бас "күнөкар" Е.Бекмаханов бұл жиында "кінәсін" бұлғалақсыз мойындап, өз тағдырын бюро мүшелерінің қолына беруге тиісті болған. Бір жақты талқы үстінде ол қателескенін "мойындапты", бірақ сөзінің соңында: *"...ешқашанда ұлтшыл пиғылға тускен емеспін, саяси қаралауға ешкімде мені күштеп кіргізе алмайды"* дегені Қазақ КСР Қауіпсіздік министрінің ашу-ызасын қоздырып, жобаланған жазаны ауырлата түскен-міс. Қалай десек те сол күнгі жиында ол Компартия мүшелігінен аласталып, партбилетін беріп шығады. Қабылданған қаулының салдары тіпті сорақы: іле-шала тарих ғылымының докторы, профессор атақтарынан сыпырылып, Ғылым академия мен университеттегі жұмыстарынан аласталады да, Алматы облысының Нарынқол ауданындағы, соңынан Жамбыл облысының Ново-Троицкі кентіндегі орыс мектебінің 5-10 басқыштарына сабақ беруге сот үкімінсіз жер аударылады...

Бөлебай ИСАБЕКОВТІҢ ауызекі әңгімесінен:

"...Қаныш Имантайұлының бізге ескерткен жорамалы қолмен қойғандай дәл шықты. "Правданың" жойқын сыны жарыққа шыққан соң-ақ Жұмекең биліктен айырылып қалды, жаны түршігіп, сасқаны сонша, Храмковтың дегенін бұлжытпай орындайтын қолшоқпарына айналды. Ал ол ұлтшылдарды түп тамырымен құртуды, мақсат еткен тазартуға белсене кірісті. Ілияс Омаровты бұл әрекетте кінәлау қиын: 1948 жылы түзетіліп, екінші мәрте қайта басылған "Қазақ КСР тарихына" ол жауапты редактор болғаны пәле болып, хатшы ретінде кейбір ғалымдарға ара түсіп, қорғай бастаса-ақ, менің бастығым: "Сіз әуелі өзіңіздің кінәңізден арылып алыңыз, жолдас хатшы. "Тарихтың" жаңа басылымында Кенесары тарау-

ын ұлтшыл Бекмахановқа қайта жаздыртқан сіз емей, мен бей...” – десе-ақ, Омаров қызараңдап сөзден тынылады...

1951 жылдың жазында Ермұханды Алматыдан жер аударған соң, тоспа судың қақпасы ашылғандай-ақ, жер-жерден бас көтерген неше түрлі соғындылар “домалақ арыздар” тапқынын ЦК-ға қапталып берсін; солардың ішінде кім жоқ дейсіз – мектеп мұғалімдері, ауыл белсенділері, студенттер, жоғары оқу орындарының өзара сағатқа таласқан оқытушылары... Әрине, оқымыстыларымыздың біразы Алматыдағы, облыс орталықтарындағы оқу орындарынан аластады. Консерватория директоры, академик Ахмет Жұбанов партия қатарынан шығарылып, жұмысынан босаған соң Мәскеуге қарай жылыстап кетіп, сондағы бір мейрамхананың оркестріне дирижер болып орналасыпты деп естідік. Туған елі керек қылмаған соң – құдай жөн сол дедік. Бірін-бірі құдалау, ұлтшылдық іздеу науқаны тарихшыларды түгелдей “тазаалай күзен”, әдебиет білгірлері мен тіл мамандарына ауысты. Олардың да дені – ұлтшыл пиғылға ұрынған болып шықты. Өзара сын, мәңгіше, жазушылар арасында бәрінен де күшті жүрді. Нәтижесінде интернационалдық рухта кітап жазатын қаламгер табылмады. Апыр-ай десеңші, тап сол кезеңдегі зиялы қауымның, халқымыздың білімпаз, рухани деңгейі жоғары дерлік оқығандарының соншама құддिलाуын ойыма алсам, жаным түршігеді: бірін-бірі көрсету, пәле жауып, ұстатып жіберу, жалған куәлік, “домалақ арызбен” кек алу – өмір сүрудің қалыпты тірлігіне айналды, көзі қарақты жаңдар тыныш ұйықтап, адамша тұрмыс кешуден қалды...”

Бөлекбай ақсақалдың айтуынша, науқанды қадағалаушы И.П.Храмков қазақ зиялыларының ортақолды өкілдерінің біккенін місе тұтпаған, оларды майшабақ көріп, айдын көлдің ірі шортаңдарын қармаққа шаншуды ойластырған. Түп мақсаты, сірә, М. Әуезов, Қ. Сәтбаев, А. Жұбанов болса керек. Ал, республика басшылары, солқылдақтық көрсеткенімен, ел арыстарын, жеме-жемге келгенде бере қоймаған. Иван Петрович болса, Қазақстанға дейін Кавказда саяси басшы болып, Шәмш имамды реакционер “етуте” атсалысқан тәжірибесі бар әккі қайраткер. Тегінде, оған Қазақстанда Кавказдағыдан да әдеқайда дабыра, әдеқайда күштірек науқан керек болған. Сонда ғана Мәскеудегі ниетестерінің көзіне түсіп, белсенділігі танылады. Әрине, мәнсабы да өседі...

Ақыры шама-шарқын андаған болар, Алматыдағы ахуалды барынша ауырлата сипаттаған ақпарын Мәскеуге, жолдаған. БК(б)П Орталық Комитеті оған көмекке жауапты

нұсқаушы Шикин бастаған бір топ идеологтарды жібереді. Биік лауазымды комиссия Қазақстанда бір ай жұмыс істентті. Ал, комиссияның емін-еркін қимылдауына жөн нұсқаушы — кім-кім, Орталық Комитеттің идеолог-хатшысы М.А.Суслов болыпты. Шикин комиссиясы қай саланы тексерсе де: "Жеткіліксіз жазалаған, арайыншылық, жершілдік етек алған, большевиктерге топ тіліп түсер өткірлік жоқ!" дегендей тұжырымдар жасапты. Одан туар қорытынды айқып: Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің басшы құрамы бұған дейінгі қоңір жықпас ұстанымнан бас тартып, социалистік қоғамның қас жауларын аяусыз жазалауға тиіс!..

Мәскеулік комиссияның материалдары сол жылдың қазан айының бас кезінде шақырылған Қазақстан К(б)П-ның идеология мәселелеріне арналған пленумында талқыланған. Баяндамашы Ілияс Омаров та, өзге сөйлеушілер де орталық газет өшкерелеген, Шикин комиссиясы "большевиктік батылдықпен атап көрсеткен сансыз көп оқылықтар түп-түгел дұрыс, ендігі оңіміме — соларды тезірек жүзеге жойып, пиғылы жат элементтерден аластауда..." дескен. Әрине, ОК-тің үгіт-насихат бөлімі әзірлеген, саяси бағыты сыннан өткен белсенділері мінберге шығып, енді бірі залдан дауыс көтеріп, бірер айда аяқтайтын оп-оңай жұмысты, бір жылға созып, аяқасты еткісі келген ОК хатшылары неліктен жазасыз құтылады деп, І.Омаров қана емес, Ж.Шаяхметовтің де шалғайына жармасқан. Мысалы, А.Тәкежанов есімді аудандық деңгейдегі партия-кеңес қызметкері: "Ұлтшылдығы ертеден мәлім Сәтбаев осы күнге дейін академия президенті болып шалжин отыр, жолдас Шаяхметов, сіздің бәз-баяғы чекістік қырағылығыңыз Орталық Комитетке хатшы болған соң бөсеңдеп қалған ба?" — дегені тындаушы жұрт арасында түрліше ой туғызған. Тағы біреу: "Академия құрылған күннен ұлтшылдардың ұясына айналды, пиғылы герістердің рухани басшысы Әуезов неге бостандықта жүр?" — десе, тағы бір шешен: "Осының бәрі туған халқының қамқоры болғансыған саяси басшыларымыздың кім көрінгенге либеральдық көрсеткенінде.." — депті. Омаров та, Шаяхметов те жиын соңында кінәларын мойындап, өздеріне айтылған сыннан тиісті қортынды шығаруға уәде берумен аяқтапты.

Пленумда сөз болған жәйттерді "Правда" газеті есеп ретінде жариялапты. Газеттің арнайы тілшісі А.Черниченко пленумда тезге түскен қазақтың небір игі жақсыларын мойнына құрым кигіз байлап, есекке мінгізгендей етіп әсіре сипаттауына қарағанда, саяси науқанның шарықтау шегіне жетіп,

таяу күндерде жанпай тазарту, жазалау процесі басталатынын аңдау киын емес-ті. Алдыңғы кезекте аласталағын ұлт зиялыларының есімі де түгел аталған. Өрине, "республика академиясын ұлтшылар ұясына айналдырған" Қ.И.Сәтбаевқа мақала авторы өрекіне қадалып, басты күнөкар ретінде атауды да тегін емес-ті...

Осы арада жарым ғасырдан астам уақыт бұрын Қазақстан К(б)П ОК-інде болған күмәнді жәйттерді ғұмырнама авторы қайдан біледі, қиялмен өріп отыр ма... дегендей дүдәмал пікір туғызбас үшін, сол гөптің жай-жапсарын аша кетуді жөн көрдік.

1981 жылдың жазында, "Сәтбаевтың" тұңғыш нұсқасы Мәскеудің "Молодая гвардия" баспасының "Жайсаң адамдар өмірі" сериясында жарыққа шыққан мерейлі қуанышы басыла қоймаған мезет еді бұл. Қ.И.Сәтбаев атындағы ГФИ-тың ғылыми қызметкері Роза Бөлекбақызы Әубәкірова маған: "Көкеммен кездескіңіз келе ме?.." — деп жымша қарады. Бұл енді іздегенге сұраған дерлік жәйт: Бөлекбай Псабсков — жоғарыда біз тәптіштей баяндаған шерлі тарихтың басталған һом шарықтау шегінің сол күнде тірі жүрген бірден-бір куәгері...

— Кездесуге ерекше құштармын, Роза. Тек соны көкеңіз тілей ме? — дедім — Тарихымыздың өте ауыр кезеңі жайында естелік сұраймын. Әлбетте, айтуға құлқы болса?

— Меніңше, соны өзі де айтқысы келіп, шер тарқатуға әзір отыр. Сізді бүгін өзі сұрады. Кім, қандай адам, оұл тақырыпты неге таңдаған... дегендей сауалдар қойып. Кездесуге құштар болсаңыз — асығыңыз!..

Қысқасы, сол күні-ақ жас шамасы жетпісті еркін еңсерген, еңсегей бойлы, тығыршық денесі солмаған, үнінде тек аз-кем селкеу бар партия қайраткерінің алдына жеттім. "Қанекөң туралы деректі ғұмырнамаңызда сіз 50-52 жылдардағы оқиғалар жайында айтыпсыз, бірақ тісіңіз батпай, әлде цензура кескілеген бе, кей тұсы тым күңгірт баяндалған. Ал мен солардың барлығына қызмет бабымен араласқан кісімін. Заман әлі де өзгереді, қарағым, дүниеде тұрақтан ешнәрсе жоқ. Күндердің күнінде әжетіңізге жарар, бүгін мен сізге бұған дейін аузымнан шықпаған, ішімде шорланып қатқан сырымды ашамын. Жадыңызда сақтап, келер ұрпаққа бұрмаламай жеткізу — Сізге аманат! Тарих үшін қашанда ақиқат қымбат, кеш болса да жұртшылық оны білуге тиіс. Қызым сізге сенуге болады деді..." — деген уәжбен басталған сұхбатта соған дейін күңгірт те күмәнді болған көп жәйттерге көзім ашылғанын ескерту бары.

III

Қазақстан К(б)ГІ Орталық Комитетінің бюросы 1951 жылдың 23 қараша күнгі жабық мәжілісінде академик Қ.И.Сәтбаевты барлық үлкенді-кішілі мансабынан босатып, бас жұмысына жазып, қатаң сөгіс жариялаған. Коммунист Сәтбаевты нақты үш мәселеге кінәлі деген шешімге келген: "партия қатарына кірерде шыққан тегінің бай болғандығын жасырған; "Ер Едіге" дастанын 1927 жылы жарыққа шығарып, сол өрекетінің саяси қателік екенін 1945 жылдан бері мойындамаған; Ғылым академиясына ниғылы жат адамдарды қабылдап, мейлінше былықтырғаны үшін..."

Қаныш Имантайұлының ізбасар өріптесі Ш.Шокин "ҰҒА-ның ғұмыр жолы" кітабында: "...үш айдап соң, "Москва" мейманханасында кездескенде Қанекең маған Орталық Комитеттің бюро мәжілісіндегі біржақты талқының жай-жапсарын қамыға отырып, есіне алды: айтуыңша, ақталған сөзіне ешкім құлақ қоймапты; әр лебізіне бюро мүшелері айғаймен жауап қатып, кереғар сұрақтарды жаудыра беріпті; бір адам қорғау түгілі, "Ау, жолдастар, бұл кісінің қауым үшін жақсы істері де бар ғой демепті..." — десе, "Өмірімнің төрт кезеңі" ғұмырнамасында нақ осы оқиға жайында: "Мен сол күнге дейін, кейіннен де ардақты адамның жаны құлазып, өмірге сенімін жоғалтқан күйректікке тап болғанын көрген емеспін. Менімен әңгімелесіп отырып, арада көп күндер өтсе де, сол қиянаттан өзіне араша тілеп, әлдекімнің "Келешек сізді ақтайды..." дегендей сүйеніш сөз айтуын, сірә, сол арқылы бұрынғы сенімін бойында сақтауға тырысқанын айқын аңғардым..." — деп көп жәйттен сыр шерткен...

Сөйтсе де базар алаңындағы саудагерлердің шаң-шұң айқайын ұқсаған (бұған да таң қаласыз: шындық солай болған соң, шараң қанша?!) саяси бюро мәжілісінен шыққан кештегі шерменде ғалымның қам-қарекетіне оралайық. Фажап десек те рауа: бізге о да мәлім: "Вечерняя Алма-Ата" газетінің 1998 жылғы 10 сәуір күнгі санында "Оның қандай жайсаң жан екенін білесіз бе?" деген атаумен жарық көрген, (жариялаушы — Р.Жасынова). Қазақ КСР ҒА-ның іс басқарушысы Г.В.Нечитайло марқұмның естелігінен шағын үзінді оқып көрелік...

"...Қаныш Имантайұлы кабинетіме кіріп келгенде шошып кеттім: еңі боп-боз, ұнжырғасы түскен; амандасты да алдым-

дағы креслоға өңжар жайғасқан соң, маған оңжырая қарап: "Григорий Васильевич, мен енді президент емеспін, бір сағат бұрын босадым... — деді комөскі үнмен. — Сен ақылды адамсың, не істеуім керек мына жағдайда?.." Дес бергенде маған бір ой келді де: "Ертеңнен қалмай Таисия Алексеевнаны алып, Мәскеуге кету керек! Депутаттық куәлігіңіз өзіңізде ме, маған беріңіз, ертеңгі пойызға билет алдырамын!", — дедім жалма-жан...

Сіра, сөйткеніміз жөн болған, сол күні көште Қауіпсіздік комитетінің академияны қарағалайтын таныс майоры маған құпиялап: "Сәтбаевты тұтқындаймыз, тек қашап екенін білмеймін!" — дегенде, мен сілейіп тұрып қалып, келесі күні таңертең станса басына зор күдікпен бардым... Вагонға отырушылардың кезегінде тұрған ерлі-зайыпты Сәтбаевтарды көргенімде, жүрегім орнына түсіп, қастарына жүгіре жетіп, дәу екі чемоданды ала жөнелдім. Шығарып салған бір жан жоқ, бұған да таң болдым... Қаныш Имантайұлы купеге кірген соң үн-түңсіз мені қаңсыра құшып ұзақ тұрды, көзінен сорғалаған жасын тия алсайшы. Ал мен оны Мәскеуге ың-шыңсыз жөнелткеніме шексіз қуанышта едім..."

Сәтбаевтар отырған жедел пойыз Қызылорда стансасына келгенде, олардың купесіне маңдайы жырта қарыс, парасатты жүзді, үстіндегі киімі де маңғаз келбетіне жарасқан аса сәйді, козі өтімді, орта жас шамасындағы жігіт кіріп, сәлем берді. Ерлі-зайыптылар жұмсақ вагонның екі орындық купесіне жайғасқан-ды. Пойыз тоқтаған кезде терезенің жібек пердесін түсіріп қоятын-ды, ешбір аялдамада перронға шықпай, елден безген сапарын құшыяда ұстап келе жатқан. Соданда шығар, Таисия Алексеевна бейтаныс ер адам ойда жоқта кіріп келгенде абыржып, өздерін іздеп жүрген жазалаушы органның қызметкері екен деп ойлады... Кітап оқып жатқан ері бері бұрылып, басын көтерді.

— О, келгенің жақсы болды, Нәке! Рақмет, хабар тимей, кездесе алмай қаламыз ба деп, қауіптеніп келе жатыр едім. Демек, сәлемімді жеткізген, оған да тәубе! Мұны да жолымыз оңғарылады дегенге ырым етелік...

Келуші азамат су шаруашылығының белгілі маманы Нантай Әзімханұлы Кенесарин еді. Кезінде ол САГУ-дың (Орта Азиялық мемлекеттік университет) гидротехника факультетін тәмамдап, Мәскеуде аспирантура бітіріп, 1940 жылы ғылыми дәрежеге ие болып, Москва метрополитені салынғанда жерасты суларын тежейтін жобалаушы топта біліктілігімен көзге түскен ірі маман. Әрине, талантты гидротехниктің өз қатары-

нан дара шыққан өнері көдеге асты: Ташкентке шақырылып, Орта Азия республикалары үшін суландыру мәселесімен түбегейлі шұғылданды, бұл болса Қазақстанның түстік бөктері үшін — өмірлік маңызды жұмыс... Сол себептен де ҚазФАН-ның төрағасы соғыс аяқталар қарсаңда Натай Әзімханұлын Алматыға шақырып, туған еліне қайтып оралып, халық тірлігі үшін ерекше мәнді ғылыми ізденіс бастауға еліктіре өңгіме шерткен. Дербес ғылыми академияның да ашылар күні нек астында тұрғанын да ескерткен-ді, демек, бір институтқа дербес не болатын күп де жақын. "Ал, бұл салада бізде — нағыз тың, білікті мамандар атымен жоқ, сол себепті, Нөке, бәрін де өзің бастауға тура келеді..." — деп, қиыншылықты да жасырмай ағынан жарылған.

"Менің ата-тегімді қайтөміз? Кеңесары ханның шөбересі екенімді білесіз бе? Әкем байғұс та, төңкеріске дейін-ақ, гидротехник өнерін халық игілігіне жаратпақ ниетпен иі жұмыстар жасап жүрген дегдар шағында мерт болды. 1937 жылы оны ГПУ-дің адамдары Шымкентте тұтқындаған, содан бері із-түзсіз жоғалды..." — деп, Кеңесарин де өзі аса қадірлейтін ел ағасының мәнді ұсынысына қарсы емесін сездіріп, өрі ғұмыр жолындағы басты кедергіні, туған еліне келе алмай жүрген себепті де жасырған жоқ-ты. "Оған қымсынба, қазірде жағдай оңалды емес пе, көсемнің өзі "өкесі үшін баласы жауап бермейді..." деп отырғанда үрейленудің керегі жоқ. Тек анкетаңда арғы-бергі тегінді жасырмай ашық көрсет..." — деді Қаныш Имантайұлы да көкейіндегі ісінің оңға басқанына қуаныш білдіріп. Сол жылы болмаса да, сөз кейінірек Натай Кеңесарин Алматыға ауысып, ГФИ-дың гидрогеология секторын басқарып, шынында да іргелі ізденістер бастады.

Алайда оның ғана емес, келешекте ірге котермек гидрогеология институтының да жолы болмады. Кеңесары қозғалысына байланысты науқан өршіген кезде, Қаныш Имантайұлы ғылыми өріптесінің бас амандығын ойлап, Алматыдан жылыстап кетуіне түрткі болып, Қызылордадағы су тресіне бас инженерлік қызметке жіберген-ді...

— Жалғыз жүрмісің? — Қаныш Имантайұлының күпті сауалына Кеңесарин басын изеді. — Жалғыз болсаң бізді келесі стансаға дейін шығарып сал, мәнді өңгіме бар...

— Обалыңа қалдым білем, Нөке, мынадай сойқанға душар болатынымызды кім болжапты? — деді академик, Натай інісі жол азыққа өкелген дәмін таған үстіне қойып, қазы-қартаны жұқалап турай бастағанда. — Жылы орныңнан сені қозғамауым жөн еді... Ел үшін де еңіреп жүріп, сен де, мен де текті ата-бабамыз үшін зардап шегіп, қиянат жалаға кез болдық...

Осы өңгіме басталғанда-ақ өң-түсі қарақүрең тартып, ызбарлы шырайға көшкен Натай қолын сермеп:

— Қанеке, оны қойыңыз, сізге менің титтей де өкпем жоқ. Қайта елден жырақта, жатбауыр боп жүрген бір ұлын халқымен, жерімен табыстырып, туған еліме қайтардыңыз. Аз уақыт болсам да аянбай еңбек еттім, шөлдірмеген жерге су әкелуге атсаалыстым. Соған да тоғтимиң! Сол себепті мынадай аласапыран күнде бір-бірімізге кінә артудың қажеті қанша?!.. Мені неге шақырдыңыз, сірә, кінәдан арылу үшін ғана емес болар?

— Оның рас, Нәке... Өз жағдайымның не боларын өзір білмеймін, — деді Қанекең Натайға тура қарап. — Ал сен туралы түрікмен ағайындармен келістім. Ашхабад университетінен әуелі доценттің, соңынан профессордың орнын беретін болды... Сірә, бұл жақта сен шырмалып қалма, заман қиындап тұр, тезірек аттанып өткенің жөн болар. Міне, мен де ақылдық іздеп, Мәскеуге кетіп барамын. — деп күрсінді Қаныш Имантанұлы.

Кенесарин үнсіз тыңдады: "Ұзын құлақ" жеткізген жаманат, демек, рас болғаны; телефон шалған әріптесінің де тілі күрмеліп, нақты ештеңе айтпағанын да енді түсінді; Ұлы Отанның жанкүйері деп жүрген, ұлан-ғайыр еңбегімен де, кемел ісімен де ел көгіне жарқырап шыққан ғұлама жанды бір-ақ сағатта мәнді жұмысынан аластап, көшеге қуып тастағанын өз аузынан естімесе — сірәда сенер ме?.. Натайдың көз алды бұддырап, құлағы тас керең боп бітіп қалғаны да содан. Бірер мәрте бірін-бірі демеп, "алып қоялықпен" ішкен шарап та септігін тигізген жоқ. Содан қоштасарда ол: "Қанеке, қамқорлығыңызға шексіз рақмет! — деді. — Алдағы жұмыс жөнін өзімнің қолайыма қарап шешсем, сөкпеңіз, түрікмен ағайындардың шақыруын, тегінде, жүрегімде ұстармын..."

(Содан былайғы өмірін Н.Ә.Кенесарин өзбек жерінде өткізуге мәжбүр болды: Қызылорда шәрінен жедел аттанып кеткен бетінде-ақ Ташкентке келіп, осындағы ауыл шаруашылық институтына аға оқытушы боп орналасады, бір жылдан кейін профессор атағын иеленеді; бертінде Өзбек КСР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесіне сайланады; Өзбек гидрогеология институтының іргетасын қалап, ұзақ жылдар директоры болды; бүкіл Орта Азия гидрогеологтары мектебін ұйымдастырушы, өзбек, түрікмен су мамандарының ұстазы деген құрметті атаққа жетті. Дарынды гидрогелогтың дарқан білімі Құйғанар, Мырзашөл далаларын, Бұхар шұратын, Сырдария және Әмудария алаптарын сумен жабдықтау, Үлкен Түркімен, Солтүстік Ферғана каналдарын жобалау жұмыстарында ерекше танылған).

"АҚИҚАТ ӘРҚАШАНДА ЖЕҢЕДІ"

I

"Алматы-Москва" пойызы үлкен астанаға қарашаның соңғы күні, ертеңгілікте келген-ді. Қазан вокзалының перронына шыққанда-ақ ерлі-зайыптылар өздерін қарсы алып тұрған ежелгі достарын көрді, көпшілігі осы жаққа әр түрлі жұмыспен жолаушылап келген, енді бірі аспирантурада оқитын жерлестері. Қайсыбірінің қолында суықтан колегейлеп ұстап тұрған гүл шоқтары. Қарсы алушы қарамды топты вагонның терезесінен көргенде-ақ Қаныш Имантайұлы: "Тася, қарашы, қанша адам гүл ұстап тұр — жақсылыққа жоры!.." — деп айран-асыр қуаныш білдірген-ді. Ыстық қауышып, вокзал іргесіндегі кең алаңға шықты. Мұндағы тілеулестері ғалым тап болған жағдаятты естімеген. Тілектері де соған орай: "Көңілді демалыс болсын! Мәскеуде қанша уақыт боласыздар?.." — десіп, жүктерін көтеріп өкеп, машинаға салып берді. Қарсы алғандарға рақмет айтып, мейманханаға аттанды.

Алайда ақиқат іздеп келген қазақ ғалымына бұрын мейірім де, ізег те көрсететін Мәскеу бұл жолы құшағын аша қоймады. Келген бетінде-ақ КСРО Ғылым академиясының төралқасына барған, президенттің өзіне бірақ жете алмады, сөлем бере кіріп, сыр тартқан лауазымды ескі достарының бәрі де: "Әуелі демалып, денсаулығыңды түзеп келіңіз, оған дейін бір амалын жасармыз..." дегеннен аспады. Нақ сондай қашыртқы кеңесті КСРО Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары И.Ф.Тевосян да білдіріпті, әмбе көмекшісі арқылы. Нендей жауап етсе де көкейкесті мәселені бір жағына шығарғысы келіп, қайыра сұранып еді, Иван Федорович "біраз күн күте тұрсын" — депті. Біразы бірер аптаға созылды. Өзін жақсы білетін, соғыстың ауыр жылдарында бірін-бірі жете танып, өмір сынынан өткен, әмбе ақжүректігі, турашылдығы жұртқа мәлім, И.В.Сталиннің өндіріс саласында оң қолы саналатын адуын қайраткер И.Ф.Тевосян солай деп сөзбұйдаға салып қойған соң, Қаныш Имантайұлының да ақыл-ойы азып: "Апырай, менің қадірім еңбегіме ділгірлік болған кезде ғана екен-ау..." деген де күйкі күйректікке бой алдыра бастаған-ды...

Ақыры бір күні ҒА-ның бірінші вице-президенті И.П.Бардинге барды. Кексе металлургке көңілін жабырқатқан мұңды жасырған жоқ, ашық мәлімдеді.

— Кімге барсам да, Иван Павлович, еститінім — сырғыт-

на сөз. Ертеңгі күнің күңгірт тұман боп тұрғанда демалыста мән бола ма? Ал менің тыныш ұйықтамағаныма жылдан асты... Не істеуім керек, сіз де солай дейсіз бе?..

Бұрын ақ жарқын жағдайда көретін, не істі болсын жігерлі қажыр-қайратпен тындыратын қайраткер әріптесінің мына сөзіне Бардиді қатты таңданып, бетіне ожырая қарады да, үкімет мүшелерімен жалғастыратын телефонның трубкасын көтерді.

— Иван Федорович! — деді кіділеу үнмен. Өзінен қилы жас кіші Тевосианды "Ваня" деп партиялық лақап атымен атайтұнын, әрі бір өндірісте бірге істеген кезінен қалыптасқан дағдысымен өктемдеу сөйлейтінін Қаныш Имантайұлы бұрыннан білетін-ді, бұл жолы бірақ ресми қасаң тілге көшкеніне таң болды. — Менің қасымда академик Сәғбаев отыр... Иә, иә, сізге де, маған да аса қадірменді Қаныш Имантаевич... Жоқ, тұра тұр, әуелі мені тыңдағын. Бұл кісінің маған не дегеніне құлақ сал: "Жақсы заманға аман-сау жеттік, сіздерге енді керемің болмас!.." дейді... Ваня, жетпісті желкелегенде еститін сөз бе бұл?!.. Жә, жә, ақталма, тыңдауға зауқым жоқ. Екеумізді қашан қабылдайсың, соны естіргі, менімен шын адас — бәз-баяғы Иван болсаң..

Трубканы тегерішкке қойған соң алпамсадай мол денесімен тұтас бұрылып, қазақ ғалымына жымия қарап:

— Кексе кісінің артық-ауыс сөзіне мән берме, Қаныш Имантаевич. Иванға соншама сөгіс айтпасам да болар еді, сөйтсе де бұре сөйлеп, тәубеге келтіріп алғанды жөн көрдім. Жә, келістік, кешкі сағат онда қабылдайтұн болды, — деді.

— Рақмет, Иван Павлович! Өзім барсам да болмай ма?

— Жоқ, менің қоса барғаным академия сені қолдайды дегеннің сыңайы болады. Жетпістегі кексені жақсылық жасау қуанышынан айырма, достым!..

Ақыры солай істеді.

— Қаныш Имантаевич, кешіріңіз! Қабылдауды созғаным — уақыттың мүлдем аздығынан, иә сізбен сұхбаттасуға құлқымның болмағандығынан емес. Сіз бен біз кездейсоқ таныс емеспіз, құдайға шүкір, кеңестік индустрияның іргетасын бірге көтерісіп, хал-қадерімізше сол істі өрге сүйреген кәнігі замандаспыз. Қысқасы, мен сіз туралы ешкімнен де пікір сұрамаймын, жеткілікті білемін, — деді кабинет іесі кешкі қонақтарын ұзын үстелдің жоғарғы жағына шығарып, өзі соның қарсы бетіне жайғасқан соң көкейкесті сөзге көшіп. — Сөйтсе де, сіз тап болған мына жағдаятқа не айтарымды білмедім, сенсеңіз, дәл қазір де... Өзіңіздің геологияның, иә металлургияның күрделі мәселесімен келсеңіз, рақым етіңіз,

сол саратта-ақ қабылдар едім. Ал, мына шаруада, кешіріңіз, Қаныш Имантаевич, бұл енді өздеріңіздің ауыл-үйлік ұсақ тайталас. Мәскеуде отырып, қалайша оған төрелік айтамын? Әмбе соған Қазақстан басшылары бюрода қарап, өздеріңше шешім жасаған жағдайда?..

Сәтбаев тілі байланғандай марғау күйге түсіп, тым-тырыс отыр. Көкейінде сайрап тұрған сөздерін ұмытып қалғандай. Шынында да, Иван Федорович өзі үшін жайсыз мәселенің жанды жерінен ұстап, денесіндегі жараның қанын шығара тырнағандай етіп сөйлегені шымбайына қатты батқан-ды.

— Егерде сіз менен қызмет сұрап келсеңіз, рақым етіңіз, қазір-ақ нақты шешуге дайынмын. Өзіңіз қалаған министрліктің геологиялық іздеу жөніндегі орынбасарлығына жібере аламын. Тіпті тап бүгін! Қазірде біз Геология министрлігінде түбегейлі өзгерістер жасауға қамданып, түрлі ұсыныс-жобаларды қарап жатырмыз. Оны да өрі дегенде келер жылдың аяғына таман бір жайлы етеміз. Мен сізді, қымбатты Қаныш Имантаевич, кім не айтса да, министрге бірінші кандидат ретінде ұсынуға өзірмін, — деді Тевосян нақтылы сөзге көшіп. — Келісемін осыған десеңіз — болды. Аржағын маған қалдырыңыз. Ал оған дейін осы төңіректен, Мәскеудің өзінен әлгі сияқты абырой-атағыңызға сай жұмыс береміз, жайлы пәтер де табамыз...

— О, жоқ, Иван, сен өндірістің кем-кетігін академиктермен ондаймын деген кереғар ниеттен тыйыл, шырақ, — деп Бардин де кенет өңгімеге араласты. — Бұл мәселе жөнінде мен бүгін президент Несмеяновпен сөйлестім. Александр Николаевич бұл істе табанды ұстанымда боламыз деді: "Академик Сәтбаев Қазақстанға керек болмаса — өздері білсін, ал Одақ академиясына ол — бұрынғы зор еңбегімен де, алда берерімен де қадірлі ғалым. Соны енді нақты іспен көрсету керек!" — деді де, президент маған Қаныш Имантаевичке осы жақтан, академияның өзінен мәнді қызмет қарастыруды міндеттеді... Иван Федорович, біз саған басқа мәселе жайында келіп отырмыз: қателеспейтін пенде жоқ, әсіресе жас күнінде; бұдан ширек ғасыр бұрын елікпе көңілмен жария еткен, филология саласындағы кездейсоқ бір еңбегі үшін соншама қатыгездікпен жазалау деген не сұмдық?.. Сен бізге, үкімет адамысың, осынау әділетсіздікті түзетуге көмектес!...

Үкімет төрағасының орынбасары бұл жайында дәрменсіздігін аңғарта қолын жайып, қонақтарына аңғарыла қарады. Шынында да бұл салада төрелік айтушылар — Орталық Комитеттің айбынды хатшылары И.Сталин мен М.Суслов бо-

латын. Ал олар өз құзырындағы іске ешкімді, тіпті А.Берияны да жолатпайтын мықтылар. Кабинет иесі сол жәйтті ашық айтпаса да, әлгі қылығымен айқын сездірді.

— Гапу етіңіздер, сіздер мені біршама қақас түсінген сияқтысыздар, — деді Сәтбаев қинала сөйлеп. — Иван Федорович, мен сізге, турасын айтқанды, бұл үшін сұранған жоқпын. Мен үшін сол — аса ділгір шаруа емес, далалық экспедициялардың біріне барып та ел қатарлы жұмыс істей алатынымды сіз білесіз... Қазақстанның зиялы, әсіресе ғылыми қауымын ұйымдасқан түрде жоюға, ел ортасынан біржола аластауға бағытталған науқан бізде өрістегелі екі жылдан асты. Ал, биыл ұлт зиялыларының көрнекті тобын отауға кірісті. Сену қиын, бірақ көрген-білгеніміз осы болып отырған соң — солай демесе амалым жоқ. Ең ғажабы, ғылыми кадрларды даярлауға қаншама уақыт, еңбек, қыруар қаржы жұмсалғанымен билік басындағылар есептескісі келмейді. Білетіндері: саяси сенімсіз адамдар, зерттеуді де зиянкестік пиғылмен, буржуазиялық-ұлтшылдық сарынмен жүргізгеніміс. Иван Федорович, сенесіз бе, саяси сенімсіздің бірі — мына мен, алдыңызда отырған жұмыссыз пақыр!.. — Қаныш Имантайұлы сөзінің ауыр әсерін жұмсартқысы келгендей зорлана күлген, онысы бірақ ежелгі жайдарлығынан жұрдай әжуа бірдеме боп шықты. — Құдайшылығын айтыңыздаршы, менің тұл бойымнан, ғұмыр бойы атқарған ісімнен, иә әлдеқалай бір мінез-қылығымнан көп жылдан бері таныстықта сіздер сондай пиғыл көрдіңіздер ме?

— Қой, шырақ, о не дегенің! — деп академик Бардин қолын сермеп, реніш білдірді.

Тевосян басын шайқап томсырайып отыр, сыр берген жоқ.

— Осының бәрі, сіздерге шынтуайтын естіртеімін, — деді қазақ ғалымы оң қолын жүрек тұсына қойып, — ат төбеліндей ниеті бұзық жаңдардың биік мансап көздеп, ғылым төңірегінен ұпай түгендемек болған ұсақ пенделердің жымысқы әрекетінен өрбіп отыр. Бізде жүріп жатқан науқанның түп себебі сол. Менің осы сөзімді ұмытпаңыздар, қанша жыға созыларын айта алмаймын, бірақ күндердің күнінде ақиқат жеңіп, әлгілердің жымысқы әрекеті өшкере болады... Алайда соған дейін, Қазақ академиясының айтулы ғалымдарын неліктен жазалауға тиіспіз?! Мені қинайтын жәйт осы, жолдас-тар. Қазақстан ғылымына басшы етіп қойған соң, үкімет пен партияға сол жолсыздықты мен айтпай, кім айтуға тиіс?

— Шаяхметов жолдас ысылған, іскер қайраткер емес пе? Қалайша бұған жол берген? — деді Иван Павлович, сірә, ор-

талық газеттер берген ақпарлардан өзгерек жәйтке көзі ашылған соң, көкейіндегі сұрақты тежегісі келмеген тәрізді.

— Әлінде, сіздерге естірткен ащы пікірімді ол кісі біледі...

— Жә, менен не тілейсіз? — деді кабинет иесі.

— Иосиф Виссарионовичке Қазақстан ғылымында қалыптасқан қиын ахуалды егжей-тегжей баяндап хат жазсам деп едім. Ал, Маленков жолдастың қабылдауына сұрану да ойымда бар, осы істе маған қолғабыс етсеңіз, Иван Федорович?..

Тевосян біршама уақыт үнсіз отырды да, сәлден кейін:

— Ойыңыз дұрыс, көңілге қонады, — деді. — Георгий Максимилиановичке де хат жазыңыз, тек өте қысқа, Сталин жолдасқа жолданбақ хаттың тұжырымдамасы ретінде. Екеуін Орталық Комитеттің хат бөлімі арқылы ресми өткізіңіз. Көшірмесін маған беріңіз... Тек мен бір ай шамасы Мәскеуде болмаймын, сірә, келер айдың орта шенінде оралып қалармын, демалысқа барып келіңіз дегенім сол еді. Қолымнан келгенін аямаспын, бұған сеніңіз, қымбатты Қаныш Имантаевич, өмірдің жазын өткеріп, күзі қалғанда, сіздей отаншыл азаматқа сірәда жоқ деуге бола ма?!.

— Міне, бұл — еркектің сөзі, мен білетін баяғы Иванның! — деп дән ризалығын Сәтбаевтан да бұрын қағылез кексе Бардин естіртті.

Сөзді осыған түйген соң үшеуі бір-біріне "Қайырлы түн!" десіп, орындарынан тұрды. Уақыт та түнгі он екіге жуықтап қалып еді...

II

Осыдан соң-ақ Қаныш Имантайұлының көңіл-күйі оңдалуға бет алып, ұйқысы да біршама түзеле бастады. Ғылым академиясының арнайы бөліміне барып, Кисловодтағы М.Горький атындағы ғалымдар сауықханасына жолдамаға тапсырыс жасады, бірер емес, бақандай бес адамға... Екеуін Жезқазғаннан келмек ерлі-зайыпты геологтарға — бірталай дос-жарандары құбылмалы ауа райындай бұзылып өздерінен сырттап жатқанда, Зоя Ивановна мен Василий Иванович Штифановтар мейманханаға күн сайып телефон шалып, қайда болса да бірге демалуға сұранған. Сондай тілекті Алматыдан ғылыми әріптесі хәм туысы Әлкей Марғұлан да білдірген. Түп ойлары түсінікті: басына бұлт үйіріліп, көңілі қамыққан күндерде қасында болуды жөн деп білген айнымас серіктері...

Олар жеткенше сарыла отырып, Орталық Комитеттің хатшыларына жолдамақ хатын әзірледі. Алғашқысына, И.В.Ста-

линиң атына жазылан нұсқаға көп қиналды, көкейкесті шаруасын ел билігін қолында ұстап отырған көсемге айтуға тұра келген соң, ықшамдап, нәтүспалдап қысқа айтуға бола ма — өз ғұмырын да, Қазақстан академиясының осу жолын да толығырақ баяндауға тура келді. Аяқтағанда ол артық кемі жоқ 55 парақ болды. Оның есесіне Г.М.Маленковке жолданған аңызды небәрі бес бетке сыйғызды. Ақыры, бұл шаруаны да тәмамдап, екеуін де БК(б)П Орталық Комитетінің еңбекшілер хаттары бөліміне табыс етті де жолға жинала бастады.

Сөйткенше-ақ Қазақстандық сөріктері де жетті.

Кисловодтағы сауықтыру орны — өрлі-зайыпты Сөтбаевтарға біраз жылдан бері танымал үйіндей боп кеткен үйреншікті мекен. Дәрігер, мейірбике, өзге қызметшілері Қазақстаннан жылда келетін ғалымды, кейбір төқаппар пенделердей менмендігі жоқ, аса кішіпейіл, оның үстіне жиі ұйымдастырылмағын сауық кештерінде биден де, өңнен де алдына жан салмайтын өнерлі дем алушыны ерекше сыйлап, барынша күтетін-ді. Биыл да қуана қарсы алысты, өмбе-нақақтан ұшыраған қиянат жайында естіген тәрізді, қайсысы болсын, академиктің көңілін табуға тырысып, жанын сала қызмет еткен-ді. Қысқасы, алғашқы аптада-ақ қан қысымы қалыпты деңгейге төмендеді. Қанын Имантайұлы тынымсыз жүрдек Василий Штифановты ертіп алып, демалушылар қыдыратын жаяу соқпақтың ең алыс — Қызылтас, одан да әріректегі Көктас деп аталатын биік шоқыларына дейін қыдырады. Соңғы күндерде жаяу соқпақтарды қойып, Кавказдың ұрымтал шыңы мұнартқан үлкен өршікке дейін ұзайды.

Әрине, Алматыдағы жағдайды ешқайсысы да сөз етпейді. Әлкей Хақанұлы да, Василий Иванович те бұл жайында өңтіме қозғамасқа өзара келіскендей-ақ, көбіне өзге тақырыптардан көл-көсір хикаят шертетін: "Басы толған тарих" Әлкей Хақанұлы (Қаныш Имантайұлының сипаттамасы) ерте дүние оқиғаларын, әсіресе қазақ даласына тап болған шетел саяхатшылары туралы бүгін болғандай төндіре айтқан кезде — оны тоқтату қиын, селкос тыңдау да мүмкін емес; ал Василий Ивановичтың дағдылы машығы — Ұлытау даласының хикаяттары, әсіресе әл де барланбай жатқан қазына көмбелерін іздеудің мехнаттары туралы сөйлейді...

Қаншама қашқақтағанмен Қазақстандағы ахуал да өредік тілге тиек болып қалады. Көбіне оны бастайтындар сол жақтан демалуға келгендер, сәлем берудің соңы ел жаңалықтарына ұласары сөзсіз. Олардың айтары — пәленшені орнынан босатты, түгеншені "үндеместер кеңсесі" алып кетті...

Ғалым ондай хабарды рай бермей үнсіз тыңдайды, көресіні бірақ түнге қарай ұйықтай алмай доңбекшігенде көреді.

Кисловодтың ауасы да, емі де жарып, шиналы өсерін ("Құдды біздің Баянаула сияқты — бойыңды сергитті, иштей-жемей тойғызып қояды" — ғалымның өз сөзі) сезген-ді. Мәскеумен бір мәрте хабарласып алып, "алаңсыз демала беріңіз" — дегенді естіген соң-ақ, екінші маусымға жолдама сұратты. Ал бірге келген жерлестері ерлі-зайыпты Сәтбаевтардан рұқсат сұрап елге қайтқан.

Өздерімен-өзі оңаша қалғаны алғашқыда мейрам сияқты көрінген-ді, бірақ бір жеті отпей-ақ зеріге бастады: бұрынғыдай қол-көсір өңіме сап тиылды, ем алудан босаған соң-ақ, не істерін білмей, қатар қойылған қос көреуетте үнсіз мелшіп жатады...

Ерлі-зайыптылар Мәскеуге ақпанның үшінші аптасында қайтты. Бұл жолы үйреншікті "Москва" мейманханасына емес, астана іргесіндегі Абрамцево елді мекенінде, академиктер үшін арнайы тұрғызылған саяжай қалашығына тоқтаған-ды. Заман доңғалағын ұршықша үйіріп, миллиондаған адамды диірменнің тас доңбегінде жаншудан тайынбаған И.Сталин көңіл түскен шақта қажет-ау деген өнер мен ғылым иелерін құрметтей де білетін. Соның бірі — КСРО ҒА-ның мүшелеріне сый еткен осы қалашық. Қаныш Имантайұлына да содан дербес коттедж тиген-ді: бақандай алты бөлмелі, іші жиһазға толы, әмбе өмір-бақи мұрагерлік құқықпен пайдалануға...

Екі жылдан бері сол бөлмелер бос тұрған-ды. Мәскеу университетінің филология факультетінің аспирантурасында оқитын Шәмшиябану ғана сенбі күндері достарын ертіп келіп, әредік қонып жүргені болмаса, күллі Сәтбай әулетінен бірде-бір жан бұл жаққа аяқ басқан емес. Енді міне, үкіметтен сыйға алған баспанасына қонуға да уақыт таппай, жұмыс үшін күні-түні сарсылған ғалым, апталар бойы не істерін білмей, саяжайдағыныш жататын жағдайға тап болды.

Келген кезде Тевосянның көмекшісіне телефон шалып, өзінің үлкен астанаға қайтып оралғанын білдірген. "Хабар өзімнен болады.." — депті бастығы. Бұдан кейін биік лауазым иесін мазалауға болмайды, демек, шыдау керек...

Наурыздың алғашқы жаңасында академия төралқасынан қарлығаш-хабар келді: академик Несмеянов шақырыпты...

— Сіз туралы, қадірлі Қаныш Имантаевич, кім не десе де,

төралқа шікірі бұрынғыдай және өзгермейді! Сол себептен де сізге екі түрлі қызмет ұсынамыз, таңдау өзіңізден, — деді КСРО ҒА-ның президенті бірден-ақ тура сөзге көшіп. — Бірінші, академияның Орал бөлімшесін басқаруды алыңыз, оған қоса Свердловтағы Геология институтына директор боласыз. Өзіңізге танымал көрі Оралдың арғы-бергі атырабындағы ғылыми ізденіске жетекшілік етесіз. Дәрежесі жөнінен бұл, тегінде, республика академиясының президентімен деңгейлес қызмет... Екінші, Мәскеуде қалғыңыз келсе, академияның геология-география ілімдері бөлімінің төрағасы, академик Д.И.Щербаковке орынбасар болыңыз. Шынтуайтын айтқанда, биік беделіңізді төмендетпес үшін бұл қызметті біз тыңнан ойлап таптық...

Қаныш Имантайұлы президенттің ілтипатына разылық білдірді. Екі қызметтің де көңілінен шыққанын естіртті де, Қазақстанның ғылыми ахуалын сауықтыру туралы Орталық Комитетке хат жазғанын, сол мәселе қаралғанға дейін ойлануға рұқсат сұрады.

— Мейліңіз, біз асықтырмаймыз.

Сондай шынайы қамқорлықты Мәскеу университетінің басшылары да көрсетті.

Бұл жайында Шәмшиябану ҚАНЫШҚЫЗЫ "Сәулелі әулет" кітабында: *"Бірде КСРО ҒА-ның мүшелері Үлкен театрға шақырылды. Көкеме еріп мен де бардым. Орнымыз — партердің алдыңғы қатарында, М.В.Ломоносов атындағы университеттің ректоры, математик, академик И.Г.Петровскиймен қатарлас болып шықты. Иван Георгиевич әйелі екеуі орнынан тұрып, бізбен жылы амандасты. Көкем мені таныстырып, іле-шала: "Сіздің университеттің аспиранткасы" деп еді, Иван Георгиевич: "О, тіпті жақсы, қызыңыз бізде оқыса, сіздің де университетке профессор боп келуіңізге дәнекер болады..." — деді. Көкем жымиып, сөзді басқа мәселеге аударып жіберді..." — деп, сол күндердің жұртшылыққа беймәлім сырын өңгіме етіпті.*

Осы сияқты шақырулардың күпті көңілін сергітуге шипалы дәрідей өсерлі болғаны шүбәсіз. Демек, Мәскеудің зиялы қауымы өзін бұрынғыдай қадірлейді: білімін де, еңбегін де қастерлеп, әрі сенім артып отыр; бұл болса — тап бүгінгі қуғын-сүрген кешкен мәлімсіз жағдайда тәубә дейтін үлкен көмек!.. Алайда өзі құдайдай табынған, өділдіктің асқар таудай қорғаны... деп жан-тәнімен сенген партия қайраткерлерінің үлкені де, кішісі де төртінші ай басталды, ләм-мим деп жауап берген жоқ. Үміт артқан Иван Федорович те үнсіз

жатыр. Бөрі де жазықсыз жапа шеккен ғалымның төзімін сынағысы келгендей. Шұғылданар іс болмаған соң құрғыр көңіл неше түрлы шөлкем-шалыс ойға да ауады: "Мен үшін біржола жабылған қақпаны қағып, апыр-ау, елуді еңсерген шағында есімнен адастым ба?!.." деп те қамығады. Шыдамның да шегі бар. Қаныш Имантайұлының да қайрат-жігері ұзақ тосудан мұқалып, жүйкесі жұқара бастаған-ды...

Орман іші үлкен қалаларға тән мазасыз дырдудан ада, тек қана жан бағуға жаралғандай Абрамцеводағы саяжайда Сәтбаевтар отбасы ұзақ тұра алмады. Үнемі көпшілік қоршауында, тынымсыз тірлікте өмір сүрген ерлі-зайыптылар, тегінде, мұндай бұйығы да қамау жағдаятқа үйренбеген еді. Оның үстіне Алматыдан аттанғалы төрт ай болды, балашағасын, сүйікті немерелерін ғана емес, күн сайын жүздесіп, әңгіме-дүкен құратын достарын да сағынды. Телефонмен әредік үндерін есту де — мазасы қашқан алаң көңілдеріне кәдімгідей сеп. Ақыры, оңаша тірлікке төзе алмады. Үшінші аптада Абрамцевоны тастап, Мәскеуге қайта оралды.

Т.А.СӘТБАЕВАНЫҢ естелігінен:

"Бір күні, "Москва мейманханасында жатқамыз, Қаныш Имантайұлы әдденеге қамығып отырып, президент А.Н.Несмеяновтың ресми ұсынысы туралы сөз бастады.

— Не дейміз, Тася? Тек сен әйелдердің ежелгі қулығын қойып, шынықты айт! — деді. — Одақ академиясы президентінің қызмет ұсынғанына айдан асты. Соншама уақыт үнсіз жатқанымға ол кісі не дейді. Ал Кремльден жауап жоқ...

— Тегінде, сен туған далаңнан шалғайда ұзақ тұра алмайсың, қазіргі қамығуың да содан. Туып-өскен өлкеңді сағынып, бір нәрсе жоғалтқандай болып мазалана берген соң, мұндағы жұмыс өне ме? Жас егделікке еңкейгенде туған жерден жырақ жүру, меніңше, оңай емес!.. Алматыдан жұмыс бермесе, мейлі, экспедициялардың біріне-ақ барамыз, өндірістен қорқатын біз бе? — дедім. — Жә, мұның бәрін маған неменеге айтқызып отырсың? Өзің не десең — сол болады. Мен бұған баяғыда көңдіккен жанмын...

Қаныш Имантайұлы күлді де:

— Қайтер екен деп едім, енді күмәнім жоқ, ойыңды білдім. Бір жөні болар, бекерге қапаланба, — деді. Ойланайық әлі де..."

Былтырғы қарашаның қара бұлт құрсаған тымырсық күнінен бергі төрт айда өзін іздеп, ең құрығанда, "Не істемексіз? Не ойыңыз бар?" — деген бір ауыз лебіз естіртпей, жым-жырт жатқан ел-жұрты (анығында, республика басшы-

лары) қаны да, жаны да қазақы ғалымның жүрек түкпірінен бір уақ ұмытылмай, қатты сарынып та, қамырып та ойлап, уақыт ұзаған сайын түн ұйқысы бұзылып, көңілін сан саққа құбылататын...

"Мәскеуге іздеп келгенім Сәтбаевтарды қатты қуантты... Сұхбат үстінде Қанекен маған КСРО ҒА-ның президенті ұсынған ... қызметтерді айтып, не істерімізді білмей дағдарған жайдамыз, не дейсің бұған деді. Бұл жәйт маған ұнамады. Бірден-ақ қарсы уәж айтып, халық сізді ерекше қадірлейді, дүшпандарыңыз үйіп-төккен пәле-жаланың біріне сенбейді, демек, мұны да бағалау керек дедім. "Қазақстанға қайтыңыз, Жезқазғанның өзінде-ақ істейсіз... Елден безіп кетсеңіз — халқыңыз сіреда түсінбейді, "бүгін бар, ертең жоқ басшыларға өкпелеп, туып-өскен жерінен безгені несі?!.. деп ренжиді сізге", — деген жүрекжарды әңгімені Шапық ШӨКІҰЛЫ "ҰҒА-ның ғұмыр жолы" кітабының 33-бетінде тәптіштей келтіріпті. Сұхбат мынадай түйінмен аяқталған: "Менің сөзіме ғалым ризалық білдірді. Кенет жайраңдап: "Туял, көкейге деп тиген мұндай сөзді елеусіз қалдыруға болмайды. Тура солай істейміз, Жезқазғанға-ақ барамыз!.." деп, қолын соқты. Таисия Алексееваның сақинасы ұстап, төргі бөлмеде жатқанды. Ерiнiң көңiлдi үнiн естiген соң жата алмады. Үстел басына келiп: "Жезқазғанды бiз қимай көшкемiз, несi бар, қайта барсақ, тiптi оңды болар едi!.." — деп қызу қостау бiлдiрдi. Коньяк iшiп, күрең шайға да рақаттана қандық..."

Наурыздың алғашқы аптасының соңы, жұрт ұйқыға бас қоятын кешкі мезгіл еді, Тевосянның көмекшісі телефон шалып: "Жатып қалмасаңыз, кіріп шығуға қалайсыз?" — десін. Үш айдан бері зарыға күтіп жүрген лауазым несі өзін көргісі келіп отырғанда, қайдағы ұйқы? Киіне бастады. Баратын жері — мейманхананың қарсысында, көшені жарып өтсе болды...

Иван Федорович көңілді екен, қолын құшырлана қысты да, кабинет төріндегі оңаша бөлмеге шақырды. Шағын дөңгелек үстелдің үстінде армян коньягы тұр. вазада — алма, бір шөлмекте — жеміс сусыны. Қаныш Имантайұлының іші жылып сала берді: "Иә, сәт! Сірә, жақсылыққа, тек қана қуанышты хабарға!..." — деп үміттен-ді алып-ұшқан көңілі.

— Ұзақ күттіргеніме кешірім сұраймын, Қаныш Имантаевич, жағдай солай болды. Сталин жолдастың білдей орынбасарының да қолма-қол шеше алмайтын мәселелері болады... — Кабинет несі коньякты шұңғылдау екі рюмкеге шүпідете құйды, бокалдарға су толтырды. — Кешіктірген айыбыма мынаны босатып қойсақ қайтеді?

Қаныш Имантайұлы рюмкені түйістірді де, жартылай ішіп, орнына қойды. Істің тоқ етерін бірден айтпай, орағыта сөйлегеннен-ақ көңілі қолқ еткен, бірақ сыр бермеді.

— Шаруаңызды жарым-жартылай шештім. "Неге?" деп сұрамаңыз. Сіз көтерген қиын мәселені жеріне жеткізу үшін жұртқа жария болған көп жойтты қайыра қонару керек екен, сірә, кейбір жолдастарға қатаңырақ шара қолданып... Ұқтыңыз ба қыбы бұзылған жәйтті түзеудің қиындығын? Ұқсаңыз, бұл жайында сөзді созбайық, осымен төмам болсын! Шағымданып ешқайда бармаңыз, менің айтқанымна қанағат етіңіз...

Тевосян өдденеге ширығып отырған тәрізді, өлгіндегі көңілділігі де әншейін болды, бос рюмкесін қайыра толтырғанымен, өзі де ішпеді, қонағына да алыңыз демеді. Қаныш Имантайұлы сарғая күтіп жүрген көкейкесті ісінен ұтылғанын сезіп, бұдан әрі барар жері, басар тауы қалмағанын аңдаған соң, жан дүниесі түбі мәлімсіз құрдымға құлағандай боп қоңылтақси бастаған. Қағылездігіне сұңғыла ақылы сай Иван Федорович те соны ұқты. Өзі білетін жәйтті ашық айта алмай бүгіп қалғанына да налып, әрі қадірменді жанның үмітін ақтай алмағанына да, сірә, қамырып отыр...

— Ал өз басыңыздың мүдделі ісі жөнінде... Бүгін менде Шаяхметов жолдас болды, біршама керкілдесіп ақырында ұғыстық. Меніңше, сіз үшін жан-жақсы тұжырымға келдік. Оның жай-жапсарын өзі айтады. Түнделетіп іздеткенім сол, ертеңге шақыра қалса, ойланып-толғанып барсын деп... Қысқасы, Қаныш Имантаевич, аса қамықпайық, бұдан да қиын күндерде тығырықтан жол тауып, іс тындырамыз. Жақсылықты адан күтейік! Сол үшін де ішпейсіз бе? — деп, кабинет иесі бокалын көтерді.

— Ішейік, неге ішпеске! — деді Сәтбаев та рюмкесін қолына алып. — Сіз үшін, қымбатты Иван Федорович! Жақсылық жасауға ынтызар жүрегіңіз үшін!..

Бұл жолы екеуі де тауыса ішті. Сонсоң бір уақ бір-біріне тесіле қарап, тым-тырыс отырып қалғанды.

— Ғылым академиясы ұсынған жұмыстарға жә демей, неге созып жүргеніңізді сеземін, сөйтсе де, Қаныш Имантаевич, менің айтқанымна құлақ қойсаңыз — осында қалған жөн сияқты. Әнеүгүнгі, Геология министрлігі туралы сөз есіңізде болар, бұл шаруа биыл шешіледі, сірә, ХІХ съезден кейін іле-шала... Сол себеппі бұған да ойланыңыз. Одақтық министр болу — әмбе сүйікті кәсібіңіз геология саласында, меніңше, президент міндетінен төмен емес. Бас-еркім өзімде болса, металлургияның бір алыбын иемденіп баяғыда кетер едім, өттең, не керек!.. — деді

Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары қоштасарда қонағының қолын құшырлана қысып.

— Рақмет, Иван Федорович! Оның жөнін хатшым не дейді, соған орай шешермін...

Қ.И.СӘТБАЕВ — З.И. және В.И.ШТИФАНОВТАРҒА, Мәскеу, 27 наурыз 1952 жыл ("Жезқазғанды біліп-тануға әлі де құштармын" кітабынан):

"...Мені бұл жақта жіпсіз байлап қойған шаруа КСРО Жоғарғы Кеңесінің наурыз сессиясынан кейін, Шаяхметовтың Мәскеуге келуіне байланысты біржола шешілді.

14 наурыз күні Шаяхметов жолдаспен кездесіп, ұзақ сөйлестік. Тоқ етерін айтқанда, ол кісі менің мәселем жұртқа әбден дабыра болып, әмбе орталық газеттерде теріс-қағыс сарында жазылған ауыр сындардан соң президент міндетінде қалдыра алмайтынын айтып, бірақ Қазақстанға қайтып оралуымның қажеттігін ерекше өтіңді. Геология институтының директоры жұмысын, болмаса көңілім қалаған мәртебелі қызмет береміз деді. Партияның сенімдесіз, Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің басшылары да сізге бұрынғыдай зор құрметпен қарайды деген де уәж естіртті. Партиялық сөгісімді де қайтадан қарауға уәде қылды. Қалайда, өзімнің сүйікті ісім — геологиялық ізденісте, кен геологиясы мәселелеріне байланысты шаруаларда менімен ақылдасып, барлық ұсыныс пен ынта-жігеріме қолдау көрсететінін ыждаһатпен айтты. Шаяхметов жолдаспен осы әңгімеден кейін (өріне, оның биік лауазым иелерімен кездескенін, тиісті нұсқаулар алғанын бұрынырақ естігем-ді) мен бұл ұсыныстарды партияның тапсырмасы ретінде қабылдап, Қазақстанға қайтып оралуға бел байладым және мәртебелі мәнсап іздемей, Геология институтындағы бұрынғы қызметіме. Әмбе сол күннен бастап жұмысқа кірістім.

...Қазірде Ленин кітапханасының қорын ақтарудамын, геологиялық архивтерді де армансыз қарап жүрмін. Қайда барсам да зор ықыласпен қабылдап, ізденісіме бөгетсіз қолғабыс ететіні көңілімді өсіріп, жанымды сүйсінтеді. Қысқасы, Геология институтының ғылыми өрісін кеңейтіп, Қазақстандағы геологиялық ізденістерді жаңа белеске көтеру қамындағы бұрыннан ойлап жүрген шаруаларға қызу кірістім. Шынтуайтын айтқанда, достар, бұларды мен көптен бері армандап, бастауға бірақ уақыт таба алмай жүргем-ді. Ақыр аяғында соған соңғы айларда өздерің білетін соққылардың ауыр азабын басымнан өткеріп барып қолым жетті. Бұған да тәубә...

Алматыға мен сәуірдің 17-20 аралығында қайтамын, сірә, академияның жаңа президентінің сайлауы өткен соң..."

"Москва" мейманханасының алтыншы қабатындағы Ж.Шаяхметов тоқтаған үш бөлмелі даңғарадай люксте түннің бір уағына дейін созылған ұзақ та ауыр сұхбатта Қазақстан КП Орталық комитетінің хатшысы бірден-ақ бастарынан кешкен өкінішті жағдаяттар үшін ғалымнан кешірім сұрап, соны кек тұтпай, елге қайтып оралуын ықтияттап отырып, сөзінің соңында өзгеше бір тілек білдірген-ді: сәуірдің 16-17 күндерінде өтпек академияның жалпы жиналысына қатысып, президент міндетінен босатуға иланымды дәлел келтіріп, ресми өтініш жасауын, әмбе өз орнына ұсынылмақ ғылым кандидаты Д.А.Қонаевқа барынша қолдау көрсетуді сұраған.

Әккі қайраткердің күні кеше өзі жүргізген ұрдажық саяси науқанды адақтап, академия президентінің де нақақ қуғындаумен емес, арыз жолдап, өзі кеткенін көпшілікке көрсету үшін, бәлкім өз абыройын халық алдында, тарих бетінде де ақтамақ болғанын Қаныш Имантайұлы бірден түсінді. Әрине, далбаса үміт. Әншейін бопсалау екенін жұрт айыра біледі. Бірақ, амал қанша, мұндай екіжүзділік — өкім атаулының халыққа айтар машық ертегісіне айналғанына қанша заман. Алайда өзіне ізет көрсетіп, кішірейе сөйлеген хатшыға: "Жоқ, бармаймын!" — дей алмады, академияның жалпы жиналысына қатысуға уәде қылды. Сөйтсе де арада он үш күн өткен соң, Жезқазғандық достарына жолдаған хатынан оның күрт өзгеріп, бірінші хатшы мән беріп пысықтаған істі орындауға құлықты болмағанын көреміз...

Қаныш Имантайұлының Ленинградтан 9-сәуір күні Алматыға, Орталық Комитеттің ғылым бөлімінің меңгерушісі Н.Жанділдинге (ресми хат, әдетте, хатшыға жолданса керекті, ғалымның сол рәсімді аяқасты етуі, сірә, тегін емес) жазған үш парақ хатынан шағын үзінді келтірелік: *"15 наурыздан бері, яки жұмысымның жай-жапсары белгілі болған соң-ақ Қазақстан Компартиясы V съезінің қарарын жүзеге асыру мақсатында жаңа зерттеу бастап, кен орындарын алдын ала болжамдау картасын жасауды үш жылда аяқтап шығу үшін ерекше мәнді тың ізденіске ден қойдым..."* деп басталған хат, одан әрі мамандығы философ Нұрымбек Жанділдиннің тісі батпайтын геологиялық аса күрделі мәселелерді ұзақ сонар баяндауға түсіп, ақырында мынадай уәжбен аяқталған: *"3-сәуірден бері Ленинградтамын. Мұндағы маңызды ізденістерді кейінге қалдыруға болмайтындықтан, әрі Мәскеуде де бітіре қайтар жұмыстар көбейіп тұр... Қысқасы, Алматыға 20-21-інен беріде жете алмасым анық. Сол себепті Қазақ КСР ҒА-ның мүшелері-*

не президент міндетінен босату жөнінде жолдаған арызымды сізге жіберіп отырмын. Оны не істеуді өзіңіз біліңіз..."

Солай істеді, өзін президент міндетінен босататын жиынға келген жоқ. Хатында келтірген себептердің өншейін желеу екендігі айқын. Бірер апталық ғылыми ізденісте ештеңе бітіре алмасы анық. Олай болса Қаныш Имантайұлы академия сайлауына қатысқысы келмеген. Не себептен?

Оның сыры, біздіңше, Д.А.ҚОНАЕВТЫҢ "Ақиқаттан атауға болмайды" атты кітабының (А., "Санат", 1994 ж.) 131-бетіндегі: *"Сессияның бірінші күні Қазақ КСР ҒА-ның толық мүшелері М.П.Русаковтың және А.Қ.Жұбановтың, сондай-ақ... корреспондент-мүше Қ.Жұмалиевтің ғылыми атақтарынан айыру мәселесін қарады"*, — деген куәлігінде тұр. Димекеннің жазуынша, бұларға *"КСР Одағына қарсы бағытталған зиянды әрекеттері"* және *"ҒА-ынан байланысты үзгені себепті"* деген... жалған айыптар тағылған. Үшеуін де жиынға шақырмай, сырттай қараған... Бастапқы жоба бойынша, академик М.О.Әуезовтің де тағдыры осы жиында шешіlmек екен, бірақ әлдеқандай себептермен Мұхаңды аластау кейінге қалдырылған.

Оған қоса сол жиында жыл есебін жасаушы бас баяндамашы, өткен күзде өзінің ынтасымен мүшелікке сайланып, зор мәртебеге жеткен химик Д.В.Сокольскийдің *"Сәтбаев президент құқығын шексіз пайдаланып, төралқа мүшелерімен ақылдаспай, әрдайым өз бетінше билеп-төстеп, ұлтшылдық саясаты пәрменді жүргізгеніндігі..."* жайында Орталық Комитет тапсырмасымен өңкей бір өшкере айғақтарды жиып-теріп, өтірікті шын еткен баяндама өзірлеп қойғандығын естіген-ді.

Тілеулестері жеткізген ақпарды естіген сәтте-ақ ол: *"Өзімді нақақтан жығынды ететін, әрі санлақ әріптестерімді ғылыми ортадан аластайтын масқара жиынға қатыспаймын. Соны тыңдап отырып үнсіз қалмасым анық. Ал Шаяхметов маған бұл жайында ләм-мим деген жоқ, демек, әдейі айтпаған..."* — деп шалқасынан түскен де, ғылыми ізденісті сылтауратып, Ленинградқа жөнep берген...

Көктем шуағы молайып, алма бақтары гүлін төгіп дән салған мерейлі күндердің бірінде Сәтбаевтар отбасы Алматыға қайтып оралып, Қаныш Имантайұлы көп жылдан бері арман етіп, бастауға бірақ уақыты жетпей жүрген ғылыми зерттеу-

ге құлшына кіріседі. Жел сөз құғандардың тынымсыз әрекетінен әбден қажыған ғылым иесінің тілегені де осы еді: бөгде іске бой ұрмай, тек қана сүйікті геологиясымен беріле шұғылданып, ел кәдесіне жарар еңбек жасауды мұрат еткен-ді...

Илья Эренбург мемуарлық жазбаларында атақты француз физигі Фредерик Жолио-Кюри туралы "Оны жұрт жаппай сыйлады деу аз, жән-тәнімен шексіз сүйетін-ді. Ал, халық сүйіспеншілігіне ие болу — қандайда құрметті атақ, зор сыйлық, иә академиктің қалпағын киін, немесе алаңға қойылатын тас ескерткіште құздып тұрғаннан гөрі қиынырақ!" деген пікір айтыпты. Академик Қ.И. Сәтбаевтың да туған халқының сүйіспеншілігіне көзі тірісінде ие болғаны даусыз ақиқат. Бұл жәйтті ғалым жақсы білген. Сірә, соны ардақ тұтып, ел үмігін ақтауға тырысқан. Сөйтсе де?.. Сыйлас достары бертінде: "Қанеке, сол бір ауыр кезеңді қайыспай қалай көтердіңіз?" — деп сұрағанда, ол: "Ақиқат әрқашанда жеңеді... деген уәжге шексіз сенемін!" — деп жалпылама сарында жауап береді екен. Иә, бұл да — өмір заңы. Десек те, ақиқат үшін де алысу керек! Оған қоса сөзсіз жеңетініңе кәміл сену қажет. Ал сену үшін?

Төмендегі әңгіме сол сенімнің қайнар көзі жайында...

Бұл оқиға бір топ геологтар далалық саяхатта жүргенде, 1952 жылы болған. Саяқты көріп, Майқайын алтын кеніне аттанған сапарда олардың машинасын бір топ адам тоқтатады. Топтың алдында — басына қардай ақ киімешек киген еңселі бәйбіше, екі жағынан оны алпамсадай екі кексе сүйеп тұрса керек.

— Қаныш қайсың? — деді бәйбіше, машинадан түсіп, өзіне сәлем берген жолаушыларға қарап. Іздеп тұрған Қанышын көрген соң қарт ана қайтадан амандасып, ғалымның маңдайынан иіскеді. — Осы елдің көрісінің алдымын, қарағым, жа-сын жүзге еңкейді, екі жағымдағы егделер — кіші балаларым. Сені тосып тұрмын, шырағым. Ауылымыз дөң астында, үйге жүріп, дәм іші!

Қаныш Имантайұлы асығыс екенін айтып, қарт ананың ықыласына алғыс білдіреді. Шаруасын осы жерде естіртуін өтінеді.

— Осы маңаттан өтетіннің біліп, жолыңды тосқанда айтарым: "Қайда жүрсең де жолдасың қыдыр болсын, алдыңнан нұр жаусын!" деген бір ауыз ниет еді, қарағым! — деді қарт ана. — Басыңа пәле-жала үйіріліп, дұшпандарыңнан қиянат көріп жүргеніңді естідім. Ер жігіт ғұмырында не кешпейді?.. Сен оған мойыма! Халқың сені жаныңдай сүйеді, мақтан етер перзентім деп аялайды. Соны біл де жұмыс қыл!

Көз көргендердің айтуынша, нақ осы оқиға Қаныш Имантайұлын ерекше сүйсінтіп (естіген сәтте көзіне жас алған деседі), қамыққан көңіліне әл-қуат беріп, алдағы жұмысын алаңсыз атқаруға рухани сүйеу болған...

III

Академик Сәтбаевтың Қазақ КСР ҒА-ның президенті міндетінен босап, іле-шала Мәскеуге жылыстап кетуі, шынтуайтын айтқанда, сол күндегі қазақ қауымының сүт бетіне шығар қаймағы іспетті маңдайалды тұлғаларын жаппай қудалап, ғылыми ортадан аластауға жол ашқан. Әрине, олардың орнын сол науқанда белсенділік танытқан сұрқайлар басқан. Бірталай оқымысты кафедра меңгеруден шеттетіліп, профессор, доцент оқытушылардың қарамды тобы жұмыссыз қалды. Жан сақтау үшін не істемейсің: шеткергі қалаларға ауысып, онда да техникум, орта мектептерден орын ала алмай, жөнең бір мекемелерге іс жүргізуші болғандар қаншама — оған да қауіпсіздік қызметі рұқсат етсе; ал егер рұқсат болмаса — қолына күрек, қайла алып, жер қазып, жүк тасып күнкөріс жасауға тура келген...

Академик Ш.Шөкиннің ҰҒА тарихын баяндайтын кітабында 1948-1952 жылдарда Сәтбаевтың жақтастары және саяси көзқарасы тұрлаусыз деген кінәмен ҒА-сы жүйесінен 200-дей ғалымның аласталғаны айтылған. "Ғылымның кейбір саласы жұтқа ұшырағандай боп орны біржола үңрейіп қалды..." — дейді ғалым (қараңыз: кітаптың 32-б.). 1952 жылдың наурыз айының 1-күні партия қайраткерлеріне (Ж.Шаяхметов және Ю.А.Жданов) жолдаған хатында Қ.И.Сәтбаев Ғылым академиясында 289 жергілікті ұлт өкілінің келелі зерттеумен шұғылданатынын даралап атапты. Демек, соғыстан бергі жылдарда төбе көрсеткен ұлт зиялыларының үштен екісі саяси сүргінге ұшырап, олардың біразы бас бостандығынан айырылған. Әсілі, облыс орталықтарында қауырт жүрген науқанда жалпы қарамы екі жүздей "жат пигылдыларды" тауып, зиялылардың қарамды тобын жазалауға негіз болыпты. Бір ғажабы, осының бәрі — қауымды қауіпті адамдардан "сауықтыру шаралары" аталғандығы...

ҒА-ның бұрынғы іс басқарушысы Г.В.Нечитайло ілгеріде аталған естелігінде: "...Сол күндегі жағдайдың өте күрделі болғанын түсіну үшін Қазақ КСР ҒА-ның көрнекті 7 мүшесінің атышулы 58-баптың 2-тармағына жатқызылып, алды — 25,

соңы — 10 жылға бас еркінен айырылып, суық жаққа айдалып кеткенін айтсам — жеткілікті болар... — дей келіп, Қаныш Имантайұлы ғылым басшылығынан ресми тайдырылған соң академия жүйесін жайлаған ауыр халді ашына баяндапты. — Академияның есеп-қисабы мен ғылыми бағытын тексеруші ревизорлар топтана келіп, астан-кестенімізді шығарды. Әмбе солар жаңа президент тарапынан үнемі қолдау көріп отырды. Оның да республика басшылары мен КСРО Ғылым академиясының жетекшілеріне Қазақ КСР ҒА-сын мүлдем күйреген қалпында қабылдағанын көрсетуді мақсат еткені мәлім болды. Министрлер Кеңесінің қарарымен Геология министрлігінің арнайы бригадасы Қ.И.Сәтбаев басқарған ГФИ-ды және бір топ Топырақ зерттеу институтын ұзақ тексерді. Тексеру қортындысы дереу сот коллегиясында қарады. Топырақ зерттеу институтының директоры 1932 жылғы 7 тамызда қабылданған заң бойынша 10 жылға бас еркінен айырылды... Президенттің көмекшісі, маған дейінгі іс басқарушы, оның орынбасары, бас есепші және бірнеше қызметкер — жиыны 8 адам әр түрлі мерзімге сотталды. Неше ай бойы жүрген үздіксіз тексеру мен сот процесінен соң академияда адам төзгісіз ахуал қалыптасты. Жаңа президентіміз ғылыми-зерттеу мекемелерін басқару, олардың бағыт-бағдарын қадағалаудың өкімшілік жүйеден мүлдем өзгеше екенін ұзақ уақыт түсіне алмай қойды. Соған қоса өзіне дейін ғылым ордасында "пиғылы жат", иә "мал тапқыш" пысықтардың жолды болғаны туралы қауесеттің өріс алуын астыртын түрде қолдайтындығы пәс көңілімізді түңілткені де — өмір шындығы..."

Әрине, жазаның ауыры Ермұхан Бекмахановтың еншісіне тиген: 1952 жылдың қыркүйек айының 5-жаңасында Ново-Троицк селосында тұтқындалған тарихшының "қылмысын" тергеу үш айға созылыпты; "Тергеудің қандай әдіспен жүргендігін мен қазір де жиренішпен еске аламын. Әрине, ар-ожданы кіршіксіз таза адамдарға (Қ.Сәтбаев, М.Әуезов, ҚазМУ-дің ректоры Т.Тәжібаевты айтып отыр — М.С.) нақақтан пәле-жала жаба алмадым, ал тергеушілер менен күнітүні тергеуде сондай да айғақ алуды мақсат етті..." — депгі Бекмахановтың өзі Ж.Шаяхметовтың атына Сібірдегі Бодай-бо лагерінен жолдаған арызында. Сол жылдың 2-желтоқсанында Қазақ КСР Жоғарғы сотының үйінде "ұлтшыл" тарихшыны айыптау трагедиясының соңғы актісі басталыпты. 37-жылғы жабық мәжілістерден айырмашылығы — процесс ашық түрде жүрген, алайыптау қортындысында өзгеріс жоқ — бәз-баяғы 58-бап. Қаралаушы прокурор Құрапов соңғы

сөзінде: *"Қылмыскер Бекмаханов 25 жылға сотталса — күллі қазақ интеллигенциясы* (Сірә, "зиялы" деуге батылы жетпеген. Сол қарсаңда И.П.Храмков "Социалистік Қазақстан" газетінде жариялаған көл-көсір мақаласында қазақ жазушыларының ұлтшылдық әуенге құштарлығын сынай отырып, "интеллигенция" деген жалпыға түсінікті сөзді осылай қазақшалайды... деп те мінеген болатын) *бұл жәйтті өнеге тұтып, интернационалдық жолға түсері сөзсіз!..*" депті. Әрине, ашық сот болғандықтан айыпталушыға да сөз берілген. Қайратжігері мұқалған тарихшы өзін қаралауға қатысқан бірде-бір куәгерге (Солардың бірі — тарихшы әріптесі Т.Шойынбаев) дау айтпай, тек айыптаушы заңгерге қарап: *"Мені сөз жүзінде Кеңес өкметіне жау жасап, қылмыскерге күштеп айнадырудан сіз не ұтасыз?!* — деген күпті сауалмен сөзін аяқтапты. Үшінші күннің кешінде, 4-желтоқсанда "ақырғы, арыз жолдап ақталуға болмайтын" қатаң үкім жарияланған: Құрашов сұрағандай, артық-кемі жоқ 25 жылға саяси құқығы мен бас еркінен айырылған... *"Үкім оқылғанда Ермұхан менен көзін алмай сосния қарап тұрды, бірақ бетін жуған жасына не бола алмады..."* — деген өксік білдіріпті тарихшының жұбайы Х.А.Бекмұхамедова бертінде жариялаған, "Жиырма жыл бірге" деп атаған естелік кітабында. Тап сол жылы ол 37 жасқа шыққан-ды. Артында үрпе-шүрпе бес баласы (алды — мектепке барған, кішкенесі — бір жасар) мен жас жары қалды. Жетім өсудің мехнатын балалар үйінде тәрбиеленген тарихшы бір кісідей білетін-ді. Айттып-айтпай не керек, күншіл әріптестерінің әрекеті ақырында бел алып, жолы кесілді, бұдан арғы ғұмыры оның тек қана азапқа айналмақ...

Сол жылдың қазан айында билеуші партияның ХІХ құрылтайы шақырылды. Саяси құрыңдалғандар оған зор үміт артып, рухани жылымық күткен-ді. Бірақ, күткені болмады. Коммунистер құрылтайы, "барлық халықтардың ұлы көсемі" атанған И.В.Сталиннің *"Социализмге біржола көшер қарсаңда КСРО-ның өз ішінде және сыртында таптық күрес күшейе түсіп, қоғамның идеологиялық жауларының қарсылығы барынша өршеленеді..."* деген теориялық жаңа қағидасын саяси бағыт етіп қабылдады. Соған орай буржуазиялық-ұлтшылдыққа шалынғандар тобын біржола құрту шаралары күшейе түскен-ді.

Бұл жолы нысанаға ұлт қайраткерлерінің ең көрнектісі,

әдеби еңбектері Одаққа қана емес, шетелге де кеңінен мәлім (сол қарсаңда 22 тілге аударылған), сол себептен де аяусыз сын алса да, ғылыми әріптестері ұшыраған жойқын дүрмектен тысқары қалып келген, алайда бұрынғы да, қазіргі де әрекет-пиғылымен "Бас ұлтшыл", әрі "Жас қазақтардың рухани көсемі" дақпырты бар Мұхтар Омарханұлы Әуезов іліккен-ді. Сірә, сондықтан да Орталық Комитеттің көнігі идеологтары (Былтырғы науқанда орнынан босаған қоңілшек І.Омаровты тегеуіріні мықтырақ қайраткер Мұхамеджан Сужиков ауыстырған-ды) бұл жолы тыңғылықты өзірлік жасаған. Мысалы, жаңа науқанға мұрыңдық болмақ мақаланы орысшаға аудартып, әлеуметтік мән-бағытын тереңдетіп, өткірлігін ұштап сан мәрте түзеттірген. Тіпті соны қайда, қай уақытта жариялау жөнін де өзара кеңесіп, ақырында өздері нұсқаған.

"...XIX съезд призвал, неустанно развращая критику и самокритику, вести непримиримую борьбу со всякого рода политическими ошибками и извращениями, с протаскиванием чуждых взглядов в советскую науку" деген сау кісіні ауыру еткендей аяусыз сөздермен, әрі "Абай мұрасын зерттеудегі буржуазиялық-ұлтшылдық бұрмалаушылықты түбірімен құрталық" (түпнұсқасында "До конца искоренить буржуазно-националистические извращения в изучении творчества Абая") деп аталған филология ғылымының кандидаты Сәбит Нұрышевтің сыны "Қазақ КСР ҒА-ның Хабаршысы" журналының (редакция алқасының төрағасы Д.А.Қонаев, бас редакторы Н.Т.Сауранбаев) 1953 жылғы 4-санында жарық көрген.

Тіл және әдебиет институтының сол кездегі аядай тар кеңсесінен алып тұлғалы Мұхаң мен бойы бәкене, кішкентай Сәбитке пайдалануға ортақ бір үстел тиісті. Көбіне соны жұмысқа жұрттың алдымен келетін Нұрышев иемденген сияқты. Институт қызметкерлері бұл жайында да: "Кіші Сәбиттің (үлкен деп Сәбит Мұқановты атаған) күні-түні арманы — Мұхаңның үстелін дербес иемдену!.." десіп өзін айтады білем. Астарында, әрине, батпандай зілі бар әжуа...

Демеушілері республика мен ҒА-ның басшылары болып, не десең де жол ашық деп отырған соң Кіші Сәбит аянған жоқ: Абайдың күллі ғұмыр жолын, әдеби мұрасын халықтық деп жариялады да, ақынның ұлылығын, кемеңгерлігін, асқан шеберлігін әлемге паш еткен Әуезов оның алып тұлғасын өзінің ұлтшылдық пиғылымен былғап, ой-түйсігін қасақана бұрмалап түсіндірген-міс; тоқ етерін айтқанда, академик қаламгердің абайтану іліміндегі заңғар еңбегі түгелдей залалды, іске алғысыз боп, әрі ұлтшылдық сарында жазылғандығы "әшкереленген"...

Әңгіме сөйтіп насырға шапты. Республикалық, облыстық газеттер қазақтың маңдайына біткен тамаша қаламгерін ғайбаттап, "ұлтшыл" етіп жариялау үшін күллі шығармаларын қайыра сүзген сыни мақалаларды жауын құртындай қаптапты, "халық пікірін" дайындай бастады...

Не істеу керек? Қайда, кімге барып әділет іздейді?..

Осы сауал қаламгерді күні-түні шырмап, өсіресе университеттегі жұмысынан аласталған соң (көрнекті филолог Бейсенбай Кенжебаев екеуі наурыз айында, бір күнде шығарылған) ойынан кетпей, ұйқысын бұза берген. Жаз шыға заңғар жазушыны қаралаушылар қатары көбейіп қана қойған жоқ, жеткірлене түсті. Әдебиет институтындағы ортақ үстелін де Кіші Сәбитке біржола беруге тура келді. Бұдан әрі алды-артына қарайлап, тағдырдың жазғанын көрдім деп, өзіне жауыққан ниеті бұзық қауымнан жақсылық күтіп әрекетсіз отыруға төзімі жетпеді...

"1953 жылдың шілдесінде М.О.Әуезовті тұтқындау жөнінде нұсқау берілді. Бұл жайында оған достарының бірі кешке таман, көшеде серуендеп жүрген кезінде елеусіздеу хабарлапты. Мұхтар Омарханұлы қатты сасады, өзінің маған әңгімелеуіне қарағанда, есі шығып абыржығаны сонша, үйіне соғуға мұршасы келмей, үстіндегі жөнең киіммен әуежайға жетеді. Сәті түсіп билет табыла кетіп, кешкі ұшаққа ілігеді, — депті академик Ш.ШӨКИН "ҰҒА-ның ғұмыр жолы" кітабының 31-32 беттерінде. — Нақ сол қарсаңда мен докторлық диссертация қорғау мақсатымен Мәскеуде жүр едім. Мұхаңды астанаға келген күні, К.Маркс ескерткішінің іргесінен кездейсоқ кездестірдім. Тым жұпыны үсті-басына таңдана қарағаным есімде, зиялы Әуезовке ұқсатуға қимадым, ал ол кісі жайраңдаған қалпы маған жақындап келіп құшағын ашты. Мен шошып: "Апырау, Мұха, сізге не болған?" десем, ол кісі: "Ой, бәлі, сұрама! Мен бүгін екінші мәрте өмірге келдім!" — деді де, басынан кешкен ахуалды айтып берді... Ұшақтан түскен бетінде КСРО-ның Мәдениет министрі П.К.Пономаренкоға барыпты, Пантелеймон Кондратьевич оны бөгеусіз қабылдап, мән-жайға түсінген соң, МГУ-дың профессоры етіп тағайындаған бұйрықты (жоғарғы оқу орындары о күнде осы министрлікке қарайтын) қолына ұстатыпты. Мұхтар-аға сол бұйрықты қалтасынан суырып маған мақтана көрсетті... Мұндай сөтте үнсіз қалуға бола ма, "Москва" мейманханасының үшінші қабатындағы мейрамханаға кіріп, қуанышты тойладық. Кешке таман "Москва" дүкеніне барып, таңдап жүріп, Мұхаңа көп-көрім костюм сағып алдық..."

IV

Уақыт көші де жарыс алаңына шыққан желаяқ сияқты. Тоқтаусыз алға қарай жүгіруден жаңылмайды. Оны тоқтата-тын күш әлемде жоқ. Өзін Алланың жер бетіндегі өкілі санап, миллиондаған адамның тағдырын бір-ақ сөзбен жарылқап, иә құрдымға жөнелтіп отырған күштілер де оны тежей алмайды. Тәубә делік, оның да құзыры жүрмейтін сәт туады. "ГУЛАГ архипелагы" атанған — қазақтың қу медиан кең даласынан теріскей шеттегі мәңгі суық аймақ, тіпті Тынық Мұхит жағасына дейінгі кең алқапта, тікенек сым мен терең жыралар қоршаған тұтқын лагерьлерінде азаттық күткен шерменделер кеудесін кере дем алып, жаппай дүрліккен қуанышты таң атты.

1953 жылдың наурыз айының 5-жұлдызында И.В.Сталин қайтыс болды. Жұрт күткендей-ақ, КСРО Жоғарғы Кеңесінің төралқасы миллиондаған жазалыларға кешірім жариялады: бірінші кезекте жұмысқа кешіккен, қоғам мүлкін талан-таражға салған қылмыстылар, тіпті мыңдаған сойқанды содырлар, әрине, еңбекпен түзеу лагерьлерінде оң жолға тәрбиеленді... деген желеумен бостандыққа шықты; ал 58-бапқа жатқызылған саяси тұтқындарға әлі де көп айлар бойы зарыға күтуге тура келді. Алайда жақсылық қарлығашы келер уақыт жақын екен: КСРО-ның бас жеңдеті, қанқұйлы Берия да лайықты жазасын тартып, жер жастанды; соның артынша-ақ саяси қылмыспен айдалғандардың кең дүниеге шығар сағаты жақындай түсті...

"Сібірдің қиыр түкпірінде жазамды өтеудемін. Кесілген мерзімді адақтауыма әлі де 23 жылдан астам мерзім бар. Қаншама азап шегіп, ерекше қатал жазаға тартылсам да, өз Отанымның адал азаматы болып қала бермекпін... — деп жазыпты ілгеріде біз үзігін келтірген, Ж.Шаяхметовтің атына жолдаған арызында сақа еліндегі тұтқындар лагерінен Ермұхан Бекмаханов. — Қатаң жаза мені көп нәрсеге мойытты. Кіріптар жағдайымды түсіндім... сізден бостандыққа шығуыма көмек беруіңізді қиыла сұраймын." Бұл арызды тұтқын-дағы тарихшы 1953 жылдың 4 қазан күні сақалардың Бодайбасынан жолдаған. Ал, соған дейін де, Петропавлдағы аралық түрмеде отырғанда, шілде айының 15-күні СОКП Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Н.С.Хрущевке күллі өмірін, тарихи еңбектерін айтып, 16 парақ арыз жіберген-ді. Солардың бірде-біріне Алматы мен Мәскеудегі билік жауап бермеген. Сірә, азаматтық құқығынан айырылған қылмыскердің қапастан құтқаруды сұраған жан даусын естігісі келмеген, дабыра есімін де, ғылыми еңбегі сияқты, тәрк еткен.

Алайда саяси жылымықты айқын сезген мәскеулік достары — СОКПОК-нің мүшесі А.М.Панкратова, оның академик әріптестері Б.Д.Греков, Н.М.Дружинин және бірнеше көрнекті орыс тарихшылары қазақ ғалымының қылмыс ісін қайта қаратуға нұсқау беруін өтініп, Н.С.Хрущевке хат жазған. Ұжымдық хаттағы: *"Біз, кеңес тарихшылары, Бекмахановтың ар-ожданының сүттей ақ екеніне кепілміз, ол — қызғаншақ жерлестерінің құрбаны..."* — деген уәж, сірә, әсер еткен. Туу қиырдағы Бодайбодан ұшақпен Мәскеудегі Бутырка түрмесіне жеткізілген тарихшы ісі қайта қаралып, 1954 жылдың 16 ақпанында КСРО Жоғары сотының үкімімен ақталып, бостандыққа шығады.

"Түрме алдында оны Тарих институтының қызметкерлері гүл шоғымен қарсы алыпты да, Ерекеңді бірден ұстазы Панкратованың пәтеріне әкеліпті. Тапсырма солай болған ғой, — деп өңгіме шерткен-ді бізге ғалымның жұбайы Халима Адамбекқызы. — Ал кешке таман мейірімді Анна Михайловна оны Мәскеудің орталығындағы "Арагви" мейрамханасына апарды. Сөйтсе институттағы барлық тілектес достары сонда жиналып, қазақ әріптесінің бостандыққа шыққанына арнап, дастарқан жайып, күтіп отыр екен... Ертеңінде Анна Михайловна Ерекеңе бір қалта ақша ұсынады: "Дүкенге барып шыр жаңа киім ал, үстіңдегі түрме киімінен түгел құтыл!.." — деп, машина шақырып, қасына қызметкерін қосып береді. Ерекең киімді, тегінде, сәнді киінуді ұнататын. Қымбат костюм-шалбар, нешеме көйлек-көншек, ерекше әдемі пальто киіп, қайтып келсе — Анна Михайловна бас-аяғына қарап: "Шарф қайда?" — дейді. Ерім: "Ақшаның жеткені сол болды, кемтігін кейін толтырамын ғой", — дейді білем. "Жоқ, дүкенге қайта жөнел! Шарф, галстуктер ал. Келін мен балаларыңа түгел базарлық алмасаң — қайтпаймын!.." — деп тағы бір қалта ақша береді. — Есінде болсын, Алматыда сені көре алмайтын дұшпандарың аз емес. Түрмеден жүдеп-жадап қайтқаныңды көрсетпе оларға, қызғаныштан іштері күйетін етіп, ағылшынның сәнқой денді құсап шікірейіп бар!.." Анна Михайловна Ерекеңді туған баласындай жақсы көрді, ер мінезді ерен адам еді. Ерім де ол кісіні "Екінші анам" деп атап, ерекше құрметтеумен өмірден өтті. Мәскеуге барған сайын, Новодевичье зиратындағы моласына мінәжат етіп, гүл қоятынды..."

Амал қанша билеуші жүйе жылымық жариялап, нақақтан жаза тартқандарды бостандыққа шығарғанымен, саяси

қасаң ұстанымның біржақты қағидаларынан біржола бас тартқан жоқ-ты. Сол себептен де Е.Бекмахановтың ғылыми атақтары қайтарылмаған. Сол себептен де бейнетқор ғалым 1952 жылы аяқтауға жақындаған жаңа монографиясын шұғыл әзірлеп, оны да Мәскеуде жариялап, докторлық атағын қайыра қорғайды. Алматыдағы мемлекеттік университеттегі ұстаздық жұмысына да қайтып оралып, ғұмырының соңғы кезеңінде ҰҒА-ның корреспондент-мүшелігіне сайланады. Күні кеше, шабытты кезінде жобалаған ғылыми еңбектерін жазуға кіріседі. Десек те, зор өкінішпен мойындауға тиіспіз: қанаты қайырылған қырандай ұшарлық мүмкіндігі жастай қырқылған, түрмеден алып қайтқан өкпе дертті күш-жігерін мұқалтқан қайран азамат, қайсар талант иесі елу бір жасында, 1966 жылы опат болған.

1954 жылдың ақпан айында Қазақстан КП ОК-нің бюро құрамы түгелдей өзгеріп, алып республиканы басқаруға жаңа қайраткерлер тағайындалды. Партия ұйымының тізгінін П.К.Пономаренко ұстаса, екінші хатшы боп Л.И.Брежнев сайланды. Турасын айту керек, өркениетті озық саналатын Украина, Белорусияда ұзақ жылдар қызмет істеп, ел басқару мектебінен өткен білкті де білімді жандар Қазақстандағы саяси әуеннің күрт өзгеруіне мұрындық болды.

"Көкемді бірде Үкімет үйіне шақырады. — деп есіне алады Мейіз Қанышқызы. — Кім-кім, оны шақырған Орталық Комитеттің бірінші хатшысы... Ә дегенде көкем өзін біршама тежеп ұстапты, сонау 51-жылдың қараша айындағы атышулы бюродан соң ол мәртебелі кабишеттің есігін ашпаған, оның иелері де аса керек етіп шақырмаған салқындық та бар. Оған қоса бұған дейін кездеспеген, біліспеген бейтаныс қайраткерге бірден ашылып, басынан кешкен шерлі оқиғаларды қайыра шертуді ыңғайсыз санаған тәрізді. Хатшының сөзге баурап, сұраған мәселелеріне ғана жауап беріп, соңғы екі жылда Геология институты шұғылданған басты зерттеулер, тұңғыш болжам картасын жасау мүмкіндігі және оның қаншалықты пайдалы ізденіс екендігі туралы толығырақ та, әрі шабыттана әңгімелейді. Хатшы ерекше тәнті болып, қызығушылық аңғартады: "Қандай көмек керек, қысылмай айтыңыз, Орталық Комитет бұл істен тысқары қалмауға тиіс!.. Мұндай картаны тезірек бітірсек өңдіріс үшін аса пайдалы және ол Қазақстанға үлкен мәртебе болар еді", — дейді. Ақыры, ол көкемді айтқысы

келмеген шерлі оқиғалар сүреңше жетелеп, солардың түп себебін сұрайды. Көкем де қымсынғанды қойып, ішіндегі өксік пен өкіншіті түп-түгел ақтарып салады. Сірә, нақақ құдалаудың себеп-салдарын, қалай ұйымдастырылғанын, өзінің де не үшін жазықты болғанын түгел айтса керек...

Оны да түзейміз, жеке басыңызға тағылған айыптарды қайтадан қараймыз, – дейді Пономаренко, – тек бізге осы айтқандарыңызды жазып беріңіз...

– Менен де гөрі, Паптелеймон Кондратьевич, ғылыми ортадан аласталып, түрме азабын тартып жатқан оқымыстылар тағдырын тездетіп қарасаңыздар – халық көкейінен шығар иті іс болар еді..."

Шынында да Орталық Комитеттің бюросы академик Қ.И.Сәтбаевтың жеке басының жұмысын қайта қарап, бұрынғы айыптардың бәрін негізсіз жала деп тауып, нақақ соғыстен адақтайды. Сірә, мәселенің жай-жапсарын зерттей келе, бәлкім, осы жайында көптеген ұлт зиялылары, коммунистермен сөйлесіп, нақты деректерді көрген соң республиканың жаңа басшысы Қазақстан қауымын толғантқан жөйттің бет-пердесін ашуды жөн көрген тәрізді. Сол жылы жазға салым өткен республика активі мен жазушылардың екінші құрылтайында сөйлеген сөзінде П.К.Пономаренко, Қазақстан КП ОК-нің бұрынғы хатшыларының пасық ісін тізе келіп: "Әуезов, Сәтбаев, Жұбанов... сияқты ұлт зиялыларының аса дарыңды тобын қамқорлыққа бөлеп, шығармашылық ісіне демеу жасап, еңбекшілерді тәрбиелеу жұмысына барынша пайдаланудың орнына сіздер олардың соңына шам алып түсіп, күн көрсетпей, үйреншікті ортасынан безуге мәжбүр еткенсіздер. Осыдан соң сіздерден қандай жақсылық күтуде болады?!" – деп, дүнім жұрт іштен тынып айта алмай жүрген ащы шындықты естірткен...

Әлбетте, Н.С.Хрущев билікке келген кезде жария еткен саяси жылымықтан Қазақстанның құғын-сүргінге түскен зиялы қауымы қақас қалған жоқ. "Бас күнәкар" Ермұхан Бекмахановтың ақталуы жақсылықтың басы болып, өзге де құдаланғандар ел ортасына қайта бастады. Ахмет Жұбанов, Мұхтар Әуезов те Мәскеуден қайтып оралып, көкейкесті жұмысына кірісті. Қысқасы, 1954 жылдың қара күзінде, кейбірі келер жылдың басында соңғы дүрмекте айдалғандар ғана емес, 37-жылдың "Қызыл қырғынында" "Ит жеккенге" аттанып кеткендердің тірі қалғандары туған еліне оралды.

"Бір күні кеште, ұйқыға бас қолр кезде өлдекім қоңырау соқты. Есікті ашсам — күмістей ақ сақалы бөліне түскен, бүкшиген, еңкіш денесі дорадай иілген, үсті-басы жұпыны, арқасында жолдорба, бет-аузы бір уыс боп шумшиген, қайыршыға ұқсас өгде адам маған үмсына ұмтылып: "Кезбе шалды үйлеріңе қондырасыңдар ма?" — деп мәліне қарады. Не дерімді білмей сасқалақтап қалдым, кенет қутыңдаған отты көзінен жарқ еткен өткір нұрды көргенде жазбай танып, төргі бөлмеге жүгіріп, "Алақай, Русаков қайтып келді!" деп айқай салыпшын — деген естелік айтыпты Мейіз Қанышқызы (В.Могильницкий, "Это было великое чувство", "Казправда", 25 сәуір 1992 ж.). — Әке-шешем де қатты қуанып, есікке ұмтылды. Айқасқан құшақтар, көкем тіпті шешіңдірместен төрге сүйреп, Михаил Петровичтің тізесін де бүктірмей: "Нағыз керек уақытта қайтқаның көрім болды, Михаил! Балқаштықтар кені тақа таусылды десіп, сенің Қоңыратыңды жапқалы жатыр. Әрине, өшпейін сөз. Қоңырат үшін алысуға қалайсың? — деп еді, ғажапты қараңыз, өлгінде құлауға шақ қалып, бүкжиіп тұрған еңкіш шал жасарып кетті десем, өтірік емес, көкемді иыққа қағып: "Саспа, желбуаз даурықпалардың өтірігін шығарып, әкесіп танытамын!" — деді. Бес жылға созылған ауыр азаптан азып келген кексе досына әкемнің жан сергітср сөз бастап, бірден-ақ сүйікті ісіне өдейі құлшынтқанына мен кейіннен түсіндім..."

"Республиканың жаңа басшылары өділдікті қалпына келтірмекші болды. Елу бесінші жылдың жазында Сәтбаев, Павлов, Пальгов, Әуезов, Тәжібаев (Төлеген — С.М.) және мен Қазақстан КП Орталық Комитетіне шақырылды. Бірінші хатшының кең кабинетінде бізді Пономаренко мен Брежнев қабылдады, — деп куәлік етеді академик Ш.ШОКИН "Өмірдің төрт мезгілі" атты кітабында. — ...Пантелеймон Кондратьевич бізге Қонаевтың Министрлер Кеңесіне ауысуына байланысты академия президенті міндетін кімге жүктеуге болатынын сіздермен ақылдасқымыз келді деді... Сәтбаевтың өзінен басқамыз түгелдей Қанекенді атадық. Ал Қаныш Имантайұлы ауырып жүргенін, Геология институтындағы күрделі жұмыстан өзірше қолы босамайтындығын айтып, үзілді-кесілді бас тартты. Сұхбат соңында Пономаренко мен Брежнев дәрігерлермен ақылдасатынын, түпкілікті шешімге содан кейін келетінін есіртті..."

"Арада бірнеше апта өткен соң академик Сәтбаевты Орталық Комитетке оңаша шақырып, екеулеп ортаға алып отырып, келісімін алыпты. 1955 жылдың қыркүйек айында Қаныш Имантайұлы Қазақстан Ғылым академиясының басшысы қыз-

метіне қайтып оралды, — деп нақтылай баяндапты ШАПЫҚ ШӨКІҰЛЫ "ҰҒА-ның ғұмыр жолы" атты екінші кітабының 35-бетінде. — Сөйтіп, бір кезде өзі іргесін қалап, шаңырағын көтерген ғылым ордасының сан-салалы жұмысына ол бұрынғыдан да зор жігер-қайратпен кірісіп, оның ғылыми деңгейін, мәртебесін өсіру жолындағы игі ісін қайтадан бастады..."

Ғалымның қиын-қыстау күндерде өзін де, жапа шеккен өріптестерін де рухани демеп, сан мәрте қайталаған уәжі: "Ақиқат әрқашанда жеңеді!" — дегені расқа шықты.

Ескерту: жұртшылыққа мәлім А.И.Брежневтің "Тың", Д.А.Қонаевтың "Ақиқаттан аттауға болмайды" атты ғұмырнама кітаптарында біз жоғарыда баяндаған оқиға мүлдем басқа сарында баяндалған. Шынтуайтын айтқанда, партиялық өріптесі П.К.Пономаренконың Қазақстандағы саяси ауыр ахуалды жақсарту жөніндегі пәрменді ісін екеуі де мүлдем атамай, ал Қ.И.Сәтбаевтың туған еліне қайтуын, академия басшылығына қайыра келуін өздерінің еңбегі етіп, бұрмалап көрсеткен.

БОЛЖАУЛЫ БАРЛАУ

1

Архив деректері Геологиялық ғылымдар институтының бұл жұмысқа 1952 жылы нақты кіріскеніне куәлік етеді. Шындығында, зерттеу әдеқайда ертерек басталған. Өйткені "Металлогениялық болжам карталарын жасау" тақырыбы институттың зерттеу жоспарына бірнеше жыл бойы енгізіліп, бірақ өрістей алмай келе жатқанды. Бір жәйт даусыз анық: институт ғалымдары зерттеуді Қаныш Имантайұлы президент міндетінен босап, бірыңғай геологиялық жұмыспен бетпестет қалған кезде бастаған.

Геология институтында сол үшін сегіз адамнан кеңесші топ құрылған. Олар карта жасау жөніндегі ғылыми штабтың мүшелері, міндеті — көлемді жұмысқа қатысатын жүздеген мамандардың, түрлі геологиялық ұжымдардың ізденістерін бір жүйеге бағыттап, басшылық ету. Есімдерін түстесек — Қ.И.Сәтбаев, Р.А.Борукаев, И.И.Бок, Г.Ц.Медоев, Г.Н.Щербан, Д.Н.Казанли, И.П.Новохатский және Г.Б.Жилинский. Бәрі де — Қазақстан қиырында сан алуан кен көздерін ашқан байырғы геологтар, әмбе ғылым білгірі — көпшілігі сол кездің өзінде республика-

дағы ғылым ордасына академик, корреспондент-мүше. Теориялық жұмыстар ғана емес, практикалық барлауда да кімге болсын ақыл-кеңес бергендей ірі мамандар.

Алғашқы карта үшін зерттеу аймағын таңдарда академик Сәтбаев Орталық Қазақстан атырабын ұсынады. Неге? Кең-байтақ қазақ даласында болжаулы барлауға алаң болғандай қазыналы өлкелер аз ба? Неліктен Кеңді Алтай, Атырау, иә Жетісу емес, кең көсілген телегей аймақ — Сарыарқа қыртысы?

Орталық Қазақстан батыста Торғай даласымен шектеседі. Төрістікте Батыс Сібір ойпатымен, шығысында көгілдір Ертіс айдынымен көмкеріліп, түстікте Шу-Балқаш-Алакөл құламаларына дейін көсіледі. Жер көлемі сегіз жүз мың шаршы шақырым, бүкіл Қазақстанның үштен бірі, немесе үш Англия, иә Кавказдағы барлық одақтас республикалар түгел сыйып кететін орасан зор аймақты алып жатқан шалқар өлке.

Геологиялық сипаты жөнінен де бұл регион — нағыз классикалық кең плацдарм. Оның жынысы да Орал мен Кавказдағы біртекті құрылымдай емес, әлдеқайда күрделі және өзгеше дамуға ұшыраған; сол себептен де Сарыарқада тау мен жазық аралас жаралған; құрылысы қолдан құралған мозаика тәрізді — түрлі түсті, қазба байлығы да әрқилы және айрықша мол.

Олай болса, бұл өлке — қызықты да мүдделі зерттеу алаңы. Геологтар қауымы үшін бұл құпия жәйт емес-ті. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев үшін ол — жанындай жақын да ыстық өлке, әрбір төбесі, тау-тасы таныс аймақ. Ендеше, өміріндегі ең өзекті, әрі аумақты эксперимент үшін неге пайдаланбасқа?!

Сол қарсаңда, алматылықтардан тура бір жыл бұрын Ленинградтың ВСЕГЕИ (Бүкілодақтық геология институты) ұжымы да Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам карталарын жасауға кіріскен-ді... Алол — Одақтағы ең ірі және академияның императорлық атанған кезінде іргесі қаланған зерттеу ошағы. Бұл жұмысты онда өте күшті мамандар тобы қолға алған; әмбе ленинградтықтар металлогениялық болжаумен жүйелі түрде шұғылданатын; зерттеуді кең көлемге қойып, таяу жылдарда Кеңес Одағының барлық территориясын қамтыған болжам карталарын жасап шығуды өздеріне міндет еткен; мынау болса — сол, көлемді жұмыстың бір тармағы...

Сонымен, Одақтың іргелі екі институты геологияның осы заманғы ең күрделі проблемасын шешуге кіріскен. Бір ғажабы, алғашқы кең көлемді сынаққа екеуі де Сарыарқа қыртысын алып отыр. "Екі институт күшін өзара біріктіріп, көздеген

қартаны ортақ зерттеумен жасауға болмай ма?" деген сұрақ туары сөзсіз. Заңды сауал. Бірақ екі топтың ғылыми жетекшілері зерттеуге екі түрлі жол, тіпті бір-біріне қарама-қарсы теория ұстанса — бірігу жөні қалай болмақ?..

Жә, болжам карталары, болжаулы барлау деген не нәрсе? Болжамдау проблемасын геология ілімі осы уақытқа дейін не себепті шеше алмады? Сондай-ақ болжам карталарын жасау әдістемесін ғылыми даралаған білікті теорияның болмауы неліктен? Немесе мына сұрақтардың жауабы қандай: ҚАШАН, ҚАЛАЙ, ҚАЙДА, НЕМЕНЕ?.. Ескерту лазым: соңғы төрт сауалды тізіп, даралаушы — біз емес, академик. Сәтбаев. Бұл сауалдар оның "Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам карталары" аталған ғылыми монографиясында курсивпен бөлініп, өлденеше рет қайталанған? Не себепті, бұл сөздердің мәні неде?..

II

Әлбетте, геологтар жұмысты қалай істейді? Оқушыға, әрине, ондаған, жүздеген шақырым есіз даланы, тау-тасты жаяу шарлап, ыстыққа күйіп, суыққа тоңып жүріп, кен көзін іздеген романтикалық кезбелер жайындағы әңгіме-хикаялар жақсы таныс. Иә, ілгергі жылдарда олар кенді солай іздейтін, бертінде де сол рәсімнің өзгергені шамалы. Геолог сапардан кейде олжалы орталады: бір, не бірнеше жерден кен белгісін кезіктіріп, үйіне қуанып қайтады! Кейде ренішпен де аяқталады; алты ай жаз тыным көрмей ізденіс жасап, жүздеген шақырым жер шолады; қаншама жыра, шыңырау құдық-шурфтар қазады; жүздеген мың сом қаржы жұмсап, көп адаммен жабыла іздесе де ештеңе тапқан жоқ. Мұндай сәтсіздік кейде бірнеше жылға созылады. Амал жоқ, жолыңның болмағаны...

XIX ғасырдың Попов, Дерев тәрізді кәсіпқой көпестері қаржыны желге шашпауды ойлап, неше түрлі айла қолданған. Соның бірі кен белгілерін көрсеткен адамдарға көтерме сыйлық төлеу. Бұл болса құдай жаратқан көкжасыл тастарды іздеуге көп жұртты құмар еткен. Кейбір пысықтар жан баспаған қияндарға, қыран құс ұя салған қияларға, құлан жортқан ту қашықтарға жол шегіп, жер шолған, суыр індерін ақтарып, су шайған жырларды, өзендер табанын сүзген. Кейбірінің аузы салымды болып, қоржынын түрлі түсті кен тастарына толтырып қайтады.

Дала кезбелері көрсеткен қияндарға енді барлаушы мамандар аттанады. Табылған кен мәнді болса, іздеу жүргізеді.

Екібастұз бен Қарағандының көмірі, Сарыарқаның көптеген түсті металл кен орындары іздемпіз да бейнетқор дала шолғыншыларының нұсқауымен мәлім болған.

Кен барлаудың ежелгі тәсілі заман жаңарып, уақыт ХХ ғасырдың екінші жартысына ауса да өзгерді қойған жоқ-ты. Рас, барлау техникасы өзгерді. Бұрғылау станоктарының өнімділігі ондаған, жүздеген есе артып, геологтар бұрын арман ете алмаған құрдым тереңдерге бойлатын болды. Қол станоктары, қайла, мосы соқпалар келмеске кетті. Геофизикалық барлау дүниеге келді: жердің тереңдегі қабатына жіберілген электр толқындары жүздеген метр төменде жасырынып жатқан кендер туралы хабар беретін болды. Кейбір кен орындарын мамандар ұшақпен, иә тікұшақпен шыр айнала ұшып жүріп, арнаулы аспаптар көмегімен ашты (қайсыбір кен белдемдерін осы күні ғарыштан да болжауға болады).

Мұның бәрі де — барлау тәсілі емес, соны орындайтын техниканың, геологиялық іздеу жарағының өзгергендігінің, өскендігінің айғағы. Ой жүгіртіп қарасаңыз: кен атаулы бұрын да, қазір де жер бетіне білінген танымал белгілері бойынша табылған... Ал жиырмасыншы ғасырда жер үстінде адам аяғы баспаған түкпірлер некен-саяқ қалған-ды. Бірлі-жарым минерал белгісіне, жылт еткен болмашы көзге қарап кен табу мүмкіндігі мүлдем азайып, тіпті біржола сарқылған. Сол себепті, осы заман геологтары "Жабық кендер", немесе "Соқыр жылғалар" деген жаңа терминдерді ойлап тапқан. Оның мәнісі — іздеген қазына қорының өте тереңде жататындығы. Оларды бұрынғыдай шолғыншы саяхатпен он қайтара жүріп өтсең де таба алмайсың — іздеуші топ жасақтап, барлаудың сан қиялы әдістерін қолданып, әлденеше жыл жан-жақты іздеу қажет!

Ал сонда геология тобын ҚАЙДА, НЕМЕНЕ іздеуге аттандыру керек? Мойындамасқа шара жоқ, барлауға жүріп бара жатқан геолог бұл сауалдардың жауабын білмейді, тәжірибесі мен бағына сеніп ізденіске аттанады.

— Қашанға дейін бұған тоземіз? — деп ашына сөйлегенді академик Сәтбаев геологтардың Бүкілодақтық кезекті бір кеңесінде. — Геология ілімі орасан зор жетістіктерге жетті. Бір ғана Кеңес Одағында сексен қаралы ғылыми-зерттеу мекемелері жұмыс істейді, білімпаз мамандарымыз да он мыңдаған! Осынша қыруар күш, мол мүмкіндіктерге не бола отырып, мұны айтпасақ — тағы да ұят, қашанға дейін кен барлауға көз жұмып, бақ сынау үшін шығамыз? "Соқыр барлау-

мен" шұғылданамыз? Издеу сәтін көбінесе барлаушының болжаушыл сезігі шешеді, ал ғылымның көмегін, нақты болжамын қай жыда, қай күні сенімді серік етеміз? Бұған да ойланатын уақыт жеткен сияқты, өсіресе іздеуші геологтарды болжам карталарымен жасақтайтын мезгіл?!

Бұл сөздер үлкен кеңесте жүргізілген таң қалдыру үшін айтылған әсіре қызыл лебіз емес-ті. Ондай қылық Қаныш Имантайұлының табиғатына жат. Ал ғылыми болжаулы барлау хақында сөз бастап, соның "шытырман жыңғылына" енуге ойланпн жүргендер геология әлемінде Сәтбаевқа дейін де болған. Металлогениялық болжау карталарын жасау қажеттігін кеңестік геологияда ең алғаш академик В.А.Обручаев көтерген-ді. 1932 жылы ол былай деп жазған-ды: *"Қандайда бір аймақтың жер қыртысын және геологиялық құрылысын жете зерттеу, оның даму тарихы мен қазіргі ахуалын дәл білу — сол төңіректен тағы қандай пайдалы қазбалар іздеуге болатынын күн ілгері жорамалдауға жолнұсқа..."* Алайда "орыс геологиясының ақылгөйі" атанған ғұлама, бұл үшін металлогениялық топтау (обобщение) әдісін пайдалануды ұсынумен ғана тынған. Сірә, одан әрі тереңдеуге сол күндегі ілім деңгейі мүмкіндік бермеген... Геологиялық болжау идеясын дамытумен көрнекті кеңес ғалымдары А.Д.Архангельский, Д.И.Щербаков, В.И.Смирнов, Ю.А.Билибин және басқалар да түбегейлі шұғылданады. Әрбірі өзінше бір жаңалық ашып, геология ілімін жаңа теорияларымен байытты. Бірақ нақтылы барлауға жарамды картаның болмауы бұл ізденістерді өміршең ете алмады.

Қысқасы, кен орындарын болжаумен анықтауға талап әр кезде болған. Ғалым-геологтар бұл мәселені ешқашанда ойынан шығарған емес. Қайта жыл асқан сайын онымен әуестенушілер қатары көбейе түскен.

Ленинград металлогенистері өз картасына негіз етіп, Чукоткадағы алтын аймағын ашқан атақты геолог, ВСЕГЕИ-де 1934 жылдан беріде еңбек еткен, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, КСРО ҒА-ның корреспондент-мүшесі, профессор Ю.А.Билибиннің (1901-1952) геосинклинальдың (жер қыртысының терең ойпаңында түзілетін күрделі қатпарлы белдеулері) сатылап даму теориясын қолданған. Қарапайым тілмен түсіндірсек, оның тоқ етері: кен қабаттары жер қыртысын түзген басты элементтер — платформа мен геосинклинальдық зоналарда шоғырланады; платформалар — кенге кедейлеуде, геосинклиналь зоналары — байырақ; демек, металл шоғырланған қабаттарды тек қана геосинклинальдан іздеу керек!..

Геология-минералогия ғылымының докторы Н.А.ФОГЕЛЬ-МАН бұл теорияны былай түсіндіреді: "Біздің заманымыздан алты жүз миллион жыл бұрынғы дәуір. Палеозойдың бастапқы кезеңі. Орталық Қазақстанның осы күнгі орнында таяз теңіз. Тек оның кейбір тұсында терістік-батысқа қарай жантайған доға тәріздес аралдар қылтияды... Құрлықтардың шет-шеті кей уақ түтінденіп, қоқыс, газ бен лава құсып қояды, сөйтіп, әлгі аралдар сілемін молайта бастаған. Ал аралдар мен құрлық арасы қайсыбір тұста жіңішке түскен, теңіз де мүлдем таязданып, әр түрлі шөгінділер мен жанартау жыныстарына толуда. Яғни геосинклиналь дегеніміздің өзі де осы. Теңізді біржола ығыстырып, үстіңгі қабаты құрғақ жермен қосылған геосинклиналь қатпарлары кенет одан әрі кеңейіп, бойындағы жыныстарды сыға бастайды; былайша атқанда, жаңа қатпарлар түзеді, алғашқы аралдар тік шаншыла кетеріліп, шөгінділер кең аңғарларға айналады: мұның ақыры осы күнгі таулы аймақтардың жаралуымен аяқталды... Орталық Қазақстанда айрықша биік таулар бүгінде кездеспейді, анығында олар жер қабатынан талай рет өсіп шыққан, бірақ миллион жылғы эрозия тау шоқыларын әрдайым құмға айналдырып мүжіп отырған. Оның есесіне жеті қат төменде металға бай қабаттар көбейе түскен.

Геосинклиналь теориясы — осы заманғы ғылымның ұлы жеңісі, оны дүниеге келтірген адамдар да — аса көрнекті ғалымдар. Амал қанша, кейде былай да болады: геосинклинальдық процестің рөліне зор мән беріп, тамаша теорияны әрі қарай дамытуда кейбір геологтарымыз қиял жетегіне еріп кетті; металдардың бұрыннан мәлім және кейіннен табылған кең шоғыры түзілуін геосинклинальдың даму сатыларына ғана байланыстыратын болдық. Ал нақты барлау нәтижелерінің бұл теорияға қарама-қарсы дерек беріп отырғанында шаруамыз болған жоқ. Ізделген металл шоғыры болжам картасында көрсетілген жерден табылмады. Керісінше, ғалымдар болжамаған қабаттардан табылды, немесе "Соқыр барлау" кезінде кездейсоқ ұшырайтын болды (астын сызған біз — С.М.). Мұны қалай түсіну керек?.."

("Знание — сила" журналы, 1973 ж., № 2)

Бұл жұмбақты Қазақстан металлогенистері қалай шешкен?

"Орталық Қазақстан үшін металлогениялық болжам карталарын жасау идеясы ҚазГГИ қабырғасында 1942 жылы туды, — деп жазады Қаныш Имантайұлы өзінің монографиясында. — Бұл кезде біз осы аймақтың геологиялық құрылымдық картасын жасаумен шұғылданып жүргенбіз. Оны біз

мен" шұғылданамыз? Издеу сәтін көбінесе барлаушының болжаушыл сезігі шешеді, ал ғылымның көмегін, нақты болжамын қай жылда, қай күні сенімді серік етеміз? Бұған да ойланатын уақыт жеткен сияқты, әсіресе іздеуші геологтарды болжам карталарымен жасақтайтын мезгіл?!

Бұл сөздер үлкен кеңесте жұртты таң қалдыру үшін айтылған әсіре қызыл лебіз емес-ті. Ондай қылық Қаныш Имантайұлының табиғатына жат. Ал ғылыми болжаулы барлау хақында сөз бастап, соның "шытырман жыңғылына" енуте ойланып жүргендер геология әлемінде Сәтбаевқа дейін де болған. Металлогениялық болжау карталарын жасау қажеттігін кеңестік геологияда ең алғаш академик В.А.Обручаев көтерген-ді. 1932 жылы ол былай деп жазған-ды: *"Қандайда бір аймақтың жер қыртысын және геологиялық құрылысын жете зерттеу, оның даму тарихы мен қазіргі ахуалын дәл білу — сол тоңіректен тағы қандай пайдалы қазбалар іздеуге болатынын күн ілгері жорамалдауға жолнұсқа..."* Алайда "орыс геологиясының ақылгөйі" атанған ғұлама, бұл үшін металлогениялық топтау (обобщение) әдісін пайдалануды ұсынуден ғана тынған. Сірә, одан әрі тереңдеуге сол күндегі ілім деңгейі мүмкіндік бермеген... Геологиялық болжау идеясын дамытумен көрнекті кеңес ғалымдары А.Д.Архангельский, Д.И.Щербаков, В.И.Смирнов, Ю.А.Билибин және басқалар да түбегейлі шұғылданады. Әрбірі өзінше бір жаңалық ашып, геология ілімін жаңа теорияларымен байытты. Бірақ нақтылы барлауға жарамды картаның болмауы бұл ізденістерді өміршең ете алмады.

Қысқасы, кен орындарын болжаумен анықтауға талап әр кезде болған. Ғалым-геологтар бұл мәселені ешқашанда ойынан шығарған емес. Қайта жыл асқан сайын онымен әуестенушілер қатары көбейе түскен.

Ленинград металлогенистері өз картасына негіз етіп, Чукоткадағы алтын аймағын ашқан ағақты геолог, ВСЕГЕИ-де 1934 жылдан беріде еңбек еткен, Мемлекеттік сыйлықтың иегері, КСРО ҒА-ның корреспондент-мүшесі, профессор Ю.А.Билибиннің (1901-1952) геосинклинальдың (жер қыртысының терең ойпаңында түзілетін күрделі қатпарлы белдеулері) сатылап даму теориясын қолданған. Қарапайым тілмен түсіндірсек, оның тоқ етері: кен қабагтары жер қыртысын түзген басты элементтер — платформа мен геосинклинальдық зоналарда шоғырланады; платформалар — кенге кедейлеу де, геосинклиналь зоналары — байырақ; демек, металл шоғырланған қабагтарды тек қана геосинклинальдан іздеу керек!..

Геология-минералогия ғылымының докторы Н.А.ФОГЕЛЬ-МАН бұл теорияны былай түсіндіреді: "Біздің заманымыздан алты жүз миллион жыл бұрынғы дәуір. Палеозойдың бастапқы кезеңі. Орталық Қазақстанның осы күнгі орнында таяз теңіз. Тек оның кейбір тұсында терістік-батысқа қарай жантайған доға тәріздес аралдар қылтияды... Құрлықтардың шеті кей уақ түтінденіп, қоқыс, газ бен лава құсып қояды, сөйтіп, әлгі аралдар сілемін молайта бастаған. Ал аралдар мен құрлық арасы қайсыбір тұста жіңішке тускен, теңіз де мүлдем таязданып, әр түрлі шөгінділер мен жанартау жыныстарына толуда. Яғни геосинклиналь дегеніміздің өзі де осы. Теңізді біржола ығыстырып, үстіңгі қабаты құрғақ жермен қосылған геосинклиналь қатпарлары кенет одан әрі кеңейіп, бойындағы жыныстарды сыға бастайды; былайша атқанда, жаңа қатпарлар түзеді, алғашқы аралдар тік шаншыла көтеріліп, шөгінділер кең аңғарларға айналады; мұның ақыры осы күнгі таулы аймақтардың жаралуымен аяқтады... Орталық Қазақстанда айрықша биік таулар бүгінде кездеспейді, анығында олар жер қабатынан талай рет өсіп шыққан, бірақ миллион жылғы эрозия тау шоқыларын әрдайым құмға айналдырып мүжіп отырған. Оның есесіне жеті қат төменде металға бай қабаттар көбейе түскен.

Геосинклиналь теориясы — осы заманғы ғылымның ұлы жеңісі, оны дүниеге келтірген адамдар да — аса көрнекті ғалымдар. Амал қанша, кейде былай да болады: геосинклинальдық процестің рөліне зор мән беріп, тамаша теорияны әрі қарай дамытуда кейбір геологтарымыз қиял жетегіне еріп кетті; металдардың бұрыннан мәлім және кейіннен табылған кең шоғыры түзілуін геосинклинальдың даму сатыларына ғана байланыстыратын болдық. Ал нақты барлау нәтижелерінің бұл теорияға қарама-қарсы дерек беріп отырғанында шаруамыз болған жоқ. Ізлеген металл шоғыры болжам картасында көрсетілген жерден табылмады. Керісінше, ғалымдар болжамаған қабаттардан табылды, немесе "Соқыр барлау" кезінде кездейсоқ ұшырайтын болды (астын сызған біз — С.М.). Мұны қалай түсіну керек?.."

("Знание — сила" журналы, 1973 ж., № 2)

Бұл жұмбақты Қазақстан металлогенистері қалай шешкен?

"Орталық Қазақстан үшін металлогениялық болжам карталарын жасау идеясы ҚазГФИ қабырғасында 1942 жылы туды, — деп жазады Қаныш Имантайұлы өзінің монографиясында. — Бұл кезде біз осы аймақтың геологиялық құрылымдық картасын жасаумен шұғылданып жүргенбіз. Оны біз

әуел бастан-ақ металлогениялық және болжам карталарының геологиялық негізі болады деп шамалағанбыз..."

Демек, болжам карталарын жасау идеясы ҚазГГИ-да кездейсоқ пайда болмаған. Он жылдан соң басталған жұмыс сол ойдың әбден пісіп-толысқан, шегіне жеткен сәті. Әлбетте, Алматы ғалымдары әйгілі геосинклиналь теориясы туралы, Билибин шәкірттерінің жүргізіп жатқан келелі зерттеулері хақында хабардар болатын. Жетекші штабтағы ғалымдар Ленинград қана емес, сол күндерде жолды болып жүрген әр түрлі теориялар, әдістемелік ұсыныстар мен қағидаларды да ой елегінен әлденеше қайтара өткізгені анық.

"Қайсыбір зерттеушілер (А.Н.Заварицкий және басқалары) болжамдау негізіне сол өлкенің геологиялық және пайдалы қазбалар картасын қолдануды ұсынса, екіншілері (А.Д.Архангельский және оның шәкірттері) бұл мақсат үшін палеографиялық тұжырымдар мен карталарды пайдалану дұрыс деп есептеген, үшінші зерттеушілер (Д.И.Щербаков тобы) кен орындары көрсетілген геологиялық картаны генетикалық типтер бойынша жіктеп, тәртіншілері (Ю.А.Билибин мектебі) қуатты геосинклинальдық зоналардың тарихи-геологиялық даму кезіндегі өзгерістерін талдау арқылы, ал бесіншілері (Н.С.Шатскийді жақтаушылар) болжамдау қазығына "формациялық төсіді", бірақ соны пайдалану жолдарын нақтылы көрсетпей, тек өздерінше өзгертіп қолдануды ұсынған еді... — деп тұжырымдаған академик Қ.И.СӘТБАЕВ өз тобы жүйелеп зерттеген теорияларға нақты, әрі толық анықтама беріп.

Иә, әдістеме қағидалар аз емес-ті. Әрқайсысы өзінше мықты, болжамдауға қажет қандайда бір элементке ие. Бірақ солардың бірде-бірінің, түштеп келгенде, сынаққа түскен аймақтың табиғи мүмкіндігін толық қамти алмауы нәліктен? Бұрынғы зерттеу осы ақиқатты дәлелдеді. Барлау кезінде оларды өзің күн ілгері долбарлаған қалыпқа салып, еріксіз "иліктіре" бастайсың — ал бұған иен жаратылыс көне ме?.. Қазақстан металлогенистері бұл қайшылықты бірден түсінген. *"Олай болса жаратылыстың шынайы келбетін барынша толық та қисынды бейнелеген, Орталық Қазақстанның геологиясы мен металлогениясы жайында жинақталған бұрын-соңды білімді сарқа пайдаланудан туған нақтылы болжам карталарын жасауға тырысу керек"* — деп түйеді өз ойын Қазақстан металлогенистерінің бас теоретигі.

Сәтбаев тобының Билибиннің әмбебап теориясын өздері жасап жатқан картаға қолданбауының және бір себебі,

Қаныш Имантайұлы — Сібір геологтары мектебінің дәстүрін теориялық зерттеулермен байытқан академик М.А.Усовтың шәкірті. Ал Михаил Антонович 30-шы жылдардың басында-ақ: *"Геосинклинальмен аса әуестенуге болмайды, кен түзілу жұмбағы мұнан да күрделірек процестердің тасасында жасырынып жатыр"*, — деп сақтандырған-ды. Академик Қ.И.Сәтбаев та солай топшылаған: *"Билибин схемасы барлық аймақта қолдануға жарамады, барлау кезінде теория нұсқаған кеннің табылмауы — бұған кепіл; демек, оның әмбебаптығы жаңсақ түсінік, барша региондар үшін тиімді емес..."*

Олай болса не істеу керек?

"Планета өзінің даму тарихында көптеген физикалық әсерлерге ұшырады деп ойлады ол, мәселен, неше алуан толқындар, тербелістер мен иірімдер Жерді дамылсыз соққылады, — деп түсіндіреді Сәтбаев ілімін жоғарыда аталған очеркінде Н.А.ФОГЕЛЬМАН. — Солардың ең күштілері баяу жүріп жатқан геосинклинальдық процестерге әсер еткен... Мұның ақыры жер қыртысының ішінара кеңеюіне әкелді. Одан соң жер қабатында қысу, сығу процестері жүрді. Осының бәрі біздің планетаның орасан зор жылжымалы белдеулерінде мыңдаған сызат, жарықшақ, терең оппалар түзіп, ақырында сол жыныс қатпарларының алғашқы қалпынан бірінама өзгеріп орналасуына жағдай жасады деп шамалауға болады. Тереңдегі жеңіл де сұйық балқыма және өте ыстық заттардың жоғарыға көтерілуіне жол ашылды. Бұл "жолды", тегінде, әлдеқандай бір химия зауытының алып реактор-құмыраларымен салыстыруға болар еді: жоғарыға жылжыған жаңағы сұйық масса салмақ күші мен температура өзгерісінің әсерінен жеке-жеке қабаттарға, элементтерге бөлінді; яғни қазба байлықтарының жаңа қабаттарын түзеді: ал сол жолда ескі кен көмбесі кездессе — оларды бұрынғыдан да құнарландырып байыта түсті; әрине, балқыма мен су, сұйық ертінді, бейнелеп айтқанда, "гранит ботқасы" жер қыртысына емін-еркін сіңе берген... Құрлықтарда ғана болатын гранит қабаттары осылай жаралған. Метал шоғырланған кендер құрлықтарда немесе солардың геосинклинальдық жиектерінде, иә теңіз жағалауларында ғана ұшырасу себептері де осы. Мұхит табанындағы қабаттардан осы заманғы геологиялық барлауда әзірше қазба байлықтардың табылмауы және іздемеудің де себебі сол... Кеңею кезеңінен кейін жер қыртысы тағы да сығуға түсті. Тау жыныстарының қатпарлары бұрынғыдан бетер дестеленіп, кен қабаттары дамылсыз өзгере келе осы күнгі формасын түзеді деуге болды".

Шыптуайтын айтқанда, академик Сәтбаев та кен қабаттарын геосинклинальдық аймақтардан іздеуге қарсы емес. Бұл ретте ол Библин теориясымен толық келіседі. Бірақ жылжымалы зоналардың даму тарихында өте күшті физикалық өзгерістерге ұшырағанын ұмытпау қажет дейді ол. Кенді бір ғана химиялық ортаға түзген жоқ. Ғалымның өз сөзімен айтқанда: *"Химиялық ортаның кен түзілуіне әсері болғаны рас, бірақ ол — негізгі себеп емес. Кен көзінің шоғырлануына әсер етуші басты фактор — ол орналасқан жыныстардың физикалық және химиялық қасиеті..."* Геосинклиналь белгілері бойынша іздегенде бір жерден болжанған кеннің табылып, екінші жерден табылмау сыры да осында. Академик Усов сақтандырған күрделі процестер құпиясы да осы... Демек, металогения ілімі бұрынғы зерттеулерде кен және оны қоршаған жыныстардың өзара байланысы жөнінде жансақ бағыт ұстаған.

Сәтбаевтың ойынша, металогениялық зерттеулерде кен орындарының жер қыртысындағы "мекен-жайын" геологиялық дәуірге қарап, жыныстың құрылысы және заттық құрамы бойынша жинақталған нақты материалдарды талдау арқылы анықтау шарт... Геологтар тіліне аударсақ, бұл — *"Кен орындарын металогениялық жөнмен талдап және болжамдаудың формациялық кешенді жаңа тәсілі"*, Сөйтіп, әрбір кен шоғыры, Сәтбаев ілімімен түсіндірсек, кенеттен, әмбе кездейсоқ емес, "үзілісті, әрі үзіліссіз" процесте, яғни сатылап дамыған түрлі мезгілде түзілген...

Шынын айтқанда, металл көздерінің пайда болуы және оның жер қыртысында орналасуы мен даму заңдылықтарын зерттейтін ілім — металогениялық теорияның жаңа да түбегейлі тарауы ғана емес, Қаныш Имантайұлына дейін ешкім баспаған, ашпаған тың бағыты еді бұл. Геология білімпаздары сол үшін де беріректе академик К.И.Сәтбаевты металогения ілімінің негізін қалаушы, геологтардың Қазақстандық мектебінің көшбастаушы ұстазы атандырмақ; ал бұл теория туған Қазақстан — металогения ілімінің жаңа Отаны делінібек.

"Бұл салада Қ.И.Сәтбаевтың өзіне өнеге етер үлгісі де, бетке ұстар ұстазы да болған жоқ. Өзіне дейінгілердің жасап кеткен жөндем ісін алдына жайып қойып, ғалым соны әрі қарай жетілдірді, тыңнан ой қосып биікке көтерді... дерлік жағдай емес-ті бұл. Қысқасы, осы зерттеуде ол шын мәнінде пионер болды һәм өзіне жолды тыңнан салды..." — деген уәж беріліпті болжамдау картасы жөніндегі сүбелі еңбегі, басты моногра-

фиясының Қаныш Имантайұлы дүниеден өткеннен кейін қайыра жарияланған басылымның редакциялық кіріспесінде...

Жұмысты бастаған кезде-ақ академик Сәтбаев болжам карталарын жасау жөнінде өзі басшылыққа ұстар әдістеме қағидаларын жария еткен. Ғалымның пайымдауынша, олардың қысқаша сипаттамасы мынадай: 1) мәселені кешенді зерттеу; 2) нақтылы материалдарды толық жинау; 3) оларды түгелбейлі зерттеп, жүйелеу және өзара күрделі байланысын талдау; 4) жұмысты ұжым болып бірге атқару; 5) оның нәтижесін жұмыс үстінде және аяқталған кезде қайыра талқылау; 6) ғылыми зерттеулерге негізделіп жүргізілген геологиялық барлауды қадағалап және талдап отыру; 7) ғылымның жаңалықтарын, нақтылы барлаумен сынау нәтижелерін, болжамдау тәсілдерін одан әрі жетілдіруге пайдалану.

Бұл нұсқалар қалайша жүзеге асқан?

Бір жәйт анық. Анығында соны Қ.И.Сәтбаев сынды майталман барлаушы, әрі іскер басшының ұйымдастырушылық шеберлігі десек те рауа. Шынында да, таң қаларлық іс: директивалық орындардың міндеттеуімен екі мыңнан астам маман-ғалымдар, геологтар, техник, лаборанттардың екі-үш жыл тапжылмай отырып, бір кісідей жұмыла жұмыс істеуі; олар және бір жерде де емес, республиканың түрлі трест, барлау басқармалары, экспедициялары, әрқилы геологиялық мекемелерде еңбек ететін-ді: тұрақтары да — Алматы ғана емес, Сарыарқаның ірілі-ұсақты қала, елді кенттерде. Ал сойте тұрып, олар өздеріне дейін ешкім, тіпті геология ілімі жасап көрмеген, білмеген күрделі жұмысты тыңнан атқаруға тиісті. ГФИ-дағы ат төбеліндей ғалымдар тобы, сектор қызметкерлерінен өзгесі жүктеліп отырған зерттеу жайында жарытып ештеңе білмейді. Сондықтан да Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам карталарын жасау жөніндегі редакциялық Бас кеңес жұмысты әдістеме нұсқау, әрқилы анықтама, түсініктемелер жазудан бастаған. Ал, бас қосып талқылауды қажет еткен кейбір мәселелер жер-жерден қажет мамандарды шақырумен, институттың өзінде, кеңейтілген ғылыми кеңесте шешіліп отырған.

Сүйікті кәсібімен Қаныш Имантайұлы көптен бері нақ осылай күлшібіне шұғылданбаған еді, әріптестерін де еліктіріп, жұрттың бәрін асықтыра ұрдіс қимылдады. Оның сол күндегі қауырт әрекетіне ескі достары да таң болған: қаншама іскерлік қабілет танытты, қаншама жігер мен қайрат көрсетті! Институт мамандары Бас штабтан тапсырмалар

алып, жер-жерге аттанып жатыр; қаптаған деректер, карталар, барлау материалдарын арқалап экспедициялардан келіп жүргендер де аз емес.

Барлау технигі Ф.ПАСТУХОВТЫҢ естелігінен:

"...1953 жылдың жазында Қаныш Имантайұлы Жезқазғанға келді: далаға саяхатқа шықпақ, сол үшін қорабы брезентпен қапталған мықты жүк машинасы дайындалды. Кімді ертемі деп күпті бол жүргенімде, экспедиция бастығы В.И.Штифанов шақырды. "Менімен бірге саяхатқа шығуға қалайсың, Федюша. Тек ескертемін, екі айдай мерзім есіз далада боламыз. Алғашқы сапар терістікке, Атбасардан арғы жерлерге, екінші бағыт — оңтүстікке, Қарақұмға бойлай кіреміз. Екеуі де даңғыл жолсыз, елсіз өңір. Жауабыңды осы қазір айт!.." — деп Қаныш Имантайұлы маған қарады. Мен бірден-ақ: "Сізбен бірге жердің түбіне баруға өзірмін, қанша уақытқа болса да!.." — деп едім, ғалым күлді де, "Жолға дайындықты қадағала..." — деді.

...Алғашқы күні Ұлытау ауданының орталығына қондық. Үш-төрт тәулік бойы, өңкей елді мекендермен жүріп, барлығында аста-төк өзірленген қонақ асы ішіп, жол өндірте алмадық. Ақырында аудан орталығынан сексен шақырымдай терістікке ұзаған соң, шөбі бойлап өскен бір сурлеуге түсіп... шырлап ұзақ жүрдік те, ымырт үйіріле тау қойнауына сұғына кірген ескі қазындыға жеттік. Қаныш ағай: "Палатканы тігіндер, бұл жерді ұзақ қараймыз", — деді. "Палатканы алінде кешіп өткен өзеннің жағасына тігейік, құс атып, балық аулауға қолайлы. Ал мына жерге машинамен келіп тұрамыз" деп едім, жолбасшымыз: "Жоқ, Федюша. Той тарқады, қонақ болып төрде шалжиып отыру да аяқталды. Таңнан жұмысқа кірісеміз" деп, бұл сапардағы міндетімнің не екенін ескерткендей болды... Амақ қанша, жас жүргізушіміз Володя Панин ас өзірлейді, Қаныш Имантайұлы екеуміз таңнан тұрып, тау-тас кеземіз, ескі қазындының түбін ақтарамыз, соларға мен съемка жасаймын. Осылайша, бірнеше тәулік тынбай жұмыс істедік...

Бір күні қатты шаршап келіп, көбірек ұйықтап қалсақ керек, кенет жақын жерден тарс еткен мылтық даусынан шошып ояндық. Сөйтсек, ерте тұрып кеткен жүргізушіміз аңдып отырып, төбесінен өтіп бара жатқан үйрек тобынан бір-екеуін алып қалыпты. Қаныш Имантайұлы балаша қуаңды, бізді тезек теруте жұмсап, өзі үйректердің жүнін сыпыра бастады. Соларды әскездеп пісіріп алдымызға қойған кезде, ғалым: "Мыналарың, жігіттер, көптен ішпеген таңсық ас! Бірақ бір нәрсе жетпейтін тәрізді..." — деп жымиды. Өз бетімізбен ұсынуға ұялып отырғамыз, Володя Панин атып тұрып, жасырын "қоймамыздан" жартылық арақ әкелп қойды...

Ұмытпасам, сол күні кешке таман жұрт ауыстырып, жиырма шақырымдай терістікке бойлап, тағы бір ескі қазыңдыны тексеруге кірістік... Осылайша оңшақты кен орнын айдан аса уақыт сыпыра шолып шығып, ақырында Ақан тауларын бойлай жүріп, Атбасарға жетіп, екі күндей тынығып, Есіл бойын сүзіп өтіп, Жезқазғанға екінші жағынан қайтып оралдық.

Келесі күні кеңсеге келіп, Володя екеуміз аулада сұлап жатқан бөрененің үстінде өңгімелесіп отыр едік, Қаныш Имантайұлы экспедицияның бастығымен бірге келе жатып бізге бұрылды. Қасымызға жайғасқан соң: "Қалай, жігіттер, жол азабынан шаршаған жоқсыңдар ма?" деп сұрады, біз шаршасақ та: "Жоқ, сізден екі есе кіші бола тұрып, олай деуге хақымыз жоқ!" — деп едік, Қаныш Имантайұлы мәз болып: "Міне, естідің бе, Василий Иванович, сен маған Қарақұмның атжалды әлей құмынан оте алмайсыз, ол жаққа бару қауіпті деп қорқытасың. Мұндай пысық та алғыр жастармен мен аспаңдағы Айдың айғыз бетіне де саяхатқа шығуға өзірмін. Қысқасы, үш күннен соң аттанамыз. Тақтайды көбірек тиендер, жолдың дені құмдауық..." — деді.

Айтқан күні аттандық. Бұл жолы түстік жаққа. Шыққан күні Сарыкөңгір өзенін кесіп өтіп, далаға қондық. Бірақ ертеңгілікте-ақ бір колхозшы жігіт ғалымды танып, басқармаға хабар беріпті, амалсыз ауылына бардық... Тегінде, қайда болсын, дүйім жұрт, оны құшақ жая қарсы алады, бір қойды мүшелеп қазанға салса, біреуін тұздап, түтінге шалып, жолға салып береді. Халықтың Қаныш ағаға ықыласы ғажап, әсіресе соңғы жылдары басынан кешкен қиянатты ескеріп, пәс көңілін көтеру үшін де асыра қошамет білдіреді. Және сонда жанын жаралап ештеңе сұрамайды, неткен ізеттілік десеңші!.. Ал маған қаһарлы Штифанов ә дегенде-ақ: "Ол мәселе жайында аузыңды ашпа!" деп қатты ескерткен. Сөйтсе де бір күні сөзді әріден қозғап: "Қаныш Имантаевич, сіз өзі далаға саяхат жасауды сағынып қалыпсыз ғой, міне, неше күн бодды, ұзақты күн дамыл көрмей жаяу жүріп, жер шоласыз. Содан тіпті шаршамайсыз, ал мен сізден ұялғаннан ғана әрең ілесіп жүрмін," — дедім. "Оның рас, Федюша. Бұл менің — жас күнімнен мансұқ ісім! Алматыда жұмыс істеу өте қиын, әсіресе академияның сан-салалы білімдарларына басшылық жасау. Әр ғалымның өз бабы бар, әрбірі өзінше мәнді іспен шұғылданамын деп ойлайды... Ал мұнда? Ештеңе ойламайсың, табан астыңдағы жер бедерінен өзге көрерің жоқ. Есілдертің сонда ғана, көңіліңе түйген бір жоқты іздеумен боласың. Ал шаршағаныңды сезбеу — бұл іске жан-тәніңмен берілуде. Әлдебір кен көзін кесуге аңсарың ауып келе жатасың да, кеш батқанын бірақ білесің... Алматыдан шыққанда емдеу-

ші дәрігерім маған: "Күн өтінде көп жүрмеңіз, режимді бұзбаңыз, гипертонияңыз қауіпті", — деген-ді. Өзің айтшы, он екі сағат ташжылмай күн астында жүргенде бір күн ауырдым ба, қан қысымым көтеріліп басым зеңді ме? Жоқ, қайта сауығып кеттім. Дала кезу, кен жүлгесін қарау, Федюша — менің бой дертімнің бірден-бір шипасы!.." — деп, аға серіктесім ағынан жарылды.

...Сапарымыздың аяқ шенінде, бұл енді дауыл үйген құм атжалдарын жаяу аралап, машинамызды көбіне өзіміз төсеген тақтаймен "сүйреп", ондай кезде Қаныш Имантайұлы да қарап тұрмай қолғабыс ететін-ді, ақыры соның бір қойнауында аялдап, шурф қазып, бірер тәулік бейнет тартқан шақ еді, ұстазымыз дауыстап, бізді қасына шақырып: "Жігіттер, еңбегіміз жанды, мынаны қараңдар! — деп жұдырықтай қызғылтым тасты көрсетті. — Бұл — өте қымбат нәрсе, сирек ұшырайтын уран рудасы! Қазан көтеріңдер, бүгін демалайық..."

Сол жерде біз қоржынымыз әлгі тасқа толғанша жаттық..."

Институт директорының тыңғылықты ұйымдастыру шараларына, әріптестерін барынша асықтырған талабына орындаушы мамандардың ынтымақты жұмысы қосылған соң қоя ма, алғашқы жылдың өзінде-ақ қажет деген деректердің барлығы да сұрыпталып, редакциялық кеңестің алдына түсті: геофизикалық іздеу нәтижелері, металлогениялық және шлихтар бойынша жүрген зерттеу материалдары, бұрын-соңды түсірілген геологиялық карталар, барлау есептері мен оларға жазылған түсініктемелер, түрлі съемкалар, аймақтағы жерасты сулары туралы деректер, гидрохимиялық талдаудың мәлімдемелері, Сарыарқа қыртысында ашылған үлкенді-кішілі кен орындары туралы мағлұматтар... Соларды жинау үшін геологиялық қорлар ғана емес, әр түрлі архивтерді қазуға тура келген, тіпті ішкі істер министрлігінде сақтаулы тұрған бұрынғы полиция департаментінің сарғайған ескі қағаздарынан да алты жүзден астам кен көздері туралы мәлімдемелер іріктеп алынды. Зерттеушілер алдында сөйтіп жер-жерден жиналған жалпы қарамы бес мыңдай дерек жатыр. Әрбірін ғылыми талдап, әрқайсысын сипаттап, арнайы кадастр жасау керек.

1953 жылдың басында-ақ металлогенистер тобы бұл міндетті ойдағыдай орындап шықты. Енді болжам карталардың жоба макетін сызуға болады.

Өз теориясының алғашқы қағидаларын жария еткен кезде-ақ, Қаныш Имантайұлы қателесіп, нәдұрыс істеп отырғанын білмесе де, батыл байлам жасап, Орталық Қазақстан аты-

рабынан бірнеше жаңа кен орнын болжаған. Таңданарлық жәйт: олар жөне түгелдей дерлік ешкім ойламаған, тіпті кен болуға тиіс деп күтпеген аудандардан еді; әрі геосинклиналь зоналар ғана емес, тау жыныстарының өзара қатпарланған жүлгелерінен, Ленинград геологтары ештеңе жоқ деген геотектоникалық сызат-жарықшылар бойынан көрсетілген-ді... Ғылыми бәсекеге түсіп, тәуекелге бел бұған соң, несіне аянсын, теория нұсқаған болжамға сенді де, картаның алғашқы макетіне түсіртті!.. Шексіз батылды, әлде ғылыми сезіктің нәтижесі? Жоқ, бәрінен де бұрын бұл — өзі ойлап тапқан ғылыми концепциясының дұрыс-бұрыстығын тексеру. Кімнің болжалы дұрыс?.. Бұған кесікті, тегінде, ғылым емес, геологтардың барлауы айтады!

Ту баста өзара келіскендей, болжам картасының негізіне докембрийден осы заманға дейінгі даму тарихы нақты көрсетілген Орталық Қазақстанның геологиялық — құрылымдық картасы алынған-ды. Бұл карта құрлық боп қалыптасу тарихында аймақтың алты түрлі кезеңнен өткенін шамалаған. *"Регионның сатылап өскені рас болса, — деп топшылаған-ды Қаныш Имантайұлы, — картаны жасаушылар (Н.Г.Кассин, Г.Ц.Медоев) анықтаған геотехникалық алты кезеңді өздері мансұқ еткен ғылыми жаңа концепцияға сәйкес жеке-жеке талдау керек.*" Ғалымның ойынша, әрбір кезең аяқталар қарсаңда Сарыарқа қырғысы күрделі өзгерістерге ұшырап отырған. Демек, алты кезеңнің әрқайсысы, не кейбірі кен шоғырланған ірі қабаттарға ие болуы ықтимал... Сол себебіті *"Жұмыстың бұл кезеңінде талдау жан-жақты жүруге тиіс, енді асығуға болмайды* (ту баста, материал жинар кезде жұрттың бәрін асықтырғанын еске алыңыз! — С.М.), — деп ескертеді ғалым. — *Ойткені әр кезеңнің табиғатын танытқандай басты белгілерін дәл анықтау шарт, оларды қатпарлық құрылысы бойынша, магмалық жөнінен де, шөгінді-жанартаулық жаратылысына қарай жіктеп, мұқият зерттейміз"*, тоқ етерін айтқанда, бірнеше жүз кісінің әлденеше ай тапжылмай отырып, қосымша жүздеген карталар сызуын талап еткен...

Жұмыстың екінші жылында-ақ болжам карталарының алғашқы макеті әзір болған-ды. Алайда ол — картаның нағыз өзі емес, әмбе кейбір табақтары жетіспейді, дүдәмал жайлар да баршылық, оларды қайыра тексеру қажет. Себебі, ол ешкім күдіктенбейтін, әлдекім соңынан олқылық тауып, "Мынауың не?" демейтін, пайдаланар болса — орта жолда сүрінбейтін сенімді еңбек болуға тиіс. Қатаң талап! Сонсоң да, редакциялық Бас кеңес картаны одан әрі жетілдіріп, тексеруге 1953

жылдың күзі мен қысын түгелдей дерлік адақтаған, 1954 жылдың қаңтар айында аяқталған жұмыс көктем бойы тағы да пысықтаудан өтеді.

Картада 280 табак, оған қоса әр түрлі геологиялық және геология-металлогениялық жеке парақтар бар. Солардың әрқайсысы бойынша дербес түсіндірмелер жазылған. Оның көлемі — қалыңдығы кере қарыс 36 том. Түсіндірмелер әрбір кенді ауданның геологиялық құрылысын, онда кездесетін металл шоғырларын, құрамындағы пайдалы элементтерді, кен көздерінің генетикалық түрін, оның зерттелу тарихы мен осы күнге есептелген қорын, тіпті сол аудандағы құрылыс материалдары мен су мөлшеріне дейін, егер бұрыннан мәлім кеніштер сол табакқа дәл келсе — оның да ашылу хикаяты мен барлану тарихы, ең аяғы бұл туралы қандай әдебиеттер, деректер оқуға болатынына дейін... егжей-тегжейлі баяндап береді.

Картаның ең басты артықшылығы — Орталық Қазақстанның қай түкпірінен темір мен марганец, мыс пен қорғасын, мырыш, молибден, вольфрам, бағалы және сирек металдар, басқадай да полиметалл кендерін іздеуге нақты нұсқау беруінде. Бұрын мәлімсіз жерлерден ірі-ірі 40 түрлі кен шоғырын болжауында. Фажап жәйт: солардан қандай металл тауып және оны қай қабаттан іздеу жөнінің нақты көрсетілуі!

Мысалы, темір кендері Сарыарқа жонында төрт түрлі геологиялық дәуірде орналасқан. Алайда оның өндірістік қорын тек қана темір кварциттері кездесетін қыртыстардан барлау қажет. Марганец те геологиялық төрт дәуірде ұшырасуы мүмкін, оны бірақ алғашқы варис шөгінділері жатқан қабаттардан іздеу тиімді болмақ. Мыс болса Орталық Қазақстанда ең көп тараған, өте қорлы кен. Ол да негізінен төрт дәуірде шоғырланған. Ал полиметалл кендерін екі ғана дәуірден іздеген жөн. Сирек металдарды кварц, грейзен түрлері ұшырасатын жыныстардан қарау керек...

Болжамдау теориясының негізгі кілті де, нақтылы пайдасы да осы. Сапарға енді ҚАЙДА, НЕМЕНЕ іздеймін деп көз жұмып шықпайсың. ҚАЙ ЖЕРДЕ НЕ жатқанын күні бұрын шамалап аттанасың. Оның ҚАЛАЙ жатқаны, ҚАШАН жаралғаны да көз алдында жазулы тұр. Тек соны ажыратып оқи біл!

Картаны жасаушылар болжамдау үстінде теориялық нұсқаумен шектелмеген, өз топшылауларын одан өрі тереңдетіп, барлаушылар қолына нақты ұсыныстар өзірлеген. Орталық Қазақстанның барлануға тиіс аймағын олар шартты түрде үш кезеңге бөледі: алғашқысы — өндірістік маңызы зор, ірі кен орындары сөзсіз табылатын аудандар; екіншісі — өндірістік мәні ай-

қын деуге болатын үмітті аудандар, үшіншісі — өндірістік мәні айқын деуге болатын үмітті аудандар, бұларды алғашқыдан кейін, екінші кезекте міндетті түрде барлау қажет: үшіншісі — өндірістік белгілері аз, бірақ жоспарлы түрде тексеріліп, көбірек барлаулы қажет ететін мүдделі аудандар...

Карта жасалды, жұмыс бітті. Барлаушы геологтар қолына бер де, нәтижесін күт! Бірақ Қаныш Имантайұлы, ғылыми жетекшісін бір ауыздан қолдаған институт ұжымы қолдарындағы картаны пайдалануға беруге асықпаған. Қайта әр түрлі кеңестерге салып, ғалымдар сарабына беріп, бұл үшін өздерінің қарсыластарының аяусыз сынын тыңдаудан да бас тартпаған. Сол үшін де соңғы екі жылда Алматыда екі мәрте ғылыми конференция шақырылады. Оған республиканың таңдаулы мамандары, ғалым-геологтар қатысқан. Мәскеуден, Ленинградтан, басқа да геологиялық ұжымдарынан неше алуан білімпаздар келеді. Қысқасы, академик Сәтбаев жария еткен жаңа теорияның жақтастары мен қарсыластары тізе қосып отырып, емін-еркін пікір айтуға мүмкіндік жасалады. Екі жиын да, әрине, қызу айтыспен өтеді, сын да, мақтау да айтылады. Әлбетте, мамандар айтқан бағалы ұсыныстар, ойлы пікірлер іле-шала әжетке асты. Әйтсе де болжамдаудың өзі ашқан принциптерін қорғауда қазақ ғалымы ешкімге де еңкеймей, көп жылғы еңбекпен табылған ғылыми сара жолды берік ұстаған.

III

Осы қарсаңда Ленинград металлогенистері де зерттеуді бітіріп, геология жұртшылығының назарында "Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам карталарының" екінші нұсқасын ұсынады.

Сөйтіп, жол басында, осы жұмысқа кірісер алдында бетпепет келген ғылыми екі мектеп — ВСЕГЕИ мен ҚазГФИ ұжымдарының зерттеушілері ізденіс соңында қайыра кезіккен...

Барлаушы алдында Сарыарқаның бір емес, екі бірдей болжам картасы жатыр. Екеуі де Одақтағы аса ірі, беделді зерттеу институттарының ғылыми кеңестерінде бекіген, екеуіне де өденеше ғылым докторлары, академиктер, әйгілі ғалым-геологтар қол қойған. Екеуі де өкілетті ғылыми кеңестерде талқыға түсіп, өндірістік барлауда қолдануға кепілдік алған. Қолайыңа жаққанын қолыңа ал да, барлауға аттан! Бірақ?..

Иә, қолайсыз жәйтке осы арада кезігесіз, екі картаның да геолог-барлаушыны таңдандырған бір гәбі бар: өйткені бір

аймақ үшін екі түрлі болжам айтқан; демек, екі түрлі болашақ мәңзеген: тіпті бір кеннің көлемі мен мәні, түрі мен тегі, қоры хақында бір-бірінен алшақ жатқан тұжырымдар берілген. Қысқасы, бұл карталарды басшылыққа алып барлауға аттанған топ бір кенді екі жерден іздеуге мәжбүр болмақ. Немесе біреуі бойынша оны іздеуге тиіс те, екіншісіне сенсе — әуре болудың қажеті шамалы...

Іздеуші геолог, әрине, аң-таң. Қай картаға сену керек? Қайсысын пір тұтып, жолға шыққаны жөн? Екеуінің де қосымша түсініктерін оқысаң — осалы жоқ. Өте-мөте сенімді жазылған. Қай бетін ашсаң да көкейге қонып тұр. Бірін қате деп, екіншісін дұрыс көріп таңдау үшін де, сірә, бірталай білім, сұңғыла ақыл керек сияқты. Жә, сонда мұндай шатағы мол картаның пайдасы бола ма? Геологқа, тегінде, бұлталақсыз нұсқа қажет!

Ал карта жасаушылар бұл кезде ашық ғылыми айтысқа шыққан-ды, тіпті бір-біріне есе берер емес: геологиялық баспалар бетінде, арнайы шақырылған ғылыми кеңестерде әр мектеп өз топшылауларын қорғап, баяндамалар әзірлеп, еңбектер жария еткен; бас-аяғы екі жылда Ленинград пен Алматыда осы хақында бірнеше мәжілістер өтті. Екі жақтан да соған көптеген ғалымдар қатысты. Бұлар ғана емес, өзге институттардың, Геология министрлігі мен КСРО ҒА-ның әр түрлі сарапшы комиссиялары бұл айтысқа бірнеше мәрте пікір білдірді. Кей мезгіл геология қауымы осы мәселе төңірегінде екіге жарылып, бітпеспес дауға түскендей қиын сәттер де туып қалып жүрді...

Шындығында, сол айтысқа әділ төрелік айту да оңай емес-ті. Себебі біріне "жоқ", екіншісіне "бар" деу керек. Өзге төрелікке екі жақ та көнбейді. Ақыры, бұл дау екі жылға созылып келіп, 1956 жылы Мәскеуде өткен металлогениялық кеңес екі ұжымды да риза еткен қаулы қабылдайды: *"Екі карта да өмірде, нақтылы іздеумен тексерілсін; қымбатқа түссе де кен болжанған барлық нүктелерде тексерме барлау жүргізу қажет; екі теорияның да дұрыс-бұрыстығын шынайы деректер ғана шешеді.."*

Бұл айтыстың ақырғы қорытындысы 1958 жылы Алматыда шығарылған.

Металлогенистердің Бүкілодақтық бірінші кеңесіне геологиялық 120 ғылыми және өндіріс мекемелерінің сегіз жүзден астам өкілдері қатысқан. Талқылауда пікір білдірген академик-

тер мен ғылым докторларының қарамы қырық шамалы. Одақ-тағы геологиялық қызметтің министр бастаған лауазымды жетекшілері, КСРО геология-география бөлімшесінің басқарушы құрамы да осында. Барлық одақтас республикалардан президенттері, иә жетекші геолог-ғалымдары бастаған мамандар делегациясы келген. Шетелден де әдденеше ғалымдар қатысқан.

Кеңестің басты мақсаты сол күнде геологияның көкейкесті мәселесіне айналған металлогениялық болжам карталарын жасауға ортақ нұсқа, әдістемелік қағидалар белгілеу. Сол үшін де бұл мәселе кеңінен қойылып, талқылауға әртүрлі ғылыми ұжымдарда туған жиырмаға тарта болжам карталары ұсынылған. Олардың әрбірі түрлі-түрлі аудандар үшін жасалған. Демек, өмірлік аса мәнді зерттеуге ВСЕГЕИ мен ҚазГФИ-ден өзге ғылыми ұжымдар да шыңдап бет бұрған.

Қазақстан металлогенистері бірінші кеңестің талқысына жеті баяндама әзірлеген-ді, оның екеуін академик Қ.И.Сәтбаев жасайды. Алғашқысы — "Орталық Қазақстанның кешенді металлогениялық болжам карталары" деп аталатын.

ВСЕГЕИ ұжымы төрт баяндама әкеліпті.

Алматы кеңесі алты күнге созылады. Алты күн ұдайы (баяндамалардың көпшілігі тыңдаушыларға алдын ала таратылған) геологияның әр саласында еңбек етіп жүрген мамандар, неше алуан білімпаздар өз пікірлерін ортаға салады. Негізгі талқы, әрине, жұрт күткендей, ВСЕГЕИ мен ҚазГФИ ұсынған карталар төңірегінде болған.

Екі картаның өндіріске берілгеніне бес жылға жуық мерзім өтті. Содан бері болжам карталары нұсқаған аудандарда геологиялық экспедициялар тексерме іздеу жүргізді. Қыруар қаржы шығын болды. Аз емес, ондаған барлау топтарын ұйымдастырды. Ал барлау нәтижелері геология жұртшылығын есінен тандырандай: сынақ жүрген жылдарда Орталық Қазақстан аймағынан табылған 358 кен көзінің оннан тоғызы (дәлірек айтсақ — 331 жерде) ҚазГФИ металлогенистері күні бұрын нұсқаған аудандардан ашылған! Есеп тіліне аударсақ — барлаушылар іздеуге шыққан он сапарының тоғызында олжалы оралған! Ал Ленинград геологтарының картасы бойынша жүргізілген барлау? Шындықты жасыруға хақымыз жоқ: ВСЕГЕИ ұжымы әзірлеген карта далалық барлауда өзін ақтай алмады; олар нұсқаған кендер табылмаған... Жалпылама қағидаларға, әмбебап схемаға сүйеніп жасалған еңбек қаншама ықтияты өзірленгенімен, өмір сынында Қазақстан металлогенистерінің картасымен бәсекеге түсе алмады. Сәтсіздік сыры — олар пайдаланған теорияның олқылығы. Демек, ол — геология қауымы ертеден айтып жүргендей, барлық аудандар үшін

жаппай тиімді емес. Сәтті болатын аймағы бар. Бірақ ол — күрделі құрылысты Сарыарқа қыртысы емес!..

Алматы кеңесінде жарыс сөзге шыққан көптеген мамандар пікірі осыған саяды.

Ц.М.ФИШМАН, Орталық Қазақстан геология басқармасы: *"Зерттеушілік деңгейі өте жоғары деп саналатын ВСЕГЕИ институты және Мәскеу университетінің геолог-ғалымдарының ішінара қатысуымен жасалған масштабты екі жүз мың шақырымдық геологиялық карта пайдалы қазбаларды іздеуде бізге ешқандай мәңгі көмек көрсеткен жоқ... Алматылықтар картасы туралы олай дей алмаймыз..."*

Х.М.АБДУЛЛАЕВ, Өзбек КСР ҒА-ның президенті: *"Өзімізге карта жасарда біз Қазақстан геологтарының тәжірибесін пайдаландық, солардың картасын үлгі еттік. Сол себепті өзімізді Қазақстандық мектептің шәкіртіміз деп санаймыз..."*

Г.А.СОКОЛОВ, КСРО ҒА-ның геология институты: *"Қазақстанға қарағанда, Орал — ең көне, кен көздері ертеден мәлім аймақ, оның қазба байлықтары да ешбір аймақтан олқы емес. Бірақ бұл өңірдегі металлогениялық зерттеулердің деңгейі Қазақстаннан кейін қалып қойған... Мәселен, Орал бойынша жасалған ВСЕГЕИ картасы (авторы В.М.Сергиевский) сәтті шыққан жоқ, турасын айтқанда, барлаушылар үшін ықыласпен қолданғандай үлгі-нұсқа бола алмады. Here?..."*

Біздіңше, бұл сауалдың қисынды жауабын, бір мектептің ғылыми өсуде екінші мектептен неліктен кейіндеп қалатын себебін КСРО ҒА-ның геология-география бөлімшесінің төрағасы академик Д.И.ЩЕРБАКОВ Алматы кеңесін қорытындылаған сөзінде өте дәл айтқан: *"Геология ғылымының даму ерекшелігіне тоқтала кеткім келеді, Одақтың бірталай түкпірін соңғы жылдары аралау кезінде мен ғылыми ойдың орталықтан шет аймақтарға ойысқанын көріп жүрмін. Мәскеу мен Ленинград бұл жөнінде бұрынғы басымдығын енді көрсете алмайды... Әсіресе соңғы он жылда жер-жердегі ғылыми ой мен өндіріс мектептері керемет өсті. Оларды есірген — өмірге жақындық, нақты барлаумен шұғылдану! Осы жәйтпен шындап есептеспесек — мықтап қателесеміз. Орталықтан келіп, болымсыз бірдемелерді ірі жаңалық деп бопсалап өткізетін заман келмекке кетті, жолдастар... Меніңше, орталықтағы ғылыми-зерттеу институттары өмірдің осы бір сүйкімді шындығынан тиісті қорытынды шығаруға тиіс!..."*

Металлогениялық Бірінші кеңестің Алматыда өтуінің өзі-ақ Қазақстан ғалымдарының бұл салада алдына жан салмай,

барлық әріптестерінен көш ілгері озық келе жатқанын ресми мойындау болатын. Бұл шындық кеңестің бір ауыздан қабылданған қаулысында да атап көрсетілген: *"...пайдалы қазбалар қоймаларының жер қыртысында орналасу заңдылықтарына тым жалпылама қарап, кей ретте соларды қатаң схемаға айналдыру қаупі зорайып барады. Мұны бұлжымас қағида деп қабылдауға болмайтындығын Қазақстан металлогенистерінің сәтті жұмысы дәлелдеп берді"*.

Кеңес Қаз ФГИ-да жасалған картаның өміршең дүние ғана емес, үлгілі іс екенін де бүкіл геология қауымына жария еткен-ді. *"Сәтбаев картасы, — деп жазған-ды "Известия" газеті кеңес туралы есебінде, — геологтардың мәңгі және өздері үшін аса маңызды өмірлік сұрақтарына дәл де жан-жақты жауап береді. Ол сұрақтар — НЕ ІЗДЕУ және оны ҚАЙДАҢ ІЗДЕУ..."* Бұл сұрақтарға академик Қ.И.Сәтбаев өз монографиясында нақты жауап бере отырып, пікірін былайша қорытқан: *"Біздің жұмысымыздың түйіні — мәселені жан-жақты зерттеп, алғашқы бақылаумен деректерді толық жинап, талдауды нақты жүргізіп, тұжырымдаған кезде әділдікке жүгіну, ең ақырында, ғылыми еңбекте ұжым болып жұмыс істеу... Тегінде, оны металогенияның кешенді жаңа әдісі деп атауға болады"*.

Бұл жолы да ақиқат жеңді. Академик Сәтбаев негізін қалап, көп еңбек, қиыншылықпен сомдаған болжамдау теориясы өзіне жолды нақтылы барлаумен ашты. Оның өміршеңдігі де, өзгелерге үлгі болар себебі де осында. Ғалымның өз сөзімен айтқанда, *"Болжам теориясы — металогениялық ілімнің түп қазығы болса, болжам карталары — оның асқар шыңы... Сонымен бірге ол — ғылымның кезекті бір туындысы ғана емес, ең алдымен — мыңдаған барлаушы геологты жер қойнының құпиясын ашуға құлшындырар сенімді нұсқа"*.

Орталық Қазақстанның болжам карталарын жасауға қатысқан жетекші топқа, осы тарау басында есімдері аталған Қ.И.Сәтбаев бастаған сегіз ғалымға 1958 жылы Кеңес Одағының сол күндегі ең жоғарғы, әрі мәртебелі марапаты — Лениндік сыйлығы берілді. Әсілі, бұл да Қазақстан металлогенистерінің озық еңбегін ресми танып, ғылыми өміршеңдігін мойындау болатын. Шынтуайтын айтқанда, нақ осы жұмыс геолог Сәтбаевтың бұдан отыз жыл бұрын, 1928 жылы Жезқазғанның кен төбелерінде сезік-болжамға ден қойып, батыл кіріскен ізденісінің әдеттері "жол болғыштық, иә салымдылық" емес, ғылыми көрегендік екендігіне тағы дәлел етті. Сондықтан да оны ғылыми қауым болжамдау ілімінің, бол-

жам карталарын жасау ісінің нағыз білгірі деумен бірге, одақтық геологияны жаңа деңгейге көтерген, жаңа тармақпен байытқан, яки МЕТАЛЛОГЕНИЯ ілімінің негізін бекемдеуші теоретигі деп таныған-ды. Соған орай Қаныш Имантайұлы іргесін қалаған ғылыми жаңа мектеп — Қазақстан геологтарының дербес ұясы өмірге келіп, оның талантты түлектері ізденіс бастаған аймақтарда ерекше жолды болып, қазақ даласының жерасты байлығын көптеп аша бастады...

Әрине, осыншама айтыс-тартыстан соң Қазақстан металлогенистерінің мадақ дақпырты күллі Одақтың геология қауымына (ал олардың жалпы қарамы он мыңнан астам мамандар!) мәлім болып, ондаған, жүздеген кең іздеуші ұжымдардың кәсіби қызығуын тугызған. Соған орай Алатау баурайындағы алма бағына оранған әсем қала Алматы — геология жұртшылығының өзіндік Меккесіне айналды. Оған Одақтың алыс түкпірлерінен де іздеп келіп, іс-тәжірибесін үйренуге талаптанған, Чехословакия, Польша, Болгария, ҚХР, Индия мен Албаниядан да геолог-ғалымдар келіп, болжам карталарын жасау әдістемесін меңгерген. Рас, сол табысқа Қазақстан іздеушілерінің ұзақ жылығы еңбекпен жеткенін ескермей, мүдделі картаны оп-оңай жасап алып, олжаға бейнетсіз қарқ болуды көздегендер де болған...

Озық мектептің даңқты жетекшісін өздерінде отпек келелі жиындарда баяндама жасауға шақырғандар да аз емес. Кейбірі академик Сәтбаевтың ғылыми мәжіліске қатысуын да мәртебе санаған. Қазақ ғалымының Кеңес Одағы геологтарының ұлттық комитетінің төрағасының орынбасары болып сайлануы да сол қарсаңда, ал "Кеңестік геология" журналы редакция алқасына мүшелікке шақырды.

Сүйсінерлік жәйт: ғылыми даңқының биікке көтерілуі Қаныш Имантайұлын өзгерткен жоқ, мадақ лебіздер мен мәртебелі сыйлық, түрлі атақ, құрметтердің бәріне ол өткініш рәсімдей қарап, күнбе-күнгі машық мінезінен, беріле жұмыс істеуден жаңылмады; мақсат-мүддесі де бар білімін, қуат-күшін, ойындағы ісін ел игілігіне жұмсау болып, бәз-баяғы қалпында қала берген.

ГФИ болса игі нәтиже берген зерттеуді бұрынғыша жалғастыра берген. 1958 жылы-ақ онда "Өспен тектоникалық аймағының геологиясы мен металлогениясы" тақырыбы бойынша жұмыс басталған. Ал содан бірнеше жыл бұрын институттың бір топ ғалымдары Шығыс Қазақстанның болжам картасын әзірлеуге кіріскен-ді. Екі ізденістің де ғылыми жетекшісі — академик Қ.И.Сәтбаев.

Сайып келгенде соның бәрі де, басқа аймақтар бойынша жүрген ізденістерде — ғылыми-зерттеу институтының күнбе-күнгі зерттеу тақырыбы. Әмбе оларды сәтті атқаруға ұжымда қалыптасқан тәжірибе бар. Алайда Қаныш Имантайұлының өзі болжам карталарын жасау ісін ізденістің бастапқы кезеңі деп есептеген. Ал екінші кезеңде, оның пайымдауынша, пайдалы қазбалар кен орындарын өзара топтап, металлогениялық ізденісті тереңдете жүргізіп, ақыр аяғында өте ірі көлемді болжам карталарын түзеу қажет. Академик Сәтбаевтың пікірінше, бұл жұмыс күндердің күнінде, таяу жылдарда жер қыртысында кен шоғырларының пайда болу заңдылықтарын ашуға жеткізер — бірден-бір кілт. Ал, одан әрі ғұмыр жетсе — кен қабаттары жаралуының құпиясын білуге құлаш ұруға болады. Сірә, оны шешу үшін он бес жыл шамасы уақыт керек...

Шынын айтқанда, бұл жер қыртысының жүздеген метр қатпарлы қойнына миллиондаған жылдар бойы мықтап жасырып, адамзат қауымының небір көреген де кемеңгер білгірлері талап қылып, бірақ шеше алмай келе жатқан құпиясы болатын. Соны шешпекке талаптанушының өзі ғажап ерлік, заңғар ойдың қол жетпес шығарға ұмтылысы емес пе?!

(Әлбетте, қазақ ғалымының бұл істегі игі талабы елеусіз қалған жоқ. 1957 жылы академик Сәтбаев Жер планетасының металлогениялық жалпы картасын жасау жөніндегі Халықаралық комиссияға Кеңес Одағы атынан мүше боп енгенді. Американың Принстон, Англияның Кембридж университеттері оған арнайы хат жолдап, 1964 жылы өзіне қолайлы уақытта металлогения тақырыбында дәрістер оқуға шақырған. Нақ сол жылы жазға салым Делиде өтпек дүние жүзі геологтарының конгресінде қазақ ғалымы тап осы тақырыпта бас баяндамашы болуға келісімін берген. Амал қанша, қатал тағдыр солардың бірде-біріне қатысып, қордалы мәселедегі ұтымды ойларын мәртебелі мінберден жария етуге мүмкіндік бермеді. Сол үшін әзірлей бастаған ғылыми ой-толғамдары ғұламаның ең соңғы еңбегі болып, жазу үстелінде аяқталмай қалды...

Қытайдың геология университетінің ғалымы Чжоу ЧАО-ФАННЫҢ естелігінен:

"Қаныш Имантайұлы Сәтбаев Пекинде өткен Қытай геологтарының бірінші конференциясына қатысып, Қазақстан мамандарының геология карталарын жасаудағы тәжірибесі туралы баяндама жасады. Қытайлық әріптестері ортасында оның хабары ерекше ынта туғызды. Өйткені бізде сол қарсаңда 1:3000000 масштабта жасалған геологиялық бір-ақ кар-

та бар-ды. Демек, бұл салада бізде әлі мардымды еңбектер жоқ болатын. Қытайдың геология министрлігі осы конференциядан соң кеңес Одағының кен іздеуші, әсіресе Қазақстанның кәсіби мамандарын келтеп шақырып, олардың тәжірибесін үйренуді машық етті. Нәтижесінде біз күллі КХР атырабында жаппай ізденіс бастадық.

Сәтбаевтың сол сапарында мен ол кісіге ресми аудармашы болдым. Бір айға тақау мерзім бірге жүргенде мен ол кісінің ғажап тұлғасына таң болудан жалыққан емеспін: тұрмыстық жәйттерде ерекше бап тілемейді, кіммен болсын сіз деп сөйлеседі, кішіпейілдігі сонша — өзінен кішіге де ізетпен қарап, өзіңіз біліңіз, не десеңіз — сол болсын, маған да сол қолайлы... деп иліп тұратын ибалы жан... Ал, мен, тым жас кезім, неше алуан сұрақтар қойып, мазалай беремін. Ол кісі болса маған жан-жақты түсінік беруден жалықпайды, қайда оқығанымды, тұрмыс күйтімді, жұмысымның жай-жапсарын тәптіштей сұрайды. Қытайлықтар рәсімінде жасы үлкендерге әрдайым қолғабыс етіп, ауыр жүгін көтеруді міндеттейтін өнеге бар. Мен де Сәтбаевтың чemoданын көтермек болсам, ол кісі кәдімгідей ренжиді. "Біздің халық әйелдерге ешқашанда ауыр жүк көтертпейді, сіз мені ұятқа қалдырасыз..." — деген соң, амал қанша?!.. Ғалымның кісілік зор тұлғасы, сұңғыла ақыл-ойы, адамды өзіне баурап тұратын жарқын әлпеті менің көңілімде өшпес әсер қалдырғаны сонша, ғұмыр бойы ұмытпай, өзіме өнеге етіп келемін..."

("Қазақстан ғылымы" апталығы, 1999 ж., 16-31 наурыз).

Зер сала қарасаңыз, қазақ ғалымының кен орындарын болжамдау саласындағы, әсіресе металлогения ілімін өрістету ісіндегі түбегейлі де тұрлаулы еңбегі әлем геологтарының назарына ілігіп, сол күннің өзінде таң қаларлық қызығу туғызған. Амал қанша, кеңестік ғылымның ауқымы өте тар, әрі қасаң идеологиялық қыспақта болуы, Кеңес Одағының билігін ұстаған мемлекет қайраткерлерінің білім-танымының таяздығы, бөлкім, қазақ қауымын жайлаған қызғаншақ пиғыл мен пендешілік Қаныш Сәтбаев сынды алып тұлғаның ұлы ісін сол кезде, опат болғаннан кейін де, қысқасы, ол өмір сүрген ғасыр ішінде жеткілікті бағалап, әлемдік деңгейге даралап көтеруге мүмкіндік берген жоқ. Өкінішті жәйт, керемет тағылым демеске шараң жоқ!..

Г.В.НЕЧИТАЙЛОНЫҢ естелігінен:

"...Алматыға жолы түскен сапарларының бірінде Н.С.Хрущев Қаныш Імантайұлын сұхбатқа шақырып, өзіне тән

қарапайым һәм біршама дәрәкә түрдә, Англияға ресми барған кезінде Н.А.Булганин (КСРО Министрлер Кеңесінің төрағасы – С.М.) екеуі кездейсоқ тап болған қолайсыз бір жәйтті сүйсінә әңгімелепті. Бұл жайында мен президенттің өз аузынан сол күні естідім, сирә, қоңилінің марқайған сәтінә тап болсам керек. Әңгіменің жай-жапсары мынадай...

Англияның премьер-министрі Энтони ИДЕН Кеңес Одағының көп ұлттан құралған алып ел екендігін мойындай отырып, "Сіздер бұл істе тамаша табысқа жеттіңіздер, ал Ұлы Корольдікте жағдай басқаша дейді білем... Мысалы, аз ұлттардың ортасынан жарып шыққан көрнекті тұлғалар бізде жоқ. Академик Сәтбаев сияқты Кеңес Одағының даңқын әлемге паш еткен айтулы ғалымның әлемдік аренаға шығуы – сүйсінерлік жәйт!.." – дегенде, "Николай Александрович екеуміз, – депті Никита Сергеевич қатты күліп, – Сіз жайында, Қаныш Имантаевич, ештеңе білмегендіктен, әңгімені өрбіте алмадық. Иден мырза сіздің не істейтініңізді, қайда тұратыныңызды тәптіштеп сұрағанда, мен Булганинге, ол маған қарап, өтірік-шыны аралас бірдемені ойдан бопсалап (түпнұсқада: "стали бекать и мекать"), ақыры, әңгімені басқа сөзге аударып, әрең құтылдық. Ал, қазір, – дейді Хрущев басын сипап, – сол күнгі оқылығымды толтыру үшін әдейі шақырдым. Міне, енді сізді жақынырақ білдім, жұмысыңыз сәтті болсын, күйлі-қуатты болыңыз!.."

Ғұлама ғалым арамыздан кеткеннен кейін көп жылдан соң мәлім болған осы гөп те, тегінде, академик Сәтбаевтың басынан кешкен қилы тауқыметтің түп себебін айқынырақ ұғындырса керек.

ЖАҢА БИКТЕРГЕ

I

Президент боп қайта сайланғаннан беріде ғалымның жұмысы тағы да ұлан-асыр көбейіп кеткен-ді. Ғылым ордасы да бұл кезде сан-салалы ірі орталық, Зерттеу институттарының өзі отыз қаралы. Оларда он мыңдай қызметкер істейді. Ізденіс өрісі жан-жақты өсіп тереңдей түскен, ғылымның әр түрлі саласын қамтиды. Бәрін болмаса да, ең бастыларын президент білуге тиіс. Одан өзге кісі шеше алмайтын күрделі жұмыстар қаншама!

Қаныш Имантайұлы басқарған мәжілістер әрқашанда

қысқа өтетін және іскерлік сипатымен дараланып, ерекшелігімен есте қалатын: біріншіден, мәселеге қағысы бар адамдар ғана шақырылады; екіншіден, сөйлеушілер өңіменің тоқ етерін мәлімдеуге тиіс — жалпылама есеп, жұтаң ой, даурықпа ақпармен құтылып кетем деп ойлама; үшіншіден, нақты ұсыныспен сөйле... Ал, талқыға түскен тақырыптың ғылыми мәні ұтымды болса — Қаныш Имантайұлы оның бағыт-бағдарын әрдайым назарында ұстап, тиісті көмек көрсетеді. Сынақ жүргізушілерге де маза бермейді. Тіпті көңіл-күйін сұрап, қажет деп білсе — тұрмыс ахуалын түзетуге жағдай туғызады.

Ал Жезқазған тағдырына байланысты мәселе — Қаныш Имантайұлының әрі азабы, әрі рақаты. Жезқазған қыртысының жылма-жылғы ахуалын, барлау жаңалықтарын, төңірегіндегі ізденістер, барланған қабаттардың жай-күйі... бәр-бәрін ол жадында ұстайды. Мүмкіндік тауып, жылына бір мәрте сол өңірге барып тұруға тырысады. Алда-жалда бара алмаса — кәдімгідей аңсап, ерекше сағынады. Сағынышы үдеп, түсінде көріп, зеріге бастаса — өз институтындағы минералогия мұражайына келеді де, Жезқазғанның кен тасы тізілген шыны шкафтың алдында жарым сағат тапжылмай қарап тұрды-ақ, о тоба, едәуір сергін қалады. Осы осалдығын жақсы білетін егде әріптестері сол хақында өзіл-оспақ айтып, күлкіге айналдырса, ол: "Жезқазған минералдарына мен өлердей ғанықпын. Соларға қарадым-ақ неше түрлі қияла беріліп, кәдімгідей ләззат аламын. Мен үшін олар — екінші тыныс, қиыр далаға шығып, саф ауа жұтқандай боламын. Тіпті Жезқазғанға барып қайтқандай қуанамын!.." — дер еді.

Жезқазғанның келешегіне байланысты қандайда өзекті шаруаға Қаныш Имантайұлы бей-жай қарап, қол құсырып қалыс қалмасы да жұртшылыққа жақсы мәлім. Өзі куә болған бір іс жайында Жезқазғандық инженер Далабай Оспанұлы Ешпанов 1969 жылы бізге мынадай әңгіме айтып еді...

— Бір күні, 44-шахтының бастығы Сәдуақасов Темеш екеумізді, мен ол кезде осы шахтының бас инженерімін, комбинат директорына төтенше мәжіліске шақырды... Кабинетте бір топ инженерлер отыр. негізінен комбинаттың өндіріс-техникалық қызметінің жетекші мамандары, төрде — Қаныш Имантайұлы. Біз келген соң жұрттың бәрі үстел басына жақындады да, комбинат директоры Виктор Васильевич Гурба мәжілісті ашып, сөз кезегін Қаныш Имантайұлына берді.

— Сіздер, осы, Жезқазған кенін қалай қазып келесіздер? —

деген сұрақпен сөзін бастады академия президенті. — Әуелгіде кәдуілгі қайламен, күрекпен. Одан кейін перфораторға көштіңіздер, күректі сүйретпе скреперлер ауыстырды. Тәшке-лердің орнына вагонеткалар келді. Әжептәуір өнімді әдіске көштіңіздер. Солай емес пе? Ал шыңдығында арқалап келе жатқан жүгінді атан түйеге ауыстырғандай әншейін амал...

Инженерлердің қайсыбірі мырс етіп, академиктің тосын теңеуіне таңданғандай қозғалыс білдірді.

— Сіздер күлсеңіздер, менің жылағым келіп тұр, — деді Қаныш Имантайұлы кенет түсіп суыттып, — төзуге болмайтын дәрменсіздік! Кен қазылатын осы заманғы жабдық жасау туралы неге ойланбаймыз, айталық, өнімділігі жоғары қуатты машиналар қолдануды армандап?!.. Техникалық ой қазірде алға шығып кетті... Біздің ғалымдар да бұған "Жасауға болады!" деп жауап береді. Солардың бірі, әне, ортала-рыңызда отыр.

Президент үстелдің шеткері түкпірінде монтиып отырған Уахит Шәріпұлы Шәріповты нұсқады, Қазақ КСР Ғылым академиясының кен институтында ол сынақ зертханасын басқаратын. О күнде жасаң отырған инженерлер Ешпанов пен Сәдуақасов та сол қатарда отырған. Қаныш Имантайұлы бұдан арғы сөзін осы үшеуінен көзін алмай, қатқыл үнмен естіртті.

— Ал, Шәріпов жолдас — осында отырған мамандардың жуас та ең кішіпейіл, сондықтан да оның неше жылдан бері зар қақсап жүрген арман ісін, "Тау-кен өндірісінде төңкеріс жасайтын, кен қазуды оңдаған, жүздеген есе арттыратын жаңа техника жасайық!" деген ұсынысына құлақ қойғыларың келмейді. Қане, өндіріс мамандары, шыңдарыңызды айтыңыздаршы, Уахит Шәріпұлына нендей көмек бердіңіздер? Ақыл-кеңес қосып, кісі беріп, сынақ өткізетін учас-ток, шеберханадан орын сайлап?.. Уәке, мына кісілердің мазасын алып, Жезқазған шахтыларын жағалай адақтап жүргеніңізге неше жыл болды?

— Жақында алты жыл болады, — деді Шәріпов әлденеге кінәлі адамдай қызараңдап.

— Онда кенші ағайындардан да ұят болған екен! — Сәтбаев мырс етіп, келер сөзін де мысқылмен жалғады. — Білемін ондірістегі азаматтардың көкейінде не тұратынын... Жоспар, тек қана жоспар! Неғылсаң да күні-түні тырбанып жүріп кен беру! Ғылыми сынақпен шұғылданбадың деп ешкім де сіздерді орындарыңнан алмайды, солай емес пе? Ал ғылыми сынақ — ғалымдардың міндеті, академия институттарының сыбағасы. Әмбе бұл кісі қозғап жүрген тың істен бірдеме шығады деп

сенбейсіздер. Әрине, сену де қиын. Бұл үшін қиялы асқақ фантазер болу керек: осы күнгі кісі бойындай аласа забойда алып экскаватор істейді, вагонеткалар орнына кенді жер астында қырық тонналық автомобильдер тасиды, ал перфораторларды бұрғылау қондырғылары ауыстырады дегенге қалайша сенуге болады?! Нағыз қиял! Сенбеген соң да Уахит Шәріпұлын осы заманның Дон-Кихоты деп күлесіздер, ол жасаған қондырғыны "Шәріповтың арбасы" деп, ажуа ету...

44-шахтының басшылары ғалымға тура қарай алмай, назарларын аударып әкетті.

— Жезқазғанның келешегі, жастар, сіздерде емес пе?! Бүгінгі барға мез болмай, келешекті қиялдау жастардың мұраты болса керек-ті. Ал сіздер әкелеріңнен қалған ескі скрепер-күрекшені даңғырлатып, баяғыдай сүйрете бергілерің келеді. Сонымен-ақ жоспар бергенге мез боласыздар. Жоспарларың соңда айтуға тұрғандай зор болса?.. Бүгіннің өзінде біз оны аз деп отырмыз, ал ертең? Жезқазғанның арзан да тиімді мысы күні ертең көбірек керек болмақ, осы жерде тұрғызылып жатқан алып зауыт біткен кезде жоспар ондаған есе өседі. Сонда қайтпексіздер? Шахты санын молайтып, кен беретін участоктарды көбірек ашу амал емес. Жоқ, жолдастар, бұл жердегі кенді тиімді әдіспен, айталық, алып шахтылар салып та алуға болады. Әрине, бұл үшін осы күнгі перфоратор, иә, бұрғылау станоктары жарамайды, мүлдем жаңа техника қажет! Сол себептен де, қымбатты жолдастар, тілесең де, тілемесең де — кен қазатын алып техника туралы ойлануға тура келеді. Мәселен, он жылдан соң, жиырма жылдан соң кенді қалай қазамыз, немен тасимыз деп... Ал оны ойламай, осының бәрін бір ғана Уахит Шәріпұлының мойнына артып қойсаңыздар, турасын айтайын, бұл істен ештеңе өнбейді. Кен қазу технологиясында да таяу мерзімде ешқандай өзгеріс болмайды. Мұндай келелі іс бір, иә бір топ маманның қолымен жасалмайды, көп адамның көмегі керек, қаражат, уақыт, сынақ жүргізетін орын, шеберхана, ең бастысы, осыдан бірдеме шығады деген шексіз сенім, жұмыс істеуге ынта қажет! Әлбетте, қажет болса, мұны ресми орындар арқылы міндет қылуға да барамыз. Ал, бірақ біз мұны сіздердің еріктеріңізге салып тұрмыз. Әйткені тың ойға құлай сенген мамандар ғана өзгерту жасайтынын мен жақсы білемін...

Директордың кең кабинетінде шыбынның ызыны естігендей тыныштық жайлап, біразға дейін ешкім үн қатпай, тым-тырыс отырып қалды. Не айтарын білемегендіктен бұйырылып отырған жоқ, әрине. "Жарайды, мойнымызға аламыз!"

дедін екен — сөзінде тұр; Сәтбаевты мұнда отырғандардың бірде-бірі алдай алмайды; ҒА-ның президентін анау-мынау шығарып салма сөзбен аттандырып жіберуге тағы болмайды. Абзалы, шынынды айт та бірден құтыл. Болмаса тәуекел деп беліңді бу...

— Қаныш Имантайұлы, сіздің алдыңызға қинал екенімізді білеміз, — деп бастаған-ды сөзін Темеш Садуақасов.

— Менің емес, Уахит Шәріпұлының.

— Эксперимент агрегаттың 44-шахтыда сыналуына қарсылығымыз жоқ. Көмектесуге әзірміз, — деді Ешпанов.

— Міне, бұл басқа әңгіме, — деп бірден келісті президент. — Бәріңізге сәтті жұмыс тілеймін!..

(Он бес жылдан соң, бұл кезде бірақ Сәтбаев та, Шәріпов та өмірден аттанып кеткен еді, сол күні директордың кабинетінде бас қосқан инженерлердің жетеуі кен қазу технологиясы аса дәлір қуатты жабдықтар жасап, өндіріске сәтті енгізген үздік еңбектері үшін КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері атанды. Жезқазғанның алып шахтыларын қазірде дүние жүзіне әйгілі. Оларда өзі жүретін автоматты бұрғылау қондырғылары ғана емес, алып экскаваторлар мен кен таситын қуатты автомобильдер жұмыс істейді. Бұл алыптардың әрқайсысы содан бері бұрынғы Жезқазғанның он, жиырма шахтыларының өнімін беруден жаңылған емес)..

...

Қазақ КСР Ғылым академиясының бас ғимараты тұрғызылмақ алаң соғыс аяқталған жылы қоршалғанымен, түрлі жетіспеушілік пен кедергілер себеп болып, құрылысы кешігіп басталған. Белгісіз фотограф бұл оқиғаның болған күнін 26 сәуір 1951 жыл деп көрсетіп, ғылым үшіннің іргесіне Қаныш Имантайұлының тұңғыш бетон құйып жатқан сәтін бейнелеген деректі сурет қалдырған....

Қазірде бұл үй — Алматының ең әсем, айшықты Ұлғиық өрнекпен мүсінделген, бітім-тұлғасы дара, сырт келбетіне ішкі безенуі, кеңдігі, сыңғырлаған үлкеңді-жұшпіл залдары, еңселі холл, неше түрлі кабинеттері жараспты ансамбль түзген тамаша ғимараты. Оның тұрған орны да сирек кездесетін сұлу табиғат келбетімен табиғи жарасқан: алды-арпы — бұлақ сылдырап, фонтандар шапшытқан кең алаң; ал тұрғынғалы — мәңгі көгерген ну жылысы шымылдықтап керіліп, күдірейген тау жоталары өркештентіп, басында сүрті қар жатқан ақбас

шың; сол бір ғажап суреттің етегінде алтын шапақты күн нұрына шомылғандай ақ сары реңде тұлғаланып еңселі де парасатты, таңғажайып сәулетті ғылым сарайы аңдыздап тұрады. Сол жарастық Шоқан Уәлиханов атындағы кең көшемен төмендеген сайын зорайып, екі жақтан қатарласа сап түзеген академия институттарының біркелкі тұлғалы үйлерімен ұлғая түседі. Қысқасы, бұл маңаттағы барлық құрылыс сымбаты шебер сәулетшінің қиял тербеген ойынан туған.

Бұда — Қаныш Имантайұлының ынта-жігерімен дүниеге келген мансұқ ісі. Ғылым ордасының жобасын жасауға ол белгілі сәулетші, академик А.В.Щусевті (ол В.И.Ленин мүрдесі жатқан мавзолей ғана емес, "Москва" қонақ үйін, Мәскеудегі Қазан вокзалын, Ташкенттегі Әлішер Науаи атындағы опера және балет театры сынды ХХ ғасырдың сәулетті ғимараттарын жобалаған архитектор) беделін салып осы жұмысқа жеккені мәлім...

Ш.Ш.ШӨКИННІҢ "Өмірдің төрт мезгілі" кітабынан:

"Қаныш Имантайұлы академия кешенін ту баста қазіргі Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті қалашығының орнына тұрғызбақ болған-ды. Тауға дейін қаулап өскен кең шалғынды жазық дала сезімтал сәулетшінің асқақ қиялын мейлінше шалықтатты. Шұғылалы күн, таза ауа, ту желкеде ақбасты Алатау. Солардың ту ортасында айдында жүзген ақ кемедей қалықтаған ғылым ғимараты, ал өзен жағасында академиктер тұратын екі қабатты әдемі коттедждер... Алайда үкімет басшылары орталықта оңды бір үй жоқ десіп, тамаша жобаны қаланың ішіне қарай көшіртті..."

Щусевтің шеберханасы әзірлеген екінші жоба бойынша, ғимараттар шоғыры төменде — Красин (қазіргі Уәлиханов) көшесін қуалап, 28 гвардияшы-панфиловшылар бауына дейін, жоғарғы жағы Абай даңғылына шекті созылуы керекті, Артиллерия (Құрманғазы атындағы) көшесінің бойында Ғалымдар үйі орналасуға тиістұғын. Алайда сол күндегі сұрықсыз Алматы үшін бұл жоба да тым сәнді, салтанаты тым асқақ көрініп, тағы да құйрық-жалы күзеліп, ақыры 48-жылы құрылысқа кірісу туралы үкімет қаулысы қабылданды. Жұмыс бірақ өгіз аяңмен жүрді. Босатылған қаржы мен материал жиі-жиі басқа жаққа жөнелтіліп, жұмысшылар да құрылыс алаңынан өзге мақсаттарға жегілетін-ді..."

"Қаныш Имантайұлының Мәскеуге өтімділігі, КСРО ҒА-сы, Жоспарлау комитеті мен Қаржы Министірлігіне беделі

Алматыдағы академия үйі мен өзге құрылыстарды бастап, солардың материалдық-техникалық жабдықтарын қамтамасыз етуге тиісті жағдай туғызды, — депті Г.В.НЕЧИТАЙЛО естелігінде. — Осы мәселелер үшін президентке де, маған да жылына төрт-бес рет Мәскеуге баруға тура келетін-ді. Ол жақта мен кейбір кабинеттерге тезірек кіру үшін "Сәтбаевтің өкілімін" деуші едім..."

Арнайы құрылған "Академқұрылыс" басқармасы жұмысты маңдыта алмады. Сірә, соғыстан кейінгі жылдардағы жаппай жетімсіздік, одан да гөрі республика мен қала басшыларының ғылым қажетіне жеткілікті мән бермеуі, бәлкім соны жете түсінбеуді, әмбе соған академия жүйесінде тынымсыз жүрген қуғын-сүргін қосылып, қысқасы, алып ғимараттың қабырғасы жер жалдаған қалпында қала берген. Шапық Шөкіұлының куәлігінше, құрылыс алаңының жүрдім-бардым тірлігі Қаныш Имантайұлы ғылым ордасына қайыра келген соң қайтадан жанданған. Ақырында ҒА-ның бас ғимараты 1958 жылы аяқталыпты. Ал, институттар үйі сәл кейінірек...

Құрылысты жүргізуші Н.А.ПРОСТАКОВТЫҢ естелігінен: *Қаныш Имантайұлы кешкі мезгілде, жұрттың бәрі үйіне қайтып кеткен бейуақта шақыратын... Мен кабинетке кіргенде, ол қаптаған қағаздың қоршауында, дөңгелек шойын табанды көнетоз шамның жарығымен жұмыс істеп отырады. Жұмыстан өзге дүниені ұмытып, алдындағы қағазға шұқшиған қалпын бұзуға дәтім бармай, есік жақта кідіріп қаламын. Әлден соң ол мені көріп:*

— Ә, Николай Александрович? Қашан кіргенсіз? — деп қуана үн қатады да, орнынан жайлап тұрып, қолымды қысады.

...Әжелген қағаздарды жайып, бас корпустың тағы бір қанатының ішкі безенуін, оған қолданатын бояу, сылақ пен мәрмөр түсін, нендей материалдар пайдаланатынымды айта бастаймын. Қаныш Имантайұлы сөзімді белмейді, көбіне басын изеумен мақұлдап отырады. Келіспейтін де кезі бар. Немесе осыдан жарты жыл бұрын арамызда болған әңгімені есіме салып, таң қалдыратыны да ғажап... Оның кабинеттерді безендіру тұрасындағы ойларын еске алсам, осы күні де қайран боламын: "Кабинеттегі ең басты нәрсе — оның әдемілігі, не кеңдігі емес, сонда отырған адамның іскерлік парасаты, білімі, мәдениеті емес пе? — дейтін-ді. — Иә, кабинеттің сән-салтанаты келушінің таң қалдырып, мысын баспайтын болсын. Өйткені ол жансыз қабырғаларды тамашалау үшін емес, соның несімен тіллесуге келеді..." Президенттің кабинеті жөнінде де біз көптеген сағат әңгіме-дүкен құрдық. Тегінде, бұл өмірде ұмытылмас, осы

жолдарды жазып отырғанда да тебірене еске алатын — ең бақытты жүздесулерім! Кейде Қаныш Имантайұлы мен әкелген вагмандарды қарап шыққан соң:

— Николай Александрович, құрылыс алаңын көріп қайтсақ қайтеді? — дейді...

II

1956 жылдың ақпанында СОКП-ның XX құрылтайы шақырылды. Академик Сәтбаев оған қарама әлденеше мың Қазақстан ғалымдарының өкілетті мандатымен қатысқан. Бұл да, әділін айтқанда, Қазақ КСР ҒА-ның жетекшісіне республика партия ұйымының, оның жаңа басшыларының ерекше сенім көрсетін, айырықша құрмет тұтуының белгісі. Қаныш Имантайұлының өзі де оған сондай төнті қоңілмен қараған, сірә, ұлан-ғайыр еңбегінің өтемі екенін де жете түсінген. Күллі Кеңес Одағы халықтарының өмірінде елеулі өзгеріс туғызып, рухани жаңару әкелген тарихи съезд ғалымға зор әсер етіп, шерменде елінің, мыңдаған замандастарының басынан кешкен алуан жағдаяттарды түсініп, өмірлік ғибрат алуына дәнекер болған сынды...

Медицина ғылымының докторы, профессор Ханиса Қанышқызы СӘТБАЕВАНЫҢ ауызекі өңгімесінен:

"1956 жылдың бас кезінде көкем мен өзімді тәрбиелеген екінші шешеме еріп, ғылыми жұмысым болғандықтан Мәскеуге бірге бардым. "Москва" мейманханасынан бізге кең люкс берілді, көкем соның бір бөлмесіне қосымша төсек қойғызып, маған еншілеп берді.

...Бір күні көкем, съездің аяқталуға жақындаған кезі еді, кешкі мәжілістен ерекше шаршап келді, қара бұлттай түнерген жүзі адам шошырлық. Қан қысымы өлшесем сұмдық жоғары, Таисия Алексеевна еркіне қоймай, дәрігер шақырты. Укол салғызып, қан қысымы төмендеуін күтіп отырғанда, мейірбике ме, дәрігер ме — біреуі тыныш отырмай, "делегаттардың бәріне бүгін бірдеме болған сияқты, түгелдей сұлап жатыр..." деп қалды. Көкем үндеген жоқ, дәрігер кеткен соң да тіс жарып сөйлемеді. Кешкі асқа қол салмай, шай ғана ішті. Әдебір кітапшаларды алды да, ұйықтайтын бөлмесіне кетіп қалды...

Көкемнің жан-жүйесіне соншама ауыр тиген істің жөн-жосығын біз келесі күні басқа адамдардың аузынан естідік, сөйтсек, сол кеште ол Н.С.Хрущевтің "И.Сталиннің жеке басына табыну жайындағы" құпия баяндамасын тыңдапты...

Көкем коммунистік партия жолына ерекше адал, таза шығылмен берілген жан еді. Ал оның көсемдерін ерекше жаратылған қайраткерлер деп ойлайтын-ды. Үш бірдей ағасынан бір жылда айырылып, өзі де сан мәрте қиянат көргенмен, партия басшыларына шаң жуытпайтын, мұның бәрі орта жолдағы ұсақ шенеуніктердің жымысқы қарекеті, ал үлкендер оны білмейді... деген уәжге имандай сенетін. Әсілі, бүкіл кеңес халқы сондай жаңсақ ойда болды емес пе... Сондықтан да, көкем алғашқы кезде Сталинді сықпырта жамандаған сөздерге аса елікпей, ерік те бермей, кейде ақтап: "Ол жарықтықтың қылмысынан гөрі жақсы ісі көбірек!.." деп қорғап та жүрді. Алайда сол кезде жария болған күйінішті айғақтар көбейген сайын, әсіресе Г.М.Маленковтың, А.Берияның жауыздық істері әшкереленген соң бұрынғы пікірін өзгертіп, кей жәйттерді күйіне айтатын болды. "Бір ғана Қазақстаннан жүз мың жапон мен неміс шпионы шықты дегенге қалайша сенуге болады? Біздің Әбікей аға, Бөкеш пен Кәрімдер тірі жанға қастығы жоқ ақпейіл адамдар еді, олардың түбіне жетушілер — қасында жүргендердің іштарлығы, әрине, заман да сөйтіндер деп құтырып тұрған соң не сорың?!.. — деп бірде әңгіме айтып отырды да, кенет өз жайына ауысты. — Апырай, ана жылы әділдік іздеп, Орталық Комитеттің есігін қағып жүргенде қандай аңғал болғанмын? Соның бәрі бос әуре екен ғой... Тевосянның мені дер кезінде ашына қимылдаудан тоқтатқан себебін енді ұқтым, сөйтсем сабазың бәр-бәрін біліп, амалсыз іштен тынып, тұншығып жүр екен... Сендер, жастар, бақытты жапсыңдар, нақақ жазалау тыйылды. Міне, көрдіңдер ме, үкімет саясатын, басшыларды да емін-еркін сынап отырмыз. Көкейіңдегі пікіріңді ешкімнен қорықпай ашық айтатын заманда өмір сүрудің өзі шексіз бақыт!.."

Өзі тұңғыш қатысқан билеуші партия құрылтайынан алған әсері мен тағылымы турасында Қаныш Имантайұлы академия ғалымдарының жалпы жиынында, Алматыдағы жоғарғы оқу орындарының оқытушыларымен кездесуде кең көсіле әңгіме еткен. Әрине, оның бәрі де партия құрылтайы қабылдаған алтыншы бесжылдық жоспарды сәтті орындау жолдарын, Қазақстанның табиғи қорларының, өндіріс ошақтарының қаншалықты үлес қоса алатынын нақтылы мысалдармен қызықтыра баяндауға ұласады.

Академия басшысының ойынша, республика жері техника-экономикалық дамуына орай шартты түрде 11 аймаққа бөлінуге тиіс. Оларды зерттеу де жан-жақты жүргізілсе игі.

Бұл міндетті академияның сан-салалы ғылыми институттары атқара алады. Сол үшін Қазақ КСР ҒА-сы жанынан өндiргiш күштердi басқаратын, өзара реттейтiн және тексеретiн Үйлестiру кеңесi (СОПС) құрылады.

Бұл жолы да Қаныш Имантайұлы мәселенiң тиiмдi үдесiн ойлаудан жаңылған жоқ, алыс көкжиектегi қиял жетпес iске баспай, таяу күндердiң мүддесiн қарастырған: энергетикада — Ертiс қуатын (Бұқтырма және Шұлбе ГЭС-терiн тездетiп салу) пайдаланып, Орал-Ембi ауданындағы мұнай көздерiн игеру, Қарағанды, Екiбастұз бен Торғай шiнiндегi көмiрдi молайта алу шаралары; өндiрiсте — Соколов-Сарыбай кен-байыту комбинатын тұрғызып, Темiртаудағы металлургия алыбын iске қосып, Қаратау фосфориттерi негiзiнде тыңайтқыш қоспаларды молдап шығару...

Тың көтерген облыстарда сол қарсаңда қазақ даласы бұрын-соңды көрмеген, естiмеген ұлан-асыр айқас жүрiп жатқанды. Республика үш жылда 18 миллион гектар жаңа жерге астық егудi игерген. Ғылым академиясы сол жылдарда 69 экспедиция жасақтап, 178 ауданның жерiн тыңнан зерттеп, егiстiк үшiн жалпы қарамаы 23 миллион гектар аймақты айналымға қосуға қолғабыс етедi; жаңа кеңшарлар қоныстанантын мекендердi сумен, құрылыс шикiзатымен жабдықтауға жәрдем бередi; Тың өлкесiнiң топырақ құрамы қайтадан анықталып, картасы жасалады; микробиологтар онда азоттық бактериялардың таралу құбылысын зерттесе, селекционерлер жоғары өнiмдi дақылдардың жаңа тұқымдарын таратады... Қысқасы, бүкiлхалықтық қозғалысқа академияның биологтары, агрономдары, зоологтары ғана емес, гидротехниктерi мен химиктерi де, тiптi тыңайтқыш қорларын молайтуға металлургтерi де айтарлықтай еңбек сiңiредi. Соның бәрiнiң ұйымдастыру жұмысында президенттiң өзi отырады...

Осы шараларды жүзеге асырудағы ұлан-асыр еңбектерi үшiн Қазақстан ғылымының көптеген өкiлдерi үлкендi-кiшiлi сый-сияпатқа ие болған. Академик Сәтбаев та сол топтың қатарында, үшiншi мәрте Ленин орденiмен (1957) марапатталған.

СОКП-ның XXI құрылтайында Қазақстан ғылымының көшбасшысы жарыссөзге шығып, туған жұртының сол күндегi көкейкестi мәселелерiн көтерген: "...*Орталық Қазақстанның орасан зор шикiзат қорын игеруге су тапшылығы қазiрдiң өзiнде зор кедергi келтiруде, — деген-дi ол. — Осы дiлгiрлiк аздағы уақытта Ертiс-Қарағанды каналын ешқандай тежеусiз салу мәселесiн күн тәртiбiне қояды... Қазақстандағы үш тарам темір жол өнеркәсiбi өркендеген орталық*

аймақта өзара жалғаспаған. Соның кеселінен бұл аудандарға жүк тиімсіз түрде, зор айналма жолмен әкелінеді. Ал Жезқазған-Арал теңізі темір жолын салу — Жезқазған, Теміртау және Қарағандының өнімдерін орталық аудандарға төте тасымал арқылы жеткізуге мүмкіндік туғызар еді, әрі Қияқты көміріне жол ашылып, Орал бойындағы темір кенін игеруге түрткі болмақ. Сондай-ақ Қарқаралы арқылы өтетін Қарағанды-Ақтоғай жолын салатын болсақ, осы өңірдегі минералды шикізаттарды алуға қол жетпек". Бұл ұсыныстардың кейбірі өз кезегін күтулі. Ал қайсыбірі жүзеге асып, республика экономикасын күрт арттыруға сүбелі үлес қосқан).

...

Дарқан өмір ғылым жетекшісінің назарына күн сайын алуан міндеттер ұсынған. Соның бірі — Алматы іргесінде тұрғызылмақ Ядролық физика институтының құрылысы. Бұл құрылыс 50-жылдарда басталғанымен, өте баяу жүрген. Басты кедергі — "Шамамыз келмейтін күрделі іс, онда жұмыс істейтін мамандарды қайдан табамыз, демек, ғылымның соншама қиын саласына ұмтылу керек пе?..." дегендей енжарлық. Нәтижесінде іргетасы қаланған институт ғимараты, оның реактор орнамақ кешені мүлдем тоқтап қалған. Амаз қанна, Мәскеуге барған бір сапарында КСРО Министрлер Кеңесі төрағасының (бастығы Н.С.Хрущев) бірінші орынбасары, Жоспарлау комитетінің жетекшісі А.Н.Косыгиннің қабылдауына сұрануға тура келді.

Алексей Николаевич қазақ ғалымын соғыс жылдарынан білетін-ді, Отан ғылымын, өнеркәсібін өркендету жолындағы ұлан-ғайыр істерін өте жоғары бағалаған. Сірә, сондықтан да, Косыгин өзіне әредік телефон шалып, жарым сағат уақыт бөлуін сұранған Қазақстандық қайраткердің меселін ешқашанда бос қайтармаған. Өйтетін себебін Алексей Николаевичтің өзі республикаға келген бір сапарында үкімет мүшелерімен бас қосқан ресми мәжілісте басқаларға үлгі ретінде баяндап беріпті.

...Жазықсыз кінәлі болып жүрген жылдардың бірінде Қаныш Имантайұлы Жоспарком төрағасының қабылдауына сұранады. СОКП-ның Саяси төралқасының мүшесі ойлаған: "Е, бұл кісі өзіне жасалған әділетсіздікке араласып, нақақ жазадан құтқаруды өтінер, оған мен не істеймін?..." деп сұрар, алайда ол бұл жайында ләм-мим демейді. Ал, сұрап келген ісі — өзі басқаратын ГФИ-ның болжам карталарын жасауға қомақ-

ты қаржы керек екен; республика бюджетінен академияға берілетін қаржы ондаған институттарға бөлініп, өздеріне содан тиын-тебен ғана тиеді-міс; "Ал, сіз маған, Алексей Николаевич, өз құзырыңызбен бір мәрте қомақты көмек беріңіз және соны ешкім көз алартпайтындай етіп, тікелей ГФИ зерттеуі үшін. Маған сенсеңіз, Одақ үкіметі бұдан ұтылмайды, осы бесжылдықта-ақ ондаған есе қайтарым алады!.." — дейді. А.Н.Косыгин ғалым сұрап келген шаруаны сол заматта-ақ шешеді.

Сол істі мемлекеттік қайраткер есіне алып: *"Жеке басының мүддесінен де гөрі мемлекет шаруасын көбірек ойлайтын адам әрдайым осылай істейді. Қаныш Имантаевичтің нақ сондай жан екеніне мен әрдайым сүйсініп, өрі қайран қаламын!.."* — деп үкімет басшысы өңгімесін аяқтапты. — *Сол себепті мен оған ешқашанда жоқ демеймін, тектен-текке сұранбайтынын да жақсы білемін..."*

Міне енді, өзі мойындағандай, "мәнді шаруамен ғана жүретін" академик Сәтбаев тағы да алдына келіп отыр. Ал, келген мәселесі туралы, Қазақстанға ядролық институттың қажет еместігі жайында көптеген мамандар иланымды уәж айтып, қаржы бөлмеуге өзін көндіріп қойған.

— Алексей Николаевич, ядролық физика институтынсыз Қазақстан ғылымы он екі мүшесінің бірі жоқ кісідей кемтар ғаріпке айналады. Физиктердің ядро құпиясына үңілген биік деңгейі ғылымның өзге саласына үлгі-өнеге болатынын сіз түсінуге тиіссіз. Орта Азия республикалары үшін Ташкентте жұмыс істейтін реактор жетеді... деген уәж, меніңше, ғылым ісінен түйсігі жұтаң мамандардың біздің халықты менсінбейтін күйкі пиғылынан туған. Ядролық физика институты Қазақстанға ауадай қажет!.. — дегенде, кабинет иесі Қазақ КСР ҒА-сы президентінің сөзін бөліп:

— Сіздерде сол реакторда жұмыс істейтін кадр де жоқ десеңі. Оны қайтесіз? — деді.

— Сізге ақпарды жаңсақ берген. Зерттеуге бірден кірісетін ғалымдар бізде бар. Ал, жетпейтінін өздері-ақ бірер жылда әзірлеп алады. Сонсоң, Алексей Николаевич, институт болмаса — кадр де қайдан шығады, төрелігін озіңіз айтыңызшы...

Ұзақ сонар дауға айналған мәселе сөйтіп ширек сағатта сөреге жақындады.

— Қаныш Имантаевич, айтып отырғаныңыздың бәрі де ойға қонымды сөз. Тек маған соны басқаша түсіндірген еді. Таңмын, — деп трубканы көтеріп, атом өнеркәсібіне жауапты министр Е.П.Славскиймен сөйлесті.

Косыгин туралы қауым арасында ешқашанда күлмейді, тек қана жұмысты білетін әріпшіл тақуа деген сипатты қаусет болатын-ды. Сірә, солда, Алексей Николаевичті жете білмейтін, мемлекет ісіне деген қатыбастығын түсінгісі келмейтіндердің шығарған өсегі болса керек. Комитет төрағасы мырс етіп, Қазақстандық ғалымға жымия қарады да:

— Сізге дауа жоқ, Қаныш Имантаевич. Ефим Павловичті де өз ойыңызға икемдеп қойыпсыз. Қысқасы, сұраған институтыңыздың құрылысын бітіреміз, қаражатты — біз, өзге жабдығын Славский тауып, орнатып та беретін болды, — деді.

Талғар қаласының тау жақ іргесіндегі физиктер қонысы — Алмалы мекені дүниеге осылай келген-ді. Институттың еңселі ғимараты, ядролық реактор орныққан зертханасы, өзге де зертханалары, ғылыми қызметкерлер тұратын екі қабатты коттеждер де бас-аяғы екі-үш жылда бітіп, кең көлемді зерттеуге кірісті. Қазірде ол ҚР ҰҒА-ның "Жоғары қуат институты" деп аталады.

Институт қабырғасы көтеріле бастаған кезде-ақ республика үшін қажеттігі дүдәмал, әрі құпия жағдайда жұмыс істейтін зерттеу ұжымына кадрлар өзірлеуге қам жасалғанды. Бұл үшін оған ғылыми жетекші табу керек-ті. Академия президенті бұл мәселенің де орайын келтірді: Мәскеуде, Нобель сыйлығының иегері, академик И.Е.Тамм мен абырой-атағы әріптесінен бір мысқал да кем емес академик М.А.Марковтың қарауында қабілет-дарыны ерте байқалған Жабағы Сүлейменұлы Тәкібаев атом ядросының құпиясын зерттеумен шұғылданатын; Қаныш Имантайұлы жас физикті туған ел мәртебесі үшін тың істі қолға алуға, ал оның жетекшілерін талантты шәкіртін ядролық жаңа орталықты тыңнан игеруге жіберуге көндіреді; нәтижесінде Қазақстан қиырында жоғарғы материямен түбегейлі айналысатын зерттеу ошағы дүниеге келді... Ж.С.Тәкібаев 1958 жылы Қазақ КСР ҒА-ның толық мүшесі болып сайланды. Қаныш Имантайұлы төрт жылдан кейін жасаң физикті академия басшылығына шақырды. Вице-президент міндетін ол он бір жыл ұдайы сәтті атқарды.

Академик Ж.С.Тәкібаев тоқсанның сеңгіріне ауған егде жасына қарамастан күні бүгінге дейін өз қолымен құрған институтында еңбек етіп келеді. Қазірде де ол сол ұжымның ғылыми жетекшісі. Әрине, жарым ғасырдан астам уақытқа созылған ізденісте Тәкібаев мектебінің түлектері өз саласында әлем физиктерін сүйсінткен, ядро құпиясының алуан түйткілін шешкен ірі зерттеулерімен танылған. Бір жәйтті ашық мәлімдеуге тиіспіз: Қазақстан тәуелсіздігі жарияланған кезде Семей

полигонының ғылыми орталығы болған Курчатов қаласындағы ядролық сынақ зертханаларында жұмыс істеген Ресей ғалымдары өз отанына қайтқанда, олардың орнын Алматыдағы институттың қызметкерлері басты; бұрынғы зерттеулер аз көлемде болса да тоқтаған жоқ; сірә, бұл жәйт Қазақстан физиктерінің жоғары ғылыми деңгейін айқын аңғартса керек...

Қ.И.Сәтбаевтың ғылыми еңбектерінің жаңа басылымының 6-томында КСРО Министрлер Кеңесінің ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйлестіруді басқаратын Мемлекеттік комитетінде 1962 жылы, Мәскеуде жасаған баяндамасы жарияланған. Академия президенті сол еңбегіне "Ғылым жүйесін кеңейтудің келешек мүмкіндіктері" деп атаған түсініктеме де жолдапты: *"Қазақстанды бес түрлі табиғи-тарихи аймаққа бөліп қарау, тегінде, ғылыми үйлесімді іс болмақ. Атап айтқанда, Орталық Қазақстан (орталығы Қарағанды), Тың өлкесі (Целиноград), Батыс Қазақстан (Ақтөбе), Шығыс Қазақстан, немесе Кеңді Алтай (Өскемен) және Оңтүстік Қазақстан (Алматы)..."* Ғалымның болжауынша осы қалалардың бәрінде де аталған аймақтардың өндіргіш күштеріне өріс беретін зерттеу институттары құрылуға тиіс. Олардың жалпы саны – 43, солардың 13-і 1959-1965 жылдарды қамтитын жеті жылда құрылып, қалғаны таяу уақытта ірге көтеруге тиіс...

СОКП-ның XXII құрылтайынан қайтқан бетінде Қаныш Имантайұлы "Қазақстан ғылымының даму өрістері" деген мақала жазып, республика газеттерінде жариялапты. Оны да, тегінде, жарқын келешекті меңзеген үшқыр қиялдың шырқау биікке самғауы десек те рауа. Мысалы, ғалым жоғарыда өзі жобалаған зерттеу институттарының ғылыми бағдарын былайша шамалаған: кен байыту процесі жетіліп, барлық пайдалы элементтерді қорытпаға шығаратын, одан әрі әрбірі жеке дара өндірілетін технологияға жету; бұл үшін байытуға ультра дыбыс, гидрохимия және иондық ауысу тәсілдерін енгізу; ал металлургияда циклондық қорыту әдісі қолданылады – оны жедел өрістету үшін Украинадағы академик Е.О.Патон ұйымдастырған электрмен пісіру институты сияқты дербес зерттеу ошағын ұйымдастыру; химия өндірісінің қарамы сан-салалы болғандықтан, республиканың бірнеше қалаларында сол аймақтың жергілікті өнеркәсібіне бейімделген түрлі бағыттағы институттар ашу; Қазақстанның құрғақшы-

лық табиғатын және әр аймақтағы жартылай шөлейт жерлердің молдығын ескеріп, арнаулы зерттеу жүргізетін Шөл институтын құру...

Бұл болжамдардың біразы кезінде жүзеге асты. Енді бірі өз кезегін күтіп, кейінге ысырылған. Біржола ұмыт болғандары қаншама! Әрине, бергі уақыттағы аласапыран өзгерістер соның бәрін қиын жағдайға душар еткені де — кешелі-бүгінгі өмірімізде көз көрген, көңіл түңілген оқиғалар. Десек те біз бұл жерде заңғар ғалымның өз уақытынан ондаған жылдар алға қарап, кемел ой-арманы түзген шың-құзарларды, шырқау биіктерді сөз етін отырмыз.

III

Әрине, қайда жүрмесін, қандай жұмыспен шұғылданбасын, ғалымның көкейінде сүйікті геологиясы дара тұратын. Сондықтан да экспедициялардан келген геологтармен кездесу, Алматыда ірге тепкен сан түрлі геологиялық қызмет мамандарымен сұхбат құру — Қаныш Имантайұлы үшін әрқашанда мерейлі қуаныш, тіпті өзге шаруалардан бір мезгіл сергу сағаты.

ГФИ-ның директоры қарауындағы бір мыңға тарта қызметкердің әрбірінің нендей мәселемен айналысатынын жақсы білген. Директор болған кезден өзіне дағды еткен, жылына бір, иә екі мәрте институттың зертханаларын аралап, әрбір қызметкер мен лаборантты жұмыс орнында көріп, орындап жатқан зерттеуін өз аузынан тыңдау рәсімін академик ешқашанда бұзбаған. Бұл болса — әрбір зерттеуші үшін ерекше мәнді мезет, соған ол жыл бойы мұқият дайындалады, жұмыс үстінде кезігетін күпті жәйт, кедергілерді де сол сағатта шешуге болады. Тіпті тұрмыс жағдайының ділгір ісін де.

Геология ғылымдар институты осы күнгі мекен-жайына қоныс тепкен. Институт директоры үшін бұл да жүйке тоздырып, қан қысымын әуеге шапшытқан әуремен келген игілік: құрылыс басталмақ жерді қала әкімдері басқа бір мекемеге беріп қойыпты, бұған институт ұжымы ерекше дүрлігіп, наразылық білдіреді; Қаныш Имантайұлының академия билігінен аласталған шағы еді бұл... Сөйтсе де өзін құрмет тұтатын бірер әкімге барып, академик А.В.Щусев жобалаған "Ғылым алаңын" әуірімден сақтап қалды. Алайда жобаның қалған бөлегін, академияның Бас ғимаратынан ГФИ-на дейінгі аралықта бой түземек ғылыми институттарды түгел салғызуға ғұзыры да, тағдыр қимаған уақыты да жетпеді. Үлкен бір өкімнің жетесіз пәрменімен ол араға ұзынды-қысқалы тұрғын үйлердің жөнең қораптары тұрғызылды...

Қаныш Имантайұлының елуінші жылдары белсене араласып, сәтті шешілуіне айтарлықтай үлес қосқан елеулі ісі — геологиялық қызмет пен ғылымды қайыра екшеп, барлау жүйесін заман талабына сай жандандыру саласында.

"Түрлі министрліктердің барлау экспедицияларының әде-қаңдай бұлақтың басына таласа қонып, бір ізбен жылдап шұбыратын жосықсыз рәсімі қашан тыйылады? Олардың бірі — көмір іздейді, екіншісі — мұнай, үшіншісі — темір кенін, төртіншісі — түсті металл... Осының бәрін бір қолға беріп, мүдделі жерге бір экспедиция жіберіп, жер қойнауындағы бар керекті топтап іздейтін күн қашан туады?" деп ашына сөйлеген-ді бүкілодақтық геологиялық кеңестердің бірінде Қ.И.Сәтбаев.

Шынында да жолсыз рәсім: неше министрлік болса — сонша геологиялық қызмет. (Бұрынғы геологиялық министрлік Н.С.Хрущев енгізген "жаңалықтар" кезінде таратылған болатын). Айталық, қара металлургия министрлігі өзіне дербес бағынатын барлаушылар басқармасын тұрақты ұстауды қажет деп біледі. Химия өнеркәсібі министрлігі де солай ойлайды: сан-салалы, технологиясы алуан түрлі өндірістерге көптеген шикізат түрі қажет, жер қойнынан оны мамандаған барлаушылар іздесін. Көмір өнеркәсібі де тек қана көмір іздеуге дағдыланған кәнігі геологтармен істес болуды тиімді санайды. Мұнай өнеркәсібінің талабы бұдан да қиын — сұйық отын барлық жерден табыла бермейді, геолог біткен оны таба да білмейді, олай болса? ... Бұл талаптың әуес дүниеге айналғаны соншалық — күндердің күнінде құрылыс материалдары министрлігі де дербес геологиялық грест құруды талап етсін...

Сайып келгенде, бұл геологиялық қызметтердің жер-жерде шексіз өсіп, шығынды бірнеше есе өсірген. Ал соны төлеп отырған үкімет қалтасы — біреу-ақ. Тығырықтан алып шығар жол қайда? Өзгеріске құмар кейбір әуесқойлар геология комитетін біржола жоюды, барлау ісін әрбір министрліктің өзіне мүлдем беруді ұсынады. Қ.И.Сәтбаев КСРО Министрлер Кеңесіне хат жазып: *"...түрлі ведомстволарға тарап кеткен геология күштерін біріктіріп, жер асты қазынасын іздеуді тиімді де пәрменді жолмен, кешенді түрде топтап барлауды"* ұсынады. Тынымсыз Қаныш Имантайұлына бұл да аз. Күндердің күнінде ол СОКП Орталық Комитетінің жаңа хатшысы А.И.Брежневтің қабылдауына сұранады. *"Шынын*

айтқанда, — деп есіне алған-ды осы сұхбатты 1978 жылы бізбен жүздескенде, сол күнде КСРО Орта машина жасау министрінің орынбасары болып еңбек ететін П.Я.Антропов, — Қаныш Имантайұлының кімді болсын бірден үйіріп алатын жарқын келбеті, әрине, мықты логикалық дәлелдермен партия мен үкімет басшысын сендіре сөйлегені олақтық геология қызметін біржола таратудан аман сақтап қалды". Бұл ойын марқұм Петр Яковлевич ғалым туралы "Академик Қ.И.Сәтбаев" естеліктер жинағында да: "Бұл істе ол бәрімізден де гөрі табандылық көрсетті!" — депті.

П.Я.АНТРОПОВТЫҢ естелігінен:

"Мынадай бір мәслихат есімде: КСРО ҒА-ның президенті академик А.Н.Несмеяновпен хабарластым да, геология ілімінің жайын талқылау үшін бір топ ғалым-геологтарды қабылдауын өтіндім... А.И.Вернадский атындағы геохимия және аналитикалық химия институты академияның химия бөлімшесіне қарайтын; ал қазба байлықтарды геофизикалық тәсілдермен іздеу — физика-математика бөлімшесінің қарауында; палеонтология болса биология ғылымдары бөлімшесіне бағынатын; соның кеселінен геология ілімі табан тірейді, ең негізгі саласын өрістеу түгілі, бағыт-бағдар беру мүмкіндігінен айырылып қалған-ды... Бұл сұхбатқа академиктерден Қ.И.Сәтбаев, Н.С.Шатский, Н.М.Страхов және Д.И.Щербачков қатысты. Әңгіме үстінде Қаныш Имантайұлы бұл келеңсіздіктің өте қолайсыз және қисынсыз екенін айтудан тайсалған жоқ. Өз пікірін ол нанымды айғақтармен дәлелдеп, геология ілімінің түрлі саласын бір басшылыққа бағындырып, яғни геология-география бөлімшесіне беру қажеттігін, шикізат іздеудің комплекстік тәсілін геологиялық қызметке гана емес, іліміне де енгізуді талап етті.

— Осынау үйлесімсіздікті тездетіп түзетпесек — бүкіл геология ілімін тығырыққа әкеп тіреуіміз анық. Қазірдің өзінде ол ведомство аралық ұсақ тайталастың астында тұншығып, еңсесін көтере алмайтын халге жетті, — деген-ді ол..."

"Жер мен оған әсер етуші құбылыстарды зерттейтін ғылым салаларының өзара қарым-қатынасы... академия ғалымдары арасында бір жылға тақау уақыт талқыланды, әр түрлі ұсыныс, пікірлер айтылды. Кешенді іздеу нәтижелеріне сүйенген Қ.И.Сәтбаев өз идеясын табандылықпен қорғап, әрбір мүмкіндікті пайдаланып қайталаумен болды. Ақыр аяғында оның ұсынысы КСРО ҒА-ның төралқасында талқыланып, геологияның барлық тармақтарын Жер туралы ілімдер бөлімшесі

етіп қайта құрумен аяқталды" деп куәлік етеді Д.И.Щербаков "Академик Қ.И.Сәтбаев" кітабында.

КСРО ҒА-ның ұйымдық өзгерісі 1963 жылы жүзге асқан. Ал, Қаныш Имантайұлы президент болып отырған Қазақ КСР Ғылым академиясының өзінде ше?

"...Ғарыш әлемін зерттеудегі соңғы жылдардағы ірі табыстар геология мен астрофизика ілімдерінің бір-біріне қолғанат болып, теориялық ғылыми бағытты өзара күшейтуге әсерін тигізді. Қазірдің өзінде біз геологияның жаңа тармағы — планеталық геология ілімі туғанын айта аламыз, — дегенді Сәтбаев 1963 жылдың шілде айында өткен республика ғылым ошағының жалпы жиналысында жасаған баяндамасында. — Астрофизика мен геологияның творчестволық ынтымағы, сөйтіп, Жер бетіндегі ірі сызаттар мен қатпарлы құрлықтардың пайда болу заңдылықтарын қайта қарап, әр алуан... құбылыстарды түсінуге жәрдем беруде. Демек, бұл екі ілімді ғылым академиясының бір бөлімшесіне бағындыру ешқандай талас тудырмаса керек. Ол бөлімшені біз "ӘЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕР ҒЫЛЫМДАРЫ" деп атауды ұсынамыз".

Шындыққа жүгінсек, Сәтбаев ұсынған жаңа атауды бес жылдан соң сәл өзгертіп, КСРО ҒА-сы да қабылдады. Бұл атау содан бері үйреншікті ғылыми терминге айналды.

1963 жылы академик Қ.И.Сәтбаев төртінші мәрте Ленин орденімен марапатталды. Сол жайындағы жарлықтың мәтнінде "Қазақстан қыртысындағы қазба байлықтарды зерттеу және Одақтың геология ілімін дамытудағы үздік еңбектері үшін" деген анықтама бар-ды. Шынтуайтын айтқанда, бұл да геология саласындағы Қаныш Имантайұлының орасан зор еңбегін, қайталанбас біртуар тұлға екендігін ресми мойындау. Сөйтсе де...

Ізденіс жылдарында мен ілгеріде аз-кем сөз болған Одақ министрі (Ресми түрде Орта салмақты ауыр машиналар министрлігі аталатын, ал іс жүзінде атом өндірісімен шұғылданытын) Е.П.Славскиймен екі мәрте кездестім. Алғашқыда өзіміздің Өскеменде (ол кісі сол қаладан бірнеше мәрте КСРО Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланған-ды), соңғы рет 1981 жылдың күзінде, Үлкен Ордынка көшесіндегі кең кабинетінде. Екінші жолы іздеуіме себеп: "Молодая гвардия" баспасының ЖЗЛ сериясында жарық көрген "Сәтбаевты" сыйлап, сол іске нақты көмек көрсеткеніне рақмет айту еді. Жасы сол кезде сексеннің шебіне ілінген Ефим Павлович ілтипатпен қабылдап, ұлы замандасы туралы көл-көсір өңгіме айтып, ғылыми қауымға мәлім емес жәйттерден де аз-кем сыр шертті...

"Мынау, менің омырауымдағы үш Алтын жұлдыздың бірін

мен Маңғыстау түбегінде үлкен өндіріс ашып, аймақ экономикасын үрдіс көтерген еңбегім үшін алдым, — деген-ді министр. — Ал, шыңдығында бұл жұлдыздың шынайы иесі — академик Сәтбаев! Қадірменді досым мені осы іске қызықтырмаса, ондағы ғажап қазына көздерін төңдіре айтып сендірмесе — тарихи жазбаларда "Өлі қолтық" атанған, құдай қарғаған дерлік суызы, нусызы, жері тұзды, қылтанақсыз тап-тақыр, тоғыз жүз шақырым қу медиенте темір жол тартып нем бар?! Өндіріске қажет жабдықты теңіз арқылы жеткізіп, дайын өнімді ұшақпен-ақ әкелер едік. Бірақ Қаныш Имантаевич бұл мәселеге біздің бәрімізден де тереңрек мән беріп өзгеше қарады, ақыр аяғында түбектің жерасты қазынасының ашылуына мұрындық болды. Кезекті Алтын жұлдызды аларда мен тиісті адамдарға осыны айтып, геология министрі А.В.Сидоренко екеуіміз үкімет атына ресми хат жаздық. Амал не, мен осы күнге дейін түсінбейтін пасық әрекеттер араласты да. Қазақстаннан неше түрлі пәлежаланы үйіп төккен хаттар келіп түсті. Сөйтіп, отаншыл перзент, елі үшін асқаралы еңбектер атқарған Қ.И.Сәтбаев бұл жұлдыздың біреуін де кеудесіне тақпай өмірден кетті..."

Сірә, бұл уәжді нақты айғақтармен бекіткеніміз жөн болар: 1949 жылы Гурьевте (қазірде Атырау) Қазақстан ҒА-ның көшпелі сессиясы өткен-ді; соның артынша сол шәрде академияның базасы ашылып, әрі геологиялық барлау экспедицияларының қарамы бірнеше есе молайтылған; әрине, тиісті қаржы бөліп, барлау жабдықтары күшейтіліп, білгір мамандармен толықтырылған; тынымсыз ізденіс иесі Сәтбаевқа тегінде, бұл да аз... 1952 жылдың қоңыр күзінде ол ГФИ-ның ғылыми тобын өзі бастап барып, Маңғыстау мен Атыраудың үмітті кен орындарын түгел ақтап, ең аяғында марганецтің сүбелі қоры жатқан қазыналы түбектің тараң қолығына дейін жетеді. Әрине, білгір барлаушының басты назары "сұйық алтын" болжанған қолатта болғаны анық. Сол ізденіс зая кеткен жоқ. Әрбір келелі жиын-кеңестерде Қаныш Имантайұлы батыс өңірдің ғажап мүмкіндігі туралы жар салудан тайынбаған. Демек, "Ғасыр жобасы" атанып күллі әлем жұртшылығын таңғалдырып, әрі қызықтырып отырған ұланғайыр ұлы істі ол түбек қойнынан алғашқы мұнай фонтаны атқылаған жылдардан кем дегенде 15-20 жыл бұрын болжап, сол байлықтың ел қадесіне тезірек асуына жол ашып кеткен!

Академик Сәтбаевтың халықтар достығының жаршысы болғаны жұртшылыққа аян. Геолог В.Г.Третьяков ғалым ту-

ралы естелігінде: *"Қаныш Имантайұлының мейлінше интернационалист болғанын, оның аузынан ешқашанда әлдебір халықты қорлайтын сөз, әзіл-анекдот естімегенін, ал егер әңгімеге орыс, иә басқа бір халық ғың өкілі қатысса тек қана орыс тілінде сөйлейтінін..."* де ескертті.

Өзінен он үш жас кіші, геологиялық қызметке 35-жылдары келген, талантты өзбек ғалымы Хабиб Мұхамедұлы Абдуллаевты ол ерекше қадірлеп, кездескен сайын "О, Хабибжан!" деп құшақтап көріскен. Өйтуінің себебі жас әріптесінің айырықша дарыны, бәлкім, геология іліміндегі мүдде мен ниет бірлігі... Өзбек ғалымы 1950 жылы, Ташкентте жарияланған "Кен түзілуінің гранитті интрузиялармен (баяу суынан соң пайда болған силикат құрамды магмалық жыныстар — С.М.) генетикалық байланысы" атты монографиясын жолдап отырып, Қан-акасынан ғылыми қолдау күткен. Сол жылы 22 тамызда Алматыға жолдаған хатында ол былай депті: *"Бұл мәселемен мен алдағы уақытта да шұғылданбақпын. Сондықтан Сіз сияқты үлкен ғалымдардың ақыл-кеңесі маған өте-өте пайдалы болар еді... Бұл еңбекте сөз еткен мәселелерім, өзіңізге мәлім, қазіргі таңда өте күрделі және кен түзілу теориясы үшін мәні зор тұжырымдар, сірә, өжептәуір талас тұғызады деген ойдамын... Қысқасы, зерттеуімді жария еттім, көз қорқақ, қол батыр деп тәуекелге бел бұтан жайдамын. Бірталай жетекші мамандардан таяқ жеуім анық. Ал Сізден мен, егер уақытыңыз болса, еңбегімді мұқият қарап, ескертпелеріңізді ашық айтуыңызды өтінемін..."*

Өзбек ғалымы бекерге күдіктенбеген. Күрделі еңбегімен кімдердің "бақшасына" түсіп отырғанын жақсы білген. Ол күткен айтыс іле-ақ басталып кетті, бірақ Абдуллаев ойланғандай, "ғылыми шындықты" анықтау үшін емес, мүлдем басқа жөнде өрбіді. Ең алғашқы соққыны ғалым өзі тұратын Ташкентте, сол күзде-ақ алған: монографиясы зиянды деп танылды; авторға тағылған басты айып — "зерттеу негізіне Америка ғалымдары Эммонс пен Линдгреннің реакционерлік кертартпа идеялары пайдаланылған; демек, Абдуллаев — кеңестік озық геология ілімінен жиреніп, шетелге табынған қосмополит..." Өз идеясына сенімі берік ғалым-геолог мұндай сыңаржақ тұжырыммен келіспейді. Төрелік айтуды тілеп, орталықтағы институттардың біріне шығады. 1951 жылдың басында өткен талқылауға академик Сәтбаев та қатысқан.

— Жолдастар, мен бір жайға түсіпбеймін, — деген-ді ол жас әріптесін қорғай сөйлеп. — Бізден басқа ғалым атаулы реакционер деген қағиданы кім шығарған? Ғылым жер, ел

талғай ма? Шынайы ғылым үшін шекара бола ма? Шетелдік деп Ньютон мен Дарвиннен, иә Кюрилер әулеті ашқан ұлы жаңалықтардан безсек жағдайымыз не болар еді, ғылым қайтіп өрістемек? Мәселенің бұл бір жағы... Екінші, өзбек ғалымы бүкіл Орта Азия регионьында оңдаған жылдар бойы үстем болып келген кен орындарының түзілуі жөніндегі болжамдарды, демек, барлауда ұстанған жетекші бағытты теріске шығарып отыр. Жас білімпаз үшін тым батыл қадам! Бірақ сіздер мына жағдайға көңіл аударыңыздар: бұрынғы теорияны теріс деумен бірге ол жаңа концепция, кен іздеуге тың ой ұсынады... Ташкентте оның идеясының қолдау көрмей, геология қауымы арасында зор қарсылық туғызғаны мәлім. Абдуллаевтың атына өте дөрекі және аяусыз сындар айтылды. Түсінікті гәп: ескі бағытты жақтаушылар оп-оңай жеңілгісі келмейді, әмбе бұл өзің оңдаған жылдар мадақ тұтып, бүкіл өміріңе, зерттеуіңе, кен орындарын ашуға түп қазық еткен идея... Меніңше, бұл таластың ең дұрыс шешімі, әділ төрелік — жаңа теорияны барлаушы геологтардың қолына беру. Он жылдан соң Абдуллаевтың болжамы рас болып шықса, оны таяқтауға қатысқан ғалымдар өзінің бүгінгі оғаш қылығын қалайша түсіндірмек? Кім осыған "Біздікі — дұрыс, оныкі — қате" деп кепіл бола алады?..

Амал қанша, ғылыми ақиқатқа жүгінуге қаншама шақырғанымен, академик Сәтбаев өзбек әріптесін сол күнгі жөнсіз бұрмалаудан қорғай алмады. Қайыра сөйлеушілер оның өзіне жабысып, "Сәтбаев та гидротермальдық теориясын жақтайтын идея ұсынғаны үшін қасақана бұрмалап тұр, бұл болса — өзара ниеттестердің ауыз біріктірген байбаламы" деген сынды ауыр сөздер естірткен.

БК(б)П Орталық Комитетінің ғылым мен жоғарғы оқу орындары бөлімінің сұрауына жауап бере отырып, 1951 жылдың 3 шілде күні, яғни жоғарыдағы айтыстан кейін үш айдан соң жолданған ресми хатында Қ.И.Сәтбаев Хабиб Абдуллаевтың есімін төртінші кезекте атайды: оған *"геология-минералогия ғылымдарының докторы, Өзбек КСР Ғылым академиясының толық мүшесі, Орта Азиядағы түсті металл кендерінің геологиясы мен петрографиясы бойынша ірі білімпаз"* деп сипаттама беріп, одақтық ғылым ордасының құрамына сайлауға лайық кандидаттар тізіміне ұсыныпты... Айта кететін жәйт: осы хатында қазақ ғалымы атаған жеті кандидаттың біреуі ғана Қазақстандық (Е.Д.Шлыгин), қалған алтауы — бес ұлттың өкілі, олардың тұрақтары да түрліше қалалардан, бәрі де геология іліміне ірі жаңалықтар қосқан ұлағатты мамандар...

(Үш жылдан соң Х.М.Абдуллаев монографиясы туралы айтыс қайта жалғасты да, Мәскеу ғалымдары оның еңбегін орталық баспада көп тиражбен басып шығарып, барлауда сынауға рұқсат берді. Сол жылдарда ерекше құлшыныспен өнімді жұмыс істеген өзбек ғалымы бірнеше ғылыми еңбектерді үрдіс жария етеді. Бәрі де алғашқы гипотезасын қорғап, кеңейтуге, жаңа теорияны тереңдетуге арналған.

Ақыр аяғында Қаныш Имантайұлы ескерткен ғылыми шындық жеңді. Өзбекстан, Тәжікстан, Қырғызстан барлаушылары Абдуллаев тұжырымдамасын бағытқа ұстап, Орта Азия аймағын түсті металдардың (вольфрам мен қалайының), қорғасын мен мырыштың, сирек және бағалы металдардың) құнарлы қорларын тапты. Солардың ішінде қазірде қоры әлемдік ірі алтын кендерінің ең алдыңғы легінде аталып жүрген, тәуелсіздік алған Өзбекстан мемлекетінің бүгінгі ең басты һәм сүбелі табыс көзі болып отырған Мұрынтаудың қымбат қазынасын іздеп табуда Хабиб Мұхамедұлының көрегендікпен жасаған болжамы адастырмас жұлдыздай жетекші рөл атқарған. Теориялық үздік еңбектері үшін 1959 жылы Х.М.Абдуллаевқа Лениндік сыйлық берілді, келесі жылы КСРО БА-на корреспондент-мүше болып сайланды. Ама! не, күншілдер мен тоғышарлардың пасық әрекеттерінен арылып, сүйікті ісіне белсене кіріскен шағында, ғұмыр жасы тіпті елуге де ілікпей ауыр науқастан опат болды. Аса дарынды ғалым-геолог өмірінің соңғы төрт жылында (1958-1962) Өзбекстан Ғылым академиясының президенті болып еңбек еткен.

Тағы бір ғылыми айтыс Қаныш Имантайұлының сүйікті ұстазы академик М.А.Усовтың ғылыми мұрасын қорғауға байланысты өрбіген.

Қ.И.СӘТБАЕВ, И.И.БОК, "М.А.Усовтың геологиядағы негізгі идеялары" жинағында жариялаған алғысөзден:

"Линдгрэн-Эммонс жариялаған... жіктеудің орнына 1933-1935 жылдарда М.А.Усов... кен орындары үшін мүлдем жаңа топтау ұсынды... Бұл оның "Кен орындары" оқулығында жарияланған. Осы топтауды геология ілімі бүгінде бір ауыздан қабылдап отыр. Нақ осы тұжырымды көп жылдан соң ешқандай өзгертусіз неміс ғалымы Г.Шнейдерхен де ұсынды. Бірақ ол оқулығында Усовтың есімін атаған жоқ, "ұмытып" кетті. Сонымен, қазірде жолды болып жүрген көптеген шетелдік оқулықтар мен ғылыми еңбектерде бұл топтау Шней-

дерхеннің есімімен аталады. Бір ғажабы, осынау әділетсіздік біздің елде де өзгеріссіз қайталанып жүр. "Кен орындары курсының" авторлары және неміс ғалымының еңбектерін орыс тіліне аударған (редакциясын академик В.И.Смирнов басқарған) геологтардың талғамсыздығына, шетелдік ғалымның мұрасына ерекше ықтияттылығына таңданбасқа шарамыз жоқ..."

Шамдалауымызша, бұл айтыстың өрбуіне біз ғұмырнаманың екінші бөлімінде сөз еткен, Санкт-Петербург пен Сібір геология мектебі түлектерінің өзара даңқ үлеспеген ғылыми бәсекесі түрткі болған. Заман өзгерді. 30-жылдарда-ақ сәтті барлауымен бел ала бастаған Сібір геологтары қатарына орел табысымен Қазақстан және Орта Азия кен іздеушілерінің қарамды да, талантты тобы қосылды. Осы ортадан жарқырап дара шыққан өріде В.А.Обручев пен М.А.Усов, беріде Қ.И.Сәтбаев, Х.М.Абдуллаев және басқалары бұған дейін жолды болып келген теорияларды (шындығында ескілі-жаңалы кен комбелерін ашуға бөгет болған) батыл түрде тәрк етіп, солардың орнына мүлдем жаңа ғылыми концепциялар ұсынды. Әмбе соны нақты барлаумен айғақтады. Олай болса, шынайы ғылым иесі ақиқатқа ден қойып, өздері қолдан та, мансұқтап та жүрген негіздерден бас тартуға тиіс еді. Алайда олай болмады. 60-жылдардың бас шенінде Ленинград ғалымдары мен оларды қостаушы бір топ Мәскеу металлогенистері академик Сәтбаевтың бұл саладағы көшбасшылық рөліне төзгісі келмей, ұйымдасқан түрде шабуыл бастаған. Сол үшін бірақ қазақ ғалымы ғылыми айналымға енгізген металлогениялық ұстанымға бетпе-бет тиіспей, жөткірліктің ежелгі әдісін қолданып, Сәтбаев ұсынған идеяның аспаннан түспей, шетелдіктер баяғыда ойлап тапқан жаңалық екенін дәлелдеуге кіріскен. Сол жолда бетке ұстаған басты "көсемі" — "Еуропа металлогенистерінің атасы" атанған, әйгілі неміс ғалымы Г.Шнейдерхен.

Қысқасы, бұл дау әртүрлі деңгейде өрбін, ақыры "Кеңестік геология" журналының бетінде бірнеше жылға созылған ғылыми айтысқа ұласады. Талай білімпаздар бұл жайында өз топшылауларын жария етті. Жұрт күткендей, негізгі тәжіке тағы да ВСЕГЕИ мен ҚазГПИ металлогенистері арасында жүреді.

Қ.И.СӘТБАЕВ, И.И.БОК, Г.Б.ЖИЛИНСКИЙ ("Кеңестік геология" журналы, 1960 жыл, №9):

"Әр қилы кезеңдерде түрліше ағымдардың жолды болғаны мәлім. Солардың бәрі де артында белгі қалдырмай жоқ болды,

анығында оларды өмірдің өзі ұмыттырды. Кен орындарының тұнба тегі туралы соңғы жылдары жолды болған жаңсақ теориялардың баянсыз тағдырын еске алайық. Бұл да металлогениялық зерттеулер деректерін ескермей, өмірден қашық, ойдан шығарылған болжамдауға жалаң еліктеудің салдары...

Ю.А.Билибин — еліміздің геология ғылымының жедел өрістеп, шикізат қорының еселеп өсуіне елеулі еңбек сіңірген тамаша маман. Алайда оның геосинклинальды жүйелердің металлогениялық дамуы жөніндегі қағидаларын барлық аймаққа бірдей қолдануға болмайтындығы бүгінде айдай анық. Біз оны сол үшін сынадық. Аса дарынды, қадірменді Ю.А.Билибин тірі болса, тап бүгінде өзінің кейбір шәкірттері құсап, даусыз айғақтарды көрмегенсіп, жаңсақ идеяны соншама жыл өзеуреп жақтамаған болар еді. Біздіңше, дарынды ғалымның қадірлі есімін онда-мұнда қыстырып, барлық айтысқа тықпалай берудің қажеті қанша, әмбе мұны біз риясыз әрекет деп білеміз..."

Бұдан әрі Қазақстандық авторлар ғылыми айғақ, кеңес және шетел зерттеушілерінің еңбектерінен дәлелдер келтіре отырып, қайсыбір ғалымдардың талғамсыз көзқараспен "Металлогенияның кіндік әкесі" деп жарияланған неміс білімпазының бір жақты ілімінің қолдауға келмейтін жаңсақ тұжырымдарын жан-жақты талдапты...

"Г.Шнейдерхен және оның тілектестерінің қыңырая жақтап, геологиялық практика мен теорияға енгізуді тілеп отырған идеясының тоқ етері мынадай: әрбір ірі кен аймағы тек бір ғана кен түзеу кезеңінен тұрады; бұл аймақтың одан өзге геологиялық дамуы алғашқы кезеңмен салыстырғанда мәнді емес. Демек, Шнейдерхеннің түсінігінше, келесі кезеңдерде тек қана екінші эндогендік кен түзеу процестері жүрген..."

КСРО-ның кенді аймақтарын металлогениялық зерттеу бұлардың бір емес, көп кезеңді дамудан өткенін дәлелдеп отыр. Олай болса Г.Шнейдерхеннің "металлогениялық кезең жалғыз" деген схемасы өмірден емес, ойдан шығарылған. Ал екінші эндогендік кен түзеу процестері туралы тұжырымы — жаралу уақыты жөнінен дәлелденбейтін жаңсақ пікір. Сөйтіп, іздеу, болжамдау, нә бағалау жөнімен қарағанда бұл теорияның бізге ешқандай пайдасы жоқ. Шынында да геологиялық практика үшін нақ осындай жалаң схемалардың бітіспес дау туғызып, мамандарды сырдаң теориялардың жыңғылына қамал, бас қатырғаннан басқа қандай көмегі болмақ? Бұл теориялардың ғылымнан тысқары жатқаны сонша, кейде солардың қайсысына сенеріңді білмей есің шығады... Демек, осы сияқты шымшытырық "теориялардың" біздің елде кең тарап, жолды болу-

ын ақтау тіпті дұрыс емес. Г.Шнейдерхеннің ойдан шығарған, ешқандай да дәлелі жоқ тұжырымдарын академик В.И.Смирновтың жақтауы бізді ерекше таң қалдырады. Ал ол соңғы жылдарға дейін Шнейдерхенге қарсы бағытта болған еді, бұған қадірменді әріптесіміздің ертеректе жариялаған монографиялары куә. Біздіңше, Владимир Иванович неміс ғалымының көптеген еңбектерін кеңес баспасөзінде талғаусыз басқызып, кешірілмес қателік жасап отыр".

Таңданарлық гөп: осы айтыста Қазақстан металлогенитері бәсекелестерін бірден жығатын басты аргументті өжетіне жаратпаған. Қажет деп білсе, олар Шнейдерхеннің қатардағы неміс ғалымы емес, метафизикалық көзқарасты тумысынан ұстанған жай ғана шетел білгірі де емес, адамзаттың қас жауы Адольф Гитлердің рухани ғылыми кеңесшілерінің бірі болғандығын айтар еді. Сірә, ғылыми айтыста басты төреші — ақиқат пен шыншыл идея деп білген зиялылар, әріптестерін тұқырта жеңуге солақай желеуді көзір етуді лайық көрмеген.

Бұл айтыстың қорытындысын 1960 жылы Киевте өткен Екінші металлогениялық кеңес шығарған.

Киевтегі жиынға ВСЕГЕИ ұжымы күлі КСРО аймағының металлогениялық болжам картасын әкелген. Алғашқы танысу үстінде-ақ Қазақстан металлогенистері әріптестерінің бұрынғы қағидаларынан бас тартпағанын, бұл жолы да өз ойларының дұрыстығын дәлелдеуге тырысатынын аңғарады. Картаны талқылау Билибин шәкірттерінің "геологиялық ғылыми ойға Сәтбаевты жақтаушылардың үстемдік жасап", өздеріне тілектес геологтардың "практикалық ізденістегі табыстарын теория жеңісі деп жариялап жүргендігін" мәлімдеуімен басталады. Амал қанша, тағы да мәнсіз айтысқа түсіп, тойтарыс беруге тура келді. Бірақ бұл жолы Украина ғалымы, академик Н.П.Семененко, мәскеуліктер Е.А.Радкевич, Н.А.Фогельман, өзбек металлогенисі Х.М.Абдуллаев, Қиыр Шығыс (И.Н.Томсон) пен Сібір өлкесінен келген бірталай ірі геолог-ғалымдар, әсіресе КСРО-ның геология және жер қыртысын қорғау министрі П.Я.Антропов, тағы басқалары өктемірек сөйлеп, талқылауға ұсынылған картаның нақтылы барлауға мүлдем жарамсыз екенін жариялайды. Сөйтіп, Киев кеңесі де академик Сәтбаев мектебі ұсынған теориялық қағидаларды болжамдауға батыл қолдануды ұсынған қаулы қабылдаған.

"Қаныш Имантайұлының көп жыл жүйкесін тоздырып, геологиялық ғылым әуенінде әрдайым қарсы шығып қатты салғыласқан әріптестерінің бірі — академик В.И.Смирнов еді.

Екеуінің ту баста не үшін келіспегенін нақты білмеймін, алайда олар ғылыми мәжілістерде, баспасөз жүзінде де бір-бірін аямайтын... — депті Қазақстандағы еңбегі мен қызметі "Болжаулы барлау" тарауында баяндалған ғалым-геолог, Лениндік сыйлықтың иегері, профессор Г.Б.Жилинский осы ғұмырнама иесіне Магадан қаласынан 1981 жылдың 12-қыркүйегінде жолдаған хатында. — Смирнов академик Сәтбаев қайтыс болған соң да оған деген қаскөйлігін тоқтатпады. Ең ғажабы және сойқандысы, соңғы кезде жазған еңбектерінде ол Қаныш Сәтбаев есімді ғалым дүниеде болмағандай тарс ұмытып, өзі онымен өмір бойы айтысқа түспегендей оғаш қылық аңғартып, өз еңбектерінде қарсыласы ретінде де атауды қойды. Мысалы, оның КСРО-ның елу жылдық мерекесіне орай жазған металлогения ілімінің табыстары туралы көлемді мақаласында Қ.И.Сәтбаевтың есімін атауды қасақана "ұмытып" кеткен. Ал, бұл ілімде Сәтбаевтың еңбегі — негізгі арқау екендігі даусыз шындық. Ең қиыны һәм сорақылық: ғалымның өзі сомдаған ұжымнан да нақ сондай "ақкөт торғайлар" шығып, оның рухын бір күндік тірлік пен мадаққа сатып, Смирновтың металлогения негізін тұнба текке бұрған "теориясын" жақтаушылар шықты. Солардың бірі — бізбен бірге болжам карта үшін Лениндік сыйлық алған академик әріптесіміз (хатта ғалымның есімі толық аталған, бертінде Сәтбаев ілімін қайыра жақтаушы болғандықтан атамай отырмыз — С.М.)... Өмірдің осындай оңғақ та өткінші құбылыстарына өкініш білдіргеннен өзге не дейміз?!."

Шынын айтқанда, дау-дамай тумаса ғылым алға өрістемейді. Бұ да өмірдің айнымас қағидасы. Біз сөз етіп отырған ғылыми айтысқа да төрелікті Уақыт сол кезде-ақ: "Кімнің болжауы кен көмбесін табуға жеткізсе — соның болжамы дұрыс!" — дегенді. Алайда көзге түртіп тұрған шындықты мойындағысы келмегендер дауды бертіңде де жалғастырып, есе қайтаруды жөн көрген. В.И.Смирнов және оның жақтастарының далбаса үміті сол әрекеттен туған. Ғажапты қараңыз: қазақ ғалымының туғанына жүз жыл толуына байланысты РАН-ның төралқасы Мәскеуде, 1999 жылы өткізген салтанатты жиында баяндама жасаған академик, ғалым-геолог Н.А.Шило: "Болжам карталарын жасап, соның басты қағидалары мен одістерін айқындау ісінде академик Қ.И.Сәтбаев ғылымға енгізген металлогениялық талдау геология ілімін кезінде елу жыл алға оздырды. Сол деңгей бүгінде де өзгерген жоқ. Әлі де елу жыл алда тұр..." — депті. Демек, Қаныш Имантайұлының кезінде, кейін де қаншама дау туғызған ұлы ісі өміршеңдігімен жеңген.



60-жылдардың басы — біртуар ғалымымыздың еңбегін жұрт танып, бақ-жұлдызының биікке көтерілген шағы: КСРО және Қазақ КСР Жоғарғы Кеңестерінің неше мәрте (Одақ Кеңесі төрағасының орынбасары міндетін талай жыл атқарған) депутаты, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің мүшесі; КСРО ҒА-ның және Лениндік сыйлықтар комитетінің төрақа мүшесі (1961-1964), КСРО Жоғары және арнаулы орта білім министрлігінің Өкілетті аттестациялау комиссиясының (ВАК) алқа мүшесі (1946-1964); бұдан да өзге қаншама әлеуметтік қызметтер, әрқилы ғылыми-өндірістік кеңестер мен комиссиялардың құрамындағы ұлан-асыр міндеттері...

Мұның бәрі де ғалымды титтей де дандайсытқан жоқ: кімкім, қандайда көл-көсір атак-даңқтың онғақ, өткінші нәрседей өте шығатынын ол тым жақсы білетін-ді; ал шабытты еңбек — күн сайынғы тынымсыз жұмыс, ғылым жолындағы жан-жақты ізденіс, соның бас ғимаратына "орны табылып қаланған" әрбір кірпіш ешқашанда тозбақ емес, егер соны берік негізге қойсаң өзің кеткен соң да ұзақ жылдар сын-сымбатын, мән-мағынасын жоғалтпай тұлағаланып тұра бермек...

Сондықтан да Қазақстан геологтары мектебінің жетекшісі металдар тегі жайындағы өз теориясын нақты ізденіске негіздеп зерттеулер бастаған. Солардың ең бастылары — Кенді Алтай мен Оңтүстік Қазақстан региондары үшін металлогениялық болжам карталарын жасау. Бұл үшін ең алдымен зерттелмек аймақты жан-жақты шолып, осы күнге дейін мәлім болған кен ошақтарын өз көзімен көру қажет. Ғалымның Қаратау бойы мен Қырғыз жотасын аралап, ванадий, мыс кендерін, фосфорит табылған жаңа көздерді көруі (1955 ж.), одан Ергіс бойын, Алтайдың қойнауларын шарлауы (1956-1957) осы мақсаттан туған. Тағы бір жылы ол Орталық Қазақстанға шығып, Атасу бойындағы, баяғы Өспен, одан Қарағайлы, Алайғыр, Саяқ, Ақбастауға келеді.

Қарап тұрсаңыз жасаң жігіт күнінен игеріп, құпиялы жыңғылына құныққан да геология ғалымға жасы алпыстан асқанда да тыныштық бермеген. Өзіне ғана емес, қасына ерген жанкүйер серіктеріне де...

ҚЫРҒА ШЫҚҚАН ДАРИЯ

I

Қарағанды өндіріс торабын сумен жабдықтау мәселесімен ғалым 1942 жылы шұғылданған-ды. Осы өңірде салынбақ қара металл өндірісіне орын белгілеуге келген үкімет комиссиясының сарабына жобалаушылар үш түрлі ұсыныс әзірлепті: бірі — Шерубай-Нұра өзенінің бойындағы Жартас маңы; екіншісі — Нұра бойы, үшіншісі — Самарқан бөгетінің тұсы; ал жаңа зауытқа секундына 2,2 текше метр су керек... Соңғы жобаны таңдауға Самарқан көлінің сенімді қоры түрткі болды.

Он жылдан соң Қарағанды өндіріс торабына қосылатын тұрғындардың сапы екі есеге жуық өсті. Сораң, Шахан, Ақтас, Абай, Топар, Шахты, Теміртау сияқты серіктес кенттер пайда болды. 1965 жылы бұл төңіректе бір миллиондай тұрғын болмақ. Келешекте осы атыраптағы халық саны тағы да өседі, өндірістер көлемі де. Бәр-бәрінің пайдаланатын суы — шағын көлдер мен жергілікті ұсақ өзендердің көктемде еріген қардан жиналатын қоры. Ол болса қажет судың үштен бірі. Жетпейтін екі бөлікті қайдан алады?

Сарыарқа жонында өткен ғасырда-ақ қисапсыз мол қоры мәлім болған отын қоймасы — Екібастұз. Кеңес геологтары Ұлы Отан соғысына дейін, одан кейін де қосымша ізденіс жасап, оның куәлі Одақ көлемінде ең арзан қазылатын, әрі қуаты орасан зор көмір ошағы екенін шүбәсіз анықтады.

XX ғасырдың аяқ шенінде "Батыр", "Шығыс", "Солтүстік" және "Мөйкебен" аталған төрт кеніштен алынатын арзан да сапалы отын республикада өндірілетін барлық көмірдің алпыс пайызын, ал қазандығына жаққан стансалар электр қуатының қақ жармысын берген. Оның алып қазаншұңқыры жылына 35 миллион тонна көмірді шөміштеп күреп, тіпті 50 миллион тонна да жөнелте алатын қуатқа ие. Сол себептен де ол шахтерлердің дуалы аузымен "Батыр" атанған.

1977 жылы КСРО Министрлер Кеңесі Екібастұз кешенін салу және кернеуі 1500 киловольт Екібастұз-Орталық электр жүйесін тарту жөнінде арнайы қарар қабылдаған. Бұл құрылыстың ересен алыптығын мына деректер айғақтаса керек: кеніштерінің жылдық қуаты 170 миллион тоннаға өсіп, соның

негізінде Екібастұздың іргесінен 5 жылу стансасы салынып, олар 20 миллион киловатт электр энергиясын бермек, оны жоғары кернеумен тұрақты ток түрінде тасымалдау үшін 2415 (айналмалы ток жүйелері — 5316 км) шақырымға төрт қабат сым тартылады. Осыншама қыруар жұмысты тындыратын қалада ғасыр аяғында 300 мыңдай тұрғын халық тұрады деп жобаланып, соған орай сәулетті Екібастұз шәрі салынбақ-ты.

Қуат-күші ересен көмір ошағын игеру үшін де мол су керек. Гидрогеологтар бұл төңіректі қанша жыл шарлады, ақыры Қалқаман темір жол стансасының іргесінен жерасты суының көп-көрім қорын тапты. Едел-жедел басталған Қалқаман-Екібастұз су құбырының құрылысы 1957 жылы бітіп, жылына бес миллион текшеметр су қотара бастады. Қазақстанның орталық және теріскей өңірін, Сібір мен Орал бойындағы барлық іргелі өндірістерді ең арзан электр қуатымен жарылқауға тиіс Екібастұздың жедел салынған алғашқы стансасына бұл су жұғын болмады (Бір ғана ГРЭС-тің конденсаторларын суыту үшін жылына 4 миллиард текше метр су керек).

Шідерті өзенінің бойынан бөгет тұрғызуға жоба жасалды. Оның суы бірақ ащы. Ақыры, еңістегі Ертістен үлкен су құбырын жүргізу жобалан-ды. Есепке отырған мамандар он жылдан соң еселеп өсетін, Екібастұз қуаттарына ешқандай алып құбырдың су айдап үлгере алмайтынын, өте қымбатқа түсетінін мәлімдеді...

Қарағанды өндіріс торабына ол кезде Жезқазған, Екібастұздан өзге Теміртау, Қаражал, Балқаш, Ақшатау және Қарағайлы кен аудандары енетін. Бұлардың біреуі ғана суды "кеңірдегінен" келгенше алады, ол — Балқаш көлінің жағасындағы мыс алыбы. Өзгелерінің жағдайы — "рақымы мол" аспанға байланысты, яғни жаңбыр мен қар суын жинау... Мамандар бұл аудандардың өндірісіне 1975-1980 жылдары қанша су жетпейтінін есептеп шығарды, ал жиырмасыншы ғасырдың соңында бүкіл Қарағанды-Жезқазған экономикалық өндіріс торабына екі миллиард текшеметр мөлшерінде су керек екен. Мұнша суды қайдан аласың?

II

Бұл өлкені суландыруға мамандар екі жоба ұсынған: алғашқысы — жерасты қорын пайдалану, екіншісі — Ертісті бұрып, жарма қазу.

Жарма қазу қымбатқа түспек. Әңгіме бірнеше жүз шақырым жер қазып, иә алып су құбырын салу туралы болып отыр-

ған жоқ. Гәп — суға ділгір ондіріс ошақтарының түгелдей Ертіс арнасынан әлденеше жүз метр төскейде тұрғанында. Яғни еңістегі суды ылдифа емес, өрге айдау керек. Құрылыстың өте қымбатқа түсетіні өз алдына, күні-түні жұмыс істеуге тиіс сусорғыш стансалар үшін де аса қуатты энергия көзі қажет!..

Мамандардың көпшілігі жарма нұсқасын құп көрмеген, мұндай ірі де тұрақты шығынға үкімет келіспейді деп есептеген. Амал қанша, екінші жолды оңтайлы көріп, Орталық Қазақстан атырабынан гидрогеологтар жерасты көздерін іздеуге көп жылды сарп еткен. Ақыр аяғында еңбегі жанды. Ондаған жерде мол су көздері табылды.

Екі ұсыныс та көптеген мәжіліс, ғылыми конференциялардың талқысына түседі. Қайсысы дұрыс, қайсысы тиімді? Ғалымдар таласы бірнеше жылға созылды. Жарманың бір емес, ондаған нұсқасы жасалды. Құрдымдағы су көздері туралы да сан алуан пікір бар, оның ішінде бірін-бірі теріске шығаратын кереғарлары да жетерлік. Осының бәрін талқылап, жан-жақты сарапқа салып, бір тұжырымға келетін мезгіл жетті.

Қаныш Имантайұлы бұл мәселені академияның 1958 жылы Қарағандыда шақырылмақ көшпелі сессиясында қарауға ұсынады. Қуатты аймақтық өндіргіш күштерін ғылыми саралап, тағы бір мәрте талқылап, тиісті бағыт-бағдар беру қажет-ті. Соның ең бастысы — су мәселесі... Осыдан бір жыл бұрын академия республика энергетиктері Ш.Шөкин, В.Китенко, С.Майзель, З.Берікқалиев, П.Калачев және бір топ мамандардың нақтылы ұсынысын талқылаудан соң, Ертіс-Қарағанды жармасын жобалауға Мәскеудің С.Я.Жук атындағы Гидрожоба институтына тапсырыс жасаған-ды. Қарағанды сессиясында осы мекеменің бас инженерінің орынбасары И.С.Семенов жаңа арна жайында баяндама жасайды. Қосымша айғақтармен жобаны қолдаған Ш.Шөкин де келелі сөз бастайды...

Жарманың ұзындығы 514 шақырым болмақ. Ертіс суы көтерілетін ең биік төскей — 475 метр. Ол шығыстағы еңістен батысқа қарай тік тартылып, Екібастұз көмір ошағын жана-малай өтеді де, Шідерті өзеніне құяды. Бұл болса солтүстік-шығысқа қарай ағатын өзен. Енді жарма суын кері бағытқа ағызу қажет, яғни ылдидан өрге қарай. Бұл міндетті қуатты сусорғыш стансалары және су тоспалары атқарады. 410-шы шақырымнан кейін Ертіс суы ең жоғарғы биікке көтеріледі. Одан әрі сыпыра ылди, дария өз ағынымен құлайды. Қарағандыға барған соң кең шеңберлі (бейнелеп айтсақ, үш ат жеккен пәуеске еркін шауып өткендей) темірбетон құбырлар бойымен түпкірлі кен ошағы — Жезқазғанға жеткізіледі...

Гидротехника өнері бұрын-соңды көрмеген, керемет алып құрылыс еді бұл. Оның бірінші кезегін салу үшін құрылысшылар жетпіс миллион текшеметр топырақ аударып, он бір миллион текшеметр тас қашауға тиіс-ті. Ал сусорғыш стансаларын, ондаған су қоймаларын салу үшін қаншама құрылыс жұмыстарын атқарып, елді мекендер тұрғызу шарт?.. Миллиардтаған сом қаржы!

Алайда қымбат болғанымен, сусыз шара жоқ. Қарағанды сессиясы жарма жобасын мақұлдаған шешім қабылдайды. Сессия қаулысы жарма құрылысын бастауға берілген бұйрық емес. Тек қана ғылыми ұсыныс. Оны жүзеге асыру үшін жоспарлаушы, жобалаушы мекемелерінің мақұлдауы керек. Одан әрі үкіметтің арнаулы қарары!..

Айтыс та осы қарсаңда өршіген. Мәскеудегі Водоканал-жоба институты 1949 жылы жер астындағы су көздерін пайдалануға негізделген жоба ұсынған-ды. Сол ұжым Ертісті Арқаға бұру ісіне мүлдем қарсы екендігін мәлімдейді. Олар және жалғыз емес, Алматыдан да бір топ гидрогеолог тілектестер табады. Сірә, өзара тізе қосып қимылдауға келіссе керек, жұртшылық тарапынан жапшай мақұлдату ойлап, өз пікірлерін баспасөз бетінде жария етеді. "Казахстанская правда" газетінде (21 шілде 1959 жылы) жарияланған "Жерасты сулары" атты мақаланың бұл мәселеге мемлекеттік сипат беру үшін жазылғанын аңғару қиын емес: *Қазақстанда бірнеше жерасты теңіздері бар. Олардың үстінен бұрғыланған әрбір ұңғыма тәулігіне 500-ден 5000 текше метрге дейін, ал кейбірі 8-10 мың текшеметр су бере алады. Бұлардың ең "кедейі" деп есептелетін "Қарағанды теңізі" секундына 25 текше метр су бермек.. " Тағы бір басылым "Жерасты теңіздері" деп аталған-ды: "...Қазақ даласындағы жерасты суының молдығы соншалық, барлық қорын қосып есептесек, 23 мың миллиард текше метрге жетеді. Бұл Арал теңізінен 18 есе артық көлем, яғни Балтық теңізінің су қорымен парапар. Соның ішінде жер қыртысының ауыртпалық күшінің әсерінен үстіге өзі шапшып шығатын су қоры екі мың миллиард текшеметр шамасы. Бұл да Балқаш көлінен 15 есе, Куйбышев жасанды теңізінен 35 есе артық су..."* деп жазған-ды академик У.М.Ахмедсафин "Білім және еңбек" журналында сол жылы жарық көрген екінші мақаласында.

Жарма қазуға қарсы тұрған мамандар өз уәждерінің дәлеліне мұнан да өзге айғақтар келтірген. АҚШ-тағы барлық қалалардың сексен пайызы жерасты суын пайдаланады — өндіріс

қажетіне, ішуге ғана емес, бүкіл егісінің жиырма жеті пайызын суғаруға да; ал Қазақстаннан он есе кіші Жаңа Зеландия аралы жер астынан күн сайын 270 мың текшеметр су шығарып отыр; оны аз десеңіз, техникалық күш-қуаты біздің шерігімізге келмес Индия елі де бұл істе көп жұртқа үлгі болғандай өнеге көрсетуде.

Рас-ау, еріксіз мойындатар нанымды дәлелдер! Шалғай қиырда, әрі еңісте жатқан Ертісті өрге айдап азап не? Табан астында миллиардтаған текшеметр су қоры, алып теңіздер әжетке аспай жатқанда?! Жер-жерден ұңғып бұрғы сал, құрдым тереңге бойла да, артезиан суын үстіге тарт. Құбыр құрап, көл табанына, иә қолдан соққан тоспаға жина! Бітті шаруа! Ешқандай жарманың қажеті жоқ. Қандай тамаша, нақты ұсыныс!

Оп-оңай сияқтанған қарапайым ұсыныстың сол күндерде біраз жұрттың ойын бөліп, көңілін алабұртқаны анық. Әсіресе бейнелі теңеуге әуес тілшілер қауымын, үлкенді-кішілі газеттерді. Шын-ау, "Жерасты теңіздері" деген сиқыр сөздің былайғы жұртты керемет қызықтырғаны сонша, жарма қазу мәселесін қайта талқылау қажеттігін және оны "жершілдік" пиғылмен, яки туып-өскен өлкесі Сарыарқаға бұрмай, шынайы мемлекеттік көзқараспен қарау жөнінде сыпсың сөз қозып, жерасты суларын ұтымды пайдалану жайында кейбір газеттер басмақалалар жариялаған...

1959 жылдың 26 маусым күні академик Қ.И.Сәтбаев төрелік етуімен шақырылған ГФИ-ның ғылыми кеңесінің төтенше мәжілісі осы мәселені талқылауға арналды. Оған республиканың су, энергетика, гидрогеология мекемелерінің жетекші ғалымдары, білгір мамандары қатысқан.

"Қ.И.СӘТБАЕВ: "Ертіс-Қарағанды жармасының құрылысын бастауға қам жасалуда. Алайда Водоканалжоба бұған қарсы екендігін мәлімдеді. Олардың кереғар ойын қызу жақтаған пікірлер өз ішімізден де шығып отыр. Осының бәрі жарма тағдырын таяу арада шешуге кереғар әсер етуі мүмкін. Сол себепті, біз бүгін өзара талқылап, аса маңызды және дәйекті шаруа қақында нақты пікірге келсек жөн болар еді.."

У.М.АХМЕДСАФИН: "Соңғы жылдарда көптеген ұжымдардың зерттеуі жинақтаған гидрогеологиялық материалдарды талдау Орталық Қазақстанды сумен жабдықтау проблемасын жер астындағы мол көздер арқылы шешуге болатынына иландырып отыр. Бұл үшін тек гидрогеологиялық зерттеуді одан әрі кеңейту қажет. 1965 жылдың өзінде бұл өңірдегі

артезиан құдықтары секундына 3,5-4,0 текшеметр су беретініне ешқандай күмән жоқ".

Ж.А.АЙТАЛИЕВ: "...Алайда артезиан құдықтары осы жеті жылдықта жарма жеткізгендей мол су бере алмайды".

Қ.И.СӘТБАЕВ: "Қарағанды өндіріс торабының 1965 жылы суға ділгірлігі секундына 25 текшеметр болатынын ұмытпаңыздар".

П.Я.АВРОВ: "Соңғы жылдарда менің қатысуыммен Ақтөбе, Ақмола, Қарағанды, Көкшетау облыстарының тың көтерген аудандарында жүз шамалы ұңғыма бұрғыланды. Солардың тек біреуінде, Ақтөбе облысында ғана жергілікті қажетті өтейтін жерасты сулары табылды, қалғандарының бергені — мардымсыз... Қарағанды сияқты алып өндіріс ошағын Ертістен тартылатын жарма ғана өтей алады".

В.В.ГАЛИЦКИЙ: "Жерасты сулары ділгірлікті өтейтіндігін экономикалық дәлелдеу керек".

И.П.НОВОХАТСКИЙ: "Жарма құрылысына жерасты суын тартуды қарсы қоюға болмайды. У.М.Ахмедсафин жерасты суын пайдаланумен қоса жарма құрылысы қажет екендігін түсіндіріп, баспасөз бетінде мақала жарияласа деймін".

С.К.КАЛУГИН: "Жарма туралы мәселе көптен бері айтылып келеді бірден-бір дұрыс шешім. Оның құрылысын жер астындағы суды пайдалану мәселесіне байланыстырмау керек. Жарманы салу қажет".

А.А.ФЛЕРОВ: "Қазақстанның жер астындағы су қоры, әрине, аз емес. Оны керегінше ғана әжетке жарату керек".

М.П.РУСАКОВ: "У.М.Ахмедсафинның басты қатесі — жерасты суы тараған аймақты "теңіздер" дегені — ғылыми күмәнді атау. Ертіс-Қарағанды жармасын салу керек. Сонымен бірге жер астындағы суды тиімді пайдалану жолдарын да зерттеу қажет".

А.А.ФЛЕРОВ: "Жер астынан секундына төрт текшеметр суды үстіге көтеріп, оны бір жерге жинау да, меніңше, инженерлік күрделі құрылыс".

С.К.КАЛУГИН: "Әлбетте, суды жоғарыға көтеру үшін аса тереңге, ең кемі 150-200 ұңғыма бұрғылау қажет. Бұл да қаншама қаржыға түседі...".

И.Ф.КОЛОТИЛИН: "Жармасыз болмайды. Оған жұмсалған шығын өзін ақтайды".

Г.Ц.МЕДОЕВ: "Жер астындағы теңіздер" дегені ешбір сын көтермейді, "Жер астындағы су" терминін оп-оңай бұрмалап, ғылымға қатысы жоқ берекесіз айтыспен шұғыдануға да тыйым салу керек. Ертіс-Қарағанды жармасының құрылысы ешқандай күдіксіз басталуға тиіс. Бұл болса Қарағанды мен Екі-

бастуз ғана емес, жолшыбайғы Бозшакөл, Бөрлі, Қожаншат және өзге де өндіріс ошақтарын игеруге жол ашады...".

У.М.АХМЕДСАФИН: "Әлбетте, Қарағанды өндіріс торабына секундына 25 текшеметр су керек болса, жерасты сулары мұндай көлемді бере алмайды. Сол себептен жарма тартудың қажеттігі айқын. Менің ұсынысым ауыл шаруашылығының қажетін өтеуге арналған..."

С.М.МҰХАМЕДЖАНОВ: "Ахмедсафин жарма құрылысына қарсы болған жоқ. мәселені дабырайтып, жұртшылықты көпірме сөзге елірткен, сірә, газет тілшілері болу керек. Жарма салу мәселесін тездету қажет..."

Дау бірақ тоқтаған жоқ. Қайсысы тиімді: жарма құрылысы, әлде жер астындағы суды көтеру?.. Мамандар пікірі сан алуан. Бәрі де өз ойларын ашық айтып, көкейіндегі күмән-күдігімен бөліскен. Қаныш Имантайұлының бұл мәселе жайындағы ойы мейлінше айқын болатын:

— Түптеп келгенде мәселе — жер қойнындағы мол судың Қарағанды өндіріс торабының қажетін толық өтей алмайтындығында емес. Өңгіме сол суды орнынан қозғауға болмайтындығында!.. Әрине, жұртшылық еліккендей мәнді деректерді сұрыптап алып, түсінік-түйсігі жадағай, маман емес газет тілшілерін қызықтыру оп-оңай. Бірақ не үшін, қандай мақсатпен?!.. Немесе Орталық Қазақстанның құрғақ та қатал табиғатын біле тұра, оны мүлдем басқа құрлықта, геологиялық дәуірі өзгеше мезгілде жаралған Америкамен, Жаңа Зеландия, иә Индиямен салыстыру кімге пайда — жерге ме, елге, әлде өндіріске?.. Түсінбеймін! Жұртты дүрліктіретін пікір тұғызу демеске амалым жоқ... Тіпті басқа жәйттерді былай қойғанда, бұл өлкеге жыл сайын түсетін жауын-шашынның көлемін есептеп көріңіздер. Иә, иә, салыстырған соң мұндай деректерден де бас тартпау керек. Әлгіңде аталған елдерге қанша ылғал түседі? Орталық Қазақстанға қанша?.. Қызыларай, Кент, Қарқаралы, Ұлытау сияқты таулы аймақтарға жылына 350-400 мм, ал оңтүстіктегі құрғақшылық жайлаған аудандарға небәрі 150 мм. Демек, шетелдерде сөтті пайдаланды екен деп, кең-байтақ даламызға аз да болса өң-келбет, тірлік беріп отырған бұлақ көздері мен өзен-көлдерінің тереңдігі табиғи қорын — тұщы сулы артезиан бассейндерін бей-берекет үстіге қотарып және оны өндіріс тораптары қажет еткен көлемде шығара бастасақ туған жердің келешек тағдыры не болады, соны ойлаған маман бар ма, сірә?!.. Жер астындағы су көздерін алуға ежелден кәсіптенген елдердің табиғаты мүлдем бөлек, олардағы шығыс пен кіріс бірін-бірі төңіретіп отырады. Ал

бізде?.. Шынымды айтсам, менің бұған күмәнім бар. Артезиан бассейндері өте баяу қалпына келеді, оларды қайта толтыру үшін ондаған жылдар қажет. Ал біз сол бассейндерді өндірістік көлемде, қауырт пайдалану жайында ұсыныс бермегіміз. Жә, жер астында жатқан "теңіздерді", шынымды айтсам, солардың су қорының көлеміне де менің күмәнім көп: теңіз бе ол, жоқ, әншейін бір көлшік пе — оны да әлі зерттеу керек! Әлгі қоймалардың суын ала бастадық дейік. Бірер жылда-ақ түбіне жетеміз. Босаған кеңістікті жылма-жыл толтырар қар, иә, жаңбыр суының дәрмені шамалы. Сөйтіп, тілейік-тілемейік, құрдым тереңде, төменгі қабаттарда қозғаусыз жатқан тұзды су көздерінің үстіндегі босаған кеңістікке көтерілуіне жол ашамыз. Мұны мен ойдан шығарып тұрғам жоқ, табиғаттың өз заңы. Көп жылдар тұщы су беріп тұрған артезиан құдықтардың кенет тұз қосып қойғандай ащы болып кететінін көріп жүрміз... Өндіріс қажетін өтей алмаймыз. Ең қиыны, онсыз да тұзы бетіне шығып жатқан, қағы көп жер қыртысын одан әрі тұздаймыз, ал бұл, менің ойымша, туған жердің келбетіне жүздеген жылдар бойы түзелмес, бәлкім, мүлдем түзеуге болмайтын жарақат салу!.. Осы қастандығымыз үшін келешек ұрпақ бізге рахмет айтар ма екен? Әлде лағнет естиміз бе? Бұған да ойланыңыздар... Неліктен біз жер қойнында жатқан барлық байлығымызды, бұған мен су қорын да қосамын, алдыартымызға қарамай, еш нәрсеге ойланбай, тып-типыл етіп құртуымыз керек? Жоқ, біз оларды көздің қарашығындай сақтауға міндеттіміз! Өзімізді өмір бақи асырап отырған табиғатты қорғау, жер астындағы қазба, су байлықтарымызды шақтап пайдалану — жолдастар, болашақ ұрпақ алдындағы қасиетті борышымыз!.. Әлбетте, мен Сарыарқа қойнындағы жерасты суын ауыл шаруашылық қажеті үшін пайдалануға, айталық, жан-жануарды суғарып, егін, көкініс өсіруге, елді мекендердің әжетін өтеуге жұмсалудына қарсы емеспін. Тіпті ол кішігірім өндірістің, шағын стансалардың қажетін шығарсын. Жылма-жылғы қар мен жаңбыр суы бұл шығынды әрқашанда қайыра толтырып отырады. Жерге одан келер зиян жоқ... Ал жарма құрылысын ешқандай дау-дамайсыз жақтағанымыз жөн болар. Мен өзім Орталық Қазақстанды, оның қуатты өндірістерін мол сумен жабдықтаудың мұнан өзге жолын әзірше көрмей тұрмын. Соңдықтан да бұл өлкеге Ертіс суы ауадай қажет демекшім...

Қазақ КСР ҒА-ның энергетика институтының директоры, академик Ш.Ш.Шөкин басқарған топ салыстырма есептеу жасады: жер астындағы суды көтеруден түзілетін жалпы қор

және Теңіз-Қорғалжын, Қарасор көлдері, жергілікті өзендер жиналып 585 миллион текшеметр су береді екен; яғни секундына небәрі 18 текшеметр су келіп тұрады деген сөз. Бұл болса — Қарағанды өндіріс торабы 1980 жылы пайдаланатын судың төрттен бір ғана бөлігі...

III

Президент кеңсесінің архивінде 1959 жылғы 11 шілдеде Қ.И.Сәтбаев қол қойған, КСРО Министрлер Кеңесінің бірінші орынбасары және Жоспарлау комитетінің сол кездегі төрағасы А.Н.Косыгинге жолданған ресми хаттың көшірмесі сақталуы: *"Орталық Қазақстанның бүгінге дейін барланған, мәлім болған қисапсыз мол қазба байлығы және оның Отанымыздың шикізат қорын арттырудағы сүбелі үлесі күмәнсіз айқындалған... Сіз бұл мәселеге зор ықыласпен қарап, Ертис-Қарағанды жармасының құрылысын алдағы жетіжылдық жоспарға енгізуге нақты жәрдемдеседі деген сеніммен, өзімнің және КСР ФА-ның атынан.."* — деп басталған бұл хат Қарағанды-Жезқазған-Екібастұз экономикалық аймағы үшін ділгір мәселені бүге-шігесін баяндауға арналған...

Соншама иланымды айғақтармен жазылған хат өзін әрдайым қолдап та, құрметтей де білетін Жоспарлау комитетінің төрағасы, әмбе СОКП-ның ОК-нің бірінші хатшысы мен Министрлер Кеңесі төрағасы міндетін қосарлап атқаратын Н.С.Хрущевтің оң қолы А.Н.Косыгин тарапынан бұл жолы лайықты қолдау таппаған сияқты. Ал, Қаныш Имантайұлы ел мүддесіне мәңгі қызмет етпек аса мәнді істе орта жолда тоқтағысы келмеген. Әмбе уақыт Никита Сергеевич ұсынған жетіжылдық жоспарды алдын-ала талқылау қарсаңы болатын... Осы мақсатпен Мәскеуге аттанған ізбасар серігі Шапық Шөкин Алматыға телефон соғып, көкейкесті мәселенің түрлі себептермен қиындап кеткенін хабарлайды...

Амал қанша, Мәскеуге жедеғабыл баруына тура келді. Осы іске қатысты министрліктер мен түрліше мекемелердің ой-толғамын біршама қаузап көрген соң, Алексей Николаевичтің өзіне телефон шалды. Косыгин де бірден: "Жарманы салуға көптеген ұжым қарсы екенін, тіпті білікті мамандардың сарапшы тобы да тым қымбат құрылыс... деген тұжырым жасағанын ескертіп, соны енді қайыра ежіктеудің қажеті қанша?!.." — дегендей уәж айтады білем. Қаныш Имантайұлы: "Алексей Николаевич, сізге тапсырылған қарағандардың ішінде Қазақ КСР ФА-ның пікірі жоқ. Сол себепті, сіз маған жарты сағат уақыт

бөліп, ой-шкірімді тыңдаңыз. Ал, содан кейін қандай шешімге келесіз — еркіндегі шаруа", — дейді. "Олай десеніз, тура бүгін келіңіз!" деп үкімет басшысы нақты уақыт тағайындайды.

— Қымбатты Алексей Николаевич, сіз мені көптен бері білесіз, қашан келсем де қиын істің тоқ етерін тура айтып, өзара ұғысып, талай шаруаның күрмеуін шештік. Қазір де сола ақиқаттан айнығым келмейді, әмбе сіздің шексіз сенімнен... Ал, ащы ақиқат мынадай: Орталық Қазақстан бойынша осы күнге дейін мәлім болған қисапсыз мол қазынаның біз оннан да бір бөлігін алғамыз жоқ, сірә, одан да аз; мыс, марганец, қорғасын, барит пен темір кендері, ал Екбастұз — Кеңес Одағындағы ең арзан, ең қорлы отын қоймасы... Осының бәрі суға піреліп, қол-бөгеу болып тұр. Қысқасы, бұл өлкеге бір кезде темір жол тарту қаншалықты қажет болса, Алексей Николаевич, көпәдір жолсыз, яғни кең арналы жарма арқылы мол су жеткізбей ештеңе бітіре алмаймыз! Жерасты суын тарту — уақытша тірлік, әмбе экологиялық зардабы мол іс. Және "теңіз" аталып жүрген сол суларды жер астына ұңғып, көрген кім бар, демек, дүдәмал шаруа... Жарма тарту, қымбатқа түссе де, үлкен де қазыналы аймақтың тағдырын біржола шешеді!..

Кеңес Одағының күмі өнеркәсібі мен иен қаржысын уысында ұстап отырған қайраткер танымал ғалымға бірнеше түйткілді сауал қойып, ойында күдік туғызған жәйттерге жауап алып, әбден иланған соң, басын шайқалды да, көмекшісін шақырып, ұзын үстелдің шетінде қаттаулы тұрған қомақты бумаларды нұсқап:

— Мыналардың бәрі де — алтінде маған айтқан шкіріңізге қарама-қарсы тұжырымдар. Әмбе соларды өте жауапты, өзіндік ойы бар, атақ-беделі жеткілікті ғылым иелері жазған... Сөйтсе де, Қаныш Имантаевич, өз ойыңызға бекем сендірдіңіз! — дейді.

Осы әңгімені ерінен естіген Таисия Алексеевна естелігінде былай түйген: *"Заберите все эти бумаги и подготовьте решение, канал Иртыш-Карағандз будем строить!"* — депті үкімет төрағасының орынбасары көмекшісіне...

Алып құрылыстың жобасын өзірлеп, түрлі талқылау мен тиісті мекемелерде бекіту біршама уақытқа созылды. КСРО Министрлер Кеңесінің тарихи қаулысы 1961 жылы қабылданса да, жарма арнасына экскаваторлар шөмшінің тісі бірден қадала қойған жоқ.

"Ертістен бастау алмақ жарманың схемасы түрлі дау-шарға душар болды: біреулер оны кенені үлкен құбырлар арқылы,

екіншілер тұрбаға қоса ашық арна тарту қажет... десіп, кеңірдек жыртып бақты. Ақырында, Сәтбаевтың зор беделі, ғалымның басқалардан іері келешекке кемел көзбен қарағаны жеңіп, жобаға сол кісі ұсынған схема негіз болды... — деп куәлік етіпті осы жарманы салушы "ЕртісГЭС құрылыс" ұжымында еңбек жолын бастап, кейіннен, екінші кезегі басталған кезде бас құрылысшысы болған Л.К.ПОЛЕЖАЕВ "Өзіме жол" деп атаған ғұмырнама кітабында. — Шынында да дүние жүзінде ұзындығы жөнінен екінші жарма, әрі ерекше алып құрылыс болғандықтан оны салуға күллі Одақ атсалысты. Қазақстанның күш-қуатын ерекше арттыруға арналған жасаңды өзен еді ол!.."

Қысы-жазы тоқтаусыз жүрген құрылыстың алғашқы кезегі алты жылға созылды: 1967 жылдың 5 желтоқсан күні Ертіс жағасындағы бірінші станса жарма арнасына су қотаруды бастады; алты тәуліктен соң Алтайдан бас алып, Терістік мұхитқа мыңдаған жылдар бойы жөңкіліп жатқан шалқар дарияның мол суы үстіртке көтеріліп, Екібастұзға келді; араға айлар мен жылдар салып, Қарағанды мен Теміртаудың арғы-бергі бөктеріндегі елді мекендер мен өндіріс ошақтарына жетті. Жеті жылдан кейін құрылыстың екінші кезегі басталып, Ертіс суын Қарағанды облысының Жаңарқа, Шет аудандары, өндірісі зорайған Жәйрем мен Қаражал кеніштері алатын болды. Өзекті өртеген өкініші: құрылыстың зор құбырлар арқылы Жезқазғанға су жеткізетін тармағының аяқталмай қалғандығы!..

Ертіс суының Сарыарқаның кіндік жонына жеткеніне де талай жыл өтті. Дарқан өмір алдымыздан неше алуан өзгерістер туғызуда. Солардың бірі — тәуелсіз Қазақстанның Алатау баурайындағы астанасын өзгертіп, қазақ жерінің орта тұсындағы Ақмолаға қоныс аударуы. Жаңа астанада қазірде без жүз мыңдай халық тұрады, он жылдан соң оны мекендеушінің саны одан да молайып өсуі ықтимал. Демек, қоры шектеулі, әрі лайсаң Есілдің Астана тұрғындары мен сан-салалы өндірісінің су қажетін толық өтей алмасы айқын.

"Ертіс-Қарағанды жармасының Ақмола тармағын тартудың жөн-жобасы маған Шідерті су қоймасы төңірегінде (сегізінші сусорғыш стансадан сол жоғары) су алудан басталып, жаңа жарма Павлодар-Ақмола темір жолын жанамалай отырып, Ақмола іргесінде Есіл арнасына құюға тиіс... түрінде көрінеді. Оның ұзындығы 270 шақырымдай, суды небәрі 120 метр төскейге көтеру керек... Ал одан әрі мол суды Есілден Торғай өзенінің жоғарғы жағымен Құсмұрынға жеткізуге

болар еді..." — деп жазыпты Шапық Шөкіұлы "Өмірдің төрт мезгілі" кітабының 267-бетінде.

Сөз соңында тағы бір тың ақпарды сүйсіне айтамыз: жаңа ғасырдың бірінші жылында Ертіс-Қарағанды жармасының орта тұсынан тартылған мол су кенеуі зор құбыр арқылы Астана қаласына жетті! Демек, академик Ш.Шөкин естелігінде болжаланған ділгір іс біршама өзгерген түрде жедеғабыл өмірге енді.

Өзі көре алмай кетсе де, Қаныш Имантайұлының Арқа жонына Ертістің мол суын жеткізіп, шөліркеген елі мен жеріне жаңа келбет беріп, жан бітіріп, жаңа тірлік бастау тұрасындағы ежелгі арманы түгелдей дерлік жүзеге асты. Сол үшін дәтәнті болған қазақ елі ұлы перзентінің туғанына жүз жылдық мерекесі жылы Ертіс-Қарағанды жармасын өмірге келтірген ғалымның есімімен атайтын болды.

СОҢҒЫ ПАРЫЗ

I

Арқадағы атамекеніне бір барып қайту соңғы кезде, жиі ауыратын болғаннан беріде есінен кетпей, сағына ойлайтын мансұқ ісіне айналған. Төленбеген борышындай сезінетін. Жыл асқан сайын бірақ соған жете алмай қойды. Тек жуықта, академияның жаңадан ашылған Химия-металлургия институтының жай-күйіне бола Қарағандыға барып қайтуға келіскен күні, өзін мазалап жүрген жәйт ойына оралып, көмекшісін шақырды да:

— Бөке, жасы үлкен ағаң ретінде өтінішім бұл, — деп бастап, Айырық бойындағы ата-анасының ескі зиратын қоршауға жәрдемдесуін ықтияттады. Қажет қаражатты да қолына ұстатып, қыстаудың жөн-жосығын, зираттың қай жерде тұрғанын, кімнен сұрап, не істеу керектігіне дейін қағазға сызып берді...

Көміршілер қаласына келген соң да, сол істің сәті түсе қоймады. Президенттің бір басына әрдайым мол жүктелетін міндет пен борыш бұл жолы да бір күн босатқан жоқ. Кеше, қала шетіндегі шахтылардың бірінен қайтып келе жатқанда, ғалым өкінгендей:

— Бөке, Айырықтың жолы алыстап барады-ау, — деген-ді.

Президенттің бұл сөзін Аяпбергенев ескерту деп ұқты да, өзінше әрекет етуге бел буды. Келесі күні Қаныш Имантайұлын таңнан оятып:

— Екі құлпытас тиелген жүк машинасы жолда, іңірде жөнелткем. Өзіміз мінетін "Волга" есік алдында тұр. Ертеңгі жиналысқа дейін бір күн далаға шығып, қыр ауасын жұтып, демалып келсек — рақат болар еді! — деген-ді.

Қаныш Имантайұлы тез сергіді.

— Далаға деймісің? Үлгереміз бе?

Бастығының тосын ұсынысын қуана қабылдағанын сезген Бөпежан да:

— Үлгермегенде! Барар жолға төрт сағат. Айырықтың өзіне төрт сағат, қайтарға және төрт сағат аялдаймыз. Іңір түсе қайтып ораламыз, Қанеке. Ас-суды жетерлік алдым...

Президент апыл-ғұпыл киіне бастады.

Тақтайдай тас жолмен ағып отырып, Үміткер ауылына жеткен соң, Шадыраға туралай тартқан жүйрік "Волга" төрт сағатқа жетер-жетпес мерзімде жолаушыларды Ақкелін тауларының сілеміне ілдірді. Құлыптас тиеулі машинаны да сол кезде қуып жеткен. Түнде жер орталап барып, көз шырымын алуға тоқтаған жүргізуші қайтадан заулап келеді екен.

Дала да сол күні керемет жасанып тұр еді: қайда қарасаң да — көк-жасыл реңмен құлпырған сай-сала, гүлі жайқалған көгалды алқаптар; біресе оңнан, біресе солдан оқшауланып жол күзеткен қарауыл шоқылар; бұқпа сайлардың етегінен, тал-шіліктің тараң аяғынан сылдырып аққан мөддір бұлақтар; ең аяғы қара жол қырқаға шығып, көделі даламен бұралаңдай жөнелгенде, доңғалаққа төселген иен жазыққа дейін... туған еліне келе жатқан перзенттеріне қошемет білдіріп, шексіз қуаныштағандай. Аспан да биіктеп кеткендей, мөддір өйнектей тұнып қалған. Күн айдарланып шықты. Тап қазір қақ маңдайда, "Қуаныштымын бұл сапарға!" деп құптап тұрғандай...

"Ненің қуанышы? Сағыныш па? Сағыныш болса — мынау кең көсілген дала, анау жақпар тасты биік тау... Іңкөр көңілдің жайлауы шығар? Өзі жақ есіктің өйнегін кеңірек ашып еді, гулеген ауа бетін жуып, сау-сау құйыла бастады. Арқаның ежелгі дару самалы. Бұ да жанын тебіренткендей, маңдайын емірене сипаған ата-ананың жұмсақ алақанындай сезілді. — Самал жел, сені де сағындым. Туған жердің шәрбет ауасы, саған да құштармын бүгін!..."

Осы ма еді көкейінде тұнған сыр? Көптен бері жүрегін лүпідеткен сағыныш жыр? Айырған жоқ, шамасы да келмеді. Күмбірлеген әнге айналып құйқылжи төгілсін:

*" Шықшы тауға, қарашы кең далаңа:
Мәз болсаң, ұқсайсың жас балаға.*

*Ол шеті мен бұл шетіне жүгірсең,
Шаршайсың ба, құмарың бір қана ма?!"*

Машинаның артқы креслосында қалғып отырған Бөпежан, ғалымның даусы оқыс шыққанда селк етіп, алдына қараған: манағы бір әзірде көз ұшында бұлдыраған көкшіл таудың оқшау басы одырайып жақындай түскен, етегіндегі қалың тал да дараланып айқын көріне бастапты. Алабас екенін айнытпай таныды. Ғалымның ата қыстауы — осы таудың арғы бауырында, қол созым жер.

*"Уа... дарға — алтын бесік туған жер,
Қадіріңді келсем білмей, кеше гөр?
Жата алмас ем топырағыңда тебіренбей,
Ақын болмай, тасың болсам мен егер!"*

Селдір шашты, көкшіл көз, мосқал жүргізуші "Мына кісі қайтеді?" дегендей өредік аңыра қарап қояды. Сірә, әйгілі ғалым, өзге де дәреже-атағы осал емес, тым үлкен кісінің оғаш қылығына таңырқағандай. Одан да гөрі сүйсінгені басым.

*"Болдым ғашық, туған дала, мен саған,
Алыс жүрсем, арманым сен аңсаған!.."*

Жолаушы кенет әнді үзіп:

— Па, шіркін, Қасым да әлей ақын-ау! Даланың өлі тасына дейін тіл бітіріп, сөйлетіп қойғанын қарашы! — деді.

Қара жол Алабастың бауырын орап, Теңдікке қарай ойыса берген-ді.

— Оңға тартыңыз, қыстауға тура түсеміз, — деді Бөпежан кексе жүргізушіге.

"Волга" оңға қиыстап, көмекші нұсқаған жолға түсті.

II

Құлауға айналған ескі зираттың қайта жөнделген тұрпа-тына ғалым дән риза болды: артық өлеміші жоқ, төрт құлақты жатаған тас қоршау. Ең бастысы, жол бойындағы дала бейіттерінен оқшауланбай жұпыны соғылған; "Әруақтарды ала-ламай тұтас қоршандар!" дегені де бұзылмай, қорған кең тар-тылыпты...

Зираттың қақ ортасында қатар жатқан қос қабірге жақ-қындап келіп тізерлеп отырды да, қалың көде қаулап шық-

қан бет топырақтың етегін сипады. Әлдекімнің қамқор қолы екеуінің де шетіндегі ермен мен көдені тегістеп отап қойыпты. Сосын тізерлеп отырған қалпы құранның өзі білетін қысқа қайтырымды аятына түсті: *"Ағузу биллаһи мінәш-шәйттан еір-рәжим. Бісімлаһір рахман-рахим..."* деп бастағанда, сәл бөгеліп тыныстаған, "Апырай, көп жылдан бері мінәжат қылмаған соң ұмыттым ба?.." деп қауіп ойлаған, бірақ әруақтар демеді ме, әрі қарай жас күнінде жаттаған сөздер өзінен-өзі құйылып, мақамы да түзеліп, үні көтеріле берді...

Екі жүргізуші ұзынша екі қабірдің бас жағын ұңғып, гранит тас қоятын шұңқыр әзірлеуге кірісті. Содан құлыптастар тиісті орнына қойылып, цемент ерітінді құйыла бастағанда, ғалым зират іргесінен ұзап кеткен-ді.

Қоралар түгел құлап, там үйлердің жұрнағы ғана қалған екен. Қайда барса да көргені — ескі мекеннің тозған, таусылған сиқы: осы төңіректегі елге бір кезде ес те, сес те болған үлкен ауылдың сәні көшкен жұрты; мына үйме — есігі талдан тоқылатын мал қора; табан астындағы — қонақ үйдің орны... Бәр-бәрі: "Күнім өтті, қызығым бітті, өз заманымның ілкі мекені едім, енді құлап жатырмын" — деп сыр шерткендей. Үлкен ауылдың жұртын аралау тегін өткен жоқ, көкірегін кернеген қай-қайдағы ескі елестерді қоздырып, тынысын тарылтты: "Бәрі солай. Дән жарып өнеміз, бой түзеп өсеміз, көрік шашып гүлденеміз; ал қыраулы қысымыз жеткенде, жер қойнына кетеміз... Тіршіліктің мәңгі заңы осы!.." Ау, сонда жаның сөгіліп, осыншама қамығуға жөн болсын? Көңілі құлазыған қым-қуыт күндер болған шығар — өмірде не кездеспейді, шат-шадыман қызық та сондай ащылардың дәмін татқан соң сезілмей ме? Олай болса, мәңгі тіршілік заңын ұлы замандасы Мұхтарша толғап: *"Қыс пен күзден соң гүл шешек ататын көктемдер туады. Соңда сенің еккен дәнің биіктеп өсіп, бұршік салады. Біреу емес, бірнешеу боп таралады. Тек егетін дәніңнің асыл болып, өнікті топыраққа түсуін, мол құнарға жолығуын ойла!.."* — десе ше?..

Енді бір сәтте ғалым Бұзаутөбеге қарсы жатқан қара дөңнің үстінде тұрғанын аңғарды. Көз жетер төңірек аяқ астында, бар келбетін жайып, қарсы алдында жатыр: түстігінде шалғынға бөккен құйқалы Дің, кертіп шапсаң таусылмас түпсекті Қожа қорығы; оның оң жақ иығында тымақтай қоқырайып Тотия тауы тұр. Мол шалғында екі өлкенің күзетке қойған қарауылы сияқтанып оқшауланған таудың тұрпатында кесек паңдық бар. Одан арғы жон Аужан Керегетасы. Сол жерде Қазиза әпкесі тұрған... Оң қапталда төбесі қылтып Далба

қараңдады. Ол да айналасы аядай болғанмен — бір көрерге әдемі, сүйкімді тау. Сүйкімді болатыны — оның түбінде Жаяудың қыстауы, талай барып, атақты Мұса ағасының асыл өндерін үйренген аяулы мекен.

Терістікке бұрылып, Айырықтың суы көктемде кең жайылатын ұзынша өлкеге ұзағырақ қарап тұрғанын сезген жоқ. Шөбі кей жылдарды салт аттыны жүргізбей жатып қалатын шалқар шабындық. Биылғы шығымы қалай екен? Мая, отау көрінбейді. Орақ әлі түспеген-ау, сірә?.. Осы өлкені тура кесіп өтсең — өзі туған Кіші ауылдың үстінен түсесің. Әлгібір өзірде тоқтап, құмарынан шыққанша көрген. Он шақты жылдан бері ат басын бұрмаған сағынышын да тарқатқандай боп, өзі жататын бөлменің орнына бірер аунап та алған-ды.

Ту қарсыдағы шоқиган төбе Обалы. Обалыға қажы атасынан тараған екі ауылдың бар баласы жиналып, бас қосатын. Ертең, жұмбақ айтысатын. Ойын соғатын. Бұл да заманында қызығы таусылмас сияқтанған думанды шақ еді-ау. Бүгінгі жастарды осыған иландырып көрші, немесе мына есіз далаға бір күн оңаша қалдырып?.. Бәрекелді, анау не? Не шаң? Баяғыдай ат қойып, өздерінің жұртындағы Қарамұрын дөңінен бері құлап, ызғытып келе жатқандар кімдер?.. Жай шабу емес. Е, ауыл хабарлапып қалған болды...

Соған өзі тіпті қуанғандай ма?! Жүрегі лүпілдеп қоя берді: "Бәсе, бағанадан бері даланы жайлап тұрған неғылған тыныштық десем? Өстіп атойлап шабу үшін әдейі тымырсып, үнсіз тосып жатқандай құдды! Бәсе, — деп өзімен-өзі сөйлескендей боп төменге қарай жіті адымдады, — ал құтылып көр! Төрт сағатта жүріп кеткің келді, ә? Ауылың үстінен шауып өтпек болдың. Енді сытылып көрші. Қазір келеді де бас салады. Басталады дей бер ана жылғыдай көп дырду..."

Өздеріңе қарай суыт келе жатқан аттылы, машиналы қарамады көпті көмекші де көрді. Сол сәтте-ақ тас әкелген жасаң жүргізушіге жалт қараған. Ол болса жер шұқыды: қаладан күрек, сүймен ала шығуды ұмытып, соны жолшыбайғы елді мекеннен қолқалаған: қай қазақ жөн-жосығын сұрамай, ұстата берсін; күрек несі де ел ғұрпын білмейтін, аңқау жігіттен жолаушылардың жай-жапсарын ежіктеп біліп алған...

III

Ұзақ та ыстық қауышудан соң екі машинаға бөлініп отырып, Тендіктегі ауылға келген-ді. Сол күнде ол "Шадыра" кеңсәрінің үлкен бөлімшесі.

...Президенттің бүгінгі жүріс-тұрысына біршама таңданғанымен, Бөпежан соны іштей құптаған ниетінен ауған жоқ: бір сөт мұңайып, іле-шала балаша қуанғанын да ақтап, шыннайы сағыныш осылай болса керек-ті деп ойлаған-ды. Бірақ, соның бәрі шексіз зорайып, межеден асып бара жатқанын көргенде, не дерін білмей, қарсы тұруға және шарасы болмай, шын қысылды. Бұл жұлдыз жамырауға айналған кешкі сөт еді, ғалымды қаумалаған көптің сөзін бөле:

— Қаныш аға, ертеңгі мәжілісті қайтеміз? — деп уайым білдіре есіне салған.

Әңгімеге ден қойған көпшілік оның қамқорсыған сөзін ұнатқан жоқ. Кейбіреулері "Қой, шырағым, асықпа!" десіп, наразылық білдіріп күңкілдей бастағанда, ғалым өзі:

— Асықпа, Бөпежан. Бір реті болар, — деп тоқтау айтты.

Бұдан кейін көмекші тіл қатқан жоқ. Үнсіз бақылаушы боп жайбарақат отыра берді.

Ғалымның тумасы Қамаш ақсақалдың қонақтарға арнап шалған құлынның уыз етін ортаға ала отырып, әңгіме-дүкен құрған ашамай өңді көрілер тобы сағынып көрген Қанышына бауырмалдық білдірумен бірге, сүйген жанның өзінен де сондай ыстық ықылас күтетін тәрізді: сөздерінде соның лебі, көздерінде соның ізі жатқандай...

Бір-біріне ілтипат білдіріп, екі заман әңгімесін кезек толғаумен отырғанда түн келесі күнге ауып, таң сызат берді.

— Ал, рұқсат етсеңіздер, аттанар едік, — деді қонақ. Кездескеннен бері жасап отырғандары — көңіл қимастыққа салған қысас екенін білетін қауым төрдегі үлкендерге ошарыла қарады, ал олар рұқсат та деген жоқ, болмайды деп кесіп те айтпады. Көбінің күрсініп, ауыр дем алғаны сезілді. Бөпежан ғана президентті қостап:

— Таңғы салқынмен жолды үдетіп алғанымыз жөн ғой, — дей бергенде, алпамса денелі қарттың саңқ еткен зор даусы оның әлсіз үнін көміп кетті.

— Әй, Қаныш, туған жұртыңның бағанадан бері сенен батып сұрай алмай отырған бір тілегі бар. Соған "жә" десең аттанасың, ал көнбесең ұлықсат жоқ. Сені жиналысқа шақырған адамдар да біздей ет пен сүйектен жаралған пенделер болар-ау, осында бір қауым ел отырмыз, босатпасақ бармайсың!

Қаныш Имантайұлы еріксіз кідірді. Бөпежан да ғалымның әлгі лебізін ести сала іле жөнелмегеніне өкініш, төрдегі үлкендерге жалтақтай қарап, босағада тұрып қалды. Осындай керек-ғар өтініштер, келеңді-келеңсіз наз-тілектер ғалымның алдынан әрдайым кезіге беретін. Қабылдау сұрап алыстан келген-

дердің кейбірінің өресі бір күндік құлқын тілеуінен аспай, ұсақ-түйек боп кететіні де бұған таныс. Мына шал да соның бірі болмағай?.. Бірақ үні өктем шықты, бұйырғандай ыңғай танытты. Сірә, қомақтылау қолқа. Сонда не? Осы отырған қауымда ғалымның туған жеріне сирек келетініне өкпе-наз болғанымен, кейбір сапарларда көлденеңдей қалатын тіленулер кезікпегенді. Өзге мекендерден гөрі бұл ауылдың соған хақысы бола тұра, еншілеріне тиген бір кешті күйкі жәйтке салмауы көмекшіні ерекше қуантқан. Мұны ол осы елдің білімділігіне, ізеттілігіне сайып, ғалым туған жұрттың ілкі өнегесі деп білгенді. Ал мынау, ойда жоқта сопаң ете қалған өктем талап?...

— Айтыңыз, Мүке!

— Айтсам басылып отыр, — деп Мұқыш қарт та маңғаз шыраймен баптана сөйледі, — келін-кешік пен жасы кішілер ұялып үндемейді, өз тұстастарың әдеп сақтауда, ал мен сияқты ағаларың: "Қашанғы жүреміз, даусын бір естіп қалайық" дейді саған. Әнінді сағындық, жарқыным, бала күннен кәусар үніңді тағы бір мәрте тыңдасақ деп күтіп отырмыз түгел. Сұрайтынымыз — ән!

— Ән?

— Дұрыс-ақ! Жөн сөз.

— Мұқыш аға тауып айтты. Бәріміздің тілеуіміз сол!..

Қаныш жымияған қалпы өзін қаумалаған топқа аңыра қарасын. Жүзі албырап, үлкен көздері жайраң қағады. Бөпежан да Мұқыш шалға қуана көз тастап: "Айналым сендей ақылды қарттан!" дегендей сүйсініп қалды.

— Қай әнді айтайын? Тек біреуін ғана атаңдар.

— "Қанапияны" сұраңдар.

— "Ырғақтыны" айт.

— Жоқ, "Бүркітбайды" айтсын!

— "Бүркітбайды" айт. Сұрайтынымыз — "Бүркітбай!" — деп түйді Мұқыш қарт та.

"Бүркітбай" — Қаныш Имантайұлының бала жастан сүйіп салатын іңкәр әні. Сонау жиырмасыншы жылдары, осы елде халық соты болып қызмет істеп жүрген шағында, жнын-тойда, ойын қойғанда, әрбір сауық кешін осы елдің ынтық әні — "Бүркітбайды" айтқызбай тарқамайтын. Мына егделер соны ұмытпапты.

Қолына тиген ескі домбыраны әуелі күйлеп алды. Сонсоң өн сазын бір қайтара тартып өтті. Тек содан кейін, "А-а!" деп тамағын кеней дауыстап алып, әнді бастады.

*"Бүркітбай — әкем аты, ағам — Омар,
Ауылым айдын шалқар көлге қонар.."*

Қаныш ғұламаның әншілік дарыны Бөпежанға таныс. Жолшыбай да сүйсіне тыңдап, риза болған. Дастарқан басындағы талай отырыстарда да құмарынан шыға естігені бар-ды. Кейбір әншілер әннің нақысын бұзып, өзінше "сұлулап" айтам деп, даусын әр түрлі жасанды дыбыстармен құбылта бастағанда ғалымның ренжіп қалатынын және білетін. Кейде кәдімгідей кейіп: "Қой-ақ қой, қалқам. Қой енді!" деп тыңдамай тұрып кеткенін де бірер мәрте көрген. Көңілі ауса домбыраға қосып әуелете шырқаушы еді! Тек тыңдай біл... Сондай мерейлі шағында, жарқын әуезбен сазын келістіре салып, тыңдаушысын елткен шабытты қалпын танып: "Шіркін, мына кісі ғалым болмаса — ақын болар еді; ал ақындықты қаламаса — әнші болар ма еді!" — деген де қиял соғатын-ды. Ал мына, таң қылаң берген алағөбе сәтте, қыр төсінде, ине шаншар бос орын болмай, үлкен-кішіге лық толған жер үйдің төрінде отырып, Қаныш дананың көмейінен шыққан әсем де әсерлі әнді Бөпежан бұл пәни өмірде, сірә, ұмыта алмас!..

"Бүркітбайды" Қанекен қоңыр үнмен мамырлата бастады. Домбыраның тақтайын сабап, даусын көме тарсылдатып асыққан жоқ. Астыңғы ішектің бебеулеген жаймақоңыр сарынынан озбай, әуен ырғағына еріп, қоңыр үнмен шымырлата қалқытты. Сонымен-ақ тыңдаушысын әуезді дүниелер әлеміне еріксіз жетелегендей, еріксіз тебіrentкендей. Құдды бір көк жүзіне шығып алып, қанатын қақпай, сары жон, кең жазираны асықпай әуелеген дүз қыраны дерсің. Суылдамай, сымпылдамай жай қалқып-ақ, жүйкеңді құртып, көкейіңдегіні суырып алғандай әсерлі.

Осылайша біраз толғап, үнін ашып алған соң, даусын көтере түсті. Әсіресе "е-е-ей-ей-ейлеп!" созатын тұсында.

Үйдегі жұрт қимылсыз тынып қалған. Мынау ғажап үнде тыныс бар ма... дегендей ынтыға тыңдап отыр.

Әннің екінші шумағын қонақ тағы бір мәрте қайталады және алғашқысынан гөрі жоғарырақ алды. Аянбай барын салған тәрізді. Содап ба, бұл жолы үні үйге сыймай, асқақтап кетті.

Сарыарқаның самалындай бір леп үйді желпіді. Ол — ән! Әннің ырғағы, әуез сазы туғызған әсер. Дала да соған елтіп тына қалған ба дерсің: әншінің асқақ үні жұлдызды аспанмен, шалқар жазирамен тіл табысып, үн қатысқандай; үйдегі көп те соған елігіп, елін, жерін, суын сағынған асыл перзентінің көкірегіндегі ынтығын, жүрек лүшілін, туған ауылына деген іцкөр мархабатын осы сазға беріп, бар-бәрін соған сыйғызып айтқан асық көңілін қатесіз ұққандай...

Ән үзді. Тынысын тежеп, үздігіп отырған жұрт та сонда ғана уһ деп бір-ақ тыныстады. Біреулер күрсінді, біреулер үнсіз булығып көзіне жас алды.

— Ал, тағы нендей қолқа айтасыздар?

Көмекшінің құлағына бұл сөз "Есеп айырыстық. Қарыз да, парыз да өтелді!" дегендей болып естілді.

— Айтарымыз бір-ақ сөз! — деп Мұқыш қарт тізерлей отырып, қолын жайды. — Қанкежан, ақылың аз болмаса да артық көрме, осыны айтып қалуды ел-жұртың маған міндет артып тұр. Тілегі емес, діндеген тапсырмасы һәм батасы деп қабылда: даусың бұрынғыдай емес, жасыған екен, соны аңғардық. Көмейіңді күт дер едік, үніңді пұлдап жүрген әнші емессің. Біз саған бұрынғы қуатың азаймаса қосылмас, бойыңды күт, қу жаныңды бапта демекпіз. Сенің атағына алыстан қуанып, даңқыңмен көңілін өсіріп, құрмет тұтып, өзіне ес көріп жүрген қалың ел бар артыңда. Бір жалғыздан зор денсаулық, қуат сұраймыз! Қайда жүрсен де жолың болсын, қолдаушы серігің баяғыда өз әкеңе аян берген Қыдыр атаң болсын!.. Аллаһу әкбар!... — деп бетін сипады.

— Әмин, батаныз қабыл болғай, Мүке! — деп Қаныш Имантайұлы бетін сипап, көзінен тамған жасты көрсеткісі келгендей, қолын бетінде ұзағырақ ұстап қалды.

— Жолың болсын, қадірліміз! Енді рұқсат!

— Ғұмырың ұзақ болғай!

Қайтар жол бөеген жоқ. Даланың таңғы самалы жолаушыларға дарудай әсер етті. Бөпежан машинаның артқы орындығына жайғасып, ауылдан аттана бере-ақ ұйқыға бас қойған. Ғалым әйнекті кеңірек ашып, шынтағын есікке тірей, төңірегіне ынтыға қарап, үнсіз отыр. Қамығып отырған тәрізді. "Енді қайтіп көрем бе, туған жер сені?" дегендей әрі-сәрі күйде. Сахара самалын құмарлана жұтып, таңғы алағеуім сәтте мұнарланып көрінген тау, жоталарға, дала келбетіне де мұңая қарап, бәр-бәрімен қимай қоштасып бара жатқанын жүрегі сезіп, жан-дүниесін кеулеп, ерекше тұқырта түскендей...

Теңдіктегі үлкендер айтқан-ды бізге: "Қаныштың туған жеріне келген соң сапары соңғы болды, ақылы дара біткен жан ата-анамның алдыңдағы парызымды өтеуге келдім деп, үлкен-кішіні риза етіп еді. Сөйтсек, бейдауа дертпен ауырып жүріп, қоштасуға келген екен..."

СӘТБАЕВ ПЛАНЕТАСЫ

I

Бойына мысқалдап кірген дерттің алғашқы белгісі 1962 жылдың басында білінген-ді: ұлтабары тағамды талғап сіндетін бір кінәратқа тап болғаны анық; ас соңынан денесі ауырлап қалады; қашан сол тарқағанша еңсесін көтере алмай, мамырлап отырады... Шау тартқан күйін бастапқыда созылмалы тымғауға жорыған. Көпке дейін елемей, өзі тарқайдымен жүрді.

Ақыр аяғында ауырсынуы жилеп, төзе алмады. Көп жылдан бергі дәрігер досы, академик, профессор А.Н.Сызгановқа барып жайын айтты. Өз емханасында мұқият тексерген ол әлденеден қауіптенгендей абыржу аңғартты. "Қосымша тексерілу — сақтық үшін артық емес..." деп, Алматыдағы атының өзі жұртты қарадай шошытатын Онкология институтының жетекші дәрігері профессор С.Б.Балмұхановқа баруды ескертті.

Амал қанша, үй-ішіне сездірмей, оған да қаралды.

— Қатерлі дерлік ештеңе жоқ, Қанеке. Ішегіңізде аздаған кінәрат бар екен. Сірә, ісік-ау деймін... — Бұлдырата сөйледі дәрігер-онколог. — Сәулемен емдеп, тарқатып жібереміз. Ештеңеге алаң болмаңыз. Оған болмаса, хирургтер сылып тастайды, досыңыз Александр Николаевич үшін бұл жарым сағат жұмыс...

Көктем шыққанша Кавказға барып, әл жиып келсем қайтәді? Кисловодтың шипа суы, тегінде, жағымды болушы еді.

— Тигі жақсы, дереу аттаныңыз! — деді Сайым Балуанұлы.

— Келесі аптада-ақ аттанамын...

Бұл өңгіме наурыздың бас кезінде болған-ды. Айтқанындай-ақ Кавказ етегіндегі емдеу орнында бір айдай болды. Кисловодтың шипалы суы, нарзан ванналары, әлде дару ауасы жақты ма, бойындағы кінәрат тез-ақ тарқап кетті. Бірер аптадан кейін машық төбесі — "Үлкен ершікке", он екі шақырым жердегі тау жотасына күн аралатып жаяу баратын ермегін қайта бастады. Демалушылардың сауық кештеріне де қатысып, көңіл көтерді. Саябақтағы фотограф демалуға келген Қазақстандықтарды бәз-баяғыдай "Сәтбаевпен суретке түсуге" шақыратын найдалы кәсібіне қайта кірісті. Бойдағы сырқатын сөйтін біршама уақыт ұмытып кеткен-ді.

Қайтар жолда Мәскеуге соққан. Қарбалас істермен бірер апта жүріп қалды, бір түні тағы да мазасызданып шықты.

Бұл жолы қаралған орны депутаттарға да қызмет ететін Кунцеводағы Кремль емханасы (Ғалымның емхана ғана емес, Кремльге де кіретін тұрақты куәлігі болған) бірнеше күннен соң білгір дәрігерлер бас қосқан консилиум күтпеген шешім естіртті:

— Ішегіңізде ісік бар. Операция жасаймыз. Бүгіннен қалмай аурханаға аламыз.

— Бірер күн ойлануға мұрсат беріңіздер...

Қонақ үйге келген соң, әлем-тапырық болған көңіліне медеу таба алмай, өткен-кеткенді ойлап ұйқысыз өткізді. Ертеңінде Алматыға, кіші қызының үйіне телефон соғып:

— Мейізжан, — деген-ді амандасудан соң, — жайым болмай тұр. Жұмысыңнан сұран да, Мәскеуге тездетіп жет!

— Жайшылық па, көке, денсаулығың қалай?

— Қатерлі ештеңе жоқ, балам... Қой, жылағаны несі? Үй болған ересек кісі сөйте ме екен? Менің шақырғанымды мамаң сездірме, сөйт, ақылдым!..

Айлақ басында танымал қос дәрігер — Сызганов пен Балмұхановты көрген сәтте-ақ Мейіздің беймаза жүрегі зырқ ете түскен: көкесінің төтенше шақыруы, ол аздай — атақты хирург-профессор мен онкология докторының мамыр мерекесі алдындағы Мәскеуге шұғыл сапары арасында әлдеқандай бір жұмбақ байланыс жатқаны анық...

Қаныш Имантайұлы астанада тек қана "Москва" қонақ үйіне тоқтайтын. Алғашқы жылдары үшінші қабаттағы үш бөлмелі кең люкске түсіп жүрді. О кезде Мейіз жас, мектепте оқып жүрген шағы. Бір жолы екеуі шұғыл келсе, бұрын тоқтап жүрген люкс босамапты. Мейманхана қызметкерлері кешірім сұрап, оныншы қабатта үлкен бір бөлме барын, люкс босағанша сонда бола тұруын өтінді. Бұл 10-52 бөлме еді. Бөлмесі жалғыз болғанмен, іші айырықша кең, жарығы мол, сәнді екен. Бәрінен де тамашасы — көшенің шуылы естілмейді, тып-тыныш. "Қалай, ұнай ма, балам?". "Ұнағанда қандай! Терезеге қарашы, бүкіл Мәскеу табан астында тұрғандай: Манеж алаңы, Александров бағы, Кремль, университеттің ескі ғимараты, Ленин мавзолейі... Көке, маған салсаң, бізге ешқандай да люкстің кереметі жоқ. Осы бөмеде-ақ тұра береміз..." Содан бері он шақты жыл өтті. Қаныш Имантайұлы тек қана осы бөлмеге тоқтайтын болды. Алматыдан шығарда хабарлап қойды ма, мейманханаға келген бетте-ақ танымал кезекшілер 10-52 бөлменің кілтін қолына ұстата береді...

Осы жолы да Мейіз жолсеріктерін бірден оныншы қабатқа бастап келді. Қысқа сәлемдесуден соң-ақ жым-жырт тыныштықта бірнеше минут өтті. Сірә, екі жақ та сөз бастауға

себең таппағандай... Соған да ыңғайсызданды ма, қос дәрігер мейманханаға жайғасуды сылтауратып шығып кетті. Сонда ғана Мейіз:

— Көке, бұл не жұмбақ? Әлгі кісілерді неге шақырдың?

Балаларымен ғалым әрқашанда ашық сөйлесетін. Таисия Алексеевнаға естіртпейтін сырларын қыздарына айтып, ақылдасып отыратын. Мейіз де соған жастай үйренген. Шешесіне айтқысы келмейтін кейбір шаруаларын көкесімен кеңесуші еді. Анығында екеуі де мінезі шамшыл, әрі дімкөс Таисия Алексеевнаны аяғандықтан сөйтетін...

Соңғы жылдары көкесі ұшақпен ұшпайтын болды: қан қысымының кеселі... Мәскеуге де пойызбен баратын. Балаларының бірін, нә Таисия Алексеевнаны ергіп шығады. Көбіне Мейізді. Тегінде, әке-шешесінің жолын қуып, кен барлаушы мамандығын таңдаған жас іздемпазға геология білгірімен бір купеде әдденеше тәулік бірге оғырып, өз кәсібі жайында неше алуан сұхбат құру да ерекше ғанибет іс-ті (мұндай кеңшілікті Алматыда сірәда табасың ба?)... Міне енді бүкіл өрен-жаранынан бір өзін оңаша шақырып отыр. Демек, қаншама ауыр десе де — әкесімен өңгіме бүкпесіз ашық болуға тиіс. Қызының әлгінде "Бұл не?..." дегені де содан.

— Жағдайым мәлімсіз, жаным, — деді ол қызына тура қарап. — Одақ қана емес, дүние жүзіндегі мықты хирургтердің бірі деп танылған академик Вишневскийдің дербес емханасына барамыз. Дәйдің өзі қабылдайды, ертең консилиум. Ішінде болсын деп, досжар адамдар ғой, алматылық дәрігерлерді әдейі шақырдым. Сені де...

Мейіз теріс айналып кетті. Көз шарасын тұмшалаған жасты тоқтата алмасын сезіп, коридорға ытып шықты... Таңертең жан көкесі бір-ақ ауыз сөз айтты.

— Балам, кешегідей осалдығыңды қайтып маған көрсетпе! Жаным таяныш болсын деп алдырдым. Шешенді емес, сені шақырғаным да содан... — деді нықтап. — Бізбен бірге емханаға барасың, консилиумге де қатысасың. Қысқасы, менің ендігі көз-құлағым — сенсің, Мейізжан!..

Консилиумда дәрігерлер пікірі екіге жарылды: бірі жедел операция жасауға кеңес берсе, екіншілері науқастың қан қысымының жоғарылығын, ауыр операцияны көтере алмайтындығын ескертіп, радиоактивті сәулемен емдеуге ойысты (соңғы пікірді айтқандар алматылық дәрігерлер болыпты). Тек бір ғана мәселеде — дерттің табиғатын анықтауда бәрінің де ойы бір жерден шыққан: асқазаңдағы ісік аса қатерлі...

Сол күнгі басқосуда хирург-академик А.А.Вишневскийдің өктем уәжі жеңіп, науқас әскери госпитальда жата тұратын

болды. Атақты дәрігер бір аптадай әзірлік жасап, операцияны өзін жасаймын деп кесіп айтқан-ды.

Сол аптаның аяғында ғалым қонақ үйге телефон шалып:

— Мейізжан, Жоғарғы Кеңестің гаражынан машина шақыр да, дереу мені алып кет, — деді. — Қысымым көтеріліп, түні бойы ұйықтамай шықтым...

Мейіз машина алып келсе, әкесі әзір отыр екен. Елге қайтуға бекінген, операциядан бас тартқан. Қонақ үйге келісімен ел жаққа билет алдырды.

Алматыға олар екінші мамыр күні келген-ді. Сырқаттанып қалғанын естіген жұрағаттары абыржулы екен, вокзал басына тік көтеріле шығыпты. Қан қысымы жолшыбай қалпына түсті, елге жақындаған сайын көңілі жайланды ма, сауығып кеткендей сергіп қалды. Вагоннан жайрандап түсіп келе жатқан ақ жарқын ғалымды көргенде, қарсы алып тұрғандар жамырай қуанып, үйіне дейін еріп барысты...

II

Геохронология жөніндегі бүкілодақтық комиссияның XII-сессиясын 12-17 мамыр күндері Алматыда өткізуге КСРО ҒА-сы қаулы еткен. Сессияға басшылық ету тәралқа мүшесі академик Сәтбаевқа жүктелген-ді.

Денсаулығының жайын айтса, Қаныш Имантайұлын бұл міндеттен академия басшылары дереу босатар еді. Бірақ сырқатын сылтаурату ғалымның ойына келмеген... Анығында Алматы мен Мәскеудің ресми қызметтерінің бірде-бірі оның қатерлі сырқаты жайлы ештеңе білмейтін (Тегінде, бұл хақында ғалым ешкімге де жария еткісі келмеген; Онкология институтында радиоактивті сәулемен емделеді, бірақ жұртты дүрліктіріп емханада жатпақ емес, елеусіздеп қатынайды; үйінде де Мейізден басқа бір жан бұл туралы білмесін... Әкесінің тілегі солай: "Барлығын жаппай қамықтырып, қайтеміз, екеуміздің білгеніміз де жетеді. Еңсенді түсірме, балам!" — деген)..

Мамырдың аяғында (1962 ж.) академияның жаңа сайлауы жарияланған. Екі жылда бір соғып тұратын сайлау қиын да аса жауапты науқан, дау-дамайы да көп. Президент бұл жұмыстан да сырт қалған жоқ, өз қолымен атқарды. Академия құрамына тағы да он төрт академик, жиырма бір корреспондент-мүше қосылды. Ал өзі бесінші мәрте президент болып бір ауыздан қайта сайланды.

Емдеу маусым бойы жүрді, келесі айдың жаңасында академик өзін емдеуші қос дәрігердің алдына келеді. Рентген экранынан олар ғажап өзгерісті көреді.

— Сенсеңіз, Қанеке, ішекте ешқандай ісік жоқ (Ішек ісігі туралы аңызды дәрігерлер ақырына дейін ұстанған). Тіпті ештеңе қалмаған сықылды!..

Бұл қарсаңда көңіл күйі шынында да сергек-ті. Ас тарауы жақсарған — ұлтабардың ауық-ауық ауыратыны, тас жұтқандай қатты болып сіресіп тұратыны да тарқап кеткен: "Шынымен құтылды ма? Бейдауа дерт деп жүрген кеселге ем қонғаны ма, әлде басқа бірдеме шығар?.."

Әрдайым кейінге ысырып, қолы тимей жүрген бір жұмысы — үйіндегі архивті реттеуді. Жезқазғаннан көшіп келгеннен беріде соған уақыт таппай қойған. Кітап шкафтарының сөрелері мен суырмаларына жылма-жылғып қатталып, буылып салына беретін. Дені ғылыми қолжазбалар, кітаптардың өзі — 14 мың!.. Әмбе солар жаңа үйге кіргелі тіпті былығып кетті!..

(Осыдан төрт жыл бұрын Сәтбаевтарға Коммунист даңғылы (қазірде Абылайхан) мен Виноградов көшесінің қиылысындағы үлкен үйден бес бөлмелі пәтер берілген. Соғыс басталған жылы кірген үш бөлмелі ескі пәтерден Қаныш Имантайұлының кетуге құлқы жоқ-ақ еді, бірақ сол кезде өзі тап болған ыңғайсыз бір оқиға еріксіз көшірді: Орта Азия республикаларына саяхатпен келген АҚШ сенаторы жол сапарын тәптіштеп сипаттаған ол: "КСРО-ның азиялық бөлегін мекендейтін халықтар Ресейге бәз-баяғыдай кіріптар, бұрынғы бодан қалпында..." — деп, көрген-білгенін бүркеусіз сылқитса керек; американдық саясаткерге қарымта жасағысы келген Мәскеудегі дәйлердің бірі сол елдегі әлдебір кеңесшіл-коммунист жазғышты алғызып, сенатордың "бопсасын" шынайы айғақтармен әшкерелеуді жоспарлайды... Американдық жазғыш Алматыға келгенде, сірә, бұл жоба Қауіпсіздік комитетіндегі білгіштерден туса керек, жазушы қонақты үлкен бір зиялының үйіне шақырып, шат-шадыман тұрмысын қаз қалпында көрсетуді бағдарламаға енгізеді. Ақылдаса келе таңдау академия президентінің шаңырағына түседі.

ҚКП ОК-нің хатшысы Ыбрайым Тәжиев Қанекеңе телефон шалып, ғалым оны соғыстан бұрын Балақашта инженер боп қызмет істеген жылдарынан жақсы білетін-ді, бірден: "Қанеке, бір тілек айтқалы отырмын?!.." деп, кеңсеңіздегі ресми сұхбаттан соң саяхатшы американдықты үйіңізге шақырсаңыз қайтедіге меңзейді. Ғалым үзілді-кесілді бас тартады...

Арада бірқанша уақыт өткен соң, ресми емес жағдайда кездескен хатшы, ғалым замандасына әзілдеп: "Қанеке, сіздің үйде Жезқазғанның кеншісі де, Баянауылдың малшысы да апталап

жатады деуші еді. Американдық бір жазушыға шай беруден бас тартқаныңызды түсінбедік, әлде жеңгеміз шәу тарта бастаған ба?.." — десе керек. "Сіз әуелі, Ыбеке, менің үй жағдайымды біліп алып айтсаң еді!", — деп дүрсе қоя береді ғалым. Тәжиев мәртебелі кексенің кімі сөзіне таң қалып: "Оныңыз не жағдай, түк түсінсем бұйырмасын?" дегенде, "Мен соғыстан бұрын салынған үш бөлмелі ескі үйде тұрамын, жан басым — жеті адам. Оңаша орын жоқтықтан кешкі жұмысты бала-шағам ұйқыға жатқан соң, ас үйде отырып істеймін. Ал сіз сондай қысылшаң жағдайда тұратын академикті, әрі академия президентін бетке ұстарымыз деп американдық қонаққа көрсеткіңіз келеді... Менің содан бас тартып, ЦК-ның әйдік хатшысына масқараға ұшырайтын ақыл берген білгіштердің арандатуына көнбегеніме рақмет айтыңыз, Ыбеке..." деп ғалым да, кім үшін болса да, аса жайсыз әңгіменің шындығын естіртеді. "Ау, Қанеке, мұны неге біз білмейміз, демек, кінә өзіңізден..." — деп ақталған хатшыға Қаныш Имантайұлы қолын сермеп: "Маған өзге жұрттан артық жағдай туғызыңдар деп ешқашанда өтініш берген емеспін, әлі де жазбаймын. Жә, бұл сөзді осымен доғарайық!.." — дейді де, әңгімені кілт үзеді...

Біреу аптадан соң хатшының көмекшісі президент кеңсесіне кең үйдің құжатын алып келеді: даңғарадай бес бөлме; тұрмысқа шыққалы геолог ері және кішкентай Ескендірмен әкесінің үйінде тұрып келе жатқан Мейізге де сол пәтердің қарсысынан екі бөлме дербес тиеді. Сөйтіп, өмірінің соңғы жылдарында ғана академик Сәтбаев дербес кабинетке ие болған-ды (бірақ қыс күндерінде оны пайдалана алмаған: бірінші қабаттағы машина жүретін арқа соның астына дөп келгендіктен кабинет суық түсті-ақ қырау басып, тоңазытқыш бөлмеге айналатын...)

Көңілдегі кірбең түрткі болды ма, 1962 жылдың күзінен бастап, Қаныш Имантайұлы үйдегі архивінен жүйелеп, реттеуге кіріскен (Ғылыми архивін және барлық кітаптарын ғалым ГФИ кітапханасына табыс етуді өсиет еткен).

Сол жылы академик Сәтбаев Жезқазған сайлау аймағы бойынша КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаттығына кандидат болып тіркелген-ді. Сайлаушылармен кездесуге Қаныш Имантайұлы ерекше ыждаһатпен қарайтын, олардың талап-тілектерін орындауға да... Ал бұл жолғы кездесу әрдайым жанындай жақын Жезқазған жұртымен болмақшы...

Қарсақбай ауаткомының бұрынғы төрағасы ТӘЛКЕНОВ АЛДАЯРДЫҢ әңгімесінен:

"Кеншілер қалашығында кандидатпен кездесу болды.

Өзіміздің сүйікті Қанекең! Кездесуге халық көп жиналды. Кеншілердің мәдениет сарайына сыймаған жұрт дәлізден де анталап тұрды...

Сол күндері ол кісіні қонаққа шақырушылар да көп еді, бәрі де ескі таныстары — Үлкен Жезқазғанның іргесін көтеріскен жұмыскер достары, барлаушылар. Көп үйлерді өзі аралап, қарттарға сәлем берді. Ақыры, дәмге шақырушылар көбейіп кеткен соң Қанекең өзі: "Бәріңе барып үлгермеспін, бір жерге жиналыңдар, бір кеш бірге болайық", — депті.

Амал бар ма, солай істедік. Кеніштегі мейрамхананы алып, қазақша дәм әзірледік. Кілең егде кеншілер, барлаушы қарттардан қалғаны жоқ... Қанекең аса көңілді отырды. Бір мезетте мені қасына шақырып:

— Гүлжан қайда, неге келмеген? — деп сұрады.

Қисынсыздау бір сылтау айтып едім. Күлді де: "Алдаеке, келіңді алып кел. Гүлжанның әнін сағындым", — деді. Амал қанша, үлкен кісімен ресторанда дуылдап отыру ұят болар деп ертпей кеткен зайыбымды алып келдім. Гүлжан сол күні бірталай ән айтты... Қанекеңнің өзі де қолына домбыра алып, өнге бассын! Шіркін, даусы қандай еді!..

Ғалымды мен Қарсақбайдан білемін. Партия, кеңес жұмысында жүргенімде талай-талай мәжілістес болғамын, академик Бардинмен келгенде де киіз үй тігіп, қарсы алғамыз. Көп жыл білсем де өте-мөте көңілді отырған кеші маған сол күнгі сияқты көрінеді. Сөйтсек, қайран Қанекең бейдауа сырқат екен ғой. Кім білген?.. Неткен рухы күшті, мейірімді жан десеңізі!.. Жан берісер ескі достарымен соңғы рет бас қосып отырғанын біле тұрып, бір жанға сездірмей, ерекше көңілді болу? Жоқ, бұл керемет қайратты кісінің, дәті берік адамның ғана қолынан келетін ерлік...

Ертеңінде Қанекеңді пойызға шығарып салдық. Жұрт көп жиналды. Қала басшылары, ескі жұмысшылар тіпті көп. Ғалым салон-вагонның баспалдағына көтерілген соң бізге қарап:

— Уа, Жезқазған халқы! Ескі достар, қимастарым менің! Осы жердің астындағы мол қазынаға кейбіреулердің мұрнын шүйіріп, барлауды тоқтатып тастайтын қиын күндер естеріңде ме?.. Не деп едім мен сонда?.. Өне сол! Үлкен Жезқазған атанып, жер астындағы қазынасы жария болып, барша сән-салтанатымен бой түзеп, көз алдарыңда жатыр! Кені анау — эшолондар тынымсыз жүйткіген, қаласы мынау!.. Ағайын, өтпешем сіздерден, ел байлығын көздің қарашығындай сақтап, қадірлеп ұстаңдар! Жезқазған қазынасы мол болғанмен, шексіз емес... Ал ол құрметтей білсең талай ұрпағыңды жарылқар мол дүние! — деп қолын бұлады да, іме ішке кіріп кетті. Көңіл босады-ау деймін, соңғы сөздерін зор тебіреніспен әрең айтқаны өсімде..."

Жезқазғанға соңғы келген сапарында ғалым ізбасар шәкірті, 1941 жылдан беріде кен барлау экспедициясын басқарып келе жатқан, бұл кезде жасы сарыкідір тартқан кексе геолог В.И.Штифановқа бір ауыз ескерту жасаған-ды:

— Вася, жақсы тұрмысқа үйреніп қалған сияқтысың, — деген-ді. — Жұмысқа бүйтп тоқмейілісіп қарауға болмайды!..

Ұстазынан мұндай сөз естіп көрмеген Штифанов шоқ басқандай безектеп қалады.

— Сен, немене, Жезқазғанның мысы мың жыл қазса да таусылмайды деп жүрсің бе? Аузыңды аңқайтып қойып, кеншілер ойына келгенін істейтін болыпты, тек қана бай жүлгелерді қазуға дәндеп алған. Мысы кедей кенге менсініп қармайды дейді. Бұл не сұмдық?.. Қысқасы, жай ғана бақылаушы болып отырғаның маған ұнамайды, табиғат қазынасына аялап қарау керек! Құнары төмен кендерді қазатын етіп заңдап бермесең — Жезқазғанның жағдайы күндердің күнінде мүшкілге айналады, ойлан, тегінде... Таусылмайтын кен дүниеде жоқ!..

Бұдан бір жыл бұрын, академияның көшпелі ғылыми сессиясын өткізе келгенде де ғалым осы жайында тебірене сөз еткен-ді:

"...Жезқазған ауданындағы мыс қорының тағы да молайып өскенін атай отырып, қазылу кезінде оның орасан зор шығынға ұшырайтынын ескертуге тиіспін. Жезқазған геологтары жөнсіз ысырапқа төзгісіз күрес ашып, қарсы тұруы шарт. Ал кешегі мәжілісте рудник геологы А.И.Иванков қазіргі кезеңде кеннің тек қана құнарлы жүлгелерін алу тиімді деп пәсафа соқты. Еліміздегі мыс қорының шектеулі екенін жақсы білетін кенші-геологтың бұлайша сөйлеуі, меніңше, барып тұрған жауапсыздық.

Гипроцветмет те кейінгі жылдары Жезқазған кені үшін таң қаларлық саясат ұстап келеді: құнары төмен кенді түгелдей шығысқа шығарып тастаған; ал сөйте тұра Қоңырат пен Бозшақағиға нақ сондай құнарды орташа кен деп кіріске алып, мән бере қарайды. Болгария үшін тағы да сол Гипроцветмет мыстың орташа құнары 0,4-0,5 пайыз кенді алуға болады деп жоба жасап береді. Міне, көрдіңіздер ме, ешкім түсінбейтін шым-шыпырық, құбылмалы ұстаным. Сонда Жезқазғанның кінәсі не, кен көмбесіндегі миллиондаған тонна кедей руданы нәліктен елемеу керек? Меніңше, бұл әрекетті өздерінің дәрменсіздігін "Елімізге мыс керек!" деген ұранмен бүркемелеп, бай қабатты ғана қазып, оңай олжа табуды көздеген адамдар жасап отыр. Бұл ұранды біз де жақсы білеміз, алай-

да оны Жезқазған қойнындағы бар мысты тезірек құрту арқылы емес, керісінше, кен қазу көлемін жоспарлы түрді өсіріп, жер қыртысындағы мыстың құрамын түгел алып, әрі технологияны жетілдіру, үдемелі жаңа әдістерді қолдану жолымен өнім шығаруды еселеп көбейту арқылы өтеу керек... Ең бай жүлгелерді алуға тырысқандықтан Жезқазған қойнындағы барлық мыстын бестен бірі бұл күнде біржола жоғалып жыныста калып келеді... Ал, өздеріңізге мәлім, аспаннан жауар мыс жоқ, техникада оны басқа металмен ауыстыра алмайсың. Ал ауыстырған болсақ, мыстың аздығынан туып отырған амалсыз шара. Демек, барды ұқсата білу керек, барланған мыс қорын түгел алып, оны ысырап жасаушылармен аяусыз күрес ашу қажет!.."

Жыл өткен жоқ, сол мәселені ғалым қайта қозғап отыр. Сірә, бір уақ есінен шығармаған. "Вася" деп еркелетіп, әрі жанына тие сөйлеп, өзге емес, Штифановқа айтуының да мәні бар. Бұдан кейін оның тыныш ұйықтамасын білген соң сөйткен-ді...

1963 жылдың көктемінде ол Алматыға келіп:

— Қанеке, өзіңіз айтқан мәселемен былтырдан бері Мәскеуге жеті мәрте барып қайттым. Кірмеген кісім жоқ, ашпаған есігім қалмады. Бірақ бітіргенім шамалы. Жезқазған үшін біз сұраған төмен шектегі құнарды ешкімнің бекіткісі келмейді. Не істеуім керек? Осының ақылын өзіңіз таппасаңыз, менің өрем бұған сірәда жетер емес, — деген-ді ағынан жарылып.

Академик ойланып қалады.

— Жуық маңда Мәскеуге бара алмаспын. Мұнда да жұмыстар көбейіп тұр, — дейді ақырында, — бірақ Жезқазған үшін бармауға бола ма?.. Ешкімнің сөйлекісі келмесе жағдай шынында да қиындаған екен...

— Дәл солай, сөйлескісі келмейді. "Отыз жыл бойы не қаздыңдар — әлі де солай болады" деп келеке етеді...

— Жарайды, Василий Иванович. Әрі дегенде бір жарым айда менен хабар күт. Ең абзалы, қағаздарыңды портфельге салып, өзір отыр. Хабар алысымен Мәскеуге жетесің.

— Рақмет, Қанеке! — Жымыған Штифанов президентке қарап, алақанын жаяды.

— Немене, шаруанды өткізіп алған соң тамағың жыбырлап кетті ме?

— Сіздің шақшаның жөні бөлек, көп болды атпағалы.

— Қуануға өлі ерте. Бітірген ештеңеміз жоқ. — Қаныш Имантайұлы өрпінтесінің алақанына насыбай салып, Қытайға барғанда өкөлген, ағат тағынан қиылған әдемі шақшаның

түбімен үстелді тықылдатты. — Есебіңді мұқият әзірле, Вася, әріпшіл қағазқұмарлар ешқандай ілік таппайтын болсын!..

Еңбек Ері В.И.ШТИФАНОВТЫҢ әңгімесінен:

"Бір күні Алматыға барып қайтқаннан бір ай шамасы кейін, 1963 жылдың жазы екені анық, президент кеңсесінен күтіп жүрген жеделхат алдым. Тез қамданып, Мәскеуге ұштым. Қонақ үйдегі өзіме мәлім бөлмеге телефон соғып едім, даусымды таныған Қаныш Имантайұлы:

— Ә, Вася, келіп қалдың ба? — деп қуана жауап қатты, өлденеге көңілді сияқты — Сенің шаруаңды мен бастап та қойдым... Бүгін демал. Ал ертең, кешке таман бір дәйге қонаққа барамыз, ұқтың ба? Әзір бол соған!..

Ертеңінде жұмыс аяғында кездестік те, машина алып, қала сыртына тарттық. Жолшыбай білдім: соғыс жылдарында бүкілодақтық геологиялық қызметтің басында болған, бір ауыз сөзімен небір күрделі істерді, талай кен орны, кеніштердің тағдырын шешкен мемлекет қайраткері, геолог Малышев жолдастың меншік саяжайына келе жатыр екенбіз. О кісі сол қарсаңда Бүкілодақтық қор комиссиясының төрағасы, кен барлаушылар сескенге амандасатын беделді әкім. Қысқасы, мені өбден титықтатып, ұйқыдан айырған мәселенің қатты қолында ұстап отырған "құдайлардың" бірі. Несін айтайын. Жезқазғанның келешек тағдырын шешуге ұстазымның қиыс жолды таңдағанына таңданып та келемін.

Екеуі көптен кездеспеген бе, кәдімгідей қол берісіп тұрды да, кенет құшақтаса кетті..."

Бірнеше минут өзара амандық сұраумен өтті. Одан соң өмірден кеткен ескі таныс, көніп геологтарды еске алысты... Әлден уақытта үй иесі қонақтарына қарап:

— Қаныш Имантаевич, сені маған алып келген нендей кіріштарлық? Қандай шаруаға қарыздармын мен? Енді соны естірт!.. — деді.

— Илья Ильич, кім-кім, өзіңізге жақсы мәлім: соғыс күндерінде өндіріс мысты қисапсыз көп сұрады. Сол үшін жанымызды суырардай болып дігірлеген әкімнің бірі — сіз. Керек дедіңіз — бізден қарсылық болды ма? Мен өзім де Балқаш зауытын бай рудамен қамтамасыз ету үшін Жезқазғанның ең шұрайлы кен қабаттарын нұсқадым. Өйткені уақыт талабы солай болды... Құдайға шүкір, қазір бейбіт кез. Рас, мысқа дігірлік азайған жоқ. Қайта жыл сайын көбейіп отыр. Ондаған жаңа кеніштер ашылды. Бұрынғыдай жанталасқан қимылды тежеп, кен қазу технологиясын бұзбай, әрбір

жұлгені "бай", иә "кедей" деп талғамай, жүйелеп алсақ керекті. Осыны жұрттың бәрі түсінеді. Кеншілер де теріс демейді. Бірақ орындар кезде ешкімнің елегісі келмейтіні неліктен? Кеніш басшыларына бір күн болса да жоспар беру керек. Әмбе соны жан қинамай орындағысы келеді. Солай етіп, жасырудың керегі не, шаш етектен абырой-атаққа ие болып, Еңбек Ері атанып, орден тағып жүргендер де аз емес. Жезқазғанның бүгінгі халі осындай, қымбатты Илья Ильич... Бұл туралы мен жиналыс сайын айтып келемін. Бірақ менің сөзім — бұлжытпай орындайтын заң емес. "Дұрыс айтасыз" деп мақұлдаған болады да, өз білгендерін жасай береді. Мына Штифанов жолдас өткен жылдың қақ жартысын Мәскеуде өткізді. Бітіргені шамалы бірақ. Гипроцветмет қағаздарын тексеруге алыпты да, жылы жауып қойыпты.

— Жә, соншама неге абыржыдың? Мен білетін Жезқазған бұл ғасырға сыр бере қоймаса керек еді...

— Шынымды айтайын, Илья Ильич, — деді Қаныш Имантайұлы мұңая сөйлеп. — Күні ертең әлдеқандай бір білгіштің: "Сәтбаевтың істеп кеткенін көрдің бе? Жер-көкке сыйғызбай мақтаған дүние жүзлік кені бір ғасырға жетпей таусылып қалды!" деп жазғыруын естімесе екен деймін. Барланған кен, болжанған мыс қазына түгелдей алынуға тиіс! Яғни қазылуға тиімді кеннің ең төменгі құнары... Біз оны Гипроцветметке әзірлеген мәлімдемеде нақты көрсеттік. Жезқазған кені үшін ең төменгі меже де сол, бізге де осыдан кем де, артық та керек емес!

— Мұның да оңайға түспес-ау, Имантаевич.

— Сөйтсе де, Илья Ильич, өзіңіз көмек бермесеңіз, басқа кімге барамыз?

— Жә, өзің келген соң бас тартуға бола ма? Еркіме қоясың ба, Имантаевич. Қаншама ұлы іске қатыстық, қаншама игілікті дүниеге келтірдік!.. Ал сіз, Жезқазған барлаушысы, — деп Штифановқа қарады. — Есебіңізді кеңсеге жеткізіп бер. Көрейік не шығар екен?.. Жаңағы атағаның ақырғы меже ме?

— Иә, Жезқазғанның келешек тағдыры осы... біз атаған құнарға байланысты...

Н.А.ФОГЕЛЬМАН, "Академик" очеркінен:

"...Соғысқа дейін-ақ, кен іздеу ісінің экономикасы зерттелмеген, ондай ілім әрі тумаған жылдарда Сәтбаев Жезқазған кені үшін ең тиімді құнар 0,4 пайыз мысы бар руда деп көрсеткен-ді. Одан төменгі құнар кеншілер үшін тым тиімсіз, ал байырақ кенді жыныста қалдыру — қыруар металды

біржола көму деген сөз... Бұл дау көп жылға созылып келіп, ақыры, 1963 жылы Гипроцветметтің күрделі есеп жасауымен бітті. Институт мамандары байыту фабрикасына түсетін кендегі мыстың тиімді құнарын осы заманғы есеп машиналарымен анықтағанда, таң қаларлық нәтижеге жолыққан: Жезқазған барлаушысы соғыстан бұрын көрсеткен меже!.. Мұны да Қ.И.Сәтбаевтың ғылыми көрегендігі, болжау қабілетінің ерекшелігі демеске лаж жоқ!.."

Қыркүйектің бас кезінде химия өнеркәсібін жедел дамытуға арналған республикалық кеңес шақырылған-ды. Академик Сәтбаев онда "Қазақстандағы химия өнеркәсібінің шикізат қорлары, оның жайы және химия ілімінің міндеттері" деген тақырыпта баяндама жасайды.

Денсаулығы бұл кезде де сыр бермеген.

Қазанның алғашқы күндерінде ол Алтайға аттанады. Өскеменде болады. Кенді Алтайдың атақты қорғасын-мырыш алыбын, титан-магний комбинатын, Өскемен, Бұқтырма ГЭС-терін көреді. Зырянов, Лениногор, Тышинка кеніштерінде болып, кен қазу жүріп жатқан участоктарды аралайды. Лениногор полиметалл комбинатының бір топ жетекші мамандары кен қазудың өнімді әдістерін өндіріске сәтті енгізген үздік еңбектері үшін сол жылы Лениндік сыйлық алған-ды. Сыйлықтар комитеті өзінің төралқа мүшесі Қ.И.Сәтбаевқа жаңа лауреаттардың дипломын тапсыруды жүктеген. Бұл міндетті де ғалым осы сапарында орындайды.

Көп күндерге созылған дамылсыз жүріс шаршатты ма, әлде іштегі дерттің қайта білінген сағаты сол ма?.. Әйтеуір сол жылы Лениногор бауын аралап қайтқан күні кеште, кенет жүрегі лоқсып, біршама қиналып қалған-ды. Бірақ сапарын үзбейді. Алматыға келген соң ғана сырлас дәрігерлеріне көрініп, тағы да біраз күн радиоактивті сәулемен емделеді...

Алматыдан ғалым 1963 жылдың қараша айының 19-жаңасында аттанған. Бір купеде үшеу. Жиені, археолог Кемел Ақышев және көмекші серігі Бөпежан Аяпбергенов. Мәскеуде бірталай жұмыстары бар-тын. Ертерек барып, дәрігерге қаралу да ойында болған. Бірақ барған бетте соған мұршасы келмеді...

Сол қарсаңда СОКП Орталық Комитетінің желтоқсан пленумына әзірлік басталған. Онда химия өнеркәсібінің жай-күйі, жедел өркендету шаралары қаралмақ. Химия шикізаты аса қорлы Қазақстанның рөлі бұл мәселеде ерекше, Ғылым академиясын басқарып отырған, әрі іздеуші геолог атағы жұртқа

мәшһүр академик Сәтбаевтың пікірі келелі кеңесте өзгеше құнды болмақ. Әсіресе қабылданар қаулының жобасын әзірлеп, жиынның бағыт-бағдарын анықтауда... Қысқаса, Қаныш Имантайұлы талай күн талмай отырып, СОКП Орталық Комитетінің химия өнеркәсібі бөлімінің басшылығымен үлкен жиынның дайындық комиссиясында еңбек етеді...

Желтоқсан пленумы да сол күндегі барлық жиындар сияқты үлкен дүбірмен өтті. Іле-шала КСРО Жоғарғы Кеңесінің сессиясы басталды.

Сол қарсаңда Мәскеуге Таисия Алексеевна да жеткен. Үде бойынша, сессия біткен күннің ертеңінде екеуі Кисловодқа демалуға аттанбақ. Емдеу жолдамасы – қолдарында, жол билетін де алып қойған-ды.

III

Шаңқай түс мезгілі еді. Академиктер асханасында тамақ ішіп отырған ғалым кенет жайсызданып орнынан тұрып кетеді. Арғы түптен, тереңнен қозғалған ащы запыран демін тұншықтырып, бойын жайлап, әл-қуатын алып бара жатқандай. Бірақ президенттің кабинетінде болмақ төралқа мәжілісінен қалған жоқ. Тек ұзақ отыра алмады. Рұқсат сұрап шығып кетуге мәжбүр болды.. Лоқсуы мейманханаға жеткен соң да басылмады. Қан қысымы көтеріліп, халі сағат сайын ауырлай берді. Ақыры, таң ата жедел жәрдем қаретасы науқасты Кунцеводағы үкімет ауруханасына жеткізді...

Консилиумдар едел-жедел шақырылады. Бірі операция жасауды мақұлдаса, екіншісі науқастың үстелден тұрмайтынын ашық айтқан. Ең соңғысы қаңтардың екінші жартысында жиналған-ды. КСРО Денсаулық сақтау министрінің пәрменімен шақырылған, әденеше академиктер мен ірі профессорлар қатысқан білгірлер кеңесі дәрменсіз екенін мойындады...

Алғаш жығылғанда-ақ елден бірнеше адам ұшып келгенді. Солардың алдыңғы легінде немере қарындасы Райхан Әбікейқызы Сәтбаева мен тұңғышы Ханиса – екеуі де медицина ғылымдарының докторлары... Одан соң қыздары – Шәмшия, Мейіз, Мәриям, інілері мен күйеу балалары, жекжат-туыстары. Сырқаты жайынан хабарланған соң-ақ ежелгі достары да ағылып келіп жатыр. Көпшілігі "Жұмыспен жүрмін" деп сылтауратып келеді де, қасында бірер күн отырып, қинала қошқасып елге қайтады. Мәскеу ғалымдары, әсіресе геолог әріптестері де күн құрғатпай жиі келген...

Бәрі де ауыр сырқат қозғалысын шектеп, ауырхана төсегі-

не "байлап" қойған кіріптар халін жеңілдетін, кірбең тартқан көңілін аулауға септігін тигізген. Әйтсе де... Өз күйтін ойлап өмір сүрмеген, ес билгелі күллі ғұмырын "Еңбек, тек қана игі еңбек!" деумен өткізген, адуын заманы да соған тәрбиелеген бейнетқор тұлға сол күндерде де бой дертін күйттеп тыныш жата алмады. Көңілі хош көрген, араласуы қажет-ау деп билген үлкенді-кішілі жұмыстардың бәрімен де шұғылданады.

("...Қаныш Имантайұлының жұмыс үстінде ешкімге ымырашылдық жасамайтын қатаң талабы кей ретте оған дұшпан тауып беретін. Солардың бірі Қазтүстіметалл барлау грестінің бас инженері Н.П.Скворцов еді. Білімі таяз, керісінше өзім білемдігі мол осы әкімсымақ ғалым қарсыласы ауырып жатқанда да тыныштық бермей, жолына көлденең тұрып, аяғынан шалудан тыйылмады. Ең соңғы арандату әрекеті: Қазақстан КП Орталық Комитетіне шағым түсіріп, сірә, сол жерден де тұртпектегендер де болған тәрізді, геология институтының өндіріске көмегін тексертіп, комиссияның кереғар тұжырымы бойынша, Министрлер Кеңесі Геология министрілігіне ГФИ-мен келісім шарт жасауға тыйым салған қарар дайындады, — депті институт директорының сол қарсаңдағы орынбасары Г.Б.ЖИЛИНСКИЙ осы кітап иесіне Магаданнан жолдаған 1981 жылдың 12 қыркүйек күнгі хатында. — Ал институтта бақандай 500 қызметкер, яки бүкіл ұжымның қақ жартысы осы шарттан түсетін қаржыдан еңбекақы алатын-ды. Қаныш Имантайұлы ауыр сырқаттан басын көтере алмай жатса да, осынау қастандықты біліп, залалсыздандыруға тырысып бақты. Көңілін сұрай барған министрлерге, үкімет адамдарына тапсырудан жаңылған жоқ, ал олар: "Қам жеменің, Алматыға барған соң бұл қиянатты дереу түзетеміз!" десіп уәде береді, бірақ ешкім ештеңе жасаған жоқ. ...Ақыры, мен, үй-ішінің өтінуі бойынша, өмірімде тұңғыш рет Қаныш Имантайұлына өтірік айтып, опат болуынан екі-үш күн бұрын "Келісім шарттарға қол қойылды" деп жалған жеделхат жолдадым...

Мұның да аяғы әділетсіздікке ұласты. Ғалымды жерлеген күні Министрлер Кеңесінің төрағасы Д.А.Қонаев Қаныш Имантайұлының табытының басында құрметті қарауылда тұрып шыққан бетінде біздің институтқа өндіріс орындарының кен қорын өсіру ісімен шұғылдануға тыйым салған қарарға қол қойды. Бұл шешімнің кереғар іс екендігін дәлелдеудің азабын мен тарттым..."

Ғалымды сол күндерде ерекше мазалаған тағы бір іс кен құрамындағы сирек ұшырасатын элементтерді анықтайтын

микрорознд аспабы еді. Олда кезінде институт директоры үшін бірталай бейнетке түсіп, қыруар валюта төленіп, Жапониядан сатып алынған өте қымбат, бірақ қажет жабдық-ты. Соны орнатуға шақырылған жапон шебері Алматыдан кетпей тұрғанда, жаңа құралдың барлық кілтпанын біліп, үйреніп алуды Қаныш Имантайұлы барынша тапсырып баққан...

Сірә, көкейіндегі мансұқ іске шексіз берілгендігі болар, қалайда геолог Сәтбаевтың қырық жылға тақау уақыт кен барлау қызметінде қажымай шұғылданған және ең соңғы ісі де — бөз-баяғы Жезқазғанның келешек тағдыры болыпты: Жоғарғы Кеңестің сессиясы аяқталған күннің ертеңінде, сағат он бірде КСРО Министрлер Кеңесі төрағасының орын-басарымен кездесуге келіскен-ді; мүдде еткен ісі — Жезқазған кен-байыту комбинатының директоры В.В.Гурбаны қабылдауға ала барып, комбинаттың көп жылдан бері өте сылбыр жүріп жатқан құрылысын жеделдету хақында мәселе қоймақ-ты... Жазмыш оған жеткізбеді, бірақ сол шаруаны ауыр-ханаға көңілін сұрай келген ескі достары Е.П.Славский мен П.Я.Антроповқа қиыла тапсырды...

...

...30 қаңтардың таңы шайдай ашық болып атты. Кешегі кіреуке тұман, бұлыңғыр бұлт та жоқ. Ұйқыдан сергек оянды. Шектеулі асты да тәбетпен ішті. Айнаға қарап, бет-аузын сипап жатты да, аурухананың шаштаразын шақыртты... Түнде қасында болған Таисия мен Ханиса дем алмақ болып, мейманханаға кеткен-ді. Емдеуші дәрігердің бақылауымен мейірбике ергеңгілік емін жасап, палатаның оңашаланған кезі еді. Бас жағында отырған Мейізге көкесі:

— Саған бір қызық айтайын, — деп, қызының қолын төсіне қойып, мейірлене сипады. — Таң атарда ғажап түс көрдім. Біржосын қызық түс. Тыңдайсың ба?

— Егер жақсы болса, көке.

— Тауда жүрген сияқтымын. Алатау ма, Баянаула, әлде Ұлытау ма? Әйтеуір, күз-жартастары ақар-шақар, шатқалы ұңғыл-шұғыл биік тау. Қолымда геологтардың шарболат балғасы, сірә, кен қарап жүрсем керек. Қайдан қаштан шыққанын білмеймін, бір уақытта қарасам — алды-артым жалаңдаған аш бөрілер. Жұлып жегендей өршелене ұмтылып, әр жерімнен бір тартып қалып жүр. Соншама қаскөйлерге қайтпн қарсы тұрасың — алдымдағы құзар биікке шығып кетпек болып, жан қорғап, тасқа ормеледім. Бір мөрте оңбай сүрнідім, қол-басымды тас

жырып қанжоса болды. Әйтсе де жатып қалғам жоқ, жан-дәрмен ұмтылып, ақыры, бір жақпар тастың басына шығып кеттім. Қызықты қара, әлгі бөрілер маған жете алмай қалған соң, ту етекте шокиып отырып, ал ұлысын, кейбірінің үні шәуілдеген итке ұқсайды... Содан ентипма басып, айналама қараймын: кенет әлдеқайдан бір құс ұшып келіп, иығыма қонды. Қолыма алып қарасам — өзіміздің Қарашанырақ, Бөкеш ағатайыңның қыран қаршығасы болғанын айтып едім ғой... Иә, сол Қаршығаны құмарлық билеп, үйрекке салғандай нұсқай жіберіп едім, ғажапты қара, қыран құс басымнан айналып қалықтады да, іле-шала көз жеткісіз қиянға көтеріліп кетті... "Кәл, кәл!" деп қанша шақырсам да, құсым қайтпады. Бұл енді қазақ ырымында аса жақсы емес, соған да өкініп, қаршығамды іздемек боп жоғарыға өрлей түсемін. Қызықтың көкесін сонда көрдім. Биік таудың үсті деп отырғаным кенет шексіз далаға айналады. Кәдімгі көдесі бұрқыраған, селеуі толқыған қазақ даласы... Тынысым кеніп, біртүрлі демалып қалдым. Геологиялық саяхатта жүрген сияқтымын, соған да мәз болып, бардаусымен шырқата ән салып жіберішпін... Әлдекім түртеді, оянсам, шешең екен... Ал не дейсін бұған?

— Меніңше, жақсы түс! Бірақ сен түске сенбеуші едің?

— Ал бүгін сенуге пейілмін. Әсіресе заңғар таудың басына шыққаным ерекше мерейленіп, бойым сергіп елге ауылға барып қайтқандай көңілденіп қалдым. Сірә, жуықта үйге қайтамыз-ау деймін. Қасқырлар да бойдан қалмай жүрген дерт шығар, ал заңғар биіктің кенет шексіз далаға айналғаны — қазакемнің ежелгі қонысы емес пе?..

— Шынында да, солай екен-ау, көке! Ендеше, жазыласың! Дала сенің ежелгі тынысың.

Күні бойы ерекше сергек жатты. Әсіресе ескі достары Е.П.Славский мен П.Я.Антропов келгенде одан бетер көңілденіп, қос министр сыйлыққа әкелген Маңғыстау түбегінің әкімшілік орталығы Форт-Шевченко (қазірде Ақтау) қаласының жаңа жобасы бейнеленген альбомды қызыға көріпті. Соны парақтап отырып, түбекті итерушілердің ауыз судан тарығып, қатты шөліркеген жағдайын есіне алыпты: "Түбектің жерасты қазынасы әлі-ақ әлем халқын таңғалдырады! Оған шүбә жоқ, достар... — дейді ғалым жігерлене сөйлеп. Бұл өңірде тек тұщы су жоқ. Жаратушы хақ оған су орнына мұнай мен газды аста-төк құйған. Құдай тағала "ұмыт қалдырған" суды сендер беруге тиіссіңдер, тек қаннан?.." "Жуық арада, Қаныш Имантайұлы, алаң болма, теңіз суын көптеп тұщылайтын атомдық қондырғыны салып жатырмыз. Тіпті соны

сен үшін төзедің, іске қосамыз! Өзіңе одаң су ағдызың, ауыз тигіземіз. Тек төзірек сауық...” — дедім ескі достары. Қайраң кеңі десейдің, соған да науқас баланың қуашыңты.

Геология докторы Мейірі Қайыпқызы СӘТБАЕВНАНЫҢ өңгімесінен:

“...Сол күні, түске таман шәкірті Сәкен Шақабиев та келгенді. Дәрігер оны көлемі жібермеді! Мұндаған Сәкен Ержанұмы: “Қызың ара жатқан шайырлықты астыңда болы тұрдымын...” деп қайтып кетпей, сіре ұстазын көре келуден ұянып үлгісе керек. Бірақ рухыңды мен ауыздарыңды аламын олардың аламын. Академигі жан қызылығын ұмыттырғын келді ме, бірақ аламын, сір мәдегіт Сәкен туралы айтып қалы, ол “Неге күттердіңдер, тәсірме ертіп келіңдер...” — деп жасап әрінгесті көрушіңде қызықты... Келешегіңен үмітті шәкіртіңіз іздеп келетіңіз де қатты құанды, ал Сәкен Ержанұмы Маңғыстау түбегінің мүжесі құрмын бұрманы күні БҚЗ-де сәтті көреп шыққандық айтықанда, оны бауырлары тартып, медірлене ұзақ күшіп, жүзі жайып: “Міне, нағыз азамат! Ел қаның түгін жердің теңізіңмен ойлаған жігіттер осылай істейді! Суық, нұссыз пенделік, қиял шегдеп жүрген Маңғыстаудағылаңқы көкке өрлетіп күні жақын өкпе, ол да Жезқазған сияқты аурыдап, алақ-дәбелсіз жер жарғын, ол үшін зор иттіктер жасайтын ғылымат екіге айналды. Оның қызық шыжығын жастар, мына сон-дәрі, менің көмегіме, шеберлерім көреді. Ең жазабы, қазақ жерінің қойнында қандай қымбат та құнды қазыналар игеругізіз жағдайың өлем білің, шексіз сүйсінетін болды. Тек сұқ көзден аман болғай...” — деп түбек қазынасын қайта-қайта айтып, ерекше мез болды.

Түс ауа өлмен жеткеніміз осы деп, аламатылық дәрігер достары — А.Н.Сымағанов пен С.Б.Балмұханов та асығыс келгенді. Оларға да қатты қуаныш, қос министр сыйлап кеткен жаңа қазыны көлбеті бейнеленген альбомды көрсетіп, мұнай іздеуші шәкіртіңіз соны жаңалығын айтып, сүйінші сұрап, соған да бағ-жүзі біржосын шырайлаанып рақаттана өңгімеледі. Дәрігерлер де сырқатының қатерлі шектен аман өтіп, бері қарағанын, министр достары ФРГ-ден аладырып берген дәрінің шипалы болғанын жарыса естіріп, бірер аптада елге апарып, ағылман тек тұрмызатының хабарлады. Мен де, көкем де бұл уәжге қимақдай сендік. Әсіресе көкем алағы тірлігіне күштарымағаны сонша, төуір болысымен академик А.Г.Виноградовты ертіп, Балқаш пен Қоңыратқа, одан соң Жезқазған мен Маңғыстауға апаратынын. Кеңді Алайды аралатып, ақырында Қазақстан жерінде кездесетін сирек элементтер туралы, олардың өндіру жайында Алматыдағы ғылыми сессия

өткізетінін, соған өзіндейін баяндамалардың иерігі тақырыптарын, оларды кімдер жасайтынына дейін, тіпті өзі атқан мамандардың есімін маған жаздырып қойды.

Сөйтіп, бұл күн де жабырқау жанын жадыратқан қызықты сұхбатпен өтті. Адал да жанашыр достары төндіре айтқан лақап уәжге қалтқысыз сеніп, қуанып жатты. Кешке таман мен мейманханаға кетуге айналғанда, көкем:

— Мейізжан, неге екеңін білмеймін, жидекке аңсарым ауып жатыр. Таңертең базарға соға келсең қайтеді?.. — деді.

— Жарайды, тіпті бірнешеуіне барамын, — дедім...

Мейіз таңға жақып өлденеге елегізіп оянып кетті. Содан кейін ұйықтай алмайшы. Өрлі-берлі аунақшып біраз жатты да, апыл-тұпыл киініп сыртқа шықты. Ту баста Мәскеу базарларының біріне соғып, жидек қарамақ болған. Алайда өлденеге сыздаған жүрегі Кунцевоға қарай бұрып, сонда апартып метро пойызына іліккенін жер астында зымырап келе жатқанда бір-ақ аңғарды. Ол ауруханаға келгенде күн енді-енді көтерілген мезгіл-ді, жан өкесінің есінен танып жатқанына бірер сағат болыпты.

Тынымсыз тықылдаған өмір сағаты жүрісін бөсеңдетсе еді, жоқ, тық-тық соғып, соның құрып қалғыр сүйіртілі кешкі беске минут сайын жақындап бара жатқан-ды...

"КСРО Жоғарғы Кеңесінің Төралқасынан, Мәскеу, Кремль, 1 ақпан 1964 жыл.

КСРО Жоғарғы Кеңесінің Төралқасы 31 қаңтар 1964 жылы ұзаққа созылған ауыр науқастан алпыс бес жасқа қараған шағында көрнекті кеңес ғалымы, Қазақ КСР Ғылым академиясының президенті, Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтардың иегері, КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты, КСРО Жоғарғы Кеңесінің Одақ советі төрағасының орынбасары, академик ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВТЫҢ қайтыс болғанын қамыға қайғырып, кеңес халқына хабарлайды."

IV

Туған елі сүйікті Қанышымен 3 ақпан күні қоштасты.

Ғалымның мүрдесі салынған табыт Абай атындағы қазақ мемлекеттік опера және балет театрына қойылған-ды. Асыл перзентімен ақырғы рет жүздесіп, ақырғы рет қош деуге келген халық нөпірі толассыз ағылуда. Қарағандының кеншісі, Жезқазғанның барлаушысы, Кеңді Алтайдың, Алматының жұмыскері, Баянауылдың малшысы... Қолдарына гүл шоғын

ұстаған, жүздері қайғыдан түнерген орыс пен қазақ, украин мен неміс, өзбек пен қырғыз, төжік пен түрікмен, ұйғыр мен корей... Ғалым мен жазушы, мемлекет қайраткерлері мен геологтар, шәкірттері мен замандастары, өнер адамдары мен академия институттарының сан алуан ғылыми қызметкерлері... Бәрі де қызыл мауытпен көмкерілген табытта ұйықтап кеткендей маңғаз келбетте маужырап жатқан таныс бейнеге, ғұлама жүзіне қамыға қарап, ілби өтіп жатыр. Құрметті қарауылда — ежелгі достары, Мәскеу мен одақтас республикалардың ресми өкілдері — академиктер мен министрлер, облыстардан келген кеншілер делегациясы, партия, кеңес қызметкерлері...

"Таңертеңгі мезгіл еді. Шай ішіп отырғам. Тәрдегі радиотабақ кенет өзге сөз құрығандай: "Қаныш Сәтбаев дүниеден қайтты" дегені. Біреу желкемнен түйіл қалғандай болды. Есімнен айырылып қалыппын, — деп егіле есіне алған-ды сол бір қаралы күнді байырғы барлаушы Халық ТЕМІРБАЕВ. — Бала-шағам дәрігерге жүгіреді. Есімді жиган соң ай-шайға қарағам жоқ, белімді бекем буып, аэропортқа жеттім. "Қан-ағандай асыл жан дүниеден кетіп бара жатқанда, мен кіммін, зейнетте жатқан қауқарсыз шалдың саулығы, ғұмыры кімге дәрі деген кеуде гоіі баяғы. Қан-ағаның ақ жүзін көріп, топырақ салайын..." Өзара келіскендей-ақ, ескі бұрғылаушылардың бірталайы аэропортта жүр, ал Алматыға билет жоқ. Штифановты ұстап алып: "Біз бармасақ сен де кетпейсің, самолет жаңда!" деп қыспаққа алдық. Сөйтіп, сонау жылдарда бұрабай басында тірлік еткен, жаңа өнерге үйреніп, жұрт қатарына қосылған ескі жұмыскерден 12-13 адам Қан-ағанды ақтық сапарға шығарып салуға аттандық..."

Шартараптан келіп жатқан азалы жеделхаттар тасқынында есеп жоқ. Бәр-бәрі соның қазақ халқының ұлы перзентінің дүйім жұртты сүйсінткен қадір-қасиетін сан мәрте қайталап, ауыр қазаға ортақтаса көңіл білдіріп: *"...Қаныш Имантайұлының есімі кеңес халқының жадында мәңгі сақталады. Оның есімі Кеңестік Қазақстан тарихында, кеңестік ғылым шежіресінде өшпейтін алтын әріптермен жазылған..."* — деген сөздер де сол көптің ортақ ойын білдірген жаппай қамығу нышаны. КСРО ҒА-ның төралқасы: *"...академик Қ.И.Сәтбаевтың қазасы — бүкіл еліміз бен кеңес ғылымы үшін өте ауыр қайғы..."* — деп қамығу жолдаса, бауыр етіндей қырғыз жұрты: *"Бүгінгі қайғыны дәл бейнелер сөз жоқ. Өзінің жарқын да шабытты еңбек жолын, күллі ғұмырын сүйікті еліне, партияға, туған хал-*

қына қалтқысыз арнаумен өткізген асыл арысынан айырылған қазақ туыстарымыз қайғысына ортақ екенімізді білдіргіміз келеді", — депті. Сонау шалғай қиырдағы көгілдір Дунай жағасынан бұлғардың геолог-ғалымы, ҒА-ның президенті И.Иовчев: "Қаныш Сәтбаевтай әріптесімнен, досымнан, жақынымнан айырылған азалы шақта, сіздерге, бауырмал қазақ халқы, қатты қайғырып көңіл айтамын", — деп жеделхат жолдаған. Мұндай азалы жеделхаттар, тегінде, жүздеген...

Бұдан үш жыл бұрын ұлы замандасын жерлеуге арналған қаралы жиында Қаныш Имантайұлы жан дүниесі сөгіліп тұрып:

— Мұхтар Әуезовтің есімі бұдан былай тарихтың еншісіне көшеді. Оны енді қазақ халқының ұлы перзенттері Абай Құнанбаев, Шоқан Уәлиханов есімдерімен қатар атайтын боламыз... Талай жылдар өтер, келешек ұрпақтың аузында ардақты Мұханның жарқын бейнесі әңгіме, жыр, өн болып, таңғажайып аңызға айналып, уақыт ұзаған сайын қайта-қайта жаңғырып айтыла бермек... Ал, сенің асыл нұсқа, өлмес мәңгі шығармаларың болса, қадірлі Мұха, өзіңнің дара бейнеңдей, халық жадында, ұрпақтар алдында таңда туар Шолпан жұлдызындай әрқашан жол нұсқап, жарқырап тұрмақ!... — деген-ді.

Нақ сондай ұлағат сөзді мәңгі ұйқыда жатқан асыл Қанекеннің өзіне де айтар мезгіл туды... Қазақтың ұлт мәдениетінің қос бөйтерегі өмір жолын бастар шақта ел көгіне бір мезгілде шығып, ғұмыр бойы нық тіресе жүріп еңбек еткен еді, міне енді тағдырдың жазуын қараңызшы, жер бесікке де қабірлері қатарлас түсті...

Азалы күндер артта қалды. Барлық қайғылы, қаралы қазалар сияқты, көңіл шуақты күндерге ауды. Қайғы — мұңға, мұң — сырға айналды. Соның бәрін де ешқашанда өшпейтін, өлмейтін мәңгі өмір жеңді. Адамзат қауымының даму заңы осы!.. Уақыт озып, тіршілік күші жаңа сарын, жаңа буындарды өмір толқынына шығарған шақта, көп жылдар өткен соң, ғалымның қалдырып кеткен мұрасын сыни көзбен қарап, салмақтап екшейтін, мән-маңызын, қадір-қасиетін анықтайтын мезгіл туды...

Академик Сәтбаев дүниеден қайтқан жылы-ақ оның геолог әріптесі, ғылым докторы, профессор В.С.Коптев-Дворников: "Ол артына үш түрлі ұлы игілік қалдырып кетті: *Жезқазған — бір, Қазақстанның Ғылым академиясы — екі, Геологиялық ғылым*

дар институты – үш... Мұның үшеуінде де ғалым, коммунист, геолог, қазақ халқының ұлы перзенті Қаныш Имантайұлы Сәтбаев іргесін қалаған жақсы істі әр қарай дамытуға құлшынған жүздеген адамдар еңбек етеді... – деп жазған-ды.

Қазыналы Жезқазған — ХХІ ғасыр иінінде де үлкен де іргелі өндіріс ошағы. Ұлытау баурайындағы алып кен-металлургия комбинаты ғалым өмірден озған жылы-ақ академик Сәтбаевтың ұлы есімімен аталған-ды.

Қазақ КСР Министрлер кеңесінің 1964 жылғы "Қ.И.Сәтбаев есімін мәңгі есте қалдыру туралы" қаулысы өрескел бұзылып, Жезқазған кен-металлургия комбинатынан негізін қалаушының есімі 80-жылдары ешқандай қарар, жазба бұйрықсыз түсіп қалғаны жұртшылыққа мәлім. Демек, Қаныштай асылдың ең қомақты да басты мұрасы себепсіз қастаңдыққа ұшыраған. Өкініш те осы: сол қиянат осы күнге дейін түзелген жоқ, ғалымның жүз жылдық тойы қарсаңында Жезқазған кеншілерінің өтініші, осы жолдар иесінің сол мезеттегі үкімет басшысынан (Қ.И.Сәтбаев мерейтойын өткізу жөніндегі комиссияның төрағасы) қадала сұрауымыз да нәтижесіз аяқталды...

Алайда асқан әскездікпен һәм бекем сомдалған келелі іс өшкен жоқ: Жезқазған қолатындағы ондаған үлкеңді-кішілі шахтылар, қазаншұңқыр, кен байыту фабрикалары, алып мыс зауыты, соларға қызмет ететін сан тарам қосалқы өндірістер (рас, Оңтүстік Кореяның "Самсунг" компаниясына жалға беріліп) бүгінде де бұрынғыдан да зорайған деңгейде өнім беруде; демек, Үлкен Жезқазғанның мыс қоры жөнінен дүние жүзіндегі үш алыптың бірі екендігі ХХІ ғасырда да ұлы Қаныш болжаған қалпында қалып отыр... Әлбетте, Жезқазған қаласының, оның Сәтбаев атанған кеншілер қалашығының көлемі де, көркі де ерекше өсіп, оның іргесін қалаушы жобалаған, бір кезде қиял сияқтанған тамаша келбетке енгені — өмір шындығы. Жаңа қалада мыс өндірісінің ғұмыр тарихын көрнекті мұрағатпен баяндайтын мұражай жұмыс істейді, оның бір залы геолог Сәтбаевтың Ұлытау қазынасын ашудағы ұлан-ғайыр еңбегін әйгілеуге арналған (Қаныш Имантайұлы отбасымен 12 жыл тұрған Қарсақбайдағы ескі үйде — ғалымның мемориалды-тарихи мұражайы орналасқан). Мұражайды көріп, бұрынғы кен басқармасы ғимаратының алдындағы кең алаңға шықсаңыз, өз атындағы ат шаптырым кең даңғылға, соны қуалай салынған жаңа қаланың айшықты үйлеріне толғана көз тастап, көңіл құсы одан да

асып, өндіріс ошақтарын өрлеп барып, күллі Ұлытау атырабына мейірлене қарап тұрған Қаныш Сәтбаевтың тастан қиылған алып тұлғасын (мүсіндеушілер — Ж.Қалиев пен Т.Сағындықов) көресіз. Көресіз де сол тұлғаның ой-арманы ширек ғасырда жүзеге асқанына тәнгі боласыз. Шынтуайтын айтқанда, бір кезде ол жалғыз өзі тыным көрмей шырпыр болған ісі ондаған жыл бойы кешегі Кеңес Одағын көркейтіп қана қоймай, өз Отаны — Тәуелсіз Қазақстанды байытуға да қомақты үлес қосып отырғанына шексіз сүйсінесіз. Бұл да өмір шындығы!..

Қазақ КСР ҒА-ның Геологиялық ғылымдар институты да Қ.И.Сәтбаевтың есімімен аталған. Шындығында Қаныш Имантайұлының жарқын бейнесі, ғалымдық қолтаңбасы Еңбек Қызыл Ту орденді ғылым ошағының маңдайшасына орнатылған мемориалдық мәрмәр тақтада ғана емес, әрбір сектордың, зерттеуші геолог-ғалымдардың ғылыми еңбегінде, үлкендікшілі істерінде, ашқан жаңалықтары мен кен орындарында бүгінге дейін дәурен сүріп келе жатқаны — даусыз шындық. Себебі бұл ғимараттың шаңырағының астында академик Сәтбаев іргесін қалап, қолымен сомдаған, үлгі-ұлағатын таратқан Қазақстан геологтарының металлогения мектебі жұмыс істейді.

Сәтбаев институтының алдындағы тік көшені бойлап, жоғары өрлейсіз. Сәлден соң "құйрықты жұлдызға ұқсап ағып өткен" жас Шоқанның бойшаң мүсініне кез боласыз. Оның алдында — Қазақстанның Ұлттық ҒА-ның зәулім ғимараты. Сәулет өнерінің тұлғалы да дара сарайына сүйсіне көз тастап, гранит баспалдақпен екінші қабатқа көтерілесіз. Сол сәтте өзіңізге маңғаз келбетпен барлай қарап, "Осы ордаға қандай келеді ғылыми іспен келдің, не әкелдің, берерің не?.." дегендей емеурінмен бойың мен ойыңды шамалап, қасқайып отырған Қаныш Имантайұлын көресіз (мүсінші Е.Вучетич).

Қандайда ұлының ой-ауқымы, ғұлама тұлғасы, жасап кеткен ісінің мәні өзі бар кезде, иә ол игілік ірге тепкенде блынбей, көп жылдан соң, бірнеше ұрпақ ауысқан уақытта айқыңдалып, өз бағасын алуы — өмір қағидасы. Жоғарыдағы үш игіліктің ғұмыр жолы солай болды, берік те мәңгі қаланғандығын дарқан өмір көрсетті...

Қаныш ағамыздың қаһарманлық ерлікке нарапар төртінші заңғар ісі — Ұлы Отан соғысының ең ауыр кезеңінде Жезді кенішін жедел ашқызып, Оралдың металлургия өндірістері-

не аса ділгір шикізат тауып беруіне қоса, Жезқазғанның аса құнарлы мыс кенін Балқаш зауытына молдап жөнелтуге мұрындық болғандығы. Нәтижесінде әскери мақсатқа аса қажет құрыштық марганецтің үштен екі бөлігі, мыстың үштен бір бөлігі Ұлытау атырабындағы кен қоймаларынан өндірілген. Қазақ ғалымының осы еңбегі сол кезде де, қазір де де лайықты бағасын алған жоқ. Ұлы Отан соғысының төрт томдық тарихында бұл деректер бадырайта жазылғанмен, соны жасаушының есімі аталмай қалған...

Қарағанды атырабында бүгінде де жұмыс істеп тұрған үлкенді-кішілі барлық өндіріс ошақтары және Жәйремге дейінгі ірі кеніштер, демек, осы өлкедегі күллі жылу-қуат стансалары, қалалар мен елді мекендер (бұлардың ішінде Қарағанды, Теміртау және Астана сияқты үлкен шәрлер де бар) пайдаланып отырған мол су Ертістен жарма арқылы алынады. Осы ұлы игілікті өмірге келтіру үшін Қаныш Имантайұлы өзінің отыз жылдай ғұмырын сарп етіп, Сарыарқа қиырында мәңгі өлмес және дүниеде теңдесі жоқ алып құрылыстың дүниеге келуіне мұрындық болған. Бұл болса ғұламаның бесінші ерлігі.

Маңғыстау түбегі мен күллі Атыраудың бүгінде дүние жүзін таңғалдырып, әрі қызықтырып жүрген қисапсыз мол мұнайың, газ қоймасын ашудағы академик Сәтбаевтың көрегендік жорамалы, сол оқиганы тездетудегі қам-қарекеті де бір адам үшін, сірә, тарихта қалуға жетерлік ұлағат. Оны біз ғалымның халқына қалдырған алтыншы мұрасы дейміз!..

XXI ғасырда өмір сүретін ұрпақ үшін, бәлкім, одан да арғы алыс уақыттың – үш мыңыншы жылдардың білімдар қауымына ұлы ғалымның қалдырған ен озекті һәм жетінші ісі жоғарыда үшінші лекте аталған еңбегінен тарайды, ол болса – ГФИ-ның фондында сақтаулы "Орталық Қазақстанның металлогениялық болжам картасы". Қандайда ілім және оны өрістетушілер ешқашанда бір орында тоқтап қалмайды, бұл – табиғи заңдылық. Қаныш Имантайұлы өмірінің соңғы кезеңінде әлемдік геология білгірлерінің алдыңғы легіне қосылып, күллі адамзат қауымының зиялы өкілдері XX ғасырдың орта шенінен беріде (бәлкім, одан да әрі замандарда) зерттеп білуге тырысқан күрделі мәселе – ЖЕР ПЛАНЕТАСЫНДА ПАЙДАЛЫ КЕН ҚАЗБАЛАРЫНЫҢ ЖАРАЛУ ЖӘНЕ ОРНАЛАСУ ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫН АНЫҚТАУ ІСІНЕ белсене кіріскенін біз ілгеріде біршама сөз еткеніміз.

Жаратылысты танып-білудің, тегінде, шегі жоқ. Геологиялық ізденістерге де, сірә, шекара қойып, оның шалқар кеңдігіне шәк келтіруге болмайды. Қазақ ғалымы нақтылы барлаумен ғұмыр бақи шұғылданғандықтан шығар, өзіне шектеулі мақсат қойып, Жер планетасының даму тарихын 1,5 — 2 миллиард жыл көлемінде, яғни өте көне және аз зерттелген кембрий дәуіріне дейінгі аралықтың құпиясын ашуға ниеттенген. Өйтетін себебі: Орталық Қазақстан бойынша (күллі Сарыарқа атырабының кіндік жоны деп түсіну шарт) академик Сәтбаевтың мектебі оны 0,6 миллиард жыл шамасында, яки ерте палеозой дәуірінде түзілген кен орындарының заңдылықтарын болжау арқылы сәтті шешті; сол үлгіні енді одан да әрірек жатқан дәуірлерге қолданып көрсе ше?!.

1997 жылы Алматыда, "Ғылым" баспасында жарық көрген, "Академик Қ.И.Сәтбаев және әлемдік геология ғылымы" аталған таңдаулы ғылыми еңбектер жинағында айтылған жәйттерге үңіле қарағанда аңғарғанымыз — Қаныш Имантайұлы күрделі мәселенің күрмеуін шешуге жақын болған, Ресей және Еуропа ғалымдарының бұл жайындағы ізденістерімен салыстырғанда, ол көш ілгері алға шығып, ал кейбір тұжырымдар бойынша әлемдік алып тұлға В.И.Вернадскийдің жаратылыстың тегі хақындағы таңғажайып болжамдарымен жанасар ойлар білдірген. Мұны біз маңдайымызға біткен біртуар асылымыздың кемеңгерлікпен толғап, бірақ аяқтай алмай кеткен сегізінші биігі дейміз.

Ғалым дүниеден өткен соң-ақ оның есімін мәңгі есте қалдыру мақсатында бірталай игі шаралар жүзеге асқан-ды.

Туған өлкесі Баянаулада қоғамдық негізде мұражай ашылып, өзінің атажұртындағы "Шадыра" кеңшары, Семей облысының бір шаруашылығы ғалым есімімен аталды; Балқаш көлінің айдынында "Академик Сәтбаев" кемесі жүзе бастады. Қаратаудың ваннадий кендерінен ашылған жаңа минерал "Сатпаевит" делінін, Жоңғар Алатауында жаңадан ашылған мәңгі мұздақ пен асқар шыңға да ғалым есімі берілген-ді. Алматы мен Кентаудың, Қарсақбай мен Арқалықтың, Ленгір мен Құмкенттің, Түркістан мен Арыстың, Баянауылдың және өзге де көптеген елді мекендердің, қалалардың 16 орта мектебіне ғалым есімі қосылып, Қазақстанның тоғыз қаласы — Алматы, Қарағанды, Семей, Балқаш, Атырау, Тараз, Қызылорда, Павлодар және Жезқазғанның даңғыл көшелері қадірменді перзентінің атын иемденген-ді... 1967 жылы Мәскеудің Төңкеріс мұражайының екінші қабатында қазақ ғалымы ака-

демек Қ.И.Сәтбаевқа арналған жаңа бөлім пайда болды: жоғарыда — ғалымның келісті үлкен суреті; оның астында — төрт Ленин ордені және II дәрежелі Ұлы Отан соғысы ордені; төменіректе — Лениндік және Мемлекеттік сыйлықтарының дипломдары; олардың қатарында — депутаттық және Кремльге кіретін тұрақты куәліктері; өмірбаяндық әр түрлі құжаттары, ең төменде — ол ашқан кендердің көрнекті минерал үлгілері; академиктің ең басты ғылыми еңбектері... (Сүйсінерлік жәйт: 2003 жылдың жазында Мәскеуге жол түскенде мен "Ресейдің ең жаңа тарихы" атанған сол мұражайға әдейі барып, Қаныш ағамызға арналған қабырғаны бұрынғы орнынан тауып, қатты сүйсіндім. Демек, Ресейдің зиялы қауымы, РАН академигі Қ.И.Сәтбаевтың ғылыми мұрасын, ардақты есімін ұлықтаудан жаңылмаған). Ғалымның туғанына 90 жыл толған қарсаңда өзі іргесін бекемдеген ҰҒА-ның Бас ғимаратында мұражай ашылды...

Біртуар перзентіміз өмірден озған соң-ақ оның ғылыми мұрасын жариялап, ұлағатты ғұмыр жолын көпшілікке паш ету ісі өріс алған-ды. Алғашқы кезекте "Академик Қ.И.Сәтбаев" деп аталған естеліктер жинағы орыс тілінде жарияланса, 1967-1970 жылдар аралығында ғылыми таңдаулы еңбектерінің 5 томдығы жарыққа шықты. Бір топ әдебиетшілер — Қажым Жұмалиев, Ебіней Бөкетов, Алексей Брагин, Төкен Оразов және осы ғұмырнама иесі, әрқайсысы өзінше ізденіс жасап, Қаныш ғұламаның асыл бейнесін әдеби сомдау әзірлігіне кіріскен-ді. Солардың алғашқы кітаптары жарық та көрген-ді: А.Брагиннің "Сокровище медного купола" атты хикаяты, Т.Оразовтың "Бала Қаныш" естелігі және менің "Туған жердің асылы" атты деректі әңгімелер жинағым оқырман қолына тиді. Қаламы қарымды, қазақша да, орысша да бірдей көсілте жазатын, Сәтбаев ілімін металлургия саласында сәтті өрістетіп, өзіндік дара мектеп түзген академик һәм жазушы Е.А.Бөкетовтің құлашып кеңге сілтеген шығармасының алғашқы бөлімі — "Жас Қаныш" туып, қолжазбасының орысша нұсқасы әдебиет білгірлерінің тезіне ұсынылған-ды. Ал, менің он жылдан астам уақыт жұмсап қинала толғаған, "Жазушы" баспасының тапсырмасымен, "Жайсаң жандар" сериясының беташар кітабы ретінде жарық көрмек "Қаныш Сәтбаев" аталған деректі туындым, ғылыми, әдеби қауым сарапшылары тарапынан толық мақұлданғанына қарамастан, 1975 жылдың күзінде Қазақстан КП ОК-нің тиым салуымен терімде тоқтатылды. Соның алдында, бір жыл бұрын Шәмшиябану Қанышқызы құрастырған естеліктер жинағы "Қаныш

аға" да, "Қазақфильм" киностудиясы әзірлеген екі бөлімді деректі фильм "Академик Сәтбаев" та нақ осындай жөнсіз "тәркіге" ұшырады. Дәлелге айтылған уәж — "Қ.И.Сәтбаевтың еңбегін шексіз ұлықтап, дара тұлға жасауға болмайды. Тегінде, бұл — ұлтшылдыққа соқтыратын қауіпті талап, әмбе кеңестік идеологияға сиыспайтын керемет іс..."

"Академик Қ.И.Сәтбаевтың қоғамдық ғылымдардағы мұрасы" деп атаған ғылыми кітабында тарихшы Ф.О.Батырбеков (Шәмшиябану Қанышқызының ғалым перзенті) осынау келеңсіз қиянат жайында: *"12 жыл бойы ғалымның ғылыми еңбектерін жариялау, насихаттау түгіл, есімін атауға, әдеби шығармалар жазуға, тіпті Ұлттық ғылым академиясын құрудағы тарихи қам-қарекетін республика басшылары тарапынан жасырын түрде тыйым салған әділетсіздік орын алды. Бұл туралы масқара айғақтар мен материалдарды көптеп келтіруге болады... Тек 1987 жылы ғана жөн-жосықсыз шектеу тоқтап, туғанына 90 жыл толуына байланысты Қазақстан үкіметінің "Қ.И.Сәтбаевтың есімін мәңгі есте қалдыру туралы" қосымша қарары қабылданып, ғалымның ғылыми мұрасын зерттеу, кең түрде насихаттауға жол ашылды..."* — деген уәжіннің бір сөзін де теріске шығаруға болмайды. Ащы болса да кешегі өмірімізде жолды болған, осы жолдардың несі де өз басынан кешкен ашы шыңдық.

Қазақстан КП ОК-нен әділдік іздеген ұзақ әрекетім сәтсіздікке ұшыраған соң, амал қанша, сол ғұмырнаманы 1980 жылы Мәскеуде, Қаныш ағамыздың рухына адал достары П.Я.Антропов және Е.П.Славскийдің көмегімен орыс тілінде жариялауға тура келді. Ал соның ана тілімдегі бастапқы нұсқасы он бес жыл бойы бекем құлыпқа түсіп, 1988 жылы біршама ұлғайған көлеммен Алматының "Жалын" баспасынан жарық көрді.

Бір мен ғана емес, Қаныш десе жүзі жайнап сала беретін мыңдаған зиялыны жабырқатқан күйкі іс жайында Е.П.Славский 1981 жылы, менімен сұхбат үстінде: *"Сіздер, Қазақстандықтар, көңіліңізге келмесін, турасын атайын, қандай ұлы адамды жоғалтқандарыңызды әлі сезінген жоқсыздар. Қаныш Ймантаевичтің шынайы қадір-құрметін бұл ғасырда жете біліп, терең ұққандар қазірде тіпті азайды. Сірә, оған лайық әділ баға ХХІ ғасырда берілер, бәлкім, соның бас кезінде ... — деп, Ефим Павлович қынжыла басын шайқап, сөзін былай түйіп еді. — Мен оны көре алмаспын. Бірақ, нақ солай болатынына титтей де шүбәм жоқ!.."*

Мәймөңкесіз турасын айтқанда, Қаныш ғұламаның еңбегіне, асыл рухына жасалған қастандықтың түп себебі — "тоқырау заманы" атанған уақытта ел билігін ширек ғасыр қолында ұстаған Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың Қазақстанның жаңарту тарихында дара тұлға атанып бір өзі тұрып, өзге арыстардың елеулі еңбегін де, есімін де ел жадынан ұмыттырмақ болған өзімшіл ерсі әрекетінен өрбігені жұртшылыққа мәлім. Бұл хақында бізден де гөрі, ҚР Президенті Н.Ә. НАЗАРБАЕВ 1999 жылдың 25 қараша күні Павлодар қаласында академик, Қ.И. Сәтбаевтың жүз жылдық мерекесіне байланысты шақырылған мәжілісте: *"Өздеріңізге мәлім, дарындыларды күншілдер қудалап, кемеңгерлерге күн көрсетпеген кертартпа қоғамда өмір сүрдік. Қ.И. Сәтбаевтың басынан кешкен түрлі сургіндер, жазалаулар, ең аяғы ұлы еңбегінің лайықты бағасын алмау себебі де осында. Соңдықтан да біз келешек ұрпаққа ұлағат ету үшін оның ғылыми еңбектерін, асыл сөздерін, ғұмыр жолын кеңірек насихаттауымыз қажет, жас жеткіншектер біздің халықтан осындай алып тұлға туғандығын білуге тиіс..."* — деп өткен өмір шындығын бадырайта айтқаны жұртшылыққа мәлім. Елбасы сол күнгі мәжілісті былайша түйіндегіті. — *Менің кәміл сенген ойымша, Қаныш Имантайұлы Сәтбаев кешегі Кенес Одағының ұлы адамдарының бірі ғана емес, жылнамаға көшпек ғасырдың ұлы тұлғасы. Данышпан перзентіміз Одақ көлеміндегі ең озық геология мектебін берік қалап кетті. Қазақ қауымынан мұндай биік деңгейге көтерілген одан асқан тұлғаны мен білмеймін!.."*

Бір жәйт шүбәсіз анық: ғалымның өмірі алпыс бес жылмен шектелсе, мәңгілік ғұмыры туған халқымен бірге жасап келеді, әмсе, солай жалғаса берсе игі!..

Иә, Қаныштай шын асылдың үлгі-ұлағаты өшпейді. Ғалымның шәкірті, Қазақстан геологтарының екінші толқынының дарынды өкілі, академик Шаһмардан Есенов 1969 жылы: *"Жыл артынан жыл өтер, уақыт керуені тоқтаусыз ілгері аса берер. Қаныш Имантайұлының ардақты есімі болса, талай ұрпақтың жадында сақталар да жатталар. Қазақ халқының ұлы перзентіне деген махаббаты еш уақытта суымайды!.."* — десе; 1999 жылдың сәуірінде ЮНЕСКО-ның Бас директорының орынбасары, ғылым докторы Патрисио Берналь ұлы перзентіміздің Алматыда өткен жүз жылдық салтанатында: *"Қазақстанның ғылыми мен мәдениетіне ол зор үлес қосты. Сонымен-ақ біртуар ғалым әлемдік ғылымды байытып, құнды жаңалықтармен құнарландырды. Сол себептен де қазақ халқының кемеңгер ғалымы"*

Қ.И.Сәтбаевтың есімі мен артында қалған мұрасына ерекше құрметпен мән беріп отырмыз... — деген-ді.

Жоғарыда біз саралап та, даралап та келтірген, екі құрлық қана емес, екі заман, екі қоғамның саңлақ ғалымдарының жүрекжарлы топшылауы жария болу аралығында, байқасаңыз, аттай отыз жыл жатыр. Демек, Қаныштай шын асылдың тозбас ұлағатына, ғылыми мұрасы мен қайраткерлік өнегесіне, азаматтық зор тұлғасына, қаншама тосқауыл, қастандық әрекеттер жасалса да, Уақыт табы түспей, қаз қалпында сақталған. Соған айғақ соңғы он бес жылда туған елінде жүзеге асқан алуан игіліктер...

Солардың ең бастысы ҚР үкіметінің өтініші бойынша, дүние жүзі халықтарының руханият ұйымы ЮНЕСКО 1997 жылдың қараша айында Парижде өткен Бас конференциясының 29-құрылтайында қазақ ғалымы, академик Қ.И.Сәтбаевтың туғанына 100 жыл толу мерекесін тойлау жөнінде арнайы қарар (№ 234-10) қабылдауы. Соған орай ҚР-ның Премьер-Министрі Н.Ө.Балғымбаев бастаған мерекелік топ құрылып, ұлтымыздың мерейін биікке көтеріп, ғылыми таным-өресін дүние жүзіне әйгілер шаралар өткізудің қамына кіріскен-ді... Сонымен-ақ, шынтауайтын айтқанда, ғалымның орыс досы, оның биік рухына адалдықтан айнымаған тамаша замандасы, мемлекет қайраткері А.П.Славский марқұм көрегендікпен меңзеген Уақыт — "Сәтбаев заманы" туған-ды. Әлбетте, оны туғызған — "Біз, қазақ ежелден еркіндік аңсаған!.." деген өнұранмен әр таңды атыратын, яки қазақ елінің көп жылдар зарыға күткен тәуелсіздік заманы. Олай болса, өз уақыты қаншама марапаттаса да жеріне жеткізе танымаған ұлымызды, қайыра ашып, қайтадан зерттеп, төбемізге көтеретін кең заманға жеттік. Бұған да тәубә делік!..

Ғалымның жүз жылдық тойы Жер планетасының екі құрлығында зор марапатпен өтті. Алматыда басталған мерекенің салтанатты шеруі Бішкекте, Ташкент, Бақы, Ашгабад пен Душанбеде, Ресейдің Том, Новосібір, Омбы, Саратов, Астрахан, ең соңында Мәскеудің ғылым ордасында жалғасты. Әрине, қазақ ғалымының ғылыми мұрасына деген тамаша құрметтің төресі ЮНЕСКО-ның Бас штабы орналасқан Парижде көрсетілді: бір ғажабы, халықаралық руханият ұйымы оны тәуелсіздік алған Қазақстан Республикасының бүгінгі ғылыми деңгейін, сол салада қолы жеткен жетістігі мен табиғат байлығын, жан-жануарлар дүниесін, өнеркәсібі мен ауыл шаруашылығын, мәдени мұрасын жан-жақты, әрі даралай

көрсетуге бағдарлама жасапты; соған орай ҰҒА-ның ғалымдар делегациясы да ғылымның әр саласы бойынша таңдалыпты; әрине, соның бәрінде де Ғылым академиясының негізін қалаушы академик Сәтбаевтың көшбасшылық рөлі көрсетіліп, ұлан-ғайыр еңбегі дараланған; тоғыз тәулікке созылған марапаттың тұтас бір күні "Академик Сәтбаев және Қазақстан ғылымы" деп атанған көрмені ашып, сол тақырыпта жүрген ғылыми конференциямен аяқталғанды; осы жолдардың иесі Париждегі салтанаттың бәріне де қатынасып, соңғы жиында мінберге де көтеріліп, өзі ғұмыр бойы ұлықтаған біртуар тұлғаның өлмес еңбектері жайында сөз ұстауына тура келген бақытты сәтті басынан кешті...

Әлбетте, Қаныш Имантайұлының жүз жылдық мерекесі туған елінде жыл бойы аталып, тіпті кейбір игі шаралар бертінде де атқарылғаны жұртшылыққа мәлім. Ұлы ғалымды ұлықтауға тәуелсіз Қазақстанның барлық облыстарының орталықтарындағы мемлекеттік университеттер қатысып, көптеген елді мекендерінде үлкенді-кішілі жиындар өтті. Сүйсінерлік гөп: дағдылы рәсім бойынша, жүздеп киіз үйлер тігіп, ат жарыстырып, аста-төк ас беріліп, соны түрлі ішімдіктермен қыздырып, сөзжарыс жасау болған жоқ; бұл да, сірә, сүйікті перзентіміздің мейлінше қарапайым да кішіпейіл, мәнсіз дырдуды сүймейтін болмыс-қалыбымен дәп келгенін айтуға тиіспіз; оның есесіне ұлы ғалымның асыл бейнесін ұлықтап, басты еңбектерін даралап та, нақтылап та көрсететін игі шаралар жүзеге асты. Түстеп айтсақ, бұрын құпияға ұсталып, ашылмай жатқан басты ғылыми еңбектері 8 том болып жарық көрді: Алматы, Жезқазған мен Қарағандыда ғалымның тастан шабылған еңселі ескерткіші бой көтерді, Қазақстанның тағы бірнеше (біздің есебіміз бойынша, Атырау, Екібастұз, Павлодар, Қызылорда, Баянауыл мен Семейде) қалалары мен аудандарында арнайы алаң жасалып, тұғырға бейнесі қойылған; мереке жылы ғалым туралы отызға тарта, үлкенді-кішілі естелік, иә оның алып тұлғасын айшықтауға арналған деректі жазылымдар жарық көрді (бұлардың денін белгілі қоғам қайраткері Кәкімбек Салықов басқарған Қ.И.Сәтбаев атындағы халықаралық қор шығарып, ұлы перзентімізді ұлықтау жолында қомақты істер атқарғанын ескерту парыз). Бірқанша игі жұмыс ғалымның туған елінде атқарылды, соның бірі – Теңдікте, баяғы Ақкелін болыстық мектебінің орнында осы заманғы талапқа сай, биік те жарық, оншақты кең бөлмесі бар, спорт залы да айтулы жаңа ғимарат ірге көтеруі. Қазірде ол "Сәтбаев мектебі" аталады. Қаныш Имантайұлы 1938 жылдан өмірінің соңғы жылына дейін мемлекеттік емтихан комиссиясының (әрине, геология факультетінде) төрағасы болған, жо-

ғаргы техникалық оқу орнын білікті оқытушылармен қамтамасыз етуге атсалысқан, олардың көрнектілерін Ғылым ордасына тартып, ғылым өрісін кеңейтуге пайдаланған, қысқасы, сол ұяның осы заманғы білімдер орталыққа айналуына мұрындық болған Ұлттық техникалық университет те бүгінде Қ.И.Сәтбаевтың есіміне ие болды.

Қаныш ұлының тағдыры — ел тағдыры. Сәтбаев ғұмыры — қазақ зиялыларының еншілес ғұмыры. Ендеше, сол ғұмырды түбегейлі біліп, ғибрат алу — үлкен-кішімізге мұрат болғай! Тарих бұрмалауды көтермейді. Тарихи шындық, тарихи тұлғаның өзі де ғұмыр жолы да кім, қаншама қиянат жасап өктемдік көрсетсе де — ерте ме, кеш пе, тасты жарып өнген шынардай бой түзеп шығады. Тегінде, бұлда — дарқан өмір сабағы.

1979 жылдың 31 шілде күні Қырым жұлдызханасының астрономы Н.С.Черных Күнді айналатын үлкенді-кішілі планеталар жүйесінен жаңа астероид ашып, Халықаралық планета орталығына (Американың Смитсон институты) хабарлаған. Төрт-бес жыл қосымша бақылаудан соң Қырым астрономының бұған дейін ғылымға белгісіз Кіші планета ашқандығы мәлім болды. Ғалым-физиктің өтініші бойынша оған *"...Қазақстанда астрономия ілімін өркендетуге зор еңбек сіңірген, тамаша кеңес ғалымы, академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың"* есімі берілді (1984 ж.). Түпсіз жұлдыздар әлемінің туқиырында, Күннен 2,223 астрономиялық қашықта (332 миллион шақырым), шеңбері он бір шақырым, түсі қара қоңыр, қатты жыныстан тұратын, Марс пен Юпитер аралығында шыр айналып жүрген (Жерден оны бір жыл бес айда бір-ақ мәрте бақылауға болады) өлемдік жұлдыздар картасында 2402 санға ие — "СӘТБАЕВ ПЛАНЕТАСЫ" ғарышты мәңгі шарлауда.

Семей, 1959-1987, 1999-2005 жж.



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТТЕР

Сатпаев К.И. Избранные труды. 1-5 т. — А.: Ғылым, 1967-1970; Собрание трудов, 1-8 т. — А.: Ғылым, 1998-2002 жж.; Из писем и заметок. — А.; Қаныш Имантаевич Сатпаев. Материалы биобиблиографии. — М.: "Наука", 1982; Большой Джезказган. СССР ҒА-ның ғылыми сессиясының баяндамалар мен мақалалар жинағы. — М.-Л., 1935; Большой Джезказган. Геология мен металлогения. Біріккен ғылыми сессияның материалдары. — А.: Ғылым, 1961; Наука Советского Казахстана. 1920-1960. — А.: Ғылым, 1961; Октябрь и наука Казахстана. — А.: Ғылым, 1967; Академия наук Казахской ССР. — А., 1959; Қазақ ССР ҒА-ның Хабаршысы, 1949, №4/49; История КазКСР. — А., КазОГИЗ — 1943, 1957.

Дневные записки путешествия капитана Николая Рычкова в киргиз-кайсацской степи, 1771 год. — Спб., 1772; Павлодарский уезд. Издание экспедиции Ф.А.Щербины. Т. 4. — Воронеж, 1903; Статистический отчет переселенческого правления. — Семипалатинск: Типография Плещеева, 1912; Затаевич А.В. 500 казахских песен и кюев. — А., 1931; Исследования, письма и документы. — А.: Казгосиздат художественной литературы, 1958; Весин-Харченко А. На берегу Кенгира. — А., 1950; Линегина Л.А., Федюкин С.А. Джезказган — город меди. — А.: Ғылым, 1966; Есенов Ш. Академия наук Казахской ССР. — Алматы, Қазақстан, 1970; Исабаев К. На стыке судеб. — А.: Қазақстан, 1971; Малышева М.П. Национально-территориальное размежевание Сибири и Казахстана, 1919-1922 гг. — Семипалатинск, 1999.

Академик К.И.Сатпаев. — А., 1965; Естеліктер мен мақалалар. — А.: Ғылым, 1999; Яркая звезда. — А.: Ғылым, 2000; Мир Сатпаева. — А.: Шартарап-С, 1999. Сәтбаева Ш.Қ. Сәулелі әулет. — А.: Қазақстан, 1999; Әбікей Сәтбаев. — А.: Жібек жолы, 2000; Батырбеков Ғ.О. Академик К.И.Сатпаев и его современники. — А.: Рауан, 1999; Жұмалиев Қ. Жайсаң жандар. — А.: Жазушы, 1969. Оразов Т. Бала Қаныш. — А.: Жазушы, 1971; Брагин А. "Первый академик". — А.: Жазушы, 1989; Умом и молотком. — М.: Политиздат, 1975. Могилянцкий В. Медь Жезказгана. — Караганда, 1996; На земле Сатпаева. 1992.

Бұл кітапты жазу үстінде автор Мәскеудегі Халық шаруашылығы, Мемлекеттік және Марксизм-Ленинизм институттарының партия архивтерінің, Санкт-Петербургтегі Геолкомның, Жезқазған геологиялық барлау экспедициясы мен кен-

металлургия комбинатының, Жезді кен басқармасының, Павлодар, Семей, Қарағанды, Жезқазған қалаларының өлкетану мұражайларының қорындағы, Том политехника институтының, Өзбек КСР ҒА-ның архивіндегі академик Х.М.Абдуллаев фондын, сондай-ақ ҚР ҰҒА-ның Геологиялық ғылымдар институтындағы академик Қ.И.Сәтбаевтың дербес архивіндегі және ҒА президенті кеңсесінің 1941-1964 жылдардағы материалдарын, Қазақ КСР Мемлекеттік архивінің деректерін, Қазақ КСР Мемлекеттік кітапханасының көптеген газет-журналдар тігінділерін пайдаланғанын ескертеді. Жұмыс үстінде автор ғалымның үй-ішінің уақытша пайдалануға берген, иә сый еткен көптеген хаттарды, кітаптарды, естелік жазбаларды, Т.А.Сәтбаеваның қолжазба мемуарын әжетіне жаратқанын ескертуді парызы деп біледі.

ҚОСЫМША ДЕРЕК

ҰЗЫН САНЫ 300000 ДАНАМЕН ШЫҚҚАН КІТАПТЫ ОСАЛ ДЕУГЕ БОЛА МА?

Жазушы Медеу Сәрсекенің өткен жылы "Атамұра" баспасынан "Қазақтың Қанышы" роман-эссесі жарық көргені мәлім. М.Сәрсекенің бұған дейін де академик Қ.И.Сәтбаев туралы ғұмырнамалық туындылар жазғаны тағы мәлім. Енді бүгін қазақтың Қанышын өз шығармашылығының өзегі етіп алған жазушымен белгілі әдебиетші-публицист Камал Смаилов әңгімелеседі.

К.СМАИЛОВ: Ғұлама тұлға Қаныш Сәтбаевтың ғұмыр жолын зерттеуге құлшына кірісуіңнің себебі неде?

М.СӘРСЕКЕ: Мұны бір сөзбен түсіндіру қиын. Бірнеше айғақ, дәлел айтайын, бәлкім тиісті қорытынды содан шығар... Оның алғашқысын өзің де білесің, 1959 жылдың көктемінде Қаныш аға алпысқа келді, соған орай "Лениншіл жастың" бас редакторы Абай Бейсенбаев маған газеттің толық үш бетіне басылмақ мақалалар әзірлетті. Мен оны бір айдай уақыт сарсыла отырып әзірледім. Бірақ олар газетте жарияланбады. Сол жылдың күзінде газет тапсырмасымен Жезқазғанда болып, одан да Қаныш аға туралы көп естелік, тың деректер алып қайттым.

1963 жылы, бұл кезде мен Семей цемент зауытында кәсіби мамандығымды игеріп жүргенмін, ғұлама ағамыз Әлкей Марғұлан шақырып, ойымда жоқ сөз бастап, "Қанекең өмірін зерттеуге кіріссең қайтеді, техникалық білімің ол кісінің кәсіби

өнерін түсінуге дәнекер болады, ал әдеби қабілетің бұған қаптал жетеді...”, — деп алабұртқан көңіліме қозғау салды. Кейіннен нақ сондай ұсыныс айтып, әрі нақтылы көмектер жасайтынын білдіріп, Мәлік Ғабдуллин екі мәрте хат жазды (бұл хаттардың көшірмесін бертінде ғалымның әдеби мұрасын жинаушыларға бердім). Қысқасы, содан былай Қаныш аға өмірін жоспарлы түрде іздеуге кірістім. Ғалымның өзі ол кезде тірі. бірақ алдына барып жүзбе-жүз кездесуге дәтім жетпеді. Кезіктіремін деген Әлкей ағай да ауыр сырқатқа ұшырағанын біледі екен, уәдесін орындауды өні-мінемен кешіктіре берді.

К.СМАЙЛОВ: Өте өкінішті іс, тәуекел деп бару керек еді... Сонымен ізденіске кірісіп кеттің.

М.СӘРСЕКЕ: Шынымды айтсам, ө дегенде мандыта алмадым. Зауытта істейтін кісі арқандаулы ат сияқты, өндірістің күнделікті тірлігінен аса алмайсың. Сөйтсе де Семейдің ескі архиві өте бай, облыстық кітапхана мен өлкетану мұражайының қоры керемет, соларды құныға шұқылап, біршама деректер таптым. Өскеменге ауысып, "Соц.Қазақстанның" меншікті тілшісі боп жүргенімде де Кеңді Алтайдың өркендеуіне ғалымның ықпалы жайында мағлұматтар жинадым... 1965 жылың көктемінде Жазушылар одағының сол кездегі бастығы Ғабит Мүсірепов маған жеделхат жолдап, Семейде қайтадан ашылмақ облыс аралақ бөлімшені басқаруға шақырды. Қуана келістім, уақыт жөнінен кеңшілік туып, бірден-ақ ізденіс жүйелі түрге көшті. Әлкей ағай да содан былай қайта-қайта шақырып, "Медеу шырақ, біз сықылды көнекөздер тірі тұрғанда бұл тақырыпты жеріне жеткізу керек..." деп есіме салумен болды. Ал менің құлшынысым жеткілікті болғанмен заңғар ғалым тұлғасына лайық туынды жасай аламын ба... дегендей күпті күдігім аз емес-ті. Дей тұра, "Көз қорқақ, қол батыр" уәжіне түсіп, "Қаныш аға" деген ортақ атаумен новеллалар жазып, кейбірін "Жұлдыз" журналында, басқа басылымдарда жариялай бастадым. Соның бірқаншасы жария болған кезде Ғабит ағайға апарайын... Ғабит аға маған: "Медеу, қалдырған дүниелеріңді шола оқып шықтың, шұқшия қарауға көз жарамайды. Сен қияли дүниені қоя тұрып, Қаныш тақырыбына отыр! Сөзіңде аз-маз шұбалаңқылық бар, бірақ түбінде осыдан абырой аласың, тек бейнетіне шыдау керек", — деді әр сөзін соза сөйлеп. Осыдан соң күдіктенуді доғарып, жиған-терген материалдарымды әдеби сомдауға кірісіп кеттім. Шынтуайтын айтқанда, бұл қарсаңда мен Том қаласының, Павлодар, Мәскеу, Ленинград, Қарағанды, Алматы, Қызылорда шәрлерінің архивтерін біршама сүзіп болғам-ды. Баянауылды екі жаз жаяу-жалпы шарлағамын. Бір Жезқазған-Ұлытаудың қала, даласын төрт жыл қатарынан барып (1967-1971) армансыз аралап,

жүздеген избасар замандастарының естеліктерін қағазға түсіріп алғамын. Суреттің өзі алты жүздей еді, ал сол өңірде Қанекең ізі түскен кен-орындарын, ізденіс жүргізген бұлақ, төбелерін шарлағанын өз алдына. Соның нәтижесінде "Үлкен Жезқазған" деген шартты атаумен роман жаза бастадым.

К.СМАИЛОВ: Қанекеңнің өз сөзі емес пе, Жезқазғанның қазба байлығын дабыралап көрсету үшін әдейі "үлкен" деп зорайта жарнама жасаған? Үлкен Жезқазған. Мәні зор де терең атау. Аяқтай алдың ба, қанша болып еді көлемі?

М. СӘРСЕКЕ: О, бірталай! Қаныш ағаның Жезқазғанға келген 26-жылдан бастап, шөл даладағы ел тірлігін өзгертуге бағышталған жанқиярлық ұлы еңбегін әдеби түрде айшықтаған, сол жолдағы қажыр-қайратын ұлықтаған дүние болатын. Бірақ, аяқтай алмадым. Бертінде, 90-жылдарда қолжазбамды неше мәрте қайта қотарып, әрі қарай жалғастыруға талаптандым. Амал қанша, дер кезінде қағазға түспеген дүние уақыты өтіп кеткен соң жазылмайды екен. Әмбе ол өзімді-өзім қайталау боп шыға берді, бұл кезде "Сәтбаев" ғұмырнамасының орысша, қазақшасы жұртшылыққа мәлім боп кетті ғой...

К.СМАИЛОВ: Медеу, мынауың жұмбақ жайт. Соншама өзекті тақырыпқа басталған романды аяқтауға не бөгет болды, кінә кімнен?

М.СӘРСЕКЕ: Ешкімнен де емес, өзім кінәлімін... 70-жылдардың бас кезінде ме екен, дәлді есімде жоқ, бір күні Ілекең шақырды, "Жазушы" баспасының директоры Ілияс Есенберлин ағайды айтамын, ұзақ сөзге жоқ кісі еді ғой, бірден-ақ айтқаны: "Сенің Қанекең туралы жазып жүргеніңді әредік оқып жүрмін. Бұл саған өмірлік тақырып. Бірақ, — деді бетіме тура қарап, — сен оның бәрін қоя тұр да, бізге Қаныш Имантайұлының деректі ғұмырнамасын жазып бер. Біз Мәскеудің ЖЗЛ сериясы сияқты "Өнегелі өмірлер" сериясын жүйелі түрде шығаруды жоспарлап отырмыз. Бірінші кезекке Абай, Шоқан, Мұхтар, Қаныш туралы кітаптар жарық көреді. Саған осыдан Қанекеңді береміз", десін. Мен баяғы "Үлкен Жезқазған" туралы айтып едім, "Әй, бауырым, мен саған жаңа серияның бірінші санды кітабын беріп отырмын ғой. Қай баспа саған осындай ұсыныс жасап отыр?! Сөзді қой да іске кіріс. Екі жылдан соң қолжазба менің алдымда болсын, ал романды жата-жастана жазасың", — деп тұқырта сөйледі. Тоқ етерін айтқанда, сюжет жәлісі шырғып, сәтті жүріп жатқан шығарма шкафқа түсті де Қаныш ағаның ғұмырнамасын жазуға отырдым.

...1978 жылы қолжазбаның орысша нұсқасын "Молодая гвардия" баспасының "Тамаша адамдар өмірі" сериясы редак-

циясына тапсырдым. Көлемі алты жүз беттен астам қолжазбаны қабылдарда редакция меңгерушісі Ю.И.Селезнев: "Ресми төртіп бойынша, одақтас республикалардан түсетін қолжазбаларды біз ана тілінде шыққан нұсқасымен қоса қабылдаймыз. Ал сіз "Сәтбаевты" бірден орысша жаздым дейсіз..." — деп мен күтпеген кереғар сауал қойды. Мен оған: "Юрий Иванович, академик Сәтбаев — есімі өлемге өйгілі зор тұлға, яки ЖЗЛ сериясына лайық қаһарман. Сондықтан бірден-ақ сіздерге арнайы жаздым" — деп кітаптың қазақша нұсқасын Алматыда шығара алмағанымды бүге айтып едім, өккі мәскеулік: "Сойтсе де біз сіздің жақтан келетін қолжазбаларға осындай талап қоюға мәжбүрміз. Өйткені, соңынан түрлі "домалақ хаттар" жазып, бізді әуре-сарсаңға салуға тым әуессіздер. Ал аударма кітап шығарсақ — құлағымыз тыныш болады..." — деді. Амалым құрыған мен: "Сіз менің қолжазбамды рецензияға беріңіз. Одан арғысын еңбектің сапасы шешсін. Ал Қазақстаннан сұрау хат керек болса, мен сізге оның онын әкеп беремін, Сәтбаев — біздің ұлттық мақтанышымыз!.." — дегенімде, Селезнев керігуді қойып, қолжазбаны қабылдауға келісті.

К.СМАИЛОВ: Сенің "Сәтбаевың" 1980 жылы шықты. Нағыз сенсация болды, әдемі көркемделген, көлемі де толымды, жүз мың таралыммен басылыпты. Көпшіліктің қолы оған жеткен жоқ, зиялы қауым оны бір-бірінен сұрап алып сүйсіне оқыды. "Жаяу базарда" бір кітабы оның 50-60 сомға сатылыпты, бұл болса бір қойдың құны.

М.СӨРСЕКЕ: Мәскеудің газет-журналдары мадақ сөзді аяған жоқ, жеріне жеткізе айтты. Ғабит ағай кітаптың бір данасын сыйға апарғанымда: "Медеу, бұл сенің шығармашылық бақытың! Қанекеннің ұлы әруағы риза, халық риза саған..." — деп мерейімді өсірген еді. Өзімнің институттағы ұстазым, әрі осы тақырыпта жарыса жазып жүрген бәсекелес қаламгер, академик Е.А.Бөкетов сол жылы маған екі мәрте хат жазып, бар сөзін қайталасам мақтану болар, "Шәкірті ұстазынан озды деген осы... Сен енді маған көмектес" деп сүйсінумен бірге ғұмырнаманың басыламай қалған түпнұсқасын сұраған-ды. Ол кісінің хаттарын мен бертінде Қарағандыдағы мұражайына бердім.

К.СМАИЛОВ: Ал Қанекеннің туғанына 90 жыл толу қарсаңында сен "Сәтбаевты" қазақша да, орысша да шығардың...

М.СӨРСЕКЕ: 87-жылдың басында мен әлдебір жиналысқа келіп едім. "Жалын" баспасының директоры Сейдахмет Бердіқұлов марқұм "Медеу, маған кіріп шықшы" деді. Барғанда айтқаны: "Баяғыда терімде шашылып қалған қолжазбанды бізге әкел, келесі жылы оңдап шығарып берейік", —

десін. Мен де лып етіп: "Секе, мен оны қайтадан қарап жатырмын, тыңнан тараулар қосамын, өзгертетін жерлері бар, "Сәтбаев" ЖЗЛ-дан шыққалы сегіз жыл болды. Содан бері қаншама қосымша деректер жинадым, ғалымды білетін ғалымдардан көптеген естеліктер келді..." — деп едім, өзі де майталман жазушы Секең ойымды құптады. Қысқасы, "Сәтбаевтың" қазақшасы 1988 жылы жарық көрді.

К.СМАИЛОВ: Медеу, сен былтырғы мерекелі жылда "Қазақтың Қанышы" деген атпен роман-эссе шығардың. Көлемі 600 бетке жуық. Кітаптың өзің жазған беташар сөзіне қарағанда, мұның ғалым туралы ғұмырнама хикаяттың жинақтық нұсқасы және ең соңғысы сияқты. Осы туындының алғашқы "Сәтбаев" ғұмырнамаларынан айырмашылығы неде?

М. СӘРСЕКЕ: Әрине, мұның үшеуі де бір Қанекең туралы, әмбе сол кісінің ғұмырнама хикаяты. Ал ғұмырнаманың бір кітаптан бір кітапқа өсу сырына келсек, оның түп себебі — менің жинаған деректерімнің жылдан-жылға молая түсуінде. Әрине, басты гәп — күні кеше басымыздан кешкен, кеңестің қасаң идеологиясынан қаламгерге еркіндік бермей, үнемі қолдан шыққан дүниемізді жөнсіз турап, бей-берекет қайшылап отырғандығында. Өзіңіз межелеп қараңыз: Қанекең жеті жыл ұдайы Жүсіпбек Аймауытовпен Семейде және Павлодарда бірге оқыған (Мәскеуде шыққан басылымда мен оны Айсаяуытов деп бір әріпін бұрмалап жазғам-ды), немесе немере ағасы Әбікей Сәтбаев, оның көшбасшы тұрғыластары Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, Ә.Ермеков, А.Сейітовпен сыйластық қарым-қатынаста болған, яки болашақ ғалымның ылым-білім жолын қууына олардың ықпалы тиген.

37-жылғы халқымыздың таңдаулы зиялылары құртылған нәубетте Сәтбаевтардың үш азаматы құрбан болған. Осылардың бәрінде де инженер Қанекең қол қусырып қарап қалмағаны, иә бұғып жатпағаны түсінікті... Енді ғалым үшін өте-мөте қиын да қауіпті болған 50-жылдардағы ұлтшылдық іздеу науқанында Қаныш Имантайұлы не үшін қудаланды. Мәскеуге жылыстап кеткенде не істеді? "Қазақтың Қанышында" мен осынау шерменде оқиғалардың бәріне былайғы жұртқа беймәлім деректер келтіріп, жеке тарау, иә әденеше беттер арнап, тежеусіз сілтедім. 50-жылдар оқиғасының өзі жаңа кітапта үш тарау, тоқсан бет шамасы болды. Ал бұрынғыларда оған 12-13 парақ қана берілгенді, соның өзінде көбіне тұспал сөздермен ғана. Қысқасы, бұрын айта алмай келген "ақтаңдақтардың" бәрін де аштым. Соңғы кітаптың ерекше "қампаю" сыры осында. Сонсоң өзін-өзі қадірлейтін қаламгер біткен еңбек деп бұрынғы жазғандарын әдеби түзетпей

тыныш отыра ала ма? Мысалы, романның соңында "Қанекеннің жеті ұлы ісі" деп дараланған қорытынды ойлар айтылды. Осылардың үшеуін ғалымның тұрғылас ғалымдары айтқан, төрт-еуін өзім ашқан-тың жаңалық деп білемін. Әлбетте мұны түсіну үшін кітапқа үңіле оқу керек!..

К.СМАИЛОВ: Сонымен түйіш айтқанда, Сәтбаев тақырыбына нүкте қойдым демексің ғой. Айтарыңды, бар ойыңды соңғы кітапта жаздың. Солай ма?

М.СӘРСЕКЕ: Солай енді. Әсілі, Сәтбаев тақырыбы шексіз терең, бойлап кірген кісі одан әрдайым тың жаңалықтар тауып, ұлы ғалым тұлғасын өзгеше қырынан сомдауы ғажап емес. Мен болсам оның шалқар тұнығынан мейірім қанғанша ішіп, әбден тоятпаған қаламгермін, хал-қадірімше содан алғанымды халқыма жеткіздім. Мойнымда енді бір ғана парыз бар: ол — соңғы кітапты орыс тілінде шығару, одан соң шетел тіліне аударамыз деген де ұсыныстар айтылып жүр; мұны енді сәті біледі; ал өзіңді-өзің қайталай беру, сірә, қажет емес...

К.СМАИЛОВ: Сөйтсе де болдым деп тыныш отырмайсың ғой...

М.СӘРСЕКЕ: Кәме, мен қазір, екі жыл болып қалды, ұлтымыздың тағы бір ұлы тұлғасы туралы "аурумын", дерек-құжатын түгел дерлік қолымда ұстап отырмын. Алайда, оны әзірше, яки әбден жазып бітіргенше жария қылмаймын...

ӘНГІМЕЛЕСУШІНІҢ ТҮЙІНІ:

Ұлттық әдебиетімізде тегінде ғұмырнама жанры кеш өрістеген. Ал орыс және Еуропа әдебиеттерінде бұл жанрдың озық үлгілері ертеден қалыптасқан. Мысалға, Ю.Тыняновтың Пушкиннің жастық шағы туралы хикаяты мен А.Моруаның ғұмырнамалық кітаптарын, С.Цвейг және басқа жазушылардың әлемдік туындыларын атауға болады. Қазақ әдебиетінде бұл ретте Т.Жұртбаевтың Әуезов туралы "Бесіңді түзе" кітабын, З.Қабдоловтың "Менің Әуезовім" сынды эссесін білеміз. Медей Сәрсеке болса бұл жанрға олардан да бұрынырақ қалам тартып, жоғарыда аталған кітаптарымен танылды. Әмбе оны жұртшылық жылы қабылдаған және сол себептен жалпы таралымы үш жүз мыңдай дана болып, әлемнің 112 еліне тараған М.Сәрсекенің ғұмырнамалық шығармаларын мойындауымыз керек.

Шынында да, Әуезов, Сәтбаев сынды ұлы тұлғалардың биік тұлғасын айшықтау үшін біз атаған үш қаламгер де қиял-қоспаға, өзіндік әсірелеуге өстілі баспайды, барса да шақтап барады. Өйткені, мұндай әлемдік тұлғалардың сипатына қиял қосу — олардың шынайы сын-сипатын жөнсіз бұрмалауға

соқтырар еді, ондай өзіншілдікті оқырман қауым кешірмесі де анық. Сірә, сондықтан да З.Қабдолов та, Т.Жұртбаев та, М.Сәрсекке де өздерінің ғұмырнама шығармасында ұлы тұлғалардың ғұмыр хикаяттарын, замандастарының естеліктерін, замани деректерді молынан пайдаланып, әмбе соларды көптеп беріп "сөйлетіп" отырды. Бұл болса, озық елдер әдебиетінде ежелден қалыптасқан өнеге.

Әлбетте, Медеу Сәрсекке біздің сыншылар тарапынан жете зерттеліп, мадақ түгілі шынайы сын көрмеген қаламгер. Солай дей тұра біз оның ұлы ғалым Қаныш Сәтбаев гуралы барлық туындыларын танымдық жағынан да, әдеби жөнінен де үңіле қараудан түйген ойымызша, оларды бүгін оқылып ертең ұмытылатын немесе бағзы уақыттардың сұрқылтайы есебінде жолды болып жұрт назарына ілігіп, артынша зым-зия жоғалатын өткінші шығармалардың қатарына жатқызбас едім. Себебі, ол өзі жазып отырған тақырыпты терең меңгеріп, Қаныш сынды алып тұлғаны халық күткен биік деңгейде айшықтап, жеріне жеткізе ұлықтай білген, ең тамашасы өзінің қаһарманына жан-тәнімен (фанатик десек рауа) сүйсінген, деректі жанрдың сын-сипатын да жақсы меңгерген қаламгердің қолынан шыққан.

"ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ", 17 қараша 2000 жыл

Ескерту: Сұхбат М. Сәрсекенің "Қазақтың Қанышы" роман-эссесінің Мемлекеттік сыйлыққа ұсынылуына орай берілген.



Мазмұны

БІРІНШІ БӨЛІМ

БАЯНАУЛА АЯСЫНДА 3

Кенжетай	5
"Қашаған құлын қасқырға алғызбайды"	17
Биге шықты дегелеп	35
Қанат ұшанда қатаяды	50
Төңкеріс толқынында	67
Тура биде туған туған жоқ	80
Седия мен профессор	110
Сібір шамшырағында	128

ЕКІНШІ БӨЛІМ

ҰЛЫТАУ ЖОТАСЫНДА 151

Алғашқы сапарда	153
Ізденісте	168
Қыспақта	190
Түйеден – машинаға	214
Шырғалаңда	237
Ғұламалар алдында	250
Халкоммен сұхбат	267
XIV ғасырдан хат	280
Орнайды қала әйгілі	292
Тағы да айқаста	309
Аттанарда	329

ҮШІНШІ БӨЛІМ

АЛАТАУ БАУРАЙЫНДА 343

Бәрі де майдан үшін	345
Жезді хикаясы	358
Алдыңғылардың ізімен	384
Ғылым ордасын кетерерде	401
Тұманды альбион елінде	414

Ел құрметінде	425
Қиянатта	446
Жар жағасында	470
"Ақиқат әрқашанда жеңеді"	489
Болжаулы барлау	514
Жаңа биіктерге	537
Қырға шыққан дария	564
Соңғы парыз	575
Сәтбаев планетасы	584
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН НЕГІЗГІ ӘДЕБИЕТТЕР	614
ҚОСЫМША ДЕРЕКТЕР	615

МЕДЕУ СӘРСЕКЕ
ТАҢДАМАЛЫ ШЫҒАРМАЛАРЫ

Төртінші том

Сәтбаев планетасы

Ғұмырнама роман

Редакторы *М. Әкімжанов*
Техникалық редакторы *Р. Тұрлынова*
Көркемдеуші редакторы *Ж. Қазанқапов*
Корректорлары *Н. Досыбаев, А. Есенжолұлы*
Компьютерде беттеген *Л. Төребекова*

Басуға 15.02.06 қол қойылды.
Пішімі 84x108 $\frac{1}{32}$ Қағазы офсеттік.
Офсеттік басылыс. Шартты баспа табағы 39,0.
Тапсырыс № 26. Таралымы 2000 дана.

"Фолиант" баспасы
010000, Астана қаласы, Қазақ көшесі, 87/1

"Фолиант" баспасының баспаханасында басылған